



**БІРЛІГІМІЗ - ӘРАЛУАНДЫҚТА: ТАРИХ, МӘДЕНИЕТ,
ИНЖЕНЕРЛІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР**

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ ЖИНАҒЫ**

**27 қараша 2024 ж.
Алматы қ., Қазақстан**



**ЕДИНСТВО В МНОГООБРАЗИИ: ИСТОРИЯ,
КУЛЬТУРА, ИНЖЕНЕРНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ**

**МАТЕРИАЛЫ МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ**

**27 ноября 2024 г.
г. Алматы, Казахстан**



**UNITY IN DIVERSITY: HISTORY, CULTURE,
ENGINEERING TECHNOLOGIES**

**MATERIALS OF INTERNATIONAL SCIENTIFIC
AND PRACTICAL CONFERENCE**

**27 November, 2024 Almaty,
Kazakhstan**

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ИНЖЕНЕРЛІК-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
МЕЖДУНАРОДНЫЙ ИНЖЕНЕРНО-ТЕХНОЛОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
INTERNATIONAL ENGINEERING TECHNOLOGICAL UNIVERSITY



**БІРЛІГІМІЗ - ӘРАЛУАНДЫҚТА: ТАРИХ, МӘДЕНИЕТ, ИНЖЕНЕРЛІК
ТЕХНОЛОГИЯЛАР**

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ ЖИНАҒЫ

27 қараша 2024 ж.

Алматы қ., Қазақстан



**ЕДИНСТВО В МНОГООБРАЗИИ: ИСТОРИЯ, КУЛЬТУРА,
ИНЖЕНЕРНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ**

**МАТЕРИАЛЫ МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ**

27 ноября 2024 г.

г. Алматы, Казахстан



UNITY IN DIVERSITY: HISTORY, CULTURE, ENGINEERING TECHNOLOGIES
MATERIALS OF INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL CONFERENCE

27 November,

2024 Almaty, Kazakhstan

**УДК 001
ББК 72
Б94**

Под общей редакцией ректора METU
ассоциированного профессора, к.филос.н. Г.А. Сарсенбековой

Редакционная коллегия: Ж.Е. Жаппасов (отв.секретарь сборника),
А.Т. Ахметжанова, Г.Г. Цыренжапова, А.Б. Нуртазаева, С.Д. Шаймуханова, К.О. Айткулова.

«Бірлігіміз – әралуандықта: тарих, мәдениет, инженерлік технологиялар» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары – Материалы Международной научно-практической конференции: «Единство в многообразии: история, культура, инженерные технологии» – Proceedings of international scientific and practical conference “ Unity in diversity: history, culture, engineering technologies ”. – Алматы: METU. – 2025. 1017 с. – Қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-08-4546-6

Жинақта конференцияның пленарлық және секциялық отырыстарында талқыланған қауіпсіз Қазақстанда жайлы ортаны қалыптастыру мен дамытудың заманауи сын-қатерлері мен шындығына, мәдениет, тіл және дін диалогіне, инженерлік-техникалық кадрларды даярлаудың өзекті мәселелері мен болашағына, экологиялық мәдениет, адал еңбек пен тиянақты білімге қатысты өзекті мәселелер қарастырылған.

Басылым жоғары оқу орындарының оқытушылары, докторанттары, магистранттары мен студенттеріне, сондай-ақ көпшілік оқырманға арналған.

**УДК 001
ББК 72**

ISBN 978-601-08-4546-6

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС
ПЛЕНАРНОЕ ЗАСЕДАНИЕ
PLENARY SESSION

Сәрсенбекова Гүлнар Әлібекқызы,

Халықаралық инженерлік-технологиялық университетінің ректоры

Құрметті конференцияға қатысушы қонақтар, әріптестер!

Бүгінгі «Бірлігіміз – әралуандықта: тарих, мәдениет, инженерлік технологиялар» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының ашылуына қош келдіңіздер! Сіздерді біздің университет атынан шын жүректен құттықтап, осындай маңызды шараға қатысып отырғандарыңыз үшін алғысымды білдіремін.

Конференцияның тақырыбы — көпұлтты және көпмәдениетті еліміз үшін ерекше маңызға ие. Қазақстан өзінің тарихи даму жолында түрлі мәдениеттер мен этностарды біріктіріп, осы әралуандықтан күш-қуат алып келеді. Біз, Қазақстандықтар, өзіміздің мәдени мұрамызды құрметтей отырып, әлемнің әртүрлі халықтарымен терезесі тең диалог құруды басты мақсат етіп қойдық. Бүгінгі конференцияның тақырыбы да осы мақсатқа жету жолында маңызды қадамдардың бірі деп санаймын. Ғылым мен білім саласында ынтымақтастықты дамыту, жаңа идеялар мен шешімдер іздеу арқылы қоғамымыздың дамуында үлкен жетістіктерге жетуге болады.

Қазіргі таңда әлемде күрделі геосаяси, экономикалық және әлеуметтік өзгерістер орын алып отыр. Осы өзгерістердің ішінде Қазақстан да жаңа сын-қатерлермен бетпе-бет келуде. Сондықтан да, «Қауіпсіз Қазақстанда жайлы ортаны қалыптастыру мен дамытудың заманауи сын-қатерлері мен шындығы» атты секцияның өзектілігі өте зор. Бұл секция еліміздегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету, әлеуметтік тұрақтылықты сақтау, сондай-ақ қоғамды инновациялық жолмен дамыту мәселелерін талқылауға мүмкіндік береді. Біз жаңа технологияларды қолдану арқылы қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолдарын іздеп, тиімді шешімдер қабылдауымыз керек.

Екінші секцияда қаралатын «Мәдениет, тіл және дін диалогі» тақырыбы да біздің көпұлтты мемлекетіміз үшін аса маңызды. Қазақстанда әртүрлі этностар мен мәдениеттер қатар өмір сүріп, өзара түсіністік пен құрметті сақтау біздің басты құндылықтарымыздың бірі болып табылады. Осы тақырыпта пікір алмасу арқылы біз мәдениетаралық диалогты дамыту, толеранттылық пен өзара сыйластықты нығайту жолында жаңа идеялар мен тәсілдерді қарастыруға мүмкіндік аламыз.

Үшінші секцияның тақырыбы — «Инженерлік-техникалық кадрларды даярлаудың өзекті мәселелері мен болашағы». Бүгінгі ғылым мен техниканың қарқынды дамуы инженерлік салада жоғары білікті мамандардың даярлануын талап етеді. Бұл бағытта бізге тек теориялық білім ғана емес, практикалық дағдылар мен инновациялық тәсілдер де қажет. Осы секцияда ұсынылатын баяндамалар мен талқылаулар жоғары білікті инженерлік кадрларды даярлау мәселелерін шешуде маңызды рөл атқаратыны сөзсіз. Біз индустриалдық қоғамнан цифрлық қоғамға көшу үдерісінде ғылыми ізденістер мен жаңа технологияларды оқу процесіне енгізу мәселесін де жан-жақты талқылауымыз керек.

Төртінші секция «Экологиялық мәдениет, адал еңбек, тиянақты білім» тақырыбын қамтиды. Экологиялық мәдениет пен білім беру арасындағы тығыз байланысты түсіну бүгінгі күні ерекше өзектілікке ие. Қоршаған орта мен табиғатқа деген жауапкершілік біздің әрбіріміздің бойымызда болуы тиіс. Білім арқылы экологиялық сана мен жауапкершілікті қалыптастырып, тұрақты даму мақсаттарына жетуіміз қажет. Сонымен қатар, адал еңбек пен

білім алу — қоғамды дамытудың негізі, олар арқылы біз өзіміздің және болашақ ұрпақтың өмір сапасын арттыра аламыз.

Барлық секциялардың аясында ұсынылатын ғылыми-зерттеу жұмыстары мен баяндамалар ғылым мен білімнің әр түрлі салаларында өзекті мәселелерді талқылауға, жаңа көзқарастар мен шешімдерді ұсынуға мүмкіндік береді. Бұл конференция тек ғылыми жұмыстарды ғана емес, әртүрлі мәдениеттер мен ұлттар арасындағы түсіністік пен ынтымақтастықты да арттырады. Бүгінгі талқылаулар мен пікір алмасуларымыз нәтижесінде біз тек жаңа білімдер мен идеяларды ғана емес, сонымен қатар әлемдік ғылым мен білім беру жүйесіндегі басты мәселелерді шешудің жаңа жолдарын да табатынымызға сенімдімін.

Конференцияның ашылуы мен оның жұмысы нәтижесінде біз барлық қатысушыларға ғылыми ынтымақтастықты нығайту, өз тәжірибелерімізді бөлісу және бір-бірімізден үйрену мүмкіндігін ұсынамыз. Бұл конференция халықаралық деңгейде зерттеулер мен тәжірибе алмасу үшін маңызды платформаға айналады деп үміттенемін.

Сөз соңында, барша қатысушыларға шығармашылық табыс, жаңа ғылыми идеялар мен тың шешімдер тілеймін. Конференция жұмысы жемісті болып, жаңа бастамалар мен ғылыми жетістіктерге жол ашарына сенемін. Ғылыми ізденістеріңіз бен еңбектеріңіз табысты болсын!

ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕГІ ОТАНДЫҚ ТАРИХТЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы,

*ҚР ҰҒА академигі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры,
тарих ғылымдарының докторы
Алматы қ., Қазақстан*

XX ғасырдың 90-шы жылдарының басында Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігін жариялауы ел тарихында жаңа бір кезеңге жол ашқаны бәрімізге аян. Сонымен қатар бұл дата тарих ғылымында да бір кезеңнің аяқталып, жаңа бір кезеңнің басталғанын көрсетті. Сол жаңа кезең ғылыми және ғылыми-көпшілік әдебиеттерде, сондай-ақ мерзімді басылым беттерінде тәуелсіздік кезеңі немесе қазіргі кезең деген атауға ие. Және осы атау халықтың санасында да берік орнығып отыр.

Қазіргі кезең деп аталатын Отандық тарихнамамызға тура бір ғасырдың үштен бірі болыпты. Отыз жылдан астам уақытты қамтитын осы кезеңде Отандық тарих ғылымы қай жағынан алып қарасақ та сапалы өзгерістерге ұшырады деуге болады. Осы сапалы өзгерістер қандай бағыттарда өрбіді, қай бағыттар жақсы дамыды, қандай шешілмеген мәселелер бар деген сұрақтар қазірдің өзінде талқылауды қажет етеді. Осыған орай біз, төменде қазіргі кезеңдегі Отандық тарихтың өзекті мәселелерінің кейбіреулеріне ғана тоқталып өткенді жөн санап отырмыз.

Біздің ойымызша, барлық гуманитарлық ғылымдарға, оның ішінде тарих ғылымының дамуы үшін оң ықпал еткен ең басты сапалы өзгеріске – теориялық-методологиялық принциптің өзгеруі жатты. Таптық принциптерге негізделген маркстік-лениндік теориялар мен методология кеңестік тарихнамада 70 жылдай жеке дара үстемдік құрып келгені баршаға белгілі. Бұл принцип бойынша ұлттық тарихтың өзекті, күрделі мәселелері толық қамтылмады, тек таптық тұрғыда өзіне ғана қажеттілерін назарға алынды. Ал таптық тұрғының шеңберіне симайтын, оның кеңістігінен кеңірек мәселелердің бәрі ұлттық тарихымыздан алынып тасталды. Соның салдарынан қазақ тарихындағы жеке тұлғалар – хандар мен сұлтандар, билер мен батырлар, абыздар мен бабалар, ишандар мен сопылар, басқаша айтқанда, саяси-рухани өмірдің көсемдері алынып тасталынды. Соның салдарынан кеңестік тарихнамада XX ғасыр басында қазақ елі мен жері үшін күрескен алаш азаматтарының есімдерін атауға тыйым салынып, оларға орын табылмады. Кеңестік кезеңде

орта білім беру жүйесінде білім мен тәрбие алған қазақ ұлтының бірнеше буын өкілдері Әлихан Бөкейханның, Ахмет Байтұрсынның, Міржақып Дулаттың, Мағжан Жұмабайдың, Жүсіпбек Аймауыттың және тағы басқа жүздеген қазақ зиялыларының есімдерін естімей, еңбектерін білмей, туындыларымен таныспай өсті, тәрбиеленді. Қазақ халқында «уызына жарымаған» деген қатты айтылатын сөз бар. Бұл сөз тіркесі кеңестік кезеңде толыққанды дәстүрлі ұлттық тәрбие мен ұлттық дәстүрді білмей өскен, ұлт қайраткерлерінің шығармаларынан рухани нәр алмай өскен ұрпаққа қатысты айтылса керек. Осылардың бәрінің негізінде таптық принцип жатыр. Кеңестік кезеңде мұндай жағдай тек қана тарих ғылымында ғана емес, сонымен бірге философияда, әдебиетте, өнерде, мәдениетте, яғни барлық ғылымда қалыптасқан еді.

XX ғасырдың 80-шы жылдарының ортасында Кеңес Одағында «қайта құру» саясатының жарияланып, оның құрамдас бөлігі ретінде «жариялылық», «демократияландыру» және «жеделдету» секілді бағыттардың өмірге енгізілуі сол 80-ші жылдардың соңына таман қоғамдық ғылымдардағы таптық принциптің өміршең еместігін көрсетті. Басқаша айтқанда, 1980-ші жылдар соңына қарай КСРО-ның әлеуметтік-экономикалық және саяси жағынан терең дағдарысқа түсіп, мемлекет ретінде алға қарай жылжуы қалай мүмкін болмай қалса, сол мемлекеттің идеологиялық тірегі мен негізі болған таптық ұстаным мен таптық көзқарастар да қоғамның сұраныстарына дәл солай жауап бере алмай қалды. Сондықтан тарихшылар алдында заман талабы мен қоғам сұраныстарына сай келетін жаңа, таптық емес ұстанымдар мен көзқарастарды басшылыққа алу міндеті тұрды.

1991 жылы Қазақ Елінің өз тәуелсіздігін жариялауымен оның саяси тарихында жаңа кезең басталады. Сол сияқты бұл дата жоғарыда атап өткеніміздей, Отандық тарих ғылымында да жаңа тарихнамалық кезеңге жол ашты.

Тәуелсіздік кезеңіндегі немесе қазіргі кезеңдегі тарихнамамызда қол жеткізген ең басты жеңіс, ірі жетістік, басты өзгеріс, ол – таптық принциптен бас тартып, оның орнына бүкіл әлемнің басым бөлігіндегі елдерде қолданылып жүрген өркениеттік деп аталатын принцип алынды. Бұл атау алғашында философиялық, мәдениеттанулық термин болып көрінгенімен, тарихшылар оны тез қабылдады және оны өз зерттеулерінде тез қолданып кетті. Әрине, арада отыз жылдан аса уақыт өткеннен кейін сол кездегі болған жағдайларды өткен шақпен айту оңай, ал бірақ сол тұс үшін бір ұстанымнан екінші ұстанымға ауысу өте қиын болды. Әсіресе, тарихшылардың аға буын өкілдері үшін қиын болды. Өйткені олар өз зерттеулерінде таптық принципке сүйеніп, партиялық ұстанымдарды ұстай отыра, зерттеген тарихи тақырыптары «Партияның басшылығымен» деп басталып, әр бесжылдықтардағы әлеуметтік-экономикалық мәселелер болатын.

Сол кездегі жас ғалымдар – 40-тың үстіндегі тарих ғылымдарының кандидаттары, доценттер Мәмбет Құлжабайұлы Қойгелдиев, Талас Омарбекұлы Омарбеков секілді жас зерттеушілер Партия тарихы институтында өз бағыттары мен тақырыптары бойынша жұмыс істей жүріп, «өте құпия» грифіндегі архив деректерімен танысады. Олар Алаш мәселесі, ұлт қайраткерлері, 1920-1930 жылдар шеніндегі аштық, оған қарсы болған халық толқулары мен көтерілістері және тағы басқа көптеген құпия материалдармен танысып, оларды ұлттық мүдде тұрғысынан жеке ой санасына салып, сүзгілейді, талқылайды. Сөйтіп алғашқы мақалаларын сол 80-ші жылдардың соңында мерзімді басылымдарда жариялай бастайды. Соның бір көрінісіне Т.Омарбековтың мақаласы мысал бола алады.

1990 жылы 9 тамызда Тәкең «Лениншіл жас» газетінде «Голощекин Қазақстанда» атты атышулы, талайдың көзін ашып, көкірегіне ой салдырған, сондай-ақ талайдың ашу-ызасын оятқан көлемді мақаласын жариялайды[1]. Бұл мақаланың сол кезде әлі де билікте отырған Коммунистік партияның билігі мен оның басшылығына тигізер соққысы қандай ауыр болса, шындықты сүйер халық үшін тигізер пайдасы дәл сондай аса зор болды. Бұл мақалаға дейін Ф.И.Голощекин Қазақстанның партия және ірі мемлекет қайраткері ретінде бағаланып келгені белгілі. Талас Омарбеков оның Қазақстанда билік құрған жылдарын «қанды із» деп атап, қазақ халқына қарсы жасаған қылмыстарын жеке –жеке талдап көрсетеді. Оны автор саяси тоңмойын, сөзіне ісі кереғар, «сөзі олақ, ісі шолақ» деп бағалап, қазақ халқын аштыққа

ұшыратып, 1 миллион 700 мыңдай адамның, яғни қазақ халқының 42 пайызының аштан өлуіне тікелей кінәлі деп есептейді. Сөйтіп ол Голощекин туралы мынадай қорытынды жасайды: «И.Ф.Голощекин 1) «партиялық жұмыста күштеуге сүйенген әкімшіл-әміршіл әдістерді бірінші орынға қойды; 2) Сталин «шаш ал» дегенде «бас алған» Голощекиннің саяси қылмысы халық алдында өте ауыр; 3) Голощекин ...Қазақстанда шаруаларға деген лениндік саясатты дөрекілікпен бұрмалағаны және соның салдарынан жазықсыз қара халықты жаппай қырғынға ұшыратқаны үшін СОКП қатарынан шығарылуы тиіс. 4) Мұндай жендет тұлғаның Коммунистік партия қатарында қалуы партия беделіне нұқсан келтіреді, оның тарихына көлеңке түсіреді»[1].

Мақаланың жарыққа шыққан уақыты – 1990 жылдың тамыз айы. Коммунистік партияның биліктен айырылуына әлі бір жылдан аса уақыт бар. Орталықта, яғни Мәскеу жақта партия билігі қатты шайқалып жатқанымен, Қазақстанда ол шайқалу қатты емес еді. Егерде уақыт 1960-1980 жылдар аралығы болса, мұндай ойлары мен тұжырымдары үшін Т.Омарбековті Е.Бекмаханов секілді 25 жылға бас бостандығынан айырып жіберер еді. «Жыланды қанша кессең де кесірткелік күші бар» дегендей, Компартия билігі әлі күшті болатын. Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы институтының басшылығы Т.Омарбековке Голощекинге таққан тарихи айыбы мен артқан кінәсіне бейқам қарап қалмайды. «Голощекин Қазақстанда» атты мақаласы үшін аға ғылыми қызметкер, коммунист Талас Омарбековты Партия тарихы институтының басшылығы мен институттағы бастауыш партия ұйымы партия жиналысына салып, қатаң жазалауды қолға алады. Бірақ та сол кезде партия басшылығында да, партия тарихы институтында да, қатардағы ғылыми қызметкерлер қатарында да жаңа заман талаптарына сай ойлай бастаған, жаңа принциптерді қабылдай бастаған адамдар бар болып, Т.Омарбеков қатаң жазалаудан аман қалады. Бұл оқиға – Отандық тарих ғылымында жаңа ұстанымның белең ала бастағанын көрсетеді.

Бір жақсысы сол кездегі Ұлттық Академия жүйесіндегі Тарих, археология және этнология институтының директоры, академик М.Қ.Қозыбаев тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы өз еңбектерінде жаңа принциптер мен ұстанымдар туралы мәселені көтеріп, өркениеттік принципті қабылдау туралы, оның маңыздылығы туралы бірнеше мақалалар жазды. Осылайша, 90-шы жылдардың бірінші жартысында бұрынғы таптық ұстанымнан бас тартып, жаңа ұстанымға – өркениеттік ұстанымға негізделген тарихшылар: М.Қозыбаевтың[2;3;], К.Н.Нұрпейісовтың[4], М.Қ.Қойгелдиев пен Т.О.Омарбековтердің бірлескен[5] және олардың жеке-жеке монографиялары жарық көрді[6; 7]. Жаңа ұстанымға негізделгендіктен бұл зерттеулер қазақ қоғамында үлкен серпіліс туғызды. Сөйтіп, Отандық тарихтың қазіргі кезеңінің алғашқы сатысында барлық зерттеулерге негіз болатын ескі ұстанымды жаңа таптық емес ұстаным ығыстырып шығарды. Басқаша айтқанда, ескі принципті жаңа принцип жеңіп шықты.

Отандық тарих ғылымындағы теориялық-методологиялық ұстанымның өзгеруі тарихшыларға, әсіресе жас тарихшыларға ерекше қуат, құлшыныс берді. Осы фактор оларды тарихтың беймәлім беттерін ақтаруға, «ақтаңдақ» беттерді зерттеуге, бұрынғы көнжауыр болған тақырыптарды қайта қарауға, жеке тұлғалар тарихын қарастыруға және тағы басқа көптеген өзекті тақырыптарды зерттеуге мүмкіндік бергізді. Сөйтіп, 1990-шы жылдар басынан 2000 жылдар басына дейінгі аралықтағы Отандық тарих ғылымында жарық көрген монографияларға, мерзімді ғылыми басылымдардағы мақалаларға зер салсақ тарих ғылымындағы мынадай зерттеу бағыттары жүргенін аңғарамыз:

Кеңестік тарихнамада ескі ұстаным негізінде біржақты қарастырылған мәселелерді жаңа ұстанымға сай қайта қарау; мысалы, Тың және тыңайған жерлерді игеру мәселесіне ұлттық мүдде тұрғысынан қайта қарап, оның кері жақтарына назар аудару; 1941-1945 жж. соғыстың кейбір мәселелеріне қайта қарау;

Кеңестік тарихнамада зерттеуге тыйым салынған мәселелерді жаңа көзқарастарға сай зерттеу. Оған – 1920-1930 жж. саяси қуғын-сүргін мәселелері, 1937-1939 жылғы жаппай репрессия, 1931-1932 жж. аштық мәселесі, Күштеп ұжымдастыруға қарсы

халық көтерілістері; XX ғасыр басындағы Алаш қозғалысы мәселесі; XX ғасыр басындағы ұлт көсемдері мен қайраткерлері, зиялыларының саяси - қоғамдық, мәдени – ағартушылық қызметтері және т.б.

XVII - XVIII ғ. қазақ-жоңғар қатынастарының мәселелерін жаңа көзқарастар тұрғысынан қарау. Оған - батырлар мен билердің қазақ тарихындағы рөлі мен алатын орны, Орбұлақ шайқасының 350 жылдығына орай шаралар, Қазақ хандығының құрылу тарихына қатысты зерттеулер және т.б.

Отан тарихының деректік негізіне жататын тарихи шығармаларды қазақ тіліне аударып, баспадан шығару. Оған – Бабырдың «Бабыр-нама», Қадырғали Жалайырдың «Жылнамалар жинағы», Әбілғазы ханның «Түрік шежіресі», Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и Рашиди» (орыс тілінде) жарық көруі жатады.

Ғылым Академиясының Тарих және этнология институты қоғамда болып жатқан өзгерістер мен қалыптасқан жаңа жағдайға сай «Көне замандардан күні бүгінге дейін Қазақстан Республикасының тарихы» атты академиялық көп томдық шығаруды қолға алды. Бұл көп томдық негізінен алғанда «ақтаңдақтар» ақиқаттарын ашуға арнап жазылды.

Отандық тарихтың осындай өрлеуі кезінде Қазақстан Республикасында тұңғыш президент 1998 жылды «Халық бірлігі және ұлттық тарих жылы» деп жариялап, тарихшылар қауымының зерттеулеріне тың серпін бергізді, одан әрі қозғау салды. Осы онжылдық ішінде жаңа ұстанымдарды өз зерттеулеріне негіз етіп алған тарихшылар қауымы өсіп шықты. Олар өздерінің зерттеу тақырыптарын кеңейте түсіп, жаңа, тың тақырыптарды қарастырып, жаңа бағыттарды қалыптастыра бастады.

Отандық тарихтың шартты түрде екінші сатысына жататын 2000-2010 жылдар аралығында бірінші сатыдағы бағыттар одан әрі дами берді. Ал оның ең бастысы 2003 жылы «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының қабылданып, жүзеге асырылуы еді. Кезең-кезеңге бөлінген бұл бағдарлама 2011 жылға дейін жалғасын тапты. «Мәдени мұра» бағдарламасының мақсаты – 1) тарих пен мәдениеттің жаңа ескерткіштерін ашу, ұлттық мәдениет үшін айрықша маңызы бар айтарлықтай тарихи-мәдени ескерткіштерді консервациялау, қалпына келтіру және қайта жасау;

2) мәдени мұраның, оның ішінде ауыз әдебиетін, дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды зерделеудің біртұтас жүйесін жасау;

3) әлемдік ғылыми ой-сананың, мәдениет пен әдебиеттің үздік жетістіктері базасында гуманитарлық білім берудің мемлекеттік тілдегі толыққанды қорын жасау, шет елде Қазақстанның мәдени мұрасын үгіттеу болып табылды.

Мұндай «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы Кеңес Одағы ыдырағаннан кейінгі бірде-бір елде жүзеге асырылмаған екен. Бағдарлама аясында тек қана еліміздегі 78 тарихи-мәдени ескерткішке реставрациялық жұмыстар жүргізілді. Қазақ халқының тарихы мен мәдениетіне қатысты заттай, жазба ескерткіштер шетелдердің архивтерінен іздестіріліп, олардың көшірмесі елімізге жеткізілді. Ендігі мақсат сол ескерткіштерді тезірек қазақ тілінде ғылыми айналымдарға енгізу болып табылады.

Ал енді үшінші онжылдықтағы, яғни 2011-2021 жылдары және қазіргі күндері Отандық тарихымыздың жетістіктері жөнінде айтар болсақ, мемлекетіміздің қоғамдық ғылымдарға, оның ішінде тарих ғылымына қолдауы осы кезеңде де айқын көрініс тапты. «Мәдени мұрадан» соң бірден «Халық тарих толқынында» атты бағдарлама қолға алынды. Одан кейін іле-шала тұңғыш президентіміздің «Мәңгілік ел» идеясы жарияланды. Көп ұзамай «Ұлы Даланың жеті қыры» бағдарлама сипатындағы мақаласы жарыққа шықты. Мемлекет басшысы тарапынан қоғамтанушы ғалымдарға, оның ішінде тарихшылар қауымына бұрын-соңды қолдау болмағанын ескерсек, жалпы алғанда, мұның бәрі Отандық тарих ғылымының қоғам өміріндегі мәртебесі мен абыройын бір жағынан көтеріп асқақатса, екінші жағынан зор жауапкершілікті жүктегенін көрсетеді.

Жоғарыда аталған мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру барысында қазақ халқы және оның жас өскелең ұрпағы өз тарихының түп-тамырымен таныса алды деуге болады. Танысу барысында оларда халықтың өткен тарихына, ата-бабалары үшін мақтаныш сезімдері

пайда болып, кеуделерінде қуаныш сезімдері ұялағаны айдан анық. Нақтырақ айтсақ, Ұлы Дала аумағында б.э.д. 3-2 мыңжылдықтар бұрын жабайы жылқыларды қолға үйретудің арқасында адамзат баласы атқа міну мәдениетін меңгереді. Ал атқа міну өз кезегінде алдыменен, оның көлік ретіндегі рөлін арттырса, екіншіден тез жылжитын атты әскердің пайда болуына алып келгені белгілі. Ал өз кезегінде ол жаңалық пен өзгерістер Евразия аумағындағы алғашқы саяси құрылымдардың, мемлекеттердің, империялардың қалыптасуына алып келеді. Осылайша, жабайы жылқыларды қолға үйретудің адамзат баласының тарихында қандай рөлге ие болғанын осыдан-ақ байқауға болады. Осындай өзгерістер негізінің Ұлы Дала аумағында пайда болуын білу әрбір жас қазақстандық үшін мақтаныш.

Осындай жолдармен Ұлы Дала аумағындағы жеті қырдың қалған қырлары - «Ұлы даладағы ежелгі металлургия», «Аң стилі», «Алтын адам», «Түркі әлемнің бесігі», «Ұлы Жібек жолы», «Қазақстан - алма мен қызғалдақтың отаны» білу және меңгеру, оларды зерттеу тарихшылар мен қоғамтанушы ғалымдар үшін арнайы бағыттар болып саналды.

Дәл осы аралықта ұлттық сипаттағы мемлекетіміз – Қазақ хандығының 550 жылдығы жыл бойы елімізде аталып өтті. Осы жолдардың авторы осы мерекені арнайы дайындау және өткізу үшін құрылған үкіметаралық комиссияның құрамында болып, ұлы мерекені өткізудің концепциясын даярлауға қатысты, өзінің ұсыныстарын берді. 2015 жылы Қазақстан аумағында өткізілген ғылыми шаралардың көпшілігіне қатысып, Қазақ хандығының тарихына қатысты, оның ішінде хандықтың құрылуы тарихына қатысты баяндамалар жасады.

Осы жылы арнайы ортағасырлық мәселелермен айналысатын зерттеуші мамандардың назары Қазақ хандығы тақырыбына аударылып, көптеген конференциялар өткізілді. Қазақ хандығы тақырыбына арналған бірнеше монографиялар жарық көрді. Солардың бірі – «Қазақ хандығының құрылу тарихы» [8]. Оның авторы осы жолдардың авторы. Сонымен бірге осы жолдар авторы 2016 жылы «Қазақ хандығының күшеюі»[9], одан кейінгі жылдары «Қазақ хандары туралы зерттулер» және авторлық ұжыммен бірге «Қазақ хандығының басқару институттары» атты еңбектерін жарыққа шығарды[10].

Осы үшінші кезеңнің соңына таман Отандық тарих ғылымында Алтын Орда мемлекетінің 750 жылдығына орай бірнеше жыл бойы бұл тақырып газет-журнал беттерінен түспеді. Қаншама халықаралық және республикалық деңгейде ғылыми конференциялар өткізілді. Көршілес Ресейде де бұл маңызды тақырыптар қатарына жатты.

Ал 2024 жылы Алтын Ордаға негіз болған Жошы Ұлысының 800 жылдығына орай еліміздегі тарихшылар қауымының басым бөлігі тағы да XIII ғасырдағы Отан тарихының өзекті мәселелеріне ауды. Біз де өз кезегімізде Алтын Орданың 750 жылдық және Жошы Ұлысының 800 жылдық мерекесіне белсене атсалысып, ғылыми жиындарда баяндамалар жасадық. Біз жасаған баяндамалар тақырыптары мынадай: - «Алтын Орда тарихы және ислам», «Алтын Орда дәуірінің зерттелмеген және аз зерттелген мәселелері жөнінде», «Алтын Орда дәуірінен жеткен тарихи мәтелдер мен сөз тіркестер», «Алтын Орда тарихының алғашқы кезеңі: Египетпен саяси қарым-қатынастардың орнатылуы және оның себептері», «Алтын Орданың соңғы кезеңі», «Талас Құрылтайы және оның тарихи маңызы», «Сұлтан Бейбарыс тұсында Египет пен Алтын Орда арасындағы қарым-қатынастар мәселелері», «XV ғасырдың соңғы ширегіндегі Қазақ хандығы және Мұхаммед Шайбани хан» және тағы басқалары.

Осылайша, соңғы жылдары Алтын Орда мен Жошы Ұлысының юбилейлік меретойларына байланысты елімізде осы кезеңнің тарихи мәселелеріне ерекше назар аударылды, көптеген тың ойлар мен тұжырымдар айтылды. Олар осы бағыттағы болашақ зерттеулерге тың серпіндер берері анық. Отандық тарих ғылымының дамуы үшін мұндай мемлекеттік қолдаулар алдағы уақыттарда да қажет.

Әдебиеттер тізімі

1. Омарбеков Т. Голощекин Қазақстанда. // Лениншіл жас газеті. 1990 жыл 9 тамыз.
2. Қозыбаев М. Ақтандақтар ақиқаты. – Алматы. «Қазақ университеті», 1992. – 272 б.
3. Қозыбаев М. Жауды шаптым ту байлап. Алматы: Қазақстан, - 1994. – 192 б.

4. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алаш Орда. Алматы, 1995.
5. Қойгелдиев М., Омарбаков Т. Тарих тағылымы не дейді? Алматы, «Ана тілі», 1993.
6. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Алматы, «Санат», -1994. – 385 б.
7. Омарбеков Т. Зобалаң. Алматы, «Санат», 1994. – 272 б.
8. Кәрібаев Б. Қазақ хандығының құрылу тарихы. Алматы, «Сардар» баспа үйі, 2014. – 530 бет.
9. Кәрібаев Б. Қазақ хандығының күшеюі (XV ғ. соңғы - XVI ғ. алғашқы ширектері). – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2015. – 176 бет.
10. Кәрібаев Б. Қазақ хандығының басқару институттары. Алматы «Қазақ университеті», Алматы, 2022. (Бірлескен авторлар)

СОВРЕМЕННЫЕ ВЫЗОВЫ В ИНТЕРНАЦИОНАЛИЗАЦИИ ИНЖЕНЕРНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

*Давлетов Аскар Ербуланович,
доктор физико-математических наук, академик НАН РК,
руководитель Филиала национального исследовательского
ядерного университета МИФИ в Алматы
г. Алматы, Казахстан*

В настоящее время в нашей республике уже общепризнанным фактом является дефицит квалифицированных специалистов самых разных направлений, об этом открыто говорят все, от работодателей до парламентариев. Приведенный здесь анализ призван ответить на вопрос, почему так происходит несмотря на увеличение числа грантов, выделяемых ежегодно правительством. Отметим, что важно не то, в каком состоянии мы видим подготовку кадров сейчас, а то, в каком мы находимся тренде, а он за последние десятилетия выглядит крайне негативным. При этом надо себе отдавать отчет, что образование является стратегической областью для любого государства, так как от него зависит развитие человеческого капитала и будущее страны в целом.

После распада Советского союза Казахстану досталась в наследство одна из лучших систем образования, что фактически признано во всем мировом сообществе. Действительно, выпускники советских университетов и специализированных институтов работали и продолжают свою успешную деятельность во многих странах, что обусловлено их сильной фундаментальной подготовкой и развитым критическим мышлением. Если говорить современным языком, то система была настроена не только на обучение людей конкретной профессии, но и на развитие аналитических способностей и практических навыков, что позволяло выпускникам находить применение своим компетенциям в самых разных сферах человеческой деятельности, то есть они имели способность подстраиваться под требования рынка труда.

Если посмотреть со стороны на подготовку инженеров самой высокой квалификации, то она имела многоступенчатый характер и содержала, по крайней мере, следующие этапы:

1. Специализированные физико-математические школы. Такие школы существовали во многих регионах, в них проводился отбор и воспитание талантливой молодежи.
2. Специализированные высшие учебные заведения. Зачастую они носили отраслевой характер, что позволяло по факту сочетать фундаментальность и практическую направленность с последующим трудоустройством (распределением).
3. Специализированные научно-исследовательские институты с испытательными полигонами. В них концентрировались инженеры-изобретатели, способные решать самые нестандартные задачи, а также они служили для передачи опыта от старшего поколения младшему. К ним относились всемирно известные конструкторские бюро.

4. Специализированные предприятия с технологической базой. Здесь инженеры исследовательских институтов взаимодействовали с технологами для доведения инновационных решений до практического выпуска продукции.

Бросив беглый взгляд на эту схему, можно оценить, какое упрощение подразумевает политика министерства науки и высшего образования в этой области – этапы со второго по четвертый должен выполнять профессор университета! Если он это сделать не может, то должен самостоятельно найти предприятие и все это организовать, возможно даже с нуля. Понятно, что так это не работает, один человек осилить это не в состоянии, минимум нужны устойчивые коллективы. С другой стороны, применить опыт Советского союза в современных реалиях также не получится, так как он фактически основывался на том, что предприятия, выпускающие конечную продукцию, находились в государственной собственности. В сегодняшних условиях необходимо делать ставку на достаточно крупные производства, которые смогут организовать свои R&D компании, выполняющие роль этапов 3 и 4, попутно создавая стимулирующие их механизмы поддержки.

Отметим, что развитие инновационной деятельности основано на предпосылке имеющегося человеческого ресурса в виде квалифицированно подготовленных инженеров-выпускников. А с этим у нас в стране проблемы, потому что мы полностью имплементировали так называемый Болонский процесс. Если послушать западных экспертов, то они открыто говорят, что бакалавр не является готовым специалистом и, следовательно, бакалавриат не может насытить экономику необходимыми профессиональными кадрами. Это, можно сказать, очевидно для любого преподавателя-практика, так как нагрузка на студента бакалавриата значительно меньше той, которую выполняли студенты в советской системе образования. Говоря простым языком, нам просто не хватает времени на то, чтобы подготовить грамотных инженеров. Кроме того, Болонский процесс требует, чтобы студент значительную часть образовательной программы осваивал самостоятельно, что предполагает высокую степень его сознательности. Из практики для любого профессора очевидно, что это выполняется только для малой части контингента, остальных надо обучать, требуя достижения образовательных целей. Все это привело к тому, что фокус программы сместился с фундаментальности образования на выполнение простейших требований, предъявляемых к выпускнику рынком труда. Сверху на всю эту ситуацию накладываются постоянные усилия по формализации образовательного процесса: приходится выполнять множество различных требований по созданию сопутствующей документации, проводить процедуры аккредитации, заполнять рейтинги, внедрять системы менеджмента качества и так далее. При этом, к сожалению, само качество образования автоматически отодвигается на второй план, и мы имеем то, что имеем – повсеместную нехватку квалифицированных кадров.

И это еще не все проблемы, которые преследуют наше образование, настоящим бичом которой стало подушевое финансирование. Образование превратилось в услугу, чем больше услуг окажем, тем больше заработаем. Зачем нам отчислять студентов за неуспеваемость, надо их как-то довести до окончания, чтобы извлечь из этого максимальную прибыль – это стандартный ход любого менеджера. Если при этом еще и отсутствует всякий контроль качества подготовки студентов, то ситуация становится совсем идеальной, к этому мы пришли, ликвидировав государственную аттестацию, которая включала периодическую оценку компетенций обучающихся. При этом всем посмотрите, как смещен акцент с финансирования преподавателей на финансирование студентов: стипендии растут регулярно, а заработная плата рядового сотрудника кафедры стоит на месте. Нормальная работа любого высшего учебного заведения должна строиться на том, чтобы лучшие студенты оставались и обеспечивали еще более лучшую подготовку кадров, но как это осуществить, если стипендия докторанта превышает заработную плату начинающего преподавателя? Вот и имеем большое число докторантов, пришедших получать стипендию за государственный счет и отчисляющихся после определенного периода обучения. А посмотрите, что происходит с набором студентов и штатностью. Министерство выделяет огромное количество грантов, но

формально все грантообладатели могут прийти обучаться в одно учебное заведение, а штат зависит от количества обучающихся. Может ли каждый вуз резко увеличить количество преподавателей в результате хорошего набора без снижения качества обучения? А ведь еще нужна экспериментальная база подготовки, нужны лаборатории, количество которых ограничено и не может резко изменяться. Необходим возврат к более рациональной системе распределения грантовых мест, которая учитывала бы сколько каждый конкретный вуз способен подготовить специалистов без потери качества, а штатность каждой кафедры необходимо при этом зафиксировать, тогда не будет иметь смысла держать студентов, которые не хотят учиться. Наконец, наиболее остро стоит вопрос о модернизации материально-технической базы, ведь теоретически инженеров подготовить невозможно. Для этого в казахстанских грантах предусмотрены соответствующие средства, но выполняются соответствующие требования крайне формально, реально эксплуатируемое на местах оборудование давно уже выработало свой ресурс и морально устарело.

Что же делать в сложившейся ситуации? Сразу отмечу, что точка невозврата пройдена, нас ожидает жесточайший кадровый голод, преодоление которого потребует значительного времени вследствие инерционности образовательной системы. В качестве мгновенной меры президентом страны инициировано открытие филиалов иностранных вузов на территории страны. Сама по себе эта мера не может насытить экономику квалифицированными кадрами, слишком невелик масштаб, однако опыт филиалов можно попробовать внедрить в казахстанские вузы. В настоящее время нам следует отдать предпочтение в процессе интернационализации именно открытию филиалов, так как стандартная схема взаимодействия в рамках Болонского процесса потерпит крах в самом ближайшем будущем. Это будет обусловлено идущими по всему миру деградационными процессами, такими как геополитическая напряженность, кризис системы безопасности, маячащий впереди экономический кризис деглобализации, резкое ограничение странами миграционных потоков и так далее. Для нормального функционирования филиалов придется снять некоторые регуляторные барьеры, к которым можно отнести процесс получения образовательной лицензии, соблюдение государственного общеобразовательного стандарта, регистрации юридического лица и его налогообложение, а также признания дипломов, если требуется. Необходимо также продумать ресурсное обеспечение, к которому относятся наличие собственной инфраструктуры, обеспечение финансов для постройки лабораторной базы, возможность подключения казахстанских преподавателей к образовательному процессу.

В заключение хотелось бы отметить, что данная заметка призвана привлечь внимание широкой общественности на проблемы и дисбалансы в образовательной системе Казахстана, в нормальном функционировании которой мы все заинтересованы. Автор не претендует на однозначную позицию по всем озвученным вопросам, но апеллирует к пониманию того, что существующий тренд для системы высшего образования республики остается негативным и его исправление требует принятия неотложных мер, ведь система образования в конце концов определит дальнейшее развитие нашего государства и общества в целом.

ОЗЫҚ ОЙЛЫ ҰЛТ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҮДЕРІСІНДЕГІ КРЕАТИВТІ ОЙЛАУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Асқар Лесхан Әмірханұлы

философия ғылымдарының кандидаты, доцент

Пернебекова Динара Пернебекқызы

философия магистрі,

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Алматы қ., Қазақстан

Аннотация. Бұл мақалада озық ойлы ұлттың қалыптасу бағыты көрсетіледі. Оның шығармашылық, сыни және креативті ойлаумен байланысы ұсынылады. Қазақ халқының интеллектуалдық әлеуеті көрсетіліп, XX ғасыр мен XXI ғасыр басындағы қазақ халқының интеллектуалдық келбеті сараланады. Нәтижесінде креативті ойлаудың ғылыми ойлаудың атрибуты екендігі көрсетілген. Мақаланың мақсаты – шығармашылық ойлаудың логикалық және философиялық нұсқаулары мен әдістерін ұсыну.

Қазіргі таңда қай салада болмасын, шығармашыл, жаңашыл ойлайтын тұлғалар қажет, креативті ойлау қай салада болмасын құндылық ретінде бағаланады. Сондықтан мұндай ойлау әдістері өндірісте, кәсіпкерлікте, саяси билікте, қоғамдық өмірде, күнделікті өмірде ерекше мәнге ие. Бұл ғылыми-зерттеу жұмысы жастардың ғылыми білім алуудағы интеллектуалдық әлеуетін арттыру, олардың жаңа парадигмаларын ұсыну арқылы ғылыми білім аясында шығармашылық ойлаудың жаңа тенденцияларын ұсыну арқылы ойлаудың инновациялық негіздерімен, өзіндік жаңа ұстанымдарын құрылымдаумен жалғасын табады.

Түйін сөздер: шығармашылық ойлау, креативті ойлау логикасы, сыни ойлау, логика, ғылыми ойлау, интеллектуалды ұлт, ойлау құрылымы.

Заманауи Әділетті Қазақстан азаматының бейнесі – «Адал адам» тұжырымдамасына сәйкес еліміздің әрбір азаматы қоғамға адал қызмет етіп, жақсы қасиеттерге ие өз саласының нағыз маманы болып, адалдық пен әділдікті бәрінен биік қоя білетін адам болуға тиісті. Осы бағытта жастардың ғылыми әлеуетін арттыру мен кең дүниетаным қалыптастыру қолға алынып отырған шақта, алдымен, оның теориялық-әдіснамалық бағдарларын құрып алу маңызды істердің бірі болып табылады. Бұл тұста, басқа да ғылым салаларымен қатар философияның атқарар міндеттері мен мүмкіншіліктері жетерлік.

Сондықтан басты мақсат – ғылыми ойлауға бетбұрған көпшілік қауымның және креативті, шығармашылық, өрісті ойлауға ұмтылып келе жатқан жастардың ойлау машығын жетілдіріп, бағыт-бағдарлар беру болып табылады. Себебі, көне дәуірлерден бері ғылым мен философияның дамуында қашанда логика ілімі басты орын алған болатын. Осыдан, Аристотель заманынан бастау алған логикасыз білім алу мен ойлау мәдениетін дұрыс қалыптастырудың өзі мүмкін емес болып есептелетін түсінік бүгінгі күнге дейін адамзаттың руханияттық даму эволюциясында сақталып қана қалған жоқ, өзінің өзектілігін күн өткен сайын арттырып келеді.

Ұсынылып отырған мәселе өрісті логиканың негізгі қағидаттары формальді логиканы негізге ала отырып, өзіндік тың ұстанымдар мен бағдарларды ұсынады. Атап айтқанда, сыни, креативті, шығармашылық, эвристикалық ойлау мәнерлерінің көріністері тұтастандырылып, оның жалпы әдіснамалық бағдарлары мен нақты тәжірибелік әдістемелік негіздерін ұсыну аса маңызды шарттардың бірі.

Әлемдік философиялық кеңістіктегі «Продуктивті ойлау» түсінігін басшылыққа алып, оны «Өрісті ойлау» деп қазақшаға аударуды жөн санап, әр түрлі бағдарларын анықтап, арнайы «Өрісті логика» деп атауға болатындай саланы туындатып отыр және оның әрі қарай өркендеуіне жол ашады деп есептейміз.

Дәуірлердің ауысуына байланысты, аристотельдік немесе дәстүрлі логиканың орнына

кейіннен жаңа логика – математикалық немесе рәміздік түрі қалыптасып өркендей бастады. Бүгінгі таңда, тек дұрыс ойлау құндылығы ғана емес, сонымен қатар, тың, жаңа, төлтума идеялардың да заман өткен сайын құндылығы артып келеді. Осы тұста, «Интеллектуалды ұлт болып қалыптасу үшін қалай өнімді шығармашылық ойлауға болады» деген заңды логикалық сауал туындайды. Осы сауалға жауап іздеу – оның нақты тәжірибелік қырларын ұсына келе, шығармашылық ойлауға ұмтылушы әрбір адамға лайықталған және оған бағдар бере алатын ұстанымдарды көрсетіп береді. Бірақ, мұнда схоластикалық, софистикалық, спекуляциялық тәсілдерді қолдану ғылыми талаптарға сәйкес келмейді.

Жалпы ойлау мәдениеті, оның шығармашылыққа бастар көне дәуірдегі мифологиялық құрылымы, одан соң осы мифологиялық ойлау бағдарының қазіргі фантастикалық ойлаумен келіп ұштасатын қырлары да бұл тұста маңызды ахуал. Осы ой түйіндеудің жалпыға ортақ шаблондарын ұсыну, мифтің немесе фантастиканың өзіндік бір ортақ парадигмалары және өзіндік төлтумалылығы бар екендігі туралы мәселені негіздеп береді.

Ол қазақ дүниетанымын да назардан тыс қалдырмай, би-шешендер логикасы бойынша зерттеулер жүргізіліп, оларға ортақ жалпылама бағдарлары көрсетіліп, философия тарихындағы жаңа идеялардың қалай туындағандығына баса назар аударылып, тың идеялардың пайда болуының өзіндік бір ерекшеліктері бар екендігін де камтиды.

Бүгінгі таңдағы әлемдік өркениет көшіне ілесу тек қана экономикалық өрлеу талаптарымен шектелмек емес, ол өз кезегінде қоғамның рухани-мәдени саласын қайта жаңғыртуды талап етеді. Тұтастай алғанда, қоғамдық өмірдің барлық саласын қайта жаңарту мен инновацияға ұмтылудың нақты нәтижелерге қол жеткізуі түптеп келгенде, еліміздің адам ресурсына, әсіресе, зиялылығы мен зияткерлігінің сапалық деңгейіне байланысты болып шығады. Сондықтан, көп салалы руханилық пен мәдениеттілік тармақтарының бірі – еліміздегі интеллектуалды капиталды нығайтуға келіп тіреліп отыр. Бұндай болашаққа салынатын капитал, сайып келгенде, жастардың интеллектуалдық әлеуетін одан әрі арттырумен келіп сабақтасады. Ендеше, қоғам дамуындағы «адам капиталы», «адам ресурсы» деген сияқты түсініктердің жаңарған формасы сапаға негізделген келбеті – «интеллектуалды ресурс» дегенге келіп саяды. Бұл – болашақта еліміздің одан әрі өркендеуі үшін салынатын қомақты қаражат іспетті деген сөз. Бірақ бұл тұста, сол ресурстың санынан гөрі оның сапалылығына баса маңыз беру керек. Қазақ халқы мұндай кемшін ахуалды: «саны бар да, сапасы жоқ» деп сынаған болатын.

Ендеше, рухани кемелденген тұлға дайындау басты нысана. Бірақ тек қана білімділік зиялылық деңгейді арттырмайтындығы түсінікті. Орта ғасыр ұлықты ойшылы Әбу Насыр әл-Фараби: «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» деген концептуалды оймен үндеседі. Дегенмен, білімділік сауаттылық ретінде осы шығармашылықтың алғышарты болып табылады, білім болмаса, интеллектуалды ұлт туралы сөз қозғаудың өзі артық екендігі белгілі жайт. Біз халықты жаппай сауаттандыру мен надандықты жоюды ХХ ғасырдың басында-ақ қолға алып, ортасына қарай бұл саясат өзінің оңды нәтижесін берді, ал аяғында өзінің межесіне келіп жеткендей. Қазір жастар негізінен сауатты, көбісі жоғары білім алған. Демек, бүгінгі таңдағы интеллектуалды ұлт қалыптастыру үшін негіз қаланған десе де болады.

ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында қазақтың ағартушы зиялыларының ұстанымы – білімді (сауатты) ұлт қалыптастыру болса, ХХІ ғасырдың басында, сол білімді ұрпақ негізінде, орындалған армандар бойынша интеллектуалды ұлт қалыптастыру саясаты алдыңғы қатарға шықты. Ендеше, ХХ ғасырдың басында «білімділік» қандай деңгейде өзекті болса, ХХІ ғасырдың басында «интеллектуалдық» та сондай дәрежеде өзекті болып отыр. Ол кездегі ұлт зиялыларының білімділікке алаңдаушылығы мен бүгінгі ұлт зиялыларының интеллектуалдылыққа баса көңіл бөлуі тарихтың жаңа сападағы қайталанған үлгісі және өрлеудің заңды сабақтастығы десе де болады.

Себебі, ол кездегі заман халықтар мен мемлекеттердің тек білімді ұлтпен қанағаттануына болатындай жағдайда болған болса, бүгінгі ахуал, бұндай қанағаттануды артқа тастап, сол кездегі қаланған білімге негізделген интеллектуалдылықты талап етіп отыр. Бұл екі ұстанымның аралығын тура жүз жылдай уақыт бөліп жатыр. Қазақ халқында «елу жылда ел

жаңа, жүз жылда қазан» деген орнықты мақал бар. Ендеше, екі аралық жылмен 100 жылмен байланысады. Елу жылдың жаңалығынан да жаңарған заманды талап етеді. Олай болса, «Елу жылда ел жаңа, жүз жылда жаңарған сана» деген тұжырымды ұсына отырып, бүгінгі бізге жүктеліп отырған жауапкершіліктер мен міндеттердің зор екендігін сезінуімізге болады.

Осы тұста интеллектуалдық пен білімділіктің ара жігін ашып, сонымен қатар бір-бірімен детерминацияланатындығын көрсете алуымыз қажет. Білім академиялық болсын, шығыстық немесе батыстық болсын, қандай-да бір белгіленген ғылым салаларын стандарттар бойынша толықтай игеру дегенге келіп саяды. Ал интеллектуалдық деген ұғым жалпы психологияда – ақылдың ұшқырлығы, сыншылдығы, тапқырлығы деген сияқты үдерістер арқылы жетілетін, тіпті, тестілер бойынша өлшенетін адам санасының жоғары дамыған көрінісінің нәтижесі ретінде белгіленген.

Бірақ еліміз ұстанған интеллектуальді ұлт қалыптастыру осы түсінікке барынша сәйкес келгенмен, батыстық білімділік талаптарымен өлшенетін таза ақылға ғана негізделмеген. Ендеше, бізге қажетті «интеллектуалдық» - білімді негізге ала отырып, шығармашылық ойлауды талап ететін, ақылдың тапқырлығын басшылыққа алатын ілгерішіл және ерікті, оң нәтижелі психологиялық үдеріс болып табылады. Қазіргі психологияда, осы үдеріске тікелей байланысты немесе оған сәйкес болып келетін мынадай құбылыстар бар екендігін былайша жинақтап көрсетуімізге болады: өрісті ойлау (продуктивті ойлау), креативті ойлау (жаратушы ой), шығармашылық ойлау (творчестволық қабілет), сыни ойлау (критикалық ой), интуитивті ойлау т.б.

Өрісті ойлау – бұрын болмаған идеяны, жаңа пікірді тудырушы, ешкім айтпаған жаңа ой айту дегенді білдірсе, креативті ой да осындай мағынаға келіп жуықтайды. Бұған Әл-Фарабидің «білімді болу деген сөз – белгісіз нәрсені аша білу қабілетіне ие болу деген сөз» деген даналық сөзі тура сәйкес келеді.

Бұл жердегі креативтілік – ойды жарату, тудыру, өндіру деген түсінікке келіп саяды. Демек, бұлар «ой өндірісі» дегенді білдіреді. Ал шығармашылық ойлау да осындай мағынаға жақын, бірақ бұлардан айырмашылығы ол көбінесе өнер иелеріне байланысты айтылады. Өнер мен ғылым қашанда жаңашылдықты қажет етеді, егер өнер туындысы біреуді қайталайтын болса немесе оның үлгісін көшіріп алатын болса, онда ол өнерге жатпайды деп айтуға болады. Ал неғұрлым тың, төлтума, ешқашан қайталанбайтын туындалыр пайда болса, онда ол талант санатына жатады. Талантсыз адам өнер иесі де, ғалым да бола алмайды. Талантқа берілетін тағы бір жауапкершілік – тек жаңа ойды бір реттік акт түрінде тудыру емес, үнемі-үздіксіз, талмастан жаңа идея тудыру. Сыни ойлау – өзгенің немесе өзінің идеясына сын көзбен қарай білу. Идеяның кемшілігі мен жетістік жақтарын қатар көре білген адам ғана сыни ойлауға бейім болып келеді, егер оның тек біреуін ғана көріп, екіншісін қатар таба алмаса, онда ол сыни ойлаушы емес деген сөз. Интуитивті ойлау – талдау мен сараптаудан, логикалық операциялардан тыс, ақиқатқа тез, жылдам жету, ақпараттардың ішкі сезім түйсігі арқылы сол сәтте адамның өзіне де түсініксіздеу жағдайда қабылдауы. Халқымыз көзі көрмеген, дәлелденбеген нәрсесін «ішім сезім тұр» деп айтады. Немесе, қазақта «ат сыншысы», «бала сыншысы» деген білікті мамандар болған. Олар атты немесе адамды сыртынан қарап-ақ тұтас болмысын бағалап беретін болған. Бұл да интуицияның жемісі. Әлем халықтарына ортақ көріпкелдік те осы интуицияға байланысты болып келеді.

Бұл қабілеттер мен ойлаудың осы түрлері тұтаса келе, біз ұстанып отырған интеллектуалдылықты құрайды. Бұл көрсетілгендер ойлаудың түрлері ғана, ал оған жетудің жолы – сараптама жасау, ішкі мәнді көре білу, байланыстарды ашу сияқты психологиялық операциялар арқылы жүзеге асады. Демек, ғылымды дамытуға аса қажетті ойлаудың түрлері де осылар. Бұлардың барлығын жинақтап, «ғылыми ойлау» деп те атауға негіз бар. Ендеше, осы ғылыми ойлау үшін ғылыммен арнайы шұғылданду қажет. Ғылыммен шынайы шұғылданып жетістікке жету және ашылған жаңалықтардың әлемдік деңгейде болуы – интеллектуалдылықтың нақты нәтижесі болып табылады. Демек, жаңалық ашу интеллектуалдылықсыз мүмкін емес жайт.

Бүгінгі таңда техникалық ғылым дамуы немесе өнертапқыштық қана емес, сонымен

қатар, қоғамдық ғылымдарды да өркендетуді де басты назарда ұстау керек. Әсіресе, тарих, психология, саясаттану, әлеуметтану, философия, педагогика сияқты ғылым салаларына бас көңіл бөлу – қоғамымызды ілгері жылжытудың басты кепілі болмақ. Қоғамдағы рухани ахуал, әлеуметтік-саяси байланыстар, мәдениетті тұлға дайындау т.б. барлығы осы гуманитарлық ғылымдардың өркендеуіне және олар ұсынған тұжырымдамаларға тікелей байланысты. Сондықтан, интеллектуалды ұлттың болашақ қорлары жас ұрпақ болғандықтан, келесі кезекте, оларды сыни, өнімді, шығармашылық ойлауға машықтандыру маңызды қадамдардың бірі болмақ. Ол да бір сәттік акт емес, үнемі-үздіксіз және шексіз жүргізіліп отырылуы тиіс шара болуы керек.

Қазақ халқының интеллектуалдық қорлары мен мүмкіндіктері, оған бейімділігі тарихқа жүгінсек, тым көнеден, сақ-түркі дәуірінен бастау алады. Бүгінгі таңда түркілердің әлемдік өркениетке қосқан үлесі ұшан-теңіз екендігін тек отандық қана емес, әлем ғалымдары да мойындап отыр. IX-XIII ғасырлардағы түркі ойшылдары, әсіресе, әлемге аты мәшһүр болған әл-Фараби бабамыз бүгінгі заман тұрғысынан айтқанда, интеллектуалдылықтың кемелді көрінісін және идеалды үлгісін паш етті.

Одан кейінгі түркі-қазақ даласындағы даналық пен шешендіктің мектебінің өзі парасат пен ақылдың түйіскен тұсында белгілі бір деңгейде жоғары жетістіктерге жетті. Қазақ даласындағы поэтикалық сарындар да жай ғана механикалық түрде ұйқасқан өлең шумақтары емес, ұрпақтарын жан-жақты тәрбиелейтін ерекше бір тиімді интеллектуалдық тәрбиелік құрал. Мысалы, ол ұзақ жырлар мен эпостар, термелер мен дастандар есте сақтау қабілетін ешбір ұлтта кездесе бермейтіндей тәжірибелік деңгейде шынықтырып шығаратын қазақ ұрпақтарының интеллектуалдық мектебі десе де болады. Бірнеше күн бойы толғайтын жырларды жаттау тек тарихты білу, өткенді құрметтеу, шешендік сөздерді білу, одан адамгершілік, еңбек, эстетикалық т.б. тәрбие түрлерін алу ғана емес, өзі өзінің ақыл-ойын шынықтыратын өзінтану бағыты, өзін-өзі жетілдіретін перфекционизм болып та табылған. Сондықтан да, олар тым ұзақ болып құрылғандықтан, жыр жаттаушылық балалар арасында өзіндік бәсеке және қанша жаттағандығына байланысты ақылдылықтың (интеллектінің) өлшемдерінің бірі болған тәрізді.

Қазіргі таңда өмірдің қай саласы болмасын, креативті-жаңашыл ойлайтын тұлғалар қажет және продуктивті ойлау кез келген салада құндылық ретінде бағаланады. Сондықтан да бұндай ойлау әдістері өндіріс, бизнес, саяси билік, әлеуметтік өмір мен тұрмыста да ерекше маңызға ие болып отыр. Ал ғылыми шығармашылық ойлау алдымен, білім мен біліктілікті, одан соң қандай да бір тың идеялар ұсынудан бастап, толыққанды тұжырымдамалар мен заңдылықтар ұсынуға дейінгінің барлығын қамтитын өзіндік бір ғылыми алаңды құрайды. Ол стандартты емес ойлаудан бастау алады, бірақ тың ойлау сияқты болып қабылданатын иллюзиялар мақұлданбайды. Ендеше, бұл мақалада продуктивті ойлау мен оның баламалы, бірақ негізсіз құрылымдарын сынау мен теріске шығару да ғылыми ізденістеріміздің басты мақсаттарының бірі. Осы бағытта ойлаудың инновациялық негіздері, жастардың ғылыми білім алудағы интеллектуалдық әлеуетін көтеруді мақсат ете отырып, ғылыми таным аясындағы шығармашылық ойлаудың жаңа үрдістерін ұсыну арқылы, оның жаңа парадигмаларын ұсыну және оны тәжірибеде тексеру арқылы өзіндік тың ұстанымдарды құрылымдармен жалғасын табады. Ойлаудың ғылыми парадигмаларын зерделеуде тақырыпты тарихи-философиялық және гносеологиялық тәсілдерді жүзеге асыру арқылы ашуға деген ұмтылыстар негізге алынады. Логиканың тарихи эволюциясына сараптама жасай келе, логиканың басқа да диалектикалық, формальді, рәміздік түрлеріне сараптамалар жасай отырып, шығармашылық ойлауға бетбұрыстар жасау жолға қойылады. Атап айтқанда, қазіргі таңдағы креативті, шығармашылық, инновациялық, сыни ойлаудың форматтарына үңіліп, оны ғылыми жаңалықтар негізінде қайта саралау негізге алынады.

Қорыта келе, өрісті ойлау бағдарлары бір қырынан теориялық жағынан алғанда, аяқталмайтын шексіз ашық жүйе, екінші бір қырынан алғанда, тәжірибелік-қолданбалы болып келеді. Өрісті ойлау үлгілерінің талаптары: формальді логикамен (символикалық, диалектикалық) түсіндіруі қиындау және оның заңдарын қайталамауы тиіс, жаңа нәрсе ойлап

табуға, өрісті ойлауға ыңғайластырылған, жалпы көпшілікке түсінікті және мысалдармен дәлелденуі тиіс, барынша нақты және жүйелі болуы қажет, тым ұзақ болмауы керек т.б.

Әдебиеттер тізімі

1. Әл-Фараби. Логикалық трактаттар.-Алматы: Ғылым, 2014.-203б.
2. Молдабеков Ж. Қазақтану және жаңару философиясы.-Алматы: Қазақ университеті, 2009.-254с.
3. Мұсабеков М. Қазақстан жастарының рухани құндылықтары: әлеуметтік-философиялық талдау.-Филос.PhD диссертациясы.-Алматы, 2013.-151б.
4. Аташ Б.М, Асқар Л.Ә. Өрісті логика.-А.: Қазақ университеті, 2014.-92б.
5. Нұрмұратов С. Түркілік дүниені түсінудегі руханилық мәселесі// Қазіргі заманғы руханилық мәселесі.-Алматы: СаҒа, 2007.-560 с.(б. 83).

УДК 930.24

ДЖАДИДИЗМ: ЕДИНСТВО ЗНАНИЯ И ВЕРЫ СТРАН ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ

*Халикова Рахбар Эргашевна,
доктор исторических наук, профессор
Ташкентский государственный технический
университет
г.Ташкент, Узбекистан
e-mail: rahbarkholikova@mail.ru*

Аннотация. В статье рассматривается роль и место джадидизма в распространении идей просвещения в Центральной Азии. В частности, проводится анализ духовного наследия великого казахского мыслителя Абая Кунанбаева, которые во многом были созвучны идеологии джадидизма, стремившегося приобщить свои народы к лучшим достижениям западной цивилизации путем модернизации системы образования и воспитания. Основной упор в работе сделан на раскрытие вопросов единства знания и веры в философском наследии Абая, которое также нашло свое отражение в духовном наследии выдающихся представителей джадидизма, не потерявших своей актуальности и в современный период развития государств Центральной Азии. Бесценным является вклад Бехбуди в национальное пробуждение, в развитие его социально-политической и философско-этической мысли, всего того, что на языке науки обозначается понятием «общественное сознание».

Ключевые слова: джадидизм; Казахстан; Центральная Азия; Коран, сунна, просвещение; ислам; Абай; религия; образование.

Abstract. The article examines the role and place of Jadidism in the dissemination of enlightenment ideas in Central Asia. In particular, it analyzes the spiritual heritage of the great Kazakh thinker Abay Kunanbayev, which was largely consonant with the ideology of Jadidism, which sought to introduce its people to the best achievements of Western civilization by modernizing the education and upbringing system. The main emphasis in the work is on revealing the issues of the unity of knowledge and faith in the philosophical heritage of Abay, which is also reflected in the spiritual heritage of outstanding representatives of Jadidism, which have not lost their relevance in the modern period of development of the Central Asian states. Behbudi's contribution to the national awakening, to the development of his socio-political and philosophical-

ethical thought, everything that in the language of science is designated by the concept of "public consciousness" is invaluable.

Key words: Jadidism; Kazakhstan; Central Asia; Koran, Sunnah, education; Islam; Abai; religion; education.

Введение.

На сегодняшний день проникновение и развитие реформаторских идей в Центральной Азии на рубеже XIX-XX веков, генератором которой выступало движение джадидизма в лице татарских просветителей, исследовано недостаточно полно. В связи с этим, данная публикация о роли и месте джадидизма, в распространении идей просвещения в центральноазиатском регионе в целом, приобретает как в социальном, так и научном аспекте особую актуальность.

Во многом это связано с тем, что с обретением государственной независимости республиками Центральной Азии, у их коренных народов открылись возможности по-новому осмыслить и понять духовное наследие своих мыслителей, по-новому взглянуть и оценить в соответствии с современностью их взгляды и идеи, которые в новых условиях могли бы принести определенную пользу. В этом смысле большой интерес вызывает идеология джадидизма, которая была направлена на подъем культурного уровня тюрко-мусульманских народов Российской империи с целью включения их в русло развития мировой цивилизации. Поводом к этому стали социально-экономические и социально-политические преобразования, происходившие в российском обществе во второй половине XIX века.

Именно джадидизм, как новое идеологическое течение конца XIX - начала XX века, стал толчком консолидации тюрко-мусульманских народов империи, в частности Центральной Азии, одновременно став следствием и причиной их социальной мобилизации, развития коммуникаций, а также интеграции общества в единое геополитическое пространство.

Изучение джадидизма как социального явления впервые началось в 20-30-е годы XX века в трудах Г. Ибрагимова (Ibragimov 1926), Дж. Валидова (Validov 1923), Ф. Ходжаева (Hodzhaev 1970) С. Асфендиярова (Асфендияров, 1998) и др., которые рассматривали джадидизм как «умственное пробуждение», направленное на сближение с европейской культурой, на переустройство общества в соответствии с потребностями времени. Работа С. Асфендиярова «История Казахстана (с древнейших времен)» стала первым в Казахстане серьезным исследованием этой темы. Давая оценку роли джадидизма в Казахстане, автор отмечает социальную направленность движения, которая имела «некоторое влияние в западной и северных его частях, и более слабое в южной части». Однако при этом, реформа образования касалась лишь незначительной части общества: татарской буржуазии и казахского байства, связанного с татарским торговым капиталом, являясь больше «верхушечным, не носило массового характера, ... было заимствованным, несамостоятельным» [1;265].

С идеей переустройства общества в соответствии с потребностями времени, связывал джадидизм также и французский исламовед А. Беннигсен, считавший джадидистское движение «попыткой радикально изменить традиционную мусульманскую культуру, начиная с модернизации языков и реформы обучения и воспитания» [2;386].

Однако в дальнейшем, в учебниках по истории национальных советских республик 50-х гг. XX столетия джадидизм оценивался как «буржуазно-националистическое движение», а его сторонники как представители «национальной контрреволюции».

Ситуация в области трактовки джадидизма начала изменяться с конца 70 -х - начала 80-х гг. XX в. Так, например, концепция современного татарского исследователя Я.Г. Абдуллина дала толчок для более глубокого анализа джадидизма в Казахстане (а также так в других среднеазиатских республиках бывшего Советского Союза), сочетавшее в себе просветительское, религиозно -реформаторское и общественно-политическое направление.

Я.Г. Абдуллин предложил рассматривать джадидизм как этап просветительства, впоследствии выделив два существенных отличия между просветительством и джадидизмом: 1) джадидизм - более практически направленное движение; 2) в джадидистское движение были вовлечены более широкий круг участников (прогрессивное духовенство, передовая часть предпринимателей и т.д.) [3;41].

Сегодня вопросы реформирования мусульманской школы, формирования идеологии национального образования казахского народа и других коренных народов Центральной Азии, различные аспекты джадидистского движения стали объектом исследований отечественных и зарубежных гуманитариев. Например, изучению политических предпосылок распространения джадидизма на территории региона посвящены исследования - Д.А. Алимовой (Alimova 2000, 2009), Е.У. Байдарова (Bajdarov 2008), И. Бальдауф (Baldauf 2001), Р. Бобохонова (Boboxonov 2015), Н.У. Гафарова (Gafarov 2013), Н. Нуртазиной (Nurtazina 2008), Р.С. Хакимова (Khakimov 2010), А. Халида (Khalid 1998), А.М. Худайкулова (Khudaykulov, 1995) и др.

Изначально джадиды Центральной Азии, так же как и татарские просветители, действительно ставили перед собой одну задачу - образование народа с тем, чтобы улучшить условия его жизни, достичь уровня просвещенных наций. Но далее, развиваясь синкретически, а именно с религиозно -просветительской составляющей и общественно-политической направленностью, джадидизм оказал огромное влияние на национальное самосознание мусульманских народов Российской империи, определил новые формы исторического развития с применением достижений европейской культуры.

Истоки джадидизма были заложены татарскими просветителями еще в начале - первой половине XIX века, в годы их преподаательства в бухарских медресе. Так, в те годы реформаторами схоластического образования в бухарских и самаркандских медресе выступили выдающиеся татарские просветители Габденнасыр Курсави (1776-1812) и Шигабутдин Марджани (1818-1889). Первый был даже приговорен к смертной казни и спасся бегством из Бухары в родные места. Сочинения Ш. Марджани до сих пор издаются в странах зарубежного Востока. Другие просветители, такие как И. Халфин (1773-1823), Х. Фаезханов (1821-1866), И. Гаспринский (1851-1914) - выступали с проектами просвещения тюрко-мусульманских народов Российской империи [4; 161].

В первый период своей деятельности джадиды сосредоточили основное внимание на реализации религиозно-реформаторских и просветительских идей. Одним из таких процессов было высвобождение, мусульманской общественной мысли из тисков религиозных догм, которое началось, только к концу XIX века. В этом процессе, названном Нахда (Возвышение), главную роль сыграли такие реформаторы мусульманской идеологии, шариатского законодательства и судопроизводства, как афганец Джемаль ад-Дин аль-Афгани (1839-1897), египтянин Мухаммад Абдо (1849-1905) и индиец Мухаммад Икбал (1873 или 1877-1938). Общей чертой их научной и общественно-политической деятельности было то, что они стремились соединить достижения западной и восточной цивилизаций и тем самым возродить былое могущество мира ислама, вернуть прежнюю славу арабо-мусульманской философии, науке и культуре.

Весьма неординарной фигурой (став первым пенджабским мусульманином, получившим докторскую степень в Европе - Е.Б.), был Мухаммад Икбал, предлагавший пересмотреть общественно-философскую систему ислама с позиции развития культуры, науки и образования. Его труд «Реконструкция религиозной мысли в исламе» до сих пор привлекает к себе внимание многих исследователей. В главном труде своей жизни М. Икбал подчеркивает, что: «... рационализировать веру, не значит признать превосходство философии над Таклид (араб. а[^]) - в исламском праве: следование авторитетному специалисту в вопросах фикха (мусульманское право) со стороны человека, не компетентного в этой области. Соответственно, понятие таклида тесно связано с термином «иджтихад», которым обозначают процесс дедуктивного вывода исламских законов из Корана и Сунны (в шиитском исламе) либо опоры на собственное толкование (в суннитском

исламе). Учёный-муджтахид выступает в качестве эксперта для обычных мусульман, не сведущих в сфере норм Шариата, однако обязанных соблюдать их религией. [5; 26].

Если говорить о генерации интеллигентов и просветителей, концептуально определивших задачи просвещения казахского народа в контексте идеологии джадидизма, то здесь следует назвать великого просветителя и философа Абая Кунанбаева (1845-1904). Воспитанный на поэзии Саади, Хафиза Ширази, Джами, Бабура, Нодиры и др., он считал Алишера Навои своим учителем. Знания, приобретенные Абаем в татарском медресе Ахмета Ризы в Семипалатинске, пригодились ему на всю жизнь. Выступая реформатором культуры в духе сближения с русской и европейской культурой на основе просвещённого либерального ислама, Абай в своих произведениях проповедовал нравственные основы восточной философии: любовь и уважение к человеку, дружбу, идеи просвещения, милосердия и справедливости. По мнению Абая, духовное воспитание человека может быть связано только с просвещением.

Абай, как и другие туркестанские джадиды, уделял особое внимание вопросам единства знания и веры. Так, признавая Аллаха и веря в его всемогущество, милосердие, любовь и силу, в тридцать восьмом слове, являющемся сердцевиной и средоточием его религиозно-философской концепции, он последовательно проводит принцип единства Творца и сотворенного: «Аллах - это внимающий, который слушает, который видит, но, ни одно из созданий его, в том числе и человек, не может этого постичь. Он говорит словами, но у него нет органа, подобного органам человека. Он не сотворил слово - произнес его, и слово дошло до слуха людей. Аллах видит и слышит совершенно по-другому, совсем не так, как человек. Он просто «Всеведущ знаниями своими». Он сама добродетель, и добивается, чтобы люди подражали ему. Как тут не вспомнить о предельности и человеческого разума и бесконечности Аллаха? В Коране написано: «Аллах един... Он единственный в своем роде, и нет при нем ничего, он существует вне пространства, и он создал все посредством своей силы.» [6; 87-88].

Думы Абая о просвещении казахского народа, о его приобщении к достижениям современной цивилизации, а также в контексте единства знания и веры, сближает его с выдающимся представителем центральноазиатского джадидизма - Махмудходжой Бехбуди (1874-1919), которого по праву называют «отцом среднеазиатского джадидизма».

М. Бехбуди, будучи лично знаком с основоположников джадидского движения мусульман России Исмаилом Гаспринским принимал активное участие в организации новометодных школ и проповедовал идеи джадидизма в местной печати.

Ф. Ходжаев в своей работе о бухарской революции, упоминая о Бехбуди, писал, что: «Едва ли кто из туркестанских джадидов того времени может сравниться с ним по политической, общественной деятельности и разнообразию знаний» [7; 78].

М. Бехбуди утверждал, что нациям, не вбирающим в себя новейшие достижения науки и техники, уготовано участь прозябающих на задворках мировой цивилизации. Поскольку техника развивалась на Западе, то и взоры джадидов были устремлены туда. Их «западничество» объяснялось научными, технологическими и культурными достижениями Европы.

В одной из своих статей Бехбуди писал: «Завещаю вам: дети Туркестана не должны остаться неучами... Укажите всем путь к Свободе!». Таким путем, по мнению Бехбуди, может стать овладение различными языками. Если М. Абдо говорил: «Кто не знает хотя бы один европейский язык, тот никогда не станет ученым в наш век», то кредо М. Бехбуди было: «Нам нужен не один-два, а четыре языка». Чтобы быть сведущим в законах и в современной жизни, по его мнению, необходимы знания, как тюрки, фарси, так и европейских языков. Так, в своей знаменитой статье «Икки эмас, турт тил лозим» («Нам нужны четыре, не два языка») М. Бехбуди пишет: «В своё время арабская культура обогащалась трудами греков Сократа, Гиппократ, Платона. Сегодня же современная культура пользуется трудами Толстого, Жюль Верна, Кеплера, Коперника, Ньютона. Мы это признаем. Мы как мусульмане должны развиваться в прогрессе. В настоящее время ни торговая деятельность, ни промышленность, ни государственная служба, даже служба религии Ислам и своей нации не возможны без знаний. Сегодня нам нужны люди, сочиняющие и выступающие на четырех языках. То есть, на

арабском, русском, тюркском и фарси. В той степени, в какой для вероисповедания нужен арабский, русский так же нужен для существования и для достатка. Не будем знать арабский — потеряем религию, не будем знать русский - потеряем жизнеспособность и отстанем от мира. О необходимости тюркского и фарси - говорить нечего (это бесспорно)» [8; 1913].

О том же писал в двадцать пятом слове и Абай: «Хорошо бы дать казахским детям образование и вполне было бы достаточно научить их сначала хоть тюркской грамоте (казахскому языку - Е.Б.). Нужно учиться русской грамоте.

И в заключении, отмечая просветительскую направленность джадидского движения, следует отметить, что в ней сфокусировались исторические задачи, которые и ныне волнуют общество: правильное понимание религии в духовном совершенствовании, активизация процессов формирования рыночного пространства, становление цивилизованных демократических институтов, самобытное национальное развитие.

Список литературы

1. Асфендияров С. История Казахстана (с древнейших времен). - Алматы, 1998.-265с.
2. Bennigsen, Lemercier-Quelquejau 1964 - Bennigsen, A, Lemercier-Quelquejau, C 1964, La presse et le mouvement national chez les musulmans de Russie avant 1920, Paris, 386 p.
3. Абдуллин Я.Г. Джадидизм среди татар: возникновение, развитие и историческое место. - Казань, 1998. - 41с.
4. Байдаров Е.У. Джадидизм и его отражение в социально-философских взглядах казахской интеллигенции в начале XX века // Апаш и независимый Казахстан: преемственность идей и позиций. - Алматы, 2008. - С. 160-167.
5. Икбал М. Реконструкция религиозной мысли в исламе. - Москва, 2002. - 26с.
6. Абай. Слова назидания. - Алматы, 2005. – 87-88 с.
7. Ходжаев Ф. Избранные труды. В 3-х тт. - Ташкент, 1970. - Т. 1. - 78 с.
8. Бехбудий М. Икки эмас, турт тил лозим // Ойна. - 1913. - № 1.

СЕКЦИЯ 1

ҚАУІПСІЗ ҚАЗАҚСТАНДА ЖАЙЛЫ ОРТАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МЕН ДАМУДЫҢ ЗАМАНАУИ СЫН-ҚАТЕРЛЕРІ МЕН ШЫНДЫҒЫ

СОВРЕМЕННЫЕ ВЫЗОВЫ И РЕАЛИИ ФОРМИРОВАНИЯ И РАЗВИТИЯ КОМФОРТНОЙ СРЕДЫ В БЕЗОПАСНОМ КАЗАХСТАНЕ

MODERN CHALLENGES AND REALITIES OF THE FORMATION AND DEVELOPMENT OF A COMFORTABLE ENVIRONMENT IN SAFE KAZAKHSTAN

САЯСИ МОДЕРНИЗАЦИЯ ЖӘНЕ ХХ ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДАМУ ҮРДІСІ

Ашекеева Қ. Н.,

*философия ғылымдарының кандидаты, доцент
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы қ., Қазақстан*

Ашекеева Н. Н.,

*саясаттану ғылымдарының кандидаты, доцент
Илияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті
Талдықорған қ., Қазақстан*

Түйін. Мақалада саяси модернизация процесі талданады, оның саяси, әлеуметтік және экономикалық салалардағы өзгерістердің маңызы қарастырылады. Автор саяси реформалардың артта қалуы мен тым жылдам демократиялық өзгерістердің тәуекелдерін, парламенттік институт пен саяси элитаның рөлін зерттейді.

Кілт сөздер: Саяси модернизация, парламенттік, реформа, саяси институттар, индустриалды, саяси жүйе.

Дәстүрлі қоғамнан қазіргі қоғамға өтудегі күрделі үрдістің құрамдас бөлігі саяси модернизация болып табылады және оның мазмұны қоғамның экономикалық және әлеуметтік өзгерістеріне сәйкес саяси жүйенің өзгеруіне байланысты болып, сол өзгерістер мазмұнын жасайды. Саяси модернизация үрдісінде өмір сүріп жатқан саяси институттар өзгеріп жатқан жағдайға ыңғайлану эволюциясы да, сонымен бірге жаңасының қалыптасуы да болып жатады. Мұндай жағдайда, бір жағынан, қоғамдық дамудың маңызды шарты ретінде саяси тұрақтылықты сақтау, екінші жағынан саяси қатысудың мүмкіндіктері мен формаларын кеңейту болып табылады. Ал мұндай жағдайлар болмағанда дағдарысты салдарлар болуы мүмкін.

Саяси ғылым саяси модернизация үрдісіне қауіп төндіретін екі негізгі қауіпті есепке алудың қажеттігін ескертеді. Біріншісі – саяси модернизацияның қоғамның басқа өміріндегі өзгерістерден артта қалу қауіпі. Мұндай жағдай революциялық дағдарыстың пайда болуының бір себебі болады. Екіншісі – тез болып жатқан демократияландыру алдын ала болып, азаматтық қоғам мен саяси мәдениеттің даму деңгейіне сай дайын болмау қауіпі. Мұндай жағдайда да хаос пен охлократиямен қоса дағдарыс туғызады.

Елдің саяси модернизация жолымен алға жылжу дәрежесін көрсететін ерекше индикатор болып қоғамның саяси институттары құрылысында заң шығарушы өкіметтің рөлі мен орны қызмет етеді. Саяси модернизация аяқталған кезде, яғни демократиялық жүйе тұрақты құрылғанда, парламенттік демократия институттары оның маңызды құрамдас бөлігі болады. Мемлекеттің қандай нысаны және оған сәйкес өкіметті бөлудің моделіне қарамастан, ең бастысы, қоғамда бар барлық әлеуметтік топтардың өкілеттігін парламент қамтамасыз етіп,

саяси шешімді қабылдауға реалды әсер етсе болды.

Саяси модернизацияның ертедегі кезеңінің жағдайы басқаша болды. Егер Батыс Европа мемлекеттеріндегі модернизация өз табиғатында органикалық түрде болғанын ескерсек, онда парламенттік мекемелердің эволюциясы бұл үрдістің кейбір жалпы заңдылықтарын ашады. Біріншіден, парламенттің өзі Англия мен Исландиядағы сияқты кейбір елдегідей сословиелік өкілеттіліктің дәстүрлі органдары негізінде біртіндеп қалыптаса алады. Екіншіден, заң шығарушы өкімет өкіметті бөлудің бекітілген әдісі шеңберінде оптималды баланс бекітілмейінше атқарушы өкілеттікке қатысты өз мүмкіндіктері мен өкілеттігін кеңейтеді. Үшіншіден, парламенттік мекеменің өзі біртіндеп, бірақ табанды түрде демократиялануы мен оның қалыптасу механизмі жүзеге асады. Осы соңғы жағдай біз қарастырып отырған мәселеге жақын деуге болады.

Егер парламенттік демократияның эталонымен теңестірілетін саяси модернизацияның ертедегі кезеңіне көңіл бөлсек, онда қазіргі критериймен айтқанда осы кезеңдегі өкілетті өкіметтің мәні демократиялық емес екенін байқау қиын емес. Сайлаудың өзі демократиялық идеалдан алыс болды: олар көп сатылы болып, белсенді және пассивті сайлау құқына шектеу қойылды. Осындай тәжірибе өз теориясын саяси ойдың консервативтік және табанды либералдық бағытынан тапты. Американдық либерализмнің А.Гамильтон, Дж. Адаме, Дж. Мэдисон негізін қалаған нұсқасы экономикалық либерализмге мән береді. Олар меншік пен бәсеке еркіндігі теңсіздіктің тез өсуіне, антогонистік әлеуметтік таптардың пайда болуына әкелетінін көрсетті және мұндай жағдайда таза саяси демократия ауқатты азшылықтың түгі жоқ не орташа көпшілікке үстемдігіне айналады әрі экономикалық еркіндік пен меншік құқын шектеуге тырысады. Охлократияға қарсы олар саяси демократияны шектеудің түрлі механизмнен саяси либерализм бейнеленген принциптерінен іздеді [1, 54 б.].

С.Хантингтонның тұжырымдамасына сәйкес саяси модернизацияның әлеуметтік механизмі мен динамикасын қарастырсақ, модернизацияның бастамасы үшін саяси элитаны реформаны бастауды оятатындай ішкі және сыртқы факторлардың кейбір жиынтығы қызмет етеді. Қайта құрулар экономикалық және әлеуметтік институттарды қозғай алады, бірақ дәстүрлі саяси жүйеге қатысы болмайды. Сондықтан әлеуметтік-экономикалық модернизацияны “жоғарыдан” әлеуметтік-экономикалық жағынан, ескі саяси институттар шеңберінде және дәстүрлі элита жетекшілігімен жүзеге асырудың принципті мүмкіндігіне жол беріледі. Алайда дәстүрлі қоғамнан қазіргі қоғамға өту үрдісі ойдағыдай аяқталуы үшін бірқатар шартты қадағалау қажет, ең алдымен, қоғамның түрлі саласында болатын өзгерістер арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз ету керек. Бұдан басқа билеуші элитаның тек қана техникалық-экономикалық жағын ғана емес, сонымен бірге дәстүрлі институттардың өзгеріс жағдайларына ыңғайлану үрдісімен қатар жаңасын да құратын саяси модернизацияны жүзеге асыруға дайын болғаны жөн.

С.Хантингтон саяси модернизацияны “қоғамның саяси институттары мен оның саяси санасын демократияландыру” ретінде түсіндіріп, әлеуметтік мәндегі бірқатар фактілермен байланыстырады [2, 120 б.]. Реформадан бастап, қандай да бір мотивтерді саяси элита жетекшілікке алғанмен, олар өзгерістерге әкеледі. Индустриализацияға, әлеуметтік-экономикалық прогреске бағытталған кез-келген қадамдар білім беру жүйесін дамытуға, алдыңғы қатарлы техникалық және ғылыми жаратылыстану идеяларын алуға жағдай жасайды. Егер ел сыртқы дүниеге бет бұрса, онда ғылыми-техникалық ақпаратпен бірге ол жаңа саяси және философиялық идеяларды сіңіре бастайды. Ал модернизациялық үрдістің құрамдас бөлігі қоғамның әлеуметтік құрылысының эволюциясы болып табылса, онда бұл идеялар дайын негізге тап болады.

Индустриализация мен урбанизация жаңа әлеуметтік топтардың қалыптасуы мен тез дамуына әкеледі. С.Хантингтон кәсіпкерлерден, басшылардан, инженер-техник мамандардан, офицерлерден, заңгерлерден, мұғалімдерден, жоғары оқу орнының оқытушыларынан т.б. тұратын орташа таптың қалыптасуын ерекше атап өтеді. Орташа таптың ішінде ерекше орын алатыны потенциалды оппозициялық күш ретінде сипатталатын интеллигенция ерекше орын алады. Интеллигенция бірінші болып жаңа саяси идеяларды игереді және олардың қоғамда

таралуына ықпал етеді. Нәтижесінде бұрын қоғамдық өмірден тыс тұрған, саясатқа қызықпаған адамдардың көпшілігі, әлеуметтік топтар өз қорытындыларын өзгертеді. Олар саясат тікелей өз мүдделеріне әсері болатынын, саясат жеке істері екенін, саяси өкімет қабылдаған шешімнен тағдыры да шешілетінін сезе бастайды. Сөйтіп саяси өмірге араласуға талпынады, мемлекеттік шешім қабылдауға әсер етудің механизмдері мен әдістерін іздейді.

Дәстүрлі саяси институттар үнемі өсіп жатқан, халықтың белсенді саяси өмірін оятатын саяси істерге қатысу мүмкіндігімен қамтамасыз етпейді, сондықтан олар қоғамдық наразылық білдіреді де, дағдарысты жағдай басталады. Егер саяси қатысу мүмкіндігін қамтамасыз ететіндей саяси модернизация мен институттарды құруға бағытталған шаралар қабылданбаса, дағдарысты жағдай революциялық дағдарысқа алып келеді. Егер басқарушы элита саяси реформалар қабылдауға шешім жасамаса, онда әлеуметтік топтардың саяси белсенділігі мен артта қалған қоғамның саяси модернизациясының реалды деңгейі арасында қайшылықтар көбейеді. Осындай жағдайда қайшылықтарды күштеп жоюдың тез және радикалды әдісі революция болып есептеледі. Ескі саяси жүйені талқандай отырып, ол жаңа саяси институттарды, құқықтық және саяси нормаларды жасайды, ал олар бұқара халықты қоғамның саяси өміріне қатысуға қамтамасыз етеді. Сонымен бірге дәстүрлі қоғамнан қазіргі қоғамға өтуде халықтың едәуір бөлігі селолық жерде тұрады. Модернизация үрдісі аяқталмайынша, шаруалар өздерін қалдық сияқты сезінеді. Объективті түрде олар дәстүрлі қоғамның әлеуметтік табы болып қала береді және қазіргі қоғамға өткенде “тап ретінде” өзінің бұрынғы түрінен жоғалады. Ауыл тұрғындарының көпшілігі қалаға ығыстырылады. Шаруалардың өзі консервативті және дәстүрге жақын, бостандықтың, теңдіктің және конституциялық құқықтың абстрактілі саяси ұрандарын әлсіз қабылдайды әрі олардың әлеуметтік талаптарын саяси өкімет қанағаттандыруға қабілетсіз болғанда ғана өкіметке қарсы әрекетке жақындай алады. Мұндай жағдайда қаладағы революцияны ауылдағылар қолдайды, тіпті жетістікке де әкеледі, бірақ оның мақсаты мен нәтижесі үшін қауіп төндіреді. Революция екі жақты мәнде болады. Бір жағынан, ол модернизацияны тез және кешенді жүзеге асыруға жеткіліксіз екенінің салдары болса, екінші жағынан, модернизацияның өз үрдісіне және оның әлеуметтік салдарына қарсылықтан көрінеді. Революцияның реалды саяси нәтижелері өзі бастаған ұрандарға тікелей қарама-қайшы болуы мүмкін. Егер әңгіме әлеуметтік-экономикалық модернизацияның міндеттері жөнінде болса, онда революция кез-келген әлеуметтік-саяси сілкініс сияқты уақытша оны жүзеге асыруды тоқтатуға және қиындатуға қабілетті. Демек, кез келген революцияны қоғамдық үрдістің сөзсіз нысаны деп айтуға негіз бар деуге болмайды, оны тарихи тәжірибе көрсетті.

Қандай технологиялық өндіріс әдісіне өтуіне байланысты модернизация төрт негізгі түрге бөлінеді. Біріншісі индустриалды қоғамға дейінгі модернизация. Ол табиғи өндіргіш күштерден қоғамдық өндіргіш күштерге өтуімен байланысты, яғни халықпен тек ауызша, кооперацияның көмегімен және еңбек үрдісіндегі қызметті бөлумен қолданылады. Осындай өтуде қалыптасатын өндірістің технологиялық әдісі мануфактура болды. Модернизацияның екінші түрі – ерте индустриалды. Ол қолөнер мен мануфактуралық өндірістен фабрика-заводқа өту. Үшіншісі – кейінгі индустриалды модернизация – фабрика-заводтан топты-конвейерлі өндіріске өтумен байланысты. Төртіншісі – кейінгі индустриалды немесе постиндустриалды - қазіргі технологиялық революциямен өмірге еніп, “постиндустриалды қоғам” деген атқа ие болған кезеңге өтіп жатқан елдерде жүзеге асуда. Модернизацияның әр түрі органикалық тәртіпте де, неорганикалық тәртіпте де, қуып жететіндей дамуы жүзеге асады. Россияны алсақ, модернизацияның барлық түрін қуып жетіп, даму тәртібінде жүзеге асыруға тырысқан. Бұл талпыныстың барлығын толығымен жүзеге асырған жоқ, егер технологиялық және әлеуметтік-мәдени аспектілерде жағдай сәтті болса, онда саяси модернизацияның міндеттері барлық байқауда “Россияны қайта жасау” болды. Оның біріншісі І Петрдің реформалары болып, индустрияға дейін қуып жететін модернизацияның дүние жүзіндегі бірінші тәжірибесі болды. Ол қазіргі қоғамға өтуді білдірмеді, себебі ол қоғам алдыңғы қатарлы елдердің өзінде әлі болған жоқ еді. Алайда реформаның сәтті жүзеге асуы болашақта Россияны индустриализация, азаматтық қоғам мен саяси демократия жолында

органикалық дамуды сәтті қамтамасыз ететін еді, бірақ олай болған жоқ.

Жалпы орыс интеллигенциясының солшыл радикалды санасы батыс еуропалық социалистік идеялардың россиялық шындықпен өзара әрекеті нәтижесінде қалыптасты.

Қазіргі кезде тез өзгеріп жатқан аумалы-төкпелі замандағы модернизация процесінде саяси жүйелер де өзгеріп, онымен қатар нақты саяси институттар да өзгеруде. Сол сияқты саяси лидерлік институтының да XX ғ. басындағымен қазіргі кездегін салыстырғанда өзінің ерекшелігі бар екені даусыз. Саяси жетекшіліктің өзі лидерліктің жоғары деңгейі, өйткені ол саяси процестер мен өкіметтің жоғары құрылысындағы қатынастарды бейнелеумен бірге саяси пирамиданың жоғары сатысында саясаттың субъектісі мен объектісінің өзара билік қатынасын көрсетеді. Біз зерттеп отырған кезеңде мен қазіргі тәуелсіз Қазақстан жағдайындағы лидерліктің типтері, құндылық сапалары мен лидерлердің нақты стильдері түрлі объективті және субъективті жағдайға байланысты болады: мемлекет басқару формасына, мемлекеттің тұрақтылық дәрежесіне, қоғамның сипатына, ондағы тұрмысқа, қоғам мүшелерінің біліміне, халықтың менталитетіне, тарихи дәстүрлеріне, т. б.

Лидерлердің саяси жүйедегі қызметі процесіндегі ролі сол дәуір мен елдің жағдайына байланысты болады. Оның патриархатты және қазіргі қоғамдағы саясатқа әсері, қатаң орталық пен еркін жүйеде, мемлекеттің тұрақты және дағдарысты кезеңінде айырмашылықтары болады. Қандай да бір тарихи жағдайға байланысты саяси лидерліктің де мазмұны түрліше болады. Орта ғасырда лидерден алға қойған мақсатына жету үшін адамдар топтарын айналасына жинау және топтық мүддені қалыптастыру біліктілігі, нақты мәселені шешуде арнайы әлеуметтік топтар өкілдерінің міндетін шешуді талап етті. Ал, XX ғ. басында да, қазіргі қоғамда да саяси лидерлік - бұл билікті құру әдісі, ол түрлі әлеуметтік топтардың шоғырлануға, әлеуметтік мәселелерді шешу тұжырымдамасына, қоғамдық даму міндетіне негізделеді [3, 281 б.].

Қай кезде болмасын саяси лидерлік институты сапалы түрде өзгеріп отырады. XX ғ. бас кезі мен қазіргі кезде саяси лидерліктің дамуын демократиялану процесіндегі негізгі тенденцияларды бөліп көрсетуге болады. Оны біз қазіргі кездегімен XX ғ. сабақтастығы қандай екенін айқындауға тырысамыз:

- саяси лидерлердің қабылданған шешімге жауапты қарауы; бұл бір жағынан, лидерлердің өздерін қорғайтын қалың бұқарасына тәуелділігінің күшеюі болса, екінші жағынан, лидерлердің де қоғамға әсер ету мүмкіндігінің өсуі;

- саяси лидерлер мен электорат арасында дистанциялықтың болуы: кейде лидерлерде өзара байланыс болмайды. Олардың қатынастары мемлекеттік саяси машина қызмет көрсететін ақпарат құралдарымен, ұйымдармен, адамдармен жүзеге асады;

- әлеуметтік жүйенің сұраныстарын орындау лидердің жеке сапасына ғана байланысты емес, билік институтының күші мен әсеріне де байланысты.

- лидерлер белсенділігінің экономикалық және әлеуметтік мәселелер төңірегіне шоғырлануы.

- қазіргі кезде саяси лидерлердің санының төмендеу мүмкіндігі. Ең әуелі оның кәсіби сапасы, оның тиімді басқару біліктілігіне көңіл қойылады. Саяси лидерді қазір біз нақты идеяға дем беруші деп емес, адам тағдырына жауапты жетекші деп қарауға көп ыңғай танытамыз.

XX ғ. бас кезімен салыстырғанда қазіргі кезде биліктің десакрализациялануы лидерліктің жеке әсерінің біртіндеп әлсіреуі байқалады. Қалай болғанда да бұл тенденциялар демократиялық мемлекеттерге тән екенін ұмытпауымыз керек, яғни ең алдымен саяси лидерлік институты мемлекеттің саяси басқармасы мен экономикалық жүйесіне байланысты болады. Әр қоғамдық-саяси жағдай лидердің нақты типі мен жеке белгілерінің болуын талап етеді. Егер ел соғыс не дағдарыс жағдайыда болса, қатал, шешімге тез келетін лидерді алға шығарады. XX ғ. басындағы әлеуметтік-саяси жағдай сауатты, қолда бар ресурстарды тиімді пайдалана алатын лидерлерді талап етті. Ал қазір де сондай.

Н. Макиавелли “Мемлекет” деген кітабында билік әсіресе өтпелі дәуірде қажет, өйткені бір жағдайдан екіншісіне өту да біртіндеп баяу да қиын процестермен сананы да қайта құруға

мәжбүр ететінін көрсеткен болатын [4, 15 б.]. Бұл процестер қарсылықты туғызады, оның алдын алу үшін билік қажет. Сондықтан саяси лидерлердің транзитті мемлекеттерде өзінің арнайы сапасы болады. XX ғасырдың бас кезінде Қазақстанда жалпы ұлттық саяси процесс лидерлері болғанын біз жоғарыда дәлелдедік, ал қазіргі ТМД елдеріндегі жеке дамудың алғашқы кезеңінде шынайы жалпы ұлттық лидерлер болған жоқ, тіпті олар халық бұқарасының көңілінен шығып, қолдау табатын нақты бағдарламамен де шыға алған жоқ. Бұл жалпы ұлттық мүдденің, идеологияның, ұлттық идеяның, құндылықтар жүйесінің қоғамның өзінде жоқ болғандықтан еді. Сондықтан саяси лидерлердің көпшілігі тұтас қоғам мүддесін көрсете алмады, тек қана жеке әлеуметтік топтар мен партиялар, фракциялар мен қолдау топтары сөз жүзінде айтқанымен, іс жүзінде ешқандай жобалары болған жоқ [5, 69 б.]. Саяси лидерлер харизматикалы типтен немесе дәстүрлі – харизматикалы аралас типте болды. Мұның себебі мемлекеттің қалыптасқан дәстүрінде еді. Мысалы, Ресейде авторитарлы – монархиялық дәстүр мен патриархалды психология, азаматтық және құқықтық мәдениет төмен деңгейде болды. Саяси лидерлердің кеңестік номенклатура жүйесімен сабақтастығына келсек, ТМД елдеріндегі он екі президенттің оны бұрынғы жоғарғы номенклатураның өкілдері болды. Ал мұның өзі ескі номенклатураның мүшелері жаңа билікке басқарудың ескі стильдері мен әдістерін, мінез - құлықтағы таптаурындарды алып келді, бір сөзбен айтқанда, “ойын ережесі” кеңестік партиялық - мемлекеттік жүйеге тән еді. Біз зерттеп отырған кезеңдегі саяси - әлеуметтік процесс лидерлері Қазақстанның ерекшелігін ескеріп, қазақ менталитетіне сай тәуелсіз басқару жүйесін, тәуелсіз мемлекетті армандады. Бұл 90-шы жылдардың басында жүзеге асқаны белгілі.

Транзитті жағдайдағы саяси лидерлердің бірқатар ерекшеліктері нақты саясаткерлердің бойынан да көрінеді. Алайда әр мемлекеттің ерекшелігіне байланысты олар кең түрде белгілі болуы мүмкін. Мысалы, әлеуметтік- экономикалық даму дәрежесі төмен “Үшінші әлем” елдерінде модернизацияны жүргізуді талап етеді, ал демократияның институттары мен механизмдері әлсіз, саяси лидердің белсенділігі, оның жеке сапасы мен іс - әрекетінің бағдарламасы дамудың басты факторына айналуға. Жалпы алғанда ТМД елдерінің саяси лидерлеріне демократиялық мемлекеттердегі нақты белгілердің жиынтығы мен кеңестік номенклатура жүйесінен мұра болып қалған белгілер тән. ТМД елдеріндегі саяси элита кеңестік және посткеңестік дамыдың ықпалымен қалыптасқан. Сөйтіп, қазіргі кезде саяси лидерлік Батыс пен номенклатуралы жүйенің қоспасынан пайда болған деп түсінеміз. Көптеген лидерлер батыстық типке сай келеді. Әлихан Бөкейханов бастаған қазақ саяси элитасы өз дәуірінде батыстық жүйені қолдағаны белгілі. Осы жағынан алғанда бұл да бір сабақтастық. Ал Мұстафа Шоқай бастаған саяси элита шығыстық тәртіпті қолдады. Сонда қазіргі Қазақстан жағдайында осы екеуінің де белгілері бар. Ел басы “Қазақстан - 2050” стратегиялық жолдауында шығыстың жасампаздығын игеруімізді алға қойғаны белгілі [6, 15 б.].

Қорыта айтқанда саяси партиялар мен өндіріс құрал-жабдықтарының иегері, ұйымдастырушы, саясаткер ретінде парламентарий қызметін орындаушы саяси жетекшілер лидерліктің батыстық типіне жақындайды. Бір сөзбен айтқанда, өтпелі дәуірдегі лидерлер өткен кезеңнің белгілерін сақтайды, сонымен бірге орасан зор модернизациялық қызметті жүзеге асырады. Қоғамның саяси жүйесін модернизациялау XX ғасырдың басында да жүзеге асқан, соған сай қазақ саяси элитасы мен саяси процесс лидерлері халықтың саяси сана – сезімін ояту жолында көптеген істерді жүзеге асырды. Біздің жағдайымызда да қазіргі қазақ элиталары мен саяси лидерлері ұлттық рухымызды жандандыру бағытында жұмыс жүргізуде.

Әдебиеттер тізімі

1. Сырин В. США: либерализм как историческая альтернатива социализму // Мировая экономика и международные отношения. 1991. № 7. –с. 54.
2. Huntington S. Political Order in Changing Societies. New Haven, 1970. P. 265.
3. Казахстанская политологическая энциклопедия. - Алматы: 1998.

4. Макиавелли Н. Мемлекет.
5. Тастенов А.Ж. Особенности политического лидерства в транзитных обществах. Казахстан-Спектр. 2003. № 4. С 67-71.
6. Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі даму стратегиясы.

ЕЖЕЛГІ ТҮРКІ СОЦИУМЫНДАҒЫ ӘЙЕЛ РӨЛІНІҢ МӘДЕНИ ЭПОСТАРДА КӨРІНІС ТАБУЫ

Телеуова Э.Д.,

тарих ғылымдарының кандидаты,

ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті

Абдрахманова Қ. А.

ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарих факультетінің 4-курс студенті

qymbatabdr@gmail.com

Алматы қ., Қазақстан

Андатпа: Мақалада "Манас" эпосындағы батыр қыздар бейнесінің архаикалық мотивтері терең талданып, олардың түркі-моңғол эпикалық дәстүрлерімен ортақ және ерекше жақтары анықталады. Баяндама түркі мәдениетінің "Қырық қыз" аңызының мазмұнын егжей-тегжейлі қарастырып, осы аңызда сипатталған жауынгер әйелдер бейнелерінің тарихи және мифологиялық негіздерін айқындайды. Аңыздың шынайылығы археологиялық олжалар мен тарихи деректер арқылы расталады. Зерттеу барысында амазонкалар туралы антикалық әдебиеттер мен "Қырық қыз" эпосындағы оқиғалар желісінің арасындағы мазмұндық және құрылымдық параллельдерге ерекше назар аударылған. Мақала эпикалық мұраларды гендерлік және тарихи-мәдени талдау тұрғысынан қарастыруға бағытталған.

Түйін сөздер: Манас эпосы, Қырық қыз аңызы, түркі эпосы, моңғол эпосы, батыр қыздар, жауынгер әйелдер, амазонкалар, архаикалық мотивтер, тарихи археология, мифология, гендерлік талдау, эпикалық сюжеттер.

Аннотация: В статье глубоко исследуются архаические мотивы образов героических девушек в эпосе "Манас", выявляются их общие и уникальные черты в сравнении с тюрко-монгольскими эпическими традициями. В работе подробно анализируется содержание легенды "Кырык кыз" в контексте тюркской культуры, определяются исторические и мифологические основы образов воительниц, представленных в этом эпосе. Достоверность легенды подтверждается археологическими находками и историческими источниками. Особое внимание уделено выявлению содержательных и структурных параллелей между сюжетами об амазонках, известными из античной литературы, и эпосом "Кырык кыз". Исследование направлено на гендерный и историко-культурный анализ эпических памятников.

Ключевые слова: Эпос Манас, легенда Кырык кыз, тюркский эпос, монгольский эпос, героические девушки, женщины-воительницы, амазонки, архаические мотивы, историческая археология, мифология, гендерный анализ, эпические сюжеты.

Abstract: The article delves into the archaic motifs of female warrior figures in the "Manas" epic, identifying their shared and unique features within the context of Turkic-Mongolian epic traditions, also provides a detailed analysis of the "Kyrk Kyz" legend as part of Turkic culture, uncovering the historical and mythological foundations of the female warrior images depicted in this epic. The authenticity of the legend is substantiated through archaeological findings and historical evidence. Particular attention is given to identifying narrative and structural parallels between the depictions of Amazons in ancient literature and the events described in the "Kyrk Kyz" epic. The research aims to conduct a gender-based and historical-cultural analysis of epic heritage.

Keywords: Manas epic, Kyrk Kyz legend, Turkic epic, Mongolian epic, female warriors, heroic women, Amazons, archaic motifs, historical archaeology, mythology, gender analysis, epic narratives.

Әр халықтың ежелгі дәуірден бері келе жатқан аңыздары бар. Әлемнің әр бұрышында кездесетін түркі халқы фольклордағы қаһармандық мотивтерімен танымал. Онда бір кездері көшпелі өмір салтын ұстанған және түркі халқының тарихи шығармалары дәлелдегендей, фольклор мен эпоста көрініс тапқан Отан үшін өз өмірін құрбан еткен әйелдер де, ерлер де бейнелері бар.

Дегенмен, Шығыс пен батыс халықтарының эпикалық шығармашылығында жауынгер бикешінің тұлғасы кеңінен ұсынылған. Орыс эпостарында оны поляк, грек мифтері мен Амазонка эпостарында, Оңтүстік славян халықтық эпикалық поэзиясындағы Гайдук қызы, түркітілдес аңыздарда "алп қыз" (Жауынгер-Бикеш) деп атайды. Жауынгер бикешінің бейнесі, белгілі бір ұлттық эпостарды зерттеген ғалымдардың бірауыздан пікірі бойынша, тұрмыстық қатынастардың жаңғырығы болып саналады [2, 33 б].

"Манас" эпосының батыры әйелдердің бейнелеріне тоқталайық. Сонымен, батыр бикеш Сайкал эпостың терең қабатында ерекше орын алады. Дастанның мазмұны матриархат кезінен басталуы оның әйел адамының өз жерін және өз тұқымын қалай қорғайтындығынан айқын көрінеді. Халық арасында "Бикеш Сайкал" архаикалық-батырлық эпосы бар. Бикеш-батырдың ежелгі мотиві түркі моңғол халықтарының, соның ішінде алтайлықтардың, шорттардың, хакастардың ауызша шығармаларында жиі кездеседі. Мысалы, "Алып-Манаш", "Алтын-Тана", "Алтын-арық" және т. б. эпостарында. Бұл әсіресе күйеу мен қалыңдық күшпен өлшенетін архаикалық эпостың негізін құрайтын батырдың үйлену эпизодтарында байқалады. Мәселен, "Манас" эпосындағы бұл мотивтер Сайкал Теиш ханның мерекесінде Манастың өзін атынан құлатқаны бейнеледі. Манас өз кезегінде онымен абайлап шайқасты, өйткені ер жігіт батыр қызды ұнатып қалған еді. Жыр бойынша Сайкал Манас пен оның отбасын ұятқа қалдырмас үшін батырды қайтадан ер-тоқымға қайта отырғызғаны атап өтіледі. Сайкал Қаныкей халқының анасынан кейін екінші әйелі болғысы келмеді, бірақ ол халықтың сенімдеріне негізделген өзге әңгімелерде басқа әлемде қайтыс болғаннан кейін батырдың әйелі болуға келісімін бергені айтылады. Эпостың мазмұнында батырлық, адамгершілік және әйелдік қасиеттерді сіңірген Бикеш Сайкалдың бейнесі лайықты орын алды. Қырғыз фольклорында "Жаныл мырза", "Гүлғақтар" деген атпен бикеш-батырлардың батылдығын дәріштейтін эпостар кеңінен танымал. Батыр қыздарының бейнелерін жасау ежелгі қырғыздардың эпикалық мифологиялық шығармаларына және жалпы түркі халықтарына тән құбылыс.

Айта кету керек, полигамия Шығыс халықтарының эпостарында жиі кездеседі. Мұнда мысал ретінде "дала Иллиадасы" деп бағаланатын "Гэсер" бурят эпосын келтіруге болады, оның үш таңғажайып әйелі болған делінеді. Оның бірінші әйелі Тұман Жарғалаттары; екіншісі - Урмай-Гохон-Саган темір құстың бағалауы бойынша тендесі жоқ сұлулыққа ие; үшінші әйелі Алма-Мерген – теңіз патшасының қызы. Сонымен қатар, эпостағы әр әйелдің өз рөлі бар. Әсіресе Алма-Мерген күйеуіне әскери істерді жүргізуге және өз халқын құтқару жөніндегі ұлы миссиясын орындауға белсенді көмектеседі.

Қырғыз эпосында Манастың алғашқы екі әйелі батырдың өмірінде пассивті әрекет етеді. Олар батыр қайтыс болғаннан кейін де жаулардың әйелі болуға өз келісімін беруге дайын болды. Алайда, бұл эпизодтар эпосқа сәл кейінірек енген болуы мүмкін. Ал, өзінен бұрынғыларға қарама-қайшылық принципі бойынша пайда болған және идиализацияланған Қаныкей бейнесі мүлдем басқаша көрінеді. С. Қаралаев өз зерттеулерінде Қаныкейдің қамқорлығы, сезімталдығы, жауаптылығы, мейірімділігі, түсінушілігі және басқа да қасиеттерін талдайтын болса, С.Орозбаков нұсқасындағы Қаныкей Манас пен Бақай батырлары оны Құмайық күшігімен алты ай бойы қалай бағып, өсіретінін зерделеп, қалыңдыққа тапсырылған сынақты сәтті алып шыққандығын айқындайды. Жалпы, мұнда біз Қаныкейдің ұлттық дәстүрлерді қалай шебер ұстанатындығын байқаймыз. Ол халықтық

әдет-ғұрыптарды жақсы білетін ақылды, инабатты әйел ретінде бейнеленеді, бұл үйленген қыздың құрметіне киіз үй орнату рәсімінде орынды көрінеді. Осыған сәйкес, біз оның көрегендігін, сезімталдығын, адамдармен сөйлесу және кез-келген жағдайда жол табу қабілетін толық қабылдай аламыз [3].

Қарастырылып отырған эпизод бойынша фольклортанушы Реми Дордунның Памирде жазған "Манас" эпосының үзіндісінен оқыған пікірі қызығушылық тудырады. Зерттеуші Манастың қалыңдығымен кездесуі В.В. Радловтың материалдарымен сәйкес келетінін және мұндай көрініс қырғыздың "Эр Тештук" эпосында, Тештук Бактермен кездескен кезде де бар екенін атап өтті.

Неке кезінде болашақ әйелімен ер адамның батырлық күштерін өлшеу дәстүрі ежелгі эпикалық мотивтерге жатады. Олар басқа халықтардың эпостарында да кең таралған. Мәселен, "Алтын арық" хакас эпосында ер батыр өзінің қалыңдығы Хыс ханмен соғысады, бірақ жекпе-жек нәтижесінде жеңімпаз анықталмайды, олар тең дәрежеде күресетіндігі атап өтіледі [1].

Қырғыз эпосында Манас богатырь С. Орозбаковтың нұсқасына сәйкес эпоста Манас Қайыпданның бикеш Қараберк қызын жеңіп, оған үйленеді. Ал Қаныкей өзінің күшімен, дана сезімталдығымен, Манасқа деген адалдығымен Манастың ең жақсы жауынгерлерімен теңеседі, ол ең қиын сәттерде оған сүйенеді.

И. В. Пухов пікірі бойынша: "егер ежелгі эпостың генетикалық ортақтығы өзара әсердің нәтижесі болса немесе бөлінген өткендегі бірлескен шығармашылықтың бұрынғы ортақ доменінің дамуы болса, онда типологиялық ұқсастық ұқсас өмірлік жағдайларда ұқсас шығармашылық ізденіс ретінде пайда болуы мүмкін ", Манастың өзінің қалыңдығы Бикеш Сайқалмен күресінің эпизодтары немесе оның алғашқы кездесуінде алған жарақаты батырлық неке сюжеттерінде қамтылған Қаныкеймен бірге "Манас" эпосында ғана емес, басқа түркі-моңғол халықтарының эпикалық шығармаларында кездесетін типологиялық архаикалық мотивтер ұсынылған. Олар дәстүрлі сюжеттік мотивтердің негізгі ежелгі элементтерінің бірі болып саналады, олар ұқсас өмір сүру жағдайларынан туындады және бұл уақыт өте келе баяндаушылармен толықтырылған, қазірдің өзінде үлкен сюжеттік формаға ие болған архаикалық мотивтердің бастапқы формасын көрсетеді.

"Манас" эпосындағы тағы бір батыр қыз - қарт Қайыптың қызы Құялы. "Сейтек" тарауында Сейтектің ұлы алып мифтік кейіпкер Сарыбаймен шайқасы сипатталған. Сарыбай - халықты қорлайтын теріс кейіпкер. Ұйықтап жатқан алпауыт Сарыбайға алпауыт ол найзасын батырады, бірақ найза Сарыбайдың денесіне енбейді, бұл оның мифтік-ертегілік шығу тегін айқындайды. Эпостың одан әрі эволюциясында бұл кейіпкерді қайта өлімге жығуы байқалып, оны өлтіру үшін Семетейдің әйелі Айчурек ақ аққуға айналады. Ол Құялы бикешіне ұшып, оның көмегімен жоспарды жүзеге асыруды ұсынады.

Құялы эпоста физикалық күштен басқа сиқырлы күшке ие бикеш батыр. Ол қарт Қайып өсірген өрісте таңқаларлық түрде пайда болды. Сайқал бейнесіндегі сияқты, Құялы бейнесінде де аналық асыл тұқым белгілері сақталған. Ол сондай-ақ "Нибелунг әндері" фильміндегі Брюнхильда секілді өзін мықты, батыл, қаруды шебер меңгерген жауынгер ретінде көрсетеді. Өз уақытында Семетей Құялыға үйлене алмай, Сарыбайдың жойылуына байланысты қолайлы жағдайды пайдаланып, жасына қарамастан, Семетейдің ұлы Сейтектің әйелі болуға шарт қойды. Дана Айчурек, отбасында бейбітшілікті сақтау үшін, бұл шартты қабылдайды. Құялының бейнесі -"Манас" эпосын қалыптастырудың ұзақ процесінде манасшы-ертегішілердің бейнелеген әділ батырдың ежелгі бейнесі деп бағалауға болады.

Эпосты зерделеу кезінде Канга халқының ханшайымы және өз әскері бар батыр Оронгу әйелінің теріс бейнесі де қызығушылық тудырады. Оның сипаттамасында гротеск элементтері қолданылады. Ол Көкетайға садақа беру кезінде түйені босату ашкөздігінің арқасында ханшаның мәртебесіне сәйкес келмейтін өзінің әдепсіздігімен ерекшеленді.

Қорытындылай келе, "Манас" эпосының батыр қыздарының бейнелері шығармадағы басты тақырыптардың бірі ретінде бағаланады. Мақаланы жазу тұсында эпикалық жанр аясында тек батыр қыздарының жекелеген архаикалық бейнелеріне тоқталдық.

Түркі халқының фольклорының негізін ұлт сенімдері құрайды. Түріктерде, әдетте, шаманизм мен тенгризм сияқты исламға дейінгі нанымдар болғаны белгілі [4, 15 б.]. Түріктер ислам дінін қабылдағанына қарамастан, олар өздерінің кейбір ескі нанымдарын исламмен біріктіруді жалғастырды. Сонымен, олар сандарға тән құндылықты мойындады. Мысалы, түркі халықтарында "3", "7", "40" сандарына ерекше мән берілді, әртүрлі дәстүрлер олармен байланысты болды. Қазіргі түркі халықтарында аталған сандар-өлгендерді еске алу күндерімен байланысты. Бұл сандарға мән беру, әдетте, исламға дейінгі түркі қоғамында кең таралған шамандық сенімнің қалдығы болып саналады. "Қырық" саны [39, 85-97 б.] түркі эпосында, сондай-ақ түркі халықтарының исламға дейінгі дәстүрлерінде жиі айтылады. Мысалы, түріктерде "Kırk (қырық)", "Yağ Kırk (қырықтың жартысы)", "Kırklı (қырық)", "Kırk Çıkarma (қырықтың шығуы)", "Kırklamak (қырық)" тіркестері бар, оларда 40 санына назар баланың туылуы немесе жақын адамдардың қайтыс болуы сияқты оқиғаларға, яғни аза тұту мен мерекені белгілеуге түседі. Бұл сандарға қатысты қалыптасқан дәстүрлер исламмен бірге жалғасты. Көптеген шығармаларда тарихи оқиғалар, сондай-ақ ерекше күндер осы сандармен байланысты, олардың басты саны "Kırk (қырық)". "Kırk Hadis (қырық хадис)", "Kırk Yasin (қырық Ясин)", "Kırk Kere (қырық рет) "немесе" Kırk bir kere Maşallah (қырық бір рет Маша Алла) " сияқты мысалдардан сандар ислам дінінде сияқты сенім философиясында қалыптасқанын көруге болады. Жалпы, "қырық" саны Адам Пайғамбарды саздан илеу, сондай-ақ Мұхаммед Пайғамбарға қырық күн ішінде алғашқы Аянды беру сияқты оқиғалардан бастау алады [18, 73 б.].

"Қырық" саны түркі халқының тарихи нысандарында, мысалы, Түркия қалаларында көрінеді. Мәселен, Эрзурумда "Kırk Çeşme Namamı (қырық кілт моншасы)", Манисада – "Kırkağaç (қырық ағаш)", Диярбакырда – "Kırklar Dağı (қырық тауы)", Йозгаттың Соргун ауданында - " Kırklar Tepesi (қырық төбе)", Кайсериде - " Kırk Kızlar Türbesi (қырық қыздың қабірі)". Түркі халықтарының тарихындағы тағы бір маңызды факт-олар өмір сүрген әлемнің әр түкпірінде қасиетті деп саналатын кез-келген жердің атауында "Kırk Kızlar (Қырық қыз)" өрнегі кездеседі. Кейбіреулер Түркияның территориясында орналасқан, мысалы, Йозгаттың Соргун ауданындағы төбеде " Kırk Kızlar Mezarlığı (Қырық қыз зираты)", Гира сунада – "Kırk Kızlar Tepesi (Қырық қыз төбесі)", Бурсада – "Kırk Kızlar Türbesi (Қырық қыздың қабірі)". Бұл нысандар керемет аңыздармен байланысты, сондықтан бұл жерлерге келушілер тілек білдіріп, ағаш бұтақтарына мата бөліктерін байлауы бүгінгі күнге дейін жалғасып келе жатқан дәстүрге айналды.

"Қырық қыз" аңызы ұрпақтан-ұрпаққа әр түрлі жолмен жеткізілді және оған негізделген оқиғалар әр түрлі кейіпкерлерді қамтуы және әр түрлі аймақтарда айтылуы мүмкін. Алайда, бұл аңыздардың ортақ белгілері бар - бұл қыздардың саны, атап айтқанда "қырық" және олардың ар-намысты қорғап, өз өмірін құрбан ететіндігі. Мысалы, Малатияда (Түркия) кең таралған "Şırşırı" аңызы Эскишехирдегі (Түркия) "Kırk Kız Dağı (Қырық қыз тауы)" аңызына ұқсас. Екі аңызға сәйкес, қыздар өз ар-намысын қорғау үшін: "О, Құдайым, мені тасқа немесе құсқа айналдыр", -деп тілеген [5, 191 б.]. Дәл осындай тағдырды Кеймен Тауында өрбіген "Kırk Kız Ata (Қырық қыздың әкесі)" аңызының кейіпкерлері де бастан өткерді. Олар сондай-ақ өздерін қарақшылардан қорғау үшін тасқа айналды. Риваяттарға сәйкес, Қожа Кеймен тауындағы қыздардың әрқайсысы әртүрлі істермен айналысқан сәтте тасқа айналды деп болжануда [6, 278-279 б.].

"Қырық қыз" аңызында сипатталған оқиғалардың дәлелі Оңтүстік Қазақстандағы Сайрам-Өгем ұлттық саябағында да табылды. "Қырық қыз қамалы" аңызына сәйкес, Явуз Хан өз сарбаздарымен бірге Өгем өзенінің аңғарындағы тұрғындарға шабуыл жасады. Осы қақтығыстың нәтижесінде шабуылдаушылар жеңіске жетті және өздерімен бірге ең әдемі қырық қызды тұтқындағысы келді. Олар кері кетуге дайындалып жатқан сәтінде, оларды қарттың артқы жағынан шыққан дауысы тоқтатты. Қария қырық қызды құтқаруды қалап, ханды көндіруге тырысты. Алайда, ол тек ашуланып, сарбаздарға оны өлтіруді бұйырған. Сарбаздар бұйрықты орындағысы келгенде, батыл қарт ата, содан кейін қырық қыз тасқа айналды. Сарбаздар танданыспен тұрып қалды, ал олардың ханы алдымен үрген итке, содан

кейін тасқа айналды. Сарбаздар одан да қорқып, барлық олжалар мен мүліктерді тастап, қашуға асықты. Барлық күш-жігерге қарамастан, олар қашу кезінде қара қарғаларға айналды.

Татарстандағы (Ресей) Биляр қаласында "Қырық қыз" аңызымен байланысты Қыз тауы бар. Бұл әңгімеде әртүрлі сандар мен кейіпкерлер туралы айтылады. Қазан татарлары арасында ең көп таралған нұсқалардың бірі моңғол шапқыншылығы кезеңдеріне жатады және ол келесілерді хабарлайды. Ол кезде әйелдерді тастап кеткен ер адамдар моңғолдармен соғысқа аттанып, қайта оралмады. Бақылаушы болған бір қыз моңғолдардың алыстан олардың аумағына жақындағанын көріп, бұл туралы барлығына хабарлауға аттанды. Мұндай жағдайды естігеннен кейін халық кеңесі балаларды қорғау керек деп шешті. Сондықтан Қырық қыз қаруланып, кенеттен моңғолдарға шабуыл жасауды жоспарлады. Осыны пайдаланып олар бұл кезде балалар мен отбасылар қауіпсіз жерге жеткізіледі деп ойластырылды. Бұл қырық қыз моңғолдардың көптеген әскерлеріне қарсы тұра алмайтындығына және бұл қарсыласу өлімге әкелетініне қарамастан, олардың барлығы отбасыларды құтқару үшін аса батылдықпен күресуге шешім қабылдады. Нәтижесінде бұл күресте қырық қыздың бәрі өлтірілді. Риваяттар бойынша, қырық қыз соңғы демін шығарған жерде, қазіргі уақытта Биляр қаласында орналасқан "Изге Чишме (қасиетті кілт)" деп аталатын бұлақ көзі ашылды [6].

Бұл риваяттың аналогтары басқа түркі халықтарында да кездеседі. Алайда, бұл аңыздар әртүрлі себептермен жазылмаған [8], сондықтан ауызша тарату процесінде айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Кейінгі ұрпақтар түпнұсқа нұсқасын әртүрлі толықтырулардан бөлуге тырысты. Мысалы, Қарақалпақ эпосы "Kırk Kız (Қырық қыз)" дәл осындай тағдырға тап болды.

Қарақалпақ эпосын Жиен Жырау Таған мен Құрбанбай Тәжібаев жазған. Бастапқыда бұл жұмыс екі данада болды, бүгінгі күні тек Қ. Тәжібаевтың жинағы сақталды. Бұл жинақ эпостың алғашқы экземпляры ретінде қабылданып, Қ.Тәжібаев қайтыс болғаннан кейін ғана қарақалпақ тілінде жарық көрді. Жарияланғаннан кейін ол орыс тіліне, содан кейін басқа тілдерге аударылып, кейіннен бүкіл әлемге таралды.

"Қырық қыз" эпикалық шығармасы қырық қыздың бірігіп, өз Отанын қалай қорғайтынына назар аудартады. Онда махаббат рухани болатындығы туралы айтылады. "Қырық қыз" атауы кейіпкерлердің санына байланысты берілді, алайда соғыс кезінде кейбір қыздар қаза тапқаны белгілі. Соған қарамастан, батыл қыздар қорықпай: "егер біз соғыстан кейін жетеуіміз қалсақ та, біз әлі де қырық қыз боламыз" деп мәлімдеді [9, 157]. Қыздардың бұл сөздері сандық мағынаның термин екендігінің көрсеткіші болып табылады. Осылайша, эпостың қаһарман қыздары серіктес бикештердің өліміне қарамастан, батылдықтың символына айналды, ал "қырық" ұғымы олардың бірлігін білдіру үшін қолданылады. Сонымен қатар, Қ. Айымбетовтың бағалауы бойынша, "қырық" сөзі бұрынғы уақытта әскери топтарды белгілеуде қолданылған, яғни "қырық қыз" сөзі әскерді білдіруі мүмкін.

Кеңес ғалымы С. Л. Толстов, "Қырық қыз" эпосында матриархаттық кезеңге шыққан батыр әйелдің рөлі ерекше екенін ескере отырып, бұл туындыны ежелгі өнер ескерткіштеріне жатқызуға болады деген қорытындыға келді [10, 16 б.].

Басқа ғалымдар бұл эпос жақында пайда болды деп санайды. Мысалы, Кеңес ғалымдары И.Т. Сагитов пен Л. И. Климович бұл шығарма XVII–XVIII ғасырларда жазылған деп мәлімдеді. Өз Отаны мен жақындарын қорғайтын қаһарман әйелдер көптеген тайпаларда және әр кезеңде кездеседі [6, 31 б.]. Демек, "Қырық қыз" эпосы - бұл бір ғасырға ғана қатысты емес, бүкіл халық туралы баяндалатын шығарма. Сонымен қатар, "Қырық қыз" эпосында амазонкалар туралы мотивтерді байқауға болады. Низами Мамедов "Қырық қыз" туралы айта отырып, "Амазонканың Қарақалпақ қыздары" деген тіркесті қолданды [11, 68 б.]. Яғни, "қырық қыз" амазонкалармен кейбір ұқсастықтарға ие, атап айтқанда олар да әскери өнерді меңгеруді өте маңызды деп санады [9, 14 б.].

Көптеген тарихи еңбектерде әйел жауынгерлерге сілтеме "амазонка" терминімен байланысты екенін байқауға болады. Егер тарихи өткенге көз жүгіртсек, амазонкалардың әйел тайпасы туралы аңыз тараған кезде, соғысуға қабілетті әйелді көбінесе амазонка деп аталған. Мысалы, ежелгі Римде гладиаторлар арасында әйелдер де болған. Гладиаторларға, оның

ішінде әйелдерге әртүрлі лақап аттар берілді. Олардың арасында Галикарнаста (Бодрум, Түркия) табылған мәрмәр бляшкаларда бейнеленген "Achillea (Ахилия)" және "Amazon (Амазон)" лақап аттары назар аудартады. Сонымен қатар, амазонкалар туралы жазылған шығармаларда 70-тен астам есім айтылып, олардың көпшілігінің түбірін toksis сөзі құрады. Осыған сүйене отырып, амазонка әйелдері скиф тайпаларының өкілдері деп болжауға болады [12, 243-244 б.]. Скифтердің шығу тегі туралы пікірталастар әлі де жалғасуда, бірақ скиф империясының халықтары әртүрлі (соның ішінде түркі) тілдерде сөйлейді деп саналады [20]. Сондай-ақ, Қазақстанда сақ кезеңіне жататын бірнеше алтын адам табылды. Ежелгі грек авторлары скифтер мен сақтар арасындағы ұқсастықтарды тапты, сондықтан оларды "Азия скифтері" деп атады. Олар б.з.д. VIII–IV ғасырларда Орта Азия мен Қазақстан аумағында өмір сүрген [8, 40 б.]. Бұл олжалардың жынысы мен басқа бөлшектері өздерінің құпиясын сақтайды. Дегенмен, кейбір зерттеушілер бірінші табылған әйел болды деп болжайды [8, 110-111 б.].

"Қырық қыз" шығармасында халықтың көшпелі өмір формасы туралы да айтылып өтіледі. Осы уақытқа дейін кейбір халықтарда, атап айтқанда туарегтерде, моңғолдарда, түркі халықтарында юрюрктер бастапқы дәстүрлері сақтап, оларды қазіргі заманға бейімдеп, осылайша көшпенділікті жалғастырған отбасылар бар.

Түркі халықтарының эпикалық шығармаларында, мысалы, ұйғырларда "Назугум", қырғыздарда "Джаныр Мырза" және "Манас", башқұрттарда "Зоя Тюлек", түркімендерде, әзірбайжандарда "Кероглу" және т.б., түркі әйелдері қаруды жақсы меңгерген және шебер аң аулаған ержүрек шабандоздар ретінде бейнеленген. Мұндай қаһарман әйел кейіпкерлері Шығыс славяндарының шығармаларында да кездеседі [13, 151-154 б.]. Сонымен қатар, Б.А. Рыбаков әйелдер жауынгерлері туралы әңгімелер түркі әлемінен бастау алады деп санайды. Кейінгі зерттеулерінде автор кейіпкерлердің өмір салты киммериялық сарматтар кезеңімен сәйкес келеді деген теорияны ұсынды [14, 589-596 б.].

Археологияда әйелдер жауынгер болды ма деген сұрақ әлі де талқылануда. Табылған қорғандардың кейбірі жойылғандықтан, қаңқасы табылған адамның жынысы тек жақын маңдағы заттармен анықталды. Қару-жарақ табылған қорғандардың көпшілігі автоматты түрде ерлердің жерленген жері, ал зергерлік бұйымдар болған жерде әйелдер деп саналды. Әйел қаңқасының жанынан табылған қару оның жоғарғы тапқа жатуының символы немесе тұмардың бір түрі болып саналды. Дегенмен, кейбір зерттеушілер әйелдердің ерлер сияқты күрескенін растайды, өйткені әйелдер қорғандарынан жебе ұштарынан басқа балталар немесе қылыштар табылды. Сонымен қатар, қару-жарақпен жерленген әйелдердің қаңқасын зерттеу нәтижесінде олардың керемет физикалық дайындығы бар екендігі анықталды және олар атты әскер садақшыларының рөлін орындады деп болжалды.

Демек, көшпелі қоғамдардың әйелдері, ерлер сияқты, өздерін де, отбасыларын да қорғау үшін әрқашан күресуге дайын болды деген қорытындыға келуге болады.

Егер біз әлемнің тарихын тұтастай талдайтын болсақ, онда әйелдерге әскери экспедицияларға, атап айтқанда Ресейге қатысуға рұқсат етілгені анық болады. Мәселен, 1787 жылы Қырымда "Амазонка ротасы" атты әйелдер армиясының бөлімшесі құрылды [7, 46-47 б.]. Соғыс кезінде әйелдердің майданда болуы да жаңалық емес еді. Мысалы, африкалық әйелдер армиясы "Мино" (XVII ғасырға дейін Дагомея Корольдігінің жеке күзетшісі болған) тәжірибелі армия ретінде француз колонизаторларына қарсы күресіп, тарихта өз ізін қалдырды. Бүгінгі таңда әйелдерге әскери қызмет Израиль, Солтүстік Азия, Малайзия, Перу, Эритрея, Бенин, Ливия, Тайвань, Норвегия сияқты елдерде міндетті болып табылады, ал Түркия, Ресей, Жаңа Зеландия, Қазақстан сияқты елдерде ерікті болып табылады.

Бүгінгі күні әйелдер әскери қызметпен бірге түрлі әлеуметтік іс-шараларға қатысады, мысалы, Түркияда "Uluslararası Altın Ok Geleneksel Türk Okçuluğu ve Atlı Savaş Sanatları Festivali" (дәстүрлі садақ ату және ат жекпе-жегі бойынша "Алтын садақ" халықаралық фестивалі). Үндістанда Gulabi Gang сияқты кейбір әйелдер топтары бар ("қызғылт топ" деп аударылады, әйелдерді еркектерден, соның ішінде зорлаушылардан қорғау мақсатында құрылған). Сонымен қатар, Амазонка туралы аңыз секілді, Исландияда Supershe аралы бар,

онда тек әйелдер ғана тұра алады.

Осылайша, біз сандар, негізінен, тарихи оқиғаларда символ ретінде көрінетінін көреміз. Сандар дінмен байланысты емес, бірақ олар уақыт өте келе сеніммен өз байланысын тауып, дәстүр мен фольклорда көріне бастады. Сонымен, тарихи маңыздылығы жағынан "қырық" басқа санға қарағанда ең құнды болып табылады, сондықтан біз оның әдебиетте жиі қолданылатынына куә боламыз.

Әдебиеттер тізімі

1. Алтын-Арыг. Хакасский героический эпос. - М.: Главная редакция восточной литературы, 1988.
2. Бекмухамедова Н.Х. Эволюция женских образов в эпосе "Манас." – Бишкек, 1997.
3. Манас. Эпос. С. Орозбак уулунун варианты: III китеп. — Фрунзе: Кыргызстан, 1981.
4. Пухов И.В. Героический эпос тюрко-монгольских народов в Сибири. Общность, сходства, различия. В кн.: Типология народного эпоса. – М.: Наука, 1975.
5. Gönen S. Türkçe kelimelerin efsane dünyasında anlamlandırılması ve çözümlenmesi // Selçuk Üniversitesi, Edebiyat Fakültesi Dergisi. – 2015.
6. Uygur C.V. Kırk Kız // Millî Folklor. – 1997.
7. Галиуллин Т. Кырык кыз турында риваят.:<http://www.madanizhomga.ru/tt/yazyly/item/1220-kyiryik-kyiz-turyinda-rivayat.html>
8. Акишев К.А. Курган Иссык: ритуал, искусство и социум // Сакская культура Сарыарки в контексте изучения этносоциокультурных процессов степной Евразии. Тезисы докладов круглого стола, посвященного 20-летию Независимости республики Казахстан. – Караганды, 2011.
9. Тарковский А.А. Повесть о прекрасной Гуляим, батыре Арыслане и сестре его Алтынай, о бае Алляре и пастухе Журине, о шахе Надире и хане Суртайше / Грав. на дереве и оформл. В.Носко. – М.: Детская литература, 1965.
10. Толстова Л.С. Использование фольклора при изучении этногенеза и этнокультурных связей народов // Фольклор и историческая этнография. – М.: Наука, 1983.
11. Мамедов Н. Каракалпакская литература. – Баку: Мутарджим, 2007.
12. Скрижинская М.В. Амазонки и Аримаспы в античной литературе и изображениях на памятниках искусства из Северного Причерноморья // Индоевропейское языкознание и классическая филология. 2004.
13. Чернышова Е.В. Трансформация образов дев-воительниц в тюркском и славянском фольклоре // Культура народов Причерноморья. – 2012.
14. Рыбаков Б.А. Язычество древних славян. – М.: Наука, 1994.
15. Алтын-Арыг. Хакасский героический эпос. - М.: Главная редакция восточной литературы, 1988.
16. Бекмухамедова Н.Х. Эволюция женских образов в эпосе "Манас." – Бишкек, 1997.
17. Дор Реми. Манас. Памирдеги узундусу. Жыйнакта: Кыргыздар. т.1. (Түзгөн К. Жусупов). – Бишкек, 1992.
18. Жамгырчиева Г.Т. Кыргыз эпосторундагы архаика-мифологиялык катмарлар. – Бишкек: Бийиктик, 2014.
19. Манас. Эпос. С. Орозбак уулунун варианты: III китеп. — Фрунзе: Кыргызстан, 1981.
20. Гуляев В.И. Там, где жили амазонки (о работах Потуданской археологической экспедиции на Среднем Дону (1993–1999)) // Донская археология. – 2000. – № 3–4.

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУГЕ ДАЯРЛАУДА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДЕОНТОЛОГИЯ ТУРАЛЫ ҰҒЫМ

Принбекова Д.Р.,

педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент,

Академик Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті

Шымкент қ., Қазақстан

Аннотация. В данной статье рассматривается понятие педагогическая деонтология в подготовке будущих учителей к народному воспитанию.

Abstract. This article discusses the concept of pedagogical deontology in preparation of future teachers of the national education.

XXI ғасырда білім мен ғылым саласында болып жатқан өзгерістер болашақ мамандар даярлауда жоғары мектептің алдына жаңа міндеттер қойып отыр. Осыған орай, бүгінгі әлеуметтік білім кеңістігіне сай бейімдеп білім беру, жалпы ғаламдық танымды, ойлауды дамыту, өзінше ғылыми тұжырым жасауға, олардың қажетіне қарай ғылым жетістігін сұрыптауға, студенттердің өзінің іс-әрекетінің субъектісі болуына мүмкіндік туғызу – кезек күттірмес мәселе. Осының бәрі ғылыми және практикалық негізінде жаңа маман даярлауға, соның ішінде болашақ педагог маман даярлауға, жаңа тактикалық және стратегиялық талаптар қояды.

Деонтология терминін алғаш рет адамгершілік теориясына қолдана отырып енгізген Джереми Бентам (1834) болды. Джереми Бентам ағылшын философы, заңгер, Лондон университетінің негізін қалаушылардың бірі болған. Ұйымдастырушы және экономист Бентам ғылымда утилитаризм теориясының жеке бағытын жасап шығарушы ретінде де танымал. Оның айтуы бойынша адамның кез келген қызметі адамдарға беретін пайдасы жағынан бағалануы тиіс. 21 жасында Бентам өлгеннен кейін өзінің денесін анатомиялық тәжірибелер жасауға ұсынып, ал тек қаңқасы қалғанда киімін кигізіп, басын кептіріп, көрінетін жерге қою туралы келісім-хат жазып қалдырған, яғни барлығына әрбір адам өмірінде өлгеннен кейін де пайда келтіруі қажет дегенді еске салғысы келді. Бентам өзінің концепциясын «деонтология» деп атады. Бірақ деонтологияның адамгершіліктік парыз ілімі ретінде «таркөлемді» болып қалды, этикада деонтология түсінігінің де қажеттілігі шамалы болды. Этика саласындағы сөздіктерде жойылып барып, «құпия» тіршілік ете отырып, деонтология деп аталатын ерекше ғылымның идеясы жоғалған жоқ. Деонтологияның «құпия» кезеңі көп жылдарға созылып, соңында әлеуметтік тәжірибенің әртүрлі салаларындағы негізгі ғылым тарауы болып жарыққа шықты. Яғни, деонтология – этикалық теорияның тарауы, онда моральдық талаптар мен ережелер, мәселелер және әлеуметтік қажеттіліктердің адамгершілік формасына тән ерекшелік ретіндегі жалпы борыштылық мәселелері қарастарылады. Осының бәрін қорыта келе, деонтологияны – парыздың моральдық талаптар мен ережелердің және әлеуметтік қажеттіліктің адамгершілікке тән біліну түрі ретінде жалпы міндеттенудің мәселелерін қарастыратын этикалық теорияның бөлігі деп қарастыруға болады.

Деонтология түсінігіне мынадай түсініктер беріледі: - «Орыс тіліне енген, түбірінің мағынасын білдіретін, 25000 шет ел сөздеріне түсіндірме» сөздігінде деонтология (грек тілінен deon, ontos – парыз. парыздылық; logos – ілім, сөз) – бұл мораль, адамгершілік туралы ілім; - «орыс тіліне енген шетелдік сөздер» сөздігінде деонтология «адамның құқықтары мен міндеттері, адамгершілігі туралы ілім»; - «Этика сөздігінде» деонтология (грек тілінен deon – парыз және logos – ілім, парыз туралы ілім) – (алдын ала жазылған адамгершілік талаптарын көрсететін) парыз бен парыздылық мәселелері қарастырылатын этика тарауы болып табылады. Деонтологияның ғылым ретінде дамуы оның салаларының пайда болып, жетілуіне әсер етті. Қазіргі уақытта деонтологияның салалары әртүрлі. Соларға қысқаша тоқталсақ: - педагогикалық деонтология, медициналық деонтология, психологиялық деонтология,

элеуметтік деонтология, заңгерлік деонтология, журналистік деонтология. Жоғарыда аталған деонтология салаларының ішінде біз қарастыратынымыз педагогикалық деонтология. Осы анықтамалармен қатар, еңбекте педагогикалық деонтологияның пәні, қызметі, міндеттері мен принциптері анықталған. Педагогикалық деонтология пәні – мұғалімнің кәсіби мінез-құлығын анықтайтын жиынтықтағы адамгершіліктік ережелер жүйесін тәжірибелік қызметінде меңгеру және басшылыққа алу үдерісін зерттеу болып табылады, ал мұғалім мінез-құлқы тек элеуметтік ережелерді (мораль ережелерін, салт-тәстүр ережелерін, құқық ережелерін) білумен ғана шектелмейді, сонымен қатар, оның осы элеуметтік ережелерге, бұл ережелермен қорғалатын кәсіби құндылықтарға (құқықтық, этикалық, эстетикалық) қатынасымен де анықталады. Мұғалімнің мінез-құлқы кәсіби ойлау мәдениеті, өзінің еңбегін ғылыми негізде ұйымдастыру біліктілігі, қарым-қатынас шеберлігі, өзінің кәсіби тәжірибесін бағалап, жетілдіруі, дұрыс шешім қабылдай алуы, ұжымда жағымды психологиялық орта жасай білу қабілетінің болуы және т.б. қасиеттерімен көрінеді. Педагогикалық деонтологияның міндеттері мұғалімнің кәсіби парызы мағынасын ашу, кәсіби қызметінің нәтижесі үшін жауапкершілігі, оқушылармен, ата-аналармен, коллегалармен қарым-қатынас үдерісінде қойылатын талаптар ережелерінің жүйесін анықтау ғана емес, сонымен бірге тәжірибелік қызметте оларды іске асырудың шарттарын анықтау да болып табылады. Педагогикалық деонтологияның міндеттеріне мұғалімнің кәсіби мінез-құлықтық алғышарттары мен кәсіби қызмет барысында жанжалдық жағдайларды, жағымсыз факторларды шеттетуге әдістерін зерттеу, педагогтардың жалған білімдерін болдырмау, моральды және кәсіби-мағыналы қарым-қатынастарды түсінуді белсендіру және қызығушылығын тудыру бағытын анықтау, жеке тұлғаның деонтологиялық қасиеттерін тәрбиелеу, мұғалімнің кәсіби қызмет ережелерінің мағынасы мен алатын орнын анықтау, педагогикалық мамандық қажеттігін көтеру де жатады. Педагогикалық деонтология кез келген ғылым секілді, белгілі бір қызметтерді атқарады. Ол қызметтер: - мұғалімнің кәсіби парызының мағынасын, оның деонтологиялық дайындығын, деонтологиялық қасиеттерін тәрбиелеуді және т.б. зерттейтін ғылыми-теориялық; - мұғалімнің санасының моральды және мінез-құлықтық тұрақты ережелері ретінде құндылықтарының қалыптасуы мен зерттелуіндегі аксиологиялық қызмет; - мұғалімнің кәсіби парызын іске асырудағы, педагогикалық үдеріске қатысушылармен қарым-қатынас барысында жағымды моральды-психологиялық климат түзудегі, тәрбиеленушілердің дұрыс дамуы мақсатында физикалық және психикалық денсаулығына зиян келтірмей, жүргізілетін жұмыстардың әдістері мен түрлерін таңдаудағы конструктивті-техникалық қызмет;- педагогикалық деонтология және оның жекеленген бағыттары дамуының болашағын зерттейтін прогностикалық қызмет. Педагогикалық деонтология қағидалары– бұл мұғалімнің кәсіби қызметіне қойылатын бастапқы талаптар, олар қарым-қатынастың әртүрлі жүйелерінде оның мінез-құлқына элеуметтік бағыт беру қызметін атқарады. Педагогикалық деонтологияның келесі принциптері анықталған: 1) тәрбиеленушінің табиғатына сай, дұрыс дамуына әсер ету принципі, бұл жағдайда мұғалім өзінің деңгейін үнемі жетілдіріп отыруы, әрбір оқушының психологиясын зерттеуі, дамыта оқыту идеяларын іске асыру қабілеттерін үздіксіз арттырып отыруы қажет; 2) адалдық принципі, яғни мұғалім оқу-тәрбие үдерісінің әрбір қатысушысын адал бағалауында; 3) оқушыға физиологиялық және психикалық денсаулығына зиянын тигізбей, жағымды әсер ету. Қазіргі жағдайда ұлттық тәлім-тәрбие беру өзекті мәселелердің біріне айналуда. Себебі, еліміздің өркениеті мен эконмикасын тұрақтандыру, патриоттық сезімін арттыру жолында ұлттық тәрбие көздерімен сусындата білім беру қажеттігі де туындап отыр. Осы мәселені іске асыру үшін болашағымыздың рухани дамуын дұрыс жолға қоя білуіміз керек.

Әдебиеттер тізімі

1. Левитан К. М. Педагогическая деонтология; Екатеринбург, 1999.– С. 8-
2. Наурызбаев Ж. Ұлттық мектептің ұлы мұраты (оқушыларға мәдени-эстетикалық білім беру). – Алматы : Ана тілі, 1995. – 192 б.

3. Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасы. – Алматы : Санат, 2001. – 320 б.
4. Сластенин В. А. Формирование социально-активной личности учителя
5. Советская педагогика. – 1981. – С. 78-85.
6. Қалиұлы С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. Алматы, Білім, 2003.44б.

ӘӨЖ 93/99 (574)

ҰЛТ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ТӘРБИЕ

Салқынбек Д.И.,

Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ-нің профессоры
salkynbek.dosaly@mail.ru

Жұман С. Ә.,

тарих ғылымдарының кандидаты, доцент,
Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті
Алматы қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада ерлікке, тәлім-тәрбиеге толы халқымыздың тарихына шолу жасала отырып, оның бүгінгі күнгі жастарымызда патриоттыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеудегі орны мен маңызы нақты тарихи деректер негізінде ашып көрсетіледі. Сақтар, Ғұндар дәуіріндегі Мөде шаньюдің және Шырақ батырдың ерліктері, Күлтегін, Тоныкөк жырларының патриоттық мазмұны, Қазақ жырауларының ерлікке толы үндеулері, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы батырларымыздың патриоттық үлгісі жан-жақты ашылған.

Түйін сөздер: Бабалар аманаты, тарих тағылымы, ұлттық өнеге, ерлік, патриоттық, отансүйгіштік

Аннотация. В статье рассматривается роль и значение изучения отечественной истории в патриотическом и нравственном воспитании современной молодежи. Отечественная история воспитывает у людей чувство любви к Родине, идею сознания гражданской ответственности за судьбу отечества, выражающуюся в стремлении служить ради своего народа, защиты и интересов. Патриотизм сплачивает соотечественников перед лицом внешнего врага – чужеземных захватчиков, а также объединяет прогрессивные классы и социальные слои в борьбе с внутренними угнетателями, являющимися худшими врагами Родины, за процветание Отечества, за свободу народа, прогресса и культуру. Благодаря героическому патриотизму казахский народ приобрел огромную территорию и сумел ее передать из поколения в поколение. В этом деле большое значение имеет качественное преподавание истории казахского народа.

Ключевые слова: Наследие предков, историческое воспитание, национальное преемственность, отвага, патриотизм, любовь к родине.

Abstract. The article discusses the role and importance of the study of national history in a patriotic and moral education of the young people. National history educates people to feel love for the motherland, the idea of consciousness civil responsibility for the fate of the fatherland that expressed in the desire to serve for the sake of this people and the protection of this interests. Patriotism rallies compatriots in the face of an external enemy, and combines progressive classes and social layers in the fight against domestic oppressors, which are the worst enemies of the motherland, for the prosperity of the Motherland. Quality of teaching history of the Kazakh people is very important in this fact.

Key words: heritage, history, national continuity, courage, patriotism, love of country.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы жылы наурыз айында Атырауда өткен ұлттық құрылтайда мемлекетіміздің идеологиясына темір қазық болатын негізгі құндылықтарға тоқталып өтті. Солардың ең алғашқысы – тәуелсіздік және отаншылдық құндылықтары. Мемлекет басшысы атап өткендей патриотизмнің тағы бір шарты тарихқа құрмет және болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілікті сезіну. Осы орайда патриотизмнің қалыптасуына және оның санада берік орнығуына білім беру салаларының ықпалы аса зор екенін атап өтуге тиіспіз. Бүгінгі таңда біздің алдымызда тұрған ауқымды жұмыстардың бірі – жастар арасында тарихи сананы қалыптастыру маңызды шара болып отыр.

Бүгінгі жоғарғы оқу орындарының студенттеріне Қазақстан тарихы пәнін оқытудағы негізгі мақсаттардың бірі – тарихи білім мен тәрбиені тығыз ұштастыру. Біздің ата-бабаларымыздың тарихының жарқын беттерінен тәлім-тәрбие аларлық, отан қорғаушыларды патриоттыққа тәрбиелеуде үлгі берерлік айтулы оқиғалар мен іс-әрекеттер жеткілікті. Әсіресе, олардың әскери-саяси тарихы ерекше ден қоярлық.

Мәселен, сонау көне дәуірдегі Ғұн тайпаларының басын біріктіріп, көрші Қытайлардың шабуылдарына тойтарыс берумен қатар, оларды өздеріне алым-салық төлеуге мәжбүр еткен Мөде шаньюдің мына әрекетін еске түсірейікші! Мөде шаньюге: «Дун-ху елші жіберіп, бұрынғы әкесінен қалған мыңлилік сайгүлікті(күніне мың шақырым жерге шабатын ат) қаламақ ниеттің барын білдіреді. Мөде ақсүйек бектерді шақырып алып, кеңес құрады. Ақсүйектер оған «Мыңлилік тұлпар ғұндардың қазынасы ғой, беруге болмайды» дейді. Оларға Мөде: «көрші тұрған жұрттан бір жылқыны аяған болмас» дейді де, мыңлилік сайгүлікті беріп жібереді. Арада біраз уақыт өткен соң Дун-ху Мөдені өзінен қаймығады деп ойлап, тағы да елші жібереді. Бұл жолы одан ханымдарың біреуіне көңілі құлағанын білдіріп, Яньжиді атап сұрайды. Мөде өз төңірегіндегі жақын жүргендердің ақыл-кеңесіне тағы да жүгінеді. Төңірегіндегілер: «Дун-ху ұятсыз адам екен, Яньжиді сұрауын қарашы,-деп таңғалысып, - оған соғыс жариялау керек, деп кеңес береді. Мөде бұл уәжге «көрші тұрған кісілерден бір әйелді аяп қажеті не?» деп сүйікті Яньжиін Дун-хуға беріп жібереді. Әкім Дун-худың айтқаны екі болмай, әбден кердең кетеді. Ғұндардың иелігінде Дун-худан батысқа қарай кең жатқан мың лидер бос жер бар еді. Онда тек шекара бойлай екі жақта тұратын қарауыл күзет ғана болатын. Дун-ху екі жақты шекара күзетінің арасында бос жатқан ғұндарға тиесілі, бірақ оларға қолайсыз жерлерді алғысы келетінін Мөдеге айту үшін елші аттандырады. Мөде бектерінен ақыл сұраса, олар: «бұл қолайсыздау жер ғой, беруге де, бермеуге де болады» дейді. Сонда Мөде терісіне сыймай: «жер дегенің мемлекеттің негізі оны қалайша басқаға беруге болады? Деп қатты ашуланды. Жерді беру керек деп ақыл айтқандардың бәрінің басын алады. Бұл оқиғаның соңы Мөденің әскерін жиып, жауға қарсы аттанумен, сөйтіп ұлтарактай жер болса да оны жауға бермей қорғап қалумен аяқталады. Атақты Мөденің: «жер халықтікі, ол бізге біздің ата-бабаларымыздан аманат ретінде бізге қалған, оны бізде келешек ұрпаққа аманат қылып қалдыру керек» деген аталы сөзі халық арасында күні бүгінге дейін айтылып келеді[1].

Мөде шаньюдің атымен байланысты бұл оқиғаның негізінде жер тарихы, ел тарихы жатыр. Отан қорғаушыларға берер бұл оқиғаның басты сабағы не? Басты сабақ біреу. Қасиетті жер ананың құндылығы, оны еш уақытта, ештеңемен айырбастауға болмайтынын түсіну, жердің бүгінгі күні де адамзаттың тіршілік көзі ретіндегі қасиетін түсініп, оның жолында мерт болғанша қорғау жатыр.

Ғұндардың әскери тарихына көз жүгіртіп қарасақ, олардан үлгі аларлық қасиеттердің бірі жауынгерлік даңқы жолы. Бүгінде Шыңғыс ханды ұлты қолбасшығы теңеп жүргендер оның соғыс тактикасындағы іс-әрекеттерді, әскерін ондықтарға, жүздіктерге, мыңдықтарға, түмендерге бөлу әдісін тікелей ғұндардан алғанын ескере бермейді. Көне дәуір тарихында үлгі аларлық бұндай тарихи оқиғалар аз емес. Сонау біздің заманымызға дейінгі алтыншы ғасырда Сақтар жеріне шабуыл жасаған Парсылардан өз елін қорғау мақсатында оларды алдап, сусыз шөлге алып кетіп, елін қорғаған, сол жолда өзі де мерт болған Шырақ есімді қарапайым сақ малшысының іс-әрекеті кімге де болса үлгі боларлық.

Тәуелсіз еліміздің жастарына патриоттық тәрбиенің айқын көрініс орта ғасырлардағы

өмір сүрген ата-бабаларымыз түріктердің әскери-тарихи жауынгерлік ерлік жолдарынан да көруге болады. VII-VIII ғасырлардың еншісі болып табылатын әрбір әрпі тасқа қашалып, жазылған Күлтегін, Тоныкөк, Білге қаған тарихи жырлары нағыз патриоттық тәрбиелік жырлар болып табылады. Күлтегін жырында: «Жиырма айқас жасады. Тәңірі жарылқағандықтан, елдігін әлсіретті, қағандығын қағансыратты, жауын бейбіт етті, тізеліне бүктірді, бастылыны еңкейтті» дейді[2,876.]. Осы Күлтегін жырындағы келтірілген үзінділердің өзінен VII-VIII ғасырдағы Түркі халқының қоғамдық-саяси өмірі, көрші мемлекеттермен қарым-қатынастары, жауласуы, соғысуы, мемлекеттігінен айырылуының себептері, әскери жорықтары және ерлік істерінен тарих үшін мол мәліметтер алумен қатар, бүгінге ұрпақ үшін тағылымы мол сабақ алып қорытынды шығаруға әбден болады. Тарихтың жас ұрпаққа берер мол тағлымын түсінген ұлт жанашырларының бастамасымен «Күлтегін» жырының көшірмесі арнайы жасалды. Астана қаласындағы Еуразия ұлттық университетінің файесіне әкелініп қойылды.

Тарихтан мәлім көне дәуірден он бесінші ғасырда отты қару шыққанға дейін әлемде соғыс өнерлерінде көшпенділерге тең келер ешкім болмады. Еділ патша бастаған Ғұндар Еуропаның төрінде атының шағын қақса, XIII ғасырда Шыңғыс хан және оның ұрпақтары басқарған көшпелілер әлемнің жартысына жуыған өздеріне бағындарды. Орта ғасырлардағы ата-бабаларымыздың түркілердің әскери тарихы танымдық тәрбиелік мәні зор. Өйткені, олардың әскери өнерінің дәрежесі жоғары деңгейде болды. Олар жөнінде деректер жазып қалдырған орта ғасырлық зерттеушілер, тарихшылар өз еңбектерінде қызықты да, тыңғылықта мәліметтер береді. Араб зерттеушісі Әл-Шахиз былай деп жазады: «Жер бетіндегі мекендеген қолбасшылары бар тайпалық бірлестігінің ішінде соғыс кезінде соққы бермей тынбайтын түркілерден өзге бірде-бір халық жоқ... Түркілер кек қууды, жалған жарамсақтықты, екі жүзділікті, жалақорлықты, достарына менмендікпен қарауды, көршілеріне паңдана тәкаппарлық танытуды белмейтін халық[3]. Яғни осы ғасырлардағы Түкіртердің бірлігі, қарулы күштерді тиімді ұйымдастыра білуі, мықты мемлекет құруға, сол арқылы дүниежүзілік тарихтың даму барысына ықпал етуіне мүмкіндік берді. Түркілер даланың ержүрек жауынгерлері ретінде қайыспас қайсар қаһармандығын танытты, ең жоғарғы қасиет деп бостандықты бағалады. Міне осындай адамның жоғары қасиеттері бүгінгі біздің жастарымызға айқын патриоттық тәрбиенің үлгісі емес пе?

Қоғамның қай дәуірінде болсын ұрпақ тәрбиесіне, отанды, жерді, қасиетті өз үйінің қазан ошағын қорғау мәселесіне ерекше маңыз берілген. Өзіміздің халқымызда ер бала, ес біле бастаған кезден бастап, атасы оған қару ұстауды, ер азамат батыр болуды үйретсе, әжесі рухани тәрбиеге аса мән беріп, өз елін қорғаған Алпамыс батыр, Қобыланды батыр сияқты жырларды миына құюмен болған. Қарапайым дала поэзиясы, жыраулар поэзиясы тұнып тұрған ерлік пен елдіктің жыры. Өйткені, жыраулар ел бірлігін, жерді қорғауды жырлады. Олардың өздері де қолдарына қару алып, жұртпен қатар жауға қарсы соғысты, қоғам өмірінің барлық саласына араласып отырды. Тарихтан белгілі XV ғасырда өмір сүрген Асан қайғы, Жәнібек ханның ақылшы кеңесшісі болса, XVIII ғасырда Бұқар жырау Абылай ханның кеңесшісі болып, ел бірлігінің ұйытқысы болған еді. Немесе XVII ғасырда өмір жүрген Жиембет жырау Есім ханның серігі, қолбасшысы болғаны тарихи оқиғалардан белгілі.

Жоңғар басшылығына қарсы күрес жырлары әсіресе Ақтамберді жырау(1675-1768), Үмбетей(1706-1778), Тәттіқара(XVIII ғасыр) шығармаларынан айқын көрінеді. Ақтамберді өз толғауларында жұртшылықты ерлікке үндейді, тайсалмай-шабуға жігерлендіреді. Бұл жыраулар өнернамасындағы отаншылдық, патриоттық сезімдер XVIII ғасырдағы қазақ поэзиясының бағыт-бағдарын, өзекті ойларын айқын танытады.

Ақтамберді жырау: Дұшпаннан көрген қорлығым

Сары су болды жүрекке.

Он жетіде құрсанып,

Қылыш ілдім білекке.

Жауға қарай аттандым

Жеткіз деп құдай тілекке! – деп он жеті жасында-ақ жауға қарсы аттанғанын, өр, өктем

сезіммен баяндайды. Ауыз әдебиеті жақсы дамыған халқымыз жалпы жыраулар поэмасына аса ден қойып, рухына деп алып өсті. Бүгінгі күні Алтайдан, Атырауға дейін созылған кең байтық территориямызды ата-бабамыз қалай қорғаған деп таң қалуымыз орынсыз.

Қазақ қоғамында тұрақты әскердің болмағаны белгілі жағдай. Қазақ хандығы қарулы күштерінің басым көпшілігі халық жасақтарынан құралды. Яғни қазақтар қарулы көшпенділер болды. Сыртқы жаудың шапқыншылығынан қорғануда және жорыққа аттануда соғысқа жарайтын әрбір ер азамат өздерінің тайпа көсемдері мен батырларына ілесіп майданға шығуға дайын болды. Жайшылықта қару-жарағын асынып, малын бағып, аңын аулап жүрген халық ел басына соғыс қаупі төнгенде бірлесіп қарулы қимыл жасады. Бұл жөнінде Орта Азия тарихшысы Рузбехан Исфакани былай деп жазады: «Өздеріне шабуыл жасаған кезде, бір ұлыс болып табылатын әрбір ру бір жерге орналасады да, дұшпанды өз отбасылары мен мүлкіне жолатау үшін сондайлық қызу қайратпен, батырлықпен өткір қылыштарын жұмсайды»[4]. Ата-бабаларымыз «Бірлік бар жерде – тірлік бар» деген қағиданы ел басына күн туған қиын шақтарда да есте ұстағанын жоғарыда тоқталған жазбалардан толық байқаймыз.

Қазақтың бүкіл философиялық одан арғы ақыл-ой, шешендік өнер және әділдіктің айнасы іспеттес жиынтығының көрінісі болған билердің патриоттық тәрбиедегі рөліне тоқталмай кету мүмкін емес. Бізге етене жақын белгілі билер Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билер өз жырында, даналық сөздерінде халықтың жағдайы туралы айтып, оның тағдырын ойлап алаңдайды, барлық тайпалар мен рулар қазақтарының топтасқандығы мен бірлігі қажет екенін атап көрсетіп, елде алауыздық пен өзара қырқыс тұтанса, Қазақ хандығына төнетін қауіптен сақтандырады. Және олардың шешендік сөздерінен батырлық пен елдік мүддені қорғауды да көреміз. Мәселен, Қаз дауысты Қазыбек би Абылай сұлтанды тұтқыннан босату мақсатында жоңғарлардың ханы Қалдан-Серенге тайсалмай былай деген еді:

«Сен – темір де, мен - көмір,
Еріткелі келгемін!
Екі еліктің баласын,
Теліткелі келгемін!
Егесетін ер шықса,
Иілткелі келгемін!
Қазақ, қалмақ баласы
Табысқалы келгемін!

Табысуға келмесең, тұрасатын жеріңді айт,
Сен – қабылан да, мен – арыстан,
Алысқалы келгемін!»

Қазақ қоғамында Отан қорғау, отанды қорғаушыларға құрмет көрсету деңгейі жоғары болғаны соншалық әскери іске қатысты ғұрып нормалары қазақ қоғамының заңдарында да көрініс тапты. «Жеті жарғы» заңы бойынша жыл сайын барлық сұлтандар, ру ақсақалдары жиналатын болған. Онда бәрі де халық жиналысына қару-жарағымен келуге тиіс болды. Бұл талаптың қатаң болғаны соншалық, құрылтай жиналасына қарусыз келген адамның дауыс беруге құқығы болмаған және барлық әдет-ғұрыпқа қарамай, жасы кішілер оған орын бермей отыра берген.

Отан қорғаушылар туралы айтқанда көне дәуір және орта ғасырлармен ғана шектелмеспіз. Арамызда әлі бар, көзі тірі ұлы отан соғысы ардагерлерінің ерлік істері қай жағынан болса да айтуға, үлгі алуға тұрарлық. Ұлы Отан соғысы кезінде 500-ден астап қазақстандыққа кеңес одағының батыры атағы берілді. Олардың қатарында шығыстың қос жұлдызы атанған М.Мәметова, Ә.Молдағұлова, Х.Доспанова жаудың пулеметін кеудесімен жапқан С.Баймағанбетов, А.Суханбаев, С.Оразалинов, жанып бара жатқан самолетін жаудың үстіне түсірген Б.Беисекбаев, Н.Әдбіров және тағы басқалар бар.

Тарих – әрбір халықтың өткен өмірі мен жүріп өткен жолының айнасы іспеттес, тәрбиелік мәні зор, жас ұрпаққа өте қажетті ғылым. Қоғамдық гуманитарлық ғылымдардың қай-қайсысының болсын бастау көзі, мәні мен мазмұны тарихта жатыр. Ұлт тарихын меңгермеген жас маманның дүниетанымы, ой-өрісі отансүйгіштік қасиеті оң қалыптасуы

мүмкін емес. Оның үстіне бүгінгі күні барлық жоғарғы оқу орындарында гуманитарлық ғылымдардың көшбасшысы болып, рухани білім берумен қатар тәуелсіз жас мемлекетіміздің ішкі, сыртқы саясатын, мемлекет басшысының халыққа арналған жолдауларының негізгі бағыттарын жас ұрпаққа жеткізіп отырған негізгі пән де Қазақстан тарихы.

Тарих халықтың жады. Рухани азат тәуілсіз елдің нағыз отыншылдарын тәрбиелемей тәуелсіздігіміз баянды болады деп айту қиын. Мемлекеттің тарихынан үстірт хабары бар ұрпақтан мәңгірттенуге бейім маман болады. Бұл жолдағы біздің ақылшымыз да жол көрсетуші көмекшіміз де отанымыздың тарихы. Кезінде отарлаушылардың халқымыздың тілі мен тарихын өшіруге барынша кіріскені бізге сабақ болуы тиіс.

Бұдан шығар қорытынды – Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алып дүниежүзілік адамзат көшіне жеке мемлекет ретінде қосылған бүгінгі күні халқымыздың рухани және патриоттық өмірінде Қазақстан тарихы пәнінің алар орны, атқарар қызметі өте салмақты болып табылады. Әсіресе, ұлттық тіл мен жер, еліміздің тәуелсіздігін насихаттау, қорғау, сана майданында бітеспес күрес жүргізу ісінде атқарып отырған қызметін ерекше айтуға болады. «Ел болам десең, бесігінді түзе» демекші, тәуелсіз ел боламыз десең тілің мен тарихыңды жадыңнан шығарма, құрметте және қастерлей біл.

Әдебиеттер тізімі

1. Бичурин Н.Я. Орта Азияны баяғы заманда мекендеген халықтар туралы мағлұматтар жинағы. М., 1950. I том. 47-48 б.б.
2. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. Алматы: Атамұра, 2005. – 336б.
3. Шағатай Ж. Рух. Түркістан. 2004ж. 17 мамыр
4. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Алматы: Атамұра, 1998. 2 том. 381б.

ТӘУЕКЕЛ ХАННЫҢ БИЛГІ ТҰСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ-ОРЫС ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАРЫ

Ж.Е. Жәппасов,

*тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор,
Халықаралық инженерлік-технологиялық университеті*

Н.А. Тасилова,

тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор,

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Алматы қ., Қазақстан

E-mail: zhappasov-74@mail.ru

E-mail: tasnaz@mail.ru

Аңдатпа. Бұл мақала "Тәуекел ханның қазақ мемлекеті мен орыс елі арасындағы дипломатиялық байланыстарды нығайтудағы рөлі" деген мақаланың жалғасы болып табылады. Өйткені, бірінші мақалада біз ортағасырларда тарих сахнасына көтерілген Қазақ хандығының билеушісі әйгілі Шығай ханның баласы - Тәуекел ханның тұсындағы мемлекеттің ішкі саяси жағдайының өзгеруі мен көрші жатқан орыс елімен байланысы мен саяси, дипломатиялық көрегендігін қарастырсақ, бұл мақалада Орыс еліндегі немере інісі Ораз Мұхаммед сұлтанның өмірі, оның еліне қайтару әрекеттері мен Мәуреннахрдағы Шайбанилерге қарсы "от қару" алу мәселесі де тарихи құжаттар негізінде талданып, қарастырылады. Әсіресе, Мәскеу мемлекетімен болған алғашқы ресми дипломатиялық байланыстардың тарихы, екі ел үшін маңызы көрсетіліп, XVI ғасырдың екінші жартысындағы орыс мемлекетімен дипломатиялық ресми қатынастарды шебер орнатқан, қазақ мемлекеттілігінің пайдасына шеше білген Тәуекел ханның сыртқы саясаты құжаттар негізінде

талданады.

Кілт сөздер: хандық, мемлекеттілік, саяси, халықаралық, байланыстар, дипломатия.

Аннотация. В статье автор рассматривает проблемы взаимоотношений между Казахским ханством и Русским государством в конце XVI в. Автор опираясь на источники, рассматривает историю дипломатических связей и военных сражений, исследует факты о Тауекел хане, о личных качествах как правителя, политика, дипломата, и единство казахского общества.

В сложных внешнеполитических ситуациях он показал выдающиеся дипломатические способности. Он воссоединил Казахское ханство, которое было разделено его предшественниками. Во время правления Тауекел хана Казахское ханство активно развивалось, в исторических документах того времени Тауекел хана называли «царем казахов и калмаков».

Он выдающийся государственный деятель Казахстана конца XVI в. В годы его царствования в пользу казахов завершилась многолетняя война с Бухарским ханством из-за Присырдарьинских городов. Именно при хане Тауекеле впервые была установлена официальная посольская связь с московским государством. Одной из главных причин тому была попытка освободить Ураз-Мухаммеда, удерживаемого в Москве. Тауекель сыграл в истории Казахстана выдающуюся роль, стоя у истоков зарождения дипломатических отношений между Казахским ханством и Русским государством.

Ключевые слова: ханства, государственность, истоки, политические, международные, связи, дипломатия.

Annotation: In the article, the author examines the problems of the relationship between the Kazakh Khanate and the Shaibanid dynasty of Mauerennakhr, the Iranian Safavids and the Russian state at the end of the 16th century. The author, relying on sources, considers the history of diplomatic relations and military battles, explores the facts about Tauekel Khan, about personal qualities as a ruler, diplomat, and unity of the Kazakh society.

In difficult foreign policy situations, he showed outstanding diplomatic skills. He reunited the Kazakh Khanate, which was divided by his predecessors. During the reign of Tauekel Khan, the Kazakh Khanate actively developed, in historical documents of that time Tauekel Khan was called "the king of the Kazakhs and Kalmaks".

During the reign of Tauekel Khan, historical changes occurred in the foreign policy of the Kazakh Khanate: the Kazakh Khanate established diplomatic and political relations with Moscow. Tauekel Khan managed to unite the fragmented Kazakh Khanate, Tashkent was included in the Kazakh Khanate for two hundred years, Fergana and the whole of Turkestan for some time, that is, settled agricultural areas on both banks of the Syr Darya, which previously belonged to the Shaibanids. He united the Kazakh people and made a great contribution to strengthening its statehood.

Keywords: khanates, statehood, sources, political, international, ties, diplomacy.

Кіріспе. XVI-XVIII ғғ. тәуелсіз Қазақ хандығының көрші мемлекеттермен, соның ішінде іргелес Мауреннахрдағы Шайбанилермен, Ноғай Ордасы, Ирандағы Сефевилер, Моғолстан, Аштарханилермен, Жоңғарлар мен орыс елімен жасаған әртүрлі қарым-қатынасын зерттеудің бүгінгі таңда маңызы зор.

XVI ғасырда Дешті Қыпшақ билеушілерінің Мауреннахрмен саяси қарым-қатынасында Сыр өңірінің Дешті Қыпшақ тайпалары үшін экономикалық, саяси-әкімшілік, діни-мәдени және әскери-стратегиялық мәні үлкен рөл атқарды. Қазақ хандығы құрылғаннан кейін Мауреннахрмен саяси қатынастың негізгі арқауына қазақ тайпаларының этникалық территориясын біріктіру міндеті де қосылды.

Бұл кезеңде Моғолстан мемлекетімен, Ноғай Ордасымен, Орыс елімен саяси, экономикалық, елшілік байланыстар орын алғандығы тарихи дерек көздерінде жазылған. Осы қарым-қатынастар Қазақ хандығының саяси тұрақтылығы мен мемлекет ретіндегі маңызын

нақты көрсетіп тұрғандай. Әсіресе, Шайбани әулетімен болған саяси қақтығыстар Қазақ хандығының Орыс елімен ресми дипломатиялық қатынастарға түсуіне түрткі болды. Осы ғасырда Моғолстан мемлекеті ыдырап, Шайбанилер әулеті өмір сүруін тоқтатып, Ноғай Ордасы екіге бөлініп, Көшім хандығы Орыс елінің қол астына өтті. Бұл халықаралық аренадағы үлкен өзгерістер екені даусыз. Алайда, сол мемлекеттердің тәжірибесі, қателігі мен ұстанымы тарихи сабақ болатыны хақ.

XVI-XVIII ғасырдың басындағы саяси өзгерістер, халықаралық қатынастардағы саяси ұстанымдардың өзгеруі, әрине, халықаралық байланыстарда да үлкен өзгерістерге алып келді. Осы өзгерістер мен саяси ұстанымдағы қателіктер Қазақ хандығының өз тәуелсіздігінен айырылып қалуының алғышартына айналды. Қазақ хандығы өз тәуелсіздігінен біржолата айырылып, Ресей империясының отарына айналды. Сондықтан, осы кезеңдердегі Қазақ хандығының халықаралық қатынастардағы ұстанымы, бағыттары мен кезеңдеріне тарихи бағасын беріп, жетістіктеріміз бен қателіктерімізді талдап, негізгі тұжырымдарға келу осы ғылыми мақаланың өзектілігін айқындай түседі.

Қазақ хандығы XVII ғасырдың екінші жартысында Хақназар, Шығай, Тәуекел хандардың тұсында қайта өрлеп, халықаралық аренада саяси күшке ие мемлекетке айналды. Бұл кезеңде Қазақ елі сыртқы саясатында бірнеше негізгі бағыттарды айқындап алды. Олар Орта Азиядағы Шайбани әулеті, батыстағы Көшім хандығын бағындырған Орыс елі және болатын.

Қазақ хандығының тарихында күшті мемлекет басшысы болып, сыртқы саясатын асқан шеберлікпен өз елінің мүддесі үшін жүзеге асырған Шығайдың ұлы Тәуекел ханның тарихта алатын орны мен жүргізген саясаты туралы бұдан бұрынғы мақаламызда қарастырған болатынбыз.

Тәуекел хан үшін Орыс елімен дипломатиялық байланыстарды орнату біріншіден, немере інісі, Ондан сұлтанның баласы Ораз Мұхаммед сұлтанды Қазақ хандығына қайтару болса, екінші бір мақсаты Шайбанилық Абдолла ханды жеңу үшін "от қару" алу болатын. Бұл мақсаттарға жету елінің сыртқы саясатында маңызды рөл атқаратынын Тәуекел хан жақсы түсінді.

Материалдар мен әдістер. Қазақ хандығы мен орыс елі арасындағы байланыстардың негізгі дерегі – "Казахско-русские отношения XVI-XVIII веках" 1- томы [Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках., 1961:743]. Қазақ ССР Ғылым Академиясының басшылығымен 1961 жылы жарық көрген құжаттар жинағы болып табылады. Бұл құжаттар жинағында 266 мұрағат құжаттары мен іс-қағаздардың жиырма төрті біз қарастырып отырған кезең дерегіне жатады. Жинақты құрастыру ісіне Ф.Н. Киреев, А.К. Алейникова, Г.Н. Семенюк және Т.Ж. Шойынбаевтар өз үлестерін қосты. Бұл құжаттар жинағында қазақ-орыс елдері арасындағы саяси, әскери, сауда-экономикалық, елшілік байланыстары туралы құнды мәліметтер сақталған.

XVI- XVII ғасырлардағы Қазақ хандығының тарихынан құнды мәліметтерді Қадырғали Жалайырдың „Жылнамалар жинағы” атты еңбегі береді. Бұл еңбек 1602 жылы Ресейде Хан - Кермен (Қасым хандығы) қаласында тәмәмдалған. 1600 жылы Қасым хандығының тағына Ораз Мұхаммедтің отыру құрметіне Қадырғали өзінің кітабын жазады. Бұл еңбекте орыс елінде, нақтырақ айтсақ Қасым хандығында хан болған Ораз Мұхаммед туралы, оның ата-тегі жайлы мәліметтер бар. Қадырғали Жалайыр Ораз Мұхаммедті жақсы білген адам болғандықтан, оның дерегін жоғары бағалау қажет [Қ.Жалайыр., 1997:128].

Сонымен қатар Сібір жылнамаларының дерек ретіндегі маңызы жоғары. Өйткені, XVI ғ. Орыс мемлекеті алдымен Қазан, Астраханьды басып алғаннан соң Сібірге көз тікті. Ал Сібір Қазақстанның солтүстік шекарасында орналасты. Сондықтан да Строгонов жылнамасы (XVII ғ. орта шені), С. Есиповтың „Сібір жылнамасы” (1687 ж.) және „Ремезов жылнамасы” (XVII ғ. аяғы – XVIII ғ. басы) Қазақ хандығының тарихы үшін, оның ішінде Сібір хандығы, орыс елі арасындағы қарым-қатынас тарихын зерттеу үшін құнды деректер болып табылады. Бұл жылнамаларды В.В. Вельяминов-Зернов өз еңбегінде пайдаланады. Сонымен қатар бұл жылнамаларды зерттеуші Ф. Шәмшидинова өзінің кандидаттық диссертациясында деректік

маңызын талдап көрсеткен болатын [Ф.М.Шамшиденова, 1997:122].

Сібір хандығының құрамында солтүстік Қазақстанның болғанын және онда көптеген қазақ тайпаларының өмір сүргенін ескеретін болсақ, онда Сібір хандығының тарихы қазақтардың тарихының құрамдас бір бөлігі екендігі анықталады.

Ресей империясының Сібір жеріне жасақтаған бірінші академиялық экспедициясының (1733-1743 жж.) мүшесі Г.Ф. Миллердің (1705-1783 жж.) «История Сибири» деген 1750 жылы жарық көрген еңбегі осы өңір туралы ең алғаш жазылған іргелі зерттеуі екендігін атап өту қажет. Бұл еңбекті Сібір тарихымен айналысқан зерттеушілердің барлығы дерлік пайдаланған. «История Сибири» еңбегінде XVI ғ. тарихи оқиғалары тізбектеліп, әсіресе Сібір билеушілері, Көшім хан, қарақшы Ермак, Мәскеудің казактар арқылы отарлау тарихы анық баяндалған. Онда осы кезеңдегі қазақ-орыс қатынастарының кейбір тұстарын ашуға көмектесетін фактілер де баршылық. Сібір тарихын зерттеген Г. Миллер Ораз Мұхаммедті Қазақ ордасының сұлтаны деп атаған. Бұл сұлтанның Қараша мырзамен бірігіп, Сібір қаласын билеген Сейдекке келіп қосылуы, оны едәуір күшейткенін баяндайды қажет [Г.Ф. Миллер, 1999:630.].

Мақаланың әдістемелік негізіне қоғамдық құбылыстардың дамуы мен өзгеруін нақты зерттеуді талап ететін сыни және тарихилық қағида негізге алынып отыр. Еңбекті жазуда қазіргі деректану саласы мамандары мен тарих бағытында зерттеулер жүргізіп жатқан ғалымдардың тарихи дәуірді кешенді зерттеу қажеттілігі туралы ғылыми тұжырымдарына баса көңіл аударылды. Зерттеу барысында ғылыми ізденістің жалпы даму-танымдық әдістерімен бірге тарих ғылымындағы нысандылық, жүйелілік, талдау, салыстырмалы-тарихи талдау, тарихи оқиғалардың дамуын хронологиямен қабыстыру тәсілдері басшылыққа алынды.

Кез келген екі елдің сыртқы саясатын қалыптастыруда ішкі және сыртқы объективтік, субъективтік факторлар шешуші және тұрақты роль атқарады, олардың арасындағы мүдделер тоғысуы немесе қайшы келу сипатын айқындау да шешуші маңызға ие. Бұл факторларды талдау арқылы мемлекеттердің арасындағы олардың мүдделерінің сақталу немесе бұзылу жолдары айқындалып, елдердің жеке-жеке мақсат-міндеттері анықталады.

Сонымен қатар, қазақ-орыс қатынастарына қатысты зерттеулерді талдау барысында тарих ғылымына тән және жалпы ғылыми методтар мен теориялар, тұрғылар мен қағидалар, концепциялар мен тәсілдер мүмкіндігінше кеңінен пайдаланылды.

Әдістері: Зерттеу жұмысында тарихи тұлғаны тарихи кезең шеңберінде кешенді түрде сипаттау, тарихи-салыстырмалы, деректанулық талдау, жинақтау, жүйелеу, тарихи-географиялық т.б. әдістер қолданылды.

Талқылау. XVI ғ. екінші жартысында Қазақ хандығы қайта өрлеп, өзінің территориясын нақтылап, халқының санын көбейтіп, көрші елдермен саяси-дипломатиялық байланыстарын ресми түрде жүргізе бастады. Осы кезеңде бір орталықтан басқарылып, күшейіп, өзінің шығысқа қатысты мәселесін жолға қойған Орыс елінің сыртқы саясатында отарлау үрдісі көрініс тапты. Мәскеу 1552 ж. Қазанды, 1556 ж. Астраханды жаулап алғаннан кейін, Сібірді отарлауға кірісті. Әрине, қазақ елі мен орыс мемлекетінің арасындағы шекара Сібір хандығы арқылы бөлініп жатқандықтан, Көшім хандығы деп аталған елді орыстардың түрлі айла-тәсілдермен жаулауы, отарлау тарихының кейбір тұстары Қазақстан тарихына да қатысы бар.

Тәукел ханның тұсында Қазақ хандығының халықаралық қатынастардағы рөлін көрсету үшін, ең алдымен сол кезеңдегі көрші елдердегі саяси жағдайдың өзгеруіне және оның қазақ халқына қаншалықты әсері болғанын талдап көрейік.

Қазақ хандығының көршісі Сібір хандығы болғандықтан, оның отарлану тарихы тікелей біздің тарихи дамуымызға өзінің әсерін тигізді.

Сібір хандығының тарихы мен Көшім ханның тарихтағы рөлін, Қазақстанды әскери казактар арқылы отарлау үдерісін зерттеген ғалым М.Ж.Әбдіров Орыс елінің ең алғаш рет Қазақстанды әскери казактармен отарлауы XVI ғ. екінші жартысында бастау алғандығын дәлелдейді [М.Ж. Абдиров, 1997:122]. Яғни, Сібірді басып алған әскери казактардың шығысқа қарай жылжуын ғылыми тұрғыда негіздеп береді.

Академик М.Қ. Қозыбаев «Жауды шаптым ту байлап» атты зерттеу еңбегінде «Сібір қандығы Жошы ұлысына қарады. Ол Қазан, Ноғай, Қазақ хандықтарына көрші орналасты. Бұл Тобыл, Ертіс өзендерінің бойы, Бараба, Құлынды даласы еді. Жазда Бараба мен Құлынды даласына қазақ, башқұрт, ноғай, татарлар жайлауға шықты, Бұхар, Хива өзбектерімен сауда жасады», - деген еді [М.Қозыбаев, 1992:272]. Академиктің «Ақтаңдақтар ақиқаты» атты еңбегінде де қазақ-орыс байланыстарының белгісіз болып келген тұстары дәлелді деректер негізінде зерделенеді. Онда башқұрт этнографы Р. Күзеевтің «Происхождение башкирского народа» еңбегіне сүйене отырып «Сібір елін жайлаған 100-ге жуық тайпалар қазақ, өзбек, қарақалпақ, башқұрт халықтарының құрамына енді. Ал ол кезде Орталық Қазақстан қазақтары Тобыл, Есім, Ертіс бойына жайлауға шығатынын Сібір тарихшылары атап көрсетеді», - деп, «Бұдан шығатын қорытынды: Сібір хандығының тарихы, оның жаулануы қазақ халқы тарихының құрамдас бөлігі болып есептеледі. Ендеше, қазақ халқының шежіресін, оның өз алдына дербес халық болып тарих аренасына шығуын, қазақ хандығы мен мемлекеттігінің тарихын оқшау қарастырмай түбі бір туыстар тарихымен – Сібір, Ноғай, Қазан, Астрахань, Түмен, Қырым хандығы тарихымен бірегей бірлікте зерттейтін уақыт жетті », - деп батыл да дәйекті пікірлер білдірген еді.

Сонымен қатар, М. Қозыбаев «Сібірді жаулап алу Ермактың есімімен байланысты» дей келе орыстардың Сібір жерін отарлауға жол ашқан, орыс елінің ұлттық батыры деп дәріптелген Ермактың тарихтағы бет-пердесін ашып көрсетті. Және де қарақшы Ермактан атаман Ермакқа қалай айналғанын деректер мен зерттеу еңбектерін кешенді түрде талдаудың негізінде жаңа пікірлерге келді қажет [М.Қозыбаев, 1994:192].

Академик бұл тұста тарихнамада орын алған екі түрлі концепцияның белең алғанын атап көрсетеді. Ол бірінші Ермактың қандыбалақ қарақшы екендігін дәлелдейтін объективті концепция. Және Ермакты дәріптейтін екінші концепцияны ашып көрсетеді. Мәселен, «Есипов өзінің шежіресінде Ермакты қарақшы атады, Н. Карамзин болса Ермакты қаныпезер, Американы қанға бөктірген кортестермен қатар қойды». Оның ұлттық батырға айналуын М. Қозыбаев: «Ермактың жеңісі патша сарайын қуанышқа бөледі. Осы оқиғалардан кейін патша өкіметі, шіркеу кешегі қанды қол қарақшы Ермакты ашықтан-ашық әулиелер санатына қосып, жер-көкке сыйғызбай мақтай бастады. Оның ұрылығы, қарақшылығы өмірінің бір кездейсоқ сәттері сияқты көрсетілді, ал атаманның батырлығы, парасаттылығы, қайраткерлігі, дипломаттылығы туралы ойдан шығарылған аңыздарға негізделген шығармалар халық арасына кеңінен таратыла бастады», - дейді. Академиктің айтуынша, Кеңес заманында Г. Вяткин, С.М. Соловьев, А.А. Введенский, В.Г. Мирзоев, Д.И. Копылов, Р.Т. Скрыпников және т.б. зерттеушілердің еңбектерінде осы екінші, Ермакты бейнебір аңыздарға сүйеніп мадақтау концепциясы белең алды. Бұл концепцияға М. Қозыбаев: «Ермак туралы қалам тартқан қай тарихшы болмасын оның жорығының шапқыншылық сипатын жасыра алмайды, егер патша заманында оның жорығына «Завоевание Сибири» деп ашықтан-ашық баға берілсе, совет дәуірінде бұл сөздің өңін айналдырып, «Открытие Сибири» (Окладников А.П.), «Присоединения Сибири» (Дулов В.И.), «Освоение Сибири» (Мирзоев В.Г.) т.б. қырық құбылту басталды. Тіпті, Скрыпников сияқты тарихшылар оны экспедицияға теңеді. Осылайша, кеңес тарихнамасында идеологияға сай бұрмалау, тарихи шындықты теріс айналдыру, жалған фактілермен Сібірді одан кейін қазақ жерін отарлауға жол ашқан Ермактың қанды жорығын теріс айналдырып, батыр ретінде дәріптеп, патшалы Ресейдің Сібірді отарлау саясатын ақтап көрсетті. Сібірді отарлаған Орыс елі үшін одан әрі шығысқа қарай жылжуы Қазақ хандығының шекараларына алып келді. Осы тұста Сібірде аңшылықта жүріп, тұтқынға түсіп, туған жерінен жыраққа кеткен Ораз Мұхаммед сұлтанның өмірі үлкен өзгеріске ұшырады.

Ресейдің басқыншылық саясаты мен Сібір, Каспий өңірі, Қазақстан мен Орта Азия хандықтарын өзіне қарату үшін жүргізген жымысқы саясаты талай ханзадалардың өмірін, тағдырын өзгертті. Ресейде бұндай тұлғалар өз отбасыларымен бірге тұтқынға айналып, патшалыққа қызмет етті.

Қазақ хандарымен бір санатта тұрған қазақ сұлтаны Ораз Мұхаммедтің тарихи рөлі

бүгінгі таңда өз деңгейінде қарастырылмады. Ол халықаралық деңгейде Қазақ хандығының атын шығарды, Орыс еліндегі дүрбелең жылдары елдің тұрақтылығы үшін күресіп, саяси, әскери шеберлігін көрсетіп, өз деңгейін патша сарайында да жоғары дәрежеде ұстаған тұлға.

Қазақ-орыс ресми байланыстарын талдамас бұрын, Ораз Мұхаммед сұлтанға тоқталып өтейік. Ол Алтын Орда, Ақ Орда, Қазақ хандығында атақты тұлғалар - Орыс хан, Барақ хан, Жәнібек, Шығай хандардың ұрпағы еді. Нақты тарихи мәліметтерге сүйенсек, 1588 жылы тұтқынға түскен кезеңде оның жасы 16 жаста болған. Бұл кезеңде Сібір хандығын жаулап алу әрекеттері, Көшім ханмен қақтығысып жатқан кезең болатын. Бұл туралы тарихшы М.Мағауин өзінің "Аласапыран" атты романында шебер көрсетеді. Ол тарихи деректер негізінде орыс патшалығының отарлық сипаттағы әрекеттерін нақты және асқан шеберлікпен суреттейді.

Ораз Мұхаммедтің шығу тегі өзінің жеке заттарының ішінде күмістен жасалған Құранға арналған қобдишаның артында араб әріптерімен жазылғандығын В.В.Вельяминов-Зерновтың еңбегінде жазылады. Онда - Орыс хан - Құйыршық хан - Барақ хан - Жәнібек хан - Жәдік хан - Шығай хан - Ондан сұлтан - Ораз Мұхаммед хан деп жазылған екен.

Әкесі Ондан сұлтан туралы Қадырғали Қосымұлы Жалайыр өзінің шежіресінде: "Ондан сұлтан туралы хикаялар көп жерде кездеседі. Ол ержүрек батыр, садақ атудың да керемет мергені еді. Әрқашан сыртқы жауларға қарсы күресте көп ерлік көрсетті. Шығай хан тұсында әскерлердің бас қолбасшысы болды. Ақырында қалмақтармен шайқаста 30 жасқа келгенжігіт шағында шаһит болды. Оның қабірі Қожа Ахмет Иассауи рахмет алла алейһидің қасында жерленеді", - делінген[Қ.Жалайыр., 1997:122].

Жалайыр өзінің шежіресінде: "Ораз Мұхаммед сегіз жасында өзінің атасы Шығай ханнан айырылды. Оның үстіне он үш жасында өз әкесі Ондан сұлтан шаһит болды", - деп, жастайынан қиындық көрген сұлтанның өмірін баяндайды[Қ.Жалайыр., 1997:123].

Ораз Мұхаммед ерте есейген, балалық шағынан бастап жат жерде өмір сүрген. Өзге елде, өзге дін, тәрбие, дәстүрі бар орыс елінде өмірінің соңына дейін болған Онданұлы Ораз Мұхаммед өзінің аталары сияқты нағыз жауынгер, мерген болатын.

Ораз Мұхаммед сұлтан Орыс елінде қандай дәрежеде болды. Ораз Мұхаммед сұлтанның Сібірден Мәскеуге қандай жағдайда жеткізілгендігі туралы екі түрлі пікір бар. Бұл пікірлердің бірінде қазақ сұлтаны өз еркімен Орыс патшасына қызметке барған екен. Ол пікірді орыс мұрағаттарына сүйенген зерттеуші-шығыстанушы В.В.Вельяминов-Зернов өз еңбегінде атап көрсетеді. Ал екінші пікірде қазақ сұлтанын Сібірде аңшылықта жүргенде ұстап алып, Мәскеуге жөнелтіледі. Бұл екінші ақпаратты Сібірдің жылнамалары және оған сүйенген Небольсин, Миллер, Фишер сияқты Сібір тарихын зерттеген ғалымдар баяндайды. Енді осы екі пікірді талдап көрсек.

Ортағасырлардағы қазақ тарихын шығыс деректеріне сүйене отырып, ғылыми зерттеу еңбектерін пайдаланып зерделеу ең алдымен В.В.Вельяминов-Зерновтың есімімен тікелей байланысты. Ғалым өзінің "Исследование о Касимовских царях и царевичах" деген еңбегінің 2-бөлімінде қазақтар туралы мәліметтер кездесетін көптеген шығыс деректерін орыс тіліне аударып, ғылыми айналымға енгізді. Әсіресе, бұл еңбектегі Қасым (Хан-Керман) қаласында хан болған Ораз Мұхаммед туралы пікірлері жан-жақты болып табылады [В.В.Вельяминов-Зернов, 1864:101].

В.В. Вельяминов-Зернов өз еңбегінде Хан-Керман қаласында хандық биліктің тізгінін ұстаған билеушілердің шығу тегі мен тарихын, билікке келуі туралы егжей-тегжейлі баяндаған болатын. Автордың осы мақсатқа арналған еңбегі Қазақ хандығының құрылу тарихын зерттеуге мұрындық болды деуге болады. Бұл еңбекте атақты қазақтың хандарына сипаттама берілген болатын. Өйткені, Хан-Керманда билік тізгінінде отырған Ораз Мұхаммед хан атақты Шығай ханның баласы Ондан сұлтанның ұлы болатын. Ол Тәуекел ханның немере інісі еді. XIX ғасырда Қасым хандығына (Хан-Керман) арналған бұл еңбектің маңызы зор болды. Ол зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында Хан-Керманға барып, өз көзімен тарихи деректер мен археологиялық ескерткіштерді зерттеп, ғылыми жұмысын сапалы деңгейде жазған болатын. Еңбекте шығыс тіліндегі ортағасырлық деректер мен Сібір тарихына арналған жылнамалар,

Сібірді зерттеген П. Небольсин, Г. Миллер, Фишердің және Левшиннің т.б. еңбектерін кеңінен пайдаланған болатын.

Қазақ-орыс қарым-қатынастарының негізгі себебі болған Ораз Мұхаммед сұлтанның Мәскеудегі өмірі мұрағат құжаттарында сипатталады. Мәскеуге дейінгі өмірін, оның орыс елінде қандай жағдайда барғандығын В.В.Вельяминов-Зерновтың еңбегінен анықтауға болады. Ораз Мұхаммед Сібір хандығының астанасы - Иккер қаласына 1586 жылы келеді. Зерттеу бойынша 1588 жылы Сібір воеводасы Данил Чулков Көшім ханның қарсыласы болған Сейдақ (Сейіт Ахмед) мырзаны, Қазақ Ордасының сұлтаны Ораз Мұхаммед пен оның қарашасын қулықпен ұстап алғандығы туралы баяндалады. Бірнеше Сібір жылнамаларында Сібір воеводасының бұл құйтыртқы, арамдық әрекеттері сипатталған болатын. Яғни, Ораз Мұхаммед сұлтан Орыс елінде өзінің қалауынан тыс алынғандығы, сонда өмірінің соңына дейін өмір сүргендігі баяндалады. Бұл 1588 жылы қыркүйек айында орын алған оқиға болатын. Жылнамаларда Сібір мырзасы Сейдақ пен Ораз Мұхаммед, оның қарашасы 500 адаммен аңшылыққа шығады. Сол жерде Сібір воеводасы Данил Чулков оларға адам жібереді. Данил Чулков Сейдақ мырзаны Тобыл қаласына бейбіт қатынастар туралы ақылдасу үшін деп шақырады. Сейдақ мырза қазақ сұлтанымен ақылдаса келіп, Тобыл қаласына барады. Қала сыртында әскерін, қаруын қалдырып, ішке креді. Түскі асқа қарусыз барған қонақтарды ішіп-жеуді ұсынады. Седәк пен Ораз Мұхаммед, қарашасы аузына алмай ойланып отырады. Өз еркімен ішкісі келмеген қонақтарға провослав христиандарға жамандық ойлап отырсындар деп Д.Чулков ішкізеді. Олар ішіп, қақалған кезде жан-жағынан орыс әскері тап беріп, ұрып-соғып байлап тастайды. Тобыл қаласының сыртында қалған әскерге Сейдақ мырзаның жеңіліс тапқандығы хабарланады. Сол кезде сырттағы әскері артқа шегініп, қашып кетеді. Ал тұтқындар, яғни, Ораз Мұхаммед орыс еліне көптеген әскермен жеткізілгендігі баяндалады. Осылайша алдап асқа шақырып, күдіксіз және қарусыз барған қонақтарды орыс әскері ұстап, Мәскеуге аттандырады. Бұл мәліметтер көп айтыла бермейді. Өйткені, кеңестік кезеңде Ұлы орыс халқының рөлі төмендетіліп, отарлау саясатының бет пердесін айқын көрсететін бұл ақпараттар жабулы күйде қалуы керек еді деп ойлаймыз.

Сібір жылнамаларында бұл мәлімет осылайша баяндалса, басқа деректерде Ораз Мұхаммед сұлтанды Орыс патшасына қызмет ету үшін барған деп көрсетеді [В.В.Вельяминов-Зернов, 1864: 101-102]. Орыс деректерінде Ораз Мұхаммед сұлтан Мәскеуде басқа да Татар сұлтандары секілді аманатта, яғни, патшаға қызмет етуде деп көрсетуге тырысқан. Әрине, Сібір жылнамаларының мәліметтері біз үшін шынайы. Өйткені, бұл кезеңде нығайып, күшейген Қазақ хандығының тізгінін ұстап отырған Тәуекел хан өзінің немере інісін Орыс еліне, патша қызметіне жіберуі мүмкін емес еді. Егер Тәуекел хан Ораз Мұхаммед сұлтанды Орыс еліне жіберген болса, ресми елшілік құжаттарда ол міндетті түрде айтылатын еді. Және кейінгі 1594 жылғы дипломатиялық миссияда бұл ақпарат жарияланатын еді. Ал Сібір жылнамалары Ораз Мұхаммед сұлтанның Мәскеуге алып кетуі туралы ақпаратты бұрмалауы қажет емес еді. Сонымен қатар, бірнеше әртүрлі жылнамаларда дәл осы ақпарат қайталанып беріледі. Демек, бұл деректің өкілеттілігі мен шынайылығын көрсетеді. Ораз Мұхаммед сұлтан өз еркінен тыс Орыс еліне аттандырылған.

Ораз Мұхаммед Онданұлы 1590 жылы Орыс елінде Федор патшаның әскерінің құрамында болып, Шведтермен соғысқан қазақ сұлтаны. Мұрағат құжаттарында берілген ақпараттардан Ораз Мұхаммед сұлтанның сыйлы адам болғанын аңғару қиын емес. Ол батылдылығымен Шведтермен соғысқа қатысқан, Ям, Ивангород сияқты мықты бекіністерді алу кезінде қаһармандық көрсеткені үшін патшаның сеніміне кірген. Сонымен қатар орыс әскерінің ерекшелігін, санын, қаруы мен соғыс техникасын, от қарудың технологиясын білгендіктен патша оны құрметті адамдарының тізімінде ұстаған. Атақты адамдардың салтанатты жиынында, ойын-сауықтар мен құрметті елшіледі күту қонақ асында Ораз Мұхаммедтің аты жиі аталғанынан да мұны байқау қиын емес. Орыс еліндегі басқа да Татар сұлтандарының арасында Ораз Мұхаммедтің есімі салтанатты кештер мен құрметті қонақтарды шақырғанда қонақтар тізімінен табылатыны да соның дәлелі. Мәселен, В.В.Вельяминов-Зерновтың еңбегі бойынша 1597 жылы Рим императорының елшісі Донавск

бургграфын күтіп алу салтанатты жиынында Ораз Мұхаммедтің есімі кездеседі. Әрине, Ораз Мұхаммед хан орыс патшасының сол жағында отырып, осындай құрметке ие болуы өзінің сұлтандығынан ғана емес, жеке басының даралығы мен дарынынан болса керек. Ортағасырларда қазақ сұлтандары көп болды, бірақ Ораз Мұхаммед сұлтан сияқты атағы мен дәрежесі күллі қазақ және орыс халқының арасында тараған тұлға кемде кем еді.

1594-1595 жж. аралығында Қазақ хандығы Ораз Мұхаммедті өз еліне қайтару мәселесін көтеріп, Орыс еліне ресми елшіліктер жібереді. Алайда бұл елшіліктер нәтижесіз аяқталатыны белгілі еді. Өйткені, ержүрек, көптеген ақпараттарды білетін Қазақ сұлтанын өз еліне жіберу Мәскеу үшін қауіпті болатын. Бұл туралы біз әлі тоқталамыз.

1598 жылы Борис Федорұлы Годунов Ораз Мұхаммед пен басқа да Татар сұлтандарымен Қырымға жорыққа аттанады. Ал 1600 жылы Қазақ сұлтаны Борис Годуновтың тағайындауымен Қасым хандығының билігін өз қолына алады. Ол хан титулын иеленеді. Қасым хандығының барлық болыстары мен оған түсетін барлық кірісті патша Ораз Мұхаммедке тапсырады.

Екі ғасырдан аса уақыт өмір сүрген Қасым хандығы Ока өзенінің бойында орналасқан болатын. Ол хандық оның алғашқы билеушісі Қасым ханның атымен аталған еді. Қасым хандығында 14 хан билік жүргізді. Ол орыс елінің шығысқа саясатының бір құралы болатын, әсіресе, Қазан хандығымен күрес үшін құрылған бұл хандықта мұсылман қыпшақ хандары әулетінн шыққан сұлтандар мен батырларға орыс патшасы ерекше құрметпен қараған болатын. Бұл хандық I Петр кезеңіне дейін, яғни, 1681 жылға дейін өмір сүрді. Кейіннен оның саяси маңызы болмай, хандық таратылады.

Қасым хандығының билеушісі 22 жыл орыс еліне қызмет етті, оның 10 жылы Қасым хандығының ханзадасы ретінде болды. Мәскеудегі үлкен жиындарға жиі шақырылып, сол жерде өзінің жерлесі Едіге бидің ұрпағы Петр Урусовпен танысып, достасып та қалады.

1605 жылы орыс патшасы Борис Годунов қайтыс болып, Ресейде аласапыран кезең басталады. Ораз Мұхаммедтің саяси және әскери дарынын көре алмаған адамдар оған тұзақ құрып, алдын ала ойластырылған қастандықты 1610 жылы қараша айында жүзеге асырады. Оны аң аулауға саятшылыққа шақырған Лжедмитрий II қапыда Ораз Мұхаммедті өлтіріп, денесін Ока өзеніне тастайды. Артынан Ораз Мұхаммед туралы жалған ақпараттар таратылады. Оның денесін Едіге бидің ұрпағы Петр Урусов Ока өзенінен тауып алып, арулап, Қасым хандығының жанындағы хандар зиратына жерлейді. Петр Урусов Лжедмитрий II басын қағып алып, Ораз Мұхаммед сұлтанның кегін қайтарады.

Осылайша не бәрі 38 жасында өмірі қыршыннан қиылған жас сұлтан - Ораз Мұхаммедтің тарихи рөлін жоғары бағалауымыз қажет. Ол Қазақ хандығы үшін аса қажет тұлға болатын. Еуропа мен Ресейдің әскери өнерін жетік меңгерген, саяси шеберлігі мен батырлығы бар мұндай тұлғалар қазақ мемлекеті үшін керек екенін Қазақ ханы - Тәуекел жақсы түсінді. Сондықтан да ол өзінің алғашқы ресми дипломатиялық елшілігін Орыс еліне 1594 жылы жіберген болатын.

2019 жылдың қарашасында Ресейдің Мәскеу қаласындағы Қазақстан елшілігінде қазақтың сұлтаны Ораз Мұхаммедтің өмірі мен қызметі, екі мемлекет арасындағы байланыстырушы көпір ретіндегі рөліне арналған халықаралық конференция ұйымдастырылған болатын. Бұл конференцияға Қазақстан мен Ресейдің ғалымдары мен зерттеушілері қатысып, Ораз Мұхаммед сұлтанның қазіргі заман тарихындағы рөлі жан-жақты зерделенген болатын. Конференцияға Ресейдің зерттеу орталықтарының зерттеушілері, Қазақстаннан осы мәселемен айналысқан М.Ж. Әбдіров, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының директоры З. Кабулдинов қатысып, Ораз Мұхаммед сұлтанның туғанына 447 жылдығына орай оның тарихи рөлі мен портретіне қатысты нақты әрі тәлім-тәрбиелік маңызына байланысты бірнеше ұсыныстар жасады.

Қазақстанның Ресейдегі елшісі Иманғали Тасмағамбетов сол конференцияда атақты Қазақ сұлтаны Ораз Мұхаммедке арналып Рязань облысындағы Қасым қаласында мемориалді ескерткіш қойылғандығын мәлімдеді. Ресейдің интернет желісінде бұл туралы "Памятный камень выдающемуся государственному деятелю, правителю Касимовского ханства **Ораз-**

Мухаммеду открыли 15 ноября в городе Касимов Рязанской области, сообщает пресс-служба регионального правительства. Султана считают основателем дипломатических отношений Казахстана и России" - деп айтылды[Под Рязанью открыли памятный камень казахскому султану-дипломату//<https://regnum.ru/news/society/2779818.html>].

Нәтижесі. Біз енді қазақ-орыс қатынастарын талдайтын болсақ, ең алдымен кеңестік тарихнамадағы осы мәселенің зерттелуіне және мұрағат құжаттарын салыстымалы талдаймыз.

Кеңестік кезеңде жазылған «Из истории сношений казахов с царской Россией в XVIII в.» атты В. Лебедевтің мақаласы алғаш рет XVI-XVIII ғғ. қазақ-орыс қатынастарын талдауға арналған. Онда автор Ресей империясының отарлау, тонау саясатын барынша ашып көрсетуге тырысады. Автор «грабительская сущность колониальной политики царизма» деп патша империясының отарлау саясатын ашықтан ашық әшкерелейді. Ол І Петрдің: «через многих изволил уведомиться об оной орде, ... всем азиатским странам и землям оная де орда ключ и врата и той ради причины оная де орда потребна под российской протекцией быть, чтобы только чрез их во всех странах комоникацию иметь и к российской стороне полезные способные меры взять», - деген сөзін келтіріп, отарлау саясатының мақсатын батыл көрсеткен болатын[В. Лебедев.,1936 : 187].

Тікелей қазақ-орыс қатынастарына арналмағанымен тарихшы А. Миллердің «Международное положение Казахстана во второй половине XVI века» атты ғылыми мақаласында екі ел арасындағы байланыстар біршама талданады. Автор қазақтардың көрші ноғайлар мен шайбанилермен Хакназар, Шығай, Тәуекелхандар тұсындағы халықаралық қатынастарын зерттей келіп, 1594-1595 жж. қазақ-орыс қатынастарын талдап, ол кезеңде алшақта жатқан Ресей қазақтарға шынайы көмек көрсете алмағанын атап өтеді. Автор 1594-1595 жылдарғы қазақ-орыс қарым-қатынастарының уақытша аяқталуына байланысты А.П. Чулошниковтың пікірінен өзгеше, Тәуекелдің орыс елінің қол астына кіргісі келмегенімен түсіндіреді. Әрине, мақалада сол кезеңдегі саясатқа жат, хандардың тарихи тұлғасы мен олардың қазақ халқының басын құру үшін жүргізген күресі тоталитарлық режимнің идеологиясына қарама-қайшы келді, оның 1943 жылғы басылымға қатысты дау-дамайлардан да көрініс тапқаны тарихта белгілі[А.Миллер.,1942 : 51].

А. Миллердің мақаласына Р.Б. Сүлейменов: «Деректік қорымен, ғылыми әдебиеттерде де бұл мәселенің шектеулігі, мақаланың аз көлемде болуы бұл кезеңге байланысты Қазақстанның халықаралық байланыстарын ашып көрсете алмады», - деп баға берді.

1945 жылы қорғалған Г.Ф. Бутлердің «Русско-казахские отношения в восточном Казахстане в XVIII в. и первой половине XIX века» атты кандидаттық диссертациясында алғаш рет қазақ-орыс байланыстары арнайы зерттелген болатын. Бұл диссертация әл-Фараби атындағы ҚазҰУ кітапханасының сирек қорында сақталған. Оны осы күнге дейін қазақ-орыс байланыстары мәселесімен айналысқан бірде-бір зерттеуші пайдаланбаған секілді. Бұл 301 беттік еңбек таза маркстік-лениндік идеологияның негізінде жазылғандығын бірінші бетінен-ақ аңғаруға болады[Г.Ф. Бутлер., 1945: 254].

Диссертацияның «Русско-казахские отношения в освещении исторической литературы и некоторые новые данные на основании архивных материалов» деп аталатын кіріспеден кейінгі 2-тарауында автор бұл мәселені Маркстік, Энгельстік, Лениндік, Сталиндік көзқараспен зерттеу қажеттігін атап өтіп «...казахские националисты, стремясь оторвать казахский народ от русского, обособить его, чтобы сохранить свою власть над ним, чтобы попрежнему эксплуатировать его, осуждали все русское, видели в присоединении Казахстана к России абсолютное зло, отрицали прогрессивно-цивилизующую роль России в Казахстане», - деп қазақ зиялыларына қарсы пікірлер білдіреді.

Автор қазақ-орыс байланыстарын қарастыра отырып, орыс халқын қазақтарды XVI ғ. басында Сібір ханы Көшімнің (Көшімді қазақтың Шайбани тегінен шыққан деп көрсетеді) қыспағынан айырған халық ретінде көрсетеді. Ол тарихи фактілерді барынша бұрмалап, төңкеріске дейінгі әдебиеттердегі пікірлермен де көбінесе санаспайды.

1946 жылы ғылым академиясының хабаршысында жарияланған «К вопросу о казахско-русских отношениях в XVI веке» деп аталатын В.Б. Кобринның қысқа мақаласы жарық көрді.

Мұнда автор XVI ғасырда қазақ-орыс елшілік, саяси, сауда-экономикалық қатынастарына, дипломатиялық байланыстарға негіз болған Ораз Мұхаммедке де тоқталады. В. Кобрин «В работах, появившихся в советское время, этот вопрос специально не разбирался, а лишь косвенно затрагивался в связи с общими вопросами истории России и Казахстана», - деп автор бірқатар кемшіліктерге жол береді. Автор сол кезеңдегі дипломатиялық байланыстардың деректері мұрағатта сақталғандығын айта келіп, олардың жарияланбағанын, онымен танысу мүмкін болмағанын, тек А. Левшин, В.В. Вельяминов-Зернов, А. Миллердің зерттеулерімен шектелгендігін баяндайды [В. Кобрин., 1946: 55].

38-ші жәшікте сақталған Қасым хан тұсындағы екі ел арасындағы байланыстардың тізімдемесін 37-ші жәшік деп шатастырғанын айтпағанда, орыстар Тәуекел ханға от қару берді деген жалған фактілерді келтіреді де, «В марте 1595 г. Московское правительство дало ответ. Оно принимало Тевеккеля в русское подданство и даже посылало ему «снаряд огнестрельный», т.е. пушку. Однако Московское правительство соглашалось освободить Ураз Мухаммеда лишь с тем условием, чтобы Тавеккель дал взамен другого заложника – своего сына Хуссейн-султана», - делінген. 1595 жылы В. Степановтың елшілігіндегі Тәуекел ханға жіберілген Федор патшаның грамотасында: «А только ваша к нам прямая правда и служба будет и Усейна-царевича к нам пришлещ, и мы брата вашего Уразмагмета-царевича...и со всем его родством, пожаловав своим великим жалованьем, к вам отпустить велим и с ним вместе многую рать свою с вогненным боем в Сомару послати велим» деген мәліметтерден ол кезде, кейін де орыстар от қаруды қазақтарға бермегенін көреміз. Құжаттарда Тәуекел хан Степанов елшілігіне қосып Мәскеуге Мұрат деген баласын жібереді. Неге екені белгісіз, ол туралы сол кезеңде де, кейін де зерттеушілер ауыз ашпайды.

Мұрағат құжаттарында Тәуекел ханға жіберген Орыс патшасының грамотасында Ораз Мұхаммед туралы былай жазылған: "А брат ваш Урузмагмет-царевич у нас в нашем царьском в великом жалованьи пожалован по его достоинству многими вотчинами, и поместьи, и деньгами, как и иных великих государей дети царя и царевичи у нас великих государей бывают пожалованы. И свыше того и вам бы, Тевкелю-царю, и братье твоей царевичем Казатцкой и Колматцкой орды на себе видети наше царьское жалованье и быти под нашею царьскою рукою в нашем царьском жалованье и в повеленье от нас неотступным бытии, и непослушников наших бухарского царя и сибирского Кучюма-царя воевали и их под нашу царьскую руку привести, а Кучюма-царя, изымав, к нашего царьского величества порогу прислали, тем бы есте правде своей и службе нам знамя показали, а наше царьское усмотренье и защищенье ото всех ваших недругов и жалованье наше к вам и к брату вашему к Урузмагметю-царевичю вперед будет смотря по вашей правде", - деп жазылса. Одан әрі: " А что есте к нашему царьскому величеству своей грамоте писали и с послы своими бити челом приказывали, чтоб нам к вам брата вашего Урузмагметя-царевича велети отпустить, а вы к нам из братьи или из детей царевича в заклад пришлете, и вы б, похотя к себе нашего царьского больного и совершенного жалованья, прислали к нам ты, Тевкель-царь, сына своего Усеина-царевича. А как сын твой Усеин-царевич у нашего царьского порогу будет, и мы сына твоего Усеина-царевича пожалуем своим царьским великим жалованьем по его достоинству, как ему в нашем царьском жалованье быти у нас безо всякого оскуденья, потому ж, как у нас в нашем царьском великом жалованье живет Урузмагмет-царевич. А только ваше к нам прямая правда и служба будет и Усеина-царевича к нам пришлещ, и мы брата вашего Урузмагмета-царевича з бабкою, с матерью, и з женами, и со всем его родством, пожаловав своим великим жалованьем, к вам отпустить велим и с ним вместе многую рать свою с вогненным боем в Сомару послати велим. И вы с тою нашею ратью учнете над бухарским и надо всеми своими недруги и над нашим непослушником над Кучюмом-царем нашим делом промышляти", - деп айтады [Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках., 1961:11]. Бұнда Хусейін сұлтанды жіберу туралы талабы айтылады. Шын мәнінде ол жіберілген деген ақпарат жоқ. Осы хаттың мәтіні 1595 жылдың наурыз айында Шахмұхаммед пен Күшік сұлтанға да жіберіледі. Ол хаттар қазақ-орыс қатынастарына арналған құжаттар жинағында сақталынған.

Құжаттарға қарағанда Мәскеу мемлекеті Қазақ хандығының Ресей қол астына қарауын

мақсат тұтып, оған әскери көмек көрсетуге асықпаған. Ресей ол уақытта Қазақ хандығына әскери көмек те көрсетпеді, Ораз Мұхаммед сұлтанды өз еліне жібермеді.

Осы мәселені көп зерттеген В.Я. Басиннің «Из истории русско-казахских дипломатических отношений в XVI-XVII вв.» атты еңбегінде қазақ хандығы мен Ресейдің қарым-қатынасы және олардың соңғысының сыртқы саясатындағы рөлі туралы мәселелер қарастырылған. Кейініректе ол бұл мәселеге бірнеше рет оралып, толық көзқарасы «Россия и казахские ханства в XVI-XVIII вв.» атты еңбегінде береді [В.Я. Басин., 1971:204].

Көшіммен бетпе-бет келген патша үкіметі оған қарсы күресу үшін одақтас іздей бастады. Ондай одақтас тек қана Қазақ хандығы бола алатын. Ресей қазақ даласын осындай одақтас болуға вассалдық тәуелділік шартымен ғана қабылдағысы келді. Кейінгі оқиғалар көрсеткендей, қазақ даласы Ресейдің агрессиялы басқыншылық саясатының құрбанына айналды. Бұдан басқа, осы уақытқа дейін Қазақстанға Бұхар хандығы қауіп төндірген болатын. Бұхар хандығы өз иеліктерін Хиуа хандығының есебінен кеңейтіп отырғаны белгілі. Бұхар-ноғай келісімінің нәтижесінде қазақ иеліктері Бұхар хандығы тарапынан қауіп-қатерде болды. Тәуекел ханның Мәскеудегі елшілерінің көрсетуінше, Бұхара ханының түпкі мақсаты Жайық бойында Сарайшық қала-бекінісін құру және Астраханьды Бұхараға тәуелді қалаға айналдыру болатын [В.Я.Басин, 1971: 90].

Көшім ханға қарсы күресте Қазақ хандығымен одақтасу үшін бірқатар шаралар қабылдаған Ресей мемлекеті олардың билеушілерін Орта Азиялық хандықтармен келіссөздер жүргізуде делдал ретінде қолдануды көздеді. Артыш бүлігін бастан өткізген қазақ даласы Тәуекел ханның тұсында қайтадан нығайып, қуатты саяси күшке айнала бастады. Осындай өзгерістер Ресей үкіметін өз пайдасы үшін қазақ хандықтарын Көшім ханға ғана емес, сондай-ақ Бұхара ханына да қарсы қолдануға асықтырды. Сол кезде қазақ даласымен тығыз қарым-қатынас орнатуға ұмтылыс жасалды. Оның негізінде Ресей аймағын кез-келген қауіптен қамтамасыз етуге бағытталған тікелей саясат жатты. Ресей мемлекеті «достық пен кеңес» іздеген өзінің иелігіндегі «мәңгі» бодан халықтарды жауға қарсы құрал ретінде пайдаланды. Мысалы, бұл жайтты Еділ бойын жағалай мекендеген ойрат халқына қатысты патша билігі ұсынған талаптардан байқауға болады. Ресей үкіметі қазақ даласымен жақсы қатынас орнатуға мүдделі болды. Себебі қазақ даласы Көшім хан мен Абдуллаға қарсы күресте ықтимал одақтас бола алады. Сол кезеңде қазақ хандығы Көшіммен дұрыс сауда қатынасын ұстанатын. Мұсылман мемлекеттерінің осындай байланысы жайындағы ақпарат мәскеу үкіметіне бұхаралық грамота арқылы жеткізіліп отырды. Онда сібірлік татарлардың Бұхарамен сауда қатынастары ғана емес, сонымен бірге Ресей мемлекетіне қарсы күресу үшін қарулы күштер жіберу жөніндегі тікелей ұсыныстар жарияланған.

Осы уақытта Құл-Мұхаммед басқарған қазақ елшілігі парсы елшілері арқылы Парсымен жауласқан Бұхараға қарсы Мәскеуде одақ құру туралы келіссөздер жүргізуге ұмтылды.

Зерттеуші В.Я. Басин алғашқы қазақ еліне барған орыс елшілігі туралы 1965 жылы «Русское посольство Вельямина Степанова в Казахстан в 1595 году» деген мақаласын жариялайды. Автор бұл мақалада Қазақстан мен Россия арасындағы саяси және экономикалық байланыстардың тарихи тамыры тереңде жатқанын айта келіп, XVI ғ. өзінде орыстар қазақтарды Бұхара мен Сібір хандығынан өз елін қорғаған ержүрек дала халқы деп бағалағанын атап өтеді. Дегенмен де, В. Басин Ресейге қазақ даласы Орта Азия мен шығыс елдерімен сауда қатынастарын жүргізу үшін қажет транзит жолы болғанын және орыс елі олармен бейбіт қатынаста болуға мүдделі екендігін жасырмады. Сондай-ақ, Сібір ханы Көшіммен соғысу үшін Тәуекел ханмен одақтасуға тырысқанын атап өтеді. Зерттеуші В. Басин Тәуекел ханның көздеген мақсаты – Сібір ханы Көшім мен Бұхара ханы Абдолламен екі майданда соғысып жатып, сол үшін де Ресеймен достасқысы келді деп көрсетеді. Бірақта, біз қазақ-орыс қатынастарына арналған құжаттарға сүйене отырып, 1594-1595 жылдары қазақтар Бұхара ханымен уақытша бейбіт қатынаста екенін аңғардық және де ол кезеңдегі екі ел арасында соғыс болып жатқаны туралы еш бір деректерде кездеспейтінін атап өтуіміз қажет.

Бұл мақалада зерттеуші 1595 жылы орыс елшілігі Вельямин Степановтың қашан, қалай

және қанша адаммен қазақ жеріне баратынын, елшінің хан алдында не сөйлейтіні, сыйлықты қашан және қалай беретіні, ханның сұрағына жауабы да алдын-ала дайындалған нұсқада болды деп жазады. Сонымен қатар, елшінің міндетінде қазақ даласында қанша адам бар, олардың негізгі кәсібі, әскери күшінің құрамы мен саны, қазақтардың қалмақтармен және басқа да көрші елдермен қандай қарым-қатынаста екендігін білу де жүктелген еді дейді. Бұл орайда автор отарлайтын елдің жағдайымен жақсы танысқысы келетін Ресейдің көздеген мақсатын да ап-айқын көрсетіп отырғанымен, оны басқаша түсіндіреді.

Мақала авторы 1595 жылғы орыс елшілігін баяндай отырып, қазақ-орыс қатынастарының құжаттарынан цитаталарды ешбір талдаусыз сөзбе-сөз және сілтемесіз келтіреді. Ал соңында: «Қазақтар орыстардың қол астына бұдан көп кейін кіргенімен, қазақ халқының бұған талпынысын іске асыруға ықпал еткен Вельямин Степанов бастаған орыс елшілігі еді», – деп қорытындылайды. Мұндағы автордың «қазақ халқының орыс боданына айналуға талпынысы» тарихта болмаған жәйт. Өйткені, қандайда кішкентай, әлсіз халық болсын басқа елдің қол астына кіруге талпынбайды. Ал сол кезеңдегі Қазақ хандығы орыс елінің қол астына кіруіне мүдделі емес еді. Дегенмен де, бұл мақалада автор тұңғыш рет алғашқы 1594-1595 жж. қазақ-орыс елшілік алмасуларын баяндап береді.

В. Басиннің 1965 жылғы «Из истории русско-казахских дипломатических отношений в XVI-XVII веках» атты мақаласында автор: «XVI-XVII ғғ. қазақ-орыс қарым-қатынастары түбегейлі зерттелінбеген және сол кезеңдегі Ресей мен Қазақстан арасындағы нақты байланыстар XVIII ғ. қазақтардың орыс елінің қол астына кіруімен аяқталды», – дейді. Әрине, бұл мәселе толық зерттелінбеген мәселелердің бірі екендігінде дау жоқ, бірақ XVI-XVII ғғ. орыс елінің қазақ жерлерін отарлауға талпынысы XVIII ғ. ғана іске асқан деп айтуымызға да болады.

Қазақ-орыс қатынастарына арналған жинақта Тәуекел ханға дайындалған Ораз Мұхаммед ханның атынан жазылған хат та бар. Ол хатты жазбастан бұрын, Ораз Мұхаммед ханға арналған патшаның хаты жазылған болатын. Онда: "Посылаем мы с Москвы в Казатцкую орду к дяде твоему к Тевкелю-царю Вельямина Степанова. И как к тебе ся наша грамота придет, и ты бы тотчас написал грамоту к дяде своему к Тевкелю-царю, что послали есмя к нему, к Тевкелю-царю, и к царевичем Вельямина Степанова, и как он у них будет и о наших делех учнет говорить и они б ему во всем верили, и, выслушав у него, нашим и своим делом промышляли, и его б, не задержав, со всем с полным делом к нам отпустили, и тое бы еси грамоту тотчас к нам к Москве прислал в Посольской приказ к диаку нашему к Василию Щелкалову", - делінген[Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках., 1961:6]. Бұл хаттан кейін Ораз Мұхаммед өзінің немере ағасын хат жазып: " Бог бога. В великих величайшему и великого места достигшему и мудростию украшенному и равно ко всем милостивому и волею всегда хотение свое исполняющему, храброму от великих государей, высокороженному дяде нашему Тевкелеву цареву величеству, холопа твоего Уразмагметево царевичево твоим счастливым дверем челобитье подножию твоего неизчетного праху применного раба своего не отринув, пред своего величества великою славою холопство мое приятно бы еси учинил", - деп Тәуекел ханды мадақтап, оған өзінің ойын жеткізеді. Өз хатында қазақ сұлтаны Тәуекел ханға орыс елінің досы болуды және оған дұшпандарына қарсы болуды сұрайды. Бірақ та бодан болу мәселесі қарастырылмайды. Бұл дегеніміз, Тәуекел ханды жақсы білетін Ораз Мұхаммедтің орыс патшасына ағасының бас имейтіндігін, оның қарамағына өтуді қаламайтынын көрсетсе керек. Одан әрі ол: " Да мать твоя Ази-царица, да сестра Алтын-царевна, да мать моя, а твоя невестка Алтын-ханым, да племянница твоя Бахты царевна, да племянница же твоя Кунь-царевна и все много, много бога молят и челом бьют. Будет про их пребыванье похочешь спросить, и они в государеве царева величества милости его, слава богу, возсылая, живут здорово, в великом царьском жалованье безо всякие нужи, аже дают твои очи радость нам видети", - деп оның туыстарының жағдайы жақсы екенін айтады[Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках., 1961:12].

1595 жылы Қазақ ордасына Вельямин Степанов бастаған елшілік келеді. Елшілік патша IV Иванның атынан «от қаруды»да береміз, Абдолла мен Көшімді жеңіп, аманатқа ұлы

Хүсейінді жіберсін дейді. Тәуекел хан баласы Мұратты Вельямин Степановқа ертіп жібереді. Ол туралы мұрағат құжаттарында: "А послал к тебе, государю, сына свое Мурата-царевича да посла своего Кул-мамента, которой был у тебя, государя, наперед сего да с послом, государь, брат его да людей его три человеки". Бірақта, Тәуекелдің орыс мемлекетінің қол астына кіру туралы ойы да болмады. Оның баласының да тағдыры туралы еш бір деректе айтылмай белгісіз күйінде қалды.

Қазақ ханының бұл елшілігі туралы мәліметтер сақталмағандықтан, оның қандай мәселелер жөнінде Москвада келіссөздер жүргізіп, нендей нәтижелерге жеткенін айту қиын. Тәуекелдің орыс елшісін жақсы қабылдап, оған сый - құрмет көрсетуі және орыс мемлекетіне тағы да елшісін жіберуі оның Россиямен саяси қатынастарды жақсартуға, екі ел ортасында бұрыннан келе жатқан дәстүрлі достықты одан әрі жалғастыра беруге ұмтылғанын көрсетеді.

Орыс патшасы өз кезегінде Қазақ хандығын мықты одақтас ретінде танып, оған «от қаруды» берсе, олар өздеріне шабуыл жасайды деген қауіппен «от қаруды» бермейді. Тәуекелдің ұлын аманатқа алып, Ораз Мұхаммедті де жібермеді. Өйткені, Ораз Мұхаммед сұлтан орыс елінің көптеген шет елдермен соғысына қатысып, орыс елінің ішкі және сыртқы саясатынан хабары көп еді. Ораз Мұхаммед пен «от қаруды» бермеген патша өкіметінің бұл елшіліктері баянсыз болды деп қорытындылауға болады.

Ал кеңестік тарихнамада XVI-XVIII ғғ. қазақ-орыс қарым-қатынастары мәселесі көбінесе екі ел арасындағы достық қатынастар, елшіліктер алмасуы және дипломатиялық миссиялар, сауда-экономикалық қатынастар деп, қазақ-орыс елшілік байланыстарын қазақ хандарының Ресей боданы болуының алғышарты ретінде көрсетуге негізделген сипаттау түрінде жазылған зерттеулерден тұратын. Оларда көпшілікке белгілі фактілер, әсіресе елшіліктерге байланысты, бірін-бірі қайталау басым еді.

Қорытынды. Қорыта келгенде, Тәуекел хан Қазақ хандығы мен Орыс елі арасында дипломатиялық байланыстардың ресми бастапқы қадамын жасаған билеуші. Тәуекел ханды Қадырғали Жалайы өз еңбегінде: "Тәуекел хан бүкіл мұсылман билеушісі" деп жазған. Бұл мәліметтен Қазақ хандығының сол кезеңдегі жаңдайы өте жақсы болғанын көруге болады. XVI-XVII ғғ. басында Орта Азиядағы барлық саяси істер қазақ ханының араласуымен шешілген. Ол кезеңде қазақ мемлекетінің құрамында Ташкент уәлаяты, қарақалпақ пен қырғыз, қалмақтар болғанын тарихи дерек көздері мәлімдейді. Тәуекел хан саяси жағдайды тез шешетін, өзінің мәмілегерлік шеберлігін, саяси көрегендігін, әскери талантын көрсете білді. Әсіресе, Қазақ хандығы үшін ауыр кезеңді еңсеріп, мемлекеттілігі мен күш-қуатын сақтап қалуға зор ықпал етті. Тәуекел хан күшті дипломат, мықты мемлекет басшысы болғанын тарихи құжаттар да дәлелдейді. Ал оның немере інісі - Ораз Мұхаммед сұлтан өзге елде жүріп, билік тізгінін қолында ұстаған мықты тарихи тұлға екенін тарихтың өзі көрсетті. Өзге елде жүрсе де, қазақ сұлтанының аты тек қана жағымды, мақтаулы болды. Ол Қазақ хандығы мен Орыс елі арасындағы алғашқы саяси байланыстың көпірі іспеттес болды. Демек, қазақ хандары мен сұлтандары өз аттары дәрежесіне сай, асып туған тарихи тұлғалар болғанын ешкім де жоққа шығара алмайды.

Әдебиеттер тізімі

1. Абдиров М.Ж. Военно-казачья колонизация Казахстана (конец XVI – начало XX вв.): дис. д-ра. ист. наук. – Алматы, 1998. – 355 с.
2. Басин В.Я. Россия и Казахские ханства в XVI-XVIII вв. (Казахстан в системе внешней политики Российской империи). - Алма-Ата: Изд. Наука Каз ССР., 1971. – С. 274.
3. Бутлер Г.Ф. Русско-казахские отношения в восточном Казахстане в XVIII в и первой половине XIX века: дис. канд. ист. наук. - Москва, 1945. – С. 301.
4. Вельяминов-Зернов В.В. Исследование о Касимовских царях и царевичах. /Труды Восточного Отделения Императорского Археологического Общества/. – Санкт-Петербург, 1864. - ч. 2.

5. Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках (Сборник документов и материалов). / Состав.: Ф.Н. Киреев, А.К. Алейникова, Г.И. Семенюк, Т.Ж. Шойнбаев. - Алма-Ата: АН КазССР, 1961. - Т. 1. - С. 743.
6. Кобрин В.Б. К вопросу о казахско-русских отношениях в XVI веке // Вестник АН КазССР. - 1946. - № 11 (20). – С. 55-57.
7. Қадырғали Жалайыр. Шежірелер жинағы. (Шағатай-қазақ тіліне аударып, алғы сөзін жазғандар Н.Мингулов, Б.Көмеков, С.Өтениязов). - Алматы, 1997. - 128 бет.
8. Қозыбаев М.Қ. Ақтаңдақтар ақиқаты. - Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 272 б.
9. Қозыбаев М.Қ. Жауды шаптым ту байлап. - Алматы: Қазақстан, 1994. – 192 б.
10. Лебедев В. Из истории сношения казахов с Россией в XVIII в. // Красный архив. – 1936. - Т. 5 (78). – С. 187-189.
11. Миллер А. Международное положение Казахстана во второй половине XVI в. // Исторический журнал. – 1942. - № 8. - С. 51-55.
12. Миллер Г.Ф. История Сибири. – М.: РАН, 1999. – С. 630.
13. Под Рязанью открыли памятный камень казахскому султану-дипломату // <https://regnum.ru/news/society/2779818.html>
14. Ученые оценили роль касимовского хана Ораз-Мухамеда в современной истории // <https://regnum.ru/news/cultura/2778673.html>
15. Шамшиденова Ф.М. Сібір жылнамалары бойынша XVI-XVII ғ. қазақ тарихының проблемалары. - Алматы, 1997. - 122 б.

УДК 37.06

ЖАСТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ: МӘНІ МЕН МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Сапаров Б.Ж.,
PhD, аға оқытушы
Abai University
г. Алматы, Қазақстан
email: bahakaznu@yandex.ru*

Аңдатпа. Бұл мақалада жастардың құқықтық мәдениетін қалыптастырудың мәні, мазмұны және оның қазіргі қоғамдағы рөлі қарастырылады. Құқықтық мәдениет – құқықтық нормаларды білу, құрметтеу және оларды күнделікті өмірде қолдану қабілеті ретінде сипатталады. Зерттеуде жастар арасында құқықтық сауаттылық деңгейінің төмендігі, құқықтық тәрбие беру жүйесіндегі кемшіліктер, сондай-ақ құқықтық мәдениетті дамытудағы әлеуметтік және білім беру институттарының ықпалына талдау жасалады. Авторлар жастардың құқықтық мәдениетін арттыру бойынша тиімді әдістер мен ұсыныстарды ұсынады, соның ішінде білім беру бағдарламаларын жетілдіру, құқықтық ақпаратқа қолжетімділікті кеңейту және әлеуметтік желілерді белсенді пайдалану.

Кілт сөздер: жастар, құқықтық мәдениет, құқықтық сауаттылық, құқықтық тәрбие, білім беру, құқықтық білім, әлеуметтік институттар, құқықтық сана, заңдылық, құқықтық жауапкершілік.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1 бабы 1 тармақшасына сәйкес «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» делінген [1].

Қазақстан Республикасында адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары ең жоғары құндылықтар болып танылады. Бұл дегеніміз, мемлекет мемлекеттің Негізгі Заңында адамның, азаматтың құқықтары мен бостандықтарын жариялап қана қоймай, сонымен бірге

барлық қажетті экономикалық, әлеуметтік, саяси және мәдени жағдайларды жасай отырып, оларды қамтамасыз етуге кепілдік береді. Бұдан басқа, мемлекет адамның, азаматтың құқықтары мен бостандықтарын іске асыруды осы құқықтардың қандай да бір бұзылуынан қамтамасыз етудің арнайы құқықтық кепілдігін жасады [2].

Мемлекет басшысы К. Тоқаев Жаңа Қазақстан жастары үшін үш маңызды басымдықты атап өтті. Бұл білімге деген ұмтылыс, еңбекқорлық және патриотизм [3].

Қазақстан Республикасы тәуелсіз, құқықтық мемлекет бола тұра, өзінің негізгі заңында құқықтық мемлекеттің негізгі ұстанымы заң және заңның алдындағы барлық азаматтардың теңдігі деп белгілеген болатын.

Құқықтық мемлекет көптеген құқықтық реформаларды жүзеге асыруды және жоғары деңгейдегі сана сезімі мен құқықтық мәдениетті халқы бар толыққанды азаматтық қоғам қалыптастыруды көздеді [4].

Жастар – болашақтың «мәңгілік қозғалтқышы». Қазақстанның өркендеу жолы қазақстандық жастардың даму деңгейімен, мүмкіндіктерімен, құндылық бағдарларымен, экономикалық, саяси және қоғамдық өміріне қатысу дәрежесімен байланысты. Бұл болашақтың негіздері қазіргі кезде қаланады. Жастарды қолдау – бұл елдің ілгерілеуіне салынған инвестиция. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап білім беру, денсаулық, жаңа ақпараттық технологияларға қол жеткізу, кәсіби және жеке бәсекеге қабілеттілік, патриоттық тәрбие, жас ұрпақты сәтті әлеуметтендіру мәселелері басты назарда болды және қалады [5].

Кез-келген құқықтық мемлекеттің басты белгісі – халықтың, сонымен қатар жастардың құқықтық мәдениетінің жоғары деңгейін, сондай-ақ әртүрлі қызмет түрлеріндегі кәсіби мәдениетті қалыптастырудың міндетті шарты. Құқықтық мәдениет қоғамның жалпы мәдениетінің ажырамас бөлігі болып табылады. Процесс құқықтық мемлекеттің қалыптасуы азаматтардың, әсіресе жастардың құқықтық мәдениетін қалыптастырумен тікелей байланысты. Бұл жастардың қоғамдық көбеюдегі рөліне байланысты. Жастардың құқықтық мәдениетінің деңгейі оның даму көрсеткіштерінің бірі және қоғамды жаңғыртудың маңызды өлшемі болып табылады.

Құқықтық мәдениет дегеніміз – құқықтық қатынастар субъектілерінің өзара әрекеттесу процесінде жүзеге асырылатын олардың практикалық жүзеге асырылу құқықтары мен мүмкіндіктеріне қатысты жеке тұлғаның білімі, құндылықтары мен көзқарастарының жиынтығы. Құқықтық мәдениет-бұл құқықтық нормаларды, принциптерді, құқықтық сананы, құқықтық қатынастарды, өмірлік қатынастарды жүзеге асыру процесінде құқықтық мінез-құлықты қамтитын қоғамдық өмір құбылыстарының күрделі кешені. Аталған элементтердің әрқайсысы құқықтық мәдениеттің әртүрлі аспектілерін көрсетеді, ал жиынтықтар олар оның құрылымын құрайды, онда екі деңгей ерекшеленеді: біріншіден, жастар өмірінің құқықтық кеңістігін құрайтын кейбір объективті құрылымдар ретінде қоғамдық және құқықтық институттардың деңгейі және олардың құқықтарын іске асыру үшін жағдай жасаушылар. Құқықтық жүйенің жағдайы-қалыптасудың маңызды алғышарты мен шарты және құқықтық мәдениеттің жұмыс істеуі. Екіншіден, жастар когортасының топтық және жеке құқықтық санасы мен мінез-құлқының деңгейі.

Құқықтық мәдениет – бұл құқықтық жүйенің құқықтық нормаларының құқықтық шындығына қатысты рухани және материалдық құндылықтардан тұратын жалпы мәдениеттің бір түрі. Егер құқықтық сана дегеніміз-жеке адамның, ұжымдардың және жалпы қоғамның құқықтық нормалар мен құқықтық жүйенің қажеттілігін қабылдау, хабардар ету болса, онда құқықтық мәдениет-бұл адамдардың нәтижесі, іс-әрекеті, олардың ойлау тәсілінің, мінез-құлық нормалары мен стандарттарының көрінісі, яғни олардың белгілі бір қоғамдық қатынастардағы тікелей әрекеттері, өйткені қазіргі қоғамда барлық қоғамдық қатынастар құқықтық нормалармен реттеледі.

Құқықтық мәдениет – бұл әлеуметтік құбылыстардың жиынтығы ғана емес, сонымен қатар даму деңгейін, құқықтық жүйенің тиімділігін сипаттайтын сапалы жағдай. Құқықтық мәдениет қоғамның құқықтық саладағы құқықтық құндылықтарын, нәтижелері мен

жетістіктерін, заң теориясы мен практикасының даму дәрежесін көрсетеді.

Құқықтық мәдениет, құқықтық сана сияқты, қоғамның, топтың (ұжымның) және жеке құқықтық мәдениеттің (жеке тұлғаның) құқықтық мәдениетіне бөлінеді. Сонымен қатар, жеке тұлғаның құқықтық мәдениетінің ең жоғары деңгейі - бұл құқықтық белсенділік. Бұл, ең алдымен, адамның құқықтық реттеу және құқықты іске асыру саласындағы белсенді, саналы, шығармашылық әрекеттерге дайындығында, сондай-ақ қазіргі демократиялық қоғамның ең жоғары құндылықтарының бірі ретінде заңға қызмет ету қажеттілігіне деген сенімде көрінетін мінез-құлықтың (қызметтің) заңдылығында көрінеді.

Құқықтық мәдениеттің негіздері жасөспірім кезінде қаланады. Қолданыстағы заңнамада жасөспірімдердің құқықтары физикалық және рухани дамудың аяқталмауымен, олардың белсенді білім беру қызметімен байланысты ерекше құқықтық мәртебесі бар жастар санаты ретінде ерекшеленеді, бұл денсаулықты қорғауда арнайы шараларды, өзіндік жұмыстың алғашқы жылдарындағы арнайы кепілдіктерді, еңбекті реттеуді, Ар-намыс пен қадір-қасиетті қорғауды талап етеді. Бұл ерекшелік жасөспірімдердің өмірінде туындайтын құқықтық мәселелерді зерттеуде де көрінеді.

Шынайы өмірде жастар көбінесе олардың құқықтарын, мүмкіндіктерін және тең құқықтарын шектейтін көптеген кедергілерге тап болады. Оларға мыналар жатады: құқықтық жүйенің жетілмегендігі; жасына байланысты кемсітушілік; құқықтық білімнің төмен деңгейі; әлсіз құқықтық қорғалуы және т.б. Мұның бәрі, сайып келгенде, жасөспірімдердің құқықтық мәдениетін арттыру мүмкіндіктеріне теріс әсер етеді және жастар ортасындағы ауытқулардың әртүрлі формаларында көрінеді.

Демек, мәселе, бір жағынан, жасөспірімдердің құқықтарын қалыптастыру мен жүзеге асыруды қамтамасыз ететін құқықтық жүйенің жетілмегендігінен, екінші жағынан, олардың көпшілігінің құқықтық санасы мен құқықтық мінез-құлқының төмен деңгейінен туындайтын қайшылықтардан тұрады. Бұл қарама-қайшылықтардың объективті жағы белгілі бір қоғамға тән әлеуметтік қатынастардың сипатымен анықталады. Сондықтан құқықтық мәдениетті қалыптастыру процесінде туындайтын қайшылықтардың әлеуметтік табиғатын түсіну үшін оларды әлеуметтік дамудың осы кезеңінің ерекшеліктерін ескере отырып қарастыру қажет.

Бүгінде бұл қоғамдағы тұрақтылықты қалыптастырудың негізгі көздерінің бірі болып табылатын жас ұрпақ. Жастардың ұстанымына байланысты ол оның ілгерілеуін немесе жойылуын қамтамасыз ету факторына айналады; не өзекті инновациялық, не адамгершілікке қарсы, қоғамға қарсы идеялардың тасымалдаушысы; не оң өзгермелі қоғамдық күш, не өзімшілдік мүдделеріне, қажеттіліктеріне тұйық демографиялық және т. б.

Жастар ортасында тұрақты жағымды жағдай болмаса, жастардың азаматтық жетілуі, олардың жоғары әлеуметтік белсенділігі, экономикалық, рухани, демографиялық және басқа процестерге тиісті дәрежеде енуі болмаса, қалыпты әлеуметтік көбею бұзылады, содан кейін жастардың болашағы ғана емес, бүкіл қоғамның болашағы да қауіп төндіреді.

Әр түрлі билік пен қоғамдық құрылымдардың жастарға деген назарын күшейту өте маңызды, өйткені әлеуметтік тұрғыдан қазіргі жастар айтарлықтай ыдырап, бөлініп, нарықтық қатынастар элементіне енеді. Жастарды әлеуметтендірудің дәстүрлі агенттерінің (отбасы, мектеп, еңбек ұжымдары және т.б.) терең дисфункциясымен бірге нарыққа күрт ену. 90-жылдардың аяғында жастар ортасының индивидуализм, өзімшілдік құндылықтарын жаппай игеруіне, материалдық құндылықтардың рухани үстемдігіне, айыптауға, тіпті ұжымдық теріске шығаруға, әртүрлі әлеуметтік патологиялардың күрт өсуіне әкелді.

Бұл жерде жастардың едәуір бөлігі өздерінің жеке және әлеуметтік жетілмегендігіне және сонымен бірге қолданыстағы қоғамдық тәртіпті жетілдіруге объективті қажеттіліктің болуына байланысты экстремистік саяси және діни идеялардың, тұжырымдамалардың пассивті адептіне айналып қана қоймай, кейде оларды жүзеге асыру жөніндегі іс-шараларға белсенді қатысады, соның ішінде және заңсыз, адамгершілікке қарсы әлеуметтік емес әдістермен. Бұл, мысалы, экстремистік акцияларға қатысқан кезде жастардың жағымсыз рөлінде көрінеді. Сонымен қатар, қазіргі жастар ортасында жауапты азаматтық мінез-құлық, өзін-өзі ұйымдастыру мәдениеті нашар дамыған, қоғамдық-саяси қызметке қатысуға деген

ынтасы төмен. Жастар мақсатқа жету құралдарын таңдауда белгілі бір түсініксіздікпен, категориялық және құқықтық нигилизммен, пассивтілікпен сипатталады, олар деструктивті күштердің мақсатты манипуляцияларының объектісіне айнала отырып, жастардың жекелеген топтарының әлеуметтік емес мінез-құлқын тудырады.

Қазір жастардың өзін нашақорлық, жұмыссыздық пен кедейлік, қылмыстың өсуі, адамгершілік пен адамгершілік мәселелері және т. б. мазалайды.

Бірақ қазір қоғамдық өзгерістердің барысы жоспарлы және әлеуметтік негізделген сипатқа ие бола бастағанда, жастар мәселелеріне деген қызығушылық айтарлықтай арта түсуде. Ең бастысы, жастар проблемаларын ғылыми зерттеу нәтижелері мемлекеттік басқару, жалпы әлеуметтік басқару тәжірибесінде белсенді қолданыла бастады және мемлекеттік және қоғамдық жастар саясатын жүзеге асыру салаларында тікелей жүзеге асырылуда.

Мемлекет жастардың проблемаларына бей-жай қарамайтындығын мақсатты бағдарлама тұжырымдамасы сияқты ресми құжаттардың қабылдануы дәлелдейді: «Мәңгілік ел жастары - индустрияға» - «Серпін-2050» білім бағдарламасы, «Дипломмен ауылға» жобасы, «Барлығына тегін кәсіптік-техникалық білім беру» жобасы, «Жастар тәжірибесі», «Бірінші жұмыс орны» жобасы, «Ұрпақтар келісімшарты» жобасы, «Бизнес бастау» жобасы, «Бизнесіті ашуға арналған мемлекеттік грант» жобасы, «Әлеуметтік жұмыс орны» жобасы, «Астана, Алматы және Шымкент қалаларында жұмыс істейтін жастарға арналған жалға берілетін тұрғын үй» бағдарламасы, «7-20-25» Әлеуметтік бағдарламасы, «Бақытты отбасы» бағдарламасы және «Президенттік Жастар кадрлық резерві» жобасы. «Президенттік Жастар кадрлық резерві» жобаның стратегиялық мақсаты – тиімді менеджерлердің жаңа толқынын қалыптастыру және еліміздің жаңа буыны үшін пәрменді әлеуметтік лифтілер жүйесін құру. Іріктеу нәтижелері бойынша пулға жаңа формацияның басқарушылары болуға қабілетті талантты және креативті жас қазақстандықтар іріктелді [6]. Мұның бәрі жастардың біртіндеп қоғамдық және саяси өмірдің толыққанды субъектілеріне, яғни елдің дамуының нақты қозғаушы күшіне, оның тірегі мен үмітіне, болашағына айналатынын көрсетеді.

Қазіргі қоғамда қоғамдық өмірдің барлық салалары, оның ішінде құқықтық нормалар, құқықтық жүйе, сондай-ақ құқықтық қатынастар жаңғыртылуда. Мұндай өзгерістер бірге жүреді адам санасының, оның ішінде құқықтық сананың, құқықтық мәдениеттің өзгеруі. Бұл әлеуметтік процестер әлеуметтік дамудың тұрақтылығы мен сабақтастығын сақтауға арналған қолданыстағы әлеуметтік инерцияға байланысты синхрондалмайды және мүмкін емес. Өзгерген әлеуметтік-саяси жағдайларға байланысты азаматтардың жас буынының сапалы жаңа құқықтық мәдениеті қажет, оның қалыптасу қарқыны қоғамдық-саяси жүйені демократияландырудың қазіргі талаптарына сәйкес келмейді. Бұл жағдай қоғамдық өмірдің құқықтық және саяси саласында болып жатқан өзгерістерді ғылыми тұрғыдан түсінуді талап етеді.

Айта кету керек, бұл қоғамның құқықтық жүйесіндегі бүгінгі өзгерістердің болашақ тасымалдаушысы болып табылатын жастар және одан қоғамның құқықтық мәдениетін қалыптастырудың жаңа тәсілдері мен тетіктерін іздеу орынды болады деген қорытынды жасау керек.

Бүгінгі таңда құқықтық мәдениетті қалыптастыру әдістерінің ішінде біздің қоғамның өскелең ұрпағын құқықтық тәрбиелеу негізгі болып табылады, ол сонымен бірге жеке тұлғаны әлеуметтендіру механизмінің бөлігі болып табылады, атап айтқанда құқықтық әлеуметтену. Құқықтық тәрбиеде бұл, ең алдымен, Конституцияны және басқа заңдарды құрметтеуге тәрбиелеу, Конституцияны құрметтеу, оның білімі, ең бастысы пайдалану мүмкіндігі, өйткені онсыз құқықтық, зайырлы және демократиялық мемлекеттің барабар атмосферасын құру мүмкін емес.

Құқықтық тәрбие-бұл құқықты құрметтеу мен сақтауға, дауларды шешудің өркениетті тәсілдеріне, құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған ағартушылық, Білім беру және басқа да шараларды қалыптастыратын мақсатты жүйе. Құқықтық тәрбие-бұл азаматтың жеке қасиеттерін дамытудың саналы түрде бағдарламаланатын, мақсатты процесі, мысалы, Құқықтану негіздерін білу, әлеуметтік өзара әрекеттесу дағдыларына ие болу, адам

құқықтарын, бостандығы мен жеке қадір-қасиетін қорғаудың заңды құралдары. қоғамдық қызметтің барлық салаларында. Ол құқықтық нормаларды сақтауға, заң шығару процесінде, заңды қоғамдық пікірді бекітуде белсенді азаматтық ұстанымды сақтауға үйретуі керек.

Тәрбие жұмысының негізгі әдісі теорияның практикамен тығыз байланысы болып қала береді, яғни құқық қорғау органдарының қызметкерлері тарапынан оқушылар мен студенттерге әлеуметтік-құқықтық институттарды дағдарыстан шығару, қылмыс сияқты жағымсыз көріністермен күресу мақсатында қабылдайтын шаралар туралы демонстрациялық және түсіндіру жұмыстары, бұл да жастарды осы мәселелерді шешуге тартады мәселе құқықтық мәдениеттің қалыптасуына да әсер етеді, оларды шешу мәселе құқықтық мәдениеттің қалыптасуына да әсер етеді.

Студенттерді құқықтық тәрбиелеу құралдары сонымен қатар ЖОО, отбасы, баспа, радиохабар тарату, теледидар, кино, театр, әдебиет және өнер сияқты мекемелер мен әлеуметтік институттар болып табылады. Демек, бұл мекемеге жастарға жағымды әсер етіп, оларды патриотизм мен қоғам қабылдаған құндылықтарды құрметтеу рухында тәрбиелеу үшін модернизация қажет.

Оқу орындарының әлеуметтендіру рөлі, ең алдымен, профессор-оқытушылар құрамы мен басқа оқу құрылымдарының қызметі арқылы жүзеге асырылады. Жастардың, атап айтқанда, оқушылар мен студенттердің құқықтық мәдениетін қалыптастыру құқықтық оқытумен, құқықтық ағартумен және құқықтық насихатпен байланысты, олар жас адамның өзін-өзі тәрбиелеуімен бірге жүреді.

Сондай-ақ, ЖОО-да оқыту құқықтық білімді жүйелейді және бекітеді. Студент жастардың бұл білімінің көлемі бірқатар себептерге байланысты шектеулі: өмірлік тәжірибесі аз, жас, адамдармен қарым-қатынас орнату тәжірибесінің болмауы. Жастардың құқықтық санасы мен құқықтық мәдениеті қалыптасу сатысында, сондықтан олар ересек адамға қарағанда тұрақсыз құқықтық дүниетанымға ие, сондықтан олар оң және теріс әсерге көбірек ұшырайды, бұл олардың азаматтық ұстанымын таңдау және анықтау кезінде айқын көрінеді.

Жас ұрпақты құқықтық оқыту мен тәрбиелеу мемлекеттің маңызды міндеті болып табылады, ал қалыптасқан патриотизм мен азаматтық сезімдер азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекеттің өмір сүруі мен дамуының міндетті шарты мен факторы болып табылады.

Бүгінгі рухани дағдарыс, халықтың дүниетанымы мен менталитетімен дәстүрдің нормалары мен құндылықтарымен тығыз байланыста болу жастарға теріс әсер етеді, өйткені бұл жастардың әлеуметтік іс-әрекеттің, заңды және Заңсыз мінез-құлықтың көзқарастары мен бағалауларының ауытқуымен байланысты.

Қоғамның негізгі міндеті ретінде жеке тұлғаның құқықтық санасын қалыптастыру мемлекеттің әлеуметтік институттары жүйесінен тыс өздігінен жүре алмайды және болуы керек. Әрбір азаматтың құқықтық білімінің белгілі бір деңгейі болуы қажет. Ол заңдарды құрметтеп, оларды саналы түрде орындауы керек, ал мемлекет өз кезегінде Конституциямен кепілдендірілген құқықтар мен бостандықтарды іске асыру үшін барлық қажетті жағдайларды жасауы керек.

Қазіргі заманның өте қарама-қайшы шындықтары жағдайында жастарды әлеуметтендіру процесінің стихиялылығы, басқарылмауы құқықтық нигилизмнің, девиантты мінез-құлықтың және жалпы жастар қылмысының өсуіне әкеледі.

Құқықтық әлеуметтенудің ерекшеліктері жастардың өмірдің әртүрлі салаларындағы құқықтарын көрсететін нормалар жиынтығы арқылы әлеуметтенудің басқа да маңызды бағыттарын анықтайды. Атап айтқанда: кәсіби, танымдық, еңбек, саяси, экономикалық болып табылады.

Әлеуметтік реттеушілердің рөлі мен маңыздылығы құқықтар мен құқықтық нормалардың мемлекеттің заңдары мен құқықтық актілерінде ғана бекітіліп қоймай, табиғи және сұранысқа ие болып, жеке тұлға мен қоғам қабылдауы болып табылады.

Осылайша, әлеуметтенудің негізгі міндеті жастардың құқықтық мәдениетін еркін, заңға бағынатын, әлеуметтік белсенді тұлғаны тәрбиелеудің, заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтудың, мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам институттары тарапынан осы

процестерді басқару деңгейін арттырудың маңызды шарты ретінде қалыптастыру болып табылады. Бұл өз кезегінде жастардың құқықтық мәдениетінің нақты жағдайын және оны қалыптастыратын әлеуметтік факторлардың жиынтығын зерттеуді талап етеді.

Құқықтық мәдениеттің жоғары деңгейі, ең алдымен, заңға бағыну рухында тәрбиеленген азаматтардың құқықтық санасының жоғары сезімдері, қоғам тұрақты дамиды жерде азаматтық жауапкершілік, сондай-ақ құқықтық мемлекеттің басымдығы бар екендігінің көрсеткіші болып табылады. Бірақ, ең алдымен, бұл үшін қоғамның құқықтық мәдениетін қалыптастырудың дамыған тәсілдері мен тетіктерінің болуы қажет. Атап өту керек, бұл құқықтық әлеуметтену, құқықтық тәрбие-бұл халықтың және жастардың құқықтық мәдениетін оның ерекше контингенті ретінде арттырудың негізгі әдістері.

Мемлекет басшысы Қ. К. Тоқаев халыққа Жолдауында «Жастарды жан-жақты қолдау – біздің сөзсіз басымдықтарымыздың бірі».

«Біз жастарды қолдауымыз керек! Біздің елімізге жарқын болашаққа жол ашатын өскелең ұрпақ. Бірақ табысқа жету үшін жастар тынымсыз еңбек етіп, жаңа білім мен тәжірибеге ұмтылуы керек» деп атап өтті [7].

Жастардың құқықтық мәдениетінің жоғары деңгейі біздің қоғамымызға болашақ береді, өйткені бұл адам құқықтары мен бостандықтарын сақтау, меншіктің барлық нысандарының құқықтарын құрметтеу, сондай-ақ азаматтардың ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу қатысатын демократиялық, құқықтық, зайырлы мемлекет құрудың кепілдік факторларының бірі болып табылатын құқықтық мәдениеттің болуы.

Әдебиеттер тізімі

1. «Қазақстан Республикасының Конституциясы», Конституция 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды, [Электрондық ресурс] – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000>
2. Қазақстан Республикасының Конституциясына түсініктемелер, [Электрондық ресурс] – URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=36368312&pos=298;97#pos=298;97
3. «Президент назвал три приоритета для молодежи Нового Казахстана», [Электрондық ресурс] – URL: <https://tengrinews.kz/news/prezident-nazval-prioriteta-molodeji-novogo-kazahstana-472926/>
4. Құқықтық мәдениет дегеніміз не?, [Электрондық ресурс] – URL: <https://syrboyi.kz/madeniet/quyqytyq-madeniet-degenimiz-ne-145894/>
5. Құқықтық мәдениет: Заңға бағынатын азаматты қалыптастырудың мәні - Білімді Ел - Образованная страна, [Электрондық ресурс] – URL: <https://bilimdinews.kz/?p=113651>
6. Президенттік жастар кадрлық резерві жасақталды, [Электрондық ресурс] – URL: <https://egemen.kz/article/216543-prezidenttik-dgastar-kadrlyq-rezervi-dgasaqtaldy>
7. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауы — Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты, [Электрондық ресурс] – URL: <https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-181130>

УДК 80

**К.И. САТПАЕВ – ГОСУДАРСТВЕННЫЙ, ДЕЯТЕЛЬ,
УЧЕНЫЙ И ОРГАНИЗАТОР НАУКИ**

*Шаймуханова С. Д.,
кандидат исторических наук,
ассоциированный профессор
Международный инженерно-технологический
университет
г.Алматы, Казахстан
e-mail: sd_52@mail.ru*

Аннотация. Статья посвящена философскому осмыслению жизни и деятельности выдающегося ученого-геолога К.И. Сатпаева и осмыслению истории отечественной науки в современном обществе. О переосмыслении событий минувших столетий и переоценка их в контексте реалий настоящего времени. Каждая выдающаяся личность оставляет после себя след в истории. Огромен вклад академика Каныша Имантаевича Сатпаева в отечественную науку.

Ключевые слова: Геологическая наука, месторождение, руда, геология, металлургия, индустрия.

Annotation. The article is devoted to the philosophical understanding of the life and work of the outstanding geologist K.I. Satpayev and understanding the history of Russian science in modern society. About rethinking the events of past centuries and reassessing them in the context of the realities of the present time. Every outstanding personality leaves a mark on history. The contribution of Academician Kanysh Imantaevich Satpayev to domestic science is enormous.

Key words: Geological science, deposit, ore, geology, metallurgy, industry.

В этом году Казахстан отметил юбилейную дату – 125 лет со дня рождения Каныша Имантаевича Сатпаева. 12 апреля, в Казахстане отмечается День работников науки. Эта дата выбрана неслучайно, именно в этот день родился выдающийся казахстанский ученый-геолог, первый президент казахстанской Академии наук Каныш Сатпаев. У великого ученого сегодня немало последователей, которые развивают казахстанскую науку. Мы по праву гордимся нашими учеными, которые преданы своему делу и вносят большой вклад в развитие науки – сказал Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев.

Выдающийся ученый-геолог, незаурядный организатор науки, крупный государственный и общественный деятель, Сатпаев золотыми буквами вписал своё имя в историю своего народа. Величие академика К. Сатпаева трудно переоценить! Человек высокой эрудиции, обладавший энциклопедическими знаниями во многих областях науки, Сатпаев задал стране интеллектуальный, научный тренд развития, в результате которого казахстанское общество из просвещённого превратилось в интеллектуально-научное и профессиональное. Именно благодаря заслугам великого учёного был заложен фундамент сегодняшнего инновационного и научного потенциала, которым обладает наш народ, наша молодежь и наша страна. Тогда, в середине 30-х годов прошлого века, общество Казахстана было грамотным и просвещённым, однако подготовка любых профессиональных инженерных кадров велась в России или Узбекистане, а наука была уделом только приезжих московских и ленинградских ученых.

В истории казахстанской науки академик Каныш Имантаевич Сатпаев занимает особое место не только как выдающийся ученый-геолог, замечательный организатор науки, а также талантливый государственный и общественный деятель, внесший огромный вклад в индустриализацию Казахстана. Академик Каныш Имантаевич Сатпаев - создатель Большого

Жезказгана и Института геологических наук, Академии наук Казахской ССР. Он - первый президент Академии наук Казахстана и первый академик-казах Советского Союза (с 1946 г.). С его именем связана одна из самых ярких страниц истории геологического изучения и раскрытия богатств недр Казахстана, организация широких комплексных исследований, направленных на скорейшее выявление месторождений полезных ископаемых и расширение минерально-сырьевой базы страны.

Говорят, талант, как бриллиант, сверкает многими гранями. Это высказывание можно с успехом проиллюстрировать на примере К.И. Сатпаева [2, с. 65]. К.И. Сатпаев родился 12 апреля 1899 года в семье казаха-кочевника в ауле № 4 Баянаульского района Павлодарской области. Учился в аульной школе, затем в русско-казахском училище Павлодара, и после успешного окончания Семипалатинской учительской семинарии в 1918 году работал учителем естествознания на педагогических курсах в Семипалатинске, в 1920 году назначается народным судьей. По просьбе К.И. Сатпаева Семипалатинский ревком в 1921 году направляет его в Томский технологический институт, где он, после блестяще сданных приемных испытаний, становится студентом геологоразведочного отделения горного факультета. Именно в студенческие годы формируется научно-инженерное мировоззрение К.И. Сатпаева под благотворным влиянием сибирской школы геологов и особенно его любимого учителя и наставника профессора М. А. Усова, глубокие научные идеи и знания которого позже легли в основу всей творческой деятельности К.И. Сатпаева. Сама духовная атмосфера того периода, связанная с великими открытиями человечества в области науки и техники, литературы и искусства, способствовала воспитанию и становлению талантливого человека. В 1926 году К.И. Сатпаев успешно окончил Томский технологический институт и, став первым казахом с дипломом горного инженера-геолога, возвратился на родину. Еще будучи студентом, он написал замечательный учебник по математике на казахском языке. В 1932 году К. И. Сатпаев опубликовал первую научную монографию «Джезказганский медно-рудный район и его минеральные ресурсы». В годы работы на геологоразведочной службе у К.И. Сатпаева ярко проявились такие качества, как большое трудолюбие, творческий дух, соединенные со склонностью к научному анализу, комплексному подходу к исследованию, способностью предвидеть широкие перспективы и поставить задачи государственного масштаба и организовать крупные разноплановые работы для их решения. Позже академик К. И. Сатпаев напишет: «Мне выпала великая честь поднимать социалистическую индустрию, создавать передовую науку в Казахстане» [3, с. 75]. На его долю выпала трудная задача организации и проведения первых стационарных геологоразведочных работ на медном Жезказганском и угольном Байконурском месторождениях, положивших начало планомерному выявлению запасов полезных ископаемых во всем Жезказган-Улытауском районе. В результате плодотворной работы в 1928 году Сатпаев пришел к смелому и обоснованному выводу о том, что «Жезказганский район представляет собой одну из богатейших провинций меди, в пользу которой в будущем, быть может, уступят пальму первенства не только месторождения Урала, но и большинство известных медных провинций Америки» [4, с. 80]. Вдохновляемый непоколебимой верой в большое будущее Жезказгана и благодаря настойчивости и неутомимой энергии Сатпаева, руководимый им молодой коллектив геологов - разведчиков работал с огромным энтузиазмом и, несмотря на большие трудности тех лет, за три года сумел получить превосходные результаты. К концу 1931 года в недрах Жезказгана были выявлены огромные запасы руд, и он прочно занял первое место среди медных месторождений бывшего Союза. В 1938 году было принято решение о проектировании и начале строительства Жезказганского горно-металлургического комбината. В 1940 году за выдающиеся достижения в геологическом изучении Жезказган-Улытауского района К. И. Сатпаев был награжден орденом Ленина. В 1941 году К.И. Сатпаев назначается директором Геологического института Казахского филиала академии наук СССР, а через год он становится руководителем этого филиала, который впоследствии был преобразован в Академию наук Казахской ССР. Среди важнейших проблем, решенных геологами республики под руководством К.И. Сатпаева в военные годы, было бесперебойное снабжение фронта металлом, углем, нефтью. Значение казахстанской

помощи фронту и роль в этом К.И. Сатпаева были, безусловно, громадными. С понятной гордостью он не раз говорил: «Девять из десяти пуль, разящих гитлеровских оккупантов, отливаются из свинца, добытого в Казахстане» [5, с. 103]. Война с фашизмом потребовала перестройки деятельности Казахского филиала Академии наук, руководителем которого являлся К.И. Сатпаев. В это тяжелое время по его инициативе наращивается выплавка меди на Балхашском заводе за счет вовлечения в переработку руд Жезказгана. Он умело направлял деятельность отечественных исследователей и активно участвовал в работе по расширению и оптимизации сырьевой базы металлургических предприятий Рудного Алтая и Южного Казахстана. В суровые военные годы К.И. Сатпаев и его соратники совершили настоящий научный подвиг, когда враг захватил единственное действующее тогда Никопольское марганцевое месторождение на Украине, перекрыл дороги к Чиатуре на Кавказе и уральские танковые заводы оказались без сырья для производства броневой стали. Так, в начале 1942 года была получена зашифрованная телеграмма за подписью председателя Государственного Комитета Обороны И. Сталина, обязывающая геологов срочно найти месторождение марганца, требовавшегося для выпуска броневой стали. В Дом правительства были приглашены все геологи и ученые, находившиеся в Алма-Ате, им от имени первого секретаря ЦК задание - к утру следующего дня прийти с готовыми предложениями по этому поводу. Каково же было удивление повторно собравшихся специалистов, когда с места поднялся их коллега К.И. Сатпаев и вполне ответственно заявил о том, что нужная для фронта ферромарганцевая руда в достаточном количестве имеется в местечке Жезды, всего на расстоянии 45 километров от станции Жезказган.

После недолгой проверки рудных образцов доселе неизвестного месторождения началась подготовка к добыче руд, не прерывавшаяся ни на минуту круглые сутки. Государственный комитет обороны, как с фронта боевых действий, ежедневно получал сводки от строителей Жезды. В результате принятых необходимых мер и героических усилий жезказганцев через 38 дней с начала подготовительных работ, были отгружены первые тонны драгоценной марганцевой руды. За три месяца была завершена постройка железной дороги, заодно рудника и рабочего поселка. Выступая на антифашистском митинге народов Средней Азии в Ташкенте 31 января 1943 года К.И. Сатпаев говорил: «Я призываю вас, не жалея своих сил и времени, трудиться для блага Родины, чтобы в кратчайшие сроки мобилизовать все ресурсы наших республик, превратить их в самолеты, танки, пушки и этим ускорить победу над опаснейшим врагом» [6, с. 65].

Постановление бюро геолого-географического отделения Академии наук СССР от 5 октября 1943 года гласит: особо отметить работу казахстанского Института геологических наук в период Великой Отечественной войны, скорейшем открытии и разработке множества сырьевых ресурсов стратегических металлов для нужд обороны. По объёму научно-исследовательских работ и в комплектовании научными кадрами этот институт является одним из лучших и образцовым научным учреждением в системе филиалов АН СССР [7, с. 43].

1 июня 1946 года была учреждена Академия наук Казахской ССР, на торжественном открытии которой К.И. Сатпаев был избран первым президентом. За короткий срок этой молодой организацией было разработано и передано для внедрения в народное хозяйство более 200 интереснейших работ, автором и соавтором многих из которых был К.И. Сатпаев. Открылся ряд новых академических институтов: ядерной физики, математики и механики, гидрогеологии и гидрофизики, химии нефти и природных солей в Атырау, химико-металлургический в Караганде, Алтайский горно-металлургический в Усть-Каменогорске, ихтиологии и рыбного хозяйства в Балхаше, экспериментальной биологии, экономики, философии и права, литературы и искусства, языкознания и другие.

В послевоенные годы тематика научных работ казахской академии нацелилась на актуальные задачи мирного времени. Сатпаев лично руководил комплексным изучением природных ресурсов полуострова Мангышлак, исследованиями новых месторождений угля, нефти, газа, руд черной и цветной металлургии, активно поддерживая строительство канала

Иртыш - Караганда.

Будучи президентом Академии наук, Сатпаев одновременно с научно-организационной деятельностью проводил активную государственную и общественную работу: неоднократно избирался делегатом Верховного Совета СССР с 1946 по 1964 гг. и Верховного Совета Казахской ССР с 1947 по 1959 гг. С 1962 по 1964 гг. он занимал должность заместителя Председателя Верховного Совета СССР шестого созыва. Более двух десятков раз награждался правительственными наградами, в том числе четырьмя орденами Ленина. Каныш Имантаевич был членом многих государственных комитетов и комиссий, редакционных коллегий научных журналов, политических и научных обществ. Его перу принадлежат свыше 800 печатных работ, опубликованных на русском, казахском, китайском, арабском, английском и других языках.

По словам академика В.М. Келдыша, К.И. Сатпаев был одним из ведущих геологов-теоретиков, крупнейшим организатором науки и геологической службы, возглавлял казахстанскую школу геологов [8, с. 67]. Благодаря неустанному труду К.И. Сатпаева и его последователей – геологов, в недрах Казахстана открыты практически все элементы периодической системы Менделеева. Природа наделила его красноречием, высоким ростом, благородной осанкой. Он выделялся в любой толпе, его замечали всегда первым и запоминали. Был, например, такой случай в Англии в 1947 году, когда казахский ученый посетил эту страну в составе советских парламентариев. Во время неофициального приема У. Черчилль, экс-премьер-министр Великобритании, задал ему шуточный вопрос: «Все ли казахи такие, богатырского сложения, рослые, как вы?». «О нет, господин Черчилль, среди казахов я самый маленький, мой народ выше меня!» – ответил академик К.И. Сатпаев [5, с. 167].

Сатпаев – один из великих людей не только бывшего Советского Союза и уходящего века, который своим гением, своим трудом практически создал и возглавил школу геологов Казахстана и оказал огромное влияние на развитие геологической науки.

Он был человеком неординарным и щедро одарен природой. Хорошо пел, играл на домбре и мандолине. У него музыковед Затаевич записал 25 казахских песен и включил в книгу «500 казахских песен и кюев». В молодые годы К.И. Сатпаев писал множество статей о театре, актерах, анализировал состояние искусства в Казахстане. Будучи студентом Томского технологического института, он изучал не только геологические дисциплины, но, воспользовавшись наличием богатой библиотеки, изучал также и литературу по истории и этнографии казахов и малых народов Азии. Организовывал и активно участвовал в художественной самодеятельности. Автор исторического очерка «Ер Едиге» о народном герое XIV века (1927 г.). В процессе геологоразведочных работ К.И. Сатпаев изучал и находил археологические остатки древних горных выработок и металлургических печей, древние записи на камнях и т.д. В качестве основных принципов в организации науки он считал труд – мощным орудием человеческого социума, приобретенное им для своего выживания и сохранения, комплексность в исследованиях и коллективность в их выполнении.

К.И. Сатпаев скончался 31 января 1964 года в московской больнице в возрасте 65 лет. Материальным воплощением его многогранной деятельности стали не только Большой Жезказган и Жезды, но и крупнейшие горно-металлургические комплексы Центрального Казахстана, востока и юга республики, ему принадлежит особая заслуга в разработке нефтяных и газовых месторождений запада. Сегодня имя выдающегося ученого, организатора науки и практики, обаятельного человека и чуткого наставника, подлинного патриота своего народа Каныша Имантаевича, носят малая планета Сатпаев в звездном мире, город в Карагандинской области, оно увековечено в названии минерала, цветов, ледника и горной вершины, улиц, предприятий и учреждений Казахстана. Действует Международный фонд К.И. Сатпаева, учреждены премия и стипендия его имени. Как отмечал в своих выступлениях Президент страны Н.А. Назарбаев, казахстанская национальная идея должна быть построена на реальных ценностях, выдержавших испытания временем [9]. А также Н.А. Назарбаев в своем выступлении, посвященном 110-летию К.И. Сатпаева, отмечал: «Несгибаемую волю, неутомимую энергию и героизм Каныша Имантаевича вполне можно назвать «феноменом

Сатпаева» и предложить нашей сегодняшней молодежи, как достойный образец для подражания» [3 с. 102].

Список литературы

1. Бакиров А.Б. Слово о К.И. Сатпаеве // Сб. статей. Академик К.И.Сатпаев и наука Казахстана. - Алматы: Ғылым,1999. - 270 с.
2. Академик К.И. Сатпаев // Сб. статей к 110-летию со дня рождения. - Алматы: 2010 - 273 с.
3. Академик К.И. Сатпаев и наука Казахстана // (к 100-летию со дня рождения) - Алматы: Ғылым,1999. - 270 с.
4. Академик К.И. Сатпаев // Сб., посвященный памяти выдающего советского ученого. - Алма-Ата:1985. - 208 с.
5. Сарсекеев М. К.И. Сатпаев // серия ЖЗЛ. Москва: 1999. Вып. 14. -316.
6. Бекжанов Г.Р. К.И. Сатпаев - выдающийся геолог современности. – Алматы: Ғылым, 2008. - 116 с.
7. Сарсеке М. Семь великих свершений академика Сатпаева. – Алматы, 2005. - 230

ШЕТЕЛ АЗАМАТТАРЫН ЖОО-ҒА ДАЙЫНДАУДЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Амирканов М.Б.,
*ал-Фараби атындағы ҚазҰУ,
педагогика және білім беру менеджмент
кафедрасының 1-курс докторанты*
Кудайбергенова А.М.
*педагогика ғылымдарының кандидаты,
ал-Фараби атындағы ҚазҰУ
педагогика және білім беру менеджмент
кафедрасының аға оқытушысы
Алматы қ., Қазақстан*

Аннотация. Шетелдік студенттерді ЖОО-ларда оқытуда оқу-тәрбие жұмыстарын жүргізу барысында қазақ тілі мен мәдениетін, салт-дәстүрімен танысуға ерекше қызығушылықтарын арттыра отырып, оларды болашақ мамандық таңдауға бағыттарға жол сілтеу.

Тірек сөздер: шетелдік студент, психологиялық-педагогикалық, оқу-тәрбие жұмысы, мәдени-танымдық.

Бүгінгі таңда Қазақстанның жоғары оқу орындарының басты міндеттерінің бірі – әлемнің басқа да алдыңғы қатарлы беделді де, белді оқу орындарымен өзара байланысты нығайтып қатарласа жұмыс жасай отырып, студенттерге сапалы білім беру, олардың білімін шыңдап, шығармашылық қабілетін арттыруға барынша зор ықпал ету.

Қазіргі кезде білім беру, әсіресе жоғары оқу орындарында жаңа үрдістермен дамып келеді. Ендігі кезде оқытушы мен студенттің бұрынғыдай бірлесе әрекет етуінен гөрі, студенттің өз бетінше ізденуіне, алған білімін қолдану машығын үнемі жетілдіре түсуіне тура келіп тұр. Уақыт талабынан туындап отырған білім берудегі мұндай өзгерістердің шетелден келген азаматтарға арналған дайындық бөлімдері үшін әсері қандай екендігін айқындау аса маңызды.

Еліміздің түкпір-түкпірінде бірнеше арнайы дайындық бөлімдері бар. Олардың мақсаты шетелдік студенттерді жоғары оқу орындарына түсуі үшін белгілі пәндер бойынша жан-жақты дайындау. Соның негізінде он ай арнайы тілдік курстан өтіп кез-келген ЖОО-ға

түсуге мүмкін қарастырылған.

Соның бірі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті шетелдік студенттердің заманауи білім беру жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Жоғары оқу орнында шетелдік студенттердің болуы, әрине ол университеттің қажеттілігін көрсетеді. [1, б. 15-17]

Мысалы, 1985 жылдан бастап осы уақытқа дейін Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетіне (бұрынғы шетел азаматтарына арналған дайындық факультеті) әлемнің мына елдерінен АҚШ, Вьетнам, Алжир, Оңтүстік Африка, Эфиопия, Йемен, Лаос, Кампучия, Франция, Испания, Италия, Германия, Швеция, Чили, Филиппин, Жапония, Индонезия, Иордания, Сауд Арабия, Оңтүстік Корея, Ұлыбритания, Түркия, Иран, Ауғанстан, Үндістан, Қытай, Моңғолия 8 мыңға жуық шетелдік студенттер оқып шықты.

Олардың ішінде алыс-жақын шетелдерден келген қазақ диаспорасының өкілдері, жоғары оқу орындары аралық ауысымымен келіп оқитын шетелдік студенттер, халықаралық ұйымдар, елшіліктердің, өзгеде шетелдік компания өкілдері де бар. [1, б. 15-17]

Ал 1991 жылдан бастап Қазақстан Республикасының халықаралық саяси мәртебесі өсуіне байланысты университетте жоғары оқу орындарының әлемдік тәжірибесін зерттеу және университетті басқарудың лайықты моделін жетілдіру бойынша жұмыстар жүргізіле бастады.

Қазақстан Республикасындағы саяси және экономикалық жағдайдың тұрақтылығы, ұлттар мен ұлыстардың өзара татулығы, шетелдік студенттердің жақсы оқуы мен өмір сүруі үшін жасалған жағдайлар, шетелдік студенттердің Қазақстандағы ЖОО-на келіп оқуына ықпал етті.

2001 жылдың қаңтар айынан бастап Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жоғары оқу орны арасындағы студент алмасудың халықаралық бағдарламасы бойынша ежелгі Ханкук шет тілдер университетінің (Оңтүстік Корея Республикасы) студенттерін қабылдай бастады. Осы жылы қыркүйек айында шетелдерден келген қазақ диаспорасы өкілдерінде ҚР жоғары оқу орындарына түсуге дайындай бастады.

Білім алуға келген шетелдік студенттер Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпымен танысуға ерекше қызығушылық танытты. Білім беру бағдарламасына Қазақстанның мәдени және білім беру орталықтарымен таныстыру шаралары да енгізілген. Осы бағдарламамен келген студенттер демалыс кезінде Қазақстан қалаларына (Астана, Түркістан, Шымкент, Тараз, Қарағанды) саяхат жасау дәстүрге айналды десекте болады.

Кьонги университеті – Оңтүстік Кореяның жетекші оқу орындарының бірі. Бұл университет студенттерінің әр жыл сайын – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің дайындық бөліміне келіп оқулары дәстүрге айналды. Кореялық студенттер Қазақстанға оқуға келместен бұрын белгілі бір іріктеу сынынан өтеді. Олар әртүрлі факультеттердің 1-курс студенттері болғанмен, оларды тіл үйренуге деген құлшынысы, Қазақстан жайлы көп білгісі келетіндігі біріктіреді. [2, б. 38-39]

2009 жылы 22 қарашада ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев: ҚР-дың «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ауғанстан Ислам Республикасының Үкіметі арасындағы Білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» Заңына қол қойды. Бұл Үкіметаралық келісімде ауған студенттерінің 5 жыл көлемінде Қазақстанның жоғары оқу орындарында білім алу шаралары қарастырылған.

Қазақстан тарапы ауғанстандық студенттерді оқытуда, бұл мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық және гуманитарлық жағдайына аса көңіл бөліп, тұрақтылық пен бейбіт өмір орнату үшін Қазақстан Республикасының Ауғанстан Ислам Республикасына қолдау көрсетуі болып табылады.

2010 жылдан бастап - 2016 жылдар аралығында Үкіметаралық келісім бойынша келіп, мемлекеттік грантпен оқыған Ауғанстан Ислам Республикасы студенттерімен толығы түсті.

2010 жылдың қазан айынан Қазақстанның жоғары оқу орындарында оқуға алғашқы Ауғанстан Ислам Республикасы студенттерін даярлау ісін бастады. ЖОО-ға түсуші шетелдіктерге оқыту бағдарламалары білім беру жүйесінің талаптарына және стандартқа

сәйкес құрастырылды. Оқыту қазақ және орыс тілдерінде, сондай-ақ практикалық қазақ және орыс тілдері, тілдік бейімдеу, Қазақстан тарихы мен мәдениеті, орыс және қазақ әдебиеті, математика, физика, химия, биология, география және тағы басқада пәндер бойынша жүргізіледі.

Осы бағытта жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінде дәстүрлі түрде Халықаралық виртаулды ғылыми-әдістемелік конференция, Педагогикалық идеялардың республикалық фестивалі, «Фараби әлемі» атты халықаралық студенттік ғылыми конференциялар болып тұрады. Жоғары білікті профессор-оқытушылар құрамының жетекшілігімен шетелдік дарынды студенттер қазіргі ғылымның өзекті мәселелері бойынша қазақ және орыс тілдерінде зерттеу жұмыстарына қатыстырып келеді.

Жалпы, жоғары оқу орындары әлемнің әр елінен келетін шетелдік студентке университеттің оқу жағдайына тез бейімделуіне психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуі маңызды. [3, б. 3-4]

Қазіргі таңда отандық немесе шетелдік студенттердің әлеуетін зерттеу үлкен күшті қажет етеді. Университетте оларға білім берудің барлық кезеңдерін жүзеге асыру әрине үлкен шара. Қазіргі жаңа технологиялардың алдына қоятын мақсат – тіл үйренушілердің дербес ерекшеліктерін ескере отырып, өз бетінше ізденуін, шығармашылығын арттыруды көздейді [4, б. 3].

Қазақстандағы жоғары оқу орындары шетелдік студенттердің санын арттыра түсуге мүмкіндік береді. Сондықтан да шетелдік студенттерді жоғары оқу орындарында оқыту үрдісіндегі мақсаттарға жету үшін жаңа шарттар құрылады:

- білім беру стандарттарында студенттің өзіндік жұмысына бөлінетін нормативті уақыттың көлемі ұлғайтылады;
- шетелдік студенттің оқуға деген мотивацияларының өлшемдері енгізіледі;
- оқу сабағының жаңа формалары жасалып, іске асырылады.

Жоғары оқу орындарында білім алушылардың оқуға деген мотивацияларын дамыту мүмкіндіктері мен әдістемелік жұмыстар жүйесі тоериялық тұрғыдан ғана емес, практикалық тұрғыдан да дәлелдікті талап етеді. Сол себепті мынандай міндеттерді шешуіміз керек:

- педагогикалық зерттеу әдістемесін пайдалана отырып, шетелдік студенттердің оқуға деген қызығушылық деңгейлерін және жағдайларын анықтау;
- оқу үрдісінде шетелдік студенттердің оқуға деген мотивацияларын дамыту жолдарын анықтау;
- оқытушы мен білім алушының оқуға деген мотивация жағдайларына сипаттама беру.



Педагогикалық практиканы жетілдіру кезінде шетелдік студентте белгілі бір білім жүйесі мен танымдық қабілеттері болатын болса, онда ол танымдық тапсырмаларды орындай отырып, оқу және ғылыми танымдық іс-әрекеттерді дамыта отырып, алдын-ала болжай алу мүмкіндігіне ие болады. [5, б. 39-41].

Білім алушының білімге ынтасының болуы, олардың сабақтағы белсенділігінің артуына білім сапасының жоғарлауына, білім алудың пайдасын түсінудің қалыптасуына мүмкіндік береді, жалпы айтқанда оқу үдерісінің деңгейін көтереді.

Жоғары оқу орындарының оқу-әдістемелік жұмысындағы басқарудың көп әдістері теориялық және практикалық тәжірибеде қалыптасқан. Оқу-әдістемелік жұмысындағы басқарудың әдістері әр бағытта, әр формада қолданылады.

Әдістер негізгі үш топтамаға бөлінеді: жалпы ғылымдық, нақты ғылымдық-теориялық, эмпирикалық әдістер.

Жалпы ғылымдық әдістерге: тарихи әдіс, салыстыру әдісі, анализ, синтез, индукция, дедукция және тағы басқа. Ал нақты ғылымдық-теориялық әдістерге: синергетикалық, жеке тұлғаға бағдарланған әдістер, жүйелік әдісі, танымдылық әдіс. Эмпирикалық әдістерге: бақылау, сауалнама жүргізу, тәжірибе жүргізу, контент анализ және т.б.

Дәрісханадан тыс жұмыстардың өте танымал түрі мәдени-танымдық саяхатқа шығу (экскурсия) болып табылады. Саяхат сабақтарын өткізу мақсаты – шетелдік студенттерге күнделікті қабылдау мен ойлау арқылы, көзбен көріп білу арқылы еліміздің өткені мен бүгінін түсіндіру. Экскурсия сабақтары арқылы студенттер үйреніп жүрген тілінің, мемлекеттің мәдениеті мен тарихи ескерткіштерімен жақын танысады, тілдік дағдыларын тәжірибе жүзінде жетілдіреді.

Қорыта айтқанда қай елде болса да дәстүрлі оқытудың өз ерекшелігі бар. Сондықтанда жоғары оқу орындарында дәстүрлі әдістерді байланыстырып бәсекеге қабілетті етуге барынша мүмкіндік жасауға әбден болады ойламын. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі шетел азаматтарын, оның ішінде Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын қазақ тұлғаларға – Қазақстанның жоғары оқу орындарында оқытуға арналған стипендиялық бағдарламаларға қатысуларына барынша мүмкіндік беруде.

Әдебиеттер тізімі

1. Шетел азаматтарына арналған дайындық факультеті. Алматы, 2009. 15-17 бб.
2. Шетел азаматтарына арналған дайындық факультеті. Алматы, 2009. 38-39 бб
3. Ван Сяо. Личностный адаптационный ресурс китайских студентов-первокурсников. Автореферат Санкт-Петербург, 2017. 3-4 стр.
4. «Қазіргі заманғы білім берудегі инновациялық бағыттар» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Алматы, Қазақ университеті 2016.3 б.
5. Сонда 39-41 бб.

ӘӨЖ 391

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ КИІМДЕРІ МЕН ӘШЕКЕЙ БҰЙЫМДАРЫНЫҢ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Шолпанбаева Г.А.,

педагогика ғылымдарының магистрі,

филология және практикалық лингвистика кафедрасының аға оқытушысы,

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті,

Футман Е.,

Шетел филологиясы ББ 1-курс студенті,

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті,

Қостанай қ., Қазақстан

gaziza.sholpanbaeva@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада қазақ халқының ұлттық киімдері мен әшекей бұйымдарының этнолингвистикалық сипаты қарастырылады. Ұлттық киімдер мен әшекейлер – қазақ мәдениетінің маңызды бөліктері ғана емес, сонымен қатар ұлттың салт-дәстүрі, дүниетанымы, әлеуметтік мәртебесі, жас ерекшелігі туралы ақпарат беретін мәдениет коды ретінде танылады. Қазақ халқының киім үлгілері мен әшекей атаулары тілдегі көптеген лексикалық қабаттарды, көнерген сөздерді және олардың мағыналық ерекшеліктерін сақтайды. Киім мен әшекей атауларының шығу төркіні, олардың әртүрлі мәндері мен семантикалық өзгерістері этнолингвистикалық тұрғыдан талданып, ұлттық мәдениеттің тілдік көрінісі ретінде сипатталады.

Түйін сөздер: қазақ халқы, ұлттық киімдер, әшекей бұйымдар, этнолингвистика, салт-дәстүр.

Аннотация. В статье рассматривается этнолингвистический аспект традиционной одежды и украшений казахского народа. Национальная одежда и украшения – это не только важные элементы казахской культуры, но и культурный код, несущий информацию о традициях, мировоззрении, социальном статусе и возрастных особенностях народа. Одежда и названия украшений казахов сохраняют множество лексических пластов языка, архаичные слова и их семантические особенности. Происхождение названий одежды и украшений, их различные значения и семантические изменения анализируются с этнолингвистической точки зрения и рассматриваются как языковое отражение национальной культуры.

Ключевые слова: казахский народ, национальная одежда, украшения, этнолингвистика, традиции.

Abstract. The article examines the ethnolinguistic aspects of traditional clothing and jewelry of the Kazakh people. National clothing and jewelry are not only significant elements of Kazakh culture but also serve as a cultural code that conveys information about the people's traditions, worldview, social status, and age distinctions. Kazakh clothing and jewelry terminology preserves many lexical layers, archaic words, and their semantic features. The origins of clothing and jewelry names, along with their varied meanings and semantic shifts, are analyzed from an ethnolinguistic perspective and presented as a linguistic reflection of national culture.

Key words: Kazakh people, national clothes, jewelry, ethnolinguistics, traditions.

Кіріспе

Кез келген ұлттың ерекшелігі көбінде этностың салт-дәстүрінен, сана-сезімінен, әдет-ғұрпынан байқалады. Әдет-ғұрып пен салт-дәстүр халықтың мәдени, тұрмыстық, дүниетанымдық жағдайларына байланысты қалыптасады да, тіл арқылы ғасырлар бойы ұрпақтанұрпаққа мұра болып беріліп отырады.

Ұлт, тіл, мәдениет – бір-бірімен тығыз байланыстағы ұғымдар. Бұл соңғы жылдары қалыптаса бастаған лингвомәдениеттану пәні зерттейді. В.В. Воровьев пен В.Н. Телияның

зерттеулерінің негізгі ой желісі барысында туды. Бұл ғылым саласы лингвистика мен мәдениеттану пәндерінің бірігуінен пайда бола келіп, этнос мәдениетінің тілге әсер етуін қарастырады. Бұған дейін ұлттың тілі мен мәдениетінің ерекшеліктерін, олардың өзара байланысын ғалымдар этнолингвистика пәнінің негізінде зерттеп келді. XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың алғашқы жартысындағы И.Г. Гердер, В. Гумбольдт еңбектерінен этнолингвистикалық көзқарастар байқалады. Қазақ тіл білімінде этнолингвистиканың ғылыми-теориялық алғышарттары Ә.Т. Қайдар, Е. Жанпейісов, М.М. Копыленко, т.б. ғалымдардың зерттеулерінде жасалса, Р. Сыздық, Ш.Ш. Сарыбаев, О. Нақысбеков, Т. Жанұзақов, Б. Қалиев, Н. Уәлиев, Ж.А. Манкеева, С. Сәтенова, Р. Шойбеков т.б. ғалымдардың жұмыстарынан этностың рухани-материалдық мәдениетіне қатысты этнолексиканың зерттелуіне байланысты құнды деректерді кездестіруге болады.

Ә. Қайдаров ойына жүгінетін болсақ: «Этнолингвистика, егер оның түп-тамырына үңілсек, этнография мен лингвистиканың жай қосындысы емес, бір шаңырақ астында әрқайсысы өз бетінше тон пішіп, өзінің жырын жырлайтын шартты түрде ғана қосарласқан дүние емес, этнолингвистиканың нысаны – этнос және оның тілі. Тілсіз этнос, этноссыз тіл өмір сүрмейді»[1].

Демек, этностың өткен жолы тілдің этномәдени қорында сақтаулы. Сондықтан да қазақ халқы туылғанда «ит көйлектен» бастап, өлгенде «ақыретке» дейін денесін киім-кешек, әшекей-бұйыммен қымтап, адам өмірі үшін аса маңызды киімнің және қолөнер туындыларының жасалуына үлкен мән берген. Оны қажетіне тұтына білуіне этностың талғамы мен танымы өте жоғары болған. Осыған байланысты ұлт өмірінде үлкен мәнге ие болған бірнеше зергерлік бұйымдар мен киім атауларының, оның ішінде әйел бас киім атауларының этномәдени табиғатын ашуға тырыстық.

Материалдар мен әдістер.

Мақаланы жазу барысында тарихи және тілдік деректер жинақталып, мәдениеттанулық және этнографиялық зерттеулер қарастырылды. Сондай-ақ нәтижелерді шығару барысында семантикалық талдау әдісі мен салыстармалы әдіс қолданылды.

Нәтижелер мен талқылаулар.

Қазақтың ұлттық киім үлгілерінің ішінен семантикалық статусы өте жоғарысы – бас киім.

Қазақ ғұрпында бас киім көріктілік пен сәнділікті, баршылықты білдіретін қасиетті киім саналған. Қазақ әйелдерінің бас киімдері олардың жасы мен отбасы жағдайына байланысты бір-бірінен көп ерекшеленіп отырған. Жазды күні қыздар түрлі-түсті жібек, барқыт, мақпалдан тігілген, төбесі жайпақ, дөңгелек тақия киген. Қыздардың негізгі киетін бас киімі кәмшат бөрік болған. Әйелдердің ең қымбат бас киімі қалыңдықтың тойға киетін сәукелесі есептелген. Ері бар егде тартқан әйелдер әшекейі жоқ, ақ матадан тігілген бас киім киген немесе жаулық тартқан.

Тақия. Үкілі тақия қазақ қыздарының ерекше ұнатып киетін бас киімі. Ол ұлттық өрнек мәнеріне тігілуіне қарай әр түрлі болған. Қыздардың тақиясы қызыл, күлгін, жасыл т.б. түстермен, шұға, барқыт, мәуіті сияқты маталармен тігіледі. Түрлі-түсті моншақ-маржан, алтын, күміс теңгелер және асыл тастармен безендірілген. Үкінің үлпілдек қауырсыны әсемдік үшін тақияны төбесіне қадайды. Бұл қазақ халқының арасына көне діни ұғымға байланысты үкі құсын «қасиетті құс» деп тотем тұтқандығынан пайда болған. Тақия – кестелеп, сырып тігілген дөңгелек, жеңіл бас киім.

Сәукеле – ұзатылған қыз киетін бас киім. Оны арнайы басылған, ақ киізден немесе арасына жүн салып сырыған матадан жасап, сыртын арнайы барқыт, атлас, мәуіті, шұға сияқты қымбат маталармен қаптайды. Шетіне құндыз, кәмшат терісі ұсталады. Сәукеле үш қарыс шамасындай болып, өн бойына алтын, күміс, меруерт-маржаннан әшекей тағылып, сыртын жібек жіппен кестеленеді және арнайы күмістен жасалған төбелдір маңдайшасы болады. Сыртында жерге жететін, ақ жібек жаулық болады. Сәукеленің өн бойына зергерлік әшекейлер мен асыл тастар қадағанда, тіл көзден сақтау үшін, ал өте биік бас киім – қыз мәртебесін асқақтатып, қазақтың дүниетанымының жоғары екенін танытқан. «Сәукеле» лексемасы «сәу»

және «келе» толық мағыналы екі сөзден құралған. «Сәу» компоненті көпшілік түркі тілдерінде кездеседі: көне түркі тілінде сау – дені сау, бүтін, жақсы; тат. сау – бүтін, т.б. Ал екінші компонентін қарастыратын болсақ, қырғ. күлә – «шолманың астына киілетін тақия, конустәрізді бас киім», чаг. кулык – «бас киім», азер. гүллә – «мұнара» мағыналарында берілген [2]. Е.Жанпейісовтың докторлық диссертациясында «сәукеле» сөзінің этимологиясы жайлы былай дейді: «әр түрлі тілдердегі саукеле компоненті: парсы тілінен келген «сау/сәу/» – «бүкіл, толығымен» мағынасын білдіреді; ал «келе» компоненті бас киімнің атауы ретінде оның негізгі ерекшелігі – конустәрізділігімен, салыстырмалы ұзаруымен байланысты» [3].

Қазақтың сәнді бас киімінің бір түрі – қарқара. Шоқ қауырсын қадалған мұндай ерекше ғұрыптық мәні бар қарқараны әлеуметтік деңгейі жоғары әйелдері мен қыздар киген. Тілдік деректерде қарқара атауына байланысты мынадай өлең жолдары кездеседі:

Сол Айбас тоқтамады тағыз шапты,

Тамам жолдың мәнісін оймен тапты.

Қыздың берген қарқарасы түсіп қалып,

Қарқаралы тау атын қоя сапты (Қозы Көрпеш – Баян сұлу)

Бірақ Қарқара деген бас киімнің аталуына байланысты Н.Уәлиев «Қарқара – қыздар киетін бас киім. Бірақ бас киімге ұқсас болғандықтан, Қарқаралы аталған десек жансақтық болар еді» дей келе, бас киімнің қарқара деп аталу себебін құстың атауымен байланыстырады: «Ерте кезде ырым етіп қыздардың, балалардың киімдеріне үкі тағатын. Қарқара – құстың аты. Бұл құсты да бұрынғы кезде қасиетті көріп, бас киімге қауырсынын тағатын болған. Қарқара қауырсыны кейініректе, әшекей ретінде қолданыла келіп, бас киім атауына айналған. Сонымен, қарқараның (құстың) мекен еткен жерлері Қарқаралы, Қарқара деп аталғандығы белгілі» [4].

Кимешек – көбінесе, ақ матадан немесе, ақ жібектен тігілетін бас киім. Кимешек басты, кеудені, арқаны жауып тұратын болған. Оның жиектерін көмкеріп кестелейді. Жас келіншектердің бет жақтауы жалпақтау болып, кестесі де көркем тігіледі. Мосқал тартқан әйелдердің кимешегінің бет жақтауы тар болады. Бірақ әшекеленбейді. Кимешектің қазақ рулары мен тайпаларының өзгеше болуына байланысты әртүрлі үлгілері болады. Кимешекті 25-40 жас аралығындағы әйелдер киген. В.В.Радлов сөздігінде «кимашак – егде жастағы әйелдер киетін бас киім» деп түсіндіреді. Әйтсе де, маңдайы оқалы, биік сұлама кимешек әйелдің өңіне салтанатты кейіп береді.

Жаулық – әйелдер басына тартатын орамал. Жаулықтың жібектен, матадан, жүннен жұқа етіп тоқылғаны да, қалың етіп тоқылғаны да болады. Жүннен қалыңдап тоқығанын «бөртпе» деп атайды. Жібектен не матадан шашақ шығармай тоқыған түрін «салы» деп те атаған. Қазақ әйелдерінің жас ерекшелігіне қарай жаулық әртүрлі болады. Бұл сөз түркі тілдерінің бәрінде-де кездеседі. Түркі тілдерінің этимологиялық сөздігінде бұл сөзге төмендегідей анықтама береді: «орамал (йағлик) – май сүртетін нәрсе». М.Асамутдинов бұл сөздің түбірін «jar» деп алып, «жабу, орау» деген мағынаны білдіреді дейді. Жаулықты бертін келе «орамал» деп атаған. В.В.Радлов жаулық сөзін екі компоненттен (жау+лық) тұрады дейді де, бірақ этимологиялық жағын анық көрсетпейді.

Бүркіншек – басқа салатын жамылғы.

Ақ бүркеншік салған жұрт,

Ал ендігін жаққан жұрт

Қызыл маржан таққан жұрт

(Едіге батыр) – деген өлең жолдарындағы мысалдан Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігіндегі *бүрке*, *бүркеулі*, *бүркеусіз~бүркеншікті* т.б. сөздердің бір түбірден өрбіп, *бүркеу*, яғни «жамылу» мағынасында дәл келетінін байқаймыз. Бұл сөз XI ғ. түркітанушысы М.Қашқаридың сөздігінде: «бүрүншүк – қатындар бүркенетін нәрсе» деп түсіндіреді.

Бөрік – елтіріден, аң терісінен істелген, матамен тысталған, құлақсыз бас киім (ҚТТС, 427-б). Бөрік қазақтың ертеден келе жатқан ұлттық бас киімі болып, қыстық және жаздық бөрік болып бөлінеді. Қыстық бөрік ішіне жүн немесе мақта салып тігіледі. Ал жаздық бөрік мақта салынбай, қос астарланып тігіледі. «Бөрік» сөзі түркі тілді халықтардың бәріне ортақ

сөз. Бұл лексеманың этимологиясы жайлы ғалымдар әртүрлі пікір айтады. Көрнекті түркітанушы ғалым Н.К. Дмитриев бөріктің аң терісінен жасалуына байланысты бұл атауды «бөрі» сөзімен байланыстырады. В.В. Радлов «кәмшат, құндыз» дегеннен шыққан дейді де, мынандай мысалдар келтіреді: «камчат бурік – құндыздың терісінен жасалған бас киім». Көне түркі тілінде burk – «бас киім» мағынасында қолданылған. Етістіктен (-ық, -к, -к, -ақ, -ек) есім тудырушы жұрнақ болғандықтан бөрік сөзін туынды түбір (бор+ік) деп қарап, бұл сөздің сөз тудырушы моделін тіліміздегі бөлік, қонақ, көрік есім сөздермен және ішік, етік, көйлек т.б. киім атауларымен салыстырамыз.

Сөйтіп, бөрік сөзі бүр-бүру, бүркес етістігімен де байланысты болу керек деп топшылаймыз. Себебі, монғол тілінде «бүрээс – бүркегіш; бүрхээк – бүркеу, үстінен жабу» мағыналарын берген.

Ата-бабалырымыз зергерлік бұйымдарға ат қойып, айдар таққанда олардың негізгі мәнді белгілеріне баса назар аударса керек. Ұлттық қолөнердің рухани мәдениетпен тығыз байланыстылығын, атап айтсақ, қазақтың салт-дәстүрлері, наным-сенімдері, тыйымдары, ырымдарының күнделікті тұрмыста қолданылатын қолөнер бұйымдарына қатыстылығы ұлт мәдениетін танудағы өзекті мәселе екені белгілі. Сондықтан тілімізде зергерлік өнер лексикасын құрайтын атаулар молынан кездеседі. Сонымен қатар олар халқымыздың өткен дәуірлердегі танымдық санасы мен материалдық мәдениеті дәрежесі туралы мол ақпарат береді.

Әйкел – мойынға тағатын, алтын немесе күмістен жасалатын металл әшекейінің көне атауы. Әйкел осындай мағынада және одан басқашалау мағыналарда өзбек, қарақалпақ, тәжік, түрікмен, т.б. тілдерде кездеседі. Өзбек тілінде «хайкал – мойынға тағатын әшекей зат», қарақалпақ тілінде «хайкел – әйелдердің көкірегіне тағатын, алтын металдан жасалған сәндік бұйым», заваршан тәжіктердің тілінде «әйкел – ХХ ғасыр басында тіл-көз тимейді деген түсінік бойынша міндетті түрде адамдарға және үй жануарларына тағылатын тұмар». Байырғы ортада мұндай әйкелді сәндік үшін және тіл-көз тимесін деген мақсатта таққан. Әйкел үш бөліктен тұрады. Жоғарғы бөлігі мойынға моншақ сияқты етіп тағылатын екі қатар күміс шынжырдан құрастырылған. Әйкелдің негізі болып саналатын қақталған күміс тақта алақанының ортасына ою-өрнек жүргізілген, сонымен қатар ортасында екі шетінен ашылыпжабылатын, төрт қасты түтік орнатылған. ашпалы-жаппалы түтіктің ішіне дұға жазылған қағаз, тұмар салынады. Әйкелдің үшінші бөлігі күміс тақтаның астындағы және күміс түтіктің екі шетіндегі тойнақтармен байланысатын шынжырлы салпыншықтардан тұрады.

Құдағи жүзік. Жүзіктер бұрын сонды дәстүрлер бойынша, адамдардың бір-біріне сый-сыяпат көрсету, сәлемдеме жіберу, естелік-базарлық беруге пайдаланып келген бұйымдарының бірі болып саналған. Бұл атаудың пайда болуы қазақтың бұрынғы салтына байланысты болған. Құдағи жүзік – жастардың үйлену тойында қыз шешесінің құдағиына сыйлайтын жүзігі. Ол әдетте ертеде Батыс Қазақстан өңірлерінде жиі кездескен. Жүзік астындағы қос дөңгелек – екі жастың ұзақ уақыт бірге өмір сүруіне, қосағымен қоса ағаруына, бақытты болуларына тілектестіктің белгісі болған. Яғни мұндай жүзіктің аты құдағилардың бір-біріне жүзік сыйлау салты уәжімен байланысты осылайша аталған.

Құстұмсық жүзік – бір саусаққа салатын, үсті құс тұмсығы сияқты сүйір болып жасалған жүзік. Қазақ ұғымында құс – еркіндіктің, бақыттың символы. Бұрынғы салт бойынша, күйеуге ұзатылған қыз белгілі бір уақыттан кейін төркініне сәлемдеме жібереді екен. Сәлемдемеде ұзатылған қыз келін боп түскеннен кейінгі тұрмыс жағдайын ою-өрнекпен немесе басқа бір зат арқылы тұспалмен жеткізуі шарт болған. Осы салт бойынша, қыз сәлемдемесінде алақандай жарғақ, оның бетіне бойы сарайған ұзын және өте жіңішке, арық адамның бейнесі кестеленсе, оның жанында дөп-дөңгелек, жуан адам тұрпаты бейнеленсе, бұл белгіге қарап қыздың төркіні ұзатылған қызының «отырса опақ, тұрса сопақ» болған мүшкіл халін түсінген. ал қыздан құсмұрын бейнесі салынған сәлемдеме, мысалы, құстұмсық оюлы тұскиіз, басқұр сияқты зат немесе сәлемдеме ішінде құстұмсық жүзік болса ата-анасы қуанып, ауыл-аймағын шақырып, қуанышын атап өтуді әдет еткен екен. [5]

Қорытынды

Қорыта айтсақ, киім-кешек және зергерлік бұйымдардың атаулары – этностың күллі тұрмыс-тіршілігін айқындаудың таным айнасы, саналы ғұмыры мен ғасырлар мәдениетінің тұнып тұрған мұражайы. Киім арқылы оның иесі қай елдің өкілі екенін, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі, әлеуметтік-иерархиялық мәртебесі мен қызметін т.б. белгілерін ажыратуға болады. Демек, киімнің негізгі функциясы – табиғи ортаның суығы мен ыстығынан, жауын-шашыны мен жел-құзынан қорғаумен қатар, ұлт жаратылысының қалыптасуы мен кемелденуінің ұзақ ғұмырнамалық рухани парасат келбетін танытатын этнографиялық, философиялық, мифологиялық әрі тәлім-тәрбиелік түрлі қыр-сырынан, ақпарат беріп, бойына сан алуан қызмет жүктеген синкретті ұғым. Ал зергерлік бұйымдар – тек сән мен әсемдіктің белгісі ғана емес, сондай-ақ қазақ халқының рухани болмысы мен ой-арманының қиял-ғажайыбының нәтижесінен материалдық лексиканың құнарлы қабатын құрайтын қол өнері туындылары. Сондықтан әйел қолөнеріне байланысты атаулар қазақ әйелдерінің саналы шығармашылық еңбегінің, эстетикалық талғамының деңгейін және табиғатты игеру тәжірибесінің, рухани танымының жетістігін көрсетеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Қайдаров Ә.Т. Этнолингвистика // Білім және еңбек, 1985. – № 10.
2. Аймауытова Ә.Б. Қазақ тіліндегі киім атауларының этнолингвистикалық табиғаты. фил.канд.дисс., – Алматы, 2004 ж. – 28 б.
3. Жанпейсов, Е. Н. Этнокультурная лексика казахского языка [Текст]: на материалах произведений М.Ауэзова / Е. Н. Жанпейсов. – Алма-Ата: Наука, 1989. – 288 б.
4. Уәлиев Н. Сөз мәдениеті. – А., Мектеп, 1984.
5. Ә. Тәжімұратов. Шебердің қолы ортақ. – Алматы, 1977.

УДК 613.9

К ВОПРОСУ О СОВРЕМЕННОЙ КУЛЬТУРЕ КАЗАХОВ

Глеуғабылова К.С.

старший преподаватель кафедры общеобразовательных дисциплин

магистр гуманитарных наук

Министерство внутренних дел Республики Казахстан

Карагандинская академия им. Б. Бейсенова

г.Караганда, Казахстан

E-mail: kair_st@mail.ru

Аннотация. В статье дан анализ современной культуре казахов в частности проблемы жилища, факторы изменений в строении жилища, о месте и роли жилища в жизни людей можно сделать вывод о тесной и непрерывной преемственности материальной культуры древних племен с культурой сформировавшегося позднее казахов. Важной является эстетическая сущность и значение исторического наследия, так как любая древняя культура может служить питательной средой для нравственного и эстетического воспитания человека. Кроме того, национальные достижения прошлого всегда являются исходной точкой для нового шага в поступательном движении культуры современности.

Ключевые слова: Казахстан, культура, древность, современность, жилища, интерьер, орнамент, национальное, самовыражение, казахи, традиции.

Аңдатпа. Мақалада қазақтардың қазіргі мәдениетіне, атап айтқанда, тұрғын үй мәселесіне, тұрғын үй құрылымындағы өзгерістер факторларына, адамдардың өміріндегі тұрғын үйдің орны мен рөліне талдау жасалған, тығыз және үздіксіз сабақтастық бар деп қорытынды жасауға болады. Ежелгі тайпалардың материалдық мәдениетінің қазақтардың

кейін қалыптасқан мәдениетімен тығыз байланысты. Тарихи мұраның эстетикалық мәні мен маңызы өте зор, өйткені кез келген көне мәдениет адамды адамгершілік-эстетикалық тәрбиелеуге негіз бола алады. Сонымен қатар, өткендегі ұлттық жетістіктер әрқашан заманауи мәдениеттің алға жылжуындағы жаңа қадамның бастау нүктесі болып табылады.

Түйін сөздер: Қазақстан, мәдениет, көне заман, қазіргі заман, тұрғын үй, интерьер, ою-өрнек, ұлттық, өзін-өзі көрсету, қазақтар, салт-дәстүр.

Современный суверенный Казахстан, переживает период национального возрождения. Возрастающий интерес к истории своего народа, к своей национальной культуре, к истокам формирования этноса и его эволюции в системе общемировой цивилизации – реалии, характерные для всего постсоветского пространства на рубеже веков, называемого отдельными исследователями временем «взбунтовавшейся этничности» или «нового национального возрождения» [1, с.5]. Этот этнический процесс в полной мере относится и к казахскому этносу, поскольку ранее имело место сознательное изживание и уничтожение культурных традиций на протяжении всего двадцатого века. За семидесятилетний советский период в Казахстане боролись с традициями как с «пережитками прошлого». Однако никакие общественно-политические, экономические процессы не смогли «затушевать» этническую индивидуальность и национальное самовыражение казахского этноса. В связи с этим позитивное обращение к истории своего народа, собственным национально-культурным корням прослеживается во всех сферах жизни общества.

Еще в 30-е годы американский ученый Л.Берталанфи разработал общую теорию систем, в которой заключалась идея целостности исследуемых объектов и единства их внутренней динамики [1. с.110]. Эта теория систем была в дальнейшем разработана советскими учеными и применена ими в гуманитарной области знаний, в частности, в этнографии. Суть системного изучения заключается в том, что три составные географического ландшафта (человек, общественное производство, природа) взаимосвязаны и взаимообусловлены, ибо социальные и этнические процессы, происходящие на Земле есть ничто иное как «история природы и история людей» [2. с.45].

«Жилище человека, - писал С.А. Токарев, - выполняет подобно одежде ту элементарную функцию защиты от внешней среды, которая вполне аналогична и даже тождественна параллельным явлениям в мире животных: палеолитическая пещера, ветровой заслон, землянка или шалаш древнего человека по этой своей первичной функции не отличается от норы и берлоги зверя, птичьего гнезда. Но из этого общеизвестного и элементарного факта вытекают чисто социальные последствия, превращающие человеческое жилище в историческую категорию с неисчерпаемым и чрезвычайно изменчивым содержанием» [3. с. 17].

На основе анализа трудов известных ученых таких как: Востров В.В., Харузин Н.Н., Захарова И.В., Маргулан А.М., Акишев К.А., Сенигова Т.Н., Байпаков К.М. [4.с.21] изучавших проблемы жилища, факторы изменений в строении жилища, о месте и роли жилища в жизни людей можно сделать вывод о тесной и непрерывной преемственности материальной культуры древних племен с культурой сформировавшегося позднее казахов. Каждый народ создает то, что ему выгодно, сообразуясь с природной средой. Исследователь переносных жилищ Н.Харузин писал в конце XIXв: «Кибитки, в которых кочуют в настоящее время многие тюркские и монгольские народности, оказываются в общих чертах, почти совершенно такими же, какими были по описанию лиц, имевших случай познакомиться с этими народами за несколько веков до нашего времени. Но чтобы достигнуть этой формы жилища, монголу или тюрку пришлось пройти длинный путь» [5. с.56].

Юрта - древнетюркский тип в дальнейшем совершенствовался и приобрел этнические особенности у тюрко-монгольских народов. Путешественник Ал-Якуби (IX в.) с восхищением писал о ребристых шатрах тюрков, покрытых войлоком. Ибн Фадлан, который посетил в X в. по территории нынешнего Западного Казахстана, писал о куполообразной тюркской юрте из войлока. Гильом де Рубрук во время своего путешествия (1252-1254гг.) писал о “войлочных

тюркских повозках: дом, в котором они спят, ставят на колеса из сплетенных прутьев, бревнами ему служат прутья, сходящиеся ввысь шейка, наподобие печной трубы: ее они покрывают белым войлоком, чаще же пропитывают войлок известкой, белой землей и порошком из костей, чтобы он сверкал ярче, а иногда берут они черный войлок. Этот войлок около верхней шейки украшают красивой и разнообразный от пестроты. Именно они сшивают цветной войлок или другой, с оставляя лозы и деревья, птиц и зверей”. Ибн-Батута, посетив Дешт-и Кыпчак в первой половине XVI в., писал: «...на телегах устанавливают кибитки из разных деревянных палок, скрепленных между собой ремешком из тонкой кожи. Снаружи кибитки прикрываются кошмами или другой разной материей. Телеги имеют вставленные окна...». [6. с.76].

Естественно, эволюция переносного жилища от простейших форм к совершенным невозможна без творческой, целенаправленной деятельности человека. Совершенствовался человек как историческая категория, совершенствовалось и его жилище.

Некоторые традиционные жилища, пройдя через века, бытуют и ныне, Э. Реклю писал, что «нет такой формы жилища, не такого типа хижины или шалаша, примеров которого не сохранилось бы в употреблении до настоящего времени». [7. с.13]. Бесспорно, первоначальной формой основания жилища был круг, и он был взят человеком из природы – таковыми были муравейники, гнезда птиц. Взяв форму у природы, человек, как разумное существо, совершенствовал ее сообразно своим жизненным потребностям. Жилище казахского народа — замечательный памятник материальной культуры. Оно делилось на зимнее и летнее, отличаясь величиной и конструкцией, предназначением. В летнее время казахи жили в легких переносных жилищах, зимой—в постоянных теплых помещениях: «агашуй», «жеруй», «кара там». Юрта — разборное жилище, изготовленное из дерева и войлока, состояло из «кереге» — остова (деревянная решетка), сферического купола — «шанрак», радиально расположенных жердей (уык). Размер юрты зависел от количества крыльев — канат (частей кереге). Юрта, состоящая из 12 крыльев, имела площадь в 100—120 кв. м. 12,-15,-18 — канатные юрты существовали с XII в. до начала XIX в. Каждая решетка (кереге) состоит из 36 планок — «саганак», изогнутых посередине. Решетки бывают двух видов: из массивных планок мелкой квадратной сеткой — «тор коз» и тонких планок крупной сеткой — «жел коз». Вход в юрту, обращенный обычно на юг, имеет форму прямоугольного проема. Двустворчатые двери часто покрывались резьбой. Решетка каркаса юрты снаружи обкладывалась циновками из тростника — шымши. Поверх циновок каркас юрты покрывался войлоком. От середины свода до земли юрту покрывали туырлыки, от шанырака до низа свода- узуки. Войлочные покрытия скреплялись с корпусом веревками и узорными лентами — бсьдеу. Свод юрты украшался подвесными ковровыми дорожками, полосками и лентами с бахромой и кистями из разноцветных шерстяных нитей. По своему назначению юрты делились на три основных типа. Парадные юрты, предназначенные для приема гостей, отличались большим размером и богатым убранством. Парадные юрты состояли минимум из двенадцати канатов, покрывались белыми войлоком и шелком. Наиболее богатыми по убранству были свадебные юрты — отау. Юрты, служившие жилищем, были меньшего размера. Маленькие походные юрты могли перевозиться на одном верблюде или даже на лошади. Кроме того, были юрты, использовавшиеся как склады и другие подсобные помещения. Походные юрты можно отнести к типу специализированных, предназначавшихся для военных походов или пастухов и табунщиков. Наиболее простым переносным жилищем был шатер — «курке», состоявший из уыков, поставленных конусом и покрытых войлоком. Чаще использовались в походах юрты «жоламауы», состоявшие из трех-четырёх решеток — кереге и уыков. Кроме того, казахи во время кочевков использовали вместительные подвижные жилища на колесах куйме. Они покрывались тканью, войлоком или кожей разнообразной окраски. В куйме жили дети и женщины. Центр юрты — ошак — служил местом приготовления пищи и обогрева в холодное время. Напротив, входа находилось почетное место юрты — тор — для гостей и заслуженных людей. Пространство у двери называлось «босага». Направо от входа располагались утварь и посуда, слева — конская сбруя. Направо от босага стояла кровать хозяев дома, отделенная

занавеской — шымылдык. Убранство юрты состояло из различных деревянных и кожаных предметов, изделий из войлока, циновок и ковров. Широко распространены были войлочные ковры текемет, войлочные ковры с аппликациями — сырмык, менее — тканые ковры клем. Существовало два вида ковров—безворсовые — такырклем — и ворсовые—туктиклем. Богатые войлочные настенные ковры, орнаментированные аппликациями, инкрустацией и вышивкой, назывались «тускииз». Утварь и посуда хранились в подвесных сумках (аяк-кап), войлочных коробках (шабдан), ковровых сумках (коржын), состоящих из двух равных карманов и соединяющих их переметной частью. Непременным атрибутом каждой юрты были сундуки. Деревянные предметы — подставки — (жук аяк), коробки для продуктов (кебеже) (адалба-кан) украшались художественной резьбой. Во многих районах Казахстана были распространены постоянные жилища из дерева, камней, сырцового кирпичам дерна. По материалу изготовления их называли «агашуй», «жеруй», «кирпишуй». Площадь дома зависела от материального состояния хозяина и состава семьи, но в целом оно было максимально приспособлено к кочевому образу жизни [8 с.56].

Таким образом, географическая среда, хозяйственно – культурный тип, историко-этнографические особенности должны учитываться при изучении истории жилища

Казахский стиль относится к этническим стилям и основан он на трех главных правилах – на естественности, простоте и максимальной приближенности к устоявшимся за многие века ценностям. Для оформления дома в казахском стиле современные дизайнеры используют отдельные детали и элементы национального стиля, грамотно сочетая их между собой и с вещами современной эпохи.

Современный дизайн в казахском стиле основан на повышенном внимании к центральному помещению дома. Органично в этот стиль впишется радиальное расположение всех предметов интерьера. Это позволяет добиться ощущения официальности и спокойной стабильности, как при симметричном уравнивании. Дизайн с радиальным балансом – это размещение отдельных предметов вокруг одного, объединяющего все элементы в законченную композицию. Самый известный пример, соответствующий подобному стилю, – это стол в центре комнаты, при размещении другой мебели отталкиваются именно от этой срединной структуры. Современный казахский дизайн центром главной комнаты может сделать биокамин, вокруг которого на разном расстоянии можно расположить зону отдыха из дивана и кресел, зону стола, светильники, комоды, шкафы. Интерьер, оформленный по радиальному принципу, дает возможность следовать разнообразным вариациям при установке всей мебели. Казахский стиль предусматривает нанесение на стены особого декоративного покрытия, воссоздающего эффект потрескавшейся от зноя почвы, среди дизайнеров он обозначается термином «craking».

Сторона, расположенная прямо напротив двери (за очагом), считалась у казахов священным местом, где можно было ощутить связь с небом и спокойно почтить предков. В этом месте размещались самые дорогие семейные реликвии, талисманы, предметы религии, которые связывали воедино несколько поколений одного рода. В настоящие дни интерьер этой зоны в соответствии с казахским стилем можно украсить фотографиями, ценными для семьи вещами. Здесь же всегда можно принять особо почетного гостя.

Национальный колорит в интерьере можно соблюсти, если преимущественно использовать натуральные материалы и определенные геометрические формы, присущие быту кочевников. В обоях приветствуются фольклорные мотивы, их же можно использовать в текстиле и обивке мебели.

Для интерьера в казахском стиле характерно использование дерева, металла, камня. Украшать любые предметы интерьера можно яркой расцветкой – оранжевой, бордовой, бирюзовой, зеленой, сиреневой, желтой. Интерьер непременно должен быть декорирован традиционными казахскими узорами. Классический орнамент народности до сих пор не утратил своей яркости, он оптимально подходит для больших площадей, не нарушает структурности пространства. Народные мастера обладали особым умением сочетать форму вещи с ее декорированием. Этнический колорит будет полностью соблюден, если в интерьере

использовать войлочные картины с изображением сцен из мифов, обереги из зубов и костей диких животных, рога и чучела животных и птиц. Органично в декор впишутся национальные инструменты музыкантов – кобыз и домбра. Для казахов важно было использование предметов из дерева, сейчас эту роль могут сыграть комнатные растения или своеобразные предметы декора из коряг, сучков.

При разработке современного дизайна интерьера в Казахстане, используют приемы оформления, свойственные европейской классике, сочетались бы с приемами казахского декоративного искусства. Народное декоративно-прикладное искусство являлось основным в Казахстане на протяжении столетий в условиях скотоводческо-кочевнического хозяйства. Юрта, бытовые предметы, одежда - все украшалось самобытным казахским узором, корни которого уходят в глубь веков. Для него характерны асимметричность композиции, плоскостность рисунка, четкость крупных форм, объединенных цветом и ритмом. Народные названия элементов узора - "бараньи рога", "верблюжий след", "голова змеи" и др. дают представление о реальных основах и связи с сакским "звериным стилем" [9. с.33].

Саки - народ, населявший Казахстан в VII - IV вв. до н.э. Их искусство было одним из важнейших звеньев скифской культуры. Для него характерны были изображения реальных и фантастических зверей, входящие в круг "звериного стиля": баранов, козлов, оленей, птиц, крылатых пантер и драконов [1. с. 79]. В художественных изделиях первых веков н.э. преобладает геометрический орнамент. В убранстве интерьера юрты главную роль играли узорчатые войлоки - "текемет" и "сырмок". Текемет - войлок с вваленным рисунком, главным образом белого и черного, а также желтого, розового и коричневого цветов (техника инкрустации). Для этих войлоков характерно сочетание белого и коричневого цветов в центре поля, красной ткани и белого войлока - в кайме. При этом мотивы фона и каймы повторяют друг друга. В орнаментике разнообразных тканых ковров и дорожек используются чередующиеся орнаментированные полосы. Для пестрых узорных безворсовых ковров характерно наличие каймы с рисунком, отличающимся от узоров поля. Фон ковров - красный, реже оранжевый и синий, узоры - многоцветные. Изделия из дерева (мебель, двери юрт, посуда, музыкальные инструменты) украшались преимущественно плоским рельефом, выжженным и расписным орнаментом, главным образом растительного характера. Отделка деревянных изделий осуществлялась ажурными костяными пластинами с растительным рисунком, в который вплетались мотивы рогов барана. [10. с.40].

Таким образом, очевидно влияние социально-экономических преобразований на весь ход истории, историю культуры и психологию народа, в том числе на брачно-семейные отношения казахов. В казахстанском обществе, находящемся сегодня в условиях интенсивной экономической, социально-политической и культурной трансформации, наряду с тенденцией все более возрастающей свободы выбора индивидуального стиля жизненного поведения наблюдается «вхождение» в повседневную жизнь казахов национальных ценностей, связанных с этнической традицией [11. с. 4]. Особенно отчетливо, по мнению современного казахстанского историка-этнографа С.Х. Шалгинбаевой [10. с. 8], это проявляется сегодня в урбанизированной городской среде титульного этноса республики. Композиционный анализ позволяет сделать выводы о приемах взаимосвязей в предметно-пространственной организации интерьера. Анализ композиционной взаимосвязи произведений прикладного искусства и архитектуры интерьера обнаруживает, что народные мастера, создавая элементы окружения, обладали развитой системой их масштабной гармонизации. Они соизмеряли габариты человеческого тела с величиной жилища и произведениями декоративно-прикладного искусства. Это считалось одной из важнейших предпосылок достижения масштабности самого произведения и органичного включения всех видов искусств во взаимодействие.

Список литературы

1. Алимбай Н., Муканов М.С., Аргынбаев Х. Традиционная культура жизнеобеспечения казахов. – Алматы: Гылым, 1998. – 233 с.
2. Гумилев Л.Н. Древние тюрки. Москва: 1989. – 660 с.
3. Токарев С.А. К методике этнографического изучения материально культуры // Советская этнография. № 4. 1970. - 176 с.
4. Байгабатова Н.К. Казахи Жетысу во второй половине XIX – начале XX вв. (историко-этнографическое исследование) / Диссертация на соискание ученой степени кандидата исторических наук. – Алматы, 2004. – 180 с.
5. Харузин Н. История развития жилища. – Павлодар., 2006. – 181 с.
6. Джанибеков У. Культура казахского ремесла. – Алма-Ата: Өнер, 1982. – 144
7. Исаева Э.М. Қазақ халқының баспанасы киіз үй. Қоғам және Дәуір №1.–2012.– 66 б.
8. Ходжаева Р.Д. Об источниках изучения казахской национальной одежды. // Вопросы этнографии и антропологии Казахстана. Т. XVI. – Алма-Ата: изд-во АН Каз ССР, 1994. – 192 с.
9. Хазанов А.М. Кочевники и внешний мир. – Алматы, 2000. – 604 с
10. Ажигали С. Народное зодчество казахов // Вестник культуры. – 2004.- 230 с.
11. Захарова И.В., Ходжаева Р.Д. Казахская национальная одежда (XIX- начало XX века). – Алма-Ата: Наука, 1989. – 178 с.

УДК 316.346.2(045)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ КӘСІПКЕРЛІКТІҢ ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Нурбекова Ш. К.

*Экономика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы
Халықаралық инженерлік-технологиялық университет,
Алматы қ., Қазақстан
shinarn@mail.ru*

Аннотация. Статя исследует пути развития предпринимательства в Республике Казахстан. Автор анализирует текущее состояние деловой среды, выявляют основные проблемы и предлагают комплексный набор мер для стимулирования роста и развития предпринимательства. Рассматриваются такие аспекты, как улучшение доступа к финансированию, создание благоприятного инвестиционного климата, поддержка инноваций и предпринимательского образования. Автор подчеркивают важность создания экосистемы, способствующей развитию предпринимательства, и предлагают практические рекомендации по реализации этих мер. Статя представляет ценную информацию для исследователей, политиков, предпринимателей и всех заинтересованных сторон, стремящихся содействовать развитию предпринимательства в Казахстане. Она предоставляет комплексный обзор проблем и возможностей, а также практические рекомендации по улучшению деловой среды и стимулированию экономического роста.

Ключевые слова: государственная поддержка, инвестиции, инновации, микро-, малый и средний бизнес, предпринимательская экосистема, финансирование, образование и подготовка кадров, регуляторные реформы, цифровизация, экспортная деятельность

Андатпа. Мақала Қазақстан Республикасында кәсіпкерлікті дамыту жолдарын зерттейді. Автор іскерлік ортаның ағымдағы жай-күйін талдайды, негізгі проблемаларды анықтайды және кәсіпкерліктің өсуі мен дамуын ынталандыру үшін кешенді шаралар

жиынтығын ұсынады.

Қаржыландыруға қол жетімділікті жақсарту, қолайлы инвестициялық ахуал құру, инновациялар мен кәсіпкерлік білім беруді қолдау сияқты аспектілер қарастырылады. Автор кәсіпкерлікті дамытатын экожүйені құрудың маңыздылығын атап көрсетеді және осы шараларды жүзеге асыру бойынша практикалық ұсыныстар ұсынады. Мақала Қазақстанда кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесуге ұмтылатын зерттеушілер, саясаткерлер, кәсіпкерлер және барлық мүдделі тараптар үшін құнды ақпаратты ұсынады. Ол проблемалар мен мүмкіндіктерге жан-жақты шолу жасайды, сонымен қатар іскерлік ортаны жақсарту және экономикалық өсуді ынталандыру бойынша практикалық ұсыныстар береді.

Түйінді сөздер: мемлекеттік қолдау, инвестициялар, инновациялар, микро, шағын және орта бизнес, кәсіпкерлік экожүйе, қаржыландыру, білім беру және кадрлар даярлау, реттеуші реформалар, цифрландыру, экспорттық қызмет

Annotation. The article explores the ways of entrepreneurship development in the Republic of Kazakhstan. The author analyzes the current state of the business environment, identifies the main problems and offers a comprehensive set of measures to stimulate the growth and development of entrepreneurship. Such aspects as improving access to finance, creating a favorable investment climate, supporting innovation and entrepreneurial education are considered. The author emphasizes the importance of creating an ecosystem conducive to the development of entrepreneurship, and offers practical recommendations for the implementation of these measures.

The article provides valuable information for researchers, policy makers, entrepreneurs and all stakeholders seeking to promote entrepreneurship in Kazakhstan. It provides a comprehensive overview of challenges and opportunities, as well as practical recommendations for improving the business environment and stimulating economic growth.

Keywords: government support, investments, innovations, micro, small and medium-sized businesses, entrepreneurial ecosystem, financing, education and training, regulatory reforms, digitalization, export activities

Кәсіпкерлікті дамыту Қазақстанның экономикалық өсуі мен дамуының негізгі факторларының бірі болып табылады. Ел мұнай бағасының төмендеуі және жаһандық пандемия сияқты кейбір сын-қатерлерге тап болғанына қарамастан, Қазақстан Үкіметі кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған саясатты белсенді түрде ілгерілетуде.

2021 жылы Қазақстан Үкіметі "кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы" жаңа Заң қабылдады, ол елдегі кәсіпкерлікті қолдау шараларының неғұрлым кең спектрін көздейді. Сонымен қатар, соңғы жылдары іске қосылған көптеген басқа бағдарламалар бар, мысалы, "Бизнес 2025" және "Цифрлық Қазақстан".

Үкіметтің негізгі міндеттерінің бірі-бизнесті құру және тіркеу рәсімдерін жеңілдету. 2020 жылы Үкімет бизнесті бірнеше минут ішінде тіркеуге мүмкіндік беретін жаңа "электрондық үкімет" онлайн-сервисін енгізді. Бұл бизнесті тіркеуге кететін уақыт пен шығындарды айтарлықтай азайтады.

Сонымен қатар, Қазақстан Үкіметі кәсіпкерлердің әртүрлі санаттары үшін гранттар, жеңілдікті қарыздар және салықтық жеңілдіктер береді [1]. "Бизнес-2025" бағдарламасы аясында кәсіпкерлерге өз бизнесін дамытуға және кеңейтуге көмектесетін бизнес-инкубаторлар мен үдеткіштер құрылды.

Тағы бір маңызды бастама-цифрлық экономиканы дамыту. "Цифрлық Қазақстан" бағдарламасы аясында Қазақстан Үкіметі алдына экономика мен қоғамды цифрландыру процесін жеделдету міндетін қойып отыр. Бұл кәсіпкерлер үшін жаңа мүмкіндіктер туғызады және елдегі бизнес-ахуалды жақсартуға септігін тигізеді.

Қазақстан Үкіметі қабылдаған шаралардың нәтижесінде соңғы жылдары кәсіпкерлікті дамытуда кейбір нәтижелерге қол жеткізілді. Мысалы, 2020 жылы Қазақстан Doing Business рейтингінде 25-орынға ие болды, ол әлемнің түрлі елдеріндегі бизнес үшін ыңғайлылық

деңгейін бағалайды.

Алайда, Қазақстанда кәсіпкерлер кездесетін сын-қатерлер де бар. Мысалы, бюрократиялық процедуралар, көптеген рұқсаттар мен лицензияларды алу қажеттілігі және қаржыландыруға қол жеткізу мәселелері. Бұл проблемалар елдегі бизнесті дамытуды қиындатуы мүмкін [1].

Сонымен қатар, Қазақстандағы салық жүйесі күрделі болуы мүмкін және кәсіпкерлер үшін әрдайым ашық бола бермейді. Үкіметтің салық жеңілдіктерін азайтуға тырысқанына қарамастан, кәсіпкерлер әлі де жоғары табыс салығының ставкасына тап болады. Үкіметтің күш-жігерінен басқа, Қазақстанда кәсіпкерлікті дамытуда стартаптарды құруға және дамытуға тегін көмек көрсететін инкубаторлар, акселераторлар және басқа да инновациялық орталықтар маңызды рөл атқарады. Олар кәсіпкерлерге сарапшыларға, тәлімгерлерге, инвесторларға және олардың өсуіне және дамуына көмектесетін басқа ресурстарға қол жеткізуді ұсынады.

Инкубаторлар мен үдеткіштер — бұл стартаптарға ерте сатыда қолдау көрсететін және нарыққа шығуға көмектесетін мекемелер. Олар қаржыландыруды, бизнес үлгілерін әзірлеуге көмектесуді, тәлімгерлікті және т.б. қамтамасыз ете алады. Әдетте, инкубаторлар дамудың алдыңғы кезеңдерінде компаниялармен жұмыс істейді, ал үдеткіштер нарықты іске қосуға дайын жетілген компаниялармен жұмыс істейді.

Қазақстанда стартаптар үшін түрлі бағдарламалар мен қызметтерді ұсынатын көптеген инкубаторлар мен акселераторлар бар. Кейбіреулерін мемлекеттік және жеке ұйымдар қаржыландырады, ал басқаларын инвесторлар мен кәсіпкерлер қаржыландырады. Олар салалар бойынша мамандандырылған болуы мүмкін немесе инновациялардың кең ауқымын қамтуы мүмкін. Сонымен қатар, Қазақстандағы кейбір инкубаторлар мен акселераторлар стартаптардың технологиялар мен ғылыми тәжірибеге қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін университеттермен және басқа да білім беру мекемелерімен тығыз ынтымақтастықта жұмыс істейді. Инкубаторлар мен акселераторлар Қазақстанда кәсіпкерлікті дамытуда маңызды рөл атқарады. Олар жаңадан бастаған кәсіпкерлерге идеяларды әзірлеуге, қаржыландыруға және тәжірибелі кәсіпкерлерден тәлімгерлік алуға көмектеседі. Осының арқасында Қазақстандағы көптеген стартаптар нарыққа шығу және өсуді бастау үшін қажетті серпін ала алады.

Инкубаторлар мен акселераторлар стартаптар, инвесторлар, кәсіпкерлер және нарықтың басқа да қатысушылары арасында кәсіби байланыстар желісін құра отырып, Қазақстандағы кәсіпкерліктің экожүйесін нығайтуға көмектесетінін атап өткім келеді. Бұл өз кезегінде Қазақстандағы бизнес-ахуалды жақсартуға және көбірек инвестициялар мен технологиялық инновацияларды тартуға әкелуі мүмкін.

Алайда, инкубаторлар мен үдеткіштер барлық стартаптар үшін әмбебап шешім болып табылмайтынын және нарықта табысқа кепілдік бермейтінін атап өткен жөн. Кейбір стартаптар инкубаторлар мен үдеткіштер белгілеген критерийлерге сәйкес келмеуі мүмкін немесе олардың қызметтерін қажет етпеуі мүмкін. Сонымен қатар, инкубаторлар мен үдеткіштер кәсіпкерлікте табысқа жету үшін қажетті еңбек пен табандылықты алмастыра алмайды.

Тұтастай алғанда, инкубаторлар мен акселераторлар стартаптарға дамудың бастапқы кезеңдерінде қаржыландыруды, тәлімгерлікті және басқа да қолдауды алуға көмектесе отырып, Қазақстанда кәсіпкерлікті дамытуда маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар, олар Қазақстандағы кәсіпкерліктің экожүйесін нығайтуға ықпал ете алады, Бұл бизнес-ахуалды жақсартуға және елге көбірек инвестициялар мен технологиялық инновацияларды тартуға әкелуі мүмкін.

Сондай-ақ, Қазақстанда соңғы уақытта әлеуметтік кәсіпкерлікке деген қызығушылықтың артып келе жатқанын атап өткен жөн. Бұл дегеніміз, көбірек кәсіпкерлер тек ақша табуға ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік мәселелерді шешуге және адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуға ұмтылады [2].

Әлеуметтік кәсіпкер-бұл әлеуметтік миссияны басқаратын адам-ол не істесе де. Егер пайда табу үшін Стартапты іске қосатын қарапайым кәсіпкер үшін сәттіліктің белгісі оның шотына "тамшылаған" сома болса, онда шынайы әлеуметтік кәсіпкер үшін сәттілік, ең

алдымен, жоба арқылы қол жеткізілген әлеуметтік өзгерістер болып табылады. Әлеуметтік кәсіпкер материалдық байлықтан бас тартпайды, бірақ ол үшін ол тек құрал.

Осыған сүйене отырып, табысты әлеуметтік кәсіпкерлердің маңызды кезеңдерін ортақ сипаттамалар біріктіреді:

1. Әлеуметтік кәсіпкерлер заттардың қолданыстағы тәртібіне қарсы тұра алады (егер оның шеңберінде мәселені шешу мүмкін болмаса) және әлеуметтік немесе экологиялық мәселелерді шешу үшін шынымен революциялық идеяларды ұсына алады. Сонымен қатар, олар қажет болған жағдайда ағымға қарсы тұруға, "қалтқылар үшін жүзуге", яғни белгілі бір әлеуметтік орта белгілеген шектеулерді жеңуге күш табады.

2. Әлеуметтік бизнес саласындағы жобаларды дамыту үшін өзіне, өз мақсатына шынымен сену керек. Бұл сезім әлеуметтік кәсіпкерге қиындықтарға, көмек көрсетуден бас тартуға және оның жобаларына деген теріс көзқарасқа тап болған кезде көп көмектеседі, мұның бәрі сөзсіз. Әрине, өзіне деген сенімнің мұндай көпшілік алдында көрсетілуі көбінесе басқалардың тітіркенуін тудырады, бірақ тәжірибе көрсеткендей, мұндай көзқарасыз ешқандай бастама нәтижеге жете алмайды.

3. Табысты әлеуметтік кәсіпкерлер әрқашан басқаларға қашан және не беру керектігін біледі. Алайда, олар үшін бұл міндет оңай емес. Өз идеялары мен жобаларына құмар бола отырып, олар тізгінді басқа біреуге беруге құлықсыз болады. Біріншіден, олар біреудің өз ұрпақтарымен бірдей берілгендікпен айналыса алатынына сенімді емес, екіншіден, бақылау мен негізгі шешімдер қабылдау құқығын жоғалтудан қорқады. Дегенмен, табысты әлеуметтік кәсіпкерлер жобаны дамытудың белгілі бір кезеңінде оның негізін қалаушы әкесі ұзақ мерзімді міндеттерге назар аудару үшін жедел мәселелерді шешуден бас тартуы керек екенін түсінеді. Ал өкілеттіктерсіз бұл мүмкін емес.

4. Тәжірибе көрсеткендей, әлеуметтік кәсіпкер қоғамға өзінің жақсы ниетін емес, дайын нәтижелерін ұсынған дұрыс. Жұмыстың бастапқы кезеңі – идеядан бастап оны жүзеге асыруға дейін-артық PR-ға алаңдамай, "тыныштық режимінде" жүзеге асырған дұрыс (егер бұл жобаның сипатын қажет етпесе).

5. Табысты әлеуметтік кәсіпкердің тағы бір маңызды ерекшелігі - ол, ең алдымен, процеске емес, нәтижесінде таңдалған саладағы нақты әлеуметтік өзгерістерге қол жеткізуге мүдделі. Әлеуметтік бизнес өкілдері түпкі мақсатта жұмыс істей алады – әлеуметтік өзгерістер – мүмкіндігінше ұзақ уақыт, көбінесе қол жетімді ресурстардың минимумымен, ең алдымен инновациялық шешімдер мен шығармашылыққа сүйенеді.

6. Кез-келген, тіпті үмітсіз болып көрінетін жағдайларда нағыз әлеуметтік кәсіпкер қосымша мүмкіндіктер іздеуге тырысады, сондықтан басқалар бас тартқан жерде табысқа жету сирек емес. Осы сапаның арқасында табысты әлеуметтік кәсіпкерлер қалыптасқан стереотиптерді бұзып, заттардың әдеттегі бағытын жақсы жаққа өзгерте алатын сирек қабілетке ие. Сонымен қатар, табысты әлеуметтік кәсіпкерлер проблеманы шешуге ешқандай алғышарттар жоқ болып көрінген жағдайда да, проблеманы шешуден қорықпайды.

7. Әлеуметтік кәсіпкерлер тәуекелге баруға дайын, бірақ ойланбастан емес, салмақты. Көптеген адамдар тіпті қауіп-қатерге тап болған кезде жобалардан бас тартады. Әлеуметтік кәсіпкерлер үшін тәуекелдің ақылға қонымды үлесі қосымша ынталандырушы фактор болып табылады. Сонымен бірге олар соқыр әрекет етпейді. Табысты кәсіпкер барлық ықтимал тәуекелдер мен ықтимал ұтыстарды Мұқият санау негізінде салмақты шешімдер қабылдауды біледі. Кәсіпкерліктің бұл бағыты болашақта Қазақстан экономикасын дамытудың негізгі факторы бола алады.

Қазіргі таңда мемлекет тарапынан жергілікті әкімдіктерге қойылатын талаптың бірі – кәсіпкерлікті дамытып, жұмыс орындарын ашу, жергілікті салық базасын ұлғайту және қоғамдық саяси тұрақтылықты сақтау. Өңірде кәсіпкерлік саласын дамытуда бірқатар шаралар атқарылуда.

Сонымен, Қазақстанның Еуропа мен Азия арасында географиялық стратегиялық орналасуы бар екенін атап өту маңызды, бұл оған екі аймақ арасындағы көпір болуға мүмкіндік береді. Бұл Қазақстандағы кәсіпкерлер үшін, әсіресе көлік, логистика және туризм

секторларында үлкен мүмкіндіктер туғызады [3].

Әдебиеттер тізімі

1. Цифровой Казахстан [Текст] / Государственная Программа с изменениями, внесенными постановлением Правительства РК от 20.12.2019. -2019. -№ 949.-С.126.
2. Жангирова Р.Н. Перспективы предпринимательства в Казахстане [Текст] /Журнал: Вестник КазНУ, -2017. -№3. -С.35–37.
3. Sh.Niyazbekova, B.Jazykbayeva, A.Mottaeva, E.Belousova, B.Suleimenova, A.Zueva.The Growth of —Green finance at the global level in the context of sustainable economic development[Text] / XXII International Scientific Conference Energy Management of Municipal Facilities and Sustainable Energy Technologies -2021. Vol 244. –P. 166- 172. https://www.e3s-conferences.org/articles/e3sconf/abs/2021/20/e3_sconf_emmft2020_10058/e3sconf_emmft2020_10058.html
4. NiyazbekovaSh.U., Grekov I.E., Blokhina T.K.The influence of macroeconomic factors to the dynamics of stock exchange in the Republic of Kazakhstan[Text] / Economy of region. -2016. -Т. 12. -№ 4. -С. 1263- 1273.DOI: 10.17059/2016-4-26https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-85059564276&origin=results_list Научный руководитель: к.э.н., доцент Белоусова Э.В.

32.019.5

ЗАМАНАУИ СЫН-ҚАТЕРЛЕР ЖӘНЕ ОНЫМЕН КҮРЕСУ

Айдарова Ш.Ә.,

тарих ғылымдарының кандидаты,

Жезқазған гуманитарлық колледжі оқытушысы,

Жезқазған қ., Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада автор қазіргі заманауи сын - қатерлердің болу себептерін баяндайды. Мемлекетіміздегі басты қауіп - қатерлер түрлерін айта келе, онымен күресу жолдарын да қарастырады.

Әсіресе, жастар санасын улап жатқан «ақпараттық кеңістіктегі» кибершабуылдардың қауіптілігіне тоқталып, қауіпсіз аймақтарын құру туралы ойымен бөліседі.

Кілт сөздер: Қауіпсіздік, қауіп- қатерлер, ұлттық қауіпсіздік, ақпараттық кеңістік, кибершабуыл, мемлекет, тұлға санасы

Аннотация. В данной статье автор описывает причины существования современных угроз. Он называет основные виды угроз в нашей стране и рассматривает пути борьбы с ними.

В частности, он акцентирует внимание на опасностях кибератак в «информационном пространстве», отравляющих сознание молодежи, и делится мыслями о создании безопасных зон.

Ключевые слова: Безопасность, опасности, национальная безопасность, информационное пространство, кибератака, государство, сознание личности

Annotation. In this article, the author describes the reasons for the existence of modern threats. He names the main types of threats in our country and considers ways to combat them. In particular, he focuses on the dangers of cyber attacks in the "information space" that poison the minds of young people, and shares his thoughts on creating safe zones.

Keywords: Security, dangers, national security, information space, cyber attack, state,

individual consciousness

Қазіргі жағдайда бүкіл әлем тынышсыз күй кешуде. Әлемдегі аласапыран, соғыс жағдайындағы мемлекеттердің жайы Қазақстанды да алаңдатпай қоймайды. Осындай аласапыран уақытмемлекетімізге қауіп- қатер ықтималдығы күшеюін де ескертеді.

Қауіптерге әртүрлі дағдарыс түрлері мен дағдарыстық жағдайлар, апаттар және деструктивті мазмұндағы жағдайлар жатады. Қауіпсіздік мәселелері заманауи кезеңде күн тәртібінен түспейтін мәселеге айналды. Еліміздің Ішкі қауіпсіздігі бен сыртқы қауіпсіздігінің сақталуы бүгінгі күннің өткір мәселесі.

Қауіптің алдын алу шараларын қажет ететін ықтимал қауіп ретінде тәуекелден жедел әрекет етуді талап ететін қауіпсіздік шараларын ұйымдастыру тек мемлекеттік қауіпсіздікті ғана қамтамасыз етпейді, сонымен қатар жеке тұлғаның санасын да қауіп - қатерден сақтандырады. Экономикалық қауіпсіздікке қатер ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіретін жүйенің ішкі жүйесі болып табылады. Еліміздің экономикалық дамуы, саяси және әлеуметтік мәселелерді шешуші фактор ретінде роль атқарады. Ұлттық қауіпсіздік терроризммен, экстремизммен, есірткі саудасы және қарудың заңсыз айналымымен үздіксіз күресіп келеді. Экономикалық, әлеуметтік мәселелердің аймақтардағы тез арада шешілмеуі әр түрлі саяси қақтығыстар туғызуда. Сондықтан да ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің ең басты бағыты — экономикалық қауіпсіздік. Экономикалық саладағы құлдырау, ұлттық байлықтың талан - таражға салынуы, технологиялық артта қалу, адамның конституциялық құқықтарының аяқ асты етілуі, сыбайласқан жемқорлықтың етек алуы, көлеңкелі экономиканың белең алуы, қылмыстың көбеюі қауіп- қатер ықтималдығы боп табылады. Ал ел экономикасының дамуы халықтың әл - ауқатының басты кепілі.

Отаншылдық сезімдер мен ұлттық мүддені биік қоятын азаматтар болмаса, ішкі қауіп- қатерлер асқынып, сыртқы саяси күштердің белең алу қауіпін тудыруы мүмкін. Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтің сөзімен айтар болсақ, Мемлекеттік қызмет дегеніміз – жеке бастың бақ-дәулетін арттыратын жер емес. Бұл – туған халқыңның алдында айрықша жауапкершілік арқалау деген сөз".[1]

Тарихты таразыласақ, қазақтың озық ойлы азаматтары, өз мүддесінен ұлт мүддесін жоғары қойып, қазақ жері үшін аянбай күресті. Қазақ жері де, ұлты да бірнеше қауіпті аймақты басынан еңсерді. Ол дегеніміз жерінен айрылып қала жаздап, тілін ұмыта жаздаған қауіптен қазақ ұлтын аман алып шығуда алаш қайраткерлерінің еңбегі ерен. Ұлт тарихын жасап, ұлт болашағы үшін, қазақ жерін еркін иемденіп, жалтақтамайтын болашақ үшін бар ғұмырын арнап, қазақ үшін басын өлімге қиған тұлғалар.

Тарихты зерделей келе, алаш қайраткерлері қазақ баласын ұйысуға, ұлт болашағы үшін бірігуге шақырады. Ресей империясындағы патшаның монархиялық тәртіптеріне қарсы бағытталған саяси күштерді біріктіріп, ұлт мүддесін іске асыру жолына жұмсайды. Саяси қайраткердің басты мақсаты, Бірінші ұстаным: жер, жер және жер. Жерсіз Отан жоқ. Әлихан Бөкейхановтың ұйғарымы бойынша: «Қазақтың байырғы жерін қашан қазақтар өз бетінше ғылым мен техникаға сүйеніп толық игермейінше, жер жеке меншікке де, қоныстанушыларға да берілмейді». Яғни, бұл ұстаным: Жер – Отан, ал Отанды сатуға да, жеке меншікке айналдыруға да болмайды. Сол жер үшін әр қазақтың намысы жыртылып, ол жерге әр қазақтың тері мен қаны төгілген – деген тұжырымға саяды. Екінші ұстаным: жердің астындағы, үстіндегі, аспанындағы барлық игілік қазақ мемлекетіне қызмет етуі керек. Ә.Бөкейхановтың айтуынша: «Оның әр бір түйір тасы әр қазақтың өңіріне түйме болып қадалу керек» болатын. Яғни, бұл – өз жерінің игілігін – әуелі өз елі игілігіне айналдырсын, одан асса ғана жатқа салауат – деген емеуірінді танытады. [2]

Сол тұста патша өкіметінің аңқау елді әртүрлі құйтырқы әрекеттермен арбап, жеріне билік құрғысы кеп жойып жібергісі келген жоспарлар болса, қазіргі кезеңде заман дамуымен келген ақпараттық техниканың тасқыны бүгінгі күнгі адам санасын оп - оңай жаулап алатынына көзіміз толық жетіп отыр. Ғаламдану үдерісі, бұл дүниежүзінің экономикалық технологиялық, ақпараттық т.б. салаларда интеграциялануы болып табылады.

Ғаламдық адамзатқа ортақ мәселелерді бірігіп іске асыруда, ыждағаттылықпен, барынша білімпаздық, сауаттылықпен жұмыс жүргізбесе, «цифрланған әлемнің» теріс жақтары бой алып кетуі әбден ықтимал.

Бүгінгі Қазақстанбүкіл әлем қызығып қарайтын мемлекетке айналып келеді. Ұланғайыр жердің асты, үстіндегі байлықты халық игілігіне тиімді жұмсау үшін Қазақстан әлемдік ірі қауымдастықтармен біріге жұмыстар жасап отыр. Ал ел экономикасының көтерілуі, еліміздің әл - ауқатының жақсаруы, экономикалық қауіпсіздік деңгейінің азаюына ықпал етері анық. Жалпы экономикалық қауіпсіздік өзінің күрделі ішкі құрылымына ие. Оның мынадай үш құрамдас бөлігін атап өтуге болады. 1. Экономикалық тәуелсіздік. Бұл мәселе әр ел үшін басты болғанымен, қазіргі әлемдік шаруашылық жағдайында көп сақталмайды. Өйткені, осындай жағдайда (әлемдік шаруашылықтың интеграциялануы) халықаралық еңбек бөлінісі ұлттық экономикаларды өзара байланысты және белгілі дәрежеде тәуелді етеді. Ал экономикалық тәуелсіздік мемлекеттің ұлттық ресурстарды бақылау арқылы өнімнің сапасы мен тиімділігін арттыру, соның негізінде ел экономикасының әлемдік саудада, кооперациялық байланыстарда және ғылыми техникалық жетістіктермен алмасуда бәсекелестік қабілетінің артуына алып келетіні сөзсіз. 2. Ұлттық экономиканың тұрақтылығы. Бұл түсінік меншіктің барлық формада қорғалуын, кәсіпкерліктің белсенділігі үшін кепілдіктер беру және жағдай жасау, жағдайды тұрақсыздандыратын факторларды (қылмыстық құрылымдармен күресу, әлеуметтік жарылысқа апару қаупін тудыратын, табыс бөлудегі үлкен айырмашылықтарды болдырмау және тағы басқа) тежеуі білдіреді; 3. Прогресстену мен дербес даму қабілеттілігі. Дербес даму қабілеттілігі қазіргі жағдайда қажетті болып отыр. Себебі, жаңғыру (модернизация) мен күрделі қаржы (инвестиция) үшін жағдай жасау, өндірістің үздіксіз моделизациялануы, жұмыскерлердің кәсіптік, білімдік және мәдени деңгейін жоғарылату ұлттық экономиканың тұрақтылығымен сақталуының қажетті де міндетті шартына айналды. Жалпы, экономикалық қауіпсіздіктің сипатын айта отырып, оған төнетін қауіп-қатерді айтпасақ, онда мәселенің басы мүлдем ашылмағандығы болып табылады. Сонымен, экономикалық қауіпсіздікке қауіп-қатер төндіретін ішкі факторлар: көп салалардың технологиялық базасының артта қалуынан туындаған ұлттық шаруашылықтың бәсекелестік қабілетінің төмендігі; экономика монополиясының жоғары деңгейі; инфляцияның жоғары деңгейі; инфрақұрылым объектілерінің тұрақтылығы мен дамуының жеткіліксіздігі; шетел фирмаларының ішкі нарықта жергілікті тауар өндіруші, әсіресе тұтыну тауарларын өндіруші фирмаларды ығыстыруы; экономиканы басқару саласындағы жемқорлықпен қылмыстану; қаржының шетелге заңсыз ағымы [3]. Осындай келеңсіз құбылыстар, экономиканы дамытуда кедергі болып қоймай, қауіп қатерге де әкеледі. Экономикалық қауіпсіздікке төнетін қатерлердің ішінде бірінші кезекте объективті және субъективті қатерлерді қарастырған жөн. Объективті қауіптер адамның әрекетіне тәуелсіз факторлардың әсерімен байланысты (табиғи ортаның өзгеруі, адамның іс-әрекетіне байланысты емес экологиялық апаттар), ал субъективті қауіптер адамның әрекетінен (адам қызметінің қателері мен кемшіліктері) туындайды. Қауіптердің екінші түрі – сыртқы және ішкі қауіптер. Қазіргі жағдайда сыртқы қауіптер ерекше маңызға ие. Сыртқы қауіп -қатер түрлеріне еңбек миграциясының, субмәдениет өкілдерінің көбеюі, жат діни ағымдардың ықпалы, ақпарат ағындары, ақпараттық кеңістіктегі бағдарламалар платформасының кеңеюі қауіп - қатерге себепші факторларға айналуға болады. Мемлекетпен бірлесе отырып, түсіндіру жұмыстары аясын кеңейту, халықтың цифрлық сауатын ашу, мемлекеттік заңнамаларды түсіндіру жұмыстарын жүргізу бірқатар сын-қатерлерден сақтанудың амалдары болмақ. Еліміздің президенті Қ.К.Тоқаев осы жылғы жолдауында еліміздің ішкі тұрақтылығы мен қауіпсіздігі жөнінде былай деді: Кез келген қоғамның, соның ішінде біздің қоғамның да басты ұғымдарға негізделген сұраныстары – әділдік және қауіпсіздік. Осы негізгі сұраныстардың толығымен өтелуі мемлекеттің тиімді жұмыс істейтінін айқын көрсетеді. Тағы бір мәселе – азаматтардың қауіпсіздігі. Жеке адамнан бастап тұтас қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету – мемлекет үшін стратегиялық маңызы бар басымдық. Құқық қорғау органдарына және басқа

өзгерген бірегейлік немесе этникалық бірегейліктің жоқтығы (өзінің тиістілігін төменгі деңгейде түсіну) қалыптасуы мүмкін. Ұлттық сана-сезімнің және этникалық бірегейліктің жоғарғы, аяқталған кезеңде қалыптасуы ерте жастық және ересектенудің алғашқы кезеңі болып табылады. Ж.Пиажениң теориясымен келісе отырып, біз қазақ ағартушыларының жастарды ұлттық бірегейлікті сақтауға тәрбиелеуде ұлттық психология жайлы көзқарастарын талдап, қарастыруды жөн көрдік. Айталық, ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде педагогика, психология саласында ұлттық бірегейлік туралы өздерінің соны да сындарлы пікірлерімен көрінген қазақ ғұламаларының ішінде М.Ж.Көпеев ерекше орын алады. Дін оқуынан мейлінше сусындап, кейіннен белгілі фольклоршы-публицист атанған шежіреші ақын М.Ж.Көпеев Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде-ақ әр түрлі тақырыпта бірнеше кітап жазып шығарған. Бұларда тәлім-тәрбие, педагогика, психология мәселелері, атап айтқанда, сезім мүшелері, ми мен жүрек, қиял, ойлау, бала мен үлкендердің қарым-қатынасы, әйелдерге білім беру және т.б. қатысты ой-пікірлер көптеп кездеседі. М.Ж.Көпеев айналадағы дүниені танып-білу үшін көз бен құлақтың зор маңыз алатынына тоқталады. Көз мимен жалғасып жатады. Ол миға сыртқы дүниедегі әр түрлі нәрселерден ақпарат әкелуші дәнекер рөлін атқарады. Танымның бірінші түрі – адамның бір көрген нәрсесін қайта жаңғырту қабілеті. Танымның екінші түрі – бұл сырттан келген нәрсенің бәрін жазып отыратын хатшы іспеттес аппарат. Танымның үшінші түрі – аппараттың дұрыс-бұрыстығын тексеріп, бақылаушы мидың әрекеті. Танымның төртінші түрі – кісінің көрген-білгеніне қоса көрмегенін де тануға жәрдем беретін ішкі танымның, яғни қиялдың мазмұнымен үйлесіп келеді. Қиял неғұрлым ұшқыр да, аумақты болса – таным соғұрлым тереңдей түспек. Қиялда елестетудің де мәні зор [3,б.100]. Адам танымы бес бастаудан нәр алатын асау өзен іспеттес. Оның бірі – көру, екіншісі – есту, үшіншісі – түйсіну, төртіншісі – иіс сезу, бесіншісі – дәм... Сезім органдарына тек тап-таза бейнелер ғана келіп түспейді, сонымен бірге бұған ескі-құсқысы аралас, тіпті лас нәрселер де келеді. Ойлау – оларды сұрыптай отыра жарамдыларын ғана қабылдап, жарамсызын шығарып тастайды. Тіл – ой маржаны, ойсыз – тіл жоқ. Арман – сөздің қаймағы, нәртұзы. Қиял – өмірдің гүлі, әдеміліктің мәйегі. Қиялсыз адам – дәрменсіз. Қиял мен арман үміт пен тілек ақылды дамытып, дүниетанымды кеңейтіп, ойды тебіреніп толқытады. Осындай қиял ғана мінез-құлықты түзетіп, кісіні адамгершілікке, имандылыққа тәрбиелейді... Егер біреу бақытсыздыққа душар болса, екіншісі оған көңіл айтып, қайғысын бөліседі. Ал қуаныш пен шаттыққа кенелген кісі дәл қайғыға ортақтасқандай болмайды. Өзгенің қайғы-қасіретіне шын мәнісінде ортақтаса білу үшін тәрбие барысында біртіндеп қалыптасқан адамгершілік қажет... Ғұлама ақын ерік-жігер туралы айта келіп, еркі күшті адам алға қойған мақсаты жолында ештеңеден қайтпай, талабынан бас тартпай, үміт үзбей, ұсақ-түйекпен айналыспай, жоқшылыққа мойымай әрекет етеді. Ғұмар Қарашев – қазақтың рухани мұрасының дамуына елеулі үлес қосқан, психология ғылымдары саласында сындарлы ой-пікір айтқан ғұлама тәлімгер ақын, кезінде ишан, ахун, қазы атанғанымен, өмірінің соңғы жылдарында ол ағартушылық жолға түседі. Оның демократиялық көзқарасының қалыптасуына 1905-1907 жылдардағы бірінші орыс буржуазиялық төңкерісінің, сондай-ақ орыс, қазақ ағартушы-демократтарының, идеялары елеулі әсер етеді. Ол – адамның мінез-құлқын қалыптастыруда еңбектің маңызына ерекше мән береді, кімде-кім өзінің мінезі және істейтін жұмысы туралы ылғи да ойланбай тұра алмайды, адал іс-әрекет үстінде өсіп-жетіледі, мінез-құлықты дұрыс қалыптастыру үшін жалаң ой мен жел сөзден аулақ болып, бала тәрбиелеу ісіне ерекше көңіл аудара қарап, ақтара тексеріп отыру қажет, «Ата-ана бала мінезін жақсы жолға салуда, кей нәрсенің себебін түсіндіріп, ерте бастан мынау жақсы, мынаны істеуге болмайды деп үйретуі тиіс» дейді. Баланың ақылы бірте-бірте өспекші, міне осы мезгілде оған жолбасшылық ету тәрбиенің басты бір шарты. Үйретудің, жол көрсетудің қай орында тұрғандығы осыдан көрінсе керек. Балаға ұрсу, жекіру жолымен үгіттеудің пайда бермейтіндігін айта келіп: «Бала өзіне жаза күтіп тұрған кезінде, иә болмаса жаза тартып болысымен үгіттеуден сақтану керек. Мұндай кезде берілген үгіттің тудыратын әсері жақсы сөзден жиренуден басқа ештеңе емес!» – деп мәселенің психологиялық астарына үңіледі [4,б.15]. Ғ.Қарашев – баланың үйдегі тәлім-тәрбиесіне де ерекше мән береді. Тәлімтәрбие ісі, әулеттің ортақ мүддесі екендігін айтады.

Сондай-ақ, іскерлігі мол адамдардың да өнеге үлгісінің үлкен маңызы бар. «Бір адам өзінің жағымсыз мінез-құлықтарын түзететін болса, – дейді ол – мұның әсері тіпті отбасынан да асып, туысқан ұрпақтарына, онан да кеңейіп отандастарына да жұғады». Халел Досмұхамедұлы 1926 жылы Қазақ педагогика институтының проректоры, кейіннен педология кафедрасының меңгерушісі, профессор қызметін (1929) атқара жүріп, бұған қоса Қазақ АССР Денсаулық сақтау халық комиссариатында жоспарлау-ұйымдастыру басқармасының меңгерушісі болып істейді. Сол жылдары ұлттық мектептердің жаңа жүйесін құруға, қазақ тіліндегі ғылыми терминология жасау ісіне, ұлт тілінде журнал шығаруға белсене кіріседі. Тарих, әдебиет, тіл ғылымдарына қатысты іргелі проблемалармен («Қазақ халық әдебиеті», «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы», «Кенесары – Наурызбай», «Тайманұлы Исатайдың қозғалысы туралы қысқаша мағлұмат») айналысады. Осы жылдары оның қаламынан «Адамның тән тірлігі» (1927), «Сүйектілер туралы» (1928), «Жануарлар» (1928) атты еңбектер туындайды. Х.Досмұхамедов еңбектерінде психологияның жекелеген салалары (әлеуметтік, этностық және т.б.) төңірегінде айтқан сындарлы пікірлер жиі кездеседі. Мәселен, оның 1925 жылы жазған «Аламан» атты мақаласынан этнопсихологияға қатысты бірсыдырғы ғылыми түйіндерді атқару қиын емес. Автор түсінігінде, аламандық – ру менмендігінің бір сипаты. Аламандық – қазақ мінезінің, анадайдан бақырайып (психологияда мұны «мінездің акцентуациясы») бесенеден байқалып тұратын көрінісі, бұл жеке адамға да, сондай-ақ жекелеген топтарға да тән құбылыс. Х.Досмұхамедовтың аламандықты ру психологиясының ерекшелігінен туындайды деуі өте орынды. Ғылымда ру (род), тайпа (племя), халық (народ), ұлт (нация) ұғымдарының психологиялық ерекшеліктері бар екені көптен айтылып жүр. Бұл жөнінде психологтар мен философтардың, этнографтар мен антропологтардың да көзқарастары бір-біріне тоқайласып жатады. Табиғатынан тәлімгерлік қасиеті мол жазушы қазақ арасында көбінде көзге түспей, түссе де еленбей жүрген ғылым-білімге, өнерге, зерек, дарынды балаларды оқытып-тәрбиелеудің мәні жайында сөз ете келіп, дарындылықтың кейбір табиғи астарларына үңіледі. Осы жәйт автордың мына төмендегі түйіндеуінен жақсы аңғарылып тұр: «Туысында қанша зеректік болса да, – деп жазды М.Дулатов. Ол – ғылымсыз, тәрбиесіз кемеліне жетпейді. Кімде-кім өзінің табиғатына не нәрсеге шеберлік барлығын сезіп, өз жолына түссе ғана көзге көрінеді... Жақсы суретші адамның сыртқы түрін айнытпай сала білсе, жақсы жазушы да адамның ішкі сырын, мінезін, әдетін бұлжытпай көрсете біледі, оқығанын да көріп тұрғандай боласың...» [5,б.150]. Н.Құлжанова қазақ отбасыларында мектепке дейінгі бала тәрбиесінде орын алып келе жатқан кейбір кемшіліктерді көрсетеді. «Жас балаға үлкендер тыныш отыруды бұйырады. Үйге қамап қояды. Шамасынан артық қызмет тапсырады. Қазақ қыздарын үйге отырғызып қояды. Балалар далаға шығып, балалармен ойнағысы, қозы қуғысы келеді. Үлкендер өз еркімен жүргісі келген балаға зорлық жасайды... Баланың өзіне керегін істетпей, «адам болмайсың» деп ұялтады... Онан білгенінің көбіне көңіл бөлмейді... Бала ойнақтаған құлынтайдай, желкілдеген гүлдей өсуі керек». С.Торайғыров адам психологиясының қалыптасуы іс-әрекет үстінде болып отыратынын, мұнсыз сана-сезімнің дұрыс қалыптасып, дамымайтынын; адам тіршілігінің мазмұнын да қоршаған ортасы, әлеуметтік жағдайлар билейтіндігін, сондай-ақ, үй-іші, отбасы, әке-шешенің де «Көргені әке-шеше қандай болса, алмақшы сонан үлгі баласы да» дегендей, жас ұрпақ санасының қалыптасуында шешуші рөл атқаратындығын жақсы түсінген. Ж.Аймауытұлының осынау қазақша термин жасау, төл тілімізде психологиялық еңбектер жазу тәжірибесінен бейхабар болғанына қалайша күйінбейсің! Психологиялық ұғымдардың жасалуын, төл тіліміздегі қорлану тарихын Ж.Аймауытұлымен ғана шектесек, бұл әділетсіздік болар еді. Мәселен, Абай шығармаларының өзінде психологияға байланысты көптеген атаулар бар емес пе? Мәселен, мұнда мінез, қайрат, сезім, көңіл, құлық, құмарлық, талап, жан қуаттары, тән қуаттары т.б. толып жатқан жантану ғылымына қатысты ұғымдардың мән-мағыналары ажыратылған. Ұлттық бірліктің басты қағидасы ретінде ұлт рухын нығайтып дамыту біріктіруші және нығайтушы негіздер ретінде белгіленді. Рухани негіз – ұлтты біртұтас етіп біріктіретін күш. Халық рухы күшті болған сайын оның мемлекеттілігінің болашағы да жоғары. Бұл – тарих пен біздің тағдырымыздың басты қозғаушы тетігі. Ұлт рухы кез келген

ел келбетінің қайталанбас қасиетін айқындайды, бағытын анықтап, дамуына екпін береді. Біздің ұлттық рухымызды көтеру үшін: дәстүрлер мен патриотизм рухы, жаңару, жарысу және жеңіске жету рухы; дәстүрлі құндылықтарға сүйену (тіл мен мәдениетке құрмет, имандылық, отбасы, ұрпақтар байланысы, патриотизм және төзімділік) қоғамның рухани негізі ретінде негізгі басымдықтар болуы тиіс.

Әдебиеттер тізімі

1. Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғырту». Ақпараттықтүсіндірмелі материал. – Астана, 2017. – 56б.
2. Жұмабаев М. Таңдамалы өлеңдер, поэмалар, зерттеулер, аудармалар. – Алматы: «Ғылым», 1992. – 201б.
3. Дулатов М. Шығармалары. – Алматы: «Жазушы», 1989. – 316б.
4. Елікбаев Н. Ұлттық тәрбиенің бастауы: Монография. Қарағанды: «Болашақ» университеті. – Қарағанды: Болашақ – Баспа, 2013. - 201с.
5. Құлжанова Н. Мектепке дейінгі тәрбие. – Алматы: Ғылым, 1983. 6. Адамзат ақыл-ойының қазынасы. – Алматы, Баспалар үйі, 2006.

THE MAIN AREAS OF ACTIVITY OF AMNESTY INTERNATIONAL AND HUMAN RIGHTS WATCH IN CENTRAL ASIA

Yerkin A.Zh.

*4th year student of Al-Farabi Kazakh National University
Almaty, Kazakhstan,
e-mail goldydoshka@mail.ru*

Abstract: This article explores the role of Amnesty International (AI) and Human Rights Watch (HRW) in monitoring and advocating for human rights in Central Asia. Despite regional commitments to international treaties, challenges such as gender-based violence, labor exploitation, forced labor, and environmental degradation persist. AI and HRW document these violations and pressure international bodies, yet their impact on domestic policy remains limited due to government resistance, restrictions on NGOs, and weak enforcement mechanisms. While direct intervention is rare, their reports play a vital role in maintaining global awareness and shaping long-term advocacy efforts for human rights reforms in the region.

Key words: Human rights, Central Asia, Amnesty International, Human Rights Watch, gender-based violence, labor rights, forced labor, environmental justice.

Аңдатпа: Бұл мақалада Amnesty International (AI) және Human Rights Watch (HRW) ұйымдарының Орталық Азиядағы адам құқықтарын бақылау және қорғау рөлі қарастырылады. Аймақ халықаралық шарттарға қосылғанына қарамастан, гендерлік зорлық-зомбылық, жұмыс күшін пайдалану, мәжбүрлі еңбек және экологиялық мәселелер әлі де өзекті болып отыр. AI мен HRW бұл құқық бұзушылықтарды құжатқа енгізіп, халықаралық ұйымдарға ықпал етеді, алайда олардың ұлттық саясатқа әсері белгілі бір күштердің қарсылығына, ҰЕҰ-ға шектеулерге және құқық қолдану механизмдерінің әлсіздігіне байланысты шектеулі. Бұл ұйымдардың тікелей араласуы сирек болғанымен, олардың есептері адам құқықтарын қорғауда ұзақ мерзімді өзгерістерге негіз болады.

Кілт сөздер: адам құқығы, Орталық Азия, Amnesty International, Human Rights Watch, гендерлік зорлық-зомбылық, еңбек құқықтары, мәжбүрлі еңбек, экологиялық әділеттілік.

Аннотация: В статье рассматривается роль Amnesty International (AI) и Human Rights Watch (HRW) в мониторинге и защите прав человека в Центральной Азии. Несмотря на присоединение региона к международным договорам, проблемы, такие как гендерное насилие, трудовая эксплуатация, принудительный труд и экологическая деградация, продолжают оставаться актуальными. AI и HRW документируют эти нарушения и оказывают давление на международные организации, однако их влияние на внутреннюю политику ограничено из-за сопротивления властей, ограничений для НПО и слабых механизмов правоприменения. Хотя их прямая интервенция происходит редко, их отчёты играют важную роль в поддержании глобальной осведомлённости и формировании долгосрочных усилий по защите прав человека в регионе.

Ключевые слова: права человека, Центральная Азия, Amnesty International, Human Rights Watch, гендерное насилие, трудовые права, принудительный труд, экологическая справедливость.

Human rights remain a pressing concern in Central Asia, where issues such as gender inequality, labor exploitation, and environmental degradation continue to pose serious challenges. While the region's five post-Soviet states—Kazakhstan, Kyrgyzstan, Tajikistan, Turkmenistan, and Uzbekistan—are signatories to major international human rights treaties, the implementation of these commitments remains inconsistent and often superficial. Legal protections exist on paper, yet weak enforcement mechanisms, government restrictions, and a lack of political will prevent meaningful progress. Scholars argue that while some progress has been made in overcoming the Soviet-era legacy of human rights nihilism, many Central Asian governments still perceive human rights discourse as externally imposed, which complicates domestic policy changes and engagement with international human rights organizations [1].

Two of the most prominent organizations engaged in documenting and advocating for human rights worldwide are Amnesty International (AI) and Human Rights Watch (HRW). Founded in 1961, Amnesty International is the world's largest grassroots human rights organization, dedicated to exposing abuses, raising public awareness, and mobilizing international pressure to hold governments accountable. Human Rights Watch, established in 1978, conducts in-depth investigations of human rights violations, publishes reports, and advocates for policy changes through diplomatic and institutional channels. Both organizations have been instrumental in shaping global human rights discourse, but their engagement in Central Asia is more constrained than in other regions. As a result, their reports serve primarily as tools for international advocacy, providing human rights data to institutions such as the United Nations (UN) and the European Union (EU) rather than facilitating legal or institutional change within the region. Their research and advocacy help bring international attention to ongoing human rights issues and apply external pressure on Central Asian governments.

Women in Central Asia continue to face systemic discrimination and human rights violations, despite formal commitments to international conventions. Gender-based violence remains widespread, with legal protections often weak or poorly enforced. Domestic violence cases are frequently underreported, and in some countries, survivors are pressured into reconciliation rather than seeking justice.

Kazakhstan has introduced legal measures to strengthen protections for women, yet the practical enforcement of these laws remains weak. Amnesty International's 2023 report revealed that at least 64 women were killed in domestic violence cases between January and August, highlighting the severity of the issue and the inadequacy of the current legal framework. First-time offenders in domestic violence cases often receive only a formal warning, which does little to prevent further violence [2].

A new law signed by President Kassym-Jomart Tokayev in 2024, as reported by HRW, was intended to enhance protections for women and children, but it fell short of criminalizing domestic violence as a standalone offense. The high-profile case of Kuandyk Bishimbayev, a former economy minister convicted in 2024 of murdering his partner, intensified public debate about the failure of the justice system to prevent violence against women. Yet, the lack of a strong legal framework continues

to allow abuse to go unpunished [3].

Beyond legal reforms, activists advocating for women's rights face restrictions. Authorities have repeatedly denied permission for International Women's Day marches, demonstrating the government's reluctance to allow feminist movements to operate freely. AI and HRW have called for greater protections for both survivors of violence and the activists working to defend them, but progress has been slow and met with resistance from authorities [2],[3].

Kyrgyzstan has seen a disturbing rise in femicide cases, with HRW's 2025 report documenting multiple murders of women in early 2024. Victims included Kenjegul Toktogulova, whose body was found in a landfill, and Rahima Aikymbaeva, who was stabbed 27 times by her husband. These cases are part of a broader trend of violence against women, where weak enforcement of existing protections allows gender-based violence to continue unchecked [4]. In response to public outcry, President Sadyr Japarov signed amendments to gender-based violence laws in August 2024, removing reconciliation as an option in cases of sexual violence and increasing penalties for domestic abuse. However, implementation challenges remain, particularly in rural areas, where societal norms discourage women from reporting abuse. AI has continued to push for greater legal protections and victim support services, yet without stronger enforcement mechanisms, legislative reforms alone are unlikely to significantly reduce gender-based violence [5].

Uzbekistan took a significant step forward in 2023 by officially criminalizing domestic violence, a long-awaited reform after years of international pressure. However, Amnesty International reports that over 84% of domestic violence cases still result in "reconciliation" rather than prosecution, reflecting the prioritization of family unity over women's safety [6].

Human Rights Watch has urged Uzbek authorities to ensure stronger enforcement, particularly in cases where reconciliation is used to pressure victims into remaining with their abusers. While some progress has been made in legal recognition, deeply rooted cultural norms continue to prevent meaningful improvements in women's rights. Amnesty International and Human Rights Watch's reports have highlighted these contradictions, showing that policy change does not always translate into practical protections [7].

Women in Turkmenistan and Tajikistan face some of the most severe restrictions in the region, with state policies enforcing strict gender roles and limiting women's autonomy.

In Turkmenistan, there is no legal framework criminalizing domestic violence, and government policies reinforce patriarchal norms. Reports from AI and HRW documents continued use of virginity testing and forced gynecological exams, despite condemnation from international bodies such as CEDAW in 2024. Yet, authorities refuse to acknowledge or address these issues, restricting international monitoring and blocking feminist activism [10],[11].

In Tajikistan, the lack of legal protections for domestic violence survivors remains a significant concern. Studies suggest at least 50% of women experience abuse, yet the government has not classified domestic violence as a crime [8],[9]. Social and legal restrictions on women's rights extend beyond domestic violence, as seen in the 2024 detentions of two women for posting images of themselves wearing short dresses on social media. While some restrictions on women's employment were lifted in 2024, barriers persist in high-paying industries, limiting women's economic independence.

HRW and AI have continued to document and report on these restrictions, but the governments of both Turkmenistan and Tajikistan resist external pressure, making meaningful change difficult [10],[11].

Labor rights remain a critical issue in Central Asia, where forced labor, restrictions on trade unions, and migrant worker exploitation continue despite governments' commitments to international labor standards. State control over key industries, combined with weak legal protection and limited independent oversight, allows labor abuses to persist. While international pressure has led to some reforms, authorities often resist external scrutiny and restrict labor rights activism.

Amnesty International and Human Rights Watch have played an important role in documenting these violations and advocating for stronger protections, yet their influence remains constrained by political realities in the region. The effectiveness of their work depends not only on

government cooperation but also on corporate accountability and engagement with international institutions.

The Turkmen cotton industry continues to rely on forced labor, despite official denials from the government. Investigations by AI and independent labor monitors have found that thousands of public sector employees, including teachers and doctors, are forced to participate in the annual cotton harvest or pay for substitutes. Since women make up a significant portion of the public workforce, they are disproportionately affected by this system of coercion. While some exemptions were granted in 2023, particularly for medical professionals in certain districts, the practice remains widespread. The government's response has been to block independent investigations and dismiss allegations as foreign interference, making it extremely difficult to assess the full scale of the issue. AI has pressured international companies to stop sourcing Turkmen cotton, leading to some major brands cutting ties with the country, but without domestic policy changes, forced labor remains deeply entrenched [10].

Uzbekistan has taken steps to reduce forced labor in cotton production, following years of international criticism. The use of child labor has been largely eliminated, and the government has introduced reforms aimed at ending coercion in the agricultural sector. However, HRW's 2025 report indicates that in districts with labor shortages, local officials still pressured workers to meet quotas during the 2023 harvest, reflecting the continuing influence of state control over cotton production. Independent labor organizations remain heavily restricted, and workers still face barriers to forming unions or negotiating better conditions. In early 2024, an Uzbek Forum labor monitor was threatened with criminal charges for reporting labor rights violations, while two human rights defenders were harassed while monitoring conditions in Fergana. These incidents highlight the risks faced by labor activists and the limits of reforms when enforcement remains weak [7].

Tajik migrants make up a significant portion of Russia's labor force, yet they increasingly face discrimination, deportation, and forced military recruitment. Following a March 2024 terrorist attack in Moscow, where Tajik nationals were implicated, Russian authorities intensified crackdowns on Central Asian migrants, leading to a sharp rise in deportations. HRW's 2025 report notes that in the first six months of 2024 alone, 17,000 Tajik workers were expelled, surpassing the total number of deportations in 2023. More concerning, some Tajik migrants reported being given a choice between deportation and conscription into the Russian military, an act that raises serious human rights concerns. The Tajik government has been largely silent on the issue, reluctant to challenge Russian authorities due to economic dependence on remittances from migrant workers. AI and HRW have called for greater international oversight and legal protections for Central Asian migrant workers, but the geopolitical relationship between Russia and Central Asia limits direct advocacy efforts [9].

Despite having a more open economy than its neighbors, Kazakhstan imposes significant restrictions on trade unions and labor activism. HRW's 2025 report documents continued pressure on independent trade unions, with activists facing legal and administrative obstacles when attempting to register organizations or negotiate better working conditions. A key example is the case of Erzhan Elshibaev, a labor activist whose detention in 2019 was ruled arbitrary by a UN working group in 2021. However, Kazakh authorities have ignored calls for his release, illustrating the limits of international pressure on domestic labor policies. The government's approach to labor rights remains controlled, allowing some room for economic development and foreign investment while restricting independent labor representation [3].

Environmental degradation is increasingly recognized as a human rights issue, as climate change, air pollution, and environmental mismanagement directly impact public health, access to resources, and the livelihoods of millions. In Central Asia, rapid economic growth and industrial expansion have come at the cost of severe environmental damage, yet governments in the region prioritize economic development over environmental protection.

Amnesty International and Human Rights Watch have framed environmental issues as fundamental human rights concerns, arguing that state inaction on environmental protection violates the right to a safe and healthy environment. However, their work in this field often receives minimal response from governments, as economic priorities and energy security concerns override commitments to climate action.

Kazakhstan remains one of the world's largest greenhouse gas emitters, with air pollution levels that significantly exceed global safety standards. According to AI's 2023 report, burning fossil fuels leads to an estimated 10,000 premature deaths annually. Despite acknowledging environmental concerns, Kazakhstan's climate policies have failed to reverse emission trends. The Climate Change Performance Index in 2023 noted that the country's actions remain inconsistent with global targets, as emissions continue to rise instead of decline [2].

The environmental cost of weak climate policies is already visible. Forest fires in Abai region in 2023 resulted in the deaths of 14 firefighters, highlighting the growing risks of climate-related disasters. Yet, the government's response remains reactive rather than preventive, with no significant shift away from fossil fuel dependence. Amnesty International's reports have called for greater investment in clean energy and stronger enforcement of environmental regulations, but economic reliance on coal and oil exports remains a major obstacle to reform [2].

Air pollution is a growing public health crisis in Kyrgyzstan, particularly in urban areas. Bishkek is now ranked among the most polluted cities in the world, with pollution levels eight times higher than WHO guidelines for air quality. The reliance on coal for heating, unregulated urban expansion, and increasing vehicle emissions have significantly worsened air quality, leading to high rates of respiratory diseases and cardiovascular illnesses. AI's 2023 report highlighted that 32% of deaths from stroke and heart disease in the country are linked to air pollution, illustrating the severe human cost of environmental neglect. Despite these alarming figures, environmental policies remain weak, and the government has not taken sufficient steps to regulate emissions or invest in cleaner energy alternatives. HRW and AI's advocacy for stronger air quality controls and public health protections has gained little traction, as policymakers continue to prioritize economic concerns over environmental action [4].

Uzbekistan's energy sector remains heavily dependent on fossil fuels, with significant government subsidies supporting the continued use of coal and oil. This has contributed to dangerous levels of air pollution, particularly in major population centers. Research from the World Bank and Uzbekistan's Ministry of Economic Development has found that air pollution-related deaths and health issues have caused economic losses equivalent to 6% of GDP, making environmental degradation not only a public health crisis but also a financial burden on the country. In 2023, Uzbekistan signed an agreement with the World Bank to support emissions reduction policies, including subsidy reform and carbon market transactions. However, AI have criticized the slow pace of implementation, noting that while policies have been announced, concrete actions to reduce fossil fuel dependence remain limited. Environmental issues are rarely framed as human rights concerns by the government, making it difficult for international organizations to push for stronger protections [6].

Turkmenistan has one of the highest methane emissions per capita in the world, making it a significant contributor to global climate change. AI's 2023 report highlighted research showing that Turkmenistan was responsible for the highest number of "super emitter" methane events globally in 2022, with the country's heavily subsidized oil and gas industry largely unregulated. While international pressure forced the government to acknowledge the issue, leading to a methane reduction roadmap signed in June 2023 and the adoption of the Global Methane Pledge at COP28, enforcement remains a challenge. AI's reports have called for greater transparency and independent monitoring, but the state's control over environmental data makes it difficult to verify actual progress. The Turkmen government continues to resist significant energy sector reforms, prioritizing economic stability and state-run industries over climate action [10].

Unlike other Central Asian states, Tajikistan's climate strategy is largely shaped by international organizations, as the country relies heavily on foreign aid for climate adaptation projects. In 2023, the World Bank reported that air pollution and climate-related damages had led to a mortality rate of 78 deaths per 100,000 inhabitants, highlighting the urgent need for stronger environmental protections. Despite these challenges, the government has not prioritized environmental policy, instead focusing on short-term economic concerns. AI have emphasized that the lack of domestic commitment to climate resilience leaves Tajikistan vulnerable to future environmental disasters, but

with limited engagement from local authorities, much of the country's environmental agenda remains externally driven [8].

Amnesty International and Human Rights Watch play a crucial yet constrained role in Central Asia, where human rights challenges persist despite international commitments. Unlike in regions where these organizations actively support legal reforms or grassroots movements, their work in Central Asia is largely confined to monitoring, documenting, and advocating through international channels. Their reports provide critical insight into issues such as gender-based violence, labor rights abuses, and environmental injustices, yet their ability to directly influence policy remains limited. Governments in the region frequently reject external pressure, restrict independent human rights monitoring, and prioritize economic and political stability over rights-based reforms. This passive but persistent role presents a paradox. While AI and HRW are unable to enforce change within Central Asia, their research and advocacy amplify human rights concerns on the global stage. Their findings inform international bodies like the UN and EU, influencing diplomatic pressure, trade agreements, and human rights assessments that shape the region's engagement with the global community.

Despite these limitations, their work remains indispensable. Without consistent documentation of abuses, human rights violations in Central Asia risk being overlooked, allowing governments to operate without scrutiny. While immediate policy shifts are unlikely, sustained international attention can lay the groundwork for long-term improvements. Human rights progress is rarely linear, but continued advocacy, awareness, and pressure remain essential in ensuring that even the most resistant states cannot ignore these issues indefinitely.

References:

1. Sayapin, S. (2022). *Human Rights in Post-Soviet Central Asia*. In *State-Building, Rule of Law, Good Governance and Human Rights in Post-Soviet Space* (pp. 135–149). Routledge. <https://doi.org/10.4324/9781003198024-13>
2. Amnesty International. (2023). Kazakhstan: Human Rights Report 2023. Retrieved from <https://www.amnesty.org/en/location/europe-and-central-asia/eastern-europe-and-central-asia/kazakhstan/report-kazakhstan/>
3. Human Rights Watch. (2025). World Report 2025: Kazakhstan. Retrieved from <https://www.hrw.org/world-report/2025/country-chapters/kazakhstan>
4. Amnesty International. (2023). Kyrgyzstan: Human Rights Report 2023. Retrieved from <https://www.amnesty.org/en/location/europe-and-central-asia/eastern-europe-and-central-asia/kyrgyzstan/report-kyrgyzstan/>
5. Human Rights Watch. (2025). World Report 2025: Kyrgyzstan. Retrieved from <https://www.hrw.org/world-report/2025/country-chapters/kyrgyzstan>
6. Amnesty International. (2023). Uzbekistan: Human Rights Report 2023. Retrieved from <https://www.amnesty.org/en/location/europe-and-central-asia/eastern-europe-and-central-asia/uzbekistan/report-uzbekistan/>
7. Human Rights Watch. (2025). World Report 2025: Uzbekistan. Retrieved from <https://www.hrw.org/world-report/2025/country-chapters/uzbekistan>
8. Amnesty International. (2023). Tajikistan: Human Rights Report 2023. Retrieved from <https://www.amnesty.org/en/location/europe-and-central-asia/eastern-europe-and-central-asia/tajikistan/report-tajikistan/>
9. Human Rights Watch. (2025). World Report 2025: Tajikistan. Retrieved from <https://www.hrw.org/world-report/2025/country-chapters/tajikistan>
10. Amnesty International. (2023). Turkmenistan: Human Rights Report 2023. Retrieved from <https://www.amnesty.org/en/location/europe-and-central-asia/eastern-europe-and-central-asia/turkmenistan/report-turkmenistan/>
11. Human Rights Watch. (2025). World Report 2025: Turkmenistan. Retrieved from <https://www.hrw.org/world-report/2025/country-chapters/turkmenistan>

ӘӨЖ 94(574)

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ: БІРЛІК ПЕН ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫҢ ҮЛГІСІ

Абуталипова А.Н.,

4 курс студенті

e-mail: abutalipova2003@gmail.com

Бимаканова З.Ш.,

тарих ғылымдарының кандидаты, профессор

Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан

Университеті

г.Петропавл, Қазақстан

e-mail: bimakanova1956@mail.ru

Аңдатпа: Қазақстан халқы Ассамблеясы - еліміздегі ұлтаралық келісім мен мәдени әралуандықты сақтау арқылы тұрақты дамуға ықпал ететін бірегей институт. Бұл мақалада Қазақстан халқы Ассамблеясының елдегі этносаралық келісім мен тұрақтылықты қамтамасыз етудегі рөлі қарастырылады. Ассамблеяның құрылу тарихы, басты мақсаттары мен міндеттері, сондай-ақ оның құрылымы мен жетістіктері сипатталады. Қазіргі заманғы сын-қатерлер жағдайында Қазақстан халық Ассамблеясының маңыздылығы талданады. ҚХА-ның құрылуы мен қызметі Қазақстанның көпэтносты қоғамында ұлттық бірлікті нығайтуға, әртүрлі мәдениеттерді үйлестіруге, этностардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған. Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен 1995 жылы құрылған Ассамблея түрлі этномәдени бірлестіктердің жұмысын үйлестіріп, елдегі бейбіт өмір мен достықты сақтаудың басты құралына айналды. Қазіргі уақытта да ҚХА өңірлерде де белсенді жұмыс істеп, мәдени шаралар, тіл мәселелеріне қатысты жобалар ұйымдастырып, этностар арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға күш салып келеді.

Түйін сөздер: Қазақстан халқы Ассамблеясы, этносаралық келісім, ұлттық бірлік, толеранттылық, этномәдени бірлестік, бейбітшілік.

Аннотация: Ассамблея народа Казахстана — уникальный институт, способствующий устойчивому развитию страны через сохранение межэтнического согласия и культурного разнообразия. В данной статье рассматривается роль Ассамблеи народа Казахстана в обеспечении этнического согласия и стабильности в стране. Описываются история создания Ассамблеи, её основные цели и задачи, а также структура и достижения. Анализируется важность Ассамблеи в условиях современных вызовов. Создание и деятельность Ассамблеи направлены на укрепление национального единства в многоэтническом обществе Казахстана, координацию различных культур и защиту прав и интересов этносов. Основанная по инициативе Первого Президента Республики Казахстан Н.Ә. Назарбаева в 1995 году, Ассамблея стала основным инструментом в обеспечении мира и дружбы среди различных этнических групп. В настоящее время Ассамблея активно работает в регионах, организуя культурные мероприятия и проекты, направленные на вопросы языка и укрепление межэтнических отношений.

Ключевые слова: Ассамблея народа Казахстана, этническое согласие, национальное единство, толерантность, этнокультурные объединения, мир.

Annotation: The Assembly of the People of Kazakhstan is a unique institution that contributes to the sustainable development of the country by preserving interethnic harmony and cultural diversity. This article discusses the role of the Assembly of the People of Kazakhstan in ensuring ethnic agreement and stability in the country. The history of the creation of the Assembly, its main goals and objectives, as well as its structure and achievements, are described. The importance of the Assembly in the context of modern challenges is analyzed. The establishment and activities of

the Assembly are aimed at strengthening national unity in Kazakhstan's multiethnic society, coordinating different cultures, and protecting the rights and interests of ethnic groups. Founded at the initiative of the First President of the Republic of Kazakhstan N.A. Nazarbayev in 1995, the Assembly has become the primary tool for ensuring peace and friendship among various ethnic groups. Currently, the Assembly is actively working in the regions, organizing cultural events and projects focused on language issues and strengthening interethnic relations.

Keywords: Assembly of the People of Kazakhstan, ethnic harmony, national unity, tolerance, ethnic cultural associations, peace.

Қазақстан - 130-дан астам этнос пен ұлт өкілдері бейбіт өмір сүріп жатқан көпэтносты мемлекет. 1991 жылы тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан ұлтаралық қатынастар мәселесіне ерекше көңіл бөле бастады. Кеңес Одағының ыдырауы посткеңестік елдерде ұлтаралық қақтығыстарға әкелгенін ескерсек, Қазақстан басшылығы этносаралық тұрақтылықты сақтау үшін арнайы институт қажет екенін түсінді. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясын құру идеясын алғаш рет 1992 жылы өткен Қазақстан халықтарының форумында ұсынды. Оның пікірінше, Ассамблея этностар арасындағы татулық пен бірлікті сақтаудың негізгі тетігі болуы керек еді. Форумның нәтижесінде , этностар арасындағы келісімді сақтау мәселелері жан-жақты талданып, Ассамблеяны құру туралы ұсынысты жүзеге асыруға кірісті. Мұндай саналуан қоғамда тұрақтылықты сақтау және ұлтаралық қарым-қатынастарды реттеу үшін 1995 жылы 1 наурызда Қазақстан халқы Ассамблеясы ресми түрде құрылады. Сол жылы Қазақстанның жаңа Конституциясының қабылданып жатқан кезі болғандықтан, Ассамблеяның мәртебесі заңды түрде бірден бекітілді. Қазақстан Республикасының 2008 жылы қабылдаған “Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы” Заң Ассамблеяның құқықтық мәртебесін және қызметін нақтылайтын негізгі заңнамалық құжат болып табылады. Конституция, арнайы заңдар және нормативтік актілер Ассамблеяның бірегей мәртебесін бекітіп, оның елдің тұрақтылығы мен бірлігін қамтамасыз етудегі негізгі рөлін айқындай түседі. 2009 жылы 26 қазан күні Астана қаласындағы Бейбітшілік және келісім сарайында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті , сол уақыттағы Қазақстан халқы Ассамблеясының Төрағасы Н.Назарбаевтың төрағалық етуімен “Ұлттық бірлік - біздің стратегиялық таңдауымыз” тақырыбы төңірегінде Қазақстан халқы Ассамблеясының XV сессиясы өтті[2,257]. Сессия барысында Елбасы, ең алдымен Қазақстан халқы Ассамблеясы еліміздің этносаралық қарым-қатынасын дамытудың іргелі институтына, татулық пен сыйластықтың берекелі бекетіне айналды, деп атап өтті[3]. Қазақстанның көпэтносты және көпмәдениетті қоғам ретінде ерекшеленуі мұндай институттың құрылуын тарихи қажеттілікке айналдырды. Кеңес Одағы кезеңінде жүргізілген көші-қон және депортация саясатының нәтижесінде елде этностардың ерекше әралуандығы қалыптасты. Олардың арасында қазақ, орыс, украин, неміс, корей, ұйғыр, татар және өзге де ұлт өкілдерін қамтыған.

Қазақстан халқы Ассамблеясы (ҚХА)- еліміздің этносаралық және конфессияаралық келісін нығайтуға бағытталған ерекше институт.Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті- Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастамасымен құрылған бұл ұйым елдегі түрлі этностар мен ұлттардың өзара бейбіт өмір сүруі мен достығын нығайтудың негізгі құралы болып табылады. Елбасымыз: “Қазақстан халқы Ассамблеясы -еліміздегі бірлік пен келісімнің киелі бесігі, тұтастық пен тұрақтылықтың құтты шаңырағы”,- деп көрсетеді[1, 4].Ассамблеяның басты мақсаттары елдегі этносаралық келісімді сақтау, әртүрлі мәдениеттерді үйлестіру және Қазақстанда тұратын барлық этностардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған.

ҚХА-ның құрылымы мен қызметі еліміздегі этностардың бірлігін, бейбітшілігін және тұрақтылығын қамтамасыз ететін тетіктер ретінде ұйымдастырылған. Ассамблеяның ең алғаш төрағасының қызметін Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев атқарған еді. Ол Ассамблеяның стратегиялық бағыттарын айқындап, этносаралық саясаттың негізгі басымдықтарын белгілеп отырған еді. Қазіргі уақытта бұл лауазымды Қасым-Жомарт Тоқаев атқарып келуде. Сонымен қатар, Ассамблея төрағасының бірнеше орынбасарлары да бар еді. Олар этносаралық келісім саласындағы нақты жобаларды жүзеге асыруға жауапты . Ал Ассамблеяның кеңесі Ассамблея

қызметін үйлестіру және оның стратегиялық шешімдерін әзірлеу міндеттерін атқарды. Кеңеске этномәдени бірлестіктердің өкілдері, қоғам қайраткерлері мен сарапшылар кірген. Қазіргі таңда облыстық және қалалық өңірлерде Қазақстан халқы Ассамблеялары жұмыстарын жүргізуде. Қазақстанда Қазақстан халқы Ассамблеясының республикалық деңгейдегі орталық органы және 17 аймақтық (облыстық, қалалық) Ассамблеясы өз қызметтерін атқаруда. Аталған аймақтық Ассамблеялар этносаралық келісімді қамтамасыз етіп қана қоймай, ұлттық бірлікті нығайту мақсатында да шараларды ұйымдастыруда. Қазақстан өңіріндегі осындай этномәдени бірлестіктердің 1000-нан астам бірлестігі тіркелген. Оның ішінде 27-сі республикалық деңгейде қызмет атқарып келеді. Әр өңірде этномәдени бірлестіктерді қолдау мақсатында 40-тан астам ресурстық орталықтар құрылған. Мысалы, Алматы қалалық Ассамблеясында 37 этномәдени бірлестік тіркелген. Бұл бірлестіктер мәдени шаралар, ұлттық мерекелер және этносаралық келісімді нығайтуға бағытталған жобаларды іске асыруда. Мысалы, жыл сайын ұйымдастырылатын “Достық фестивалі” әртүрлі этностардың өнерін, дәстүрін және тілін насихаттауға арналған. Жалпы алғанда Алматы қалалық Қазақстан халқы Ассамблеясы (Алматы ҚХА)- еліміздегі ең ірі этностық - мәдени және қоғамдық келісім институттарының бірі. Алматы қаласында көптеген маңызды жобалар мен іс-шаралар жүргізіліп келуде. Мысалы, “Достық фестивалі”, “Бір шаңырақ астында” жобасы, “Тілдер күні” мерекесі, Қайырымдылық акциялары, Этномәдени көрмелері және тағы басқаларын айтуға болады. Алматы қалалық Қазақстан халқы Ассамблеясы-мегаполистегі этносаралық қатынастарды үйлестірудің және қоғамдық келісімді сақтаудың маңызды орталықтарының бірі болып саналады. Оның құрылымы мен қызметі этностық әртүрлілікті қолдауға, мәдениеттердің сақталуы мен дамуына және қалалық қоғамдастықтағы бірлік пен бейбітшілікті нығайтуға бағытталған.

Сонымен қатар өзіміздің облысымыздың Петропавл қалалық Қазақстан халқы Ассамблеясы да үлкен жұмыстарды атқарып келеді. Петропавл қалалық Қазақстан халқы Ассамблеясы - Солтүстік Қазақстан өңіріндегі этносаралық келісімді сақтау, мәдени әртүрлілікті қолдау және қоғамдағы тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында қызмет ететін маңызды құрылым болып табылады. Қаланың этномәдени бірлестіктері өздерінің мәдениетін, тілін және дәстүрін сақтау мақсатында түрлі мәдени шаралар ұйымдастыруда. Әсіресе, Петропавл қаласындағы этномәдени бірлестіктердің қатысуымен ұлттық мерекелер, фестивальдар, көрмелер жиі өткізіледі. Бұл шаралар тек қала тұрғындары арасында ғана емес, сонымен қатар сырттан келген қонақтарға да қаланың этникалық әртүрлілігін көрсету мүмкіндігін береді. Мысалы, “Наурыз” мерекесі, “Ұлттар достығы күні” және өзге де ұлттық мерекелер өткізіліп келуде. Сонымен қатар мәдениет, тіл мәселелеріне байланысты жобалары жүзеге асырып келеді. Мысалы, жуырда “Тіл керуені-2024” жобасы аясында Солтүстік Қазақстан облысы Қазақстан халқы Ассамблеясының қолдауымен “Рух.Тіл. Жаңғыру” қоғамдық бірлестігі “Солтүстік Қазақстан облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасымен бірлесіп, Солтүстік Қазақстан облысындағы барлық аудандардың тұрғындарымен бірқатар кездесулер өткізді. Бұл кездесулер мемлекеттік тілдің мәртебесін көтерудің маңыздылығы туралы ашық диалог алаңына айналды. Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі, “Радзіма” Солтүстік Қазақстан облыстық белорус мәдени орталығының төрайымы Мария Татаренко және Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі, “Угра” қазақ мәдени-ағартушылық орталығы” қоғамдық бірлестігінің белсендісі Сәлімхан Сәбитов облыстық Ассамблеяның осы бағыттағы қызметі, мемлекеттік тілді үйрену бойынша жасалған жағдайлар туралы және мемлекеттік тілді білу және қолдану біздің қоғамда бірлік пен бірегейлікті нығайтуға ықпал ететіні жайында айтты.

Солтүстік Қазақстан облысы Қазақстан халқы Ассамблеясы жыл бойы мемлекеттік тіл мен этностардың тілдерін үйренуге деген қызығушылықты арттыруға бағытталған бірқатар іс-шараларды өткізіп келуде. Петропавлда алғаш рет “Екі жұлдыз” облыстық вокал байқауы өткізілді, оның қатысушылары түрлі тілдерде нөмірлерді паш етті. Сонымен қатар өңірде жыл сайын : “Салт-дәстүр” және “Өнеріміз саған, Қазақстан” фестивальдері, Достық үйінде қазақ және ағылшын тілдерін үйрену курстары да ұйымдастырылып келуде. Ал №17 мектеп

базасында қазақ, орыс, украин, неміс, поляк, әзірбайжан, армян, белорус, татар, шешен сынды тілдерді үйренуге болады.

Қазіргі таңда Петропавл қалалық Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмысы этносаралық келісімді нығайтуға, мәдени әртүрлілікті қолдауға және қаланың тұрақты дамуына зор үлес қосуда. Оның қызметі қаладағы көпұлтты қоғамда достықты, өзара түсіністікті және бірлікті нығайтуға бағытталған.

Қазақстан халқы Ассамблеясының маңыздылығы арта түсуде. Глобализация, көші-қон және ақпараттық ағымдардың күшеюі ұлттық бірегейлік пен мәдени тұтастық мәселелерін өзекті етеді. Ассамблея осы жағдайда этносаралық келісім мен қоғамдық тұрақтылықты сақтауда негізгі платформа ретінде жұмыс істеп келуде.

Қорытындылай келе, Қазақстан халқы Ассамблеясы - еліміздегі бірлік пен келісімнің, толеранттылық пен өзара құрметтің символы. Бұл ұйым Қазақстанның көпұлтты қоғамында тұрақтылықты қамтамасыз етуде, бейбіт өмір сүрудің үлгісін көрсетуде және елдің тұрақты дамуына үлес қосуда маңызды рөл атқарады. Ассамблея елдегі этносаралық бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтаудың негізгі механизміне айналып отыр. Оның құрылуы мен қызметі Қазақстанның көпэтносты және көпмәдениетті қоғамының ерекшеліктеріне сәйкес қжетті тарихи қадам болды. Қазақстан халқы Ассамблеясы моделі халықаралық деңгейде де оң бағаланып, басқа елдерге үлгі ретінде ұсынылуда.

Әдебиеттер тізімі

1. “Біз - қазақстандықтармыз! Мы - қазақстанцы !”-Қарағанда : ПК “Экожан” ,2010.-4 б.
2. Тоғжанов Е.Л., Кан Г.В., Коробков В.С., Шаяхметов И.У. Қазақстан халқы Ассамблеясы : тарихи очерк.- Алматы: Раритет,2020.-257 б.
3. Назарбаев Н. Ұлттық бірлік - біздің стратегиялық таңдауымыз. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқы Ассамблеясының XV сессиясында сөйлеген сөзі. URL: <http://www.akorda.kz>.

УДК 397

КӨШПЕЛІЛЕРДІҢ ӘЛЕМІ: ТАРИХ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МҰРА

Равиль И.

*Азық-түлік өндірісінің технологиясы мамандығының 1-ші курс студенті,
mistrina4@gmail.com*

Ғылыми жетекші: Тасилова А.А.

*Халықаралық инженерлік-технологиялық университетінің оқытушысы,
ал-Фараби атындағы ҚазҰУ докторанты
Алматы қ., Қазақстан*

Аннотация: Мақалада көшпелілер әлеміне Н.Крадин еңбектеріне сүйене отырып талдау жасалынған. Көшпелі өркениет тарихи процестердің маңызды бөлігі болып саналады. Олар тек өздерінің өмір салттары мен мәдениеттерін ғана емес, сонымен қатар Еуразиядағы саяси және экономикалық жүйені қалыптастыруда да үлкен рөл атқарды. Көшпелі халықтардың еңбектері, дәстүрлері және жетістіктері бүгінгі таңда да халықтар арасындағы мәдени алмасулар мен байланыстарда көрініс табады.

Кілт сөздер: көшпелілер, мәдениет, тарих, өркениет.

Аннотация: В статье сделан анализ мира кочевников на основе трудов Н.Крадина. Кочевая цивилизация считается важной частью исторических процессов. Они сыграли большую роль не только в формировании своего образа жизни и культуры, но и в

формировании политической и экономической системы в Евразии. Труды, традиции и достижения кочевых народов и сегодня находят отражение в культурных обменах и связях между народами.

Ключевые слова: кочевники, культура, история, цивилизация.

Abstract: the article analyzes the world of nomads based on the works of N. Krajin. Nomadic civilization is considered an important part of historical processes. They played a huge role in shaping not only their own way of life and culture, but also the political and economic system in Eurasia. The works, traditions and achievements of nomadic peoples are reflected in cultural exchanges and contacts between peoples even today.

Keywords nomads, culture, history, civilization.

1917 жылдың 12 – 23 сәуір аралығында Верный қаласында өткен Жетісу облыстық қазақ съезі 17 шақты қарарлар қабылдаған болатын, олар: соғыс, азық – түлік, жер, мал шаруашылығы және басқа да мәселелер. 9 – ыншы қарарында Салық (шығын) жинауда және сайлауларда партиялық араздықты тоқтату шаралары айтылады.

Кең демократиялық негізде жүргізілген земство-болыстықтарда да белгілі бір дәрежеде партиялық араздық жояды деп сиез сенім білдіреді. Тіпті мынадай тілек айтады: ауылдарда қызмет дәрежесі үшін болыстар мен ауыл старшиндар арасында болатын партиялық тартыс түбірінен жойылсын. Қауіпсіздік сақтау және басқа да таза полициялық қызметтер, сонымен қатар салық жинау қызметі әр ауылдан бір адамнан арнай сайланған земстволық басқару арқылы жүргізілуі тиіс. Болыстық земствода салық жинаушылардан қаржыны қабылдау үшін арнайы қазынашы болуы тиіс. Сонымен бірге болыстық сайланғандар сиезін түбірінен жойып, бұл сиездердің жұмысын болыстық земствоға толығымен беру керек. Болыстық земство басқармасына өз мүшелерін сайлап, болыстық сотқа өз билерін сайлау, сонымен бірге ауылдық салық жинаушыларды сайлау жалпы тең және құпия дауыс беру жолымен жүргізілуі керек. Оған әр ауылдан бір-бір адам сайлануы тиіс. Барлық болыстықтарда билерді уездік және учаскелік сиездерге сайлау осындай дауыс беру жолымен сайлануы керек. Болыстық земство-шығындарды жинауды реттеу үшін барлық төлеушілерді уақытылы есеп қағаздармен және салық жинау квитанциясымен қамтамасыз ету тиіс. Ауылдық салық жинаушылар сияқты болыстық земство қазынашысының іс-әрекеті де земстволық басқарма мүшелеріне сайланған арнайы тексеру комиссиясының бақылауында болады. Мұнан басқа шығындарды жинауды реттеу үшін земствоның шығынын өтей алатын көзделмеген қаржы Қоры болуы керек. Салымдарды қабылдау-қабылдамау осы қордың қаржылай мүмкіндігіне қатысты [2, 386].

Салық мәселесі «Алаш» партия бағдарламасының жобасында айқын көрсетілген. Программаның жобасы 10 бөлімнен тұратындығын білеміз, олардың ішінде I. Мемлекет қалпында және YII. Салық бөлімдерінде былай айтылады: I. Мемлекет салығы Г. Думасыз салынбау керек; YII. Салық мал – ауқат, табысқа қарай байға байша, кедейге кедейше ғәділ жолмен таратылуы керек [2, 442].

Әлихан Бөкейхановтың «Қазақ» газетінде Алаш атты мақаласында Партияның бағдарламасы ашылып, түсінікті тілде халыққа, оқырман қауымға жеткізілген болатын. Салық жүйесі туралы әділ тұжырым жасалған: «Салық жинау байлықтарының деңгейі мен мүмкіндіктеріне қарай жиналады: байлар көбірек төлесе, кедейлер аз төлейді» [3].

1917 жылғы қараша айында «Қазақ» газетінде «Алаш» партиясы бағдарламасының жобасы жарияланады. Жобаны Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Елдес Ғұмаров, Есенғали Тұрмұхамедов, Ғабдулхамид Жүндібаев және Ғазымбек Бірімжановтар дайындағаны көрсетілген. Бұдан көріп отырғанымыздай XX ғасырдың бас кезінде қазақ халқы ұлт-азаттық қозғалысының негізін қалаушы әрі идеялық басшылары Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов екенін білеміз.

Осындай салық салу әдісі әлемдік тәжірибеде кең қолданыста екенін айтап кеткеніміз жөн. «Алаш» партиясының салық реформасының идеялары салық жүктемесін әділ бөлуде негізделді. «Алаштың» өкілдері салықтардың белгіленген ережелер бойынша емес, мүліктік жағдайына байланысты алынуын талап етті. Бұл халық арасындағы қалыптасқан жағдайды жеңілдетуге бағытталған. Сондай-ақ, негізгі идеялардың бірі ауыр феодалдық алымдарды жою болды. «Алаш» шаруалар билеуші тап өкілдері мен жер иелерінің пайдасына ауыр салық ауыртпалығын көтерген ескі жүйенің қалдықтарын жоюға тырысты. Партия сыбайлас жемқорлықты болдырмауға арналған ережелердің ашықтығы мен түсінігін жақтады. «Алаш» партиясының реформалары саясаттың тез өзгеруіне және большевиктердің билікке келуіне байланысты толық іске асырылмағанымен, олардың идеялары болашақ Қазақстанның салық жүйесін дамытудың соңғы кезеңдеріне әсер етті.

«Алаш» партиясы бағдарламасының жобасындағы VII тарау – «Салық». «Салық әлауқат, табысқа қарай байға – байша, кедейге – кедейше әділ жолмен таратылу». Яғни, салық әділ негізінде салынуы тиіс деген сөз. Яғни «Салық» жобасының қағидасы ізгілікті және демократиялық қағида екенін осы мәтіндерден көреміз. Тарихи тұрғыдан алғанда өз уақытынан идеялық жағынан «Алаш» партиясы қайраткерлерінің айтқаны ақиқат болып шықты. 1995 жылғы Қазақстан Республикасы Конституциясының 14-бабында былай делінген: «1. Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең. 2. Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды» деп көрсетілген [4].

Бірінші дүние жүзілік соғыстың басталуы, оған байланысты отарлық езгінің күшеюі, соғыс мұқтаждарына жиналатын алым-салықтардың қисапсыз өсуі «Қазақ» төңірегіне топталған ұлттық-демократиялық интеллигенцияның жағдайын күрделендірді. Соғысқа, оның барысында 1916 жылы майданның қара жұмыстарына Қазақстан мен Орта Азияның жергілікті халықтарының өкілдерін шақыру жөніндегі патша жарлығына және осылардан туындаған салдарларға байланысты өз көзқарастары мен позицияларын анықтау ұлттық-демократиялық казак интеллигенциясы үшін оңай болған жоқ [4, 58].

Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында қазақ халқының салық мөлшері артты. Негізгі салықтарға қосымша әр түтіннен міндетті түрде алынатын соғыс салығы енгізілді.

Соғысқа байланысты жергілікті халық төлейтін салықтар көлемі 3-4 есе, ал жекелеген жағдайларда 15 есе өсті. Мысалы, 1914-1916 жылдары аралығында Жетісу облысында әр түтінге салынатын салық 3 сомнан 8 сомға дейін өсті. Азық-түліктің, басқа да халық тұтынатын заттардың бағасы үздіксіз қымбаттай берді. Мәселен, XX ғасырдың басында ұнның бір пұты 94 тиын болса, ол 1916 жылы 40 сомға дейін көтерілді. Тек қана Қазақстанның солтүстік-шығыс облыстарында 1916 жылы бидай ұнның бағасы 1,5 есе, ал еттің бағасы екі есеге жоғарылады [5, 58].

Сол себепті соғыс жылдарының соңына қарай салық мәселесі маңызды тұрды. «Алаш партиясы» салық салуды ғаділ жолмен жүргізу идеясын алға тартты.

«Алаш» партиясы бағдарламасының жобасы азаттық қозғалысы жетекшілерінің Ресей самодержавиелік мемлекетіне қарсы күресінің қорытынды жемісі болды. Ұдайы саяси қуғын-сүргінге ұшырағанына, түрмеге жабылып, жазаға тартылғандарына қарамай, олар өздерінің туған халқына шексіз берілгендігін көрсетті және оны іс жүзінде дәлелдеді. Олар қатыгез отаршылдық пен полицейлік езгі жағдайында туған халқының мүддесін қорғады, оның өмір сүру құқығын ғана емес, дербес саяси даму құқығын да ғылыми дәйектілікпен айқындап, партия бағдарламасының жобасын жасады. Осы мақсатпен олар қазақ халқының тарихын зерттеп, дүниежүзіндегі алдыңғы қатарлы елдердің мемлекеттік құрылысының тәжірибесін пайдалана білді. Сонымен қатар, қазақтың әдеп-ғұрып заңдарына сын тұрғысынан қарап, оның өміршең салық жүйесінің қағидаларын қоғам мақсатына қабылдауды ұсынды. Халыққа тың, прогресшіл мемлекеттік-құқықтық идеялар ұсынды. «Алаш» партиясы бағдарламасының жобасында ұсынылған қағидалар қазақ халқын шын мәніндегі қайта өрлеу мен прогресс жолына алып шыға алатындай бағдарлама болды деп айтамыз. «Алаш» партиясының негізін

қалаушылар өздерінің нағыз демократтар екендігін таныта білді. К.Нұрпейісов Алаш және Алашорда тарихының зерттелуі хақында» атты мақаласында «Алаш» партиясы бағдарламасы жобасының мәтіні бұрмаланғаны жөнінде жазылған. Мұның өзі – ұлт-азаттық қозғалысының негізін қалаушылардың экономикалық, саяси құқықтық және әлеуметтік көзқарастарының демократиялық сипаты, прогресшіл маңызы жөніндегі шындыққа сай деректерді халықтан жасыру үшін жасалған қиянат екенін аңғарамыз [6].

Академик М.Қозыбаевтың «Ғасыр қасіретін арқалаған арыстар» атты мақаласында: «Алаш ұстанған реформалық бағыт стратегиялық жағынан дұрыс. Оны тарих көрсетті. Бірақ сол дәуір оны дәлелдей алмады...»[7]. Біз өткенімізді саралағанда диалектикалық өлшеммен қарағанымыз жөн сияқты.

«Алаш» партиясының жүйені реформалау туралы идеялары Қазақстан үшін маңызды сәттегі өзгерістерді көрсетеді. ХХ ғасырдың басында қазақ халқы күрделі экономикалық ерекшеліктерге тап болды. Жаппай жұмыссыздық, азық-түлік тапшылығы және көшпелі шаруашылықтардың дәстүрлі экономикасының бұзылуы өмір сүру деңгейінің күрт төмендеуіне әкелді. "Алаш" саясатын түсінудің маңызды мәні Ресей империясы тарапынан отаршылдықты пайдалануды жалғастыру болды, бұл кезде қазақ жерлері Ресейдің орталық аймақтарынан қоныс аударушылардың пайдаланылуына беріліп, жергілікті тұрғындардың экономикасының дағдарысына соқтырды.

«Алаш» партиясы осы дағдарыс факторларын ескере отырып, салық жүйесін реформалауды ұсынды. Олар салық төлеушілердің мүліктік жағдайын ескере отырып, салықты әділ бөлуді жақтады, бұл кедей халықтың өмірін жақсартуға мүмкіндік берді. Негізгі ұсыныстардың бірі олардың материалдық жағдайын талдау негізінде шаруалар мен кедей топтарды салықтан босату болды. «Алаш» қазақ халқымен жиналатын салықтардың өңірлерде сақтық танытып, Ресей империясының Орталық губернияларына кетудің орнына жергілікті экономиканы дамыту үшін пайдаланылуына ұмтылды.

«Алаш» партиясының әділ жүйені құру жөніндегі идеялары терең тарихи іздер қалдырды. Қазіргі Қазақстанның салық жүйесінің дамуына ықпал етті. Қазақстанның қазіргі заманғы салық жүйесі, оның едәуір күрделі құрылымы мен жаңа сын-тегеуріндеріне қарамастан, «Алаш» партиясы алға тартқан әлеуметтік әділеттілік қағидаттарына негізделеді.

Қазіргі жүйенің маңызды нормалары орта өсімді қолдау, ауыл шаруашылығы секторы үшін жеңілдіктер және азаматтардың осал санаттарын салықтан босату болып қала береді. Бұл элементтер «Алаш» партиясының халықтың кедей топтарын қорғау және салықтарды әділ қаржыландыру арқылы экономикалық өсуді ынталандыру қажеттілігі туралы идеяларымен үндеседі.

Қазіргі Қазақстанда салық жүйесін цифрландыру мен ашықтығын арттыруды сыбайлас жемқорлыққа және ресурстарды әділетсіз қайта бөлуге қарсы күрес қажеттілігі туралы «Алаш» идеяларын дамыту ретінде қарастыруға болады. Бұл реформалар салық саясатын әділ әрі тиімді етуге мүмкіндік береді, бұл ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының мақсаттарының бірі болды.

Әдебиеттер тізімі

1. Кузембайұлы А., Абиля Е.А. История Казахстана: Учебник для вузов. 7-е изд. перераб. и доп. - СПб.: Соларт, 2004. - 420 с.
2. Алаш. Алашорда. Энциклопедия / Құраст.: Ғ. Әнис, С. Смағұлова. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – 544 бет.
3. Букейханов А. Избранное. Алматы, 1995. - С. 406. §5 Программы партии «Алаш» // Қазақ. - 1917. - № 251. - 21 ноября.
4. Қазақстан Республикасы Конституциясы, 1995, б.,
5. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. - Алматы: «Ататек», 1995. - 256 бет.
6. Нұрпейісов К. Алаш және Алашорда тарихының зерттелуі хақында» «Қазақ тарихы» журналы. 1994, №1, 12-б.

7. Ғасыр қасіретін арқалаған арыстар. М.Қозыбаев, академик. «Егемен Қазақстан», №125 12.08.1994 ж.

ӘОЖ (УДК) 373.5.016 :811.512.122.

ТҮЛҒА ДАМУЫНА ТАҒЫЛЫМЫ МОЛ СӨЗДЕРДІҢ МАҢЫЗЫ

Тобугов М.Т.

*Қазақ тілі мен әдебиеті ғылымдарының магистры,
Әлихан Бөкейханов атындағы орта мектебі
Жамбыл облысы, Қазақстан
mtobugov@mail.ru*

Аннотация. Бұл мақаланың тақырыбы тек мектеп оқушылар ғана емес, бүкіл халық үшін де маңызды болып табылады. Мақала қазақ тілі, әдебиет, тарих сынды ғылым салаларын қамтиды. Алынған нақыл сөздердің тұлға дамуына көптеген септігін тигізуде.

Сөз өнерінің сырын ашып, көркем сөз құдіретін танып білу, жан дүниені бейнелі өрнек, бояу нақыштары арқылы әсер етуде нақыл сөздердің орны ерекше. Сондықтан да зерттеу барысында жалпы халық үшін нақыл сөздерді тереңірек зерттеп, талдаулар жүргізуді мақсат тұттым. Осыған орай алға қойған міндеттеріміз – нақыл сөздерді зерттеп, зерделей отырып, оны өзгелерге жеткізу, таныту. Бұл зерттеу тек қазақстандықтарды емес, бүкіл әлем жұртшылығына маңызды екендігін дәлелдеуге тырыстым.

Түйін сөздер: әлем, нақыл сөз, тәрбиелік мән, тұлға, жұрт.

Annotation. The topic of this article is important not only for schoolchildren, but also for the whole population. The article covers such areas as Kazakh language, literature, history. Received parables contribute the development of personality in many ways. A special place is occupied by the secrets of the art, the power of the artistic word, influencing the soul, coloristic motifs. I decided to further explore the proverbs for the general population and analyze them. We aimed to convey the proverbs to the people around us. I tried to prove that this research is for the whole world community.

Keywords: world, proverb, educational value, personality, society.

Қазіргі қоғамдағы білім жүйесін дамытуда оқушылардың ғылым мен жаңа білім әдістерін пайдалануда маңызы зор. Білім беруді ақпараттандыру және пәндерді ғылыми-технологиялық негізде оқыту мақсаттары алға қойылуда.

Қоғамда тың идеялардың қарқынды дамуы, жан-жақты жаңа технологияны меңгерген жеке тұлға қалыптастыруды талап етілген. Білім мен ғылымның даму кезеңінде осы заманға сай білімді, әрі білікті тұлға даярлау мұғалімнің басты міндеті болып отыр. Олардың бәрінде бірінші орында оқушы тұрады және оның өз бетімен білім алудағы белсенділігіне баса назар аударылады. Өйткені жеке тұлға өз іс-әрекеті арқылы ғана дами алады.

Қазіргі білім жүйесінің ерекшелігі – тек біліммен қаруландырып қана қоймай, өздігінен білім алуды дамыта отырып, үздіксіз өз бетінше өрлеуіне қажеттілік тудыру. Білім алуда оқушылардың өз іс-әрекеттерін ұйымдастыру арқылы шығармашылық ізденісін жетілдіріп, өз бетінше жұмыс істеуін, өз қиялын, идеясын қалыптастыру.

Бұл тақырыпты алудағы мақсатымыз – «Өнер алды – қызыл тілдің» бар мүмкіндігін, иірімдерін кеңінен қолданған, халықтың қымбат қазынасы, ұлттың ұлы байлығы – сөз асылын бар қырынан таныта білген елаузында жүрген нақыл сөздерін қадірлеу, қастерлеу және оны оқушыларға таныта білу, тарату. Сол арқылы оқушылардың танымдық қабілетін дамытып, шығармашыл, дарынды тұлға қалыптастыру. Осы тұста Н.Ә.Назарбаевтың **Отан, тіл, тарихқа** арнап жазған нақыл сөздерінің идеялық жүйесін, талдап кетсек болады.

Саяси қайраткерлердің қай-қайсысы да алдына қойған мақсат-мұратына жетуі үшін

жұртшылықты өз ойының дұрыстығына иландырып, халықтың қолдау-сеніміне ие болуға тиіс. Ал, мұның өзі жиындарда сөйлеген сөздері мен мерзімді баспасөзде, жеке еңбектерінде жарияланған ойлары арқылы қоғамдық санаға сіңісіп, жүзеге асатыны белгілі. Демек, ол ойлардың көпшілік көкейіне қонымды, жүрекке жылы тиер жұмыр да нанымды болуы – қайраткер жетістігі мен жеңісінің алғышарты.

«Біздің жастарымыз оқуға – жаңа білім, ғылымды игеруге, жаңа машықтар алуға, білім мен технологияны күнделікті өмірде шебер пайдалануға тиіс. Біз бұл үшін барлық мүмкіндіктерді жасап, ең қолайлы жағдайлармен қамтамасыз етуіміз керек» - деп, 2012 жылғы Қазақстан халқына жолдауында айтып өткен.

Жастарға патриоттық тәрбие берудің бағдарлы идеяларын Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2030» Қазақстан халқына Жолдауының «Қазақстан мұраты» деп аталатын бөлімінен көруге болады. Мұнда: «...біздің балаларымыз бен немерелеріміз... . Бабаларының игі істерін сақтай отырып, қазіргі заманғы нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуге даяр болады. Олар бейбіт, абат, жылдам өркендеу үстіндегі күллі әлемге әйгілі, әрі сыйлы өз елінің патриоттары болады» делінген[1]. Осы тұста патриоттық сезім тұлғаның тектілігінен туындайды. Ол тәрбие арқылы өсіп-жетіліп патриоттық сана түрінде қалыптасады. Ұлттық патриотизмді ұлт және патриотизм туралы екі ұғымның жадағай қосындысы деп қарауға болмайды. Себебі, ұлттық патриотизм – хан мен тектіліктен туа біткен қасиеттердің тәрбие арқылы бекіп, нығаюы, елін, жерін шексіз сүйіп, соған қызмет ету, ұлттың барлық қасиеттерін ардақтау деп жастарды Отаншылдық рухта тәрбиелеу міндетін жүктейді. «Ұлылардың мұрасы да, мұраты да, атақ-даңқы да, мерейтойы да кейінгіге үлгі. Ал үлгіге қарап ұрпақ өседі».

Н.Ә.Назарбаев нақыл сөздерді қазақ тілінде жазып, керекті бар бейнелі сөздерді, нәрді, кестені түгелдей халық ойынан тапты. Тұңғыш президенттің туған еліне, ұлтына сүйіспеншілігі туралы сөздерінде ой-сезімі, жан дүниесі терең ашылған.

Асқақ арман, асыл сөз, асқан шеберлік пен шешен тіл арқылы алуан құбылып, неше түрлі салыстырулар мен байыту негізінде көркем де кестелі ойлармен талғам-толғаныстарын жүйелі жеткізген айрықша дарын мен даралықтан туатын, өмір тәжірибесі мен талғамы мол. Олар қазақ халқына жаңаша жазылған құндылықтар болып табылады.

Автордың ойын беделді пікірлермен тиянақтау үшін, біреудің пікіріне сын айту үшін, құнды дерек ретінде пайдалану үшін қолданылады. Ал ондай ойлардың уақыттың таңдауымен, халықтың қолдауымен тәуелсіз Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті болып тарихқа енген, тұғырлы тұлғасы Н.Ә.Назарбаев дәйім тербеп, толғанып жүретініне бүгінде тәнті болмаған адам кемде-кем.

Ендеше, Әбішұлының: «... халықпен тіке тіл қатысу – кез келген саясатшы үшін жеңіл сын емес», - деп ағынан жарылуы тегіннен-тегін болмаса керек[1]. Ол өз заманымен, қоғам өмірімен қатынас – байланысы, жалпы дүние болмыстан алатын әсерлері сан алуан. Оны бір жақты, тар көлемде түсінуге болмайды. Басты мәселе – Н.Ә.Назарбаев мемлекетіміздің ортасында жүріп, орыстанып кеткен қазақ халқының азаматтары мен азаматшаларына ойын орамды жеткізе алғандығында. Әбішұлының қандай да нақыл сөзі болмасын бірінен-бірі асып өтетін өзінің, халықтың, оқырманның, жұртшылықтың көкейінде жүрген көкейтесті мәселелерді ашық көрсетіп, оқырман көңіліне бірден жететіндей жазған. Сонымен бірге өмірден көргені мен білгені, түйгені мен зерделегені, ойын орамды, тәлім-тәрбиелік маңызы зор, мәні өте жоғары, сөздері құнды екенін аңғарамыз. Мына «Бұл дүниеде біздің бір ғана Отанымыз бар, ол – Тәуелсіз Қазақстан» - деп, айтып өткен сөзінде[1]. Біз туған мемлекетіміздің тәуелсіздігін баянды етуге, қуатын арттыруға, оның игілігіне, халықаралық қоғамдыстықта абыройының өсуіне адал қызмет етуге парыздымыз. Ол үшін әрбір азамат еліміздің тұтастығын, жеріміздің бүтіндігін, халықтарымыздың жарастығын аман сақтай білу қаншалықты үлкен тарихи жауапкершілік екенін жан-тәнімен сезіну керек екенін айтып өткен. «Қазақстан – менің Отаным, оның мен үшін жауапты екені сияқты, мен де ол үшін жауаптымын»[2] деген сөзінде, әрбір адам бала кезінен Отанның отбасынан басталатынын, қарапайым ойды бойына сіңіріп, Отан үшін ауыратынын, маздатып мазаңды алатынын және

Қазақстанның әрбір азаматында алар орнының ерекше екенін дөп айтты. _

Отанымыздың қасиетті байтақ даласын қантөгісті шайқастарда қорғаған батыр бабаларымыздың рухына лайық болуымыз керек. Олар тәуелсіздікті аңсады, біртұтас, қуатты мемлекет құруды армандады. Осы ұлы мұратты жүзеге асырудың асқақ абыройы біздің ұрпақтың пешенесіне жазылды. Біздің тарихи міндетіміз – елімізді әлемнің дамыған мемлекеттерінің қатарына қосу, келер ұрпаққа өркенді де өршіл Қазақстанды табыстау болып тұр деген. Елбасымыз

Отан-Ана, От бердің жүрегіме,

Риза боп қараймын гүл-өңіңе.

Бабаларым сомдаған бағзы бейнең

Тәуелсіз боп түрленді, Түледі де!

Менде қандай арман бар, Асыл ана,

Жарай алсам халқымның тірегіне?! [7] –деп, өз ойын өлең жолдары арқылы түйіндеп жеткізді. Өз Отанының, туған халқының, елінің, жерінің тағдырына бар жан-тәнімен алаңдайтын, мұңын, жоғын жеке басының проблемасынан жоғары қоятын ұлтжанды тұлға екенін байқадым. Патриоттық тәрбие – ұлттық намыс, ұлттық сана рухани байлықтан көрініс табады. Олай болса, рухани байлыққа ең алдымен тілімізді жатқызсақ, тіл – қазақ болуымыз үшін, салт-дәстүр – ұлт болуымыз үшін қажет.

Қазақстан – елімізді мекендейтін көптеген ұлттардың тілі мен мәдениетін дамытуға жағдай жасап келе жатқан мемлекет. Ал, бүгінде *«ұлтты біріктіруші басты фактор қазақ тілі – мемлекеттік тіл болып отыр» [3]*. Мемлекеттік тіл – ұлттық саясаттың дінгегі. Сондықтан Нұрсұлтан Назарбаевтың *«Ғасырлар бойы қазақтың ұлт ретіндегі мәдени тұтастығына ең негізгі ұйытқы болған оның гажайып тілі» [6]* - деп айтуы да бекер емес. Өйткені Қазақстанның болашағы –қазақ тілінде. Әр адамзат ойлайтын, толғанатын тақырыптың бірі – болашақ, келер ұрпақтың өмірі. *«Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін» [1]*, *«Ана тілін армансыз бойға сіңіріңіздер, өйткені бабаларымыздың ғұмыр тәжірибесі, дүниетанымы, мінез-құлқы, өзіндік болмыс-бітімі осы тілде қаттаулы жатыр» [6]* - деп орыстанып кеткен қазақтарға көкейде жүрген ойын анық айтып отыр.

Сонымен бірге үлкені болсын, кішісі болсын барша қазақтарға Ана тілінде сөйлеуіне ата-бабамыздан қалған теңдесі жоқ байлық екенін жеткізуде. «Қазақ – қой мінезді» демекші, қазақтың болмыс-бітімін, мінез-құлқын, момын халық және қазақ тілі сарқылмас байлық екенін осы нақыл сөздерінен көруге болады.

«...Дауға салса – алмастай қиған, сезімге салса – қырандай қалқыған, ойға салса – қорғасындай балқыған, өмірдің кез келген орайында әрі қару, әрі қалқан, әрі байырғы, әрі мәңгі жас, отты да ойнақы Ана тілінен артық қазақ үшін бұл дүниеде қымбат не бар екен?!»[5] - деп, мемлекетіміздің ұлттық тілін қыран құстай самғатып, қандай өмір болмасын әрі қалқан, әрі қару ретінде ұстаған ақын-жазушыларымыздың отты да, ойнақы ойларын Ана тілі арқылы жеткізуін айтып отырған.

Ал, Елбасымыз болса болашаққа көз жүгіртіп, *«Қазақстанның болашағы жастардың қолында»[1]*, *«Еліміздің болашағын бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал ұрпақтың тағдыры ұстаздардың қолында»[7]* - деп, мектеп табалдырығында білім нәрін бала жүрегіне ұялатып жүрген мұғалімдерге *«Білім мен тәрбие егіз»[1]* демекші, мұғалімдер тек біліммен ғана шектеліп қоймай сонымен бірге баланы ұлттық, патриоттық тәрбиеге шақыруын сілтеп отыр. Айтылып отырған ойда жас ұрпаққа мемлекетіміздің тілін қастерлеуді, қадірлеуді, тіліміздің шұбарланып бара жатқанын, жаны күйзелгендігін ашық үндеу арқылы бізге ой жүгіртікісі келетінін байқауымызға болады.

«Ана тілін армансыз бойға сіңірсеңіздер, өйткені бабаларымыздың ғұмыр тәжірибесі, дүниетанымы, мінез-құлқы, өзіндік болмыс-бітімі осы тілде қаттаулы жатыр»[4] - деп, бұл Әбішұлының халыққа айтқан өсиеті деп те айтуымызға болады. Себебі, қазіргі әңгімелейтін мәселе қазақтың нақыл сөздеріне байланысты. Қазақ халқы – сөз қадірін қастерлеп, қасиетті сөздерді аузынан тастамай, өнеге етіп, данышпандығын өлең-өрнектерімен өрнектеп, терең мағыналы сөздермен зерделеп келе жатқан халық. Сөз зергерлерінің аузынан шыққан нақыл

сөздері үздіксіз пайдаланып, үлгі етіп, ұрпақ тәрбиесіне парақтап пайдалану дәстүрге айналған. Халқымыздың ғасырлар бойы өмірден көрген-білгенін бейнелеп түйіндеуін - сөз өнері дейміз.

«Тілге деген көзқарас, шындап келгенде, елге деген көзқарас екені даусыз. Сондықтан оған бейжай қарамайық. Қазақ тілі жаппай қолданыс тіліне айналып, шын мәніндегі мемлекеттік тіл мәртебесіне көтерілгенде, біз елімізді Қазақ мемлекеті деп атайтын боламыз», [8] - деп атап көрсетті. Осы сөзді әрбіреуіміз санамызға сіңіріп, сол күнге жетер жолда жұмыла еңбек етуіміз керек. *«Ана тілі – бәріміздің анамыз, өйткені ол ұлтымыздың анасы»[3]* - деп, өте дәл айтқан. Ендеше, ана тілін ардақтау әрбір азаматтың абыройлы борышы екені ешқандай дау туғызбаса керек. Ана тілі анамыздың ақ сүті арқылы сәби кезімізден бойымызға сіңісіп дамып жатыр. Ана тіліміз әр отбасы ошақ қасынан бастау алады. Отбасындағы ұлттық тәрбие ана тілін қастерлеп, қадірлеуге көптеп көмегін тигізеді. *«Ана тіліміз – бізді ғасырдан ғасырға, заманнан заманға аман жеткізген бірден-бір арымыз да, нарымыз да»[3]* демекші, *«Кеше болмағанның бүгін болуы мүмкін, бүгін болмағанның ертең болуы мүмкін, бірақ ана тіліне мән бермеушіліктің, оны құрметтемеудің орны толмас оққылықтарға соқтыратыны сөзсіз»[5]* - деп, тұңғыш Президентіміздің нақыл сөздері арқылы әрбір кешегі қазақтың қара домалақ қыздары мен ұлдарының бойындағы тілге, елге, ұлтқа деген көзқарасы өзгеше болса, бүгінгі таңдағы жасөспірімдеріміздің қазақ тіліне деген сүйіспеншілігі оңынан туса, жастарымыздың болашақ өмірі ашық та, жарқын болары кемел. Дегенмен, *«Қазақ тілінің мемлекеттік қызметте де, өндірісте де, ғылымда да, білім беруде де дәл орыс тілінше қолданылуы үшін қолдан келгеннің бәрін істеу қажет»[2]* деген сөздері еске түседі. Әрбір сөзінде өн бойына тек өзіне ғана тән өзгеше сыңғыр әуез, сұлу саз, сырлы күй дарытады. Қазір ар мен намыстың, күмән мен үміттің, болашаққа деген сенімнің айрықша баламасына айналған тіл тағдырына алаңдаушылық аса маңызды қоғамдық-саяси құбылыс болып отыр. Ол – елдің елдігіне, мемлекеттің кемелдігіне сын болатын, ұрпақ келешегі мен халық болашағының кепілі болатын аса киелі шаруа. Тіл тағдыры дегеніміз – ұлттың жаны, ұлыстың ұлы рухы болса, ал ана тілі – осы ұлыс пен ұлттың алтын қазығы. Тәуелсіздікпен қоса өшкеніміз жаңғырып, жоғалғанымыз табылып, қазақ тілі өз билігіне қол жеткізуде. Сырт көзге қол жеткізіп, аңсаған арманымызға жетіп, 50 елдің қатарына енудің сесебінен бе Елбасының мына сөзінде *«Әр елдегі қазақ әр елдің тілін мықтап игерсе, ол – білім. Ол шетел тілінде сөйлесе – тіпті жақсы. Бірақ ол шетел тіліне орап, ана тілін тұншықтырып, көміп тастаса – ол кешірілмес күнә»[7]* сонымен қоса, *«Отаршыл заманды еске салып, халықтың намысына тиетін атауларды да, тілдің төл заңдылықтарын, табиғи үйлесімін бұзып тұрған атауларды да өзгерту керек»[8]* - деп, ойын жоғарыда отырған көкелеріміздің құлағына сырға ретінде тағып, халқымыздың намысына тиетін атаулар мен шетелдіктерге еліктеп не қазақта, не өзге ұлт өкілдерінде жоқ сөздердің қазақша баламаларына келмейтіндігін айқындап айтып отыр. *«Қазақ тілі жаппай қолданыс тіліне айналып, шын мәніндегі мемлекеттік тіл мәртебесіне көтерілгенде, елімізді Қазақ Мемлекеті деп атайтын боламыз. Тағы да қайталап айтайын: қазақпен қазақ қазақша сөйлессін. Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде екендігі ақиқат», [6]* - деп, өз сөзін нақышына келтіре бастырып, жиын барысында қазақпен қазақтың қазақша сөйлесу керектігін қадап айтты. Шынайы талант – ілеуде біреудің ғана, өз халқының ұлттық маңдайына жазылған тәңірдің сыйы. Сол себепті Нұрсұлтан атамыздың нақыл сөзі шынайы түрде өз халқының ұлттық мәдениетінің нәріне суарылып, ана тілінің кәусарлығынан сусындап, өз халқының жанашыры бола білген. Сонымен қатар, ұлтымыздың ру мен тайпаға бөлінуін қатаң сынға алды. *«Ру мен тайпаға бөліну – ұлттық тұтастықтан айырылудың өте қауіпті түрі. Алып дарақтың бұтақтары сияқты күллі рулардың түбін қуа келгенде, барлығы бір ғана ұлы тамырға – қазақ деген ұлтқа барып тіреледі. Ел бірлігі – ең асыл қасиет», [9]* деді Нұрсұлтан Әбішұлы. Нақыл сөздерін қазақ тілінде жазды. Ол сөздеріне керекті нәрді, кестелі бейнелерді түгелдей өз ойынан тапты. Халықтың санасына ой түйткіл мәселелерді қозғап жазды. Жалпы алғанда *«Тарих пен тіл тамырлас», [10]* - деп, тұңғыш Президентіміз тарихқа көз жүгірте отырып, *«Біздің бүкіл тарихымыздан мен екі олжамызды бөле айтар едім. Оның біріншісі, әрине, ата-бабаларымыз*

ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен, қанын төгіп, жанын беріп жүріп, қорғап қалған қазақтың қасиетті жері. Ал, екінші олжамыз – сол ата-бабалардың арқасында бар бояуымен, сырлы сазымен осы күнге аман-есен жеткен тұп-тұнық, мөп-мөлдір қазақ тілі» [11] - деді бір сөзінде. Тұңғыш Президентіміздің осынау өзек жарды пікірі бүгінгі қазақ ғылымына, оның тарихтану, тектану, фольклористика, тіл білімі, әсіресе ономастика секілді салаларына үлкен міндет жүктеді. Ғасырлар бойы бірде ерлікке, бірде ездікке тартып, жалғыз жер байлығына сеніп қалған қазақта болмайды. Ең алдымен, ел байлығына сену керек деген.

Ел байлығын ұстап қалатын бүгінгі жас ұрпақ. Жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру біздің бірінші міндетіміз. «Білім мен тәрбие егіз» - демекші, мұғалім берген білімдерін тәрбиемен ұштастыра отырып берсе нұр үстіне нұр жауар еді. Ал, «Тәрбие бастауы тал бесіктен басталады» - демекші, тәрбие әр баланың отбасындағы ата-ананың көзқарасы мен ой түйіні екені хақ. Елбасының нақыл сөздерін оқыған кезде ерекше елітіп, көркем де көрікті әлемге енгендей жүрек лүпілімен бірге толқып, сол бір сөздер өз көкейлеріңіздегі сырды шертіп жатқандай әрленіп, жақсыға сүйсініп сөзбен салынған суретке көзбен көргендей күй кешесің. Елбасының нақыл сөздерінде адамның жан тебіренісін, көңіл толғанысын, жүрек лүпілін, ойын құбылтып ойнақшуын көрсететін сөздері көп. Елбасымыз «Ел болу үшін – ұлттық рух, ұлттық қасиет және ұлтқа деген сенім болу керек» [3] - деп, жастарымызға ұлт болу үшін – ұлттық рух, ұлттық тәрбие, ұлтқа деген жанашырлық пен сенімділік көзқарас туындаса ғана бала бойында патриоттық сезім пайда болады деп ой тұжырымдаған. Жалпы алғанда ұлттық тәрбие өмірдегі ең сұлу табиғат десек, сол табиғат та адам көзі, адам талғамы арқылы танылады. Әр адам өзінің туған еліне, жеріне, Отанына деген көзқарасын Нұрсұлтан Әбішұлы сияқты қастерлесе одан артық бақыт болмас еді деп ойлаймын. Нұрсұлтан атамыз не жазса да түбірін, ішкі сырын түсініп жазған. Әр нәрсенің сырын, қасиетін терең сезініп жазған соң, оқырмандарының барлығын сүйсініп оқуға жетелейді.

«Талант – тумастан» екенін ескерсек, аса дарынды дара тұлғалар ұлттық сөз өнерінің бай материалын, өмір-тұрмыстан алынған сырлы сипаттарын, көркемдік-эстетикалық қуатын шығармашылық еңбегіне рухани нәр ретінде жүйелі пайдаланады. Ұрпаққа ұлт мұратын, елдерін қадір-қасиетін асқақтатқан, бірлік пен берекені басты тұғыр санаған батыр бабаларымыз бен болмысы бөлек би шешендер, өмірдегі шындықты дәл көрсете білген ақындар өнерін үлгі-өнеге ету, өмір – тұрмыста, еңбекте кең көлемде қолдану егемен еліміздің талабы, зерттеудің де маңыздылығы осында.

Тағылымы мол сөздерін оқу арқылы қазақстандықтардың өмірге деген көзқарасы өзгеріп, тарихқа көз жүгірте отырып, білім мен ғылымға қызығушылығы артады. Қоғамдық-саяси көзқарасы қалыптасады, туған елге, жерге деген құрмет сезімі оянады және оны сүюге, туған жердің керемет табиғаты мен байлықтарын қастерлей білуге үйренеді. Оқушының рухани байлығы артады.

Әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. Туған елім – тірегім. «Атамұра» -А. 2001.
2. Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіздік белестері. «Атамұра» -А. 2003.
3. Назарбаев Н.Ә. Сындарлы он жыл. «Атамұра» -А. 2003.
4. Назарбаев Н.Ә. Ғасырлар тоғысында. «Атамұра» -А. 2003.
5. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. «Атамұра» -А. 2003.
6. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан жолы. -Астана 2007.
7. Назарбаев Н.Ә. Өмірбаяны «Аңсар» -Астана 2003.
8. «Ақ жол» газет 2007, №18.
9. «Ана тілі» газет 2009, №35.
10. Қазақстан мұғалімі 2012, №18.
11. Егемен Қазақстан 2013, №19.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ИДЕОЛОГИЯ МЕН ҚОҒАМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІК: ҚАТЕРЛЕР МЕН МҮМКІНДІКТЕР

Сарсенбай А. Қ.

Ә.Бөкейханов орта мектебі, тарих пәні мұғалімі,

Құлан ауылы, Қазақстан

E-mail ainur.butinbaeva@mail.ru

Аңдатпа. Қазіргі Қазақстанның қоғамдық қауіпсіздігі мен ұлттық идеологиясы — елдің дамуында шешуші рөл атқаратын маңызды мәселелердің бірі. Қоғамдық тұрақтылықты сақтау және ұлттық бірегейлікті нығайту үшін ұлттық идеологияның қоғамдағы барлық топтар арасында кеңінен қабылдануы қажет. Алайда, жаһандану, әлеуметтік теңсіздік, ақпараттық кеңістік пен экстремизм сияқты жаңа сын-қатерлер ұлттық идеологияның тиімді жүзеге асуына кедергі келтіруде. Бұл мақаланың негізгі мақсаты — Қазақстандағы ұлттық идеология мен қоғамдық қауіпсіздік арасындағы байланысты қарастырып, жаңа сын-қатерлер мен осы мәселелерді шешу үшін қолда бар мүмкіндіктерді талдау.

Түйін сөз. Ұлттық идеология, қоғамдық қауіпсіздік, қауіп-қатерлер, ұлттық бірлік, әлеуметтік тұрақтылық, мемлекеттік саясат, қоғамдық келісім

Аннотация. Общественная безопасность и национальная идеология современного Казахстана — один из важнейших вопросов, играющих ключевую роль в развитии страны. Для поддержания общественной стабильности и укрепления национальной идентичности необходимо широкое признание национальной идеологии среди всех слоев общества. Однако новые вызовы, такие как глобализация, социальное неравенство, информационное пространство и экстремизм, мешают эффективной реализации национальной идеологии. Основная цель данной статьи — рассмотреть взаимосвязь между национальной идеологией и общественной безопасностью в Казахстане, проанализировать новые вызовы и имеющиеся возможности для решения этих проблем.

Ключевые слова. Национальная идеология, общественная безопасность, угрозы, национальное единство, социальная стабильность, государственная политика, общественное согласие.

Annotation. Public safety and the national ideology of modern Kazakhstan are one of the most important issues that play a key role in the development of the country. In order to maintain social stability and strengthen national identity, it is necessary to widely recognize the national ideology among all segments of society. However, new challenges such as globalization, social inequality, the information space and extremism hinder the effective implementation of national ideology. The main purpose of this article is to consider the relationship between national ideology and public security in Kazakhstan, to analyze new challenges and available opportunities to solve these problems.

Keywords. National ideology, public security, threats, national unity, social stability, public policy, public consent.

Қазақстандағы ұлттық идеологияның қалыптасу тарихы күрделі әрі көпқабатты процесс болып табылады. Бұл процесс еліміздің әлеуметтік-саяси құрылымының өзгеруімен, экономикалық реформалармен және мәдени трансформациялармен тығыз байланысты. Ұлттық идеологияның дамуы Қазақстанның тарихи кезеңдеріне сай өзгешеленіп, еліміздің тәуелсіздік алуымен бірге жаңа бағытта жалғасты. Қазақстандағы ұлттық идеологияның қалыптасу тарихын бірнеше кезеңге бөлуге болады.

Кеңес Одағы кезеңінде Қазақстандағы ұлттық идеология орталықтан басқарылды, яғни Мәскеудегі билік шешімдері мен ұстанымдары еліміздің ішкі саясатын, мәдениетін, білім беру

жүйесін және әлеуметтік құрылымын айқындады. Осы кезеңде Қазақстанда ұлттық идеологияның қалыптасуы өз ерекшеліктеріне ие болды.

Ұлтсыздандыру саясаты: Кеңес билігі кезінде қазақ халқының ұлттық ерекшеліктері, тілі мен мәдениеті біршама қысымға ұшырады. Сталиндік кезеңде қазақ халқының дәстүрлері мен ұлттық санасын қалыптастыруға кедергі жасалды. Халықтың жаппай ұлтсыздануы, мәдени ассимиляция және ұлттық тілді қолдану аясын тарылту басты мақсаттардың бірі болды.[2]

Ұлттық кадрлар мен зиялы қауымның қуғын-сүргінге ұшырауы: 1930-40 жылдары қазақ зиялы қауымының көп бөлігі репрессияға ұшырады. Бұл кезеңде ұлттық сана мен ұлттық идеологияға бағытталған кез келген әрекет саяси қудалауға ұшыраған еді.

Совет идеологиясының үстемдігі: Кеңес үкіметі қазақ ұлтын «совет халқы» деп сипаттап, «интернационализм» ұғымын дәріштеді. Осы саясаттың арқасында қазақ ұлтының өзіндік ұлттық ерекшеліктері маргиналданды. Қазақ тілінің мәртебесі төмендеді, ал қазақ халқының ұлттық сана-сезімі қысымға ұшырады.

1991 жылы Қазақстан тәуелсіздігін жариялағаннан кейін ұлттық идеологияның қайта қалыптасу қажеттілігі туындады. Тәуелсіздік Қазақстан үшін жаңа кезеңнің бастамасы болды, және ұлттық идеологияны жаңарту, жаңғырту мәселелері алдыңғы қатарға шықты.

Ұлттық жаңғыру идеясы: Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан өзінің мәдени, тарихи және ұлттық ерекшеліктерін қайта жаңғыртуға бағытталған ұлттық идеологияны қалыптастыруды бастады. Бұл кезеңде халықтың ұлттық санасын ояту, ұлттық тілді және мәдениетті қолдау мәселелері көтерілді.

Қазақстандық патриотизм: Елдің жаңа саяси жүйесінде азаматтық ұлт концепциясы негізінде Қазақстандық патриотизм идеологиясы қалыптасты. Бұл идея барлық этникалық топтар мен ұлттарды біріктіретін, ортақ Қазақстан азаматтығын нығайтатын жаңа ұлттық ұстаным ретінде танылды.

Тіл саясаты: Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде нығайту үшін көптеген заңдар мен бағдарламалар қабылданды. Ұлттық идеологияның бір бөлігі ретінде тілдің рөлі артты, және ол Қазақстанның тәуелсіздігі мен ұлттық ерекшеліктерін сақтау үшін басты құралдардың бірі болып саналды.

Ұлттық мәдениет пен тарихты қайта қарау: Қазақстанның тарихи мұрасы, мәдениеті мен дәстүрлерін қайта бағалау, ұлттық тарихтың тереңдігін түсіну қажеттілігі пайда болды. Бұл бағытта мемлекеттік бағдарламалар қабылданып, қазақ халқының тарихы мен мәдениеті жаңаша тұрғыдан зерттеле бастады.

Қазіргі кезеңде Қазақстанның ұлттық идеологиясы жаңа сын-қатерлер мен мүмкіндіктермен бетпе-бет келді. Бұл кезеңде ұлттық идеология мемлекет дамуының барлық саласында маңызды рөл атқарады:

Назарбаевтың «Мәңгілік Ел» идеологиясы: 2014 жылы Қазақстанның алғашқы Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын ұсынды. Бұл идеяның негізгі мәні – Қазақстанды әлемдік аренада мойындату, ұлттық бірегейлікті сақтау және мемлекеттілікті нығайту болып табылады. «Мәңгілік Ел» идеясы қазақстандық патриотизм мен ұлттық бірліктің негізін құрайтын ұстанымдарға бағытталған. [3]

Жаңа қазақстандық қоғамды қалыптастыру: Қазақстандағы қазіргі ұлттық идеология көпэтностық қоғамдағы түрлі ұлттардың арасындағы келісім мен татулықты, сондай-ақ еліміздің мәдени, тілдік және діни әртүрлілігін құрметтеу принципіне негізделген. Мемлекет жаңа қоғамдық қатынастарды құру, жастарды тәрбиелеу және әлеуметтік әділеттілікке жету мәселелерін өз міндеті ретінде қарастырады.

«Қазақстандық патриотизм» ұғымын насихаттау: Қазақстанның ұлттық идеологиясы «қазақстандық патриотизм» идеясы төңірегінде қалыптасуы керек. Бұл барлық азаматтардың ортақ құндылықтар мен мақсаттар төңірегінде бірігуін білдіреді. Қоғамдағы барлық этникалық топтардың мемлекетке деген патриоттық сезімі жоғары болғанда ғана ұлттық бірегейлік сақталып, қоғамдық қауіпсіздік қамтамасыз етіледі.

Қоғамдық қауіпсіздік пен ұлттық идеологияны нығайтудың маңызды мүмкіндігі — әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету және азаматтар арасында теңдік қағидаттарын сақтау. Әлеуметтік теңсіздік пен экономикалық дағдарыс қоғамдағы әлеуметтік шиеленістерді күшейтеді, бұл ұлттық идеологияның тиімділігін төмендетеді.

Жастар саясатын дамыту: Жастар ұлттық идеологияның маңызды бөлігі болып табылады. Сондықтан жастарды әлеуметтік қолдау, білім беру, жұмысқа орналасу мәселелерін шешу арқылы оларды қоғамның белсенді мүшесіне айналдыру өте маңызды. Жастарға арналған мемлекеттік бағдарламаларды қабылдау, ұлттық құндылықтарды насихаттау жастар арасында ұлттық идеологияның таралуына ықпал етеді.

Әлеуметтік жағдайды жақсарту: Экономикалық тұрақтылық пен халықтың әлауқатын жақсарту үшін жұмыссыздықты азайту, білім беру мен денсаулық сақтау жүйелерін дамыту, әлеуметтік қолдау шараларын күшейту қажет. Әлеуметтік әділеттілік пен теңдікке негізделген қоғам ұлттық идеологияның нығаюына үлкен септігін тигізеді.

Қазақстанның ұлттық идеологиясын нығайту мен қоғамдық қауіпсіздікті сақтауда тіл саясатының маңызы зор. Қазақ тілі — мемлекеттік тіл ретінде Қазақстанның ұлттық бірегейлігін сақтауға бағытталған маңызды құрал.

Қазақ тілін үйрету және қолданыс аясын кеңейту: Қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту, оның мемлекеттік және қоғамдық өмірде кеңінен қолданылуын қамтамасыз ету арқылы ұлттық идеологияның негізін қалауға болады. Білім беру жүйесінде қазақ тілінің мәртебесін арттыру, тіл үйренушілер үшін қолайлы жағдайлар жасау — ұлттық идеологияны нығайтуға ықпал етеді. Мемлекеттік органдарда қазақ тілінің қолданылуын кеңейту, кәсіпкерлер мен азаматтар арасында қазақ тілінің маңыздылығын арттыру — бұл да ұлттық бірегейлік пен қоғамдағы бірлікті күшейтуге көмектеседі.

Тілді сақтау және дамыту бойынша мемлекеттік бағдарламалар: Тіл саясатын дамытуға бағытталған арнайы бағдарламалар мен жобаларды жүзеге асыру, тілдің ұлттық идеологияның бөлігі ретінде қоғамның барлық салаларында кең қолданылуын қамтамасыз ету керек.

Қоғамдық қауіпсіздік үшін заңның үстемдігі мен құқықтық тәртіпті сақтау өте маңызды. Заңдардың адал орындалуы, адамдардың құқықтары мен бостандықтарының қорғалуы қоғамдық сенім мен қауіпсіздікті арттырады.

Құқықтық тәртіпті нығайту: Құқық қорғау органдары мен мемлекеттік құрылымдардың тиімділігін арттыру, халыққа заңды құқықтарын түсіндіру және әділеттілікті қамтамасыз ету — қоғамдық қауіпсіздікті сақтаудың негізгі жолдары. Ұлттық идеология қоғамның заңға бағынушылығын, құқықтық санасын арттыруды мақсат етеді.

Радикализм мен экстремизмге қарсы саясат: Экстремизм мен радикалдық идеологиялардың таралуын болдырмау үшін кешенді бағдарламалар мен профилактикалық шараларды қабылдау қажет. Қоғамдық қауіпсіздікті сақтау үшін ұлттық идеологияның барлық мүшелеріне бағытталған, оларды радикализм мен экстремизмнен қорғауға арналған стратегиялар маңызды.[4]

Ұлттық идеологияның нығаюында мәдениет пен білім беру жүйесінің рөлі зор. Қазақстанның ұлттық мәдениетін, тарихын және дәстүрлерін сақтау және насихаттау арқылы қоғамдық қауіпсіздік пен ұлттық бірегейлік қалыптасады.

Ұлттық мәдениетті сақтау және дамыту: Мемлекеттік деңгейде мәдениетті қолдау, ұлттық өнер мен әдебиетті насихаттау, ұлттық мұраны сақтау бойынша шаралар қабылдау — ұлттық идеологияны күшейтудің бір бөлігі. Әрбір азаматтың өз мәдениетін білуі және құрметтеуі, ұлттық сана-сезімді дамытуға ықпал етеді.

Білім беру жүйесін жаңарту: Білім беру жүйесінің ұлттық құндылықтарды қамтуы, жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу және оларға ұлттық тарих пен мәдениетті оқыту — бұл ұлттық идеологияның негіздерін құрудың негізгі тәсілдері. Білім беру ұйымдарында патриоттық тәрбие мен ұлттық идеологияны насихаттау оқу бағдарламалары мен оқу құралдары арқылы жүзеге асырылуы тиіс.

Ақпараттық қауіпсіздік қазіргі қоғамда үлкен маңызға ие. Ақпараттық технологиялардың дамуы арқылы қоғамды манипуляциялау, радикалдық және экстремистік идеяларды тарату мүмкіндіктері де артуда.

Ақпараттық құралдарды тиімді пайдалану: Мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу, ұлтаралық келісім мен ұлттық бірегейлікті нығайту бағытында ақпараттық алаңдарды пайдалану қажет. Бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде ұлттық идеологияны насихаттайтын контенттерді көбейту — қоғамдық қауіпсіздікті сақтау мен ұлттық идеологияның күшеюіне әсер етеді.

Ақпараттық манипуляцияға қарсы тұру: Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін мемлекеттің ақпараттық саясатты бақылап отыруы маңызды. Ақпараттық манипуляцияларды болдырмау және халықты дұрыс ақпаратпен қамтамасыз ету қоғамдық қауіпсіздікті сақтауға көмектеседі.[1]

Қазақстандағы қоғамдық қауіпсіздікті сақтау мен ұлттық идеологияны нығайту бір-бірімен тығыз байланысты және бірдей маңызды мәселелер болып табылады. Бұл мақсаттарды жүзеге асыру үшін кешенді шаралар қабылдануы керек, оның ішінде әлеуметтік әділеттілік, тіл саясаты, жастар саясаты, құқықтық тәртіп және ақпараттық қауіпсіздік маңызды рөл атқарады. Мемлекеттің ұлттық идеологиясы халықтың бірлігі мен тұрақтылығын сақтай отырып, қоғамдық қауіпсіздік пен әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету үшін тиімді құрал болуы тиіс.

Қазақстандағы ұлттық идеологияның болашағы көп жағдайда азаматтардың «қазақстандық патриотизм» ұғымын терең түсінуі мен қабылдауына байланысты болады. Ұлттық идеологияның басты мақсаттарының бірі — елдегі әртүрлі этникалық топтарды ортақ құндылықтар мен мақсаттар төңірегінде біріктіру. «Қазақстандық патриотизм» — бұл еліміздің тәуелсіздігін, мәдениетін, тарихын және болашағын құрметтеуге негізделген идея.

Болашақтағы мүмкіндіктер:

Қазақстандық патриотизм идеологиясын оқу орындарында және қоғамдық өмірде кеңінен насихаттау.

Елдің тәуелсіздігі мен егемендігіне қатысты жаңа ұрпақтың санасын қалыптастыру.

Әлеуметтік және мәдени әртүрлілікке деген төзімділікті тәрбиелеу арқылы қоғамдық келісім мен ұлтаралық татулықты нығайту.

Ұлттық құндылықтар мен ортақ мүдделер негізінде жастар арасында патриоттық тәрбие берудің маңыздылығы.

Ұлт аралық келісімді нығайту

Қазақстан — көпұлтты және көпмәдениетті мемлекет, сондықтан ұлттық идеологияның басты міндеттерінің бірі — ұлтаралық келісім мен татулықты сақтау. Қазақстандағы әр түрлі этникалық топтардың құқықтары мен мүдделерін ескеретін ұлттық саясат қажет. Ұлттық идеология ұлтаралық келісімді қамтамасыз етуге бағытталуы керек.

Болашақтағы мүмкіндіктер:

Әртүрлі этникалық топтардың мәдениетін, тілін және дәстүрлерін құрметтеу мен қолдау.

Ұлттар мен ұлыстар арасындағы түсіністік пен өзара сыйластықты арттыру.

Қазақстанның түрлі этникалық топтар арасындағы келісім мен ынтымақтастықты сақтап, бірегей ұлттық мәдениетті дамыту.

Әлеуметтік, саяси және мәдени теңдік принциптерін ұстану.

Ұлттық мәдениет пен тілдің дамуы

Қазақстандағы ұлттық идеологияның болашағы қазақ тілінің мәртебесін көтерумен тығыз байланысты. Қазақ тілін барлық салаларда қолдану арқылы ұлттық бірегейлікті сақтау және дамытуға мүмкіндік болады. Бұл тілдің мәдени маңыздылығы мен мемлекеттік қызметтерде қолданылуын арттыруды қажет етеді.

Болашақтағы мүмкіндіктер:

Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлін нығайту, оны барлық мемлекеттік органдар мен қоғамдық өмірде кеңінен қолдану.

Қазақ тілінде білім беру жүйесін дамыту, сондай-ақ көптілділікті қалыптастыру, бұл қоғамның ақпараттық және білім беру кеңістігінде оң өзгерістерге әкеледі.

Ұлттық мәдениет пен дәстүрлерді сақтау, оны жастар арасында насихаттау.

Қазақ тілі мен мәдениетін әлемдік деңгейде таныту.

Әлеуметтік теңдік және әділеттілік

Қоғамдағы әлеуметтік теңдік пен әділеттілікті қамтамасыз ету ұлттық идеологияның негізі болуы тиіс. Әлеуметтік әділеттілік — қоғамдағы барлық азаматтардың тең құқылығын қамтамасыз ететін маңызды фактор, сондықтан ұлттық идеология халықтың әл-ауқатын жақсартуға бағытталуы керек. Мұнда экономикалық және әлеуметтік саясаттың тиімділігін арттыру маңызды.

Болашақтағы мүмкіндіктер:

Әлеуметтік әділеттілік пен теңдікке негізделген экономикалық саясат жүргізу.

Халықтың әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыру, әсіресе жұмыссыздық, білім беру және денсаулық сақтау мәселелерін шешу.

Қоғамдағы әлеуметтік топтар арасында әділеттілікті сақтау және адамдардың өмір сүру деңгейін теңестіру.

Ақпараттық кеңістік және қауіпсіздік

Ақпараттық кеңістік ұлттық идеологияның маңызды бөлігі болып табылады. Бүгінде ақпараттың рөлі айтарлықтай артты, сондықтан ақпараттық қауіпсіздік мәселелері ұлттық идеологияға байланысты. Ақпараттық манипуляциялар мен сыртқы ықпалдарға қарсы тұру үшін ұлттық идеологияның құндылықтары мен принциптерін қоғамға дұрыс жеткізу қажет.

Болашақтағы мүмкіндіктер:

Ақпараттық технологиялар мен әлеуметтік медианы пайдалана отырып, ұлттық идеологияны насихаттау.

Ақпараттық манипуляцияларға қарсы тұру үшін қоғамның ақпараттық сауаттылығын арттыру.

Жастар арасында ақпараттық қауіпсіздік мәселелерін түсіндіру және оларды радикализация мен экстремизмге қарсы бағыттау.

Экономикалық даму мен тұрақтылық

Ұлттық идеологияны дамыту үшін экономикалық тұрақтылық пен халықтың әл-ауқатының жоғары болуы маңызды. Экономикалық даму ұлттық идеологияның халық арасында кеңінен қабылдануына ықпал етеді. Қазақстанның экономикалық дамуы ұлттық идеологияның бір бөлігі болып, халықтың өмір сүру деңгейін арттыруға бағытталады.

Болашақтағы мүмкіндіктер:

Экономикалық тұрақтылық пен өсуге негізделген ұлттық идеологияны қалыптастыру.

Әлеуметтік саланы дамыту мен халықтың әл-ауқатын арттыру арқылы қоғамдық сенімді нығайту.

Елдің ресурстарын тиімді пайдалану мен экономиканы әртараптандыру, индустриализация және инновацияларды дамыту.

Діни төзімділік пен бірлік

Қазақстандағы діни жағдайлар да ұлттық идеологияның маңызды бөлігін құрайды. Елдегі әртүрлі діни сенімдер мен ағымдардың арасындағы бейбітшілік пен келісім, діни төзімділік ұлттық идеологияны нығайтуға ықпал етеді.

Болашақтағы мүмкіндіктер:

Қазақстанда діни толеранттылық пен өзара құрмет мәдениетін нығайту.

Діни радикализм мен экстремизмнің алдын алу, қоғамдық қауіпсіздікке нұқсан келтіретін діни экстремистік топтарға қарсы күрес жүргізу.

Барлық діни қауымдардың тең құқықтарын сақтау, еліміздің көпконфессиялы қоғамында бейбітшілік орнату.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. **Әбдірахманова, Н.** «Қоғамдық қауіпсіздік және ұлттық бірегейлік мәселелері» // *Қоғамдық қауіпсіздік пен ұлттық идеялар. Астана: Қазақстандық университет баспасы.* (2020).
2. **Болатбеков, С.** «Қазақстандағы ұлттық идеологияның қалыптасуы: Мәселелері мен бағыттары» // *Қазақстан Республикасының саяси жүйесі: Стратегиялық бағыттар.* Алматы: Ғылым баспасы. (2019).
3. **Елшибеков, С.** «Ұлттық идеология және қоғамдық қауіпсіздік: Актуальды мәселелер мен шешу жолдары» // *Қоғамдық даму және саясаттану журналы, № 4.* (2021).
4. **Жүсіпов, А.** «Қоғамдық қауіпсіздік және құқықтық тәртіп: Қазіргі мәселелер мен шешу жолдары» // *Қазақстандағы құқықтық жүйе және мемлекеттік саясат.* Алматы: Juridica баспасы. (2022).

ӘОЖ (УДК) 373.3.016: 825.551.112.

РУХАНИ ТӘРБИЕ – АДАМГЕРШІЛІКТІҢ БАСТАУЫ

Тилеулесова Л.А.

Әлихан Бөкейханов атындағы орта мектебі

Жамбыл облысы, Қазақстан

mtobugov@mail.ru

Андатпа: Адамгершілік – адам бойындағы ең асыл қасиет және адамзат баласының ең жоғарғы мақсатына бағытталады. Бұл қасиет адамды мейірімділікке, Отанын, елін, отбасын сүюге үйретеді. Рухани тәрбие – өзіндік сананы дамытуға жағдай жасауды, жеке тұлғаның әдеп ұстанымын, оның қоғам өмірінің нормаларымен, дәстүрлерімен келістірілетін моральдік қасиеттерін және бағдарларын қалыптастыруды болжайды. Рухани-адамгершілік білім беру – жас ұрпақтың бойына өмірдің мәні, сүйіспеншілік, бақыт, сыйластық, татулық, бірлік, төзімділік сынды құндылықтарды дарыту арқылы адамның қоғамда өз орнын табуына, қабілет-дарынының ашыла түсуіне, ақыл-парасатын дамытуына, яғни сәнді де мәнді өмір сүруіне қызмет етеді.

Кілт сөздер: Адамгершілік, рухани, мейірімділік, тәрбие, мінез-құлық.

Annotation. Morality is the noblest human trait and is aimed at the highest goal of humanity. This quality teaches a person kindness, love for the Motherland, country, and family. Spiritual education involves the creation of conditions for the development of self-awareness, the formation of an ethical position of a person, her moral qualities and orientations consistent with the norms and traditions of society. Spiritual and moral education helps the younger generation to find their place in society, reveal their abilities, develop intelligence, that is, lead a luxurious and meaningful life, instilling values such as the meaning of life, love, happiness, respect, peace, unity, tolerance.

Keywords: morality, spirituality, kindness, upbringing, behavior.

Адамгершілік – бұл рухани тәрбие. Адамгершілік – адам бойындағы ең асыл қасиет және адамзат баласының ең жоғарғы мақсатына бағытталады. Бұл қасиет адамды мейірімділікке, Отанын, елін, отбасын сүюге үйретеді. Егер адамда адамгершілік қасиет болмаса, ол адам өз-өзін сыйламайды.

Рухани – адамгершілік тәрбиесі – өзіндік сананы дамытуға жағдай жасауды, жеке тұлғаның әдеп ұстанымын, оның қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлерімен келістірілетін моральдік қасиеттерін және бағдарларын қалыптастыруды болжайды. Балаларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу, болашағына жол сілтеу – бүгінгі қажетті, кезек күттірмес мәселе. Әсіресе, мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің мазмұны осы жастағы

балалардың ерекшеліктеріне сай келуі тиіс. Негізгі міндет – балалардың жақсы әдет, мінез-құлығын қалыптастыру. Баланың сезіміне әсер ету арқылы ішкі жан дүниесін ояту нәтижесінде оның рухани - адамгершілік қасиеттері қалыптасады.

Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа – адамгершілік – рухани тәрбие беру. «Адамгершілікке тәрбиелеу құралы – еңбек пен ата - ана үлгісі» - деп, Б.Алтынсарин атамыз айтқандай, құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру баланың туылған кезінен басталуы керек. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқарады. Рухани – адамгершілік тәрбие – екі жақты процесс. Адамгершілікке, еңбекке тәрбиелеу күнделікті өмірде, үлкендердің қолдан келетін жұмысты ұйымдастыру барысында, ойын және оқу ісінде жоспарлы түрде іске асады.

Адамгершілік тақырыбы – мәңгілік. Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру - ата-ана мен ұстаздардың басты міндеті. Көрнекті педагог В.Сухомлинский «Егер балаға қуаныш пен бақыт бере білсек, ол бала солай бола алады», - дейді. Демек, шәкіртке жан-жақты терең білім беріп, оның жүрегіне фтұлғаның өзіндік көзқарасының қалыптасуына, айналасымен санасуына ықпал етері сөзсіз.

Рухани - адамгершілік білім беру – жас ұрпақтың бойына өмірдің мәні, сүйіспеншілік, бақыт, сыйластық, татулық, бірлік, төзімділік сынды құндылықтарды дарыту арқылы адамның қоғамда өз орнын табуына, қабілет-дарынының ашыла түсуіне, ақыл-парасатын дамытуына, яғни сәнді де мәнді өмір сүруіне қызмет етеді.

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші бала тәрбиелеудегі осындай міндеттерді іске асырушылар – мектеп пен отбасы. Осы екі арнада жүргізілетін тәлім-тәрбие сабақтаса, ұштаса өткізілгенде ғана көздеген мақсат нәтижелі болары өзсіз. Бүгінгі жаңа қоғам мүддесіне лайықты, жан-жақты жетілген, бойында ұлттық сана, ұлттық психология қалыптасқан ертеңгі қоғам иегері боларлық парасатты азамат тәрбиелеп өсіру - қазіргі қоғам талабы. Адамгершілік тәрбиенің, адам бойында осы жақсы қасиеттердің болуы, жанұяға, өскен ортасына байланысты. Бала ісінің дұрыс екенін қоштап, оң бағыт беріп, теріс жерін дереу жөндеп, демеп жіберу әр бір адамның міндеті. «Адам бойында жақсы қасиеттер көп болса, оған бақ та, бақытта қонады» деген сөзге сүйенсек, жағымсыз қылық-қасиеттер болса одан арылту қажет. Көптеген қайырымды істер жасап, жақсы мінез-құлықтарды өн бойыңа жинап, ақылдылық танытсаң, міне адамшылдық болғаны.

Уақыт талабынан туындап, білім беру жүйесінде болып жатқан өзгерістер баланы тәрбиелеу осы заман талабына сай үйлесімді деңгейді қайта құруды міндеттейді. Тәрбие мен оқу егіз деген сөз бар. «Тәрбие бар жерде ғана сапалы білім саналы ұрпақ болады» деген дана халқымыздың мақал сөзіне сүйенеміз.

Адамгершілік тәрбие – екі жақты процесс. Бір жағынан ол үлкендердің ата-аналардың, педагогтардың балаларға белсенді ықпалын, екінші жағынан – тәрбиеленушілердің белсенділігін қамтитын қылықтарынан, сезімдері мен қарым-қатынастарынан көрінеді. Адамгершіліктің негізгі мінез-құлық нормаларымен ережелерінен тұрады. Адамгершілікке, еңбекке тәрбиелеу күнделікті өмірде белсенді көз қарасының бағыты үлкендер арқылы тәрбиеленеді. Тәрбиелеу білім беру жұмысының мазмұны мен формалары балалардың мүмкіндігін ескеру арқылы нақтыланады.

Адамгершілікке, еңбекке тәрбиелеу күнделікті өмірде, үлкендердің қолдан келетін ұйымдастыру процесіне ойын және оқу ісінде жоспарды түрде іске асады. Қарапайым әдеттерді тәрбиелей отырып, педагог балдырғанның бар іст шын пейілмен әрі саналы атқаруына қол жеткізеді. Адамгершілік тәрбие – бұл дұрыс дағдылар мен өзін-өзі ұстау дағдыларының нормалары, ұйымдағы қарым-қатынас мәдениетінің тұрақтылығын қалыптастырады. Жеке адамның адамгершілік санасының дәрежесі оның мінез-құлқы мен іс-әрекетін анықтайды. Жасөспірім тәлім-тәрбиені, адамгершілік қасиеттерді үлкендерден, ұстаздардан насихат жолмен емес, тек шынайы көру, сезім қатынасында ғана алады. Жеке

тұлғаның бойындағы жалпы адамзаттық құндылықтардың қалыптасуы осы бағытта жүзеге асады. Сөйтіп оның өзін-өзі тануына, өзіндік бағдарын анықтауына мүмкіндік туғызатындай тәлім-тәрбие берілуі керек. Жақсы адамгершілік қасиеттердің түп негізі отбасында қалыптасатына белгілі. Адамгершілік қасиеттер ізгілік пен ұштастырады. Әсіресе еңбекке деген тұрақты ықыласы бар және еңбектен білуде өзін көрсететін балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу басты міндет болып табылады. Өз халқының мәдениетін, тарихын, өнерін сүйю арқылы басқа халықтардың да тілі мен мәдениетіне салт-дәсүріне құрметпен қарайтын нағыз мәдениетті азамат қалыптасады. Қазақ халқының әлеуметтік өмірінде үлкенді сыйлау ұлттық дәстүрге айналған. Отбасында мектепте қоғамдық орындарда үлкенді сыйлау, дәстүрін бұзбау және оны қастерлеу әрбір адамнан талап етіледі. Халқымыздың тәлім-тәрбиелік мұрасына үңілсек ол адамгершілікті қайырымдылықты мейірбандылықты дәріптейді. Ата-бабаларымыздың баланы бесігінен жақсы ідеттерге баулыған «Үлкенді сыйла», «Сәлем бер», «Жолын кесіп өтпе» деген секілді ұлағатты сөздердің мәні өте зор. Адамгершілікті, ар-ұяты бар адамның бет-бейнесі иман жүзді, жарқын, биязы өзі парасатты болады. Ондай адамды халық «Иман жүзді кісі»деп құрметтеп, сыйлаған.

Балаларымызды имандылыққа тәрбиелеу үшін олардың ар-ұятын, намысын оятып, мейірімділік, қайырымдылық, кішіпейілділік, қақорлық көрсету, адалдық, ізеттілік сияқты қасиеттерді бойына сіңіру қажет. Баланы үлкенді сыйлауға, кішіге ізет көрсетуге иманды болуға адамгершілікке баулу адамгершілік тәрбиесінің жемісі. Балаларды адамгершілікке тәрбиелеуде ұлттық педагогика қашанда халық тәрбиесін үлгі ұстайды. Ал адамгершілік тәрбиелеудің бірден-бір жолы осы іске көзін жеткізу, сенімін арттыру. Осы қасиеттерді балаға жасынан бойына сіңіре білсек адамгершілік қасиеттердің берік іргетасын қалағанымыз. Адамгершілік – адамның рухани арқауы. Өйткені адам баласы қоғамда өзінің жақсы адамгершілік қасиетімен, адамдығымен, қайырымдылығымен ардақталады. Қазіргі кезде өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеуде қойылған мақсаттардың бірі – қоғамға пайдалы, үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге қамқор бола білетін, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру. Адам бойына кішіпейілділік, сыпайылық, рақымшылық, жанашырлық, сыйластық, тілектестік сияқты қасиеттерді дарыту және өзгелерді қадірлей, сыйлай, құрметтей білу, тыңдай білу, қолынан келгенше адамдарға көмектесу, кешірімді болуға үйрету. Адамгершілік – адамның рухани байлығы, болашақ ұрпақты ізгілік бесігіне бөлейтін руханиет дәуіріне жаңа қадам болып табылады. Адамгершілік тәрбиенің нәтижесі адамдық тәрбие болып табылады. Адамды құрметтеу, оған сену, әдептілік, кішіпейілділік, қайырымдылық бұл адамгершіліктің жоғарғы құндылығы. Адамгершілік тақырыбы мәңгілік. Ол ешқашан ескірмек емес. Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру ата-ана мен ұстаздардың басты міндеті. Адамгершілік әр адамға тән асыл қасиеттер. Адамгершіліктің қайнар бұлағы - халқында, отбасында, олардың өнерлерінде, әдет-ғұрыптарында. Әр адам адамгершілікті күнделікті тұрмыс тіршілігінен өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіреді. Адамгершілік тәрбиенің әрқайсысының ерекшеліктерін жетік білетін ұстаз халық педагогикасын ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыпты, жан-жақты терең білумен қатар өркениетті өмірмен байланыстыра отырып, білім берудің балық кезеңдерінде пайдаланғаны дұрыс. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дегендей ата-ананың күн сайын атқарып жүрген жұмысы балаға үлкен сабақ болады деп ойлаймын.

«Еліміздің күші – патшада, сәбидің күші- жылауында» демекші, біздің күшіміз, қорғанымыз, сеніміміз адамгершілігімізде болуы керек деп ойлаймын.

Қай заманда, қай қоғамда болмасын адамзат баласы жас ұрпақтың тәрбиесіне зор мән берген. Қазіргі қарыштап дамыған елде, ең алдымен, ұрпақ тәрбиесіне аса мән беріліп отырғаны белгілі. Себебі ұлттың бүгінде, болашағы да өскелең ұрпаққа байланысты. Осы тұста мектептің алдына қоятын басты мәселелерінің бірі – өркениетті, азаматтық-адамгершілік қасиеті мол, сондай-ақ ұлттық құндылығын жоғалтпаған, бәсекеге түсе алатын биік, өрелі, терең білімді ұрпақ тәрбиелеу.

Тәрбие – қоғамдық үздіксіз үрдіс, қоғам мен жеке тұлғаның қарым-қатынасындағы басты жүйе. Оның негізі өлшемі өмірге қажетті тұлғаның жеке қасиеттерін қалыптастыру.

Оқушы бойында саналы тәрбие мен байыпты мінез қалыптастыру, рухани дүниесі бай интеллекті тұлға тәрбиелеу ұстаздың мақсатқа бағытталған іс-әрекетіне байланысты.

Тәрбиенің негізгі міндеті – қоғамның қажетті талаптарын әрбір баланың бойында борыш, намыс, ар-ождан, қадір-қасиет сынды биік адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру.

Қазіргі таңда елімізде болып жатқан әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени жаңалықтарға байланысты оқу үрдісін ұлттық сипатта ұйымдастыру – заман талабы. Әр халықтың өзіне тән дәстүрі, оның білім беру мәдениеті осы оқу-тәрбие үрдісіне тікелей байланысты. Қазақ халқы – өзінің бай тарихи мұрасын, өнері мен тілін, салт-дәстүрін, әдеп-ғұрпын, рухани-адамгершілік тағылымдарын ұрпағына мұра етіп қалдырған. Сондықтан оқу-тәрбие үрдісінде қолданылатын әдіс-тәсілдер, деректер ұлттық психология ерекшеліктерін ескеру қажет.

Халқымыздың ғасырлар бойы ұлан байтақ жерін сыртқы жаулардан қорғауда ерлігімен көріне білген батырларымен қолбасшыларын, халқының сөзін сөйлеп, ел қамын ойлаған шешен-даналарын мақтан еткен. Отанымызды қорғау, шежіреге толы тарихын білу, тілімен дәстүрін сақтау, зерттеу – азаматтық борышымыз. Сондықтан бар халық мақсаты өзінің өскелең ұрпағына тәрбие беруде күнделікті тұрмыс кәсібін ұлттық арнада ұйымдастырып, рухани- адамгершілік тағылымымен ұштастыра білген.

«Адамгершілік» — адам бойындағы «ізгілік», «сыйластық», «инабаттылық», «кісілік» сөздерімен мәндес. Халықтық педагогикада адамның жағымды мінез-құлықтарын осы ұғымдардан таратады. Мінез-құлық пен қарым-қатынастағы келесі әрекеттерді атап өтуге болады: адамды сыйлау, ар-ұятын сақтау, мейірімділік таныту, кішіпейілділік көрсету т.б.

Рухани – адамгершілік тәрбие – белгілі бір мақсатқа қол жеткізе білетін мақсатты, жүйелі, ұлттық көзқарасты, сенімді, парасатты, мінез-құлықтағы адами тәртіппен рухани дағдыны қалыптастыратын жалпы азаматтық тәрбиенің құрамдас бөлігі. Адамгершілік тәрбиенің бүкіл жүйесі гуманистік мазмұнға толы, рухани негізде жеке адамның жан-жақты дамып жетілуіне бағытталған.

Адамгершілік тәрбие мәселесі негізінен ұлттық құндылықтарға сүйене отырып, тәрбие берудің әдістемелік жолдарына негізделеді.

- Ұлттық дәстүрлер арқылы оқу-тәрбие үрдісінде адамның рухани мәдениетін қалыптастыру.

- Ұлттық дәстүрлер арқылы адамның психологиялық ерекшеліктерін зерттеп, дамыту.

- Салт-дәстүрлер негізінде, ұлттық психологиялық ерекшеліктерді ескере отырып, рухани-адамгершілік құндылықтарды тәрбиелеу.

Бұл мәселеге байланысты елбасымыз Н.Ә. Назарбаев: «... жаңа жағдайларға байланысты бәрімізді алаңдататын мәселе – білімді, кәсіби даярлығы бар адам тәрбиелеу ғана емес, қоғамдық өмірдің барлық саласында ұлттық және дүниежүзілік құндылықтарды қабылдауға қабілетті, рухани және адамгершілік мүмкіндігі мол тұлға қалыптастыру болып табылады», -деп атап көрсетті.

Міне, осы тұста қоғамға жан-жақты білімді, жоғарғы мәдениетті, еңбекқор, іскер ізденімпаз, қабілетті, шығармашыл тұлға қажет. Ондай тұлғаны орта және жоғарғы оқу орындары тәрбиелейді.

Адамгершілікке тәрбиелеудің маңызды педагогикалық шарттары–оқушылардың белсенді өміршіл, саналық көзқарасын, сөз бен істің бірлігін адамгершілік нормаларынан ауытқуларына жол бермеуді қалыптастыру. Ол баланың жеке басының қалыптастырушы дамудың аса маңызды бір саласы. Бұл арқылы Отанға, еңбекке қатынасын айқындайды. Тәрбиелі ұстаз шәкірттерге жан-жақты тәрбиені осы адамгершілік тәрбиесінен бастайды. Себебі, бұл оның адамгершілік сезімін, сенімін белгілі бір мақсатқа жетелеу іс-әрекетін ұйымдастыруды жетілдіреді. Сонда ғана ұстаз шәкірттерінің ізгілігін, адалдығын, кішіпейілділігін қалыптастырады.

Оқыту,білім беру, тәрбиелеу - баланың ішкі жан-дүниесінің біртіндеп дамуына әсер ететін, түрткі болатын, жағдай жасайтын, оларды іске асыратын сыртқы факторлар екені анық. Еліміздің ертеңі, ұлтымыздың болашағы – бүгінгі мектеп қабырғасында отырған бүлдіршіндер

екені мәлім. Олардың қамын ойлау баршамыздың парызымыз. Кез келген мектептің мақсаты мен мұраты өркениетті елдердің қатарынан көріну, жер мен жер байлықтарын ысырапқа салмай игере білетін ұрпақ тәрбиелеу. Ол үшін бүгінгі жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие бере отырып, елдің өткенін, ұлттың тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін, табиғат ерекшеліктерін етене таныстыру қажет. «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, келешекте оның өміріне опат әкеледі, адамға ең бірінші керегі тәрбие» - деп, әл-Фараби айтқандай, педагогика ғылымының зерттейтін негізгі мәселелерінің бірі - тәрбие

Адамгершілік тәрбиесі оқушыларды адамгершілік ұғымы, принциптері, мінез-құлық нормалары жайындағы біліммен кемелдендіреді. Оқушылар оларды оқып үйренумен шектелмей, оқу, тәрбие, еңбек процесінде іске асырғанда адамгершілік олардың сеніміне айналады

Бүгінгі таңдағы Қазақстан жайында оқушылардың рухани азаматтық сезімін қалыптастырудың, адамгершілікке негізделген ұлтаралық береке, бірлікті, ынтымақтастықты, бейбітшілікті нығайтудың маңызы зор. Осыған байланысты оқу-тәрбие үрдісінде оқушыларды отан сүйгіштікке, ерлікке, адалдыққа, елін, жерін қорғауға, шыншылдыққа тәрбиелеу қажет.

Ал адамзаттың басты мақсаты – өзіндік рухани-азаматтық құндылықтарын адамның бойына дарыта отырып, оның жүрек түкпіріндегі руханиқазынасын жарыққа шығару, әрбір баланы жеке тұлға ретінде жетілдіру үшін оның бойындағы бар құндылықтарды дамыту.

Мектептегі, сабақтан тыс уақыттағы біздің ісімізді жалғастыратын жеке тұлға болып табылатын оқушыларды рухани-адамгершілікке, азаматтық жүйеге тоғыстыру. Мектеп қабырғасында жақсы тәрбиеленген, саналы білім алған шәкірт өмірде өз орнын табады. Ол үшін ең әуелі ұрпағымызды бала кезінен-ақ ұлттық тәлім-тәрбиеге, рухани адамгершілік әдетке, азаматтық мәдениетке баулу керек. Сонда жас ұрпақ елі үшін елең қағар азамат, имандылық қасиеттерді жақсы білетін азамат болып қалыптасады.

Рухани адамгершілік құндылық арқылы жан-жақты дамыған адамгершілігі мол, бір-біріне сүйіспеншілікпен, құрметпен қарайтын, өмір сүруге деген құштарлығы жоғары жеке тұлға тәрбиеленеді. Егемен ел болып, енсесін тіктеп, етек жеңін жиып, елдігін ерекшелей түскен қазақ елінің айрандай ұйыған айбынды ел болып көпке танылуы, ең алдымен бүгінгі өскелең ұрпаққа тікелей байланысты. Ендеше еліміздің болашағы жастар болғандықтан, олардың рухани-адамгершілік тәрбиесіне аса мән беруімізді қажет ететіні сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі

1. Бала тәрбиесі №2, 2010.
2. С. Ғ.Тәжібаева Мектепте тәрбие жұмысын ұйымдастыру технологиясы. Оқу құралы. Алматы, Білім, 2008.
3. Н.Назарбаев «Қазақстан – 2030» бағдарламасы
4. Л. Омарова Адамгершілік тәрбиені қалыптастыру мәселелері // Бастауыш мектеп №2 2012.
5. Жаңа технология негізі – сапалы білім «Қазақстан мектебі» №6, 2003.

ӘОЖ (УДК) 373.5.016 :172

ТҮЛҒА БОЙЫНА ҚАЛЫПТАСАТЫН ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Мұрат Н.М.,

10-сынып оқушысы.

Жетекшісі: Тобугов М.Т.,

Қазақ тілі мен әдебиеті ғылымдарының магистры

Әлихан Бөкейханов атындағы орта мектебі

Жамбыл облысы, Қазақстан

mtobugov@mail.ru

Аннотация. Қазіргі кезде толғандыратын өзекті мәселелердің ең негізгісі – еліміздің болашағы. Мектеп оқушыларының бойына әдет-ғұрып, салт-дәстүр бойынша асыл қасиеттерді қалыптастыру.

Сөз өнерінің сырын ашып, көркем сөз құдіретін танып білу, жан дүниеге бейнелі өрнек, бояу нақыштары арқылы әсер етуде асыл сөздердің орны ерекше. Жалпы халық үшін асыл сөздерді тереңірек зерттеп, талдаулар жүргізуді мақсат етудемін. Осыған орай асыл сөздердің мән-мағынасын ашып түсініп, зерттеп, зерделей отырып, оны өзгелерге жеткізу, таныту. Бұл мақала қазақстандық жастардың бойына ұлттық құндылықтар арқылы тәлім мен тәрбиені меңгертіп, маңызды екендігін дәлелдеуге тырыстым.

Түйін сөздер: асыл сөз, патриот, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, тұлға.

Annotation. The most pressing issues that concern us today are the future of our country. The formation of noble qualities in schoolchildren according to Customs and traditions.

Noble words have a special place in revealing the secrets of the art of the word, knowing the power of the artistic word, influencing your soul through figurative expression, coloring patterns. I aim to conduct a deeper study and analysis of precious words for the general population. In this regard, revealing, studying and studying the meaning of noble words, communicating them to others, showing them. This article I tried to prove that it is important for Kazakh youth to learn and educate through national values.

Keywords: noble word, patriot, customs, traditions, personality.

Қазіргі кезде толғандыратын өзекті мәселелердің ең негізгісі – еліміздің болашағы. Еліміздің өркен жайып, кеңге сермеуі үшін басты мәселе жас ұрпақтың білімді де тәрбиелі болып жетілуі екені белгілі.

Н.Ә.Назарбаев «Болашақ ұрпағымызды тәрбиелегенде оларға жасайтын имандылық пен сауаттылық қасиеттерді сіңірсек, тәлім-тәрбие берсек, алған білімдерін өмірде орынды пайдалана алса, сонда ғана рухы дамыған, Отанның гүлденуіне өз үлесін қоса алатын азамат өсіре аламыз деген сөзін басшылыққа алған мектеп ұжымы бүгінгі таңда білім мен тәрбие жұмысын дамыту, өркендету барысында жұмыс жасайды. Қоғамымыздың іргетасын нығайту үшін бүгінгі жас ұрпаққа үлгілі, өнегелі тәрбие беру – қазіргі білім беру және тәрбиелеудегі басты міндеттің бірі[1].

Қазіргі жаңа оқыту технологияларының алдына қойған мақсаты бірінші орынға баланың білімін, білігі мен дағдысы емес, оның жеке тұлғасын білім арқылы дамыту. Баланың жеке тұлға ретінде дамуы, өзіндік көзқарасының қалыптасуы, ой-өрісінің кеңеюі мектеп қабырғасында басталады. Сондықтан да мектептегі оқыту процесі жеке тұлғаға бағдарланған оқыту принциптеріне негізделіп, баланың жеке ерекшеліктеріне қарай қоғамдық өзгерістерге бейім даму мүмкіндігін айқындауды қарастырады. Жеке тұлға – бұл адамның психологиялық, рухани мәні, ол әртүрлі жинақталған қасиеттер жүйесіне тән. Жеке тұлғаның өзіндік әрекетінің нәтижесінде оның бойында мынандай қасиеттер қалыптасады:

1. Өз бетінше ойлау біліктері мен ізденімпаздығы.

2. Оқуға деген қабілетінің артуы.
3. Берілген білімді игеру ғана емес, оны жаңалап және тиімді игеру жолдарын түсіне білу ниеті.
4. Басқа оқушылардың түсіндірмелерін сын көзбен қарау.
5. Өз ойының дербестігі.
6. Жеке тұлғаның өз бетінше кітаппен жұмыс істеу, бақылау, жаттығу, эксперимент жүзінде іскерлігі мен дағдысын қалыптастыру[2].

Тәуелсіздігімізді алып, өркениеттілікке құлаш сермеген бүгінгі таңда адамгершілігі мол, сапалы да салауатты ұрпақ тәрбиелеуде халықтық тәрбиенің алатын орны ерекше. Қазір білім саласында ұлттық тәрбиеге айрықша мән берілуде. «Жастар біздің болашағымыз», - деп Н.Ә.Назарбаев айтқандай, сол жастарымызды ұлтын сүйетін ұлтжанды, Отанын сүйетін патриот, алған білімін өмірде пайдалана алатын химиялық, биологиялық заттарды болашақта қолдана алатын, жоғары адамгершілік иесі, ұлттық рухы биік парасатты азамат етіп тәрбиелеуді өмірдің өзі-ақ көрсетіп отыр. Өмір белестерінен сүрінбей өтіп, күнделікті тұрмыста химиялық заттарды орынды әрі дұрыс пайдаланатын жеке тұлғаны тәрбиелеу басты мақсат санаған ұстаздар қауымы жас ұрпақты тәрбиелеуде аянбай еңбек етуде. Сондай-ақ сабақ барысында оқушыларға тұрмыстық тәрбиеге байланысты салт-дәстүрлер, бала дүниеге келгеннен өскенге дейінгі аралықта қолданылатын салт-дәстүр, ырым-тыйымның рөлі, сәлемдесу әдебі, сыйластық, қонақ күту, ас ішу әдебі, инабаттылық дәстүрлері, сөйлеу әдебі, киім кию тәрбиесі және өмірде кездесетін химиялық, биологиялық заттарды орынды пайдалану қазақ халқының озық мәдениет үлгілері мен олардың тәрбиелік мәні зор ұлттық құндылықтарымызды оқытуда[3].

Жеке тұлғаның мақсаты – ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын ұлттық құндылықтар мен жалпы адамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын, елін, жерін көгертетін, өмірге тың жаңалықтарды әкелетін Қазақстанның өсіп-өркендеуіне үлес қосатын ұлтжанды тұлға болу тәрбиелену.

Жеке тұлғаның міндеті – мәдени-әлеуметтік өзгермелі жағдайдағы ұлттық тәрбиенің діңгегі – ана тілі болып қалатынын негіздеу, қазақ тілі мен тарихын, жаратылыстану бағытын жақсартатын, өзіндік үлес қосатын, мәдениеті мен ділін, салт-дәстүрі мен дінін құрметтеуде жастардың ұлттық интеллектуалдық мінез-құлқын қалыптастыру, бүгінгі қазақ елінің индустриалық-инновациялық жүйесінің дамуын қамтамасыз ететін парасатты, ұлттық сипаттағы белсенді іс-әрекетке тәрбиелеу, білім және мәдени-рухани тұрғыда басқа өркениеттермен бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ету, қоғам мен адам, адам мен табиғат қарым-қатынасының өркениеттілік сана-сезімін ұлттық рухта қалыптастыру. Тәрбиенің басты нысаны елдік сананы қалыптастырып, ұлттық рух пен ұлттық патриотизмді негіздеу, ұлтсыздықпен күресу болып отыр.

Ұлттық құндылықтарды жоғары қоятын ұрпақ тәрбиелеу мектептегі пән мұғалімдерінің сабақтарындағы ұштастылығы. Бәрі де күнделікті сабақ барысындағы сабақтардың жаратылыстану-математика бағыты болсын, қоғамдық-гуманитарлық бағыт болсын сабақ барысында мұғалімдер ұлттық құндылықтарды химия сабағындағы тақырыпқа сай алып сергіту сәтін байланыстыра отырып берсе, оқушының патриоттық сезімі артар еді. Мысалы, қазіргі педагогикалық оқулардың ерекшелігі үш деңгейден тұратын Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстары бойынша білімдерін шыңдап, жаңа әдіс-тәсілдерді меңгеріп келген мұғалімдеріміз баршылық. Аталған деңгейлік курстан оқып, жаңа әдістерді сабақ барысында пайдаланып, топқа бөлу, сергіту сәттерінде және тапсырмаларды бергенде ұмытылып кеткен салт-дәстүрлерімізді еске түсіруде[4]. Сонда жас ұрпақ бір жақты емес, екі жақты білімін жетілдіріп, тәрбиесін шыңдар отыр. Бұл бір жағынан отбасы тәрбиесінің ұлттық ерекшеліктерін туыстық қарым-қатынас, жеті ата туралы түсінік, перзенттік парыз бен қарыз, ұлттық намыс, сана-сезім, отансүйгіштік, еңбексүйгіштік қасиеттер ұлттық тәрбиенің негізгі бағыттарына жатады. Тұрмыс-салтқа байланысты туған әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлердің, бәрінде халықтың арман-тілегі, ой-пікірі, келешек ұрпаққа айтар өсиеті көрініс беріп отырады.

Қазақта мынадай құнды өсиеттер бар. Мысалы:

Жеті қазына Жеті ата Жеті жүт

1. Ер жігіт 1. Бала 1. Құрғақшылық
2. Сұлу әйел 2. Әке 2. Жүт (мал қырылу)
3. Ақыл, білім 3. Ата 3. Өрт
4. Жүйрік ат 4. Арғы ата 4. Оба (ауру)
5. Қыран бүркіт 5. Баба 5. Соғыс
6. Берен мылтық 6. Түп ата 6. Топан су
7. Жүйрік тазы (ит) 7. Тек ата 7. Зілзала (жер сілкіну)

Жеті күн Жеті ғалым Жеті әулие

1. Бүгін 1. Шығыс 1. Меке шәріп
2. Ертең 2. Батыс 2. Мәдина шәріп
3. Бірсүгіні 3. Оңтүстік 3. Бұхар шәріп
4. Арғы күні 4. Солтүстік 4. Шам шәріп
5. Ауыр күн 5. Аспан (жоғары ғалым) 5. Қатым шәріп
6. Соңғы күн 6. Жер орта 6. Құддыс (Мысыр) шәріп
7. Азына 7. Жер асты (төменгі ғалым) 7. Кәләм шәріп (Құран)

Жеті жоқ Жеті жетім

1. Жерде өлшеуіш жоқ 1. Тыңдамаған сөз жетім
2. Аспанда тіреуіш жоқ 2. Киюсіз тозған боз жетім
3. Таста тамыр жоқ 3. Иесіз қалған жер жетім
4. Тасбақада талақ жоқ 4. Басшысы жоқ ел жетім
5. Аққуда сүт жоқ 5. Аққу – қазсыз көл жетім
6. Аллада бауыр жоқ 6. Жерінен айырылған ел жетім
7. Жылқыда өт жоқ 7. Замандасы болмаса – бәрінен де сол жетім

Бес қару Бес өсиет Бес намаз

1. Садақ 1. Топасқа сенбе 1. Таң намазы
2. Мылтық 2. Жауға иілме 2. Бесін намазы
3. Найза 3. Сақ жүр 3. Екінді намаз
4. Қылыш 4. Аз үйге сенбе 4. Ақшам намазы
5. Айбалта 5. Жарлыдан сый алма 5. Жашиық намазы

Бес жаратылыс Бес қатер

1. Күн 1. От
2. Ай 2. Жау
3. Жұлдыз 3. Борыш
4. Күндіз 4. Ауру
5. Түн 5. Сөз

Үш даусыз Үш арсыз Үш тәтті

1. Мінез 1. Ұйқы арсыз 1. Жан тәтті
2. Кәрілік 2. Күлкі арсыз 2. Мал тәтті
3. Ажал 3. Тамақ арсыз 3. Жар тәтті

Үш ғайып Үш қадірлі Үш қуат

1. Ажал ғайып 1. Бірыс 1. Ақыл қуат
2. Қонақ ғайып 2. Бақ 2. Жүрек қуат
3. Несібе ғайып 3. Дәулет 3. Тіл қуат

Яғни халық педагогикасы тәрбиені еңбек пен өнерге негіздей жүргізеді. Тек бертін келе ғана оқу-білім дамып, ғылым мен техника өрістей бастаған кезеңде ғылыми педагогика дүниеге келді. «Ұлттық тәрбие» пәндердің тиімділігі мен мазмұнын арттырудың ғылыми негізі толық қаланып, бүгінде ол жаңа тәжірибелермен байытылуда[5].

Қазақ халқының ұлттық тәлім тәрбиесі мен мәдениеті талай халықтардың өкілдерін таң қалдырғаны тарихи жазбалардан белгілі. Ұлы саяхатшылар мен зерттеушілер қазақтың

ежелгі тұрмыс тіршілігі, мәдениеті мен ауыз әдебиеті туралы, ер адамдар мен әйелдердің моральдік этикалық ерекшеліктері туралы, олардың тұрмыстағы, кәсіптегі, отбасындағы, әулеттегі, рудағы әлеуметтік орны туралы, ұлттық наным, сенім, әдет ғұрпы, мінезі, көшпенді өмір сүргеніне қарамастан салты мен дәстүрінің біртұтастығы, біртұтас тілде сөйлеуі, қолөнері мен бейнелеу өнерінің, ауыз әдебиеті және музыка өнерінің жалпы дала мәдениетінің таң қаларлық үлгілері туралы таңдай қаға айтып, баяндайды. Ендеше осындай ұлылықты, халқымыздың бай саралы да саналы дәстүрлерін еліміздің болашағы – өзіміздің алдымызда отырған ұрпағымызға үйрету – ұстаз қауымының бірінші міндеті деп білемін.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы
2. «Ана тілі» газет 2019, №35.
3. «XXI ғасыр мектебі» журнал 2011, №5.
4. XX ғасыр басындағы әдебиет. Хрестоматия. -А., 1994.
5. «Оқыту-тәрбиелеу технологиясы» журнал 2020, №4.

СЕКЦИЯ 2

МӘДЕНИЕТ, ТІЛ ЖӘНЕ ДІН ДИАЛОГІ

ДИАЛОГ КУЛЬТУР, ЯЗЫКОВ И РЕЛИГИЙ

DIALOGUE OF CULTURES, LANGUAGES AND RELIGIONS

УДК 930.1

ДИАЛОГ КУЛЬТУР: ИДЕИ ПОЛЯ РИКЕРА ОБ ИСТОРИИ И ПАМЯТИ

Акылбаева И.М.,

кандидат исторических наук, доцент,

Университет МНУ,

г. Астана, Казахстан

e-mail: i_akylbayeva@kazguu.kz

Андатпа. Мақалада ХХ - ХХІ ғасырлар тоғысындағы француз ойшылы Пол Рикердің тарихтың ғылым ретінде даму перспективалары және жалпы планетарлық өркениет дәуірі жағдайында шындықты түсіну жүйесі туралы идеялары қарастырылады. Пол Рикердің "Тарих және шындық", "Ес, тарих, ұмыту" кітаптарына сүйене отырып, "Тарихшының қолөнері", тарихи уақыт, персонализм мен өркениет, тарихтағы зорлық-зомбылықсыз адам, әділ тарихи естеліктері ойды талдау ұсынылған.

Түйінді сөздер: тарих, тарихи уақыт, есте сақтау, мәдени мұра, тарихтағы адам, жалпы планетарлық өркениет.

Аннотация. В статье рассматриваются важные проблемы развития истории, памяти и культурного наследия в условиях общепланетарной цивилизации и перспективы развития национальной истории в рамках идей французского мыслителя рубежа ХХ - ХХІ веков Поля Рикера. На основе книг «История и истина», «Память, история, забвение» представлен анализ размышлений Поля Рикера о «ремесле историка», историческом времени, персонализме и цивилизации, человека ненасилии в истории, справедливой исторической памяти.

Ключевые слова: история, историческое время, память, культурное наследие, человек в истории, общепланетарная цивилизация.

Abstract. The article deals with the ideas of the French philosopher of the turn of ХХ - ХХІ centuries Paul Ricoeur about the prospects of development of history as a science and the process of comprehension of truth in the conditions of the era of universal civilization. Based on Paul Ricoeur's books "History and Truth", "Memory, History, Oblivion" the analysis of reflections on the "historian's craft", historical time, personalism and civilization, human non-violence in history, fair historical memory is presented.

Keywords: history, historical time, memory, cultural heritage, man in history, universal civilization.

Общепланетарное развитие цивилизации ставит перед человечеством и наукой важные вопросы сохранения культурного наследия, истории и памяти. Особенно актуальна проблема перспективы развития национальной истории в Казахстане, которая должна дать справедливое понимание исторических событий, процессов и ситуаций, связывающих знания прошлого с настоящим, будущим и постчеловеческим будущим. Поэтому в национальной истории

возникли вопросы, на которые должны ответить историки: Каковы законы изучения истории как реальности? Как происходит процесс познания истории? Какие концепции и идеи способствуют всестороннему, современному пониманию истории? Как влияют категории «время», «истина», «цивилизация», «личность», «память» на историю? Сегодня в научном пространстве возникает необходимость опыта сотрудничества истории Казахстана с другими научными направлениями: философией, социологией, психологией, культурологией, политологией, экономикой и т.д.

В рамках научной коллаборации интерес представляют идеи французского мыслителя рубежа XX - XXI веков Поля Рикера, который в своей книге «История и истина» рассматривал проблемы истории как системы научных, достоверных знаний и природы ее объективного познания. В рамках рефлексии к процессу постижения истории, автор подчеркивал, что история — это исследование (історія) [1, с.39]. При этом достижение истины, целостности и смысла в ней невозможно без роли исторической деятельности, которая принадлежит ремеслу историка. Важная категория и мораль «истина» является императивом в познании истории, но насколько она подвержена объективности и субъективности со стороны «ремесла историка»? Сам автор «ремесло историка» связывал со стадиями самосозидания объективности, указывая работу Марка Блока «Апология истории». М. Блок достижение объективности в истории видел посредством использования метода исторического наблюдения, критики и исторического анализа. Именно наблюдение выступает инструментом в руках историка для «познания по следам» [1, с.37]. При этом восприятие истории историком представляет процесс воссоздания событий, ситуаций, где «документ подвергается вопрошанию, его заставляют говорить», любая эпоха выступает и результатом критического изучения и анализа [1, с.37].

Поиск понимания и достижения истины происходит по мнению автора книги посредством изучения категории времени в истории. Осмыслением также для истории Казахстана является диалектическая взаимосвязь прошлого, настоящего и будущего. При этом история не завершается только прошлым, в ней огромный потенциал будущего и сам П. Рикер, ссылаясь на работу немецкого философа истории Кеселека «Будущее прошлое», отмечал, что прошлое имеет будущее, где система повествования во времени основывается на отношении ожидания будущего, с одной стороны, и обращения к наследию прошлого – с другой» [1, с.13].

В книге также поднимается вопрос осознания персонализма и цивилизации как основополагающих категорий в истории. Сам П. Рикер подчеркивал роль идей Эмманюэля Мунье, рассматривавшего персонализм как существование свободных и творческих личностей в виде объединения совокупности исходных совместных усилий, которые в состоянии обосновать цивилизацию, посвящающую себя человеческой личности [1, с.157]. Поэтому приходит важное осознание того, что история – это наука о человеке. Цивилизация связана с ролью человеческой личности так как является творением рук человеческих. Поскольку процесс возрождения, развития и разрушения цивилизации зависит от человека.

С другой стороны, автор также отмечал, что в XX веке человечество как единое целое входит в эпоху общепланетарной цивилизации. С одной стороны этот процесс свидетельствует о прогрессе во всех сферах жизнедеятельности, но с другой стороны проявляется проблема адаптации и сохранения культурного наследия [1, с.316]. Размышляя о всемирной цивилизации как благе, автор отмечал, что люди, которые некогда были бессловесными и подавленными, в условиях обретения государствами независимости выходят на мировую арену, число их растет. Они сознательно стремятся творить собственную и всеобщую историю, появилась огромная возможность большинству участвовать в ее созидании и стремлении адаптировать культурное наследие к этому новому состоянию. Противоречивость роли формирования всемирной цивилизации заключается в том, что она способствует истощению и размыванию основ культуры, на основе которых развивались в прошлом великие цивилизации. Происходит конфликт сущности цивилизации как блага, прогресса развития человеческой истории, в тоже время несет опасность кризиса и вымирания наследия культуры.

Поль Рикер в работе также рассматривал важную проблему «человека ненасилия и его

присутствия в истории». Тем более в истории проблема насилия в большей мере находится в латентном, закрытом состоянии. Что можно противопоставить насилию в истории, где происходят войны, борьба между государствами, когда сталкиваются властвующие силы? Сам автор, размышляя о насилии в истории, которое предстает в качестве особого образа действия, меняющего облик истории в виде «ужасного», он противопоставляет концепцию «ненасилия». «Ненасилие» — это совесть истории, этическое качество, которое позволяет осуждать насилие и утверждать человека ненасилия, который может быть другом другому, а значить устремленность к взаимному признанию человека человеком в истории. Таким образом объективность, изучение истории и достижение истины непосредственно связаны с человеком, где история пишется людьми.

Историческая память как достаточно подвижная категория во времени и пространстве вызывает также интерес в рамках истории Казахстана. Ее состояние зависит от многих факторов, которые происходили в жизни государств и народов глобального мира. Она включает огромный потенциал чувств и эмоций, воспоминаний, перешагивая статичное восприятие исторических фактов, событий и свидетельств. Мы привыкли воспринимать историю и ее память только как опыт прошлого, но сегодня ее временные рамки расширяются, она связана с ролью человека. Кроме того, историческая память отражает переживания, чувства поиска принадлежности себя к истории, этнической группе, культуре и т.д. Античный философ Сократ пояснял: «Память направлена на то, на что направлены ощущения S (pathematd), и связанные с этими ощущениями впечатления [1, с. 35]. Данный процесс важен для каждого, он определяет опознавание исторического места человека и его судьбу.

Принцип историзма является основополагающим в восприятии и чувствовании исторической памяти и идентичности. Поэтому вызывает интерес еще один знаменитый труд Поля Рикера «Память, история, забвение», где ученый продолжил размышления об определяющей категории «время» так как история связана с опытом времени. Во времени происходят события и живут персонажи, которые отражены в памяти. При этом автор указывал, что память выступает хранительницей времени, то, что нечто произошло и мы об этом рассказываем и вспоминаем. Следовательно, феномен памяти заключается в том, что греки называли анамнесис (anamnesis) — припоминание или воспоминание [2, с.8]. Вспоминать не только получать образ прошлого, но и искать его, делать что-то [2, с.87].

Поль Рикер поднимал один важных вопросов ответственности человека перед историей, «где огромная роль отводится политике, которая должна говорить на языке морали, а значит политическая деятельность должна стать духовной и руководствоваться идеей справедливой памяти» [2, с.6]. Насколько справедливость как моральная константа важна в рамках изучения истории Казахстана. Справедливая память позволяет достичь истины в истории, прежде всего в объективную оценку событий и роли человека. Поэтому автор книги отмечал, что одна из задач истории выявление новых перспектив в изучении проблем и событий, а значение историка заключается в том, чтобы ее понять и объяснить.

Как только человек науки соприкасается с историей, в большей степени он обращается ко всему потенциалу античного, греческого наследия. Поль Рикер, обращаясь к наследию Сократа, Аристотеля и Платона, указывал, что историческая память представляет собой «внешние следы», записанные на материальном носителе, которые оставляют в душе впечатления - ощущения. В книге особый интерес вызывает понимание сущности исторической памяти, которое отражено в главе «Морис Хальбвакс: память, взорванная историей». Мыслитель писал, что начало формирования исторической памяти связано с запоминанием только дат, фактов, событий, важных персонажей, праздников. На этом уровне история ретроспективно восстанавливается в памяти и воспринимается как «мертвая» и «внешняя». Когда же историческая память становится «живой»? «Когда старейшие члены семьи равнодушны к современным событиям, они пробуждают у представителей последующих поколений интерес к событиям, связанным с их детством» [2, с.549]. Автор, обращаясь к исследованиям Хальбвакса, отмечал, что в исторической памяти заложен огромный потенциал, соединяющий поколения, что является феноменом памяти,

восстановлением исторического прошлого на основе памяти о предках или связи поколений, в которой есть три мира – мир предшественников, современников и преемников. В истории происходит интеграция индивидуальной и коллективной памяти. История, которая состоит из запоминая дат и событий, одушевляется течениями мысли и опытом, обогащается историческим прошлым и связи поколений. Так историческая память интегрируется в живую память.

В книге Поль Рикер также обращался к идеям Пьера Нора, который является изобретателем «мест памяти». В исторической памяти появляется новое явление, это разрыв между памятью и историей, где память выступает абсолютной категорией, а история относительна так как в ней проявляется установление границ прожитого прошлого [2, с.560]. При этом утрата истории – памяти связаны с такими категориями как нация и архивы. Обращаясь к мыслям, Нора, ученый подчеркивал роль нации, при посредничестве которой история - память охватывает пространство смысла, и она по своей природе сакральна так как «история священна, потому что нация свята. Именно благодаря нации наша память утверждала себя на основе священного» [2, с.561]. Кроме того, память, захваченная историей не просто воспоминания, она одержима архивами, новая память «архивистская». Чтобы сохранить историческую память, прошлое необходимо создавать архив, что является императивом эпохи. На фоне размышлений, Поль Рикер обращался к «местам памяти» Нора, «места памяти – это прежде всего то, что осаждается» [2, с.563]. Места памяти обладают способностью порождать другую историю, так как связаны как с историей, так и памятью, где с одной стороны было желание помнить, а с другой история должна быть справедливой памятью [2, с.561].

Таким образом, рефлексия Поля Рикера к истории и памяти, культурному наследию открывает новое понимание этих категорий. Между ними есть разрыв и взаимосвязь, потому что осознанная способность человека познать историю через диалектику прошлого, настоящего и будущего невозможна без припоминания и воспоминания, внешних следов, которые свидетельствуют об исторических событиях. При этом сегодня императив истории Казахстана должен быть направлен на использование потенциала новых идей к историческим событиям и процессам, а также исследование, реконструирование справедливой исторической памяти.

Список литературы

1. Поль Рикер. История и истина. Издательство «Алетейя», Санкт – Петербург, 2002.
2. Поль Рикер. Память, история, забвение. Пер. с фр., Рикер П., Блауберг И.И., Москва, 2004.

УДК 82.09.1.1

А. МАШАНИ ПУБЛИЦИСТИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ ДІНИ ТАНЫМДЫҚ ҚЫРЛАРЫ

Нуриден Р.,

филология ғылымдарының кандидаты, доктор PhD

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

e-mail: rahima_n55@mail.ru

Алматы қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада А. Машанидің публицистикасының ғылыми және діни танымдық қырлары зерттеледі. Автордың шығармашылығындағы ғылыми және діни көзқарастар,

олардың қоғамдық ой-сананы дамытудағы рөлі қарастырылады. Машани шығармаларының мазмұнында ғылыми жаңалықтар мен діни құндылықтардың үйлесімділігі мен өзара байланысы терең талданады. Сонымен қатар, публицистикалық шығармашылықтың қоғамдағы әлеуметтік және рухани мәселелерді көтерудегі маңызы, діни таным мен ғылымның бірлесе отырып дамуының қоғамдық мәні анықталады.

Түйінді сөздер: А. Машани, публицистика, ғылыми таным, діни таным, қоғам, рухани мәселелер, шығармашылық, ғылыми және діни көзқарастар, қоғамдық ой-сананы дамыту.

Аннотация. Статья посвящена исследованию научных и религиозных аспектов публицистики А. Машани. Рассматриваются научные и религиозные взгляды автора, а также их роль в развитии общественного сознания. В произведениях Машани анализируются гармония научных открытий и религиозных ценностей, их взаимосвязь и влияние на общество. В статье также подчеркивается значимость публицистического творчества для освещения социальных и духовных проблем, а также роль совместного развития науки и религии для общества.

Ключевые слова: А. Машани, публицистика, научное познание, религиозное познание, общество, духовные проблемы, творчество, научные и религиозные взгляды, развитие общественного сознания.

Abstract. The article explores the scientific and religious aspects of A. Mashani's journalism. It examines the author's scientific and religious views and their role in the development of public consciousness. The works of Mashani analyze the harmony between scientific discoveries and religious values, their interconnection, and their impact on society. The article also emphasizes the importance of journalistic creativity in addressing social and spiritual issues, as well as the role of the simultaneous development of science and religion in society.

Keywords: A. Mashani, journalism, scientific knowledge, religious knowledge, society, spiritual issues, creativity, scientific and religious views, development of public consciousness.

Ұлы тұлғалар сан салалы істер атқарады. Осылайша олар өзгелерден оқ бойы озық болып, халқының қамын жеп, керекті ой айту үшін үнемі ізденіс үстінде болады. Ойлап қана қоймайды, ойларымен бөліседі. Бағзы замандағыдай жартасқа барып, жар салмай, бұқаралық ақпарат құралдарын пайдаланады. Бұл тұрғыдан келгенде ұлтының қамын жеген қазақ баласының қайсысы болса да өз ойларын баспасөз арқылы айта алған азаматтар болып саналады. Инженер, заң қызметкері, геолог, биолог, теолог болсын мейлі, қазақтың тасқа біткен шынарлары сөз өнерінен де құралақан болмай, ұрпағына мол мұра қалдырып кеткен. Оны кәдеге жарату заманның беталысына, ұрпақтың зердесіне қарай болады. Қызыл империяның аузынан жалын шашып тұрған шағының өзінде рухани ойларды санаға сыналап кіргізген, әл-Фарабиді ұлтымызға оралтып, оның ғылыми ойларын тірілткен бірден-бір тұлға Ақжан Машани. Абайды танымай тұрып, әл-Фарабиді түсіну мүмкін емес еді. Сондықтан Ақжан Машанидің өзі оған былай деп жауап береді: «...Абайды оқып, тағылым тәрбие алмаған болсақ, әл-Фарабиді сөз етер ме едік...Өзіме шындық жолды іздеуге бағыт берген Абай шығармалары деп білемін» [1]. Абайтану арқылы Фарабитануға өтуінің өзі кездейсоқтық емес. Жаратушы бұл кісіге осындай дарын беріп, екі баба ілімін қатар қарастыруды осы пендесінің пешенесіне жазды және тоқсанға дейін ғұмыр берді. Абайды жаттап өскенімен, алғашқы үш мүшел жасқа келгенде Фарабидің атын өзге елдің ғалымының аузынан естуі Ақжан жүрегіне жол салып, ғұмырлық мақсатына айналады. Орта ғасырлық ғұламалардың барлығын өзіне телітін өзбек ағайындар, тегеурінді тәжіктер де білмейді бұл есімді. әл-Фараби қазақ шығар? Оның кім екеніне көз жеткізуге он шақты жыл керек болады. Ғұлама жайлы деректерді шетелдердің кітапханаларынан сұратып, көп мағлұтаттар жинайды. Біраз ізденістен соң оның Отырардан шыққан оқымысты екендігіне көз жетеді. Бұл 60-жылдар болатын. Сол уақытта ғалымның қолында әл-Фарабидің он шақты шығармасы мен зерттеушілердің еңбегі болды. Осы жинақталған деректерге сүйене отырып, енді әл-Фарабиді зерттеудің қажеттілігі

туғандығын Қазақстан ғылымының президенті Қ.Сәтбаевқа өтініш жазып білдіреді. Қолын қойып, келісімін берген Қ.Сәтбаевтің өзін де басталатын ұлы істің алғашқы қолдаушысы деуге болады.«Сөйтіп,1943 жылдан соң 1960 жылдың қарашаның 15-де ғылым ордасы ғимаратын жаңғыртқан Әл-Фараби есімі екінші рет аталған-ды. А.Машанидің ХХ ғасырдың алпыс бірінші жылының басында-ақ әл-Фарабидің Отырардан шыққан қазақ перзенті екендігін бұлтарпас дәлелдерімен ҚР ҰҒА Хабаршысында жариялады.Сөйтіп әлемдегі екінші ұстаздың қазақ перзенті екендігін дүниежүзін ресми мойындатқан құжат осылайша туды. 1961 жылы ҚР ҰҒА Хабаршысының №5 санында жарияланған мақала «Әл-Фараби еңбектері туралы» деп аталды.Қолында бар мол деректерден автор шағын мақалаға лайықтап, біраз мәліметтер бере білген.Өмірбаянынан бастап, Батыс, Шығыс және кеңестік ғалымдардың зерттеулерін шолып өтеді. Тіпті «Айқап»,«Шора» журналдарында да Фараби туралы тиіп- қашпа мәліметтер бар дегенді айтады. Осы уақыттың өзінде әл-Фарабидің және оны зерттеушілердің еңбектерін қосқанда екі томдық материалдар бар екендігін айтады. Қажырлы еңбектің арқасында жинақталған материалдарды игеру керектігін, оған бір адамның мұршасы келмейтіндігін, ғалымдар көмегі қажеттігін ескертеді.Шет тілдеріндегі сол еңбектерді қазақша және орысшаға аударып жатқандарын, қолда барларын баспаға дайындау істерін ұйымдастыруды да еске салады. Фарабидің ізімен іс қылған Абу Али Сина, Бируни еңбектерінің көптеген том болып шығуына өзбек, тәжік ғалымдарының қосып отырған үлесін айтады. Фараби туралы ондай ештеме жоқтығын, бірнеше жылдан кейін ғұламаның 1100 жылдығы болатынын, оның мұраларын зерттеу міндет екендігін айтып, мақаласын аяқтайды. Салалық басылымда жарияланған Фараби туралы тұңғыш мақала қысқа да нұсқа жазылып, қарлығаш хабар болып, ғалымдарды елеңдетті. Ал көпшілік оқырманға арналған мақала да көп ұзаған жоқ. Келесі жылы бірінен соң бірі «Білім және еңбек» журналында жариялана бастады. «Әбу Насыр әл-Фарабидің еңбегі-алғашқы рет қазақ тілінде» деген алғысөзінде әңгіме тарихи оқиғалардан басталады. Шыңғыс хан жорығында қиратылған мәдени орындардың төбелер мен төмпішіктерге айналғанын, бұл жерлер кезінде өркениет ордасы болғанынан басталып, осында талай ғұламаның дүниеге келгені айтылады. Фарабидің өмірі мен еңбектері жөнінде қысқаша мақалалар мен хабарлар жарияланып келсе, енді журналдың бұл санында әл-Фарабидің философияны үйренушілерге арналған тоғыз трактатының аудармасы (аударған Ақжан Машанов) ұсынылған. Суреті қоса берілген.Осы мақаланы аударудағы қиыншылықтардың себептері алғысөзде ашық айтылып, кемшіліктері мен түзетулері болса да, мақсат- данышпанды алғаш рет қазақ тілінде сөйлетіп көру, сонымен қатар аударманы көпшіліктің талқысына салып түзету.Ақжан өзі жазған алғысөзін: «Ал, ендігі сөзді Фарабиге береміз. Тыңдаңыздар, бабаларыңыздың осыдан кемінде 1050 жыл бұрын жазғанын»-деген қуанышты сөздермен аяқтап, оқырманға жол ашады. Бұл аударма мақаладан оқырманның ойына түйетіні – әл-Фарабидің трактаты бойынша философия ғылымдардың атасы. Осы ғылымды меңгерудің жолдарын түсіндіре отырып, онан күтілетін мақсат-жаратқан иені табу. «Ол өзі ауыспайтын, өзгермейтін, жалғыз зат. Бүкіл дүниені, барлық нәрселердің бәрін барлыққа шығарған жаратушы. Жомарттығымен, хикметімен, әділетімен осы әлемге тәртіп беруші Алла тағаланы тану». Рас, алғысөзде ескерткендей, Фараби заманындағы философиялық жүйелер мен түсініктер мазмұн жағынан да,тіл жағынан да қазіргіге келмейді. Бірақ оқырманға ой салған нәрсе- Әл-Фараби ғылым мен дінді қарсы қоймайды. Ғылымды меңгеру үшін адам өзінің рухани тілектерін түзету керек, Рухани дүниесі түзу болмаса, бұзықтық жолға түсу, жаңылыс кету сияқты нәрселерден аман қалмайды, хақтық жолды аңдай алмайды. Хақтық жол – ол Алланы тану. Осындай атеизмнен азат ойларды сол кезде жариялай білген «Білім және еңбек» журналын батыр десе болғандай. Бірақ ақталудың мезіретін жасап, «Редакциядан» деген аңдатпамен мақаланың соңына өз ойын қосады: «...әл-Фараби дүниені бір құдай жаратты, айналадағы бар құбылыс Алланың әмірімен болады деген діни пікірді айтқан адам.

Бірақ, сол кездегі атақты философтар да, тіпті Аристотельдің өзі де осындай діни көзқараста болған еді. Ал, классикалық механиканың атасы, бүкіл әлемдік тартылыс заңын ашқан ғалым Ньютон да барлық құбылыс бір ғана күшке байланысты деген қате ұғымда

болғанын жасыруға болмайды. Ендеше мың жылдай бұрын нағыз дін қоршауында өсіп, өмір сүрген Фарабиді құдайшыл болды деп айыптаудың өзі артық емес пе? Әйтпесе бұл мақаланың терең мағыналы әрбір сөзі қорғасындай ауыр, әрбір сөйлемі бүтін бір еңбекке өзек болғандай». Осы жолдар мақаланы қорытындылап, дін мен ғылымды алаламай, тіпті дінді асқақтатып тұрғандай сезім қалдырады. Ақжан Машанидың бұдан кейінгі мақалалары күрделене түседі. Фараби ғұламаның геометрия жайлы ойларын өз ғылыми пікірлерімен дәлелдеп, сандар сырын ашады. «Фараби санаты» деп аталатын ғылыми мақалада геометрия ғылымын денелі зат арқылы талдаған әл-Фараби әдістерін пайдалана отырып, дұрыс көпжақтың ежелгі бес бейнесін заттық тұрғыдан дәлелдейді. Ол бес бейне барлық әлемді құраушы тектер: от, жел, жер, су, эфир. Осы бес бейнені есеп ғылымы арқылы сандармен есептейді. Олардың бәрін түсіндіре келе, осы бейнелердің ішінен текшені шығарады. Оның жиын саны 26. Басқа сандар да шығады. Бірақ ғалым үшін ең тамашасы 26 саны. Енді мақалада осы санның қасиетіне тоқталады. Ол темірдің саны болып шығады. Темірдің жер қыртысын құраушы, жердің өзегін құраушы екендігі, адамның қанында темірдің болуын ғылыми түрде түсіндіреді. Темірдің текшелік сырын ашады. Геометриялық тұрғыдан дәлелдер келтіріп, темір текше арқылы төрт қырлы пирамида пайда болады. Есептей келе, 137 санын шығарады. Бұл «темір текше» санымен сәйкес келгендіктен, А. Машани оған «Фараби саны» деген ат береді. Оқырманды есеп-қисаппен, күрделі ғылыми ойлармен шаршатып алмас үшін, ендігі мәселені «темір текшеге» байланысты ертеден келе жатқан қандай әңгімелер, қандай деректер бар соған бұрады. Темірқазық жұлдызы, қырық өтіріктегі «Тебенге шығып, жұлдыз әлемін көрдім» деуінің өзі қазақтың темірдің қасиетін ерте білгендігі деп баяндайды. Сондай-ақ темірдің қасиеті туралы діни кітаптарда да айтылатындығына дәлелдер келтіреді. Текше-Қағба деген сөз. Осылайша таратып келеді де, біздің көтеріп отырған мәселеміз кең көлемді мәселені қозғайтын нәрсе. Оның бәрін бір мақала төңірегінде талдау мүмкін еместігін айтады. Ғылыми дәлелі жеткілікті осы мақалада автор біраз сырды бүгіп отыр. Ол сырларды терең ашуға журналдың көлемі де көтермейді және байқамаса тағы болмайды. Ол сырлар Ақжан Машанидың «Табиғат матбуғат» (табиғат баспа орны) автордың өзі тұжырымдаған кітап мазмұнында және тәуелсіздік алғаннан кейінгі жарияланған мақалаларда айтылады. Мақалаларға тоқталмас бұрын «Табиғат матбуғат» (табиғат баспа орны) кітабы туралы айта кетудің жөні келіп тұр. Ақжан Машанидың көзі тірісінде жанында көп жүріп, көзі кеткенде мұраларын жинап, құрастырған профессор, Қазақстан педагогика ғылым академиясының академигі Ш. Абдраманның баяндауы бойынша ертедегі шығыс шәйірларының әдетінше кітабын бірнеше «дәптерге» бөлген Ақанның қолжазбасымен танысуға мүмкіндігі болмайды. Өйткені кітап төте жазумен жазылған екен. «Неге араб харпімен жаздыңыз?» деп сұрағанда, мәтінде келтірілген Құран аяттары мен атауларды АБЖД есебіне салуда ыңғайлы болуын ойладым деп жауап береді. Бірақ осы кітаптың қолжазбасы Ақжан ғалым қайтыс болғаннан кейін табылмайды.

Құрастырушының қолында автордың өзі тұжырымдаған кітап мазмұны ғана сақталып қалады. Осы кітапты мазмұндаудан бұрын оның не мақсатты көздейтіндігін хабарлайды. Автор Абу Насыр әл-Фараби Хакім алдымен табиғат дүниесіне сүйенгенін, соған байланысты адамның оқулық ұлы кітап шығаратын орны табиғат деген қағидасына орай кітапқа осындай ат бергенін түсіндіреді. Мұндағы мақсаты-ұстаз үлгісін ұстанып, қазіргі ғылымға сүйеніп, дүние тану шындығына қысқаша шолу жасау. «Жалған жолға түскен халқымыз көптеген апаттарға ұшырап ойсырап, есеңгіреп қалған- ды. Сол қаралы күндерден сақтанудың бір – ақ жолы бар. Ол шындық жолы. Шындыққа апаратын жолды мен үш бағыттан іздеймін. Оның біріншісі Ана тіліміз. Екіншісі Ислам дініміз, үшіншісі қазіргі замандағы дәлдік ғылымдар. Осы мәселеге арналып 14 дәптер(кітаб) жазылды, араб әрпімен жалпы көлемі 1400 бет»-деп түсіндіріп, олардың әрқайсында қаралған мәселенің қысқаша мазмұндарымен таныстырады. Осы 14 дәптердің (кітаб) мазмұндарында Ақжан Машанидың «Білім және еңбек» журналына жазған мақаласының сырлары ашылады. Құран аяттары, Пайғамбарлар, періштелердің есімдері, дұға оқығанда айтылатын бата сөздердің сандарынан үшкіл шығару, тағы да басқа ғажайыптарды ғылым жолымен дәлелдейді. әл-Фарабидің геометриялық әдістері арқылы

Құрандағы айтылғанның бәрі де дәл екендігі, ғылымда табылған жаңалықтың барлығы қасиетті кітапта айтылғандығын дәлелдермен анықтайды. Қазақ халқының рухани оянуына Ақжан Машанидың 1962 жылдан бастап «Білім және еңбек» журналында жарияланған осындай ғылыми-танымдық мақалаларының ықпалы зор болды. Одан кейін бұл үрдісті жаңаша аталған «Зерде» журналы жалғастырды. Осы журналда жарияланған А.Машанидың «әл-Фарабидың нұрнамасы», (№2,1994), «Әл-Фараби және Ислам», (№11,1993), «Қазығұрттың басында кеме қалған»(№6,1994) деген мақалалары жарияланып, ғалым дін мен ғылым туралы ойларын одан әрі дамытып, бұлтартпас дәлелдер келтіреді. А.Машани Әбу Насыр әл-Фарабидің Ислам дінін ілім, ғылым ретінде зерттеп, ғылыми тұрғыдан түсіндіре білген діни қағидаларымен оқырмандарды таныстыруды мақсат етеді. Өз ұрпағына қажет Ислам дініндегі кейбір жәйттерді де қозғайды. «әл-Фарабидың нұрнамасы» деген мақаланың негізі Фараби еңбектерінің аудармасы болып табылады. Осы аудармадан білетініміз, Фараби өз еңбектерінде аспан шырақтарының жүрісіне көп көңіл бөледі. Мұндай ғылыми дәлдік адамның өміріне, ғылымына, дініне керек. Мысалы, ораза, құрбан, мәуліт, құбыла, намаз сияқты Ислам парыздарын өтеу үшін күннің шығуы мен батуы, құбыланы тану үшін де өлшеу керек. Құбыланы тану үшін Фараби көлеңкені пайдаланып, күн сағат жасаған. Ұлы ғұламаның күн сағатын қолдана отырып, А.Машани осы мақалада бірнеше ислам елдеріндегі белгілі қалалардың құбыла бағытын есептеп шығарып, оны суреттер арқылы өрнектеген. Суретте: «Дүниенің ортасындағы ғажайып текше Қағба, ол Хақтың үйі, ғылым нұрының жердегі шоғырланған шұғыласы деп біліңіз. Соны танып, соған иман келтіріп, намазда бетіңізді солай бұрасыз, яғни осында зор ишарат тұр». Сол ишараттың геометриялық бір үлгісін Ақжан Машани Әл-Фараби еңбегінен тауып, оны «әл Фараби шұғыласы» деп атап, оқырманға қызықты етіп ұсынады. А.Машанидың мақалалары құрғақ сөз емес, ол тұнып тұрған сызбаға толы, геометриялық дәлдікпен есептелген Құран Кәрімнің ғылыми тұжырымдамалары. Ғалымның мақалаларының барлығы да әл Фараби пікірлерімен астасып жатады. Ортағасырлық ғұламаның пікірлерін қазіргі заман ғалымы өз ойларымен толықтырып отырады. Ондай әдіс әл Фарабидің өзінде де кездесетіндігін автордың ескертетін тұстары бар. Әл Фараби еңбектеріндегі ғылыми ойлары діннен өріс алып жатса, оны Ақжан Машани екі бағытта өрбіте отырып, оған өз ұлтымыздың әдеби, мәдени мұраларында сақталған асыл ойларды қосады. Сонда қазақ халқының өмірлік тәжірибесі, аспан денелері арқылы табиғатты түсінуі дінмен, ғылыммен астасып жатады. «Қазығұрттың басында кеме қалған» мақаласында осы аттас аңызды шындыққа шығарып, оны тағы да өз әдісімен дәлелдейді. Мәселені кеменің құрылысы арқылы анықтайды. Нұх кемесі туралы Пайғамбарлар тарихында айтылған деректерді есепке салып, суреттерімен береді. Алтын мен күмістің, Ай мен Күннің сандық мәнін табады. Күміс- Айдың металы, Алтын-Күннің металы. Күміс-пешене, Ай-пейіш саны. Ғаламның екі ұлы шырағы Ай мен Күн туралы есептің шешуін оқырманға қалдырады. Оқырман ойлансын деген оймен тапсырма бере отырып, оның талдауы басқа кітапта бар екенін ескертеді. Қызыққан оқырман өз бетінше шешуге талпынар, болмаса сол кітаптарды тауып алып, ғаламның ғажаптарына тағы да бір үңілер деген ой болса керек. А.Машанидың «Әл-Фараби және Ислам» деп аталатын мақаласын жазған кезде оның мұрасын зерттегеніне 35 жыл болған еді. Соның өзінде де оқырманмен ақылдасып, зерттеп жүрген ғалымдар болса, ой пікірлерін қосып ат салысар деген үмітін айтады. Осы мақалада әл-Фарабидің Ислам дінін ғылым ретінде зерттеп, ғылыми тұрғыдан түсіндіре білгендігі туралы тағы да айтылады. Сондықтан бүгінгі ұрпаққа қажетті жайттарды Ислам діні арқылы әңгімелейді. Исламда Жаратушының жүз түрлі есімі белгілі. Солардың ішінде екеуін алса, оның бірі «Заһру» (ашық мағлұм), екіншісі Батну (жабық мағлұм). Исламның негізгі екі жолы осы екеуін қатар ұстау, бірі арқылы бірін табу. Әл-Фараби ілімінің кілті осында екен. Ашық пен жабықты тарқату үшін А.Машани АБЖД есебін береді. Осы төрт әріпті 1,2,3,4 деген сандармен белгілейді. Қазақша зат есім, сан есім деген түсініктерді ойлап қарасақ, есімнің негізгі екі түрі бар екенін көреміз, оның біреуі заттың аты болса, екіншісі саны. Бұлардың бірінсіз бірі жоқ. Тәңірім заттардың есімін үйреткенде осы екеуін қатар берген деп білеміз.

АБЖД есебі бойынша текше (қағба) – темір сөздерінің мағынасы бірдей-26. Ғаламның

құрылысы, адамның тынысы, қанның жүрісі, жүректің соғысы-бәрі сол темірге байланысты. Қағба соның айғағы. Қағба ол жер тектес заттардың бейнесі. Сол заттан, яғни топырақтан адам жаралған. Алғашқы нұр сол топырақты ұнатып, соған тоқтаған. Екінші жағынан және соған байланысты ғаламның, соның ішінде Жердің ең негізгі тегі, тұлғасы темір. Сол темір жөнінде «Құран Кәрімде» бірнеше жерде айтылған, оған арнайы 57-сүре арналған. Біздің халқымыздың жұлдыз ғаламының айналатын орталығын Темірқазық деп атауында тамаша терең сыр жатыр. Діни-ғылыми-танымдық мақалалардан басталған А.Машани шығармашылығы сан салалы. Қазаққа мәлім емес маркшейдерлік мамандықты таңдаса да, тастарға тіл бітіріп, тамаша баяндау қабылетіне де бала кездегі тәрбие, рухани орта әсер еткені рас. Оның фантастикалық туындылары да біртөбе. А.Машанидың «Әл-Фараби» деп аталатын романы да бар. Қазақ әдебиетіне қосылған осы еңбекте ұлы бабаның көркем бейнесі сомдалған. Осы көркем туындыны деректерді сөйлетіп, ғылыми тұжырымдарына қуат беретін сөз саптауына, дәлдігіне орай публицистикалық роман деп бағалауға болады. Ғылым мен діннің арасын салыстыра зерттеген ғалым өз ойларын публицистика тілімен жеткізе алды. Оның шығарма шылығында сан мен сөз, дерек пен дәлел қабаттаса келіп, ғаламның жұмбағын ашуға ұмтылады. Ерекше стиль, өзіндік сөз қолданысы, ұтымды ой орамдары оның публицистикасын өзгешелендіріп тұрады. Мақалалардағы суреттер мен геометриялық сызбалардың, сөзді санмен, санды сөзбен өрнектеуі журналистикада ешуақытта кездеспеген құбылыс. Бұл орайда «Білім және еңбек», кейіннен «Зерде» атанған журналдың жиырмасыншы ғасырдың жанр саласындағы жаңалығы деуге болады. Санмен өрнектелген, сөзбен көмкерілген соны публицистикалық серпін! А.Машани «Әл-Фараби және Абай» кітабындағы [2] екі хакімнің өзара рухани байланысын қасиетті Құран Кәрімді терең білу арқылы дәлелдеді. Ғылым мен дінді үнемі өзара байланыста қарастыратын «Исламның ғылыми негіздері» деген кітабы Ислам дінінің ғылыми негіздерінің өте ертеде қалыптасқан үлкен ғылым екендігін жан-жақты көрсете алған еңбек. Ұлылардың қалдырған мұраларын ерінбей-жалықпай зерттеу арқасында өзі де сол биікке шыға алды. А.Машани шығармашылығынан публицистика жанрларының кез келген түрін табуға болады. Ақпараттық, талдамалы, деректі – көркем жанрларының түрлері кездеседі. Ақжан Машани 200-ден астам ғылыми мақалаларды, 10 монография мен 5 оқулықты және 8 ғылыми көпшілік кітаптарды жазып, кейінгі ұрпаққа қалдырды. Шын ғалымдар Ислам дінінің жолында болуы керектігін дәлелдеген. А.Машани өзі де сол мирасты одан әрі дамытуға мол үлес қосты.

Атеистік ой-сана шырмауынан ұрпақты алып шығуды ертеден ойлаған ғалым қазақ руханиятының тамырын тереңнен тартып, қажымай-талмай, үлкен сабырлықпен, шыдамдылықпен зерттеп, тәуелсіздік алған елінің қолына тапсырып кетті. «Ол кісінің ғылыми ислами негізіне жүйрік болуы Әл-Фараби мұрасын игеруден ғой деп ойлаймын.

Құран-Кәрімнің ғылымылығын, оны бүгінгі ғылым жетістігімен ұштастыра отырып түркі дүниесімен, қазақтың дүниетанымдылығымен сабақтастыра ой толғауы мен үшін Қасиетті кітаптың көптеген жаңа ғылыми мағынасын ұғынуға түрткі болды»-деп дін ғұламасы Халифа Алтайдың өзі А.Машаниден үйренгенін, оны ұстаз тұтқанын айтқан. «Кейінгі бір-екі ғасыр бойында халқымыздың бақытсыздыққа ұшырап, отар елге, одан кейін атеистке айналып, халқымыз тарихы, аты-заты жоқ маймылдан сәл ілгері болды. Бірақ зұлым саясат қанша әрекет жасаса да санамыздан діни ілімімізді өшіре алмады. Қазақты құртам деп келген атеистік саясат өзі құрдымға кетті. Қазір халқымыз Алланы ауызға алып сөйлейтін дәрежеге жетті. Біз мұсылман екенімізді ұмытпаған екенбіз. Жаңа заман келе жатыр. Ол заманның аты- Шындық. Ол заман-ақырғы пайғамбар Мұхаммедтің (с.ғ.с) жолы – Ислам заманы. Алдағы уақытта Хақтың ғылымын дүниеге әкелуіміз керек. Ол-Ислам жолы. Құран Кәрімді басшылыққа алуымыз керек. Исламсыз, имансыз ғылым жоқ. Мұғалімдеріміз, оқытушыларымыз мектептерде, медреселерде, университеттерде сөзін «Бисмилахи-рахмани-рахим» деген сөзбен бастасын. Өйткені оның оқитын ілімінің барлығы Құранда жазылған. Тау-тастың ғылымы да сонда, медицина, өнер де, былайша айтқанда Құранда айтылмаған білім жоқ. Осыны ұрпақтың құлағына құйып, Алла жазып кеткен ғылымды әрі қарай дамытуымыз керек. Жаңа заманға сай оқулықтар осы дәстүрде жазылуы керек.» – деген ойларымен қатар жастарға

мынадай аманат жүктеп кетті: «Кісіліктің өлшемі-білімділік. Қазақ жастары тек білімге ұмтылулары керек. Тәуелсіз мемлекетіміздің тұтқасын ұстау үшін де білімді болуы керек. Ал бар ғылымның тоғысар арнасы, зәулім шырқау шыңы – қасиетті Құран кітабын оқуды аманат етемін. Ислам – ғылымға негізделген ең таза дін. Исламның бір үлкен парызы-ғылым. Ата-бабаларымыз қастерлеген сол дінді қадірлеп, имандылыққа бет бұрған ұрпақтарымыздың ертеңгі өмірі арайлы болатынына сенемін», – [3] деген өле-өлгенше ұрпағына айтып кеткен тағылымды сөздері радионың ұнтаспасында, газет-журналдардың беттерінде жазылып қалды. Ақжан Машани қазақ тілі, діні және қазіргі заманғы ғылым жетістігін өзінің мұраты тұтты. Ол елу жасында арабша үйреніп, намазға жығылған. Намазға жығылғаны, мешітке барғаны үшін 70-жылдары кудаланғанына да қарамастан өз бағытынан таймауы – Ақиқаттың ақ жолын анық білгендігінде жатыр. Ақиқаттың ақ жолы- барлық ғылымдардың басын біріктіруші – Ислам дінін, мұсылманшылықты, Ислам философиясын оқып-үйрену болып табылады. Ұрпақтарына Исламның мән-мағынасын, Құранның қасиетін аманат етіп кеткен осындай ғұламалардың арманы орындалды.

Әдебиеттер тізімі

1. Әл-Машани А. Әл-Фараби және Абай.//Өркен.17.06.1989.
2. Әл-Машани А. Әл-Фараби және Абай. Екінші том.-Алматы.2005,296б.
3. Қазақ радиосы.1998, 22 наурыз. «Жұмадағы жүздесу».

УДК 130.2

СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ СОВРЕМЕННОЙ КУЛЬТУРЫ НАРОДОВ БЛИЖНЕГО ВОСТОКА: ЕГИПЕТ, ТУРЦИЯ, ОАЭ

Алейникова Е.Ю.

Магистрант 1 курса

e-mail: 87053199508@mail.ru

Лифанова Т.Ю.

Кандидат философских наук, доцент,

Казахский Национальный Университет им. аль-Фараби,

г.Алматы, Казахстан

e-mail: philosophy-sociology@mail.ru

Аннотация. Статья представляет собой сравнительный анализ современной культуры народов Ближнего Востока, включая Египет, Турцию и Объединённые Арабские Эмираты (ОАЭ). Исследуются особенности культурных трансформаций в контексте глобализации, сохранения традиций и воздействия западной культуры. Особое внимание уделено таким аспектам, как искусство, литература, религия, архитектура и роль медиапространства в этих странах. Анализируются общие тенденции и уникальные черты культурных процессов в каждой из стран, выявляются сходства и различия в восприятии современности и традиции. Результаты исследования могут быть полезны для изучения культурных взаимодействий и развития межкультурных связей в регионе Ближнего Востока.

Ключевые слова: Современная культура, Ближний Восток, Египет, Турция, ОАЭ, глобализация, традиции.

Аннотация. Мақала Египет, Түркия және Біріккен Араб Әмірліктерін (БАӘ) қоса алғанда, Таяу Шығыс халықтарының қазіргі мәдениетін салыстырмалы талдау болып табылады. Жаһандану, дәстүрлерді сақтау және батыс мәдениетінің әсері контекстіндегі мәдени өзгерістердің ерекшеліктері зерттеледі. Бұл елдердегі өнер, әдебиет, дін, сәулет және

медиа кеңістіктің рөлі сияқты аспектілерге ерекше назар аударылады. Әр елдегі мәдени процестердің жалпы тенденциялары мен ерекше белгілері талданады, қазіргі заман мен дәстүрді қабылдаудағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар анықталады. Зерттеу нәтижелері Таяу Шығыс аймағындағы мәдени өзара әрекеттесулерді зерттеу және мәдениетаралық байланыстарды дамыту үшін пайдалы болуы мүмкін.

Түйінді сөздер: қазіргі мәдениет, Таяу Шығыс, Египет, Түркия, БАӘ, жаһандану, дәстүрлер.

Abstract. This article presents a comparative analysis of the contemporary cultures of the Middle Eastern peoples, including Egypt, Turkey, and the United Arab Emirates (UAE). The study explores the specifics of cultural transformations in the context of globalization, the preservation of traditions, and the influence of Western culture. Special attention is given to aspects such as art, literature, religion, architecture, and the role of media in these countries. The paper analyzes common trends and unique features of cultural processes in each country, highlighting similarities and differences in the perception of modernity and tradition. The results of the study may be useful for understanding cultural interactions and the development of intercultural relations in the Middle East region.

Keywords: Modern culture, Middle East, Egypt, Turkey, UAE, globalization, traditions.

Введение

Актуальность данной темы обусловлена важностью понимания культурных трансформаций в странах Ближнего Востока в условиях глобализации. Влияние западной культуры, стремление сохранить традиции и уникальные культурные особенности этих стран являются ключевыми факторами, которые определяют их развитие в современном мире. Анализ культурных изменений в Египте, Турции и ОАЭ поможет выявить общие тенденции и различия, а также способствует развитию межкультурного взаимодействия и укреплению связей между регионами.

Целью данного исследования является сравнительный анализ культурных особенностей Египта, Турции и ОАЭ в контексте их современной социальной и политической ситуации. Задачами исследования ставятся: 1) анализ культурных идентичностей и их трансформации в условиях глобализации; 2) исследование языковой и религиозной динамики в этих странах; 3) оценка взаимовлияния культурных традиций и современных вызовов.

Авторами для осуществления данного исследования была выбрана следующая методология: применение междисциплинарного подхода, включая культурологический, антропологический, социологический и лингвистический анализ.

Теоретическая значимость работы заключается в углублённом анализе культурных процессов на Ближнем Востоке, с учётом специфики влияния глобализации, сохранения традиций и воздействия западной культуры. Это исследование способствует расширению теоретических представлений о взаимосвязи глобальных и локальных факторов в формировании современных культур, а также помогает выработать новые подходы к изучению культурных трансформаций в условиях межкультурной динамики.

Практическая значимость исследования заключается в возможности применения полученных результатов для разработки образовательных программ, культурных проектов и дипломатических инициатив, направленных на укрепление межкультурных связей в регионе. Кроме того, выводы работы могут быть полезны для специалистов в области международных отношений, культурных исследований и социологии, а также для организаций, работающих в сфере культурного обмена и сотрудничества между странами Ближнего Востока и другими регионами мира.

Результаты и обсуждения

Говоря об общих чертах и различиях культур Египта, Турции и ОАЭ, в первую очередь, следует рассмотреть исторический контекст, а именно два его направления: влияние древних цивилизаций на современную культуру этих стран, и воздействие колониального прошлого на культурную идентичность Турции и Египта, а также на процесс становления независимости в

ОАЭ.

Египет является родиной одной из самых известных и влиятельных цивилизаций древности — Древнего Египта. Пирамиды, храмы, письменность (египетские иероглифы) и мифология оказали значительное влияние на развитие культуры как внутри страны, так и за её пределами. В современном Египте сохраняются элементы этого культурного наследия в архитектуре, искусстве, религиозных практиках и фольклоре. Например, религиозные образы и символы, связанные с древнеегипетской мифологией, часто используются в современном египетском искусстве и массовой культуре [1, с. 25-27].

Турция также имеет богатое наследие, которое восходит к древним цивилизациям, таким как хетты, фригийцы, греки и римляне. Османская империя, в свою очередь, оставила глубокий след в архитектуре, музыке и кулинарии. Важнейшим примером культурного наследия является архитектура османских мечетей и дворцов, а также традиции турецкой кухни, музыки и ремёсел. Несмотря на османское влияние, в Турции сохраняются элементы более ранних цивилизаций, таких как греческие и римские памятники [2, с. 51-54].

ОАЭ не могут похвастаться таким же древним культурным наследием, как Египет или Турция. Однако регион Персидского залива был домом для различных цивилизаций, таких как цивилизация Дильмун, которая существовала в районе современного Бахрейна и ОАЭ, а также персидская культура, которая оказывала влияние на арабский мир. В ОАЭ же культура основывается в первую очередь на арабских и исламских традициях, с сильным акцентом на наследие культуры бедуинов, которая до сих пор сохраняет своё присутствие в традиционном образе жизни и искусстве.

В первую очередь следует упомянуть влияние колониального наследия на рассматриваемые страны. Египет был под властью Великобритании с конца XIX века до 1952 года, и это оставило заметный след в культурной идентичности страны. Колониальное наследие проявляется в архитектуре (например, в зданиях, построенных британцами в центре Каира), в системе образования, а также в социально-политических структурах. В то же время британское влияние также сыграло роль в укреплении арабского национализма, который в свою очередь привёл к созданию независимого Египта [3, с. 1-32].

Турция пережила несколько веков османского господства, которое завершилось распадом Османской империи после Первой мировой войны. Однако влияние османской империи было значительным и после её распада. В 1923 году была основана Турецкая Республика, и её лидер, Мустафа Кемаль Ататюрк, провёл ряд реформ, направленных на модернизацию и западнизацию страны. Влияние Европы и её культурных и политических практик стало важным элементом в становлении новой турецкой идентичности. В то же время, несмотря на значительные изменения, османская культурная традиция, включая исламскую архитектуру и искусство, продолжала оказывать влияние на страну [4, с. 5-11].

ОАЭ не подвергались колониальному господству в традиционном смысле, но в XIX и XX веках регион находился под влиянием Великобритании, которая вела свои интересы через договоры с местными шейхами. Это влияние стало важным этапом в становлении современной политической и экономической структуры ОАЭ. В отличие от Египта и Турции, ОАЭ удалось избежать разрушительных последствий колониальных конфликтов, а экономический успех был достигнут в основном благодаря нефти и стратегическому расположению.

Тем не менее, с точки зрения культурных практик, все три страны имеют общие черты, такие как исламская религия, арабская культура (в Египте и ОАЭ), а также тесная связь с традициями гостеприимства и семейными ценностями. Однако различия проявляются в степени влияния западных культур и исторической эволюции каждого из этих государств. Египет сохраняет глубокую связь с арабским миром и традициями ислама, но также активно воспринимает западное влияние, особенно в сфере образования, науки и искусства. Современные культурные течения в Египте — это смесь традиционных арабских ценностей и западных тенденций. Турция представляет собой уникальную смесь восточных и западных традиций, где модернизация и европеизация шли рука об руку с сохранением исламских

традиций. Система образования и политики в Турции в значительной степени ориентирована на западные образцы [5, с. 134-151]. ОАЭ является примером того, как быстро развивающееся и глобализированное общество может интегрировать передовые технологии и западную культуру, сохраняя при этом сильную приверженность традициям и исламу. В отличие от Египта и Турции, ОАЭ удалось быстрее достичь экономического процветания, что также оказывает влияние на культуру, особенно в городах, таких как Дубай и Абу-Даби [6, с. 61-77]. Таким образом, можно утверждать, что исторический контекст, включая влияние древних цивилизаций и колониальное наследие, играет ключевую роль в формировании культурной идентичности Египта, Турции и ОАЭ. В то время как Египет и Турция имеют более глубокие связи с историческими и колониальными процессами, ОАЭ быстро приспособились к современным условиям глобализации, сохраняя при этом культурные традиции. Все три страны отличаются богатым историческим наследием, которое сформировало их уникальные культурные ландшафты и продолжает оказывать влияние на их общественную и культурную жизнь.

Немаловажная роль в этих странах отводится религии, которая играет центральную роль в жизни Египта, Турции и Объединённых Арабских Эмиратов (ОАЭ), но в каждой стране она проявляется по-разному, в зависимости от исторического, социального и политического контекста. Влияние ислама, христианства и других религий на культуру, общество и государственные институты варьируется, а религиозная толерантность и плюрализм — это темы, которые по-разному трактуются в этих странах. Так, например, Египет — страна, где ислам играет центральную роль в общественной и политической жизни. Примерно 90% населения Египта являются мусульманами-суннитами, и ислам оказывает значительное влияние на все аспекты жизни — от образования до законодательства. Египет является одним из важнейших центров исламского мира, в частности, благодаря университету Аль-Азхар, который был основан в X веке и до сих пор играет ведущую роль в обучении исламским наукам. В Египте исламская религиозная идентичность тесно переплетена с арабским национализмом. Несмотря на преобладание суннитского ислама, страна сталкивается с религиозной поляризацией, в том числе между радикальными исламистами (например, «Братья-мусульмане») и более умеренными силами, поддерживающими секуляризацию государства. В последние десятилетия после революции 2011 года и свержения президента Мурси общественные дебаты о роли ислама в государстве стали особенно напряжёнными [7, с. 114-126]. ОАЭ — также мусульманская страна с преобладанием суннитов. Однако в ОАЭ более ярко выражено государственное руководство, которое активно поддерживает умеренность в религиозных практиках. В отличие от Египта, где ислам занимает более заметную роль в политике, в ОАЭ ислам, хотя и важен, не так сильно вмешивается в государственные дела. Страна придерживается политики «мягкого ислама», где религиозное руководство гармонично сосуществует с высокоразвитыми экономическими и политическими институтами. ОАЭ также демонстрирует лидерство в продвижении концепции толерантности и межконфессионального сотрудничества, открывая двери для различных религиозных групп, что является частью имиджа ОАЭ как международного культурного и торгового центра. ОАЭ представляют собой модель межрелигиозного сотрудничества и религиозной толерантности. Здесь представлены не только мусульмане, но и христиане, индуисты, буддисты и представители других религий, при этом ислам остается государственной религией. В стране активно практикуются и поощряются межконфессиональные диалоги, например, в 2019 году в Абу-Даби был подписан исторический документ о мире и братстве между религиями — «Документ о всеобщем человеческом братстве», который подписали Папа Франциск и великий имам Аль-Азхара Ахмед аль-Таиб. Несмотря на это, ОАЭ остаются мусульманской страной, и ислам оказывает влияние на законодательство и культуру. Тем не менее, благодаря экономической мощи и статусу международного хаба для разных культур, ОАЭ продвигают толерантность и инклюзивность, где различные религиозные группы могут свободно жить и работать [6, с. 61-77].

Относительно христианства и других религий можно сказать следующее. Египет имеет

значительное христианское меньшинство — коптов, которые составляют около 10% от общего числа населения. Копты имеют долгую историю в Египте, начиная с раннехристианских времён, и сыграли важную роль в сохранении египетской культурной идентичности, в том числе через свою уникальную христианскую культуру, искусство и архитектуру. Однако копты сталкиваются с проблемами дискриминации, насилия и ограничений в религиозной свободе, что связано с преобладанием исламского большинства и религиозной поляризацией в стране [8, с. 271-274]. В свою очередь, Турция является домом для различных религиозных меньшинств, включая армян, грекахристиан, алевитов и других. Хотя Конституция Турции гарантирует свободу вероисповедания, меньшинства часто сталкиваются с проблемами дискриминации и с трудностями в сохранении своих религиозных и культурных традиций. Армянская и греческая христианская общины, например, исторически были важными составляющими культурного ландшафта Турции, но их численность значительно снизилась за последние десятилетия [9, с.56-57]. ОАЭ принимают множество религиозных меньшинств благодаря своей политике мультикультурализма и роли в качестве международного центра. Христианские общины, в том числе католики, православные и протестанты, составляют значительное количество среди экспатов. Для них строятся храмы, и существует свобода для проведения религиозных обрядов, что делает ОАЭ одной из самых религиозно инклюзивных стран в регионе [10, с. 92-96]. Религия оказывает значительное влияние на политику, образование и повседневную жизнь в этих странах, но степень её присутствия различается. В Египте и ОАЭ ислам оказывает сильное влияние на общественные и политические процессы, в то время как в Турции произошло более заметное отделение религии от государства. В Турции религия в значительной степени регулируется государством через Дирекцию по делам религии, в ОАЭ — через органы, поддерживающие религиозную толерантность и мирное сосуществование.

Глобализация, технологический прогресс и социальные изменения оказывают мощное влияние на культуру рассматриваемых стран, и каждая из них сталкивается с необходимостью сохранять свои культурные традиции, одновременно адаптируя их к современным реалиям. Влияние глобализации и технологий изменяет образ жизни, систему ценностей и традиционные культурные практики, что, с одной стороны, приводит к культурным трансформациям, а с другой — вызывает стремление сохранить уникальную идентичность. Глобализация оказывает влияние на все три страны, ускоряя культурные обмены, взаимодействие с международным рынком и глобальные коммуникации. Важно отметить, что глобализация не только способствует распространению западных культурных моделей, но и способствует интеграции стран в глобальное сообщество. Например, ОАЭ активно становятся мировыми центрами для международного бизнеса и туризма, а Турция и Египет используют свои культурные и исторические ресурсы для привлечения туристов. Влияние западных культурных норм, в частности в области моды, музыки, искусства и кинематографа, проникает в общественную жизнь этих стран, вызывая столкновение между традиционными ценностями и новыми, глобальными трендами. В Египте, например, западные поп-культуры, такие как музыка и мода, становятся все более популярными среди молодёжи, что создаёт контраст с традиционными исламскими ценностями. Однако глобализация также приводит к росту интереса к традиционным культурам и их сохранению, что проявляется, например, в развитии культурного туризма и возрождении традиционного ремесленного производства, таких как вышивка, ковки и другие виды искусства в Египте и Турции [11, с. 209-211].

Социальные изменения также оказывают огромное влияние на культурную жизнь этих стран. В Турции и Египте происходят процессы модернизации, в которых значительную роль играют женские движения, борьба за права меньшинств, а также перемены в традиционном семейном укладе. В ОАЭ, несмотря на динамичное развитие, также происходят изменения в общественных отношениях, включая права женщин, которые активно участвуют в экономике и социальной жизни [12, с. 561-565]. Особое внимание уделяется также взаимодействию традиций и современности в вопросах образования, социальной мобильности и религиозной практики. Женщины в этих странах всё больше становятся частью рабочей силы и

общественной жизни, что сопровождается изменениями в культурных кодах и социальных нормах. В Египте, например, женщины стали более активными в сфере образования и бизнеса, несмотря на сильное влияние исламских традиций.

Тем не менее, все эти страны сохраняют свои традиции, адаптируя их к современным условиям. Так, в Египте сохранение традиций тесно связано с национальной идентичностью и исламской религией. Несмотря на влияние западных культурных моделей, многие египтяне продолжают уважать традиционные семейные ценности, религиозные практики и фольклорные обычаи. Тем не менее, Египет активно адаптирует свои традиции в контексте современных технологий. Например, популяризация египетского кино, музыки и литературы, часто в сотрудничестве с западными продюсерами, позволяет создавать продукты, которые сохраняют египетскую идентичность, но при этом имеют международный успех. Сохранение архитектурных и исторических традиций также важно для Египта: древние памятники, такие как пирамиды и храмы, активно используются в культурном туризме. В то же время, в контексте урбанизации и развития новых жилых комплексов и инфраструктуры, происходит интересное сочетание старинной арабской архитектуры с современными стилями [13, с. 27-33].

В Турции процесс адаптации традиций к современным условиям выражается в сохранении богатого наследия османской и турецкой культуры в сочетании с современными западными тенденциями. Например, Турция активно развивает свою кулинарную традицию, при этом в её ресторанах и кафе можно найти как традиционные блюда (например, кебаб и мезе), так и современные интерпретации, такие как веганские и органические версии традиционных рецептов. Суфизм, хотя и подвергался ограничениям в период секуляризации, остаётся важной частью турецкой духовной жизни и культурной практики. В последние годы наблюдается возрождение интереса к суфийским орденам и их философии, особенно среди молодежи. Турция активно пытается сохранить баланс между исламской культурой и светскими традициями, при этом развивая туризм и культурную индустрию, которая популяризирует как традиционные, так и современные культурные элементы. ОАЭ — это пример того, как традиции можно интегрировать в контексте сверхбыстрого технологического прогресса и глобализации. С одной стороны, страна сохраняет сильную приверженность исламским ценностям и арабским традициям, с другой стороны — активно внедряет западные элементы в культуру. Примером такого сочетания является, например, архитектура в Дубае, где можно увидеть и ультрасовременные небоскрёбы, и элементы арабской традиционной архитектуры, такие как в дизайне традиционных рынков (сук) или мечетей. ОАЭ также активно продвигают культуру толерантности, что становится частью их национальной идентичности. Страна организует международные культурные события, такие как Всемирная выставка 2020 в Дубае, которые способствуют обмену культурными ценностями и идеями. В области искусства и музыки в ОАЭ сохраняются традиционные арабские формы искусства, но они также подвергаются адаптации под влияние глобальной культуры. В последние десятилетия ОАЭ активно инвестируют в развитие культурных проектов и меценатство, поддерживая как традиционное искусство, так и современное. Глобализация, технологический прогресс и социальные изменения значительно влияют на культуру Египта, Турции и ОАЭ. Все три страны сталкиваются с вызовами сохранения своей традиционной идентичности в условиях быстро меняющегося мира, однако каждая из них находит способы адаптировать традиции к современным условиям. В Египте, Турции и ОАЭ наблюдается интересное сочетание традиционного и современного, где технологии, глобальные связи и культурные трансформации не приводят к утрате идентичности, а, наоборот, помогают сохранить и развить уникальные культурные особенности.

Заключение

В заключение, можно отметить, что культуры Египта, Турции и ОАЭ, несмотря на общие элементы, такие как влияние ислама и арабских традиций, представляют собой уникальные и многослойные явления, сформировавшиеся под воздействием различных исторических, религиозных и политических факторов. Влияние древних цивилизаций,

османского и британского колониального наследия, а также современные глобализационные процессы оказывают заметное влияние на культурные практики этих стран. Египет, Турция и ОАЭ демонстрируют разные пути сохранения и адаптации своих традиций к современным условиям, от глубокого уважения к религиозным и культурным ценностям в Египте до стремления к инновациям и мультикультурализму в ОАЭ.

Влияние ислама и других религий на общественную и политическую жизнь также отличается в этих странах. Египет и ОАЭ сохраняют значительное присутствие религиозных практик в государственной жизни, в то время как Турция, с её исторической традицией светского государства, продолжает балансировать между исламскими корнями и западными ценностями. В ОАЭ же, несмотря на преобладание ислама, активно развиваются концепции религиозной толерантности и межконфессионального сотрудничества, что становится важной частью их национальной идентичности.

На фоне глобализации, технологических изменений и социальных трансформаций все три страны стремятся сохранить свою уникальную культурную идентичность, адаптируя традиции к новым реалиям. Египет активно сохраняет связь с арабской и исламской культурой, Турция продолжает искать баланс между восточной и западной идентичностью, а ОАЭ представляют собой пример того, как можно интегрировать традиции с современными инновациями, став мировым центром для бизнеса и культурного обмена.

Таким образом, культурная эволюция Египта, Турции и ОАЭ — это результат сложной динамики между сохранением традиций и стремлением к модернизации. Каждая страна по-своему реагирует на вызовы глобализации, но все они продолжают демонстрировать приверженность своим историческим корням, при этом интегрируя новые элементы, которые помогают им сохранять свою индивидуальность в современном мире.

Список литературы

1. Иванова, А. В. Культурное наследие Древнего Египта в современном обществе. // Юный ученый. – 2021. – № 3.1 (44.1). – с. 25-27.
2. Коротко, Т.В. Архитектура, культура, живопись в турецкой республике. // Историческая и социально-образовательная мысль. – 2012. – №2 (12). – с. 51-54.
3. Wiener, M. The idea of «colonial legacy» and the historiography of empire // Journal of historical soc. Boston. – 2013. – Vol. 13. – № 1. – p. 1–32.
4. Горошков, Н. П., Шподарева, Ю. С. Мустафа Кемаль Ататюрк и социально-культурная трансформация новой Турции. // Вестник ВГУ. Серия: История. Политология. Социология. – 2021. – № 3. – с. 5-11.
5. Сергеев, В.М., Саруханян С.Н. Модернизация и политический ислам с Турции. // Зарубежные политики. Полития. – 2012. – №4 (67). – с. 134-151.
6. Аль-Убайдли, О. И др. Экономическое развитие стран Ближнего Востока: итоги 2023 года. // Экономика Ближнего Востока. – 2024. – Т. 1. – № 1. – с. 61–77.
7. Яшин, И.И. «Братья-мусульмане» в Египте: от радикальности к умеренности. // Ежегодник Научно-образовательного центра исследований Арабского Востока РУДН. – 2009. – с. 114–126.
8. Кривец, Е.А. Египетские копты: проблема идентичности. // Ярославский педагогический вестник. Гуманитарные науки. – 2014. – № 2. – с. 271-274.
9. Плотников, А.А. Христианство в Турции. // Евразийский Союз Ученых (ЕСУ). – № 2 (11). – 2015. – с. 56-57.
10. Пахомова, Д. А. Концепция толерантности как основа ценностно-идеологической политики Объединённых Арабских Эмиратов. // Молодой ученый. – 2021. – № 30 (372). – с. 92-96.
11. Чижевич, Т.А. Национальная культура в эпоху глобализации. Исторические, философские, политические и юридические науки, культурология и искусствоведение. Вопросы теории и практики. // – Тамбов: Грамота. – 2017. – №8 (82). – с. 209-211.

12. Анкушина, Г. А. Права женщин в странах арабского мира: прошлое, настоящее, а есть ли будущее? // Научно-методический электронный журнал «Концепт». – 2013. – Т. 3. – с. 561–565.
13. Бануб, Г.Б. Специфика использования креативных технологий в туризме Египта. // Успехи современного естествознания. – 2023. – № 6. – с. 27-33.

УДК 37.015.324

КОММУНИКАТИВТІК-ТІЛДІК МОНИТОРИНГ ЖАСАУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫ

Джаздыкбаева М.Б.,

*педагогика ғылымдарының кандидаты., доцент,
Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
e-mail: maria64.64@mail.ru*

Ақылбек А.,

*ПМД-111 4курс студенті,
Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан қ., Қазақстан*

Аңдатпа. Қоғам өмірін ізгілендіру мен демократияландыру жағдайында өсіп келе жатқан ұрпаққа, яғни оның ішінде мектепке дейінгі балалардың коммуникативтік біліктіліктерін қалыптастыруға, дамытуға, даярлауға аса мән беріліп отыр. Тұлғаның қоғамдағы өзін-өзі көрсетуі мен танытуы оның коммуникативті мәдениетін қалыптастыру деңгейіне тікелей байланысты болып келеді және оның маңызды құрамдас бөлігі коммуникативті дағдылар болып табылады.

Мектепке дейінгі білім берудің мемлекеттік білім беру стандартында элеуметтік-коммуникативтік саланың мазмұны ерекше атап көрсетілген, оның міндеттерінің бірі «баланың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынасын және өзара әрекетін дамыту» болып табылады. Тұтас қарым-қатынас пен элеуметтік өзара әрекеттестіктің негізі - балалық шақта қалыптасатын қарым-қатынас дағдылары болып табылады.

Түйінді сөздер: коммуникативтік-тілдік мониторинг, жасау, психологиялық-педагогикалық маңыз, қабілет, құзіреттілік, мәселе, ұйым.

Аннотация. В условиях гуманизации и демократизации жизни общества подрастающему поколению, в том числе дошкольникам, уделяется особое внимание формированию, развитию, подготовке коммуникативных умений.

Саморефлексия и самовыражение личности в обществе напрямую зависят от уровня формирования ее коммуникативной культуры и важнейшей ее составляющей являются коммуникативные навыки. В государственном образовательном стандарте дошкольного образования особо подчеркивается содержание социально-коммуникативной сферы, одной из задач которой является «развитие общения и взаимодействия ребенка со взрослыми и сверстниками». Основой целостного общения и социального взаимодействия являются коммуникативные навыки, которые формируются в детстве.

Ключевые слова: коммуникативно-языковой мониторинг, создание, психолого-педагогическое значение, способности, компетентность, проблема, организация.

Annotation. In the context of humanization and democratization of the life of society, the importance of the aca is given to the growing generation, including the formation, development, training of communicative qualifications of preschool children. Self-expression and expression of a person in society directly depend on the level of formation of his communicative culture, and its most important component is communication skills.

The state educational standard of preschool education emphasizes the content of the social

and communicative sphere, one of the tasks of which is "the development of communication and interaction of the child with adults and peers." The basis of holistic communication and social interaction is communication skills, which are formed in childhood.

Key words: communicative and language monitoring, creation, psychological and pedagogical significance, ability, competence, problem, organization.

Адам қызметі сөзсіз, ой-сезімін өзара алмасусыз жеткізу мүмкін емес. Әңгіме әрбір адамға өз ойлары мен көңіл-күйін, ниеттері мен сезімдерін басқа адамдарға хабарлауға, сондай-ақ басқа адамдардан бұл ақпаратты сіңіруге мүмкіндік береді. Сөйлеу арқылы қарым-қатынас жасау – адамның жануардан ерекшеленетін аса маңызды қажеттілігі болып табылады.

Қоғамда адамның коммуникативтік мүмкіндіктерін дамыту өте өзекті мәселе болып отыр. Біздің жұмыс коммуникативтік қызметпен тығыз байланысты болғандықтан балалардың өзі сияқты негізгі ұғымдарды нақтылау керек "коммуникативтік қызмет", "коммуникация", "қарым-қатынас".

Коммуникация ұғымы ғылыми әдебиеттерде латын тілінен аударғанда - хабарландыру, байланыс - ақпарат алмасу мақсатындағы қарым-қатынас дегенді білдіреді.

Жалпы *коммуникация* деп хабарлау, байланысу жолдары мен құралдарын айтады.

«*Коммуникация*» білім беру саласы балалар іс-әрекетінің әртүрлі объектілері мен түрлерінде ауызша және байланыстырып сөйлеуді, шығармашылық сөйлеу қабілетін дамытуды; тілдің дыбыстық мәдениетіне тәрбиелеуді; белсенді сөздік қорын байытуды, тілдің грамматикалық жағын қалыптастыруды, балалар әдебиетімен танысуын дамытуды, мәнерлеп оқуды және мазмұндауды; мемлекеттік, орыс, ағылшын және басқа да тілдерді дамытуды қамтиды.

"Коммуникация" білім беру саласының негізі ересектермен және балалармен еркін араласу дағдыларын дамытуға; зейінділікке, сөйлеуге, балалар әдебиетіне қызықтыруға бағытталған.

"Коммуникация" білім беру саласының ұйымдастырылған оқу қызметі:

сөйлеуді дамыту;

көркем әдебиет;

сауат ашу негіздері;

қазақ (орыс тілінде оқытылатын топтарда), орыс (қазақ тілінде оқытатын топтарда) және шет тілі; драма. [1]

С.И.Ожеговтың сөздігінде осы терминге түсініктеме берілген. Мұнда "коммуникация" сөзінің екі түрлі мағынасы көрсетілген. Соның екіншісінде бұл терминнің тілге қатысты қолданылу ерекшелігін атап өтеді:

«Коммуникация - оңай тілдесу, қарым-қатынасқа түсу дегенді білдіреді».

Коммуникация:

1. «Байланыс жолы, ақпарат алмасу».

2. «Сөйлеу тілі, хат алмасу» дегенді білдіреді.

Мұның өзі "коммуникация" сөзінің алғаш жолдық қатынас, байланыс деген мағынаны білдіретінін көрсетеді. Оның бұл мағынасы қазіргі кезге дейін толығымен сақталған.[2]

"Коммуникация" термині бұдан басқа да бірнеше мағынаны білдіреді.

Адамдар арасындағы тілдік қарым-қатынас деген ұғымды білдіру арқылы бұл сөздің мағынасы әлдеқайда кеңейеді.

Шерьязданова Х.Т. коммуникация анықтамасының әр түрі бар екендігін айтады [8, 176]:

Т.Парсонстың [3, 356.] айтуы бойынша, коммуникация үдерісінде бірнеше элемент өзара әрекетке түседі:

-автордың (элеуметтік іс-әрекет субъектісі) немесе хабарды тасымалдаушының әрекеті;

- қабылдаушының жауап беру реакциясы;

- коммуникативтік үдерістің мазмұны;

- коммуникативтік өзара іс-әрекетке түсетіндерді байланыстырушы рөлдер.

Г.М.Андреева өзінің еңбектерінде адамдардың коммуникациясы туралы сөз қозғағанда, оның тар мағынасында бірлескен іс-әрекет барысында әртүрлі идеялар мен қызығушылықтар, көңіл-күйлері мен сезімдері сияқты түсініктердің алмасатындығын ескертеді, яғни бәрін ақпарат алмасу деп те қарастыруға болады. Олай қарастыратын болса, коммуникация үрдісі хабар алмасу үдерісі ретінде ғана қабылданып кетуі мүмкін деп тұжырымдайды [4, 215 б.].

Адам коммуникациясын хабар теориясы негізінен алғанда, іс-әрекеттің формальді түрі ретінде тіркеледі: хабар беріледі, және тап сол уақытта адамдардың қатынасында хабар беріліп қана қоймай, сонымен бірге ол қалыптасады, анықталады, дамиды.

Ғалым Ф.Ш.Оразбаеваның айтуынша, «коммуникация» термині жайлы: «коммуникация» сөзінің негізгі мазмұны жалпы қарым-қатынас, араласу, хабарласу, хабар алмасу, байланысу деген сияқты мағыналарды білдіре келіп, адамдардың тіл арқылы сөйлесу процесін, тілдесу ерекшеліктерін, тілдік әлеуметтік мәні мен қоғамдық қызметін, адамдар арасындағы қарым-қатынасты, өзара түсінушілікті көрсетеді», - деп тұжырым жасаған [5, 426].

Б.А. Родионов коммуникация қатынас үдерісінен туындап отырғанымен, ол қатынас сияқты көпшілікке ортақ, жан-жақты байланыс емес екендігін дәлелдей келе, бір жағынан коммуникация қатынас құралы, әлеуметтік басқару, ақпаратты әлеуметтік тұрғыда жеткізу екендігін айтады [6, 446.].

«Коммуникация» әлеуметтік қатынастың мазмұндық аспектісі болып табылады. Сол себепті сапалы түрде мазмұнын түсініп, қабылдауға бағыт алған іс-әрекеттерді коммуникациялық деп атайды. Коммуникацияның негізгі функциясы - әрбір элементтің даралығын сақтай отырып, әлеуметтік ортақ әрекетке жету.

Адамдар арасындағы қарым-қатынас білімді, ойды, идеяларды, құндылық қатынастарды, эмоционалды жағдайды, қатынасқа түсіп отырған екі жақтың іс-әрекетін бейнелейтін қатынас формасы түрінде коммуникативтік кеңістіктерде жүзеге асады.

«Коммуникативтік кеңістік» терминіне П.А.Сорокин қоғамдағы барлық әлеуметтік статустардың жиынтығын жатқызады [7, 166].

Коммуникативтік кеңістік бір қалыпты. Оның мәнділігі әр кеңістікте әр түрлі болып келетіндіктен, нәтижелері де әртүрлі болады, ерекшелігіне қарай төрт деңгейге бөлінеді:

Физиологиялық деңгей – қатынастың арақашықтығы өте жақын, бірақ коммуникация үстірт келеді. Бұл деңгей түріне жалпы адамдардың өзіндік табиғи қажеттіліктерін қанағаттандаруын жатқызуға болады: тамақтану, тұрғын үйі, ұрпақ жалғастыру, материалдық өнімдерді жасап шығару немесе оны қолдану.

Ал психологиялық деңгей – қатынастың арақашықтығы жақын, коммуникация терең болып келеді. Бұл деңгейдің алдыңғы орнында жан түбіндегі құпиялық, жеке тұлғалық жүректен шыққан ақпарат тұрады. Психологиялық деңгей сенімді қатынасты қажет етеді. Деңгейдің бұл түрінде адам өзінің махаббаттық, достық, отбасылық, интимдік, эмоционалды қажеттіліктерін қамтамасыз етеді.

Ақпараттық, не интеллектуалдық деңгейде – қатынас арақашықтығы алыс, бірақ коммуникациясы терең болады. Коммуникация сыртқа шықпай ақ, адамның ішінде, миында есте сақтауы мен қиялының нәтижелі жұмыс істеуге берілуі арқылы жүзеге асады. Аталмыш деңгей арқылы адам өзінің дарындылығын, талантын, шығармашылық қабілетін қанағаттандырады

Әлеуметтік деңгей – қатынастың бұл түрінде арақашықтық алыс, коммуникация үстірт келеді. Ол қоғамдық нормалармен (адамның әлеуметтік мінез-құлқы, мәдениеті), дәстүрлермен, заң шығарушы орындармен, мемлекеттік институттармен реттеліп отырады. Коммуникация деңгейлерінің бұл түрі индивидтің қызығушылығы мен қажеттілігін социумның (лат. «socium» - ортақ, бірлескен, үлкен әлеуметтік тұтастық) мүддесіне, қажеттілігіне, оның талабына тәуелді етеді.

One of the challenges facing the Islamic civilization from the time of the Caliphate until now is the multiplicity and mixing of ethnic groups, which in Islamic societies has caused cultural and racial differences, and the blood of Islamic Arabs quickly changed and became corrupt. If we ignore the desire for wars and other causes of Arab degeneration, the same issue of mixing and marrying with different ethnic groups will be enough for their extinction, for example, Morocco, which was protected from foreign captivity, but from the old progress that was once with Andalusia. There is no visible sign of his wife, and he remains in the state of a barbarian. The multitude of barbarian populations and successive intermarriages with Abyssinians caused great damage to Islamic civilization (Gustave Lebon, 1974 p. 18). Other factors that play a major role in the weakness of Muslims are economic, scientific, technological, and social problems. In addition to that, Mr. Chavoshi emphasized political, religious, and intellectual factors in his article (Sawaqib, 1981, p. 55).

Deviation from religion

God does not change the condition of any people or nation and does not take them from misery to happiness, from ignorance to wisdom, from humiliation to honor, from servitude to glory, and vice versa, unless they change their condition. Unfortunate human beings who ignore all this in the clothes of Muslims and resort to lying, corruption, fault-finding, cruelty, backbiting, theft, and injustice. Their wealth is taken over (Afghan, 1968, p. 130).

It is an undeniable fact that religion and religious teachings are not formed in a vacuum, nor are these teachings developed and formulated in a 100% pure atmosphere, far from any human influence. The audience of religion is human beings, and those who take from religion and religious texts and make statements about the generalities of these texts are the same people who each have different natures, motivations, goals, and intellectual backgrounds, and this difference in their performance is effective in their perceptions and beliefs, such that the city people consider the first nightmares for humans to be the deception of the devil and the following of human desires. The roots of the internal dispute between Muslims, which is a historical and lasting dispute, go back to the internal affairs in the first step. Looking at the first internal component of the dispute, the repair and different understanding of the Muslims and, in fact, the Muslim elites and scholars throughout the history of Islam from the texts and Islamic sources appear. Does this different interpretation and perception go back to the different understandings and views of elites and religious scholars and their different views of texts and sources, or does the existence of differences in these sources lead to division and alignment? It is difficult to answer this question and get out of this problem among Muslims and Islamic societies today. The difficulty of this comes from how to solve this problem in terms of the main factors and areas of differences. (Andishmand, 2011, p. 532).

Another point that makes the integration of the Islamic world intolerable is the influence of Muslims on various social and cultural factors in their own traditional and native societies. The influence and mixing of historical and social characteristics of Muslim societies with religious education and teachings have created visible differences in these societies. The different interests of Islamic countries, Muslim nations, and ethnic groups in various fields of political, economic, and social life is another factor in the separation of the Islamic world and Muslim societies (Andishmand, 2011, p. 532).

Difference between scientific and Sharia dimensions

The Holy Prophet paid much attention to moral values. It is very clear from the numerous verses of the Holy Qur'an that the Meccan verses were monotheistic verses teaching moral values, while more civil verses call for fighting against polytheists and building the Islamic system. As history proves, there were more polytheists in Mecca than in Medina. In the same way, religion went through its historical process, which was accompanied by ups and downs, splendors and declines, and entered the contemporary world step by step through history. Now, the basic question is: in an age when huge changes have occurred in all aspects of human life and the four worlds have become completely different from the face of the old world, what should we expect from religion, and what will religion

be like in the present age? This is a question for which different answers have been given. Traditionalists have a completely different point of view from religious intellectuals. They consider religion a source from which all expectations in age and time can be derived. They claim that science, philosophy, art, and the morality of society can be obtained from religion, and there is no need for it. It is not seen for non-religious sciences, and all the expectations in age and time can be extracted from religion. This opinion created a big problem and prevented Muslims from making rapid progress. It can even be said that this was one of the factors behind the backwardness and failure of Islamic society.

This expectation from religion apparently made Muslims unnecessary in the empirical sciences, human sciences, and philosophy, but inwardly they foster backwardness in their hearts. Religious intellectuals have a completely different view from traditionalists. They presented another opinion and interpretation of religion. There were great reformers such as Seyyed Jamal Afghani, Sheikh Mohammad Abdi, Rashid Zia, Allameh Iqbal, and others who tried to find a way out of the backwardness and helplessness of the Muslims and found a way out of a big problem such as the backwardness of the Islamic world in other nations. They were particularly curious (Aryan, 1981). Proponents of the theory of philosophical and intellectual factors believe that the approach of Muslims to philosophy was more verbal and text-based instead of evaluation, and knowledge was used more in the direction of knowledge and manners instead of adhering to a certain philosophical system. This is attributed to the pressure of religion on philosophers, who were forced to preach about matters such as revelation and prophecy, the Qur'an, and human philosophical explanation. Also, the emergence of prejudice in the field of science and knowledge and opposition to philosophy, which was considered incompatible with religion, has caused tension between Islamic societies.

Economic dependence

The economic differences between Arabs and non-Arabs and the view of one roof and two airs among Muslims have had a direct and indirect impact on social and intellectual changes in the lives of Islamic societies. The dependence of many Islamic countries on the western world in various fields of life is another hidden challenge and reality in the Islamic world. Human and social rights, including political independence and territorial integrity, exist in a number of Muslim countries and societies. This means that some Islamic countries rely on the cooperation and support of the West to maintain their territorial integrity, security, and human and social rights. The clearest example of the helplessness and powerlessness of the Islamic world, especially the Arab and Muslim world, which even many elites and politicians consider Islam as their Arab religion and national identity, can be studied and observed in the events of 2011. Protests and street demonstrations of people and a number of Arab countries in this year, which was called the Arab Spring, led to bloody wars and conflicts between the people and the rulers of these countries. But the Islamic world and the Arab world were unable to solve these conflicts, and worse than that, the United Nations and Western countries reached out to Libya and Syria to solve their problems with their bombs and missiles (Andishmand, 2011, p. 23).

Conclusion

As a result of the solution for Islamic societies to overcome internal differences, in this case, there is an excellent suggestion from the Islamic fighter of the East of the Earth, Syed Jamal Uddin Afghani, the Islamic fighter of the East of the Earth. He had a keen awareness; he saw the unbridled giant of imperialism that was struggling to plunder the backward world. He was not westernized, but he did not ignore the material and spiritual achievements of the western world. He wished that Muslims would also have access to them. So that the negative aspects and desirable name of western life do not affect the Islamic society. He recommended the awakening and transformation of Islamic society within the framework of religious values. He understood that the Christian communities have gained fresh air and atmosphere after being freed from the domination of the church. The weakness and backwardness of religion against the transformations and transformations of western societies caused western civilization to become corrupt. Contamination comes with me.

He wanted religion to play the role of a guide in the transformation of Islamic society. His struggle includes these goals: the struggle of the masses against the selfishness of autocrats, equipping

society with new sciences and techniques, returning to the first Islam, fighting against ignorance and superstitions, uniting Muslims in the world, and fighting and standing against the invasion of the West. Arriving at the principle of religion and obeying the Qur'an and the Sunnah of the Messenger of God, discarding superstitions and removing heresies, avoiding Islamic governments and Muslims from empty promises and statements, unity and solidarity, integration, and mutual acceptance among Muslims. Eradicating the internal differences of Islamic countries and establishing an Islamic government where everyone can have a place under its roof, equipping the Muslim front materially and spiritually, removing hypocrisy and stubbornness among Muslims, dismantling and eradicating the internal differences of Muslims, and the connection between this world and the hereafter, reason and religion, science and faith, innovation, and ijtihad

References

1. Afghan, S. (2009). *Islam and science*, Kabul: Basharat publishing, Pp 130
2. Andishmahd, M.I. (2012). *An analytical look at the political history of Islam*. Kabil: Ahmad publishing. Pp 526-532
3. Aryan, N. A. (2022). *Brief overview of Islamic civilization*. Kabul; Nawisa publishing. Pp107
4. Arbabi , M. *Understanding division and separation factors among Muslims*, Nidayi Islam Y8. V 29-30. Pp 140
5. Dorant, W. (2006). *Civilization History (period of faith)*. T.A.S.T. Tehran: Scientific and cultural publishing. v 4 Pp 50-60
6. Enayat, H. (1989). *Political thought in Islam*, second edition. Tehran: Khwarizmi publishing. Pp 44-45
7. Elahi, T. A. (2013). *The cause of the decline of Muslims from Motahari and Shariati's point of view*. Qoom publishing. Pp 23
8. Esmaili, H.I. (2010). *Challenges ahead*. The fourth international congress of geographers of the Islamic world. Zahidan: Sistan and Baluchistan publishing. Pp 14
9. Kamawal ,M Amir. *Attitude on the history of Islamic Civilization*, Kabul: S Hasibullah publishing. Pp 150
10. Lutfi, H. M. (2010). *The process of globalization and review of this phenomenon in the Islamic world countries the 4th international congress of Geographers of the Islamic*, World, Zahedan, University of Sistan and Baluchistan. Pp. 5.
11. Massoudov, J. (1997). *Elahid, Translated by Inzabi Najad*. Mashhad: Quds Rizvi. Pp 540
12. Popel, A. Baqi. (1978). *The history of the ancient civilizations of the East*, second edition. Kabul: Tama don publishing. Pp 67
13. Sawaqib, J. Bakhsh. (2022). *Theories of the decline of Islamic Civilization*, Journal DOR. P1.V13. Pp 18
14. Sabiri, H. (2008). *The history of the Islamic sect*. Tehran: Simmet publishing. v 8 Pp. 29-30.
15. Sadeghi, S. (2010). *Convergence of Islamic countries, challenges and solutions*. The fourth international congress of geographers of the Islamic world. Z.S..B publishing. Pp. 192.
16. Gustalbon, (2015). *Islamic and Arab civilization*, translated by Sayed Mohammad Tagi Tehran: Badragheh Jawidan. Publishing.
17. Habibi, A. (1988). *History of Afghanistan after Islam*. Tehran: Duniyai Ashna publishing. Pp. 526-859.
18. Hafiiz, H.M.Z.S. (2012). *Geopolitical Challenges of convergence in the Islamic world Researches of human geography*. V 8 Pp.526.
19. Hossieni, M. M. Sana, A. Maryam. (2012).*Convergence of the Islamic world and the future of Islamic Civilization*, Journal of political studies. V 3 Pp.11.
20. Ragheb, H. (1991). *Vocabulary of Quranic words*, Beirut: Darul Alam publishing.
21. Taqhezadeh, B. (1968). *Examining the problems of the Islamic world with an emphasis on the Palestinian issue*, Third round v 22. Pp 31.

22. Taghizada B. (1968) *Examining the problems of the Islamic world with an emphasis on the Palestinian issue*, у 6. V33. Pp 320.

23. Yaqobi, A. Rissole. (1978). *Challenges, divergences of the Islamic world and solutions for convergence in the modern Islamic civilization*, quarterly Journal of Fundamental Studies of Modern Islamic Civilization, second period. Tehran: Humanities science publishing. v2. Pp .17.

УДК 391.1

МӘДЕНИЕТ ПЕН МӘДЕНИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Абуханов Ш.А.

*қауымдастырылған профессор,
Қазақ Америка университеті,
Алматы қ., Қазақстан
e-mail: sabukhanov@gmail.com*

Аңдатпа. Мәдениет пен мәдениеттану ғылымының қалыптасуы — адамзат қоғамының даму тарихымен тығыз байланысты күрделі процесс. Бұл тақырып мәдениеттің шығу тегі мен эволюциясын зерттеп, мәдениеттанудың ғылыми тұрғыдан дамуын қарастырады. Мәдениеттану ғылымы философия, антропология, социология сияқты басқа ғылым салаларымен тығыз байланыста дамып, қоғамның әлеуметтік, саяси және экономикалық өзгерістеріне жауап ретінде қалыптасты. Мақалада мәдениет пен мәдениеттану ғылымының қалыптасу тарихы, негізгі кезеңдері мен теориялық бағыттары қарастырылады.

Түйінді сөздер: мәдениет, мәдениеттану, ғылым, қалыптасу, философия, антропология, социология, эволюция, теориялық бағыттар.

Аннотация. Формирование культуры и культурологии как науки — это сложный процесс, тесно связанный с историей развития человеческого общества. Данная тема исследует происхождение и эволюцию культуры, а также развитие культурологии как науки. Культурология развивалась в тесной связи с такими науками, как философия, антропология, социология, отвечая на социальные, политические и экономические изменения общества. В статье рассматриваются история формирования культуры и культурологии, основные этапы и теоретические направления.

Ключевые слова: культура, культурология, наука, формирование, философия, антропология, социология, эволюция, теоретические направления.

Abstract. The formation of culture and cultural studies as a scientific discipline is a complex process closely linked to the history of human society's development. This topic explores the origins and evolution of culture, as well as the development of cultural studies as a science. Cultural studies evolved in close connection with other sciences such as philosophy, anthropology, and sociology, responding to the social, political, and economic changes of society. The article examines the history, key stages, and theoretical directions of the formation of culture and cultural studies.

Keywords: culture, cultural studies, science, formation, philosophy, anthropology, sociology, evolution, theoretical directions.

Мәдениеттану бұл мәдениет туралы ғылым. Мәдениеттану ғылымы бұл философияның басты саласы ретінде мәдениеттану философиясын қамтиды. Сонымен қатар мәдениеттану қоғамда болып жатқан әр түрлі процестерді атап айтсақ материалдық, әлеуметтік, саяси, адамгершілік, көркемдік және тағы басқа да мәселелерді қамтып, мәдениеттің қоғамдағы жалпы заңдылықтары мен мәдениет түрлерінің өзара байланыстары мен мәнін зерттейді.

Мәдениеттану пәні ғылым ретінде 19-ғасырдың аяғында, мәдени антропологиялық және мәдени философиялық зерттеулердің нәтижесінде қалыптасты. [1]

Сондай-ақ мәдениет бұл жеке адамның өмір сүру мақсаты мен құндылықтары жүйесі. Адамның өмір сүрген орта мен қарым-қатынасы. Яғни, бұл адамдардың қарым-қатынас нәтижесінде қалыптасатын ерекше құбылыс. Мәдениет латынның “Cultura” (культура) өңдеу, егу деген сөзінен шыққан. Яғни ол жерді өңдеу, игеру деген сияқты мағналарды білдіреді. Сөзіміз дәлелді болу үшін мәдениет ұғымын көне заманнан бастасақ мәдениет ұғымы жерді жырту, бау – бақшаны өңдеу, өсімдіктер және жан жануарлар дүниесімен айналысу, оларды қолға үйрету, оларды пайдалану, дәлірек айтқанда егіншілікпен, ауылшаруашылығымен тығыз байланыста қарастыру болып табылады. Яғни мәдениет табиғат объектісіндегі адамның әрекеті арқылы жасалатын өзгерістер. Бұл сөзде адам еңбегінің ерекшелігі, адамның іс-әрекеті мен байланысы және адамның қызметінің бірлігі негізделген. Кейіннен мәдениет деген ұғым жалпылық маңыз алып, адам жасағанның бәрін мәдениет деп аталды. Яғни бір сөзбен айтқанда мәдениет бұл адам жасаған екінші табиғат. Мәдениетке берілген көптеген анықтамаларды баламалы деп атауға болады. Көне заманда культура деген ұғым жерді өңдеу деген мағынаны білдірді. Кейінірек Италия ойшылы, әрі философы Цицеронның еңбектерінде (бидің заманымызға дейінгі 45 жылы) бұл сөздің мағынасын тереңдетіп, жанды жетілдіру деген ұғымды білдірді. Жалпы қазақ тілінде бұл ұғым арабтың маданият, қала, қалалық деген сөзінен енген. Бұл орта ғасырлардағы мұсылман мәдениетінің өркендеу кезеңінде қалыптасқан түсінікпен байланысты ұғым. Жалпы адамдар күнделікті өмірде мәдениетті әр түрлі түсінеді. Біреулер мәдениетті қоғамдағы құндылықтар ретінде түсінсе, енді біреулер мәдениетті адамдардың сапалы ақыл-ой мінезі, кәсіби, құқықтық, эстетикалық жүріс, тұрысы мәдениеті деп түсінеді. Ал енді үшіншілері мәдениетті адамның шығармашылық қаблетімен, әрекетімен және өзін-өзі ұстай білуімен байланыстырады. Қорыта айтқанда жалпы мәдениет ұғымының ауқымы кең. Мәдениеттің қазіргі кезде 300-ден астам анықтамалары бар. Оларды біз үш топқа бөліп қарастырумызға болады.

Олар :

1. Технологиялық анықтама.
2. Қызметтік анықтама.
3. Құндылықтық анықтама.

1. Бірінші технологиялық анықтама бойынша мәдениет бұл қоғамның материалдық және рухани өміріндегі барлық табыстары мен жетістіктерінің жиынтығы. (Яғни информатика оның дамуы, микрофон, компьютер және басқа да технологиялардың дамуы деуге болады)

2. Қызметтік анықтамалардың өкілдері мәдениетті қоғамның материалдық және рухани салаларындағы шығармашылық қызметі ретінде түсіндіреді.

3. Құндылық ретіндегі анықтамалардың өкілдері мәдениетті адамның адамгершілік қасиеттерінің, ғылымының, білімінің, тәрбиенің, әдет-ғұрып пен салт – дәстүрлердің, ережелердің және тағы басқа мұраттарының жиынтығы ретінде түсіндіреді.

Енді осы анықтамалардың бәрін топтастыра әрі саралай келіп мәдениет деген ұғымға мынадай анықтама беруге болады. Біріншіден мәдениет дегеніміз ғылыми әдебиеттерде атап көрсетілгендей мәдениет бұл адамның қолымен істелген және ақыл ой санасымен өңделіп жасалған, еңбегінің жемісі деуге болады. Ал енді мәдениет деген ұғымды типологиялық жағынан бөліп жіктеп қарастырсақ. Типология гректің типос – үлгі, пішін, логос – ілім деген мағнаны білдіреді. Яғни мәдениетті түрлерге бөліп жіктеу дегенді білдіреді. Жалпы біз мәдениетті материалдық және рухани мәдениет деп екіге бөлеміз. Материалдық мәдениетке тұтынатын заттар, құрал жабдықтарды, баспананы және т.б. заттар мен материалдық құндылықтарды жатқызамыз. Ал рухани мәдениетке ғылым білім, өнер, дін, және т.б. нормаларды жатқызуға болады. Сонымен қатар мәдениетті әлеуметтік жағынан да үш түрге бөліп қарастыруға болады. Олар халықтық мәдениет, элитарлық мәдениет, көпшілік, бұқаралық мәдениет. Бұл жерде бір айта кететін мәселе мәдениеттану ғылымы көп қырлы ғылым. Мәдениеттану ғылымы қоғамда басқа да қоғамдық ғылымдармен тығыз байланысты дамиды. Атап айтсақ тарих, әлеуметтану, психология, педагогика және т. б. Әлеуметтану

ғылымы мәдениеттанушыларға қоғамдағы әлеуметтік таптар мен топтардың әр тектілігін, олардың арасындағы теңсіздік пен әр түрлі әлеуметтік мәселелердің мәнін дұрыс түсініп, меңгеруге оны ой елегінен өткізіп айқындауға көмектесе. Екіншіден әлеуметтану қоғамдағы топтардың мысалы ақсүйек таптардың бекзаттық мәдениеті, әлеуметтік этностық мәдениетінің ерекшеліктері мен сипатын айқындайды. Сонымен қатар тарих ғылымының бір саласы этнография ғылымын алсақ ол адамзат баласының өткен заман мен қазіргі кезеңдегі мәдениетінің мол мұрасын анықтауға, әрі әрбір халықтың тұрмыстық ерекшеліктері мен олардың этностық шығу тегі мәселелері мен қоныстануын әрі олардың салт – дәстүрі мен мәдениетінің тарихының мол мұрасын анықтауда айрықша рол атқарады. Қорыта келгенде мәдениеттану басқа қоғамдық ғылымдар мен тығыз байланыста дамиды. Сондайақ қайсыбір ұлттық мәдениеттегі салт-дәстүрді алсақ та, ондағы адам баласының бірлен-бір көңіл аударатын мәселесі бұл тіл мен ұлттың салт – дәстүрлері.

Неміс философы И. Гердер салт-дәстүр туралы былай дейді: салт-дәстүр бұл тіл мен мәдениет бастауларының анасы деп атап көрсетеді. [2] Жалпы әр халықтың ертеден келе жатқан өзіндік әдеп – ғұрып салт – дәстүрлері мен өзіндік халықтық шығармалары бар. Халықтық мәдениетке ежелгі, ертеде пайда болған халық шығармалары, ертегі аңыз әңгімелер, мақал – мәтелдер мен әндер, билер, әдет-ғұрып салт-саналарды жатқызуға болады. Сонымен қатар мәдениетті қазіргі кезеңде элитарлық мәдениет және бұқаралық мәдениет деп бөлуге болады.

Элитарлық мәдениет дегеніміз бұл элита, таңдаулылар мәдениеті деген сөзден шыққан. Бұл мәдениет ел таңдаулылары мен қайраткерлері арқылы қалыптасады. Оған атақты жазушылар, ақындар, музыкантар, суретшілер және мүсіншілер мен т.б. рухани қайраткерлерді жатқызамыз.

Бұқаралық мәдениет дегеніміз бұл қарапайым халықтың талғамына сәйкес қалыптасқан мәдениет (радио, кино, телевидение, музыка, интернет, ұлы телефон және т.б.) Бұл бұқаралық мәдениет ғылым мен техниканың даму нәтижесіне байланысты пайда болды. Жалпы мәдениет ұғымын талдағанда біз мәдениетті тарихи дамуы жағынан үш түрге бөліп қарастырамыз.

Олар:

1. Көне заман мәдениеті.
2. Орта ғасырлар мәдениеті.
3. Жаңа заман мәдениеті.

Көне заманда адамзат баласында дінге табынушылық болды. Адамдар әр уақытта тәңірге, құдайға сиынды, үйде де түзде де құдайлар адамдармен бірге болды, оларды жебеп, қорғап отырды. Сондай-ақ ежелгі Гректер шағын қалаларда тұрды. Оларды құдайлар қорғап, жебеп отырды. Сондықтан да белгілі эллинист Макс Поленц полистік патриотизмді дәріптеді. Полист дегеніміз бұл шағын қала. Ол қаланың өз тұрғындары мен өз азаматтары болды. [3] Олар өз қаласының заңына бағынды. Қаланы сыртқы жаулардан қорғады. Олардың қажетті азаматтық міндеттері мен борыштарын орындап отырды. Мұндай қалаларда мәдениет, тәрбие беруді, дінге табынушылықты, әрі жер өңдеуді білдірді. Дәл осындай үйлесімділік көне полистерде қала азаматтарының азамат болып қалыптасуына ерекше ықпал етті. Ал гректер бұл процесті «пайдеия» (бала деген ұғымды білдірді) деді. Бұл ұғым тәрбиелеу, оқыту деген ұғыммен қатар білім беру, ағартушылық мәдениет деген мағыналарға ие. Бұл жағдайда тәрбие мен білімнің жай ғана байланыстары жағдайындағы идеяны аңғаруға болады. Жалпы гректер сонау көне заманның өзінде өмірге икемді, қабілетті, жан-жақты қалыптасқан азаматтарды тәрбиелеуге бағытталған білім беру жүйесін жасады. Бір сөзбен айтқанда ежелгі грек мәдениетінің батыс Еуропалық мәдениет дүниесіне келмес еді. Грекияда негізінен мәдениеттің аристократиялық түрі кеңінен тарады. Мұндай жолға апарар жол ол білім еді. Афина мектептерінде білім берудің түпкі мақсаты оқушыларды афина қоғамының толық мүшесі екендігін сездіру болды. Ал енді орта ғасырларда (V-XII ғ.) мәдениет пұтқа табынушылықты жоққа шығарып көне мәдениеттің негізгі табыстарын сол қалпында сақтады. Адам өзі қоршаған ортада, кеңістікте адамзаттың ақыл ойының тәуелсіз заңдылықтардың, ережелердің

бар екендігін аңғара отырып, онда жоғарғы ақыл-ой қоғамда әділеттілік әрекет ететіндігін сезді. Мәдениет адамның өз мүмкіндіктерін жетілдіру., оның ішінде ақыл-ойды жетілдіру тұрғысынан адамзат баласының алдында тұрған келелі мәселе дәрежесіне көтеріліп, құпия дүниелердің есігін айқара ашып, қоршаған ортаға басқа рациональдық қана емес екендігі айқындалып, ендігі жерде адам бойындағы жаңа өлшемдер, сенім, үміт, махаббат табиғат сияқты жаңа философиялық идеялық сатыларға көтерілді. Адам өзінің әлсіздігін сезіне бастады. Бірақ ол өзінің дәрменсіздігіне қарамастан алып күш иесі екендігін танып білді. Құдай адамды, оның мәңгілік жанын жаратты. Адамның бақыты өзін тануда емес, құдайды тануда деп түсінді. Оның ықпалында болу мен рухани бірлікте екендігін мойындауында. Міне сонда ғана адам барлық қиындықтарды жеңе отырып өз мақсатына жетеді. Міне осындай сипаттағы орта ғасырлық мәдениет діни шектеушілікті жеңіп, адамның рухани дамуына алып келді. Жаңа заман бұл XVII-XIX ғ. қамтиды. Бұл кезеңде мәдениеттің көптеген теориялары өмірге келді. Жаңа дәуір заманы бұл озық идеялар мен ағартушылық дәуірдің буржуазиялық қайта құруларға терең саяси әлеуметтік өзгерістерге толы ерекше тарихи рациональды кезеңді қамтыды. Бұл дәуірдің мәдениетінің теорияларына ерекше үлес қосқан ойшылдарға Англиялық Толанд, Францияда Вольтер мен Мольер, Германияда Лессинг, Гете, Шиллер жәнет.б. жатқызуға болады. Бұл дәуірдің ойшылдары адамзаттың ақыл-ойының тәуелсіздігін мәдениетте батыл қорғады. Адам өзінің табиғи жауаптылығынан –ақ мүмкіндіктері мол, ақылды жан, яғни осындай қабілетін пайдаланудың нәтижесінде ол өз игілігіне сай қоғам құруға қабілетті. Ал мұндай мұраттарға жете алмауының себебі оның білімсіздігі мен мәдениетсіздігінің нәтижесі деуге болады. Тәуелсіздікке қол жеткізген Қазақстан Республикасының алдында тұрған басты мақсаты халықтың рухани байлығы мәдениетін қалпына келтіру арқылы өз тілін мемлекеттік тілге айналдыру болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

- 1.Т. Габитов Ж. Мүтәліпов, А. Құлсариева. Мәдениеттану. Алматы, 2007 ж. 6-15 беттер.
2. Гердер И.Г. Идеи к философии истории человечества. М., 1977. 9-бет.
3. Т. Габитов Мәдениеттануға кіріспе. Алматы, 1996. 4-бет.

АҚЫНДЫҚ ПОЭЗИЯДАҒЫ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ КЕШЕНДІ ЕРЕКШЕЛІКТЕР (XIX Ғ. АЯҒЫ МЕН XX Ғ. БІРІНШІ ЖАРТЫСЫ)

Өмірбаева Т.

*Филология ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессоры,
Дулати университеті
Тараз қ., Қазақстан*

Әлем халықтарының фольклоры мен әдебиеті мұраларының ұлттық –этнографиялық ерекшеліктері - өркениет кеңістігіндегі табиғи заңдылықтар болып саналады. Халықтардың әуелгі пайда болуынан кейінгі қалыптасуы, дамуы кезеңінде ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан ата-бабалық ұстанымдардың сақталатыны тарихи тұрғыда бағаланды.

Ақындық поэзиядағы лирикалық өлеңдердің тарихи-поэтикалық негізі- тұрмыстық-салттық дәстүрлерге, халықтың атамекенге, ата-қонысқа, ата-бабалық ұстанымдарға арналған көзқарастар жүйесі. Бұл орайда, әлем халықтарының этнологиясын (этнографиясын, халықтар туралы ғылымды) арнайы зерттеп жүрген ғалымдар У.Х. Шәлкеевтің, М.У. Шәлкеевтің пікіріне назар аударамыз:

«Этнография ғылымының зерттейтін басты мәселелерінің бірі халықтардың әр түрлі сатыдағы өмірі мен мәдениетін тегіс қамтиды. Сондықтан да этнография өзіне жақын болған ғылымның жетістіктерін пайдалануы керек. Ең алдымен этнография төмендегі ғылым

салаларымен тығыз байланысты: археология, тіл, әдебиет, музыка, сурет, сәулет өнері, антропология, география және тағы басқа салалардағы пәндер. ...

Этнография халықтарды зерттеп, олардың өздеріне ғана тән: тіліндегі, шаруашылығындағы, мәдениетіндегі және қоғамдық құрылысындағы ерекшеліктерге айрықша көңіл бөледі. Бірақ әр халықтардың мұндай ерекшелік қасиеттері, олардың рулық, ұлттық және этно-психологиялық жағдайынан туып жататыны сөзсіз.

Этнография–халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан тарихи салт-дәстүрлерін, қоршаған әлеуметтік ортамен қарым-қатынастарындағы ұстанымдарын, әуелгі пайда болуынан бастап ғасырлар белестерінен өткен ататек-әулет жүйелерін және т.б. сан тараулы халықтың болмыс әлемін қамтитындығымен ерекшеленеді. Ақындық поэзия шығармаларындағы этнографиялық сипаттардың жырлануы халықтың пайда болуындағы, қалыптасуындағы тарихи жолды саралауымен танылады.

Ақындық поэзияның азаматтық сарындағы лирикалық өлеңдерінің басым бөлігі халықтың ататектік-әулеттік жүйесін, атадан-балаға жалғасқан ұрпақтар сабақтастығын жырлайды. Бұлар - ақындық поэзиядағы шежірелік жырлар.

Этнология ғылымындағы осы сала хақында аталған зерттеушілер: этнография ғылымының айрықша көңіл аударып зерттейтін мәселелерінің бірі – халықтардың арғы шығу тегі (этногенезі). Бұл мәселе өте қиын да, күрделі жұмыстардың бірі. ...бұл проблема халықтардың өмірінің барлық саласын: заттай, рухани мәдениеттердің, қоғамдық тұрмыстарын, психологиялық ерекшеліктерін, өркендеу жолдарын және т.б. қамтиды. Сондықтан бұл проблема тарих, археология, этнография, тіл, география, экономика, заң, фольклор және сол сияқты сан салалы ғылымдардың күш қосуымен шешіледі.

Этнографиялық кешенді ерекшеліктер ақындық поэзиядағы шежірелік баянмен жырланатын лирикалық-дидактикалық өлеңдер арқылы танылады. Мысалы, Бұдабай Қабылұлының «Жеті ата Шашты жайында», Тұрымбет Салқынбайұлының «Жолай Алмасқа Тұрымбеттің айтқаны». («Бекеттің асында»), Молдахмет Дабылұлының «Өлеңмен өзім айттым өз жайымды» деп аталатын өлеңдерінде белгілі бір аймақтағы, мекендегі ататек-әулет ұрпақтарының, қоныстас ағайындардың, тілеулес ел ағаларының, шығармашылық тұлғалардың өзара сабақтас тағдырлары, өмір жолдары жырланған. Аталған өлеңдерде қазақтың атадан балаға жалғасқан дәстүрлі қарым-қатынастар мәдениетінің ұлттық-этнографиялық ұлағаты аңғарылады.

Бұдабай Қабылұлының «Жеті ата Шашты жайында» деп аталатын шежірелік өлеңінде қазақтың Қаратау атырабының байырғы атақоныстары мен халықтың ұлттық тұрмыс мәдениеті, елішілік өзара туыстық, ағайындық ататек сабақтастығы жүйелене жырланған:

«Тайсоққан», «Жүзбай», «Шоңбас»,
«Үрме» менен,
Бір жағы «Таржайған мен
Ірбеленген»
«Сарытораңғыл», «Керделі біздің қоныс,
Оқшаулау атыс, шабыс, дүрбелеңнен.

Құм жайлап бай, кедейі ынтымақты,
Жер ұйық –құм қыраты гүл бөленген.
Құтымы, Малайы мен жұп жазбаған,
Не жақсы шыққан осы іргелі елден.

Өлеңнің ұлттық-этнографиялық сипатын аша түсетін осындай географиялық-топонимикалық атаулардың мағыналық ерекшеліктері қазақы дәстүрлі дүниетаным тағылымын байқатады.

Өлең композициясының келесі бөлімінде Қыпшақ аталығынан тарайтын ататек-әулет жүйелері де тарихи сана аясында деректілікпен жырланған:

Ботақара батырдың алты бала,
Құтым батыр болыпты Малай аға.

Шағыр, Жегір, Бошай мен ақылды Айдар,
Бұлбұлдан Байсары бар жалғыз қара,

«Жеті ру шашты» - аталды осы жеті,
Жетеді – жеті ру ел біріне ниеті.
Құтым мен Айдар болған екен,
Қонысы – елдің сырты, жаудың өті.

Ақын – ата-бабалар қалыптастырған өнегелі жолдың, дәстүрдің жыршысы. Қазақтың ата-бабалық салт-дәстүрлерінің өзекті желісінде әулет тектілігі басты назарға алынады. Адамның тектілігі – халықтың барлық әлеуметтік топтарымен қарым-қатынасының өнегелі болуымен бағаланатын ерекшелік. Халыққа жақсылық жасаудан жаңылмаған, адалдықтан ауытқымаған, қазақ баласының барлығын тең көзқараспен бағалаған көңілі кең, пейілі жомарт, үйінен, дастарханынан бүкіл қазақ дәм татқан, пендешіліктен, пайдакүнемдіктен ада және т.б. сан алуан асыл қасиеттерді бойына жиған қазақтың ұлттық діл болмысын танытқан тұлғаларды жырлау – қазақ поэзиясындағы көрнекті үрдіс.

Тұрымбет Салқынбайұлының «Жолай Алмасқа Тұрымбеттің айтқаны» «Бекеттің асында» деген өлеңдерінде «Ел азаматы», «Ел ағасы» ұғымдарының поэтикалық бейнеленуін көреміз. Шежірелік баянмен жырланған өлеңнің құрылысында бірнеше мәселелер қамтылған: біріншісі - өлең нысанындағы кісінің (Жолай Алмастың) өзіндік адамгершілік тұлғасын даралап сипаттауы; екіншісі – қазақ тарихының көрнекті адамдары Бекет бидің, оның ұрпақтарының (Жолайдың, би Кетебайдың, Өтетілеудің, Пірәлінің) өнегелі жолын мадақтауы;

Өлеңнің идеялық-композициялық желісінде қазақ халқын құрайтын әулеттердің бір тармағындағы аталған тұлғалардың халық жүрегінен орын алған азаматтың ұлағатты істері баяндалған.

Ақын өлең нысанындағы кейіпкелерді даралауда қазақы дүниетаным аясындағы бейнелілік өрнектерді бейнелейді. Мысалы: «Тұлпардың тұқымындай ер едіңіз», «Өлкенің бойын алдың ұзын аққан, Оздырдың таласқаннан оғыңды атқан, «Мысалың пайғамбарға болған ұқсас, басына пайда етпеген үммәті үшін». Жеке адамның бүкіл халыққа танымал, өнегелі тұлға болуының әлеуметтік сипатын азаматтық-отаншылдық рухпен жырлағаны:

Байтаққа арыстансыз болған кебеп,
Сыйлаған бүкіл қазақ тегіс елеп.
«Ата көрген – оқ жанар» деген нақыл,
Құдайым келді ғой желеп-жебеп».

Заманның Көрұлыдай ері едіңіз,
Бас анаң ханның қызы екен қалмақ.
Айтайын өскенінді болып талтақ.
Алдына ерегіссе жан салмайтын,
Тұқымы Үкілінің едің ардақ.

Өлең арқауындағы тұлғаларды даралауда ақын дәстүрлі бейнелеулерді идеялық бағдарлы үйлесіммен өрнектейді:

Ол Бекет ер болыпты жеті жастан,
Сөзі көп айта берсе талай дастан...

Бекеттің абзалы артық болған жолай,
Батырлық, әм билікке туып қолай,
Ерімес ер сүйегі өзін айтып
Атадан қозғалмаса бермен қарай.

Жолайдан би Кетебай және туған,
Ақылға адамзатта дана туған.
Жүргізіп әділдігін тартқан сымдай,
Жесірге-ер, жетімдерге ана туған.

Өлеңде халық үшін жақсылығын аямай өткен ел ағаларының денелерінің жерленгеннен кейінгі үш жыл өтсе де тірі қалпында сақталған («Мұрты өсіп сақалымен жатыр дейді») құдіретімен әйгіленгені де мысалға алынған. Халық бақыты жолында жақсылық жасаудан айнымаған адамдардың елдің дербестігін, отаршылдықтан құтылуын ойлаған қайраткерлігін айқындай айтад.

Жат жұрттық отаршылдардың, басқыншылардың баса-көктеп кірген озбырлықтарына қасқая қарсы шапқан күрескер азаматтардың қаһармандардық-жауынгерлік іс-әрекеттерін баяндаған ақын жырының тарихи тағылымы романтикалық сарынмен жырланған. Бұл арада халықтың қаһарман рухын мәңгілік әлсіретпеді ұстанған, елдің қорғаны, ұрпақтардың, ұлттың болашағын ойлаған қайраткерлер тағылымы зар заман поэзиясы үрдісімен шынайы бейнеленген:

Көшпелі ел, халық күтпеді тілегінді,
Сыбантты құр далаға білегінді.
Садықтың «Сарбұлақта» ұрысында,
Көрсеттің қандай қайрат-жүрегінді

Дұшпанды жөңкілтіпсің қойдай қуып,
Ақырып айбатпенен түсің суып
Бұл дұшпан шенімізге келер ме еді,
Әр елден шықса бәрі Сіздей туып,
Отырсың бұл уақытта заманың жоқ,
Құса мен көздің жасы бетті жуып.

Қазақ тарихындағы халықтың көңілінен берік орын алған жақсы адамдардың ұлағатын жырлау – ұлттық құндылықтарымызды ұлықтаудың көрсеткіші. Адамдардың өздері өмір сүрген кезеңдеріндегі өнегелі істерін мадақтау арқылы ұрпақтар жалғастығындағы адамгершілік тәлім-тәрбиесі тағылымы нығайтылады. Қазақтың салт-дәстүрлерінің адамгершілік тәрбиесін нығайтудағы ұлағаты ақындық поэзия шығармаларының насихаттық ықпалымен орындалатыны мәлім.

Қазақтың ұлттық-этнографиялық салт-дәстүрлерінің бірі - байтақ даланың барлық аймақтарынан, өлкелерінен асқа, тойға ел ағаларының, би-шешендерінің, ақын-жырауларының, палуандарының, ат сейістерінің т.б. атақты тұлғаларының жиналатыны. Бұл - ұлттық-этнографиялық сипатты, халық тұтастығының мәңгілігін дәлелдейтін көрнекті көрсеткіштердің көрінісі.

Бұл орайда, Оңғар жырау Дырқайұлының «Мақтаймын халық жақсысын» атты жырындағы ұлттық-этнографиялық дүниетаным тағылымының сипаты айқын. Үлкен тойға халықтың жан-жақтан жиналуы, алыс, жақын ауылдардан келген аталық, ағайын топтардың әрқайсысының әкеліп қосқан үлестері - бәрі де халықтың өзара бірліктегі тұтастығының көрсеткіші екендігі дәріптелген:

Мақтаймын халық жақсысын жар дегенмен,
Жігітті өңшең ірі нар дегенмен...
Араға қона жүріп келдік тойға,
Сөз келді тойда көріп біздің ойға.
...Еліңнің бір баласы Мырзабайдың .

Қазақ тарихының атақты адамдарының кең-байтақ даламыздың барлық түкпірлерінен, аймақтарынан үлкен асқа, тойға жиналуы, дидарласуы сол бас қосуға өздері алып келген

малмен, аспен үлес қосатыны, ауызбіршілік, ағайындық қарым-қатынастардың әрі қарай жалғасуына мол үлес қосатыны – ұлттық-этнографиялық сипаты.

Қазақ ақыны - әлем халықтары арасындағы шығармашылық өнер шеберлерінің өзіндік ұлттық-этнографиялық сипатымен даралана бағаланатын тұлға. Қазақ ақындарының өзіндік ұлттық сипаты отаншыл, азаматтық парасат биігіндегі көңіл-күй психологиясын танытатын шығармашылық тағылымымен ерекшеленеді.

Ақындардың туған ауылы, ататегі-әулеті, ұрпақтарының алдындағы азаматтық жауапкершілікпен жырлайтыны - дәстүрлі ұлттық ерекшелік.

Ақын - ұлттық-азаттық жолындағы қаһармандық-жауынгерлік істердің, сол кезеңдердегі көсемдердің, батырлардың тағылымын жырлайтын азаматтық ойдың иесі. Қазақ тарихындағы батырлық-азаматтық өнегелі жолдағы тұлғалар тағылымында ұлттық болмысымыздың желісі үзілмеген маңыздылығы ұлықталады.

Қазақ халқының этнографиялық салт-дәстүрлері, тарихымыздағы атақты адамдар тағылымы туралы тұрақты зерттеулер жүргізіп, еңбектер жариялап келе жатқан ғалым-қаламгер С. Кенжеахметұлының кітаптарындағы деректер ақындық поэзиядағы ата-бабалық шежіре, тұлғалар тағылымы туралы жырлардың дәйектілігін толық дәлелдейді.

Ақындық поэзиядағы ұлттық-этнографиялық сипатты өлеңдер - халық тұрмысының ғасырлар бойы қалыптасқан эстетикалық тағылымын танытатын мұралар. От басы, ошақ қасынан басталып, ауыл-аймақтан асып, тұтастай қазақ даласын қамтитын ұлттық дәстүрлі көзқарастар аясында сөз өнері шығармаларының халықтық тұғырнамасы нығая сақталады. Соның нәтижесінде, қаншама ғасырлар бойы ұлттық ділдің қуатты негізділігі жоғалмады, жат-жұрттық ықпалдарға берілмеді. Әрине, әлсіреген ұлттық діл қазіргі тәуелсіз Қазақстанның болашақ жаңа тарихындағы серпілістермен жаңғыра күшейеді.

Ақындық поэзия - замандар бойы қазақ халқының материалдық және рухани мәдениеті салаларындағы ұлттық-этнографиялық сипаты көркем шындықпен бейнеленген рухани қазына. Ақындар халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан ата-бабалық әдет-ғұрыптарын, салт-дәстүрлерін, еңбек, шаруашылық, кәсіп қажеттілігіне байланысты құрал-сайман, жабдық, іс-әрекет, өнім, т.б. барлығын да өмір қозғалыстары деректерімен жырлады. Адамдардың өмір сүрген уақытына лайықты дүниетанымы, сөйлеген сөздері, ұстанған дағдылары, киімдері, құрал-жабдықтары, бұйымдары және т.б. саналуан заттар мен әрекеттер тұтастығындағы болмысы толық қамтылады.

Шығармашылық тұлғалардың ата-бабалар қалыптастырған дәстүрлі қасиеттерді поэзиялық шығармаларында жырлауы арқылы қоршаған әлеуметтік ортаның да ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан дүниетанымы қалыптасты. Ақындар шығармаларының ұлттық сипаты халықтың ұрпақтар жалғастығындағы тәлім-тәрбиелік тағылымы мол адамгершілік-гуманистік, эстетикалық көзқарастарын қалыптастырады. Қазақ халқының өзіндік ділінің, тілінің, дінінің сақталуындағы басты тірек-желі осы болды.

Әдебиеттер тізімі

1. Шәлекенов У.Х., Шәлекенов М.У. Әлем халықтарының этнологиясы. – Алматы: Алтын мұра, 2002. – 302 б.
2. Қабылұлы Б. Шығармалары. – Алматы: Мұраттас, 1994. – 152 б.
3. Салқынбайұлы Т. Талайды таңырқатқан жырау едім: Өлеңдер, толғаулар, айтыстар. – Алматы: Газет, 1993. – 103 б.
4. Дүр Оңғар: Өлең, толғау, айтысы және бірқақпайлары мен жұмбақтары. – Алматы: Арыс, 2004. – 107 б.
5. Қалмағамбетов Т. Ой ағысы: өлеңдер мен айтыстар. – Алматы: Жазушы, 1984. – 56 б.
6. Кенжеахметұлы С. Жеті қазына (бірінші кітап). – Алматы: «Ана тілі» баспасы ЖШС, 2005. – 136 б.
7. Кенжеахметұлы С. Жеті қазына (екінші кітап). – Алматы: «Ана тілі» баспасы ЖШС, 2002. – 136 б.

8. Ақатаева Ш.Б. Қазіргі ақындық поэзияның жанрлық, көркемдік-стильдік ерекшеліктері (XX ғ. екінші жартысы және XXI ғ. басы). Канд. дис. авторефераты. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 27 б.

УДК 9. 93/94

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ ЖӘНЕ ДАМУЫ

Досекеева Г.А.,

тарих ғылымдарының кандидаты, профессор

dosekeeva.gulmira@mail.ru

Жігерқызы Г.

АТӨТ-24-12 тобының студенті,

Жолдыбаева С.

АТӨТ-24-12 тобының студенті,

Алматы технологиялық университеті,

Алматы қ., Қазақстан

Андатпа. Қазақ хандығының құрылуы қазақ халқының дербес мемлекет ретінде қалыптасуының және оның аймақтағы тарихи-саяси рөлінің маңызды кезеңі. Хандықтың құрылуының себептері, ішкі-сыртқы саясаты, экономикалық және мәдени дамуы қазақ қоғамының болашағына үлкен ықпал етті. Бұл жерде көңіл аударатын маңызды мәселе хандық құрылар тұста Моғолстан ханы мен қазақ сұлтандары арасындағы жасалған шарт.

Мақалада Қазақ хандығының құрылуы, қалыптасуы, оның өркендеуі мен құлдырауы қарастырылады.

Түйінді сөздер: қазақ хандығы, сұлтандар, ойраттар, қақтығыс, билік, шиеленіс.

Аннотация. создание Казахского ханства является важным этапом становления казахского народа как самостоятельного государства и его историко-политической роли в регионе. Причины создания ханства, внутренняя и внешняя политика, экономическое и культурное развитие оказали большое влияние на будущее казахского общества. Важным моментом здесь является подписание договора между ханом Моголистана и казахскими султанами. В статье рассматриваются становление Казахского ханства, его процветание и упадок.

Ключевые слова: казахское ханство, султаны, ойраты, конфликт, власть,

Annotation. the creation of the Kazakh Khanate is an important stage in the formation of the Kazakh people as an independent state and its historical and political role in the region. The reasons for the creation of the khanate, internal and external policy, economic and cultural development had a great influence on the future of Kazakh society. An important point here is the signing of an agreement between the Khan of Mogolistan and the Kazakh sultans. The article discusses the formation of the Kazakh Khanate, its prosperity and decline.

Keywords: Kazakh Khanate, sultans, Oirats, conflict, power, tension.

Қазақ хандығының ресми құрылу уақыты – 1465-1466 жылдары, бұл кезеңде Керей мен Жәнібек сұлтандар Әбілқайыр хандығынан бөлініп, Моғолстан жерінде жаңа хандық құрды [1, 337]. Хандықтың құрылуына бірнеше негізгі факторлар әсер етті: Саяси себептер: Әбілқайыр ханның орталықтандырылған билігі қазақ руларының арасында ішкі қақтығыстар мен наразылықтар туғызды. Бұл наразылықтар қазақтардың өз алдына жеке мемлекет құруға ұмтылуына негіз болды. Экономикалық себептер: Мал шаруашылығына қолайлы аймақтарды бақылау қажеттілігі, әсіресе Жетісу мен Сырдария бойындағы құнарлы жерлер, қазақ қоғамының бірігуіне ықпал етті. Әлеуметтік себептер: Керей мен Жәнібектің ұлыстық басқарушылық қабілеттері халықты өз төңірегіне біріктіріп, жаңа мемлекет құруға ықпал етті.

Қазақ хандығының дамуы бірнеше кезеңге бөлінеді. Алғашқы кезеңдерде Керей мен Жәнібек хандықты нығайту мақсатында ішкі тұрақтылыққа баса назар аударды. Сонымен қатар, хандықтың сыртқы саясаты да маңызды рөл атқарды. Хандықтың аумағының кеңеюі: Хандық алғашқы құрылғанда Шу мен Талас өңірімен шектелсе, кейінгі жылдары қазақтар Сырдария бойындағы қалаларды өздеріне қаратып, аумағын едәуір кеңейтті. Қасым ханның билігі (1511–1521): Қасым хан тұсында Қазақ хандығы өзінің ең жоғары деңгейіне жетті. Оның тұсында хандықтың аумағы Орталық Азияның біршама бөлігін қамтыды. Қасым хан қазақтардың заңдар жинағы «Қасым ханның қасқа жолын» жасап, ішкі тәртіпті реттеуге тырысты.

Қазақ хандығының сыртқы саясаты көбінесе көрші елдермен бейбіт қарым-қатынасты нығайтуға және хандықтың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталды. Алайда, кейбір кезеңдерде көрші мемлекеттермен әскери қақтығыстар да орын алды. Моғолстанмен қатынас: Алғашқы кезде Қазақ хандығы Моғолстанмен достық қарым-қатынас ұстанды, себебі оларды ортақ жау – Әбілқайыр ханның ұрпақтары алаңдатты. Ноғай Ордасы және Бұқар хандығымен қатынас: Қазақ хандары Ноғай Ордасымен және Бұқар хандығымен тығыз байланыстар орнатуға тырысты. Алайда, бұл мемлекеттермен арадағы қатынастар кейде шиеленісті сипатта болды.

Қасым ханның тұсында Қазақ хандығының аумағы ұлғайып, халық саны артып, дипломатиялық қатынастар орнай бастады. Қасым хан “Қасым ханның қасқа жолы” деп аталатын заңдар жинағын құрастырып, ел ішінде тәртіп пен әділеттілікті орнатуға ерекше көңіл бөлді. Оның басқаруы кезінде хандықтың территориясы айтарлықтай кеңейіп, Сырдария бойындағы қалаларды қосу арқылы оңтүстікке қарай ықпалы артты. Қасым ханның кезеңі Қазақ хандығының ең күшті әрі ықпалды кезеңі ретінде есте қалды. Бұл уақытта хандықтың тұрғындары 1 миллионға дейін жеткен, ал оның аумағы Жайық өзенінен бастап, Сырдарияға дейін созылып жатты.

Қасым ханнан кейін билікке келген Хақназар ханның тұсында Қазақ хандығы сыртқы саясатта шеберлік танытып, көршілес мемлекеттермен бейбіт қатынастар орнатуға талпынды. Хақназардың дипломатиялық шеберлігі арқасында қазақтар Орталық Азиядағы саяси ойыншылардың біріне айналды. Ол Моғолстан мен Ноғай ордасы секілді көршілермен тығыз байланыс орнатты, бұл Қазақ хандығының ішкі тұрақтылығын сақтап, халықтың бірлігін нығайтуға мүмкіндік берді.

XVII ғасырдың аяғында Тәуке ханның басқаруымен Қазақ хандығы тағы бір күшею кезеңін бастан кешірді. Тәуке хан ел ішінде бірлікті сақтап, әр түрлі ру-тайпаларды бір ортақ заң жүйесіне бағындыруға күш салды. Ол “Жеті Жарғы” деп аталатын заңдар жинағын қабылдап, Қазақ хандығының ішкі тұрақтылығын қамтамасыз етті. Бұл заңдар қазақ халқының өмір сүру салтына негізделіп жасалғандықтан, олардың ұзақ уақыт бойы ел ішінде қолданылғандығы белгілі [2, 183]. Тәуке ханның тұсында хандық жоңғар шапқыншылығынан қорғануға мәжбүр болды. Осы кезеңде қазақтар үлкен әскери күшпен шайқасып, өз жерін қорғауға тырысты. Бұл оқиғалар кейінгі “Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама” деп аталған трагедияға алып келді.

XVIII ғасырдың басында, әсіресе жоңғар шапқыншылығының күшеюіне байланысты, Қазақ хандығы әлсірей бастады. Ресей империясы бұл жағдайды пайдаланып, қазақ жеріне өз ықпалын орнатуға кірісті. Қазақ хандығының жекелеген бөліктері Ресейдің бодандығына өтіп, хандық билік әлсірей түсті. Абылай ханның кезінде хандық қайта күшейсе де, Ресейдің тұрақты қысымы Қазақ хандығының толық тәуелсіздігін сақтауға мүмкіндік бермеді.

Қазақ хандығының құрылуы және дамуы – қазақ халқының этникалық және мәдени тұтастығын сақтау жолындағы маңызды кезеңдердің бірі. Бұл мемлекет қазақ халқының біртұтастығын қалыптастыруға үлкен үлес қосты, ал оның тарихы бүгінгі Қазақстан мемлекетінің іргетасын қалаған тарихи мұра ретінде қабылданады. Қазақ хандығының тарихи рөлі қазақ халқының ұлттық санасын қалыптастыруда, тілін, дінін және дәстүрін сақтауында маңызды орын алды. Қазақ хандығының тарихы – халқымыздың рухани әрі мәдени мұрасы. Оның оқиғалары бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның тарихымен тығыз байланысты. Қазақ

хандығының мұрасы ұрпақтан-ұрпаққа өтіп, болашаққа деген сенімді нығайтып, қазақ халқының мақтанышы ретінде қалады.

Қазақ хандығының тарихында ішкі дағдарыстар мен сыртқы шапқыншылықтар хандықтың әлсіреуіне әкелді. XVI ғасырдың соңында билік үшін ішкі тартыстар басталып, хандық бірнеше иеліктерге бөлініп кетті. Тәуекел ханның (1582–1598) кезеңі: Тәуекел хан тұсында хандық біршама күшейіп, бұрынғы беделін қайтаруға тырысты. Ол хандықты қайтадан біріктіруге күш салды. Жоңғар шапқыншылығы: XVII ғасырда басталған Жоңғар шапқыншылығы Қазақ хандығының әлсіреуіне және оның ішкі тұрақтылығының бұзылуына әсер етті.

Қорытындылай келе Қазақ хандығы қазақ халқының мемлекет ретінде қалыптасуында үлкен рөл атқарды. Оның негізі Керей мен Жәнібектен басталып, Қасым хан, Хақназар хан, Есім хан және Тәуке хан тұсында хандық нығайып, қазақ халқының мәдениеті мен дәстүрі дамыды. Алайда, хандықтың ішкі дағдарыстары мен сыртқы шапқыншылықтар оның құлдырауына әкелді.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін. Бес томдық. 2-том. Алматы Атамұра 2010
2. Артыкбаев Ж., Прманов А. История Казахстана. (научно-познавательное издание). Алматы Атамұра 2013

УДК 9. 93/94

XIX ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ӨЛКЕСІНДЕГІ РЕФОРМАЛАР

Досекеева Г.А.,

тарих ғылымдарының кандидаты, профессор
dosekeeva.gulmira@mail.ru

Темірхан М.,

АТӨТ-24-14 тобының студенті,

Тортулова Д.,

АТӨТ-24-14 тобының студенті,

Алматы технологиялық университеті,

Алматы қ., Қазақстан

Аңдатпа. XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап, қазақ хандығының аймақтық құрылымдарына, әсіресе Орта және Кіші жүздерге қатысты өзгерістер орын ала бастады. Бұл кезеңде Ресей империясы Орталық Азияны, соның ішінде қазақ жерлерін өзінің ықпал аймағына айналдыруға тырысты, осының нәтижесінде хандық билік жүйесі әлсіреп, біртіндеп жойылды. Осы уақытқа дейін қазақ елінің хандық билік түрінде көрінген мемлекеттік дербестігін жоюға даярлық жасап келген патша үкіметі XIX ғасырдың 20-жылдары мұндай мақсатты іске асыруға қолайлы жағдай туды деп шешіп, іске кірісіп кетті.

Түйін сөздер: орта жүз, кіші жүз, жарғы, отар, сұлтандар, ереже.

Аннотация. Со второй половины XVIII века стали происходить изменения в региональных структурах Казахского ханства, особенно в отношении среднего и младшего жузов. В этот период Российская империя стремилась превратить Центральную Азию, в том числе казахские земли, в зону своего влияния, в результате чего ханская система власти была ослаблена и постепенно разрушена. Царское правительство, которое до сих пор готовилось к ликвидации государственной самостоятельности казахского народа, проявившейся в виде

ханских властей, решило, что в 20-е годы XIX века возникла ситуация с реализацией такой цели, и приступило к делу.

Ключевые слова: средний жуз, младший жуз, устав, стая, султаны, положение.

Annotation. since the second half of the XVIII century, changes began to occur in the regional structures of the Kazakh Khanate, especially in relation to the middle and younger zhuzes. During this period, the Russian Empire sought to turn Central Asia, including the Kazakh lands, into a zone of its influence, as a result of which the Khan's system of power was weakened and gradually destroyed. The tsarist government, which was still preparing to eliminate the state independence of the Kazakh people, manifested in the form of the Khan's authorities, decided that in the 20s of the XIX century a situation arose with the realization of such a goal, and got down to business.

Keywords: middle juz, junior juz, charter, flock, sultans, position

Аңдатпа: в этой статье рассказывается об одном из вкладов Ахмета Байтурсынова в казахскую литературу. Ахмет Байтурсынов закончил язык для животных и насекомых и написал на языке ребенка. Новый жанр-пример стал оригинальным жанром казахской литературы. Начало жанра примера началось с Дулата жырау, Толстых поэтов, переросло в творчество Ибрая, Абая, а в начале ХХ века сложилось творчество А. Байтурсынова, С. Кобеева, м. Дулатовича, С. Торайгырова, С. Муканова и др. Автором, внесшим свой вклад в такой рост жанра примера, была смола Мулла Муса.

Ключевые слова: жанр, Средняя Азия, век, мораль, пример.

Annotation: This article tells about one of Akhmet Baitursynov's contributions to Kazakh literature. Akhmet Baitursynov finished the language for animals and insects and wrote in the language of a child. The new genre-example has become the original genre of Kazakh literature. The beginning of the genre of example began with Dulat zhyrau, Tolstoy poets, grew into the work of Ibray, Abai and at the beginning of the twentieth century it developed through the work of A. Baitursynov, M. Dulatovich, S. Toraighyrov, S. Mukanov, S. Kobeev and others. The author who contributed to this growth of the example genre was resin Mullah Musa.

Keywords: genre, Central Asia, century, morality, example.

Мысал жанры ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында қазақ әдебиетіне екі түрлі жолмен, екі бағытта – аударма әдебиет негізінде және нәзирагөйлік дәстүр аясында келіп жетті. Таратып айтсам, аударма әдебиет орыс әдебиеті арқылы батыстан, нәзира дәстүрінде қазақ халқының ежелден келе жатқан әдеби байланыс жолы шығыстан, шығыс халықтары фольклоры мен классикалық әдебиет үлгілері арқылы келді. ХХ ғасырдың басында шығармашылық еткен біршама ақындарды кітаби ақын немесе шайыр ақын деп атап жүрміз. Оның үстіне қиссашыл, дастаншыл ақын дегенді де қосамыз. Себебі, олардың тәрбие алған бастауы қазақ ақындық дәстүрі болғанымен, мектептерде, медреселерде білім алған сауатты ақындар болды. Жазған шығармаларын негізінен ойланып, толғанып жазып шығарған деуге болады. Олар мектептерде, медреселерде оқып, шағатай, араб, парсы тілдерін жақсы біліп, сол тілдердегі Орта Азия мен Қазақстанға тараған Шығыс әдебиет үлгілерін, діни шығармаларды оқып өсті. Сол шығармалардың сюжетін негізге ала отырып, қисса, хикая, өлеңдер, мысалдар мен мысал дастандар жазған, аударған. Әсіресе, ХІХ ғасырдың соңғы ширегі мен ХХ ғасырдың басында қазақ халқын шығыстың классикалық шығармаларымен таныстырып, насихаттауда, сол арқылы қазақ әдебиетін жаңа жанрларымен, жаңа туынды, жаңа

сюжеттермен байытуда кітаби ақын-шайырлардың елеулі орны болғандығы сөзсіз[1].

Әлемнің кез келген елінің әдебиетінде ерекше орны бар мысал жанры, қазақ әдебиетіне де осылайша ұзақ жылдарға созылған туу, қалыптасу, даму жолдарын бастан кеше келіп, орнықты. Осылай келе әдебиетіміздің төл жанрына айналды. Мысал жанрының осы әдеби үдеріс, дәстүр арқылы келіп орнығуында, көркеюінде шығармашылық басты қазығы ағартушылық болған. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы әдеби кезеңнің орны ерекше. Жанр басы Дулат жырау, Майлы ақындардан басталып, Ыбырай, Абай шығармашылықтарына ұласып, XX ғасыр басында А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, С.Торайғыров, С.Мұқанов, С.Көбеев және т.б. шығармашылықтары арқылы ерекше дамыды. Мысал жанрының осылайша өсуіне өзіндік үлесін қосқан қаламгер шайыр Молда Мұса болды[2].

Молда Мұса шығармашылығындағы ерекше атап айтатын мәселенің бірі – ақынның мысал жанрына елеулі үлес қосуы. Оның бұл салада еткен еңбегі қазіргі уақытта түрлі антологиялық жинақтарға енгізілді. Мысалы, «XX ғасыр басындағы қазақ ақындарының шығармалары», «Үш ғасыр жырлайды, «Бес ғасыр жырлайды», «Ай, заман-ай, заман-ай...» сияқты бірнеше жинақтарда жарияланып келеді. Сол секілді ақынның сегіз мысал өлеңі мен үш мысал дастаны жеке жинақтарында тұрақты жарияланып жүрген туындылары. Олар «Тышқан мен түйе», «Жолбарыс пен түлкі», «Қайырымды қыз бен қайыршы», «Адам мен аюдың достығы», «Түзу терек», «Ағаш пен маймыл», «Семірген есек», «Адалдық пен арамдық» секілді мысал өлеңдері мен «Ұры мен жолбарыс», «Опасыз жар», «Сұлу әйел мен молда» секілді шағын мысал дастандар. Осы шығармалардың қай-қайсысы да түп-төркінін шығыстың «Мың бір түн», «Кәлилә мен Димнә», «Тотынама» секілді фольклорлық асыл қазынасынан тартып жатқаны белгілі. Кейбірін И.А.Крыловтан деп берсе де, оның мысалдарының да түп негізі аталған шығармалар екені белгілі. Молда Мұса мысалдары біз үшін ақын шығармашылығының өзіндік ерекшеліктері болуымен қатар жалпы қазақ әдебиетінің белгілі бір кезең дамуына, яғни мысал жанрының дамуына хабар берері айғақ болуы керек. Бұлай деуіміздің себебі, бірінші жағынан ақын мысалдары оның шығыс фольклоры мен әдебиетін терең меңгергенін көрсетсе, екінші жағынан қазақ әдебиетінің шығыс әдебиетімен байланысын да аңғартады. Сонымен бірге ақын мысалдары мен мысал дастандары XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр басындағы қазақ мысалының дамуына қосқан салмақты үлесі болып табылады[3].

Аталған кезең аралығында дүниеге келіп, дербес жанр ретінде қалыптасқан мысал қазақ әдебиетіне шығыстан да, сонымен бірге батыстан да енді деп айтуға болады. Өйткені аталған кезеңде шығармашылық еткен қазақ қаламгерлері алдымен төл фольклорлық және әдеби мұрамыздан, қалай сусындап өсіп қалыптасса, олардың әрқайсысы білім алған ордаларының бағыт-бағдарына сай не батыс, не шығыс әлемінің фольклорлық және классикалық әдебиет үлгілерімен танысып өсті. Осыған орай олардың шығармашылықтары алдымен ұлттық, не шығыстық, не батыстық әдебиет үлгілерімен тығыз байланыста қалыптасты.

Жаңа жанр — мысал қазақ әдебиетінің төл жанрына айналды. Мысал жанрының осылай қалыптасуының өзінде екі жолы бары аңғарылды. Бірі аудармалық нәзіралық немесе нәзіралық дәстүр, яғни белгілі бір шығарма негізінде еркін жырлаушылық, екіншісі шынайы аудармалық деуге болады. Сонымен бірге екі әдеби шығармашылық жолдың бірі ақын шығармашылығында да қатар орын алып жатуы да әбден мүмкін. Демек аудармалық, аудармалық нәзіралық әдеби дәстүр табиғаты өте күрделі. Яғни мысал жанрының қазақ әдебиетіне ену үдерісі де осы қиын да күрделі шығармашылық жолды бастан кешті[4].

XIX ғасырда мысал жанрына үлес қосқан қазақтың тарихында үлкен орны бар қоғам қайраткері, тамаша оқулықтар жазған педагог, дарынды ақын, шебер аудармашы, ірі ғалым – Ахмет Байтұрсынов. А.Байтұрсынов ақындығының бір қайнар көзі орыс поэзиясында жатыр. Ол орыс ақындарының шығармаларын беріле оқыған. Орыс ақындары А.С.Пушкинді, С.М.Надсонды, М.Ю.Лермонтовты оқып, кейбір шығармаларын аударған. А.С.Пушкиннің «Ат» деген өлеңі, «Данышпан Аликтің ажалы», «Балықшы мен балық», «Алтын этеш» ертегілері бар. Орыс ақыны И.А.Крыловтың мысалдарын Абайдан соң «Қырық мысал» деген

атпен аударып шығарған. Ахмет аударманың қазақ оқушысына, халық ұғымына жақын да түсінікті болуына, шығармада көтерілген тұрмыстық-әлеуметтік мәселелердің қазақ халқына да ортақтығына, айтылатын ойдың салмағына, беретін ғибратына баса назар аударған. 1901 жылдан бастап Крылов мысалдарын аударып, сол негізде өзі де мысал жаза бастайды.

Мысал дегеніміз – айтылатын өнегелі ойды тұспалдап жеткізетін, көбіне өлең түрінде келетін, сюжетті, шағын көлемді көркем шығарма. Мысалдың тақырыбы сан алуан, кейіпкерлері аң, құс, балық, өсімдік, дүниесі, кейде оқиғаға адам да қатыстырылады. Негізгі сюжетке қоса, нақыл түрінде келетін түйіндемесі де болады. Кейіпкерлерді сөйлестіру – диалог тәсілі жиі қолданылады. Баяндауы ширақ, жинақы, тілі қарапайым келеді. Жанры жағынан ғибратты, уағыздық сарындағы дидактикалық әдебиетке жатады, кейде мысқыл-сықақ үлгісіне ауысады[5].

А.Байтұрсыновтың мысал жанрына ден қоюының үлкен мәні бар. Ондағы моральдық, адамгершілік тағылымын ол қазақ қоғамы үшін аса қажет үлгі деп түсінді. Адам бойында кездесетін намыссыздық, жігерсіздік, алауыздық, жалқаулық пен жағымпаздық, қулық пен зорлық сияқты келеңсіз мінездерді сынау, шенеуге келгенде, ақын мысал жанрын таңдады. Әр түрлі аңдардың аллегориялық бейнесін беріп, олардың арасындағы түрлі қарым-қатынас арқылы ғибратты тұжырымдар жасады.

А.Байтұрсынов И.А.Крылов мысалдарының сюжетін сақтағанмен, қазақ тұрмысын танытатын жаңа ойлар қосып молайтады. Мысалы, «Қасқыр мен тырна» түпнұсқада 19 жол болса, аудармада – 76 жол. «Өгіз бен бақа» түпнұсқада 17 жол болса, аудармада – 36 жол. Басқа мысалдар да осындай жолмен аударылған. Ұлттық сипат тек лебінен ғана емес, кейіпкерлер атынан да аңғарылады. «Қасқыр мен мысық» мысалындағы Васька, Степан, Демьян, Трофим аттарын Қоянкөз, Құрамыс, Көпберген бай, Қисық бай деп өзгертіп алады.

Бұл тәжірибе А.Байтұрсыновтың аудармашы ғана емес, ұлттық әдебиеттегі мысал жанрын дамытушы болғанын дәлелдейді. Ахмет мысалдарының бір тобы адам бойындағы алауыздық, мақтаншақтық, қайырымсыздық, тәкәппарлық, күншілдік, зорлық, топастық, надандық, қулық, күндестік, үлкенді сыйламау, тойымсыздық, достықты қадірлемеу, жалақорлық, қанағатсыздық сияқты келеңсіз мінездерді мінеуге құрылады. Кейбір мысалдарда тұтас халықтық әлеуметтік мәні бар тақырыптар (отаршылдық, әкімшілдік, зорлық пен зомбылыққа қарсы халық санасына қозғау салатын, қайрат пен жігерге, намысқа шақыратын) қозғалады. Бұған «Қасқыр мен тырна», «Ала қойлар», «Қасқыр мен қозы», «Аңдарға келген індет» т.б. жатады[6].

Енді мысалдарының мазмұны мен автордың айтпақ болған ойына тоқталайық. «Қасқыр мен тырнада» сүйекке қақалып өлгелі тұрған жерінен құтқарған тырнаға қасқыр алғыс айтудың орнына, өзін бас салып, жемек болады. Мысалдағы оқиға көптеген мысалдарға ортақ болғанмен, авторлардың әрқайсысы өзінше жазуға тырысады. Ахмет мысалы ұзақ кіріспеден басталады. Қасқырдың тырнаға мақтау – монологын өз жанынан қосады. Мысал соңындағы:

Қиссасы Қасқыр, Тырна болды тамам,
Мінездес қасқырменен кейбір адам.
Басына пәле түсіп, қысылғанда,
Жалынып-жалпаяды келіп саған...
Қайырды қарап істе адамына,
Қарайлас өзіңменен шамалыға
Қасқырдай қаражүрек залымдардың

Жүрмендер түсіп кетіп тамағына, - деген тұжырым қазақылық ұғымға сай келеді.

Отаршыл әкімдердің момын халыққа істеген қулық, зорлық-зомбылық әрекетін «Аңдарға келген індет» деген көлемді мысалында суреттейді. Аң патшасы арыстан бар аңдарды жинап алып: «Күнәміз көп болған соң, құдай бізге індет жіберді. Менің де күнәм жетерлік, талай қойды қойшысымен жеп едім. Кімнің күнәсі көп болса, жұрт үшін құрбандыққа жанын қисын», - дейді. Бұны жолбарыс, аю, қасқыр бәрі де қолдайды. Әркім өз сырын айтады. Өгіз тұрып: «Бұдан бес жыл бұрынғы аштықта біреудің шөбін рұқсатсыз үзіп

жеп едім», - дейді. Іле-шала, аю, қасқыр:

«Япырмай, бұл не деген күнә, тақсыр!

Шуылдап қоя берді аю, қасқыр.

Былдады бір өзі емес, бәрімізді,

Біреудің шөбін ұрлап қара басқыр!

Соншама не көрді екен, құдай ұрған?

Обал жоқ бұл көрімге жұртты қырған.

Өзгелер мұнан ғибрат алмас үшін,

Жоялық жылдам көзін, етіп құрбан», - деп, өгізді алып ұрып, құрбандыққашалады, күнәдан тазарсын деп отқа салады. Автор «Адамның шөбі түгіл, өзін жеген, тісті мен тырнақтылар аман қалды», «Айтуға түсін ашып қаймығамын, біреуге кетті ме деп тілім тиіп», деп аяқтайды.

Тауыса алман дүние кебін айтып, санап,

Хәкім аз іс ететін ғаділ қарап.

Залымдар айран ішіп аман кетіп,

Момындар тұтылып жүр шелек жалап.

Мысал «Айран ішкен құтылады, шелек жалаған тұтылады» деген халық мақалын еске салады. Ахмет мысалдарында ұлттық мақал-мәтелдер мазмұнына қарай талғампаздықпен қолданылады. Мәселен, «Әлін білмеген әлек», («Өгіз бен бақа»), «Бастан құлақ садаға», («Қасқыр мен тырна»), «Не ексең, соны орасың» («Қасқыр мен мысық»), «Халық айтса қалып айтпайды» («Қарға мен түлкі»), «Жақсылықты басыңа қыл. Басыңнан асса, досыңа қыл» («Қара бұлт») т.б. мақал-мәтелдерді кездеседі.

Ахмет мысалдары арқылы қазақ халқын бірлікке, ынтымаққа уағыздайды. «Аққу, шортан һәм шаян» мысалы арқылы алған жүкті үш жаққа тартқан алауыздықты шенесе, «Малшы мен масада» жылан шағайын деп келе жатқанда, шағып оятқан масаның достығын түсінбеген малшыны кінәлайды. Ақын өзін ұйқыдағы халқына достығын ұсынған масаға теңейді.

Мысалы,

Қазақ – малшы ұйықтап жатқан,

Жыланды пәле делік аңдып баққан.

Пәленің түрін көрген мен – Сарымаса

Халықты оянсын деп сөзбен шаққан.

Ойлаймын осы сөз де жетеді деп,

Қатты айтсам, сөзім батып кетеді деп,

Ұйқысы ашылмаған жұрт өзімді,

Қорқамын сары масадай етеді деп.

Ақын осы ойын толықтырып жазған өз өлеңдерінің жинағын кейін «Маса» қойды[4].

Ахмет – аудармашы және мысалшы. Ахмет мысалдарды аударып отырып, мысалшы ретінде танылуының себебі, ол мысалдарды қазақ тұрмысына байланыстырып, өз ойын қосып, өзінің төл шығармасындай етіп жазған. Ұқсас өмір шындығын қамтып, ойға ой қосып отыратын үлгілер ұлттық әдебиеттегі мысал жанрының дамуына жол ашты.

а) Күрделі өмір мағынасын түсінуге көмектеседі.

б) Ортаның жайдарылығын, ашықтығын қолдайды.

в) Екі жақтың өзара түсіністігін, сыйластығын және байланысын қолдайды.

д) Жеке тұлғаның дамуына түрлі жағдай жасайды[7].

Кез келген мысалда өте терең ой, мағына болады. Бірақ, ол нақты айтылмайтындықтан тұспалдап айтылған ойды аша түседі.

Әдебиеттер тізімі

1. «XX ғасыр басындағы әдебиет. Хрестоматия. – А., 1994.
2. Қирабаев С., Мырзалиев Қ. Қазақ әдебиеті. Мектеп. – А., 2001.

3. Мақырұлы С., Сыдықов Т. Қазақ әдебиеті. I бөлім. «Фолиант». Астана. 2007.
4. Байтұрсынов А. «Ақ жол». «Жалын» А., 1991 жыл.
5. Молда Мұса. Өткен күндер. –А., 1987.
6. Тұрманжанов Ө. Молда Мұса ақын туралы // Әдебиет майданы. №8. –А., 1935.
7. Мың бір түн. Төрт томдық. 2-том. –А., 1993.

УДК 37.04.08

БІЛІМ БЕРУДІҢ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

*Beisenova K.,
2 курс магистранты,
түрік тілі және әдебиеті мамандығы,
Muğla Sıtkı Koçman University
Muğla қ., Түркия
kulanda.beysenova@mail.ru*

Аңдатпа. Бұл мақала білім беру жүйесінің мемлекет қалыптасуындағы маңызды рөлі мен оның сапасын арттыру мәселелерін қарастырады. Білім – мемлекеттің дамуы мен өркендеуінің негізі, сондықтан оның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету заманауи қоғамның басты талабы болып табылады. Мақалада білімнің әлеуметтік, рухани және мәдени құндылық ретіндегі мәні талданып, оның жеке тұлғаны қалыптастырудағы және қоғамды дамытудағы рөлі зерттеледі. Білім беру жүйесінің жаңа тәсілдері мен жобалық жұмыс жүргізу қажеттілігі де қарастырылады. Сонымен қатар, білімнің жеке тұлғаның әлеуметтік бейімделуі мен дамуындағы рөлі, адамның әлеуметтену процесіне әсері жан-жақты талданады. Білім беру, мемлекет, қоғам және жеке тұлға үшін маңызды құндылық ретінде қарастырылып, оның әлеуметке, рухани дамуға және мәдениетке қосар үлесі атап өтіледі. Мақалада сондай-ақ, білім берудің қазіргі кездегі негізгі бағыттары мен жаңа инновациялық тәсілдеріне ерекше көңіл бөлінеді. Білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде интеллектуалдық және рухани әлеуетті дамыту арқылы қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал ету жолдары ұсынылады.

Кілт сөздер: білім беру жүйесі, әлеуметтік құндылықтар, жеке тұлғаның дамуы, әлеуметтік бейімделу, білім сапасы, инновациялар.

Abstract. This article explores the critical role of the education system in the formation of a strong state and addresses the challenges of improving the quality of education. Education is the foundation of a nation's development and prosperity, making its competitiveness a key requirement for modern society. The article examines the significance of education as a social, spiritual, and cultural value, and its impact on personal growth and societal advancement. It also discusses the necessity of project-based learning in the modern educational system and emphasizes the role of education in individual social adaptation and development. The process of socialization, and the influence of education on it, is explored in depth. Education is presented as a valuable asset for the state, society, and the individual, with a particular focus on its contribution to social cohesion, spiritual growth, and cultural enrichment. The article also highlights the current trends and innovations in education and suggests ways in which intellectual and spiritual potential can be fostered at all levels of the educational system to contribute to the social and economic development of society.

Keywords: education system, social values, personal development, social adaptation, education quality, innovations.

Кіріспе. Қуатты мемлекет болып қалыптасуын қамтамасыз ететін негізгі факторлардың бірі және оның өзегі-білім беру жүйесі. Білім беру жүйесінің алдында тұрған басты міндет-білім сапасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру, бұл өз кезегінде азаматтардың кез-келген

салада бәсекеге қабілетті болуын талап етеді.

Осыған орай Елбасы Н.Ә.Назарбаев : «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет». Білім мәдениеттің бөлігі болып саналады. Дәлірек айтсақ, білім - құндылық, білім – жүйе, білім – үрдіс, білім – нәтиже, білім-жоба. Осы төрт қырын біртұтас қарастырғанда ғана бүгінгі тарихи кезеңге сай білім мәні шығады. Сонда ғалымдардың ХІХ ғасырды – ақпарат ғасыры, адам деген сипаттамасына жүгінсек, білім адам мен ақпарат қалыптастырудағы негізгі фактор болып табылады. Сондықтан білімнің жаңа ғасырдағы мәні оның жеке тұлға тұғырындағы мәңгілігімен, жеке мемлекеттің қауіпсіздігін әлеуметтік, рухани, мәдениеті арқылы қамтамасыз етумен және жалпы адамзаттың өркендеуіне ықпал етуімен сипатталады.

Білімге деген жаңа көзқарас тұрғысынан оның сапасы да жаңаша пайымдалуда, сондықтан қазіргі кездегі сабақтың әркезеңінде жобалы жұмыс істеу – бүгінгі күннің талабы. Бұл, негізінен, білімнің төрт сипатын тұтас қарастыра отырып, оның ішінде білімнің құндылық ретіндегі және білімнің нәтиже ретіндегі қырларына аса мән берумен байланысты. Осыған орай білім жүйесінің соңғы нәтижесі оқушының жеке пәндер бойынша алынған білім, білік дағдылары емес, оларды пайдалану арқылы қалыптасып дамытылған өмірлік дағдылар болып табылады. Әрқандай адамзат қауымдастығының шарты – оның мүшелігін мойындаған әр тұлға сол қауымның нақты табиғи және әлеуметтік-тарихи жағдайларына байланысты қалыптасып, қабылдаған құндылықтарын мойындап, қылық-әрекет талаптарына бой ұсынады. Өзінің қоғамдық қызметтерді орындауға қажет қабілеттерінің дамуына себепші болған әлеуметтену процесінде адам тұлғалық кемелдену сатысына көтеріледі. Адамның әлеуметтенуі оның қоғамдағы ауыспалы жағдайлар мен шарттарға икемдесе білуі ғана емес, ол өз ішіне жеке тұлғаның дамуы, өзіндік танымы мен өзімүмкіндіктерін өз күшімен іске асыра алу сияқты процестерді де қамтиды. Дегенмен, аталған процестерге байланысты міндеттердің шешімі бірде мүдделі, жүйеленген болып, бүкіл қоғам, сол үшін арнайы ұйымдастырылған мекемелердің қолдауымен және жеке адамның ынта-ықыласына негізделсе, кейде кездейсоқ келеді. Ал осы әлеуметтенуге орай жүргізілетін, нақты мақсатқа бағыттала ұйымдастырылған басқару процесі білім (образование) деп аталады. Білім - өте күрделі, басқа дүние болмыстарында қайталанбас қыр мен сырға мол қоғамдық – тарихи құбылыс, оның мән-жайын тануға құштарлық білдірмеген ғылым аз-ақ.

Білім барша қоғамдар мен жеке индивидтер өмірінің ажырамас бір бөлігі ретінде қалыптасады. Осыдан да ол ең алдымен әлеуметтік құбылыс. Білімнің әлеумет өміріндегі ерекше сала сипатына ие болу кезеңі білім мен әлеуметтік тәжірибені ұрпақтан-ұрпаққа өткізу процесі қоғамның тіршілік әрекеттерінен өз алдына бөлініп және тәрбие мен оқуды іске асыратын арнайы кәсіби адамдардың пайда болу дәуірінен басталады. Дегенмен, мәдениетке мұралық ету әлеуметтену мен тұлға дамуының қоғамдық құрал-тәсілі ретінде білім адамзат қауымының алғашқы қадамдарымен бірге өмірге еніп, еңбек әрекеттері, ойлау, тіл дамуымен бірлікте шексіз өркениет жолында өз өрісін тауып келеді.

Білім – салыстырмалы дербес жүйе. Оның қызметі – нақты ғылыми біліктерді, идеялық-ізгілік құндылықтарды, ептіліктер мен дағдыларды, әрекет-қылық нормаларын игеруге бағытталған қоғам мүшелерінің тәрбиесі мен оқуын іске асыру. Ал бұлардың бәрінің астарында болатын мазмұн нақты қоғамның әлеуметтік-экономикалық және саяси құрылымы мен оның материалды – техникалық деңгейімен айқындалып барады. Білімнің жеке тұлғалық құндылығы әрбір адам үшін өз алдына бөлек. Әсіресе, бұл өзіндік білім, оның деңгейі мен сапасында көрінеді. Білім, әлеуметтік-қажеттілік болумен бірге біршама қызметтер атқарады. Ғалымдардың пайымдауында (Н. В. Берковский, А.А. Реан) білім қызметтері төмендегідей:

Адамның ғылым және мәдениет әлеміне енуінің ең оңтайлы да жедел жолы. Бүкіл дүние қазіргі таңда әлем және барша планета азаматын тәрбиелеуге ұмтылыс жасап, білім аймағында барлық күш- қуатын топтастыруда. Дүниежүзілік білім кеңістігі жедел дамуда. Сондықтан да әлем қауымдастығы адамның жасайтын орны не елі, білім игеру типі не деңгейіне тәуелсіз жаһандық білім стратегиясын қалыптастыру талаптарын алға тартып отыр:

- тұлғаның әлеуметтенуі мен ұрпақтар жалғастығын қамтамасыз ету тәсілі. Адамдардың идеологиялық көзқарасы мен талғамдарының, әлеуметтік танымдарының, мұраттары мен тіршілік климаттарының түбегейлі өзгеріске түсіп жатқан заманда білім қайта жаңғырту мен тарихи және әлеуметтік тәжірибені әулеттен әулетке өткізу процесін қалыпты жүргізуге мүмкіндік береді, сонымен бірге жаңа саяси және экономикалық жағдайларды, қоғам және мәдениет дамуын жаңа бағыттарын жас ұрпақ санасына ендіріп, бекітуге жәрдемдеседі. Тек білімнің ғана үйлестіру, тұрақтандыру қызметіне бола, адам жаңа өмір салттары мен тіршілік шарттарына икемделіп, бейімделеді.

- адамның қоғамдық және рухани өмірін, сонымен бірге жалпы халықтық рухани сана қалыптастыру тетіктері: Білім беру және тәрбиелеу мекемелері белгілі дәуір адамының әлеуметтік-мәдени іс-әрекеттерінің ең жоғары өрнек - үлгілерін шоғырландырады. Осыдан білімнің әлеуметтік құндылығы білімді де ізгілікті қоғам адамының маңыздылығымен өлшенеді. Білімнің адамилық (гуманистік) құндылығы әрбір жеке тұлғаның танымдық және рухани қажеттерінің даму мүмкіндіктерінен көрінеді. Білім жүйесінің барша түрлері мен деңгейлерінде елдің интеллектуал және рухани-инабаттық мүмкіндіктері жинақталып, даму жолына түседі. Оқу және тәрбие барысында адам өркениет дамуына қажет әрі мәдени-тарихи маңызы бар әлеуметтік-мәдени нормаларды игереді, атап айтсақ, олар: адамның әлеуметтік топтар мен өндірістегі, отбасы мен қоғамдық орындардағы, сонымен бірге ортақтасу, жеке тұлғалық және іскерлік қатынастардағы моральдық және ізгілік талап өлшемдері. Қаншалықты кең тараса да, бір қарағанға тұрақты болып көрінгенімен, «білім» түсінігі көп мәнділігімен ерекшеленеді. Әдетте, бұл термин мазмұны жағынан келесідей түсініктемелерге ие болуы мүмкін: білім - жалпыадамзаттық құбылыс; білім - әлеуметтік мәдени мұра; білім – жүйе; білім – педагогикалық процесс; білім – нәтиже.

Жалпы құндылықтар арасында педагогикалық құндылықтар өз алдына дербес топ құрайды. Олардың мәні тәрбиелеу және білім беру қызметінің ерекшелігі, оның әлеуметтік ролі және жасампаздық мүмкіншіліктерімен анықталады. Педагогикалық құндылықтар білім саласында қалыптасқан қоғамдық дүниетаным, көзқарастар мен педагог қызметтері арасында жанама және тікелей байланыстырушы ретінде, әрі педагогикалық іс-әрекетті реттеуші талаптар (нормы) ретінде қабылданған.

Барша құндылықтар сияқты педагогикалық құндылықтар да қоғамдағы әлеуметтік, саяси, экономикалық қатынастарға тәуелді. Олар тарих желісінде қалыптасып, ерекше танымдық бейне және ұғымдар түрінде қоғамдық сана формасына енеді. Өмірдің әлеуметтік шарттарының өзгеріске келуімен, тұлға, қоғам қажеттерінің дамуымен педагогикалық құндылықтар да ауысып барады. Қазіргі қоғам дамуындағы саяси, әлеуметтік, мәдени өзгерістер білім беру саласына тікелей әсерін тигізіп, оның маңыздылығын арттыра түсті. Білім беру ұғымының күрделілігі, көпжақтылығы оны жан-жақты қарастыруды қажет етеді. Білім беру философиясының белгілі теоретигі Б.С. Гершунский білім беру ұғымын 4 аспектіде қарастыруға болатынын атап көрсетеді:

- білім беру құндылық ретінде; - білім беру жүйе ретінде;
- білім беру процесс ретінде;
- білім беру нәтиже ретінде

Білім беруді қалайша құндылық ретінде қарастыруға болады? Әуелі құндылық дегеніміз не? Құндылық - кез келген индивид, топ, ұжым, этнос, т.б. үшін өмірлік маңызы жоғары материалдық немесе рухани нысаналар. Қазіргі кезде ұлттық құндылықтар, жалпы адамзаттық құндылықтар деген ұғымдар қалыптасып отыр. Әр ұлт үшін не құнды? Әрине, ол тілі, ұлттық мәдениеті, салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, ұлт тарихы, т.б. Ұлттық құндылықтарды менгеру негізінде жалпы адамзаттық құндылықтарға деген көзқарастар қалыптасады. Олардың қатарына қай елдегі, қай жердегі болмасын адамдарға құнды

нысаналар жатады. Мысалы: адамның бас бостандығы, денсаулығы, адамгершілігі, кадр-қасиеттері, білімі, т.б. Сондықтан да білім беру немесе әр жеке тұлға үшін білім алу үлкен құндылық болып есептеледі. Білім берудің құндылықтық сипаты үш тұрғыдан қарастырылады.

- 1) Білім беру - мемлекеттік құндылық;
- 2) Білім беру - қоғамдық құндылық;
- 3) Білім беру - жеке тұлғалық құндылық.

Неліктен білім беру мемлекеттік құндылық болып саналады? Себебі кез келген қоғамның адамгершілік, интеллектуалдық, экономикалық, саласының нақты жағдайына және тікелей байланысты болады. Осы мәдени әлеуеті білім беру оның ілгері даму мүмкіншілігіне тұрғыдан әрбір өркениетті дамып келе жатқан мемлекет үшін оның стратегиялық міндеттерінің мемлекеттің ғылыми-техникалық мәдениеті даму деңгейіне тікелей байланысты.

Білім беру жүйесі – елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі қозғаушы күші. Ол экономикалық өсудің тұрақтылығы мен қоғамның әл-ауқатын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Жоғары сапалы білім беру жүйесі білікті кадрлар даярлап, жұмыс күшінің сапасын арттырады, бұл өз кезегінде елдің өнімділігі мен жалпы ішкі өніміне (ЖІӨ) тікелей әсер етеді. Білімді азаматтар жаңа технологиялар мен инновацияларды енгізіп, экономиканың түрлі салаларында тиімділікті арттырады, бұл елдің ұзақ мерзімді экономикалық дамуына ықпал етеді. Білім беру жүйесі жұмыссыздық деңгейін төмендетудің тиімді құралы болып табылады. Жұмыс нарығында сұранысқа ие дағдылар мен білімді игерген азаматтар еңбек нарығында жоғары бәсекеге қабілеттілікке ие болады. Бұл тек жұмыссыздықты төмендетіп қана қоймай, адамдарға өз кәсібін ашуға және кәсіпкерлікпен айналысуға мүмкіндік береді, нәтижесінде экономикалық белсенділік артып, халықтың табыс деңгейі жоғарылайды. Сонымен қатар, білім беру әлеуметтік теңсіздікті азайтуда маңызды рөл атқарады. Әрбір азаматқа қолжетімді және сапалы білім беру арқылы қоғамдағы теңсіздік деңгейін төмендетуге болады. Білім адамның әлеуметтік-экономикалық мәртебесін жақсартуға жағдай жасап, төмен табысты отбасылардың балаларына жоғары деңгейде жетістікке жетуге мүмкіндік береді.

Инновацияның дамуына да білім беру айтарлықтай әсер етеді. Жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттары жаңа технологиялар мен инновациялық шешімдер жасайды, олар кейіннен өндірісте қолданылады. Инновациялық экономикаға бағытталған елдер білім беру жүйесін ғылыми-зерттеу жұмыстары және стартаптармен тығыз байланыстырып, жаһандық бәсекеге қабілеттілікті арттыруға тырысады. Білім беру тек экономикалық дамуға емес, сонымен бірге қоғамдық сана мен мәдениеттің дамуына да ықпал етеді. Білім беру арқылы адамдардың азаматтық жауапкершілігі артып, олар қоғамдағы маңызды өзгерістерге белсенді қатысады. Сонымен бірге, білім беру әлеуметтік мәселелерді шешу жолында халықтың саналы әрекет етуін қамтамасыз етеді.

Білімді қоғам денсаулық сақтау, қоршаған ортаны қорғау және қауіпсіздік мәселелеріне де ерекше назар аударады. Мұндай қоғамның денсаулық деңгейі жоғары болып, өмір сүру сапасы артады, бұл да жалпы экономикалық дамуға оң ықпал етеді. Осылайша, білім беру жүйесінің тиімділігі елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына жан-жақты ықпал етіп, оның тұрақты өсуін және болашақтағы бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етеді. Білім беру жүйесінің әр қыры мемлекет пен қоғамның ұзақ мерзімді дамуы үшін маңызды құрал ретінде қызмет етеді.

Қорытынды. Білім беру жүйесі елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының басты қозғаушы күші болып табылады. Ол қоғамның зияткерлік әлеуетін арттырып қана қоймай, тұрақты экономикалық өсуге де негіз болады. Білім беру арқылы азаматтар жаңа дағдылар мен білімге ие болып, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті бола алады. Сонымен қатар, білім беру жүйесі қоғамдағы әлеуметтік теңсіздікті азайтып, әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Білімнің инновациялық дамуға қосар үлесі де айтарлықтай. Жаңа технологиялар мен инновациялық шешімдер білім беру ордаларында қалыптасып, кейінірек елдің экономикалық

және өндірістік дамуына ықпал етеді. Білім беру жүйесінің әр қыры мемлекеттің ұзақ мерзімді стратегиялық мақсаттарына жету жолындағы маңызды құрал ретінде қызмет етеді.

Жалпы алғанда, білім беру жүйесінің тиімділігі мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге, азаматтардың өмір сүру сапасын жақсартуға және елдің жаһандық аренадағы орнының нығаюына ықпал етеді. Осылайша, білім беруді дамыту – мемлекеттің тұрақты және табысты болашағының кепілі.

Әдебиеттер тізімі

1. Дін социологиясы. Дүйсенов М.С., А., 2003.
2. Мәдениеттану. Оқулық. А., 2005.
3. Д.С. Орынбекова, “Әлеуметтану” оқу құралы, А., 2010.
4. Социология. Кенжебаев С.Ж., А., 1998.
5. Р.Әбсаттаров, М.Дәкенов, “Әлеуметтану”, А., 2003

УДК 37.091.3

EFFECTIVE NEW METHODS AND TECHNIQUES FOR TEACHING ENGLISH

*Джолдасова Г.А.,
магистр., оқытушы
Ашанбаева Р.Р.,
магистр., оқытушы*

*Академик Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті
Шымкент қ., Қазақстан*

Аннотация. Данная статья рассматривает важность преподавания английского языка, а также современные интерактивные методы и технологии. Поскольку английский язык стал основным инструментом международной коммуникации, качественное его обучение играет решающую роль в повышении профессиональной конкурентоспособности студентов.

Интерактивные методы, такие как презентации, групповые обсуждения, проектные работы и ролевые игры, улучшают практику говорения студентов, способствуют проявлению их творческих способностей и углубленному пониманию учебного материала. Эти методы укрепляют сотрудничество между студентами, способствуют развитию социальных навыков и помогают преодолеть психологические барьеры.

В статье рассматриваются преимущества интерактивных методов обучения и пути их практического применения, а также подчеркивается необходимость освоения новых технологий преподавателями. В результате интерактивное обучение делает изучение английского языка более эффективным и повышает интерес студентов к обучению, барьеры, эффективность обучения.

Ключевые слова: преподавание английского языка, интерактивные методы, технологии обучения, групповые обсуждения, проектные работы, ролевые игры, мотивация студентов, социальные навыки, психологические. **Андатпа:** Бұл мақала ағылшын тілін оқытудың маңыздылығын және заманауи, тиімді әдістер мен технологияларды қарастырады. Ағылшын тілі бүгінде халықаралық коммуникацияның басты құралына айналғандықтан, оның сапалы оқытылуы студенттердің кәсіби бәсекеге қабілеттілігін арттыруда шешуші рөл атқарады. Интерактивті формалар мен әдістердің қолданылуы студенттердің сөйлеу тәжірибесінің сапасын арттырып, сөйлесуге деген мотивациясын күшейтеді.

Аннотация. Мақалада презентациялар, топтық талқылаулар, жобалық жұмыстар және рөлдік ойындар сияқты интерактивті әдістердің білім беру процесіндегі маңызы талқыланады.

Бұл әдістер студенттерге өз ойларын еркін білдіруге, шығармашылық қабілеттерін көрсетуге және оқу материалын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, интерактивті әдістер студенттер арасындағы ынтымақтастықты нығайтады, әлеуметтік дағдыларды дамытуға ықпал етеді және психологиялық кедергілерді жоюға көмектеседі.

Мақалада интерактивті оқыту әдістерінің артықшылықтары мен олардың практикалық қолдану жолдары қарастырылады, сонымен қатар мұғалімдердің жаңа технологияларды меңгеру қажеттілігі ерекше атап көрсетіледі. Нәтижесінде, интерактивті оқыту ағылшын тілін үйренуді тиімдірек етіп, оқушылардың білім алудағы қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Кілтті сөздер: ағылшын тілін оқыту, интерактивті әдістер, оқу технологиялары, топтық талқылаулар, жобалық жұмыстар, рөлдік ойындар, студенттердің мотивациясы, әлеуметтік дағдылар, психологиялық кедергілер, оқытудың тиімділігі.

Annotation: This article discusses the significance of teaching English and explores modern, effective methods and technologies used in this process. As English has become a primary tool for international communication, the quality of its instruction plays a crucial role in enhancing students' professional competitiveness. The use of interactive forms and methods notably enhances the quality of students' speaking practice and boosts their motivation to engage in conversation.

The article examines the importance of interactive methods such as presentations, group discussions, project-based activities, and role-playing games in the educational process. These methods allow students to express their thoughts freely, showcase their creative abilities, and gain a deeper understanding of the learning material. Furthermore, interactive methods strengthen collaboration among students, contribute to the development of social skills, and help overcome psychological barriers.

The article also discusses the advantages of interactive teaching methods and practical ways to implement them, emphasizing the necessity for teachers to master new technologies. Ultimately, interactive teaching makes learning English more effective and increases students' interest in the educational process.

Keywords: teaching English, interactive methods, teaching technologies, group discussions, project-based activities, role-playing games, student motivation, social skills, psychological barriers, learning effectiveness.

Educational Methods In all developed countries, education focuses on:

Identifying problems and seeking solutions; In the educational process, it is crucial for students to be able to identify specific issues and develop solutions for them. For instance, during project-based learning, students explore real-life problems and, through teamwork, analyze various perspectives. This process fosters creative thinking, communication skills, and collaboration abilities. Students learn to correctly formulate problems, identify their causes, evaluate different solutions, and choose the most effective one.

Analyzing acquired knowledge critically Critical thinking enhances a learner's ability to understand, evaluate, and interpret information. Teaching students to conduct critical analyses through concrete examples and scenarios helps them gain deeper insights into information and find answers to complex questions. Additionally, these skills improve media literacy and help protect against misinformation. [1].

Acquiring necessary information independently; Developing the ability to seek information independently encourages students to become self-reliant, responsible, and creative. It is important to teach students how to use information resources such as academic articles, databases, online courses, and webinars to acquire the knowledge they need. This enables them to effectively leverage modern technology to learn according to their interests and needs.

Self-learning; Self-directed learning is vital for instilling a culture of lifelong education in students. This includes pursuing knowledge beyond the curriculum, such as reading literature, exploring online resources, and studying specialized courses. Developing students' ability to conduct

independent research, carry out experiments, and create their own projects ignites their interests and fosters research skills.

Self-discipline; Self-management skills enhance students' accountability while allowing them to use their time efficiently and achieve their goals. It is important to teach students various methods of time management, including setting SMART goals and prioritizing tasks. These skills contribute to their success in both personal and professional life.

Applying knowledge to solve new issues. The ability to apply knowledge in practical situations prepares students to tackle real-world challenges. They have opportunities to complete tasks related to specific situations, testing their theoretical knowledge in practice. For example, by analyzing business scenarios, developing social projects, or proposing technical solutions, they enhance their problem-solving, analytical, and creative thinking skills. [2].

Key Objectives in Teaching English

The primary objectives of teaching English are to prepare knowledgeable, competitive future professionals who can express themselves in three languages. Effective and appropriate methods should be utilized to enhance students' interest and foster their creative abilities.

Interactive Methods

The term "interactivity" is used to describe both technical and pedagogical aspects. In teaching, it refers to methods that involve interaction between the teacher and students. Interactive teaching primarily aims to develop dialogical communication within groups. The advantages of interactive methods allow students to overcome psychological barriers while practicing English.

Interactive Teaching Methods

Interactive teaching methods traditionally include:

- Role-playing games;
- Discussions;
- Presentations;
- Interviews;
- Brainstorming;
- Competitions with practical problems.

Games

Some interesting interactive games for students include:

Grab a Minute — A student has 1 minute to describe a term.

An Item Description — Students must describe a word or phrase without naming it or using gestures.

Chain Story — A logical game where the next student continues the story. [3].

Teaching English is not just about mastering grammatical rules and vocabulary; it also involves effectively developing language skills. Modern methods and techniques help to increase student engagement, improve their communication skills, and prepare them for real-life situations.

This method focuses on completing real tasks using the target language. Students develop their skills in a natural context, applying them in speaking, listening, reading, and writing. For example, through project assignments, they may conduct dialogues or gather information.

Blended learning combines online methods with traditional teaching. This allows students to learn at their own pace while promoting interactivity in the classroom. Through videos, podcasts, and interactive exercises, learners can expand their knowledge.

Gamification incorporates game elements into the learning process. Games, competitions, and rewards enhance student interest. For instance, games for vocabulary development or assignments can boost a spirit of competition.

In the flipped classroom model, students learn new material at home and discuss it or engage in practical tasks in class. This method emphasizes active learning and group work. [4].

The CLIL method allows for teaching English alongside subjects (like science or history). This gives students the opportunity to develop language skills in context.

Project-based learning focuses on completing practical work in English. Students enhance their teamwork and creative skills by working on specific projects.

This method promotes cooperation among students, facilitating the exchange of knowledge and language skills. Group assignments and discussions help improve their communication abilities.

Utilizing real-life materials (articles, videos, podcasts) helps students become familiar with natural language contexts.

Regular feedback on students' achievements and shortcomings allows them to reflect on the learning process. This helps them assess their successes and identify areas for improvement.

Considering cultural diversity in teaching raises student interest. By linking learning materials and topics to various cultures, curiosity among students can be sparked. [5].

The use of interactive technologies in English lessons enhances students' motivation to learn the language and improves the overall learning atmosphere. Such methods foster collaboration among students and contribute to the development of their social and communicative skills. Through interactive teaching methods, students are able to unlock their creative potential, enhance their problem-solving abilities, and apply their knowledge in practical situations.

Modern approaches to teaching English require educators to master new technologies, implement innovative methods, and establish effective communication with students during lessons. By utilizing interactive methods, teachers can make their classes engaging and appealing, ultimately raising the quality of education. Thus, interactive methods in teaching English not only facilitate knowledge acquisition but also have a significant impact on students' personal development. In the context of new trends and demands in the education system, the effectiveness of interactive methods is increasingly recognized, providing opportunities for further enhancement of the English teaching process in the future.

References

1. Leontiev, A. A. Teaching Foreign Languages in School: Opinions on Paths for Restructuring. *Foreign Languages in School*. - 1988. - No. 4.
2. Makhmutova, E. N., Batina, M. G. Integrated Lesson on the Topic "USA: Nature, Cities, Population, Agriculture."
3. Koulagin, P. G. *Interdisciplinary Connections in Education*. – Moscow: Prosveshchenie, 1983.
4. Fedorova, V. N., Kiryushkin, D. M. *Interdisciplinary Connections*. – Moscow: Pedagogy,
5. Kolyagin, Yu. M., Alekseenko, O. L. Integration of School Education. // *Primary School*. 1990. No. 9. pp. 28–32.

UDC 81'0;373.1.02

THE INTERACTION OF LANGUAGE AND CULTURE

Abikenova Zh.Zh.,

Al-Farabi Kazakh National University,

Aitkulova K.O.

The International University of Engineering and Technology

Senior lecturers, masters of Pedagogical Sciences

Almaty, Kazakhstan

Abstract This article describes the level of interpersonal communication in various spheres of intercultural interaction, i.e. the relationship between interstate relations, entrepreneurial, scientific and educational activities is determined. Various aspects of intercultural interaction explore various fields of science, such as intercultural dialogue, the similarity of cultures in the period of

globalization, the place of dialogue as cultural goals, the strategy of intercultural dialogue, etc.

Keywords. cultural semantics, language, intercultural, cultural studies, communicative activity.

Аңдатпа. Бұл мақалада мәдениетаралық өзара іс-қимылдың әртүрлі салаларындағы тұлғааралық қарым-қатынас деңгейі сипатталған, яғни мемлекетаралық қатынастардың, кәсіпкерлік, ғылыми және білім беру қызметінің өзара байланысы анықталған. Мәдениетаралық өзара әрекеттесудің әртүрлі аспектілері ғылымның әртүрлі салаларын зерттейді, мысалы, мәдениетаралық диалог, жаһандану кезеңіндегі мәдениеттердің ұқсастығы, мәдениеттің мақсаты ретінде диалогтың орны, мәдениетаралық диалог стратегиясы және т. б.

Түйін сөздер. мәдени семантика, тіл, мәдениетаралық өзара іс-қимыл, мәдениеттану, коммуникативтік қызмет.

Аннотация. В данной статье описан уровень межличностного общения в различных сферах межкультурного взаимодействия, т. е. определяется взаимосвязь межгосударственных отношений, предпринимательской, научной и образовательной деятельности. Различные аспекты межкультурного взаимодействия исследуют различные области науки, такие как межкультурный диалог, сходство культур в период глобализации, место диалога как цели культуры, стратегия межкультурного диалога и т. д.

Ключевые слова. культурная семантика, язык, межкультурное взаимодействие, культурология, коммуникативная деятельность.

In cultural anthropology, different cultures are connected. As a result, actions carried out in human relations with various forms at the junction of two or more cultures have been called "intercultural participation". In terms of communication, both sides should strive not only to familiarize themselves with their traditions and customs, but also to familiarize themselves with the order of participation that is born in everyday communication with the principles of existence, the existence of another nation. While during communication (participation), the communicators are representatives of two different nationalities (sometimes there are also two different cultures between people of the same nationality), their cognizing existence has its own peculiarities. Thus, ethics and culture of speech, accumulated in the knowledge base, customs, social status, religious views, features of holistic mental thinking. A person professionally complements his understanding of the world by how he inter-culturally interacts with whom.

And the linguistic orientation of intercultural participation, unlike the two mentioned directions, primarily seeks answers to questions about how cultural communication is formed, cultural communication through language. Studies how opinions are exchanged, mutual understanding, misunderstanding, the linguistic nature of messaging, in what communicative context. Another feature of the linguistic orientation is that special attention to discourse leads to the integrity (integration process) of the actions of the participle.

The XXI century is focused on maximizing the possibilities of "cognition", learning about each other through cultural ties between different countries of the world, people, nations. In order to maximize the deepening and comprehensive prosperity of cultural relations between social groups and state institutions, social movements and individual cultural figures, such a process has covered the entire public life of the whole country.

Since Kazakhstan gained independence, cultural and economic ties with the peoples of the world have become deeper every day. It is clear that in the XXI century, the "war of culture and civilization" has unfolded so much that in the field of education and science, states strive for primacy all over the world.

In the modern world, intercultural interaction is carried out at the level of interpersonal communication in various fields: interstate relations, entrepreneurial, scientific and educational activities. Therefore, various aspects of intercultural interaction are the subject of study in various fields of science, such as interreligious dialogue, cultural similarities in the period of globalization,

the place of dialogue as cultural goals, strategies for intercultural dialogue, etc. Intercultural participation reveals the integrity and unity of the world civilization, consisting of many unique cultures of the peoples of the world.

Currently, the problems of intercultural participation are at the interdisciplinary level, within the framework of various social and humanitarian sciences, such as cultural studies, sociology, psychology, etc. At the same time, until now, the linguistic aspects of intercultural participation have not been the subject of special study in Kazakh linguistics. Representatives of different cultures who enter into communication use different language options and a discursive strategy. Depending on the complexity of the situation of cultural semantics and communication in units of language, should be systematically described by linguistic facts and considered comprehensively. In this regard, the relevance of this research work lies in expanding the scope of the dialogue of cultures and the successful organization of discourse in the context of globalization. And the linguistic foundations of intercultural participation, which are part of its mechanism and approaches, remain the main factor in the study of communicative activity.

Intercultural participation as an interdisciplinary and integrated science originates in the works of American researchers Florence Klaxon and F. L. Strodbeck [1] on cultural anthropology and social psychology, as well as in the works of ethnolinguists John Gampertz and Della Himes on the relationship between language and culture.

The term "intercultural participation" was first coined in 1954 by E. Hall and D. Treger in *Culture as Communication*. – "Culture as Communication") [3]. The main positions and opinions of intercultural participation began to develop after the famous work of E. Hall "The Silent Language" ("Mute language" – "mute language") [4]. Here the author reveals the close connection between culture and presence and lays the foundations for the development of intercultural participation as an independent academic discipline.

The concept of intercultural participation has been comprehensively deepened and deepened in the fields of translation theory, foreign language teaching, comparative cultural studies, contrasting pragmatics, etc., about which numerous scientific works have been published.

The theory of intercultural participation developed intensively in European countries and Russia in the 90s of the twentieth century and was associated with the teaching and study of foreign languages. At the same time, M. Bennett, M. Hoops, V. S. Bybler, V. P. Furmanova, V. P. Kuzovlev, S. G. Ter-Minasova, V. V. Krasnikh, D. B. Gudkov, I. E. Klyukanov, L. N. Vaulina, The works of L. I. Grishaeva, A. P. Sadokhin, O. A. Leontovich should be noted.

Prerequisites for the development of intercultural participation in Kazakhstan are laid down in the works of famous representatives of Kazakh linguistics A. Baitursynov, K. Zhubanov, S. Amanzholov, E. N. Zhanpeisov, A. T. Kaidarov, M. Kopylenko, E. D. Suleimenova, R. G. Syzdykova, of linguistic phenomena through the position of understanding their linguocognitive and linguocultural essence. Therefore, the source of linguistic research originates in the study of intercultural relations, intercultural participation in order to teach cognitive-discursive and foreign languages, innovative linguodidactics, as well as comparative aspects of studying the problems of comparative linguistics and translation.

For the first time, intercultural presence in Kazakhstan began to be studied in the 90s of the twentieth century [5]. Modern intercultural research is conducted in a philosophical and cultural aspect. Thus, this issue was investigated in the dissertation work of A.M.Zhanova "Mass communications and their impact on global cultural transformations" [6]. The dissertation of J. M. Doskhozina "Cultural analysis of intercultural communication in the context of globalization" [7] is devoted to the description of the process of intercultural participation in Kazakhstan.

Sociocultural prerequisites – information society, social and academic mobility, migration processes, international relations and intercultural relations - play an important role in the formation and development of forms and methods of intercultural participation. This makes it necessary to study the linguistic aspects of intercultural interaction from the point of view of the national basis and the relationship between language and culture, culture and participation, and communicative education. However, there is practically no cross-cultural research in Kazakh linguistics devoted to a deep and

comprehensive description of the image of the world and linguistic consciousness based on culture. Insufficient study of linguistic aspects of intercultural participation in Kazakh linguistics aims to fill this gap.

The theoretical and methodological basis of the research is the scientific conclusions and basic principles developed in the fields of intercultural participation in world linguistics. Since the principles and concepts of scientific and theoretical research achieved in the world and the fatherland are considered in complex scientific aspects (cultural studies, philosophy, sociology, teaching methods (pedagogy), psychology, linguistics). The methodological basis of the concept of intercultural participation by E. Hall, the parameters of the study of culture by G. Hofstede, is based on the theory of participation by T. Parson, F. Klakhon and F. Strodbek. Also, the methodological base of scientific research consists of language and cognition, language and culture, language and mentality (A. A. Potebnya, T. A. Deik Van, A. Vezhbitskaya, V. A. Maslova, V. V. Kolesov, etc.), language study in the direction of regional studies (E.M. Vereshchagin, V. B. Kostomarov, etc.) and translation studies (V. N. Komissarov, N.K. Garbovsky, O. V. Petrova, etc.) foreign and domestic corresponding scientists A. T. Kaidar, E. D. Suleimenova, B. Khasanov and others. essays. We relied on fundamental works on intercultural participation; linguistic and philosophical provisions on the relationship between language and thinking, language and culture of the people and modern views on the anthropogenic nature of linguistic units; Basic concepts of linguistic culture as a scientific field; universal models and concepts of translation principles and translation equivalence. Intercultural participation is a dynamically developing field at the intersection of linguistics, cultural studies, general language communication and linguodidactics. This is a theoretical and applied scientific direction that is currently in demand by society for productive communication of people with other cultures and other languages.

References

1. Kluckhohn F.R., Strodbek F.L. Variations in Value Orientations. – Evanston, III: Row Peterson, 1961. – 437 p.
2. Gumperz J., Hymes D. Directions in Sociolinguistics. – New York, 1972. – 71 p.
3. Hall E., Trager D. Culture as Communication. – Garden City, N.Y.: Anchor Press / Doubleday, 1954. – 240 p.
4. Hall E. The Silent Language. – Garden City, New York: Anchor Press / Doubleday, 1959. – 240 p.
5. Абдыгаппарова С.К. Развитие теории и практики межкультурной коммуникации в Республике Казахстан. [http: / inlang. linguanet.ru](http://inlang.linguanet.ru). 15.01.2014.
6. Ержанова А.М. Массовые коммуникации и их влияние на глобальные трансформации культуры. – Алматы: [б.и.], 2010. – 275 с.
7. Досхожина Ж.М. Культурологический анализ межкультурной коммуникации в условиях глобализации: Дис. доктора PhD. – Алматы, 2015. – 120 с.

УДК 130.2

ДИАЛОГ ЧИСТАЯ ФОРМА ОБЩЕНИЯ

Иманбаева Ж.М.,

*магистр гуманитарных наук, преподаватель,
Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
г. Алматы, Казахстан*

Аннотация. Деятельностный подход в понимании культуры в советско-российской культурфилософской мысли начал разрабатываться еще с середины 60-х годов прошлого

столетия. Задачей деятельностной концепции культуры было выяснить что делает объективированные результаты деятельности человека предметами культуры. Межуев отдает предпочтение деятельностной концепции культуры, в той трактовке, где деятельность рассматривается со стороны своей способности производить человека как общественное существо в его отношении к природе, обществу и самому себе. Каган определяет деятельность как систему субъектно-объектных отношений, где интерес представляет субъект, точнее множественные субъекты.

Согласно Кагану, общение как особый вид межсубъектного взаимодействия становится возможным благодаря умению людей вступать в диалог. Суть диалога в формировании духовной общности, приводящей к осознанию существования человеческого всеединства.

Ключевые слова: диалог, общение, деятельность, культура, субъект, объект.

Аңдатпа. Кеңестік-ресейлік мәдени-философиялық Ойдағы мәдениетті түсінудегі белсенді тәсіл өткен ғасырдың 60-жылдарының ортасынан бастап дами бастады. Мәдениеттің белсенділік тұжырымдамасының міндеті адам қызметінің объективті нәтижелерін мәдени пәнге айналдыратын нәрсені анықтау болды. Межуев мәдениеттің белсенділік тұжырымдамасына артықшылық береді, онда іс-әрекет адамды табиғатқа, қоғамға және өзіне қатысты әлеуметтік болмыс ретінде шығару қабілетімен қарастырылады. Қаған қызметті субъект, дәлірек айтқанда бірнеше субъектілер қызығушылық тудыратын субъектілік-Объектілік қатынастар жүйесі ретінде анықтайды.

Қағанның пікірінше, қарым-қатынас субъектілер арасындағы өзара әрекеттесудің ерекше түрі ретінде адамдардың диалогқа түсу қабілетінің арқасында мүмкін болады. Диалогтың мәні-адамның бірлігінің бар екенін түсінуге әкелетін рухани қауымдастықты қалыптастыру.

Түйінді сөздер: диалог, қарым-қатынас, қызмет, мәдениет, субъект, объект.

Annotation. The activity-based approach to understanding culture in Soviet-Russian cultural and philosophical thought began to be developed since the mid-60s of the last century. The task of the activity concept of culture was to find out what makes objectified results of human activity cultural objects. Mezhujev prefers the activity-based concept of culture, in the interpretation where activity is viewed from the perspective of its ability to produce a person as a social being in his relationship to nature, society and himself. Kagan defines activity as a system of subject-object relations, where the subject, or rather multiple subjects, is of interest.

According to Kagan, communication as a special kind of intersubjective interaction is made possible by people's ability to engage in dialogue. The essence of dialogue is the formation of a spiritual community, leading to the realization of the existence of human unity.

Keywords: dialogue, communication, activity, culture, subject, object.

Каган сторонник системного подхода в исследовании культуры. Системность означает изучение объекта в контексте, рассмотрение объекта как части системы. Бытие является таким контекстом при определении сущности культуры. Точнее три формы бытия: природа, общество, человек. Природа - наличная форма существующей по естественным законам материи. Общество функционирует и развивается по принципам, не детерминированным биологически как это есть в природе. Общественные отношения не транслируемые генетически исторически изменчивы. Третья форма бытия - человек не сводим к двум предыдущим, но является их *воплощенным единством*. "человек есть животное, способом существования которого является продуктивная деятельность, а не спонтанная жизненная активность." [1, с.29] В обществе действуют социальные механизмы наследования поведенческих программ. Продуктивная деятельность и породила культуру как четвертую форму бытия.

Важное свойство культуры - ее предметность. Человеческий опыт при сохранении и

передачи из поколения в поколение объективируется в предметах культуры. Материальные, духовные, духовно-материальные т.е. художественные предметы культуры будучи оторгнутыми от человека приобретают самостоятельное существование в какой-то степени создавая оппозицию к своему создателю.

Назначение предметов культуры быть распределенными в ходе вторичной человеческой деятельности. Чтобы произвести в итоге другого, нового человека. Человек - одновременно творец и продукт культуры.


Какова роль общения в системе культуры? Общение с необходимостью сопровождает и обеспечивает процессы опредмечивания и распределмечивания.

В философской литературе взаимосвязь субъекта и объекта в основном рассматривается с гносеологической точки зрения. Здесь имеет значение объект и его отношение к другим объектам. Субъект в его живой, практической взаимосвязи с другим субъектом (другими субъектами) не представляет интереса. Субъект единичен, трансцендентен, представляет собой абстрагированную модель человечества.

Проблема общения для изучения требует выхода за пределы гносеологии. Множественность субъектов становится необходимым условием общения как особого вида деятельности. Субъект обладает свободой в выборе целей и средств деятельности. В целом культура стала возможной благодаря этой способности человека, отличающей его от животных. [1, с.122] Поэтому в межсубъектных отношениях его участники выступают как активные и равноправные партнеры, чьи действия, однако, взаимно коррелируются. Каждый в построении своей программы действий не может не учитывать предполагаемые, а затем и реальные поступки партнера.

Каган определяет деятельность как систему субъектно-объектных отношений. Различие между субъектами, их множественность критически важно, тогда как различие между объектами может не учитываться. Поскольку все объекты в качестве предмета познания и использования субъекта становятся равными между собой.

На схеме данная модель выглядит так:



Как видим в межсубъектных отношениях присутствует объект. В случае общения межсубъектное взаимодействие опосредуется не только инструментом общения - языком, но и предметом общения - формированием общности.

Каган определяет межсубъектное взаимодействие как "материально-практическое взаимодействие участников единого, коллективного деятельностного процесса" [2, с.129] т.е. указывает на практику как основу. Межсубъектное взаимодействие является *фундаментом всякой предметной деятельности*.

Выражение диалог культур стало возможным благодаря объективации субъекта культуры, который полимодален. В роли субъекта могут выступать личность или ее часть, социальная группа, определенный социум, человечество в целом. Субъекты также могут быть реальными, квазисубъектами, объективированными субъектами и субъективированными объектами (ценности). Субъективированные объекты в отличие от остальных не могут инициировать общение. [2, с.202] Межуев считает, что диалог реализуется на уровне межиндивидуальной, а не межвидовой коммуникации.

Не существует гармонии как данности в отношениях людей. Выходом является диалог.

Духовная общность, рождающаяся в результате диалога - результат сознательно и свободно инициированного *приобщения* одного субъекта к другому. Партнеры открываются друг другу чтобы согласовать и наметить траекторию совместных действий.

Диалог - "чистая", направленная на обретение духовной общности форма общения. Потребность в преодолении одиночества и отчуждения свойственна всем человеческим существам как проявление родового качества социальности. [2, с.293]

В мире социальном, как и мире растительном и животном существует дифференциация по видам. Самого факта множественности народов и стран для возникновения потребности в диалоге еще недостаточно. Межуев обращает внимание на связь индивидуальной свободы с диалогом. [3, с. 387] Потребность в диалоге появляется на определенной ступени развития индивида, когда он начинает мыслить самого себя не в рамках видовых отличий, а в рамках родового единства человечества.

Список литературы

1. Каган М.С. Философия культуры. Учебное пособие.- анкт-Петербург, 1996. – 310 с.
2. Каган М.С. Мир общения: Проблема межсубъектных отношений. – М.: Политиздат, 1988. – 319 с.
3. Межуев В.М. Идея культуры. Очерки по философии культуры. - М.: Прогресс-Традиция, 2006. - 408 с.

ӘОЖ(УДК) 213. 4.015: 281.04

ОҚУШЫЛАРДЫҢ АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ СӨЙЛЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

*Қақпанбаева М.Т.,
№43 орта мектебі
Тараз, Қазақстан
e-mail: madina_920203@mail.ru*

Андатпа. ХХІ ғасыр – білім, ғылым ғасыры. Аталған ғасырда оқушылардың ағылшын тілінде еркін сөйлеп, ойларын емін-еркін жеткізе алып, әлемдік аренада өздерін еркін ұстауларына бағыттап білім беріп келеді. Ағылшын тілінде ойды жеткізу кезінде оқушы естегін сөздерді теріп, оны жеткізу үшін сөйлеу бүтіндіне қосу керек. Сөзді жадыда сақтау үшін оларды белгілі бір нәрсемен қатысты жүйелеу керек.

Кілт сөздер: ағылшын, диалог, психология, логика, лингвистика, монолог.

Андатпа. ХХІ век-век образования, науки. В этом столетии учащиеся свободно говорят на английском языке, свободно высказывают свои мысли, ведут себя на мировой арене. При передаче мысли на английском языке учащийся должен набрать запоминающиеся слова и добавить их в целое речи, чтобы передать их. Чтобы сохранить слово в памяти, вы должны систематизировать их по отношению к определенной вещи.

Ключевые слова: английский, диалог, психология, логика, лингвистика, монолог.

Annotation. XXI century – the century of education and science. Students of this century were able to speak freely in English, express their thoughts freely, behave on the world stage. When communicating an idea in English, the student must type the words and turn on the speech to convey them. It is necessary to remember the word in relation to one Narse for their storage in memory.

Keywords: English, dialogue, psychology, logic, linguistics, monologue.

Тіл – қарым-қатынас құралы. Тіл сөйлеу арқылы жүзеге асады, сөйлеу арқылы ғана дамып, өмір сүреді. Біз шет тілін оқыту туралы айтқанда, оны ең алдымен қатынас құралы ретінде оқимыз. Сөйлеудің негізгі мағынасы адамның әлеммен қарым-қатынасы адам санасында көрініс табатын ой.

Сөйлеудің негізгі объектісі адамның шыншыл өмірмен байланысы. Биляевтың ойынша шет тілін игеру яғни басқа тәсілдермен және жолдармен санадағы ойды шығару. Сөйлеудің құрылымына тоқталатын болсақ оны психологтар былай көрсетеді. Сөйлеуді адамдар бірдеңені айту қажеттілігі туған кезде қолданады. Ағылшын тілін оқытудың алғашқы сатыларында оқушыларда ағылшын тілінде өз ойын жеткізу қажеттілігі туады. Ол қарым-қатынас жасап отырған қимыл іс-әрекет негізінде көрінеді. Мысалы, бірдеңені жеткізу, сұраққа жауап беру, өтінішті орындау, сондай-ақ қаламды әперу, есікті ашу, тақтаны сұрту т.б. Бұл жағдайлардың негізгі мақсаты күтілетін қорытынды. Бұл бөлімде сөйлеу мынадай қызметтерді ғана атқарады. Атап айтсақ не үшін, неге және не айту керек. Сөйлеуді қалай жүзеге асыру сөйлеудің 2-бөлімінде де яғни аналитика-синтетикалық бөліміне қатысты. Бұл бөлімінде тіл арқылы ойды жүзеге асыру процесі жүреді[1].

Ағылшын тілінде ойды жеткізу кезінде оқушы естеігі сөздерді теріп (анализ) оны ойды жеткізу үшін сөйлеу бүтініне қосу керек (синтез). Сөзді жадыда сақтау үшін оларды белгілі бір нәрсемен қатысты жүйелеу керек. Олар парадигматикалық және синтагматикалық бола алады. Сөйлеудің осы екі түрі көп болса оқушының сөйлей алу қабілеті жоғары болады. Парадигматикалық байланыс негізінде сөздерді әртүрлі белгісіне қарап есте сақтай алады. Жазу кезіндегі бірдей дыбысталу *two-too – one-won, see-sea* – мағына жақындығына байланысты. Мысалы: *small-little* – мағынасының қарама-қарсылығына байланысты *answer-ask*. Сөйлеу кезінде синтагматикалық байланыста үлкен роль атқарады. Яғни басқа сөздермен сәйкес келу негізінде мысалы *order* деген сөз келесі сөз тіркестерінде қолданылады. - *order-something (order dinner, order breakfast, a new coat etc) - order to do something (order to stand up, to close the door, to stay in bed) - give an order to do something (to stand up, to stay after classes)*. Осы сөздердің таңдалынып алынуына сөйлеушілер арасындағы қарым-қатынас лексикалық сөздік қорлары қатысты құралдарды таңдап алу процесінде мынадай жағдайлар іске асады. Күнделікті қолданылатын ағылшын тіліндегі бірліктер. Сөздердің орнын ауыстыру және құрылымын өзгерту. Мысалы: *My name is* деген дайын тіркестен *name is* бірлігі өзгеріссіз қалып *my* түрін *his, her* немесе *my sister's* деп ауыстыруға болады. Осы құрылымды өзгерту кезінде біріншіден ойлау тікелей мен арқылы жүзеге асып, 2-жағдайда грамматикалық құрылымы іске асады. Шет тілін оқытудың қиындығы осында. Адам ойын жеткізер кезінде оны бірінші ойлап алады ал ол ана тілінде іске асады. Сөйлеу құрылымының 3-бөлігі ойды жүзеге асыру бөлімі: Сөйлеу аудирование, оқу және жазумен тығыз байланыста. Аудирование мен сөйлеу ойды ауызша жеткізу ретінде бір-бірімен тығыз байланысты. Сөйлеу бұл тікелей оқумен байланысты. Яғни сөйлеу мен дауыстап оқудың қарым қатынасын дәлелдеп жату артық. Сөйлеу жазумен де байланысты. Мысалы, оқушы жазу үстінде өз ойынан сыбырлап айтып отырады. Сөйлеу монологтық және диалогтық түрде жүзеге асырылады. Ол методикалық мақсат негізінде де жүзеге асады яғни, әрбір сөйлеу формаларының лингвистикалық ерекшеліктерін көрсету негізінде. Монологтық ойлауға ойды толық жеткізу және бір-бірімен байланысты болу деген мінездеме тән. Диалогтық сөйлеу клишелерін және эллиптикалық сөйлемдерді қолдану негізінде жүзеге асады. Мысалы сөйлеу практикасында жалпы сұрақтарға иә, жоқ деген қысқа жауап ала аламыз. Оқушылар көбінесе бұндай жауапқа қанағаттанбай толық жауап сұрайды. Мысалы *is it tuesday today* деген сұраққа *yes, it is* немесе *yes it is already tuesday today* деп жауап беруге болады. Альтернативтік сұрақтарға жауап ретінде мынандай мысалдар келтіре аламыз. *Yes, it is an English book or Russian one* сұрағына *it is a Russian one* немесе *a Russian one* деген жауап ала аламыз. Арнайы сұрақтарға мынадай жауап ала аламыз *what is red. The flower is who will go to the cinema. My brother will* деген сияқты жауап алуға болады. Монологтық сөйлеуге «хабарлау» деген мінездеме бере аламыз. Оларға мынандай мысалдар көрсете аламыз. Мысалы, оқушылар қайда оқимыз немесе бүгін қай күн деген сөздерді ағылшынша жеткізе алу қажет. Ағылшын тілін оқыту кезінде оқушылар

сөйлеуге ұмтылады. Тіпті оқушылардың лексикалық сөздік қорлары минималды дәрежеде болса да олар тілдің коммуникативтік қызметін сезіне бастайды. Ағылшын тілін оқытудың алғашқы жылдарында оқушыға сұрақтарды қою, оған жауап беру т.б. сияқты ұсақ сөйлеу бірліктерін оқытушы сұрайды. Сөйлеу кезінде оқушы кем дегенде үш сөйлем монологтық сөйлеуге сөйлеу дайындықсыз іске асады, яғни тілдің тіл материалының көлемі бес сөйлемнен кем болмау керек. Оқытудың екінші жылында диалогтық сөйлеу кезінде әңгімені жүргізе алу қабілеттілігі болу керек, ол сұрақ пен жауап, ұсыныс, бұйыру негізінде жүзеге асады. Ол тікелей тілдік мәтіннің бағдарламасына қатысты болу керек және ол 4 сөйлемнен кем болмауы қажет. Кейбір монологтық сөйлеу күрделірек яғни, оның көлемі 7 сөйлемнен жоғары болу керек[2].

Ауызша сөйлеу шет тілін үйретудің маңызды құралы. Сөйлеу – сабақтың маңызды бөлігі. Ауызша сөйлеу – оқушылардың мәтінді тыңдау мен оқу кезіндегі оқылған материалды тексеру құралы. Сөйлеуді оқытудың мазмұны. Сөйлеудің оқытудың мазмұны кезінде 3 компонентті бөліп ала аламыз. Олар:

1. Лингвистикалық;
2. психологиялық ;
3. әдістемелік.

Лингвистикалық бөлімнен бастасақ бұл кезде сөйлеу оқу бағдарламасы негізінде жүзеге асырылады. Бұл тілдік бірліктермен тікелей қатысты: сөз, сөз құрылысы, грамматикалық мәтін, фонетикалық минимум т.б. Таңдалып алынған тілдік мәтін сөйлеудің алғашқы сатыларында ақ жүзеге аса бастайды. Оқушылар тілдік материалды сөйлеу бірліктері негізінде жүзеге асырады. Олар мына түрде жүзеге асады. Олар here is the book немесе there is a lot of books on the shelf немесе what is on happy birthday to you немесе диалогты түрде келе алады. - please give me that book. - what for? - to hour a look at it - here you are - thank you - you are welcome немесе бір-бірімен қатысты сөйлеу түрінде кездеседі Мыс: - Mr. John White lives at sixteen, forest road, green town, England. - his house is not very large but it is not small either - it has a ground flower and the first flower. Сөйлеудің лингвистикалық бөлшегін айту кезінде сөздің экстралингвистикалық бөлімшесін ұмытпауымыз қажет дәлірек айтсақ ым, қол сілтеу, бас шайқау т.б. құралдар. Мысалы ағылшын тілінде кейде бұндай шараларды оқушылар көп қолданбайды. Бұл қате құбылыстар мысалы 1, 2, 3 деп санау кезінде қазақтар саусақтарын бүксе ағылшындар саусақтарын жаяды. Сөйлеуді оқытудың мазмұнының 2-компоненті психологиялық компонент яғни экспрессивті сөйлей алу қабілеттілігімен дағдылану. Ол мысалы, белгілі бір мәтінді оқытушыдан есту кезіндегі репродукция операциясы арқылы іске асады.

Психологияда неғұрлым оқушы кішкене болса соғұрлым бұл операция жеңіл өтеді. Мыс.: 2-сынып оқушылары жеке сөздер, сөз тіркестері тұрмақ белгілі бір мәтінді қағып алу қабілеттіліктері жоғары. Репродукция толық және бола алады. Мыс: толық репродукция - we speak, read and write in the lesson. Бөлшектік репродукция оқушы өз ойын жеткізу негізінде жүзеге асады. Мыс: this is a blue pencil. Оқытушы (көк қарындашты көрсетіп тұрып айтылатын сөз тіркесі). Сөйлеудің келесі бір маңызды құбылысы бұл сөздердің грамматикалық құрылымын өзгерту. Мыс: - I live in Astana. - Arman lives in Astana деген сөзде I-to be етістегі Arman-ға өзгерді. Ол тікелей етістіктің өзгеруіне әкеліп соғады: live-lives - Nick is reading a book Nick leads a lot. Бұл сөйлемде Present Progressive – Present Simple-ға айналады[3]. Грамматикалық құрылымды өзгерту кезінде сөйлеу жеткізу, және лексикалық дағдылар да қалыптасады. Сөзді жеткізе алу құбылысы сөздердің мағыналарын кеңейтумен де байланысты. Бұл құбылыс грамматикалық құрылымды өзгертумен де байланысты. Ол сондай-ақ жадыдағы лексикалық сөздік қорға сөзді айту дағдысына ритмға, мелодикаға қатысты. Психологиялық бағдарламада экспрессивті сөйлеуге мынадай мінездеме бере аламыз.

1) Сөйлеу әрқашан белгілі бір мақсатқа көзделген бұл мінездеме ағылшын тіліндегі экспрессивті сөйлеуді жүзеге асыру, сөйлеудің алғашқы сатыларына тән. Сөйлеуге оқыту оқушының «сөйлегісі келу» арманына қатысты болу керек, ол мұғалімге тікелей қатысты мысалы бұл құбылысты жүзеге асыру үшін оқытушы мен оқушының қайырымды қарым-

қатынасы т.б. Мысалы оқушы «my pet» деген тақырыпқа қызыға талқылама жасайды. Олар өздерінің сүйікті үй жануарының суретін, ойыншығын алып келіп сыныпта әңгіме жүргізе алады.

2) Сөйлеу аудитория үшін арналған және тыңдаушыға бағытталған түрде бола алады. Яғни біз сөйлеу кезінде сөзімізді белгілі бір адамға бағыттап ойды бөлісіп, дәлелдеп сұрай аламыз. Мысалы, оқушы белгілі бір нәрсені айту кезінде оны сыныпқа немесе өзі қарым-қатына жасап отырған адамға қатыстыруы қажет.

3) Сөйлеу әрқашан эмоционалды боялған түрде бола алады. Яғни сөйлеуші айтып тұрған объектіге өзінің сезімін, қатысын білдіре алады. Сөйлеудің бұл мінездемелері алғашқылармен де тікелей қатысты. Мыс: «my pet» деген тақырыпта I like my dog very much деген сөйлемде «like» деген сөзді белгілі бір екпінмен айта алады.

4) Сөйлеу әрқашан алдын ала келісу негізінде жүзеге асады. Мыс: оқытушы оқушылардың белгілі бір нәрсені сұрау алдында оқушылардың бұл тақырыпқа қатысы бар ма лексикалық қорлары жете ме оқушы санасына сай ма деген сұрақтарға жауап беріп алу қажет.

Сөйлеудің психологиялық бағдарламасында да лингвистикалық мінездеме секілді 2 жүзеге асыру бар. Олар: монологтық, диалогтық

Монологтық сөйлеу логикалық құрылған сөйлемдері, бір-бірімен қатысты белгілі бір мақсатқа бағытталған бір адамның сөзі монологты сөйлеуді жүзеге асыру үшін оның мынаай жүзеге асыру сатылары бар[4].

1) Не жайлы айту. Алғашқы сатысында заттың атын айту, оның түсін көрсету, мөлшерін, орналасуын, қатысын, өзінің сол затқа қатысын көрсету.

2) Жаңағы сөйлеу бірліктерін жинақтап қатысын айту керегін таңдау.

3) Жадыдағы тілдік бірліктерді құрастырып оларға эмоционалды анық бояу беру. Диалог – бұл екі не одан да көп адамдардың сөйлеу кезіндегі қарым қатынасы. Біреуі тыңдаушы, біреуі-сөйлеуші бола алады. Диалогтық сөйлеуге бағдарлама жасау мүмкін емес. Монологтық сөйлеуден айырмашылығы диалогтық сөйлеуде ым-шараларды қоса қолданамыз. Мыс.: – you going home?

- Does Pete live far from school?

- Yes

- Where are you going?

- I'm going home.

- You will stay after closes won't you?

- I can't.

- Can you play football or hockey?

- Let's play

Сөйлеу оқиғасы деп диалогтық тілдесім кезінде сөйлеу жағдаяты арқылы көрінетін дискурсты айтамыз. Сөйлеу оқиғасы деп диалогтық тілдесім кезінде сөйлеу жағдаяты арқылы көрінетін дискурсты айтамыз. Сөйлеу оқиғасы сөзбен айтылатын, сөзбен хабарланатын, яғни сөз арқылы жүретін диалогтық сөйлесу мен ым, қимыл, ишара тағы басқа көмекші құралдар арқылы сөзбен айтылған ойды демеп отыру нәтижесінде дискурстың қалыптасуы; диалогтық сөйлесу жүретін кеңістік, уақыт, жағдай, оған қатысатын серіктестер секілді екі негізгі бөліктен тұрады. Осылайша, сөйлеу оқиғасын дискурс пен сөйлеу жағдаятының қосындысы деп түсінуге болады[5].

Сөйлеу жағдаяты хабарланған дүниенің мән-маңызын түсінуге көмектеседі. Диалогтық сөйлесу немесе тілдік қатынас жасаудың өзіндік лингво - психологиялық ерекшеліктері бар құбылыс болып табылады. Сөйлеудің 3-компоненті әдістемелік компонентіне келер болсақ сөйлеу бұл қиын процесс. Ағылшын тілінде сөйлеуді оқытуда әртүрлі құбылыстарға қатыстыра аламыз. Ол көру және есту, верболды немесе верболды емес құбылыстар оқытушы осы құбылыстарды жақсы қабылдауды іске асыру қажет. Қарапайым сөзбен айтқанда оқушы тапсырманың негізгі мағынасын түсінуі қажет. Мыс: agree or disagree she жаттығуды көрсете аламыз. Оқытушы белгілі бір сөйлемдерді айтып отырады. Оқушы оған келісіп немесе келіспеуі керек. Тағы бір мысал келтірсек сөйлеудің алғашқы сатыларында суреттерді қолдану

кең жүзеге асады. Суретті көре тұрып оқушы ағылшын тілінде бұл жайлы не айту керектігін ойланп алу қажет. Есіне түсіре алмай қалған жағдайда көмекке мұғалім келеді[6].

Жас ұрпаққа кәсіби білім беру терең теориялық білімді, жан-жақты біліктілікті талап етеді. Бұл салада әдістемелік пәндердің маңызы зор.

Әдістеме дегеніміз – қойылған мақсатқа жету жолы. Ұстаздың қолындағы мықты екі қарудың бірі – терең білімі болса, екіншісі – сол білімін оқушы бойына, санасына жеткізетін, дарытатын әдіс-тәсілі болуы қажет. «Әдіс» грек тілінен енген сөз. Оның бастапқы ұғымы «зерттеу» деген мағынаны берген, яғни «белгілі бір пәнді оқытудың әдісі» дегенді білдіреді. Сонымен қатар, әдіс дегеніміз – алдына қойған мақсатқа жету үшін мұғалімнің және оқушының жүйеленген іс-әрекеті.

Бастауыш сынып оқушыларына ағылшын тілін оқытуда әсіресе түрлі әдістер арқылы оқушыларға шетел тілін меңгерту – баланың жан дүние рухын байытатын, әлемдік білім кеңестігіне жол ашатын, бәсекеге қабілетті, заман талабына бейімделгіш жас ұрпақты тәрбиелеу болып табылады. 12 жылдық білім беруде шетел тілін бастауыштан бастап оқытудың себебі – білім негізі бастауышта қаланатындықтан және ең басты мақсаты – тілдің сапасын арттыру, яғни оқушыларға шет тілін сапалы түрде, бір-бірімен еркін қарым-қатынас жасай алу деңгейінде меңгерту талап етіледі[7].

Сөйлеу оқиғасы деп диалогтық тілдесім кезінде сөйлеу жағдаяты арқылы көрінетін дискурсты айтамыз. Сөйлеу оқиғасы деп диалогтық тілдесім кезінде сөйлеу жағдаяты арқылы көрінетін дискурсты айтамыз. Сөйлеу оқиғасы сөзбен айтылатын, сөзбен хабарланатын, яғни сөз арқылы жүретін диалогтық сөйлесу мен ым, қимыл, ишара тағы басқа көмекші құралдар арқылы сөзбен айтылған ойды демеп отыру нәтижесінде дискурстың қалыптасуы; диалогтық сөйлесу жүретін кеңістік, уақыт, жағдай, оған қатысатын серіктестер секілді екі негізгі бөліктен тұрады. Осылайша, сөйлеу оқиғасын дискурс пен сөйлеу жағдаятының қосындысы деп түсінуге болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан мектебі 2002 ж. №3.
2. Dubenets E.M. Neologisms in English language 1991 ж.
3. Ағылшын тілі мектепте 2010 ж., №1 және 2009 ж. №1.
4. Dzhabayev J.: Adventures of Kazakh akyn in the Soviet Union: Art. Materials.
5. Мудрик А.В., Воспитание в системе образования: воспитание и социализация / А.В. Мудрик // Стратегия воспитания в образовательной системе России: подходы и проблемы. – М.: Издательский сервис, 2004 ж.
6. Dale, L. and Tanner, R. CLIL activities-a resource for subject and language teacher: Cambridge University Press, 2012 ж.
7. Педагогикалық диалог. АЕО «NIS», «UNIVERSITY OF CAMBRIDGE» 2014 ж. №9.

ӘӨЖ 94

ОРТА АЗИЯДА МӘДЕНИ-РУХАНИ БІРЛІКТІҢ ДАМУЫНА ҚАРСЫ САЯСИ КҮРЕС (XIX Ғ. АЯҒЫ - XX Ғ. БАСЫ)

Калдыбаева С.С.,

ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,

Алматы қ., Қазақстан

e-mail: safurakaldybayeva@gmail.com

Андатпа. Тарихи дәстүрлерге негізделген мәдени-рухани бірліктің этномәдени әртүрлілік жағдайында аймақтық сәйкестікті өзгертуде және тұрақтылықты сақтауда дін

маңызды рөл атқарады. XIX ғасырдың екінші жартысынан Бірінші дүниежүзілік соғысқа дейінгі кезеңде Ресейдің Орта Азия, Түркістан аймағында жүргізген әкімшілік-аумақтық, саяси, этнодемографиялық және мәдени саясаты түркі халықтарын ислам өркениетінен оқшаулауландырды. Аймақтағы исламның рөлі өзгеріссіз қалғанымен Ресейдің алдында империялық кеңістікті құру үшін аумақты біріктіру міндеттері қойылды. Бұл екі негізгі дәстүрлі әдіспен жүргізілді. Олар орыс православие халқының санын көбейту және білім беру жүйесіне өзгерістер енгізу болды. Ресейдің Орта Азиядағы отарлық саясатының күшеюімен өзін түркі-мұсылмандарының «қамқоршысы» деп жариялаған Осман империясының сұлтаны Абдул-Хамид II Орта Азия мен Түркістан өлкесіндегі түркі-мұсылмандарымен бірлігін жариялауға ұмтылды.

Кілт сөздер: Орта Азия, патша үкіметі, Түркістан, дін, рухани бірлік.

Аннотация. Религия играет важную роль в изменении региональной идентичности и поддержании стабильности в условиях этнокультурного разнообразия культурно-духовного единства, основанного на исторических традициях. Административно-территориальная, политическая, этнодемографическая и культурная политика, проводимая Россией в Средней Азии, Туркестанском крае в период со второй половины XIX века до Первой мировой войны, изолировала тюркские народы от исламской цивилизации. Хотя роль ислама в регионе осталась прежней, перед Россией были поставлены задачи объединения территории для создания имперского пространства. Это было сделано двумя основными традиционными методами. Они заключались в увеличении численности русского православного населения и внесении изменений в систему образования. С усилением колониальной политики России в Средней Азии султан Османской империи Абдул-Хамид II, объявивший себя «покровителем» тюрко-мусульман, стремился провозгласить свое единство с тюрко-мусульманами в Средней Азии и Туркестанском крае.

Ключевые слова: Средняя Азия, царское правительство, Туркестан, религия, духовное единство.

Annotation. Religion plays an important role in changing regional identity and maintaining stability in the context of ethnocultural diversity of cultural and spiritual unity based on historical traditions. In the period from the second half of the XIX century to the first World War, the administrative-territorial, political, ethnodemographic and cultural policy of Russia in the region of Central Asia, Turkestan isolated the Turkic peoples from Islamic Civilization. Although the role of Islam in the region remained unchanged, Russia was faced with the tasks of uniting the territory to create an Imperial space. This was done by two main traditional methods. They were to increase the population of Russian Orthodoxy and make changes to the education system. With the strengthening of Russia's colonial policy in Central Asia, Sultan Abdul-Hamid II of the Ottoman Empire, who declared himself the «protector» of the Turkic-Muslims, sought to declare unity with the Turkic-Muslims of Central Asia and the Turkestan region.

Key words: Central Asia, Tsarist government, Turkestan, religion, spiritual unity.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Орта Азия - Ресей мен Осман империялары сияқты ұлы державалардың елдерге ықпал ету үшін күресінен туындаған ірі геосаяси өзгерістердің орталығына айналды. Осы кезеңде дамып келе жатқан әлемдік тенденцияларға қарсы тұру үшін Орта Азия халықтары өздерінің мәдени және рухани ерекшеліктерін сақтаудың жолдарын іздеді. Осыған байланысты сыртқы факторлар, әсіресе ислам діні этникалық және тілдік топтарға қарамастан, жергілікті халықтың мәдени және рухани бірлігін сақтауда шешуші рөл атқарды.

Ислам діні және оның институттары атап айтқанда, медреселер, сопылық пен мешіттер қоғамдағы халықтың рухани тірегі ғана емес, сонымен бірге білім беру, мәдени дәстүрлерді беру және шоғырландыру алаңына айналды. Бұл шаралар Орта Азия халықтарын біріктіретін бірегей құндылықтар жүйесін дамытуға ықпал етті. Өзін мұсылман әлемінің қорғаушысы

ретінде жариялаған Осман империясы түркі-мұсылман халықтарымен өзара әрекеттесу қарым-қатынасын діни бірлік пен мәдени ынтымақтастыққа негіздеп, мұсылман қауымдастықтарын қолдауға, Орта Азия халықтары мен Османлы жерлері арасында қалыптасқан байланыстарды қалыптастыруға бағытталған саясатты ұстанды.

Тарихи дәстүрлерге негізделген мәдени-рухани бірліктің этномәдени әртүрлілік жағдайында аймақтық сәйкестікті өзгертуде және тұрақтылықты сақтауда дін маңызды рөл атқарады. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы Орта Азияның ежелгі тәжірибесін зерттеу қазіргі мәдени бірліктің тарихи тамырларын түсінуді тереңдетіп қана қоймай, мәдениетаралық келісімді сақтау үшін маңызды сабақтар алуға мүмкіндік береді. Бұл біздің мақала тақырыбымыздың өзектілігін айқындайды.

Зерттеу жұмысымыздың мақсаты - XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы Орта Азияның мәдени-рухани бірлігінің біртіндеп өзгеруіне ішкі және сыртқы факторлардың әсер етуін бағалау. Алдымызға қойылған зерттеу мақсатының негізінде келесідей міндет қойылды: Орта Азия халықтарының тарихи-мәдени жағдайы мен мәдени-рухани бірлікті нығайтудағы исламның рөлін анықтау.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап Ресей империясы Ресейдің мемлекеттік бірлігі принципіне басымдық беріп, «бұратаналарға» орыс өркениетін таныстыруды, ал болашақта оларды орыстармен кіріктіруді мақсат етті. Сонымен қатар ислам дінін қабылдауға мүмкіндік беретін, бірақ оның таралуы мен нығаюына кедергі келтіретін шектеулі төзімділік доктринасын қалыптастырды. Бұл идеология сол жылдары қалыптасқан православиелік консерватизмді қорғау саясатының тұжырымдамасында жүзеге асырыла бастады. Ресейдің Түркістандағы XIX ғасырдың екінші жартысынан Бірінші дүниежүзілік соғысқа дейінгі кезеңі әкімшілік-аумақтық, саяси, этнодемографиялық, экономикалық және мәдени өзгерістермен сипатталды. Аймақтағы исламның рөлі өзгеріссіз қалғанымен Ресейдің алдында империялық кеңістікті құру үшін аумақты біріктіру міндеті тұрды. Осы мақсатқа жету үшін екі негізгі дәстүрлі әдіс қолданылды: орыс православие халқының санын көбейту және білім беру жүйесі арқылы халықты орыстандыру (кейіннен орыстану). Орыстандыру, әдетте православиелік христиандықты қамтыды. Түркістан (Орта Азия) үшін ерекше жағдай жасалды, себебі патша үкіметі исламның бұл аймаққа «ұзақ және ұзақ уақытқа» келгені және онымен дайындықсыз және атты әскермен күресу мүмкін болмайтынын анық түсінді. Ресейде «мұсылман мәселесі» өзекті мәселеге айналды. Оның өршуіне ішкі және сыртқы саясаттың бірнеше факторлары ықпал етті. [1, 43-44 б.]

Түркістан генерал-губернаторлығына келген К.П. Кауфман «бұратана» көшпелі халықты мұсылманданған отырықшы тұрғындарының діни ықпалынан шығару үшін мұсылман араб алфавитін орыс транскрипциясына ауыстыру қажет. Егер қазақ халқы ресейлік білім беру жүйесіне айтарлықтай көлемде тартылса отырықшы мұсылмандарға сарт, тәжік, татарларға консерваторлар мен реакционерлер атағын «таңып», еуропалық білім алған, «орыстанған саяси адал» қазақтарды отырықшы мұсылмандарға қарсы қою мүмкіндігі болар еді. [2, 19 б.] Қырғыздар, қазақтар, түркмендер, қарақалпақтар, тәжіктер, яғни Орта Азияның түркі-мұсылман халықтары ислам дінінің дәстүрлерін белгілі бір дәрежеде ұстанып, өздерін мұсылман ретінде көрсетті. Тиісінше, осы халықтар арасында қазақ халқы ешқашан да әлемде діни фанатизіммен танылған жоқ. Ислам дінінің негізгі міндеттерінің бірі болған қажылықты уақыт өте Ресей билігі мемлекеттік саясатпен байланыстырды. [3, 138 б.]

Орта Азиядағы Ресей әкімшілігінің құрылуы жергілікті, негізінен конфессиялық білім беру жүйесіне әртүрлі әсер етті. 1879 жылы Түркістан мұғалімдер семинариясы құрылды, ол 1884 жылдан бастап «бұратаналардың» балалары үшін бұрынғы Қоқан хандығының аумағында ашыла бастаған «орыс-жергілікті» мектептеріне мұғалімдер дайындады. Олардың алдына екі жақты міндет қойылды: біріншіден, жергілікті халықтың балаларынан орыс тілін меңгерген кадрларды даярлауды қамтамасыз ету; екіншіден, оқытудың конфессиялық ерекшелігін сақтау. «Жергілікті-орыс» мектептерден басқа, патша әкімшілігі уездік орыс және приходтық мектептер арқылы жергілікті халыққа зайырлы білім беруді ұйымдастыруға тырысты. XIX ғасырдың аяғынан бастап аймаққа мұсылман және жалпы білім беретін

пәндерді оқытумен қатар Еділ татарлары бастауымен болған джадидизмнің ұлттық-діни идеологиясын біріктірген медреседе (усул әл-джадид) конфессиялық оқытудың жаңа әдісі де ене бастады. Өлкеде жергілікті мерзімді баспалар пайда болды. «Жергілікті-орыс» және «орыс» мектептері сондай-ақ жаңа медреселер ұлттық буржуазия мен зияткерлік элитаның қалыптасуына әкелді. Жергілікті мерзімді басылым беттерінде зиялы қауым өкілдері жергілікті халықтардың (өзбектердің, тәжіктердің, қырғыздардың және бұрынғы Қоқан хандығы тұрғындарының) ұлттық-мәдени мәселелерін көтере бастады. [4, 92 б.]

Түркістан өлкесінің мұсылмандарының бірігуі процесіне жол бермеу мақсатында Ресей үкіметі XIX ғасырдың 80-90 жылдарында қабылдаған шаруаларды қоныстандыру сияқты іс-шаралары айтарлықтай әсер етті. 1894 жылдан бастап Бұхара әмірлігінің Ресей бодандығына кіргеннен кейін әмірліктің оңтүстік шекараларында Кеден одағы мен Ресейдің шекара гарнизондары орналастырылды. Бұл Орта Азияның ислам өркениетінің қалған бөлігінен оқшаулауландырды. [5, 195 б.]

Ресейдің Орта Азиядағы отарлық экспансиясы XIX ғасырдың екінші жартысында күшейе түссе, ал Осман империясындағы ішкі саяси биліктегі өзгерістер яғни Сұлтан Абдул Хамид II-нің билікке келуімен Исламдық ынтымақтастық идеясы ежелгі саяси қарсыласы Ресей империясына қарсы қолдану басымдыққа ие бола бастайды. Ресейдің отаршылдық әкімшілігі аймаққа келгенге дейін Түркияның ұстанымдары салыстырмалы түрде әлсіз болғанымен Орта Азия хандықтары түрік сұлтанына барлық діндарлардың билеушісі халиф атағын тануға асықпады. Балқан мен Кавказдағы орыс-түрік қақтығысынан кейін, әсіресе XIX ғасырдың ортасындағы Қырым соғысынан кейін, Осман империясы Ресейге қарсы саяси қысым жасау құралы ретінде Орта Азия аймағындағы мұсылмандарға отаршылдық саясатқа қарсы қолдауларын көрсетуге тырысты. Діни үгіт-насихат жұмыстары аймақтағы этникалық топтарды діни қауымдастықтың орталығына біріктіру негізінде жүргізді. [6, 81 б.]

1898 жылғы Андижан көтерілісінің себептерін зерттеген генерал Н.И.Корольковтың төрағалығымен өткен үкіметтік комиссия: «түрік ықпалының болғандығына соңғы кездері белгілі бір мақсаттары мен тиісті құжаттары жоқ түрік субъектілерінің жиі пайда болуы және олар түріктердің гректерді жеңгені туралы жазылған иллюстрацияланған Константинопольдік басылымдарды халыққа тарату үшін Түркиядан жіберілді деп тұжырымдайды. Комиссия түрік сұлтаны Түркістан мұсылмандары арасында бірлескен үгіт-насихат жүргізу үшін Ауған әмірлігімен байланыс орнатқанын ерекше атап өтті. Түркістан генерал-губернаторы С.М.Духовской 1899 жылы 22 ақпанда соғыс министрі А.Н. Куропаткинге Түрік эмиссарлары Андижан наразылығында маңызды рөл атқарды және оларды Стамбулдағы арнайы мекемелер дайындады деп жазды. [7, 128 б.] Меккеге қажылыққа баратындарға араб әріпімен жазылған кітаптарды, оның ішінде Түркияда басылған басылымдарды әкелуге тыйым салынды. Патша үкіметінің алаңдауына біріншіден, белгісіз мазмұндағы кітаптар жергілікті халыққа кері әсер тигізуі мүмкін деген, екіншіден, сол кездегі орыс-түрік арасындағы қайшылықтар мұсылмандардың діни бір түркілерді қолдауға алып келеді деген қорқыныштары та жоқ емес еді. [8, 112 б.]

Осман империясы мәдениеті мен салт-дәстүрі, діни мен тілі бір түркі халықтарымен жақындасуда жаңа қадамдар жасай бастады. Ендігі жерде, туыс елдермен қарым-қатынасты жақсартуда ислам діни алға шықты. Түркі халықтарының басым бөлігі орналасқан Орта Азия мемлекеттерімен байланыс саяси, елшілік дәрежесіндегі қатынастан дін, оқу, білім, мәдени қарым-қатынастық сипатқа ие бола бастады. Тарихы бір туыс халықтар арасын ислам діни жақындастыра түсті және бұл жағдай түрікшілдік, ұлтшылдық және панисламизм ұстанымдарының астасып кетуіне алып келді. [9, 482 б.]

Қарастырылып отырған кезеңде мұсылман қауымының ішіндегі саяси және рухани құбылыстардың шиеленісуі Ресей империясы билеушілерінің алаңдаушылығын тудыра бастады. Мемлекеттік билік мұсылман аудандарында сепаратистік толқулардың алдын алу мақсатында Ресейдің отарлық мұсылман елдерінде құқықтық тәртіп органдарының қызметін ұйымдастыру, Ирандағы 1905-1907 жж., Осман империясындағы 1908-1909 жж. революциялардың Ресейдегі мұсылман қозғалыстарымен байланыстарын тексеру және

«тазалау» жұмыстарын жүргізді. Империяның «қауіпті» аймақтарының бірі – Түркістан болды. Сондықтан да Ресей үкіметінің ішкі істер министрлігінің жалпы «мұсылман мәселесі» деген атпен сұрақтарды жігі бақылауда ұстады. [10, 92 б.] ХХ ғасырдың басында Осман империясы Орта Азия түркілерімен бірлесу және олармен саяси салада әрекеттесудің басты принциптеріне мәдени, рухани және саяси идеологиялық факторларды қойды. Себебі, Осман империясындағы ішкі саяси дағдарысқа байланысты жаңа реформа қажеттілігі күн тәртібінде тұрды. Жаңа мемлекеттік саяси идеология төңірегіне топтастыру үшін Түркия Орта Азия мен Түркістан өлкесіндегі түрік мұсылмандарымен бірлігін жариялауға ұмтылды. [11, 193 б.]

Қорытындылай келе, қазіргі Орталық Азия елдеріндегі ислам діні 1865 - 1917 жылдар аралығындағы кезеңге ұқсас күрделі саяси әрі діни процестерді бастан кешіруде. «Әулиелерге» табыну, «қасиетті жерлерге» қажылық күшейіп, исламдық дәстүр жандануда. Бұл тарихи процест күрделілігін Ресейдің құқықтық мұрагері ретінде танылатын Орта Азиядағы (Түркістандағы) патшалық және кеңестік «империялар» кезеңін объективті зерттеу арқылы ғана түсінуге болады. ХХ ғасырдың басындағы «біртұтас Түркістан» жобасының дамуы түркі халықтарының мәдени-діни бірлігіне бағдарланды. 1924 жылы Түркістан этноұлттық республикаларға бөлінгенімен олар түркі әлемінің бірлігі идеясының сабақтастығын сақтады.

Әдебиеттер тізімі

1. Котюкова Т. В. Туркестан в дискурсе фронтальной модернизации Российской империи в конце XIX – начале XX в. // Ислам в современном мире. 2015, №11 (1)
2. Лысенко Ю. А. Религиозная политика как механизм закрепления имперских позиций России в Туркестанском крае (вторая половина XIX – начало XX в.) // Вестник Томского Государственного Университета, 2012 г. Серия: История, №4 (20)
3. Абдукадыров Н.М., Найманбаев Б.Р., Калдыбаева С.С. Осман империясы мен Орта Азия халықтары арасында мәдени және рухани байланыстардағы қажылықтың рөлі (XIX-XX ғғ.) // Қазақ ұлттық университеті Хабаршысы, Тарих сериясы, 2024, №2 (113)
4. История Востока: В 6 т. Т. 4. Восток в новое время (конец XVIII — начало XX в.): Кн. 2 / Отв. ред. Л.Б.Алаев и др. - 2005. - 574 с.
5. Лысенко Ю. А. Религиозная политика как механизм закрепления имперских позиций России в Туркестанском крае (вторая половина XIX – начало XX в.) // Вестник Томского Государственного Университета, Серия: История, 2012, №4 (20)
6. Ермекбаев А.А., Киікбай М.К., Абжапарова Л.Ж. Қазақ ұлттық университеті Хабаршысы, Халықаралық қатынастар және халықаралық құқық сериясы. 2022, №2 (98)
7. Салиев А. А. Религиозная составляющая политики Османской империи в Средней Азии в XIX – начале XX вв. История: факты и символы. 2019, № 1 (18)
8. Смағұлова С. О. «Қазақ» газетіндегі қажылық мәселесі // Отан тарихы, 2015, №3.
9. Динашева Л. С., Каттабекова Н. К., Жахангир Ю. XIX ғ. соңы - XX ғ. басында Осман империясы мен Ресей түркілеріндегі діни және зайырлы білім реформалары // Ясауи университетінің хабаршысы. 2023. №1 (127)
10. Котюкова Т.В. «Мусульманский вопрос» в документах Туркестанского районного охранного отделения 1907–1917 гг. С. 92 //РАХ ISLAMICA 1-2 (8-9)
11. Абдукадыров Н.М., Мулдахметова Ж.И., Осман империясының Орта Азиядағы саясатының рухани идеологиялық бағыттары (XXғ.басы) // Қазақ ұлттық университеті Хабаршысы, Тарих сериясы, 2022, №1 (104)

ТҮРКІ МИФОЛОГИЯСЫНДАҒЫ «ӘЙЕЛ» ОБРАЗДАРЫНЫҢ СИПАТЫ

Кенжебулатова А.М.,

аға оқытушы,

К.Кулажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті

Астана қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақала түркі мифологиясы, соның ішінде қазақ фольклорындағы «әйел» образына байланысты концептілік ұғымдарды анықтап, зерделеуге бағытталған. Бұл ретте көне түркі мифологиялық «әйел» образдарды анықтай отырып, олардың қазіргі «әйел» концептілерін қалыптастырудағы функцияларын ажыратуға тырыстық. Мақалада «әйел» образын сипаттайын концептілік құрылымдарды саралай келе, зерттеу объектісіне алынған тақырып аясында өзіндік тұжырымдар мен нәтижелерге қол жеткіздік.

Түйінді сөздер: түркі мифологиясы, қазақ фольклоры, әйел образы, концептуалды ұғымдар, мифологиялық бейнелер, әйел концептілері, көне түркі мифологиясы, әйел тұлғасы, мәдени құндылықтар, фольклорлық зерттеулер.

Аннотация. Целью статьи является выявление и изучение концептуальных концептов, связанных с образом «женщины» в турецкой мифологии, в том числе казахском фольклоре. В то же время, определяя древнетюркские мифологические «женские» образы, мы попытались выделить их функции в формировании современных «женских» концепций. Анализируя концептуальные конструкции, описывающие образ «женщины» в статье, мы пришли к собственным выводам и результатам в рамках темы объекта исследования.

Ключевые слова: тюркская мифология, казахский фольклор, образ женщины, концептуальные понятия, мифологические образы, женские концепты, древнетюркская мифология, женская фигура, культурные ценности, фольклорные исследования.

Annotation. The purpose of the article is to identify and study conceptual concepts associated with the image of “woman” in Turkish mythology, including Kazakh folklore. At the same time, by defining ancient Turkic mythological “female” images, we tried to highlight their functions in the formation of modern “female” concepts. Analyzing the conceptual constructs that describe the image of a “woman” in the article, we came to our own conclusions and results within the framework of the topic of the research object.

Keywords: Turkish mythology, Kazakh folklore, image of woman, conceptual concepts, mythological images, female concepts, ancient Turkic mythology, female figure, cultural values, folklore studies.

Бүгінгі таңда, түркі әлеміндегі әйел образының ғалымдар тарапынан сараланған, мифтен, фольклордан, әдеби жәдігерлерден, орта ғасыр, хандық дәуірдегі әдебиеттен, қазіргі әдебиеттен ойып орын алатындай ғылыми негізделген сипаттары қалыптасты. Мақаладағы мақсатымыз осы образдардың, яғни Ақ ана, Үкок, Ұмай ана, Сары қыз, Хума, Асена ханшайым, Айызыт ханшайым, Аргы хатун, Томирис, Зарина ханшайым, Елбілге хатун, Жаныл мырза, Дарика қыз, Суйумбике хатун, Құрманжан Датқа, Теркен ханшайым, Бурла хатун, Бөрте және т.б. әйел бейнелерінің ортақ концептілерін анықтап, ортақ белгілерін, өзіндік ерекшеліктерін ажыратып, әдеби айналымға енгізу болып табылады. Тарихтан белгілі жайттардың барлығы түркі әлемінде әйелдің орны ерекше болғандығын байқатады. Сол себепті көне түркіден бүгінге дейінгі түркі халықтары, соның ішінде қазіргі қазақ, түрік әдебиетіндегі әйелдер бейнесін айшықтап көрсету түркілік бірегейлігімізді анықтауға негіз болады. Бұл ретте мақаламызға зерттеу материалы ретінде ежелгі түркілік аңыз әпсаналар, көне түркілік әдеби жәдігерлер, қазақ және түрік әдебиетіндегі «әйел» образын сипаттай отырып, концептілік негіз қалыптастыратын көркем шығармаларды қолдандық. Мақалада салыстырмалы, тарихи әдістермен қоса, «әйел» концептісін когнитивтік тұрғыдан талдау

барысында герменевтикалық, әдебиеттанушылық, тілтанымдық, мәдениеттанушылық, әлеуметтанушылық әдіс-тәсілдер де қоланылды.

Түркі әлемін терең зерттеген тарихшы-ғалым Лев Гумилев «Көне түріктер» деген іргелі еңбегінде «Түркілер әйелдерді сал-серілердей қатты құрметтейтін. Баласы үйге кіргесін әуелі шешесіне иіліп, тәжім еткен, содан кейін барып әкесіне сәлем берген. Орхон жазуында да апақарындастары қалып қойып, оларға ажал қаупі төнгенде, Күлтегіннің оларды жанқиярлықпен қорғап қалғаны зор шабытпен жырланады. Түркілерде анасының шыққан тегіне айрықша мән берген» [Гумилев, 1994]- деп жазады. Тарихтан белгілі жайттардың барлығы түркі дүниесінде әйелдің орны ерекше болғандығын байқатады. Сол себепті көне түркіден бүгінге дейінгі түркі халықтары, соның ішінде қазақ, түрік әдебиетіндегі әйелдер бейнесін айшықтап көрсету мақаламызға негіз болды.

Жаһанданудың Қазақстанға әсерін мәдениетаралық және көптілді коммуникацияның өсіп келе жатқан маңыздылығынан көруге болады. Мәдениеттер мен тілдер арасында тиімді қарым-қатынас жасау қабілеті Қазақстан халқы үшін экономикалық жағынан да, әлеуметтік жағынан да табысқа жетуге мүмкіндік береді. Себебі мәдениетаралық, этносаралық қарым-қатынас дағдыларына деген қажеттілік күн өткен сайын өсуде. Әсіресе әртүрлі мәдени дәстүрлер мен тілдер қатар өмір сүретін Қазақстан сияқты көпэтносты елімізде өте маңызды. Сондықтан ұрпақтарымыздың бойында дәстүрлі құндылықтарымызды сақтай отырып, жаһандық азаматтық тұлға ретінде қалыптастырып, тәрбиелеуге мән беруіміз тиіс.

Қорытындылай келе айтарымыз, Қазақстандағы диалог мәдениеті халқымыздың әртүрлі топтары арасындағы қоғамдық сенімді, ынтымақтастық пен өзара түсіністікті қалыптастыруда маңызды[8].

Қазақстандағы диалог мәдениетін зерттеу бірнеше себептер бойынша өзекті. Біріншіден, жаһандану және технологиялық прогресс сияқты заманауи әлеуметтік өзгерістер адамдар арасындағы байланыс пен өзара әрекеттесудің жаңа қиындықтарын тудырады. Диалог мәдениетінде қандай өзгерістер болып жатқанын және қазіргі қоғам жағдайында қандай бейімделу стратегиялары қолданылатынын зерттеу маңызды.

Екіншіден, диалог мәдениеті әртүрлі әлеуметтік мәселелер мен қақтығыстарды шешуде шешуші рөл атқарады[9]. Тақырыпты зерттеу қақтығыстардың себептерін анықтауға және оларды диалог пен өзара түсіністік арқылы шешудің жолдарын табуға көмектеседі.

Үшіншіден, Қазақстандағы диалог мәдениеті демократиялық процестер мен азаматтық қоғамды дамыту үшін аса маңызды. Тиімді диалог дағдылары азаматтардың шешім қабылдауға қатысуына, қоғамдық басқаруды жақсартуға және демократиялық институттарды нығайтуға ықпал етеді.

Жалпы, Қазақстандағы диалог мәдениетін зерттеу көпұлтты қоғамдағы коммуникация ерекшеліктерін жақсы түсінуге, диалог мәдениетін дамыту үшін сын-қатерлер мен мүмкіндіктерді анықтауға, сондай-ақ адамдардың әртүрлі топтары арасындағы өзара іс-қимыл мен өзара түсіністікті жақсарту үшін практикалық ұсынымдар ұсынуға мүмкіндік береді[10].

Әдебиеттер тізімі

1. Ахметова, А. С. «Диалог мәдениеті: теориясы мен тәжірибесі» — Алматы: Қазақ университеті, 2017.
2. Кенжебаева, Р. К. «Қазақстан қоғамындағы көпмәдениеттілік және диалог мәдениеті» — Астана: Елордалық университет, 2018.
3. Қарағұлова, Б. Е. «Қазақ мәдениетіндегі тіл және диалог» — Алматы: Ғылым, 2016.
4. Досмұхамедова, Ә. К. «Көпмәдениетті қоғамдағы коммуникация: теория және практика» — Алматы: Қазақ университеті, 2019.
5. Тұяқова, А. Ж. «Қазақстандағы этномәдени диалог: әлеуметтік аспектілер» — Алматы: Қазақ университеті, 2020.
6. Сүлейменова, Г. С. «Қазіргі Қазақстандағы мәдениаралық диалог мәселелері» — Астана: Фолиант, 2018.
7. Рахимова, Р. А. «Мәдениетаралық коммуникация: Қазақстанның көпұлтты қоғамы» — Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2021.
8. Мұхамбетова, Ж. С. «Қазақ тілінің қазіргі жағдайы мен даму мәселелері» — Алматы: Қазақ университеті, 2017.
9. Шамшадинова, Ш. М. «Диалог мәдениетінің қазақ қоғамындағы орны» — Алматы: Дәуір, 2020.
10. Нұрмағанбетова, А. Т. «Қазіргі қазақ қоғамындағы тілдік диалог: әлеуметтік және мәдени аспектілері» — Алматы: Қазақстан, 2022.

ӘОЖ 94(574), 929

ТУҒАН ӨЛКЕМНІҢ МАҚТАНЫШЫ «ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ КЕРЕМЕТІНЕ» КІРГЕН ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТУТАНХАМОН

Немасипова К.И.,

тарих пәнінің мұғалімі, магистр

Қ. Орымбетов атындағы орта мектебі,

Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Қаракемер кенті

e-mail: kamshat09@mail.ru

Андатпа. Өткен өмір, кешегі күн бүгінгі-тарих. Тарих-халықтың, елдің, әр адамның өткен өмірінің айнасы. Біз өзіміздің тарихымыздың әр алуандығымен және ұлылығымен қосып айыуымыз керек. Қазақстан тамыры терең жайылған ұлы тарихы бар ел екенін көрсетейтін мәселесі қарастырылған.

Түйін сөздер: жауынгер, өлкетану, археология, қорған.

Аннотация. Прошлая жизнь, вчерашний день сегодня-история. История-зеркало прошлой жизни народа, страны, каждого человека. Мы должны соединиться с разнообразием и величием нашей истории. Речь идет о том, чтобы показать, что Казахстан-страна с великой историей, имеющая глубокие корни.

Ключевые слова: воин, краеведение, археология, Курган.

Annotation. Past life, yesterday today-history. History is a mirror of the past life of a people, a country, every person. We must add to the diversity and grandeur of our history. The issue of showing that Kazakhstan is a country with a great history with deep roots is considered.

Keywords: warrior, local history, archeology, Kurgan.

«Өз елін сүймеген адам,
еш нәрсені де сүйе алмайды»
Байрон.

Туған жер – адам өміріндегі киелі орын. Міне, сондықтан да балалық шақтан бастап-ақ адамда отанға деген махаббат сезімі оянады. Әрбіріміз үшін Отан ошақ басынан басталады: туған жер, туған көше, туған қала. Мен үшін аса қымбат жер туған ауылым. Дәл осы жерде менің көңілді де, шаттықты, уайымсыз күндерім өтуде.

Менің ойымша, адам баласы үшін туған өлкесінен артық еш нәрсе жоқ. Себебі, бұл мен түгелі аялаған анамыз, қолпаштаған әкеміз, туған - туыс, жора - жолдастың кіндігінен қан тамған туып өскен жеріміз. Егер менен сен не үшін туған өлкеңді сүйесің деп сұраса, мен мүдірместен Мұқағали атамыз айтқандай күн мен түнін, қыбырлаған жәндігіне дейін сүйемін дер едім.

Н.Ә. Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында өзге елдердің туған жерінің тарихын қалай дәріптейінін көрсеткен еді. Мысалы «Шын мәнінде, немістердің, италиялықтардың немесе үнді халықтарының жылнамасына көз жүгіртсек, олардың мыңдаған жылды қамтитын төл тарихындағы ұлы жетістіктерінің дені осы елдер қазір мекен етіп жатқан аумақтарға қатыстылығы жөнінде сұрақ туындайтыны орынды. Әрине, ежелгі Рим деген қазіргі Италия емес, бірақ италиялықтар өздерінің тарихи тамырымен мақтана алады. Бұл – орынды мақтаныш. Сол сияқты, ежелгі готтар мен бүгінгі немістер де бір халық емес, бірақ олар да Германияның мол тарихи мұрасының бір бөлшегі. Полиэтникалық бай мәдениеті бар ежелгі Үндістан мен бүгінгі үнді халқы тарих толқынында үздіксіз дамып келе жатқан бірегей өркениет ретінде қарастыруға болады. Бұл – тарихқа деген дұрыс

ұстаным. Сол арқылы түп-тамырымызды білуге, ұлттық тарихымызға терең үңіліп, оның күрмеулі түйінін шешуге мүмкіндік туады. Қазақстан тарихы да жеке жұрнақтарымен емес, тұтастай қалпында қазіргі заманауи ғылым тұрғысынан қарағанда түсінікті болуға тиіс. Оған қажетті дәйектеріміз де жеткілікті», - деген еді [1, 32б.]. Туған жерге ондағы баға жетпес құндылықтарды қалай мақтанышпен айтыпаймыз. Осыған орай өзімнің туып өскен өлкем Еңбекшіқазақ ауданым жайлы айтқым келіп отыр. Жетісудің жеті кереметінің бірі деп мен – өз ауданым Еңбекшіқазақты айтар едім. Еңбекшіқазақ ауданың Есік қаласында бүткіл әлемге танымал «Алтын адам» мүрдесі табылған. Н.Ә. Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында: «Біздің түп-тамырымызға жаңаша көзқараспен қарауға жол ашып, әлемдік ғылым үшін сенсация саналған жаңалық – 1969 жылы Қазақстанның Есік қорғанынан табылған, өнертанушы ғалымдар арасында «қазақстандық Тутанхамон» деген атқа ие болған «Алтын адам». Бұл жауынгер талай тылсым құпияның бетін ашты. Біздің бабаларымыз әлі күнге дейін өзінің асқан көркемдігімен тамсандыратын аса жоғары деңгейдегі көркем дүниелер жасаған. Жауынгердің алтынмен апталған киімдері ежелгі шеберлердің алтын өңдеу техникасын жақсы меңгергенін аңғартады. Сонымен бірге бұл жаңалық Дала өркениетінің зор қуаты мен эстетикасын әйгілейтін бай мифологияны паш етті. Дала халқы өз көсемдерін осылайша ұлықтап, оның мәртебесін күн секілді құдірет деңгейіне көтеріп асқақтатқан. Қорымдағы сән-салтанатты жасау-жабдықтар ежелгі бабаларымыздың зияткерлік дәстүрлерінен де мол хабар береді. Жауынгердің жанынан табылған күміс кеселердің бірінде ойып жазылған таңбалар бар. Бұл – Орталық Азия аумағынан бұрын-соңды табылған жазу атаулының ішіндегі ең көнесі», - деп көрсеткен [1, 56б.]. Осындай ұлы жәдігерлер табылған жер Есік қаласында «Алтын адам» музейі де салынған.



Жас ерекшеліктеріне сай әр жылы «Өлкетану» бағдарламасы бойынша өз оқушыларымды ауданымыздың тарихи жерлерін көрсету мақсатында, экскурсия ұйымдастырамын.

Қазақстандық археологтар бұл ханзаданың қабірін 1969 тапты. 1992 жылы 13-тамызда Тұңғыш Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Алтын адам» шыққан Есік қаласына арнайы іс сапармен келген. Көрмені көріп, алтын адам шыққан жерді аралап тарихымен таңысты.



Қабір ағаш қақпақпен жабылып, темір құрсаулармен бекітілген, еденіне тақтай төселген, ал адам қойылатын жеріне алтын жапсырмалармен безендірілген төсеніш салынған. Алтын адам киімі 4 мыңға жуық алтын әшекейлермен безендірілген. Әшекейлер барыс, бұлан, таутеке, арқар, ат, түрлі құс бейнелерін беретін “хайуанат нақышында” жасалған. Бас сүйектің сол жағынан жаһұт тастармен әшекейленген алтын сырға табылды. Бас киімі кейінгі қазақ киімі үлгілеріне ұқсас, биік, шошақ төбелі, ұзындығы 70 см шамасында. Мойнында дөңгелек жүзік сияқты алтын алқа, іш көйлегі, көкірегінің тұсы, жеңі алтын тоғалармен өрнектелген, саусағында екі алтын жүзік, камзолы құрастырылмалы ауыр белбеумен буылған. Белбеуге аңға ұқсас бейнелер, 16 тоға жапсырылған, оң жағында қызыл қынапты ұзын семсер, сол жағында алтын пластиналар жапсырылған қынға салынған темір қанжар — ақинақ, шалбар балағы да алтын тоғалармен әшекейленген.

Қорған қазбалары Қазақстанды Vғ. мекен еткен ежелгі тайпалардың мәдениеті, өнері, діні жайлы құнды деректер берді [2, 42 б.].

Киім үлгісі, жерлеу рәсімі, Алтын адамның Жетісу жерін мекендеген сақтардың көрнекті елбасының ұлы немесе жас көсем, әскербасы екенін айқын көрсетеді [3, 26 б.].

Көне дәуірдегі материалдық мәдениет, өнер, мифология, т.б. салалардан мол дерек беретін Алтын адам сол кездегі сақтарда мемлекеттік өркениет ертеден қалыптасқанын дәлелдейді.

Алтын адам – Қазақстанның азаттық символына айналды. Оның тұлғасы Алматының бас алаңына орнатылды, төбе бөркіндегі қанатты тұлпарлар бейнесі елтанбамызға енді [4, 89 б.]. Есік қаласы десе Алтын адам ғана емес, әсем жерлерімен, сұлу табиғатымен аты шыққан қаншама киелі де қасиетті жерлер кездеседі.

Қорыта келгенде Н.Ә. Назарбаев айтқандай: «Мұның бәрі тұтаса келгенде халқымыздың ұлттық бірегейлігінің мызғымас негізін құрайды. Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуі – неше ғасыр өтсе де бізді кез келген рухани

жұтандықтан сақтап, аман алып шығатын символдық қалқанымыз әрі ұлттық мақтанышымыздың қайнар бұлағы. Ол – ұлттық бірегейлік негіздерінің басты элементтерінің бірі. Сондықтан, мыңжылдық тарихымызда біз алғаш рет осындай ауқымды жобаны жасап, жүзеге асыруға тиіспіз».

Әдебиеттер тізімі

1. Н.Ә. Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы 2018 жыл 21 қараша
2. Айбын. Энциклопедия. / Бас ред. Б.Ө.Жақып. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. - 880 бет.ISBN 9965-893-73-X
3. Акишев А. К. «Костюм „Золотого Человека“ и проблема катафрактария».
4. Акишев К. А., Акишев А. К. «Происхождение и семантика иссыкского головного убора». — («Археологические исследования в Казахстане». Алма-Ата, 1979. деген кітабінде.)

ӘӨЖ 94(574)

ИСЛАМ ДІНІ ЖӘНЕ МУЗЫКА МЕН БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ

Орынтаева Э.О.,

тарих магистрі, аға оқытушысы,

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті

Шымкент, Қазақстан

e-mail: ms.El77@mail.ru

Оспанова Н.О.,

тарих магистрі, аға оқытушысы,

«90 дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-гимназиясы»,

Шымкент қ., Қазақстан

Аңдатпа. Орталық Азияға Ислам дінінің енуімен мемлекеттік дін ретінде қабылдануы жергілікті халықтардың негізгі дініне айналып өнер тарихында қолданбалы-өрнек өнері мен діни сәулет өнерінің кең дамуы орын алды. Бірақ, өрнек өнері ежелгі бейнелеу дәстүрінің шеңберінен аса алмады. Діни сәулет өнерінің ортағасырлық сәулет және бейнелеу өнерінің туындылары үлкен жетістіктерге жетіп қана қоймай жаңа кескіндеме өнерінің негізін қалады.

VII-XIII ғасырлардың аралығында Мауренахр аймағында жаңа Саманид, Қарахан, ганзевит және Ануштегіндер әулиеті негізін қалаған хорезмшахтығы мемлекеттік бірлестіктері құрылды. Бұл кезеңде гректік ғылыми-фәлсафалық мектеп, араб жағрафиясы, парсы тарихы мен ортазиялық медицина және математика мектептері орнықты. Осылайша ортағасырларды Орталық Азияда Мерв, Бұхара, Самарқанд, Үргеніш, Фараб, Яссы, Испиджаф, Баласағұн т.б. қалалар ғылым мен өркениеттің әлемдік орталықтарына айналды.

Түйін сөздер: религия, мифология, сюжет, фольклор, секта, мәдениет, музыка, ритмика, пластика, геральдика.

Аннотация. С вступлением ислама в Центральную Азию, принятие его в качестве государственной религии стало основной религией коренных народов, в истории искусства произошло широкое развитие прикладного искусства и религиозной архитектуры. Но искусство выражения не выходило за рамки древней изобразительной традиции. Произведения религиозной архитектуры средневековой архитектуры и изобразительного искусства не только достигли больших успехов, но и заложили основу для нового искусства живописи.

В период с VII по XIII века в районе Мауренахра были созданы государственные объединения хорезмшахтов, основанные святыми новыми Саманидами, Караханом, ганзевитом и Ануштегеном. В этот период утвердились греческие научно-философские школы, арабская география, персидская история и среднеазиатские Школы медицины и математики. Таким

образом, в Средней Азии города Мерв, Бухара, Самарканд, Ургенш, Фараб, Яссы, Испиджаф, Баласагун и др. стали мировыми центрами науки и цивилизации.

Ключевые слова: религ, мифология, сюжет, фольклор, секта, культура, музыка, ритмика, пластика. геральдика.

Annotation. With the introduction of Islam in Central Asia, the adoption of Islam as the state religion became the main religion of local peoples in the history of art, a wide development of Applied and expressive art and Religious Architecture took place. But the art of expression could not go beyond the ancient fine tradition. The works of medieval architecture and Fine Art of religious architecture not only achieved great success, but also laid the foundation for a new art of painting.

Between the VII and XIII centuries, the state associations of the khorezmshakhty were formed in the Maurenahr region, founded by the new Samanid, Karakhan, ganzevit and anushtegin Saints. During this period, the Greek scientific and falsafi school, Arabic geography, Persian history and Central Asian Schools of Medicine and mathematics were established. Thus, during the Middle Ages in Central Asia, the cities of Merv, Bukhara, Samarkand, Urganish, Farab, Iasi, Ispijaf, Balasagun, etc. became world centers of Science and civilization.

Keywords: religiosity, mythology, plot, folklore, sect, culture, music, rhythmic, plasticity, heraldry.

Араб халифаты кезеңінде Орталық Азияның халықтары мәдениетінің барлық саласында мұсылман діні негізгі дін болды. Мұсылман діні жайында религиялық әдебиеттің жанры болып табылатын «қасиетті» құран кітапта толық жазылған. Бұл религия VII ғасырда Арабияда Мұхаммадтың кезінде пайда болған (шамамен 570-632 ж). Құранда адамдар, табиғат жайында және көптеген шынайы тарихи религиялық мифтер мен аңыздар жазылған. Мұсылман дінінің негізі «жер мен көкті» жаратушы Аллаға сыйыну, сену. Құран кітаптың мәтіні бір Алланың атымен жазылған. Құран кітаптың құрамы Мұхаммед өлгеннен кейін, VII ғасырдың ортасында пайда болған. Құран 114 негізгі сүреден тұрады. Уақыты мен Мұхаммедтің айту орнына қарай барлық сүрелер 90 «меккандық» және «медициналық» болып бөлінеді. Құранның үлкен бөлігі Алламен сөйлесетін диалог түрінде. Құранда религиялық және мифологиялық сюжеттермен қатар, дұрыстығын Алла анықтайтын өмір сүрудің тәртібі және іс-әрекеттік дағдылар, религиялық - құқықтық жазулар бар.

Мұсылман мифологиясын оқудың тағы бір көзі, мұсылман дінінің қасиеттерінің бірі, хадистерге негізделген, Мұхаммедтің өмірі жайында жазылған - сунна. Құранның әсерімен дамыған мұсылман дінінің мифологиясы орта ғасырларда мифологиялық сюжеттерінің шеңберін кеңейтті. Сонымен қатар мұсылман мифологиясы ислам дінін қабылдаған халықтардың мифологиялық әдет-ғұрыптарының есебінен жоғарылады.

Құрандық және құраннан кейінгі мифологияның көптеген мифологиялық персонаждары біртіндеп фольклорлық және әдеби кейіпке айнала бастады.

Мұсылман мифологиясының құраннан кейінгі дамуының алғашқы кезеңінде негізгі рольді Арабия және Азиядағы құранның комментаторлары ел кезген қасиетті кітапты талқылаушылар алды. Религиялық фольклордың дамуына және жергілікті мифологиялық әдет-ғұрыптардың дамуына әсер еткен, религиялық әдебиеттің ерекше жанрын құраған, қасиетті оқиға жайындағы «кисас ал анбийя» (пайғамбар жайында) болып табылады.

Осы кезеңде әдеби және музыкалық шығармашылықта культтық музыка негізгі орын алды. Сонымен қатар мұсылман дүниесінің ауқымды территориясында биік мұнара болып табылды. Өзінің эволюциялық дамуында арабтардың культтық музыкасы ешқандай өзгеріске ұшыраған жоқ. Осы музыка мұсылман дінінде сақталды және тек арабтардың ғана емес мұсылман халқының ортақ музыкасына айналды.

Бір жағынан музыка исламда тиым салынған өнерге айналды (мысадам бейнесі, суреттегі жануарлар). Ал бір жағынан арабтар әртүрлі аймақтарда музыкалық шығармашылықтың өте бай мұрасын қалдырды, музыкада халықтық әдет-ғұрыптардың бағалы түрін жинады. Ал енді бір жағынан исламның негізгі қалауы, адам және оның қайғы мұңы өнер бейнесінің негізгі объектісі бола алмайды. Ислам мәдениетінде музыканың шегі көп

жылдар бойы зерттелді.

Мұсылмандардың религиялық әдет-ғұрыптарының ішінде музыканың үш түрі бар: азан, құран оқу, дикр (зікір). Яғни әртүрлі секталар қолданатын культтық ән түрлері.

Азан ислам дініндегі халықтардың әдет-ғұрпына айналған бұл мешіттің мұнарасында күнделікті айтылатын бесреттік дұғаның оқылуы. Қазіргі кезде көптеген қалаларда азан радиомен шақырылатын болған. Ал ауылдық жерлерде жанды дауыспен оқылған азан адамға әсер қалдырады.

Религиялық музыкалардың барлық түрі, секталық әндерді қоспағанда, культтың арнайы өкілдерімен айтылады. Сондықтан исламның ең төменгі қызмет өкілдері-муэдзиндердің өзі өте керемет дауысты талантты музыканттар.

Муэдзиндердің халыққа күнделікті азан шақырып айтқандары бірдей. Тәулігіне бес рет айтылатын дұға, сыйыну: «Аллахтан басқа құдай жоқ, Мұхаммед оның елшісі». Сонымен қатар намаз оқушы муэдзиннің осы намазды күнделікті жаңаша түрде оқуы маңызды. Арабтың музыкалық мәтіні «Лә иллаху, илла лаху, Мухаммедун русул лаху» өте керемет әсер қалдырады.

Мұсылман дүниесіне ортақ Құранның бөліктерін (сүрелер) бөлек оқу керек (әйтпесе «қасиетті кітапты» түгел оқып шығу үшін ай керек). Сүрелер тек мешітте ғана оқылмайды, күнделікті әртүрлі себептерде оқыла береді.

Дикр немесе зікір жоғарыда келтірілген түрлерінен өзінің стильдік және жанрлық ерекшеліктерімен ерекшеленеді. Зікір ритмика, пластика және методикалық речитация қосылған күрделі синтетикалық пішін. Ал тереңірек - поэттік сөздер, музыка (вокальдық және инструментальдық) және би.

Культтық музыканың басқа жанрларына қарағанда зікірдегі музыкалық форма қиындау.

Көркемдік және дүниетанымдық құндылықтардың, эстетикалық ерекшеліктердің сабақтас түйінін бірізді, жүйелі анықтау ежелгі Қазақстан өнерінің тарихи-мәдени ерекшеліктерінің тұжырымдамасын қалыптастыруға арналған, Қазақстанның кейінгі барлық көркем мәдениеті дамуының қайнар көзі әрі дем берушісі болып табылатын алғышарт жасайды.

Әртүрлі ғалымдардың, соның ішінде археологтар мен этнографтардың, фольклористер мен дінтанушылардың және басқалардың зерттеулері Орталық Азияның мәдениеттің ең ежелгі әрі маңызды ошақтарының бірі ретіндегі, тіпті адамзат өркениеті пайда болған аймақтардың бірі ретіндегі түсінікті қалыптастырады. Кеңестік және шетелдік ғалымдардың бірқатар монографиялары Орталық Азия аймағын бейнелеу өнерінің шығуымен байланыстырады. Бұл кеңістікте Қазақстан аумағындағы ежелгі өнер ескерткіштерін зерттеу болашағынан зор үміт күттіретін жұмыс болып табылады. Ол геральдикалар мен көркем түрлердің, сәулетшілік түрлердің шығуы, мифологиялық, діни жүйелердің бейнелеу пішіндерінің көрініс табуы жайлы мәселелерді толық шешпесе де, жаңаша ұғынуға мүмкіндік береді. Адамзат үшін мәдениеттің алғашқы жалғыз ошағының пайда болу идеясы Қазақстан аумағында өнердің, петроглификаның, зергерлік өнердің, пластика мен керамиканың пайда болуы мен даму жайлы мәселелер осы кезеңдегі өнердің өзіндік сипаты қалыптастыруда едәуір маңызға ие.

Сарайлардың салтанатқа арналған және діни орындары көбінесе қабырғаларына сурет салып, бұйымға, ағашқа об салу арқылы безендірілген. Мысалыға, Қост өбенің сарай кешенінен оюланған саз бұйымдар, өрнекті ганча мол кездесті. Сәндеудің ең жақсы сақталған түрі саз сылақтың қалың қабатын көркемдеп, оймыштау. Бөлмелердегі қабырғаларды оймыштау өсімдік және геометриялық түрдегі өрнектерді қамтиды. Қабырғаларға арнайы бейнелер мотивтері жиі салынған, олардың ішінде сабағына ілініп тұрған бүлдірген, құлпынай жемістері де, ірі інжулер қатарлары да, ішінде шеңбері бар қос қабатты ромб тәрізді торлары да ұшырасады. Қабырғалардың жоғарғы жағы сабағы бар әдемі гулдермен, жапырақтармен, гүл қауыздарымен безендірілген. Оюланған белдікте шиеленіп, шырматылған жапырақтар, сабақтар, үлкен медальон түріндегі өрнектер

бар. Еден мен сәкілердегі оюланған бұйымдардың кесектерінде шиеленіп шырматылған жапырақтар, сабақтары және шоқталған жүзімі бар, салмақты жүзім шыбығы мотивтері сақталған. Өсімдік және геометриялық өрнектердің мұндай мотивтері Афрасиаб, Варахша сарайларының, замоктарының, бай тұрғын үйлерінің сәнделуінен жиі кездеседі.

Ағашты өрнектеу үлгілері Құйрықтөбе қамалындағы сарайдың салтанат залынан ұшырасты. Оны археологиялық зерттеу жұмыстары барысында үйдің төбесіне салынған, ою-өрнекпен безендірілген ағаштың көмірге айналған қалдықтары көп мөлшерде жиналды. Ағаш құлап түскен төбенің астында қалу арқасында сақталған. Бөренелердің басқа да үйдің төбесіне салынған доғал тәріздес, крестер, торлар, дөңгелектенген және жүрек тәрізді жапырақшалар, көктеп келе жатқан өсімдіктер түрлері мен өрнектеу арқылы безендірілген. Серігүл бейнеленген бөрне тіреуіштері қызықты.

Бір кезде салтанат залының қабырғасына көрік беріп тұрған фризден қалған тақталардың қалдықтары бірегей олжалар қатарына жатады. Фрагменттері бар тоғыз тақта тазартылып алынды. Басқаларынан гөрі зооморфтық тақта отырған құдайлар бейнеленген тақта жақсырақ сақталған. Оның ұзындығы 122 см, ені 25 см. Аркаларда тақта отырған құдайлар бейнеленген.

Тақтарға жабылған кілемдердің немесе көрпелердің бейнелері байқалды. Таутеке түрінде жасалған тақтың алдында, сірә, донаторлар болар, тізелеп тағзым еткен екі адамның кішкене бейнелері бейнеленген. Мысалыға, Варахшада бұхархұдаттар сарайы Шығыс залының қабырғаларында орталық тұлға қанатты түйелер түріндегі тіректері бар тақта отыр. Құйрықтөбедегі сияқты, оларда грифондарға ұқсас, зерттеушілердің оларды «түйенің басы мойны және аяғы бар грифондар» деп атайтыны тегін емес.

Пенджикент әшекейлеріндегі жұпты құдайлар көрсетілген көрініс Құйрықтөбе көрінісіне жақын. Еркек құдай түйе түрінде безендірілген тақ үстінде отыр. Оның зайыбы таутеке түріндегі тіреуіші бар таққа жайғасқан. Құдай қолына түйенің мүсінін ұстап отыр.

Бейнелеу өнерінің тағы бір түрі-ертедегі түріктердің жартастағы бейнелеулері (петроглевтер) көрінеу көз тартарлығы мен және терең белгілерімен айрықша болды. Олар мазмұны жағынан екі топқа бөлінеді: біріншісі-ол салт аттылар, қаумалап аң аулау, көшіп-қону, жекпе-жек бейнеленген көріністер; екіншісінде ертедегі түрік қағанаттарының өзінше бір нышандарына айналған таутекелердің таңба сияқты бейнелері бар.

Өлкедегі көшпелі өркениеттің бейнелеу өнеріндегі салт атты жауынгер бейнесі дала мемлекеттерінің әскери-саяси сипатын көрсетеді. Түріктердің салт аттылары ұзын шекпен түріндегі қорғаныс сауытын киген. Олар мықты аттарға мінген, ат әбзелдеріне ер, үзетгі, өмілдірік пен құйысқан жүген, жабу кіреді. Аттың жалын үш немесе одан да көп тісті етіп әдемілеп күзеу, құйрығын күзеу мен ерекше әдіспен өру оны әсемдеудің міндетті элементтері болған. Түріктердің салт аттысын бейнелегенде негізгі элемент ту болып табылады, ол діңгектің басындағы екі, үш одан көп салалы, шет жағы кең, тік бұрышты енді мата түрінде бейнеленеді. Найзаның сабына бекітілген жалаулардың, жалаушалардың және бір уыс жылқы қылын шоқтап байлаған суреттері кең таралған. Салт аттылармен бірге садақ, найза ұстаған, кейде жекпе-жек кезіндегі жаяу жауынгерлер бейнелері де бейнеленген.

Қазақстанның барлық аймақтарындағы жартасқа салынған суреттердің көне жиынтықтары, Андронов мәдениетінің ескерткіштері, ұсақ пластиканы қамтитын көркемөнер қабаттарының алуан түрлілігі, сақ мәдениетіндегі киіз басу, сүйек ою өнерлерінің болғандығын айғақтайтын археологиялық олжалар назар аударуды қажет етеді. Сондай-ақ Еуразияны мекендеген ерте көшпенділердің атақты аң стилі өнері бастапқы жүйелі зерттеу мен жоғарыда айтылып өткен әрбір мәдени феномендердің мифологиялық, діни, шаруашылық, туыстық координаттармен сабақтастығы негізінде олардың ішкі бірлігін анықтау мәселесі де күн тәртібінде тұр.

Ежелгі Қазақстан өнерінің тарихы-мәдени өзіндік ерекшелігін анықтауда Ұлы даланы мекендеген ежелгі және ортағасырлық тайпалардың жеке-дара немесе Орталық Азия, Иран, Үндістан, Қытай және т.б. іргелес отырықшы аймақтардың петроглификасы, зергерлік өнері,

пластикасы, керамикасы мен тұрақты өзара қарым-қатынасы негізінде пайда болған эстетикалық ұстанымдары мен көркем түсініктері стереотиптерінің қалыптасуы сияқты, осы кезең өнерінің өзгешеліктерінің алатын орны да маңызды.

Ежелгі Қазақстан өнерінің тарихи-мәдени өзіндік ерекшелігінің спецификасы көбіне онда этномәдени, рухани, дүниетанымдық алғышарттардың тұтас жүйесінің пайда болуына байланысты.

Ежелгі Қазақстан өнерінің тарихи-мәдени өзіндік ерекшелігі төмендегі жағдаяттар арқылы анықталуы мүмкін:

- Қазақстан аумағы бейнелеу өнерінің әбден жетілген түрелрі мен айқын көріністерінің алуан түрлілігін білдіретін оның ең ежелгі ошақтарының бірі болып табылады;

- Ежелгі Қазақстанның бейнелеу өнері дүниетаным мен көзқарастың ұжымдық, туыстық мақсаттарын білдіріп, белгілі бір туыстық қауымның немесе туыстық топтардың қажеттіліктерін қамтамасыз етіп қанағаттандырады;

- Ежелгі Қазақстан өнеріндегі сиқыршылық-салттық функция мен ежелгі адам түсінігіндегі адам мен әлемнің пайда болуы жайлы мифтік-космогониялық мәселе біршама айқын берілген. Ал бұл Қазақстанда өмір сүрген ежелгі отырықшылардың көркем мәдениетінде прагматикалық және философиялық бастамалардың айтарлықтай тепе-тең болғандығы жайлы айтылады;

- Ежелгі өнер туындыларындағы ақпараттық түйіннің ерекше мәні бар, себебі туынды этно-ұлттық дүниетанымның көне стереотиптеріндегі мағыналық, рухани алғышарттар жайлы айтуға мүмкіндік беретін өзінше бір көркем мәтін сияқты қалыптасады;

- Қоршаған орта, табиғат әлемі, табиғат бастамасымен негізгі байланысу ұстанымдары ежелгі Қазақстан өнерінде айқын көрінеді;

- Ежелгі Қазақстан өнері шығармаларын өнертанымдық тұрғыдан зерттеу шығармаларды жасаудың жете зерттелген және өңделген формальды ұстанымдарын айқындауға мүмкіндік береді. Бұл кезеңде бірнеше сюжеттердің, тақырыптар мен мотивтердің, сондай-ақ оны көркем шығармаларда үйлестіру ұстанымдары бірнеше рет қайталана тиянақтыланып, пластикалық түрде көрсетіліп анықталады;

- Тепе-теңдікті сақтауды Қазақстанның ежелгі өнерінің ұстанымы ретінде қарастыруға болады. Пайда болуы жағынан имманентті, құдіретті әлем үндестігі идеясы осы тепе-теңдікте ұстауда өз көрінісін табады.

Ежелгі Қазақстан өнерінің тарихи-мәдени өзіндік ерекшеліктерінің біртұтас тұжырымдамасын анықтау үшін, көне дәуірде Қазақстанның тарихи-мәдени дамуы ерекшеліктерін кезеңдерге бөлу, анықтау, сипаттау, нақты кезеңдерді және олардың өзіне тән көркем көріністерін сипаттау сияқты мәселелерді шешу өте қажет әрі маңызды.

Қазақстан бейнелеу өнерін көне замандардан қазіргі күнге дейін түсіну үшін оның тарихи-мәдени сабақтастығының дамуының әрбір кезеңінде қандай ерекшеліктер болғандығын анықтау қажет. Сондай-ақ олардың қайсысы ғасырлардан ғасырларға, дәуірлерден дәуірлерге өткен константты екендігін түсініп тарихи-мәдени жағдайлардың өзгеруіне қарамастан Қазақстан көркем мәдениетінің ерекше феномені мен белгілі түрін қалыптастырып жатқанын анықтау қажет.

Орта ғасырлық бейнелеу өнерінің негізгі даму кезеңдерін зерттеу мынадай негізгі немесе ең басты ерекшеліктерді айқындады: әлем-адам мен олардың ортақ космоқатыстылығы бірлігі идеясын жүйелі жүргізу; әлем мен адамды түсіну иерархиялығына көзделген мақсат; үш жақты компоненттердің бірлігі-дүниетанымдық, прагматикалық және эстетикалық; көркем объектінің рухани, мағыналық, магиялық мәнінің маңыздылығы; көркем пішіннің байланысы идеялық сигналдың шифрланғандығын және осыған сәйкес белгілі бір эзотериялықты айқындады.

Ежелгі кезеңдегі Қазақстанның бейнелеу өнерінде көбіне аталған феноменнің мазмұндық, рухани, тіпті ақпараттық ерекшелігін анықтайтын сюжеттер мен мотивтердің нақты әрі константты өрісі бастау алды.

Әдебиеттер тізімі

1. Жолдасбайұлы С. Ежелгі және орта ғасырдағы Қазақстан. – А., 1995. –176 бет.
2. Әлиев Ө.Ә. Ерте ортағасырлық Маураннаһр шаһарларының әлеуметтік-экономикалық эволюциясы.//Қазақстан археология зерттеулері.-А.,2002, 225 бет.
3. Елеуов М., Қалиев С. Ортағасырлық Тараз қаласы аймағының қарауыл мұнаралары.// Қазақстан археология зерттеулері.-А.,2002, 154-155 беттер.
4. Әлиев Ө.Ә. Ежелгі және ортағасырлық Қазақстан тарихы. – Шымкент, 2005, 85 б
5. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. 4-томдық. А., 1996.
- 6.К.Аманжолов, Қ.Рахметов. Түркі халқының тарихы. Көне дәуірден біздің заманымыздың XVI ғасырына дейінгі кезең. А. 1996.
7. Ә.Қоныратбаев. Көне мәдениет ескерткіштері. А. 1991.
8. Л.Гумилев. Қиял патшалығын іздеу. А. 1992.
9. Баласағұн Жүсіп. Құтты білік /аударған А.Егеубаев/.
10. Ә.Х.Хасенов. Қазақстан мәдениеті мен өнерінің тарихы. А. 1987.
11. Шапырашты Қазыбек. Түп-тұқияннан өзіме дейін. А. 1992.
12. М.Қашқари. Түріктердің сөздігі. А. 1993.

ӘОЖ (УДК) 32.0:3153.023

АЛАШ АРЫСЫ – ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВ

Оспанова М.С.,

Әлихан Бөкейханов атындағы орта мектебі

Жамбыл облысы, Қазақстан

email: ospanova_meruert@mail.ru

Андатпа. Меніңше, Әлихан өзін қазақ әдеби сынының негізін салушымын деп, ешқашан есептемеген болуы керек. Әдеби сын – енді қалыптасып жатқан қазақ жазба әдебиетіне қажет болды. Ол өзінің әдеби сын мақалаларын мәжбүрлі түрде, қажеттіліктен жазды. XX ғасырдың басында ұлттық санасы енді оянып келе жатқан сол кездегі қазақ қоғамы үшін, ұлты үшін жазды. Бұл тұстағы қазақ халқының жалпы білім деңгейі бәрімізге белгілі. Әлихан өзінің әдеби сын мақалаларын да халқымыздың ауыз әдебиеті үлгілерін саралады.

Кілт сөздер: ұлт, стратегия, Сталин, мәжіліс, ұлт-азаттық, Алашорда, автономия.

Аннотация. Я думаю, что Аликхан, должно быть, никогда не считал себя основателем казахской литературной критики. Литературная критика стала необходимой для формирующейся казахской письменной литературы. Он писал свои литературные критические статьи принудительно, по необходимости. В начале XX века национальное сознание писало для тогдашнего казахского общества, для национальности, которое только проснулось. Все мы знаем общий уровень образования казахского народа. Аликхан также проанализировал свои литературные критические статьи и образцы устной литературы нашего народа.

Ключевые слова: нация, стратегия, Сталин, Мажилис, национально-освободительная, Алашорда, автономия

Annotation. I think that Alikhan must have never considered himself the founder of Kazakh literary criticism. Literary criticism has become necessary for the emerging Kazakh written literature. He wrote his literary critical articles forcibly, out of necessity. At the beginning of the twentieth century, national consciousness wrote for the then Kazakh society, for a nationality that had just woken up. We all know the general level of education of the Kazakh people. Alikhan also analyzed

his literary critical articles and samples of the oral literature of our people.

Keywords: nation, strategy, Stalin, mejlis, national liberation, Alash Horde, autonomy.

Қазақтың тарихында ХХ ғасыр басы саналатын кезеңнің алар орны ерекше екені көпшілікке мәлім. Тарихы жоқ ел болмайды. Елдің ертеңі бүгіннен басталады десек, ол дау жоқ кешегінің жалғасы. Ендеше ел болашағын ойлауды өткенімізді біліп, бүгінімізді танудан бастағанмыз абзал. Сыни пікірлердің негізі көркем әдебиеттен, оған деген көпшіліктің көзқарасынан, қоғамдық өмірдің рухани қажеттілігінен туындайды, яғни сын халық талғамының бастауы.

Болашағы бұлдыр қазаққа темірқазық іспеттес болу үшін, еліміздің білімді, бетке ұстар азаматтары «Алаш» партиясын құрып үлкен істі бастады. Және осы топтың басында Алаш зиялысы, саясаткер Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан тұрды. Ол 1866 жылы наурыздың 5-жұлдызында Семей облысы, Қарқаралы уезінде дүниеге келген. Ата тегі Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошыдан тарайтын төре тұқымы. Арғы атасы Сұлтан Барақ. Анасы – Бегім.

Әлиханның білім жолы тоғыз жасында әкесі Қарқаралыға апарып, жергілікті молдадан оқу алуымен басталады. Бірақ кейіннен бала Әлихан өз еркімен үш кластық бастауыш мектепке ауысып алады. Себебі, молдадан оқығанға қарағанда, мектепте оқып жүрген балалардың сауаттылығы басым екенін аңғарады[1].

Мектепті бітірген соң, 1879-1886 жылдары Қарқаралы қаласындағы қазақ балаларына арналған мектепте оқиды. Кейін Колпаковскийдің ұсынуымен Әлихан Омбының техникалық училищесіне оқуға түсіп, 1886-1890 жылдар аралығында «техник» мамандығы бойынша бітіріп шықты. 1890-1894 жылдар аралығында Санкт-Петербургтегі Орман технологиялық институтының экономика факультетінде оқып шығады. Осындай оқып жүргенінде ол, саяси, экономикалық, әдеби үйірмелердің жұмысына қызу араласып, студенттік толқуларға қатысады. Уақыт өте Әлихан қараңғылықтың шырмауында қалған қазаққа білім керектігін түсінеді. Және елдің тұрмыс-тіршілігін, мәдениетін, білімін көтеруді өзіне мақсат етіп алады.

Әлихан Бөкейхан саясаткер болуды мақсат етпеген адам. Бірақ Ресей Империясының қол астында болған қазақ халқының ауыр тағдырына толғанып, қазаққа автономия беру мәселесін көтеруге мәжбүр болды. Осыдан-ақ, Әлиханның реформатор екенін түсінуге болады. Оқуын тәмәмдап, Омбыға оралған ол қаланың зиялыларымен тіл табысып, саяси-әлеуметтік жұмыстарға араласа бастайды. «Халық бостандығы» партиясының қатарынан өтеді. Жалпы Әлиханның саяси көзқарасының жетілуіне, қоғам қайраткері ретінде танылуына, шыңдалуына Омбыдағы күндері бірден бір септігін тигізеді.

Теңдік пен ұлттық тәуелсіздіктің төте жолы деп Әлихан өркениетті елдердің мәдениетінен үлгі алу, сөйтіп халықтың ұлттық мәдениетін өркендету, өнер-білімін көтеру, сана-сезімін ояту ұлт-азаттық қозғалыстың жаңа стратегиялық бағыты етіп алған[2].

ХХ ғасырдың басындағы күрделі оқиғалар Әлихан Бөкейханның батыл саяси көзқарастарының жүзеге асырылуымен байланысты. Ол қазақ хандары мен сұлтандарының, билерінің Ресей Империясымен жазысқан хаттарын зерттеп, кейбірін газеттерге жариялаған. Осыдан Әлихан Бөкейхан мынадай ой түйеді: Қазақтың бірлігі мен тәуелсіздігін сақтай алмауының ең басты себебі ол ел тізгінін ұстағандардың, тіпті ең қатерлі кездің өзінде, яғни жоңғар шапқыншылығы кезінде де ел ішінде ауызбіршілік орната алмауынан.

Баспасөз қай уақытта да қоғамдық өмірдің айнасы болып есептеледі. 1913 жылдан бастап Қазақстандағы азаттық қозғалысының Қазақ газетіне байланысты жаңа кезеңі басталды. Оның редакторы А.Байтұрсынұлы болып, төңірегіне дарынды қазақ журналистері мен жазушыларының тұтас бір саңлақ тобы жиналды. Сөз өнерін шын сүйіп, бағалай білетін, көркем шығармамен арнайы шұғылданатын талант иелері, қаламгерлер шыға бастады[1].

Олардың арасында Әлихан Нұрмұхамедұлы да болды. Әдебиеттің бүгіні мен кешегісіне жігі, байыппен қарау, тиісті бағасын беріп сыни пікірлерін сол уақыттағы басылым беттеріне лақап аттармен жариялай бастады.

Жасынан зерек, алғыр өскен, баспасөз беттерінде өзін «қыр баласы» деп таныстырған, көпшілік жұрт оны «ұлт көсемі» деп білген, қазақ ұлтының жоғын жоқтап, мұңын мұңдаған,

«тірі болсам, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын» деп, ақтық демі қалғанша еліне адал қызмет еткен Әлихан Бөкейхановтың туылғанына биыл, міне 155 жыл толып отыр.

Ұлттың ұйытқысы, жұрттың жетекшісі болған Алаш арыстарының алға қойған мақсаты, көздеген жері, дитеген мұраты тәуелсіздік еді. Тәуелсіздік жолында күрескен ұлыларымыздың көш басында «Қазақтың – Қазақстаннан басқа Отаны жоқ» деп қаймықпай айтқан Әлихан Бөкейхановтың тұрғаны анық[2].

Әлихан Бөкейханов 1870 жылы наурыздың 5-і күні бұрынғы Семей облысы, Қарқаралы уезі, Тоқырауын болысының 7-ауылында дүниесігін ашқан. Ұлт көсемі Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошыдан тарайтын төре тұқымынан. Әкесі Әлиханды тоғыз жасында молдаға оқуға бергенімен, зерделі бала молдадан гөрі мектепте білім алуды жөн көріп, үш кластық мектепке өз еркімен ауысып алады. Бұдан кейін ол Қарқаралы қаласының үш жылдық училищесіне түсіп, үздік бітіріп шығады. Он алты жасында Әлихан Омбының техникалық училищесіне қабылданады. Оны да жақсы бітіріп, жиырма жасында Дала генерал губернатор кеңсесінің ұсыныс хаты мен қазақ қауымдастығының 200 сом стипендиясын алып, Ресейдің астанасы Санкт Петербургке барып, Орман шаруашылығы институтына түседі. Сабағымен қатар, саяси, әдеби, экономикалық және тағы басқа үйірмелердің жұмысына араласып, студенттік толқуларға қатысады.

Қараңғылықтан көзі ашылмаған халқына білім мен мәдениеттің қажеттілігін елі мен жері үшін қабырғасы қайысқан, кеудесінде сәулесі бар азамат жастайынан ұққан. Екі қолын бос қоймай, оқуды бітіре салысымен Омбыға келіп, қаланың саяси-әлеуметтік, қоғамдық жұмыстарына белсене араласты. «Народная свобода» партиясының қатарына өтіп, қазақ зиялылары арасында партияның шағын тобын құрады. Ол өзін осы шақтан бастап саяси тұлға ретінде қалыптастырады. Ұлт көсемінің алғашқы баспалдағы осылай басталады[3].

«Әлихан Бөкейханов – ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының көшбасшысы. Ұлт-азаттық қозғалыстың негізгі тұлғасы. Ол – қозғалыстың міндетін, мақсатын, стратегиялық, тактикалық күрес құралдарын анықтаған адам», - дейді тарих ғылымдарының докторы, профессор Мәмбет Қойгелді.

Сол кездері ұлт көсемі Әлихан Бөкейханов бірегей талант иесі болды. Бұл оның азаматтығының көпқырлылығын айқындайтын қасиеттер. Осы қасиеттерінің арқасында Әлихан Бөкейханов қазақ зиялыларының басын бір арнаға қосып, мемлекеттіліктің қалыптасуы үшін аянбай тер төкті.

Әлихан Бөкейханның әдеби-сын мақалалар топтамасына ой көзімен қарасақ, тамыры тереңде жатқан халық ауыз әдебиеті құнарынан нәр алған, қазақ жазба әдебиетінің болашағына ол сенді. Қазақ жазба әдебиетінің бастауында тұрып оған жол нұсқап, бағыт-бағдар беруді ол өзінің перзенттік борышым деп түсінді. Кейін жазба әдебиет дамыған кезде әдеби сынның рөлі арта түсті. Ол тек әдеби процесте ғана емес, жалпы қоғамдық ой-пікірдің өсуінде елеулі орын алды[4].

Қазақ әдебиеті тарихында тұңғыш рет кәсіби тұрғыда әдеби-сын жазып, ХХ ғасыр басында енді қалыптасып келе жатқан қазақ жазба әдебиетін сыни тұрғыда жан-жақты саралай отырып, оған бағыт-бағдар берген қазақтың аяулы перзенті, ғұлама ғалым Әлихан Бөкейхан да қазақ әдеби сынының негізін салушы болды дей аламыз. Бұл – анық! Әлиханның қарсылыққа толы жанайғайының жаңғырығы бір ғасырдан кейінгі біздің заманымызда да өз көрінісін беріп отыр.

Тарихшы профессор Мәмбет Қойгелді Әлихан Бөкейхановтың тағдырын қазақ ұлтының өмірінен бөліп қарау мүмкін емес екенін айтады.

«Себебі ол ұлт-азаттық қозғалыстың көсемі болатын. Кез келген ұлт-азаттық қозғалыстың көсемінің тағдыры осылай қайғылы аяқталған. Тіпті, Ресей аумағындағы ұлттардың Әлихан Бөкейханов сияқты көсемдерінің тағдыры басқаша болуы мүмкін емес еді», - дейді ол[5].

«Тіл үшін күрес неге жүріп жатыр? Қазақ тілі деген не? Қазақ тілінің ар жағындағы жатқан мәселе – жер. Біз мына жерді қазақ болып, қазақша сөйлеп қана қорғай аламыз». Бұл Алашорда өкіметінің төрағасы, қоғам және мемлекет қайраткері Әлихан Бөкейхановтың

айтқаны. Жалпы, Әлихан Нұрмұхамедұлының негізгі бес ұстанымы болған екен. Оның өзі жеке басына қатысты емес, ел мен жерге қатысты ұстаным еді. Оны жазушы, тарихшы Тұрсын Жұртбай былай деп баяндайды.

«Әлихан Бөкейхановтың бес ұстанымы болды. Ең бірінші – Алаш ұлттық демократиялық мемлекет болуы тиіс. Ол үшін ең алдымен «жер, жер және жер» болуы керек. Жерсіз Отан жоқ. Бөкейхановтың ұйғарымы бойынша, қазақтың байырғы жерін қашан қазақтың өзі ғылым мен техникаға сүйеніп, толық игермейінше, жер жекеменшікке, қоныс аударушыларға берілмеуі керек. Екінші ұстанымы – Алаш жерінің астындағы, үстіндегі, көгіндегі барлық байлық қазақтың өзіне қызмет етуі тиіс. «Бөкейхановтың сөзімен айтсақ, «қазақтың әрбір тасы қазақтың өңіріне түйме болып тағылуы тиіс». Үшінші ұстанымы – Бөкейхановтың жобасы бойынша, қазақтың жерінде өндірілген бір уыс жүн сол мемлекеттің азаматтарының үстіне тоқыма болып киілуі керек. Яғни, мемлекет толықтай экономикалық тәуелсіздікке қол жеткізуі тиіс болған. Төртінші ұстанымы – қазақ мемлекетінде мемлекет құрушы ұлттың тілі, діні, менталитеті өзге ұлттарға қарағанда үстем болуы керек дегенге сайды. Бұл идеологиялық ұстаным болатын. Ал, бесіншісі - ең негізгі ұстанымы бойынша ғылымға, соның ішінде тәуелсіз ғылымға, ұлттық дәстүрге негізделген, заңға сүйене отырып, Жапония үлгісіндегі ұлттық демократиялық мемлекет құрылуы керек еді. Алаш қайраткерлерінің бұл ұстанымының дұрыстығына самурайлық дәстүрге негізделген жапон ұлтының бар-жоғы 20 жылдың ішінде біртұтас империяға айналып шыға келуі дәлел болса керек».

Осы ұстанымы негізінде дербес мемлекет құруды көздеген Әлихан Бөкейханов қазақ тарихындағы тұңғыш саяси ұйым Алаш партиясын ұйымдастырады. Артынша, 1917 жылы желтоқсан айында бүкіл қазақтардың құрылтайында Алаш автономиясын жарияланып, Ә.Бөкейхан сол алғашқы Қазақ республикасының тұңғыш төрағасы (перзиденті) болып сайланады. Осындағы Алаш деген сөздің мағынасын «Түрік баласы» (лақап ат) 1913 жылы «Қазақ» газетінде: «Жошы ханды халық «Алаш» деп атап кетті. Бұл «Алаштың – алаш жұртының басшысы» екенін білдіреді» делінген[6].

«Ұлтына, жұртына қызмет ету – білімнен емес, мінезден» деп жазады Әлихан Бөкейханов. Ұлттың намысын алға қойған Әлихан ел мен жер мәселесіне келгенде мінез танытудан тайынбаған. Рухы биік, өресі жоғары Әлихан Бөкейханов «не ойы, не білімі көлемді емес», деп есептейтін Сталинмен кездесуден бас тартқан. Ол туралы Әлімхан Ермеков естелігінде: «В.И.Ленин өзі төрағалық еткен алғашқы мәжілістің аяғында: «Автономияны құру жөнінде қазір Сталинге барып пікірлесіңдер, оның дайындаған жобасы бар, сонымен танысып, бар ойларыңызды түйістіріңіздер», - деп кеңес берді. Мәжіліске қатысушылар үзілісте түгелдей дәлізге шықтық. Қазақстандық делегацияның құрамы 15-тей адам болатын. Бәріміз Әлихан Бөкейхановты тостық. Әлекең Ленинмен оңаша пікірлесіп, әңгімелесіп қалған болатын. 15-20 минуттен кейін ол кісі де шықты. Біз: «Сізді Сталинге бірге кіру үшін тосып тұрмыз», - дедік. Әлихан бәрімізге салқындау қарап: Сталин не шешер дейсің, оның не ойы, не білімі көлемді емес, қанша бір жетіскен жоба бар дейсің. Онан да өзіміз жеке шешкен дұрыс, - деп жүріп кетті» дейді.

Бөкейханов 1937 жылы 67 жасында Мәскеуде ату жазасына кесіледі. Әлиханның қабірінің қайда екені жайлы мағлұмат айтылмайды. Тек 2007 жылы ғана жария етілді. Ол Мәскеудегі Дон бауырластар зиратына көмілген[7].

Терең білім, ұлт тарихына құрмет, қазақ халқының азаттығы мен құқығы үшін күрес – «Алаш» қозғалысының жетекшісі Әлихан Бөкейханның кісілік келбетінің бір қыры ғана. Осындай әрекеттерінен соң, Әлихан Бөкейханның кең дүниетанымдық көзқарасқа ие болғанын көреміз. Оның саяси көзқарастары мен бағдарламасы қазақ халқының ұлттық мүдделерін терең көрсетті. Алаштың зиялылары еліміздің бостандығы үшін, жеріміз үшін аянбады. Және қазір біз ашық аспан астында өмір сүрудеміз. Бабаларымыздың арманы орындалды! Енді біз тәуелсіздігімізді сақтап қалу үшін барымызды салуымыз қажет. «Бірліктен айырылған ел қаңғып қалады" деген Әлихан атамыздың сөзі бар. Қазақ үшін қабырғасы қайысып, тек тәуелсіздікке ғана емес, ойдың, білімнің, мәдениеттің тәуелсіздігіне

ұмтылған тұлғаның ғұмырнамасы осылайша аяқталған. Әлихан Бөкейхановтың айтқан, әрі істеген істері жетерлік. Сондықтан, көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, Алаш қозғалысының жетекшісі, Алашорда автономиялы үкіметінің төрағасы, публицист, ғалым, аудармашы Әлихан Бөкейханов мұраларын зерделеу болашақ ұрпақтың әрдайым назарында болуы керек[8].

Қорыта айтқанда, өзінің жан-жақтылығымен ерекшеленген Алаш көсемі Әлихан Бөкейханның қазақ әдебиеттануында тұңғыш болып кәсіби әдеби сыни зерттеу жазып, жаңа қалыптасқан қазақ жазба әдебиетіндегі жанрларды жіктеуге атсалысқаны – қазақтың рухани өмірінде өшпес із қалдырған құбылыс. Әдебиет сыншысының ең негізгі мақсаты: әдеби шығарманы әдеби тұрғыда талдай отырып, әдебиетке бағыт-бағдар беру болса Әлихан Бөкейхан өзінің әдеби сын мақалаларында бұл аталған екі мақсатты да орындаған. Сондықтан да Қазақ әдеби сынының негізін салушы Ә.Бөкейхан,- деп ойлаймын. Сол себепті ғалымның ұлтқа сіңірген осы бір ірі еңбегін өзіне сай лайықты бағалап, күллі қазақ жұртшылығына кеңінен насихаттаған жөн. Ең бастысы бірлігімізден айырылмайық.

Әдебиеттер тізімі

1. Бөкейхан Ә. Таңдамалы. Алматы, «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы 1995
2. Бөкейхан Ә. Шығармалары. VIII том. Астана, «Сарыарқа» 2016
3. Бөкейхан Ә. Шығармалары. XI том. Астана, «Сарыарқа» 2016
4. Бөкейхан Ә. Шығармалары X том. Астана «Сарыарқа» 2016
5. Ісімақова А. Алаш әдебиеттануы. Алматы, «Мектеп» 2009
6. Маданов Х. Қазақстан тарихы. Ұлы дала тарихы. Алматы 1994.
7. Аслыбеков М.Х., Жаркенова А.М., Насление Казахстана в конце XIX в начале XX вв. (1897-1917) Алматы, 2001
8. Жұртбай Т., Тарих тағылымы. Әлихан Бөкейханов: Алаш көсемі/ Түркістан -2011-15 қыркүйек

УДК 37.091:81'243.6

ФОРМИРОВАНИЕ МЕЖКУЛЬТУРНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ БУДУЩЕГО УЧИТЕЛЯ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА С УЧЕТОМ ОСОБЕННОСТЕЙ ИНОЯЗЫЧНОЙ КУЛЬТУРЫ

*Рамазанова А.С.,
преподаватель-ассистент,
e-mail: aida.ramzanova.1999@bk.ru*

*Тұрабай Г.К.,
преподаватель- лектор,
ЖУ им. И. Жансугурова,
г.Талдықорган, Казахстан
e-mail: TGK_96@inbox.ru*

Аннотация. Статья рассматривает формирование межкультурной компетентности у будущих учителей английского языка, подчеркивая важность учета культурных особенностей иноязычной среды. Анализируются компоненты межкультурной компетентности, роль преподавателя в образовательном процессе и методы, способствующие развитию навыков межкультурного общения. Приведены примеры успешной практики, показывающие значимость культурного контекста в обучении.

Ключевые слова: межкультурная компетентность, учитель, английский язык,

культура, коммуникация, образование, навыки.

Аннотация. Мақала болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениаралық құзыреттілігін қалыптастыруды қарастырады, бұл шет тілді ортаның мәдени ерекшеліктерін ескерудің маңыздылығын көрсетеді. Мәдениетаралық құзыреттіліктің компоненттері, оқытушының білім беру процесіндегі рөлі және мәдениетаралық қарым-қатынас дағдыларын дамытуға ықпал ететін әдістер талданады. Оқытудағы мәдени контексттің маңыздылығын көрсететін табысты тәжірибенің мысалдары келтірілген.

Түйінді сөздер: мәдениетаралық құзыреттілік, мұғалім, ағылшын тілі, мәдениет, коммуникация, білім, дағдылар.

Annotation. The article examines the formation of intercultural competence among future English teachers, emphasizing the importance of taking into account the cultural characteristics of a foreign language environment. The components of intercultural competence, the role of a teacher in the educational process, and methods that promote the development of intercultural communication skills are analyzed. Examples of successful practice are given, showing the importance of the cultural context in teaching.

Keywords: intercultural competence, teacher, English, culture, communication, education, skills.

В условиях глобализации и интенсивной миграции культур межкультурная компетентность становится ключевым компонентом профессиональной подготовки будущих учителей английского языка [2, 2018]. Этот аспект включает не только языковые навыки, но и понимание культурных контекстов, которые играют важную роль в межкультурной коммуникации. В данной статье рассматриваются основные элементы формирования межкультурной компетентности, методы и стратегии, а также роль учителя английского языка в этом процессе.

Понятие межкультурной компетентности. Межкультурная компетентность (МКК) — это способность эффективно взаимодействовать с представителями других культур, основываясь на знании и понимании их особенностей [4, 2021]. Она состоит из следующих компонентов:

- **Когнитивный компонент:** включает знание культурных различий, традиций, обычаев и социальной структуры различных стран [6, 2020]. Это знание необходимо для понимания контекста, в котором происходит коммуникация.
- **Аффективный компонент:** отражает эмоциональную готовность принимать и уважать другие культуры [7, 2021]. Это может включать открытость к новым идеям и опытам, готовность к диалогу и принятию разнообразия.
- **Прагматический компонент:** навыки, позволяющие адаптировать свою коммуникацию в зависимости от культурного контекста [8, 2017]. Это важно для успешного взаимодействия и избежания недопонимания.

Таким образом, межкультурная компетентность помогает будущему учителю не только преподавать язык, но и формировать у студентов навыки культурной эмпатии и понимания.

Роль учителя английского языка

Учитель английского языка выполняет множество функций в процессе формирования межкультурной компетентности. Для этого необходимо:

- **Знание культурных контекстов:** Учитель должен быть осведомлён о традициях и обычаях стран, где говорят на английском [2, 2018]. Например, различия в подходах к образованию и бизнесу могут существенно повлиять на восприятие информации студентами.
- **Использование аутентичных материалов:** Включение фильмов, музыки, художественной литературы и новостей на английском языке, которые отражают культурные особенности, способствует созданию более глубокого понимания языка и его контекста [4, 2021].

- **Создание культурной среды:** Организация обсуждений, семинаров и презентаций, посвящённых культуре англоговорящих стран, формирует у студентов необходимые навыки межкультурного общения [6, 2020].

Особенности иноязычной культуры

Изучение иноязычной культуры является неотъемлемой частью формирования межкультурной компетентности. Каждый язык отражает уникальную культуру, и понимание этого взаимодействия помогает избежать недопонимания:

Кіш – кіш: бұлғын. (Сусар тұқымдас – А.Егеубай). Оның құйрығы – «Кіш құдзрұқы» - деп аталады.

Кіш – кіш: садақ. Оғыздар мен оғыздардың ағайыны қыпшақтар мұны білмейді. [4.181]

Тұғ – тұғ: дауылпаз.

Ханның құзыретіне соғылатын дауылпаз. «Хан тұғ ұрды – хан дауылпаз ұрды». Яғни, «хан дауылпазын соқтырды» демекші. [4.181-182]

Тұғ – тұғ: ту.

«Тоғыз тұғлуғ хан – тоғыз тулы хан, яки хақан». Ханның қол астындағы елі мен жері, қалалары қаншама көбейіп кетсе де, мәртебесі қаншама өссе де, ту тоғыздан асырылмайды. Өйткені, тоғыз санына қасиеттеп мән беріледі. Ханның бұл тулары көкпенбек түсті асыл жібек, не шәйі матадан жасалады. Оны да жақсы ырыммен қасиетті деп санайды.

Тұғ – тұғ: тоған бөгет.

«Сувқа тұғ ұр – суға тоған сал».

Тұғ – тұғ: бірдененің қақпағы, жапқышы.

«Түңлүк тұғы – түндік жапқышы» деген сөз осыдан алынған. (Зертеушілердің талдауына қарағанда: «тиек, жапқыш, бекіткіш» деген мағыналарда да қолданылған тәрізді. – А.Елубай) [4.182]

Чоғ – чоғ: зат салынатын боқша, дорба.

Чоғ – чоғ: шапақ – күннің шапағы.

«Күн чоғы – күн шапағы, күн сәулесі».

Чоғ – чоғ: шоқ. От жанып болғаннан кейін қалған қызулы, алау шоқ. [4.183]

Боқ – боқ: боқ (Оғызша).

Боқ – боқ: «Қағұн боқ иерге түшді – қауын боқ етіп жерге түсті». Іші қуыс кеуек кез келген нәрсе жерге түсіп жарылса, «боқ етті» – дейді. [4.185]

Сын – сын: бой – тұрық (Сын-сымбат – А.Егеубай).

«Бодзлұғ сынлығ кіші – ұзын байлы кісі; Бой-тұрқы ұзын кісі». (Бойшаң сындарлы кісі. – А.Егеубай) Көрді де «сын» дейді. Өйткені, көрдің ұзындығы адамның бойымен бірдей шығады.

Сын – сын: көр. [4.195]

Бұл бөлімдегі соңғы әріп илетті омоним сөздер:

Бой – бой: жеуге болатын шөп, өсімдік. (Оғызша). [4.197]

Бой – бой: қауым – зәузат, тұқым-жұрағат, ру. (Оғызша). Бірін-бірі танымайтын екі адам көріскеннен кейін алдымен сәлемдеседі, содан кейін: «бой кім – руың кім» (Яғни, қай елсің – А.Егеубай) деп сұрасады. Жауап беруші: «Салғұр» дейді. Кітаптың басында (бірінші томның басында – А.Егеубай) айтылған рулардың біреуінің атын айтайды. Олар қауым, зәузаттарының аттары. Содан кейін барып сөйлесе бастайды, немесе әркім өз жөніне кетеді. Сөйтіп, олар бірі-бірінің елін, жөнін біліседі.

Той – той: орда жайы – қосын ордасы.

Осы сөзден алып: «Хан той – Хан ордасы» дейді. Мұны оғыздар білмейді.

Той – той: (Сасықшөп – А.Егеубай).

«Той оты – бір дәрілік шөптің аты».

Той – той: лай – қыш ыдыс жасайтын лай.

«Той ашыч – Қыш ас табақ» деген осыдан шыққан.

Той – той: дуадақ «-з (дз)» әрпін «и» әрпіне ауыстырып айтатындардың тілінде. Мұның «Тоз: тодз» деп айтылатын түрі де бар. (Шігілше).

Қой – қой: қой. [4.198]

«Қой иылы – Қой жылы». Түрік жұртының он екі мүшел жыл қайыруының бірі осылай айтылады.

Қой – қой: қойын. Тонның қойыны.

«Елік қойқа сұқ – Қойынға қол сұқ», - деген ұғым осыдан шыққан.

Қой – қой: жазықтың ойлы жері – ойпат түбі.

Фээл түріндегі бас және ортаңғы әріптері харакатты «у» әрпімен келетін сөздер бөліміндегі омонимдер:

Қорытындылай келе, ежелгі түркі тіліндегі омоним сөздерді зерттей отырып, біз ұмыт болған ежелгі түркі сөздерін қайтадан жандыруға, сөздік қорға бай тілімізде жойылған байырғы тілді қайтадан өркендетуге атсалыстық деп ойлаймыз.

Түркі өркениетіне өшпестей етіп із қалдырған ғұламаның еңбегі «Диуани лұғат ат-түрік» негізінде Қашқаридің қалдырған ілімі мен өмірбаяндық деректері тұлғатанымдық аспектіде сараланады. М.Қашқаридің түркі өркениет өрісіндегі тарихи-тілдік тұлға деңгейіне көтерілуі оның өскен ортасы мен отбасы тәрбиесінің әсері, түрік елінің ұлылығын таныту, түркі тілінің жасампаздығын жариялау және түрік өркениетінің рухани күш-жігерін, елдік парасаты мен әлем туралы түсінігін және сол түсінікке сәйкес туындаған сапалық мазмұнын «Диуани лұғат ат-түрік» шығармасының этнолингвомәдени ерекшеліктері айқындалады.

Әдебиеттер тізімі

1. Н.Ә.Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы. //http:ult.kz/post/nursultan-nazarbaev-uly-dalanyn-zheti-kyru
2. Kaşgarlı Mahmud. Dîvânü Lûgati't-Türk: Tıpkıbasım // Facsimile. – Ankara: Türkiye Kültür Bakanlığı, 1990.
3. А.Егеубай. Түрік сөздігі. 1-том. – Алматы. 1997.
4. А.Егеубай. Түрік сөздігі. 2-том. – Алматы. 1997.
5. А.Егеубай. Түрік сөздігі. 3-том. – Алматы. 1998.

УДК 821.512.122

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ПОЭТИКА ТІЛІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ

Жубай А.Н.,

*2-курс магистранты,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
Қазақстан, Алматы қаласы
e-mail: ayazhanzhubai@mail.ru*

Аңдатпа. Мағжан Жұмабаев – қазақ әдебиетінде поэма жанрын орнықтыра білген ақындардың бірі. Шығыстық сюжеттегі шығармаларды өз поэмаларына арқау етіп, қазақ әдебиетін дүниежүзі әдебиеті деңгейіне көтеруде қайраттылық көрсеткен Абайдан кейінгі шырқау биігіміз. Қазақ әдебиетінде поэтикалық тілдің табиғи көркемдігін ұлы Абайдан кейінгі жаңа белеске көтеруді Мағжан екені айқын. Осының бәрі Мағжанның поэтикалық тілінің ерекшелігін жаңашылдығымен дәлелденеді, ол – тіл ғылымының зерттеу объектісі.

Түйін сөздер: поэтика тілі, қазақ тілі, Мағжан поэзиясы, шеберлік, көркемдеуіш құралдар.

Аннотация. Магжан Жумабаев-один из поэтов, сумевший установить жанр поэмы в казахской литературе. После Абая мы проявили решительность в продвижении казахской литературы на уровень мировой литературы, опираясь на произведения Восточного сюжета в своих поэмах. В казахской литературе очевидно, что именно Магжан поднимает естественную художественность поэтического языка на новый уровень после великого Абая. Все это

подтверждается новизной поэтического языка Магжана, который является объектом изучения языковой науки.

Ключевые слова: язык поэтики, казахский язык, поэзия Магжана, мастерство, художественные средства.

Abstract. Magzhan Zhumabayev is one of the poets who managed to establish the genre of the poem in Kazakh literature. After Abai, we showed determination in promoting Kazakh literature to the level of world literature, relying on the works of the Oriental plot in our poems. In Kazakh literature, it is obvious that it is Magzhan who raises the natural artistry of the poetic language to a new level after the great Abai. All this is confirmed by the novelty of the poetic language of Magzhan, which is the object of study of linguistic science.

Keywords: language of poetics, Kazakh language, poetry of Magzhan, craftsmanship, artistic means.

Қазақ әдебиетінде поэтикалық тілдің табиғи көркемдігін ұлы Абайдан кейінгі жаңа белеске көтеруші Мағжан екені айқын. Осының бәрі Мағжанның поэтикалық тілінің ерекшелігін жаңашылдығымен дәлелденеді, ол – тіл ғылымының зерттеу объектісі.

Ақынның поэтикалық тілінің ерекшеліктері оның замандас, қатарлас және өзінен кейінгі ақындармен салыстыру арқылы дәлелденеді. Мағжанның әдеби тіл мектебі ақындық дәстүрінің үлгісі өзінен кейінгі ақындарға тигізген ықпалы зор. Қазіргі уақытта Мағжанның көркем мұрасына қызығушылық көбейе түскенімен шығармасының тілдік ерекшеліктерін лингвистикалық тұрғыдан зерттеген еңбектер жоқ. Мағжанның поэтикалық тілі туралы әдеби мақалалар мен естеліктерде ғана әдебиетшілерарасында сөз болып жүр.

М.Жұмабайұлының поэтикалық тілі туралы бұл жұмыс лингвистика саласында алғаш қолға алынып отыр. Бұл ғылыми жұмыс Мағжантануғылымына жасалған алғашқы қадам ғана. Соңғы жылдары Мағжан мұрасы жарық көргеннен бері филология ғылымында Мағжантану ғылымыныңдүниеге келгенін айғақтайды. Мағжантануда айтылатын үлкен ғылыми зерттеулер болашақтың ісі. Бұл шағын еңбекте Мағжанның поэтикалық тіліқазақ поэзиясын жаңа белеске көркемдік дәрежеге жеткізгенін анықтайды. Мағжан - қазақ поэзиясында өзінің поэтикалық тіл мектебін салушы классик ақын екені ғылыми тұрғыдан азды-көпті дәлелденеді.

Мағжан – лирикалық шыншылдықты қазақ поэзиясына енгізген, суреткерлігін поэмаларында көрсете білген ақын. Мағжанның поэзиясы бір сарынды деуге келмейді, әр тақырыпта жазылған шығармалар жинағы. Оның өзі өмір сүрген ғасырында Мағжан жырламаған тақырып, бармаған шың жоқ деп айтуымызға болады. Тіпті темір тордың ар жағына қамалса да ол өз өнерін тоқтатқан жоқ. Түрмеде отырып жазған «Сағындым», «Түс», «Сарғайдым», «Анама», «3-ға» сынды өлеңдерін айта аламыз.

Мағжан шығармашылығының көркем жанрларының бірі ол ертегі поэмалары. Ол ертегі поэмаларын жазуда өзіндік бір беру тәсілі бар. Өз жайын беру арқылы поэма жаза бастайды. Мағжан шығармаларының өзі жанымен жараса, жүрегімен үндесе жазылады. Поэма жанрына тілі кісендеулі заманда айтар сөзін астарлап жеткізу, жеткізгісі келген ойды қиял, аңыз, поэма арқылы жеткізу бұл оның шеберлігі. Санаға шығарма арқылы енгізу тәсілінің дамуы. Айтарны ашық айта алмайбын ұлт азаматы торда қамалған арыстандай аласұрып, жаны қиналады. Көкейінде қалған айтар ойы қалай да, қандай да жолмен жеткізу керек. Ол шықпаса ақын жүрегі қинала береді. Жан айқайы жыр болып төгілсе де, ол отта лауласа лап ететін, өзегінде шоқ болып қайнайтын жыр болуы керек.

Қазақ әдебиетінде сұлу да нәзік көркем жырлар Мағжан шығармаларынан кездесетін. Шығарманың сұлулығы дегенді Мағжан енгізген. Бөлек поэзиясы арқылы көзге түсті.

Мағжан шығармаларының көркем әрі нәзік болуы оның троп түрлерін, көркемдеуіш құралдарын қолдануында. Көркемдеуіш құралдарды қолдана отырып нақтылы мысалдар келтіре отырып, ана тіліміздің байлығын көрсетеді. Мағжан суреткер ақын дедік. Соған дәлел ретінде оның қолданысындағы өлеңдерін мысалға ала отырып, суреткерлігін дәлелдеп

көрейік. Ол айтар ойын жалаң тілмен жазбай, троп пен құбылту фигураларын қолдана отырып, сөздерді ауыспалы мағынада қолданып, аса көркем қолданысымен жеткізе білді.

Арыстанмын, айбатыма кім шыдар?!
 Жолбарыспын, қайратыма кім тұрар?!
 Көкте – күнмін, жерде – желмін гулеген
 Жер еркесі желдің жөнін кім сұрар?!
 («Мен кім?») [1, 246 б.]

Бұл үзіндісінен-ақ Мағжанның өзін таныстыруда ерекше құбылыстарға, жыртқыш аңдарға теңей отыра береді. Метафораны өз орнымен, шебер қолдана білген. Бір-біріне ұқсастығына қарап екі түрлі нәрсені ауыстыра айту арқылы мазмұнын тереңдете әсерлі жеткізіп тұр. Арыстанмын деп өзін айтуы, аң патшасына ешкім де қарсы тұра алмайтындығымен сәйкестіндіреміз, яғни Мағжан алдында еш кедергі жоқ. Арыстандай айбатты ақынға кімнің қарсы тұруы мүмкін дейсіз? Жолбарыспен де солай. Мағжан екі жыртқыш аңның белді қасиеттерін ала отырып қуатты күш иесіне айналады. Арыстан, Жолбарыс, күн, жел дегенінің бәрі Мағжанның «мені». Метафораны көркем қолдана білген тағы бір өлеңінен үзінді алатын болсақ:

...Келші, көзім, күн бетінді көрейін,
 Сүйші, сәулем, тұншығып мен өлейін.
 Жет, жұлдызым, жылжып қана жібектей
 Жұлдызды – жүзік, айды – алқа ғып берейін...
 («Жұлдыз жүзік»)[1, 248 б.]

Бұл өлеңінде Мағжан қыз бейнесін, яғни ғашығын осылай көркемдей көрсетеді. Ғашығының бет-жүзін жарық күнге, қыз сүйе кетсе дем ала алмай тұншығып кететіндей сезімде, жұлдыздай алыс болған ғашығына жете алмаған сағынышын, жүзігін жұлдыздан, алқасын айдан жасап беретіндей тулған махаббат сезімінен шыққан өлеңін көре аламыз. Жүрегі сағыныштан алып ұшады, қыздың сұлу бейнесі оны сұлулықтан масайтады, алыстығы сағындырады.

Кейіптеу құбылысына келер болсақ, жансызға жан бітіру арқылы кейіптеу болып табылады. Жансызды тірінің әркетімен беру суреткерліктің тағы бір шыңы дей аламыз. Мағжан кейіптеуді өз өлеңдерінде молынан қолдананды.

Ашудан бұғып қалған қорқақ ақыл,
 Күбірлей бастады енді «Мұның не?» - деп,
 Қомағай қара топырақ бүкіл қағып,
 Асығып екі жастың қанын ішті...
 («Батыр Баян») [1, 253 б.]

Қорқақтық тірі жанның жан түршігерлік жағдайы. Бұны адамның ақылына қолдану аса шеберлік. Жансыз топыраққа бүкіл қақтыру бұл да бір жансызды жандандыру болып табылады.

Метонимия құбылысы қазақ әдебиетінде қарапайым тілмен айтқанда бір құбылыстың орнына оның кішігірім бөлшегін атау алмастыру болып табылады. Бұл құбылысты да шебер қолдана білген Мағжан:

...Япыр-ау, осындай-ау адам-дағы,
 Бірі күшті, біреуі жаман-дағы.
 Күштісі әлім-жеттік қылғаннан соң,
 Күштісіздер, сорлыларға атар таң жоқ...
 («Бір күн») [1, 247 б.]

Күштісі мен күштісіздер метонимия рөлін атқаруда. Бір қырын көрсету арқылы, яғни әлім-жеттік көрсету арқылы күштісіздер өмірі қиындау, сорлы өмірдей көрсету.

Мағжан сөзбен сурет салу өнерінен ең жоғарғы деңгейде. Көркемдік ерекшелігінің жоғарғы деңгейде болғандығы сонша тіпті барлық өлеңдерінде троп пен құбылтудың барлық түрлері кездеседі. Өлеңдерін оқып отырсаң қандай да бір мағынаны меңзеу болып отырады. Яғни, сілтемесі тұрады.

Синекдоха құбылысына келер болсақ:
Сол кезде елге қорған болған Абылай,
Көп жаудың бірі шауып, бірін арбап
Алаштың аруы боп кетсе-дағы,
Жанымен өз жұртынан айрылмаған...

Бұл үзіндісінен Мағжанның синекдоха құбылысын қолданғанын көре аламыз. Яғни, бүтіннің орнына бөлшекті немесе керісінше қолдану тәсілі. Жұртынан, көр жау бүтіндікті көрсетіп тұр.

Кейбір өлеңдерінде Мағжан айтар ойды тура айтпай, астарлап немесе соған ұқсас құбылыстармен алмастыра қолдану, құпиялықты сақтау арқылы ойын ашық жеткізбей, бәрін жасырын түрде ұстау, тұспалдап жеткізу құбылысын қолданып жатады. Бұл оның символды қолдануы.

Жабыны тұлпар қылам деп,
Қарғаны сұңқар қылам деп.
Талайдың ісі шала ғой.

Бұл үзіндіден ақ айтар ойын астарлап, тұспалдап беріп тұрғандығын көре аламыз. Философиялық астары бар символ құбылысын көркем қолдана білген.

Мағжан өлеңдерінде өзінің жеке құралы іспеттес болып кеткен құбылысқа біз теңеуді жатқыза аламыз. Теңеулерді Мағжан өте жиі қолданған.

Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты –
Қырандай күшті қанатты.
Мен жастарға сенемін!
(«Мен жастарға сенемін!»)

Кейде қатты ысқырып,
Аңдай ұлып бір мезгіл,
Екі санын шапақтап,
Біресе сақ-сақ күледі...
(«Қысқы жолда»)

Өткізген балаусадай бөбек күнім,
Барқыттай белес-белес белім жатыр.
Айбынды арыстандай құмды кезген
Күңіреніп қалың қалмақ елім жатыр.
(«Батыр Баян»)

Эпитеттер ді де ақын жиі қолданған. Ол бұл көркемдеуіш құралды балалар санасында қандай да бір табиғат құбылысын бейнелі түрде, көз алдында елестете отырып ақын қалаған мақсатына жету үшін қолданған дей аламыз.

Алтын Күн батып барады,
Алтын Күн ақырын өледі
Сорлы бұлттар- сорлы жар
Қан жылап күнді көмеді.
(«Батқан күн, атқан таңның жыры»)

Жалқау жел өзін-өзі зорға сүйреп,
Жан-жақтан жүргендей-ақ жындар билеп.
(«Жаралы жан»)

«Жалқау» жел деп желдің сан түрлі сипатын көрсеткісі келгені анық. Айтпақ болған ойына «жалқау» сөзі арқылы акцент береді.

Таң атқанша жүйрік жел,
Жүгіруден талмады.

Әсерлі етіп жеткізу үшін «жүйрік жел» деп жылдамдықты асыра сілтеп көрсетуде. Ал өмірдің жайдарлы жағын көрсету үшін, мамыражай тіршілігін көрстеу үшін мынадай қолданысты қолданады:

Талай ел қонып, жайлап көшкен жерден,
Еркімен ерке желдер ескен жерден.

Сол сынды эпитет құбылысын молынан қолданған шығармаларының бірі ол – «Батыр Баян» поэмасы.

Қанды ор боп ақын жолы қалады да
Мөп-мөлдір, дөп-дөңгелек ұқсайды Айға.
Торғын ет, шапактай бет, тісі – меруерт.
Сұм сұлу анадайдан ағатайлап.
Билеген асау жүрек, қайнаған қан,
Шомылып қанды ыстық көз жасына.

(«Батыр Баян»)

Мағжан барлық құбылту түрлерін қолданған ақын дедік. Өлеңі сырттай да ерекше әрі тартымды болу үшін Мағжан қайталауларды да қолданған. Оның өлеңдерінде сөз қайталауы, дыбыс қайталауы да кездеседі. Сөз қайталануын біз өз ішінде екіге бөліп қарастырамыз: 1) анафора; 2) эпифора.

Анафора мен эпифора қайталаулары бірге қолданылған қолданысқа мысал келтірсек:

Ерлерді ұмытса да ел, сел ұмытпас,
Ерлерді ұмытса да ел, жел ұмытпас...
Ерлерді ұмытса да ел, шөл ұмытпас...

Ал дыбыс қайталауларын да өз ішінде екіге бөлеміз: 1) аллитерация; 2) ассонанс.

Ассонанс қайталауына мына үзіндіні тағы жатқызуымызға болады:

Ерлерді ұмытса да ел, сел ұмытпас,
Ерлерді ұмытса да ел, жел ұмытпас...
Ерлерді ұмытса да ел, шөл ұмытпас...

Ал аллитерацияға:

Тұранның шегі шетсіз шөлі қандай,
Теңіздей кемері жоқ көлі қандай!
Тұранның дария аталған өзендері,
Тасыса, шөлді басқан селі қандай!

Осы сынды Мағжанның өлеңдерінен барлы троп түрлерін кездестіруімізге болады. Бұл құбылыстарды қолдану өлеңнің мазмұнын да, мағынасын да, сыртқы сұлулығын да әрлей түседі. Образ жасау Мағжанның шеберлігінің арқасында.

Әдебиеттер тізімі

1. Жұмабаев М. Шығармалары 2-3т. – Алматы: Жазушы, 1989. -246 б.

УДК 130.2

ФИЛОСОФИЯ ПАМЯТИ И КУЛЬТУРНЫЙ ДИАЛОГ В ЭПОХУ ПОСТМОДЕРНИЗМА

Нурмагамбетова А. Г.,

магистрант

Казахский национальный университет им. аль-Фараби

г. Алматы, Казахстан

e-mail: alexstrange@gmail.com

Аннотация. В статье рассматривается феномен исторической памяти, который в условиях постмодернизма подвергается глубокой трансформации. Разрушение идеи единого нарратива и глобализация привели к многослойности памяти, её контекстуальности и динамике. Это создаёт пространство для межкультурного диалога, где каждая культура может представлять свои версии прошлого. Память становится не архивом фактов, а механизмом формирования идентичностей в гибридных культурных условиях.

Ключевые слова: историческая память, постмодернизм, культурный диалог, коллективная идентичность, интерпретация.

Abstract. The article examines the phenomenon of historical memory, which undergoes profound transformation in the postmodern era. The breakdown of a single narrative and globalization have led to the multilayered, contextual, and dynamic nature of memory. This opens space for intercultural dialogue, where each culture can present its version of the past. Memory becomes not an archive of facts but a mechanism for identity formation in hybrid cultural conditions.

Keywords: historical memory, postmodernism, cultural dialogue, collective identity, interpretation.

Аңдатпа. Мақалада постмодернизм дәуірінде тарихи жад феноменінің терең өзгерістерге ұшырауы қарастырылады. Біртұтас баяндау идеясынан бас тарту және жаһандану жадының көпқабатты, контекстуалды және динамикалық сипатқа ие болуына әкелді. Бұл әр мәдениеттің өз өткенін ұсынатын мәдениетаралық диалогқа мүмкіндік береді. Жад фактілер мұрағаты емес, аралас мәдени ортадағы сәйкестіктерді қалыптастыру механизмі ретінде әрекет етеді.

Кілттік сөздер: тарихи жад, постмодернизм, мәдениетаралық диалог, ұжымдық сәйкестік, интерпретация.

Феномен исторической памяти остаётся одним из наиболее дискуссионных вопросов в современной философии и культурологии. В условиях постмодернизма, когда разрушается идея единого нарратива, память приобретает новые характеристики — она становится многослойной, контекстуальной и подверженной постоянной переоценке. Философия постмодернизма в свою очередь отвергает концепцию фиксированного прошлого, предлагая вместо этого динамичное поле интерпретаций, где прошлое подвергается переосмыслению через призму фрагментарных и множественных контекстов. Такое переосмысление создаёт благодатную почву для межкультурного диалога, поскольку каждая культура получает возможность представлять свои версии исторического опыта.

Глобализация, с её тенденцией к стиранию национальных и культурных границ, порождает новые формы коллективной памяти, в которых прошлое становится объектом межнациональной рефлексии. В условиях постоянной гибридизации культур историческая память уже не выполняет функцию архивного накопления фактов, а выступает механизмом активного формирования идентичностей, открытым для диалога. Этот диалог возможен именно потому, что в постмодернистской парадигме память рассматривается не как данность, а как процесс, подверженный постоянным изменениям. Память становится инструментом для создания новых смыслов и культурных взаимосвязей.

Философское осмысление памяти прошло долгий путь трансформаций, начиная с античности и до наших дней, каждый этап которого внёс свои ключевые элементы в понимание этого феномена. Платон и Аристотель воспринимали память как неотъемлемую часть познания, связанного с опытом и воспроизведением образов, а в средневековой философии память была связана с этикой и религиозным опытом, о чём свидетельствуют работы Аврелия Августина. Однако современная философия памяти делает акцент на её связи с коллективной идентичностью и историей, что особенно ярко проявляется в работах Мориса Хальбвакса и Поля Рикёра.

В середине XX века Морис Хальбвакс вводит в научный оборот понятие коллективной памяти, подчёркивая её социальную природу и зависимость от культурных и исторических условий. Память, по Хальбваксу, не существует вне общества: она формируется в рамках определённых сообществ и служит их идентичности. [1] Этот подход оказал значительное влияние на дальнейшее изучение памяти, в том числе и на философские разработки Поля Рикёра. В своей работе «Память, история, забвение» Рикёр развивает идеи Хальбвакса, добавляя к ним нарративный подход. Он рассматривает память как форму нарратива, который не только фиксирует события прошлого, но и постоянно их переосмысливает в зависимости от текущих культурных и политических контекстов.

Согласно Рикёру, память не является пассивным хранилищем фактов; она представляет собой активный процесс, в котором участвуют как индивидуальные, так и коллективные субъекты. В отличие от фиксированного прошлого, память в понимании Рикёра всегда гибкая и подвержена изменениям, что особенно важно в условиях постмодернизма. [2] Именно в постмодернистском контексте память становится объектом критики и децентрации. Здесь вступают в силу идеи таких философов, как Жак Деррида и Жан Бодрийяр, которые рассматривают память как фрагментированный процесс.

Постмодернистская критика единого нарратива подразумевает, что ни одно воспоминание не является абсолютным. Память становится полем столкновения множественных нарративов, каждая из которых имеет свою легитимность в определённой культурной или исторической среде. В этом смысле децентрация памяти представляет собой отказ от линейных и универсальных исторических концепций в пользу плюрализма и фрагментации.[3] Это даёт возможность каждой культуре и сообществу не просто пересматривать своё прошлое, но и активно участвовать в создании новых версий памяти.

Фрагментарность памяти в контексте современной культуры может приобретать особое значение на фоне критики метанарративов, характерных для модернизма. В эпоху постмодернизма идея единого, канонического нарратива истории уступает место множеству конкурирующих версий прошлого. Жак Деррида в своих работах подчёркивал, что память неизбежно связана с процессом «*рассматривания в перспективе*» (*prosopeia*), когда прошлое конструируется заново через определённую призму, и каждый акт воспоминания не является нейтральным.

Кроме того, Жан Бодрийяр внёс в философию памяти концепцию симуляции. Согласно его теории, в постмодернистском обществе реальное заменяется *симулякром* — копией без оригинала. Память становится симуляцией событий, которая утрачивает связь с объективной реальностью, и её содержание определяется социальными и культурными конструктами. Этот процесс наиболее ярко проявляется в культуре медиа и искусства, где память может быть сконструирована и реконтекстуализирована бесконечное количество раз, создавая новые символические значения. Таким образом, память в постмодернистском обществе — это не восстановление прошлого, а его постоянное переизобретение, подверженное влиянию различных культурных и медийных сил.

Память и идентичность в постмодернистском мире также становится гибкой. В традиционном понимании коллективная память служила основой для формирования стабильных культурных и национальных идентичностей. Однако теперь память уже не предлагает правильной и разумной версии событий, что приводит к расщеплению идентичности на множественные, подвижные формы. Это явление связано с децентрацией

субъекта, характерной для постмодернистской философии. Идентичность в эпоху постмодернизма уже не является цельной и фиксированной; она подвержена постоянным изменениям, будучи результатом непрерывного диалога с фрагментированной памятью. В этом случае философы, такие как Жак Лакан, предлагали понимать идентичность как живую конструкцию, создаваемую через символические взаимодействия, в том числе и с прошлым. Все это создаёт новые условия для культурного взаимодействия, где каждая культура получает возможность заново рассказать свою историю, опираясь на собственный опыт и интерпретацию.

Хорошим примером могут служить проекты по сохранению и реконструкции памяти, такие как музеи, мемориальные комплексы и художественные инсталляции, которые становятся площадками для межкультурного диалога. Такие проекты не только сохраняют память о прошлом, но и предлагают новые формы её осмысления, приглашая самих зрителей к активному участию в переоценке исторических событий. Ярким примером является Мемориал Холокоста в Берлине, который, будучи художественной инсталляцией, одновременно является местом памяти и культурного диалога, открывающим множество интерпретаций. Этот и другие проекты демонстрируют, как культурная память может служить основой для диалога между разными культурами, помогая переосмысливать прошлое и строить более глубокое понимание настоящего.

Также важно отметить, что память, как пространство взаимодействия культур, находит одно из своих наиболее выразительных воплощений в искусстве. Искусство, особенно в условиях постмодернизма, становится не только транслятором исторической памяти, но и активным участником процесса её переосмысления. Можно сказать, что искусство выступает как некий медиатор памяти. Можно заметить, что в постмодернистскую эпоху художественные произведения часто играют роль медиаторов между прошлым и настоящим, задавая новые способы восприятия исторической памяти. Художественные инсталляции, перформансы, кино и другие формы визуального искусства становятся пространством, где память пересматривается, дополняется и даже подвергается критике. Такой подход позволяет избежать монолитного и линейного восприятия исторических событий. Например, инсталляции, такие как работы Кристиана Болтански, исследуют коллективную память, предлагая зрителю участвовать в реконструкции прошлого, формируя уникальные нарративы на основе фрагментарных воспоминаний и образов. [4] Такие интерактивные формы памяти в искусстве играют важную роль в создании новых символических форм, через которые общества и культуры переосмысливают свою историю. В частности, музейные экспозиции и мемориалы часто строятся на подобных механизмах, предоставляя зрителю возможность не просто пассивно воспринимать информацию, но активно взаимодействовать с ней.

Важную роль играет и стремительное развитие цифровых технологий, которые расширяют возможности для взаимодействия. Цифровые проекты, посвящённые исторической памяти, такие как виртуальные музеи и архивы, создают новое пространство для сохранения и интерпретации памяти, свободное от любых ограничений физической реальности. [5] Такие проекты, как интерактивные карты исторических событий или цифровые реконструкции утраченных памятников, позволяют не только восстанавливать и сохранять память, но и обогащать её новыми смыслами через кросс-культурные взаимодействия. Примером может служить виртуальный проект «Архив исчезнувших городов», который с помощью цифровых технологий сохраняет память о разрушенных или исчезнувших населённых пунктах.

Искусство в условиях постмодернизма, таким образом, становится важнейшим инструментом для переосмысления памяти. Оно позволяет культуре отказаться от фиксированных интерпретаций и предлагает новые формы, способные включать в себя множество перспектив, создавая пространство для диалога между культурами, идентичностями и временными контекстами. Через это искусство трансформируется в активного участника философской и культурной рефлексии о памяти. [6]

Также остаются актуальными и этические вопросы, связанные с памятью в условиях

постмодернизма. В условиях фрагментации исторического опыта и усиления влияния глобализации возникают проблемы выбора, какие нарративы следует сохранять, а какие предавать забвению. В эпоху цифровых технологий вопросы сохранения подлинности памяти, её постоянной реконфигурации и управления становятся ещё более важными, что требует новых подходов к этике памяти.

Заключая, можно сказать, что философия памяти в постмодернистском контексте даёт возможность для более глубокого и многослойного понимания культурного диалога и истории. Память больше не воспринимается как хранилище зафиксированных событий, а становится динамическим процессом, который способствует созданию новых форм идентичности и взаимодействия между культурами. В этом смысле современное осмысление памяти представляет для нас необходимую возможность более глубокого понимания как прошлого, так и настоящего, создавая основу для диалога и взаимопонимания в многообразном мире.

Список литературы

1. Хальбвакс, М. Социальные рамки памяти / М. Хальбвакс. — М.: Издательство гуманитарной литературы, 2007
 2. Рикёр, П. Память, история, забвение / П. Рикёр. — М.: Прогресс-Традиция, 2004
 3. Лиотар, Ж.-Ф. Состояние постмодерна / Ж.-Ф. Лиотар. — М.: Институт экспериментальной социологии, 1998
 4. Болтански, К. Воспоминания и забвение в инсталляциях / К. Болтански // Искусство как память: современное искусство и историческая память. — М.: НЛО, 2015
 5. Саид, Э. Культура и империализм / Э. Саид. — М.: Логос, 2004
- Беньямин, В. Произведение искусства в эпоху его технической воспроизводимости / В. Беньямин. — М.: Ад Маргинем, 2010

УДК 81'42:37.01

СӨЗ МӘДЕНИЕТІ – ҰЛТТЫҚ ТІЛ ҒЫЛЫМЫНЫҢ БАСТЫ ҚАҒИДАСЫ

*Нусупова П.Е.,
2-курс магистранты,
ал-Фараби атындағы ҚазҰУ,
Алматы қ., Қазақстан
e-mail: perizat.nusupova@mail.ru*

Андатпа. Сөз мәдениетін оқыту – сөзді «өнер» деп бағалаған танымы тереңнен басталатын, талғамы аса биік қазақ халқының ізгі дәстүрін жалғастырып, ұрпақтан ұрпаққа жеткізудің басты кепілі. Мақалада ұлттық тіл ғылымының негізгі алғышарты «сөз мәдениеті» жайлы зерттеулер мен ғалымдардың пікірлері, анықтамалары жан-жақты талданады. «Сөз мәдениетінің» маңызы мен оны сақтаудың талаптары сараланып, бүгінгі таңда кездесетін нормадан ауытқушылық, сөз жұтандығы, орфоэпиялық, орфографиялық, т.б. қателіктер көрсетіледі. Қазақ тілі үнемі дамып, өрісі кеңеюі үшін тіл тазалығын, сөз мәдениетін сақтау, тілдік бірліктерді дұрыс қолдану аса маңызды.

Түйін сөздер: сөз мәдениеті, қазақ тілі, тіл тазалығы, тіл ғылымы, норма, заңдылық

Аннотация. Обучение культуре речи – главная гарантия продолжения традиций как «передавать слово из поколения в поколение» казахского народа, чьи знания начинаются с глубины, а вкус очень высок, который ценит речь как «искусство». В статье всесторонне анализируются исследования, мнения и определения ученых о «речевой культуре», основе

науки казахского языка. Выделены значение «речевой культуры» и требования к ее сохранению, отклонения от нормы, встречающиеся сегодня, словосочетания, орфоэпические, орфографические и др. ошибки. Для того, чтобы казахский язык постоянно развивался и расширял сферу своего применения, очень важно сохранять чистоту языка, культуру речи, правильное употребление языковых единиц.

Ключевые слова: культура речи, казахский язык, чистота языка, языковедение, норма, законность.

Abstract. Teaching speech culture is the main guarantee of continuing the traditions of "passing the word from generation to generation" of the Kazakh people, whose knowledge begins with depth, and whose taste is very high, who value speech as an "art". The article comprehensively analyzes the research, opinions and definitions of scientists about the "speech culture", the basis of the science of the Kazakh language. The meaning of "speech culture" and the requirements for its preservation, deviations from the norm encountered today, phrases, orthoepic, spelling and other errors are highlighted. In order for the Kazakh language to constantly develop and expand its scope of application, it is very important to maintain the purity of the language, the culture of speech, and the correct use of language units.

Keywords: culture of speech, Kazakh language, purity of language, linguistics, norm, legality.

Сөз – «тіл» деп аталатын мәңгілік, аса құнды да қасиетті дүниені құрайтын бөлшек. Ал тіл – адам баласының бір-бірімен қатынас жасау мұқтаждығы мен қажеттілігінен туған, сол себепті де «Қоғамнан тыс тіл, тілсіз қоғам жоқ». Тілдің осындай аса маңыздылығының бір сыры - оның құдірет-күшінде. Халқымыздың «Өнер алды – қызыл тіл», «Піл көтермегенді тіл көтереді», «Сөз сүйектен өтеді, таяқ еттен өтеді», «Бір жақсы сөз бітірер мың көңілдің жарасын» тәрізді мақалдары сол ғажайып қуат-қасиетке байланысты туған.

Тіл - тек коммуникативтік құрал емес, сонымен бірге адам болмысының, оның мәдениетінің көрінісі, өйткені мәдениет тілден тысқары өмір сүре алмайды. Тілде әр халықтың тарихы, оның өмірі, өткені мен болашағы, тіршілігі, шаруашылығы мен мәдениеті жатыр. Адамзат үшін ең негізгі коммуникация құралы тіл болғандықтан, тілге ауызекі сөзге негізделген салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар да жатады. Қазақ халқы тіл тазалығына сөйлеу шеберлігіне ерекше мән берген. Ахмет Байтұрсынұлының өзі айтып кеткендей: «Қазақтар тіл өнерін – өнердің өнері деп бағалаған» [1, 21]. Асылы, жақсы сөзді жанына азық еткен. Қазақ халқын «жүйелі сөзге бас иген халық» деп айтсақ та артық айтқандық емес.

Бәріміз білетіндей, мәдениет – адамның ойлау қабілеті, өзіне де, айналасындағыларға да талдау жасай білу, саралау қабілеті. Адам бойындағы барша ізгі қасиетті, сананың деңгейін, моральдық жағдайын, барлығын да арттырып, сыншылдық қасиетін де дамытатын осы – мәдениет. Мәдениеттің қанша саласы болса да, әрқайсының ұлттық даралығы сақталуы керек. Соның ішінде тіл мәдениетін сақтай білу – адамзат үшін үлкен борыш, өз ана тіліне деген зор ықылас пен құрмет, қоғамда атқарылатын қызметінің түп тамыры.

Тіл табиғатының қыр-сырына терең жан-жақты үңілу – ғалым А. Байтұрсынұлынан бастау алып, Қ. Жұбанов зерттеулерімен өз жалғасын тапқан. Қазақ зиялылары А.Байтұрсынов, М. Жұмабаев, М. Балақаев, К. Аханов, Т. Қордабаев, Ы. Маманов, Н. Уәлиев, Р. Сыздықова, А. Жапбаров, Ә. Болғанбаев, С. Исаев, А. Ысқақов, Р. Әміров, Қ. Жұбанов т.б. ғалымдардың еңбектерінде «тіл» ұғымының сан қырлы жағына тоқталады.

Сөз мәдениеті пәнінің қазіргі жай-күйі алдымен қазақ тіл білімінің өткен тарихымен және бүгінгі даму деңгейімен, жалпы тілтанымдағы барлық дәстүрлі парадигмалардың жаңа парадигмаларға ығысып орын беру үрдісімен де байланысты. Сөз мәдениетінің ғылыми пән ретінде қарастырылатын негізгі объектісі - тілдік норма. Осы бағытта жазылған еңбектердің қатарында қазақ әдеби тілінің нормасы (М. Балақаев), тілдік норма және оның жүйемен, дағдымен байланысы (Р. Сыздық, Н. Уәлиев); орфографиялық норма (Р. Сыздық, Б. Қалиев, Н. Уәлиев, А. Алдашева), орфоэпиялық норманың типтері мен түрлері (Р. Сыздық),

варианттылық пен норма (И. Ұйықбаев, С. Бизақов) т.б. жөніндегі зерттеулер тілдік норманың ортологиялық базасын кеңейте түсті.

Сөз мәдениеті қазірде көпвекторлы ғылыми пән ретінде қарастырылып жүр. Ә.Т. Қайдаров, М.М. Копыленко, А.Е. Карлинский, Е. Жанпейісов, Э.Д. Сүлейменова, К.Ш. Хұсайынов, Б. Хасанов, З.Қ. Ахметжанова, С.С. Құнанбаева т.б. ғалымдардың қазақ тілтанымы мен жалпы тілтанымға қатысты зерттеулерінің нәтижелері сөз мәдениеті пәнінің типологиялық теориялық базасын байыта түсіп отыр. Сондай-ақ, Ж. Манкеева, С. Сатенова, Г. Смағұлованың лексика-фразеологиялық, этнолингвистикалық бағыттағы зерттеулері тілдік тұлғаны дәстүрлі мәдениеттің өкілі, тұтынушысы, дамытушысы ретінде тануға, тілдік тұлғаның сөз қолданысындағы этномәдени компоненттердің сипатын айқындауға жәрдемін тигізетіні сөзсіз. Тіл мәдениеті тілді меңгерушілердің тілін ұстарту міндетін жүзеге асырудың амал-тәсілдерін көрсетеді. Қ. Жұбановтың зерттеулері бойынша тіл мәдениетіне тән нормалар таза, нақты, лайықты әдеби тілмен сөйлеуге, диалект сөздер мен дөрекі сөздерді қарым-қатынас барысында қолданбауға, сөйлеген сөздері жатық, әсерлі, түсінікті болуын қадағалайды [2, 64]. Сонымен қатар, олардың сөзді әсерлі жеткізуін, мәнерлеп оқуын, сондай-ақ өз ойларын логикалық тұрғыдан байланыстыра отырып, жүйелі жазу дағдыларын қалыптастыруға тиіс.

Ал тілші-ғалым Р. Сыздықова: «Тіл мәдениеті дегеніміз - сөздерді дұрыс орнымен қолдану (лексикалық), дұрыс құрастыра білу (синтаксистік), дұрыс қиюластыру (морфологиялық), дұрыс дыбыстау (орфоэпиялық), сауатты жазу (орфографиялық), тілді әсерлі етіп жұмсау (лингвостилистикалық) нормаларын ұстану, орнықтыру, жетілдіру», - дейді [3, 21].

Профессор Рәбиға Сыздықтың тіл мәдениетіне байланысты айтқан пікіріне жалпылама тоқталып өтейік. Ғалымның пікірінше, сөздерді дұрыс қолдана алу, қарым-қатынас, сөйлеу барысында сөздерді бір-бірімен үдестіре, қиюластыра отырып дұрыс жеткізу, пунктуациялық және емле қағидаларын сақтай отырып сауатты жазу, сонау заманнан бері сақталған сөз көркемдігін жоғалтып алмай, заңдылықтарын сақтап оны әрі қарай дамытудың барлығын да осы «Тіл мәдениеті не?» деген сұрақтың жауабы ретінде тани аламыз.

«Тіл мәдениеті» мен «сөз мәдениеті» қатар жүретін, бірінің орнын бірі баса алатын тіркестер ретінде танылады. Өйткені, тіл мәдениетінің негізгі зерттейтін объектісі - сөз, сөздің дұрыс айтылуы, дұрыс жазылуы, дұрыс қолданылуы, сол арқылы ойдың айқын, әсерлі жетуі, екі ұштылықтың, күңгірттіктің болмауы. Соған орай тіл мәдениеті ғылымын үлкен екі салаға: ауызша сөйлеу мәдениеті, сөз қолдану мәдениеті деп бөлуге болады. Сөз мәдениеті тек жазбашада ғана көрініс таппайды, ауызша қарым-қатынаста да орфоэпиялық нормаларды сақтап, сөздерді әуезді етіп жеткізудің өзі белгілі бір ережелерге сүйенеді. Бұны жеке түрде «ауызша сөйлеу мәдениеті» деп қарастыра аламыз. Сөйлеудің өзіне тән нормалары орфографияға бағынышты емес. Себебі, барлық сөздер қалай жазылса, солай оқылуы тиіс деген қағида жоқ. Қазақ тілі табиғатынан үнді, әуезді тіл болғандықтан, сөздің өзін нақышына келтіріп айта алу – ауыз әдебиетінің сан мыңдаған еңбектерінен, шешендік сөздерден келе жатқан дүние.

«Тіл мәдениеті дегеніміз - сөйлеудегі, жазудағы сыпайылық, ізеттілік қана емес, сонымен қатар айқын ойлылық, сөзді дәл айыру шеберлігі, сөйлеу өнеріне шыныққандық», - деп анықтама береді Н.Уәлиев өзінің «Сөз мәдениеті» атты еңбегінде [4, 15].

М. Балақаев: «Тіл мәдениеті дегеніміз - тілдік тәсілдердің ширау, жетілу дәрежесі. Сонымен қатар, ол тіл жұмсаудағы ізеттілік, сауаттылық қана емес, тілдік тәсілдерді, фонетикалық, орфографиялық, орфоэпиялық, морфологиялық, синтаксистік, стильдік құбылыстарды ұқыпты, дұрыс қолдану дағдысы», - деп түсіндіреді [5, 12].

Э. Тэйлор «мәдениет» – рухани құндылықтарды дамыту арқылы адамзат баласын жан-жақты жетілдірудің жолы дегенді айтады [6, 11]. Ал бұл мәселені жан-жақты зерттеген Л.И.Ожегов: «Тіл мәдениеті – бұл өзінің ойын дұрыс, дәл және мәнерлі жеткізе алу білігі. Дұрыс сөз дегеніміз әдеби тіл нормасы сақталған сөз. Тілдің нормасы – бұл қоғамдық сөйлеу тілі тәжірибесінде қабылданған жалпы тілдің сөйлеу, грамматика, сөз қолдану ережесі. Ойын

жеткізуде дәл әдіс таба білу ғана емес, сондай-ақ орынды сөйлеу», - деп тұжырымдаса [7, 25], А.В.Птушенко «Культура речи – культура мышления» деген еңбегінде: «Культура речи: норма и выразительность. Ее компоненты: мировоззрение, логическая культура, психологическая культура, коммуникационная культура, лексика, стилистика, грамматика, фонетика, художественные средства», - деп оның зерттеу аясын кеңейте түсті [8, 41].

Сөз өнері – құдіретті өнер. Дана халқымыз осы тіл байлығы, сөйлеу шеберлігіне аса ыждаһатпен қараған. Дұрыс сөйлеу, сөздерді орнымен қолдану, мәнді де мағыналы ой айту бір жағынан баға жетпес өнер болса, екіншіден тіліне деген құрмет және жоғары мәдениеттіліктің белгісі. Сөйлеу мәдениеті орфоэпиялық нормаға негізделеді. Орфоэпиялық норма – жоғарыда айтып өткендей, сөздерді дұрыс айту, лексикалық норма – сөздерді іріктеп, сұрыптап, талғаммен қолдану болса, грамматикалық норма сөйлеу мәдениетінде біршама тұрақталып, қалыптасқан норма саналады. Сөйлеу мәдениетінде ойдың дәлдігі, сөздің анықтығы, тазалығы, көңіл күйге әсер ететін шынайылығы (ол қарапайым сөзден немесе бейнелі образды сөздерден құралуына қарамастан), көркемдігі маңызды рөл атқарады.

Ауызша сөйлеу тілі қоғамда, күнделікті тұрмыста қолданылатын, бетпе-бет отырған екі немесе одан да көп адамдардың бір-бірімен сөйлесуі, пікір алысуы. Сонымен қатар, А.П. Чехов айтқандай «Әр сөздің айтылуына қарай мың мағынасы бар». Яғни, көкейдегі ойды дәл жекізу үшін сөздің нақты әрі дұрыс айтылуы, дауысталуы қажет. Қоғамдағы қарым-қатынас ауызша сөйлеу немесе жазбаша тілдесу арқылы жүреді. Ауызша сөйлеудің де, жазбаша тілдесудің де түп негізі – ұлттың ғасырлар бойы жасаған, ұрпақтан ұрпаққа мұра етіп, жылдар бойы сыннан өткізілген жалпыхалықтық тілі. Қазақ халқының ұлттық дағды дәстүрімен біте қайнасқан, тарихы терең елдің шаруашылық, мәдени, әдеби құндылықтарын жарқырата көрсететін де – ауызша сөйлеу тілі.

Қазақ тілінің өзіне ғана тән заңдылықтары мен табиғи даралығын, сөйлеу тіліндегі ерекшеліктерін, шешендікпен тамырлас қадір-қасиетін, әдеби жүйесін уақыт талабымен астастыра отырып танытуға кеңінен жол ашылып, жаңа кезең белең алған кезде дамытпай, бір орында ұстап қалу - біздер үшін үлкен сын. Сөз мәдениеті ғылыми тілмен – тілді қолданушының интеллектуалдық және мәдени сапасын арттыра отырып тілдік қатынасқа төселдірудің бір жолы. Қазақ тіліне қатысты «сөз дұрыстығы» жөнінде ең алғашқы ой-тұжырымдар Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерінен бастау алады. Ол әр сөздің, әр сөйлемнің өз орнымен, дұрыс күйінде жұмсалуды сөз дұрыстығы деп таниды. Бұны жүзеге асыру үшін сөз мағынасын өзгертетін жұрнақ пен жалғауларды орынды жұмсап, сөйлемнің ішінде сөздерді дұрыс септеу, көптеу керек [9, 175-176]. Сөйлемдерді өзара байланыстырып, орын тәртібін де нақтылап, ымыраластыра білу қажет деп көрсетеді. Дәл осы тұста әдеби тілдің нормасы қалыптасады. Әдеби тіл нормасы тіл тазалығын қамтамасыз етеді:

1. Белгілі бір қоғамда орнығып қалған ортақ заңдылықтарды қолдануды міндеттейді, орынсыз болатын ауытқушылықтарға жол бермейді;
2. Кез-келген тілді қарабайырлықтан сақтап, диалектілер мен жаргондарға тіпті тосқауыл қояды.
3. Ең бастысы – сөзді талғап қолдануға, жұмсауға негізделеді [10, 119].

«Көңілдегі көрікті ой, ауыздан шыққанда өңі қашады», - деп ұлы Абай айтпақшы, ойлаудың жөні бір бөлек, ойды көркем әрі әсерлі етіп жеткізу – тіпті бөлек дүние. Сөзді өзгелерге жеткізу үшін оны сараптап, сүзгіден өткізіп, тілдің заңдылықтарына сай құрастыра білу – біліктілік пен ана тіліне деген жауапкершіліктің, сүйіспеншіліктің көрсеткіші. «Сөз мәдениеті», «дұрыс сөйлеу мәдениеті», «сауатты жазу дағдысы» дегендерді тек белгілі бір уақыт аралығында ғана үйреніп шығуға болмайды. Мысалы, университет қабырғасындағы санаулы сағаттарда пәнді оқу барысында жүз пайыз сөз мәдениетін меңгеріп кетем деген ой – қате тұжырым. Әсіресе бүгінгі таңдағы біздің осал тұсымыз – сөйлеу үстінде сөздерді дұрыс айтпау, яғни орфоэпиялық нормаларды білмеу, оған көңіл аудармау.

Адам орфоэпиялық нормаларды, соған сай ережелерді негізінен жаттау арқылы емес, тыңдап, үйрену арқылы игереді. Осы ретте күнде тыңдайтын радионың, теледидардың және сахнадан еститін сөздер мен әндердің орны айрықша. Сахна қайраткерлері мен радио,

теледидар қызметкерлеріне тілге келгенде қойылатын талап – айтылмақ сөздің (бұл жердегі «сөз» деп отырғанымыз жеке сөздер емес, жалпы айтылмақ ой, хабар т.т.) анық және әсем болуы. Анықтықты актерлер, әншілер, дикторлар, негізінен, сөйлеу техникасын жетілдіру мен сөз логикасына көңіл қою амалдары арқылы қамтамасыз етсе, әсемдік пен әсерлілік, негізінен, сөзді дұрыс әрі көркемдеп айту арқылы жүзеге асырылады. Ал сөздің көркем айтылуы дегеніміз – оның әуезділігі. Дыбыстар әуезін (гармониясын) сақтау – сахна сөзі мен радио, телевизия саласында мамандық тұрғыдан қойылатын талаптардың бірі [11, 413].

Қаға берісте қалып, ұмыт боп жүрген ісіміздің бірі – сөз әуезі, тіл қирағаты. Бұл айтып отырғанымыз - орфоэпия туралы. Дыбыс, сөз тіркестерінің айтылуы мен жазылуы үнемі сәйкес келуі шарт емес. Жиі қолданылатын «көзқарас» дәл сол қалпында айтылып жүрсе (дұрыс айтылуы: көзқарас), «кейіпкер» сөзі «киіпкер» қалпында айтылып жүр. Радио, теледидар арқылы айтылатын кей сөздерге құлақ түре зер салсаңыз, *торы ала ат, торы құнан* сияқты сөздер жазу әлпетімен кетіп жатады. Қатарынан келген дауыстылардың алғашқысы түсіп қалуы – тіліміздің сонау заманнан бергі заңы. Мұны елемеу – тіліміздің басты заңынан ауытқу деген сөз. Сөз мақамы мен ырғағын жазу арқылы білдіру мүмкін емес. Бұл – әрі қиын, әрі қызық мәселе. Арнайы жасалған сөздік, лұғат, бірді-екілі оқулық болмаса, екпін екеш екпіннің де графикалық белгісі болмайды. Тілдің әрқилы, сан қилы интонациясын қайтеміз? Хабарлы, сұраулы, лепті интонация дегеннің ішінара қаншама варианттары бар (жай, жедел, баяу, асқақ, көтеріңкі, екпінді, екпінсіз, созылыққы, келте, басым, ашық, тұйық, желдірме, кебіртік, үнді, үнсіз, т.б.). Әр кісінің дикциясына лайық нәзік үнді қайтеміз? [12, 52]

Қазіргі кезде кездесетін орфоэпиялық қателер – осылар ғана емес, өзге тұстары да бары даусыз. Бұл ретте орфоэпиялық анықтама құралдардың: сөз сазы ережелерінің, орфоэпиялық сөздіктердің және өзге де толып жатқан көмекші материалдардың өте аздығы, бірді-екілі мұндай құралдардың бір басылымынан екіншісіне дейін ондаған жылдардың өтіп жатқандығын баса айтуға болады. Мысалы, А. Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты тарапынан ұсынылған «Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі» (авторы – Қ. Неталиева, жауапты редакторы – М. Балақаев) 1977 жылы бір-ақ рет жарық көрді. М. Дүйсебаеваның мектеп оқушыларына арналған «Қазақ тілінің қысқаша орфоэпиялық сөздігі» 1981 жылы шықты. Сөзді дұрыс айту ережелері берілген құрал («Сөз сазы», авторы – Р. Сыздықова) «Ғылым» баспасынан 1983, 1995 жылдары бар-жоғы 1000 дана болып жарияланды. Демек, бұл құралдардың шыққанына он жылдан астам уақыт өтіп бара жатқаны – сөз, сөйлеу мәдениетімізді көтеруге сеп болып отырған жоқ.

Сөздерді жазылуынша оқудың да өзіндік себебі бар. Оны тек жауапсыздықтан немесе білместіктен деуге болмас. Радио мен теледидар тыңдаушыларына, оқушылар мен студенттерге, жиын-жиналыстарға қатысушылар сияқты қалың көпшілікке қарата айтылған сөздің неғұрлым түсінікті, айқын болуын діттейміз, ал сөздерді нақпа-нақтап жеке-жеке айтқанда, олар анығырақ естіледі де түсініктірек болып шығады. Анығы – анық, бірақ бірді іздеп, екіншіні жоғалтып аламыз: анықтық бар, сөз сазы жоқ. Мұндайда ой болады және ол ойды білдіріп тұрған сөздер жеке-жеке түсінікті, анық болады, бірақ олардың бір-бірімен қиюласқан үйлесімі жоқ болып шығады. Бұл – сөздерді қазақша айту емес, қазақша тізбектеп өту болып шығады. Алдымызда тілдің өзі емес, фотосуреті көрсетілгендей әсер етеді, өйткені ғалымдардың біреуінің тауып айтқанындай, жазу – тілдің фотосуреті іспетті, ал нағыз тілдің өзі – оның сөйлеу барысындағы көрінісі.

А. Байтұрсынұлы өз заманындағы кез-келген қазақ кісісі тіл қисынын (сөздің келісті болатын заңдарын, шарттарын біліп қолдануды), сөздің кестесін келтіріп айтуды, сөз талғауды (сөз дұрыстығы, тіл тазалығын) білді дейді [1, 98]. Ғалымның бөлуінше жалпы қазақ сөзі қара сөз бен дарынды сөз болып шығып жатты. Қара сөз қазіргі фразеологизм қатарында да саналмайтын, сөз тіркесі де болып табылмайтын кесек дайын үлгілерден тұрған. Қазіргі тұрақты тіркестер тұрмыстық сана қазанында қайнап барып, әдеби тіл кеңістігіне өткен.

Тілді жұмсауда күнделікті өмірде түрлі нормадан тыс ауытқулар болып жатады. Стилистикалық қате белгілі бір сөйлеу жағдайына сай келмейтін, стилистикалық нормадан ауытқудың салдарынан болатын қатенің түрі. Сол күнделікті орын алатын нормадан тыс

ауытқулардың өзі ауызекі сөйлеу барысында жаңсақ қолданыстарға әкеліп соғады. Мысалы, лексикалық, фразеологиялық, грамматикалық тұлға-бірліктерді өзінің негізгі мағынасына сәйкес өз орнымен қолданбаудан болатын қателіктер т.б. Бұлардың барлығы - әдеби тілдің лексикалық, фразеологиялық, грамматикалық нормаларының сақталмауынан болатын тілдік қатенің түрлері. Стилистикалық қате көп жағдайда тілдік талғамның төмендігінен болады. Тілдік талғам – тілді, сөзді жұмсап үйрену, жаттығу арқылы қалыптасатын қасиет. Стилистикалық қатенің өзге қате түрлерінен басты ерекшелігі де осында – тілдік талғамсыздықтың көрінісі болуында. Сол себептен де стилистикалық қатенің болмысын қадағалайтын стилистикалық норма тілдің қатысымдық сапаларының қатарына жатады. Стилистикалық қателердің алдын алып, олармен үнемі күрес жүргізіп отыру жалпы халықтың сөйлеу мәдениеті мен стилистикалық сауаттылығын көтереді. Халықтың тілді қолдана білу мәдениеті күллі қоғамның рухани сауаттылығының көрінісі әрі өлшемі болып табылады. Тілде неғұрлым жиі ұшырасатын нормадан тыс ауытқулардың алдын алу үшін стилистикалық және стилистикалық емес қате түрлерін ажыратып алу қажет.

Қорытындылай келе, қай қоғамда, қай заманда болса да халықтың жігерін тасытып, жанын баурап, қуаттандырған да осы – тіл құдіреті. Тіл мәдениеті – сауатты да әсем, мәдениетті де сыпайы сөйлей білу, сөзді әсерлі де орынды етіп қолдана алу шеберлігі деп білеміз. Қазақ – озық ойлы, ақынжанды, шебер тілді, шешен халық. Тілдің тазалығы, құнарлығы, таза сөйлеу, тіл дұрыстығы, тіл мәдениеті – келешектің қандай кезеңінде де басты талап болып қала бермек. Аса қадірлі, сондай көркем ана тіліміз қазақ ұлтының мәдени мұрасын, бастан кешкен тарих беттерінің оқиғаларын ұмыттырмай еске салады, сондай-ақ дәстүр сабақтастығын үзбей жалғастырады, санада қайта жаңғыртады, қазақ халқының рухы өшпеуінің, мәңгі лаулап жануының себепшісі бола алатын нағыз құрал. Өз ана тілін шын сүйетін әрбір қазақтың мойнына артылған жүк – жаһандану заманында «қазақ» атын биікке көтеру үшін ата-бабамыз мұра етіп қалдырған сөз жауһарларын естен шығармау, оны келер ұрпаққа дарыту, сүреңсіз сөз қолданыстарына жол бермей, үздіксіз бақылау жасау, әу бастағы қалпын жоғалтпай болашақ ел азаматтарына табыстау.

Әдебиеттер тізімі

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. - Алматы: Ана тілі, 1992. - 448 б.
2. Жұбанов Қ.Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. - Алматы: Ғылым, 1999. - 581 б.
3. Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптануы. - Астана: Елорда, 2001.-230 б.
4. Уәлиев Н. Сөз мәдениеті. - Алматы: Мектеп, 1987. - 107 б.
5. Балақаев М., Серғалиев М. Қазақ тілінің мәдениеті. - Алматы: Зият Пресс, 2006. - 139 б.
6. Тэйлор Э. Первобытная культура. - Москва: Политиздат, 1989. - 578 с.
7. Ожегов Л. И. Лексикология. Лексикография. Культура речи. - Москва: Высшая школа, 1974. - 352 с.
8. Птушенко А. В. «Культура речи – культура мышления». - Москва, 1996. 250 с.
9. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. - Алматы: Алаш, 2003. I том. - 408 б.
10. Уәлиев Н. Графика. Орфография. Орфоэпия. - Алматы, 2018. - 250 б.
11. Дүйсебаева М. Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі. – Алматы, 1981. - 126 б.
12. Сыздық Р. С. Сөз-сазы (сөзді дұрыс айту нормалары). - Алматы: Санат, 1995. - 120 б.

UDC 36. 151.1:012.19

THE CONCEPT OF FUNCTIONAL STYLE IN MODERN LINGUISTICS

Рахманова А.М.,

магистрант,

Ғылыми жетекшісі: Карабаева А.К.,

педагогика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы

Ә. Қуатбеков атындағы Халықтар Достығы университеті

Шымкент қ., Қазақстан,

e-mail: nura_bekb@mail.ru

Аннотация. В статье говорится о функциональном стиле являющиеся подсистемами языка, каждая из которых обладает своими специфическими особенностями в лексике и фразеологии, в синтаксических конструкциях, а иногда и в фонетике. Возникновение и существование функциональных стилей обусловлена спецификой условий общения в разных сферах человеческой деятельности. Каждый стиль представляет собой систему тесно связанных лексических, грамматических и фонетических средств.

Ключевые слова: функциональный стиль, подсистемы языка, лексика, фразеология, синтаксические конструкции, фонетика, условия общения, языковые средства.

Аңдатпа. Мақалада тілдің кіші жүйесі болып табылатын функционалдық стиль туралы айтылады, олардың әрқайсысы лексика мен фразеологияда, синтаксистік құрылымдарда, ал кейде фонетикада да өзіндік ерекшеліктерге ие. Функционалдық стильдердің пайда болуы мен болуы адам қызметінің түрлі салаларындағы қарым-қатынас шарттарының ерекшелігіне байланысты. Әрбір стиль тығыз байланысты лексикалық, грамматикалық және фонетикалық құралдар жүйесін білдіреді.

Түйінді сөздер: функционалдық стиль, тілдің кіші жүйесі, лексика, фразеология, синтаксистік құрылымдар, фонетика, қарым-қатынас шарттары, тілдік құралдар.

Annotation. The article refers to the functional style being subsystems of the language, each of which has its own specific features in vocabulary and phraseology, in syntactic constructions, and sometimes in phonetics. The emergence and existence of functional styles is due to the specifics of communication conditions in different areas of human activity. Each style is a system of closely related lexical, grammatical and phonetic means.

Keywords: functional style, subsystems of language, vocabulary, phraseology, syntactic constructions, phonetics, communication conditions, linguistic means.

The problem of functional stylistics as a special area of linguistic research began to pay attention at the beginning of the twentieth century to such Russian scientists as Baudouin de Courtenay I.A., Polivanov E.D., Vinogradov V.V., Yakubinsky L.P. Scientists Halperin I.R., Arnold I.V., Akhmanova O.S., Naer V.L., Kukharenko V.A., Riesel E.G., Kozhina M.N., and other scientists. The problems of the functioning of language in various fields of human social activity have become the subject of many subsequent studies. The problem of functional-style differentiation of the language began to attract scientists more and more due to the fact that the language cannot be considered as something single and absolutely homogeneous in its functional-style, genre composition, without taking into account internal parallelism and the intersection of its components. The variability of the language is manifested precisely in its functioning, corresponding to a certain communicative task. This correspondence ensures the uniqueness of the functional style (FS) as a system of language means used to perform a specific functional task in a specific communicative environment. Speech styles depend on the social context in which the communication process takes place. The word may or may not be appropriate for a particular situation. The stylistic characteristic

of the word allows it to be used in any of the functional styles.

I.V. Arnold considers functional styles "subsystems of the language, each of which has its own specific features in vocabulary and phraseology, in syntactic constructions, and sometimes in phonetics. Each style is a system of closely related lexical, grammatical and phonetic means.

The well-known domestic Englishman N. M. Razinkina, engaged in functional stylistics, defines the FS as "a set of texts, written and oral, characterized by a more or less certain target orientation and the presence of linguistic means (at various levels), for which special selection and specific processing are typical."

M.N. Kozhina, a leading specialist in functional stylistics, believes that "A functional style is a peculiar character of its fluent or other social variety, corresponding to a certain sphere of social activity and a form of consciousness correlated with it, created by the peculiarities of the functioning of linguistic means in this sphere and a specific speech organization that creates a certain general stylistic coloring/macro coloring/." All these numerous definitions are united, first of all, by taking into account the extralinguistic factor when distinguishing functional styles. It is the goals and objectives of communication in a particular area of communication that determine the choice of language means, although the situation factor is not the only criterion for such a selection.

In English, it is customary to distinguish the following functional styles (classification of I.R. Halperin):

- scientific prose style or scientific style;
- style of official documents or official style;
- newspaper style;
- journalistic style;
- artistic style.

Some of these styles have their own sub-styles. For example, artistic style combines the language of poetry, prose and drama.

I.R. Halperin identifies two varieties of newspaper style: a) the style of newspaper messages, headlines and announcements, which, from his point of view, constitute the essence of the newspaper style, and b) the style of newspaper articles, which is a kind of journalistic style, which also includes oratorical style and essay style [Halperin, 1977, 307].

I.V. Arnold includes in his classification colloquial, poetic, business and oratory as separate styles [Arnold, 2002,302].

The system of functional styles is the object of stylistic research. The field of communication also includes the circumstances that accompany the process of speech production in each individual case. There is professional communication, informal conversation, lecture, official letter, telephone conversation, etc. All these situations can be generally divided into formal and informal.

I.R. Halperin proposes the following stylistic classification of lexical units of English used in formal and informal situations that are "served" by various functional styles: Neutral, general literary and colloquial vocabulary; Special literary vocabulary; Scientific prose style or scientific style.

The scientific style has a number of common features that appear regardless of the nature of certain sciences (natural, exact, humanitarian) and differences between genres of expression (monograph, scientific article, report, textbook, etc.), which makes it possible to talk about the specifics of the style as a whole. At the same time, it is quite natural that, for example, texts on physics, chemistry, mathematics differ markedly in the nature of the presentation from texts on philology or history. The scientific style is characterized by a logical sequence of presentation, an ordered system of connections between parts of the statement, the authors' desire for accuracy, compression, unambiguity while maintaining saturation with

Logic is the presence of semantic connections between successive units of text. The sequence has only such a text in which the conclusions follow from the content, they are consistent, the text is divided into separate semantic segments reflecting the movement of thought from the particular to the general or from the general to the particular. Clarity, like the quality of scientific speech, implies clarity, accessibility. In terms of accessibility, scientific, scientific, educational and popular science texts differ in the material and in the method of its linguistic design. The accuracy of scientific speech

presupposes unambiguous understanding, the absence of a discrepancy between the signified and its definition. Therefore, in scientific texts, as a rule, there are no figurative, expressive means; words are used mainly in a direct meaning, the frequency of terms also contributes to the uniqueness of the text. The strict requirements of accuracy imposed on scientific text make a restriction on the use of figurative means of language: metaphors, epithets, artistic comparisons, proverbs, etc. Sometimes such means can penetrate scientific works, since the scientific style seeks not only accuracy, but also persuasiveness, evidence. Sometimes figurative means are necessary to implement the requirement of clarity, intelligibility of presentation. Emotionality, like expressiveness, in a scientific style that requires an objective, "intellectual" presentation of scientific data, is expressed differently than in other styles. The perception of a scientific work can evoke certain feelings in the reader, but not as a response to the author's emotionality, but as an awareness of the scientific fact itself. Although scientific discovery affects regardless of the method of its transmission, the author of a scientific work himself does not always refuse an emotional and evaluative attitude to the events and facts presented. The desire for a limited use of the author's "I" is not a tribute to etiquette, but a manifestation of an abstractly generalized style feature of scientific speech, reflecting the form of thinking.

A characteristic feature of the style of scientific works is their saturation with terms (in particular, international). However, one should not overestimate the degree of this saturation: on average, terminological vocabulary usually accounts for 15-25 percent of the total vocabulary used in the work. The use of abstract vocabulary plays an important role in the style of scientific works [Arnold, 2002, 318].

The vocabulary of scientific speech consists of three main layers: common words, general scientific words and terms. In any scientific text, common vocabulary forms the basis of presentation. First of all, words with a generalized and abstract meaning (being, consciousness, fixes, temperature) are selected. With the help of general scientific words, phenomena and processes in different fields of science and technology are described (system, question, meaning, designate). One of the features of the use of general scientific words is their repeated repetition in a narrow context.

A term is a word or phrase that accurately and unambiguously names the subject, phenomenon or concept of science and reveals its content. The term carries large logical information. In explanatory dictionaries, terms are accompanied by the mark "special."

Morphological features of the scientific style are the predominance of nouns, the widespread use of abstract nouns (time, condition, appearance), the use of plural nouns that do not have plural forms in common use, the use of singular nouns for generalized concepts, the use of almost exclusively present forms in a timeless meaning, indicating the constant nature of the process. In the field of morphology, the use of shorter variants of forms is observed (which corresponds to the principle of saving language funds), the objective nature of the presentation, the use of "we" instead of "I," the omission of pronouns, the narrowing of the circle of personal forms of the verb (3 persons), the use of forms of the passive participle of the past tense, reflexive-impersonal, impersonal-predicative forms.

The scientific style is dominated by logical, book syntax. Complicated and complex constructions, narrative sentences, direct word order are typical. Logical certainty is achieved through subordinate conjunctions (so, as, so that...), вводных слов (first, second, in consequence of). To link parts of the text, special means (words, phrases and sentences) are used that indicate the sequence of development of thoughts (at the beginning, then, at first of all, beforehand), на связь предыдущей и последующей информации (« above-mentioned, as we said, as it is marked), на причинно-следственные отношения (« but, because, in thanks of, at the result of, in the relations of), на переход к новой теме (consider it now, let's take into consideration), на близость, тождественность предметов, обстоятельств, признаков (it is, the same, here, there). Among simple sentences, a construction with a large number of dependent, sequentially strung nouns in the form of the genitive case is widespread [Halperin, 1977, 320].

Types and genres of scientific style

There are three varieties (sub-style) of the scientific style: the actual scientific sub-style; scientific and educational substyle; popular science sub-style. Within the framework of the actual scientific sub-style, such genres as monograph, dissertation, report, etc. are distinguished. Podstyle is

distinguished by a generally strict, academic manner of presentation. It combines scientific literature written by specialists and intended for specialists. The popular science sub-style is opposed to this sub-style. Its function is to popularize scientific information. Here, the author-specialist addresses the reader who is not sufficiently familiar with this science, so the information is presented in an accessible, and often entertaining form.

A feature of the popular science substyle is the combination of polar style features in it: logic and emotionality, objectivity and subjectivity, abstractness and concreteness. Unlike scientific prose in popular science literature, there are significantly fewer special terms and other scientific means themselves.

The scientific and educational sub-style combines the features of the actual scientific sub-style and popular science presentation. It is related to the scientific background itself by terminology, consistency in the description of scientific information, logic, evidence; with popular science - accessibility, saturation with illustrative material. The genres of scientific and educational substyle include: textbook, lecture, seminar report, exam answer, etc. The following genres of scientific prose can be distinguished: monograph, journal article, review, textbook (textbook), lecture, report, informational message (about the conference, symposium, congress), oral presentation (at a conference, symposium, etc.), dissertation, scientific report. These genres are primary, that is, created by the author for the first time. Secondary texts, that is, texts compiled on the basis of existing ones, include: abstract, abstract, abstract, theses, abstract. When preparing secondary texts, information is collapsed in order to reduce the volume of the text. The genres of educational and scientific sub-style include a lecture, a seminar report, coursework, and an abstract message.

Style of official documents or official style. FS is not homogeneous and is represented by the following substyles or variants: Official-business style, used for communication, informing in an official setting (sphere of legislation, office work, administrative and legal activities). This DS is not homogeneous and is represented by the following sub styles:

- Language of business documents
- language of legal documents;
- language of diplomacy;
- language of military documents.

Like other styles of language, this style has a certain communicative purpose and its own system of interconnected language and stylistic means. The main purpose of this type of communication is the state of the conditions of the obligatory two parties and the achievement of an agreement between the two contracting parties. The most general purpose style of official documents predetermines the style features. The most characteristic feature is a special system of stamps, terms and expressions to establish with which each sub style can be easily recognizable. All these varieties use abbreviations, conventions and abbreviations, e.g. MP (Member of Parliament), Ltd (Limited). Cuts are especially many military documents. They are used not only as ordinary symbols, but also as signs of the military code [Halperin, 1971,326]. Another feature of the style is the use of words in their logical literal sense. There is no room for any other meaning to be realized here. This style exists exclusively in written speech, the type of speech is predominantly reasoning. The type of speech is most often a monologue, the type of communication is public. Style traits - imperative (proper character), accuracy, which does not allow interpretation, standardization (strict composition of the text, accurate selection of facts and ways of presenting them), lack of emotionality.

Artistic style.

The language of fiction is sometimes erroneously referred to as literary language; some scholars consider it to be one of the functional styles of literary language. However, in reality, artistic speech is characterized by the fact that all linguistic means can be used here, and not only units of functional varieties of the literary language, but also elements of vernacular, social and professional jargon, and local dialects. The writer subordinates the selection and use of these means to the aesthetic goals that he seeks to achieve by creating his work. In the artistic text, various means of linguistic expression are fused into a single, stylistically and aesthetically justified system, to which normative assessments attached to individual functional styles of the literary language are not applicable

[Brandes, 1971,200].

The way the artistic text combines various linguistic means, what stylistic techniques the writer uses, how he "translates" concepts into images, etc., is the subject of stylistics of artistic speech. The principles and methods of this scientific discipline are most vividly and consistently reflected in the works of academician V.V. Vinogradov, as well as in the works of other Soviet scientists - M. M. Bakhtin, V. M. Zhirmunsky, B. A. Larin, G. O. Vinokur and others.

So, V.V. Vinogradov noted: ... "The concept of" style "as applied to the language of fiction is filled with a different content than, for example, in relation to the styles of business or clerical and even journalistic and scientific styles... The language of fiction is not entirely correlated with other styles, it uses them, includes them, but in peculiar combinations and in a transformed form... "

Fiction, like other types of art, is characterized by a concrete representation of life, in contrast, for example, from an abstracted, logical-conceptual, objective reflection of reality in scientific speech. The artistic work is characterized by perception through feelings and re-creation of reality, the author seeks to convey primarily his personal experience, his understanding and comprehension of a particular phenomenon. For the artistic style of speech, attention to the private and random is typical, followed by the typical and general. The world of fiction is a "re-created" world, the depicted reality is to a certain extent an author's fiction, which means that the subjective moment plays the main role in the artistic style of speech. All the surrounding reality is presented through the author's vision. But in the artistic text we see not only the world of the writer, but also the writer in this world: his preferences, condemnations, admiration, rejection, etc. This is associated with emotionality and expressiveness, metaphorical, meaningful multifaceted artistic style of speech.

References

1. Арнольд И.В. Стилистика. Современный английский язык: Учебник для вузов. -7-е изд.- М.: Флинта: Наука, 1981.- 266-268с.
2. Арутюнова Н.Д. Предложение и его смысл. - М.:1976.
3. Брандес О.П. Стилистика английского языка. - М., 1983.
4. Виноградов В.В. О языка художественной прозы: Избр. Труды. М.: "Наука", 1984.- 120-122с.
5. Вольф Е.М. Функциональная семантика оценки. - М.: "Наука", 1985.
6. Гальперин И.Р. Текст как объект лингвистического исследования.- М.: "Наука", 1981.
7. Заботкина В. И. Новая лексика современного английского языка. - М.: Высшая Школа, 1989 .- 126 с.

УДК 94(574)

ЕЛЕНБЕГЕН ҚАЗАҚ ЕРЛЕРІ

Болатбек Ы.Е.

1-ші курс студенті

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қаз ҰТЗУ

Алматы қ., Қазақстан

e-mail: bolatbekyryskeldi@icloud.com

Андатпа: Қазіргі кезде Ұлы Отан соғысы кезінде қазақ арасынан шыққан батырлар туралы көп айтылмайды және де жастардың көбісі олар туралы ештеңе білмейді. Адам тарихындағы ең жойқын соғысындағы өз батырларымыздың ерліктерін білмеген ұят. Кейбіреулер ол туралы сөйлесуге қарсы, ал қалғандары оған тіпті қызықпайды. Мақалада Ұлы Отан соғысы жылдарында айқын ерліктің үлгісін көрсеткен , бірақ осы уақытқа дейін аттары аталмаған , ерлікткрі еленбеген ерліктері туралы жан жақты баяндалады. Қазақ батырлары қандай ерлік жасады, не үшін олардың ерліктері қазіргі кезде бағаланбайды. Батырларамаздың

ерліктерін не үшін білуіміз қажет? Қазақ батырларының ұлы отан соғысындағы.

Түйінді сөздер: Ұлы Отан Соғысы, Екінші дүниежүзілік соғыс, Халық қаһарманы, Кеңес одағының батыры, жастар санасы.

Аннотация: В последнее время о героях из Казахской ССР во время Великой Отечественной войны мало говорят, и большинство молодых людей о них ничего не знают. Позор, не знавший подвигов наших героев в самой разрушительной войне в истории человека. Некоторые против того, чтобы говорить о ней, а другие даже не интересуются ею. В статье подробно рассказывается о героических подвигах, проявленных в годы Великой Отечественной войны, но до сих пор не названных по именам, о героических подвигах, которые были проигнорированы. Какие подвиги совершили казахские батыры, почему их подвиги в наше время недооценивают. Для чего мы должны знать подвиги героев? Роль казахских героев в Великой Отечественной войне.

Ключевые слова: Великая Отечественная война, Вторая мировая война, Народный герой, герой Советского Союза, сознание молодежи.

Annotation: Recently, little has been said about the heroes from the Kazakh SSR during the Great Patriotic War, and most young people do not know anything about them. A shame who did not know the exploits of our heroes in the most destructive war in human history. Some are against talking about her, while others are not even interested in her. The article describes in detail the heroic deeds performed during the Great Patriotic War, but still not named, about heroic deeds that were ignored. What feats did the Kazakh batyrs perform, why are their exploits underestimated in our time. Why should we know the exploits of heroes? The role of Kazakh heroes in the Great Patric War.

Keywords : The Great Patriotic War, World War II, National Hero, hero of the Soviet Union, youth consciousness.

Әлем тарихындағы ең қанды және жойқын соғыс Екінші дүниежүзілік соғыс болып табылады. Сол кездегі Кеңес Одағының құрамындағы Қазақстан жерінен 1 миллионнан астам азамат соғысқа аттанды. Бүкіл Кеңес Одағының әскері жұдырықтай жұмылып жауды жеңген болатын. Осы соғысқа қатысқан әр азамат батыр атағына лайық, бірақ бұл батырлардың арасынан өз ерлігімен ерекшеленіп шыққан қаһармандар бар. Ондай батырларға Кеңес Одағының батыры атағы беріліп Алтын жұлдыз медалі берілетін. Бұл атаққа ерлігі үшін ие болған және де ие болмаған қазақ батырлары туралы не білеміз? Не үшін ерлік көрсеткен батырларға лайықты марапат берілмеді? Қазір біз осы сұрақтарға жауап беруге тырысамыз.

Әрине Қазақ батырларының ерленбеуінің бір ден бір себебі олар туралы халықтың және басшылықтың естімеуі. Себебі батырдың ерлігі туралы газетте жазылмаса, ал командирлер олардың ерліктерін жоғарғы басшылыққа жеткізбесе, жүректі толғатып, рухты оятатын ерліктер халық құлағына бармай ұмытылып қалады. Осы жерден екінші себеп пайда болады. Ол ұлтшылдық мәселесі, ол кездегі кеңес әскерінің басым бөлігі орыс ұлтының өкілдері және әскердің басым бөлігін рухтандыру үшін газеттерде орыс батырларының ерліктері туралы көбірек жазылды. Ал басқа ұлт өкілдері кеңес әскерінің көп бөлігін құрамағандықтан олардың ерліктері туралы көп айтылмайтыны заңдылық. Одан бөлек соғыс кезінде ерліктерді қағазға жазуға немесе басшылыққа баяндауға уақытта жоқ. Себебі кез келген уақытта әр күнің соңғы болуы мүмкін. Ал соғыс аяқталғанна кейін бұл туралы неге айтылмайды?

Хиуаз Қайырқызы Доспанова 1922 жылы мамырдың 15 Атырау облысында дүниеге келген. 14 рет ұшақтан құлаған, 4 рет ауыр жарақатпен өлім аузында жатқан, әуеге 300 рет көтеріліп жауға соққы жасаған. Сонда да батыр апамыздың ерлігі әділ бағаланбады. Хиуаз Доспанова 1942 жылдың көктемінде сол кездегі авиация тарихында тұңғыш рет құрылған, түнгі мезгілде жау шебін бомбалайтын әйелдер авиаполкінің құрамында майданға аттанады. Ол кездегі полк атауа 588-ші жеңіл бомбалаушы авиаполк, кейінірек 1943 жылдың 8-ші ақпанында 46-шы гвардиялық бомбалаушы авиаполк. Одан бөлек неміс әскері оларды түнгі мыстандар деп атаған. Себебі бұл полк неміс әскерін түнде бомбылап, жау кеудесінде үрей

туғызатын. Әскери тапсырмалардың бірінде 1943 жылдың көктемінде Кубаньды жаудан азат ету шайқасында Хиуаз Доспанова мен Юлия Пашкова кезекті тапсырманы орындап, аэродромға қайтып келе жатқанда, Макогон мен Свистунова басқарған ұшақпен соқтығысып қалады. Бұл оқиғада үш қыз мерт болады, тек қауіпсіздік белдігін тақпаған Хиуаз Доспанова ұшақ кабинасынан сыртқа ұшып кеткені арқасында аман қалған. Алайда Хиуаз Доспанова ауыр жарақат алып, госпитальге жіберіледі. Дәрігерлер бүкіл денесін түгел гипстеп, аяқ сүйегі түзу біту үшін сындырып қайта салады. Жарты жылдан кейін толық жазылмаса да полкке қайтып оралады. Хиуаз Доспанова жарақаттарының кесірінен ұшақ кабинасына басқа біреудің көмегінсіз отыра алмайтын. Соның өзінде майданнан қашпады, түсіп-міну қиындық туғызған үшін талай мәрте кабинада түнеген болатын. Соның өзінде Хиуаз Доспанова Кеңес Одағының жоғарғы марапатына ие болған жоқ. Салыстырмалы түрде соғыс кезінде Талғат Бигельдинов-305 Леонид Беда-211 Сергей Луганский-390 ұшу жасап екі мәрте Кеңес Одағының батыры атағына ие болған. Олардың мінген ИЛ-2 ұшағының өзі Түнгі мыстандар ұшағы ОП-2 ден әлде қайда қуатты және сауыты қалың еді. ИЛ-2 ні тіпті ұшқыш танк деп атаған. Тек тәуелсіздік алғаннан кейін 2007 жылдың 7 желтоқсанда Хиуаз Доспановаға Қазақстан Республикасының жоғарғы марапаты Халық Қаһарманы атағы мен ордені берілген болатын. Хиуаз Доспанова 2008 жылдың 20 мамырында Алматы қаласында 86 жасында дүниеден озды.[1]

Қарағанды облысының Қарқаралы (бұрынғы Егіндібұлақ - қазіргі Қазыбек би) ауданынан шыққан батырлардың бірі - СЕРҒАЗИН Шайдахмет Серғазыұлы. Бұл өлкені жайлаған қалың ел - қаракесектер. «Қаракесек қап-қара күннен туған, Қазыбегі би болып бетін жуған» дегендей, қаз дауысты Қазыбектің өсіп-өнген өңірі, тарихта талай паш етілген әділ де дәулетті төрелік биліктері осы өлкеде: Үшқарада, Едірей - Мыржық - Балқан тауларының бөктерінде, атақты Кояндының билік тобесінің басында, Қарқаралының думанында айтылған. Осы елдің құнарлы, қасиетті топырағында шертпе куйдің пайғамбары Тәттімбет, қазақ халқының мақтанышы - әнші-композитор Мәди туған. Сол Үшқара мен Едірей тауының арасындағы Қаратөбенің бауырында, кедей шаруа Алдияр Әсілұлы Серғазының отбасында 1920 жылдың 27 сәуірінде Шайдахмет өмірге келген.

Көңілді толқытып, кезге жас келтіретін данқты да қастерлі Ұлы мереке - Ұлы Отан соғысының Жеңіс күні жыл сайын салтанатты түрде тойланады. Мереке қарсаңында тақсиретті тағдырлары тарихқа ентен жандар жайлы аз айтылмаған, аз жазылмаған. Бірақ, адам рухының Ұлылығын паш етіп, жауынгер ерлігінің жарқын үлгісін керсеткен. 1941-1945 жылдары фашистік Германияға қарсы соғыстын басынан аяғына дейін қатысқан, қанды майданда гитлершілдермен бетпе-бет 685 күн соғысқан қазақтың қахарман перзенті. Отан үшін, Қазақстан үшін, қазақтың келешегі үшін от кешкен, қан төккен майдангер. Мәскеуді қорғауға, Белоруссия мен Украинаны фашистерден азат ету шайқастарына, Ленинград блокадасын бузуға қатысып, Отан соғысын Курляндияда 56-Сібір гвардиясының құрамында, полк командирі дережесінде аяқтаған. Әскери шені - полковник. 1945 жылы 24 маусымда Мәскеуде, Қызыл алаңда өткен Жеңіс шеруінде Ленинград майданының Қурама полкінің құрамында қатысқан. Кеңес Одағының батыры атағы берілгенмен, қазіргі кезде Шайдахмет атамыз туралы қазіргі уақытта көп айтылмайды.[2]

М. Ғабдуллиннің ғылыми-творчестволық жұмысы 1938 жылы КСРО ғылым академиясының Қазақстандағы филиалында кіші ғылыми қызметкерліктен басталды. 1941-1946 жылдары Кеңес әскерінің генерал И.Панфилов бастаған даңқты 8-гвардия дивизиясы сапында болып, Ұлы Отан соғысына қатысты. Ғабдуллиннің Ұлы Отан соғысындағы ерлік даңқы бүкіл одаққа әйгілі. Оның бұл ерлігі алғаш рет белгілі жазушы Б. Полевойдың "Правдада" жарияланған "Эпостың тууы" атты очеркінде баяндалды. Көптеген қазақ ақындары Ғабдуллинге арнап, өлең-жырлар шығарды. Бірақ соңғы кезде бұл кісінің де ерліктері ұмытыла бастады.[3]

Дәл сол И.Панфилов бастаған дивизия құрамында батальон командирі болып майданға аттанған. Бірақ аты шыққанмен ерлігі сол кезде бағаланбаған батыр, жазушы Бауыржан Момышұлы. Әрине Бауыржан Момышұлының ерлігі тәуелсіздік алынғаннан кейін толықтай бағаланды. Алайда көптеген адамдар оның Монғолия жерінде Холкингол Кеңес-Жапон

шайқасына қатысқаны туралы біле бермейді. Одан бөлек ол кісінің Ұла Отан соғысы кезіндегі ерлігі туралы біле бермейміз. Сол үшін мен ол кісіні өз мақаламда айта кетейін дедім. Егер Бауыржан Момышұлының ерлігі туралы білмесеңіз сізге Александр Бек жазған «Арпалыс» кітабын оқуға кеңес берем.[4]

Келесі мен мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтің жолдауын қолданғым келеді. "Келесі жылы бүкіл әлем Жеңістің 80 жылдығын кеңінен атап өтеді. Қазақстанның фашизмді жеңуге қосқан зор үлесін ескере отырып, алдағы мерейтой еліміз үшін де ерекше маңызға ие. Сондықтан Атырауда өткен Ұлттық құрылтай отырысында оған дайындықты алдын ала бастау тапсырылған болатын", - деді Президент.

Қорытындылай келе Ұлы Отан соғысы кезінде ерлік көрсеткен батырлар көп, алайда ол туралы мәлімет өте аз. Бірақ бұл ерліктер мен жеңістер болашақ ұрпаққа патриоттық сезім мен абырой беруі керек. Біз батырларымыз еске алуымыз арқылы олардың істеріне алғыс білдіреміз.

Әдебиеттер тізімі

1. «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакторы Ж.Ө.Жақып - Алматы, Айбын: 2011 – 648
2. Көлбаев Т. «Өшпес даңқ» - Алматы, Азия Арна: 2013 – 480
3. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. — Алматы, «Аруна Ltd.»:2010 – 573
4. Александр Бек «Арпалыс» - Мәскеу, АСТ: 2023 – 673

УДК 39.0

ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ДОМБЫРА МЕН КҮЙЛЕРДІҢ РӨЛІ

Долбленова Е.,

*Радиотехника, электроника және телекоммуникация
мамандығының 1-ші курс студенті,
e-mail: edolblenova@gmail.com*

Ғылыми жетекші: Игілік М.И.

*аға оқытушысы, магистр
Халықаралық инженерлік-технологиялық университеті
Алматы қ., Қазақстан
e-mail: meirlym@mail.ru*

Аңдатпа. Қазақстанның музыкалық дәстүрлері халықтың мәдени мұрасында ерекше орын алады. Домбыра, сондай-ақ күйлер бұл процесте басты рөл атқарады. Музыкалық мәдениеттің бұл элементтері көркемдік экспрессия құралдары ғана емес, сонымен бірге ұлттық бірегейліктің маңызды нышандары болып табылады. Домбыра мен күй қазақ халқының дүниетанымын, оның ғасырлар бойы сақталып келе жатқан философиялық және рухани құндылықтарын бейнелейді. Бұл мақалада домбыра мен күйлердің ұлттық бірегейлікті қалыптастыруға әсері, олардың Қазақстанның әлеуметтік және мәдени өміріндегі маңыздылығы, сондай-ақ осы дәстүрлердің жаһандық процестермен байланысы қарастырылады.

Кілтті сөздер: музыкалық дәстүрлер, домбыра, күй, бірегейлік, Қазақстан мәдениеті, музыкалық философия.

Аннотация. Музыкальные традиции Казахстана занимают особое место в культурном наследии народа. Домбра, а также кюи играют ключевую роль в этом процессе.

Эти элементы музыкальной культуры являются не только средствами художественного выражения, но и важными символами национальной идентичности. Домбра и кюй отражают мировоззрение казахского народа, его философские и духовные ценности, которые сохранились на протяжении веков. В данной статье рассматривается влияние домбры и кюев на формирование национальной идентичности, их значение в социальной и культурной жизни Казахстана, а также взаимосвязь этих традиций с глобальными процессами.

Ключевые слова: музыкальные традиции, домбра, кюй, идентичность, культура Казахстана, музыкальная философия.

Abstract. The musical traditions of Kazakhstan occupy a special place in the cultural heritage of the people, and dombra, as well as kui, play a central role in this process. These elements of musical culture are not only means of artistic expression, but also important symbols of national identity. Dombra and kui embody the worldview of the Kazakh people, their philosophical and spiritual values, which have been maintained for centuries. This article examines the influence of dombra and kui on the formation of national identity, their importance in the social and cultural life of Kazakhstan, as well as the connection of these traditions with global processes.

Keywords: musical traditions, dombra, kui, identity, culture of Kazakhstan, musical philosophy.

Қазақ музыкасының көп ғасырлық тарихы бар, ол халықтың көшпелі өмір салтымен тығыз байланысты. Көшпенділер мәдениеті ұтқырлық, еркіндік және табиғатпен байланыс қағидаттарына негізделді, бұл музыкалық дәстүрлерге де әсер етті. Домбыра сияқты музыкалық аспаптар тек көркемдік экспрессия құралы ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік өзара әрекеттесу мен рухани өмірдегі маңызды элемент болды [1]. Күйлер өз кезегінде философиялық және мәдени бағдарларды қалыптастырудың негізгі құралы болды. Шалабановтың [2] зерттеулеріне сәйкес, күйлер тек музыкалық шығармаларға ғана емес, сонымен қатар өткен туралы білімді сақтау және беру құралдарына айналады.

Қазақ музыкасы ежелгі дәуірден бастау алады және оның бастауын исламға дейінгі кезеңде, музыка мен салттық тәжірибелер бір-бірімен тығыз байланысты болған кезде байқауға болады. Домбыра сияқты аспаптар көшпелі өмір салтында пайда болды, мұнда ақпарат пен эмоцияларды музыка арқылы жеткізу маңызды болды [3]. Домбыра даналық, төзімділік, махаббат және дәстүрге адалдық сияқты философиялық және эстетикалық идеяларды жеткізудің негізгі құралына айналды.

Қазақ музыкалық мәдениетін қалыптастыру барысында оған парсы мен арабтан моңғолға дейінгі түрлі мәдениеттер әсер етті. Мысалы, парсы музыкасының әсерін кейбір күйлердің үйлесімділігі мен әуезді құрылымдарынан байқауға болады. Араб музыкасы өз кезегінде қазақ музыкасындағы музыкалық теориялар мен ритақты құрылымдардың дамуына әсер етті [4]. Алайда, сыртқы мәдениеттердің ықпалына қарамастан, қазақ музыкасы өзінің бірегейлігін сақтап қалды, бұл оған дәстүрлерді сақтап қана қоймай, дамытуға мүмкіндік берді.



Сурет 1. Ежелгі дәуірдегі қазақ музыкасы

Домбыра-бұл жай ғана музыкалық аспап емес, ол қазақ болмысының басты нышандарының бірі. Домбыра өзінің дыбысымен қазақ музыкасының әуезді және гармоникалық ерекшеліктерін ғана емес, халық өмірінің бүкіл философиясын бейнелейді. Домбыра мәдени сабақтастықты сақтауда және ұлттық дәстүрлерді беруде маңызды құралға айналғанын атап өту маңызды.

Домбыра-Қазақ жаны мен мәдени бірегейлігінің символы. Домбыраның дыбысы кең даламен байланысты, онда бос кеңістіктер халықтың бостандығы мен тәуелсіздігін білдіреді. Бұл аспап қазақ музыкалық философиясының маңызды элементі болып табылады және музыкалық шеберлікті ғана емес, табиғатпен, өмірмен және өліммен байланысты философиялық идеяларды да жеткізе отырып, ұрпақтар арасындағы байланыс қызметін атқарады [5].

Домбыраның ішектер саны мен дене пішіні сияқты техникалық ерекшеліктері оның ерекше дыбысын шығарады. Домбырада дәстүрлі түрде жұмсақ және жарқын дыбыстар жасауға мүмкіндік беретін екі жол бар. Бұл дыбыстық реңктер музыкантқа қайғыдан қуанышқа дейін көптеген эмоцияларды жеткізуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, тремоло және вибрато сияқты домбырада ойнаудың ерекше әдістерін атап өткен жөн, олар бай дыбыстық ландшафттың пайда болуына ықпал етеді [6].



Сурет 2. Домбыра түрлері

Күй-қазақ халқының мәдени және әлеуметтік құндылықтарының нышаны. Олар тәжірибелерді, философиялық ойларды және эмоционалды күйлерді жеткізеді және тарихи жадыны сақтау мен әлеуметтік сананы қалыптастырудың маңызды құралы болып табылады. Домбырада орындалатын күйлер терең тәжірибені, рухани ізденістерді және эстетикалық мұраттарды білдіру тәсіліне айналады.

Күйлердің ғасырлар бойы тарихы бар және көптеген ғасырлар бойы дамыған.

Бастапқыда олар діни және салттық сипатта болды, кейінірек күрделі музыкалық шығармаларға айналды. Қазіргі күйлер өз дәстүрлерін сақтап, қазақ халқының мәдени өмірінің маңызды элементіне айналуда. Күйлер жаңа жағдайларға бейімделе отырып, трансформациядан өтеді, бірақ қазақ әлемінің терең философиясымен байланысын сақтайды [7].

Әр күй маңызды оқиғалар мен тәжірибелерді жеткізе отырып, тарихи контекстке ие. Бұл батырларды еске алу, жеңістерді жырлау немесе өмір мен өлім туралы философиялық ойлардың көрінісі болуы мүмкін. Күйлер Халық қаһармандары мен ұлы оқиғаларды [8] ұрпақтары арқылы есте сақтайды.



Сурет 3. Секен Тұрысбековтың қайтыс болған балаларына арнап жазған «Көңіл толқыны» күйі

Домбыра мен күй қазақ халқының ұлттық бірегейлігін сақтау мен нығайтуда басты рөл атқарады. Бұл дәстүрлер ұлттың бірлігі мен оның мәдени өзін-өзі тануын қолдай отырып, Өткен мен қазіргі арасындағы байланыс қызметін атқарады. Жаһандану мен модернизация жағдайында, халықтардың бірегейлігі жойылып бара жатқан кезде, домбыра мен күйлер ұлттық бірегейліктің маңызды белгілері болып қала береді. Олар мәдени өзін-өзі сәйкестендіру үшін кеңістік жасайды және [9] сыртқы әсерлеріне қарамастан қазақ мәдениетінің бірегейлігін сақтауға көмектеседі. Қазіргі мәдени ортада домбыра мен күйлер тек ұлттық емес, сонымен қатар халықаралық маңызға ие болады. Олар көбінесе мәдени алмасу аясында қазақ мәдениетінің байлығын көрсету және оның бүкіл адамзат үшін тарихи маңыздылығын көрсету үшін қолданылады. Қазақ музыкалық дәстүрін сақтау және ілгерілету жөніндегі бағдарламалар [10] Халықаралық мәдени бастамалардың бір бөлігіне айналады. Домбыра мен күй Қазақстанның білім беру жүйесінде, әсіресе жастарды тәрбиелеу және мәдени білім беру процесінде маңызды рөл атқарады. Қазақ мектептері мен музыкалық училищелерінде домбыра балалар мен жастар оқытатын негізгі құрал болып табылады. Бұл музыкалық дағдылардың дамуына ықпал етіп қана қоймай, қазақ халқының философиясын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.



Сурет 4. Назарбаев зияткерлік мектебіндегі домбыра сабағы

Қазіргі заманғы технологиялар қазақ музыкалық мәдениетін сақтау мен таратудың жаңа көкжиегін ашты. Заманауи цифрлық аспаптар музыканы тыңдаушылардың кең ауқымына, сондай-ақ домбыра сияқты дәстүрлі аспаптар арқылы өрнектің жаңа түрлерін іздейтін жас орындаушыларға қол жетімді етуге мүмкіндік береді. Соңғы жылдары халықаралық аренада қазақ музыкалық мәдениетіне деген қызығушылықтың артуы байқалады. Домбыра дәстүрлі музыкалық жанрларда ғана емес, сонымен қатар электронды музыка сияқты заманауи музыкалық стильдерде де маңызды құралға айналады. Бұл қазақ музыкалық мәдениетінің шекарасын кеңейтуге, оны халықаралық аудиторияға қолжетімді әрі түсінікті етуге мүмкіндік береді. Музыканы цифрландыру күйлерді сақтау мен таратуға, сондай-ақ музыкалық қызметтің жаңа түрлерін жасауға жаңа мүмкіндіктер ашады. Әлеуметтік желілер мен мобильді қосымшалар қазақ музыкасын тарату және домбырада ойнауды үйрету үшін маңызды арнаға айналды. YouTube сияқты платформалар жас музыканттарға өз шығармаларымен бөлісуге, сондай-ақ басқаларды домбырада ойнауға және күйлерді орындауға үйретуге мүмкіндік береді. Бұл дәстүр мен қазіргі заман кездесетін және қатар өмір сүретін қазақ музыкасы жанкүйерлерінің жаһандық қауымдастығын құруға мүмкіндік береді.

Қорытынды. Домбыра мен күйлерді қоса алғанда, Қазақстанның музыкалық дәстүрлері ұлттық бірегейлікті сақтау мен нығайтуда шешуші рөл атқарады. Олар қазақ халқының терең мәдени құндылықтары мен философиясының өкілі ғана емес, сонымен қатар адамгершілік нормалар мен өмірлік сабақтар ұрпақтан-ұрпаққа берілетін маңызды құрал ретінде қызмет етеді. Домбыра, Қазақ музыкалық мәдениетінің символы ретінде және күйлер, музыкалық өнердің бір түрі ретінде, қазақтардың өмірі мен өміріне тән сезімдерді жанға сіңіріп, есту қабілетіне ие. Сонымен қатар, Қазақстанның музыкалық дәстүрлері берік әлеуметтік байланыстарды қалыптастырады және ұжымдық сананы нығайтады. Олар әлеуметтік рәсімдер, Ұлттық мерекелер, рәсімдер мен рәсімдер үшін маңызды құралға айналады, халықтың жалпы идеясын, олардың ұмтылыстары мен тәжірибелерін білдіруге мүмкіндік береді. Осы оқиғалар барысында музыка қоғамдық өзара әрекеттесу мен ұжымдық есте сақтаудың ажырамас бөлігіне айналады. Жаһандану, қарқынды технологиялық прогресс және Батыстың мәдени ықпалы жағдайында бұл дәстүрлерді сақтау мен дамыту ерекше маңызға ие болады. Қазіргі заманғы технологиялардың ықпалы қазақ музыкасын халықаралық аренада тарату және танымал ету үшін, сондай-ақ оны мәдени ортаның өзгеруі жағдайында сақтау үшін жаңа көкжиектер ашады. Алайда, бұл процестер ұлттық бірегейлікті жоғалту және мәдени негіздердің әлсіреу қаупін тудырады. Сондықтан домбыра мен күйлерді қазақ мәдени мұрасының маңызды рәміздері ретінде сақтауға саналы түрде қарау қажет. Ол үшін дәстүрлі музыкалық мұраны заманауи мәдени тәжірибеге біріктіру қажет, бұл оны болашақ ұрпақ үшін сақтап қана қоймай, оны жаңа шындыққа бейімдеуге көмектеседі. Білім беру жүйесінде

домбыра мен күйлерді сақтау және дамыту, осы дәстүрлерді насихаттау және одан әрі тарату үшін цифрлық технологияларды пайдалану, сондай-ақ қазақтың музыкалық дәстүрлерін органикалық түрде қамтитын жаңа мәдени нысандарды қолдау және құру Қазақстанның мәдени бірегейлігін сақтау жолындағы маңызды қадамдар болып табылады. Осылайша, Қазақстанның музыкалық дәстүрлері, оның ішінде домбыра мен күйлер қазақ мәдени және ұлттық бірегейлігінің маңызды элементтері болып қала береді. Олар ұрпақтар арасындағы байланыстырушы буын және жаһандық қоғамдастыққа барған сайын интеграцияланатын әлемде қазақ мәдениетінің бірегейлігін қолдаудың маңызды құралы ретінде қызмет етеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Ермеков, Т. (2008). Қазақ музыкасы: тарих және философия. Алматы: Қазақ университеті.
2. Шалабанов, М. (2012). *Қазақ халқының күйлері: музыкалық формасы және оның маңызы*. Астана: Дәуір.
3. Мұхамедиев, К. (2010). *Дәстүрлі қазақ мәдениетіндегі домбыраның рөлі*. Алматы: Жазушы.
4. Тулегенова, Н. (2004) Қазақ музыкалық мәдениетінің тарихи тамыры. Алматы: Ғылым.
5. Сембин, Б. (2011). *Домбыра Қазақ халқының символы ретінде*. Алматы: Мәдениет.
6. Нурпеисов, А. (2006). *Домбырада ойнаудың техникалық ерекшеліктері*. Алматы: Өнер.
7. Каракозова, Г. (2014). *Қазақ композиторларының күйлері: тарихы мен маңызы*. Астана: Академия.
8. Мусабеков, Ж. (2013). *Күй философиясы: өмір мен өлімді түсіну*. Алматы: Ғылым.
9. Суразбаев, С. (2007). *Жаһандану және мәдени дәстүрлерді сақтау*. Алматы: Алатау.
10. Амангельды, Қ. (2015). *Қазақ музыкасы әлемдік мәдени алмасу контекстінде*. Астана: Мұрагер.

УДК 81.2

АҒЫЛШЫН ТІЛІНІҢ МӘДЕНИЕТКЕ ЫҚПАЛЫ

Даулетова А.,

Педагогика ғылымдарының магистрі
e-mail: nutajegenbergenkyzy@gmail.com

Жасталапова А.,

Бакалавриат студенті
Халықаралық инженерлік-технологиялық университеті
Алматы қ., Қазақстан

Аңдатпа: Бұл мақалада ағылшын тілінің бүгінгі таңдағы әлемдік мәдениетке, халықаралық бизнес пен білімге, ғылым және технологияға ықпалы қарастырылады. Сонымен қатар ағылшын тілін - жаһандық коммуникацияның, мәдениетаралық қарым-қатынастың және ақпарат алмасудың негізгі құралдарының бірі ретінде көрсетеді. Қазіргі таңда ағылшын тілін білу арқылы мәдениетаралық қарым-қатынастар нығайып, ұлттық өнер мен дәстүрлерге жаңа көзқараспен қарауға мүмкіндігі туады.

Түйінді сөздер: Жаһандық, жасанды интеллект, коммуникация, инновация, интернет, халықаралық тілдер, мәдени ықпалдастық.

Аннотация: В этой статье рассматривается влияние английского языка на

современную мировую культуру, международный бизнес, образование, науку и технологии. Кроме того, английский язык представлен как один из ключевых инструментов глобальной коммуникации, межкультурного взаимодействия и обмена информацией. В настоящее время знание английского языка способствует укреплению межкультурных отношений и открывает возможность взглянуть на национальное искусство и традиции под новым углом.

Ключевые слова: Глобальный, искусственный интеллект, коммуникация, инновация, интернет, международные языки, культурная интеграция.

Abstract: This article examines the impact of the English language on modern global culture, international business, education, science, and technology. Furthermore, English is presented as one of the key tools for global communication, intercultural interaction, and information exchange. Today, knowing English helps strengthen intercultural relations and provides an opportunity to view national art and traditions from a new perspective.

Keywords: Global, Artificial Intelligence, Communication, Innovation, Internet, international languages, cultural integration.

Бүгінгі таңда ағылшын тілі – жаһандық коммуникацияның, мәдениетаралық қарым-қатынастың және ақпарат алмасудың негізгі құралдарының бірі. Оның ықпалы ғылым, білім, бизнес, медиа және технология салаларында кеңінен таралған. Әлемнің көптеген елдерінде ағылшын тілі шет тілі ретінде оқытылып қана қоймай, жергілікті мәдениет пен құндылықтарға да әсерін тигізуде.

Жаһандану дәуірінде ағылшын тілі халықаралық тілге айналды. Ол әлемдік нарық пен технологиялық жетістіктердің тіліне айналғандықтан, көптеген елдер бұл тілді меңгеруге ұмтылады. Ағылшын тілі интернеттегі контенттің, ғылыми мақалалардың және халықаралық келіссөздердің басым бөлігін қамтиды. Бұл жаһандық мәдени диалогқа жол ашып, елдер арасындағы ақпараттық және шығармашылық алмасуды жеңілдетеді. Ағылшын тілі жаһандану процесінің ажырамас бөлігіне айналды. Ол бүгінде халықаралық келіссөздер мен ірі ұйымдардың негізгі тілі. Қазіргі таңда әлемнің 1,5 миллиардтан астам тұрғыны ағылшын тілінде сөйлейді, ал миллиондаған адам оны екінші тіл ретінде қолданады. Бұл тілді меңгеру жаһандық деңгейде қарым-қатынас орнатып, бизнес пен білім саласында мүмкіндіктер ашады.

Интернеттегі контенттің басым бөлігі (шамамен 55%) ағылшын тілінде жазылған. Әлеуметтік желілерде, платформаларда және онлайн білім беру жүйелерінде бұл тілдің үстемдігі айқын көрінеді. Осындай әсер арқылы ағылшын тілі көптеген мәдениеттерді байланыстырушы рөл атқарады.

Ағылшын тілінің ықпал ету факторлары:

- Интернет және технология. Интернет желісі пайда болған сәттен бастап ағылшын тілі оның негізі болды. Қазіргі таңда интернеттегі мазмұнның басым бөлігі ағылшын тілінде жарияланады. Әлеуметтік желілер, блогтар, ғылыми зерттеулер және технологиялық нұсқаулықтардың көпшілігі осы тілде жазылады. Бұл жағдай ағылшын тілін білуді тек коммуникация құралы ғана емес, сонымен қатар ақпаратқа қолжетімділіктің кілті етеді. Интернет арқылы адамдар ағылшын тілінде қарым-қатынас жасап, мәдениетаралық байланыс орнатады. Онлайн білім беру платформалары, вебинарлар және мультимедиялық ресурстар ағылшын тілінің танымалдылығын арттырып, оны оқытуда жаңа мүмкіндіктер ашады [1].

Ағылшын тілі – технология әлемінің басты тілі. Жаңа бағдарламалық жасақтаманың интерфейстері, кодтау тілдері және IT саласындағы терминология көбінесе ағылшын тілінде жасалады. Бұл бағдарламашылар мен инженерлер үшін ағылшын тілін білуді кәсіби қажеттілікке айналдырды. Сонымен қатар, ағылшын тілі цифрлық технологияларды қолданушыларға оңай коммуникация орнатуға мүмкіндік береді. Мысалы, жасанды интеллект жүйелері мен нейрондық желілер негізінде жұмыс

істейтін чат-боттар көбінесе ағылшын тілінде қызмет көрсетеді, бұл оларды жаһандық пайдалануға ыңғайлы етеді

- Халықаралық бизнес. Ағылшын тілі қазіргі заманда жаһандық бизнестің басты тіліне айналды. Оның ықпалы әсіресе трансұлттық компаниялар, халықаралық сауда, инвестиция және коммуникация салаларында айқын байқалады [2].

1. Халықаралық қарым-қатынас құралы

Көптеген елдердегі компаниялар ағылшын тілін халықаралық қарым-қатынас үшін пайдаланады. Бұл іскерлік келіссөздерден бастап, халықаралық конференциялар мен семинарларда коммуникацияны жеңілдетеді. Мысалы, көпұлтты жобаларда әртүрлі елдердің мамандары ағылшын тілін пайдалану арқылы бір-бірін оңай түсінеді.

2. Тендерлер мен келісімдер

Ағылшын тілін жетік меңгеру халықаралық тендерлерге қатысу мүмкіндігін арттырады. Бұл әсіресе экспорттық нарыққа шығуды көздейтін компаниялар үшін маңызды. Ағылшын тілін білмейтін кәсіпорындар жаңа мүмкіндіктерден айырылып қалу қаупіне ұшырайды.

3. Ішкі және сыртқы коммуникация

Трансұлттық корпорацияларда ағылшын тілі корпоративтік мәдениеттің негізгі элементіне айналды. Ол компания ішіндегі үйлестіру процестерін оңтайландырып, ұжымдар арасында жылдам әрі тиімді байланыс орнатуға мүмкіндік береді.

4. Инвестиция тарту және бренд құндылығы

Халықаралық деңгейде ағылшын тілінде жұмыс істей алатын компаниялар шетелдік инвесторлар үшін сенімді серіктес болып көрінеді. Бұл олардың инвестиция тартудағы мүмкіндіктерін ұлғайтады және бренд құндылығын арттырады [3].

Ағылшын тілін меңгеру халықаралық бизнесте тек құрал ғана емес, сонымен қатар жаһандық аренада табысты болудың кілті болып табылады. Бұл тілсіз халықаралық нарықта бәсекеге түсу қиынға соғады.

- Туризм және мәдениет: Әлемдік туризм индустриясында ағылшын тілі халықаралық тіл ретінде қолданылады. Көптеген туристік елдерде ағылшын тілін білу қызмет көрсету сапасын арттырады. Әсіресе туризм саласында ағылшын тілі халықаралық байланыстар мен қызмет көрсетудің маңызды құралы болып табылады. Ағылшын тілі туризмдегі келесі аспектілерде ерекше орын алады:

1. Халықаралық байланыс. Әлемнің түкпір-түкпірінен келген туристермен қарым-қатынас жасау үшін ағылшын тілі ең қолайлы құрал саналады. Туристік гидтер, қонақ үй қызметкерлері, және көлік қызметкерлері ағылшын тілінде еркін сөйлесе алса, бұл туристерге қызмет көрсету сапасын айтарлықтай арттырады.

2. Туристік нысандарды таныстыру. Туристерге тарихи және мәдени орындарды ағылшын тілінде таныстыру олардың қызығушылығын оятып, ел туралы оң пікір қалыптастырады. Сондай-ақ, бұл шетелдік қонақтарға ақпаратты түсінікті етіп жеткізуді жеңілдетеді.

3. Цифрлық платформада ақпарат беру. Туристік компаниялар, қонақ үйлер мен көрікті жерлер өз веб-сайттары мен қосымшаларын ағылшын тілінде ұсынады, бұл халықаралық клиенттерді тарту үшін өте маңызды.

4. Туризмді оқыту. Туризм мамандықтарына дайындық барысында ағылшын тілі ерекше назарда. Бұл студенттердің халықаралық деңгейде біліктілік алуына және жұмысқа орналасу мүмкіндігін арттыруға көмектеседі.

Ағылшын тілі туризмде шекараларды жойып, елдер арасындағы мәдени байланыстарды нығайтуға үлес қосады. Ол туризм индустриясын ғаламдық деңгейде қолжетімді етіп, экономикалық дамуды жеделдетуге ықпал етеді [3].

Ағылшын тілінің мәдениетке тигізетін ықпалының бірнеше аспектісі бар:

1. Мәдени диалогты күшейту

Ағылшын тілі арқылы әлем халықтары өз мәдениеті мен өнерін жаһандық деңгейде таныстыра алады. Мысалы, ағылшын тіліндегі фильмдер, музыка, әдебиет және

телешоулар халықаралық аудиторияны қамтиды. Netflix, Spotify сияқты платформалар ағылшын тіліндегі контент арқылы бүкіл әлемнің мәдени алмасуына ықпал етеді.

2. Жаңа ұғымдар мен сөздердің енуі

Ағылшын тілі арқылы басқа тілдерге жаңа сөздер мен терминдер еніп, күнделікті сөйлеу мәдениетіне әсер етуде. Ағылшын тілінде жаңа ұғымдар мен сөздердің енуі технологиялық, мәдени және әлеуметтік үдерістердің нәтижесі ретінде қарастырылады. Бұл үрдістің тиімді жақтары бірнеше бағытта көрінеді:

1. Ғылым мен технологиядағы ілгерілеу

Жаңа сөздердің пайда болуы ғылым мен технологияның дамуына байланысты. Мысалы, технология саласында “selfie,” “cryptocurrency,” “cloud computing” сияқты сөздер кеңінен қолданысқа еніп, жаңа түсініктер мен өнімдерді сипаттауға мүмкіндік берді. Бұл терминдер жаһандық деңгейде ортақ түсінік қалыптастыруды жеңілдетеді, әсіресе ғылыми мақалалар мен технологиялық нұсқаулықтарды жазуда.

2. Мәдени ықпалдастық

Жаңа ұғымдар әлемнің әртүрлі мәдениеттерінің әсерін көрсетеді. Мысалы, ағылшын тілінде басқа тілдерден алынған “karaoke” (жапонша), “yoga” (санскрит) сияқты сөздер түрлі мәдени дәстүрлерді енгізеді. Бұл процесс ағылшын тілін байытып қана қоймай, мәдениеттер арасындағы қарым-қатынасты нығайтады.

3. Қоғамдағы өзгерістерді бейнелеу

Ағылшын тілінде жаңа сөздер әлеуметтік және мәдени өзгерістерге сәйкес қалыптасады. Мысалы, “staycation” (үйде демалыс), “fomo” (fear of missing out) сияқты сөздер заманауи өмір салты мен тенденцияларды сипаттайды. Бұл жаңа ұғымдар қоғамдағы өзгерістерді дәл бейнелеуге мүмкіндік береді.

4. Жаһандық коммуникацияны жеңілдету

Жаңа сөздер мен ұғымдардың пайда болуы жаһандық коммуникацияны жеңілдетеді. Бір тілде ортақ терминологияның болуы түрлі елдердің мамандарының, студенттерінің және ұйымдарының бір-бірін түсінуін жеңілдетеді. Мысалы, бизнесте “outsourcing,” “freelancing,” “networking” сияқты сөздер кеңінен қолданылады.

5. Тілдің бейімделгіштігі

Ағылшын тілі жаңа сөздерді оңай қабылдап, бейімделе алады, бұл оның кеңінен таралуына ықпал етеді. Басқа тілдерден енген сөздер арқылы тіл байытылып, өзге мәдениеттер мен ғылым салаларын түсінуді жеңілдетеді [4].

Ұлттық мәдениетке ықпал етуі

Ағылшын тілінің ықпалы оң және теріс жақтарды қамтиды. Бір жағынан, ол басқа мәдениеттерді тануға мүмкіндік берсе, екінші жағынан, ұлттық тілдер мен дәстүрлі мәдениеттің көмескілену қаупін тудырады. Көптеген жас ұрпақ ағылшын тіліндегі мәдени өнімдерді тұтынуға бейім болып, жергілікті құндылықтарға аз мән беруі мүмкін. Ағылшын тілінің ұлттық мәдениетке ықпалы көптеген елдерде жаһандану үрдісімен байланысты. Бұл ықпалдың жағымды және теріс жақтары бар, себебі ол жергілікті мәдениет пен дәстүрлерге әртүрлі әсер етеді.

Жағымды ықпалы:

1. Мәдени байланыстарды нығайту

Ағылшын тілі әртүрлі елдердің мәдениеттерін танып-білуге және оларды жаһандық деңгейде танымал етуге мүмкіндік береді. Мысалы, ағылшын тілінде қазақ мәдениеті туралы кітаптар, фильмдер және мақалалар жазу арқылы оны әлемге таныстыру оңайырақ болады. Бұл ұлттық мәдениетті насихаттауға үлкен септігін тигізеді.

2. Заманауи мәдениетке қолжетімділік

Әлемдегі танымал әдебиет, музыка және киноның көбісі ағылшын тілінде шығарылады. Бұл жергілікті халыққа жаһандық мәдениеттен хабардар болуға және оны өз өміріне бейімдеуге жағдай жасайды.

3. Тіл арқылы дамуға жол ашу

Ағылшын тілін білу арқылы мәдениетаралық қарым-қатынастар нығайып, ұлттық өнер мен дәстүрлерге жаңа көзқараспен қарау мүмкіндігі туады. Мысалы, заманауи өнер түрлері ұлттық ерекшеліктермен ұштастырыла отырып, әлемдік сахнаға шыға алады.

Теріс ықпалы:

1. Ұлттық тілдерге қауіп

Ағылшын тілінің кең таралуы кейбір жергілікті тілдер мен диалектілердің қолданыс аясын шектеуі мүмкін. Әсіресе, жастар арасында ағылшын тілі басымдыққа ие болып, ана тілін қолдану азайып кету қаупі бар.

2. Мәдени даралықтың жоғалуы

Ағылшын тіліндегі мәдениет элементтерінің басым болуы ұлттық ерекшеліктердің ұмытылуына әкелуі мүмкін. Бұл әсіресе киім, музыка және мерекелер сияқты дәстүрлі құндылықтарға әсер етеді.

3. Тұтынушылық мәдениеттің өсуі

Ағылшын тілі арқылы таралатын жарнама мен тұтынушылық мәдениет кейде ұлттық құндылықтарға қайшы келуі мүмкін. Мысалы, кейбір шетелдік брендтер ұлттық өндірісті ығыстырып, тұтынушылардың талғамына әсер етеді.

4. Тіл арқылы мәдениетті қалыптастыру

Тіл мен мәдениет өзара байланысты. Ағылшын тілінің таралуы басқа халықтардың мәдени бейнесіне де әсер етеді. Жергілікті мәдениеттер ағылшын тілін игеру арқылы өз ерекшеліктерін халықаралық деңгейде көрсетуге мүмкіндік алады. Бұл әсіресе білім беру және туризм салаларында көрінеді. Сонымен қатар, ағылшын тілінің әсері мәдени ерекшеліктердің унификациясына, яғни біркелкіленуіне әкелуі мүмкін.

5. Ұлттық мәдениеттер мен тілдерге әсері

Ағылшын тілінің басымдығы кейбір ұлттық тілдер мен мәдениеттердің шеттетілуіне әкеліп соғуы мүмкін. Мәселен, жастар арасында ағылшын тілді мәдениеттің басымдығы жергілікті дәстүрлерге қызығушылықтың төмендеуіне себеп болуы мүмкін. Сондықтан, көптеген елдер ұлттық мәдениетті сақтау үшін арнайы бағдарламалар қабылдауда.

6. Білім және шығармашылық

Ағылшын тіліндегі білім беру бағдарламалары мен әдебиеттердің қолжетімділігі әртүрлі елдердегі шығармашылық әлеуетті дамытуда маңызды рөл атқарады. Бұл тілде ғылым, өнер және технология саласында көптеген жаңалықтар мен зерттеулер жарияланып, жаһандық аудиторияға ұсынылады [5].

Ағылшын тілі халықаралық білімнің кілтін айналды. Көптеген елдерде жоғары оқу орындары ағылшын тілінде білім береді, бұл студенттерге жаһандық деңгейде танымал университеттерге түсуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, IELTS, TOEFL секілді халықаралық емтихандар ағылшын тілін меңгерудің маңызды көрсеткіші болып табылады.

Ағылшын тілі әртүрлі елдер арасындағы мәдени диалогты жеңілдетеді. Ол арқылы әлем халықтары бір-бірінің әдебиеті, өнері, әдет-ғұрыптары және құндылықтарымен танысуға мүмкіндік алады. Ағылшын тілінің білім беру саласына ықпалы бүгінгі таңда айтарлықтай үлкен. Әлемнің көптеген елдерінде ағылшын тілі халықаралық қатынастар мен жаһандану үдерісінде басты рөл атқарады. Білім беру жүйесінде ағылшын тілін оқыту қазіргі уақытта ең маңызды аспектілердің бірі ретінде қарастырылып, көптеген мемлекеттерде мектеп бағдарламаларында ерекше орын алады. Сонымен қатар, ағылшын тілі арқылы шығармашылық идеялар мен инновациялар жаһандық деңгейде таралады.

- Музыка және кино. Ағылшын тілі музыка мен киноиндустриясында кең таралған. Голливудтың фильмдері мен ағылшын тілді әндер бүкіл әлемде танымал болып, көптеген елдердің мәдениетіне әсер етуде. Мысалы, ағылшын тіліндегі әндер мен сериалдар жастардың ағылшын тілін үйренуге деген қызығушылығын арттыруда.

- Білім және ғылым. Ағылшын тілі халықаралық білім беру мен ғылым

саласында маңызды рөл атқарады. Көптеген жетекші университеттер ағылшын тілінде оқытады, ал ғылыми зерттеулердің көпшілігі ағылшын тілінде жазылады.

Ағылшын тілінің кең таралуы кейбір теріс әсерлерді де тудырады. Оның ішінде:

- Ұлттық тілдерге қаупі: Ағылшын тілінің танымалдығы кейде ұлттық тілдердің көлеңкеде қалуына алып келеді. Жас ұрпақ арасында ана тіліне деген қызығушылық төмендеп, ағылшын тілін басымдыққа қояды.

- Мәдени құндылықтардың жоғалуы: Кейбір елдерде ағылшын тіліндегі контенттің көптігі ұлттық мәдениеттің өзіндік ерекшеліктерінің жойылуына себеп болуы мүмкін [6]. Қазақстанда ағылшын тілін оқыту мәселесі де өзекті. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың тілдердің үш тұғырлығы туралы стратегиясы аясында ағылшын тілі еліміздегі білім беру жүйесінде кеңінен енгізілуде. Бұл бағдарлама бойынша, ағылшын тілін үйрету мектептердің бастапқы сыныптарынан басталып, жоғары оқу орындарында тереңдетіліп оқытылады. Мұндай жүйе болашақта жастардың халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті болуына мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ағылшын тілін білу Қазақстан азаматтарының әлемдік еңбек нарығында өз орнын табуына септігін тигізеді. Ағылшын тілінің білім беру саласындағы әсері әсіресе жаңа әдіс-тәсілдер мен оқыту тәсілдерінде айқын байқалады. Мәселен, қазіргі кезде ағылшын тілін оқытуда коммуникативті әдіс басым болып келеді, яғни оқушылар тек тілдік білімді ғана емес, оны нақты өмірде қолдану дағдыларын да меңгереді. Бұл әдіс оқушылардың сөйлеу дағдыларын жетілдіріп, шетелдік әдебиет пен мәдениетті түсінуге мүмкіндік береді. Әсіресе, ағылшын тілін меңгерген жастар әлемнің әртүрлі мәдениеттерімен байланыс орната алады, бұл олардың жеке дамуына да оң әсерін тигізеді.

Ағылшын тілі — әлемнің көптеген елдерінде қолданылатын халықаралық тіл ғана емес, жаһандық мәдени алмасудың басты құралына айналған маңызды фактор. Оның ықпалы түрлі салаларда: білім, бизнес, технология, өнер және медиа индустриясында анық байқалады. Бұл мақалада ағылшын тілінің мәдениетке тигізетін оң және теріс әсерлеріне тоқталамыз. Ағылшын тілінің жаһандану үрдісінде алатын орны ерекше. Жаһандық экономикалық байланыстар, халықаралық ұйымдар мен корпорациялар бұл тілді негізгі қарым-қатынас құралы ретінде қолданады. Көптеген елдерде ағылшын тілі шет тілі ретінде білім беру бағдарламаларына енгізілген.

Ғылыми зерттеулер мен халықаралық басылымдардың 80%-ға жуығы ағылшын тілінде жүргізілетінін ескерсек, бұл тіл арқылы әлемнің әр түкпіріндегі адамдар ғылым мен технологияның заманауи жетістіктеріне қол жеткізе алады. Сонымен қатар, ағылшын тіліндегі онлайн-контенттің көптігі интернет пайдаланушыларын осы тілді меңгеруге итермелейді.

Келешекте ағылшын тілі мәдениетке ықпалын күшейте түсуі мүмкін. Әсіресе, технология мен жасанды интеллект дамуымен ағылшын тіліндегі контенттің көлемі артады деп күтілуде. Дегенмен, көптеген мемлекеттер өз тілдерін сақтау үшін түрлі шаралар қабылдап жатыр. Ана тілін дамытуға арналған бағдарламалар, көптілді білім беру және мәдени мұраны дәріптеу ұлттық ерекшеліктерді сақтап қалуға көмектеседі. Бір жағынан қарастырар болсақ ағылшын тілінің болашақтағы ықпалы әр түрлі салаларда өсіп келеді, бұл оның жаһандық рөлі мен маңыздылығын одан әрі нығайта түсуде. Әлемдік коммуникацияның негізгі тіліне айналған ағылшын тілі білім беру, экономика, мәдениет және халықаралық қатынастар салаларында үлкен өзгерістер тудырады [7].

1. Білім беру саласында

Ағылшын тілі халықаралық білімнің кілті ретінде қарастырылады. Көптеген елдерде ағылшын тілі ғылыми зерттеулер мен білім беру бағдарламаларында кеңінен қолданылады. Қазақстанда да жоғары оқу орындары ағылшын тілін тереңдетіп оқытуға басымдық береді. Мысалы, «Болашақ» бағдарламасы мен Назарбаев Университеті ағылшын тіліндегі білімге қолжетімділікке жол ашты. Бұл үрдіс елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған.

2. Экономика мен жаһандану

Ағылшын тілін меңгеру бизнес пен сауда қатынастарын жақсартуға септігін тигізеді. Тілдің экономикалық мәні халықаралық нарықтармен тиімді байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Мысалы, жаһандық корпорациялар мен стартаптар ағылшын тілін ортақ коммуникация құралы ретінде пайдаланады. Болашақта ағылшын тілді мамандардың сұранысы артып, тіл меңгеру кәсіби өсуге маңызды талаптардың бірі болмақ.

3. Мәдениетаралық байланыстар

Ағылшын тілінің арқасында әр түрлі елдер мен мәдениеттер арасындағы қарым-қатынастар нығаюда. Әлемдегі ең танымал фильмдер, әдебиет және музыканың ағылшын тілінде таралуы мәдени алмасуды жеңілдетеді. Бұл үрдіс келешекте де жалғасып, басқа елдердің мәдениет элементтерін түсінуге және бағалауға жағдай жасайды.

4. Болашақтағы даму бағыттары

- Үштілділік: Қазақстанда үш тілді — қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгеру саясаты белсенді жүргізілуде. Бұл, әсіресе, жастарды заманауи сұраныстарға бейімдеуге бағытталған.
- Халықаралық байланыс: Ағылшын тілін білу Қазақстанның әлемдік аренада орнығуына, шетелдік серіктестіктерді арттыруға мүмкіндік береді.
- Инновация мен технология: Ағылшын тілі технологиялық дамудың негізі болып қала береді. Ғылым мен IT саласындағы жетекші жаңалықтар ағылшын тілінде жасалады, бұл тілді білуді жаһандық жетістіктерге жетудің негізгі шартына айналдырады.

Қорытынды

Ағылшын тілі әлемді біріктіретін маңызды факторлардың бірі. Алайда оның ықпалын тиімді басқару үшін ұлттық ерекшеліктер мен ана тілдерді сақтау мәселесіне ерекше көңіл бөлу қажет. Бұл тіл тек жаһандық байланыс құралы емес, сондай-ақ жергілікті мәдениеттерді байыта отырып, олардың өзіндік құндылықтарын әлемге танытуға қызмет ете алады. Ағылшын тілінің ұлттық мәдениетке ықпалы екі жақты. Ол ұлттық өнер мен дәстүрлерді жаһандық деңгейде насихаттауға мүмкіндік берсе де, жергілікті мәдениеттің жойылу қаупін арттырады. Сондықтан ұлттық мәдениетті қорғау мен ағылшын тілін тиімді пайдалану арасындағы тепе-теңдікті сақтау маңызды. Ағылшын тілінің арқасында халықтар бір-бірімен түсінісіп, байланыс орната алады. Дегенмен, бұл процесте әр елдің мәдени ерекшеліктерін сақтау маңызды. Осылайша, ағылшын тілінің мүмкіндіктерін пайдалана отырып, ұлттық құндылықтарды да қорғау қажет. Және де бұл тілді меңгерумен қатар, әр халық өзінің ана тілі мен мәдениетін сақтап қалуға күш салуы қажет. Осылайша, ағылшын тілі мен ұлттық мәдениеттер бірін-бірі толықтырып, үйлесімді түрде дамуға мүмкіндік алады. Қысқаша айта кетсек ағылшын тілі – заманауи әлемнің маңызды құралы. Ол мәдениеттер арасындағы диалогты жеңілдетіп, адамдар арасындағы қарым-қатынасты арттырады.

Әдебиеттер тізімі

1. Nunan, D. (2003). *Practical English Language Teaching*. McGraw -Hill. - Т.3. - 155-156 беттер.
2. Graddol, D. (2006). *English Next: Why Global English May Mean the End of 'English as a Foreign Language'*. British Council. - Т.3. -97-98 беттер.
3. Phillipson, R. (1992). *Linguistic Imperialism*. Oxford University Press. -Т.2. - 63 бет.
4. McCrum, R., MacNeil, R., & Cran, W. (2010). *Globish: How the English Language Became the World's Language*. W.W. Norton & Company. - Т.4. -113 бет.

5. Crystal, D. (2003). English as a Global Language. Cambridge University Press. -Т.2. -10-43 беттер.
6. Seidlhofer, B. (2011). Understanding English as a Lingua Franca. Oxford University Press. -Т.1. -27 бет.
7. Jenkins, J. (2006). Global Englishes: A Resource Book for Students. Routledge. -Т.3. -107-115 беттер.

УДК 94(475)

ЖАҒАНДАНУ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ДАМУ ҮДЕРІСТЕРІНІҢ ҚАЗАҚ ҰЛТЫНЫҢ БІРЕГЕЙЛІГІ МЕН МӘДЕНИЕТІНЕ ӘСЕРІ

Жауке А.,

стоматология, I курс,

Ғылыми жетекшісі: Сатыбалдина М.Б., аға оқытушы

«Медицина негіздері» кафедрасы

«Астана медицина университеті» КеАҚ

Астана қ., Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада автор жаһандану барысында басқаларға жұтылып кетпей, салт-дәстүрді дамытып, ұлттық мүддені сақтау үшін күресу, заманауи ұлттық сананы күшейту керек екендігін атап өтеді. Көптеген мәдениетті және ұлттарды сақтай отырып, адамзаттың өркениет синтезінің жетістігіне ұмтылысын, жаһандануға сай позитивті бағытынан түсіну қажеттілігі баяндалады. Қазақстандағы Жаһандану және технологиялық даму үдерістерінің қарқындылығын анықтау және оған баға беріліп, және жаһандану үдерістерінің оң әсерлерін анықталып және оған баға берілді.

Түйінді сөздер: жаһандану, ұлттың бірегейлігі, ұлттық болмыс, ұлттық сана, мәдени-дипломатиялық қатынастар, өркениет синтезі.

Аннотация. В этой статье автор подчеркивает, что в процессе глобализации необходимо развивать традиции и традиции, бороться за сохранение национальных интересов, укреплять современное национальное сознание, а не поглощаться другими. Изложена необходимость понимания стремления человечества к успеху синтеза цивилизации с сохранением многих культур и национальностей, с позитивной направленности в соответствии с глобализацией. Дана оценка и определение интенсивности процессов глобализации и технологического развития в Казахстане, а также выявлены и оценены положительные эффекты процессов глобализации.

Ключевые слова: глобализация, идентичность нации, национальное бытие, национальное сознание, культурно-дипломатические отношения, синтез цивилизации.

Annotation. In this article, the author notes that in the course of globalization, it is necessary to develop traditions, fight for the preservation of national interests, strengthen modern national consciousness, and not be swallowed up by others. The need to understand the desire of mankind to achieve the success of the synthesis of civilization, in accordance with globalization, in a positive direction, while preserving many cultures and nationalities is outlined. The intensity of the processes of globalization and technological development in Kazakhstan was determined and evaluated, and the positive effects of globalization processes were identified and evaluated.

Keywords: globalization, identity of the nation, national identity, national consciousness, cultural and diplomatic relations, synthesis of civilization.

Бүгінде барлық мемлекеттер жаһандану жағдайына бейімделіп күн кешуде. Батыстық өркениетті меңгеру жолында ұлттың төл тарихы мен мәдениетін жоғалту қаупі бар екендігін жоққа шығармаймыз. Батыстың білімі, ғылымы, технологиясы әр адамды айналып өте алмайды, бірақ шамадан тыс еліктеу дәстүрлі тәрбиелік, адамгершілік құндылықтардан айырады. Сондықтан жаһандануды әрбір ұлт немесе мемлекет өз болмысына қарай бейімдеп сіңіре алса қауіпсіз болары анық.

«Жаһандану» ұғымы ағылшын тіліндегі «global» ұғымынан алынған, оны «әлемдік», «дүниежүзілік» деп аударуға да болады. 1961 жылы ағылшын сөздігінде «globalization» сөзі пайда болды, ол «бір нәрсенің бүкіл әлемге таралуы» дегенді білдіреді, ал ғылыми тұрғыда «жаһандану» термині алғаш рет 1983 жылы Теодор Левиттің «Гарвард бизнес ревью» журналындағы мақаласында пайда болды және ол кезде жекелеген корпорациялар өндіретін жекелеген өнімдер нарығының бірігу феноменін білдірді.

Жаһандану астарында әлем елдерінің экономикасын біріктіру және бірыңғай құқықтық, экономикалық және ақпараттық кеңістік құру процесі түсінік береді.

Француз зерттеушісі Б. Бади жаһандану процесінің үш өлшемін ерекше атап өтеді:

- үнемі жүріп отыратын тарихи процесс;
- әлемді гомогендеу және әмбебаптау;
- ұлттық шекараларды «жою».

Жаһанданудың өзіндік ерекшеліктері:

1. Халықаралық ұйымдар санының артуы.
2. ТҰК рөлін күшейту.
3. Интернет компьютерлік желісін құру.
4. Электрондық сауданың дамуы.
5. Мегалополистер мен қалалану деңгейінің өсуі.
6. Дүние жүзі бойынша ағылшын тілінің таралуы[1]

Зерттеудің негізгі мақсаты – Жаһандану және технологиялық үдерістерінің қазақ қоғамына тигізетін әсерлерін анықтау. Бұл жобаның мақсатына жетуге итермелеуші міндеттер:

♣ Қазақстандағы Жаһандану және технологиялық даму үдерістерінің қарқындылығын анықтау және оған баға беру;

♣ Жаһандану және технологиялық даму үдерістерінің оң әсерлерін анықтау және оған баға беру;

♣ Жаһандану және технологиялық даму үдерістерінің теріс әсерлерін анықтау және оған баға беру;

♣ Жаһандану және технологиялық даму үдерістерінің нәтижесінде пайда болған мәселелерді анықтау, оларға баға беру;

♣ Жиналған деректерге сүйене отырып, қорытынды ойды шығару;

♣ Анықталған мәселелерге мүмкін шешу жолдарын ұсыну. Аталып өткен міндет-мақсаттарға қол жеткізу үшін келесі зерттеу сұрақтарына жауап ізделінеді:

♣ Жаһандану және технологиялық үдерістер Қазақстанда қаншалықты қарқынды жүзеге асуда? ♣ Жаһандану және технологиялық үдерістердің салдары қандай?

♣ Жаһандану және технологиялық үдерістердің артықшылықтары мен кемшіліктері қандай?

♣ Бұл үдерістердің Қазақстан мәдениетінің дамуына тиімділігі қандай?

Жинақталған дереккөздерді талдау Ұлттың бірегейлігі дегеніміз не?

Ұлт бірегейлігі - азаматтың белгілі бір ұлт немесе мемлекет қауымдастығына тиесілі болу сезімі [3]. Ұлттың бірегейлігі әртүрлі формада көрінуі мүмкін, мысалы, мемлекеттік тіл арқылы, әдет-ғұрып пен салт-дәстүр арқылы, халық әндері арқылы, символика мен ұлттық киімдер арқылы көрініс таба алады. Ұлттың бірегейлігі бастауын мәдениет, тіл, этностық пен дін немесе аталған қоғамдастықтың дәстүрлеріне қатысты аспектілерден алады [3]. Ұлттық бірегейлік туралы 2017 жылы “Болашаққа бағдар: Рухани Жаңғыру” жобасы аясында бірінші

Президентіміз Н.Ә. Назарбаев өз сөзінде “Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс” деген болатын [3].

Жаһандану үдерісі дегеніміз не? **Жаһандану** - жаңа жалпыәлемдік саяси экономикалық, мәдени және ақпараттық тұтастық құрылуының үрдісі [4]. Оның негізгі көріністері еңбектің әлемдік бөлінісінен, капитал мен адами, өндірістік ресурстардың миграциясынан және мәдениеттердің жақындасуынан орын алады. Жаһандану үдерісі барысында көптеген мемлекеттер арасындағы ынтымақтастық пен мәдени, экономикалық т.б аспектілер аясында қарым-қатынастар күшейіп келеді. Жаһанданудың артықшылықтары мен кемшіліктері қандай? Алдымен Жаһандану үдерісінің артықшылықтарына тоқталсақ, оның артықшылықтарына нарықтың кеңеюі, жаңа технологиялық дамуға ашылатын мүмкіндіктер, мәдениет алуантүрлілігінің болуы, бәсекелестіктің артуы жатады .

Жаһандану жағдайындағы біздің мемлекеттің ұлттық мүддесі – адамның құқығы мен бостандығының қамтамасыз етілуі, елдегі қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылықты сақтау, халықтың бірлігі және игілігі болып табылады. Сонымен бірге, бәсекеге қабілетті және ұлттық ақпараттық кеңістікті қолдай отырып, қоршаған ортаның жай-күйін сақтай отырып, еліміздің даму басымдықтарына сай келетін халықаралық ынтымақтастықтың жай-күйін және жағымды имиджі мен беделін нығайту [7].

Жаһандану үдерісі арқылы әркім өзінің кім екенін көрсетуге мүмкіндік алды. Сондықтан, мемлекеттік дейгейде салауатты және мықты саясат керек. Бұл үшін әуелі екі міндетті жүзеге асырудамыз:

1. ұлттық мәдени ерекшелігімізді сақтаудың ұтымды тұжырымдамасы;
2. мемлекеттік жаһандану үрдісінде сақтықпен қимылдау [7].

Жаһандану үдерісі негізінде көптеген мекемелер өз тауарларын басқа мемлекеттермен әрекеттесу нәтижесінде әлемдік нарыққа шығаруға мүмкіндік алады. Сонымен қатар Жаһандану үрдісі жаңа технология дамытуға мүмкіндік беріп, нәтижесінде өндірістік және бизнестік өсімнің ұлғаюына әкеледі. Жоғарыда айтылғандай Жаһандану процесі негізінен басқа мемлекеттермен қарым-қатынас құрудан тұратындықтан елдегі этностар мен мәдениеттердің алуантүрлілігіне жетелеп қана қоймай, әлем сахнасындағы елдің орнын асқақтатып, дамыған мемлекеттермен иық тірестіре алатындай дәрежеге көтеріп, бәсекелестікке қабілетін арттырады. Ендігі кезекте Жаһанданудың кемшіліктерін айтып өтсек, оларға әлеуметтік теңсіздік, экологиялық мәселелер, ұлттардың өз болмысын жоғалтуы секілді мәселелер кіреді. Әлеуметтік теңсіздік деу арқылы жаһандану кезінде бай және кедей мемлекеттер арасында келіспеушіліктер мен түсініспеушіліктер орауы мүмкін екені айтылған болса, экологиялық мәселелер түрлі шикізат пен тауар тасымалы кезінде болатын апаттар ең транспорттардың бөлетін түрлі зиянды газдардың болуының нәтижесінде орын алуы мүмкін. Ал ұлттың өз болмысының жоғалтуы мәдениет унификациясының нәтижесінде орын алуы мүмкін, мәдениеттің унификациялануы белгілі бір массаның қоғамдастық құрамына кіріп, бір тұтас қоғамды құраған кезде болады.


Зерттеу жұмыстың зерттеу сұрақтарына жауап табу мақсатында Ақтау қаласының тұрғындары арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға жауап берушілер саны - 32. Респонденттер әртүрлі жас категориясында болғандықтан зерттеу жұмысы барлық жас ерекшеліктеріне тәуелді жауап нұсқаларын алуға мүмкіндік берді.

жас

Жауап берушілердің 9,4%-ы 13-16, 75%-ы 16-19, 3,1%-ы 19-22, 12,5%-ы 22+

Сіздің жасыңыз?

32 ответа




Сурет 1. Респонденттердің жасына қатысты сұрақ нәтижелері

арасында. Сауалнама нәтижесіне ең көп ықпал еткен респонденттер 16-19 жас арасындағы азаматтар, сауалнаманың негізгі аудиториясы - мектеп оқушылары (Сурет 1).

жаһандану үдерісімен таныссыз ба?


32 ответа



Сурет 2. Респонденттердің үдеріспен хабардарлығы нәтижелері Жаһандану және технологиялық даму үдерістерінің қазақ ұлтының бірегейлігі мен мәдениетіне әсері Сурет 3. Респонденттердің Жаһанданудың әсері бар/жоқ туралы жауап нәтижелері Жүргізілген сауалнаманың нәтижесінде,

Жаһанданудың ұлт болмысына әсері бар деп санайсыз ба?

32 ответа




Сурет 3. Респонденттердің Жаһанданудың әсері бар/жоқ туралы жауап нәтижелері

Сурет 3 мен Сурет 2 көрсетілгендей, сауалнаманың жалпы аудиториясының 71,9%-ының жаһандану үдерісі туралы түсінігі болса, 9,4%-ы жаһандану процесі туралы мүлде естуі жоқ. Ал қалған 18,8% “естуім бар” нұсқасын таңдаған екен. Жаһандану үдерісі туралы түсінігі

бар респонденттердің 78.1%-ы ғаламдану үдерісі ұлт болмысына әсер етеді деп санаса, 3,1%-ы ғана ол тұжырыммен келіспейді, ал қалған 18,8%-ы “мүмкін” деген жауапты таңдаған.

Жаһандану үдерісі ұлт болмысына қалай әсер етіп жатыр деп ойлайсыз?
32 ответа



Сурет 4. Жауап берушілердің Жаһанданудың әсері бар сұрағына жауап нәтижелері

Жаһанданудың ұлт болмысына жақсы да, жаман да әсері бар деп санайтын азаматтар саны - 20. Ал қалған 9,4%-ы ғаламдану үдерісі ұлт болмысына, мүддесіне оң әсер әкеліп жатыр деп санаса, 28,1%-ы теріс әсер етеді деп санайды. Себебі, талай халықтың дамыған ұлттың жетегінде кетіп, сол ұлтқа сіңіп, жоқ болып кететіні тарихтан аян. Сондықтан да ұлттық болмысымызды сақтап қалу үшін, қоғамда болып жатқан жаңалықтарды ақиқат ретінде қабылдап, озық бөлігін ұлт мәдениетінің ажырамас бөлігіне айналдыра білуіміз керек. Солайша, осы орайда шығатын қорытынды - жаһандану процесінің ұлттық болмысына әкеліп жатқан болмысына әкеліп жатқан зияны пайдасына қарағанда көбірек. Зерттеу барысында респонденттердің 87,5 ұлттық болмыстың сақталуы өте өзекті және маңызды деп санайтынымен қатар, қалған 12,5%-ы тұжырыммен жартылай келісетіндігі анықталды. Сауалнама нәтижесінде ең тиімді атқарылатын шараның 26 дауыспен “тіл тазалығын сақталуына көбірек көңіл бөлу” екені анықталды. Қазіргі таңдағы қазақ тілінің құзырлығының төмендеуі мәселесін ескерсек, жауап берушілердің бұл жауап нұсқасын таңдауы орынды. Ал респонденттер ойынша **ұлттық болмысты сақтауда** екінші тиімді жол - **“кино, БАҚ арқылы қазақылықты дәріптеу”**. Бүгінгі таңда әлеуметтік желі мен бұқаралық ақпарат құралдардың адамдар санасына әсерін ескере отырып, кино индустрияның да қоғамға ықпалын назарға алсақ бұл жауап нұсқасының да бірнеше рет таңдалуы таң қалдырарлық емес. Өйткені, әлеуметтану мен коммуникация салаларында жаһандану заманауи мәдени өнім құралдары (фильмдер, теледидар, интернет, жаппай жарнама және т.б.) үстемдік ететін ғаламдық бұқаралық мәдениет деп түсіндіріледі. Мұнда батыстың мәдени құндылықтары мен техникалары басым болуда. Қазақстанның мәдени-қоғамдық кеңістігінде жаһандану міндетті түрде модернизациямен «жаңғырумен» бірге дамуда [5].

Ал ең төмен дауыс жинаған жауап нұсқасы **“тарихты тереңірек оқыту”** болды. Ал жаһандану үдерісінде қазақ қоғамында, әсіресе келесі ұрпаққа салт-дәстүрді насихаттап, ата салтын жалғастыру үшін ұлттық тәрбиеге көбірек көңіл бөлуіміз керек деп есептейміз.

Зерттеу нәтижелерін талдау

S(күшті жақтары)	W(әлсіз жақтары)
<ul style="list-style-type: none"> Сан алуан мәдениеттер тоғысуы Мәдениеттермен интеграция және тәжірибе алмасу Мәдениет цифровизациясы (әлеуметтік желі, мәдени орындардағы техникалық даму) Қазақ диаспорасының жаһандық бірлестік құруы 	<ul style="list-style-type: none"> Мәдениет эрозиясы Ағылшын тіл басымдығының қазақ тілінің жоғалуына әсер етуі Батыс мәдениетінің басымдығынан ұлттық ерекшеліктердің өзгеруі

<p>О (мүмкіндіктері)</p> <ul style="list-style-type: none"> • Халықаралық интеграция • Қазақ мәдениетінің әлемдік деңгейде танылуы • Цифрлық деңгейде мәдениет сақталуын жүзеге асыра білу 	<p>Т (қауіп-қатерлері)</p> <ul style="list-style-type: none"> • Ұлттық бірегейліктің жоғалуы • Тілдің бұрмалануы немесе мүлдем жоғалуы • Өркениеттер қақтығысы туу мүмкіндігі • Мәдениеттердің бір тұтас қоғамға айналуы
--	---

Кесте 2. Жаһандану үдерісінің қазақ ұлтына әсері жөнінде SWOT талдауы.

PEST талдауы

Р (саяси):

- ♣ Мәдени-дипломатиялық қатынастар құру мүмкіндігі, заңмен қорғалуы
- ♣ Қазақстанға жаһандық мәселелерге ат салысуға мүмкіндіктің ашылуы
- ♣ Халықаралық интеграциялар

Е (экономикалық):

- Мәдени инфрақұрылымға инвестициялар алу
- Мәдени бұйымдарға нарықтағы сұраныстың артуы
- Дүниежүзілік нарықтағы Қазақстанның орнын нығайту
- Отандық кәсіпкерлікке сұраныстың артуы, бәсекелестіктің күшеюі

S (әлеуметтік):

- Жаһандану нәтижесінде “ақыл-ойдың сытылуы” орын алу мүмкіндігі бар
- Көпэтносты, алуан мәдениетті қоғам құрылуы
- Қазақ тілінің қолданысының төмендеуі
- Ұлттық құндылықтардың жоғалуы

T (технологиялық):

- Мәдени ғимараттардағы цифрландыру
- Әлеуметтік желідегі қазақ мәдениетінің популяризациясы
- Мәдени мұралардың цифрлық режимде сақталуы
- Ұлттық кодтық символдардың техникалар көмегімен құжаттастырылуы

Қорытындылай келе, сауалнама нәтижелері мен зерттеу қорытындысын талдау мақсатында SWOT (Кесте 1) және PEST талдаулары жүргізілді. Зерттеудің жалпы қорытындысы мен нәтижесінің түсінікті әрі қысқартылған түрде беру барысында аталған талдау түрлері тиімді қолданылды.

Қазір барлық мемлекеттер құбылмалы жаһандану жағдайына ілгері жылжып, бейімделіп, күресіп, әлемдік аренада ұлттық болмысын сақтап күй кешуде. Бұл дегеніміз батыстық өркениетті меңгеру жолында ұлттың төл тарихы мен мәдениетін жоғалту, тұлғаның шатасып, өзін-өзі жоғалтып алуы қауіпі бар деп дабыл қағылуда. Бірақ Рухы мен мәдениеті биік, білімі терең ұлт жаһандану деген алып мұхитта өз келбетін жоғалтпайды.

Шығыстың ұлы ойшыл ғалымы Әл-Фараби: «Маған жас жеткіншектеріңізді көрсетсеңіз, мен сіздердің болашақтарыңызды айтып берейін», – деген екен. Олай болса ұрпақ тағдырын ұлт тағдыры деп қарап, еліміздің дамуына өз үлесін қосатын азаматтарды тәрбиелеу – бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Сондықтан намыс пен ар – ойданды бірінші орынға қоятын, ұлттық құндылықты сақтаушы білімді ұрпақты тәрбиелеу – мемлекет алдындағы басты міндеттердің бірі болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Әлемдік саясаттың жаһандануы. Халықаралық қатынасқа кіріспе. Жаһандану
2. Т. Петренко, Е. Шуман. (2020, Маусым 22). Как лень заставила немца изобретать первый компьютер // Как лень заставила немца изобрести первый компьютер – DW – 22.06.2020
3. Неверов А. (2017, Сәуір 24). Когда появился первый Интернет // Когда появился первый Интернет и кто его придумал - 24СМИ (24smi.org)
4. Тұрақтылықтың негізі - ұлттық бірегейлік. (2017, Қараша 9) // Тұрақтылықтың негізі – ұлттық бірегейлік (egemen.kz)
4. Минайдар.А, Аяз.Ұ (2018). Жаһандану және ұлттық тәрбиенің кейбір мәселесі //Жаһандану және ұлттық тәрбиенің кейбір мәселесі — StartInfo
5. Г. Ә. Омарбекова. Тіл және жаһандану: Оқу құралы. – Нұр-Сұлтан: «Fastprint» баспасы, 2019. – 160 б.
6. . Ғабитов Т.Х., және басқалары, Жаһандану және Қазақстанның заманауи мәдениеті: ұжымдық монография /. - Алматы: Қазақ университеті, 2019. 332 б
7. Шерьязданова Г.Р. , Абдильдина Х.С. Жаһандану жағдайындағы ұлттық бірегейлік пен Қазақстанның ұлттық мүдделері турасындағы мәселелер. ВЕСТНИК Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия Политические науки. Регионоведение. Востоковедение. Тюркология. BULLETIN of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Political science. Regional studies. Oriental studies. Turkology Series № 4(133)/2020.

УДК 821.512.122.1

ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ЖАСТАРДЫ ОТАНСҮЙГІШТІККЕ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ РӨЛІ

Жумабаева Г.Ж.,

1 курс студенті,

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университет

email: jumabaevagulnur78@gmail.com

Алматы қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада XV ғасыр мен XIX ғасыр аралығындағы жыраулар мен ақындардың шығармалары талданып, олардың жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеудегі рөлі жан-жақты қарастырылады.

Түйін сөздер: жыраулар, ақындар, поэзия, патриотизм, отансүйгіштік

Аннотация. В статье анализируются произведения жырау и поэтов XV–XIX веков, всесторонне рассматривается их роль в воспитании патриотизма у молодежи.

Ключевые слова: жырау, поэты, поэзия, патриотизм, патриотическое воспитание

Abstract. The article analyzes the works of the jyrāu and poets from the 15th to the 19th century, exploring their role in fostering patriotism among the youth.

Keywords: jyrāu, poets, poetry, patriotism, patriotic education

Қазақ әдебиетінің тарихындағы маңызды құндылықтардың, ұлы өнердің бірі — жыраулар поэзиясы. Бұл поэзия әдебиеттану ғылымы мен әдебиет тарихында тек көркемдік қырынан ғана емес, сонымен қатар оның әлеуметтік және тарихи мәні тұрғысынан да жан-жақты зерттелген, жүйелі түрде қарастырылған. Десекте, оның жастарымызды отансүйгіштікке тәрбиелеудегі рөліне онша мән берілмей келеді. Жыраулар поэзиясының өзіндік ерекшелігі, оның бойында халықтың әлеуметтік өмірі, тарихы мен мәдениеті терең

қамтылған.

Жыраулар шығармаларының негізгі тақырыбы көп жағдайда туған жер, ұлт-азаттық күрес, елдің болашағына деген үміт пен ұрпақтарға өнеге қалдыру болып табылады. Бұл поэзияның жалпы мәні — ұлттық бірлікті, елдік мұраттарды насихаттау, халқын жақсылыққа, бейбітшілікке шақыру болып табылады. Қазтуған жыраудың «Еділім деп еңіреден-еңіреп өткен» толғаулары осы тақырыпты терең ашады. Асан қайғының «Желмая мініп жер шалсам, тапқан жерге ел көшер» деген даналық сөзі өз елінің жайлы өмірін іздеп, оны қорғауға, ұрпақтарға мұра етуге деген үлкен жүрек тазалығын көрсетеді, Ал Ақтамберді жыраудың өз халқына арнаған ырыс, молшылық пен тыныш өмір туралы жырлары қазақ жерінде бейбітшілікті орнатудың маңыздылығын аңғартады. Сонымен қатар, «ауылдан тыр үзілмей, ошақтың оты өшпесе, май жемесе қонағым...» деп тыныштық пен бейбіт өмірді тілеп, өзінің ел-жұртына деген шексіз сүйіспеншілігін білдірген. Доспамбет жыраудың «Еділдің бойын ел жайлап, шалғынына бие біз байлап» деген сөздері елдің гүлденуіне деген тілегін білдіреді. Қазтуғанның «Салп-салпыншақ анау үш өзен» толғауында оның туған жері Еділ, Жайық, Ойыл өзендерін сипаттауы да осы тақырыпты жалғастырады. Ал «Алаң да алаң, алаң жұрт» өлеңінде ол өзінің ата-анасы мен туған жерін, сол жерде туып-өскен елін байланыстыра отырып, елінің тарихын терең суреттейді.

Жыраулар поэзиясының тақырыптары өте кең және алуан түрлі болды. Олар шығармаларында тек саяси мәселелерді ғана емес, қоғамдық, әлеуметтік тақырыптарды, халықтың тұрмысын, моральдық құндылықтарын да қозғады. Жыраулардың шығармалары көбінесе елшілік жорықтарға, бейбіт келісімдер жасауға, дипломатиялық байланыстар орнатуға қатысты болғанымен, олар күнделікті өмірдегі маңызды тәлім-тәрбиелік мәселелерді де қамтыды.

Жыраулардың шығармашылығы өз халқы мен елін жақсы көрумен, оларға қызмет етуге шақырумен ерекшеленеді. Олар поэзияларын арнап, халқына патриоттық рух, ерлік пен ұлттық бірлікті насихаттаған. Бұл арқылы олар өз дәуірінде елін қорғау жолында ерлік көрсеткен батырлар мен қолбасшылардың бейнесін дәріптеген. Мысалы, Тәтіқара жырау:

*Бөкейді айт, Сағыр менен Дулаттағы,
Деріпсәлі, Мандайды айт Қыпшақтағы
Өзге батыр қайтса да бір қайтпайтын
Сары менен Баянды Уақтағы.
Ағашта биікті айтсаң қарағайды айт,
Жігіттік, ерлікті айтсаң Бөгембайды айт,
Найзасының ұшына жау мінгізген
Еменәлі Керейде, ер Жабайды айт, – деп дәріптеген. [1]*

Келешек ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеудің ең тиімді жолы – жыраулар поэзиясы арқылы тәрбиелеу. Отаншылдық сезімі адамға табиғи түрде берілмейді, ол адамның саналы өмірі барысында қалыптасатын психологиялық, саяси-әлеуметтік процесс. Патриотизм – бұл адам баласының өз елінің тарихына, тілін, мәдениетін және ұлттық құндылықтарын терең құрметтеп, сүйіспеншілікпен қарауының көрінісі.

Асан қайғыдан (XV ғ.) бастап, Махамбетке (XIX ғ.) дейінгі қазақ халқының тарихы ұзақ уақыт бойы мемлекет болып қалыптасу, өркениетпен танысу, елдің бірлігі мен ынтымағының негізін қалау жолында маңызды кезеңдер болды. Осы тарихи кезеңдерде қазақ халқы ұлт болып бірігіп, тәуелсіздікке ұмтылуды мақсат еткен болатын. Бұл күресте жыраулардың поэзиясы маңызды роль атқарды, олар өз шығармаларында халықтың арман-тілегін, болашағына деген сенімін суреттеп, патриоттық сезімді дәріптеді.

Қазтуған жырау Сүйінішұлының шығармашылығында да бұл тақырып терең қозғалатындығын көреміз. Оның әйгілі «Алаң да алаң, алаң жұрт» толғауы бүгінгі күні де өзінің рухани маңыздылығын жоғалтпай, әр ұрпақты отанға, туған жерге деген сүйіспеншілікке баулып келеді. Ол елін, жерін, халықтың ерлігі мен бірлігін мадақтап, патриоттық рухты көтерді. Әсіресе оның бұл толғауының сөздерінде терең символикалық мағына жатыр:

*«Алаң да алаң, алаң жұрт,
Ақ ала ордам қонған жұрт.
Атамыз біздің бұл Сүйініш,
Күйеу болып түскен жұрт.
Анамыз біздің Бозтуған,
Келіншек болып түскен жұрт.
Қарғадай мынау Қазтуған батыр туған жұрт...
Салп-салпыншақ анау үш өзен,
Сәулетті менің ордам қонған жер...
Менен қалған мынау Еділ жұрт.» [2]*

Бұл өлеңде Қазтуған жырау өзінің туған жеріне деген құрметін, оның батырларын, жерінің кеңдігін дәріптеп, ұрпақтарына ұлттық құндылықтар мен патриоттық рухты ұрпақтан ұрпаққа жеткізуге шақырады. Жыраудың сөздері қазіргі заманымызда да өз мәнін жоймай, жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеудің маңызды құралы болып табылады.

Доспамбет жырау – қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар ноғайлының белгілі жырауы. Оның шығармалары арқылы жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеудің мәні мен маңызын терең түсінуге болады. Доспамбет жыраудың шығармалары – тек қарапайым жыр ғана емес, халықтың рухын оятқан, ұлттық патриотизмді, ерлік пен елдікті ұлықтаған құнды мұра. Ол өмірінің көп бөлігін жаугершілік жорықтарда өткізіп, өз шығармаларында Отанды қорғаудың маңыздылығын дәріптеген. Жырау елін сүйетін, ұлты үшін күресуге дайын патриоттық тұлғаның бейнесін жасады, сол арқылы жастарға үлгі бола білді. Жыраудың:

*"Еділдің бойын ел жайлап,
Шалғынына бие біз байлап,
Орындықтай қара сабадан
Боз баламен күліп-ойнап,*

Қымыз ішер күн қайда?!" – деген жыр жолдары арқылы туған жерге деген шексіз махаббаты мен бейбіт өмірге деген сағынышын жеткізеді. [3] Бұл шумақтар тек өткен өмірді аңсау емес, сонымен қатар жастарды ата-баба мекенін сақтап қалуға, сол жерге сүйіспеншілікпен қарауға шақырады. Сонымен қатар, Доспамбет жырларының бір ерекшелігі – ол халықты ерлікке, күреске үндейді. Оның:

*"Арғымаққа оқ тиді,
Қыл мықынның түбінен
Аймедетке оқ тиді,*

Отыз екі омыртқаның буынынан..." деген толғау жолдарында жырау өзінің отаны үшін қаншалықты қатерге барғанын, жаумен бетпе-бет келген сәттерін бейнелеп, ұрпаққа батырлық пен қаһармандықтың үлгісін көрсетеді. [4]

Доспамбеттің "Толғамалы ақ балта, толғап ұстар күн қайда?" деген сұрағы халыққа қауіп төнгенде қару ұстап, елін қорғаудың қадірін ұқтырса, "Кет-Бұға дат билерден, кеңес сұрар күн қайда?" деген өлең жолдары жастарды өз тегін, елінің тарихын білуге, алдыңғы толқынның батырлығы мен парасатынан өнеге алуға шақырады. Доспамбет жырау бейбіт өмірді қадірлеу қажеттілігін атап көрсетсе де, ең бастысы, сол бейбіт күндерді сақтау үшін күрескерлік рухтың маңыздылығын жастарға түсіндіреді.

Шалкиіз Тіленшіұлы да қазақ поэзиясының негізін қалаушылардың бірі ретінде патриоттық тақырыпты көтеріп, халықты ерлікке, батылдыққа жігерлендірді. Оның жырларында ел мен жерді қорғау идеялары терең жырланып, халықты азат ету мақсаттары көрініс табады. Оның жырлары адамгершілік қағидаларды дәріптейтін, даналыққа толы өсиеттерге бай. Әрбір өлең жолы жақсылыққа, әділеттікке, сабырлылыққа және парасаттылыққа үндейді. Шалкиіздің негізгі мақсаты – адамды дұрыс жолға бағыттап, қоғамда жағымды қасиеттерді қалыптастыру. Шалкиіз жыраудың:

*"Ғаділ төре ел бастар,
Шешен адам сөз бастар,
Аға жігіт ел бастар,*

Шешен адам сөз бастар" – деген толғауы ер адамның ерлікпен, әділдікпен,

шешендікпен ерекшеленуі қажет екенін көрсетеді.[5] Бұл жырлар жастарды батырлық пен ел үшін күреске шақырады. Әрбір адам өз орнында ерлік танытуға, елдің болашағы үшін қызмет етуге тиіс деген ойды ұғындырады.

Шалкиіз жырау – әділдік пен адамгершілік үлгісін насихаттаушы ақын. Ол өзінің жырларында жастарға өмірлік өнегелі өсиеттер қалдырып, ұлтты тату-тәтті өмірге, ынтымаққа шақырады. Оның шығармалары жастарға дұрыс бағыт көрсетіп, елге деген сүйіспеншілік пен адалдыққа тәрбиелейді.

XVII ғасырда өмір сүрген және жыраулық поэзияда айрықша із қалдырған тұлғаларның бірі – Марғасқа жырау. Ол Есім ханның жорықтарына қатысып, оның қасындағы жырау ретінде сарбаздардың рухын көтерген. Бізге жеткен жалғыз толғауынан-ақ оның халық алдындағы батырлық және әділдік ұғымдарын дәріптейтінін көреміз. Жырау өз толғауында сатқын Тұрсын ханға қарсы наразылық білдіріп, әділдік пен ел мүддесі үшін күресте батылдық танытқан. Марғасқа жыраудың:

"Ей, Қатаганның хан Тұрсын,

Кім арамды ант ұрсын.

Жазықсыз ерді еңіретіп,

Жер тәңірсіп жатырсың" деген сөздері елдің бірлігіне зиян келтірген сатқындықты айыптайды.[6] Жырау Тұрсын ханды "қара албасты" және "ажалы жеткен пақыр" деп

суреттеп, оның әділетсіздігі мен халықтың алдындағы күнәсін әшкерелейді. Бұл жырда жырау тек қана өз көзқарасын емес, бүкіл халықтың әділдікке деген талабын жеткізіп отыр.

Марғасқа жыраудың толғауы жастарға патриотизмнің маңызын ұқтырып, адалдық пен елге деген сүйіспеншілікке тәрбиелейді. Есім ханды "еңсегей бойлы ер" деп дәріптеуі арқылы жырау халық үшін күресетін нағыз көшбасшының үлгісін көрсетеді. Бұл толғау сол кездегі қоғамдық құндылықтарды бейнелеп қана қоймай, кейінгі ұрпаққа ел бірлігі мен адалдықтың мәңгілік құндылық екенін еске салады.

Абылай хан дәуірі – қазақ халқының жауынгерлік рухы мен ерлігі көрінген уақыт болып саналады. Сол кезеңде Бұхар, Тәтіқара, Үмбетей сияқты жыраулар елдің бірігуі мен тәуелсіздігі жолында қызмет етті. Олар өз шығармалары арқылы қазақ халқын патриотизмге, батырлыққа, ел қорғауға үндеп, халықтың бойына ұлтжандылықты сіңірді. Шоқан Уәлиханов Абылай хан дәуірін "қазақтың ерлігі мен серілігінің ғасыры" деп бағалағаны да сол себептен.

Жоңғар шапқыншылығы кезінде жыраулар елдің намысын қайрап, ерлікті, батырлықты дәріптеген. Бұхар жырау, мысалы, ер азаматтардың ел қорғау жауапкершілігін былайша сипаттайды:

"Ер жігітке жарасар

Қолына алған найзасы,

Би жігітке жарасар

Халқына тиген пайдасы."[7]

Бұл өлең жолдары арқылы жырау ерлерді ел қорғауға, ал биліктегі азаматтарды халық игілігі үшін қызмет етуге шақырады. Ақтамберді жырау да жауынгерлік рухты дәріптейді:

"Жауға шаптым ту байлап,

Шепті бұздым айқайлап.

Дұшпаннан көрген қорлықтан,

Жалынды жүрек, қан қайнап,

Ел-жұртымды қорғайлап,

Өлімге жүрміз бас байлап." [8]

Бұл өлеңдерде жауға деген ашу, елге деген адалдық пен қайсарлық анық көрініс тапқан. Жыраулар халықты бірігуге, бірлікке шақырып, елдің болашағы мен тәуелсіздігі жолында күреске үндеді.

Бұхар жырау қазақ батырларының ерлігін дәріптеп, олардың ел қорғау жолындағы рөлін айқын бейнелейді. Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақұлы Жәнібек

сияқты батырларды ол қазақтың ар-намысын қорғайтын тұлғалар ретінде жырлады. Абылай ханның ерлігін жырлай келе, жырау былай дейді:

*"Қалмақты қашырдың,
Алатаудан асырдың.
Қазаққа жер кеңейттің,
Дұшпаныңды кеміттің."*[9]

Бұл жолдар Абылай ханның көсемдік қасиетін, батырлығын және елге тыныштық пен кеңістік сыйлаған тұлға ретіндегі рөлін дәріптейді. Жыраулардың поэзиясы арқылы батырлық пен ұлттық рух ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, қазақ халқының ерлігі мен тәуелсіздік жолындағы күрес рухын сақтауға ықпал етті.

Көтеш Райымбекұлының өлеңдері қазақ халқының ерлігін, батырлық рухын дәріптеумен қатар, елінің қорғаушысы болған батырларды ардақтайды. Көтештің шығармашылығында ел үшін күрескен батырлардың есімі мәңгілік сақталады, олардың атын ұрпақтар ұмытпайды деп баяндалады. Көтеш Райымбекұлының өлеңі: Жасыбай батырдың өліміне арналған жыр:

*Сен өлдің алтын бесік елің үшін,
Құрбан боп ел-анаға өмір, күшің.
Ер өлер, ел өлмейді, ер туғызған,
Сақталар ел аузында ерлік ісің.
Батырға ауырып өлу емес мұрат,
Пайдасыз ұзақ өмір, кәрілік сұрап.
Ер туып, елі үшін құрбан болса,
Аты өлмес, мәңгі сәнбес гауһар шырақ.
Бүгін бар, ертең өлік өмір шолақ,
Туған жан ажал күтер, күнін санап.
Сақтаса ел қадірін, ердің атын,
Дүниеге келудегі мақсат сол-ақ.
Батырлар арды сақта, еліңді сүй,
Ел үшін аязға тоң, жалынға күй.
Жіберме ердің арын, ел намысын,
Елің үшін қаныңды төк, жаныңды қи.*[10]

Келтірілген жоқтау жолдары нағыз елін, жерін сүйген ер-азаматтың асыл қасиеттерін дәріптейді. Дүниенің өткіншілігін, бай мен батырдың да бір күні өлетінін, өлімнің ешкімнен қашып құтылмайтынын айта отырып, бірақ ел үшін атқарған еңбектің босқа кетпейтінін, халық оны мәңгілікке қадірлеп, есте сақтайтынын жеткізеді. Ер боп туған ұлдың елді қорғап, сол жолда жанын пида етуі оның парызы болып, кейінгі ұрпаққа үлгі болатынын көрсетеді.

Көтеш Райымбекұлының жырларында батырдың қазасы туралы айтылып қана қоймай, оның ел үшін жасаған ерліктерінің құндылығы, ұрпақтарға үлгі ретінде көрсетіледі. Оның шығармалары қазақ қоғамындағы батырлық пен ерлік, адалдық пен әділдік құндылықтарын дәріптеген. Ел үшін құрбан болған ердің аты ешқашан ұмытылмайтынын, олар халықтың жүрегінде мәңгілікке сақталатынын айқындайды.

Ақтамберді жырау бастаған жыраулық поэзия қазақ халқының ұлттық рухын асқақтатып, отансүйгіштік сезімдерін оятуда ерекше рөл атқарды. Ақтамберді жырларында туған жер мен елге деген сүйіспеншілік басты идея ретінде көтеріліп, еркіндік пен ұлттық намысты қорғау әр азаматтың қасиетті борышы ретінде сипатталады. Жырау өзінің отты поэзиясы арқылы халықты азаттық жолындағы күреске ынталандырып, елін, жерін қорғауға үндейді. Бұл шығармаларының патриоттық тәрбиенің қайнар көзі ретінде жоғары бағалануына негіз болып отыр.

XVIII ғасырда өмір сүрген Тәтіқара ақын да патриоттық тәрбиені ұлықтап, өлеңдерінде халықтың жүрегіне жол табар терең ойлар ұсына білді. Ақынның өлеңдеріндегі теңеулер мен салыстырулар отансүйгіштікке, ұлттық сана мен адамгершілікке баулу идеясын күшейтеді. Тәтіқара шығармалары қазақ халқының бірлігін, болашағына деген сенімін нығайтатын

құндылықтарға толы. Оның туындылары арқылы оқырмандарға отансүйгіштік сезімді қалыптастырып, ұлттық сананы ояту мақсаттары айқындалады.

Үмбетей жырау өз заманындағы елінің еркіндігі мен болашағы үшін жырлаған ақындардың бірі болды. Оның өлеңдеріндегі патриоттық тақырыптар халықтың ұлттық бірлігін сақтау мен азаттыққа ұмтылу идеяларын айқын көрсетеді. Жырау шығармашылығында халық тұрмысы мен дүниетанымы көрініс тауып, ұлт рухын ояту жолында үлкен қызмет атқарады.

Қобылан Бәрібайұлы – қазақ әдебиетінің жарық жұлдыздарының бірі, өз заманының басты тұлғаларының бірі болып, патриоттық рухтағы туындыларымен елдіктің, ерліктің жоғары үлгісін көрсеткен ақын. Қобылан өзінің шығармаларында ел басына қиын-қыстау күндер туған шақта батырлар ерлігін дәріптеп, жастарға үлгі-өнеге ретінде қалдырған. Оның жырларында әсіресе Арқаны қалмақтардан азат еткен батырлардың ерлігі ерекше орын алады. Ақын өзінің өлеңдерінде осындай батырлар – Баян, Олжабай, Мейрам сияқты есімдерімен ұрпақтар бойына батырлықты, ел қорғауды дәріптеп, халық қаһармандығын жырлаған.

Қобылан батырлар ерлігін көрсеткенде, олардың тек жеке тұлғаларының емес, сол ерлікті туғызған халықтың асыл қасиеттерінің, елдің рухының көрінісін ерекше атап өтеді. Мейрам батырдың ерлігі туралы айтқанда, ақын:

*"Мейрамды кім білмейді арғындағы,
Орта жүз әулетінің арғымағы.
Елінде қазағымның алтын орда,
Қадырдың қайнап шыққан балбұлағы."*[11]

Бұл өлең жолдары арқылы ақын Мейрам батырдың елінің мақтанышы екенін, оның ұрпақтары мен ерліктері халқына қаншалықты құрметті екенін көрсетеді. Мейрамның есімі ел арасында кеңінен танылған әрі құрметтелген батырлар қатарына жатады. Қобылан батырлардың ерлігін тек батыр ретінде емес, халықтың қасиеттерін, ұлттық рухын асқақтатқан тұлға ретінде жырлайды.

XIX ғасырдың алғашқы жартысында патшалық Ресейдің қазақ жеріндегі отарлау саясаты күшейіп, халықтың әлеуметтік жағдайы ауырлай түсті. Қазақ халқы жерінен айрылып, малынан айырылып, көптеген қиындықтарға тап болды. Жергілікті билеушілер мен орыс әкімшілігінің әділетсіздігі, ауыр салықтар мен жерді тартып алу сияқты қиянаттар халықты ашындырды. Осы кезеңде ел ішінде наразылық күшейіп, азаттық пен әділеттілікті аңсау рухы өршіп, ұлт-азаттық көтерілістер басталды.

Осындай күрделі заманда Махамбет Өтемісұлы мен Исатай Тайманұлы бастаған көтеріліс халықтың азаттыққа ұмтылған күресінің бір көрінісі болды. Махамбет жырау елдің ауыр тұрмысын, әділетсіздікке деген қарсылығын жырларында шынайы суреттеді. Ол қарапайым халықтың басындағы ауыр жағдайды көрсетіп, бай-шонжарлардың әділетсіздігін әшкереледі. Махамбеттің жырлары халықты ерлікке, бірлікке шақырып, елдің патриоттық сезімін оятты. Оның жырлары күреске дем беріп, халықты рухани тұрғыда қолдады.

Махамбет Өтемісұлының жырлары — халықты отаршылдыққа қарсы күреске шақырған отты үндеулер. Оның шығармалары арқылы отансүйгіштік пен патриотизмнің қаншалықты маңызды болғанын көреміз. Ол еліне деген шексіз махаббаты мен намысы, әділдік үшін күреске деген ұмтылысын жырларында ашық көрсетті. Оның мына өлең жолдары сол кездегі ахуалды анық сипаттайды:

*"Еділ үшін егестік,
Жайық үшін жандастық,
Қизаш үшін қырылдық,
Тептер үшін тебістік,
Теңдікті, малды бермедік,
Теңдіксіз малға көнбедік."*[12]

Бұл жыр жолдарында халықтың елі мен жері үшін қандай қиындықтарға қарсы тұрғаны бейнеленген. Махамбет өз шығармаларында әр қазақ баласының елін қорғауға міндетті екенін, ал әділетсіздікке қарсы күрес — ер адамның парызы екенін көрсеткен.

Сол кездегі ауыр жағдайды сипаттап, халықтың басына түскен қиындықтарды түсіне отырып, Махамбет отансүйгіштік сезімін оятып, адамдарды патша билігіне қарсы шығуға үндеді. Жауға қарсы күрес тек отансүйгіштік арқылы жүзеге асатынын түсінген Махамбет елге қызмет ету – ер адамның қасиетті борышы деп есептеді.

*"Мен, мен едім, мен едім,
Мен Нарында жүргенде,
Еңіреп жүрген ер едім...
Ерлігімді сатпадым,
Езге басымды таптампадым!"*[13]

Бұл өлең жолдарында Махамбет өз ұстанымын анық жеткізіп, ешқандай әділетсіздікке көнбей, басын төмендетпегенін, ел үшін жан аямай күрескенін айтады. Махамбеттің жырлары сол кездегі қазақ жастарын отансүйгіштік пен ерлікке, ел мен жерді қорғауға шақырды. Осы арқылы қазақ халқының жыраулары патриотизмді оятып, ұлттық рухты нығайтуға үлкен үлес қосты.

Қорыта айтқанда, жыраулар поэзиясы — халқымыздың асыл мұрасы және отансүйгіштік рухты қалыптастыратын баға жетпес құрал. Олардың жырлары арқылы қазақ халқының елін сүйуге, намысты қорғауға, өз жеріне адал болуға деген ұмтылысы сан ғасырлық рухани қазына ретінде бүгінгі ұрпаққа жетіп отыр. Бұл мұра еліміз үшін ғана емес, жаһандық қауымдастықтың мәдениетінде де ерекше орынға ие, себебі онда халықтың рухы, ұлттық бірегейлік пен тәуелсіздікке деген асқақ талпыныс жырланған.

Бүгінгі күні жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу — ел болашағының кепілі. Қазіргі заманғы технологиялар мен ақпараттың жылдам таралуы мәдениеттердің араласуына жағдай жасаса да, әрбір ұлттың өзіндік ерекшелігін сақтауы маңызды. Жыраулардың толғаулары елдің тәуелсіздігі мен бірлігін жырлап, кейінгі ұрпақты рухани байытуға септігін тигізеді. Бұл жырлардан біз ел қорғаудың қасиетті борыш екенін, Отанға деген адалдықтың әр қазақтың басты құндылығы екенін ұғынамыз.

Сонымен бірге, жыраулар шығармаларындағы ерлік пен патриотизм ұғымдары бүгінгі ұрпаққа рухани бағдар береді. Олардың отаншылдыққа шақырған үндеулері — бейбітшілік пен тұрақтылықты қастерлеуге, өз ұлтының құндылықтарын қадірлеуге үйрететін маңызды сабақ. Жырларда көрініс тапқан ерлік пен бірлікке шақыруы қазіргі Тәуелсіз Қазақстанның ұлтжанды азаматтарын тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады. Олардың жырлары халықтың бірлігін, елін қорғауға деген адалдығын мадақтап, бүгінгі жас ұрпақты Отан үшін еңбек етуге шақырады.

Қорыта келгенде, жыраулар мұрасы бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанда ұлттық рухты, елдік пен ерлікті тәрбиелеудің маңызды негіздерінің бірі болып қала бермек. Олардың асқақ рухтағы жырлары жас ұрпақтың санасына патриотизмді сіңіріп, елдің болашағы үшін аянбай еңбек етуге жігер береді. Жыраулардың елдік пен бірлікке үндеген өсиеттері келешек ұрпаққа аманат болып қала бермек, өйткені олар — ұлттық сананы қалыптастыратын сарқылмас қазына.

Әдебиеттер тізімі

1. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. Алматы «Санат»: 1997 – 928 бет
2. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том. Алматы: «Атамұра», 2002. – 768 бет
3. Нүрпейіс К. Тарихи тұлғалар. Алматы. “Алматыкітап баспасы”, 2007 – 375 бет
4. М.Мағауин, М.Байділдаев. Бес ғасыр жырлайды: Екі томдық. 1-том Алматы: «Жазушы»: 1989 – 384 бет
5. Дәрібайұлы С. Ақын-жыраулардың шығармашылық тұлға ретінде қалыптасуы және орындаушылық дәстүр. Алматы: «Қазақ университеті», 2017. – 64 бет
6. Дүйсенбайұлы Е. Жеті ғасыр жырлайды. Екі томдық. 1-том. Алматы: «Жазушы»:

7. 2008. – 400 бет
8. Досмұхамедұлы Х. Исатай – Махамбет. Алматы: 1991 ж. – 256 бет
9. Дүйсенбайұлы Е. Батырлар жыры 7-том. Алматы: «Жазушы» 2008. – 288 б
10. Кәкішұлы Т. Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. Алматы «Қазақ университеті» 2001. – 467 бет
11. Исмайлов О. Бабалар сөзі – даналық сөзі. Алматы: «Білім» 1996 ж – 186 бет
12. Байділдаев М. Мағауин М. Бес ғасыр жырлайды. Алматы «Жазушы» 1984 ж – 336 бет

УДК 94(574), 37.017.3

ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ «МАМАНИЯ» МЕКТЕБІ ТУРАЛЫ ШҚІРЛЕРІ

Каттабаева Д.,

1 курс, стоматология

Ғылыми жетекшісі: Сатыбалдина М.Б., аға оқытушы,

«Астана медицина университеті» КеАҚ

Астана қ., Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада автор “Мамания” мектебінің шығу тарихы, Маман әулеті туралы, Мамания мектебінің салынуы, алғашқы шәкірттері мен ұстаздары туралы ақпаратпен бөліседі. 2024 жылы Мамания мектебіне – 125 жыл толғалы отыр. Мамания мектебінің түлегі құлагер ақын Ілияс Жансүгіровтың 130 жылдық мерейтойы туарлы ақпарат тақырыбымыздың өзектілігін ашып тұр. Мамания мектебінің қазақ даласында білім беру үрдісіне әкелген өзгерістері мен ашылу тарихы, мектепте сабақтың үйрену тілі туралы мәлімет беріледі. Үшжылдық медреседе білім алған 102 шәкірт туралы мәлімет толық сипатталған. Осы мектептің шәкірттерінің естеліктерімен де мақалада үзінді келтірілген.

Түйінді сөздер: Мамания мектебі, Жадит мектебі, «Ғалия» медресесі, Шабудания, Маман - Тұрысбек ұрпақтары.

Аннотация. В этой статье автор делится информацией об истории происхождения школы “Мамания”, о династии специалистов, о строительстве школы Мамания, о первых учениках и учителях. В 2024 году школе Мамания исполняется 125 лет. 130-летний юбилей выпускника маманийской школы Кулагера акына Ильяса Жансугурова раскрывает актуальность нашей темы. История открытия и изменения, которые привели к образовательному процессу в казахской степи школы Мамания, язык изучения уроков в школе. Подробно описаны сведения о 102 учениках, получивших трехлетнее образование в медресе. Также с воспоминаниями учеников этой школы в статье приводится отрывок.

Ключевые слова: школа Мамания, школа Жадит, медресе «Ғалия», Шабдания, Маман - потомки Турысбека.

Annotation. In this article, the author shares information about the history of the origin of the Mamania school, about the Mamania dynasty, about the construction of the Mamania school, about the first students and teachers. 2024 marks the 125th anniversary of the Mamania school. The 130th anniversary of the kulager poet Ilyas Zhansugurov, a graduate of the Maman School, reveals the relevance of our topic of information. Information about the changes and the history of the opening of the mamaniya school in the Kazakh steppe, the language of learning of lessons at the school is given. The information about 102 students who studied at the triennial Madrasah is described in detail. Even with the memoirs of the students of this school, an excerpt is given in the article.

Keywords: Mamania school, Zhadit school, madrasa "Galiya", Shavdania, Maman - Turysbek descendants.

Жұмыстың өзектілігі. Биыл атақты Мамания мектебіне – 125 жыл толғалы отыр. Бұл дата құлагер ақын Ілияс Жансүгіровтың 130 жылдық мерейтойымен тұспа - тұс келіп тұр. Бірақ қынжылтатыны Маман құттың ұрпақтары көтерген білім ордасы бүгінде жекеменшікке өтіп кеткен. Яки, бір шопанның мал жаятын жайылымына айналған. Кезінде қазақтың руханиятының темірқазығына айналған Ілияс Жансүгіров, Біләл Сүлеев, әнші Майра секілді алыптар шөлін қандырған Жетісу өңіріндегі алғашқы білім беру орталықтарының бірі - Мамания мектебі еш жерде еленбей жатыр.

Сенатор Бақытжан Жұмағұлов еліміздің Премьер-Министрінің орынбасары Ералы Тоғжановтың атына жолдаған депутаттық сауалында «Мамания» мектеп-медресесін қалпына келтіру қажеттілігі туралы мәселені көтерді. Сенатордың айтуынша, «Мамания» — Жетісу өңіріндегі алғашқы білім беру орталықтарының бірі. Мектеп-медресе сонау 1899 жылы ашылған, бүгінгі таңда оның тек іргесі ғана қалған. Бұл ретте, Мамания мектебін қайта қалпына келтіру жастарды патриотизмге, ұлттық руханиятты сүйеге ықпал ететін игі іс болады деп ойлаймын», — деп атап өтті Бақытжан Жұмағұлов.

“Медресе мамания” Қазақстанда қазіргі Алматы облысы Ақсу ауданының Қарағаш деген жерінде 20 ғасырдың басында жұмыс істеп, қазақ баласына алғаш әліппе үйреткен мектеп. Жетісудың атақты байы Маман балалары Тұрысбек, Сейітбаттал және Есенқұл қажылар 1899 жылы ұйымдастырып, 1903 — 1904 жылы салып бітірген.

Маман құттың ұлы Тұрысбек екі мәрте қажылыққа барып, Ақсуда 18 жыл болыстық қызмет атқарған. Ол қажылық сапарында әлемде болып жатқан игі жаңалықтарға куә болып, оқу - білімсіз елдің болашағы бұлыңғыр екеніне көз жеткізеді. "Мамания" жаңа әдісті мектебінің қалыптасуна қазақ қоғамы мұқтаж болды. Мұны Маман құтты ұрпақтары жақсы білді. Олар рухани ғана емес, саяси сауатты еді.

Өз бауырлары Сейітбаттал мен Есенқұлды, ұлдары Құдайберген, Тәңірберген, Имсайылды Семей, Омбы, Уфа қалаларында оқытып, халқына қызмет етуге баулиды.

Сабақ ана тілінде жүргізілді. Орыс тілі 4-сыныптан бастап жеке пән ретінде оқытылды. Мектепте діни сабақпен қатар жаңа пәндер (география, есеп, орыс тілі, ана тілі, т.б.) оқытылды. Онда дәріс берген мұғалімдердің қатарында қазақ зиялыларының көрнекті өкілінің бірі Ғ.Мұсағалиев болды. Мамания Мектебін бітірген қазақ жастары: Б.Сүлеев, М.Ермектасов, Ә.Жайшыбеков, қазақтың Құлагер ақыны атанған І.Жансүгіров — Мамания мектебінің түлектері. 1928 жылы қазақ байларын кәмпескелеу кезінде Маманның ұрпақтары жер аударылып, қуғын-сүргінге ұшырады. “Қарағаштағы” мектептің өртенбей қалған бөлігі жөнделіп, жетім балалардың төрт сыныптық мектеп-интернатына айналды. 1935 жылы оқу орны аудан орталығы Ақсуға көшіріліп, мектеп Ақсу орта мектебі деп аталды. 40-жылдардың басында Ы.Алтынсарин мектебі аталды.



Қазақ зиялыларының «Мамания» мектебі туралы пікірлері:

Е.К.Бендриков «Қазақстанда ашылған Жадит мектебінің ішіндегі ең тәуірінің бірі Жетісу облысы, Қапал уезіне қарасты «Қарағаш» деген жердегі 1899 жылы ашылған ағайынды Маман мен Тұрысбек қажының медресесі болды. Оны жұрт «Мамания» медресесі деп атаған. «Маманияда» оқу мерзімі 5 жыл болып белгілінді. 1913 жылы онда 102 шәкірт оқығаны белгілі. Сол кезде Маман бай бастамасын Қырғызстанда (ол да Жетісу облысына жататын) қолдаған адам белгілі манап Шабудан Жантаев болды. Ол 1908 жылы Шаршу деген жадит медресесін ашады. Оны қырғыз бауырлар құрметтеп «Шабудания» деп атап кетті» - дейді.[2]

Заң ғылымының докторы, профессор Қазақстан Республикасының ұлттық академиясының мүше-корреспонденті Сұлтан Сартаев былай деп жазған. «Өз басым Мамановтар әулетінің Жетісу аймағында қараңғы қазақ баласы үшін мектеп салып, кедей балаларын жатақханаға тұрғызып, оқытып, оның бәріне тек өз қаражаттарын ғана жұмсап, игілікті іс жасағанын кейінірек білдім. Шындығында бұл адам таңғаларлық іс-шара. Қарап отырсақ, бұл әулеттің меценаттық қызметі ХІХ ғасырдың соңында басталып, ХХ ғасырдың бас кезіне тұспа-тұс келген екен... Ақсу, Қапал аумағында Барлыбек, Тұрлыбек Сыртановтар, Жақып Ақбаев, Мұхамеджан Тынышбаев, Көлбай Тоғысов, Ғабдулғазиз Мұсағалиев, Отыншы Әлжанов сынды білімді азаматтардың бір ортаға тоғысуы да «Мамания» мектебінің дүниеге келуі әсер еткен сияқты... Бұл мектеп қараңғы түкпірде халықтың қолына адаспас үшін шырақ ұстатқанмен пара-пар еді» [3]

Сол кездегі белгілі қоғам қайраткері Жақып Ақбаев былай дейді: «Марқұм Маманов Тұрысбек қажы қазақтар арасында асқан данышпан адам деп саналған еді. Көзі тірі кезінде халықтан ешнәрсе аямаған. Ол өз ұлдары Құдайберген мен Тәңірбергеннің, інісі Есенқұлдың білім алуына қамқорлық жасап, оларды сауда жасайтын жақсы татар адамдарымен таныстырған, бұларды солар саудаға үйреткен. Марқұм сексенінші жылдарда осы тұңғыш мектебін ашқан. Осы бір ғажап адамның содан кейін қайтыс болғаны өкінішті-ақ, ол өзі әлі де көптеген ізгі істермен даңққа бөлер еді. Тұрысбек 18 жыл болыс боған, осы уақыт ішінде пара алмаған, өзгенің атын мінбеген, қазақтардың бірде-бір қойын жемеген, оларды зорлық-зомбылық жасап жылатпаған, халқын ақшаға сатпаған. Осының бәрі оған жұмақта еселеніп қайтқан...» [4]

Мектептің ашылу салтанатына шақырылған қадірменді қонақтардың бірі - белгілі ақын, әнші әрі композитор Әсеттің тарихи хаты да сол жылы жазылыпты. Хатта былай делінген: «Байқажы әулеті! Ел құлағы елу дегендей мен де Қарағаштағы істеліп жатқан

игілікті істерге қанықпын. Оның үстіне қадірлі қонақ ретінде шақырғандарыңызға мың да бір рахмет. Осы салтанатқа арнап үш шумақ өлең жіберіп отырмын. Аз болса да, көптей көріңіздер!» Уа, жаным құтты болсын медресең! Бек жақсы, жеміс ексең, теріп жесең! Немерем тәлім алып, тәрбие алып, Оқысы - өтелгені менің есем, Шіркін - ай ашылса ғой баяғыда, Көрдің бе өкіндіріп отырғанын. Кез келіп сүйенгенде таяғына, Дауысым естіле ме Шәуешектен Еңбегің өтеледі келешекпен Иллахи, кейінгі ұрпақ теріп жесін, Жемісін аталары егіп кеткен. Мұндай игілікті істер ешбір кедергісіз орындала қоймайтыны белгілі ғой! Алғашқы бір - екі жылда мектепте сабақ оқытатын мұғалімдер татар ағайындар болды. Кейін «Айқап» журналына, «Қазақ» газетіне мектепке білімді қазақ мұғалімдерін шақырған жарнамалар жарияланып, сол бойынша Семей, Батыс Қазақстан облыстарынан, басқа да жерлерден білімді қазақ мұғалімдері келіп, әр түрлі пәннен сабақ берді. Солардың алғашқысы болып Мұстақым Малдыбаев және атақты әнші Майра Уәлиқызы мектептің салтанатты ашылу рәсімі қарсаңында келді. [6]

«Мамания» мектебін алғашқы бітірген шәкірттерінің қазақ халқы үшін атқарған ісі, көтерген жүгі орасан көп және ауыр болды. Өйткені, кеңес үкіметі орнаған алғашқы күннен бастап олар халықты сауаттандыру саясатын бірінші орынға қойды. Шалғай жатқан ауылдарда, қыстақтарда ересектер үшін сауатсыздықты жою оқуларын ұйымдастырды. Жетісуда білім ордасы болып салынған «Мамания» мектебін бітіргендер әр жерде, әр түрлі қызметте қазақтың кең даласында бытырап жүрсе де, халық үшін, өздерінің болашағы үшін абыройлы іске кірісіп кетті.

Мысалы: **М. Еркінбаев** Қарасу, **Әлсейіт Бағримов** Суықсай, **Жұмабай Шығанбаев** Сағабүйен, **Т. Сұлтанов** Көкөзек, **Арын Құйқанов** Лепсі, **Ыбрайым Маманов** Шұбарағаш, **Нұрқасым Жетекбаев** Арасан ауыл елді мекендерде мектептер ашып, балаларды оқытқан. Кешкісін бір үйге ересек адамдарды жинап сауаттандыру сабақтарын жүргізген. Балалар оқитын мектеп үйі болмаса, біреудің үйін жалдап, әйтеуір не болмаса да оқытқан. Сондай - ақ онда **М. Тынышпаев**, **М. Ермектасов** және **Майра Уәлиқызының** жұбайы **Ғ. Ахметкереев** ұстаздық еткен. Ал шеттен келген мұғалімдер шартқа отырды, оларды пәтер, жалақымен қамтамасыз ету, Маман балаларының мойнына жүктелді. Мектепте «Ғалия» медресесінің үлгісімен барлық жаңа пәндер оқытылды. Мектепте осы аймақтағы барлық елдің оқу - білімге зарыққан көзі ашық, көңілі таза, талапты жастарына арналып салынған оқу орны еді. «Бай, кедей, малшы-жалшы болып іріктеу жоқ, тек талапкер жастарға ортақ мұра болды», - дейді Маман балалары.

Көзін ашқаннан кейін қозы соңынан жүрген малшы жалшының, кедей кепшіктің балаларымен өз балаларының партаға қатар отырып, бір мектепте оқуына кейбір кертартпа, сыңаржақ ру басшылары қарсылықты білдірген. Бірақ олардың ырқына Маман балалары көнбеген еді. «Мамания» медресесінде оқу мерзімі 5 жыл. Маман бай медресесінің қажетіне жылына 4000 сомға дейін қаржы жұмсап отырған. Соның нәтижесінде «Маманияда» оқу - тәрбие жұмыстарына қажетті кітаптар, оқулықтар, көрнекті құралдар жеткілікті болды. Медресенің көп бөлмелерден тұратын зәулім ағаш үйіне бұл маңда тең келетін ғимарат болмаған. Өкінішке орай, конфескенің кезінде шолақ белсенділер медресенің үйін, ондағы аса бай, әрі сирек кездесетін кітаптар мен оқулықтарды, көрнекті құралдарды түгелдей жойып жіберген. Тіпті, Маман байдың басына арналған мәрмәр құлпытасты алып кеткен. Қазіргі кезде Қарағашта осыдан 75 жыл бұрын қанатын кең жайып гүлденген рухани мұрадан көзге ілінетін ештеңе жоқ. Неткен бишаралық! «Мамания» медресесінде оқушыларға берілген білім дәрежесімен танысу үшін оның архивте сақталған оқу жоспарларын келтірейік:

Онда мынадай пәндер оқытылған:

1. Қазақ тілі (оқу, жазу) - 1 - ші кластан бастап оқытылады.
2. Есеп (арифметика) - 1 - ші кластан басталып оқытылады
3. Иман - шарт - 2 - ші кластан басталып оқытылады.
4. Құран - 2 - ші кластан басталып оқытылады.
5. Орыс тілі - 3 - кластан басталып оқытылады.

6. Пайғамбарлар тарихы - тек 3 - ші кластан басталып оқытылады.
7. Жағрапия - 3 - ші кластан басталып оқытылады.
8. Зоология - 4 - ші кластан басталып оқытылады.
9. Ислам діні тарихы - 5 - ші кластан басталып оқытылады.
10. Татар тарихы - 5 - ші кластан басталып оқытылады.
11. Хадис (Пайғамбарлар өсиеті) - 5 - ші кластан басталып оқытылды.

Орыс тілі мен есеп сабақтарын орыс оқытушылары оқытқан. Өйткені **Қапал уезінің бастығы Павлов**: «Орыс тілін қазақ оқытуға болмайды», - деп, орыс тілі мұғалімі **Айжарықов Айманбетті** қызметінен босатуға жарлық берген.[7]

Батыр ұстаз атанған Бұғытай Айсеркеновтің ұрпақтары атаның сандық түбінде сақтаған жәдігерлерін «Егемен Қазақстан» газетіне жарияланған мақаладан үзінді: . «Қарағаш мектебі 1909 жылдан бастап салынып, сол жылы біткен. Басқарып, салдыртқан ісмер Абдрахман деген кісі. Ақсу – Сарқаннан 30 шамалы орыс ісмерлері мен 30 қазақ жұмысшысы қатынасқан. Мектептің жобасын сызған: Сырттанов Барлыбек пен Байдрахман Зиһандаров. Мектепті салдырғандар: Сейітбатқал, Есенкүл, Тәңірберген, Айтмұхамет, Қожахмет, Сейдахмет. Мешіт салуға 16 мың сом жұмсалған. Мектепке бұл сомдан 2 есе артық ақша жұмсалған деп бағалайды. Сонда 30 мың сом болса керек. Сол күнде бір қой 3 сом екен. Сонда 10 мың шамасы қой жұмсалған. Мұғалімдер *Байдрахман Зиһандаров, Жақый Айманов, Ахметкерей Ғабитов, Назар Абдосов, Нұрмұхамет Ислямов, Құнанбай Басибаев* (орыс тілінен сабақ берген). Уфаға жіберіп оқытып мұғалім етіп шығарған, кейін Қарағашта мұғалім болғандар: *Білал Сүлеев* (дуаннан), *Мейірман Ермектасов, Аубақир Мамбетбаев, Бейсембай Кәдесов (Смайылов), Берікбол Қилыбаев, Мұстахан Малдыбаев пен әниі Майра* да сабақ берген. Майраның гармонмен өлең айтқаны жайлы да жазылған. Николай Назаров деген атаманның баласы Сарқаннан келіп, 1911-1915 жылдары орысша оқытқан. Мұхаметқали Есенгелдинов әйелі Фатима екеуі мұғалім болған. Фатима оқытумен қатар 40-50 қызға қол өнерін үйреткен. Бұлар Семейден шақырылған. Барлық шығынды Мамановтар төлеген. 7-8 мұғалім ұстау үшін бір жылға 400-500 сом ақша төлеп тұрған.

Сонда тек, мұғалімдерді ұстауға жылына 4900-5000 сом тұрған немесе 1600-1700 қой. Қарағашта 1918 жылы өлтірілгендер: Бейсембай Кедесов, Омар Кереев, Әріпжан Бегімбаев. Одан ары қарай «Қарағашта 1918-1920 жылдары оқу болған жоқ. Оқу 1921 жылы басталды. 1925-1928 жылы коммуна болды. 1928-1936 ШКМ, 1935 жылы ІХ айда орта мектеп болды. 1937 жылы Ақсуға көшіп келді. Нұрсейіт Жақыпов 1930-1944, 1948-1958 жылдар аралығында мұғалім болды», деп жазылған [9].

«Мамания» мектебінің мұғалімдері осы аймақтың оқу білімге сусап отырған жастарына өздерінің ұстаздық парызын ақтауда күш - қуатын, ақыл- парасатын аяған жоқ. Аздаған уақыттың ішінде мектептің абырой - атағы бүкіл өңірге жайылды. Бұл шәкірттерге білім берген ұстаздардың жемісі мектептің қалыптасуына, оқу - тәрбие жұмыстарының сапалы еді. Ұстаздар және жүйелі жүруіне, рухани баюына негіз салды.

«Мамания» мектебінің мұғалімдері:

1. Әбішев Назар - ұлты татар, 1909-1911 жылдары есептен берген.
2. Ғабитов Ахметгерей - ұлты татар, 1, 2 - кластарға сабақ берген.
3. Ислямов Нұрмұхаммед - ұлты татар, 1912-1914 жылдары 3-ші кластарға сабақ берген.
4. Батыршинов Ахметгерей - ұлты татар, 1913-1916 жылдары кластарды оқытқан. табиғаттану және жағрапиядан сабақ берген.
5. Жиһандаров Файызрахман - ұлты татар, есептен және физикадан сабақ берген.
6. Есенгельдин Мұхаметқали - тарих және жағрапиядан дәріс берген.
7. Есенгельдина Фатима - татар қызы, қыздарға қолөнерінен дәріс берген.
8. Мұсағалиев Ғабдолғазиз - Орал облысы, тарих және ана тілінен дәріс берген.
9. Молдыбаев Мұстақым - руы қаракесек, Семей облысы, есептен және физикадан

дәріс берген.

10. Прошунин - Сарқан қаласынан, орыс тілінен дәріс берген және тағы басқа.

Мамания мектебінен алғашқы ұшқан түлектері:

1. Сүлейұлы Біләл
2. Шайшыбекұлы Әубәкір
3. Жансүгірұлы Ілияс
4. Еркінбекұлы Мәкей
5. Сүлейменұлы Қали
6. Жақыпұлы Нұрсейіт
7. Сопакұлы Молдағали
8. Шәріпұлы Молдахмет
9. Арғынұлы Қали
10. Қалымбекұлы Әлібек
11. Ермектасұлы Мейірман
12. Байарыстанұлы Ерлан
13. Кедесұлы Бейсенбай
14. Қысықкөзұлы Құсмолда
15. Әлсейітұлы Тұрысбек
16. Жазылбекұлы Қожахмет
17. Көтекұлы Данабек
18. Басенұлы Құлахмет
19. Құрманбекұлы Әбісәғит
20. Омарұлы Рахым
21. Күйқанұлы Арын
22. Шығынбайұлы Жұмабай
23. Маманұлы Ыбрайым
24. Берсүгірұлы Сұлтанбек
25. Жетекбайұлы Нұрқасым
26. Абайұлы Шаяхмет
27. Нұрғалиұлы Мәжекен
28. Үркінбайұлы Егеубек
29. Балқанұлы Базарбек
30. Сүлейменұлы Әбдікен
31. Иманбекұлы Нұртаза
32. Түлеужанұлы Құсмолда
33. Төтенұлы Әбдікәрім
34. Құсмолдаұлы Баянда
35. Бағрамұлы Әлсейіт
36. Қақымжанұлы Қазыбай
37. Қалиұлы Серік
38. Сұлтанбекұлы Талап
39. Сейітмұхамбет Мұхаметжан
40. Омаркұлұлы Нұрғали [8]

ҚОРЫТЫНДЫ

Татар жұртының «Медресе Мұхаммадия» (Қазан), «Медресе Ғалия» (Уфа), «Медресе Хұсайыния», (Троицк) сияқты оқу орындарының үлгісінде қазақ даласындағы ұлттық ағартушылық ордасы болған Жетісу жеріндегі «Медресе Мамания» - Маман және оның ұрпақтарының есімдерінің өшпестік көрсеткіші болып табылады.

Мектептің кейінгі тарихы «Мамания» мектебі және оның іргесін қалаған Мамановтар әулетінің кейінгі тағдыры - қиыншылықтар, революциялық аласапыран, қуғын-сүргінге толы болды.

1918 жылы Қазақ революциясының ұшқыны Қапал, Шұбарағаш, уездерін де келіп жетті. Бай-манаптарды құртамыз деген дабылмен «Қарағаштағы» мектеп, мешіт үйлері өртелді. Қызыл империяның құйтырқы саясатының кесірінен Маман балаларының соңынан қуғын түсіп, бай ретінде түрмелерге жабылып, бай ретінде жойылып кеткеніне тарих куә. Маман балалары бір күнде Қытай жеріне ауып кетті.

Тек бір-екі немерелері құм астына тығылып, Қытай жеріне асуға үлгермей қалды. Олардың есімдері бізге бей мәлім болған. Зерттеу барысында Тұрысбектің немересі Тұрысбекова Еңліктің ҚР Нұр-Сұлтан қаласында тұрып жатқаны анықталды.

1917-24 жылдары революциялық толқуларға байланысты, «Мамания» мектебі жабылған. Кейін жергілікті өкімет «Қарағаштағы» мектептің өртенбей қалған, күйген кірпіштен қалаған қабырғаларын жөндеп Жансүгіров мұражайын мектеп қалдықтарынан салған.

1999 жылдың 22-тамызында Республикалық ономастикалық комиссия Алматы облысы, Ақсу ауданы Ақсу ауылындағы Ыбырай Алтынсарин мектебіне «Мамания» мектебі деген атын қайтарып беру туралы шешім шығарды. Сөйтіп, әділет туын тікті. 1999 жылы «Мамания» мектебінің алғашқы қоңырауы соғылып, алғашқы шәкірттері партаға отырғызылды. Қазір «Мамания» мектебінің тұрағы Ілияс Жансүгіров кентімен ескі Ақсу ауылының ортасындағы Ежен төбесінің құбыла бетіндегі ойпанда жатыр. Жол бойына қараған адам қалың ағашты аумақты мекенді бірден байқайды. Егілген ағаштарды бір кездерде «Мамания» мектебінің түлектері еккенін біреу білсе, біреу біле бермес. Өкініштісі, мектеп салынған жерде қазір «Жаңақоғам» кеңшар қой фермасының екі отар малы мекендейді. Мына нарық қысқан шақта отын орнына шауып тастаған ағаштарды көріп күйінерің анық. Осыдан 5-6 жыл бұрын бұл жерде ас беріліп, Маман ұрпағы жатқан жер қоршалып, ескерткіш тас орнатылды. Бұл мекен - кешегі қараңғы қарапайым қазақтың қамын ойлап, сауатын ашып, болашағына үміт шоғын үрлеткен, талай балапанын қанаттандырып ұшырған алтын ұя. Көркем кең жазиралы Жетісу өлкесінде озық ойлы, адамгершілік әрі ұлтжандылық қасиеттері мен еліне зор қамқорлық жасаған Маман Тұрысбектердің азаматтық бейнелері, өнегелі істері туралы әркім үздік - үздік өз білгенін айтып, жазып жүр. Алайда толықтай зерттеліп, шын мәніндегі лайықты бағасын алмай келеді.

Менің ұсыныстарым:

1. «Мамания» мектеп-медресесін қалпына келтіру;
2. «Мамания» — Жетісу өңіріндегі алғашқы білім беру орталықтарының бірі ретінде дәріптеліп, тарих оқулықтарына енгізу;
3. Маман Қалқабайұлының ұрпақтарына арнап «Мамания мектеп медресесін қайта қалпына келтіріп, мемориалдық үйге, әрі тарихи этнографиялық музейге айналдыру;
4. Ілияс Жансүгіров оқыған мектеп ретінде дәріптеу;
5. Ұлы тұлғаларына арналған шәкірттер аллеясын жасау;
6. “Мамания” мектебінің тарихы жайлы тарихи бейне фильмдер түсіріліп абыройын асқақтау.

Әдебиеттер тізімі

- 1.«Қазақ» газеті 1913 жыл. №37,8 желтоқсан // «Қазақ энциклопедиясынан», 70 бет / 2. Бендриков. Түркістандағы халықаралық ағарту 1918-1919 жж. "кеңестік педагогика" 1956, №12, б. 37
3. Шапағатты шырақ кітабы
4. «Айқап» журналында, 1913 ж №7 12-15 б.
5. Омар У. Қазақстандағы ағарту ісі және патша өкіметінің отарлау саясаты. 1997 ж. 38 б.
6. Қазақ Республикасының Орталық тарихы мұрағаты. 90-ф, 1-тізім, 373-іс, 14-15 бет
7. Орыс тілі мен есеп сабақтарын орыс оқытушылар оқытқан). (Қазақ Республикасының Орталық тарихы мұрағаты. 90-ф, 1-тізім, 373-іс, 14-15 бет
8. Руслан Ақмағанбет. Құт. Байлық танымы және қазақ байлары. "BRK Press" баспасы. Алматы. 2019 ж.
9. <https://egemen.kz/article/332089-mamaniya-mektebi>
10. Исламгазина Г.Х. «Начиная с истоков...» Посвящаю свою статью памяти Маманова Медета Еженовича. Орталық мемлекеттік ғылыми – техникалық құжаттама архиві.

ӘӨЖ: 130.2 (045)

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МӘДЕНИ, ТІЛДІК ЖӘНЕ ДІНИ ДИАЛОГТЫҢ ҚОҒАМДЫ БІРІКТІРУ ЖОЛЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Сайлаубек Д.Ф.,

2 курс студенті,

e-mail: d.sailaubek@atu.edu.kz.

Ғылыми жетекшісі: Қамырова Г.А.,

с.ғ.к., ассистент-профессор,

Алматы технологиялық университеті,

Алматы қ., Қазақстан

e-mail: kamyrovazhana@mail.ru

Андатпа. Мақала Қазақстан Республикасындағы мәдениетаралық, тілдік және дінаралық диалогтың теориялық және практикалық аспектілеріне арналған. Мақалада көпұлтты Қазақстанның өзекті тақырыбы, яғни, мәдениетаралық түсіністікті, діни төзімділікті және тілдік әртүрлілікті құрметтеуді талап ететін әртүрлі халықтар мен ұлттар арасындағы өзара әрекеттестік үдерісі қарастырылады.

Мақала Қазақстандағы мәдениетаралық, дінаралық және тілдік диалогтың тарихи, саяси және әлеуметтік аспектілерін қарастырады. Қазақстанның көпұлтты және көпдінді қоғамында тұрақтылық пен бейбітшілік сақтауға бағытталған мемлекеттік саясаттың негізгі нәтижелері талданады. Мақалада Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметі, Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі, этномәдени орталықтардың рөлі мен мемлекеттік тіл саясатының ықпалы зерттелген. Сонымен қатар, Конституцияның тиісті нормалары негізінде елдегі этносаралық келісімнің құқықтық негіздері көрсетіліп, халықаралық аренадағы Қазақстанның беделі талқыланады. Мақалада еліміздің мәдениетаралық келісім үлгісі ретінде жаһандық бейбітшілікке қосқан үлесі де сипатталған.

Түйін сөздер: мәдениет, дінаралық диалог, көпұлттылық, көпконфессияналдық, көптілділік, толеранттылық, бірлік.

Аннотация. Статья посвящена теоретическим и практическим аспектам межкультурного, языкового и межрелигиозного диалога в Республике Казахстан. Рассматривается актуальная тема многонационального Казахстана, процесс взаимодействия разных народов и нации которые требуют межкультурное понимание, межрелигиозное

терпение и уважения языкового многообразия.

В статье рассматриваются исторические, политические и социальные аспекты межкультурного, межрелигиозного и языкового диалога в Казахстане. Анализируются основные результаты государственной политики, направленной на поддержание стабильности и мира в многоэтническом и многоконфессиональном обществе Казахстана. В статье рассматривается деятельность Ассамблеи народа Казахстана, Съезда лидеров мировых и традиционных религий, роль этнокультурных центров и влияние государственной языковой политики. Кроме того, на основе соответствующих норм Конституции показаны правовые основы межэтнического согласия в стране, обсуждается репутация Казахстана на международной арене. В статье также описан вклад страны в глобальный мир как модель межкультурной гармонии.

Ключевые слова: культура, межрелигиозный диалог, многонациональность, поликонфессиональный, многоязычие, толерантность, единство.

Annotation. The article is devoted to theoretical and practical aspects of intercultural, linguistic and interreligious dialog in the Republic of Kazakhstan. It considers the actual theme of multinational Kazakhstan, the process of interaction of different peoples and nations that require intercultural understanding, interreligious patience and respect for linguistic diversity.

The article considers historical, political and social aspects of intercultural, interreligious and linguistic dialog in Kazakhstan. The main results of the state policy aimed at maintaining stability and peace in the multi-ethnic and multi-confessional society of Kazakhstan are analyzed. The article considers the activities of the Assembly of the People of Kazakhstan, the Congress of Leaders of World and Traditional Religions, the role of ethno-cultural centers and the impact of the state language policy. In addition, based on the relevant norms of the Constitution, the legal basis for interethnic harmony in the country is shown, and Kazakhstan's reputation in the international arena is discussed. The article also describes the country's contribution to the global world as a model of intercultural harmony.

Keywords: culture, interreligious dialogue, multinationality, multi-confessional, multilingualism, tolerance, unity.

Қазіргі жаһандану дәуірінде мәдениет, тіл және дін арасындағы диалогтың маңыздылығы айтарлықтай артуда. Өртүрлі халықтар мен ұлттардың өзара әрекеттесу процесі приоритетті түрде мәдениетаралық түсіністікті, діни толеранттылықты және тілдік әртүрлілікті құрметтеуді талап етеді. Бұл тақырып әсіресе Қазақстан сияқты көпұлтты және көпдінді елдер үшін, яғни плюралистік қоғамда ерекше өзекті.

Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады. Зайырлы мемлекет діни еркіндік, әртүрлі діндер мен этностардың бейбіт қатар өмір сүруін қамтамасыз ететін маңызды негіз болып табылады.

Мәдениетаралық және дінаралық диалогты сақтау тұрғысынан осы бап Қазақстанның демократиялық қағидаларына сүйеніп, әрбір азаматтың тең құқығын және еркіндігін қорғауды қамтамасыз ететінін көрсетеді.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 39-бабында негізгі құқықтар мен бостандықтардың шектелуі және оларды қорғау туралы айтылған. Бұл баптың 3-тармағында этносаралық және конфессияаралық келісімді сақтау туралы тікелей норма бар: «Ұлтаралық және конфессияаралық келісімді бұзуға бағытталған кез келген әрекет конституциялық емес деп танылады» [1]. Бұл норма Қазақстанда этносаралық және дінаралық келісімді сақтаудың құқықтық негізі болып табылады. Ол елдегі тұрақтылық пен бейбітшілікті қамтамасыз ететін басты қағидағардың бірі ретінде қарастырылады. Осы арқылы мемлекет ұлтаралық араздықты қоздыруға бағытталған әрекеттерді болдырмауды заң жүзінде міндеттейді.

Қазақстан – этносаралық және конфессияаралық келісімді сақтаған көпұлтты және көпконфессионалды мемлекет. Елдің геосаяси жағдайы мен тарихи даму кезеңдері түрлі мәдениеттер мен діндердің тоғысуына ықпал етті. Қазақстанда мәдениет, тіл және дін арасындағы диалог – тұрақтылық пен бірлікті сақтаудың негізгі құралдарының бірі.

Қазақстанның тәжірибесі негізінде, мультикультурализмдік ортада мәдениет, тіл және дін арасындағы диалогтың қоғамдағы рөлі, оның маңыздылығы мен болашағы – қозғалу керек мәселелер ішіндегі ең бастысы болмаса, бастыларының бірі.

Мәдениетаралық диалог маңыздылығы қазіргі таңдағы жағдайда анықтала түсті. Мәдениет – адамзаттың рухани және материалдық байлығының жиынтығы. Әртүрлі халықтардың мәдениетін зерттеу, түсіну және мойындау олардың арасындағы сенім мен достықты нығайтады. Мәдени диалог – мәдениеттердің өзара байытылуының, ортақ құндылықтарды қалыптастырудың және дау-дамайларды болдырмаудың тиімді құралы. Мәдениетаралық диалог – әртүрлі этнос өкілдерінің мәдени ерекшеліктерін танып, өзара құрмет көрсетуіне ықпал етеді.

Сонымен қатар, елімізде түрлі этностардың мәдени мұрасын сақтауға бағытталған ұлттық мерекелерді (Наурыз мейрамы, Масленица, Корейлердің Чусок мейрамы) бірге атап өту, мәдени орталықтар мен музейлердің жұмысын қолдау, ұлттық өнер фестивалдері мен көрмелерді ұйымдастыру секілді шаралар жүзеге асырылуда. Мәдениетаралық диалог халықтардың бір-біріне жақындасуына және қоғамда тұрақтылық пен бейбітшілікті сақтауға ықпал етеді. Қазіргі президент Тоқаев Қ.К. мәдениетаралық және дінаралық келісімді сақтау саясатын жалғастыруда. Тоқаев Қ.К. президент ретінде Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмысын күшейтіп, этносаралық қарым-қатынастардың маңыздылығын жиі атап өтеді.

Қазақстанның мәдениетаралық диалог саласындағы өзгерістері мен процестерінің нәтижелері елдегі тұрақтылықты нығайтып, бейбіт өмір сүрудің өзіндік моделін қалыптастырды. Бұл нәтижелер тарихи, әлеуметтік және саяси қадамдармен байланысты. Қазақстанның мәдениетаралық диалогты дамытудағы басты құралдарының бірі – Қазақстан халқы Ассамблеясы. 1995 жылы құрылған бұл институттың басты мақсаты – этносаралық келісімді нығайту және ұлтаралық қақтығыстардың алдын алу. Ассамблея түрлі этномәдени бірлестіктердің мүдделерін қорғап, мәдени іс-шаралар мен диалог алаңдарын ұйымдастырады.

«ҚХА елдегі 130-дан астам ұлт пен этностың өз мәдениетін дамытуына мүмкіндік берді; этносаралық қақтығыстардың алдын алу мен түсіністік орнатудың тиімді алаңы болды; ҚХА ұйымдастырған шаралар (фестивалдер, мәдени форумдар) халықтың өзара жақындасуына ықпал етті» [2].

Тіл – қарым-қатынас құралы, ұлттың басты ерекшелігінің бірі. Тілдік әртүрлілікті құрметтеу – мәдени диалогтың маңызды бөлігі. Тіл арқылы мәдениет беріледі, дін туралы ақпарат таратылады, әрі халықтардың бір-бірімен түсінісуі жүзеге асады. Түсініктірек тілмен айтқанда, тіл – мәдениетті құраушы компоненттерді байланыстыратын маңызды құрал. Көптілділік қоғамда толеранттылықты арттыруға және ұлтаралық қарым-қатынасты жақсартуға ықпал етеді. Тіл – халықтар арасындағы байланыс көпірі. Қазақстанда үштілділік саясаты елдегі тілдік диалогты дамытуға негізделген. Мемлекеттік тіл – қазақ тілі, ресми қарым-қатынас тілі – орыс тілі, ал ағылшын тілі жаһандық ғылым мен инновацияларға қол жеткізу құралы ретінде насихатталуда.

Қазақстанда түрлі этнос өкілдері өз ана тілдерін оқып-үйренуге мүмкіндік алған. Елде 30-дан астам тілде білім беретін мектептер мен жексенбілік мектептер жұмыс істейді. Бұл бастамалар Қазақстанның тілдік әртүрлілікті сақтауға және ұлттар арасындағы өзара түсіністікті нығайтуға ұмтылысын көрсетеді. Елімізде қазақ тілін дамыту және этностардың ана тілдерін қолдау мақсатында мемлекеттік тіл саясаты жетілдірілді. Сонымен қатар, үштілділік саясаты енгізілді (қазақ, орыс, ағылшын тілдері).

Мемлекеттік тілдің қолдану аясы кеңейіп, этностардың қазақ тілін меңгеру көрсеткіші артты; қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білу этностар арасындағы қарым-қатынас пен мәдени диалогты жеңілдетті; этностардың ұлттық тілдері мен мәдениетіне қолдау көрсету жалғасты.

Полиэтникалық және поликонфессионалды қоғамда бірлік пен ынтымақтастықты қамтамасыз етуге діни институттарының да маңызы зор. Дін – адамзат өмірінің рухани негізі. Әртүрлі дін өкілдерінің диалогы бейбітшілік пен ынтымақтастыққа қол жеткізудің маңызды тетігі. Қазақстанда әртүрлі дін өкілдерінің бейбіт өмір сүруі – дінаралық келісімнің үлгісі.

Дінге қатысты түсіністік пен өзара құрметке негізделген диалог экстремизм мен радикализмге қарсы тұрудың маңызды жолы.

Қазақстанда діннің қоғамдағы рөлі ерекше. «Елде 18 конфессияға тиесілі 3800-ден астам діни бірлестік бар. Дінаралық келісім саясаты елдегі тұрақтылық пен бейбіт өмірді қамтамасыз етудің негізіне айналды. Қазақстанның дінаралық диалогты дамытудағы маңызды бастамасы – Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі» [3]. Бұл форум алғаш рет 2003 жылы Астанада өтті. Съездің мақсаты – әртүрлі дін өкілдерінің бейбітшілік пен өзара түсіністікті нығайту жолындағы ынтымақтастығын арттыру. Бүгінде бұл съезд жаһандық деңгейде танымал диалог алаңына айналды.

Дінаралық келісімді сақтау бағытындағы шаралар: Конфессия өкілдерінің бірлескен іс-шаралары, діндер туралы білім беру және экстремизмнің алдын алу, мемлекеттік органдар мен діни бірлестіктер арасындағы тұрақты диалог. Дінаралық диалог Қазақстанда толеранттылық мәдениетін қалыптастырудың негізі болып табылады. Дінаралық келісім мен толеранттылық. Өзгерістер: Қазақстан әлемдік деңгейде дінаралық диалогтың көшбасшысы ретінде танылды. 2003 жылдан бері Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі өткізіліп келеді. Осылайша, Қазақстан діндер арасындағы диалогты нығайту арқылы халықаралық беделге ие болып отыр.

Мәдениет, тіл және дін диалогтарды құру арқылы біздің мемлекетте тыныштық пен тұрақтылық сақталады және де түсіністік пен келісім негізіндегі диалог қоғамдағы шиеленістердің алдын алады. Әртүрлі мәдениеттер мен діндер өзара тәжірибе алмасу арқылы дамиды, Жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген диалог халықтар мен ұлттарды біріктіреді. Қазақстанның тәжірибесі мәдениет, тіл және дін арасындағы диалогтың тиімді механизмдерін ұсынады. Бұл бағыттағы цифрлық даму маңызды. Цифрландыру арқылы мәдени, тілдік және діни мұраны кең аудиторияға жеткізу, мысалы, виртуалды көрмелер мен онлайн білім беру платформаларын дамыту. Осы тұрғыда жастар арасында жұмыстар, толеранттылық пен өзара құрметті насихаттау жүргізілуі тиімді. Бұл үшін мектептер мен университеттерде арнайы бағдарламалар енгізу қажет.

Қазақстанда түрлі этномәдени орталықтар құрылып, әр этносқа өз тілін, дәстүрін және мәдениетін дамытуға мүмкіндік беріледі. Орталықтар өз этностарының мәдениетін насихаттау арқылы халықтар арасында өзара түсіністік пен құрметті күшейтті; бірнеше этностың қатысуымен өтетін мәдени іс-шаралар этносаралық достықты нығайтуға септігін тигізді. Республиканың бұл бағыттағы саясаты халықтар арасындағы достық пен өзара түсіністікті нығайтуға бағытталған. Елдің мәдениетаралық, тілдік және діни толеранттылықты дамыту тәжірибесі басқа мемлекеттерге үлгі бола алады.

Мәдениет, тіл және дін арасындағы диалог – жаһандану кезеңінде бейбіт және тұрақты қоғам құрудың негізгі кепілі. Әрбір адам толеранттылықты, құрметті және өзара түсіністікті насихаттай отырып, осы үдеріске өз үлесін қоса алады. Қазақстан мәдениетаралық диалог пен бейбіт өмір сүрудің өзіндік моделін халықаралық деңгейде таныстырды. БҰҰ, ЮНЕСКО және басқа да халықаралық ұйымдар еліміздің мәдениетаралық және дінаралық келісім саласындағы тәжірибесін жоғары бағалады.

Қазақстанның бұл жолдағы жетістіктері қоғамның бірлігі мен тұрақтылығын сақтаудың тиімді құралдары ретінде танылуда. Болашақта осы құндылықтарды дамыту және нығайту елдің дамуы мен өркендеуінің басты кепілі болмақ. Біздің тәжірибеміз диалогтың сәтті түрде жүзеге асуының үлгісі ретінде қарастырылуы мүмкін. Бұл бағыттағы жұмыстар болашақта да жалғасын табуы тиіс.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы.
2. Ассамблеяның қызметі туралы ақпарат: <https://assembly.kz/>
3. Қазақстан халқының этникалық және діни құрамы туралы статистикалық деректерді ұсынатын негізгі ресурсы: <https://stat.gov.kz/>.

УДК 21/29(045)

ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ РЕЛИГИОЗНОЙ ПОЛИТИКИ СОВРЕМЕННОГО КАЗАХСТАНА

*Горбачева М.М., Агибалова Л.В.,
студенты бакалавриата,
Алматинский Технологический университет,
Научный руководитель: Джунусбаева А.М.,
margaritagorbacheva14005@gmail.com
г. Алматы, Казахстан*

Аннотация. В современном мире религия играет важную роль в формировании международных отношений, а также в построении внутренней политики и стабильного государства. Однако помимо созидательного эффекта, с возрастанием роли религии могут проявляться и негативные аспекты религиозной жизни. В статье были проанализированы нормативно-правовые акты, официальные статистические данные Министерства информации и общественного развития Республики Казахстан, научные труды отечественных и зарубежных ученых в данной сфере. Современную государственную религиозную политику можно описать как взвешенную и соответствующую принципам светского и толерантного государства. На данном этапе развития и учитывая геополитическую ситуацию, государству необходимо повысить уровень проводимой информационной работы и продолжать развиваться в данном направлении.

Ключевые слова: государственная политика, государственное управление, религиозная политика, межконфессиональные отношения, светское государство.

Аңдатпа. Қазіргі әлемде дін халықаралық қатынастарды қалыптастыруда, сондай-ақ ішкі саясат пен тұрақты мемлекет құруда маңызды рөл атқарады. Алайда, шығармашылық әсерден басқа, діннің рөлі артқан сайын діни өмірдің жағымсыз жақтары да көрінуі мүмкін. Мақалада нормативтік-құқықтық актілер, Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің ресми статистикалық деректері, осы саладағы отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектері талданды. Қазіргі мемлекеттік діни саясатты зайырлы және толерантты мемлекеттің қағидаттарына сәйкес келетін салмақты деп сипаттауға болады. Дамудың осы кезеңінде және геосаяси жағдайды ескере отырып, мемлекет жүргізіліп жатқан ақпараттық жұмыс деңгейін арттырып, осы бағытта дамуын жалғастыруы қажет.

Түйінді сөздер: мемлекеттік саясат, мемлекеттік басқару, діни саясат, конфессияаралық қатынастар, зайырлы мемлекет.

Abstract. In the modern world, religion plays an important role in shaping international relations, as well as in building domestic politics and a stable state. However, in addition to the creative effect, with the increasing role of religion, negative aspects of religious life can also manifest themselves. The article analyzed normative legal acts, official statistical data of the Ministry of Information and Social Development of the Republic of Kazakhstan, scientific works of domestic and foreign scientists in this field. Modern state religious policy can be described as balanced and consistent with the principles of a secular and tolerant state. At this stage of development and taking into account the geopolitical situation, the state needs to increase the level of information work carried out and continue to develop in this direction.

Keywords: public policy, public administration, religious policy, interfaith relations, secular state.

В современной Республике Казахстан религиозная политика играет важную роль в обеспечении стабильности и гармонии между различными конфессиями, а также в борьбе с радикальными идеологиями. Государство активно развивает нормативно-правовую базу, направленную на регулирование религиозной деятельности и межконфессиональных

отношений. Необходимо рассмотреть основные направления религиозной политики Казахстана с учетом анализа работ отечественных и зарубежных исследователей.

Одной из ключевых задач государственной политики Казахстана является обеспечение межконфессионального мира и согласия. В этом плане Казахстан уникален в своем подходе к регулированию межконфессиональных отношений. Основной акцент делается на взаимодействии государства с религиозными общинами, создании механизмов диалога между различными конфессиями и поддержке религиозного многообразия. Важную роль

в этом играет Ассамблея народа Казахстана, которая стала платформой для межрелигиозного диалога и толерантности.

Кроме того, Закон «О религиозной деятельности и религиозных объединениях» предоставляет четкие рамки для функционирования религиозных организаций, обеспечивая баланс между свободой вероисповедания и требованиями национальной безопасности. Государство стремится к созданию условий для гармоничного сосуществования различных религий, поддерживая светский характер стран. [1,113]

Казахстан активно противостоит угрозам религиозного экстремизма и терроризма. Важное направление религиозной политики заключается в разработке стратегий по предотвращению радикализации и обеспечению национальной безопасности. Согласно отчету Global Terrorism Index, Казахстан показывает низкий уровень террористической активности, что является результатом комплексного подхода к борьбе с радикальными движениями. [2]

Одним из примеров является опыт Саудовской Аравии, который Казахстан частично перенял, основываясь на стратегии «мягкого» противодействия терроризму. Важным элементом такой стратегии является реабилитация и социальная адаптация лиц, попавших под влияние экстремистских идеологий, а также профилактическая работа с населением.

Для повышения уровня религиозной грамотности и противодействия радикализму государство уделяет особое внимание информационно-просветительской работе. Министерство информации и общественного развития Республики Казахстан (2021) в своем отчете подчеркивает важность распространения достоверной информации о религиозных традициях, а также проведения образовательных программ, направленных на укрепление светских ценностей.

Особое внимание уделяется работе с молодежью, которая является наиболее уязвимой группой для радикальных идеологий. Создаются программы, направленные на формирование критического мышления и укрепление толерантности среди молодежи.

Законодательство в религиозной сфере постоянно совершенствуется для учета новых вызовов. Закон «О религиозной деятельности и религиозных объединениях» четко регламентирует права и обязанности религиозных объединений, их регистрацию и деятельность на территории Казахстана. Это законодательство позволяет государству эффективно регулировать религиозную жизнь и предотвращать деятельность экстремистских групп. [1,126]

Смена статуса некоторых религиозных групп, например, малочисленных сект, также регулируется законодательством. Строгий контроль за деятельностью религиозных организаций направлен на предотвращение их превращения в экстремистские структуры

Казахстан активно развивает международное сотрудничество в сфере религиозной политики. На международных площадках, таких как Съезд лидеров мировых и традиционных религий, Казахстан выступает за укрепление диалога между представителями различных религий и за совместные усилия в борьбе с религиозным экстремизмом. Эти международные инициативы способствуют укреплению позитивного имиджа Казахстана как страны, стремящейся к поддержанию глобального межрелигиозного мира и безопасности.

Государственная политика вместе с грамотной внешней религиозной политикой

Казахстана сыграла важную роль в обеспечении национальной безопасности, благотворно повлияла на укрепление региональной и глобальной стабильности и стала основой для улучшения отношений и партнерства с другими странами. В настоящее время уполномоченным органом в области религиозного регулирования является Комитет по делам религий Министерства информации и общественного развития РК (далее - Комитет), который совместно с заинтересованными государственными органами и институтами гражданского общества осуществляет государственную политику в данной сфере. В 2020 году был принят Комплексный план по реализации государственной политики в религиозной сфере Республики Казахстан на 2021 – 2023 годы, который направлен на укрепление светских принципов в обществе и обеспечение межконфессионального согласия и стабильности в казахстанском обществе.

Законодательство в сфере религий регулирует правовую ответственность граждан и религиозных организаций на территории Республики Казахстан. Следовательно, очень важно гражданам быть осведомленными касательно политики в религиозной сфере с целью понимания и знания закон и прав в религиозной сфере. Кроме того, согласно вышеуказанного опроса, большинство казахстанцев оценивают религиозную ситуацию в месте проживания и в стране в целом как благоприятную, то же самое можно сказать об оценках непосредственно отношений между различными религиозными конфессиями в Казахстане. Но в то же время, более трети респондентов (36,8%) сообщили, что не владеют информацией о религиозной ситуации, но в целом имеют представление. Чуть больше четверти опрошенных считают себя хорошо информированными о текущем положении в религиозной сфере ввиду того, что активно наблюдают за рассмотрением общественно-значимых вопросов посредством СМИ. В сумме 62,8% респондентов можно считать осведомленными о религиозной ситуации гражданами. Более того, уполномоченному органу следует повышать уровень осведомленности путем информационной работы ввиду высокого уровня неосведомленности со стороны граждан. [3,54]

Таким образом, государственная религиозная политика Казахстана направлена на поддержание светского характера страны, обеспечение межконфессионального согласия и борьбу с религиозным радикализмом. Казахстан демонстрирует успешные примеры регулирования межконфессиональных отношений, сочетая правовые, просветительские и профилактические меры, что способствует укреплению стабильности как внутри страны, так и на международной арене.

Список литературы

1. Закон Республики Казахстан от 11 октября 2011 года "О религиозной деятельности и религиозных объединениях" // <https://adilet.zan.kz/rus/docs//>
2. Видение человечества. Глобальный индекс терроризма 2022: Основные результаты в 6 таблицах. // <https://www.visionofhumanity.org/global-terrorism-index-2022-key-findings-in-6-charts//> (2022)
3. Министерство информации и общественного развития Республики Казахстан. (2021). // Аналитический отчет по результатам социологического мониторинга "Оценка населением Казахстана государственной политики в религиозной сфере», Нурсултан, 2021
4. Дмитриева И. А. Религиозная политика Республики Казахстан. // Вестник Дипломатической академии МИД России. Россия и мир № 3(21), 2019, С.113-126.

УДК 21/29(045)

ДИАЛОГ РЕЛИГИЙ В ИНДИИ: ПРИМЕРЫ СОТРУДНИЧЕСТВА И ВЗАИМОПОНИМАНИЯ

Секергалиева Ж.,

Әбдіқадыр Г.,

студенты бакалавриата,

Алматинский технологический университет,

научный руководитель: Джунусбаева А.М.,

г. Алматы, Казахстан

e-mail: guliabdi@icloud.com

Аннотация. В данной статье рассматривается диалог религий в Индии, стране, богатой культурным и религиозным разнообразием. Основное внимание уделяется примерам межрелигиозного сотрудничества и взаимопонимания, а также инициативам, направленным на укрепление толерантности среди различных религиозных групп. Анализируются исторические личности, такие как Махатма Ганди, сыгравшие ключевую роль в продвижении идеи мирного сосуществования. В статье обсуждаются существующие проблемы и вызовы, связанные с межрелигиозным диалогом, такие как конфликты и предвзятости. Подчеркивается важность продолжения работы по установлению диалога между религиями для достижения гармонии и стабильности в индийском обществе.

Ключевые слова: диалог религий, Индия, межрелигиозное сотрудничество, толерантность, культурное разнообразие.

Аңдатпа. Бұл мақалада мәдени және діни алуан түрлілігімен танымал Үндістандағы діндер арасындағы диалог қарастырылады. Негізгі назар әртүрлі діни топтар арасындағы ынтымақтастық пен өзара түсіністік мысалдарына, сондай-ақ төзімділікті нығайтуға бағытталған бастамаларға аударылған. Махатма Ганди сияқты тарихи тұлғалар бейбіт қатар өмір сүру идеясын алға жылжитқан маңызды рөлдері талданады. Мақалада діндер арасындағы диалогқа байланысты қазіргі кездегі проблемалар мен сын-қатерлер, мысалы, қақтығыстар мен алалаушылықтар талқыланады. Үнді қоғамында үйлесім мен тұрақтылыққа қол жеткізу үшін діндер арасындағы диалогты жалғастырудың маңыздылығы атап өтіледі.

Түйін сөздер: діалог діндер, Үндістан, межрелигиозное сотрудничество, толеранттылық, мәдени әртүрлілік.

Abstract. This article discusses interfaith dialogue in India, a country rich in cultural and religious diversity. The focus is on examples of interfaith cooperation and understanding, as well as initiatives aimed at strengthening tolerance among various religious groups. It analyzes historical figures such as Mahatma Gandhi, who played a key role in promoting the idea of peaceful coexistence. The article also addresses existing problems and challenges related to interfaith dialogue, such as conflicts and biases. It emphasizes the importance of continuing efforts to establish interfaith dialogue to achieve harmony and stability in Indian society.

Keywords: dialogue of religions, India, inter-religious cooperation, tolerance, cultural diversity.

Индия (Республика Индия) — государство в Южной Азии. Страна занимает 7-е место в мире по площади (3 287 263 км²), 1-е (по другим данным 2-е) место по численности населения (1 425 937 441 млн человек), 3-е место по ВВП (ППС) (11,75 трлн долларов США). Индия исторически сложилась как поликонфессиональная страна. В данной стране исследование примеров межрелигиозного сотрудничества помогает понять, как разные верования могут сосуществовать и работать вместе исповедующих различные религии, включая индуизм, ислам, христианство, сикхизм и буддизм. Это многообразие создает как возможности, так и вызовы для диалога.

Индия является активным участником международных организаций, таких как ООН, ВТО, БРИКС и других. Она стремится играть конструктивную роль в решении мировых проблем, включая изменение климата, борьбу с терроризмом и продвижение международной торговли.

Еще одной важной составляющей внешней политики Индии является укрепление своих региональных связей. Индия активно развивает отношения с соседними странами в Южной Азии, Юго-Восточной Азии и Западной Азии. Одной из важных инициатив является СААРК (Южная Азиатская ассоциация регионального сотрудничества), в рамках которой страны региона сотрудничают в различных областях, включая торговлю, транспорт и культурный обмен.

В Юго-Восточной Индия активно укрепляет отношения с такими странами, как Мьянма, Таиланд, Вьетнам, Индонезия, Малайзия и Сингапур. В рамках партнёрства страны взаимодействуют в различных областях, таких как торговля, инвестиции, сотрудничество в области безопасности, морских дел и туризма.

В Западной Азии, Индия развивает отношения с странами, такими как Иран, Афганистан, Пакистан и страны Персидского залива. Взаимодействие с этими странами охватывает различные области, включая энергетику, торговлю, строительство инфраструктуры и сотрудничество в сфере безопасности. [1]

Махатма Ганди, как одна из самых значительных фигур в истории Индии, активно пропагандировал идеи ненасилия и диалога между религиями. Его подход к решению конфликтов и объединению различных религиозных групп остается актуальным и вдохновляет многие современные движения за мир и справедливость. Другие важные фигуры, такие как Дж. Jawaharlal Nehru и А. П. Дж. Абдул Калам, также подчеркивали важность единства и понимания между различными религиями.

Махандас Карамчанд Ганди широко признан одним из величайших политических и духовных лидеров XX века. Почитаемый в Индии как отец народа, он сформулировал и использовал принцип сатьяграха — противостояние тирании за счёт массового ненасильственного гражданского неповиновения. В то время как Ганди возглавлял общенациональные кампании по помощи бедным, расширению прав женщин, созданию религиозной и этнической гармонии и избавлению от несправедливостей кастовой системы, он, главным образом, применял принципы ненасильственного гражданского неповиновения, чтобы освободить Индию от иностранного влияния. Из большого уважения к нему сейчас его называют Махатмой, что означает «великая душа».

Мировые лидеры в сфере прав человека, начиная с Мартина Лютера Кинга-младшего и заканчивая Нельсоном Манделой, признавали Ганди источником вдохновения в борьбе за равноправие для своего народа. Великий сторонник мирного противостояния угнетению, Махатма Ганди, описывал отказ прибегать к насилию как «величайшую силу в руках человечества. Она мощнее, чем самое разрушительное оружие, когда-либо изобретённое человеком».

Несмотря на успехи в межрелигиозном диалоге, Индия сталкивается с серьезными вызовами. Конфликты между различными религиозными группами, как правило, усугубляются политическими и социальными факторами. В последние годы случаи насилия и предвзятости стали более заметными, что подчеркивает необходимость активного диалога и совместной работы над разрешением конфликтов. Роль СМИ также значительна, поскольку они могут как способствовать диалогу, так и усилить напряженность.

27 миллионов человек живёт в рабстве — это вдвое больше людей, чем во времена расцвета работорговли в прошлые века. И более миллиарда взрослых не умеют читать. Именно этот гуманист выступал в защиту прав человека, потому что он осознавал, что мир и развитие без этих прав невозможны он в значительной степени способствовал позитивным переменам в мире. [2, 15].

Вместе с тем в обществе существуют конфликты по межнациональной и религиозной

основе. Главным источником индийско-пакистанского конфликта выступает политика, проводившаяся в регионе Великобританией в XIX в., когда Кашмир (область с почти полностью мусульманским населением) был продан индусскому махарадже соседнего горного княжества Джамму, в результате чего появилось новое политическое образование – княжество Джамму и Кашмир. Возможно, британцы вполне искренне полагали, что подобные действия повышают их популярность среди кашмирцев, так как последние считались потомками некогда насильно обращенных в ислам индусов и, как ожидалось, должны были увидеть в колониальных властях восстановителей исторической справедливости. Но еще до обретения независимости Индией и Пакистаном, конфликт приобретал черты радикализации: например, в 1931–1932 гг. Кашмир был охвачен народным восстанием, подавить которое колониальные власти смогли только с помощью авиации. Это означало провал всей британской политики в регионе.

Другой причиной конфликта являются водные ресурсы, расположенные на данной территории. Воды с ледников, которые текут через Кашмир, обеспечивают снабжение водой и электричеством Индию. Аграрный сектор Пакистана также испытывает сильную зависимость от снабжения этой водой. В связи с растущим населением и потребностями в электричестве Индия рассматривает вариант увеличения количества гидротехнических сооружений. Пакистан опасается, что под предлогом необходимости в воде, Индия может перенаправить поток и затопить территории Пакистана.

Таким образом, Кашмир — главная проблема национальной безопасности для обеих стран, контроль над ним одного может представлять угрозу для другого государства. Все это усугубляет серьезный факт - оба государства обладают ядерным оружием. Кашмирский конфликт является одним из наиболее затяжных и нерешенных не только в Южной Азии, но и в мире. [3,9]

На протяжении более двух тысяч лет здесь сосуществуют разные религиозные традиции, которым присущи различные философские воззрения. Иногда между ними, конечно, возникают некоторые разногласия, но в целом в Индии процветает межрелигиозная гармония. Более трех тысяч лет назад здесь зародилось философское течение самкхья. Его основное послание – ахимса и каруна, ненасилие и сострадание. Благодаря этому в Индии смогли укорениться многочисленные духовные традиции, принесенные извне. С Ближнего Востока пришел ислам, а затем позднее в Индию пришло христианство. В Бомбее обосновалась небольшая община зороастрийцев. Последователи всех этих религий живут в согласии, не испытывая страха. Такова традиция Индии.

Сейчас настало время Индии показать другим всему миру, что последователи разных духовных течений могут жить бок о бок в атмосфере взаимоуважения. Это очень важно. Такой подход бытует в Индии уже более тысячи лет. Пришла пора подать пример другим государствам, где происходят конфликты во имя религии. Той же Бирме, в которой есть проблемы между буддистами и мусульманами. От одной мысли об этом тяжело на сердце. Индия – живое доказательство того, что разные религиозные традиции могут ладить друг с другом.

Между ведущими политическими силами - Индийским национальным конгрессом (ИНК) и Мусульманской лигой (МЛ) в 40-х гг. XX в. возник острый спор за территорию. В июне 1946 г. прошли выборы в Учредительное собрание, где ИНК одержала убедительную победу. Руководство МЛ отказалось участвовать в формировании временного правительства Индии и объявило о начале «прямых действий» по созданию Пакистана. В апреле 1947 г. стало ясно, что единственным выходом из тупиковой ситуации может стать раздел трех провинций – Пенджаба, Бенгалии и Ассама.

Крайне болезненным был раздел Пенджаба, в основу которого лег принцип преобладания мусульман или немусульман на той или иной территории. Были рассечены единые ирригационные системы, гидроэнергетические комплексы, что нарушило экономические связи между районами.

Одним из итогов раздела Пенджаба стали многочисленные человеческие жертвы и

серьезные разрушения. Резня и погромы, вспыхнувшие 14 августа 1947 г. и закончившиеся в конце года, по разным оценкам унесли от 200 тыс. до 2 млн. человеческих жизней. Британские власти называли цифру в районе 60 тыс. чел. С 15 августа 1947 г. по 15 июня 1948 г. из Западного Пенджаба в Индию перебравлись 5,5 млн. индусов, сикхов и представителей других конфессий, из Восточного Пенджаба в Пакистан 5,8 млн. мусульман. Массовыми были похищения женщин и детей, многие подверглись насилию и принудительному замужеству. По данным индийского ученого У. Баталия, было не менее 75-100 тыс., женских судеб. Общее число переселенцев из Индии в Пакистан, и наоборот, превысило 15 млн. чел. Все произошедшее прочно закрепилось в исторической памяти народов.

Трагическими последствиями поспешного раздела Пенджаба стали колоссальные межрелигиозные конфликты различных масштабов. Поводом для столкновений индусов и мусульман может послужить что угодно, включая бытовые споры и слухи. После чего собираются группы представителей обеих общин, пытающихся «проучить» и «наказать обнаглевших» мусульман (индусов). Чаще всего столкновения ограниваются уличными драками и небольшими погромами. Для созревания крупномасштабного конфликта требуется определенное накаливание противоречий, усиленное деятельностью радикальных религиозных организаций и фанатиков. [4]

Франция была первой страной, с которой Индия заключила соглашение о гражданском ядерном сотрудничестве после отказа Группы Поставщиков Ядерного Оборудования, что позволяет Индии возобновить в полном объеме гражданское ядерное сотрудничество с международным сообществом. Оба лидера провели обширное и плодотворное обсуждение по двусторонним, региональным и глобальным вопросам которые совпадает с их мировоззрением. Они подтвердили свою приверженность давним стратегическим партнерством и договорились и дальше углублять и укреплять двусторонние связи, основанные на общих принципах и ценностях, касающихся демократии, свободы, верховенства закона и уважения прав человека. Франция приветствует предложение Индии стать партнером в развивающемся схеме Умные города и готова использовать свои лучшие технологические решения и поделиться своим опытом в области комплексного устойчивого развития городской инфраструктуры, особенно в городе музее Пондичерри, Чандигархе и Нагпур. Лидеры двух стран приветствовали подписание Меморандума о взаимопонимании между L&T и "АРЕВА", который позволит расширить сферу промышленного сотрудничества, а также заключение предварительных соглашений инженерных изысканий. Оба лидера приветствовали соглашение между Индийскими железными дорогами и Французскими Национальными Железными дорогами (SNFC) на со финансирование проекта и выполнения исследования компанией SNFC по модернизации линии, железнодорожных станций Дели-Чандигарх 200 км / ч и для перепланировки вокзалов в городах Амбала & Лудхиана. Они также с удовлетворением отметили успешное завершение по развитию бизнес плана высокоскоростного коридора Мумбаи-Ахмедабад. Индия приветствовала целевой набор французских компаний, которые будут использовать от 8 до 10 ГВт солнечной энергии Индии до 2020- 2022гг. Франция также готова поддержать других возобновляемые источники в Индии, такие как энергия ветра, биомассы и гидроэнергии. Франция приветствовала решение Индии продлить туристическую визу по прибытию – Электронное разрешение на путешествие (ТВОА-ЭРП) схема для Франции в то время как Индия приветствовала решение Франции о реализации схемы ускоренных 48 часов выдачи виз для индийских туристов. [5,4]

В заключение, диалог религий в Индии представляет собой важный аспект социального взаимодействия и культурной жизни. Примеры межрелигиозного сотрудничества показывают, что, несмотря на различия, различные религиозные группы могут работать вместе ради достижения общей цели — мира и стабильности. Исторические фигуры, такие как Махатма Ганди, вдохновляют современные движения за мир и справедливость, подчеркивая необходимость взаимопонимания. Однако вызовы, с которыми сталкивается Индия, требуют

активного участия всех сторон в укреплении диалога и толерантности. Только через совместные усилия возможно построение гармоничного и устойчивого общества.

Список литературы

- 1) Ch user, Dsandrei, Gunslinger, LevLev, Lokomotiv, Simba16, Алекс Тер, Анна Ничагина, Эльвира Гайнетдинова, Юг. 22 октября 2024 // <https://znanierussia.ru/articles/>
- 2) Л. Рона Хаббарда “Защитники прав человека” //United for Human Rights («Объединяйтесь за права человека»), Санкт-Петербург, С.3-18// <https://ru.humanrights.com/voices-for-human-rights/mahatma-gandhi.html>
- 3) Ядыкина Т.С Многолетняя проблема Кашмира как ядро основного противостояния Индии и Пакистана: основные его периоды и последствия”, Москва 2020г. <https://cyberleninka.ru/article/n/mnogoletnyaya-problema-kashmira-kak-yadro-osnovnogo-protivostoyaniya-indii-i-pakistana-osnovnye-ego-periody-i-posledstviya/viewer>
- 4) Яковлев А.Ю. Проблема межэтнических и межрелигиозных отношений в Индии. Россия, г. Москва 2020 г. С 4-51//<https://uchebana5.ru/cont/1518779.html>
- 5) Прабхат Кумар, экс-посол Харш Кумайн Джейн «Индия и Франция». г Астана 2014 г. С 1-5, <https://www.indembastana.gov.in/docs/INDIA.pdf>

УДК 37.0

ЖАСТАР АРАСЫНДА ҰЛТТЫҚ ТІЛ МЕН МӘДЕНИЕТТІ САҚТАУ: ЗАМАНАУИ СЫН-ҚАТЕРЛЕР

Төремұрат Ә.,

Бағдарламалық инженерия мамандығының 1-ші курс студенті,

e-mail: toremuratajgerim0@gmail.com

Ғылыми жетекші: Игілік.М.И.,

аға оқытушы, гуманитарлық ғылымдарының магистрі,

Халықаралық инженерлік-технологиялық университеті,

Алматы қ., Қазақстан

e-mail: meirlym@mail.ru

Аңдатпа. Қазіргі заманда жастар арасында ұлттық тіл мен мәдениетті сақтау мәселесі ерекше өзектілікке ие болып отыр. Жаһандану үдерісінің қарқынды дамуы, әлеуметтік желілер мен интернеттің кеңінен таралуы біздің ұлттық құндылықтарымызға терең әсер етіп, мәдени және тілдік ерекшеліктеріміздің сақталуына қауіп төндіруде. Ұлттық тіл мен мәдениет – қоғамның рухани және мәдени дамуының негізі болып табылады. Осы себепті, оларды сақтау мен қорғау міндеті уақыт талабына сай ерекше маңызға ие. Мақалада жастардың өз мәдениеті мен тілін сақтауға деген жауапкершілігін арттыру, ұлттық құндылықтарды әрі қарай жеткізу үшін жүйелі жұмыстардың маңыздылығын көрсетеді.

Кілтті сөздер: ұлттық тіл, ұлттық мәдениет, рухани құндылықтар, әлеуметтік желілер, интернет, жастар, жаһандану.

Аннотация. В современном мире проблема сохранения национального языка и культуры среди молодежи приобретает особую актуальность. Стремительное развитие процесса глобализации, широкое распространение социальных сетей и интернета оказывают глубокое влияние на наши национальные ценности и угрожают сохранению наших культурных и языковых особенностей. Национальный язык и культура – основа духовного и культурного развития общества. По этой причине задача их сохранения и защиты имеет

особое значение в соответствии с требованиями времени. В статье подчеркивается важность системной работы по повышению ответственности молодежи за сохранение своей культуры и языка, дальнейшей передачи национальных ценностей.

Ключевые слова: национальный язык, национальная культура, духовные ценности, социальные сети, интернет, Молодежь, глобализация.

Abstract. In today's world, the issue of preserving national language and culture among the youth has become particularly relevant. The rapid development of globalization, the widespread use of social media and the internet have deeply impacted our national values, posing a threat to the preservation of our cultural and linguistic identities. National language and culture are the foundation of a society's spiritual and cultural development. For this reason, the task of preserving and protecting them has gained immense significance in line with modern demands. This article emphasizes the importance of increasing youth responsibility for preserving their culture and language, and highlights the need for systematic efforts to continue passing on national values to future generations.

Keywords: innovation, innovative technologies, information and communication technologies, innovative approach to education, advanced technologies.

Жаһандану процесі соңғы бірнеше онжылдықта әлемнің көптеген елдерінде қарқынды дамып келеді. Бұл процестер бүкіл әлемдегі мәдениеттердің араласуына әкеліп, ұлттық ерекшеліктердің сақталуын қиындатады. Әсіресе, интернет пен әлеуметтік желілердің кеңінен таралуы ұлттық тілдер мен мәдениеттердің жай-күйіне айтарлықтай әсер етіп отыр. Жастар, өз кезегінде, осы жаңалықтарға тез бейімделіп, көп жағдайда ана тілін ұмытып немесе оны екінші орынға қояды. Осыған байланысты ұлттық мәдениетті сақтаудың мәселесі аса маңызды болып отыр. Бұл құбылыс қоғамның рухани дамуына үлкен ықпал етіп, ұлттың бірегейлігін сақтап қалуға қауіп төндіруі мүмкін[1].

1. Ұлттық тіл мен мәдениеттің рухани құндылық ретіндегі орны. Ұлттық тіл мен мәдениет – әрбір ұлттың рухани болмысын айқындайтын маңызды құндылықтар. Ұлттық тіл – бұл адамдардың өзара қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар халықтың тарихын, мәдениетін және дүниетанымын сақтап, оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізудің негізгі тетігі. Тіл арқылы әрбір халық өзінің өткенін, құндылықтарын, әлемге деген көзқарасын білдіреді. Қазақ тілінің тарихи рөлі мен оның қазіргі қоғамдағы орны ерекше. Қазақ халқының мәдениеті, салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары тілмен тығыз байланысты. Сондықтан тілдің сақталуы мен дамуы ұлттық мәдениеттің негізі болып табылады[3]. Сонымен қатар, ұлттық мәдениет – бұл халықтың тарихи тәжірибесі мен әлемді түсіну тәсілі. Әрбір мәдениет өз ішінде ерекше дәстүрлер, өнер, әдебиет, музыка мен киім үлгілерін қамтиды. Ұлттық мәдениет тек өткеннің мұрасы ғана емес, ол қазіргі қоғамның қалыптасуына және дамуына әсер етеді. Сондықтан мәдениетті сақтау – бұл ұлттың болашағы үшін маңызды қадам.

2. Әлеуметтік желілер мен интернеттің ықпалы. Қазіргі жастардың өмірі интернет пен әлеуметтік желілермен тығыз байланысты. Әлеуметтік желілер мен интернеттің ұрпақ тәрбиесіне әсері зор. Өйткені, жастар күнделікті өмірде осы технологияларды пайдалана отырып, әлемдегі соңғы жаңалықтармен танысады, басқа мәдениеттердің әсерінде болады және өз көзқарастарын қалыптастырады. Дегенмен, әлеуметтік желілер мен интернеттің ықпалының жағымсыз жақтары да бар. Біріншіден, жастар көбінесе жаһандық ақпарат ағынына иек артқандықтан, өз ана тілінде сөйлеуді, ұлттық мәдениетке қатысты білім алуды азайтуы мүмкін. Әсіресе, қазақ тіліндегі контенттің жеткіліксіздігі жастардың өз тілінде сөйлеуге деген қызығушылығын төмендетуі ықтимал. Екіншіден, әлеуметтік желілерде және интернетте танымал шетелдік мәдениеттер мен трендтер жиі насихатталады. Бұл жағдай жастардың басқа мәдениеттерге деген қызығушылығын арттырып, өз ұлттық мәдениетіне деген махаббатты әлсіретуі мүмкін. Сонымен қатар, шетел сөздерін қолдану мен қысқартуларды пайдалану қазақ тілінде сөйлеу мәдениетін төмендетуі мүмкін[4].

3. Заманауи сын-қатерлер.

Жастар арасында ұлттық тілді сақтау барысында бірнеше қиындықтар бар:

- **Ана тілін күнделікті өмірде қолданудың азаюы:** Жастардың көбі қазақ тілінде емес, орыс немесе ағылшын тілдерінде сөйлейді. Бұл тек жеке деңгейде ғана емес, бүкіл қоғам үшін үлкен мәселе болып табылады. Өйткені, жастар тілі ұлттың болашағын айқындайды.

- **Технологиялық терминдердің ұлттық тілде баламаларының кеш пайда болуы:** Интернет және жаңа технологиялар саласындағы терминдердің көбі ағылшын тілінен алынған. Бұл сөздер қазақ тілінде баламасыз қалуда, сондықтан жастарға өз ана тілінде қарым-қатынас жасау қиынға соғуда.

- **Жастар арасында басқа мәдениеттерге деген қызығушылықтың күшеюі:** Әлеуметтік желілер мен интернеттің арқасында жастар әлемдік мәдениеттерге жақындай түсті. Бұл мәдениеттердің әсері жастардың ұлттық құндылықтардан алыстап кетуіне себеп болуы мүмкін[4].

4. Ұлттық тілді және мәдениетті сақтаудың жолдары.

Ұлттық тілді және мәдениетті сақтау үшін бірқатар шараларды жүзеге асыру қажет:

- ✓ **Мемлекеттік деңгейде ұлттық құндылықтарды насихаттайтын бағдарламалар жасау:** Мемлекет ұлттық тіл мен мәдениетті қолдау үшін түрлі бағдарламалар мен жобалар ұйымдастыруы тиіс. Мысалы, қазақ тіліндегі контенттің көлемін арттыру, мәдени шаралар мен фестивальдер өткізу.

- ✓ **Әлеуметтік желілер мен интернетте қазақ тіліндегі сапалы контентті көбейту:** Жастарға ұлттық тілде сапалы және қызықты ақпарат беру үшін блогерлер мен медиа ұйымдар бірігіп жұмыс істеуі керек. Бұл жастардың өз тілінде ақпарат алуға деген қызығушылығын арттырады.

- ✓ **Білім беру жүйесінде ұлттық мәдениетке, тілге ерекше көңіл бөлу:** Мектептерде және жоғары оқу орындарында ұлттық мәдениетке және тілге баса назар аудару қажет. Бұл жастардың өз мәдениетін құрметтеуіне ықпал етеді.

- ✓ **Жастарды ұлттық мәдени шараларға белсенді тарту:** Жастарды қазақ халқының мәдени мұраларымен таныстырып, түрлі ұлттық шараларға қатыстыру арқылы олардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыруға болады[2].

Қорытынды. Жастар арасында ұлттық тіл мен мәдениетті сақтау – бұл тек мемлекеттік немесе қоғамдық емес, әрбір азаматтың жауапкершілігі. Ұлттық тіл мен мәдениет – ұлттың болашағының негізі болып табылады, олар халықтың бірегейлігін сақтауға және ұлттық рухани құндылықтарды нығайтуға ықпал етеді. Әсіресе, жаһандану кезеңінде, әлеуметтік желілер мен интернеттің әсерінен, ұлттық тіл мен мәдениетке деген қызығушылық азайып, жастардың өз тілі мен мәдениетінен алыстауына себеп болуы мүмкін. Осыған байланысты ұлттық тілді сақтау үшін тек мемлекеттік шаралар жеткіліксіз. Бұл мәселені шешу үшін жастардың өздері белсенді қатысып, ұлттық мәдениет пен тілге деген құрметті қайта жаңғыртуға үлес қосулары қажет. Сонымен қатар, отбасыларда, мектептерде, университеттерде, сондай-ақ мемлекеттік және қоғамдық ұйымдарда ұлттық құндылықтарды насихаттауға баса назар аударылуы керек.

Ұлттық құндылықтарды сақтау және оларды ұрпақтан ұрпаққа жеткізу – ұзақ мерзімді және жүйелі жұмыс. Мемлекет тарапынан жасалатын бағдарламалар мен шаралар ұлттық тіл мен мәдениетті дамытуға жағдай жасайды, бірақ бұл тек бастама

Қазақстанның болашағы – өз мәдениетіне, тіліне деген құрметі бар, өз тарихын білуге және оны сақтау жолында жауапкершілік сезімін дамыта білетін жастардың қолында. Ұлттық тілді және мәдениетті сақтап қалу – бұл біздің ортақ міндетіміз. Осы бағытта жұмыс істей отырып, біз болашақ ұрпаққа ұлттық құндылықтарымызды аманат етіп қалдырамыз.

Әдебиеттер тізімі

1. ЖАҒАНДАНУ ЖӘНЕ ОНЫҢ МӘДЕНИ ҮРДІСТЕРГЕ ЫҚПАЛЫ. ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТТІҢ ЖАНДАНУ ҮРДІСІ - Stud.baribar.kz

2. Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020 – 2025 жылдарға арналған МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ
3. <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-kargala/press/news/details/272156>
4. <http://old.baq.kz/kk/blog/352/blog-352-7468>

ҒТАХР 16.31.41.

ТЕРМИНОЛОГИЯДАҒЫ ОМОНИМИЯ ЖӘНЕ МӘТІНДЕ АЛАТЫН ОРНЫ

Карбозова Б. Д.

PhD,

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,

Алматы қ., Қазақстан

e-mail: bulakarb_83@mail.ru

Аңдатпа. Бұл мақала омоним құбылысының қазақ терминологиясында көрініс беруіне арналады. Әдетте, тілімізде омонимдер тек жалпықолданыстағы сөздер аясында зерттелініп келеді. Омоним құбылысы арнаулы тіл аясында сирек қарастырылған. Тіпті, термин болудың негізгі талаптарының бірі – «терминдерде омоним болмау керек» деген де қағида бар. Дегенмен, терминқорымызда омонимдік қатар құрайтын терминдер де бары жасырын емес.

Автор мақалада омоним-терминдердің терминологиялық қордан алатын орны, оның пайда болу жолдары жайында сөз ете келе, омоним-терминдер өз ішінде жүйеаралық және саларалық деген үлкен екі топқа бөлінетігдігіне тоқталады. Сонымен бірге, бұл терминдердің омонимдік қатар құруына арқау болып тұрған үш ерекшелікті атайды: терминдену үрдерісінде ұғымға атау беруде уәжді, яғни семантикалық байланысты басты назарға алуы; екінші, шеттілдерден енген терминдер омонимдік қатармен тілімізге дайын күйінде енуі; үшінші, ешқандай уәжсіз жай ғана дыбыстардың кездейсоқ қатар келуі арқылы омонимдік қатар түзуі.

Кілт сөздер: Салааралық омоним-терминдер, когнитивті-семантика, арнаулы тіл, жүйеаралық омоним, аударматану.

Аннотация. Данная статья посвящена омонимам, которые употребляются в терминологической среде казахского языка. Обычно, в казахском языкознании омонимы рассматриваются только в поле общеупотребительных слов. Омонимические явления очень редко рассматриваются в специальной языковой среде казахского языка. Даже в правилах, где говорится о словах, которые можно относить к терминам сказано, что «в терминологическом ряде не должны присутствовать омонимы». Но не секрет, что в языковой базе любого языка в терминологических рядах встречаются и омонимы. В статье автор описывая такие вопросы, как термины-омонимы являются основанием для установления занимаемого ими места в терминологической базе, а также пути их возникновения останавливается на такой факт, что данные термины-омонимы внутри себя делятся еще на две крупные группы, как межсистемные и межотраслевые. Вместе с этим автор называет три особенностей, которые являются причиной тому, что эти термины образуют омонимические ряды: во-первых, является поводом в процессе именованія понятия, то есть при этом основное внимание уделяется на семантические связи; во вторых, термины иноязычных языков в готовом виде входят в наш язык как омонимические ряды; в-третьих, из-за случайных звукосочетаний звуков немотивированное образование омонимического ряда.

Ключевые слова: Межотраслевая омонимия терминов, когнитивная-семантика, специальный язык, межсистемная омонимия, переводческое дело.

Abstract. This article is devoted to homonyms which are used in the terminological environment of the Kazakh language. In Kazakh Linguistics, homonyms are usually considered only in the field of commonly used words. Homonymic phenomena are very rarely viewed in the special Kazakh language environment. Even the rules concerning the words that can be referred to the terms state that “homonyms must not be present in a terminological sequence”. But it is evident that there are homonyms in the terminological sequences in the language base of any language.

In the article the author substantiates the place which terms-homonyms take in the terminological base and describes the ways of their occurrence; the fact is accentuated that these terms-homonyms are divided further within themselves into two major groups such as intersystem and interbranch ones. Along with this, the author emphasizes three features that are the reason that these terms constitute homonymic sequences in our language as homonymic sequences.

Keywords: Interindustry homonymy of terms, cognitive-semantics, special language, inter-system homonymy, translation.

Тіл білімі ғылымында әдеби тілге берілген анықтама көпшілікке белгілі. Ғалымдар ғылым тілін екі бағытта түсіндіреді. Бір ғалымдар оны әдеби тіл шеңберінде қарастырса, енді бір ғалымдар дербес тіл ретінде қарастырады. Академик Ә.Қайдар, «ғылым тілі — бүгінде әдеби тіліміздің ең сүбелі саласы, жон арқасы», «ғылым тілі қалыптаса алмаған әдеби тілді толыққанды әдеби тіл деп айтуға болмайды» [1, 11б.] деп көрсетсе, академик Ө.Айтбайұлы Ә.Қайдардың ізімен ғылым тіліне мынадай анықтама береді: «Ғылым тілі — ғылыми негізде жасалатын өзіндік қалыптасу принциптері бар, стильдік өңі ерекше әдеби тілдің бір түрі. Әдеби тілдің ғылымға қызмет ететін бір тармағы. Адам, қоғам, табиғат жөнінде ақиқат ақпарат беретін, шындықты баяндайтын ғылыми мәтін (текст)» [2, 88б.]. Ал енді ғылым тілін дербес функционалды тіл ретінде қарастыратын көзқарастарға В.П.Даниленконың пікірін келтіруге болады. Ғалым ғылым тіліне үлкен дербестік беріп, ол өзінің элементтерінің құрамы мен қызметі жағынан «жалпы әдеби тілдің ғана емес, жалпы ұлттық тілдің де аясынан шығады» [3] деп санайды. Пікірлердің бір ұшы ғылым тілін «терминологиялық лексика» ұғымының аясында түсіндіру барысынан көрінеді. Осы орайда зерттеушілер *жалпы лексика — арнаулы лексика, әдеби тіл — арнаулы мақсатта қолданылатын тіл, термин — бейтермин, сөзқолданымды реттеу — терминологиялық жүйелерді құру* тәрізді оппозицияларға сүйене отырып, терминологиялық жүйелердің автономды мәртебесін, әдеби тілдің құрамына кірмейтіндігін дәлелдеуге тырысады [4].

Ғылым тілін түсінуде (немесе түсіндіруде), ілгеріде де ескертілгендей, тілдің қызметін ғана емес, ғылым саласындағы адамның іс-әрекетін де көрсеткен лажым. Жалпы алғанда, ғылымның мәні шындық болмысты танудың ерекше үдерісін бейнелеуден көрінеді. Сол мақсатта тілдің коммуникативтік бағытталуы жүзеге асады. Тілдік құралдар негізінде қоршаған шындықтың құбылыстары мен үдерістері, олардың түрлі қасиеттері мен белгілері, өзара қатынастары мен байланыстары тілдік тұрғыдан тіркеледі. Бұл ғылыми тілдің лингвистикалық зерттеудің нысаны екендігін айқындайды, сонымен бірге, ғылым тілінің шындық болмысты танудағы қызметін белгілейді. Ол қызмет тілдің ғылыми білімді жинақтау, сақтау, тарату әрекеттерімен тығыз байланысты болып келеді және мынадай түрлерде көрінеді: 1) когнитивтік (ойлау); 2) аккумулятивтік (білімнің қорлануы); 3) коммуникативтік (мамандардың қарым-қатынасы, жаңа білім алу мен қалыптастыру).

Мәселеге осы тұрғыдан келгенде, ғылым тілі — қарым-қатынастың ғылыми аясында жасалатын лексика-грамматикалық жүйесі бар тұтас құрылым. «Ғылым тілі» ұғымының кең болатын себебі, ол ғылыми стильді танытатын тілдік құралдарды ғана емес, ғылыми ая (сфера) қатынасындағы барлық функционалдық-стильдік белгілерді, түрлерді қамтиды. «Ғылым тілі» ұғымы — ғылыми стильдің ядросы мен шеткері аймағын құрайтын таңбалық бірліктердің, қолданыстардың грамматикалық және семантикалық құралдарының тұтас жүйесі деген қорытынды шығаруға болады.

«Терминологиялық бірліктер жалпы ұлттық тілдің бірлігі бола тұра арнаулы тілдің кішігірім жүйесінің мүшесі ретінде де көрініс табады. Осымен байланысты термин-сөздер

арнаулы тілдік бірлік ретінде танылып, арнаулы және кәсіби ұғымды атау нәтижесінде тілдік жүйенің басқа тілдік бірліктерінің ерекше қызметке ие бола бастайды. Бұл ретте ең маңызды мәселе терминологиялық бірліктердің аталмыш сипаттарға ие болуы тек белгілі бір терминологиялық жүйе шеңберінде ғана жүзеге асатындығында болып отыр» [5, 58 б.]. Қазақ тіл білімінде ғылым тілін *арнаулы тіл* деп аталуы да тектен тек емес. Мақаламызда *арнаулы тілді* белгілі бір ұлттық тілдің құрамындағы қосымша тіл ретінде қараймыз. Сол себептен де олардың құрамындағы омонимдерге жеке тоқталамыз.

Ғалымдар терминдерде омоним болмауы қажет деп көрсетеді. М.Қожаева «Аударматану терминдерінің когнитивтік-семантикалық құрылымы» атты диссертациялық жұмысының авторефератында «1) басқа тілге аудару; 2) басқа тілден алу (кірме сөз); 3) тұрпат межесінің өзгеруі немесе айқындалуы; 4) мазмұн межесінің өзгеруі немесе айқындалуы; 5) көп мағыналылық; 6) омонимия; 7) синонимия; 8) антонимияларды» терминдер мен терминологиялық жүйелерді жалпы лексика мен лексикалық жүйелерден ажырататын аспектілер деп көрсетеді [6, 206.]. Дегенмен де қазақ терминологиялық қорында омоним терминдерінің кездесіп қалатынын да жоққа шығара алмайды. Омнимдер – айтылуы бірдей, мағыналық жақындығы жоқ сөздер. Омнимдердің пайда болу себебі әр түрлі: 1) көп мағыналы сөздердің арасындағы семантикалық байланыс үзілуі арқылы жасалады; 2) сөздердің тарихи дыбыстық өзгерістерге ұшырауы арқылы; 3) кірме сөздер мен төл сөздердің дыбысталуы жағынан сәйкес келуі арқылы жасалады. Мысалы: сәйкестік I – бір-біріне сай үйлестік, ұқсастық; сәйкестік II – аударма жайындағы ғылымның ең негізгі категорияларының бірі. Аудармадағы абсолютті сәйкестік бастапқы және аударма мәтіндерінің формалды, мағыналық және ақпараттық құрамдас бөліктерінің сәйкес келуі арқылы сипатталады, алайда іс жүзінде оған қол жеткізу мүмкін емес деуге болады. Сәйкестік категориясы аудармада «сөзбе-сөздік аударма – еркін аударма» оппозициясында көрінеді. Сондай-ақ, сәйкестік деп бастапқы мәтін бірлігін аудару нұсқаларының бірін айтады; түпнұсқа I – алғашқы негіз, бастапқы; түпнұсқа II – аудармадағы бастапқы мәтін, аударма осы мәтіннен жасалады; бейімдеу I – жуықтау, жақындау, икемдеу; бейімдеу II – 1. рецепторға бірдей әсер ету мақсатында сипатталған жағдаятты өзгерту нәтижесінде сәйкестіктерге қол жеткізу амалы. 2. мәтіннің түрлі өңделуі; 3. қажетті дәрежеде дайын емес оқырмандар үшін мәтіннің әзірленуі; қабылдау I – адам миында болатын түсіну, сезіну процесі; қабылдау II – аудару барысында бастапқы тілде оқу немесе тыңдау іс-әрекетінің бастамасын білдіреді; нақтылау I – дәлдей түсу, анықтау, айқындау; нақтылау II – бастапқы тіл бірлігіне қарағанда аударылған бірлік мағынасының нақты болуына байланысты аударма амалдарының бірі.

Сонымен бірге, аударматану терминдік бірліктерінің материалы негізінде салааралық терминдер-омонимдер түрлері де анық байқалады. Мысалы, транслят – транслят (аударматану – радио, теледидар); селектор – селектор (аударматану – байланыс жүйесі) жәнет.б.» [6, 21-22 бб.] деп омоним-терминдердің терминологиялық қорымыздан анық байқалатындығын мойындайды. Шындығында да, терминқорымыздан омоним-терминдерді көптеп санап алуға болады.

Мысалы, өріс физикада «еркіндік дәрежесі шексіз көп физикалық жүйе; материяның негізгі түрі», лингвистикада «мағына ортақтығына негізделген, білдіретін құбылстарының ұғымдық, заттық және қызметтік ұқсастығы бар тіл бірліктерінің жиынтығы».

Агглютинация лингвистикада «түбір сөзге, көбіне соңынан жалғанатын қосымшалар арқылы пайда болатын тілдік құбылыс негізіндегі жалғамалы тілге тән ерекшелік», медицинада «майда элементтердің түйірленіп желімденуі» және т.б.

Ш.Құрманбайұлы омоним-терминдер жайында «Қазақ терминологиясы: зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография» атты еңбегінің «Терминдену тәсілінің түрлері» атты тараушасында сөз етеді.

Ғалым «Көп жағдайда жалпы қолданыстағы сөздің терминденуіне терминделуші ұғым тілде бұрыннан бар ұғымның қандайда бір терминделуші ұғым мен тілде бұрыннан бар ұғымның қандайда бір ұқсастықтары себеп болады» дей келе, терминологияда омонимдік қатар құрай алатын *кебек*, *редукция*, *ісіну* және т.б. сияқты мысалдарды

келтіреді. Терминологиядағы мұндай омоним-терминдердің жасалуын, ішкі терминдердің нәтижесі деп атайды [7, 25-32 бб.]. Терминденудің мұндай процесін ғылымда «екіншітерминдену», «транстерминологизация» деп атайтындығын сөз етеотырып, «жоғарыдағы терминдердің қайсысын қолданған дұрыс дегенге келер болсақ, біздіңше, терминденудің бұл түрін «екінші терминдену» деп атау терминдік ұғымды дәл бере алмайды. Себебі, кейбір сөздер жалпы лексикалық өрістен белгілі бір терминологиялық өріске өтіп, одан келесі ғылым саласынан немесе кез келген арнаулы саладан орын алумен ғана шектеліп, яғни екі-ақ рет терминденіп қана қоймауы мүмкін. Бір терминнің үш, төрт немесе одан да көп арнаулы салаға алмасуы терминологияда ұшырасып тұратын құбылыс» [7, 28 б.] екендігін ескерте келе, *ішкі терминдену* деген атау осы процесті дәл береді деп көрсетеді. Яғни, омоним-терминдер біздің тілімізге жат құбылыс емес екендігін аңғартады.

Қазақ тілінде омоним-терминдерді арнайы қарастырған еңбектер де жоқ емес. Ә.Н.Насыритдинова «Техникалық терминологиядағы омоним-терминдер және олардың қолданыс ерекшеліктері» атты мақаласында қазақ терминологиясының қорындағы техникалық терминдердегі омоним құбылысын сөз етеді. Автор оларды, яғни, омоним-терминдерді салааралық және жүйеаралық деп екі топқа бөліп қарастырады [8, 15-20 бб.].

Ғылым тілінде терминдер жүйеаралық және саларалық омонимдер деп екіге бөлінетіндігі белгілі. Жүйеаралық омоним-терминдерге ғылымның бір саласында омонимдік қатар құрайтын терминдерді жатқызады: АҚБАС I. *Басы жара болып, төсі ісетін жұқпалы түйе ауруы. II. Аяғына күс түсіп, тұяғы бүрісіп өсетін жылқы ауруы, бақай құрт. Бұл екі термин де ауылшаруашылығы саласына, оның ішінде, ветеринария саласына жататын терминдер.* ВОЛЬТ I. *Манеждегі аттың шеңбер ішімен оңға, солға күрт бұрылуы. II. Акробатикада, цирк гимнастикасында - акробат, гимнастың 180 градусқа күрт бұрылуы. III. Фехтованиеде түйреуден қашқақтау, жалт беру.* Келтірілген үш термин де спорт саласына жататын омоним-терминдер. Бұл жерде мына жайтты ескере кеткен жөн. Вольт термині электр саласына қатысты мына ұғымда «халықаралық бірліктер жүйесінде кернеулі электр тогы күшін өлшеу бірлігі» салааралық омонимдік қатар түзе алады. Тілімізде жүйеаралық омоним-терминдердің саны аса көп емес.

Салааралық омоним-терминдерге ғылымның екі немесе одан да көп салаларында омонимдік қатар құрай алатын терминдерді жатқызамыз: АЙМАҚТАНУ I. *Ағзалардың белгілі бір түрін, туысын, тұқымдасын немесе басқа қандай болса да жүйелік санаттың таралу алабын зерттейтін ғылым. II. Халықаралық қатынастың және жаһандық бәсекелестіктің субъектілері ретінде аймақтық қауымдастықтар, топтар мен елдер, олардың аймақтарының дамуының ішкі және сыртқы түркіжайттарын зерттейтін ЖОО талдама пән. Бірінші мысалдағы термин анатомия ғылымына тиесілі болса, екінші мысалдағы термин ғылым-білім саласына жататын термин. Сондай-ақ, ЖЕЛКЕН I. *Кемнің, қайықтың жүруіне көмек болу үшін мачтаға керілген қалың мата. II. Ең ірі жоғарғы күлтежапырақшасы.* Алдыңғы мысалдағы термин техника саласына жататын ұғым, келесі мысалда ол өсімдіктану саласын тиесілі ұғым болып тұр. Тағы бір мысал. АГГЛЮТИНАЦИЯ I. *Түбір сөзге, көбіне соңынан жалғанатын қосымшалар арқылы пайда болатын тілдік құбылыс негізіндегі жалғамалы тілге тән ерекшелік.* Лингвистика ғылымының термині. II. *Майда элементтердің түйірленіп желімденуі. Медицина ғылымына тән термин.**

Орыс ғалымы В.П.Даниленконың пікірі бойынша, салааралық терминологиялық омонимияға тән екі белгі бар:

- терминдердің дефинициялары әртүрлі;
- бұл терминдер әртүрлі терминологиялық жүйелерде қолданылады [3, 70 б.].

Байқағандарыңыздай, жоғарыда келтірілген терминдер ғалымның көрсеткен талаптарына толық жауап беріп тұр.

III. Құрманбайұлы терминдердің жалпықолданыстағы және өз ішінде омонимдік қатар құруының себебін былай деп түсіндіреді: «Терминденудің мұндай жағдайында жалпы қолданыстағы термин емес сөз белгілі бір терминологиялық өріске енгізіліп, терминдік

мағынаға ие болады да, соның нәтижесінде жалпы қолданыстағы сөз бен термин омонимге айналады немесе сөздің бастапқы мағынасы нақтыланады (тарылады, кеңиді).

Терминденудің бұл түрі жалпы қолданыстағы сөздің бастапқы мағынасының метафоралануы, өзге тілдегі сөздің кальктануы (семантикалық конверсия) және сөз мағынасының нақтылануы сияқты жолдар арқылы жүзеге асырылады.

Ал ішкі терминдену кезінде ең алдымен терминделуші ұғым атауы терминологиялық өрістен алынады. Мәселен, физикада, психологияда, тіл білімінде қолданылатын өріс термині, философияда, тіл білімінде қолданылатын *байымдау* және *донор* (химия, медицина), *субъект* (философияда, логика, заң ғылымында) сияқты көптеген терминдер терминологиялық жүйенің өз ішінде бір ғылым саласынан екінші ғылым саласына ауыстыру арқылы жасалған. Мұндай салааралық омонимдердің туындауына көбінесе жалпы қолданыстағы сөздердің терминденуі тәрізді, ғылыми ұғымдардың өзара ұқсастықтары негіз болады. Сондай-ақ жоғарыда айтқанымыздай, терминологиядағы салааралық омонимдердің пайда болуына тек ішкі терминдену ғана себеп болмайды. Жалпы қолданыстағы сөздердің терминденуінің нәтижесінде де көптеген салааралық омонимдер туындауы мүмкін. Мәселен, өсімдіктанудағы *тамыр* термині мен медицинадағы *тамыр* терминдерінің жасалуына, яғни салааралық омонимдердің туындауына осы ұғымдардың жалпыхалықтық тілдегі атаулары негіз болған. Жалпы қолданыста *тамыр* деп «өсімдіктің су мен қоректік заттарды жеткізіп тұратын мүшесін» және қан жүретін жолды» айтады [7, 30 б.].

Шындығында да терминдер жалпықолданыстағы сөздермен, тіпті, диалектілермен де омонимдік қатар құрай алады. Сонымен бірге терминдер өз ішінде белгілі бір ғылым саласы шеңберіндегі терминдермен де әр салаға жататын терминдермен де омонимдік қатар құрай береді. Омоним-терминдердің пайда болуының бірнеше жолдары бар. Оның ең біріншісі – уәж. Мына бір мысалдарға назар аударайық, ДАБЫЛ I. *Әскери бөлімшенің (бөлімнің, құрамның) белгіленген мерзімде толық жасауынгерлік дайындықта болуы және алдын ала жоспарланған шепке (орын, жер) орналасуы үшін дерілетін шартты (ракета, сирена, горн арқылы) белгі;* II. *Жергілікті жердегі халықты әуе қаупінен, атом, химиялық қарулардың қаупінен немесе т.б. сақтандыру хабары;* III. *Саусақпен қағып ойнайтын музыкалық аспап деген ұғымдарды білдіреді.* САҚИНА I. *Сәндік үшін саусаққа салынатын, таза металдан жасалған жүзік.* II. *Құс аяғына салатын мыс, қаңылтыр т.б. жасалған дөңгелек шеңбер және т.б.* АЙЫРМА I. *Бір саннан екінші санды алғанда қалған қалдық;* II. *Қойдың, сиырдың бақайында болатын сарып ауруы.* Бұл келтірілген мысалдардың алдыңғысында үш мағынаны да ортақтастырып тұрған уәж – қандайда бір дыбыс шығару. Яғни, аспап атауының мағынасы басқа терминдердің жасалуына арқау болып тұр. Келесі мысалда сақина сөзінің тұтас алғандағы мағынасы омонимдік қатар құрауға негіз болаған. Үшінші мысалдағы омонимдік қатар құруға негіз болып тұрған уәж сөздің жалпы қолданысындағы мағынасы – «*өзгешелік, ерекшелік, айырмашылық, парық*» деген мағыналары. Омоним-терминдердің басым бөлігі сөз мағынасының метафоралануы арқылы пайда болған.

Терминқорымыздағы енді бір терминдер шет тілдерден дайын күйінде омонимдік қатар болып енген: БЛОК I. *Шеңберінде арқан асуға арналған ойық белдеуі бар доңғалақ механизм;* II. *Үйдің іргетасы мен қабырғасын қалауға арналып, дұрыс геометриялық пішінге келтірілген жасанды тас;* III. *Шахта алаңының белгілі бір шегіндегі қазу жұмыстары жүргізілетін бөлік;* IV. *Саяси-әлеуметтік топтардың өзара келісімі, одағы.* V. *Топталған жиын;* VI. *Құжаттардың таңдап алынған біртұтас бөлігі.* ВИРУС I. *Өте ұсақ, тек қана электрондық микроскоп арқылы ғана көрінетін, көптеген жұқпалы аурулардың қоздырғыштары;* II. *Торшасы жоқ, өзіне тән геномы бар, тірі торшада ғана өсіп көбейе алатын өте ұсақ автономды генетикалық құрылымдар, ең қарапайым тіршілік иелері;* III. *Басқа бағдарламалар мен файлдарға өз көшірмесін автоматты түрде кірістіре отырып, файлдарды қасақана бүлдіру мақсатында жазылған компьютерлік шағын бағдарлама (1-2 Кб немесе макрос).* ВОЛЬТА I. *Нота жазуында музыкалық шығарманың шағын бөлімінің аяқ жағы әртүрлі болып қайталануын көрсететін белгі (жақша, сан, цифр);* II. *Жеңіл жібек сияқты жұмсақ мақтадан жасалған мата.* ГАЗ I. *Заттың атомдары мен молекулалары бір-*

бірімен әлсіз байланысқандықтан, кез келген бағытта еркін қозғалатын және өзіне берілген көлемге толық жайылып орналасатын агрегаттың күйі; II. Үлгіде, селдір, жасанды жібек мата. ГАЗЕЛЬ I. Қос тұяқтылар тобындағы қуысмүйізділер туысына, бөкен тұқымдасына жататын әсем тұлғалы, жүйрік жануардың бір түрі; II. Ұйқасы аяғында болатын екі жолды өлең және т.б.

Терминқорымызда ешқандай уәжсіз жай ғана дыбыстардың кездейсоқ қатар келуі арқылы омонимдік қатар түзетін терминдер де бар: БИТ I. Адам мен сүтқоректілердің қанын немесе өсімдік жапырақтарының шырынын сорып тіршілік ететін ұсақ жәндіктер отряды; II. Компьютер жадының көлемі мен аппарат санын өлшеуге арналған ең кішкене бірлік және т.б.

Қорыта келгенде, қазақ терминологиялық қорында омоним-терминдер бар екендігін мойындауға болады. Омоним-терминдер өз ішінде жүйеаралық және саларалық деген үлкен топқа бөлінеді. Сонымен бірге, бұл терминдердің омонимдік қатар құруына арқау болып тұрған бірнеше себептер бар. Олар: терминдену үрдерісінде ұғымға атау беруде уәжді, яғни семантикалық байланысты басты назарға алуы; екінші, шеттілдерден енген терминдер омонимдік қатармен тілімізге дайын күйінде енуі; үшінші, ешқандай уәжсіз жай ғана дыбыстардың кездейсоқ қатар келуі арқылы омонимдік қатар түзуі.

Омоним-терминдер жалпықолданыстағы сөздермен де, тіпті, диалектілермен де омонимдік қатар құрай алады. Бұның барлығы терминқорымыздағы омоним-терминдерді арнайы зерттеу нысанына алуға жетелейді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қайдаров Ә.Т. Ғылым тілі және әдеби тіл статусы // Терминдер және олардың аудармалары. – Алматы: Ғылым, — 2010.
- 2 Айтбайұлы Ә. Ғылым тілі // Қазақ тілі: Энциклопедия. – 1998.
- 3 Даниленко В.П. Русская терминология. Опыт лингвистического описания. – М.: Наука, 1997. - 245 с.
- 4 Суперанская А.В. Литературный язык и терминологическая лексика // Проблемы разработки и упорядочения терминологии в академиях наук союзных республик. – М.: Наука, 1998.
- 5 Құрманбаева А.Ж. Терминологиялық жүйе ұғымының кейбір ерекшеліктері // Қаз ҰПУ хабаршысы. «Филология ғылымдары сериясы» – 2016. – №4.56-59 бб.
- 6 Қожаева М. Аударматану терминдерінің когнитивтік-семантикалық құрылымы. Филол. ғ.к. ... диссертациясының авторефераты. – Алматы, 2007. – 34 б.
- 7 Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы: зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография. – Алматы: «Сардар», 2014. – 928 б.

MODELS FOR THE FORMATION OF STUDENTS FOREIGN LANGUAGE COMMUNICATIVE COMPETENCE AT NON-LINGUISTIC UNIVERSITIES

Kashkinbayeva K.

Senior lecturer

Civil Aviation Academy

Almaty, Kazakhstan

e-mail: kulmar.ermek@mail.ru

Abstract. The article considers the relevance of the problem of formation of foreign language communicative competence based on a cultural approach among students at a non-linguistic university.

Currently, the requirements for the level of training in a foreign language in a non-linguistic

university are determined by the need for students to master the skills of foreign language communication.

The issue of the co-study of language and cultures is considered as the main direction of modern education, which defines the essence of the sociolinguistic approach. The necessity of learning a foreign language by future specialists for active and full-fledged cooperation in the modern multicultural world is substantiated. Special attention is paid to the sociolinguistic approach, which involves the formation of a new type of specialist.

Keywords: models, foreign language, non-linguistic university, competence, students.

Integration trends in the development of the modern post-industrial information society in economics, politics, and culture place high demands on graduates of higher professional education and on their level of proficiency in a foreign language at a professional level. The requirements for the level of training of such specialists are not limited to practical knowledge of a foreign language, but imply possession of a set of communicative competencies, considered as the ability to act independently and responsibly within the framework of their duties and professional tasks (to live and work in a multicultural, information society, to withstand competition in the free labor market and take a worthy place not only in their professional community, but also internationally). In this regard, the formation of foreign language communicative competence among future non-linguistic specialists is of particular importance. The university is based on a cultural approach. This approach provides training of a future specialist in a foreign language, considering the socio-cultural context of its study.

The study of the process of formation of foreign language communicative competence based on a cultural approach among students at a non-linguistic university is impossible without building a model. From the point of view of a systematic approach, the most important characteristics of the pedagogical process are phasing, the presence of a structure of interconnected ordered components.

The target module includes the purpose, objectives and methodological foundations of organizing work in a non-linguistic university to form students' foreign language communicative competence in the context of a cultural approach. The content-procedural module includes the following blocks: content aspects, content components, areas of educational activity and conditions. The third module – evaluative and effective - contains diagnostic tools and the results of an experimental study.

The aim of the target module: to create conditions for the formation of foreign language communicative competence among students in the context of a cultural approach.

Tasks of the target module:

- 1) activation of students' motivation to master foreign–language communicative competence, which is one of the components of a specialist's professional culture.
- 2) mastering language and speech skills in a foreign language as a means of communication based on the assimilation of cultural facts.
- 3) development of linguistic intuition of a person, allowing to communicate in a dialogue of cultures - foreign and native.
- 4) activation of personality abilities to project, research activities, independence.

Modern education, as a system, is influenced by various factors contributing to its modernization. The adaptation of the educational system to the new realities of the 21st century is becoming relevant for pedagogical science, which means that human resources and their development become the most important capital of education. This means that the main purpose of teacher training can be defined as the training of a qualified employee of the appropriate level and profile, competent, competitive, responsible, proficient in modern pedagogical and information technologies, capable of continuous professional growth, social and professional mobility.

Vocational training at the university is an integral pedagogical system. Integrity means, first, the level of development of the system, the internal connection of its components, their harmonious interaction and development. The professional training of teachers is a dynamic system with relative

autonomy of structural elements. Foreign language training as a component of this system is a pedagogical process aimed at the formation of students' foreign language communicative competence. To develop a system of interrelated measures to improve the system of formation of foreign language communicative competence among future specialists, a new pedagogical model reflecting the current level of scientific knowledge is needed.

Methodological foundations of the target module: activity-based, competence-based, cultural approaches, considering the laws of humanistic pedagogy. Principles of the target module: fundamentalization; cultural conformity; humanization, integrity.

Content and procedural module's aspects are classroom forms: basic course "Foreign language", "English language in the field of intercultural and business communication" (self-education) Extracurricular forms: the Dialogue of Cultures Club, a project competition. Selection of pedagogical tools. Content components of content and procedural module: linguistic; discursive; sociocultural; strategic.

Also, its areas of educational activity:

1. Linguistic and cultural selection of the content of FL
2. Focus on innovative learning technologies (project, game, information, dialogue)
3. Implementation of the humanistic function.

Conditions of content and procedural module: socio-pedagogical; organizational and pedagogical, pedagogical.

Evaluation and performance module: diagnostic tools: survey, questionnaire, observation, expert assessment.

Evaluation and performance module's results:

1. Progressive indicators of the leading components of foreign language communicative competence among students.
2. The developed need for interaction with cultural factors, communication in the dialogue of cultures.
3. Creation of cultural and educational space of foreign language culture at the university.

According to M.A. Bogatyreva, humanization is proclaimed as the main principle of modernization, combining Russian humanitarian traditions with new Bologna concepts. Humanization cannot exist without a person and outside of him, refers to a person and society and is associated with ideas about axiology and the doctrine of values. Based on the works of A.G. Asmolov, N.D. Galskova, E.G. Tareva, etc., we understand humanization as the appeal of learning and the educational process as a whole to a person, in creating the most favorable conditions for the possession of socially accumulated experience contained in the content of learning, mastering the chosen profession for the development and manifestation of creative individuality, high civic, moral, intellectual qualities, which would provide him with social security, security and a comfortable existence.

The content-procedural module includes four components: content aspects, content components, areas of educational activity, conditions and pedagogical tools (texts, exercises, analytical tasks, role-playing games, projects). The process of forming a foreign language communicative competence based on a culturological approach involves taking into account interdisciplinary knowledge that correlates with the main components the content of the training, and include a linguistic (linguistic) component, discursive, strategic and socio-cultural components. Each component has its own content specifics: the linguistic (linguistic) component involves students mastering terminology, word-formation models, syntax features, etc.; the discursive component is considered as the ability to navigate the knowledge gained while learning their native language and activating the understanding of a foreign language special text; aimed at understanding how coherent speech is built (patterns of speech organization, speech coherence and transitional means); The strategic (compensatory) component can fill in the gaps in language proficiency. Possession of it makes it possible to anticipate the content of a message by its individual words, genre; guess the meaning of unfamiliar words based on the context, topic; and using non-verbal means of communication. To these components already accepted in the education system, we add a socio-

cultural component that will help the student in cultural and social experience communication in a foreign language environment.

The structural and functional model of the formation of foreign-language communicative competence of students of a pedagogical profile is the integral functioning of targeted, meaningful, functional, diagnostic and effective components, subject to certain pedagogical conditions, which can be formulated as a set of measures aimed at the successful achievement of set goals, interacting and mutually complementary, which prevents the penetration of random, not contributing to the desired effectiveness.

The formation of foreign language communicative competence among students at a non-linguistic university through a cultural approach, as indicated in the model, was carried out in specific conditions. Let's take a closer look at two concepts: "formation" and "conditions". In the well-known dictionary edited by S.I. Ozhegov, the concept of "formation" is defined by the verb "to form", which is interpreted in two perspectives. Firstly, as the ability to give a certain shape, completeness. Secondly, as the ability to create, compose, organize. Both are semantic meanings of the concept of "formation" are applicable to our study. We are convinced that the formation of foreign language communicative competence among students of economics occurs at the expense of all its components during their studies at the university. It should be noted that these changes are accumulating quantitatively and, as a result, lead to a qualitative leap in the final stage of formation. We consider the second aspect of the meaning of the verb "to form" as the ability to create and organize. In the context of the research, this is understood, firstly, as an innovative search for the content of education, and secondly, as the creation of optimal conditions for the formation of desired qualities in students.

The increased role of the state in the field of professional foreign language education has actualized the issue of the need to make changes to the content of foreign language training of future specialists, the conceptual foundations for the formation of their foreign language communicative competence in the context of a cultural approach. The formation models the foreign language communicative competence based on the cultural approach of future specialists of a non-linguistic university includes a targeted, content-procedural, evaluative and resultant module, which are interrelated and represent an integrative education focused on improving the foreign language training of students.

References:

1. Bogatyreva, M. A. Politika gosudarstva v oblasti professional'nogo inozazychnogo obrazovaniya / M. A. Bogatyreva // Innovacii v obrazovanii. 2013. № 12.
2. Vishnjakova, S. M. Professional'noe obrazovanie : Slovar'. Kljuchevye ponjatija / S. M. Vishnjakova. – M. : NMCSPO, 1999.
3. <https://czasopisma.marszalek.com.pl/images/pliki/tner/201903/tner5714.pdf>
4. <http://en.sp-journal.ru/article/7664>

ӘӨЖ 81'27

ТІЛ – МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ДИАЛОГТЫҢ КӨПІРІ: ӘЛЕМ ХАЛЫҚТАРЫ АРАСЫНДАҒЫ ӨЗАРА ТҮСІНІСТІК

Раимова Г.Ж.

Әлеуметтік ғылымдарының магистры

*А.Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған республикалық қазақ мамандандырылған
музыка мектеп-интернаты*

Ағылшын тілі пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші

Алматы қ., Қазақстан

gaukhar_2811mail.ru

Аннотация. Қазіргі әлемде халықаралық байланыстардың артуы тіл мен мәдениет арасындағы өзара әрекеттестікті ерекше маңызды етіп отыр. Әлемдегі тілдердің көптігі мен әрекеттестікті ерекше маңызды етіп отыр. Әлемдегі тілдердің көптігі мен әртүрлі мәдениеттердің бір-бірімен қарым-қатынас жасауы қажеттілігі тіл мен мәдениетаралық диалогтың өзектілігін арттырады. Бұл мақалада ағылшын тілін оқыту процесінде - тіл, ол мәдениетаралық диалогтың көпірі ретіндегі маңызы қарастырылады. Ағылшын тілі халықаралық қарым-қатынас тілі ретінде әлем халықтары арасындағы өзара түсіністікті қалыптастыруда басты құралдардың бірі болып табылады. Мақалада тіл үйренушілердің мәдениетаралық қарым-қатынас дағдыларын дамыту және тілдік білімдерін мәдени контексте пайдалану жолдары талқыланады. Әртүрлі мәдениет өкілдерімен өзара тиімді және дұрыс қарым-қатынас орнату үшін мәдениетті түсіну мен құрметтеу қажет. Оқыту барысында мәдениетаралық түсіністік пен диалогты қалыптастыру үшін қолданылатын әдіс-тәсілдер, оқу материалдары мен мұғалімнің рөлі толық баяндалады. Осылайша, ағылшын тілін оқытуда мәдениетаралық білім мен коммуникацияның орны туралы сұрақтар көтеріліп, сол мәселелерді шешуге бағытталған ұсыныстар жасалады.

Түйін сөздер: халықаралық байланыс, мәдениетаралық диалог, мәдени контекст, қарым-қатынас, құрмет, түсіністік.

Аннотация. В современном мире рост международных связей делает взаимодействие между языком и культурой особенно важным. Обилие языков в мире и необходимость взаимодействия разных культур друг с другом повышают актуальность языкового и межкультурного диалога. В данной статье рассматривается значение преподавания английского языка как языка международного общения, один из инструментов формирования взаимопонимания между народами мира и моста межкультурного диалога. В статье обсуждаются способы развития у изучающих язык навыков межкультурного общения и использования языковых знаний в культурном контексте. Чтобы установить взаимовыгодные и правильные отношения с представителями разных культур, необходимо понимать и уважать разные культуры. В ходе обучения подобно излагаются методы и приемы, используемые для формирования межкультурного понимания и диалога, учебные материалы и роль учителя. Таким образом, поднимаются вопросы о месте межкультурного образования и коммуникации в преподавании английского языка, и выдвигаются предложения, направленные на решение этих проблем.

Ключевые слова: международная связь, межкультурный диалог, культурный контекст, общение, уважение, понимание.

Abstract. In the modern world, the increase in international contacts makes the interaction between language and culture of particular importance. The number of languages and interaction in the world is of particular importance. The abundance of languages in the world and the need for different cultures to communicate with each other increase the relevance of language and intercultural dialogue. The article discusses the importance of English in the process of teaching – language, as a bridge of intercultural dialogue. English as a language of international communication is one of the main tools in the formation of mutual understanding between the peoples of the world. The article discusses the development of intercultural communication skills of language learners and ways to use their language knowledge in a cultural context. In order to establish mutually beneficial and correct relationships with representatives of different cultures, it is necessary to understand and respect the culture. In the course of training, the methods, teaching materials and the role of the teacher used to form intercultural understanding and dialogue are described in detail. Thus, questions are raised about the place of intercultural education and communication in teaching English, and recommendations are made aimed at solving these problems.

Keyword: International Communication, intercultural dialogue, cultural context, communication, respect, understanding

Тіл- бұл тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ол мәдениеттің, тарихтың және әлеуметтік қатынастардың айнасы болып табылады. Әрбір тілдің өзіндік мәдени контексті, дәстүрлері, құндылықтары мен дүниетанымы бар. Тіл мен мәдениет арасында тығыз байланыс бар, себебі тіл- мәдениеттің көрінісі болып табылады. Әрбір тілдің өзіндік мәдени ерекшеліктері бар. Атақты лингвист Эдвард Сапирдің пікірінше, тіл өз сөйлеушілердің дүниетанымын қалыптастырады, олардың қоршаған шындықты қалай қабылдайтынын және түсіндіретінін анықтайды.[1]

Әрбір тіл өзінің ұлттық және құндылықтардың, тарихын және тұрмысын көрсетеді. Сонымен бірге, тіл- мәдениетаралық диалогтың құралы ретінде қызмет атқара отырып, ағылшын тілі әртүрлі халықтар арасында өзара түсіністік қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Сондықтан тіл үйренушілерге тек тілдік дағдыларды ғана меңгертіп қоймай, олардың мәдениетаралық диалогтың негіздерін қалыптастыру мен мәдениетаралық қарым-қатынас дағдыларын да дамыту маңызды.[2]

Әсіресе, ағылшын тілі қазіргі таңда халықаралық деңгейде кенінен қолданып, әлем халықтары арасындағы көпір ретінде қызмет етеді. Әлемдегі көптеген халықтар ағылшын тілін халықаралық қатынастардың, ғылым мен білімнің, технологиялардың және мәдениетаралық қарым-қатынастар құралы ретінде қолдануда. Ағылшын тіл арқылы адамдар өздерінің мәдениеттері мен құндылықтарын білдіреді, әрі сол мәдениеттерімен танысып, өзара түсіністікке қол жеткізеді. Осыған орай, ағылшын тілін оқыту барысында мәдениетаралық диалогтың маңызы зор. Тілді үйренушілер тек тілдік дағдыларды меңгеріп қана қоймай, сонымен қатар тіл арқылы басқа мәдениеттердің ерекшеліктерін түсініп, олармен қарым-қатынас жасауға қажетті мәдениетаралық біліктілікті де дамытуы қажет. Бұл үдеріс оқушылардың ғана емес, мұғалімдердің де мәдениетаралық қарым-қатынас дағдыларын жетілдіруін талап етеді.[3]

Ағылшын тілін оқытуда мәдениетаралық диалогты қалыптастыру үшін арнайы әдіс-тәсілдер мен оқыту бағдарламалары қажет. Бұл әдістер тіл үйренушілерге басқа мәдениеттермен қарым-қатынас жасауға және өз мәдениеттерін түсінуге көмектеседі.

Оқушыларды әртүрлі мәдениеттермен таныстыру үшін кросс-мәдениеттік зерттеулерді ұйымдастыру маңызды. Кросс мәдениеттік зерттеулер әртүрлі мәдениеттердегі адамдардың тілдік қарым-қатынастарын зерттеу арқылы мәдениетаралық байланыс жасаудың ерекшеліктерін салыстыруды көздейді. Тіл мен мәдениеттің өзара байланысын талдау, тілдік формалардың және коммуникативтік стратегиялардың әр мәдениеттегі қолданылуын түсінуге көмектеседі. Бұл зерттеулер арқылы оқушылар өздерінің мәдениетінің ерекшеліктері мен басқа мәдениеттердің айырмашылықтарын салыстыра алады. Мысалы, егер тіл үйренуші ағылшын тілінде сөйлейтін елдерге барса, ол сол елдердің дәстүрлері, әдет-ғұрыптары және тәртіптері туралы білімді болуы тиіс. Сонымен қатар, сәлемдесу, тілдік норма мен әлеуметтік қатынастар туралы ақпарат алу өте маңызды. Мұндай білімдер оқушыларға, студенттерге басқа мәдениет өкілдерімен өзара қарым-қатынас жасау кезінде қателіктерден аулақ болуға және дұрыс сөйлеуге көмектеседі. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі ресми және бейресми тіл формаларын салыстырсақ, ағылшын тіліндегі «you» сөзі барлық жағдайда қолданыла береді, ал қазақ тілінде жасы кіші, жасы үлкен, қария адамдар үшін әртүрлі формалар қолданылады. Жасы кішіге «сен», жасы үлкенге «сіз», бұл мәдениетаралық қарым-қатынасты жасағанда үлкен маңызы бар. Кейбір сөздер мен сөз тіркестері бір мәдениетте жағымды, ал басқа мәдениетте ол жағымсыз болуы мүмкін. Мысалы, ағылшын тіліндегі «gift» сөзі «сыйлық» деген мағынаны білдіреді және жағымды мәнге ие. Алайда, неміс тілінде «gift» сөзі «у» деген мағынаны білдіреді және теріс мәнге ие. Қазақ тілінде «қонақ» сөзі «гость» деген мағынаны білдіреді және жағымды мәнге ие, өйткені қазақ мәдениетінде қонақжайлылық жоғары бағаланады. Бірақ, кейбір басқа мәдениеттерде қонақтар күтпеген жерден келсе, бұл ыңғайсыздық тудыруы мүмкін. Осылайша, сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасы мәдениетке байланысты өзгеріп отырады, және бұл айырмашылықтар мәдениетаралық қарым-қатынаста ескерілуі қажет. [3]

Тіл үйренушілердің мәдени контексте тілдік білімдерін пайдалану дағдылары тек

грамматикалық немесе лексикалық білімдермен шектелмейді. Белгілі бір тілде кейбір сөздер немесе сөз тіркестігі басқа мәдениетте теріс түсінілуі мүмкін. Тіл үйренуші осы ерекшеліктерді білуі және тілдік құрылымдарды мәдени контексте дұрыс қолдана білуі керек. Мысалы, ағылшын тілінде «How are you?» деп сұрау күнделікті әдеттегі сұрақ болса да, басқа мәдениеттерде бұл сұраққа жауап берудің мәні терең болуы мүмкін. Мұндай жағдайларды білу арқылы тіл үйренушілер өздерін мәдениетаралық тұрғыдан дұрыс әрі сенімді сезінеді. Ағылшын тілі сабақтарында қолданатын оқу материалдары мен мәтіндер мәдениетаралық диалогты дамытуда маңызды әсер етеді. Әртүрлі мәдениеттердің тарихы, өнері, әдебиеті мен салт-дәстүрлері туралы мақалалар, кітаптар, фильмдер мен бейнемазмұндар оқушыларға мәдениеттерді танып-білуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, осы материалдарды талдау оқушылардың көзқарастарын өзгертуге және жаңа идеялар мен пікірлерді қабылдауға дайын болуына ықпал етеді.[4]

Мейрам мен дәстүрлер туралы білім тіл үйренушілердің, мектеп оқушылардың және студенттердің тілдік тәжірибесін кеңейтеді. Мерекелер мен дәстүрлер халықтың тарихы, құндылықтары туралы көп мәлімет береді. Олар адамдарды біріктіріп, қоғамның біртұтастығын нығайтады. Атап айтсақ, қазақ мәдениетінде Наурыз мейрамы ерекше орын алады. Мереке көктемнің келуін және жаңа жылдың басталуын білдіреді. Наурыз мейрамы кезінде адамдар бір-біріне қонаққа барып, ұлттық тағамдар дайындайды, ән айтып, би билейді. Бұл мереке қазақ халқының бірлігін, қонақжайлылығын және табиғатпен үйлесімділігін көрсетеді.

Жапон мәдениетінде Сакура мерекесі көктемде сакура ағаштарының гүлденуін тойлайтын дәстүрлі мереке болып табылады. Сакура гүлдері жапон мәдениетінде сұлулықтың, өмірдің қысқалығын және табиғаттың өзгермелілігінің символы болып табылады. Бұл мереке жапон халқы отбасымен және достарымен бірге өткізеді.

Америка Құрама Штаттарында ең маңызды және кенінен тойланатын мерекелердің бірі Christmas болып табылады. Christmas мерекесінің Иса Мәсіхтің туған күнін атап өту ғана емес, сонымен қатар мәдени және әлеуметтік аспектілерді де қамтиды. Christmas мерекесі отбасылық құндылықтарды, мейірімділікті және қайырымдылықты насихаттайды. Бұл уақытта адамдар бірі-біріне сыйлықтар беріп, отбасымен және достарымен бірге уақыт өткізеді. Үйлер мен көшелер түрлі-түсті шамдармен, шыршалармен және басқа да мерекелік әшекейлермен безендіріледі. Christmas мерекесі қоғамды біріктіріп, адамдарды жақсылық жасауға ынталандырады. Көптеген қайырымдылық ұйымдары осы уақытта көмекке мұқтаж адамдарға қолдау көрсетеді. Сонымен қатар, мереке кезінде түрлі көмекке мұқтаж адамдарға қолдау көрсетеді. Сонымен қатар, мереке кезінде түрлі қоғамдық іс-шаралар, концерттер және жәрмеңкелер өткізіледі. Сондықтан, Christmas мерекесі Америка Құрама Штаттарында діни, мәдени және әлеуметтік мағынаға ие мереке адамдарды біріктіріп, қоғамның біртұтастығын нығайтады.

Үнді мәдениетінде Дивали мерекесі маңызды орын алады. Бұл жарық мерекесі зұлымдықтың жеңілісін және шамдармен безендіріп, отбасымен, достарымен бірге уақыт өткізеді. Бұл мереке үнді қоғамының рухани құндылықтарын және бірлігін көрсетеді.

Осыған байланысты, әр мәдениеттің өзіндік мерекелері мен дәстүрлері халықтың тарихы, мәдениеті және құндылықтары туралы көп мәлімет береді. Мерекелер мен дәстүрлер адамдарды біріктіріп, қоғамның біртұтастығын күшейтеді. Олар мәдениетаралық қарым-қатынаста маңызды рөл атқарады, өткені олар арқылы адамдар бір-бірінің мәдениетін түсініп, құрметтейді. Мерекелер мен дәстүрлер мәдениетаралық диалогты дамытуға және өзара дәстүрлерін зерттеу, түсіну маңызды болып табылады.

Мәдениетаралық диалогты дамытудағы маңызды құралдардың бірі – рөлдік ойындар мен пікірталастар. Оқушылар әртүрлі мәдениет өкілдеріне тән рөлдерде ойнау арқылы мәдениеттер арасындағы айырмашылықтарды көреді және сол жағдайларға сәйкес әрекет ету дағдыларын үйренеді. Мысалы, бір сыныпта оқушылар қазақтың дәстүрлі тойында қонақ рөлін ойнап. Басқа оқушылар орыс мәдениетінің мерекесінде қатысушы рөлін ойнайды. Бұл рөлдік ойындар оқушыларға әртүрлі мәдениеттердің ерекшеліктерін түсінуге және сол

жағдайларға сәйкес әрекет етуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мұндай тәжірибе оқушылардың мәдениетаралық қарым-қатынас дағдыларын дамытуға және өзара түсіністікті арттыруға ықпал етеді. Ал пікірталастар мен дискуссиялар, әсіресе әртүрлі мәдениеттер мен дәстүрлер туралы талқылаулар, оқушыларға өз ойларын еркін білдіруге мүмкіндік береді. Мысалы, мәдениетаралық диалог барысында оқушылар өздерінің мәдениеті мен дәстүрлері туралы әңгімелеп, басқа мәдениеттердің өкілдерімен пікір алмасады. Бұл процесс оқушыларға өз көзқарастарын кеңейтуге және басқалардың пікірін тыңдауға көмектеседі. Сонымен қатар, мұндай талқылаулар оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамытып, жаңа идеялар мен пікірлерді қабылдауға дайын болуға ықпал етеді. Осылайша, рөлдік ойындар, пікірталастар мен дискуссиялар оқушылардың мәдениетаралық диалогқа қатысуын және өзара түсіністікті арттыруға көмектеседі.[2]

Әр мәдениеттің өзіндік ерекшеліктері бар, кейде бұл ерекшеліктер қарым-қатынастың кедергілерін тудыруы мүмкін. Тіл үйренушінің міндеті – осы кедергілерді жеңу және мәдениетаралық диалогты дұрыс ұйымдастыру. Мысалы, кейбір мәдениеттерде дене тілі маңызды рөл атқарса, басқаларында оның мәні әлде қайда төмен болуы мүмкін. Тіл үйренуші осындай айырмашылықтарды білуі және қарым-қатынас кезінде тиісті әрекет етуі маңызды болып табылады. Сонымен қатар, тіл үйренуші белгілі бір мәдениеттегі қиянатқа немесе дұрыс емес пікірлерге жол бермес үшін әртүрлі мәдениеттерді зерттеп, олардың дәстүрін, мейрамдарын және мерекелерін білу абзал. Дене тілін дұрыс қолдану мен көзқарастың мәдени контексте қалай қабылданатынын білу маңызды. Мысалы, Америкада немесе Батыс елдерінде көзге тік қарау құрметтілік білдіру ретінде қабылданса, кейбір Шығыс елдерінде керісінше көзге тік қарау ұят немесе агрессия ретінде қабылдануы мүмкін. [5]

Тіл үйренушілер мәдениетаралық қарым-қатынас барысында басқа мәдениеттердің әдет-ғұрыптары мен дәстүрлеріне құрметпен қарауы тиіс. Мәдени айырмашылықтарға құрметпен қарау- бұл мәдениетаралық қарым-қатынастың маңызды аспектісі. Әрбір мәдениет өзіне тән әдеп-ғұрыптар, дәстүрлер мен құндылықтар жиынтығына ие, және оларды түсіну мен құрметтеу адамдар арасындағы өзара түсіністікті арттырады. [6]

Кейбір елдерде дінге, киім киюге немесе тағамға қатысты ерекше ережелер болады, оларды ескерген жөн. Мысалы, мұсылман елдерінде әйелдерге арналған киім кию ережелері бар, және ол ережелерді сақтау маңызды. Тағы бір мысал ретінде, мұсылман елдерінде Рамазан айында ораза ұстау дәстүрі бар. Бұл уақытта мұсылмандар күндіз тамақ және сусын ішпейді. Басқа мәдениет өкілдері мұсылман елдерінде болғанда, бұл дәстүрді түсініп, құрметпен қарау тиіс, мысалы, қоғамдық орындарда тамақ ішпеу арқылы.

Жапонияда адамдар бір-біріне құрмет көрсету үшін иіледі. Бұл әрекет жапон мәдениетінде маңызды рөл атқарады және құрмет пен сыпайылықты білдіреді. Басқа мәдениет өкілдері Жапония еліне барғанда, бұл дәстүрді түсініп, құрметпен қарау тиіс. Тағы бір мысал ретінде, Үндістан мемлекетінде сиыр етін жеу тиым салынған, өйткені сиыр қасиетті жануар болып саналады. Жапон елінде тағамды таяқшалармен жеу мәдениеті бар, және таяқшаларды тік қою немесе оларды бір-біріне соғу әдепсіздік болып саналады. Сол себептен, тіл үйренушілер басқа мәдениеттердің әдет-ғұрыптары мен дәстүрлеріне түсіністік пен құрмет танытса, бұл мәдениетаралық қарым-қатынасты жақсартуға көмектеседі. Мәдени айырмашылықтарға құрметпен қарау арқылы әлем халықтары өзара түсіністікті арттырып, мәдениетаралық қарым-қатынасты жақсартып алады. Бұл өз кезегінде бейбітшілік пен ынтымақтастықты нығайтуға ықпал етеді.

Қазіргі уақытта ақпараттық технологиялардың дамуы мен әлеуметтік желілердің кең таралуы халықаралық байланыстарды жақсартуға үлкен үлес қосуда. Ағылшын тілін үйретуде әлеуметтік желілер мен халықаралық жобаларды пайдалану оқушыларға әлемнің әртүрлі бөліктерінен келген адамдармен қарым-қатынас жасауға және өзара мәдени тәжірибе алмасуға мүмкіндік береді. Мысалы, оқушылар халықаралық онлайн форумдарға қатысып, басқа елдердегі құрдастарымен пікір алмаса алады. Бұл оларға басқа мәдениеттердің ерекшеліктерін түсінуге және өздерінің мәдениетін таныстыруға мүмкіндік береді. Тағы бір мысал ретінде, оқушылар халықаралық жобаларға қатысып, бірлескен зерттеулер жүргізеді немесе ортақ

тақырыптар бойынша презентациялар дайындайды. Әлеуметтік желілерді, мысалы Facebook, Instsgram, Twitter, linkedIn пайдалану арқылы оқушылар шетелдік достарымен байланыс орнатып, күнделікті өмірдегі мәдени айырмашылықтарды талқылай алады. Бұл платформалар тілдік дағдыларды жетілдіруге және мәдениетаралық қарым-қатынасты дамытуға ықпал етеді.[7]

Мәдениетаралық білім беру маңызды құрал болып табылады. Көптеген мектептер, университеттерде мәдениетаралық бағдарламалар енгізіліп жатыр. Бұл бағдарлама арқылы оқушылар мен студенттер әртүрлі мәдениеттердің тарихы, өнері, әдебиеті және салт-дәстүрі туралы білім алады. Мысалы Қазақстанда көптеген университеттерде халықаралық студенттер алмасу бағдарламалары арқылы, басқа ел өкілдері қазақ халқының салт-дәстүрімен, мәдениеті және өнерімен, тарихы және әдебиетімен танысып жатыр.

Мәдени іс-шаралар да өзара қарым-қатынас пен түсіністікті нығайтуға көмектеседі. Халықаралық мәдени фестивальдар, көрмелер және концерттер арқылы әртүрлі мәдениеттің өкілдері өздерінің өнерін, дәстүрлерін және тағамдарын таныстырады. Бұл іс-шаралар арқылы адамдар басқа мәдениеттердің ерекшеліктерін түсініп, құрметпен қарауға үйренеді. Мысалы, Қазақстанда жыл сайын өтетін «Этноауыл» фестивалі әртүрлі этностардың мәдениетін таныстырады, өзара түсіністікті арттырады. Мәдениетаралық диалогты дамыту және әртүрлі мәдениеттердің ерекшеліктерін түсіну арқылы біз әлемді жақсырақ және айқын ете аламыз.

Мәдениетаралық қарым-қатынас дағдыларын дамыту - шет тілді үйрену ғана емес, сонымен қатар әлемнің түрлі мәдениеттерін түсіну және сол мәдениеттермен дұрыс қарым-қатынас орнату. Тіл үйренушілерге өздерінің білімдерін мәдени контексте тиімді пайдалану олардың тілдік дағдыларын, мәдениетаралық диалог пен қарым-қатынас дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Бұл дағдылар оларды халықаралық деңгейде сенімді және мәдениетке сезімтал тұлға ретінде қалыптастырады.

Әдебиеттер тізімі

1. Sapir, E. The Status of Linguistics as a Science. In American Journal of Sociology, 1929.
2. Sarah Portney. Intercultural Communication: A Critical Introduction, 2008.
3. Nida, E.A. Language and Culture: Contexts in Translation. John Benjamins Publishing Company, 2003.
4. Халықова, С. Тіл және мәдениетаралық коммуникация. Алматы: ҚазҰУ, 2010
5. Steven Kushner. Intercultural Communication in Contexts, 2003
6. Deardorff, D.K. Intercultural Competence: A Definition, Model, and Implications for Education Abroad. In Intercultural Education (Vol. 17, pp. 233-238), 2006.
7. Костерина, Н. И. Межкультурная коммуникация: проблемы и подходы. Москва: Юрайт, 2005
7. Holliday, A., Kullman, J., & Hyde, M. Intercultural Communication: An Advanced Resource Book. Routledge, 2004.

ӘӨЖ 81'27

ТІЛ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ: ҰЛТТЫҚ СӘЙКЕСТІКТІ САҚТАУДАҒЫ ТІЛДІҢ МАҢЫЗЫ

Жырғаланова Н.Қ.

Әлеуметтік ғылымдарының магистрі,

«Ахмет Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған республикалық қазақ мамандандырылған музыка мектеп-интернаты» РММ

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші

Алматы қ., Қазақстан

Аннотация. Бұл мақалада тілдің ұлттық сәйкестікті сақтаудағы маңызы қарастырылады. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқыту арқылы тілдің мәдениетпен байланысы, ұлттың тарихи санасын қалыптастыру және ұлттық құндылықтарды сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу жолдары талданады. Сонымен қатар, мақалада мектепте қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында қолданылатын әдіс-тәсілдер мен әдістемелік шешімдер ұсынылған. Тілдің қоғамдағы орны, оның мәдениеттің сақтаушысы ретіндегі қызметі, ұлттық сәйкестікті қалыптастырудағы рөлі туралы пікірлер мен көзқарастар берілген. Әдеби шығармалар арқылы оқушыларды ұлттық мәдениетке тәрбиелеу, ұлттық сананы ояту, тілдің басты құндылық екенін түсіндіру мәселелері қарастырылады.

Кілт сөздер: қазақ тілі, ұлттық сәйкестік, мәдениет, әдебиет, педагогикалық әдіс-тәсілдер, ұлттық құндылықтар, оқыту әдістемесі, ұлт болмысы, ұлттық сана-сезім.

Аннотация. В статье рассматривается важность языка для сохранения национальной идентичности. Обсуждается связь языка с культурой в преподавании казахского языка и литературы, а также способы сохранения и передачи национальных ценностей будущим поколениям. В статье представлены методы преподавания и педагогические подходы, применяемые в школах для формирования осознания важности языка как средства формирования культурного и национального сознания. Рассматриваются также взгляды на роль языка как хранителя культуры и его функцию в формировании национальной идентичности через изучение литературы и языка.

Ключевые слова: Казахский язык, национальная идентичность, культура, литература, педагогические методы и приемы, национальные ценности, методика преподавания, национальное сознание, бытие нации.

Abstract. This article discusses the importance of language and culture, with a particular focus on the role of the Kazakh language in maintaining national identity. The teaching of Kazakh language and literature in schools provides students with an understanding of the importance of language in preserving national culture and history, as well as passing it down from generation to generation. Language is a mirror of a nation's spiritual essence, and literature is a tool that demonstrates the artistic power of this language. The article presents key methods and pedagogical approaches used in teaching Kazakh language and literature, along with viewpoints and perspectives that help students understand the close relationship between language and culture. The role of language in shaping national identity and developing national consciousness is also discussed.

Keyword: Kazakh language, national identity, culture, literature, pedagogical methods, national values, teachinology, national consciousness, national essence.

«... Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады.»

А. Байтұрсынұлы

Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мектептегі оқыту үрдісіндегі маңызды

аспектілерінің бірі—ұлттық сәйкестікті сақтау мен қалыптастыру. Тіл—халықтың өткен өмірінің, рухани мәдениетінің айнасы. Тіл халықтың ойлау жүйесін, дүниетанымын, рухын, тарихын сақтайды. Ол ұлттық сәйкестіктің сақталуына, ұрпақтан ұрпаққа мәдени мұраның берілуіне ықпал етеді. Әсіресе қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында тілдің ұлттық мәдениетпен байланысын терең түсіндіру оқушылардың өз ұлтының тілін құрметтеуге, оны сақтауға деген жауапкершілігін арттырады. Ал әдебиет тілдің көркемдік қуатын, ұлттың рухани байлығын көрсететін негізгі құрал болып табылады. Қазақ тілі мен әдебиеті мектептерде оқытылуы барысында ұлттық мәдениет пен салт-дәстүрлердің сақталуына, ұлттық сана-сезімнің қалыптасуына әсер етеді. [1]

Мәдениет – қоғамдық фактор, бірақ оған әлеуметтік ортаның ықпалы мол. Өйткені бір этностың мәдениеті екінші бір халыққа тілдік деректері арқылы айтылады. Тілдік деректер дегеніміз – мәдениетті сипаттаушы символдары мен тілдік таңбалар. Олай болса жоғарыда аталған мәдениет ұлттық менталитет құндылықтарының түп негізі тіл ретінде көрінеді. Тілдің құдіреті арқылы бейнеленіп, шынайылық танылады. Осы орайда әр халықтың өз тілінде жасаған және табиғатдарытқан ұлттық мәдениеттің ізі бар.

Мәдениетті тілден бөліп қарастыруға болмайды. Ол екеуі бір-бірімен тығыз байланысты. Мәдениет сол ұлттың тұрмыс-тіршілігінен бастап, оның дұрыс киінуі, дұрыс сөйлеуіне дейінгі аралықты түгел қамтиды. Мәдениетте тіл, дін, тәртіп, мінез-құлық, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, әдебиет, өнер, театр, философия, т.б. жатады. Тіл мен мәдениеттің бір-біріне байланыстылығы, тәуелділігі туралы Г. Смағұлова: «Тіл бір адамның меншігі емес десек те, сол тілде сөйлейтін жеке адам өз ұлтының бүкіл бітім-болмысын, өмірлік тәжірибесін, дәстүрін меңгеру, сіңіру арқылы ол да өз тарапынан ұжымдық мәдениетке үлесін қосады.», - деп сол шындықты нақтылай түседі. [2., 145 б.]

Қазақ мәдениеті мен салт-дәстүрі тіл арқылы сақталып, ұрпақтан ұрпаққа беріледі. Қазақтың ұлттық руханияты мен философиясы, салт-дәстүрлері тіл арқылы жеткізіледі. Қазақтың қонақжайлығы, ақылгөйлік, бірлік сияқты ұғымдар қазақ тілінде айқын бейнеленген. Әрбір сөздің, тіркестің артында терең мән мен ұлттық құндылық жатыр. Қазақтың «құтты қонақ», «киелі шаңырақ», «алақандай жер» деген сөздері сол ұлттың тарихи және мәдени тұрмысын, қоғамдық қарым-қатынастарын бейнелейді.

Тіл арқылы ұлттың мәдениеті, салт-дәстүрлері мен дүниетанымы, тіпті ұлттың болмысын қалыптастыратын негізгі құндылықтары сақталады. А. Байтұрсынұлы «Тіл тағылымы» еңбегінде «...әр жұрт баласын әуелі өз тілінде оқытып, өз тілінде жазу-сызу үйретіп, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғаннан кейін, басқаша оқыта бастайды. Біз де тіліміз бұзылмай сақталуын тілесек, өзгелерше әуелі өз тілімізбен оқытып, онан соң басқаша оқытуға тиіспіз», - деген. [3.142].

Тіл мен мәдениет арасында тығыз байланыс бар. Ғалым қазақ тілінің маңыздылығын және оның ұлттың сақталуына тигізетін әсерін айта келіп, тілдің таза сақталуы үшін өз тілінде білім беруді ұсынады. Мектептегі қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында осы тіл мен мәдениеттің байланысы оқушыларға түсіндірілуі қажет. Қазақ әдебиеті, оның ішінде ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеті, ұлттың рухани азығы, ал тіл – оның басты құралы. Мектепте тіл мен мәдениеттің, ұлттық сәйкестікті сақтаудың байланысын оқыту арқылы оқушылардың ойлау қабілетін дамытуға, олардың ұлттық мәдениетке деген құрметін қалыптастыруға мүмкіндік туады.

Қазіргі білім беру жүйесінде функционалдық сауаттылықты дамыту маңызды болып табылады. Әсіресе ұлттық тілде сауатты адамдарды даярлау қажет. Бұл сауаттылық қоғамдағы тұлғаның толыққанды дамуына, мәдениет пен ақпарат алмасу аясында тиімді қарым-қатынас орнатуға ықпал етеді.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда мәтіндерді талдау оқушыларға тіл мен мәдениет арасындағы байланысты түсінуге көмектеседі. Мәтіндер талдау барысында тілдің әр түрлі аспектілері — тілдік құрылымдар, стильдер, сөздік қор — ұлттық мәдениеттің көрінісі ретінде қарастырылады. Сонымен қатар, тілдің әлеуметтік және мәдени қызметі туралы түсінік беретін әдеби шығармалар талданып, тіл мен әдебиет арасындағы тығыз байланысты

айқындау мақсат тұтылады. Мәтіндерді талдағанда келесі мәселелерге назар аудару қажет:

- Тілдің ұлттық сәйкестікті сақтау мен қалыптастырудағы маңызы.
- Әдеби шығармалар арқылы ұлттық мәдениеттің көрінісі.
- Тіл мен әдебиеттің халықтың тарихи санасын жаңғыртудағы рөлі.
- Мәтіндегі тілдік құралдардың ұлттық сипаттылығы. [4]

Әдеби шығармаларды талдау–тілдің байлығын, ұлттық құндылықтарды оқушыларға жеткізудің негізгі әдісі. Оқушылардың мәтінді терең түсінуі және оның ішкі мәнін ашуы үшін мынадай әдістерді қолдануға болады:

- Тілдік талдау: мәтіндегі сөздер мен сөз тіркестерін, сөйлем құрылымдарын талдай отырып, олардың ұлттық құндылықтарды қалай көрсететінін түсіндіру.
- Контекстік талдау: Әдеби шығармалардың мазмұны мен олардың қазақ халқының тарихымен, салт-дәстүрлерімен байланысын зерттеу.
- Құндылықтар арқылы талдау: Мәтіндер арқылы ұлттық сана-сезімді оятатын, ұлттық құндылықтарды насихаттайтын тақырыптарды зерттеу (батырлық, ерлік, ынтымақ). [4]

Әдеби шығармаларды талдай отырып, оқушылар ұлттық тарихымыз бен мәдениетіміздің құндылықтарын терең меңгереді. Шығармаларды талдау арқылы тілдің ұлттық сәйкестікті сақтаудағы рөлін түсіндіруге болады. Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романы қазақ халқының мәдениеті мен тарихы туралы маңызды дереккөз болып табылады. Бұл шығарманың мәтінін талдай отырып, оқушылар қазақ халқының өткені мен бүгінгі күні туралы кеңірек мәлімет алады. Мысалы, «Қыз Жібек» жыры арқылы қазақ халқының қызға деген құрметін, отбасылық тәрбие мен ұлттық мінез-құлықты көрсетуге болады. Жырда қазақтың ұлттық қасиеттері–адалдық, ар-намыс, Отанға деген сүйіспеншілік, ата-ананың алға қойған армандары – анық көрініс табады.

«Абай жолы» шығармасында қазақ халқының өмірі, оның рухани құндылықтары мен әлеуметтік құрылымы, дәстүрлері мен тұрмыс- тіршілігі егжей-тегжейлі сипатталған. Әуезовтің бұл шығармасы арқылы оқушылар қазақ халқының өзіндік болмысын, оның әлемге деген көзқарасын танып, ұлттық мәдениетке деген қызығушылықтарын арттыра алады. Абай шығармашылығында қазақ халқының ұлттық болмысын қалыптастыруға ерекше назар аударылады. Оның шығармаларында қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары көрсетіліп, тілдің ұлтты біріктіруші күш ретіндегі мәні түсіндіріледі.

Үзінді: «Абай жолы» романынан (М. Әуезов). «Қазақ әдебиетінің інжу-маржаны болған Абайдың шығармашылығы ұлттың рухани мәдениетін өркендетуге бағытталған. Оның өлеңдерімен қара сөздері – қазақ халқының болмысын, тілін, ұлттық дүниетанымын терең түсінуге жол ашатын мұра».

Талдау:

- Тіл мен мәдениет байланысы: Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романында қазақ тілінің мәні мен мазмұны туралы терең ойлана отырып, ұлттық мәдениеттің көрінісі ұсынылады. Абайдың өлеңдерінде тіл мен мәдениет арасында тығыз байланыс байқалады.
- Ұлттық сәйкестік: Абай шығармашылығы қазақ халқының ұлттық тұлғасын қалыптастыруда маңызды орын алады. Ол өз шығармаларында қазақ халқының әдет-ғұрыптарын, салт-дәстүрлерін көрсетіп, тілдің ұлтты біріктіруші күш екенін айқындайды.
- Тілдің қызметі: Мәтіндегі Абайдың тілдік құралдары ұлттық ойлаудың, сезімнің, дүниетанымның айқын көрінісі болып табылады. Қара сөздері мен өлеңдерінде қазақ тілінің байлығы, оның құндылықтары, ұлттың ұлттық идеялары мен дәстүрлері байқалады.

«Қобыланды батыр» эпосынан алынған үзіндіні талдау. Үзіндіде Қобыланды батырдың ерлігі мен күресі, оның қазақ халқының еркіндігі үшін күресуі–ұлттың тәуелсіздікке деген ұмтылысын білдіреді. Батырдың тілінде қатаң, батылдық пен ержүректілік сипатталады. Талдау:

- Тіл және мәдениет: «Қобыланды батыр» эпосындағы тіл ұлттың ерлік рухын, ұлттық күрес пен тәуелсіздікті білдіреді. Әр сөз, сөйлем халықтың батырлық дәстүрлерін, ерлікті, халықтың ұлттық жауынгерлік рухын көрсетеді.

- Ұлттық сәйкестік: Эпостағы батырдың ерлігі, оның іс-әрекеттері мен айтқан сөздері – қазақ халқының ұлттық мінез-құлқы мен тәуелсіздікке деген талпынысының көрінісі. Бұл эпостың тілі мен мазмұны қазақ халқының мәдени бірлігін сақтауға, оның өткенін түсінуге және болашақ ұрпаққа жеткізуге мүмкіндік береді.

- Тілдің қызметі: Тілдің көркемдік құралы ретінде батырлық эпосы қазақ халқының тарихындағы маңызды кезеңдерді еске салады, оның тіліндегі бейнелі сөздер мен метафоралар ұлттық мәдениет пен дүниетанымды білдіреді.

«Тіл және ұлттық құндылықтар» мақаласынан үзінді:

«Тіл – тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ол ұлттың мәдениетінің, руханиятының, өмір салтының айнасы. Әрбір сөз, әрбір сөйлем қазақ халқының тарихын, дүниетанымын, салт-дәстүрін сақтап, жеткізіп отырады.» Талдау:

- Тіл мен мәдениет: Мақалада тіл мен мәдениеттің тығыз байланысы анық көрсетіледі. Тіл ұлттық мәдениеттің сақтаушысы және жеткізушісі ретінде қарастырылады. Қазақ тіліндегі сөздер мен тіркестер қазақтың рухани дүниесінің, дүниетанымының айқын көрінісі болып табылады.

- Ұлттық сәйкестік: Тіл арқылы ұлттың мәдени құндылықтарын сақтап, оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізу мүмкіндігі беріледі. Қазақ тілінің сақталуы мен дамуы арқылы ұлттық сәйкестік нығаяды, бұл ұлттың өзіндік ерекшеліктері мен тарихын білуге мүмкіндік туғызады.

- Тілдің қызметі: мақалада тілдің қызметі ұлттың мәдени мұрасын сақтау және оны ұрпаққа жеткізу болып табылады. Тіл-ұлттық мәдениеттің басты құралы ретінде кеңінен қарастырылады.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқыту барысында мәтіндерді талдау арқылы тіл мен мәдениеттің өзара байланысы, ұлттық сәйкестікті сақтаудағы тілдің рөлі айқындалады. Әдеби шығармалар мен мақалаларда тілдің мәдениетпен тығыз байланысы және оның ұлттың өзіндік ерекшеліктерін қалыптастырудағы маңызы көрсетіледі. Тіл ұлттық құндылықтарды сақтап, оларды ұрпақтан ұрпаққа жеткізу міндетін атқарады. [4]

Сонымен қатар қазіргі заманғы қоғамда мәдениетаралық диалог маңызды орын алады. Қазақстан көп ұлтты мемлекет болғандықтан, оқушыларға басқа этностардың тілдері мен мәдениеттеріне құрметпен қарауды үйрету маңызды. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында тіл мен мәдениеттің өзара байланысын түсіндіру арқылы оқушыларды мәдениетаралық диалогқа баулуға болады. Ол үшін тілдік және мәдениетаралық жобаларды жүзеге асыру. Сабақ барысында интернет ресурстарын тиімді қолдана отырып, тіл мен мәдениет туралы түсініктерін кеңейтуге болады.

Қазақ мәдениеті мен салт-дәстүрлері арқылы тіл мен мәдениетті таныту – ұлттық сәйкестікті сақтау және ұрпақтан ұрпаққа жеткізу үшін маңызды әдіс. Тіл – ұлттың ұлттық болмысын, мәдениетінің негізін құрайтын басты құрал, оны дұрыс пайдалану арқылы ұлттың мәдениетінің тұтастығы мен ұрпақтардың рухани байланысы нығайтылады. Ұлт тірегі болған ана тілімізге қамқор болайық. Мемлекеттің болмыс-бітімін даралап, өзіндік тағдарын айқындайтын басты белгісі – халықтың тілі мен мәдениеті. Олай болса, тіл мен мәдениет-ұлтымыздың бет-бейнесі, рухани болмысы, ақыл-ойы мен парасаты екендігін есте сақтайық.

Әдебиеттер тізімі

1. Жұбанов Қ. «Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер» / Құдайберген Жұбанов. – Алматы: Ғылым, 2017 ж.
2. Байтұрсынұлы А. «Тіл тағылым» (142 б.) 1992 ж.
3. Смағұлова Г. «Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері.» Алматы: Ана тілі, 1998-169 б.

4. Жұбанов Қ. «Қазақ тілінің теориясы» / Құдайберген Жұбанов. – Алматы: Ғылым, 1966.

МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ДИАЛОГ

Ергешбаев Е.,

«БВ05101-Биологиялық және сабақтас ғылымдар»

Даулетова А.

Педагогика ғылымдарының магистрі,

Халықаралық инженерлік-технологиялық университеті

Алматы қ., Қазақстан

e-mail: ergeshbaeveldos8@gmail.com

Түйін. Мақалада мәдениетаралық диалогтың теориялық негіздері мен практикалық маңызы қарастырылады. Қазақстандағы этносаралық келісім мен тұрақтылықты қамтамасыз етудегі мәдениетаралық диалогтың рөлі жан-жақты талданады. Цифрлық дәуірдегі мәдениетаралық коммуникацияның ерекшеліктері мен осы бағытта туындайтын қиындықтар зерттеледі. Сондай-ақ, Қазақстанның ұлттық үлгісі ретінде Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлі және "Рухани жаңғыру" бағдарламасының маңызы ашып көрсетіледі. Мәдениетаралық диалогты нығайту үшін білім беру, мәдени іс-шаралар ұйымдастыру және цифрлық коммуникация құралдарын пайдалану бойынша ұсыныстар беріледі.

Тірек сөздер: Мәдениетаралық диалог, этносаралық келісім, Қазақстан халқы Ассамблеясы, мәдени әртүрлілік, рухани жаңғыру, цифрлық коммуникация, білім беру.

Аннотация. В статье рассматриваются теоретические основы и практическое значение межкультурного диалога. Всесторонне анализируется роль межкультурного диалога в обеспечении межэтнического согласия и стабильности в Казахстане. Изучаются особенности межкультурной коммуникации в эпоху цифровых технологий и проблемы, возникающие в этом направлении. Также раскрывается роль Ассамблеи народа Казахстана как национальной модели Казахстана и значение программы "Рухани жаңғыру". Даны рекомендации по использованию средств образования, организации культурных мероприятий и цифровой коммуникации для укрепления межкультурного диалога.

Ключевые слова: межкультурный диалог, межэтническое согласие, Ассамблея народа Казахстана, культурное разнообразие, рухани жаңғыру, цифровые коммуникации, образование.

Abstract. The article discusses the theoretical foundations and practical significance of intercultural dialogue. The role of intercultural dialogue in ensuring interethnic harmony and stability in Kazakhstan is analyzed in detail. The features of intercultural communication in the digital age and the difficulties that arise in this direction are studied. The role of the assembly of people of Kazakhstan as a national model of Kazakhstan and the importance of the Ruhani zhangyru program will also be revealed. Recommendations are given on the organization of educational, cultural events and the use of digital communication tools to strengthen intercultural dialogue.

Key words: intercultural dialogue, interethnic harmony, Assembly of people of Kazakhstan, cultural diversity, spiritual revival, digital communication, education.

Кіріспе. Мәдениетаралық диалогтың маңызы. Жаһандану дәуірінде әлем елдері арасындағы өзара байланыстың артуы мәдениетаралық диалогтың қажеттілігін арттырды. Әртүрлі мәдениет өкілдерінің өзара түсіністігі мен ынтымақтастығы қоғамның бейбіт дамуы үшін маңызды фактор болып табылады. Мәдениетаралық диалог адамзаттың мәдени және этникалық алуан түрлілігін сақтауға және нығайтуға септігін тигізеді. Мәдениетаралық диалог ұғымының анықтамасы Мәдениетаралық диалог — бұл әртүрлі мәдениет, тіл және дін өкілдері арасындағы өзара түсіністік пен сыйластыққа негізделген қарым-қатынас процесі. Бұл диалог

адамдардың әртүрлі мәдени құндылықтарды қабылдауына, оларды бағалауға, түсінуге, және бір-бірінен үйренуге мүмкіндік береді. Мәдениетаралық диалог тек қарым-қатынас орнату құралы ғана емес, сонымен қатар қоғамдағы бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтау факторы болып табылады. Мәдениетаралық диалогтың негізгі ерекшеліктері. Мәдениетаралық диалогтың басты ерекшелігі — оның екі жақты қатынаста жүруі. Бұл процесте әр мәдениет өкілі өз көзқарасын білдіреді және басқа мәдениеттің құндылықтарын тыңдауға, түсінуге дайын болады. Диалогтың негізінде әртүрлі мәдениетке құрмет көрсету, толеранттылық және өзара түсіністік жатады. Бұл диалогқа қатысушылар мәдениетаралық қарым-қатынастың қиындықтары мен мүмкіндіктерін талқылай отырып, өзара байытуға қол жеткізеді. Мәдениетаралық диалогтың формалары мен әдістері Білім беру саласындағы диалог Білім беру жүйесі мәдениетаралық диалогтың басты алаңы болып табылады. Оқу орындарында шет тілдерін оқыту, мәдениеттану курстарын енгізу арқылы студенттер әртүрлі мәдениеттердің ерекшеліктерін тануға және оларды құрметтеуге үйренеді. Мәдениетаралық білім беру мәдениеттер арасындағы айырмашылықтарды түсінуді дамытуға және стереотиптерді жеңуге көмектеседі[1]. Қоғамдық диалог. Қоғамда мәдениетаралық қарым-қатынасты нығайту мақсатында түрлі іс-шаралар, мәдени фестивальдер, конференциялар ұйымдастырылады. Мұндай шаралар арқылы әртүрлі мәдениет өкілдері бір-бірімен жақынырақ танысып, мәдениетаралық байланыстарды күшейтеді. Қоғамдық диалог негізінде адамдардың мәдени әртүрлілікті қабылдауы және өзара құрмет көрсетуі қалыптасады[1].

Мәдениетаралық диалогқа әсер ететін факторлар. Мәдениетаралық диалогты құруда тілдің рөлі өте маңызды. Тіл — бұл мәдениетаралық қарым-қатынастың негізі, өйткені ол арқылы адамдар өз ойларын, сезімдерін және көзқарастарын жеткізеді. Әртүрлі тілдік ерекшеліктер адамдар арасындағы байланысқа әсер етіп, кейде түсініспеушілік туғызуы мүмкін. Сонымен қатар, діни және этникалық ерекшеліктер мәдениетаралық диалогтың табиғатын айқындайды. Әртүрлі діни сенімдер мен салт-дәстүрлер адамдардың дүниетанымына және бір-біріне деген көзқарасына әсер етеді. Экономикалық және әлеуметтік факторлардың ықпалы Экономикалық дамуы жоғары деңгейдегі қоғамдарда мәдениетаралық диалогқа қатысуға мүмкіндік көбірек. Әлеуметтік жағдайы төмен қоғамдарда мәдениетаралық диалогқа қатысу, өзара түсіністікке қол жеткізу қиынға соғуы мүмкін, себебі адамдардың күнделікті тұрмыстық мәселелері басымдықта тұрады. Сонымен бірге, қоғамдағы әлеуметтік теңдік және әділеттілік мәдениетаралық диалогтың тиімділігіне әсер етеді. Әлеуметтік теңсіздік жағдайында әртүрлі мәдени топтар арасында түсініспеушілік пен келіспеушілік туындауы мүмкін. Мәдениетаралық диалогтың Қазақстандағы тәжірибесі Қазақстанда әртүрлі этникалық топтардың бейбіт қатар өмір сүруі мәдениетаралық диалогтың жоғары деңгейде ұйымдастырылуының нәтижесі болып табылады. Қазақстан халқы Ассамблеясы сияқты ұйымдар мәдениетаралық байланыстарды қолдап, этносаралық келісім мен толеранттылықты нығайтуда маңызды рөл атқарады. Мәдениетаралық диалог — әртүрлі мәдениет өкілдері арасында өзара түсіністік, құрмет және ынтымақтастық орнатуға бағытталған үдеріс. Бұл диалог мәдениеттер арасындағы алшақтықты азайтып, олардың бір-біріне әсерін арттырады[2]. Қазақстандағы мәдениетаралық диалог этносаралық және дінаралық келісімді сақтаудың негізгі тетігі ретінде қарастырылады. Елдегі 130-дан астам ұлт өкілдерінің бейбіт өмір сүруі мәдениетаралық қарым-қатынастың жоғары деңгейін көрсетеді. Қазақстан халқы Ассамблеясы этностардың мәдени мұрасын сақтауға және қоғамда келісім мен тұрақтылықты қамтамасыз етуге ықпал ететін негізгі институт болып табылады. Ассамблея өз қызметінде әртүрлі этникалық топтардың мүдделерін қорғау және олардың мәдени ерекшеліктерін насихаттау арқылы мәдениетаралық диалогты нығайтады. Қазақстанның білім беру жүйесі мәдениетаралық диалогты дамытуда маңызды рөл атқарады. Мектептер мен университеттерде көптілділік саясаты енгізіліп, оқушылар мен студенттер бірнеше тілді меңгеру арқылы басқа мәдениеттерді түсінуге мүмкіндік алады. Сонымен қатар, мектеп бағдарламасына мәдениетаралық түсіністік пен толеранттылықты қалыптастыруға бағытталған арнайы пәндер енгізілуде. Цифрлық технологиялар мәдениетаралық қарым-қатынастарды дамытуда жаңа мүмкіндіктер ұсынады. Әлеуметтік желілер әртүрлі мәдениеттер өкілдері арасында жедел әрі

Annotation. The article presents the types of multimedia technologies that can be used in lessons in accordance with the requirements of the time, modern methods, the results of a survey conducted to assess the methods used by students in the classroom, artificial intelligence and how to use it. Artificial intelligence is used to solve current applied problems, and the methodology for interesting and creative lessons is written using artificial intelligence in education. This model is aimed at creating a culture of pedagogical communication and developing professional skills and qualifications using technologies, methodologies, and training in education.

Keywords: Information technology, multimedia tools, artificial intelligence.

Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша оқушыларға білімнің дайын күйінде берілмейтіндігі түсіндіріледі, керісінше оқушылардың өздерін сабақта емін-еркін ұстауға, ойларын жеткізуге, сөйлеуге мүмкіндік жасалған. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгерген, ынталы, тек сабақта емес, өмірде де өз білімдерін қолдана алатын, жан-жақты дамыған, білімді ұрпақты тәрбиелеу үшін мұғалімдер де заманауи технологияларды жетік меңгерген, сыни пікір көзқарасы жүйелі дамыған, жаңашыл болуы керек деп есептеймін[1].

Қазіргі компьютерлік дидактикалық бағдарламалар көптеген білім салаларының тоғысқан жерінде пайда болған мультимедиялық технологиялар негізінде жасалған. Компьютерді пайдалану диаграммалар мен формулалар түріндегі анимация, жоғары сапалы графика, бейне тізбегі, анықтамалық презентациялар оқылатын курсты динамикалық жүйенің тізбекті немесе тармақталған тізбектері ретінде көрсетуге мүмкіндік береді.

Заманауи ақпараттық технологияларды пайдалану мыналарға мүмкіндік береді:

- ойлаудың жекелеген түрлерін дамыту процестерін бастау;
- есте сақтау, зейін, бақылауды дамыту процестерін күшейту;
- көшбасшылық және ұйымдастырушылық іс-әрекетке қабілетті көшбасшының қасиеттерін дамыту[2].

Оқу үрдісінде оқыту бағдарламалары келесі функцияларды орындай алады:

- компьютерде нақты экспериментті модельдеу жағдайында зертханалық жұмыстарды

орындау;

- оқушыларда әртүрлі жағдайларда оңтайлы шешім қабылдау қабілетін дамыту;
- ой-өрісін дамыту;
- оқу мотивациясын күшейту;
- танымдық белсенділік мәдениетін қалыптастыру және т.б.[3].

Қолданысқа ие цифрлы технологиялық әдістерді жетілдіру – оқытудың тиімділігін арттырып, үдерісті оқушылар үшін қызықты әрі қолжетімді ете алатын маңызды міндет

Интерактивті оқыту платформалары: Google Classroom, Moodle немесе Canva сияқты сандық оқыту платформаларын сабақта қолдану оқушылардың қызығушылығын арттырады. Сонымен қатар тапсырмаларды кері байланысты басқаруда ыңғайлылықты қамтамасыз етеді.

Бейне дәрістер және онлайн курстар: ақпарат беру үшін бейне дәрістер немесе онлайн курстарды пайдаланған өте тиімді. Бұл оқушыларды материалды қолайлы уақыт пен қарқынмен оқуға, ал мұғалімге оқу процесін икемді түрде құрылымдауға мүмкіндік береді.

Интерактивті тақта және қосымшалар: интерактивті тақтаны және нақты уақыт режимінде визуализация және материалмен жұмыс үшін қосымшаларды пайдалану.

Мобильді қосымшалар мен оқу ойындары: ойын түрінде оқушылардың білімдері мен дағдыларын тереңдетуге көмектесетін мобильді қосымшалар мен оқу ойындарын әзірлеу[4].

Әлеуметтік желілер мен форумдар: білім беру мәселелерін талқылау, оқушылар мен мұғалімдер арасында пікір және тәжірибе алмасу үшін әлеуметтік желілер мен форумдарды пайдалану.

Виртуалды зертханалар: виртуалды зертханаларды, экскурсияларды және басқа оқу сценарийлерін жасау үшін VR және AR пайдалану.

Бұлтты технологиялар: оқу материалдары мен тапсырмаларға қол жеткізу үшін бұлттық технологияларды пайдалану[5].

Технология арқылы бағалау: бағалау процесін және мұғалімдер мен студенттердің өзара әрекетін жақсарту үшін электрондық бағалау және кері байланыс жүйелерін енгізу.

Жасанды интеллект тренингі: жаттығу деректерін талдау және жекелендірілген ұсыныстар беру үшін жасанды интеллект технологияларын пайдалану

Бұл әдістерді жүзеге асыру мұғалімдердің біліктілігін арттыруды және оқу орындарының қолдауын талап етеді. Оқыту әдістерін олардың қажеттіліктеріне бейімдеу және оқу процесіне белсенді қатысуды ынталандыру үшін оқушылардың қажеттіліктері мен кері байланысын ескеру де маңызды[6].


Нәтижелер және талқылау.

Гипермәтіндік технология пәндерді оқытуда ақпараттық технологияларды қолданудың жаңа мүмкіндіктерін ашты – бұл арнайы әзірленген мәтін немесе белгілі бір графикалық кескін түрінде ұсынылған гиперсілтемелерді қадағалау мүмкіндігі. Бұл технология қажетті ақпаратты оңай табуға мүмкіндік береді. Гипермәтіндік жүйені жобалау кезінде адам ойлауының ақпаратты біріктіру және оған ассоциативті қол жеткізу қабілетіне сүйене отырып, гиперсілтемелер орнатылуы мүмкін.

Мысалға тәжірибеде дәлелденгендей, адамға өте қарапайым затты анықтау үшін:

- ауызша сипаттама беруге – 4-5 мин;
- түрлі-түсті фотосуреттермен – 5-10 сек;
- мультимедиа құралдарымен – 5-10 сек;
- затты заттай көрсету арқылы – 2-3 мин.

Өз тәжірибемізде жоғарыда көрсетілген дәлелдемелерге сүйене отырып, қорытындылар жасадық. Жалпы білім алушыларға тақырып түсінікті әрі қызықты болуы үшін мультимедиялық құралдар, әр түрлі платформалар, ойындар және компьютерлік иллюстрациялар қолдану қажет деген қорытынды алдық. Себебі кітаптан түсіндіру, біртепті презентациялар арқылы тек 15-20% білім алушы ғана меңгеруі мүмкін. Осыған орай бастауыш сынып оқушылары сабақта қолданылатын технологиялар мен құралдардың тиімділігіне арналған сауалнамаға жауап берді.




Сурет 1– Білім берудегі цифрлық технологиялардың орташа көрсеткіштері

Жоғарыдағы суретке назар аударатын болсақ, қазіргі кездегі әр түрлі платформалар мен тренингтерге оқушылар 90%-дық мөлшермен бағалады. Ал ойындар, оның ішінде тақырыптық, рөлдік, топтық ойындар 85%, бейне материалдар 70% және презентация 60%-бен бағаланды. Яғни білім алушылар дәстүрлі білім алуға қарағанда заманауи технологияларды пайдалана отырып, ойындар, тренингтер сабаққа белсенді қатысуына, олардың қызығушылықтарын арттыратына өз септігін тигізеді деген ойда сауалнамаға жауап берді.

Жасанды интеллект – өте жылдам дамып келе жатқан сала. Әлемде әртүрлі тапсырмаларды орындай алатын бағдарламалар көбейіп келеді. Жиырма жыл бұрын адамға мүмкін емес болып көрінген нәрсе қазір шындыққа айналды. Соған бірден бір мысал «фотоны сөйлету»[7].

4-сыныптың білім беру бағдарламасына сәйкес «My holiday» тақырыбында өткізілген сабақта қолданылған әдістің бірі – жансыз фотоны сөйлету арқылы, әр мерекенің ерекшеліктерін қысқаша факт түрінде айтылды.



Сурет 2 – ЖИ арқылы жасалған бейне материалдан скриншот

Сабақты ұйымдастыру кезеңіне «Picker Wheel» платформасы өте тиімді. «Team Picker Wheel» кездейсоқ топқа бөлуге арналған генератор. Ол кездейсоқ таңдау генераторы ретінде оқушыларды белгілі топтарға немесе жұптарға бөлуге болады. Платформада оқушыларды деңгейіне қарай және жынысына қарай бөлуге болады.

Ал, «Educaplay» платформасы – бірнеше геймификациялық ойын құрастыруға арналған онлайн тақта. Аталған платформаны авторлық бағдарламамның біраз сабақтарында қолдандым. Платформаларда сабақты өтуге түрлі мүмкіндіктері бар. Олар:

- Карталар бойынша;

- сөзжұмбақ;
- басқатырғыштар;
- бос орындарды толтыру;
- диалог;
- диктант;
- шатасқан әріптер.

Жалпы жоғарыда айтылғанның барлығы іске асуы үшін цифрлық технологиялармен қамтамасыз ету қажет. Ал цифрлық технологиялар өз кезегінде педагогтарға персоналды білім беру бағдарламасын жасауға және әр білім алушының өзіндік потенциалын ашуға мүмкіндік береді. Яғни мобильдік білім беру, онлайн курстар, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және жасанды интеллект, т.б. қолдана білу қажет.

Nearpod – сабаққа қызығушылықты арттыруға және белсенді оқытуды ынталандыруға арналған цифрлық платформа. *Nearpod-тың* интербелсенді презентацияларды қоса алғанда мүмкіндіктері ауқымды: викториналар, сауалнамалар, виртуалды шындық мүмкіндіктері (VR) және бірлескен іс-шаралар құрастыруға болады. Платформа әртүрлі құрылғыларда қол жетімді, бұл оны онлайн және офлайн режимде оқыту үшін қолайлы етеді[8].

«*Nearpod*» платформасын қолданудың артықшылықтары:

1. Оқушылардың белсенділігін арттырады. Интербелсенді викториналар, сауалнамалар және ашық сұрақтар оқушыларды оқу процесіне белсенді түрде тартады. Мұндай белсенділіктің артуы жақсы есте сақтауға және түсінуге жетелейді.

2. Саралап оқыту. Мұғалімдер әртүрлі оқу стратегияларын қолдана алады. Мұғалімдер оқушылардың жеке қажеттіліктеріне сәйкес қосымша ресурстарды, аудио түсіндірмелерді немесе аудармаларды ұсына алады.

3. Жылдам формативті бағалау. Платформа мұғалімдерге викториналар мен сауалнамалар арқылы оқушылардың нақты уақыттағы түсінгендігін бағалауға мүмкіндік береді. Аталған электрондық білім беру ресурстарын өз іс-тәжірибемде қолданып келемін. Жоғарыда көрсетілген цифрлық ресурстар көбінесе сабақтың ортасында (мағынаны тану бөлігінде) қолданылады.

Қорытындылай келе, білім берудің дәстүрлі және инновациялық әдістері тұрақты тығыз байланыста болып, бірін-бірі толықтырып отыруы керек. Келешек ұрпақтың тек қана бір бағытта білім алуы емес, теориямен қатар практикада да жүзеге асыра алатын, саналы әрі сапалы болуына әрқайсымыздың қосатын үлесіміз зор. Сондықтан алға қарай даму үшін жаңашылдыққа дайын болып, оны дәстүрлі әдіспен ұштастырып, білімді әрі білікті ұрпақ тәрбиелейік!

Әдебиеттер тізімі

1. Жапарова Г.Т. «Қазіргі заманғы цифрлық технологиялар және олардың білім беру саласына ықпалы» – 2018.
2. Көшкімбаева У.А., Әбілқайырова Н.Т. «Қазақстандағы білім беруді цифрландырудың даму тенденциялары» – 2020.
3. Қазақстан Республикасы цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында цифрландыру және платформалық модельдер. Алматы: primeminister.kz. – 2020.
4. Жартынова Ж.А., Ким В.Н., Қойлық Н.О., Орақова А.Ш. «Интерактивті оқыту әдісін қолданып, сабақты жоспарлау және басқару» – 2009.
5. Сағадиев Е.Е. «Цифрландыру және білім беру жүйесін модернизациялау» – 2021.
6. Нұрпейісова А.С. «Қашықтықтан оқытуда цифрлық білім беру ресурстарын қолдану тәжірибесі» – 2021.
7. Е.Тұқымов. «Қазақстандағы жасанды интеллекттің даму перспективалары және реттеу». Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты (ҚСЗИ) – 2024.
8. Anderson J. «Влияние Nearpod на результаты обучения учащихся» – 2020.

ӘОЖ. 94(574.54)

ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ПӘНДЕРДЕ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

*Нурпеисова Э.С.,
Педагогика ғылымдарының магистрі,
Қызылорда медициналық жоғары колледжінің
тарих пәні оқытушысы
Қызылорда қ., Қазақстан*

Аңдатпа. Автор бұл мақалада ХХІ ғасырдың негізгі құралы цифрландырудың білім саласында қалыптасып келе жатқандығын, ерекшелігін, оның ішінде цифрлық технологияларды тарих сабағында қолданудың тиімді жақтарын сипаттаған.

Абстракт. В данной статье автор описал главный инструмент ХХІ века – цифровизацию, которая формируется в сфере образования, ее особенности, в том числе преимущества использования цифровых технологий на уроках истории.

Abstract. In this article, the author described the main tool of the 21 st century – digitalization, which is being formed in the field of education, its features, including the advantages of using digital technologies in history lessons.

ХХІ ғасыр – цифрландыру ғасыры. Цифрлық сауаттылық - біздің индустриалдық қоғамнан ақпараттық қоғамға көшуіміздің нәтижесі. Бүгінгі күні цифрландыру жүйесі еліміздің әлеуметтік-экономикалық және саяси өмірінің барлық саласына тереңдеп еніп, дамып келеді. Қазақстан Республикасының президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты халыққа Жолдауында білім саласын цифрландырудың маңызына тоқталып, оны сапалы білім берумен тікелей байланыстырып, «Цифрлы ұстаз» білім беру жобасын жүзеге асыруды тапсырған болатын [1]. Сондықтан білім беру саласына цифрландыру жүйесі тереңдеп еніп, қарыштап даму үстінде. Өзім қызмет ететін сала - техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының ұстаздары да заман талабына сай бейімделуде. Қызылорда медициналық жоғары колледжінің ұстаздары электронды журналды «Smartnation College» арқылы жүргізеді. Барлық қажет мәліметтерді электронды нұсқада сол жерден алуға мүмкіндік бар. Қазіргі таңда «Альфа» буынды ұрпаққа білім беру барысында әрбір мұғалім «Цифрлы ұстаз» болуға міндетті. Сондықтан әр сабағымызды шәкірттерімізді қызықтыратын, ынталандыратын заманауи әдістер арқылы, білім алушының өз тәжірибелерінен үйренуге мүмкіндік беру арқылы геймификациялау маңызды болып отыр. Мемлекет басшысының Жолдауында білім беру жүйесінің үздік үрдісін сақтай отырып, әрдайым даму жолында болып, бәсекеге қабілетті, креативті әлеуетін дамытумен айналысатын, еңбекқор, тұлға қалыптастыруда басты үміт ұстаздар қауымына жүктелетінін атап айтқан. Осы орайда, қазір ұстаздар арасында цифрлық сауаттылықты арттыру мәселесі маңызды болып отыр. Ол үшін әрбір ұстаз оқу білім платформаларын өзінің жеке каналын ашып өз тыңдаушыларын тарту арқылы аудитория жинауы керек. Себебі, қазіргі білім алушылар ақпараттың көп бөлігін интернет желісі арқылы алады. Осыған орай өзімнің жеке каналым арқылы ұстаздар қауымына әдістемелік көмек көрсетіп келемін. «Цифрлы ұстаз» - цифрлық білім беру технологияларын және заман үдерісіне сай ақпараттық технологияларды жылдам меңгерген, әлемдік деңгейдегі білім сұраныстарына сәйкес ойлай алатын, өзі білген, ұғынған жаңалықтарын үдеріске енгізе отырып, алдындағы білім алушыларды жаңа біліммен сусындата алатын және білім алушылардың бойындағы түрлі дағдыларды дамыта алатын, осы алған білімді өмірде қолдануға үйрететін әмбебап тұлға болуы керек. Цифрлық технология термині (digital

technologies) ағылшын тіліндегі педагогикалық әдебиеттерде қолшатыр термині ретінде қолданылады. Оның ішінде әртүрлі жақында пайда болған (бұлтты, мобильді, ақылды технологиялар) және дәстүрлі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар кіреді. Цифрлық технологиялар – бұл ақпараттық қоғамдағы өмірге бейімделген тұлғаны тәрбиелеуді қарқынды және оңтайландыру мәселелерін табысты шешетін құрал. Бүгінгі күні цифрлық технологиялар жаһандық экономикалық дамудың негізгі факторларының біріне айналып отыр. Цифрлық білім беру технологиялары – бұл көрнекілікті қамтамасыз ететін электрондық жүйелерді пайдалануға негізделген оқу процесін ұйымдастырудың инновациялық тәсілі. Цифрлық технологияларды қолданудың мақсаты оқу процесінің сапасын, тиімділігін арттыру, сондай-ақ студенттерді табысты әлеуметтендіру болып табылады. Өзім дәріс беретін «Қазақстан тарихы» пәнінен әр сабағыма үнемі түрлі заманауи цифрлық технологияларды үздіксіз қолданып және дамытып келемін. Цифрлық технологияларды қолдану арқылы оқытушы мен білім алушының уақытын үнемдеуі, сабаққа деген қызығушылықтың артуы, тақырыптың тез және оңай меңгерілуі, білім алушылардың өз білімінің қай деңгейде екендігіне көз жеткізуі немесе өзін-өзі бағалауы секілді көптеген нәтижелеріне көз жеткізіп келемін. Яғни, «Қазақстан тарихы» пәнінен қолданылатын цифрлық технологиялардың мүмкіндіктерін айтар болсам, біріншіден, білім алушылардың тапсырмаларды орындау және материалдарды зерделеу ұтқырлығын арттыру; екіншіден, сабақ материалдарының көрнекілігін арттыру; үшіншіден, білім алушының оқытушымен жедел кері байланысты жүзеге асыра білуі; төртіншіден, білім алушылардың ынтасын арттыру мүмкіндігі; бесіншіден, білім алушылардың тапсырмадан өткеннен кейін бірден нәтижеге қол жеткізу мүмкіндіктеріне қол жеткізуге болады.

Заманауи технологиялар туралы Симоненко, К.К. Колин және т.б. пікіріне жүгінсек, педагогикалық инновация – бұл педагогика ғылымы саласында нақты мақсатқа бағытталған білім аясына белсенді өзгерістер енгізетін тұрақты элементтер, білімнің жеке компоненттері мен біртұтас жүйесін жетілдіруге ықпал ететін жаңа көзқарастар, – деген тұжырымға келеді. Инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай туғызады [2]. Осы салада Қазақстандық педагог-әдіскер ғалымдар өз ғылыми еңбектері мен мақалаларында өздерінің осы мәселе туралы ой-пікірлерімен бөліседі. Мысалы, С.Иманбаева «Оқу-тәрбие үрдісін ақпараттандыру ділгірлігі»[3], Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. «Педагогтардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлылықтарын қалыптастыру әдістемесі»[4], Нұрғалиева Г. Таутаева Г. Тілеуова С. «Ақпараттандыру - білім беруді реформаландырудың негізгі механизмі»[5].

Қазақстан тарихын цифрлық технологиялар арқылы оқыту үдерісін ұйымдастыру дегеніміз - ақпараттық технологияны тарихты оқыту үдерісінің маңызды бір тірегі ету арқылы еліміздің тарихын оқыту – өз бетімен үйрену үдерісін сапалы деңгейге көтеру, тиімділігі мен қарқынын арттыру. Цифрлық технологиялардың мүмкіндіктерін тарихты оқыту үдерісінде қолдануда жаттығулар мен тапсырмалардың саны мен түрлерін арттырудың, өзара қарым-қатынас жасау өрісін кеңейтудің, оқытушы мен білім алушының тарихи дидактикалық байланысын түрлендірудің, білім алушының болашақ мамандар ретінде ақпаратты жинау, сақтау, жүйелеу, өңдеумен байланысты жаңа технологияларды қолдану маңызды болып табылатын қоғамда қызмет етуге даярлаудың жолдары кең танылады.

Енді тарих сабағында өзім қолданып жүрген бірнеше технологиялық оқу платформалары мен 3D форматтағы және жасанды интеллект негізіндегі оқу платформаларымен таныстырып өтейін. Ең алдымен күнделікті сабағымызға қажетті дидактикалық ойындарды қолдану сабақ мақсатына жетуге мүмкіндік туғызады. Сондықтан бүгінгі таңда кең көлемді түрде қолданылып жатқан “wordwall» платформасы өте тиімді платформа болып саналады. Бұл платформаның көмегімен барлық сабақ тақырыбы бойынша әр түрлі деңгейдегі тапсырмалар дайындауға болады. Өзімнің сабақ беретін пәнім тарих пәні болғандықтан тарих пәніне қажетті картамен тапсырмалар дайындау маған өте тиімді болды. Сонымен қатар «Қазақстан тарихы» пәнінен «Тарихи және мәдени ескерткіштер» тақырыбын өткенімде ескерткіштер классификациясының 4 тобын ажыратып көрсетуге арналған, сақтар

элеуметтік-таптық жіктелуіне арналған, үйсін, қаңлы, ғұн, түрік, моңғол мемлекеттерінің басшылары мен қазақ хандарының басқарған жылдарын сәйкестендіруге т.б. тақырыптарға арналған түсінікті, өте қолайлы тапсырмалар дайындадым. «Қазақ халқының музыкалық және әдеби мұрасы» тақырыбына күйші және әнші, ақындардың суреті арқылы қай тұлға күйші, қай тұлға әнші, ақын екендіктерін анықтауға арналған тапсырма, сонымен қатар қазақтың музыкалық аспаптары классификациясына арналған аспаптардың суреті арқылы қайсы аспап үрмелі, қайсы аспап ұрмалы, қайсы аспап шертпелі екендіктерін ажыратуға арналған өте ыңғайлы тапсырмалар дайындау арқылы білім алушының тақырыпты меңгергендігін жылдам әрі тез анықтауға болады. Келесі платформа «Blooket» деп аталады. «Blooket» платформасы бойынша тақырыптық тапсырмалар әзірлеп, білім алушылар бұл тапсырманы жарыс түрінде жылдам жауап беруге тырысады. Жылдам жауап берген білім алушы көп алтынды иеленеді. Күнделікті сабағымызға қолдануға болатын тағы бір ең тамаша әдіс – «Spin the Wheel» деп аталады. Бұл әдіс арқылы кездейсоқ таңдау құралы бір, екі немесе үш виртуалды доңғалақты тренажеры дербес немесе бір уақытта пайдалануға арналған. Сонымен қатар бұл әдісте бірінші айналдыру дөңгелегіне білім алушылардың есімдерін, ал екінші айналдыру барабанына әр білім алушыға арналған жеке сұрақтарын орналастырамыз. Екі дөңгелекті бір мезетте айналдыру арқылы әр білім алушы жауап беріп болған соң, жауап берген білім алушы мен оның сұрағын өшіріп отырасыз. Сөйтіп, бұл әдіске топтың барлық білім алушысы қатысуы қамтамасыз етілуі арқылы өте тиімді әдіс болып табылады. «Пли-керс» платформасы арқылы дайындаған тапсырмаңыздың нәтижесін өзіңіздің ұялы смартфоньыңыз арқылы тез әрі жылдам көре аласыз. Оны көру үшін алдын-ала әр білім алушының қолына нөмірленген QR – қағазын таратасыз. Сонан соң сол QR – қағазындағы А,В, С, D жауаптары арқылы білім алушылар өз жауаптарын көрсетеді. Келесі жасанды интеллект платформасы «Conker» платформасы. Бұл платформа сізге өз дәрістеріңіз арқылы тестті өзі әзірлеп береді. Әдетте біз күнделікті сабағымызға тестті өзіміз құрастырып сәл-пәл уақыт керек болады. Ал осындай жағдайда тестті жылдам әрі тез өзі құрастырып беретін осы «conker» платформасы қазіргі таңда оқытушыларға таптырмас құрал. Бұл платформа арқылы күнделікті сабағыңыздың мәтіні толық меңгеріледі. Бұдан өзге келесі «OODLU», «Gamilab», «TinyTap», «Lumio», «StudyStuck», «Classrooms», «Purpose Games», «umaigra», «Bamboozle», «QuizWhizzer» дидактикалық ойындары білім алушыларды қызықтыратын әрі білім сапасын арттыруға мүмкіндік беретін бүгінгі таңдағы тарих пәнінен қолданылатын ең қызықты, тиімді платформалар болып табылады. Бұл әдістерді үй тапсырмасын сұрау мен жаңа сабақты бекіту кезеңдерінде білім алушының функционалдық сауаттылықтарын арттыру үшін пайдалануға болады. Сонымен қатар «Mozaik 3D», «Nearpod», «Merge Cub+ObjectViewer», жасанды интеллект «D-ID», 3d объектілі «Jigspase» секілді 3D платформалар сабағыңызды визуалды түрде қызықты өтуіне мүмкіндік жасайды. Сабақта білім алушылар өзіміз барып көріп саяхаттай алмайтын әлемдік ескерткіштер мен жәдігерлерді, тарихи оқиға өткен орындарды, тарихи құбылыстар мен объектілерді өзі барып көргендей, қолымен ұстағандай кейіпте болып виртуалды түрде саяхат жасайды. Бұл әдістер «миға шабыуыл» жаңа сабақты болжау кезеңінде және сергіту сәттерінде пайдалануға болады. Мұнымен қоса тарих сабағында үй тапсырмасы ретінде қазіргі ақпараттық технологияның тамаша жетістігі саналатын өзіміздің отандық музейлер және әлемдік музейлерге де виртуалды саяхат жасауды тапсыруға болады. Топқа бөлу кезеңінде «QAZ MATH» платформасын ұтымды пайдалануға болады. Сабақтың қызықты, тартымды өтуіне әсер ететін көрнекіліктің бірі – сабақ презентациясы. Презентация жасауда қазіргі таңдағы оқытушылар «Microsoft Power Point» секілді бұрынғы жылдардағыдай бағдарламаны емес заманауи «Genially», «Voicethread», «Sliderocket», «Canva», «SlidesMania», «Moovly», «Focusky», «Pear Deck», «SlideDog», «Google Slides», «Sway», «Crello», «Glogster», «Buncee», «Prezi», «Emaze», «Flowries», «Visme» секілді қызықты да, тартымды презентацияларды сонымен қатар оқытушыға қажет түрлі нейрожелілерді пайдаланады. Барлық сабаққа қажетті қолданбалар мен заманауи онлайн сервистерді өзім жинақтап, платформаларға қосылып, оларды қалай қолдануға болатынына, сабақтың қай бөліміне оны пайдалануға болатындығына зерттеу жасадым. Зерттеу жұмысымның қорытындысында

түйгенім, бұл заманауи қолданбалар мен сервистердің барлығы да қазіргі таңдағы «Альфа» буынды ұрпаққа білім беруде ең қажетті құралдар болып табылады. Білім алушылардың білімдерін жетілдіру мен оқу сапасын арттыруға мүмкіндік туғызатын артықшылықтары көп. Тарих сабағында осы инновациялық технологияларды қолдану білім алушылардың пәнге қызығушылықтарын арттырады, креативті, жан-жақты болуына мүмкіндік береді. Білім алушылардың функционалдық сауаттылықтарының артуына әсер тигізеді. Сондықтан жүйелі білім беру үшін жасанды интеллект дәуірінің ұстазы үнемі өзін жетілдіріп, ізденісін тоқтатпау керек, жалықпай жаңа инновациялық технологияларды өз жұмысында пайдаланып білім алушыларды пәнге қызықтыра білуі қажет.

Қорыта айтқанда, білім беру саласындағы цифрландырудың ең басты міндеті – білім беру сапасын арттыру, яғни халықаралық деңгейде әртүрлі салаларда, оның ішінде «жасанды интеллект» және «ауқымды деректер» жасау саласында бәсекеге қабілетті, біліммен қаруланған ел жастарын дайындау. Сондықтан осы міндеттің іске асырылуы нәтижесінде ғана еліміздің қазіргі білім беру саласы заманауи түрде жаңғыра, білім тереңдеп нығая түсері сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 1 қыркүйек 2021 ж. <https://akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtynkazakstan-halkyna-zholdauy>.
2. Демеуова Ләззат. Ғаламдық ойлауға бейімдеу. "Қазақстан мектебі" №12 Алматы, 2003- Б.3
3. Иманбаева С. «Оқу-тәрбие үрдісін ақпараттандыру ділгірлігі». Қазақстан мектебі, № 2, 2000. 12.б.
4. Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. «Педагогтардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлылықтарын қалыптастыру әдістемесі», Алматы: ЖШС «Дайыр Баспа», 2010. 45.б.
5. Нұрғалиева Г., Таутаева Г., Тілеуова С. Ақпараттандыру - білім беруді реформаландырудың негізгі механизмі, Алматы, 2000. 75.б.

ИНЖЕНЕРЛІК-ТЕХНИКАЛЫҚ КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН БОЛАШАҒЫ.

Бақберген А.А.

Бағдарламалық инженерия» кафедрасының 2-курс студенті,
Aslanbakbergen05@gmail.com

Толубаев А.Е.

Бағдарламалық инженерия» кафедрасының 2-курс студенті,
Халықаралық инженерлік-технологиялық университеті

Алматы қ., Қазақстан
Toleubai04aza@gmail.com

Аңдатпа. Бұл мақалада инженерлік-техникалық кадрларды даярлау саласындағы негізгі мәселелер мен оларды шешу жолдары қарастырылады. Зерттеу барысында қазіргі заманғы технологиялық талаптарға сәйкес келетін мамандарды дайындаудың қажеттілігі, оқу үдерісіндегі жаңашыл әдістерді енгізу және инженерлік білім беруді дамыту перспективалары талқыланады. Сондай-ақ, инженерлік-техникалық мамандықтарға сұраныс пен осы саланы жетілдірудің маңыздылығы ерекше атап өтіледі. Мақалада теориялық талдаулар мен тәжірибелік ұсыныстар берілген.

Түйін сөздер: инженерлік білім, техникалық кадрлар, инновация, кәсіби даярлық, инженерия.

Аннотация. В данной статье рассматриваются основные проблемы подготовки инженерно-технических кадров и пути их решения. В ходе исследования обсуждается необходимость подготовки специалистов, соответствующих современным технологическим требованиям, внедрение инновационных методов в образовательный процесс и перспективы развития инженерного образования. Также особое внимание уделяется спросу на инженерно-технические специальности и важности совершенствования данной отрасли. В статье представлены теоретические анализы и практические рекомендации.

Ключевые слова: инженерное образование, технические кадры, инновации, профессиональная подготовка, инженерия.

Annotation. Currently, research in the field of information technology is actively conducted. At the same time, artificial intelligence technology can increase social demand by providing service opportunities without hindrance. The first includes the introduction and implementation of innovative projects by firms at a lower level than world leaders, the second - low labor productivity and a high proportion of jobs subject to automation, closed and outdated data structures, insufficient implementation of artificial intelligence technologies in the public sector, labor issues.

Keywords: digital literacy, artificial intelligence, digitization, scientific progress.

Кіріспе. Қазіргі заманда инженерлік-техникалық кадрларды даярлау – елдің экономикалық, ғылыми және технологиялық дамуында маңызды рөл атқаратын басым бағыттардың бірі. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, инновация мен технологияның қарқынды дамуы жоғары білікті мамандарды талап етеді, ал инженерлік-техникалық сала – бұл үдерістің негізі. Қазақстанның индустриалды-инновациялық даму стратегиясы инженерлік кадрларды даярлау жүйесінің сапасын арттыруды қажет етеді [2].

Инженерлік мамандықтардың өзектілігі мен болашағы тек өнеркәсіптік өндірісте ғана емес, сонымен қатар құрылыс, энергетика, көлік және IT-технологиялар сияқты салаларда да айқын байқалады. Бұл мамандар тек техникалық біліммен ғана емес, заманауи ақпараттық құралдарды игерумен, инновациялық ойлау қабілетімен ерекшеленуі тиіс. Сондықтан инженерлік кадрларды дайындау тек кәсіби білім берумен шектелмей, олардың шығармашылық және аналитикалық қабілеттерін дамытуға бағытталуы керек [1].

Сонымен қатар, жаһандану мен цифрлық экономиканың қарқынды дамуы инженерлік мамандарды оқытудың халықаралық стандарттарға сәйкестігін талап етеді. Бұл контексте Қазақстанда дуальды білім беру, өндірістік тәжірибе және озық технологиялар негізінде оқыту жүйесі белсенді түрде енгізілуде. Алайда бұл бағытта көптеген өзекті мәселелер де бар: инженерлік кадрлардың жетіспеушілігі, білім беру сапасының талаптарға сай болмауы, және өндіріс пен білім беру жүйесі арасындағы байланыстың әлсіздігі.

Осы мақалада инженерлік-техникалық кадрларды даярлау жүйесінің қазіргі жағдайы, оның даму бағыттары мен негізгі мәселелері талқыланады. Сондай-ақ, Қазақстан мен шет елдер тәжірибесіндегі заманауи тәсілдер мен жетістіктер қарастырылады [6].

Инженерлік кадрлар даярлаудың қазіргі жағдайы. Бүгінгі таңда инженерлік-техникалық кадрларды даярлау мәселесі Қазақстанның экономикалық дамуы үшін ерекше маңызға ие. Елде жүзеге асырылып жатқан индустриялық-инновациялық даму бағдарламалары жаңа технологияларды енгізумен және кәсіби инженер мамандардың қажеттілігімен тығыз байланысты. Алайда инженерлік кадрларды даярлауда бірқатар түйінді мәселелер әлі де шешімін таппаған [7].

Инженерлік білім беру сапасының әрқелкілігі. Қазақстанда инженер мамандарын даярлайтын көптеген университеттер бар, бірақ олардың барлығы бірдей халықаралық стандарттарға сай емес. Кейбір оқу орындарының материалдық-техникалық базасы заманауи талаптарға жауап бермейді. Бұл білім алушылардың теориялық және практикалық дайындық деңгейінің төмен болуына әкелуі мүмкін.

Тәжірибелік білімнің жеткіліксіздігі. Инженерлік кадрларды даярлаудағы басты сындардың бірі – студенттердің өндірістік тәжірибеден өту мүмкіндіктерінің шектеулігі. Көптеген оқу бағдарламалары нақты өндірістік қажеттіліктермен үйлеспейді, бұл түлектердің жұмысқа орналасу қабілетін төмендетеді.

Заманауи технологияларды меңгеру деңгейі. Цифрлық трансформация жағдайында инженерлер жаңа технологияларды меңгеріп, оларды тиімді пайдалана білуі тиіс. Алайда көптеген оқу орындарында бағдарламалық қамтамасыз ету, автоматтандыру және цифрлық инженерия сияқты заманауи пәндер жеткілікті деңгейде оқытылмайды.

Инженер мамандықтарына деген қызығушылықтың төмендеуі. Соңғы жылдары техникалық мамандықтарға түсуге ниетті талапкерлердің саны азаюда. Бұл, әсіресе, инженерлік мамандықтар еңбек нарығында жоғары талап етілсе де, олардың беделі төмен болуымен түсіндіріледі.

Өндіріс пен білім беру арасындағы алшақтық. Инженерлік кадрларды даярлау жүйесінде өндірістік сектор мен білім беру мекемелері арасындағы ынтымақтастық әлі де жеткіліксіз. Кәсіпорындар оқу орындарымен бірлесе отырып, оқу бағдарламаларын жасау және студенттерге практика ұйымдастыруда белсенділік танытуы қажет.

Қазақстанда бұл мәселелерді шешу бағытында түрлі бастамалар қолға алынуда, мысалы:

– Дуальды білім беру жүйесі өндірістік тәжірибені оқыту бағдарламаларына енгізу арқылы студенттердің нақты практикалық дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

– Мемлекеттік гранттар мен бағдарламалар инженерлік мамандықтарға түсуге ынталандыру мақсатында жасалып жатыр.

– Халықаралық ынтымақтастық шеңберінде шетелдік озық тәжірибелерді енгізу.

Жоғарыда аталған түйінді мәселелер мен оларды шешуге бағытталған қадамдар инженерлік кадрларды даярлау жүйесін жетілдіру үшін маңызды. Бұл саладағы даму елдің жалпы экономикалық және технологиялық ілгерілеуіне ықпал етеді.

Инженерлік кадрларды даярлау мәселелерін шешу жолдары. Қазақстанда инженерлік кадрларды даярлау сапасын арттыру және осы саладағы негізгі түйткілдерді шешу үшін кешенді шаралар қажет. Төменде тиімді шешу жолдары ұсынылған:

1. Білім беру бағдарламаларын жаңғырту.

– Инженерлік мамандықтар бойынша оқу жоспарлары өндірістің заманауи талаптарына сай қайта қаралуы тиіс.

– Халықаралық стандарттарға негізделген заманауи пәндерді, атап айтқанда, автоматтандыру, цифрлық инженерия және жасанды интеллектті оқу бағдарламаларына енгізу қажет [1].

– Оқытушылардың біліктілігін арттыру мақсатында шетелдік тәжірибеден өту және кәсіби даму курстарын ұйымдастыру.

2. Материалдық-техникалық базаны нығайту.

– Университеттер мен колледждерде заманауи зертханалар, симуляторлар және цифрлық платформалар орнату.

– Білім беру орындарын өндіріс орындарындағы технологиялық жабдықтармен үйлестіру арқылы тәжірибелік сабақтарды өткізуге жағдай жасау.

3. Дуальды білім беру жүйесін дамыту.

– Студенттерге оқу барысында өндірістік кәсіпорындарда тәжірибе жинақтау мүмкіндігін беру.

– Бизнес-сектор мен оқу орындары арасындағы келісімшарттарды күшейту арқылы әрбір түлекке нақты өндірістік тәжірибеден өтуге жағдай жасау.

4. Инженер мамандықтарын насихаттау.

– Жастар арасында инженер мамандықтарының беделін арттыру үшін ақпараттық кампаниялар жүргізу.

– Мектептерде техникалық шығармашылық үйірмелерін ұйымдастыру арқылы оқушылардың инженерлік кәсіпке қызығушылығын арттыру.

5. Өндіріс пен білім беру арасындағы байланысты нығайту.

– Индустрия саласындағы жетекші компанияларды оқу процесіне тарту.

– Жергілікті кәсіпорындармен серіктестік орнату арқылы оқу орындарына нақты өндірістік міндеттерге негізделген жобаларды әзірлеу мүмкіндігін беру.

6. Қаржылық қолдауды күшейту.

– Инженерлік мамандықтарға арналған гранттар санын көбейту.

– Мемлекет тарапынан студенттер мен жас инженерлерге арналған стипендиялар мен жеңілдіктер жүйесін кеңейту.

7. Халықаралық ынтымақтастықты дамыту.

– Шетелдік озық тәжірибелерді енгізу үшін халықаралық бағдарламалар мен алмасу жобаларын іске асыру.

– Шетелдік университеттермен бірлескен бағдарламалар жасап, студенттер мен оқытушылардың академиялық мобильділігін арттыру.

8. Инновациялық зерттеулерді ынталандыру.

– Студенттерді инженерлік жобаларға тарту және стартап мәдениетін дамыту.

– Университеттер мен зерттеу орталықтары үшін мемлекеттік қолдау бағдарламаларын жасау.

Осы ұсынылған шараларды жүйелі түрде жүзеге асыру инженерлік кадрларды даярлау сапасын арттырып, Қазақстанның экономикалық және технологиялық дамуында маңызды серпін береді.

Қорытынды. Инженерлік-техникалық кадрларды даярлау – Қазақстанның экономикасын дамытудағы басты басымдықтардың бірі. Қазіргі таңда бұл салада заманауи технологиялардың дамуы мен өндіріс талаптарының өзгеруіне байланысты көптеген қиындықтар туындап отыр. Дегенмен, дұрыс ұйымдастырылған білім беру жүйесі мен мемлекеттік қолдау бұл мәселелерді тиімді шешуге мүмкіндік береді [5].

Инженерлік мамандықтар бойынша білім беру сапасын арттыру үшін білім беру бағдарламаларын жаңғырту, дуальды оқыту жүйесін дамыту, материалдық-техникалық базаны күшейту және өндіріс пен білім беру арасындағы байланысты нығайту қажет. Сондай-ақ жастар арасында инженерлік мамандықтарды насихаттап, инновациялық зерттеулерге қолдау көрсету елдің инженерлік әлеуетін арттырудың негізгі тетіктері болып табылады.

Қазіргі білім беру жүйесінің тиімділігін арттыру үшін жоғары білім беру мен кәсіпорындар арасында тығыз байланыс орнатылып, өндірістік дағдыларды дамытуға ерекше назар аударылуы керек[4]. Инженерлерді даярлаудың сапасын жақсарту тек білім беру саласының емес, бүкіл қоғамның ортақ мақсатына айналуы тиіс. Бұл Қазақстанның жаһандық деңгейдегі бәсекеге қабілеттілігін нығайтып, елдің технологиялық және экономикалық өсіміне үлес қосады. Инженерлік кадрлардың кәсіби дайындығы жоғары болған жағдайда, еліміз тұрақты дамуды қамтамасыз етіп, әлемдік нарықта өз орнын нықтай алады[3].

Әдебиеттер тізімі

- 1 Жолдасова А.С. Инженерлік білім берудегі заманауи әдістер // Ғылыми журнал. – 2023. – №4. – 45-50 б.
- 2 Құралбайұлы Б. Қазақстандағы инженерлік-техникалық кадрларды даярлау мәселелері. – Алматы: «Білім» баспасы, 2022. – 200 б.
- 3 Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. – 2017. – 12 сәуір.
- 4 Айдарбеков Ж.К. Жоғары білім беру жүйесіндегі инновациялық әдістер // Білім және ғылым. – 2021. – №6. – 33-37 б.
- 5 OECD. Education for a Changing World: Engineering and Technology. – Paris: OECD Publishing, 2020. – 150 p.
- 6 Қазақстан Республикасы Президентінің «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2018.
- 7 Асқарова М.А., Төлегенов Б.Б. Инженерлік мамандықтарға сұраныс және оның болашағы // Инновациялық білім. – 2023. – №3. – 19-23 б.

РОБОТОТЕХНИКА И МЕХАТРОНИКА ИЛИ КАК КАЗАХСТАН ВХОДИТ В МИРОВЫЕ ТРЕНДЫ

*Ермаханова М.А.,
ассоциированный профессор,
madina.a@mail.ru
Керимкул М.Д.,
студент группы РnМ 24-2р
Евразийский технологический университет,
г. Алматы, Казахстан
m.kerimkul@etu.edu.kz*

Аннотация: В этой статье рассматривается важность и перспективы развития робототехники и мехатроники в наше время. Основное внимание уделяется глобальным тенденциям в сфере этих технологий, а также достижениям и вызовам перед Казахстаном. Рассматриваются основные области применения робототехники и мехатроники в различных секторах - от промышленности и сельского хозяйства до медицины. Также подчеркивается влияние данных технологий на экономику и рынок труда в Казахстане: необходимость переобучения кадров в условиях быстро меняющегося технологического окружения. В заключении оговариваются перспективы дальнейшего развития робототехники и мехатроники в Казахстане и возможности, открывающиеся перед страной в этом важном секторе.

Ключевые слова: робототехника, мехатроника, искусственный интеллект, индустрия, технологические тренды, автоматизация, цифровая трансформация, STEM-образование.

«Перед казахстанцами стоит стратегически важная задача – превратить Казахстан в IT-страну», – сказал Касым-Жомарт Токаев в 1 сентября 2023 года, подчеркивая, что стране необходимо создать условия для роста высоких технологий и цифровизации всех секторов экономики.[источник tengrinews.kz] Президент ставит задачу в которой наша страна должна развивать высокие технологии и IT сектора. В современном понимании робототехника — это междисциплинарная отрасль, включающая IT-компетенции, программирование, искусственный интеллект и автоматизацию производственных процессов, которые являются важными элементами цифровизации экономики. В нашей реалии искусственный интеллект стал и продолжает становиться частью нашей жизни, воздействуя на все аспекты современного мира. Очень важно отметить, что Стратегия «Казахстан-2050» ориентирована на модернизацию экономики и улучшение подготовки кадров за счет усиления акцента на инженерно-технологические навыки, что напрямую соответствует развитию робототехники и мехатроники. В связи с этим основными задачами станут формирование конкурентоспособной экономики и квалифицированной рабочей силы, способной управлять передовыми технологиями и внедрять инновации. Актуальность в этом контексте касается, но не ограничивается повышением уровня технического и инженерного образования, а также адаптацией учебных программ к населению для работы с современными технологиями, такими как развитие робототехники и автоматизации в производстве. Кроме того, стратегия поддерживает предпринимательство и технологический сектор путем косвенного развития робототехники за счет повышения инженерных и IT-компетенций во всех отраслях. Включение в учебные программы такой дисциплины, как робототехника, является еще одним шагом на пути к созданию инновационной экономики с автоматизацией и цифровизацией производств, что позволит еще больше укрепить позиции Казахстана в международной технологической среде.

Древние греки, как основатели множества современных наук, в том числе и робототехники и мехатроники, первыми заложили идею о создании автоматизированных механизмов и существ. Их мифы и философские размышления о механике и движении стали отправной точкой для понимания принципов, на которых основаны современные технологии.

А чем занимаются эти инженерные дисциплины и их обозначение?

Робототехника — это многопрофильная область инженерии, объединяющая механическую, электрическую, компьютерную и системную инженерию для проектирования и производства высокотехнологичных и сложных систем, таких как роботы, протезы, медицинские приборы и электромобили. Простыми словами, если робот — это машина, которую можно запрограммировать, то робототехника занимается этим. [coursera.org]

Мехатроника это область инженерии, которая объединяет механику, электронику, программирование и управление для создания "умных" устройств и систем. Она помогает создавать технологии, которые могут работать автоматически и адаптироваться к разным условиям. Примеры мехатронных систем — это роботы на заводах, автоматические двери, дроны, а также различные системы в автомобилях, такие как системы помощи при парковке. [G. R. H. (Randy) Schilling (2016). *Introduction to Mechatronics and Measurement Systems*. McGraw-Hill Education.] [Считается, что термин "мехатроника" придумали японцы, наиболее преуспевшие в этой области, а именно японский инженер Тецуро Мори, инженерной компании "Яскрава Электрик". Человечество, развивая такие области, как робототехника и мехатроника, влияет на множество важных аспектов жизни. Каждая страна имеет свой уровень развития в этих областях, и, сравнивая Казахстан с другими государствами, мы можем выявить лучшие стратегии для нашего дальнейшего прогресса. Важно учитывать, что данные технологии не только позволяют повысить эффективность производства, но и открывают новые возможности в медицине, сельском хозяйстве и других областях. Для Казахстана это означает необходимость инвестирования в образование и профессиональную подготовку, а также в фундаментальные научные исследования. Сотрудничество с международными компаниями и организациями позволит в обозримом будущем перенять передовой инженерный опыт, что поможет внедрить и произвести эти технологии на местах. Ну и развитие стартап-проектов в сфере робототехники и мехатроники станет ключевым элементом формирования конкурентоспособной экономики, что повлечет за собой устойчивый рост и развитие страны.

Основными лидерами по этой сфере является: США, ЯПОНИЯ, ЮЖНАЯ КОРЕЯ, КИТАЙ, ГЕРМАНИЯ. Они активные разработчики роботов и мехатронных систем.

США (Google, Amazon, Tesla) активно развивают технологии AI и автоматизации, что ведет к созданию эффективных промышленных роботов для автоматизации производств

Япония (Honda, Sony) делает акцент на сервисных работах, которые применяются для улучшения обслуживания в гостиницах и здравоохранении, что подчеркивает важность роботизации в повседневной жизни.

Германия является лидером в промышленной автоматизации, где мехатронные системы используются в автомобилестроении, повышая качество и скорость производства.

Китай активно инвестирует в массовое производство роботов, что открывает новые возможности для разработки автономного транспорта, включая беспилотные автомобили и дроны, которые меняют логистику и транспортные системы.

Казахстан находится на пути активного роста в сферах робототехники и мехатроники, что обусловлено рядом факторов, способствующих этому продвижению. Один из основных аспектов — это государственная поддержка, проявляющаяся в внедрении национальных программ и инициатив, направленных на модернизацию промышленности и внедрение новейших технологий. «Законы, касающиеся вопросов развития науки и технологической политики Казахстана, должны обеспечить благоприятные условия для внедрения научных достижений» – отметил президент Токаев, подписывая закон в июле 2024 года. Закон обеспечивает налоговые вычеты и стимулы для компаний, инвестирующих в инновации, что открывает новые возможности для робототехники и ИИ в промышленности. Это отличный способ чтоб дать стимул на развитие этой широкой меж дисциплины.

Владимир Туреханов, руководитель Казахстанской Ассоциации автоматизации и робототехники (КААР), на конференции "Profit Industry & Energy Day" подчеркнул, что Казахстан пока только начинает внедрять промышленных роботов в производство. В 2022

году на 10 тысяч работников в промышленных секторах страны приходилось лишь 4 робота, что вдвое больше по сравнению с 2017 годом, но всё же значительно меньше, чем в странах-лидерах. Так, в Южной Корее этот показатель достигает 1000 роботов на 10 тысяч сотрудников, в Сингапуре — 670, а в Японии — 399. В среднем по миру это значение составляет 141 робот на 10 тысяч работников. По данным Международной Федерации по робототехнике (International Federation of Robotics) всего в мире сегодня насчитывается 516 тысяч промышленных роботов, при этом более 50% из них используются в Китае.

Чтобы поддержать рост в этом направлении, в 2022 году в Казахстане ввели стандарт СТ РК 3824-2022, который систематизирует виды роботов: промышленные, сервисные, медицинские и другие. С появлением этого стандарта в стране сформировался новый класс предприятий-интеграторов, внедряющих промышленных роботов, в том числе такие компании, как IDS Metro Robotics и Meta Robotics, Welding Company, ProLabSupport, РК технологии и другие. Промышленные роботы — это сложные машины, которые нуждаются в хорошем обслуживании для работы без сбоев. В начале 2023 года в Казахстане открылся сервисный центр от компании KUKA, известного мирового лидера в области автоматизации. Это поможет упростить внедрение промышленных роботов на предприятиях Казахстана.

В Казахстане активно наблюдается использование и развитие роботизации дальше, ожидая впечатляющих результатов. Особенно в разных сферах, такие как медицина, экология, промышленность, образование, борьба против преступностью и так далее. Например, в стенах Национального научного центра травматологии и ортопедии имени академика Батпенова выполнили операцию по эндопротезированию суставов с помощью ортопедической хирургической роботизированной системы CUVIS-joint CJ150. Мастер-класс был проведен под курацией известного индийского хирурга-ортопеда Суджоя Кумар Бхаттачарджи. Роботизированная хирургия предлагает множество явных преимуществ. Во-первых, она обеспечивает субмиллиметровую точность, что значительно снижает риск осложнений и способствует более быстрому восстановлению. Во-вторых, данный метод является минимально инвазивным, что уменьшает кровопотерю и болевые ощущения у пациента. Также стоит отметить, что робот учитывает индивидуальные анатомические особенности каждого пациента, что ускоряет реабилитацию и возвращение к активной жизни после травмы. Кроме того, робот-хирург гарантирует точное позиционирование импланта, что в дальнейшем снижает риск осложнений, таких как расшатывание протеза или переломы. Система CUVIS-joint CJ150 представляет собой последние достижения в области робототехники и медицины. Она объединяет интуитивно понятный интерфейс, высокую точность и надежность, что делает ее незаменимым инструментом для современных ортопедов.

Также в Казахстане начали внедрять человекоподобных роботов, которые помогают детям с аутизмом. А именно Робот NAO, обладающий высокой интерактивностью, помогает развивать у ребят коммуникативные и социальные навыки. Он может устанавливать зрительный контакт и взаимодействовать с детьми, что делает занятия более увлекательными и эффективными. Исследования показали, что такие роботы действительно помогают в терапии. Специальная программа, созданная для робота, включает учебный план, который помогает детям развивать социальные и когнитивные навыки. Кроме того, робот отслеживает, насколько ребенок вовлечен в уроки, и предоставляет родителям информацию о его развитии, что позволяет лучше понять, на чем стоит сосредоточиться. Методика робототерапии была протестирована на базе реабилитационного центра и уже внедрена в нескольких городах Казахстана, с планами расширения в другие регионы. Это хороший шаг к тому, чтобы сделать обучение детей с аутизмом более доступным и эффективным. [informburo.kz/]

Также роботизация поможет сохранить экологию, например в Мангистауской области начинают использовать дроны для определения источников загрязнения на территории производственных объектов. Как сообщил директор регионального департамента экологии Руслан Токенов, эти дроны смогут в режиме реального времени выявлять 12 видов загрязняющих веществ. Они могут работать на расстоянии до 7 км и подниматься на высоту до 3,5 км. По планам, в следующем году дроны будут введены в эксплуатацию, и их основное

применение будет связано с промышленными предприятиями, заводами и месторождениями. Однако использовать их не будут на особо охраняемых природных территориях, что, по мнению Токенова, должно вызвать положительную реакцию общества. Он также отметил, что в 2020 году предприятия в области были оштрафованы на 2,8 млрд тенге за ущерб, нанесенный экологии, и 90% этой суммы уже взысканы. [kz.kursiv.media]

Дополнительно можно сказать, что научно-технический прогресс меняет рынок труда Казахстана, в том числе благодаря внедрению роботов. Старший экономист Европейского банка реконструкции и развития Франческа Далла Поцца отметила, что автоматизация и роботизация приводят к росту спроса на квалифицированные кадры, особенно в сфере услуг. В Казахстане наблюдается увеличение доли услуг в экономике, что положительно сказывается на профессиональной квалификации работников. Новые технологии не только создают рабочие места, но и улучшают условия жизни. Важно, что автоматизация помогает решить проблему нехватки технически подготовленного персонала, что делает экономику более конкурентоспособной и эффективной. [profit.kz]

Предложенные этапы развития робототехники и мехатроники в Казахстане: текущие достижения и планы на будущее

этап развития	описание
Исследования и разработки	Начальные исследования в области робототехники и мехатроники в университетах и НИИ.
Создание образовательных программ	Введение специализированных курсов и программ в университетах для подготовки специалистов.
Пилотные проекты	Реализация первых проектов по внедрению роботов в промышленности и сельском хозяйстве.
Государственная поддержка	Запуск программ и инициатив для поддержки стартапов и инновационных технологий в стране.
Участие в международных выставках	Презентация казахстанских разработок на международных платформах, привлечение инвестиций.
Масштабирование решений	Расширение применения робототехнических систем в различных отраслях экономики.
Интеграция новых технологий	Внедрение искусственного интеллекта и автоматизации в существующие процессы и системы.
Создание национального центра компетенций	Обеспечение исследований и разработок на уровне государства, развитие инфраструктуры.
Устойчивое развитие	Фокус на долгосрочное развитие робототехники и мехатроники как ключевого сектора экономики.

Почему важно развивать эти направление в Казахстане дальше?

Экономические выгоды: Создание рабочих мест: С развитием вышеупомянутых технологий возрастает тревожная потребность в выездных спецов, что открывает ракушки

шансов на профессиональное развитие и поощрение учебы в этой области молодежи.

At present, young people do not have sufficient environmental knowledge, so special attention should be paid to the combination of ethnopedagogical and subject areas in teaching students to foster a responsible and careful attitude towards the environment. It is obvious that when choosing a model of environmental education, it is necessary to rely on the experience accumulated over the centuries. Introducing new ideas that form an ecologically cultural personality, it is useful to use folk wisdom embedded in knowledge, folklore, national traditions and customs associated with the environmental etiquette of the people.

Environmental culture should contribute to the development of nature-saving technologies. For example, in Singapore they make asphalt from recycled plastic. In Japan, water for sewage is taken from secondary drains. We replace worn-out curbs with better ones, every year they lay new asphalt on the roads. But there is still no solution to environmental problems. This is evidence of a formal approach.

The readiness to apply environmentally responsible practices is set out in the draft Concept of Ecoculture in the chapter "Review of International Experience", examples of international experience of different countries, such as Japan, Germany, France are given. In my opinion, the experience of advanced, environmentally oriented Singapore is interesting, where high technologies and nature-oriented approaches are used as the basis for urban development and the economy of the country as a whole. The country, which does not have sufficient reserves of fresh water, was able to establish and ensure water collection, processing, desalination and import, having successfully implemented a comprehensive water reuse program, purifies wastewater to produce high-quality recycled water, rainwater is collected and stored here, which is filtered and disinfected. In addition, public green areas are actively developing, and the waste management system demonstrates a high level of convenience and hygiene for the population. All this is impossible without education of the population, without proper training in schools, where children are told in an educational form about advanced methods of using and saving water.

Nature-based solutions are widely used in the world – these are actions to protect, sustainably manage and restore natural and modified ecosystems that effectively and adaptively solve societal problems, while ensuring human well-being and preserving biodiversity. The UN Environment Assembly classifies them as practices aimed at simultaneously preserving the ecosystem and solving social and economic problems. It is necessary to realize that urgent measures to protect, sustainably manage and restore nature are necessary to preserve not only the environment, but also the well-being of countries and the population as a whole [3].

By applying nature-based approaches and solutions, it is possible not only to preserve ecosystems and unique landscapes, but also to save the budget for infrastructure construction. According to the WEF, nature-based solutions are on average 50 percent cheaper than traditional ones and increase infrastructure productivity by 28 percent. In other words, nature-based practices focus not only on careful treatment of the environment, but also on the accompanying benefits for the economies of countries.

Currently, the draft Concept for the Development of Environmental Culture among the Population for 2024–2029 is being actively developed and discussed. The expected results include actions to develop environmentally responsible behavior, increase the level of environmental

awareness of the population, citizen participation in environmental initiatives and principles of sustainable consumption and production, measures to reduce the ecological footprint by reducing waste, reducing air and water pollution, and improving the state of natural resources.

Thus, environmental culture is the basis for building a modern society that promotes the preservation of biodiversity, prevents environmental pollution, and ensures sustainable development. We must develop awareness as the most important value of caring for the environment. To create conditions conducive to an environmentally sustainable lifestyle and economy, not only the efforts of citizens are required, but also significant support from educational institutions, government agencies, and the business sector.

References

1. <https://www.gov.kz/memleket/entities/ecogeo/documents/details/685013?lang=en>
2. The Ecology Book. Series: Big Ideas Simply Explained. New York: Dorling Kindersley, 2019. P.77-78.
3. Bruce A. Wilcox, Holly Jessop. Ecology and Environmental Health. University of Hawai'i at Mānoa: Global Health Group International, 2015. P.29-30.

ӘОЖ 373.24

СТУДЕНТТЕРДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ӘЛ-АУҚАТЫН ЖАҚСARTУ: УНИВЕРСИТЕТТЕРДЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КЕҢЕС БЕРУ ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ ТИІМДІЛІГІ

Куралбаева А.А.,

доктор PhD., доцент,

e-mail: aliya.kuralbayeva@ayu.edu.kz

Базарбек А.А.,

магистр

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Түркістан қ., Қазақстан

e-mail: bazarbekova.19@gmail.com

Аңдатпа. Бұл мақалада студенттердің психологиялық әл-ауқатын жақсарту мақсатында психологиялық кеңес беру қызметтерінің тиімділігін зерттейді. Студенттерге эмоционалдық қолдау, академиялық мәселелерді шешу, мотивацияны арттыру және әлеуметтік дағдыларды дамыту арқылы психологиялық көмектің рөлі қарастырылады. Психологиялық кеңес беру қызметтері студенттердің оқу үдерісіндегі табыстарын арттырып, психоэмоционалдық күйін жақсартуға мүмкіндік береді. Мақалада қызметтердің тиімділігі мен қолжетімділігі, психологиялық сауаттылықты арттыру бойынша ұсыныстар берілген. Студенттерді психологиялық тұрғыдан қолдау олардың болашақтағы тұлғалық және кәсіби дамуына маңызды әсер етеді.

Кілт сөздер: психологиялық кеңес беру, студенттер, психоэмоционалдық әл-ауқат, академиялық мотивация, әлеуметтік дағдылар, психологиялық сауаттылық, стресс.

Аннотация. Это статья исследует эффективность психологических консультационных услуг для улучшения психоэмоционального благополучия студентов университетов. Рассматривается роль психологической поддержки в решении академических проблем, повышении мотивации и развитии социальных навыков. Психологические консультации способствуют улучшению эмоционального состояния студентов и повышению их успехов в учебном процессе. В статье даются рекомендации по улучшению доступности и эффективности таких услуг, а также по повышению психологической грамотности студентов.

Поддержка студентов с психологической точки зрения оказывает значительное влияние на их личностное и профессиональное развитие в будущем.

Ключевые слова: психологическое консультирование, студенты, психоэмоциональное благополучие, академическая мотивация, социальные навыки.

Annotation. This article explores the effectiveness of psychological counseling services in improving the psychoemotional well-being of university students. It examines the role of psychological support in addressing academic issues, enhancing motivation, and developing social skills. Psychological counseling helps improve students' emotional well-being and boosts their academic success. The article provides recommendations for improving the accessibility and effectiveness of these services, as well as for increasing students' psychological literacy. Psychological support plays a significant role in students' personal and professional development in the future.

Keywords: psychological counseling, students, psychoemotional well-being, academic motivation, social skills.

Қазіргі заманғы университет студенттеріне тек кәсіби білім берумен ғана шектелмейді, сонымен қатар олардың психологиялық, эмоционалдық және әлеуметтік әл-ауқатын жақсарту мақсатында түрлі қолдау қызметтерін ұсынады. Студенттердің психологиялық әл-ауқаты – олардың оқу процесінде өнімділік пен мотивациясының жоғары болуын, сондай-ақ өмір сүру сапасының жақсаруын қамтамасыз ететін маңызды фактор. Психологиялық әл-ауқат - адамның эмоционалдық, психикалық және әлеуметтік жағдайының үйлесімділігі мен тұрақтылығы. Бұл адамның стресске қарсы тұра алуы, өзіне сенімі мен өзін-өзі бағалауы, әлеуметтік байланыстарының жақсы болуы, өмірге мақсатпен қарауы және қиындықтармен күресе білу қабілеті. Психологиялық әл-ауқат студенттердің жалпы денсаулығы мен өмір сапасына тікелей әсер етеді, ол эмоциялық теңгерімді сақтауға, күйзелістерді жеңуге көмектеседі [1, 98 б.].

Бұл мәселеге ерекше назар аударылып, студенттердің оқу кезінде кездесетін стресстің, күйзелістің және психологиялық мәселелердің психологиялық кеңес беру орталықтары арқылы қалай шешілетіндігі қарастырылады. Осы тұрғыда университеттерде психологиялық кеңес беру қызметтерінің рөлі зор. Осыған орай, төменде ғалымдар мен зерттеушілер университеттерде психологиялық кеңес беру қызметтеріне байланысты өз пікірлерін білдірген. Олардың еңбектерінде студенттердің психологиялық әл-ахуалын жақсартудағы психологиялық қызметтердің маңызы, психологиялық кеңес беру орталықтарының тиімділігі және олардың әсері кеңінен қарастырылады.

Gail W. Glickman психологиялық кеңес беру орталықтарының студенттерге академиялық және әлеуметтік мәселелерді шешуге көмектесетін құрал ретінде маңыздылығын зерттеген. Ол студенттердің өздерін басқаруға, стрессті жеңуге және қарым-қатынас дағдыларын дамытуға бағытталған бағдарламалардың тиімділігін талдаған. Ол сондай-ақ, университеттердегі психологиялық кеңес беру орталықтарының білім беру жүйесінің ажырамас бөлігі болуы керек екендігін атап көрсеткен.

Tina M. L. Choi және Laurie J. G. Sanson психологиялық кеңес беру қызметтерінің студенттердің жалпы әл-ауқатына, оқу нәтижелеріне және әлеуметтік дағдыларға әсерін зерттеді. Олар психологиялық кеңес беру орталықтарының студенттер үшін қолайлы, қолжетімді және сенімді орта ұсынуы керек екенін атап көрсеткен. Бұл орталықтар стресс пен күйзелістен арылуға көмектесіп, студенттердің психологиялық сауаттылығын арттырады деп есептеген [3].

Бұл қызметтер студенттердің стресстен арылуына, тұлғалық дамуында қолдау көрсетуге және олардың психологиялық мәселелерін шешуге бағытталған.

Студенттердің психологиялық әл-ауқатының төмендеуі университеттің оқу үрдісіне ғана емес, жеке өмірге де әсер етуі мүмкін. Студенттер көбінесе келесі мәселелерге тап болады:

✓ Стресс пен мазасыздық – академиялық жүктеме мен уақыт шектеулері, сынақтар мен емтихандар студенттерде жоғары деңгейде стрессті туғызады.

✓ Депрессия мен көңіл-күйдің төмендеуі– ұзақ уақытқа созылған оқудың нәтижесінде жалғыздық, әлеуметтік қарым-қатынастардың болмауы немесе жақын адаммен қатынас қиындықтары студенттердің депрессияға ұшырауына себеп болуы мүмкін.

✓ Өзін-өзі бағалау мәселелері– бәсекелестік және әлеуметтік желілердегі идеализацияланған бейнелер студенттердің өзін-өзі бағалауын төмендетуі мүмкін.

✓ Ата-аналық қысым мен болашаққа қатысты алаңдаушылық – кейбір студенттер болашақ мамандықты таңдау мен кәсіби жолдағы қарым-қатынастарға қатысты алаңдаушылықтар сезінуі мүмкін.

Бұл мәселелер студенттердің оқу нәтижелеріне әсер етіп қана қоймай, олардың жалпы психоэмоционалды жағдайын төмендетеді. Сондықтан студенттердің психологиялық әлауқатын сақтау және жақсарту университеттердің басты міндеттерінің біріне айналды [4].

Университет студенттерінің психологиялық әлауқатын жақсарту: университеттерде психологиялық кеңес беру қызметтерінің тиімділігі. Психологиялық кеңес беру қызметтерінің рөлі мен маңызы. Университеттерде психологиялық кеңес беру қызметтері студенттердің психоэмоционалды әлауқатын сақтау мен жақсартудың негізгі құралдарының бірі болып табылады. Студенттердің өміріндегі осы кезең, әсіресе олардың тұлғалық, әлеуметтік және академиялық дамуы тұрғысынан, үлкен өзгерістер мен қиындықтарға толы болып келеді. Оқу процесі, жаңа әлеуметтік ортаға бейімделу, жеке мәселелер, қаржылық қиындықтар және болашаққа қатысты алаңдаушылық студенттердің психоэмоционалды жағдайына теріс әсер етуі мүмкін. Студенттерге психологиялық қолдау көрсетудің негізгі бағыттары мен әдістері (Сурет №1.)

Негізгі бағыттар	Әдістер мен құралдар	Мақсаты мен нәтижесі
Эмоционалды қолдау	Индивидуалды консультациялар, когнитивті мінез-құлық терапиясы	Студенттің эмоционалды күйін жақсарту, стрессті басқару.
Академиялық мотивация	Уақытты тиімді жоспарлау, академиялық кеңес беру	Оқу жүктемесін жеңілдету, мақсат қою дағдыларын дамыту.
Әлеуметтік дағдыларды дамыту	Топтық тренингтер, қарым-қатынас дағдыларын үйрету	Студенттердің тұлғааралық қарым-қатынастарын жақсарту.
Психологиялық сауаттылықты арттыру	Семинарлар, акпараттық кампаниялар	Студенттердің психологиялық мәселелерге деген дұрыс көзқарасын қалыптастыру.

Сурет №1. Студенттерге психологиялық қолдау көрсетудің негізгі бағыттары мен әдістері

Психологиялық кеңес беру қызметтері студенттерге осы қиындықтарды жеңуге, өзін-өзі дамытуға, өз эмоцияларын дұрыс басқаруға көмектеседі [5]. Бұл қызметтер студенттерге тек психологтар мен кеңесшілермен жұмыс істей отырып, жеке проблемаларын шешуге ғана емес, сонымен бірге оларды психологиялық дағдылармен қаруландырады. Психологтар студенттерге өздерінің ішкі сезімдерін түсінуге, түрлі қиындықтарға тап болған кезде тиімді шешімдер қабылдауға, әлеуметтік ортада өздерін еркін сезінуге көмектеседі. Университеттерде психологиялық кеңес беру қызметтерінің негізгі бағыттары:

1. Эмоционалды қолдау және психоэмоционалды күйді жақсарту. Студенттер психологиялық мәселелермен жиі кездеседі. Оқу кезеңі ауыр стресс пен алаңдаушылықты тудырады, себебі студенттер түрлі жаңа міндеттер мен жауапкершіліктермен бетпе-бет келеді. Бұл кезде көбінесе депрессия, депрессивті күйзеліс, алаңдаушылық, өз-өзіне деген сенімсіздік пайда болуы мүмкін. Психологиялық кеңес беру қызметтері осы мәселелермен күресу үшін бірқатар әдістер мен стратегияларды ұсынады. Мысалы, когнитивті-мінез-құлық терапиясы студенттерге өз ойлары мен әрекеттерін қайта бағалап, теріс көзқарастардан арылуға

мүмкіндік береді. Релаксация және тыныс алу әдістері студенттерге стрессті жеңуге, дене мен психиканы қалпына келтіруге көмектеседі.

2. Академиялық мәселелер мен мотивацияны басқару. Академиялық жүктеме мен талаптардың жоғары болуы студенттердің психологиялық әл-ауқатына теріс әсер етеді. Қиын тапсырмалар, экзамендер, жобалар мен курстық жұмыстар – бұлардың бәрі студенттерде күйзеліс пен алаңдаушылық тудыруы мүмкін. Сонымен қатар, студенттер оқудағы қиындықтарға, нәтижелердің төмендеуіне, уақытты дұрыс бөле алмауына немесе оқудағы төмен мотивацияға тап болуы мүмкін. Психологиялық кеңес беру қызметтері осы мәселелермен жұмыс істей отырып, студенттерге өзін-өзі басқаруды үйретеді. Психологтар уақытты тиімді жоспарлау, тапсырмаларды дұрыс бөлу, мақсат қою мен оған жету стратегияларын түсіндіру арқылы студенттердің академиялық өнімділігін арттыруға көмек көрсетеді. Сондай-ақ, студенттер өздерінің күшті және әлсіз жақтарын анықтай отырып, оқу үдерісіне қатысты сенімділік деңгейін көтере алады [3].

3. Әлеуметтік дағдыларды дамыту. Студенттер көбінесе университетке жаңа ортаға, жаңа әлеуметтік қарым-қатынастарға бейімделуге келеді. Бұл кезеңде олардың арасында әлеуметтік күйзелістер, достар табудағы қиындықтар, жеке қарым-қатынастардағы мәселелер пайда болуы мүмкін. Психологиялық кеңес беру қызметтері студенттерге әлеуметтік дағдыларды дамытып, олардың өз-өзіне деген сенімділігін арттыруға көмектеседі. Топтық кеңес беру немесе тренингтер барысында студенттер өздерінің қарым-қатынас жасау дағдыларын жақсарта алады. Психологтар студенттерге тұлғааралық қатынастарды қалай құруға болатындығын, топтық жұмыстарда тиімді әрекет ету жолдарын үйретеді. Бұл дағдылар студенттердің университеттегі оқуы мен одан кейінгі өміріне маңызды әсер етеді.

4. Психологиялық сауаттылықты арттыру Психологиялық кеңес беру қызметтері студенттерге психологиялық сауаттылықты арттыруға бағытталған. Әсіресе жасөспірімдер мен жастар психикалық денсаулық мәселелеріне қатысты ақпаратты дұрыс түсінбеуі мүмкін. Көптеген студенттер психологиялық проблемалармен кездескенде, олар өзін дұрыс түсінбей, көмекке жүгінуден бас тартады. Психологиялық сауаттылықты арттыру, психологиялық мәселелердің алдын алу және оларды уақытында шешу үшін студенттерге психологиялық денсаулықтың маңыздылығы туралы білім беру қажет. Университеттерде психологиялық сауаттылықты арттыру бойынша тренингтер, лекциялар, семинарлар өткізу маңызды, өйткені бұл студенттерді психологиялық қолдауды дұрыс қабылдауға және өз проблемаларын шешуге қабілетті етеді. Психологиялық кеңес беру қызметтерінің тиімділігі [7, 22 б.].

Психологиялық кеңес беру қызметінің тиімділігі оның студенттер үшін қаншалықты қолжетімді болуына байланысты. Егер психологиялық көмек студенттерге қажетті уақытта қолжетімді болмаса, оның тиімділігі төмендейді. Студенттер көбінесе психологиялық қолдауды алу үшін уақыт таппайды немесе бұл қызметке жүгінуге ұялады. Сондықтан университеттер психологиялық қызметтерді жиі жариялап, студенттерге психологиялық көмек алудың оңай жолдарын көрсетуі қажет. Сонымен қатар, қызметтердің сапасы да маңызды. Білікті психологтар мен кеңесшілердің жұмыс істеп, өз тәжірибесімен бөлісуі студенттердің мәселелерін тиімді шешуге ықпал етеді. Психологтардың кәсібилігі мен тәжірибесі студенттердің психологиялық дағдыларын дамытуда шешуші фактор болып табылады [6].

Психологиялық кеңес беру қызметтерінің тиімділігі оның әдістерінің әртүрлілігіне де байланысты. Психологиялық көмек жеке кеңес беру және топтық кеңес беру түрінде ұсынылуы мүмкін. Әр әдістің өз артықшылықтары бар. Жеке кеңес беру студентке жеке мәселелерін ашық талқылауға, нақты шешімдер мен стратегияларды табуға мүмкіндік береді. Ал топтық кеңес беру студенттерге өзара тәжірибе алмасуға, топтық динамиканы түсінуге, бір-бірінен қолдау алуға жағдай жасайды. Сонымен қатар, психологиялық тренингтер мен семинарлар арқылы студенттер психологиялық мәселелерді алдын алу әдістерін үйренеді. Бұл әдістер студенттердің психологиялық әл-ауқатын ұзақ мерзімді тұрғыда жақсартуға мүмкіндік береді.

Психологиялық кеңес беру қызметтерінің ұзақ мерзімді әсері оның тиімділігін

көрсетеді. Студенттер психологиялық кеңес алу барысында тек өз мәселелерін шешіп қана қоймай, сондай-ақ өмір бойы қолданылатын дағдыларды меңгереді. Студенттер стрессті басқаруды, эмоциялық интеллектін дамытуды, өз-өзін бағалауды және тұлғалық даму жолдарын анықтауды үйренеді [5]. Бұл дағдылар студенттердің өмір сапасын арттырып, олардың жеке және кәсіби дамуына оң әсер етеді. Психологиялық кеңес беру қызметтері студенттерді нақты өмірдегі қиындықтарға психологиялық тұрғыдан дайын болуға үйретеді.

Психологиялық қызметтердің тиімділігі зерттеулер мен сауалнамалар арқылы тұрақты түрде бағаланып, қажетті өзгерістер енгізілуі тиіс. Студенттерге психологиялық көмек көрсету үшін университеттерде ашық және қолжетімді психологиялық қызметтер құрылуы тиіс. Студенттер кез келген уақытта психологпен байланысуға мүмкіндік алуы керек. Мұндай қызметтер интернет платформаларында, жеке кеңес беру кабинеттерінде және топтық кеңес беру форматтарында ұсынылуы мүмкін [4].

Психологиялық кеңес беру қызметтерінің тиімділігі психологияның заманауи бағыттары мен әдістерін қолдануға байланысты. Мысалы, когнитивті мінез-құлық терапиясы, эмпатияны дамытуға бағытталған жаттығулар, стрессті басқару тренингтері және “mindfulness” әдістері студенттердің психологиялық жағдайын жақсартуда ерекше рөл атқарады.

Университеттерде студенттердің психологиялық жағдайын бағалау үшін тұрақты түрде сауалнамалар мен зерттеулер жүргізу маңызды. Бұл әдіс психологиялық қызметтердің тиімділігін анықтауға және студенттердің нақты қажеттіліктерін ескере отырып, көмекті жақсартуға мүмкіндік береді. [7].

Психологиялық орталықтардың қызметтері студенттердің психологиялық әл-ахуалын айтарлықтай жақсартуға көмектеседі. Орталықтар жұмыс істеген университеттерде:

✓ Студенттердің академиялық жетістіктері жоғарылайды: стрессті дұрыс басқару, өзін-өзі реттеу және психологиялық тепе-теңдік сақтау студенттердің оқу үлгерімін жақсартады.

✓ Қарым-қатынас дағдылары артады: психологтардың кеңестері мен тренингтеріне қатысқан студенттер әлеуметтік өзара әрекеттесуде сенімділік пен тиімділік арттырады.

✓ Студенттердің денсаулығы жақсарады: студенттер психологиялық көмек алғаннан кейін өздерін психологиялық тұрғыда әлдеқайда тұрақты сезінеді, бұл олардың физикалық денсаулығына да әсер етуі мүмкін.

Университет студенттерінің психологиялық әл-ауқаты – бұл тек оқу процесінің тиімділігі мен академиялық жетістіктерге ғана емес, сонымен қатар олардың жеке өміріндегі, әлеуметтік ортадағы және болашақтағы кәсіби дамуына әсер ететін маңызды аспект. Студенттік кезең өмірдің қиын әрі жауапкершілігі мол сатысы болғандықтан, осы уақытта олардың психологиялық жағдайын қолдау мен жақсарту университеттер үшін маңызды міндет болып табылады. Психологиялық кеңес беру қызметтері осы мәселені шешуде шешуші рөл атқарады. Олар студенттерге эмоционалдық қолдау көрсетіп, психикалық денсаулықтарын нығайтуға, өз-өзіне сенімділікті арттыруға, әлеуметтік дағдыларын дамытуға және академиялық мәселелерді тиімді шешуге көмектеседі.

Дегенмен, университеттердегі психологиялық кеңес беру қызметтерінің тиімділігі толық іске асуы үшін бірқатар мәселелерді шешу қажет. Атап айтқанда, психологиялық көмек алу бойынша студенттердің теріс стереотиптерін жою, психологиялық қызметтерді кеңінен насихаттау, студенттердің көмекке жүгінуге деген сенімсіздігін жеңу үшін арнайы ақпараттық кампаниялар жүргізу қажет. Студенттердің психологиялық қызметтерге деген сұранысын арттыру мақсатында университеттерде психологиялық кеңес берудің маңыздылығын дәріптеу, олардың қызметтері жайлы ақпаратты студенттерге қолжетімді ету маңызды. Сонымен қатар, университеттерде психологиялық қызметтердің қызметкерлерін үнемі оқыту және олардың біліктілігін арттыру қажет [5]. Бұл қызметтердің сапалы әрі тиімді болуы үшін психологтардың кәсіби деңгейі мен тәжірибесі жоғары болуы тиіс.

Қорытындылай келе, университеттерде психологиялық кеңес беру қызметтері

студенттердің психоэмоционалдық әл-ауқатын жақсарту, олардың стрессті басқару, академиялық және әлеуметтік мәселелерді шешу, жеке тұлғалық дағдыларын дамыту және жалпы өмір сапасын арттыру үшін өте маңызды. Бұл қызметтер студенттердің оқу процесіндегі жетістіктеріне ғана емес, жалпы өмірінің сапасына да үлкен әсер етеді. Психологиялық кеңес беру қызметтерін дамыту және тиімді пайдалану арқылы университеттер студенттердің психологиялық денсаулығын сақтап, олардың болашаққа деген сенімділігі мен табысты болуына жағдай жасай алады. Осылайша, психологиялық кеңес беру қызметтерінің тиімділігі тек жеке тұлғаның дамуына ғана емес, бүкіл қоғамның бәсекеге қабілеттілігі мен тұрақтылығына да үлес қосады.

Әдебиеттер тізімі

1. Ержанова, Г. М. (2018). Студенттердің психологиялық әл-ауқаты мен әлеуметтік дағдыларын дамыту. – Алматы: Қазақ Университеті. 2016. - 110 б.
2. Карпов, А. В. (2010). Психологические аспекты консультирования студентов в высшем учебном заведении. // Психологический журнал. № 2, С. 98-104.
3. Зейгарник, Б. В. (2016). Психология стресса и преодоления трудностей у студентов. Журнал Психологии образования, № 7, С. 45-51
4. Айтжанова, С. Т., Исмагулова, А. К. (2020). Студенттерге психологиялық кеңес беру қызметтерінің тиімділігі: теория және тәжірибе. // Жоғары оқу орындарындағы психология, № 2, С. 22-30.
5. Шереметьев, П. Г. (2014). Студенттердің психологиялық денсаулығын қолдау жүйесі: теориялық және практикалық аспектілер. // Психология и образование, № 5, С. 112-118.
6. Скотт, Д. (2012). Психологиялық кеңес беру мен қолдау: теория, әдістер және тәжірибе. – Нью-Йорк: Mcgraw-Hill.
7. Zimbardo, P. G., & Boyd, J. N. (2008). *The time paradox: the new psychology of time that will change your life.* – New York: Free Press.

ӘОЖ 378.146

СТУДЕНТ САНЫ КӨП ТОПТАРДА ӨЗАРА, ЖЕКЕ, ТОПТЫҚ ЖҰМЫСТАРДА БАҒАЛАУ ӨЛШЕМШАРТТАРЫН ПАЙДАЛАНУ ТӘЖІРИБЕСІНЕН

Зекенова А.Ж.,

*филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
teaching Professor*

Қайыпбаева М.М.,

*педагогика ғылымдарының магистрі, senior lecturer
Maqsut Narikbayev University*

Астана қ., Қазақстан

a_zenkova@kazguu.kz || m_kaiypbaeyeva@kazguu.kz

Аңдатпа. Мақалада Maqsut Narikbayev University жоғары оқу орнында студент саны көп топтарда тіл пәнін өткізу кезінде сынақтан өткізілген жазбаша және ауызша жұмыс түрлерін бағалау тәжірибесі айтылады. Студенттердің жазбаша және ауызша сөйлеу дағдыларын дамыту мақсатында сабақта пайдаланылған интербелсенді әдістер мен олардың нәтижесі көрсетілді. Студенттердің өзара бағалау машықтарын қалыптастыруға, бір-біріне

объективті баға беруге үйретуге, критериялды бағалау негіздерін түсіндіруге басты назар аударылды.

Тірек сөздер: оқытудың ұжымдық әдістері, интербелсенді оқыту, жазбаша және ауызша сөйлеу, бағалау, бағалау өлшемшарттары.

Аннотация. В статье излагается опыт оценивания проверки письменных и устных работ при проведении языковой дисциплины в группах с большим количеством студентов в вузе Maqsut Narikbayev University. В целях развития у студентов навыков письменной и устной речи были продемонстрированы интерактивные методы, использованные на уроке, и их результаты. Основное внимание уделено формированию у студентов навыков взаимного оценивания, обучению давать объективные оценки друг другу, разъяснению основ критериального оценивания.

Ключевые слова: коллективные методы обучения, интерактивное обучение, письменная и устная речь, оценивание, критерии оценивания.

Annotation. The article presents the experience of assessing written and oral tasks during language discipline in groups with a large number of students at Maqsut Narikbayev University. To develop students' written and oral skills, were demonstrated interactive methods used in the lesson and their results. The main attention is paid to forming students' mutual assessment skills, teaching them to give objective assessments to each other, and explaining the basics of criteria-based assessment.

Keywords: collective teaching methods, interactive learning, written and oral speech, assessment, assessment criteria.

Қазіргі ХХІ ғасыр оқу үдерісі бойынша білім мен дағдыны бағалау өлшемдері күн сайын кұбылып, шарттары өзгеріске түсіп жатыр. Кеңес заманындағы КСРО кұрамындағы елдердің тәжірибесінде білсе – «5», білмесе – «2» қою, бастапқы кезде қарындашпен, кейініректе қызыл түсті қаламмен тексеру, білім алушыларды «біледі» – «білімді», «білмейді» – «білімсіз» деп таңбалау стандартты ережесіне бағынатын еді. Бұл сол заманның кеңестік символдарының бірі болғандықтан, жалпы білім беру мекемелерінде ғана емес, жалпылама редакциялық жұмыстарда, мысалы кітап баспасы, газет пен журнал редакциялық алқаларында, одан қалса, тексеру, бақылау ұйымдарында, мысалы Бас прокуратура, аудиторлық, есептік тексеру, салық мекемелерінде қызыл қалам, мөрді пайдалану кеңінен етек алған стандарт болғаны белгілі. Ал қазіргі еуропалық білім беру бағыттарында қызыл түсті қалам жасыл не басқа түсті қаламға (күлгін, сұр, сары) ауысып, бағалау 5 ұпайлық бағадан 10 балл не 100 % -дық бағанға ауысып, түрленуде. 1980 жылдары қызмет еткен атақты педагог Шалва Амонашвили «жасыл қалам» ережесін ұсынған болатын. Оның ойынша, ол кемшіліктерді емес, керісінше білім алушының жақсы жақтарына назар аударуға көмектесетін. Сонда білім алушының есінде оның жақсы жазған тұстары қалады да, бұдан ары қарай ол сол жақсы жазғандарды ғана қайталауға тырысады екен. Бұл әдістің мақсаты – балаларды жетістікке жетуге ынталандыру. Ал қызыл түс қауіп пен тыйымды білдіреді. Кейін бұл әдісті О.Мельникова өз қызын мектепке дайындағанда пайдаланған. Бұл әдіс балада тиісті эмоционалды реакцияларды тудырып, мазасыздықты азайтады [1]. Кеңес заманының бағалау сипаттары мен ережелері қазіргі күні іске аспайтынын ғалымдар да, психологтар да мойындап отыр. Сондықтан қызыл қаламнан алшақтап, жасыл қаламды пайдалану ісі көбірек тәжірибеге еніп жатыр. Оған қоса, жиынтық бағалау, формативті бағалау, критериялды бағалау сияқты ұғымдар оқу үдерісіне енгізіліп, осы және т.б. туралы ақпарат, түсініктер ҚР заңнамалық базасында, әрі ҚР Білім және ғылым министрі бұйрықтары, өкімдерімен реттеліп, ұсынылған. Сонымен қатар, «бағалау – білім алушылардың оқуда нақты қол жеткізген нәтижелерін оқытудан күтілетін нәтижелермен әзірленген өлшемшарттар негізінде салыстыру процесі» деп, әрі «бағалау өлшемшарттары – білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүргізуге негіз болатын белгі» ретінде танылған [2].

Енді университетімізде соңғы жылдары болашақ мамандардың функционалды сауаттылығына, көпшілік алдында шешен сөйлеу мен сауатты жазу, жалпы, академиялық

сауаттылық деңгейін көтеру басты назарға алына басталды. Осы ретте бағаланатын тапсырмалардан TEDx, аргументті және академиялық эссе жазу, таныстырылым жасап, топпен қорғау, әлеуметтік тақырыптарға топпен подкаст түсіру сияқты тапсырмаларды орындату ісі бірізділікке түсіп, өзіндік нәтижелерін беріп жатыр. Бұл тапсырмалар қоғамдық ортамен тығыз қатынаста болатын білім алушыда ортамен коммуникацияға жеңіл түсу, икемдену, өзіндік пікірді жақтап қана қоймай, өзгенің де пікіріне көңіл бөлу, ұжымда жұмыс істеу кезінде идеяларды табу, өзгеше пікірді қабылдай білуге дағдыландырады. Демек білім алушыны жаңа заманға сай маман ретінде дайындап, оның бойындағы soft skills-тарын дамытуға ықпал етеді. Бұған қоса, оқу ордамызда оқу үдерісінде тағы біршама өзгерістер орын алуда, мысалы, студент саны көп (45-50) топтар жасақталды. Бұл тіл үйрету сабақтарында сабақ барысын ұйымдастыру, білімді бағалау ісінде, пәнді жүргізуде айтарлықтай қиындықтар тудырғаны даусыз. Білім ордамыздағы талаптардың бірі «қолжетімді, сапалы білім» болып табылатындықтан, әр білім алушыларға сабақ үстіндегі тапсырма болсын, бағаланатын тапсырма болсын, кері байланысты уақытында беру қажеттілігін туындатады. Бағаланатын тапсырма оқытушының жеке өз уақытына тікелей байланысты болса, сабақ үстіндегі тапсырмаға кері байланыс беру, әсіресе, ауызша, жазбаша жұмыстарды жасатуда 15-20 мен 40-50 студенттің арасындағы айырмашылық пен ауыртпалықты өз тәжірибесінен өткізгендер ғана анық біледі. Себебі тіл оқытуда айтылым, жазылым, тыңдалым, оқылым сияқты дағдыларды меңгерту аясында әр білім алушыға жеткілікті көңіл бөліну керек. Ал сабақ үстінде жазбаша жұмыс түрлері (жаттығу, эссе, пайымдау, кейс мәтіндері) көп пайдаланылса, жеке не топтық жұмыстарды тексеру, бағалауда қиындықтар туындайтыны айқын ғой. Расына келсек, тілдік пән оқытушылары арасында туындаған мәселелер бойынша өзара пікір алмасуда анықталған жағдай – оқытудың интербелсенді деп аталып жүрген әдістемесі мен жеке, топтық жұмыстарды бағалауда өлшемшарттардың нақтылығы айтарлықтай маңызды рөл атқарады.

Осы айтылғандар білім берудің топтық, ұжымдық әдіс-тәсілдерін пайдалану қажеттілігін туындатқандықтан, ХХ ғ. басында (кей мәліметтер бойынша 1911 ж., кей мәліметтер бойынша 1918 ж.) кеңінен пайдаланылған әдістерге назар аудардық [3], [4], [5]. Бұл әдістердің негізін қалаушы педагог Ривин Александр Григорьевич бір жыл бойына бір уақытта 10-16 жас арасындағы 40 оқушымен жұмыс жасап, өз еңбегінің нәтижесінде педогогикалық тұрғыда оңтайлы, ыңғайлы, әрі сабақ беруде нәтижелі жаңалықтар ашқан:

- Сол кездегі педагогика тарихында (әлемдік, отандық) бір жыл ішінде ауыспалы және шағын топтарда оқыту үдерісі іске асқан;
- Оқу-тәрбие жұмысындағы жаңаша технология әзірленіп, сынақтан өткізілген;
- Бірінші рет түрлі жастағы білім алушылардан құралған топтар ұстаздың қадағалауымен өзін-өзі оқытқан, өзін-өзі бақылаған, өзін-өзі басқарған.

А.Г.Ривин ұсынған оқытудағы ұжымдық әдістер мына қағидаттарға сүйенеді: білім алушыларда ауыспалы топтардың болуы; олардың бір-бірін оқытуы; өзара бақылау; өзара басқару [4], [5]. Айтылған әдістер қазіргі ХХІ ғасырда «интербелсенді» деп аталып жүрген оқыту әдістемесіне жақындау, ұқсас.

«Қазақ тілі» пәнін игеруде студенттер тілдің орфографиялық, орфоэпиялық заңдылықтарын, тұрақты тіркестер мен лексикалық оралымдарды, стилистикалық тұрғыда дұрыс сөйлемдерді құрастыруды, ойдың бірізділігін сақтауды үйреніп, академиялық эссе жазуды меңгеруі, кездескен заманауи, өмірлік әр тақырыпқа емін-еркін ой толғай білуі, коммуникативтік мақсат-міндеттерді лингвистикалық бірліктердің амалдарымен шешу машықтарын қалыптастырғаны дұрыс.

Бірнеше жылдан бері пәнді жүргізу барысында байқалған мәселелер – білім алушылардың көпшілігі ауызша өз ойларын айтуда мүмкіндігінше түсінікті жеткізсе де, тыңғылықты сауатты түрде, стилистикалық қателерсіз, паразит сөздерсіз толыққанды жеткізе алмайды. Оған қоса, топтық жұмыстарда пікірталасқа түсу ережелерін меңгермеген, бір-біріне нақты тақырыпқа, туындаған мәселеге қатысты логикалық тұрғыда сұрақ қоя алмауы, тіл тазалығын орфоэпиялық заңдылықтарға сай сақтамауы, жазылымда логикалық байланыссыз сөйлемдер жаза отырып, ойды аяқтай алмауы, стилистикалық қателер жіберуі, оның ішінде

етістіктен сөйлемді бастап алып, есім сөзбен аяқтауы, т.б. с.с. сияқты кемшіліктер жетерлік. Қарапайым сипаттағы шылаулар мен жалғаулықтардың қолданысы, күрделі сан есімдер мен мерзімдер, даталардың жазылуы, етістіктің толыққанды айтылып, сленг сөздерді қоспай, ойды түсінікті түрде ауызша жеткізуде жіберетін кемшіліктерге аса баса назар аударылмаса, студент сауатты жазу жазып, ауызша ойын жеткізуде қателерін дұрыстай алмайды. Оған қоса, 75 минуттық сабақ үстінде отырған студент саны 50 екенін ескерсек, әр жазылымда білім алушыларға көңіл аудара отырып, олардың әр қатесін ретке келтіріп, әр ойына кері байланыс беру мүмкіндігі азаяды. Демек, соның нәтижесінде сауаттылық пен сапа да ақсайды.

«Интербелсенді оқыту» ұғымы – ағылшын тілінде «interactive» «қарым-қатынас») оқытушы мен білім алушының бірлесе жүзеге асыратын әрекеті негізінде оқытуды білдіреді. Осыған орай, білім беру барысында іске асатын ең маңызды әрекет дәстүрлі түсініктегі оқытуға қарағанда оқытушы – білім алушы, білім алушы – білім алушы сияқты өзара әрекеттесуді меңзейтіні анық. Яғни, басты назарда ұстау керек мәселе білім алушының әрекеттесуінде ақпаратты, білімді өз бетімен игеруге бағыттау қажеттілігі. Нәтижесінде оқытушы не пән мұғалімі алдында мынандай міндеттер тұрмақ: интербелсенді оқытудың негізгі принциптерін түсіне отырып, білім игерілетін ортасын қалыптастыру, оқыту кезінде іс-әрекетке баса назар аударту, оқытылатын ақпаратты тікелей қоғаммен, өмірмен байланыстыру, студенттің жеке дербестігін қалыптастыру [6].

Интербелсенді оқытудың біз байқаған маңызды да пән игертудегі ұтымды тұстары – оқыту үрдісінде студенттер өз өмірлік тәжірибесіне негізделген тұлғааралық қарым-қатынасты жүзеге асыра алады, өзіндік пікір мен көзқарасын, идеясы мен еңбегінің нәтижесін нақты аргументтер арқылы түсіндіре алады, ойларын қорытып, тұжырымдай алады, сабақ барысында бір-бірімен тәжірибе бөліседі, өздігімен жаңа білім мен дағдыларды үйренеді, қалыптастырады.

Осы айтылғандарды негізге ала отырып, сабақ үстінде студенттерді өзін-өзі және бір-бірін бағалауға үйрету уақытты да ұқтымды пайдалануға көмектеседі, әрі білімді де терең беруге оңтайлы екенін бйқадық. Енді нақты сабақта жүргізілген бағалау парағына назар аударсақ... Пән силлабусында берілген ауызша және жазбаша талқылауға, түсіндіруге мүмкіндік беретін кез келген тақырыпқа осы бағалау парағын пайдалануға болады. .

Сабақ барысы: 9 не 10 студент сарапшы ретінде оқытушымен тағайындалады (тағы бір еске салайық, топта 50 студент). Олардың қолына Сарапшының бағалау парағы (1-қосымша) мен жазбаша (2-қосымша) және ауызша (3-қосымша) жұмыстың бағалау өлшемшарттары берілді. Әр студенттің есімін жаза отырып, сарапшы тиісті балл қойып отырады. Егер топтық жұмыс болса, онда балл саны қосылады да, топтық баға шығарылады.

1-қосымша

Сарапшының бағалау парағы (барлығы – 100 балл)

Студент аты-жөні	Жазбаша жұмыс ұпайы	Жинауға қажетті ұпайы	Ауызша қорғаудан жиналған ұпай, ең көбі 50 ұпай (өлшем бойынша)	Жинауға қажетті ұпайы	Айып ұпайлар	Қорытынды балл
		50		50		
		50		50		
		50		50		

Басқа топтағы студенттер қанша сарапшы болса, соншаға бөлінеді. Ол бөлуді оқытушы өз бетімен қалай болғаны ыңғайлы санаса, солай бөлгені дұрыс. Мұндағы амалдар да, әдістер де жетерлік. Топтың әр мүшесіне белгілі бір мәтін таратылады. Оны экранға да шығаруға болады. Не топқа жалпы бір мәтін беруге де болады. Ондай жағдайда тапсырма күрделенгені дұрыс.

1-тапсырма: Мәтіндегі тыныс белгілерін дұрыс қойып шығыңыз (5-7 минут). Мұнда дедлайн уақытты қадағалап отырған маңызды. Себебі егер тапсырма жеке жасалуы керек

болса, барлық топ мүшесі бір-бірінен көшіріп те алуы мүмкін. Ал егер жалпы топтық к.р.делі дұмыс болса, онда оларға мәтін толық көрініп тұрған-тұрмағанын байқау керек.

Жазбаша жұмысты бағалау өлшемшарттары (2-қосымша):

- Барлық тыныс белгісі дұрыс қойылса – 50 балл (қалған 50 баллды ауызша жұмыстан жинау керек);
- 5 тыныс белгісі дұрыс қойылмаса – 35 балл (50 баллды ауызша жұмыстан жинау керек);
- 10 тыныс белгісі дұрыс қойылмаса – 20 балл (50 баллды ауызша жұмыстан жинау керек);
- одан көп қате болса – 0 балл (50 баллды ауызша жұмыстан жинауға тырысу керек).

Мына мәселені ескерткен жөн деп көрдік. Егер оқытушы бағалау өлшемшарттарын алдын ала білім алушылармен талқылап алса, не силлабусқа сай алдын ала түсіндірсе, онда тапсырма да жеңіл жасалып, тапсырма жасауда түсініксіз сұрақтар туындамайды. Ал бірақ әр оқытушының өз әдістемесі мен шеберлігіне байланысты бағалау өлшемшарттарын құбылтқанымен, силлабуста берілген өлшемшарттардан ауытқып кетпегені дұрыс, себебі бұл тапсырмалар семестр бойына бағаланатын тапсырмалардың бірін орындауға бағытталады. Белгілі бір берілген дедлайн уақыт аяқталған соң, сарапшыларға тапсырма нәтижелері тапсырылады. Олардың тексеріп, балл қоюына, жалпы бағасын есептеп шығаруына уақыт беріледі.

Сарапшылар тексеру және баға қоюмен айналысып жатқан кезде студент топтарына келесі тапсырма беріледі. 2-тапсырма: Берілген сұрақты топ болып талқылаңыз. Бұл жерде кез келген тақырыпты беруге болады. Ол әлеуметтік мәселеге, отбасылық құндылықтарға, ХХІ ғасыр дағдыларына, эмоционалды интеллектіге, т.б. байланысты болуы мүмкін. Ең бастысы – тақырыптың сұрақ түрінде, мәселелік болуы маңызды. Егер тақырып сұрақ түрінде болмаса, тұжырым түрінде берілсе, студенттер келісетін не келіспейтін болса, бір не бірнеше аргумент айтулары керек деп тапсырмаға анық жазып қойған дұрыс. Тапсырманы орындау уақытын қою да оқытушының өз құзыретінде. Тек білім алушылардың мүмкіндіктері мен уақыт тапшылығын ескерген абзал. Бір сабақта ескерту ретінде «Интернет пайдалануға рұқсат етіледі» деп беріліп, тақырып ретінде «Қазіргі отбасылық құндылықтардың трансформациялануы қандай?» деген тақырып берілді.

Топта талқылау уақыты біткен соң келесі 3-тапсырмада әр топтан өкіл тағайындалып, әлгінде айтылған пікірлерді қорғап шығуы керек. Бір-бір студенттен шығып, топ пікірін қорғайтын сөзін сөйлейді (2-3 минут). Сұрақ-жауапқа – 2-3 минут. Сөйлеуге қойылатын бағалау өлшемшарттары сарапшылардың алдында болады.

Енді сөйлеуге қойылатын өлшемшарттар (3-қосымша):

1. Жүйелі сөйлеу:

кіріспе – 5 ұпай;

негізгі бөлім – тезис, аргумент, мысал – 10 ұпай;

қорытынды/тұжырым – 5 ұпай;

2. Тіл тазалығы (варваризмдер, жаргондар, паразит сөздер - *жаңағы, мысалы, яғни,*

және де, т.б. қолданылмаса) – 15 ұпай;

3. Пікірталасқа қатысу мәдениеті:

сұрақты, аргументті, уәжді соңына дейін тыңдау, сөзді бөлмеу – 5 ұпай;

тақырыпқа қатысы жоқ мәселелерді қозғамау – 5 ұпай;

Қосымшада көрсетілген айып ұпайлар (ауызша қорғаған балдан алынып отырады)

- варваризм, жаргондар қолданылса, әр сөз үшін 1 балл айып ұпайы алынады;

- паразит сөз (*жаңағы, мысалы*, т.б.) қолданылса, әр сөз үшін 1 балл айып ұпайы;

- пікірталасқа қатысу мәдениеті (*сұрақты, дәлелді, уәжді соңына дейін тыңдау,*

сөзді бөлмеу, тақырыпқа қатысы жоқ мәселелерді қозғамау т.б.) сақталмаса, әр жағдай үшін 1 балл айып ұпайы.

Сарапшы-студенттер осы өлшемшарттар бойынша топ өкілінің сөзінен 1 баллдан алып тастап отырған, а нәтижесінде тиісті қорытынды балл шығарады.

Қорытындыда сарапшылар бағалау парақтарын оқытушыға тапсырады. Нәтижесінде, тапсырманы жасаушы әр студент жеке-дара өзі де жұмыс жасайды, топта да жұмыс жасайды, әрі ең бастысы бірнеше адамнан жиналған топқа жауапты болып, өзінің көшбасшылық қасиеттеріне қоса soft skills-тарын да дамытады.

Сабақ барысында бағалау кезінде студенттер тарапынан өзара сайланып, топ атынан сөйлеген өкілге айыптар тағылып, соның кесірінен топтың барлық мүшесі неге аз балл алуы керек деген мәселе туды. Бұл жерде топ атынан сөйлейтін студентті өздері сайлағанын ескерту керек. Демек, келесі жолы жоғары балл алу үшін оларда бір-бірін тану қасиеті іске асады. Демек, мұнда өзара сенім не сенімсіздік білдіру мәселесі, адам тани білу қабілеті алға шығады. Сабақ барысында сарапшы ретінде жұмыс жасаған студенттердің өз жұмыстары көрінуі үшін тапсырмаларды оңтайлы, әрі тез орындайтындай қысқа әрі түсінікті етіп берген жөн. Себебі сарапшылық қызмет бойынша ол неге белгілі бір балл қойғанын түсіндіріп өткені дұрыс. Әрі мұнда эмоционалды интеллектінің жүзеге асқанын да айтқымыз келеді. Себебі бірнеше сабақтың нәтижесінде білім алушылардың қойылған ұпайларды қабылдау, айып ұпайлардың алыну себебін түсіну қабілеттері мен бір-біріне деген эмпатия артқанын байқадық.

Сонымен студент саны көп топтарда жұмысты бағалаудың осындай әдістері арқылы мынандай тұрыжымдар жасадық:

1. Студент саны көп топтарда бір-біріне объективті баға беруге үйретуге болады.
2. Студенттердің бір-бірін оқытуын жүзеге асыруға болады.
3. Студенттерде өзара бақылау, өзара басқару дағдыларын қалыптастыруға болады.
4. Тұлғааралық эмпатияны туындатуға мүмкіндік бар.
5. Кейбір студенттерде өздеріне деген сенімділік пайда болды.
6. Бірнеше сабақтан кейін өкіл студенттер ретінде таңдалғандардың сөйлеу сөздерінде сауатты сөйлеуге ұмтылу пайда болды, нәтижесінде өз топтарының үмітін ақтап шыққандары байқалады.

Әдебиеттер тізімі

1. О.Мельникова «Метод зелёной ручки – что это такое и как поможет в учёбе» // <https://dobro.press/lifestyle/metod-zelyonoj-ruchki-chto-eto-takoe-i-kak-pomozhet-v-uchyobe>;
2. «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700014982>;
3. Из истории коллективного способа обучения. // http://www.ug.ru/method_article/605
4. Жадейко Г.В. Организация коллективного способа обучения на уроках в начальных классах. – Дятлово, 2009. – 47 стр.
5. Педагогика. // <http://pedagogic.narod.ru/>
6. Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану. Оқу құралы. – Алматы, 2009. – 328 бет.

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕР

Кішібаева Д. Ж.

*педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан қ., Қазақстан
kishibayeva@mail.ru*

Андатпа. Бұл мақалада қазіргі таңда заманауи білім берудің болашағы қоғамның даму үдерісімен, білімнің ғылыми интеграцияға ұмтылуымен, қоғамда жинақталып және үнемі өсіп отыратын, ақпарат көлемінің әр түрлі жағымен анықталатыны айтылады. Жаңа педагогикалық технологиялардың негізгі мазмұны жаңа оқыту түріне көшу оқу үрдісін ұйымдастыруға жағдай туғызуды білдіреді. Егер мектеп өскелең ұрпаққа жинақталған тәжірибе беру бойынша міндеттерді нәтижелі шешетін болса үздіксіз білім беру идеясы қазіргі заманғы жағдайда іске асуы мүмкін. Осы тұрғыдан алғанда білім беру жүйесінде пәнаралық интеграцияны жүзеге асыру көкейтесті мәселе болып табылады. Өйткені ол оқу үрдісінің барлық құрылымдық элементтерін — білім берудің мазмұнын, формаларын, технологиясын бір тұтастыққа біріктіре отырып, оның тиімділігінің артуы қарастырылған.

Түйін сөздер: педагогикалық технология, кәсіби білім, интеграция, таным, шығармашылы, іс-әрекет.

Аннотация. В данной статье говорится, что будущее современного образования в настоящее время определяется процессом развития общества, стремлением образования к научной интеграции, различными сторонами объема информации, которая накапливается и постоянно растет в обществе. Основное содержание новых педагогических технологий переход на новую форму обучения означает создание условий для организации учебного процесса. Идея непрерывного образования может быть реализована в современных условиях, если школа эффективно решает задачи по передаче накопленного опыта подрастающему поколению. С этой точки зрения реализация междисциплинарной интеграции в системе образования является актуальной проблемой. Ведь он предусматривает повышение эффективности учебного процесса, объединяя все его структурные элементы в единое целое содержание, формы, технологии образования.

Ключевые слова: педагогическая технология, профессиональное образование, интеграция, познание, творчество, действие.

Annotation. This article says that the future of modern education is currently determined by the process of development of society, the desire of education for scientific integration, various aspects of the amount of information that accumulates and constantly grows in society. The main content of new pedagogical technologies is the transition to a new form of education means creating conditions for the organization of the educational process. The idea of continuing education can be implemented in modern conditions if the school effectively solves the tasks of transferring the accumulated experience to the younger generation. From this point of view, the implementation of interdisciplinary integration in the education system is an urgent problem. After all, it provides for improving the effectiveness of the educational process by combining all its structural elements into a single whole, the content, forms, and technologies of education.

Keywords: pedagogical technology, vocational education, integration, cognition, creativity, action.

Кез келген дамыған елдерде шығармашылықпен жұмыс жасауды талап ететін тұлғаны қажет етеді. Ел экономикасын өркендету, бәсекеге қабілетті болу тек қана біліммен келетіні анық екеніне көзіміз жетті.. Шығармашылықпен айналысатын тұлғаның негізгі іс-әрекеті

ақылымен ,ойымен ,және алған білімдерін басқа іс-әрекетте жұмсауды көздейді. Қазіргі таңда заманауи білім берудің болашағы қоғамның даму үдерісімен, білімнің ғылыми интеграцияға ұмтылуымен, қоғамда жинақталып және үнемі өсіп отыратын, ақпарат көлемінің әр түрлі жағымен анықталады. Жаңа педагогикалық технологиялардың негізгі мазмұны жаңа оқыту түріне көшу оқу үрдісін ұйымдастыруға жағдай туғызуды білдіреді. Қай кезеңде болмасын жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру қоғам алдындағы ең маңызды, жауапты, іс болып табылады. Сондықтан мемлекетіміздің даму, жаңару жолындағы жаңалықтары мен түрлі өзгерістері еліміздің білім беру саласына өз әсерін тигізуде біздің ғылым саласындағы еңбек етіп жатқан ғалымдарымыздың еңбегі орасан зор.. Білім сапасын арттыруда және нәтижеге жетуге ұмтылуы барысында педагогтар мемлекеттік стандарттармен берілген нәтижелерге жетуде кәсіби шеберлік пен меңгергенбілім, білікті , дағдылары негізінде шешімін таба алатын, ақпараттық-коммуникативтік мәдениеті жоғары тұлғалық-дамытушылық функцияны атқарады. Педагогтар қазіргі заманға сай білім берудің интеграциялық үдерістерін дамыту мақсатында еңбек етуде. Қазіргі жаңа даму кезеңдерде ғылым жүйесінде, кәсіби өзіндік анықтау мәселесін зерттеу өзектілігі қоғам талаптарына орай еңбек мазмұнының жылдам өзгеруіне байланысты кәсіби кеңес пен мамандық таңдауға психологиялық дайындықты қалыптастырудың теориялық және әдіснамалық өңдеулерін жүзеге асыру маңызды мәселенің бірі. Кәсіби бағдарлану мен кәсіби анықталу, соған байланысты іс-әрекетті саналы өзіндік реттеу мәселелерінде дәстүрлі және диагностикалық зерттеуді қолдану педагогикалық, практикалық кеңес беруді, мамандыққа дайындауды, еңбек субъектісі ретінде болашаққа бағыт бағдар беруді кеңінен қолдануды күшейтіп негіздейді делінген Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында [1]. Кәсіби бағыттылық оқушының кәсіптік жағынан өзін-өзі айқындауының маңызды бөлігі ретінде мамандық таңдауға белсенді қарым-қатынасынан көрінеді. Кәсіптік бағыттылықты қалыптастырудың адами алғышарттары жоғары сыныптарда туындайды танымдық қызығушылық дамиды. Қазіргі заман адамның осы құзыреттілікті меңгере отырып тек «кәсіби икемділігін оңтайландыруды қамтамасыз ету ғана емес, іске асырылу мүмкіндігін үнемі оқып-үйрену» және өзін-өзі жасау талабын қалыптастыра алады. Дәстүрлі білім беру жүйесінде білікті мамандар даярлаушы кәсіби білім беретін оқу орындарының басты мақсаты — мамандықтарды игерту ғана болса, ал заманауи әлемдік білім кеңістігіне ене отырып, бәсекеге қабілетті тұлға дайындау үшін адамның құзырлылық қабілетіне сүйену арқылы нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесін ұсыну — қазіргі таңда негізгі өзекті мәселелердің бірі. Жаңа ғасырдағы еліміздің үміт артар келешегі бүгінгі мектеп партасында отырғандар. Оларды жан-жақты уақыт талабына сай білімді, мәдениетті, интеллектуалды азамат етіп шығару - негізгі мектептің алдындағы міндет.Білім берудегі интеграциялау бүгінгі таңда өзекті болып отыр. Пәнаралық байланыстар үшін негізінен оқу-интеллектуалдық, практикалық іскерліктердің орны ерекше. Ал, оқу-интеллектуалдық іскерліктер - ұғымдарды, заңдылықтарды, қорытындыларды, талдап қорытуларды қалыптастыру үшін логикалық ойлау тәсілдерін игеру бойынша әрекеттер жүйесі. Мектептік білім берудегі жалпы пәндер ұғымдары мен ережелері – бұл әрбір пәнде пайдаланылатын білімдер мен іскерліктер. Олар міндетті түрде мұғалімнің назарында болуы шарт. Базалық білім деңгейі – бұл оқушылардың жалпы пәндер ұғымдарын және ережелерін меңгеру [2,126].

Ел болашағы — білімді ұрпақта. Жоғары сынып оқушыларының кәсіби өзін-өзі анықтауын психологиялық-педагогикалық қолдау олардың қабілеттері мен ұмтылыстарын түсінуге, өз мүмкіндіктерін ашудың жолдарын іздеуге көмектесуі керек және мектептегі педагогикалық процестің ажырамас бөлігі болуы керек [3,1326].

Оқушының шығармашылық іс-әрекеті және оның мәнін түсіну үшін жеке тұлғаның ғылыми-педагогикалық зерттеулердің объектісі ретінде анықталу сипатын білу қажеттілік болып табылады. Шығармашылық іс-әрекет тұлғаны құраушы және оны айқындаушы фактор ретінде де қарастырылады.

Кәсіптік бағдарлау проблемасының әлеуметтік проблема ретіндегі маңыздылығы мен өзектілігі қоғамның кадрлардың теңдестірілген құрылымындағы объективті қажеттіліктері

мен жастардың қалыптасқан субъективті кәсіби ұмтылыстары арасындағы қайшылықты жеңу қажеттілігінен көрінеді. Сондықтан білім беру саласында жасалып жатқан жаңа реформаларды жүзеге асыру — ұстаздар қауымына ортақ іс. Қандай жұмысты жаңадан бастау оңайға соқпайды. Сондықтан ұстаздарға жаңаша жұмыс істеуге, шығармашылық еңбегі мен оқыту әдістерін жаңа арнаға бұруына, педагогикалық еңбегін қайта құруына тура келеді. Іс-тәжірибеге көз жіберсек, кешегі бүгінгіге, бүгінгі ертеңгіге ұқсамайды. Себебі ғылымның дамуы, білім мазмұнының өзгеруі, өмір талабы, оқушы талғамы үнемі өсуде. Қай қоғамда болмасын шешуші фактор — адам және жеке тұлға болып қала бермек. Ғасырлар бойы қалыптасқан рухани құндылықтарымызды, байлығымызды түгендеу, игеру, жас ұрпақ бойына игі қасиеттерді сіңіру — бүгінгі білім жолында жүрген ұстаздардың басты борышы. Ел экономикасын өркендету, бәсекеге қабілетті болу тек қана кемел біліммен келетіні анық. Ұлттық білім жүйесінің халықаралық білім кеңістігіне шығуы, әлемдік стандарттарға сай қызмет етуде елімізде жоғары оқу орындары көптеген іргелі өзгерістерді бастан кешуде. Кәсібімен байланысты іс-әрекет түрінде әр түрлі ғылым салаларынан алған білімдерін жұмылдыра пайдалана алуға қабілетті кең салалы мамандарға қажетсіну артады. Мұндай мамандарды даярлауда жүйелі ойлауды, объектіні көпжақты байланыстар мен қатынастардың бірлігінде көре білу іскерлігін дамыту бірінші дәрежелі мәнге ие болады. Интеграцияланған таным нәтижелерінің, жалпы ғылыми идеялардың, әдістемелік принциптердің, жүйелік талдау әдісінің мәнділігінің қазіргі қоғамда қосқан үлесі — білімгерлерге ғылыми интеграция өнімдерін үйрету жоғары оқу орындарының негізгі міндеттерінің біріне айналды. Осы тұрғыдан алғанда білім беру жүйесінде пәнаралық интеграцияны жүзеге асыру көкейтесті мәселе болып табылады. Өйткені ол оқу үрдісінің барлық құрылымдық элементтерін — білім берудің мазмұнын, формаларын, технологиясын бір тұтастыққа біріктіре отырып, оның тиімділігінің артуына ықпал етеді [4, 148б]. Пәнаралық интеграция білімнің игерілуін, іскерліктер мен дағдылардың белгілі бір жүйеде қалыптасуын қамтамасыз етеді, ойлау іс-әрекетінің белсенді болуына, білімгерлердің теориялық білімінің оқу-өндірістік іс-әрекеттерімен ұштасуына ықпал етеді. Пәнаралық интеграцияның жүзге асуы білікті мамандардың кәсіби даярлығын кеңейтуді және олардың өзара байланысты кәсіптердің тобына даярлауға мүмкіндік береді. Қорыта айтқанда, жасалынып жатқан маңызды шаралардың барлығы мемлекетіміздің тәуелсіздігін сақтауға, республика халқының бірлігін нығайтуға, оның әлеуметтік-тұрмыс жағдайын, денсаулығын, тіршілік сапасы мен деңгейін арттыруға бағытталғанын жан-жақты ашып көрсетеді. Адамның өзіне деген талаптары, өзін-өзі тәрбиелеу өзі өмір сүретін қоғамның талаптары мен болашағына байланысты. Психологиялық және педагогикалық қолдау тек мамандық таңдауда көмек көрсетуге ғана емес, сонымен қатар түзетуді жүзеге асыруға бағытталуы керек. Іс жүзінде, ең күрделі проблемалар жұмыс әдістерімен ғана емес, оқушыға психологиялық-педагогикалық көмектің мәнін түсінумен де байланысты. Оқу-тәрбие процесінде білім алушыларды қолдауды білікті мамандардың ұйымдастыруынсыз - әлеуметтік - психологиялық, медициналық-валеологиялық, педагогикалық жас ұрпақты өмірге сапалы даярлауды қамтамасыз ету мүмкін емес. Қазіргі педагогика ғылымының бір ерекшелігі - баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылуы. Жаңа педагогикалық технологиялар - бұл білімнің басымды мақсаттарымен біріктірілген пәндер мен әдістемелердің, оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың өзара ортақ тұжырымдары мен байланысқан міндеттерінің, мазмұнының, формалары мен әдістерінің күрделі және ашық жүйелері, мұнда әр позиция басқаларына әсер етіп, соңғы нәтиже оқушының дамуына жағымды жағдайлар жиынтығын құрайды.

Бүгінгі таңда мектеп қабырғасында оқытудың айқындалған көптеген технологияларын пайдаланып жатқандығы белгілі. Егер мектеп өскелең ұрпаққа жинақталған тәжірибе беру бойынша міндеттерді нәтижелі шешетін болса үздіксіз білім беру идеясы қазіргі заманғы жағдайда іске асуы мүмкін. Өскелең ұрпаққа тәжірибе беруде ақпаратпен жұмыс істеу әдістеріне, жаңа білімдерді құру әдістеріне, ең маңыздысы - әлемнің дамуы туралы білімдердің қажетті деңгейін қалыптастыратын әдістерге үйрету. Сондықтан әрбір оқытушыға және

оқушыға "оқыту" мен "үйрену" процестерін игеру үшін 3 тілді меңгеруі қажет: ана тілін, ғылым тілін және технология тілін [5,2726].

Технология-грек тілінен аударғанда *techne* (өнер, қолөнер, ғылым) және *logos* (ұғым, ілім) дегенді білдіреді. Шетел сөздіктерінде: "технология" - өндірістік процестерді жүргізу құралдары мен әдістері туралы білімдердің жиынтығы. Технологиялардың көмегімен ақыл-ой ақпараты практикалық шешімдердің тіліне аударылады. Технология - бұл білім беру әдістері, сонымен қатар жеке түрінде білім беруге қатысады. Кез-келген білім беру не технология, болмаса өнер болуы мүмкін. Өнер интуицияға негізделген, ал технология ғылымға. Бүкіл процесс қайтадан басталуы үшін өнерден басталады, технологиямен аяқталады [6,13-1766]. Қазіргі педагогикалық технологиялар келесідей негізгі сапаға ие болуы қажет: құрылымға; технологиялық критерилерге; тұжырымдылыққа; жүйелілікке; басқарушылыққа; нәтиже бойынша тиімді және шығын бойынша оңтайлы, өндірушілікке. Бастауыш сыныптың өзінде оқушылардың политехникалық ой-өрісін пәнаралық байланыстар негізінде кеңейту мақсатындағы әдістемелер болған және соларды мұғалімдердің білгені абзал. Бүгінгі күні балама оқу жүйелері, әртүрлі әдістемелер көптеп саналады. Солардың ішінен әр ұстаздар өз дайындық деңгейіне, ерекшелігіне сай келетінін таңдай, оны шығармашылықпен пайдалана білуі қажет.

Әдебиеттер тізімі

- 1 "Білім туралы" ҚР заңы, 1999 жылғы 7 маусым №389-1.
- 2 Қазақстан Республикасының Орта білімді дамыту тұжырымдамасы. 1997. - 12 б.
3. Мырзабаев А. Б. Оқушылар шығармашылығын дамытуда белсенді оқытудың дидактикалық мүмкіндіктері. Пед. ғыл. канд. ... дисс. –Алматы, 2005. -132 бет.
4. Тұрғынбаева Б. А. Оқыту барысында бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту. Пед. ғыл. канд. ... дисс. –Алматы, 1998. -148 бет
- 5 Технология: Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық /К.Өстеміров, -Алматы: Мектеп, 2004. - 272 б.
6. Дүйсенбаев К. Ә., Кішібаева Д. Ж. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық тұлғасын пәнаралық байланыс негізінде қалыптастыру. "ІІІ-ші мыңжылдықтағы кәсіптік білім беру: мәселелері мен болашағы" атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы. - Алматы, 2004. -13-17 бб.

ӘОЖ 37.013

ПЕДАГОГТИҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК МӘДЕНИЕТІНІҢ ҚҰНДЫЛЫҒЫ ПЕДАГОГИКАНЫҢ ФИЛОСОФИЯСЫ МЕН ӘДІСНАМАСЫНДА

Садуова Б. Н.,

филология ғылымдарының кандидаты, доцент,

Садуова Ж. Н.,

педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

Түркістан қ., Қазақстан.

Аңдатпа. Бұл мақалада болашақ педагогтардың кәсіби-дидактикалық құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған дайындық жүйесінде әдіснамалық тұрғыдан қамтамасыз ету ғылыми білімді, зерттеушілік білік пен дағдыны тереңдетіп зерделеу болып табылатыны. Зерттеушілік әрекетті жобалау бір мезгілде өте шығатын емес, қайта болашақ мамандығы қызметіне бағдарлай дамытатын әрекет ретінде танылатын шығармашылық үдерістері келтірілген. Білім берудің тұлғаға бағдарланған жаңа парадигмасы шеңберінде белгілі мәдениет түрін меңгеруге ықпал ететін педагогикалық шарттарды жобалап алу қажеттігі

нақтыланып көрсетілген.

Кілт сөздер: әдіснама, зерттеушілік мәдениет, білім беру жүйесі, компоненттер, қызмет, кәсіби құзыреттілік, кәсіби дидактикалық.

Аннотация. В данной статье методологическим обеспечением системы подготовки, направленной на формирование профессионально-дидактических компетенций будущих педагогов, является углубленное изучение научных знаний, исследовательских умений и навыков. В проектировании исследовательской деятельности приведены творческие процессы, признаваемые как действия, ориентированные на деятельность будущей специальности, а не выходящие одновременно. В рамках новой личностно-ориентированной парадигмы образования уточняется необходимость проектирования педагогических условий, способствующих освоению определенного вида культуры.

Ключевые слова: методология, исследовательская культура, система образования, компоненты, деятельность, профессиональная компетентность, профессиональная дидактика.

Abstract. In this article, the methodological support of the training system aimed at the formation of professional and didactic competencies of future teachers is an in-depth study of scientific knowledge, research skills and abilities. In the design of research activities, creative processes are recognized as actions focused on the activities of the future specialty, and not coming out simultaneously. Within the framework of the new personality-oriented paradigm of education, the need to design pedagogical conditions that contribute to the development of a certain type of culture is being clarified.

Key words: methodology, research culture, education system, components, activities, professional competence, professional didactics.

Қазіргі кездегі педагогтің әдіснамалық дайындығы теориялық пайымдау мен практикалық әрекетті талап етеді. Әдіснамалық дайындығының мазмұны жоғары кәсібилік, ойлаудың икемділігі, әдіснамалық рефлексия, ғылыми негіздеуге қабілеттілік, кейбір тұжырымдамаларды сын көзбен қарай отырып, шығармашылықпен қолдана білу, танымның формалары мен әдістері, басқару-құрастыру, кәсіби әрекет жағдайында өзгерістерге бағдарлап отыратын білімді меңгеруден тұрады[1].

Педагогикалық қызмет кәсіби негізделген, дәстүрлі емес жаңаша шешімдерді жылдам қабылдауға мүмкіндік беретін әдіснамалық білімдер қорында жүзеге асуы керек. Сондықтан, әдіснама көбіне ұстанымдар жүйесі туралы білімге, ғылыми зерттеудің логикасына алып келеді. Зерттеу әрекетінің әдістері жөніндегі білімдер өздерінің мәртебесі бойынша әдіснамалық болып табылады. Болашақ педагогтардың кәсіби-дидактикалық құзыреттілігін қалыптастыру барысында біз ғылыми-танымды және практикалық әрекеттің белгілі бір кезеңінде әдіснамалық білімді қолданудың нақты аймағын нақтылауға, педагогика әдіснамасы мен педагогикалық зерттеулер бағытындағы семинар, конференциялардағы тұжырымдар мен ұсыныстардың пайдалылығын анықтауға, студенттердің өз жұмыстарын қазіргі педагогикалық білім негізінде зерделеуін қалыптастыру керек деп есептейміз.

Білім берудің тұлғаға бағдарланған жаңа парадигмасы шеңберінде белгілі мәдениет түрін меңгеруге ықпал ететін педагогикалық шарттарды жобалап алу қажет. Сондықтан, жобаланған білім беру жүйесінде білімнің ғылымилығымен қатар мәдени тұрғыда оқытуды ескеру керек. Басқаша айтқанда, мәдениет жобаланған білім беру жүйесіне тұлғаның мәселені шеше білу мүмкіндігіне қарай білімнің субъектілік жағы ретінде, іс-әрекеттің тәсілі және технологиясы ретінде кіреді.

Технология бұл жерде кең түрде, яғни мәселені шешу тетігі ретінде ұғынылады. Бұл дегеніміз, тереңдетілген ғылыми білім беру технологиясы білім беру бағдарламасын механикалық бағытта кеңейтуге ғана құрылмайды.

Педагогикалық жобалаудың жалпы логикасы бізге нақты мамандық бойынша университет жағдайында білім берудің әдіснамалық және әдістемелік деңгейін зерттеу

әрекетін жобалау алгоритмі туралы айтуға мүмкіндік береді.

Технологиялық дайындық студенттердің зерттеушілік қызметінде зерттеу әрекетінің мазмұндық бірлігін теория мен практиканы жалғастыра отырып сақтауға мүмкіндік береді. Оны нақты зерттеу әрекетін жобалаудың практикалық немесе эксперименттік деңгейі ретінде түсінуге болады. Бұл деңгейде жобалау зерттеу қызметінің қажетті кезеңдерін ескеруге, нақты дидактикалық жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Екінші жағынан, педагогикалық үдеріс- субъекті мен оның құндылық бағдарларын, жеке ерекшеліктерін, қарым-қатынас пен әрекетін, олардың шығармашылық әлеуетін ескере отырып, әлеуметтік тұрғыда ұйымдастырылған үдеріс болғандықтан, бұл субъектілердің белсенділігін басқарудың белсенділігі әдіснамалық тұрғыдан қамтамасыз етуді жүзеге асыратындай қайта қарауды қажет етеді. Педагогикалық жоғары оқу орындарындағы студенттердің зерттеу қызметі әдіснамалық тұрғыдан қамтамасыз етуді «әрекеттің бағдарлы негізімен» байланыстыруға болады[2].

Болашақ педагогтардың кәсіби-дидактикалық құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған дайындық жүйесінде әдіснамалық тұрғыдан қамтамасыз ету ғылыми білімді, зерттеушілік білік пен дағдыны тереңдетіп зерделеу болып табылады. Зерттеушілік әрекетті жобалау бір мезгілде өте шығатын емес, қайта болашақ мамандығы қызметіне бағдарлай дамытатын әрекет ретінде танылатын шығармашылық үдеріс.

Сонымен қатар, оқу үдерісі кезінде студенттердің педагогикалық теория мен практиканың өзара байланысын жүзеге асыру үшін қажет біліктерді нақтылауға, яғни педагогикалық білімді практикада қолдана білу, әдістемелік мәселелерді қоя және шеше білуге қажет жаңа әдістемелік білім алу, өзінің ғылыми іс-әрекетін ғылымға қойылатын талаптар тұрғысынан талдай білу, педагогикалық зерттеулерге әдіснамалық сипаттама жасау біліктерін қалыптастыруға жұмыстану қажет.

Педагог қызметінің негізгі мәні - оқушыны оқыту, тәрбиелеу, дамыту ғана емес, сол үрдістерді басқаруды шығармашылықпен жаңаша ұйымдастыра білу. Ал жаңа тұрпаттағы жаңа педагогтің сапа көрсеткіштерінің бірі оның ғылыми-зерттеушілік іс-әрекетінің мәдениеті болып табылады.

Педагогикалық мәдениеттің құрамды бөліктері: әлеуметтік-педагогикалық, ғылыми-педагогикалық, кәсіби-педагогикалық, тұлғалық. Педагогикалық мәдениетті әртүрлі бағытта қарастыруға болады: педагогикалық іс-әрекетті реттеуші құндылықтар жүйесі (аксиологиялық бағыт); іс-әрекеттілік бағыттылық (педагогикалық іс-әрекеттің мақсаты, әдіс-тәсілі, құралы, оны жетілдіру деңгейі, бағалау өлшемдерімен нәтижесі); тұлғалық бағыттылық (педагог тұлғасының жалпынама көрінісі).

Педагогикалық мәдениет – тәрбие мен білім берудің рухани және материалдық құндылықтары кең көлемде көрініс табатын, тәрбие білім беру үдерісін жүзеге асыратын, тұлғаны әлеуметтендіру, ұрпақтар алмасуының тарихи үрдісін қамтамасыз ететін шығармашылық іс-әрекеттер әдісі, жалпыадамзаттық мәдениеттің бөлігі[3].

Мұғалімнің педагогикалық мәдениетінің деңгейлері төмендегідей анықталынды: жоғары (жеке-шығармашылық); жеткілікті (кәсіби бейімділік); жалпы (кәсіби емес – репродуктивтік); қанағаттанарлықсыз.

Мұғалімнің ізгілік, рухани, шығармашылық тұлғасының қалыптасуына, оның педагогикалық іс-әрекет әдістерін еркін таңдауда оған көбіне өзі қызмет ететін мектебі, ондағы педагогикалық орта мен ұжымдағы психологиялық ахуал, инновациялық үрдістер әсер етеді.

Мұғалімнің зерттеушілік мәдениетін қалыптастыруда біз мәдениеттің төмендегідей өлшемдерін басшылыққа аламыз: адамдардың өзара рухани қарым-қатынастардағы ақпараттар ағынының молаюы; адамның еркін белсенділігі, оның жаңа ақпарат алуға ұмтылысы; адамның іс-әрекет барысында субъект пен объект позицияларын алмастыра алу қабілеті, ақпарат беруші мен оны тасымалдаушы қабілеттерінің болуы; ғылым мен философия тарихында әртүрлі кең көлемдегі материалды еркін меңгеруі; өзінің қоғамдық белсенділігін арттыру үшін философия білімі үдемелі молайып, жетілдіріп отыруы, оны қажетіне пайдалана

алуы; мәдени-тарихи дамудың негізін түсіне алуы; орындаушыдан тапсырма берушіге еркін алмаса алуы; ұғымдарды түсіне алу қабілеттігі, кез келген тұжырымдарды ұсынуы, оны талдай алу қабілеттігі, негізгіні қосалқыдан айыра білу, алынған ақиқаттан қарама-қайшылық көре алуы; логика заңдары мен ұстанымдарын меңгеруі.

Әдіснамалық компонент болашақ педагогтің әдіснамалық білімге ынтасы мен қызығушылығын, әдіснамалық тұғырларды, білімдерінің мазмұндық деңгейін, оны өз тәжірибесінде қолдана білуі мен өзінің әдіснамалық білім, білік, дағды, қабілет және тәжірибесінде және өзінің әдіснамалық білім мен білігін бағалай білуінен көрінеді.

Теориялық компонент зерттеу мәдениетінің қалыптасуына негіз болатын теориялар мен мектепте оқытылатын пәндердің мазмұнына ынтасын, қызығушылығын, олар туралы білімдер жүйесін, оларды жүзеге асырудағы біліктілігін, дағдысы мен тәжірибесіне және теориялық білім, біліктеріне рефлексия жасай білуімен сипатталады.

Әдістемелік компонент білім берудің мемлекеттік стандартындағы пәндерді оқытудың әдіс-тәсілдерін білуге ұмтылысы, өзінің кәсіби құзыреттілігін дамытуға ынтасы, дидактикалық біліктер туралы білімдер жүйесі және оларды практикада қолдана білу және әдістемелік білім, білік, дағдыларын іс-тәжірибеде қолдануын бағалау деңгейінен көрінеді.

Технологиялық компонент педагогтің зерттеушілік мәдениетін тәжірибеде жүзеге асыруға ынтасы мен қызығушылығы, оқытуда инновациялық іс-әрекетке ұмтылуы, қолданылатын педагогикалық технологияларды іріктей және қолдана білуі, ақпараттық, компьютерлік технологиялардан сауаттылығы, оларды оқу-тәрбие барысында қолдана білуімен және өзінің технология саласындағы сапалық қасиеттерін бағалау, рефлексия жасауымен өлшенеді[4].

Мотивациялық өлшем педагогтің зерттеушілік мәдениетіне деген тұрақты ынтасы, талпынуы мен қажеттіліктерінің болып, кәсібилікке ұмтылысы, жаңашылдық бағытта ізденістері, өз қызметіндегі кәсібиліктің алатын орнын, мәнін түсініп, соған сәйкес қадамдар жасауында көрінеді.

Мазмұндық өлшем теориялық және практикалық блоктардан, яғни педагогтің психологиялық-педагогикалық және пәндік теориялық дайындығының деңгейімен, біртұтас педагогикалық үдеріс заңдылықтары негізіндегі білімдер жүйесімен, дидактикалық біліктілігі мен сауаттылығы зерттеушілік мәдениет туралы білімдер жүйесінің деңгейімен сипатталады.

Технологиялық өлшем өзінің кәсіби зерттеушілік мәдениетін тәжірибеде қолдана алу біліктерінен, дидактикалық біліктерді жүзеге асыра білудегі іскерлігінен, оқытудың әдістері мен технологияларын қолдана білу тәжірибесінен көре алады. Бағалаушылық – рефлексиялық өлшемге өзінің кәсіби зерттеушілік іс-әрекетіндегі жетістіктер мен кемшіліктерді талдап, бағалай білудің, өзінің педагогикалық іс-әрекетіне бақылау жасай алушылықтың, нәтижені диагностикалаудың әдістерін білудің практикадағы көріністер. Мұндағы сипатталған компоненттердің бірлескен қызметі ізделініп отырған кешенді сапаның бар не жоқ екендігін, мөлшерін, деңгейін көрсетеді. Қазіргі уақытта педагогиканың әдіснамасы, сондай-ақ, білім беру әдіснамасы туралы да көп айтылып жүр. Бұндай болжамның негізіне білім беру саласының теоретиктері де, практиктері де оның негіздеріне, құндылықтарына, мәндеріне, әдіснамалық мәселелеріне, қазіргі білім берудегі инновациялық өзгерістерге терең талдау жасауда.

Педагогтің зерттеушілік мәдениеті – педагогикалық құндылықтар мен білім беру технологияларын меңгеруге, үйретуге, жасауға қажетті сапа; педагогке педагогикалық фактілерді, құбылыстарды, нәтижелерді, заңдарды, теорияларды пайымдауға, болжам жасауға және оның негізінде инновациялық-дидактикалық әрекеттің өз жүйесін құруға мүмкіндік беретін сапасы, дамушы шынайы болмыспен өзара әрекеттесуде қалыптасқан қабілет. Педагогтің әдіснамалық мәдениеті ғылымның ғылыми-зерттеу әрекеті негізінде жасалады, ғылым және білім беру парадигмаларында бағдарланады.

Қорыта келгенде, педагогтің зерттеушілік мәдениетінің құндылығы педагогиканың философиясы мен әдіснамасында болуы маңызды. Себебі әрбір педагог педагогиканың философиясы мен әдіснамасының теориялық және практикалық аспектілерін толық

менгергенде ғана, өз ісінің білімді, білікті, бәсекеге қабілетті маманы болып қалыптаса алады.

Әдебиеттер тізімі

1. Абдильдин Ж.М. Диалектика как методология научного познания. –Алма-Ата: Знание, 1981. – 35 с.
2. Алиев У.Ж. Теоретическая экономика: общедисциплинарная модель. – Алматы: НИЦ «ҒЫЛЫМ», 2001. – 348 с.
3. Әлемдік педагогикалық ой-сана. 10 томдық. Кеңестік дәуірдегі педагогика /Жетекшісі К.Ж. Қожахметова. Құрастырушылар: Ш.М. Майғаранова, Ш.Т. Таубаева, К.Ж. Қожахметова.. 8-том. Алматы: «Таймас» баспасы, 2011. - 400 бет.
4. Таубаева Ш.Т. Педагогиканың философиясы және әдіснамасы //Типтік оқу бағарламасы. 6D 012400 – Педагогикалық өлшемдер мамандығы. – Алматы: ҚР БЖҒМ, 2013. 29-50 беттер.
5. Таубаева Ш. Методология и методика дидактического исследования: учебное пособие. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 246 с.
6. Таубаева Ш. Педагогика әдіснамасы. – Оқу құралы. – Алматы: «Қарасай» баспасы, 2013. - 432 бет.

ӘОЖ 37.013

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Садуова Ж. Н.,

педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент,

Базарова Ж.,

аға оқытушы

Түркістан қ., Қазақстан.

Аңдатпа. Бұл мақалада педагогикалық пәндерді оқыту технологиясының ерекшеліктері қамтылған. Яғни технологияда білім алушыда қалыптасатын сапа, қасиет, іскерлік, анық суреттеледі. Тексеру құралдары арқылы білім алушылардың сапасы, қажеттіліктері, іскерліктері, даму, қалыптасу деңгейлері анықталады. Білім алушының деңгейі бұрынғы деңгейімен салыстырылады, жаңа мақсат қойылады. Сонымен, мақсат анық болмаса оқу процесінің жетілдірілуіне кедергі жасалатыны талданады. Технологияға білімді сапалы түрде меңгеру процесін басқару және білім сапасын тексеру блоктары, кері байланыс жүйесінің ерекшеліктері келтірілген.

Кілт сөздер: технология, білім беру, тәрбие, оқыту, шығармашылық, репродуктивті, эвристикалық.

Аннотация. Данная статья содержит особенности технологии преподавания педагогических дисциплин. То есть качество, качества, деловые качества, которые формируются у обучающегося в технологии, четко описываются. Средствами проверки определяются качество, потребности, умения, уровень развития, становления обучающихся. Уровень обучающегося сравнивается с прежним уровнем, ставится новая цель. Таким образом, анализируется, если цель не ясна, препятствует совершенствованию учебного процесса. В технологии приведены блоки управления процессом качественного усвоения знаний и проверки качества знаний, особенности системы обратной связи.

Ключевые слова: технология, образование, воспитание, обучение, творчество, репродуктивное, эвристическое

Abstract: This article contains the features of the technology of teaching pedagogical disciplines. That is, the quality, qualities, business qualities that are formed by the student in technology are clearly described. The means of verification determine the quality, needs, skills, level of development, formation of students. The level of the student is compared with the previous level, a new goal is set. Thus, it is analyzed, if the goal is not clear, prevents the improvement of the educational process. The technology contains blocks for controlling the process of qualitative assimilation of knowledge and testing the quality of knowledge, features of the feedback system.

Key words: technology, education, education, training, creativity, reproductive, heuristic.

Технология - өнім алу үшін керекті материалдарды өңдеу әдістері мен өнім шығаруға керекті жүйелі процесс. Кез келген технологияның (өндірістік, әлеуметтік) негізгі бөлігі - түпкі нәтижені мұқият анықтау және оған жету. Процестің жобасы жақсы болса, шығарылатын өнімнің қандай болатындығы анықталса, оны жасау құралдары белгіленсе, жағдай жасалса, онда өндірістік және әлеуметтік саладағы процестер "технология" деген атауға ие болады. Технологияның артықшылықтары. Әдістемеге қарағанда технологияның артықшылықтары көп [1, 29б;]. Оларға:

біріншіден, технологияда түпкі нәтиже дәл анықталады. Дәстүрлі педагогикада мақсатқа жету жолдары анық болмайды. Технологияда мақсат негізгі болғандықтан, оны дәл анықтауға мүмкіндік бар.

екіншіден, мақсат диагностикаға сүйеніп қойылғандықтан, оған жету үшін істелетін жұмыстардың нәтижесі объективтік әдістер арқылы тексеріледі.

үшіншіден, оқытушы дайындықсыз оқыту процесін жүзеге асыра алмайды.

төртіншіден, әдістемеді сабақ жоспарлары – оқытушының жоспары, оқыту процесінде жұмыс істейтін оқытушы.

Ал технологияда білім алушылардың оқу іс-әрекетінің түрлері және мазмұны көрсетілген жоба жасалады. Әдістеме бойынша әр оқытушы сабақ жоспарын өзінше жасайды, демек сабақта білім алушылардың іс-әрекеті де түрліше ұйымдастырылады. Өндірістік және әлеуметтік технологиялардың айырмашылықтары. Технологиялар өндірістік және әлеуметтік деп екіге бөлінеді. Өндірістікке табиғи шикізаттарды (мұнай, ағаш, т.б.) өңдеу технологиясы немесе одан алынған өнімдер жатады. Әлеуметтік технологияда адаммен жұмыс істеліп, оның басты бір немесе бірнеше қасиеттері өзгертіледі. Әлеуметтік технологияға білім алушыларды оқыту технологиясын жатқызуға болады. Әлеуметтік технологияның өндірістік технологиядан көп айырмашылығы бар. Басты айырмашылығы - өндірістік технологияның нақты жүйелі операциялардан тұруында. Бір жерде өзгеріс болса, іс-қимылдардың орындары алмастырылып, нәтиже төмендейді. Әлеуметтік технологияда түрлі шараларды іріктеу жақсы нәтиженің кепілі емес, себебі адамға одан басқа да жағдайлар әсер етеді. Сондықтан әлеуметтік технологияға нақты іріктелген процестердің жүйесі деп анықтама беруге болмайды. Әлеуметтік технологияда кері байланыс орасан зор рөл атқарады. Оқытушы білім алушылардың дайындық деңгейлерін қайта-қайта тексеріп, оқу материалын меңгермейтіндермен қосымша жұмыс істеп, стандартты меңгертеді. Сонымен біз жаңа материалды түсіндіру мен бекітудің қайталанатындығын байқаймыз. Бірақ білім алушылардың бәрі емес, тек оқу материалын шала түсінгендер ғана қайталайды. Білім алушылар дұрыс түсінбеген тақырыптар да қайталанатын. Сонымен әлеуметтік технология әдістеменің кемшіліктерін түзете алады. Әлеуметтік технологияны ұйымдастыру және жүзеге асыру өндірістік технологияға қарағанда қиындау. Бірақ екі технология негізінен бір-біріне жақын. Екеуі де технологияны ұйымдастырушыға белгілі өнім береді. Сондықтан "Әлеуметтік технология" ұғымын "Өндірістік технология" ұғымымен қатар қолдануға болады. Әлеуметтік технологияның өндірістік технологиядан айырмашылығы оның жүйесінің онша қатаң еместігі, кері байланыстың болуында [2, 31б;].

Қазіргі білім алу мекемесінің ірі кемшілігі мақсаттың жалпылама қойылуы. Түпкі мақсат - адамды жан-жақты және үйлесімді дамыту. Бірақ мақсаттың оқыту мазмұнын іріктеуге,

педагогикалық процесті құруға ықпалы әлі де жеткіліксіз. Мақсат бізге керекті түпкі нәтиже, нәтижені көріп "Мақсатқа жеттік пе?"- деген сұрақтарға жауап беру. Мұндай мақсатты педагогикада "диагностика арқылы анықталған мақсат" дейді. Диагностика арқылы білім алушылардың білім, іскерлік, дағды деңгейлері және қабілеті анықталады, нәтижесінде білім алушыға тағы да қандай білім, іскерлік, дағдылар беру керектігі жоспарланады.

Технологияның кезеңдері:

- Оқытудың мақсатын диагностика арқылы қайта тұжырымдау;
- Жаңа мақсатқа жету кезеңдерін белгілеу;

Диагностика негізінде оқытудың жаңа мақсатын қою. Технологияда білім алушыда қалыптасатын сапа, қасиет, іскерлік, анық суреттеледі. Тексеру құралдары арқылы білім алушылардың сапасы, қажеттіліктері, іскерліктері, даму, қалыптасу деңгейлері анықталады. Білім алушының деңгейі бұрынғы деңгейімен салыстырылады, жаңа мақсат қойылады. Сонымен, мақсат анық болмаса оқу процесінің жетілдірілуіне кедергі жасалады. Педагогикада "технология" ұғымын қолданатын салалар. Бүгінде педагогикада технология ұғымы үш жерде қолданылуда:

Технологияның бірінші анықтамасы педагогикаға ешқандай жаңалық енгізбейді.

Екінші анықтамада бір сөз екінші сөзбен алмастырылған. Бұрын В.В.Давыдов, Д.Б.Эльконин, Л.В.Занков, т.б. әдістемесі десе, қазір технологиясы дейді.

Екінші анықтамада "технология" ұғымы өндіріс саласынан педагогикаға алғаш енген кездегі мағынасын жоғалтады. Сондықтан үшінші анықтама дұрыс, себебі ол өндірістік технология ұғымына жақын. Технология дегеніміз - өндірістік процесті және оның тәсілдерін ғылыми тұрғыдан суреттеу. Технологияны педагогикада қолдану шекарасы бар, себебі технологияның нақты мақсаты болады. Білім беруде мақсат қою мүмкін бе? "Білім - оқыту мен тәрбие" - деген анықтамаға сүйенсек, онда мүмкін емес. Оқыту мақсаты - білім алушыны болашақтағы мамандығына керекті іс-әрекет тәсілдеріне үйрету. Білім алушының оқу материалын қалай меңгергенін оңай тексеруге болады. Олай болса оқытуда технологияны қолдану әбден мүмкін [2, 51-56б;].

Технологияға білімді сапалы түрде меңгеру процесін басқару және білім сапасын тексеру блоктары, кері байланыс жүйесі енеді. Кері байланысты мұқият түрде жан- жақты жасау керек. Ең бастысы, оқу материалын білім алушының меңгеруі. Педагогика ғылымында білім сапасы бірінші орынға шығады. Оны көтеру педагогика мен психология ғылымдары алдында тұрған маңызды міндет. Оқу материалын меңгеру заңдылықтары. Білім алушы кез келген оқу тапсырмаларын бұрынғы меңгерген ақпараттарына сүйеніп орындайды. Білім алушы оқу іс-әрекетінің тиімділігі оның жеке тәжірибесіне байланысты. Білім алушы өз біліміне сүйеніп жасайтын іс-әрекетін репродуктивтік, өткен тәжірибеге сүйеніп жаңа өнімдер жасауын продуктивтік іс-әрекет дейді. Іс-әрекетке үйрену репродуктивтік іс- әрекеттен басталады. Яғни, ереже, алгоритмдерді қолданып жаттығулар жазады, есептер шығарады, мәтіннен түсінгенін айтады, бірсөзбен айтқанда, дайын білімдерге ештеңе қоспайды. Өз бетімен ізденіп, біліміне білім қосса, білім алушының репродуктивтік іс-әрекеті продуктивтік (өнімді) іс-әрекетке айналады. Білім алушылар білетіндерін бір-бірімен салыстырып өздері үшін жаңалық ашады. Осы аталған екі іс-әрекет түрлері білім алушының материалды түсінуіне мүмкіндік жасайды.

Түсініктің 4 деңгейін В.П.Беспалько зерттеген, енді оларға тоқталайық:

I деңгей (оқушылық) - репродуктивтік іс-әрекеттің ең қарапайым деңгейі. Білім алушы шығармашылық жұмыстарының нысандары бұрынғы білімдеріне сүйеніп, түрлі тапсырмалар орындайды, бұрынғы тақырыптың мазмұнын өзгертпей пысықтайды. Білім алушы үлгі бойынша есептер шығарып, жаттығулар жазады.

II деңгей (алгоритмдік) - репродуктивтік іс-әрекеттің күрделі түрі. Білім алушылар шығармашылық жұмыстарының нысандары алгоритм бойынша түрлі тапсырмалар орындайды.

III деңгей (эвристикалық) Эвристика - грек сөзі - іздеп табамын, ашамын деген мағынаны білдіреді. Эвристикалық оқыту мақсаты - білім алушыға шығармашылық

жұмыстарының нысандары барлық оқу пәндері бойынша білімдік өнімдер жасату, мәселелерді өз бетімен шешуге үйрету.

IV деңгей (шығармашылық) Шығармашылық жұмыстардың түрлері. Оқу пәндерінде қорғалатын білімдік өнімдердің үш түрі бар. Дәстүрлі оқу курстары бойынша жасалатын пәндік өнімдер: шығарма, ертегі, құрастырылған есеп, тұжырымдалған ұғым, (ереже немесе заңдылық, бұйымдар, белгі, таңба, ойын, викторина, қойылым, сценарий, газеттің мазмұны. Пәнаралық және пәннен тыс өнімдер - бір пән шеңберінен шығатын іргелі білімдік объектілерді зерттеу нәтижелері. Методологиялық өнімдер (талдау тәсілдері, құрастырылған сұрақтар, тұжырымдалған жорамалдар; жауаптарды іздеу технологиясы, өздік жұмысының жоспары, жұмыстың мақсатын анықтау, жеке білімдік бағдарламалар, оқу іс-әрекетін талдау, өзіне-өзі баға беру, пікірлер, сын-пікірлер жазу)[3].

Қорыта келгенде білім алушының шығармашылық жұмыстарының нысандары білімділік, білік, дағдыларын диагностикалық құралдар арқылы анықтауға қол жеткізеді. Сондықтан да әрбір оқытушы педагогикалық технологияны қолданғанда әрдайым кері байланысқа мән беру қажет. Яғни анықталған кемшіліктер мен ұсыныстарды басты назарға алып, келесі сабақтарда жүзеге асырады. Осы әрекеттер жүзеге асқанда ған бәсекеге қабілетті білікті, білімді маманды тәрбиелей аламыз.

Әдебиеттер тізімі

1. Барсай Б. Педагогикалық технология ұғымының мәні мен әдіснамалық сипаттамасы. Алматы, 1999. // «Бастауыш мектеп» журналы №8.
2. Барсай Б. Педагогикалық технология ұғымының мәні мен әдіснамалық сипаттамасы. // Алматы, 1999. «Бастауыш мектеп» журналы №9.
3. Педагогика. Учебное пособие. Педагогические теории, системы, технологии. Под ред. С.А. Смирнова. 3-е изд. Москва: Академия, 1999, С-367.
4. Хуторской А.В. Современная дидактика. Спб: Питер, 2001, С-274.
5. Қоянбаев Р.М. Педагогика. Алматы.2001.

ӘОЖ 159.9

АУТОДЕСТРУКТИВТІ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫ ЖАСӨСПІМ ОҚУШЫЛАРМЕН ЖҰМЫС ҰЙЫМДАСТЫРУДАҒЫ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Садуова Ж. Н.,

педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент,

Садуова Ж. Н.

аға оқытушы

Түркістан қ., Қазақстан.

Андатпа. Бұл мақалада ұлттық болмысымызға жат, келеңсіз көріністердің жасөспірімдер арасында кең өрістеуіне байланысты мектеп оқушыларын адамгершілік қасиеттеріне сай етіп тәрбиелеу педагогтар мен ата-аналар алдына аса ұқыпты міндеттер анықталған. Өйткені еліміздің болашақ тірегі жастар болғандықтан, олардың әрбір саулықтарына тәлім-тәрбиесі мен жүріс-тұрысына ерекше мән берілетіндігі нақтыланған. Қоғамда жүріп жатқан әлеуметтік қайшылықтар мен дағдарыстар кезеңінде асоциальдық және антиәлеуметтік сипатындағы ұрып-соғу, қаңғыру, наша және темекі тарту, қоғамнан, айналасындағы адамдардан шектелу, интернет ойындарына тәуелдену, өзін-өзі өлтіру т.б. мінез-құлық бұзылыстарының өршуі түсінікті жағдайлары талданған.

Кілт сөздер: әлеуметтік норма, психологиялық саулық, ұлттық болмыс, дағдарыс,

мінез-құлық, аутодеструктив, қайшылықтар.

Аннотация. В этой статье перед педагогами и родителями определены наиболее бережные задачи по нравственному воспитанию школьников в связи с распространением среди подростков негативных явлений, чуждых национальной идентичности. Так как будущей опорой нашей страны является молодежь, каждому из них уделяется особое внимание воспитанию и поведению. В период социальных противоречий и кризисов, происходящих в обществе, проанализированы понятные случаи всплеска асоциального и антиобщественного поведения: избиения, подстрекательство, курение, ограничение общества, окружающих, зависимость от интернет-игр, суицид и другие.

Ключевые слова: социальная норма, психологическое здоровье, национальная идентичность, кризис, поведение, аутодеструктивность, противоречия.

Abstract. This article identifies the most careful tasks for teachers and parents to educate the moral qualities of schoolchildren in connection with the spread among adolescents of negative phenomena alien to national identity. Since the future support of our country is young people, each of them pays special attention to education and behavior. During the period of social contradictions and crises occurring in society, understandable cases of a surge in antisocial and antisocial behavior were analyzed: beatings, incitement, smoking, restriction of society, others, dependence on Internet games, suicide and others.

Key words: social norm, psychological health, national identity, crisis, behavior, autodestructiveness, contradictions.

Елімізде жасөспірімдер арасында әлеуметтік нормаларға қайшы келетін және өзінің дене бітімі мен психологиялық саулығы мен әлеуметтік әл-ауқатына елеулі зиян келтіретін аутодеструктивті мінез-құлық бұзылыстары көрініс табуда [1]. Аутодеструктивті бұзылыстарға өміріне физикалық денсаулығына, рухани-адамгершілік дамуына, жасөспірімнің болашақ әлеуметтік мәртебесіне қауіп төндіретін агрессивті, тәуелді, қауіпті және әлеуметтік пассивті көріністер кіреді [2].

Дегенмен осындай ұлттық болмысымызға жат, келеңсіз көріністердің жасөспірімдер арасында кең өрістеуіне байланысты мектеп оқушыларын адамгершілік қасиеттеріне сай етіп тәрбиелеу педагогтар мен ата-аналар алдына аса ұқыпты міндеттер қояды. Өйткені еліміздің болашақ тірегі жастар болғандықтан, олардың әрбір саулықтарына тәлім-тәрбиесі мен жүріс-тұрысына ерекше мән беріледі.

Осыған байланысты, тұңғыш президентіміз Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан жолы - 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты стратегиялық бағдарламасында «Білім және кәсіби машық замануи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізі. Бәсекеге қабілетті дамыған, қанаты қатайған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек» деуінде үлкен мән жатыр. Сонымен бірге білімді, сауатты адам ғана келешек тізгінін қолына ала алады деген [3].

Осындай қоғамда жүріп жатқан әлеуметтік қайшылықтар мен дағдарыстар кезеңінде асоциальдық және антиәлеуметтік сипатындағы ұрып-соғу, қаңғыру, наша және темекі тарту, қоғамнан, айналасындағы адамдардан шектелу, интернет ойындарына тәуелдену, өзін-өзі өлтіру т.б. мінез-құлық бұзылыстарының өршуі түсінікті жағдай. Мұндай жайттар жастар оқушылар арасында кең етек алуда әсіресе, кәмелет жасына толмаған балаларда қылмыстық, тонаушылық әрекеттер көрініс беруде.

Біріншіден балалардың мінез-құлық бұзылыстары отбасы мен мектеп жағдайында орын алады. Себебі көбінесе балалардың ой-пікірлерімен санаспай, арман-тілектерімен келіспей, жеке қабілеттері ескерілмей жатады. Осындай нәтижелер оқушыны өзіміздікке, бейімсіздікке алым келеді.

Екіншіден, аутодеструктивті мінез-құлықты оқушылар өздерінің жас ерекшеліктеріне байланысты қиыншылықтар мен проблемаларға кезігіп, шығу жолдарын таба алмай

психологиялық-педагогикалық тұрғыдан қорғалынбайды. Осыдан мектеп оқушылары ешкімге керексізбін деген ойға беріліп, айналасындағылармен жанжалдасуға, ұрыс-төбелеске бейімделеді.

Осындай оқу-тәрбие процесінде қиындық келтіріп жүрген жасөспірім оқушылармен жұмыс істеу, мектепте еңбек етіп жатқан ұстаздар қауымы үшін үлкен мәселелердің бірі мінез-құлқында, тәртібінде түрлі ауытқулары бар балаларды оқыту мен тәрбие беру болып тұр. Демек, мінез-құлқында бұзылыстар бар оқушылармен жұмыс жүргізудің тиімді әдістері мен бағыттарын жандандырып, психикалық саулықтарын дамыту, педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету, балалардың теріс әрекеттерінің болдырмау жолдарын қолға алу болып саналады.

Сондықтан, бұл жағдайды түзетіп оның алдын-алу үшін, бүгінгі таңда мінез-құлықтарында бұзылыстары бар оқушылар жұмыс жүргізетін педагог-психологтар болғандықтан, олардың кәсіби біліктілігіне ерекше назар аударылады. Әсіресе, аутодеструктивті балаларға көмек қолын созатын арнайы мамандандырылған кәсіби іскерлігі жоғары педагог-психологтарға білім беру мекемелері мұқтаж.

Жас ұрпаққа мағыналы тәлім-тәрбие беру, олардың рухани құндылықтарын арттыру секілді өзін-өзі тану және тәрбиелеу, сана сезімі мен дене мәдениетін қалыптастыру проблемалары көрнекті ғұлама ғалымдар Қ.А.Ясауидің, Әл-Фараби, Ж.Баласағұни, және т.б. еңбектерінде берілген. Сонымен бірге қазақ ағартушылары А.Құнанбаевтың, Ы.Алтынсариннің, Ш. Уәлихановтың еңбектерінде де бұл мәселеге аса мән берілген.

Ал жалпы білім беру мекемелерінде оқушыларға психологиялық қызмет ұйымдастырудың мақсаты мен мазмұнын жасаған ғалымдар А.Г.Асмолов, А.А.Бодалев, Ф.Е.Васильков, А.В.Забрамная, И.В.Дубровина т.б.

Бұл мекемелерде білім алатын оқушыларға педагогикалық-психологиялық қызмет көрсетудің негізі ретінде ғалымдар ең алдымен мектеп-интернаттарының оқу-тәрбие жұмыстарының жүргізілу ерекшеліктерін көрсеткен. Сонымен бірге психолог қызметіндегі диагностикалық, профилактикалық, кеңес беру және коррекция жұмыстары балалар үйінен бастау алып, қазір барлық білім беру мекемелерінде кеңінен қолданылатын қызмет түріне айналды.

Кеңес беру және коррекциялық жұмыстарының мазмұны мен технологиясын, үлгісін жасаған ғалымдар А.В.Забрамная А.А.Бодалев. Бұл ғалымдар психологиялық күйлердің бұзылуына байланысты жүргізілетін түзету жұмыстарының қолданылатын әдіс-тәсілдер үлгілерін жинақтаған. Л.И.Прихожан мен И.В.Дубровинана дайындаған «Мектептегі психологиялық қызметі ереже» туралы еңбектерінде мектептердегі қалыпты және қалыпты емес оқушылармен ұйымдастырылатын психологиялық кеңес беру мен коррекциялық дамыту жұмыстарының жолдары көрсетілген.

Осылайша педагог-психологтарды мектептегі аутодеструктивті мінез-құлықты жасөспірім оқушылармен жұмыс ұйымдастыру мәселесін басқаратын жалпы педагогикалық мәселелерінен бөліп қарастыру мүмкін емес.

Білім беру мекемелерінде осындай аутодеструктивті балалармен жұмыс жүргізу және олардың мінез-құлқы мен іс-әрекетін қадағалау күннен-күнге күрделене түсуіне байланысты, аталмыш мәселенің шешімін табу үшін үздіксіз білім беру жүйесі айтарлықтай дәрежеде қайта қаралып, оны жетілдіру жолдары іздестірілуде. Бұл талаптардың жүзеге асырылу бағытындағы өсіп келе жатқан жас ұрпақтың арасында өрістеген келеңсіз құбылыстардың астары мен мәнін, жас ұрпақтың тәртіпсізденуінің себебі мен салдарын бағымдап, алдын-алудың, жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беріп, оларды қоғамдық өмірге белсенді азамат ретінде қосудың жолдары мен айла-амалдарын іздестірудің маңызы өте зор.

Сондықтан, бұл жағдайды түзету және оның алдын-алу үшін, бүгінгі таңда аутодеструктивті мінез-құлықты оқушылармен нақты іс-әрекеттерді ұйымдастырушы педагог-психолог болғандықтан, оның қызметі баланың тек кейбір мінездік кемшіліктерін түзетіп қана қоймай, оларды, қоғамдық өмірдің талаптарымен ұштасқан дұрыс қарым-қатынас

жолына қайтып әкеліп, ары қарай қалыптаса дамуына, әлеуметтенуіне көмектеседі. Бұл педагогикалық іс-әрекеттер мазмұны, қоғам өмірінде бекіген адамгершілік қадір-қасиеттер мәнімен, талаптарымен тікелей байланыстыру, адамдар арасындағы адамгершілік қарым-қатынастар нормаларымен ұштастырыла жүзеге асырылғанда, балалар бойында аутодеструктивті мінез-құлықтың өріс алмауына және оларды отбасы тәрбиесінен мектеп қабырғасынан бастап әлеуметтендіруге мүмкіндік береді.

Токсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келсек, жалпы білім беру жүйесінде «аутодеструктивті мінез-құлықты жасөспірім оқушылармен жұмыс ұйымдастырудағы педагог-психологтың қызметі» мәселесі бойынша келесідей *ұсыныстар* басты назарға алуды қажет етеді:

-педагог-психологтардың аутодеструктивті мінез-құлықты жасөспірім оқушылармен арнайы мақсатты бағытталған тренинг-семинарлар мен дөңгелек үстел жұмыстарын жүргізсе;

-педагог-психологтардың аутодеструктивті мінез-құлықты жасөспірім оқушылармен жұмыс жүргізу барысы мектепке дейінгі білім беру мен тәрбие жүйесінде бастау алынса;

-аутодеструктивті мінез-құлықты жасөспірім оқушылармен жұмыс ұйымдастырудағы педагог-психологтың қызметі бойынша арнайы оқу-әдістемелік құралдар дайындалса;

Осы мәселелер қолға алған кезде ғана саналы білімді, салиқалы ұрпақты тәрбиелей аламыз.

Әдебиеттер тізімі

1. Ипатов А. В. Личность аутодеструктивного подростка. Исследование и коррекция. СПб.: Аура Инфо, 2012. 248 с.
2. Змановская Е. В., Рыбников В. Ю. Девиантное поведение личности и группы: учеб. пособие. СПб.: Питер, 2011. 352 с.
3. ҚР Президентінің Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» 17.01. 2014 www.inform.kz
2. *Асмолов А.Г.* Психология индивидуальности.- М., 1986.
3. *Бодалев А.А.* Вершина в развитии взрослого человека
4. *Василюк Ф.Е.* Психология переживания. М: Изд-во Моск. унта, 1984.
5. *Забрамная С.Д.* Отбор умственно отсталых детей в специальные учреждения. М., 1988.
6. *Дубровина И.В., Борисова Е.М., Прихожан А.М.* Модель развития психологической службы системы образования России. Детский практический психолог, Обнинск. 1994.

УДК 37.013:378

ГЕЙМИФИКАЦИЯ В ВЫСШЕМ ОБРАЗОВАНИИ
(на примере Казахской академии спорта и туризма)

Конакбаев Б.М.,

*магистр педагогических наук,
декан факультета профессионального спорта и единоборств
Казахской Академии спорта и туризма*

Нурканова Р.О.,

*кандидат педагогических наук, доцент,
заместитель декана факультета профессионального спорта и единоборств
Казахской Академии спорта и туризма
г. Алматы, Казахстан*

Игра-высшая форма исследования
А. Эйнштейн

Аннотация. Модернизация системы образования позволяет применять новые подходы, новые решения, новые технологии. Достойное место в этом списке занимают игровые технологии или геймификация. Геймификация может охватывать все ступени образовательной системы, включая и высшее образование.

Сегодня многими странами геймификация хорошо применяется в трех областях – это в науке, образовании и менеджменте. Чтобы достичь поставленных целей в игре человеку приходится думать на два шага вперед – анализировать, запоминать, обдумывать последствия, пути выхода и принимать решения максимально быстро. Можно выделить три основные причины стремительного развития геймификации: влияние рынка, связь между игрой и процессом обучения у учащихся, а также растущий интерес к играм среди взрослых.

Аннотация. Білім беру жүйесін жаңғырту жаңа тәсілдерді, жаңа шешімдерді, жаңа технологияларды қолдануға мүмкіндік береді. Бұл тізімде ойын технологиясы немесе геймификация лайықты орын алады. Геймификация білім беру жүйесінің барлық кезеңдерін, соның ішінде жоғары білімді қамтуы мүмкін. Бүгінгі таңда көптеген елдер геймификация үш салада жақсы қолданылады-бұл ғылымда, білім беруде және менеджментте. Ойында қойылған мақсаттарға жету үшін адам екі қадам алға ойлауы керек-талдау, есте сақтау, салдары, шығу жолдары туралы ойлану және мүмкіндігінше тез шешім қабылдау. Геймификацияның қарқынды дамуының үш негізгі себебін анықтауға болады: нарықтың әсері, оқушылардың ойын мен оқу процесі арасындағы байланыс және ересектер арасындағы ойындарға деген қызығушылықтың артуы.

Annotation. The modernization of the education system makes it possible to apply new approaches, new solutions, and new technologies. Gaming technologies or gamification occupy a worthy place in this list. Gamification can cover all levels of the educational system, including higher education. Today, gamification is well used by many countries in three areas – in science, education and management. To achieve your goals in the game, a person has to think two steps ahead – analyze, memorize, consider the consequences, ways out and make decisions as quickly as possible. There are three main reasons for the rapid development of gamification: the influence of the market, the connection between the game and the learning process among students, as well as the growing interest in games among adults.

Модернизация системы образования позволяет применять новые подходы, новые решения, новые технологии. Достойное место в этом списке занимают игровые технологии или геймификация. Геймификация может охватывать все ступени образовательной системы,

включая и высшее образование.

До недавнего времени считалось, что видеоигры «убивают» время и наносят вред геймерам, но это мысль былых времен. Доказано до сегодняшних дней немалым количеством ученых, что видеоигры развивают пространственное мышление. Популярность видеоигр растет с каждым годом и не только среди детей, но и работающей молодежи. Времена быстро меняются и применение игровых инструментов для решения стратегических задач и логического мышления называется геймификацией. Сегодня многими странами геймификация хорошо применяется в трех областях – это в науке, образовании и менеджменте. Чтобы достичь поставленных целей в игре человеку приходится думать на два шага вперед – анализировать, запоминать, обдумывать последствия, пути выхода и принимать решения максимально быстро. Все как в жизни. Поэтому сегодня стимулировать студентов к достижению поставленных образовательных целей можно при помощи механизмов видео игр. Таких примеров геймификации на сегодняшний день можно найти довольно много. Можно выделить три основные причины стремительного развития геймификации: влияние рынка, связь между игрой и процессом обучения у учащихся, а также растущий интерес к играм среди взрослых. Вся связь состоит в том, что геймификация, и видеоигры преследуют одни и те же цели: решить проблему, мотивировать и стимулировать обучение посредством игрового мышления и техник. Конечно, одно дело играть в игры для развлечения или чтобы удовлетворить дух соперничества, и совсем другое – делать это в контексте обучения на рабочем месте. Несмотря на это, применение игр в обучении имеет множество плюсов. Американский университет имени Роберта Морриса провел исследования, которые подтвердили: компьютерные игры полезны! Благодаря проведенному исследованию ученые выделили ряд положительных эффектов начиная от видеоигр до использования симуляторов игр в учебных заведениях.

Положительные эффекты такие как, – развитие логического мышление, усиление памяти, игры учат принимать решения самостоятельно, развивается общение. Несомненно, что учащиеся могут учиться и играя, ведь в конце концов во время обучения применяются и игровые техники донесения и закрепления информации. Кроме того, ученые со всего мира сходятся во мнении: игра (а именно сам цикл задача-достижение-награда) способствует выработке допамина в мозгу, что только усиливает наше желание играть. Исследователи сравнили результаты игрового обучения и обучения на основе обычного текста. Сразу после окончания учебного процесса участники эксперимента показали практически одинаковые результаты. А вот через несколько дней больше информации оставалось в памяти у тех, кто учился в игровой форме. Игры в любой форме повышают мотивацию за счет вовлечения. Нигде это не является более важным, чем образование.

Рассмотрим еще один пример – в 2009 году в Нью-Йорке была открыта школа *Quest to Learn*. Основателями школы стали преподаватели и разработчики игр, поэтому весь процесс обучения выстраивался как игра. Все обучающиеся получали задания через единую социальную сеть школы. Все задания был квестами, ученики могли пройти квесты в удобное для них время. Один из подобных примеров задания для квеста: игрок должен найти в потайном месте формулу решения квадратных уравнений. Она спрятана в библиотеке, и ученик по карте ищет полку с нужным учебником. Тогда оказывается, что ему нужно еще и проверить, та ли это формула, а это можно сделать, только попробовав решить конкретное уравнение. В результате ученик не просто получает «отлично» по предмету, а выполняет цельную игровую миссию. Действиям учеников придается некоторое значение. Это не просто поощрение за выполненное задание – ребенка захватывает история, и выполнение миссии само по себе становится наградой. Результаты всех квестов видны в социальной сети, ученики могут следить за достижениями друг друга. Так школьники узнают, кто в какой теме разобрался хорошо, и могут прийти за советом к «эксперту» при выполнении новых миссий. Школа поощряет такую помощь дополнительными баллами, потому что известно, что, объясняя другим материал, сам лучше начинаешь разбираться в предмете. *Quest to Learn* считается успешным примером

геймификации образования. По статистике, которую приводит школа, средний показатель посещаемости в школе составляет 94%. Также 54% выпускников показывают хорошие результаты на выпускных экзаменах, тогда как в обычных школах с этим справляется около 30% учеников.

Білім беру мекемелеріндегі қақтығыстарды жоғары эмоционалдылық, қақтығыстың тақырыбына бағдарлану, постконфликттік жағдайдағы қарым-қатынастың күрделілігі ерекшелендіреді, бұл өз кезегінде жаңа қақтығыстардың туындауына түрткі болуы мүмкін. Мұндай қақтығыстарда көбінесе қарсыластардың мінез-құлықтары мен қарым-қатынастарын реттеуші күшті эмоционалдық сезімдер болып табылады. Конфликтіге тап болған мұғалімдер жиі педагогикалық мәдениетті сақтамай, педагогикалық такт пен педагогикалық этиканы естен шығарып, «еркін» сөздерді, сөз тіркестерін және сөйлеу тәсілдерін қолданып, кейде ренжітуге дейін жететін сөздер мен әрекеттерді пайдаланады. Соңғы жылдары телеарналарда мұғалімдердің оқушыларға қатысты педагогикалық емес және қақтығыстық мінез-құлқына қатысты 10-нан астам жағдай көрсетілді. Бұл қарсыластардың объективтілігін төмендетіп, конструктивті шешімге кедергі келтіреді. Нәтижесінде – ымыраға келуден бас тарту, артық дидактикалық мінез-құлық, қарсыласын өз қателігін көпшілік алдында мойындатуға ұмтылу пайда болады. Мұның салдарынан қақтығысқа қатысушылар үшін жағымсыз моральдық және психологиялық салдарлар туындайды. Осыған байланысты көптеген педагогтар мен жалпы білім беретін мекемелердің басшылары пайда болған конфликтілерді жағымсыз құбылыс деп санайды.

Зерделенген мәліметтерде көрсетілгендей, педагогтар мен білім беру мекемелерінің басшыларының басым бөлігі қақтығыстардың пайда болуын жағымсыз құбылыс деп есептейді. Көптеген зерттеулердің нәтижелері бойынша білім беру мекемелеріндегі педагогтар мен басшылардың басым көпшілігі қақтығыстардың пайда болуын объективті құбылыс ретінде қабылдайтынын көрсетеді. Алайда, олардың туындауындағы субъективті факторлар жеткілікті дәрежеде бағаланбайды немесе мүлдем жоққа шығарылады. Негізгі себептер ретінде әлеуметтік және экономикалық әртексіліктер аталады [4]. Шынайы себептердің бұлай бүркемеленуі білім беру мекемелеріндегі ортадағы қақтығысқа бейімділікті

төмендетуге кедергі келтіретін елеулі қайшылықты қамтиды.

Конфликтологияның дамуының бастапқы кезеңдерінен бастап, жалпы білім беру мекемелеріндегі қақтығыстарды зерттеудің елеулі бөлігі педагогтар мен оқушылар арасындағы, сондай-ақ оқушылардың өзара арасындағы қақтығыстармен байланысты болды. Жалпы алғанда, оқушылар жас ерекшеліктеріне байланысты өте қозғыш және сезімтал келеді. Әрбір жаңа буынның, әсіресе қазіргі буынның «қиын жасты» еңсеру проблемаларын жыл өткен сайын өткір және драмалық түрде бастан өткеретінін атап өткен жөн. Зерттеулердің мәліметтері бойынша, он жасқа келгенде оқушылардың шамамен үштен бірі алкогольді ішіп көрген, темекі қолданып көрген [5]. Оқушылардың психологиялық қиындығы қоғамдағы үлкен жіктелуге байланысты: біреулер элиталық мектептерге қымбат көліктермен келеді, ал біреулердің қарапайым қажеттіліктерге ақшасы жетпейді. Соңғы уақытта оқушылар мен мұғалімдер арасындағы қатынастарда «этникалық фактор» да күрделене түсті. Осындай зерттеулердің мысалы ретінде педагогика ғылымдарының докторы мен кандидаты дәрежесін алу үшін қорғалған диссертацияларды айтуға болады [6].

Елімізде педагогтар арасындағы қақтығыстарды зерттеу едәуір аз жүргізілген [7]. Педагогикалық кадрлардың қақтығыстарды шешуге дайындықтарын қалыптастыру бойынша зерттеулер жүргізілді [8]. Мектепте конфликтологиялық қызмет құру мәселесі қойылды [9]. Жалпы білім беру мекемелеріндегі қайшылықтарды еңсеру және оларды басқару үшін қақтығыстарды қолдану бойынша зерттеулер жүргізілді [10]. Қақтығыстық әлеуетті өлшеу әдістерін зерттеу мәселесін әзірлеу қызығушылық тудырады [11].

Білім беру мекемелеріндегі қақтығыстар бойынша психологиялық зерттеулерді атап өткен жөн [12]. Бұл зерттеулер проблематикасының алуан түрлілігімен ерекшеленді және негізінен «педагогикалық психология» бағыты бойынша жүргізілді. Олар көптеген педагогикалық кадрлардың жалпы қақтығыстық сипатымен сипатталды. К. Томас тестін қолдану шамамен 20% мұғалімдердің қақтығыс жағдайында тек ашық қарсыласу мен бәсекелестікке бағдарланғанын, ымыра іздеуге бейім еместігін көрсетті, ал шамамен 20% қақтығыстан қашу моделін таңдап, қайшылықтарды шешудің жолын іздеуге тырыспайды және осылайша қақтығысты ушықтырады.

Жалпы білім беретін мекемелердің басқару объектісі ретіндегі психологиялық күрделілігі және педагогикалық кадрлардың психологиялық күрделілігі туралы зерттеулер назар аударуға тұрарлық. Олардың деректеріне сәйкес, жалпы білім беретін мекеменің психологиялық күрделілігі келесі жағдайлармен анықталады.

Біріншіден, жалпы білім беретін мекеменің басқару объектісі ретінде жағдайының тұрақсыздығы. Оқушылардың мінез-құлқы мен қарым-қатынастарына, олардың арасындағы қақтығыстарға байланысты әртүрлі экстремалды факторлардың үнемі әсер етуі байқалады.

Екіншіден, кәсіби қызмет субъектілері ретінде педагогикалық кадрлардың психологиялық күрделілігі. Атап айтқанда, жалпы білім беретін мекемелерде ұзақ жылдық жұмыс өтілі бар педагогикалық кадрлардың жартысына жуығы анық көрінетін психологиялық акцентуацияларға ие, әсіресе ішкі бақылаудың әлсіреуіне байланысты айқын истероидты қасиеттерімен сипатталады [13]. Бұл мәліметтер басқа зерттеулердің нәтижелерімен де расталады. Истероидтылық көбінесе жоғары эмоциялылық, өзін-өзі тым жоғары бағалау, назар аударуға ұмтылу, жеке басына ерекше құрмет көрсету талабымен көрінеді [14]. Истероидты тұлғалар сыртқы радикализмге бейім келеді. Әйелдер көпшілік құрайтын жалпы білім беретін мекемелерде истероидтылықтың таралуы да байқалады. Дегенмен, истероидтылықтың оң қырлары да бар. Истероидтар көбінесе жоғары өздігінен берілу, жұмыстағы жауапкершілік, моральдық, тек материалдық емес ынталандыруды бағалау қасиеттерімен ерекшеленеді. Оларда эмпатия деңгейі жоғары, шығармашылық қабілеті күшті, бұл олардың оқушылар арасында беделін арттырып, танымал болуына ықпал етеді.

Көптеген мұғалімдер эмоционалдық күйіп кетуге бейім. Ол қызмет барысында теріс функционалдық күйлердің басым болуына байланысты пайда болады. Эмоционалдық күйіп кету кәсіби қызметтің тиімділігі мен сенімділігіне теріс әсер етеді, қызметке деген қызығушылықты төмендетеді. Қазіргі уақытта күйіп кету мәселесі бойынша екі мыңға жуық

жұмыс жарияланды, бірақ бұл мәселе әлі де өзекті болып отыр.

Педагогикалық кадрлар кәсіби деформацияға ерекше бейім екені анықталды. Бірдей міндеттерді шешу, педагогикалық шығармашылықтың жоқтығы немесе жетіспеушілігі көптеген проблемаларды қабылдау мен түсінуді қарапайымдатып, оларды стереотиптендіруге әкеледі. Мұның салдары ретінде көп жағдайда, әсіресе педагогикалық жұмыс өтілі көп педагогтарда, негізсіз даулы жағдайлар туындайтын, бірақ дәлелденбеген қатал бағалаулар мен пайымдаулар жиі кездеседі. Осыдан педагогтар өз қызметін «қарапайымдатуға», «барлығын жүрекке жақын қабылдамауға», өз міндеттеріне формалды түрде қарауға ұмтылуы орын алады, бірақ өз ісіне жоғары берілу көрсеткен кезде. Педагогикалық кадрлардың психологиялық қиындығын зерттеу барысында оларды конфликтоген ретінде анықтайтын бірнеше факторлар табылды:

- психикалық тұрақтылықтың төмендеуі;
- қызмет барысында теріс функционалдық жағдайлардың (шаршау, стресстер)

басым болуы;

- мамандық таңдаудағы қателікке байланысты тұлғааралық қақтығыс;
- кәсіби мағыналық құрылымдардың деформациялануы;
- рефлексиялық мәдениеттің реттеуші рөлінің төмендеуі;
- кәсіби құндылықтардың редукциялануы;
- «кешіктірілген әлеуметтік мақұлдау».

Психологиялық зерттеулер мен сараптамалық бағалаулар педагогикалық кадрлардың дұрыс емес кәсіби бағдарлануы, тұлғалық кәсіби дамуға қатысты қате көзқарастары негізінде пайда болатын конфликтогендерді анықтауға мүмкіндік берді:

- кәсіби қызметке қызығушылықтың болмауы;
- оқушылармен авторитарлық мінез-құлыққа деген қате психологиялық бағдарлар;
- экстрапунитивті реакциялардың басым болуы;
- жіберілген қателіктердегі субъективті себептерді жоққа шығару;
- кәсіби өсуге ұмтылыстың болмауы.

Білім беру ұйымдарындағы конфликтілерді анықтау үшін арнайы кешенді зерттеулер қажет. Педагогикалық кадрлардың психологиялық қиындығына байланысты жалпы білім беру ұйымдарында вертикалды қақтығыстар жиі кездесуде, бұл шынымен педагогикалық қақтығыстар емес, дегенмен олар осылай көрсетіледі. Бұл негізінен ұйымдық қақтығыстар. Қақтығысқа бейім болатындар арасында жалпы білім беру ұйымдарының басшылары да бар. Олардың қақтығыс деңгейі «жоғары-орташа» деп бағаланады. Бұл құбылыстың себептері зерттеулер мен сараптамалық бағалаулар нәтижесінде анықталды [15]:

- «мұғалімдерден шыққан» (яғни, мұғалімдердің барлық психологиялық мәселелерін жинақтаған);
- жоғары өзін-өзі бағалаумен басқарушылық құзыреттіліктің жетіспеушілігі;
- директивті басқару стиліне ерекше бағдарлану;
- жалған авторитеттің болуы;
- манипуляциялауға бейімділік;
- білім беру ұйымын басқарудағы гендерлік мәселелер (маскулинділік, рөлдік қақтығыстар және т.б.).

Аталған конфликті себептері бір-бірімен тығыз байланысты. Оларды жүйелеу, байланыстардың (әсіресе иерархиялық) орнатылуы мен жүріп өту динамикасын анықтау, сондай-ақ қақтығыстарды ауырлататын және асқындыратын сөз тіркестері мен сөйлеу амалдарының қате қолданылуы қазіргі зерттеушілер – конфликтологтар мен зерттеуші-лингвисттердің жұмысының заманауи негізін құрауы тиіс.

Білім беру ұйымдарындағы конфликтілер – бұл тек жағымсыз құбылыс қана емес, сонымен қатар ұйымды дамыту үшін мүмкіндік те болып табылады. Қақтығыстарды дұрыс басқару арқылы педагогикалық үдерісті жақсартуға, ұйым ішіндегі коммуникацияны нығайтуға және оқу сапасын арттыруға болады. Осы мақсатта тиімді басқару стратегияларын

қолдану, эмоционалдық тұрақтылықты арттыру және педагогикалық ұжым мен оқушылар арасындағы қарым-қатынасты жақсарту басты міндет болып табылады.

Білім беру мекемелеріндегі қақтығыстарды азайтуға бағытталған кешенді шаралар осы саладағы тұрақтылық пен нәтижелілікті арттыруға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

1. Бабосов Е.М «Конфликтология» // Минск Тетра системс, 2000ж.
2. Бабанский Ю.К. «Педагогикадағы қақтығыстарды басқару» // М.: Педагогика, 2003ж.
https://www.phantastike.com/pedagogics/pedagogic_sbabanskiy/html/
3. Климов Е.А. «Педагогикадағы тұлғалық қақтығыстар» // М.: Издательство МГУ, 2004ж.
https://chsu.kubsu.ru/arhiv/2008_2/2008_2_Lezhenkina.pdf
4. Арымбаева А. Шиеленістану // Шымкент, 2007ж.
5. Сауранбаев Н.Т. 70000 сөз Орысша-қазақша сөздік // Алматы, Дайск-пресс, 2005ж.
http://elib.kstu.kz/en/lib/?e_kls=%D0%A1%D0%B0%D1%83%D1%80%D0%B0%D0%BD%D0%B1%D0%B0%D0%B5%D0%B2&e_viewdb=IBIS&e_sort=alf
6. Қожахметова К.Т. «Қақтығыстар психологиясы: Білім беру ұйымдарындағы алдын алу және басқару» // Алматы, Қазақ университеті баспасы, 2020ж.
<https://magkaznu.kz/>
7. Сейітқазиева, Н. Т. «Білім беру ұйымдарындағы конфликтология: теория және практика» // Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2021ж.

ӘӨЖ 811.511

ТӘУЕЛСІЗДІК ФАКТОРЫНЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ДАМУЫНА ӘСЕРІ

Сейітнұр Жарас

*Психология ғылымдарының кандидаты,
METU_University-нің әлеуметтік-гуманитарлық пәндер және әлем тілдері кафедрасының
қауымдастырылған профессоры
Алматы қ., Қазақстан
zharas.1969@mail.ru*

Аңдатпа. Бұл мақала еліміздің саяси тәуелсіздік алуының ұлттық психологиямызға тигізген ықпалы, соның ішінде қазақтардың ана тілінің дамуына тигізген ықпалын қарастырады. Әсіресе, «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасының маңызды рөлі ерекше атап өтіледі. Автохтон халықтың төл тілін, мәдениеті мен құндылықтарын, ата-бабалары аманат ретінде қалдырған жері, ұлттық тарихымызды сақтап қалудың маңызы ашылып көрсетіледі. Ұлттық стратегиялық мақсаттың кейбір аспектілеріне тоқталады. Әсіресе, ұлттық мүддеге сай келетін әдіснаманы әзірлеу әлеуметтік-гуманитарлық саладағы мамандардың айырықша міндеті екендігі айтылады.

Кілт сөздер: тәуелсіздік факторы, мемлекеттік тіл, ұлттық психология, ұлттық сана, жаңа гуманитарлық білім, ғылыми терминология проблемалары

Аннотация. В данной статье рассматривается влияние политической независимости нашей страны на нашу национальную психологию, в том числе ее влияние на развитие казахского языка. Особо отмечена важная роль проекта «Новое гуманитарное образование. 100 новых учебников на казахском языке». Раскрыта важность сохранения

родного языка, культуры и ценностей автохтонного народа, земли, оставленной их предками, и развитие нашей национальной истории. Затрагиваются некоторые аспекты национальной стратегической цели. Особенно подчеркивается, что разработка методологии, отвечающей национальным интересам, является важной задачей специалистов социально-гуманитарной сферы.

Ключевые слова: фактор независимости, государственный язык, национальная психология, национальное сознание, новое гуманитарное образование, проблемы научной терминологии.

Abstract. This article examines the impact of our country's political independence on our national psychology, including its impact on the development of the Kazakh language. The important role of the project "New Humanitarian Education. 100 new textbooks in the Kazakh language". The importance of preserving the native language, culture and values of the indigenous people, the land left by their ancestors, and the development of our national history is revealed. Some aspects of the national strategic goal are touched upon. It is especially emphasized that the development of a methodology that meets national interests is an important task for specialists in the social and humanitarian field.

Keywords: independence factor, state language, national psychology, national consciousness, new humanitarian education, problems of scientific terminology.

Қазақ этносының ХХ ғасырдың соңында тәуелсіздік алуы ұлттық санаға өте күшті әсер етті. Ата-бабаларымыз аңсаған егемен ел болуы арманы іске асты. Бодандық бұғауынан босау барысындағы айтулы күндер тарихымызға алтын әріппен жазылды. Өткен шаққа бір сәт көз жүгіртейік. ХХ ғ. 90-жылдары әлемдегі соңғы алып империя КСРО ыдырау үстінде тұрған кезі еді. Қазақ КСР-нің соңғы сайланған Жоғарғы Кеңесі Қазақстанның егемендігі мен тәуелсіздігін баянды еткен аса маңызды тарихи заңнамалық құжаттар қабылдады. Соның бірі - Қазақстанның дербес және тәуелсіз мемлекет болу ұмтылысын растайтын алғашқы заңнамалық акт 1990 жылы 25 қазанда Республиканың Жоғарғы Кеңесі қабылдаған Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы Декларация. Оның тарихи маңызы, ең алдымен, Қазақстанды халықаралық құқықтың субъектісі ретінде айқындауы еді. Декларация мемлекеттік тәуелсіздігімізді паш ету жолындағы еліміздің мемлекеттік-құқықтық жүйесінің одан әрі дамуына негіз болған алғашқы тарихи заңнамалық акт болды. Бүгінде біз бұл күнді Республика күні – Қазақстандағы жалғыз ұлттық мереке деп атап өтеміз. Ал мемлекеттік мереке дәрежесі бар 1991 жылдың 16 желтоқсаны - Ұлт Рухының шарықтау сәтін айшықтайтын тарихи маңызды күн. Бұл күні Қазақстанның Жоғарғы Кеңесі «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңын қабылдады. Ол мемлекеттік егемендік туралы Декларацияның негізгі идеяларын дамыта келе, республиканың экономикалық, құқықтық, әлеуметтік-мәдени және саяси дамуының негізгі бағыттарын нақты белгілеп берді.

Бірнеше ғасырларға созылған қазақтардың ұлттық тәуелсіздікке жету жолындағы күресі өз нәтижесін берді. Әлемдік картада өз туы мен елтаңбасы бар жаңа мемлекет пайда болды. Қазақстан 1992 жылдың 2 наурызында Біріккен Ұлттар Ұйымына толыққанды мүше болып әлемдік деңгейде мойындалды. 1992-1999 жж. БҰҰ-ғы Қазақстан Республикасының Тұрақты өкілі болып Арыстанбекова Ақмарал Хайдарқызы тағайындалды. Тарихта алғаш рет БҰҰ жүйесіндегі маңыздылығы бойынша екінші лауазымға — БҰҰ Бас хатшысының орынбасарлығына Қасым-Жомарт Тоқаев тағайындалды, ол БҰҰ-ның Женевадағы бөлімшесінің Бас директоры және Қарусыздану жөніндегі конференцияның Бас хатшысы болып табылады. Оның тағайындалуы қазақстандық өкілдің жоғары кәсіби, саяси деңгейін және мемлекетіміз бен оның Басшысының мәртебесінің мойындалғанын көрсетті.

Ресми мойындалған егемен мемлекет ретінде Қазақстан өз территориясы шеңберінде толық дербес бақылауды жүзеге асыра алады. Саяси ғылымдарда егемендік әдетте мемлекеттің ең маңызды атрибуты ретінде танылып, оның белгілі бір аумақ шегінде өзін-өзі

толық басқаруын қамтамасыз ете алуы, яғни ішкі және сыртқы саясатты жүргізудегі тәуелсіздігі мен үстемдігі бар, халықаралық құқық субъектісі түрінде анықталады. Бүгінде Қазақстан әлем мойындаған тәуелсіз мемлекет.

Дегенімен, саяси легитимді билігі бар Қазақстанды шет елдер ғана емес, ең алдымен өз азаматтарының мойындауы да маңызды. Заңды деп саналатын билік көбінесе билікті жүзеге асыруға құқығы мен зор беделге, халық тарапынан белгілі бір сенімге ие болады. Саяси заңдылық басқарудың негізгі шарты болып саналады, онсыз үкімет заңнамалық тұйыққа тіреледі және күйреуге ұшырайды. Бұл жерде Қазақстан халқының басым бөлігін құрайтын қазақтардың ресми биліктің заңдылығын мойындауы өте маңызды. Мемлекетқұрушы ұлттың саяси билікті зорлықсыз келісімді түрде құптауы, бағынуы - мемлекет тұрақтылығының басты кепілі. Халық қалауына қарсы биліктің ғұмыры баянды емес болатындығын өмірдің өзі көрсетіп отыр. Тек шағын топтың (олигополияның), ықпалды элитаның билікті заңды деп санауы жеткіліксіз екен. Әділетсіз билеушілер ерте ме әлде кеш пе халықты басқару құқығынан айырылады. Халықтың басым бөлігі мойындаған билік қана өміршең.

Қазақстан Республикасының заңды президенті Қасым – Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2021 жылдың 5 қаңтарында «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты бағдарламалық мақаласы жарық көрді [1]. Бұл мақаланың тарихи маңызы мемлекетіміздің тәуелсіздік дәуіріндегі әр айшықты кезеңнің даму динамикасы тұжырымдалады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің тәуелсіздік жылдарын былайша бағалайды: «Өткен әрбір он жылдық атқарған миссиясы тұрғысынан ғасырдың жүгін арқалап тұр. Алғашқы он жылдық егемен Қазақстанның өз дербестігін қалыптастыру кезеңі болды. Екінші он жылдықта еліміз тұғырын нықтап, керегесін кеңейтіп, іргесін бекітті. Үшінші он жылдықта мемлекетіміз шын мәнінде кемеліне келіп, әлемдік саясаттың төріне озды». Ғылым тарихнамасында ғылымның тарихын елдің тарихынан бөлек ажыратып қарастырмайды. Демек, ел тарихы мен ғылым тарихы тығыз байланыста.

Ескі Қазақстанды басқарған саяси тұлғаларымыздың тілі, пікірі және ісінде әрдайым бірлік болмаса да, өте дұрыс айтылған сөздері, көтерген мәселелері баршылық. Әсіресе, қазақ ұлтының этномәдени дамуына игі әсер еткен бағдарламалар болғанын жоққа шығара алмаймыз. ҚР мәдени саясат концепциясында тұжырымдалған стратегиялық міндеттерді (тіл, дін, діл тұтастығы) аяғына дейін шеше алмасақ та, осы бағыт- мақсатты көздеген «Рухани жаңғыру бағдарламасы» сияқты тәуір бағдарламалар болды. Оны жүзеге асыруда кемшін тұстары болғанымен, оны ұсынғандардың ниеті дұрыс болғанын әлеуметтік-гуманитарлық саладағы зерттеушілердің көбі мойындайды. Қазіргі жаһандану жағдайында, Батыс пен Шығыс тарапынан экономикалық, технологиялық қана емес мәдени ықпалға ұшырап отырғанда ұлттық бірегейлікті, этномәдени сәйкестілікті сақтау маңызды міндет болып отыр.

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев адам капиталының сапасын арттыру б.гінде жүргізіп отырған саясаттың негізгі бөлігі екенін айта кетеді. Біздің ойымызша, тәуелсіздік факторының Қазақстан халқының басым бөлігін құрап отырған байырғы халықтың, әсіресе қазақтілді қауымның әлеуетін ашуға мүмкіндік бермесе оның қандай құндылығы мен мән-мағынасы бар? Не үшін автохтон этностар саяси тәуелсіздік алуға ұмтылады? Ұлт-азаттық қозғалыстар неліктен орын алады? Осы іргелі сұрақтың басын ашып алмай ұлт пен ғылымының дамуы туралы және білім беру жүйесіндегі өзгерістер туралы сөз қозғаудың мағынасы жоқ сияқты.

Жалпы қоғам болған соң онда әр алуан идеологиялар мен түрлі ағымдар кездеседі, алайда ұлт мұраты мен тәуелсіз ел болу мақсаты біреу ғана. Ол - қазақ этносының ұлт ретінде жойылып кетпеуі. Төл тілін, мәдениеті мен құндылықтарын, ата-бабалары аманат ретінде қалдырған жерді, табиғи байлығымыз мен тарихымызды сақтап қалуымыз маңызды. Яғни, стратегиялық мақсат-міндет - ұлт ретінде тірі қалу. Жасаған іс-әрекетіміздің мәні стратегиялық мақсат-міндеттен шықсақ қана орынды болады. Егер мемлекеттің стратегиясы оны құрушы этностың (мемлекет құрушы ұлттың) дамуы мен өркендеуіне жетелейтін болса, онда оны ұлттық деп санауға болады, әйтпесе оны антиұлттық деп бағалаймыз. Тарих ғылымында да өткенді түсіндірудің негізгі әдіснамасы ретінде осы ұстанымды басшылыққа алған жөн. Біз бұл әдіснамалық ұстанымды «қазақцентризм» деп атауды ұсынамыз.

Қазақцентризмнің мәнісі - қазақ мүддесіне бағытталған, бағдарланған ұстаным. Жетістік өлшемі – қазақ ұлтына пайдалы болу. Қазақ ұлтына қызмет ету. Білім мен ғылым саласы қазақ ұлтын көркейтуге бағытталмаса оның құны қандай? Кез келген реформа, жаңғырту осы үдеден шығуы тиіс.

Қазақстан Республикасының тарихи алғашқы президенті Н. Назарбаев «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты мақаласында бізге инженерлер мен дәрігерлер ғана емес, қазіргі заманды және болашақты терең түсінетін білікті гуманитарлық сала мамандары да ауадай қажет екенін айтқан еді. Тарих пен саясаттану, әлеуметтану мен философия, психология, педагогика, экономика, мәдениеттану және филология ғылымдары бойынша студенттерге заманға лайық білім беруге қажетті жағдай жасауды атқарушы үкіметке тапсырды. Осы міндетті іске асыруға мүмкіндік беретін негізгі бір тетік ретінде «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы қолға алынды. Аталған жоба аясында гуманитарлық білімнің барлық бағыттары бойынша әлемдегі ең үздік деген университет оқулықтары әртүрлі тілдерден қазақ тіліне аударылып, отандық студенттерге дүние жүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуға мүмкіндік берілді. Дүнижүзінің алдыңғы қатарлы оқу орындарының ең беделді ғалымдары дайындаған оқу құралдары қазақ тіліне аударылып, еліміздің барлық оқу орындарына жетті. Мысалы, Халықаралық инженерлік-технологиялық университетінің (METU) кітапханасына кірген адамның көзіне ең алдымен осы аударылған кітаптар түседі. Аударылған оқулықтар гуманитарлық білім саласы мазмұнының едәуір жаңаруына жол ашты. Бұған дейін марксизмге негізделген, көбіне идеологиялық сипатта оқытылып келген философия, тарих, әлеуметтану, саясаттану, мәдениет, тіл білімі, шығыстану, әдебиет теориясы, педагогика және психология секілді ғылымдар жаңа мазмұнға ие болды. Біз үшін мүлде жаңа салалар қазақ тілінде сөйледі деуге негіз бар. Мәселен, Интернет психологиясы, ұйымдық мінез-құлық секілді қазақ тілінде болмаған жаңа салалармен де таныстық. Мұндай ауқымды ғылыми аударма жобасы Қазақстанда бұрын-соңды іске аспаған екен. Қысқасы, кең көлемді аударма жұмысы қазақ тілін халықаралық ғылыми лексикамен байыта түсуге, ғылыми терминологияны дамытуға, академиялық жазу стилін жетілдіруге, жалпы қазақ тілін ғылыми тілге айналуына белгілі бір дәрежеде мүмкіндік берді. Бұл аударылған кітаптарды бүгінде кез келген оқырман олардың электронды нұсқаларына тегін «Қазақстанның ашық университеті» (www.openU.kz) порталы арқылы оқуына болады. Қазақтілді оқырман бүгінде белгілі француз ғалымы Реми Хесстің «Философияның таңдаулы 25 кітабын», Дерек Джонстонның «Сократтан Дерридаға дейін. Философияның қысқаша тарихы», Энтони Кеннидің «Батыс философиясының жаңа тарихы», Бертран Расселдің «Батыс философиясының тарихы» атты еңбегін еркін оқи алады. Еліміздігі жоғары оқу орындарында оқитын студенттердің 70% мемлекеттік тілде білім алатынын ескерсек, бұл тұрғыда жасайтын жұмыстар әлі шаш етекпен. Ана тілімізде білім берудегі теңсіздікті жою әлі өзекті мәселе боп қалып отыр. Қазақ тілді студент мен магистрантқа мемлекеттік тілімізде сапалы білім алуға толық жағдай жасалды деуге әлі ерте. Сол себепті қазақ тілінің ғылым тіл ретінде дамуына айтарлықтай үлес қосқан мұндай жобалар жалғасын тапса жөн болар еді.

Еліміздегі жоғары оқу орындарының жұмысы мен жетістігін жергілікті автохтон халықтың білім сапасы мен құзыреттілігі артуымен өлшеуге болады. Сондықтан қазақ тіліндегі өнімдердің сапасы мықты болуы керек. Мемлекеттік тілдегі өнімдерге ерекше назар аудару және оны дамытуға жоғары билік тарапынан қамқорлық пен қолдау қажет. «Мемлекеттік тілдік құзыреттілік» инженерлік-техникалық кадрларды даярлаудың маңызды құрамдас бөлігі болуы тиіс. Өзге тілдің бәрі ана тілді дамыту құралы ғана. Шынтуайтқа келгенде әлем тілдерінің өзі қазақ тіліне қызмет ету керек.

Кеңестік кезеңде негізгі оқулықтар Мәскеу, Ленинград сияқты орталықтардың ғалымдары жазатын да, содан кейін қазақ тіліне аударылатын, оларда термин негізінен орысшасының калькасы болып шығатын. Қазақша терминология дамымай қалған еді. Аударма жұмысын жандандыруды күн тәртібіне қайта қою, қазақ тілін стратегиялық мақсатқа кіретін түйінді бөлік деп тану асы маңызды міндет деп санаймыз. Бұл тілдік бәсекеде ана

тілімізді жоғалтпаудың шарты. Ұлттық стратегиялық мақсатымыз болмаса онда біздің барлық істеген әрекеттеріміз бен тірлігіміз бекер болғаны. Ұлтымыздың болашағы мен қауіпсіздігі осыған байланысты. Күллі менеджерлік шешімдер де осы тұрғыдан бағалануы керек. Бұл мақсатты ұлттық идеологияға айналдыруға болады. Бүгінгі таңда өзіміздің ұлттық мүддеге сай келетін әдіснаманы әзірлеу әлеуметтік-гуманитарлық саладағы күллі мамандардың ортақ ісі боп табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ. Тәуелсіздік бәрінен қымбат // «Егемен Қазақстан» газеті, 05 Қаңтар, 2021

370.193 41

ЭКОНОМИКАНЫҢ БІЛІМ САЛАСЫМЕН БАЙЛАНЫСЫ

Асқарова Ш.Ж.,

Түркістан жоғары көп салалы қол-өнер колледжі

Түркістан қ., Қазақстан

e-mail: sh.askarova@mail.ru

Аңдатпа. Бұл мақалада білім берудің негізгі мақсаты-білім мазмұнының жаңаруымен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді делінген. Экономика, технология, коммуникация мен ғылым салалардағы елеулі өзгерістер әлемдік экономикаға айтарлықтай ықпал ете отырып, әрбір азаматқа ХХІ ғасырда табысты болу үшін қажетті білім мен дағдыларды алға тартады. Білімгер өзіндік көзқарасы мен пайымдауын қалыптастырып, дамытуға, мұқият зерделеуге және өз ойын сенімді айта білуге дағдыланады. Бұл білім алушының ақпаратты есте сақтап, алған білімдерін ұғынуын, түсінуін және әртүрлі салада қолдана білуін талап етеді. Қазақстанда жаһандық экономикалық проблемаларға жауап бере алатындай деңгейдегі жұмыстар республикалық деңгейде жүргізілуде деп қарастырылған.

Түйін сөздер: Экономика, технология, коммуникация, халықаралық бәсекелестік, мәдени, әлеуметтік.

Аннотация. В этой статье говорится, что основная цель образования- повышение эффективности использования методов и различных средств обучения, а также обновление содержания образования. Значительные изменения в экономике, технологиях, коммуникациях и науке оказывают существенное влияние на мировую экономику, продвигая знания и навыки, необходимые каждому гражданину для успеха в ХХІ веке. Это требует, чтобы обучающийся запоминал информацию, понимал, понимал и умел применять полученные знания в различных областях. В Казахстане на республиканском уровне ведется работа по решению глобальных экономических проблем.

Ключевые слова: Экономика, технологии, коммуникации, международная конкуренция, культурная, социальный.

Annotation. This article says that the main purpose of education is to increase the effectiveness of the use of methods and various means of teaching, as well as updating the content of education. Significant changes in the economy, technology, communications and science have a significant impact on the global economy, promoting the knowledge and skills necessary for every citizen to succeed in the 21st century. This requires the student to memorize information, understand, understand and be able to apply the knowledge gained in various fields. In Kazakhstan, work is underway at the national level to solve global economic problems.

Keywords: Economics, technology, communications, international competition, cultural,

social.

Бүгінде білім ордалары өз көрінісін динамикалық түрде өзгертуде. Бұл, ең алдымен, қазақстандық білім берудегі экономикалық өзгерістерге байланысты. Елдегі заманауи өзгерістер, қоғамды жедел ақпараттандыру және динамизм білімге қойылатын талаптарды түбегейлі экономика бағыты өзгертеді. Экономикалық білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде іс-шаралар кешенінің барлығы жеке тұлғаның үйлесімді дамуы үшін қолайлы білім беру кеңістігін құруға бағытталған. Жаңартылған білім мазмұнының ең басты міндеттерінің бірі – «оқуға үйрету», жаңа бәсекеге қабілетті, жан-жақты үйлесімді дамыған, функционалды құзыретті тұлғаны дамытуға ықпал ететін өмір бойы зерттеуге үйрету болып табылады [1]. Сонымен қатар, білім берудің жаңартылған мазмұны аясында жаппай оқытуды ұйымдастыруда бірқатар типтік кемшіліктер бар. Олардың басым бөлігі студенттермен жұмыс істеудің дәстүрлі әдістерін жаңартылған білім мазмұны жағдайында жұмыс әдістеріне механикалық көшуінің нәтижесі болып табылады. Бұл орта білім беру моделін қайта қарау туралы оқытушылардың оқу жұмысындағы кемшіліктер, оның құрылымы, мазмұны, оқыту және білім беру әдістері, түбегейлі жаңа бағалау жүйесі білімгерлердің жетістіктері, өзін-өзі дамыту және біліктілігін арттыру үшін көптеген қиындықтарға мұғалімдерін әрекет етуге ұтқырлық қабілеті тұлғалық қалыптасу үйлесімді дамуына ықпал білім беру ортасын құру үшін жаңа моделі жоғары нәтижеге бағдарланған. ХХІ ғасыр – жаңа технология мен ақпараттандыру ғасыры. Өскелең елдің айбынды болашағы үшін – ең әуелі сапалы экономикалық білім қажет [2,1906]. Ол үшін еліміздің білім саясатындағы ғылым-экономикалық әлеуетін жұмылдыру, ғылымның басым бағыттарын дамыту жолындағы ресурстарды шоғырландыру, оның жетістіктерін өндіріске енгізу инновациялық дамудың негізгі көзі. Білім мен ақпарат дамыған қоғамда білім беру жүйесі инновациялық экономиканың негізгі бөлігі болып табылады. Білім берудің негізгі мақсаты-білім мазмұнының жаңаруымен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Экономика, технология, коммуникация мен ғылым салалардағы елеулі өзгерістер әлемдік экономикаға айтарлықтай ықпал ете отырып, әрбір азаматқа ХХІ ғасырда табысты болу үшін қажетті білім мен дағдыларды алға тартады. Сонымен қатар, қарқынды жаһандану ұлттық экономикаға да ықпал етуде, оның үстіне қазіргі уақытта экономикалық дамуды қамтамасыз етуге бағытталған халықаралық бәсекелестік артып отыр [3,1446]. Қазіргі кезде Қазақстанда жаһандық экономикалық проблемаларға жауап бере алатындай деңгейдегі жұмыстар республикалық деңгейде жүргізілуде. Оқу бағдарламасындағы ұлттық стандарттарға, бағалауға, оқулықтар мен оқыту әдістеріне қатысты білім беру саласындағы өзекті құндылықтар мен мақсаттар білімгерлердің жалпы үлгерімін арттыруды, сондай-ақ экономика, инновация мен көшбасшылықты енгізу үшін талап етілетін дағдыларды дамытуды, ұлттық сананы қалыптастырып, іске асыруды және ауқымды халықаралық тәжірибемен өзара әрекеттесуді көздейді. Колледждерде жаңартылған оқу бағдарламасы мен критериялды бағалау жүйесін енгізу аталған міндеттерді шешу үшін қабылданған шаралардың бірі болып табылады. Білімнің бастауы, қайнар көзі – мектеп болса, келешек ұрпақтың алғашқы баспалдағы – білім беру саласы екені баршамызға аян. Қазіргі таңда мемлекеттік тілді оқытуда жаңа идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану-заман талабы. Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы орта білім беру жүйесінің дамуымен тығыз байланысты. Қазіргі заманғы мәдени, әлеуметтік, экономикалық үдерістерде білім берудің шешуші демегеннің өзінде, түйінді рөлді атқаратыны белгілі. Бір жағынан, адам сапасы ғылым, техника, технология мен мәдениеттің жоғары жетістіктеріне сай келмей тұра алмайды, ал екінші жағынан, бұл жетістіктерді игеру, еселей түсу, сақтау қажеттілігі адамның өзінің санасына бұрыңғыдан да жоғары талаптар қояды. Бүгінгі қазақстандық білімгерлердің алдында әлемдік білім беру кеңістігіндегі секілді, зерттеулер мен экономикалық жаңалықтар ашудың ғасырына ену үшін білім беруге жаңа көзқарасты қалыптастыру, ойлау, оқыту, жұмыс істеу, шығармашылық және жалпы алғанда, өмір сүру әдіснамасын қайта қарау міндеті тұр. Қазіргі кезде табысты болу үшін білім қандай қажет болса, экономика да сондай қажет деген

ойдың жақтастары көбейіп келеді [4,2366]. Бұл білім алушының ақпаратты есте сақтап, алған білімдерін ұғынуын, түсінуін және әртүрлі салада қолдана білуін талап етеді. Білімді дәл осылай қолдану оқушыларға «XXI ғасыр дағдысы» деп жиі айтылып жүрген кең ауқымды құзыреттілікті меңгеруге мүмкіндік береді. Экономика саласында білім беру қызметін ұйымдастыру және оның нәтижелерін бақылау үшін мұғалімнің таңдауы бойынша әртүрлі әдістер мен құралдар қолданылады. Білім беру мазмұнын жаңарту контекстінде білім беру процесі білім алушылардың белсенділігі арқылы сипатталады. Бұл жағдайда мұғалім экономикаға деген белсенділігін ұйымдастырушы болып табылады. Орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында әзірленген оқу бағдарламалары курстан курсқа өтуі кезінде білімі мен дағдылары қайталанып, одан әрі дамытылып отыратын спиральді оқу бағдарламасы моделіне негізделген. Оқу үдерісінің алға ілгерілеуі айқын көрінуі үшін, оқу мақсаттары өзара тоғысқан бөлімдер мен бөлімшелерге топтастырылған. Оқу бағдарламаларының бір ерекшелігі – олардың пәндік білім мен дағдыларды ғана емес, сондай-ақ, кең ауқымды дағдыларды қалыптастыруға бағытталуы. Оқу мақсаттарының жүйесі мынадай кең ауқымды дағдыларды дамытудың негізі болып табылады: функционалдық және шығармашылық түрінде білімдерін қолдану, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, қарым-қатынастың әртүрлерін қолдану, жеке және топта жұмыс істей алу, мәселелерді шешу және шешімдер қабылдау [5,2086]. Экономикалық оқу бағдарламаларының икемділігі мен жан-жақтылығы оның маңызды сипаттамасы болып табылады. Мұғалімдер тараудың және тиісті тараулар мен бөлімдерді оқытудың ретін өзі анықтауға құқылы. Мұғалімдер бірнеше мақсатқа жетуге бағытталған тапсырмаларды құрастыра алады. Оқу бағдарламасы мұғалімдердің оқу мақсатын жиынтықта орындаған жағдайда оқу бағдарламасындағы оқу мақсатына жетуге әкелетін бірнеше мақсаттарға бөлуіне мүмкіндік береді :

- Мұғалім сабақ барысында бір жұмыс түрінен екіншісіне біртіндеп ауысып, сабақтың мақсатын есіне салып отыруды ұмытпауы керек. Тапсырманы әртүрлі тәсілмен түсіндіруге дайын болу қажет. Мысалы, бастапқыда тапсырманы бүкіл топ болып орындап, кейіннен жұптасып оның орындалуын шындай алады. Бұл жаңа тапсырмаға біртіндеп көше отырып, тапсырманы түсінуге көмектеседі, өткен сабақта алған білімдерін нығайтып, іс жүзінде бірнеше дағдыны қатарынан шындауға мүмкіндік береді.

- Топпен өзара әрекеттестік стилін өзгертіп отыру қажет. Мұғалім сабақ барысында өзінің қанша сөйлейтіні туралы ойлануы қажет. Егер мұғалім тым көп сөйлесе, білімгерлерге пікір таластырып, бір-бірінен үйренуге уақыт аз қалады. Сұрақ қойып, жауаптары бойынша топтың нені түсінгенін/түсінбегенін бағдарлаған дұрыс.

Сабақта жеке, жұптық, топтық немесе бүкіл сыныпты қамтитын жұмыс түрлерін араластырып қолдану тиімді болады. Сабақ жоспарында мұғалім:

- сабақ мақсатын анық, түсінікті түрде тұжырымдауы;
- сабақ жоспарының әртүрлі компоненттерінің тиісті бөлшектерін қамтуы (оқу жоспарындағы сабақ жоспарының үлгісін қараңыз);
- логикалық жағынан реттелген және оқу мақсаттарына сай келетін жаттығулар мен тапсырмалар туралы толық ақпарат ұсынуы;
- мақсатты білім мен дағдыларды қалыптастыруға арналған тиісті әдіс-тәсілдерді анықтап, проблемаларды алдын ала көре білуге және анықталған дағдыларға қатысты шешім ұсынуы;
- қажетті материалдар мен ресурстарды пайдалануды жоспарлауы тиіс.

Экономика пәнінен сабақты жоспарлау барысында мұғалімнің ескеруі тиіс бірқатар мәселелер:

- Сабағымның мақсаты қандай? Сабақтың әрбір бөлімі оқушыны мақсатқа жетуге жетелей ме?

- Оқушылар іс жүзінде не істейді? Мен білімгерлерге олар не істейтінін және олар қандай нәтижеге қол жеткізу керектігін қалай түсіндіремін?

- Сабақта экономикалық бағытта білімді игергенін қалай білемін?

- Егер мен өзім осы сабақта тыңдаушы болсам, бұның барлығын қалай қабылдар едім? Білімгерге көмек көрсетіле ме, жігерлендіріле ме? Қосымша материал ала ма?

- Жоспар қаншалықты икемді? Білімгердің көп түсіндіруді қажет ететін қызықты сұрағы, дыбыс-бейне құралдарды пайдаланудағы қиындықтар, әлдебіреудің сырттан рұқсатсыз кіріп келуі сияқты күтпеген оқиғалар туындаса, оларды қалай шешемін?

- Білімгер ұсынатын кері байланысқа қатысты, оны қалай жіктеп, жазып және талқылаймын?

Төмендегі сұрақтар мұғалімге сабақтан кейінгі рефлексия жасауға мүмкіндік береді:

- Бүгін не үйренді? Бұған не әсер етті?

- Сабақта ештеңеге үйренбеген балалар болды ма? Мұның себебі қандай?

- Сабақта қолданған әдістерім сәтті болды ма? Сабақ бұдан да сәтті өтуі үшін басқа қандай әдістер қолдануым керек еді?

- Сабақта ерекше бір жағдай байқалды ма? Бұл неліктен осылай болды?

- Сабақта білім алушының жинақтаған білімі мен тәжірибелері, қызығушылық танытатын салалары есепке алынды ма? Мұны қалай жақсартуға болатын еді?

- Сабақты білім алушының іс-әрекеттері мен жауаптарына қарай бейімдей алдым ба?

- Сабақта бірігіп жасаған қорытындыларымызға қалай қарады?

Сабақтан қандай көңіл-күймен шықты? Топтағы орта оларға жайлы болды ма?

- Мен топтағы тәртіпті басқара алдым ба? Менің қандай әрекеттерім жақсы шықты, қандай әдістерім сәтсіз болды? Неліктен? Нені басқаша жасауым керек еді?

- Сабақта менің көңіл-күйім біркелкі болды ма? Мен өзімді ұстай білдім бе? Болашақта нені ескеуім керек?

- Сабақта мен үшін ең қиыны не болды? Қандай жағдай ерекше назар аударуымды қажет етті? Неге? Келесі жолы мұндай жағдайда не істеуім керек?

- Сабақтағы оқу әдістерім сәтті болды ма? Меңгерген білімдері менің үйрету тәсілдеріммен байланысты ма? Келешекте нені есепке алуым керек?

- Бұл сабақты басқаша өтуге болатын ба еді? Қалай? Сабақтың қандай жағына көбірек көңіл бөлу керек: мазмұндық, әдістемелік, эмоциялық?

- Сабақта мен білімгерлерді ынталандыра алдым ба? Білімгерлердің ішкі уәжін ескердім бе? Білімгерлерді табысқа бағыттаудың тағы да қандай жолдары бар?

- Бағалауда мен қаншалықты шынайы болдым? Бағалау білімгерлерге қалай әсер етті?

- Білімгерлер сабақта өздерін басқаруға мүмкіндік болды ма? Бұл қайдан, қалай көрінді?

- Сабаққа дайындалғанда оқытудың экономикалық теорияларына сүйендім бе? Өткізген сабағым таңдаған теорияма қаншалықты сәйкес болды?

- Осы сабақтан кейін мен өзіме қандай жаңалық аштым, нені жетік түсіндім?

Колледждегі негізгі пәндерді оқу арқылы білім алушылар өз түсінігін кеңейте отырып, өзінің оқуы үшін жауапты болуға үйренеді. Білімгер өзіндік көзқарасы мен пайымдауын қалыптастырып, дамытуға, мұқият зерделеуге және өз ойын сенімді айта білуге дағдыланады. Мысалы, олар дәлелдерді талдау мен бағамдауды және ойлау дағдылары туралы ойлануды үйренеді. Сонымен қатар, пәнаралық байланыс орнату арқылы олар экономикалық ақпаратты тиімді пайдалануды үйренетін болады[6,348б].

Қазіргі заманда өзіндік экономикалық түсінігі қалыптасқан тұлға тәрбиелейміз. Білім алушы тұлға болып қалыптасуы үшін оның бойында түрлі жағдаяттағы проблеманы анықтауға, өзіндік тұжырым жасай білуге, өзіндік бағалауға, сыни ақпараттарды өз бетімен табуға, талдауға, дәлелдеуге, жалпы алғанда жеке адамның құзіреті қалыптасуы қажет. Білімгер өзінің колледж қабырғасында алған білімін өмірінде қажетке асыра білуі керек. «Білімді болу деген сөздің мағынасы – белгісіз нәрсені ашуға қабілетті болу», - деген Әл-Фарабидің сөзіне жүгінетін болсақ, ел ертеңі білімді ұрпақпен ғана өлшенбек.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы Астана, Ақорда, 2007 жылғы шілденің 27-сі. № 319-III ҚРЗ
2. Таубаева Ш. Введение в методологию и методику педагогического исследования: учебное пособие. -Түркістан: «Тұран» баспасы, 2007. - 190 с.
3. Өстеміров К. Қазіргі педагогикалық технологиялар мен оқыту құралдары: Оқу құралы: -Алматы: ЖШС «КАЗПРОФТЕХ», 2007. -144 б.
4. Тұрғынбаева Б.А. Ұстаздық шығармашылық. - Алматы, 2007. - 236 .
5. Еркибаева Г.Ғ., Оқыту үрдісіндегі жаңа технологиялар: теория мен практика: Оқу әдістемелік құрал. –Алматы: ГиГаТРЭЙД, 2014. - 208 б.
6. Кусаинов Г.М., Сагинов К.М., Конурова-Идрисова З.К. «Основы дидактики» (Дидактика негіздері). – Астана: Центр педагогического мастерства, 2014. – 348 с.

УДК 37.014.3

ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУДЕ ОҚУШЫЛЫРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН ОЙЫНДАР НЕГІЗІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Асылбекова Г.С.,

магистр, аға оқытушы,

*Академик Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті
Шымкент қ., Қазақстан*

Резюме.Формирование творческой активности студентов в современном образовании на основе игр.

Summary.Formation of students on the basis of creative activity in the field of modern education.

Заманауи білім беруде мектеп оқушыларының шығармашылық белсенділігін ойындар арқылы қалыптастыру мәселесі көп қырлы. Себебі білім беру және оқушы тұлғасын дамытуда шығармашылық қабілет ғылыми пәндердің кең аясын қамтитын ұғым болып табылатындығын көрсетеді. Елімізде білім беру жүйесіндегі оң өзгерістер көптеп саналады. Солардың қатарына жеке тұлғаның қасиеттерін, қабілеттерін дамытып, шығармашылығын, танымдық қызығушылығын, белсенділігін, талантын ұштаудағы оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруды, оқытудың озық технологияларын пайдалануды жатқызуға болады.

Білім беру жүйесі қоғамның әлеуметтік – экономикалық дамуында жетекші рөл атқарады, сондай – ақ оны әрі қарай айқындай түседі. Ал білімнің қалыптасып, дамуының жалпы шарттары философияның негізгі мәселесі – рухтың материяға, сананың болмысқа қатынасы тұрғысынан зерттелетін ілім таным теориясы деп аталады. Таным теориясының басқа ғылыми теориялардан түбірлі айырмашылығы – ол білімнің қалыптасуы мен негізделуінің жалпы ұстанымдарын, объективтік қатынастарды анықтауға мүмкіндік береді.

Шығармашылық белсенділік – оқушының білімге деген өте белсенді ақыл – ой әрекеті. Ол танымдық қажеттіліктен, мақсаттан, таным қисындарынан және әрекеттің негізінде оқушыларда шығармашылық белсенділіктерінен ізденімпаздықтың негізінде қалыптасады.

Адам баласының сөйлей бастаған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері шығармашылықтың нәтижесі. Бұған бүкіл халықтық, жалпы және жеке адамның шығармашылығы арқылы келдік. Әр жаңа ұрпақ өзіне дейінгі ұрпақтың қол жеткен жетістіктерін меңгеріп қана қоймай, өз іс-әрекетінде сол жетістіктерді жаңа жағдайға бейімдей, жетілдіре отырып, барлық салада таңғажайып табыстарға қол жеткізеді.

Мектеп оқушыларының шығармашылығын дамытатын мұғалім өзі шығармашылықпен жұмыс жасауы керек. Заманауи білім беруде бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық белсенділігін ойындар арқылы қалыптастыру мектепте оқушылардың шығармашылық белсенділігін дамыту мақсатында өткізілетін ұйымдастырылған оқу-іс әрекеті барысында жаңа технология элементтерін пайдалану тиімді.

Белсенділікті педагогикалық, психологиялық құбылыс ретінде анықтау, бұл мектеп оқушыларының тұлғалық сапасының ерекшелігіне талдау жасауға, оны қалыптастыру жағдайлары мен құралдарын қарастыруға мүмкіндік береді. Педагогикалық-психологиялық зерттеулер мектепте оқушылардың белсенділігін қалыптастырудың тиімді құралы дамытушы орта екендігін дәлелдеп отыр.

Ж.Ж.Руссоның философиялық-педагогикалық көзқарастарында даму ортасы ерекше орын алады. Белсенді тұлғаның оңтайлы даму негізі деп ортаны қарастырғандардың ішінде Ж.Ж.Руссо алғашқылардың бірі болды. Ол тәрбие үрдісі тиімді өту үшін, әр тұлғаға оның шындықтағы мүмкіншіліктері мен табиғи сұраныстарының арасында тепе-теңдік орнататындай ерекше даму ортасы құрастырылуы керектігін атап көрсетті. Бұл ортада тұлға әзір білімді алмайды, ол сол білімді өзі тауып, тірі табиғатты бақылай отыра өзінің тәжірибесінің негізінде үйренеді. Б.Ә.Төтенаевтың пікірінше, тұлға дамуының негізгі кайнар көзі білімнің көлемі емес, сол білім көлемін өздігінен еркін пайдалана білуінде.

Заманауи білім беруде мектеп оқушыларының шығармашылық белсенділігін ойындар арқылы қалыптастыру мәселесі теория мен тәжірибеде жаңалықты іздеуді талап етеді, бүгінгі жағдайда ол өзіндік анықтаушы мағынаға ие болып отыр. Әсіресе балаларды мектепке дайындауда оқушылардың бойында оқу іс-әрекетін меңгеруіне қажетті қасиеттерді тәрбиелеу және бастауыш сынып оқушыларының толыққанды қалыптасуы үшін дамытушы ортаның өзіндік маңызы зор. Адамды қоршаған жағдайлардың жиынтығы - орта, адам ортамен ағза және тұлға ретінде өзара іс-әрекетке түседі. Ішкі орта – ағзаның күйімен анықталатын ортаның түрі. Сыртқы орта – адамды қоршаған сыртқы орта, ол екі түрге – денелік және әлеуметтік болып бөлінеді.

Заманауи білім беруде бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық белсенділігін ойындар арқылы қалыптастырудың негізгі әрекеті оқу және ойын болғандықтан, әсіресе ойын арқылы балалардың интеллектуалдық және эмоционалдық жағы белсенді дамиды. Ойын мектеп оқушылардың қарапайым сипаттағы түсініктері мен іс-әрекет әдістерін дамытуға ықпал етеді. Балалар ойын кезінде бақылайды, байқап көреді және тәжірибе жасайды, тексереді, талдайды, заттардың ұқсастығы мен айырмашылығын, ерекшелігін салыстыра отырып, сұрақтар қояды және жағдайларға өзіндік қорытынды жасайды, шығармашылық іс-әрекеттерінің дамуына зор ықпал етеді. Себебі, ойын барысында мектеп оқушыларының дене және рухани жан дүниесі, ақылы, қиялы дамиды, тұлғалық бейнесі қалыптасады. Ойын оқушылардың қоғамдық тәжірибені меңгеру тәсілі, яғни, ол өзгелердің пікірімен санасуға, ортақ тіл табуға, шешім қабылдауға т.б. көптеген әлеуметтік, өмірлік дағдыларға осы ойын арқылы қол жеткізеді. Ойын үстінде бала оқып-біліп жатырмын деген ойда емес, ойнаудамын деген түсінікте болады. Ойынның ұзақ болуын, эмоционалды қанықтығына жету үшін және ойын міндетін интеллектуалдық тұрғыдан шешуде, педагог оқушылардың мақсатқа бағытталған тактикалық тәжірибесін байытуы, оны бірте-бірте шартты ойын жоспарына ауыстыруы, өз бетімен ойнайтын ойында балаларды шынайылықты шығармашылықпен бейнелеуін оятуды қамтамасыз ету қажет. Эмоция ойынды қызықтырады, өзара қарым-қатынас үшін қолайлы жағдай жасайды, әрі оқушылардың жан дүниесіне қажетті тонусын көтереді, бұл өз кезегінде балалардың біріккен құрбы-құрдастарымен әрекетінде және тәрбиелеу қызметінде қабілеттілік жағдайын қалыптастырады.

Заманауи білім беруде бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық белсенділігін ойындар арқылы қалыптастыру оқыту теориясына арналған педагогикалық әдебиеттерде және авторлар өздерінің ғылыми ізденістерінде осы ұғымды қалыптастыруға көп көңіл бөлген. Ұғымның анықтамасы ғылыми шығармашылықта және практикалық әрекетте

маңызды роль атқарады. Ұлы философ Сократ атап өткеніндей, ұғымның дәл логикалық анықтамасы – шынайы білімнің басты шарты. Кез келген ғылым оның мазмұнын құрайтын барлық негізгі ұғымдардың нақты анықтамасын беруге тырысады. Оқыту әдістерінің маңызын айқын жеткізу әрекеті, оның негізгі қасиеттері мен белгілерін қалыптастыру педагогиканың бүкіл тарихында талданып келеді.

Педагогикалық энциклопедияда: «Оқу –білімді, білікті, дағдыны меңгеретін балалардың іс-әрекеті, және өздігімен жүзеге асыру шығармашылық -деп тұжырымдалған.

Заманауи білім беруде бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық белсенділігін ойындар арқылы қалыптастыру шығармашылық белсенділік барысында тұлғаға білім беру мен дамыту мәселесін зерттеудің психологиялық негізі басты рөл атқарады

Шығармашылық белсенділігін - балалардың құбылыстар мен ақпараттар туралы нақты әрі терең білуге, оны түсініп, ұғынуға, білімді меңгерудеге нақты бағытталған іс-әрекет. Белсенділіктің кез келген түрі тұлғаның белсенділігін, дербестілігін, жеке басының еркін және қайталанбас даралығын танытатын шығармашылық процесс болып табылады. Сайып келгенде, оқу шығармашылық белсенділігін қоршаған ортаны түрлендіруге бағытталады. Оның негізгі шартының бірі арнайы компоненттерімен кез келген белсенділігі құрамының болуы болып табылады [34].

Шығармашылық белсенділік құрылымының мазмұнын аша отырып, ол компоненттерін ерекшелейді және оларға келесідей анықтама береді:

- а) аталған белсенділікті туғызатын қажеттілік;
- ә) мотив – белсенділігін бағытталған зат;
- б) мақсат – белсенділігін нәтижесінде қол жеткізіледі;
- в) іс-әрекетке ену жағдайы;
- г) белсенділігі құралатын әрекеттер;
- д) әрекет жүзеге асырылатын операциялар.

Әрбір мұғалім сабақ процесінде қандай ойын қолданатынын сабақ мазмұнына, мақсатына сәйкес таңдап алған жөн. Өйткені ойын мектепке келген балалар үшін қызықты әрекет, іс-қимыл бола отырып, сонымен бірге оларды тәрбиелеу мен дамытудың аса маңызды құралы болып табылады. Бірақ ол педагогикалық ізденістің арқасында ғана қуатты құралға айналады.

Ойынды басқара жүріп, мұғалім баланың жеке басының барлық жағына: оның санасына, сезіміне, ерік-жігеріне, мінез-құлқына ықпал жасайды.

Ойын іс әрекеті негізінен ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық және дене мүшелерінің дұрыс қалыптастыру мақсаттары үшін пайдаланады. Мазмұны ойлай білуге құрылған ойын процесінде балалардың білімі мен түсінігі айқындалып, тереңдей түседі. Ойын үстінде қайсыбір рөлді орындау үшін бала өзінің түсінігін ойын әрекетінде көрсетеді.

Бала психологиясына ойын іс әрекетінің ықпалы жастардың болашаққа деген бағыт-бағдары отбасында, мектеп қабырғасында, жалпы еңбек, қоғамдық деңгейде қалыптасады деп алсақ, бүкіл қоршаған дүниенің әр саласының көзқарасқа тигізетін әсері, беретін білімі, тәрбиеге ықпалы әртүрлі болады.

Қазіргі заман талаптарына сәйкес мектептегі барлық буын оқушыларының білімін ойын іс әрекеті тұрғысынан дамыту, жетілдіру-педагогика ғылымының міндеті болып табылады. Осыған орай білімнің мазмұнын, білім беру жүйесіндегі орнын, оқу-тәрбие процесінің ерекшелігін, оны дұрыс ұйымдастырудың негізгі әдістерін, формаларын жетілдірудің жолдарын білу керек. Оқу-тәрбие процесінде ойын әрекетін қолдану барысында әр баланың жеке басының ерекшелігі есепке алынуы тиіс. Сабақ барысында әр оқушының ұғымы, сезімі, түсінігі, қабылдауы, қабілеті әр түрлі. Ең бастысы - әр оқушының жеке басын құрметтеу, оның адамдық қасиетіне нұқсан келтірмеу. Қазіргі ізгілендіру заманында әрбір баланың өз мүмкіндігін, қабілетін, іскерлігін, ойлауын, ойын іс әрекеті барысында байқау қажет, сонда ғана олардың білімге, ынтасын арттырып, еңбексүйгіштікке, білімге құштарлық қасиеттерін нәтижелі қалыптастыруға болады. Мұғалім оқушылармен ойын іс әрекетін ұйымдастырып, оларды үйрету, қалыптастыру үшін ең алдымен балалардың психологиялық

Қазіргі нарық заманында жұмысты дәл бұрынғыдай ұйымдастыру мүмкін емес шығар. Бірақ оның оңтайлы жолдарын қарастырса, тиімділігі өте жоғары болмақ. Соңғы жылдары «Жасыл ел» деген студенттер жасағы құрылып, жұмыс істеп жатқанын бар. Бірақ ол бүкіл жастарды толық қамтымайды. Егер қазір де студенттер жазғы демалыста ұйымдасқан түрде еңбек етсе, олардың әлеуметтік жағдайы жақсара түсер еді. Дүние жүзінде экономикасы ең дамыған алғашқы үштікке кіретін Жапонияда бастауыш сынып оқушыларынан бастап, бүкіл мектеп шәкірті өздері оқитын сыныптарын өздері жуып-жинап, таза ұстайды екен. Оларды еңбекқор етіп тәрбиелеу бұл елдің оқу орындарының басты мақсаты болып табылады.

Қазіргі еңбек – оқу, іздену, нақты жобалар бойынша жұмыс істеу. Сондықтан жастарды сала-сала бойынша алдын ала бағыттаудың, еңбекке бейімдеудің маңызы өте зор.

Осы орайда баланы ерте бастан еңбекке араластыру жөн секілді. Бірақ қазір олардың жұмыс істеуіне тыйым салынған. Бұл жас буынның алаңсыз білім алуына, денсаулығы жақсы болуына өте қажет те шығар. Әйтсе де еңбек етіп, шынықпаған балалар бой күйез, жалқау болып кетпей ме? Олардың бойында масылдық пиғыл қалыптасса, қалай болады? Осы жағы бәрімізді де алаңдатады.

Абай атамыз «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан» деген. Сол сияқты әр адам өзінің қалаған мамандығын таба білсе, еңбегі жанады, сол жолда бақытқа, құрметке бөленеді, еңбегінің жемісін жейді. Мысалы, қалада жақсы автокөлік жөндейтін шебер, үй

техникасын жөндейтін мықты маман, он саусағынан өнер төгілген тігінші, кісі келбетіне сән беретін шаштараз болса, жұрттың бәрі соған бармай ма, мұндай маманның табысы да зор болмай ма... Тоқ етерін айтқанда, қарапайым адам қай уақытта да сый-құрметке бөленетіні анық. Ендеше, адал еңбекті қадірлейік!

Біз еңбекқор болуымыз қажет. Қоғамымызда еңбек адамы бірінші орында тұруға тиіс. Шын мәнінде, барлық жетістіктің бастауы – адал еңбек және іскерлік. Табысқа жетудің жалғыз жолы – өз кәсібінің шебері болу және ерінбей еңбек ету. Түрлі қаржы пирамидасына, құмар ойындарға әуес адамдар ақшаның оңай жолмен келмейтінін түсінуі керек. Маңдай терімен табыс тапқан адам оны мақсатсыз шашып, ысырап қылмайды. Үнемшіл, қанағатшыл әрі ұқыпты болады.

Ерікті еңбек ету құқығы. Қазақстан Республикасы Конституцияның 24-бабына сәйкес: “Әркімнің еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауына құқығы бар”. Бұл Қазақстан Республикасының әрбір азаматы өз қалауынша жұмысқа тұра алады және одан өз еркімен шығып кете алады дегенді білдіреді. Жұмыспен айналысқысы келетінін, қанша жұмыс істегісі келетінін азамат өзі шешеді. Конституцияның келтірілген бабында: “Еріксіз еңбекке соттың үкімі бойынша, не төтенше жағдайда немесе соғыс жағдайында ғана жол беріледі” делінген. Бұл егер адам қылмыс жасаса еріксіз еңбек ету қолданылуы мүмкін дегенді білдіреді. Сондай-ақ жағдай қоғам мен адам қауіпсіздігіне қауіп төндірсе олар құтқару жұмыстарына еріксіз тартылуы мүмкін.

Қызмет түрін ерікті түрде таңдау мынаны білдіреді. Азамат қайда жұмыс істегісі келсе, сонда істей алады. Ол мемлекеттік ұйым немесе жеке меншік болуы мүмкін немесе үйінде отырып, үй жұмысымен айналысуы мүмкін. Сондай-ақ ол кітап жаза алады, сурет сала алады және де басқа еңбекпен айналыса алады. Ол кәсіпкерлікпен, мал өсірумен, бақташылықпен, т.б. айналысуына болады.

Интеллектуалдық-ғылыми еңбек – ғалымның ғана емес, еліміздің қазіргі және болашақтағы нәпақасы, түгесілмес дәулеті (капиталы) екенін түсінетін уақыт жетті. Жалпы, өткеннен сабақ алу да өнеге болмақ. Президент биылғы Жолдауында «Кәсіптік білім беру саласына реформа жасау – айрықша өзекті мәселе. Бұл – экономиканың өсімін қамтамасыз ету және инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін аса қажет қадам. Мен 2025 жылды – «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялаймын», – деді. Расында, бұл – қазіргі және болашақ жұмысшы мамандығы иелерінің мәртебесін көтеруге бағытталған жоспар. Бүкіл әлемде орташа тапты қалыптастыру ісін қоғамдағы тұрақты дамудың кепілі ретінде қарастырады және оның өсіп-өркендеуіне ықпал етеді. Жұмыс орнын ұсынатын ұлттық компаниялар, өндіріс орындары мен өнеркәсіп мекемелері осынау мемлекеттік маңызы бар іске өз үлестерін қосады деп сенеміз». Иә, жұмыстың жаманы жоқ, кез келген еңбек – қадірлі. Ең бастысы, қай салада болсын адал еңбек қашан да лайықты бағаланып, табыс пен құрметке жеткізетін қоғам қалыптастыра білсек, ұлт сапасы артып, ел дамуы алға озары хақ.

Әдебиеттер тізімі

1. ҚР Конституциясы, 1995 ж, 30 тамыз. .
2. **Abai.kz**
3. Нұрмұратов С.Е. Рухани құндылықтар әлемі: әлеуметтік философиялық талдау. Монография. - Алматы, 2000. -180б.

UDC 37.036

ENHANCING CRITICAL THINKING SKILLS IN THE ELT CLASSROOM

Kurmangaliyeva D.

senior lecturer, master of linguistic sciences

dariga2774@mail.ru

Moldassanova A.

assistant professor, candidate of philological sciences IITU,

Almaty, Kazakhstan

d.moldassanova@gmail.com

Аңдатпа. Сыни тұрғыдан ойлау білім берудің маңызды бөлігі болды. Бұл тіл үйренуде жиі қолданылатын сөздердің бірі және оған деген қызығушылық ұлғайған. Теориялық тұрғыдан алғанда сыни тұрғыдан ойлау мұғалімдерге де, оқушыларға да шығармашылық қабілеттерін дамытуға және зерттеу жұмыстарын жүргізуге көмектесу үшін өте қажет. Сыни тұрғыдан ойлауды білім берудің әрбір деңгейінде жан-жақты оқыту қажет, бұл жағдайда екінші шет тілін үйренушілерге яғни студенттері өте қажетті құрал. Мақалада сыни тұрғыдан ойлаудың тіл үйренудегі негізгі ерекшеліктері мен маңыздылығын қарастырамыз, сонымен қатар біз кейбір қолданылатын жаттығулар мен бағалау әдістерін ұсынамыз. Соңында мұны қалай тиімді жүзеге асыруға болатыны туралы ұсыныстар жасаймыз.

Түйін сөздер: сыни тұрғыдан ойлау, контекст бойынша мәселені шешу, талдау, қарама-қайшылықты тақырып, тұжырымдамалық карталар, бағалау

Аннотация. Критическое мышление играет важную роль в образовании. Оно стало близким словом, используемым при изучении языка, и в последнее время широко используется. Теоретически критическое мышление практикуется, чтобы помочь учителям, а также учащимся развивать свои творческие способности и проводить исследования. Критическому мышлению необходимо обучать комплексно на каждом уровне образования, в данном случае учащихся как второго языка. В статье мы рассматриваем ключевые особенности и важность критического мышления для изучения языка, а также представляем некоторые виды деятельности и методы оценки. В конце даем рекомендации о том, как это можно эффективно осуществить.

Ключевые слова: критическое мышление, решения контекстуальных проблем, анализировать, оценивать, спорные темы, ситуационные карты, оценки

Abstract. Critical thinking has been an important part in education. It has become the close word used in learning a language and been recently interested in. Theoretically, critical thinking has been practiced to help teachers as well as learners develop their creativity and do research. Critical thinking needs to be taught comprehensively in every level of education, in this case for EFL learners. In the article we consider the key features and importance of critical thinking to language learning as well as we present some activities and assessment method. Finally make recommendations on how this could be effectively carried out.

Keywords: critical thinking, problem-solving contexts, to analyze, evaluate, controversial topics, concept maps, assessment.

Critical Thinking in ELT (English Language Teaching) refers to integrating activities and strategies that develop students' ability to think analytically, evaluate information, and make reasoned judgments while learning English. It goes beyond rote learning or memorization of language rules, focusing on helping learners become independent thinkers who can use English effectively in real-world, problem-solving contexts.

To make critical thinking to be more realistic and measurable, critical thinking needs to be

taught comprehensively in every level of education, in this case for EFL learners. Learning a foreign language like English will be more interesting while the teacher is not only being the center of classroom, but also giving more spaces for the students to be the center of classroom by providing them something that can stimulate them to analyze, evaluate, explain and many more. In this respect, the teacher does not feed the students all the time, but she/he provides a problem or a task to be solved. Unfortunately, there are only few research-based articles explaining how to teach critical thinking clearly.

Key Features of Critical Thinking in ELT are:

1. Analysis and Evaluation. It encourages learners to question texts, ideas, and perspectives rather than accepting them at face value. For example: Analyzing the tone and bias of a newspaper article in English.

2. Problem-Solving. It develops skills to approach tasks and situations logically and creatively using English. For example: Collaborating on solutions to hypothetical real-life issues.

3. Creativity and Reflection. It fosters the ability to generate and explore new ideas in the language. For example: Writing a reflective essay or creating a story with a twist.

4. Reasoning and Argumentation. It encourages students to justify their opinions and decisions with evidence. For example: Debating ethical dilemmas or controversial topics in English.

Why Teach Critical Thinking?

Teachers should focus mainly to develop their students' critical thinking to help them:

Be active receptors of the massive information that they receive nowadays.

Solve the complex problems that they face every day.

Make sound decisions about personal and civic affairs.

The Main Teaching Strategies To Develop Critical Thinking

Using ongoing classroom assessment.

Putting students in group learning situations to get continuous support and feedback from other students.

Presenting case studies to the class without a conclusion and using discussion and debate methods.

Using critical questions.

Using dialogues written or oral and encouraging students to analyze them.

Using comparisons to show the pros and cons of two things.

Why is Critical Thinking Important in ELT?

1. Prepares for Real-World Communication. Helps learners navigate complex situations like debates, presentations, or academic discussions in English.

2. Enhances Language Skills. Engaging with ideas critically develops reading, writing, speaking, and listening skills in depth.

3. Promotes Independence. Learners move from relying on rote memorization to applying language creatively and meaningfully.

4. Builds Global Competence. Encourages understanding of diverse perspectives and cultural nuances while using English as a global language.

Further we would like to give some examples of Critical Thinking Activities in ELT.

1. Debates and Discussions. Topic: "Is technology a boon or a bane for education?" Students must present arguments, counterarguments, and conclusions

2. Text Analysis. Read an opinion piece or story and identify the author's bias, assumptions, and intended audience.

3. Problem-Based Tasks . Enhancing critical thinking skills in students is crucial for preparing them to analyze, evaluate, and create solutions in a variety of situations. Here are effective strategies to foster these skills:

1. Encourage Questioning. Teach students to ask why, how, and what if questions.

Promote inquiry-based learning by having them explore answers on their own.

Use open-ended questions to encourage deeper thinking.

Example Activity: Provide a statement (e.g., "Technology is making people less social.") and

ask students: Why do you think this is true or false? What evidence supports your argument?

2. Teach Problem-Solving Skills. Present real-world problems or case studies.

Encourage brainstorming multiple solutions and evaluating each one's feasibility.

Use project-based learning where students must solve complex challenges.

Example Activity: Ask students to design a sustainable city, considering factors like environment, economy, and technology.

3. Foster Debate and Discussion . Organize debates on current issues or abstract topics.

Encourage students to support their points with evidence.

Teach them to listen to opposing viewpoints and critique them constructively.

Example Activity: Host a debate on topics like "Should social media be regulated?"

4. Use Socratic Seminars .Facilitate discussions where students analyze texts, articles, or videos.

Encourage them to question the author's intent, assumptions, and conclusions.

Example Activity: After reading an article, ask: What are the underlying assumptions? Are there any biases? How could this perspective be challenged?

5. Integrate Critical Thinking into Writing . Assign analytical essays, opinion pieces, or reflective writing.

Focus on building arguments, analyzing evidence, and addressing counterarguments.

Example activity. Write an essay answering: "How does technology shape human behavior?"

6. Promote Self-Reflection . Ask students to reflect on their learning experiences and decision-making processes.

Use journals or group discussions to explore what they learned, how they learned it, and what they could improve.

Example Activity: Ask: "What steps did you take to solve this problem, and what would you do differently next time?"

7. Use Mind Mapping and Graphic Organizers . Teach students to organize their thoughts visually. Use tools like Venn diagrams, cause-and-effect charts, or concept maps.

Example Activity: Create a mind map for a topic like "Globalization," showing its pros, cons, and impacts.

8. Encourage Interdisciplinary Thinking. Combine subjects to show how different perspectives interconnect. Assign tasks that require integrating knowledge from multiple fields.

Example Activity: Discuss how science, economics, and ethics intersect in issues like climate change.

9. Provide Constructive Feedback. Encourage students to justify their answers, even if incorrect. Highlight strengths in their reasoning and suggest ways to refine weak arguments.

10. Use Technology and Interactive Tools Incorporate tools like debate apps, critical thinking games, or discussion forums. Use platforms like Google Scholar for research-based activities.

11. Role-Playing and Simulations

Assign roles in scenarios that require negotiation, empathy, or critical decision-making.

Example Activity: Simulate a UN meeting where students represent different countries and debate global issues.

12. Model Critical Thinking. Demonstrate your thought process when solving problems.

Verbalize steps such as identifying assumptions, evaluating evidence, and drawing conclusions.

By consistently integrating these strategies into lessons, students will develop the skills necessary to think critically and approach challenges with confidence and creativity.

Assessing critical thinking. Assessment is one of important parts in the teaching and learning process. All activities done inside the classroom need to be assessed in order to see whether the activities can improve students' understanding and change their behavior. There are two kinds of classroom-related domain of assessment: (a) teacher-design formal tests that refer to a product; (b) informal assessment in the context of day-by-day interaction with students that refers to a process

(Brown, 2001). Based on the statement above, it can be postulated that assessment is needed hand in hand right after conducting teaching and learning process whether it is an informal or formal assessment.

CONCLUSION. Analyzing all these, we, as teachers get much information what critical thinking is, how critical thinking is applied merging with the English skills, how critical thinking is assessed. It is also shown that critical thinking is not something impossible to be applied inside the classroom as long as the teacher does all sets of critical thinking such as knowledge, comprehension, inference, application, analysis, synthesis to evaluation properly. The teacher has to choose suitable materials, technique, method or media to be applied inside the classroom, and then she or he can assess the students with suitable assessment either adopting from the existing critical thinking tests or creating their own made critical thinking tests.

References

1. Paul, R., & Elder, L. (2014). Critical Thinking: Tools for Taking Charge of Your Professional and Personal Life. Pearson Education.
2. Brookfield, S. D. (2012). Teaching for Critical Thinking: Tools and Techniques to Help Students Question Their Assumptions.
3. Facione, P. A. (1990). Critical Thinking: A Statement of Expert Consensus for Purposes of Educational Assessment and Instruction.
4. Ennis, R. H. (1985). A Logical Basis for Measuring Critical Thinking Skills.
5. Schafersman, S. D. (1991). An Introduction to Critical Thinking. Inquiry: Critical Thinking Across the Disciplines, 12(2).
6. McGrath, I. (2013). Teaching Materials and the Roles of EFL/ESL Teachers: Practice and Theory.

УДК 370. 712 2

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА МАМАНДЫҚ ТАҢДАУДА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС БЕРУ

Ақберді М. Е.

Кентау гуманитарлық-техникалық колледжі

Кентау қ., Қазақстан

moldirakberdy@gmail.ru

Аңдатпа: Бұл мақалада мамандық таңдау және оны игеру кәсіби өзін-өзі анықтаудан басталады делінген. Мектеп – оқушыларға кәсіптік бағдар беру жұмысын ұйымдастырушы және үйлестіруші орталық. Кәсіптік бағдар беру жұмысын негізінен іске асыратын мұғалім, сынып жетекшісі, сыныптан және мектептен тыс тәрбие жұмысын ұйымдастырушы, яғни бүкіл педагогикалық ұжым болып саналады. Орта мектеп оқушысы үшін мамандық таңдау ең маңызды, шұғыл және қиын мәселе болып табылады. Кәсіби бағыттылық оқушының кәсіптік жағынан өзін-өзі айқындауының маңызды бөлігі қарастырылады.

Түйін сөздер: Кәсіптік бағдар беру, мамандыққа дайындау, кеңес беру, құндылық, қабілет, мүмкіндік.

Аннотация: В данной статье выбор профессии и ее освоение начинается с профессионального самоопределения. Школа - организаторский и координаторский центр профориентационной работы учащихся. Учителем, классным руководителем, организатором внеклассной и внешкольной воспитательной работы, осуществляющим в основном профориентационную работу, считается весь педагогический коллектив. Выбор профессии для ученика средней школы - самый важный, срочный и сложный вопрос. Профессиональная

направленность рассматривается как важная часть профессионального самоопределения учащегося.

Ключевые слова: профориентация, подготовка к профессии, консультирование, ценность, способности, возможности.

Annotation: In this article, the choice of a profession and its development begins with professional self-determination. The school is an organizational and coordinating center for vocational guidance of students. The entire teaching staff is considered to be a teacher, a class teacher, an organizer of extracurricular and extracurricular educational work, who mainly carries out career guidance work. Choosing a profession for a high school student is the most important, urgent and difficult issue. Professional orientation is considered as an important part of a student's professional self-determination.

Keywords: career guidance, preparation for a profession, counseling, value, abilities, opportunities.

Қазіргі жаңа кезеңдерде ғылымдар жүйесінде, кәсіби өзін-өзі анықтау анықтау барысында педагогикалық кеңес берудің өзектілігі қоғам талаптарына орай еңбек сипаты мен мазмұнының аумақты, жылдам өзгеруіне байланысты кәсіби кеңес пен мамандық таңдауға психологиялық дайындықты қалыптастырудың теориялық және әдіснамалық өңдеулерін жүзеге асыру мәнді сұрақтардың бірі. Кәсіби бағдарлану мен кәсіби анықталу, соған байланысты іс-әрекетті саналы өзіндік реттеу мәселелерінде дәстүрлі және диагностикалық зерттеуді қолдану педагогикалық, практикалық кеңес беруді, мамандыққа дайындауды, еңбек субъектісі ретінде болашаққа бағыт бағдар беруді кеңінен қолдануды күшейтіп негіздейді делінген Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында [1]. Кәсіби бағыттылық оқушының кәсіптік жағынан өзін-өзі айқындауының маңызды бөлігі ретінде мамандық таңдауға белсенді қарым-қатынасынан көрінеді. Кәсіптік бағыттылықты қалыптастырудың адами алғышарттары жоғары сыныптарда туындайды танымдық қызығушылық дамиды. ХХІ ғасыр табалдырығын аттаған шақта тәуелсіз Қазақстан дүниежүзілік білім кеңістігінде өз орнын айқындауды, еліміздің экономикалық, саяси, мәдени дамуына үлес қосатын, әлемдік өркениетке көтерілетін білімді де мәдениетті, парасатты, денсаулығы мықты азамат тәрбиелеп шығаруды мақсат етіп отыр.

Осыған орай орта білім берудің жоғары сатысындағы бағдарлай оқыту оқушыларды кәсіби дайындыққа дейінгі терең білім алудың кәсіптік оқытудың алғашқы бастамасы болып табылады. Мектеп – оқушыларға кәсіптік бағдар беру жұмысын ұйымдастырушы және үйлестіруші орталық. Ал мектепте кәсіптік бағдар беру жұмысын негізінен іске асыратын мұғалім, сынып жетекшісі, еңбек сабағының оқытушысы, сыныптан және мектептен тыс тәрбие жұмысын ұйымдастырушы, яғни бүкіл педагогикалық ұжым болып саналады. Жоғары сынып оқушыларының кәсіби өзін-өзі анықтауын психологиялық-педагогикалық қолдау олардың қабілеттері мен ұмтылыстарын түсінуге, өз мүмкіндіктерін ашудың жолдарын іздеуге көмектесуі керек және мектептегі педагогикалық процестің ажырамас бөлігі болуы керек дейді Н.В.Самаукина [2,576]. Осы бағыттағы жұмыс жоғары сынып оқушыларын болашақ мамандықты саналы түрде таңдауға бағытталған өмірлік бағдарлар мен көзқарастарды қалыптастырудың мақсаты болып табылады, бұл мәселені шешу барысында психологтардың, мұғалімдердің, жоғары сынып оқушыларының ата-аналардың бірігіп жасалынатын тиімді жұмысы болып табылады. Жасөспірімдердің кәсіби өзін-өзі анықтауын психологиялық-педагогикалық қолдаудың негізгі бағыттары:

- жоғары сынып оқушыларына өмірлік құндылықтар, қабілеттер мен мүмкіндіктер туралы түсінік қалыптастыруға ықпал ететін жағдайлар жасау;
- жоғары сынып оқушыларын әртүрлі жағдайларды шешуде өзін-өзі талдау тәсілдеріне оқыту;
- білім беру процесін жоғары сынып оқушыларының кәсіби өзін-өзі анықтау практикасымен біріктіру;

- әр оқушыға оның кәсіби өзін-өзі анықтауын ескере отырып маршруттар ұйымдастыру.

Кәсіптік бағдарлау проблемасының әлеуметтік проблема ретіндегі маңыздылығы мен өзектілігі қоғамның кадрлардың теңдестірілген құрылымындағы объективті қажеттіліктері мен жастардың қалыптасқан субъективті кәсіби ұмтылыстары арасындағы қайшылықты жеңу қажеттілігінен көрінеді. Яғни, өзінің мақсаты бойынша кәсіптік бағдарлау жүйесі Еңбек ресурстарын ұтымды бөлуге, жастардың өмір жолын таңдауға, оны мамандыққа бейімдеуге айтарлықтай әсер етуі керек Л.И. Божович [3,180б]. Мамандықтар саны өте көп. Жас кезімізде әрқайсымыз үлкен мамандық таңдау алдында тұрамыз. Әр түрлі еңбек түрлері адамнан әртүрлі және қайшылықты қасиеттерді талап етеді. Бірінші кезекте, бұл адамдармен қарым – қатынас жасау, оларды басқару немесе оларға бағыну, екінші жағдайда – қозғалыстардың жоғары мәдениеті, үшінші жағдайда-бақылаулардың ауырлығы. Орта мектеп оқушысы үшін мамандық таңдау ең маңызды, шұғыл және қиын мәселе болып табылады. Жас кезінде барлық жеке ерекшеліктер айқын көрінеді, олар жиынтықта адамның жеке басының қорын анықтайды А.А. Грицанов [4,176б] . Мамандық таңдау және оны игеру кәсіби өзін-өзі анықтаудан басталады. Кәсіби өзін-өзі анықтау өмірдің өзін-өзі анықтаудың бір бөлігі болып табылады және шартты түрде келесі кезеңдерге бөлінеді:

- мектепке дейінгі-бастапқы еңбек дағдылары мен іскерліктерін қалыптастыру;
- бастауыш мектеп-әр түрлі іс-шараларға (ойын, оқу, еңбек)қатысу арқылы адам өміріндегі еңбектің рөлін түсінудің пайда болуы;
- негізгі мектептің бірінші сатысы (5-7 сыныптар) - мамандық таңдаумен байланысты өз мүдделері мен қабілеттерін сезіну;
- негізгі мектептің екінші сатысы (8-9 сыныптар) - кәсіби сана-сезімді қалыптастырудың бастамасы;
- орта білім берудің үшінші сатысы (бітіруші сыныптар) - жеке оқу пәндерін тереңдетіп оқыту негізінде кәсіптік бағдарлау;
- кәсіптік оқу орнында оқу-мамандықты игеру;

Кәсіби қызмет - біліктілікті арттыру немесе басқа кәсіби қызметке қайта бағдарлау деген В.Н.Панферов [5,201б].Психолог жоғары сынып оқушыларының кәсіби өзін-өзі анықтауында маңызды рөл атқарады, өйткені бұл кәсіби ниеттердің пайда болуы мен қалыптасуынан және әртүрлі еңбек салаларында бастапқы бағдарланудан басталатын процесс.Психолог оқушыға , қол жетімді қарым-қатынас және консультациялар, сондай-ақ өзі маман ретінде кәсіптік кеңес беру тиіс. Тренинг жұмысының тиімді әдістері болып табылады, оның барысында студенттер арасында белсенді кері байланыс бар. Кәсіптік бағдарлау бойынша қысқа мерзімді консультация барысында психологтың рөлі психологиялық сүйемелдеу шеңберімен және қандай да бір мамандыққа бейімділікті анықтау үшін құралдарды ұсынумен (психодиагностикалық әдістемелерді жүргізу және түсіндіру) нақты шектелуі тиіс. Психолог оқушыға өз қалауын нақты анықтауға, оларды құрылымдауға көмектеседі. Кәсіби бағдарлаудың жалпы стратегиялық мақсаты мен басты міндеттері негізінде әлеуметтік педагог өзіне жақын әрі нақты мақсаттар қояды: оқушыларды белгілі бір біліммен қаруландыру, білік пен дағдыларды қалыптастыру, шығармашылық мүмкіндіктер мен қажеттіліктерді ашу, эстетикалық сананы, адамгершілікті және т. б. Тәрбиелеу.оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді және оқушылардың өздерін қызықтыратын сұрақтар шеңберін қамтиды .Осылайша, психолог қоғамдық тәрбие жүйесін басқарудағы орталық тұлға болуы керек. Бүгінгі таңда психологтың міндеті-жасөспірімге өмірде өз орнын табуға, тәуелсіз, шығармашылық, жан-жақты дамыған тұлға болуға көмектесу. Бұл жасөспірімге өзін-өзі жетілдіруге және өзін-өзі жүзеге асыруға көмектеседі деген Н.Н.Чистяков,Ю.А.Захаров., Новикова , Л.В.Белюк [6,211б] . Мектеп психологы үлкен жастағы балалардың өзін – өзі тануы үшін жұмыс істеуі керек, өйткені өзін-өзі тану мамандық таңдауға жеке көзқарасты жүзеге асырудың қажетті шарттарының бірі болып табылады. Өзіңізді басқа адамдармен салыстыру, өз мүмкіндіктеріңізді, жетістіктеріңізді білу және оларды айналаңыздағы адамдардың жетістіктері мен жетістіктерімен салыстыру. Іс жүзінде, ең күрделі проблемалар жұмыс әдістерімен ғана емес, оқушыға психологиялық-

педагогикалық көмектің мәнін түсінумен де байланысты .Оқу-тәрбие процесінде білім алушыларды қолдауды білікті мамандардн ұйымдастыруынсыз - әлеуметтік - психологиялық, медициналық-валеологиялық, педагогикалық жас ұрпақты өмірге сапалы даярлауды қамтамасыз ету мүмкін емес.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы. Алматы, 2007.
2. Самаукина Н.В. Первые шаги школьного психолога «Феникс», 2000.,57б
3. Божович, Л.И. Личность и ее формирование в детском возрасте. – М.: Педагогика, 2010,180б
4. Грицанов А.А.. Новейший психологический словарь Мн.: Книжный Дом, 2013,176б
5. Панферов В.Н. Психология человека. СПб.: Издательство Михайлова В.А. – 2012,201б
6. Чистяков Н.Н., Захаров Ю.А., Новикова Т.Н., Белюк Л.В. Профессиональная ориентация молодежи. Учебное пособие. – Кемерово; КГУ, 2008, 211б

УДК 027.5

ОРТАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНАН ІСІН ДАМУДАҒЫ ІС-ШАРАЛАР (1932-1960 ЖЖ)

Нуртазаева А.Б.,

тарих ғылымының магистрі, лектор,

Халықаралық инженерлік-технологиялық университеті (МИТУ)

Алматы қ., Қазақстан

e-mail: alima_nyr@mail.ru

Аңдатпа. Бұл мақала 1932-1960 жылдар аралығында Орталық ғылыми кітапхананың дамуына бағытталған іс-шараларды қарастырады. Зерттеу барысында кітапханалардың қызметін ұйымдастыру мен басқару, ғылыми ақпаратты сақтау және тарату жүйесінің қалыптасуы, сондай-ақ сол кездегі кітапханалардың қоғамдағы рөлі мен маңызы талданады. Мақала кітапхана ісінің тарихи даму кезеңін, оның ғылыми ортадағы орны мен әлеуметтік функцияларын ашады.

Кілт сөздер: Орталық ғылыми кітапхана, кітапхана ісі, ғылыми ақпарат, 1932-1960 жылдар, кітапхана басқармасы, тарихи кезең.

Аннотация. Статья посвящена мероприятиям, направленным на развитие Центральной научной библиотеки в период с 1932 по 1960 год. В исследовании рассматриваются организационные и управленческие аспекты работы библиотек, формирование системы хранения и распространения научной информации, а также роль и значение библиотек в обществе того времени. Работа освещает исторический этап развития библиотечного дела, его место в научной среде и социальные функции.

Ключевые слова: Центральная научная библиотека, библиотечное дело, научная информация, 1932-1960 годы, управление библиотеками, исторический этап.

Abstract. This article examines the activities aimed at the development of the Central Scientific Library during the period from 1932 to 1960. The study explores the organizational and managerial aspects of library work, the formation of systems for storing and distributing scientific information, and the role and importance of libraries in society at that time. The paper highlights the historical period of library development, its place in the scientific community, and its social functions.

Keywords: Central Scientific Library, library science, scientific information, 1932-1960, library management, historical period.

Қазақстанда жүргізілген тарихи зерттеулер XX ғасырдың алғашқы жылдарында қолға алына басталды. Ғылыми мекемелер жүйесі мен зерттеу жұмыстары көлемінің ұлғаюы, КСРО Ғылым Академиясының қазақстандық базасын ашуға мүмкіндік берді. Елімізде алғашқы кітапханалардың пайда болуы, Қазақстанда ғылымның қалыптасуы және дамуымен тікелей байланысты болды. 1932 жылы КСРО Ғылым Академиясының Қазақстандық базасында алғашқы ғылыми кітапхана құрылады, ол 1934 жылы КСРО ҒА Қазақстандық базасын КСРО ҒА Қазақ филиалы етіп қайта құру кезінде де өз жұмысын жалғастырып оқырмандарға қызмет көрсетіп отырды. Бұл кезең елімізде тұңғыш ғылыми қорды ұйымдастырудың бастапқы іргетасы болып табылады. (ҚР ҒОВА. 10-қ. 1-т. 8 іс. 18-п.). Біз қарасырып отырған жылдары кеңестік идеология ең басты құрал болғандығын Қазақстан Республикасы Ғылым Ордасының Ведомствалық Архиві (ҚРҒОВА) 10-қордың 1,3,8,12,61-істерінен зерделенген төмендегі құжаттар да дәлел бола алады. Жаңадан ашылған ғылыми кітапхананы басқаруды Ғылым Академиясының ғалымдары жүзеге асырды. Орталық ғылыми кітапхана қызметкерлерінің кадрлық құрамы үнемі өзгерістерге ұшырап отырды. Оның себебі, кітапхана басшылығына тағайындалған басшылар ғалымдар қатарынан тағайындалды, олар кітапхана жұмысымен таныс болмады, кәсіби кітапханашылар, білікті, тәжірибелі кадрлар болмады. Кітапхананың бірінші басшыларының пікірінше, олар кітапхананы басқаруды өздерінің ғылыми қызметімен ұштастырды және бұл олардың жиі ауысуын түсіндірді. Орталық ғылыми кітапханада кадр мәселесі бірқатар объективті себептерге байланысты қиындықпен шешіліп отырылды. Арнайы білікті, білімді мамандардың өткір тапшылығы кітапхана құрылған жылдан –ақ байқалды. Кітапхана қызметінің сапалық көрсеткіші ол тікелей білікті басшымен тығыз байланысты. Біз қарастырып отырған жылдары кітапхананы басқарған ғылым мен ұйымдастырушылық қызметті қатар атқарған басшыларға келер болсақ: 01.09.1932-02.1933 жж. аралығында кітапхананың тұңғыш меңгерушісі Е.Р.Тяпкин бекітілген болатын, 02.1933-08.1933 жж. аралығында кітапхананың ғылыми меңгерушісі З.С. Катцнельсон., ал кітапхана меңгерушісі болып А. Попова қызмет атқарды.

1933 жылдың тамызынан 1934 жылдың наурызына дейін кітапхана меңгерушісі болып Тарих-археологиялық комиссия бойынша 1-разрядты ғылыми қызметкер Хасембек Исатаев қызмет атқарды. Сондай-ақ, кітапхананың дамуына әр жылдары басшылық қызметте болған А.К.Синицына., В.Ф.Фисенко және М.Н.Андрееваның қосқан үлестері болды. Орталық ғылыми кітапхана жұмысын бір жүйеге келтіріп, одан әрі дамуына зор үлес қосқан Сарра Моисеевна Рейдер болды. Ол 1937-1939 жж. кітапханашыларға арналған жоғары курсы бітірген, кәсіби жоғары білікті маман ретінде, 1945-1949 жж. аралығында ғылыми кітапхананы басқарды. 1949-1957 жж. аралығында ғылыми кітапхана басшылығына Федор Васильевич Жизневский тағайындалды. Ол 1939 жылы Н.К.Крупский атындағы Коммунистік саяси-ағартушылық институты бітірген, жоғары білімі бар кәсіби маман болды. Кітапхана қызметінің сапалық көрсеткіші ол тікелей білікті басшымен тығыз байланысты. 1957 жылы ғылыми кітапхана басшылығына Нурхан Батишева Ахмедова тағайындалады. Жаңадан тағайындалған директор және ұжымының алдында қызмет көрсету жүйесін жетілдіру және оқырмандардың құрамын қалыптастыруға қатысты жұмыс бойынша күрделі, нақты міндеттер тұрды. Аталған басшылар кітапхана жұмысын ұйымдастырумен қатар оның одан әрі дамуына өз үлестерін қосты. (ҚР ҒОВА. 10-қ. 1-т. 5 іс. 1-п.). Жаңадан ашылған кітапхана еліміздегі ғылымды зерттеу ошағына айналған, бірден бір ғылыми мекеме болды. Кітапхананың материалдық техникалық базасы баяу қалыптасты, қажетті материал құрал жабдықтардың болмауы жұмыстың дамуына кедергі келтірді. Алғашқы уақытта кітапхана жұмысына мемлекет тарапынан қаржының мардымсыз бөлінуі, жоғары кәсіби білікті мамандардың жоқтығы, білім мен тәжірибенің аздығы көп әсерін тигізді. Кітапхана басшыларының негізгі алдында тұрған міндеттері, өзекті мәселелердің бірі кадрлық потенциалды нығайту, сол арқылы кітапхананы жұмысын жоғарғы деңгейге көтеру, ғылыми

нәтижелер мен табыстарға жету, басқа Одақтас республикалардың ғылыми кітапханаларымен іскерлік байланысты нығайту, ғылыми зерттеу дәрежесін көтеру, ұжымда шығармашылық ахуал қалыптастыру, социалистік міндеттемелерді орындау үшін, ұжымдағы тәртіпті жөнге салу болды. Құрылған сәттен бастап кітапханада жұмыс істейтін мамандардың негізгі міндеті ғалымдарға қызмет көрсету және кітаптар жинау жұмысы болды. Кітап қорының бастапқы негізі КСРО Ғылым академиясының баспасынан сыйлық ретінде жіберілген кеңес ғалымдарының еңбектері болды. Жылдан-жылға, кітапхана КСР Ғылым академиясының Қазақстандық базасы ғалымдарының зерттеу тақырыптары бойынша әдебиеттермен белсенді түрде толықтырыла басталды. 1935 жылдың басында қорда жаратылыстану ғылымдары мен математика бойынша 10 мың томдық ғылыми басылымдар болды. (ҚР ҒОБА. 10-қ. 1-т. 8 іс. 18-п.). Ботаникалық, географиялық және геологиялық бағыттағы алғашқы секторлардың құрылуы, кітапхана жұмысының жаратылыстану-ғылыми бағытта жұмыс істейтінің бағыттап берді. Алғашқы уақытта, өкінішке орай архив қорларында ғылыми кітапхананың жылдық есептеріне байланысты құжаттар өте аз. Себебі кітапханада оқырмандар санын есепке алмаған, кітап қорындағы әдебиеттер есепке алынбаған, картотекалық жұмыс жүргізілмеген. Бұндай нәтиже, кітапханада білімі бар мамандардың болмауымен байланысты. Сол кезеңге дейін 35 мың баспа басылымын құраған қор ескерілді (ҚР ҒОБА. 10-қ. 1-т. 8 іс. 18-п.). КСРО Ғылым Академиясының қазақстандық базасының Президиумының төрағасы болып академик А.Н.Самойлович тағайындалды. 1938 жылы КСРО Ғылым Академиясының қазақ филиалы болып қайта құрылады. 26 қазан 1945 жылы КСРО Халық комиссарлар кеңесінің қабылданған шешіміне орай КСРО ҒА Қазақстандық филиалы, енді Қазақ КСР-нің ҒА болып қайта құрылды. 1 маусым 1946 жылы КСРО ҒА Қазақстандағы бөлімі негізінде Қазақ КСР Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасы құрылады. (ҚР ҒОБА. 10-қ. 1-т. 61 іс. 30-п.). Кітапхана жұмысының дамуы және ғылыми деңгейінің арттыру жолындағы қызметін қадағалап, бағыт-бағдар беру жолын реттеуді ҚазССР Ғылым Академиясының бірінші Президенті Қаныш Имантайұлы Сәтбаев тікелей өз қадағалауына алды. Осы кезеңнен бастап Орталық ғылыми кітапхананың қалыптасу, дамуының жаңа және негізгі кезеңдері басталды. Алғашқыда кітап қоры КСРО Ғылым академиясының сыйға тартқан 2000 дана ғылыми еңбектен құралды. 1946 жылы құрылған Қазақ КСР-і Ғылым академиясының бірінші мәжілісінде атауы Орталық ғылыми кітапхана болып өзгертілді. Сол жылы кітап қорына 74258 басылым, 15000 дана шетелдік әдебиет жинақталып, КСРО кітапханаларымен және ғылыми мекемелерімен кітап алмасу жолға қойылды. (ҚР ҒОБА. 10-қ. 1-т. 3 іс. 6-п.)

Ал, енді кітапхананың жұмыс атқару жүйесіне келер болсақ, құрылған жылы оның құрамында төмендегідей бөлімдер жұмыс істеді.

1. Кітаптарды жинақтау және айырбастау
2. Каталогтарды өңдеу
3. Кітап сақтау және оқырмандарға қызмет көрсету
4. Қазақ әдебиеті
5. Шетел әдебиеті
6. Шығыс әдебиеті
7. Анықтамалық-библиографиялық
8. Қолжазба (ҚР ҒОБА. 10-қ. 1-т. 8- іс. 58-п.).

Орталық ғылыми кітапхана қызметінің библиографиялық ақпарат жасауды және оны оқырманға жеткізуді көздеген анықтамалық-библиографиялық және ақпараттық жұмысы аса маңызды бағыттардың бірі болды. Кітапхана өз қызметінің алғашқы жылдарында-ақ ұлттық библиографияны дамыту міндетін қойды. Орталық ғылыми кітапханада 1945 жылға дейін библиографиялық жұмыс жүргізілмеді. (ҚР ҒОБА 10-қ., т-1., іс-5,6-16) Анықтамалық-библиографиялық жұмысты жүргізу үшін, 1946 жылы штаттық кесте негізінде кітапхананың бірнеше құрылымдық бөлімі жұмыс істей бастады. Осы жылы анықтамалық-библиографиялық бөлім құрылды. Бөлім ауызша және жазбаша анықтамалар, ұсыныстық тізімдер жасаумен және библиографиялық кеңестер жүргізумен айналысты. Қызмет көрсету кітапхананың анықтамалық-библиографиялық ақпаратының, атап айтқанда, анықтамалық-

ақпараттық қор мен картотекалар негізінде құрылды. Ақпараттық-библиографиялық бөлім анықтамалармен, энциклопедиялармен және библиографиялық көрсеткіштермен жақсы толықтырылған қор жұмыс істеді. 1946 жылы кітапхана жаңа ғимаратқа көшіріледі, кітапхананың материалдық техникалық базасы барлық талаптарға сай болды. (ҚР ҒОБА. 10-қ. 1-т. 12 іс. 14-п.). 10 қазан 1946 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының Президенті Қаныш Имантайұлы Сәтпаевтың қатысуымен кітапхана қызметіне байланысты кезекті отырыс болып өтеді. Күн тәртібінде бір ақ мәселе Кітапхана кеңесін құру болды. Отырысты Қ.И.Сәтпаев қорытындылады. Жаңадан құрылған кітапхана кеңесінің құрамына Н.Л. Кассин (төраға), М.О. Әуезов, Н.Т.Дюсенбаева, С.М.Рейдер, Н.Ц.Базанова кірді. (ҚР ҒОБА. 10-қ. 1-т. 3 іс. 6-п.). Кітапхана кеңесі тұрақты жұмыс істеді. Кітапхана кеңесінің құрамын Орталық ғылыми кітапхана директорының ұсынысы бойынша Қазақ КСР Ғылым академиясының Төралқасы бекітеді. Одақтас мемлекеттердің ғылыми кітапханаларымен байланыс орнату, шетел және шығыс әдебиеттерімен кітап қорын толықтыру және гуманитарлық бағытта кітап алмасу жұмысын жандандыру жоспары мақұлданды. Сондай-ақ, кітапханаға байланысты барлық ұйымдастырушылық жұмысты қадағалауды ретке келтіру болды. (ҚР ҒОБА. 10-қ. 1-т. 3 іс. 9-п.). Кітапхана кеңесінің жан-жақты жедел жұмыс істеуінің барысында көптеген нәтижелі жұмыс атқарылды. 1947 жылдан бастап ғылыми-зерттеу мекемелерінің тақырыптары бойынша міндетті ақылы басылымдар және Москва, Ленинград, Рига, Львов, Ташкенттің ірі кітапханаларының дублеттік қорларынан да кітаптар алына бастады. ҚазССР ҒА бірінші президенті Қаныш Имантайұлы Сәтпаевтың бастамасымен Кеңестер Одағының атақты ғалым-академиктері В.Л. Комаров, А.Д. Архангельский, Н.С. Курнаков және Д.К. Зелениннің жеке кітапханалары алынды. Бұл ғылыми құнды кітапханалар Орталық ғылыми кітапхананың кітап қоры сапасының маңыздылығын арттырды. Соғыстан кейінгі кезеңде, 1947 жылдан ғылыми-зерттеу институттары ақылы негізде ғылыми еңбектер жіберіп тұрды. Қазақ өлкесінен шыққан атақты ғұламалар, қоғам қайраткерлері қазақ библиографиясының өркендеуіне жол ашып берді. 1949 ж. Ғылым Академиясының Төралқасы бекіткен Ережеге сәйкес Қазақ КСР ҒА Орталық ғылыми кітапханасы «Кітапхана ісі мен ғылыми-библиографиялық жұмысты ұйымдастыру саласындағы Қазақ КСР ҒА бас кітап қоймасы және жетекші ұйымы болып табылады» делінген. (ҚР ҒОБА. 10-қ. 1-т. 5 іс. 14-п.) 1949 жылдан Қазақстандағы өлкетану библиографиясының дамуындағы жаңа кезең ашылды. Оның дамуына Қазақстан КП ОК қаулысы мен Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1947 жылғы 20 қыркүйектегі «Кітапханалардың жұмысын жақсарту шаралары туралы» шешімі септігін тигізді, осы құжаттарда барлық түрдегі өлкетану библиографиясын кеңейту, ірі кітапханалардың анықтамалық-библиографиялық бөлімдерін күшейту қажеттілігі көрсетілді. (ҚР ОММ 1781-қ, 1-т, іс-270, п-4). 1950 жылға қарай кітапхана қоры 152 мыңға дейін жетіп, екі есе көбейді. 1957 жылдан «Қазақстан 1955 жылдағы библиографиясы», «Қазақстан 1958 жылдағы библиография» тіркеу көрсеткіштері шығарылды. Осы басылымдардың жалпы көлемі 94 баспа табақ, таралымы 22,0 мың дана болды. Орталық ғылыми кітапхана ұжымы ҚазКСР Кітап палатасымен бірге «Қазақ кітабының репертуарын» құрастыру жұмысын бастап кетті XX ғасырдың 50-шы жылдарында Орталық ғылыми кітапхананың библиографиялық қызметі қарқынды жұмыс істей бастады. Қазақ КСР Ғылым Академиясы басылымдарының бес жылдық (1945-1950 жж) алғашқы көрсеткіші шықты. 1951 жылы Қазақ КСР ҒА Төралқасының шешімінің негізінде ғылыми-зерттеу институттарының жанынан Орталық Ғылыми кітапхана филиалы құрылды. (ҚР ҒОБА. 10-қ. 1-т. 14- іс. 1-п.). 1959 жылы сирек кітаптар қоры құрылды. Қ.Сәтпаев, М.Әуезов, І.Кеңесбаевтың бастамасымен қолжазба қоры, қазақ ғылыми әдебиеттері қоры құралып, Орталық Азия халықтарының тарихы мен мәдениеті жөніндегі мәлімет көздері және шығыс әдебиеті жинақтала бастады.

Қорытынды .

Кеңестік кезеңде Орталық ғылыми кітапхана-Қазақстандағы аса ірі ғылыми кітаптар қоры мол, мәдени-танымдық және ақпараттық мекеме ретінде танылып, орны мен беделі арта түсті. Орталық ғылыми кітапхананың қызмет көрсету шеңбері жыл сайын өзгеріп, жаңа

тұрғыдан кеңейтіліп отырылды. Кітапхана кітап қорын толықтыру, халықаралық кітап айырбасы, оқырмандарға қызмет көрсету, анықтамалық-библиографиялық ақпараттар беру қызметімен қатар, бұқаралық мәдени шаралар өткізуді, Кеңес Одағының атақты ғалымдарымен кездесулер ұйымдастырып олардың дәрістерін тыңдау, құнды құжаттармен мен өнер туындыларын қалпына келтіру, сақтау, өңдеу жұмыстарыда жүргізілді. Аталған жылдары, кітапхананың өсіп өркендеуіне кітапханашылардың өз мамандығына деген адалдығы, сүйіспеншілігі және кәсіби шеберліктері ықпалын тигізді. Сондай-ақ, ғылым саласында тер төгіп жүрген ғалымдардың, зиялы қауымда өз көмектерін тигізді. Кітапхана ұжымының сандық және сапалық құрамында өзгерістер болып отырылды. Одақ көлемінде кітапханашы мамандығын бітірген кәсіби білікті мамандармен қызметкерлер қатарын толықтырып отырды. Сонымен, Орталық ғылыми кітапхана республикада ғылым саласы мен қатар білім, мәдениет салаларын дамытуда өз үлесін тигізді. Жоғарыда аты аталған шығармалар Орталық ғылыми кітапхананың қалыптасуы туралы мол деректік мәліметтер береді.

Дереккөздер

ҚРОМА –Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві
ҚРҒОВА –Қазақстан Республикасы Ғылым Ордасының Ведомствалық архиві

Әдебиеттер тізімі

Культурное строительство, 1965 – Культурное строительство Казахстане (1918-1932 гг.) Сборник документов и материалов. / Сост.: М. А. Абдулкадырова, С. С. Голубятников, А. Г. Кукушкина и др. Алма-Ата: Казахстан, 1965. 125 с.

Наука Советского Казахстана 1960 - Наука Советского Казахстана 1960 за 1920-1960 гг. Алма-Ата. Издательство Академии наук Казахской ССР, 1960. С. 559-575.

Мұра 2002- Мұра: орталық ғылыми кітапхананың 70-жылдық мерейтойына арналады / К.К.Әбуғалиева, Р.Т.Бірімжанова,Қ.Е.Қаймақбаева-Алматы: Орталық ғылыми кітапхана,2002. С.5-25

Галиев В.З.1998- Галиев В.З Библиотечное дело в Казахстане: (Вторая половина XIX - начало XX вв.). – Алматы, 1998. С. 136

Абрамова К.И. 1974- Абрамова К.И. «Библиотечное строительство в первые годы Советской власти. 1917–1920», Москва:1974) С.75

Бердигалиева Р.А.1998- Бердигалиева Р.А.Становление Национальной библиотеки Республики Казахстан и развитие исторических исследований в 1931—1945 гг. Алматы, 1998. 127 с.

«Библиотечное строительство в Казахстане»,1979- Е. Н. Шмелевой «Библиотечное строительство в Казахстане в 1917–1945 годах». С.35

(ҚР ҒОВА. 10-қ. 1-т. 8 іс. 18-п.)

(ҚР ҒОВА. 10-қ. 1-т. 5 іс. 1-п.)

(ҚР ҒОВА. 10-қ. 1-т. 8 іс. 18-п.)

(ҚР ҒОВА. 10-қ. 1-т. 61 іс. 30-п.)

(ҚР ҒОВА. 10-қ. 1-т. 3 іс. 6-п.)

(ҚР ҒОВА. 10-қ. 1-т.8- іс. 58-п.)

(ҚР ҒОВА 10-қ.,т-1.,іс-5,б-16

(ҚР ОММ 1781-қ,1-т,іс-270,п-4)

(ҚР ҒОВА. 10-қ. 1-т. 14- іс. 1-п.)

ӘОЖ(УДК)265. 4.015: 735.0

СЫНИ ОЙЛАУ – АҚПАРАТ ЗАМАНЫНДАҒЫ ПСИХО-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИММУНИТЕТТІҢ ТЕТІГІ

*Алимқұлова Г.К.,
guldana.85@mail.ru*

*Омарова А.А.,
ainuromarova0376@gmail.com*

*Ш.Уәлиханов атындағы шағын орталықты орта мектебі
Жамбыл облысы, Қазақстан*

Аңдатпа. Сыни ойлау – ақпарат заманында зияткерлік иммунитет қалыптастырудың маңызды дағдысы. Заманауи қоғамда жалған мәліметтер артып, дұрыс шешім қабылдау қиынға соғуда. Сыни ойлау – ақпаратты талдау, сұрыптау және шынайы деректерді анықтау қабілеті ретінде зияткерлік иммунитетті қалыптастырудың негізгі құралы. Баяндаманың мақсаты – сыни ойлаудың жеке тұлға мен қоғамның тұрақты дамуына тигізетін әсерін ашу, оны дамыту әдістерін ұсыну және практикалық қолданысын көрсету. Сыни ойлаудың жеке тұлға мен қоғам дамуы үшін мәні және оның тұрақты ақпараттық қауіпсіздік кепілі ретіндегі маңызы айқындалады.

Түйін сөздер: Сыни ойлау, ақпарат, сұрақ, бағалау, білім алушы.

Аннотация. Критическое мышление – важный навык для формирования интеллектуального иммунитета в век информации. В современном обществе увеличивается количество ложной информации, что затрудняет принятие правильного решения. Критическое мышление является основным инструментом формирования интеллектуального иммунитета как способности анализировать, сортировать и выявлять истинные данные. Цель доклада – раскрыть влияние критического мышления на устойчивое развитие личности и общества, предложить методы его развития и продемонстрировать его практическое применение. Определено значение критического мышления для развития личности и общества и его значение как гарантии постоянной информационной безопасности.

Ключевые слова: Критическое мышление, информация, вопрос, оценка, обучающийся.

Annotation. Critical thinking is an important skill in the formation of intellectual immunity in the information age. In today's society of false information, it is becoming increasingly difficult to make the right decisions. Critical thinking is a key tool for the formation of intellectual immunity as the ability to analyze, sort and identify information. The purpose of the report is to identify the impact of critical thinking on the sustainable development of the individual and society, to propose methods for its development and to demonstrate its practical application.

Keywords: Critical thinking, information, question, assessment, student.

Сыни тұрғыдан ойлау – бұл ХХІ ғасырдағы шығармашылық ойлау, қарым-қатынас және топта жұмыс жасау дағдылары сияқты өте маңызды дағды. Бұл дағдылар ХХІ ғасырдағы өмір мен қоршаған ортадағы анағұрлым күрделі жағдайларға дайын оқушылардың ажырамас бөлігі болып табылады. Сыни тұрғыдан ойлау – бұл бәріне қажет дағды. Неліктен сыни тұрғыдан ойлауды үйрену керек? Мұның бірнеше себептері бар. Сыни тұрғыдан ойлау дегеніміз кез келген жұмыста, кез келген ғылым саласын оқып үйрену кезінде, кез келген мәселелерді шешуде қажет болатын шеберлік және мансап үшін құнды зат. Сыни ойлау ауызша және аналитикалық дағдыларды жетілдіре алады. Ойды түсінікті және жүйелі түрде жеткізе алады, мәтіннің логикалық құрылымын талдауда, түсіну қабілетін жетілдіруде пайдалы.

Сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын қалыптастырумен қатар, мұғалім немесе оқушы оларды тәжірибелік жағынан пайдалануға дайын болуы тиіс. Сын тұрғысынан ойлау – оған

белгілі бір қорытындыларды қалыптастыруға мүмкіндік беретін дәлелдер тұрғысынан кез келген ұстанымды немесе болжанатын білім нысанын зерделеу үшін табанды күш жұмсауды қамтитындығы туралы айтады. Сыни тұрғыдан ойлау – өз ойын бағалау ниетінің болуы және оны істей алу, ол кез келген субъект үшін қалыпты болып табылатын шыншыл, ашық, дәйекті, талдау жасауға қабілетті, білімгер, өзі мен өзгенің пікіріне сеніммен қарайтын және шешім қабылдауда парасатты болу ниетін дамытуды көзі. Сын тұрғысынан ойлаудың осы қағидаларын ұстанбайтын немесе қарсы пікірді ұстанатын, яғни зияткерлік жағынан тәкаппар, теріс ойлайтын, шыдамы жоқ, тез ашуланатын, әрекеттің салдары туралы ойламайтын, жаңа ақпараттарға немқұрайлы қарайтын, басқаның пікіріне сенбейтін адамдар сын тұрғысынан ойлау дағдыларын пайдалану кезінде қиын жағдайларға тап болуы мүмкін. Дұрыс қорытындының маңызын және қажеттілігін мойындай алмау өзін-өзі алдау мен жекелей де, ұжымдық та жабық ойлауға әкелуі әбден ықтимал [1].

Сыни тұрғыдан ойлау – ойлау қабілеттерін дамытуға арналған оқу бағдарламасы жеке білім алушыларға, қоғамға және барлық демократияға пайдалы болатынын мойындаған білім саласындағы көптеген көшбасшылардың бірі Джон Дьюи.

Сыни тұрғыдан ойлау интернационалды оқыту процесінде, мазмұнға тән негізгі идеяларды, қағидалар мен теорияларды құруда маңызды рөл атқарады. Сыни тұрғыдан ойлау пайдалануды үйрену процесінде маңызды рөл атқарады, сондықтан бұл идеялар, қағидалар мен теориялар оқушылардың өмірінде өзекті бола түскен сайын тиімді жүзеге асырылады. Әр пән сыни тұрғыдан ойлаудың тұжырымдамалары мен принциптерін қолдануға бейімделеді. Негізгі ұғымдар әрдайым бар, бірақ олар пәнге бағытталған мазмұнға енеді. Оқушылардың тақырыпты меңгеруі үшін интеллектуалдық белсенділік танытудың маңызы зор. Сондықтан мұғалімдер тақырыпты құрайтын негізгі ұғымдар мен қағидаларды игеруге ақыл-ойды ынталандыратын сұрақтарға, оқуларға, әрекеттерге назар аударады.

Сыни тұрғыдан ойлау – бұл логикалық қадамдар мен пайымдардың нақты жолын білу. Сыни тұрғыдан ойлау есептерін шешу үшін математика пәні мұғалімі мәселені шешуде ойлау тәсілін модельдеуі керек. Мұғалім оқушыларға есептің шешімін табуы үшін сұрақтар қою арқылы көмектесе алады ... Бұл сұрақтарға мыналар кіруі мүмкін:

- Қандай мәселе? Мен нені анықтауға тырысамын?
- Мен не білемін? Берілген ақпарат қандай?
- Мәселені шешу үшін мен не білуім керек?
- Мен бұған дейін қандай мәселелерді шешкенмін?
- Қандай шешімдер көмектесе алады? Бұл жағдайда қандай стратегия тиімді болады?

Оқушылар шешімін тапқаннан кейін, мына сұрақтарға жауап беруі керек: менің шешімім қалай табылды немесе менің жауабым неге нәтиже бермеді? Сыни тұрғыдан ойлау іс-әрекеті оқушыларға бірлесіп жұмыс істеуге және математикалық терминдерді қолдана отырып, мазмұнды әңгіме құруға тамаша мүмкіндік береді, бұл ұғымдарды терең түсінудің жақсы әдісі.

Сыни тұрғыдан ойлау – бұл тұжырым жасау үшін фактілерді талдау. Тақырып күрделі және бірнеше ұғымдары бар, олар әдетте дәлелді, скептикалық, бейтарап талдау немесе бағалауды қамтиды. Сыни тұрғыдан ойлау – бұл тәуелсіз, өзін-өзі тәрбиелейтін, өзін-өзі басқаратын және өзін-өзі түзейтін ойлау түрі. Бұл қатаң сапа стандарттарын сақтауды және оларды пайдалану бойынша мұқият басқаруды білдіреді. Бұл тиімді қарым-қатынас пен проблемаларды шешу дағдыларын, сонымен қатар жергілікті эгоцентризмді жеңуге деген адалдықты талап етеді. Тарихи тұрғыдан алғанда, сыни ойлауды оқыту формальды және бейресми логика сияқты логикалық процедураларға ғана бағытталған. Бұл оқушыларға жақсы ойлау логикалық ойлауға балама болатындығын баса айтты. Алайда, сыни ойлаудың екінші толқыны, оқытушыларды дәстүрлі әдістерді бағалауға шақырады, сонымен бірге сыни ойлаушы болу дегенді кеңейтеді. 1994 жылы Керри Уолтерс осы логикалық шектеуден асатын көздердің конгломерациясын құрды, бұл көптеген авторлардың зерттеу, білім беру, эмпатия, гендерлік сезімтал идеалдар, ынтымақтастық, дүниетаным, интеллектуалды автономия,

адамгершілік және ағартушылыққа қатысты көптеген зерттеулерін қамтиды. Бұл ұғымдар білім алушыларды өздерінің көзқарастары мен тәжірибелерін ойлау жүйесіне енгізуге шақырады.

Ағылшын және Валлий мектептерінде сыни ойлау 16-дан 18 жасқа дейінгі балалар А деңгей ретінде оқытылатын пән ретінде ұсынылады. OCR емтихан тақтасында оқушылар AS-ға арналған екі емтихан қағазын: «Дәлелге сену» және «Аргументті бағалау және әзірлеу» толтыра алады. Қазіргі уақытта GCE-дің толық нұсқасы қол жетімді: екі AS бөлімінен басқа, үміткерлер «Дилемманың шешімі» және «Сындарлы негіздеме» атты екі құжатты ұсынады. А деңгейі үміткерлерді сыни тұрғыдан ойлауға, талдауға, олардың дедуктивті немесе индуктивті негізділігі туралы дәлелдерге, сондай-ақ өздерінің дәлелдерін шығаруға қабілеттілігін тексереді. Сондай-ақ олардың сенім мен этикалық шешімдер қабылдау сияқты белгілі тақырыптарды талдауға қабілеттілігі тексеріледі. Алайда пән мазмұнының салыстырмалы түрде болмауына байланысты көптеген университеттер оны қабылдау үшін негізгі деңгей ретінде қабылдамайды. Соған қарамастан, АС көбінесе ойлау қабілеттерін дамытуда пайдалы және толыққанды GCE саясат, философия, тарих немесе теология саласындағы курстар үшін пайдалы, сыни талдау үшін қажетті дағдыларды ұсынады[2]. Қазіргі таңда бағалау және біліктілік альянсы А деңгейіндегі сыни ойлауды сипаттайтын спецификацияны ұсынады. OCR емтихан комиссиясы сонымен бірге өзгертулер енгізді. Университеттерге түсуге арналған көптеген емтихандар, А деңгейіндегі емтихандардың орнына LNAT, UKCAT, BioMedical Kіru тестісі және ойлау дағдылары сыни тұрғыдан ойлау компоненттерін қамтиды[3].

Катарда сыни ойлауды AL-Baіraq ұсынды – орта мектеп оқушыларына бағытталған және STEM салаларына негізделген оқу бағдарламаларына бағытталған дәстүрлі емес білім беру бағдарламасы. AL-Baіraq идеясы жоғары сынып оқушыларына «Катар» университетінің жан-жақты жетілдірілген материалдар орталығында зерттеу ортасымен байланысу мүмкіндігін ұсынады. Профессор-оқытушылар құрамы білім алушыларға тәлім-тәрбие беріп, сыни тұрғыдан ойлауды, мәселелерді шешуді және топта жұмыс істеу дағдыларын дамытуға және жетілдіруге көмектеседі[4].

Балалар мен ересек оқушыларда сыни ойлауды дамытуға бағытталған білім беру бағдарламалары жеке немесе топтық мәселелерді шешуде және шешім қабылдау контекстінде осы үш негізгі элементті шешуді жалғастырады.

Қазіргі заманғы когнитивті психология адам ойлауын реактивті және рефлексивті болатын күрделі процесс ретінде қарастырады. Бұл сыни ойды сенсорлық деректер мен жадқа бөлу сияқты егжей-тегжейлі сипатталған проблеманы ұсынады.

Психологиялық теория рационалды ақылдың абсолютті табиғатын шарттарға, абстрактілі мәселелерге және дискурсивті шектеулерге қатысты жоққа шығарады. Сын тұрғысынан ойлау қабілеттері мен сыни ойлау пікірлері арасындағы байланыс эмпирикалық мәселе болған кезде, Сократтың Соффия тәжірибесі ретінде қарама-қайшы болатыны белгілі болғандықтан, себептік үстемдікке жету мүмкіндігі бар. «Сыни ойлаудың диспозициясы» өлшемін есепке алу «Калифорния» психикалық мотивациясының өлшемі және «Калифорниялық» сыни ойлау диспозицияларының инвентаризациясы болып табылады. Сыни тұрғыдан ойлау құралы – оқушылардың сыни ойлауға деген сенімдері мен көзқарастарын зерттейтін балама шара[5].

Сыни тұрғыдан ойлау жеті сыни ерекшелікке ие: ізденімпаздық пен қызығушылық, әр түрлі жаққа ашық көзқарас, жүйелі түрде ойлана білу, аналитикалық, шындыққа берік болу, сыни ойлаудың өзіне сенімді болу, ең соңында жетілген болу.

Сыни тұрғыдан ойлауды әртүрлі жолдармен анықтауға болатынына қарамастан, оның негізгі құрамдас бөлігінде жалпы келісім бар - қанағаттанарлық нәтижеге қол жеткізуге деген ұмтылыс, бұған ұтымды ойлау және нәтижеге негізделген тәсіл арқылы қол жеткізу керек. Халперн сыни ойлау алдымен проблемаларды шешу, есептеу және сәтті қолдану сияқты үйренілген қабілеттерді қамтиды деп санайды. Ол сонымен қатар ойлау үрдісіне бейімділікті қамтиды.

Сыни ойлау дағдысын дамытатын тәсіл дұрыс сұрақ қоя білу. Ойлау жүйелілігінің

оқытудағы маңыздылығын дәріптеген ежелгі грек ойшылы Сократ өз шәкірттерімен пікірталас жүргізуде дұрыс жауапқа әкелетін сұрақтар қоюға бағытталған оқыту әдісін қолданған. Жоғары деңгейдегі ойлауды қалыптастыруға бағытталған жүйелі сұрақ қоюдың бұл түрі қазіргі ғылымда сократтық сауал қою әдісі деп аталады. Оның ізін жалғастырушы Платонның пікірінше, оқытудың осы әдісінің қағидасы – оқушы білімін ең жоғарғы деңгейге көтеру үшін мұғалім өзін білімсіз күйде көрсетуі тиіс. Сократтық сауал қою білім берумен байланысты тұжырымдама ретінде соңғы 20 жылда оқытуда кең қолданысқа ие болды. Қазақстан мектептері мен басқа да білім беру мекемелеріндегі кейінгі реформалардың басты мазмұны – сократша сауал қою әдісіне ұқсайтын оқушы белсенділігін арттыруға негізделген. Жаңартылған мазмұндағы танымдық дағдылардың жоғарғы деңгейін қалыптастырудың алғышарты білім алушыны ойлауға үйрету деп есептелсе, ойлануға және ынталануға мүмкіндік беретін маңызды элементтердің бірі – сұрақтар[6].

Ғалымдардың пікірінше, сұрақтарды дұрыс қою көптеген сұрақтарға жауап береді, сондай-ақ, күрделі психикалық үдерістердің іске асуын қажет етеді. Дұрыс сұрақ қою білу ақылдың немесе көрегендіктің маңызды және қажетті компоненті болып табылады. Сұрақтың өзі мағынасыз болып, жүйесіз берілсе, ол адамды мағынасыз жауап беруге итермелеп, қабылдайтын ұғым немесе ақпарат толық емес немесе қажетсіз күйде қалып қояды.

Сұрақтар арқылы адам белгісіздікті анықтап, мәселенің шешімін табуға әрекеттенеді, яғни дұрыс қойылған сұрақтардың көмегімен мұғалім оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға көмектеседі.

Сұрақтар – адамның санасындағы танымдық қызметтердің белсенділігін арттырады. Сондай-ақ сұрақтар арқылы кейбір мәселелерді анықтауға болады, кейде тіпті оларды шешудің де жолдары айқындалып қалатын сәттері болады. Сұрақтардың қойылуы нәтижесінде адам белгісіздікке өткел жасауға талпынады. Сұрақ сөзінің ағылшынша аталуы «quest», мағынасы белгісіздікпен немесе тәуекелмен байланысты ізденіс деген мағынаны білдіреді.

Дәстүрлі білім беру жүйесінде, оқушылар тек қойылған сұраққа жауап береді, өздері сұрақ қоюы өте сирек кездесетін жағдай. Жылдар бойы мұғалім оқушыларға өзі алдын ала жауабын білетін сұрақтарды қойып, жалықтыратын сабақтарды өткізетіні әлем ғалымдарының ғылыми-әдістемелік зерттеулерінде жиі айтылады[7].

Мұғалім тарапынан қоятын сұрақтардың қажеттілігі маңызды, дегенмен сұрақ қою мүмкіндігін жиірек оқушыға беріп отырса баланың қажетті ақпаратты алу мақсатында сұрақты түсінікті, жинақы сұрақтар құрастыруға үйренуі арқылы ЖДО дағдыларын қалыптастыруына ықпал етеді.

Сұрақтың сапалығы оқытылып жатқан пәннің қаншалықты дұрыс беріліп жатқанын да ақпарат алуға мүмкіндік береді. Әдетте мұғалімдер оқушының сұрақ қойғанын қаламайды. Мұның себебі, ғалымдардың зерттеулеріне сүйенсек, мұғалім өзінің құзыреттілігіне сенімсіздігі болып табылады. Яғни оқушының қойған сауалына жауап бере алмай қалудан жасқанады. Ғалымдардың зерттеулерінің нәтижесіне сүйенсек, оқытуда мұғалімдер өздері білмейтін сұрақты да қоя беруі қажет[8].

Қазіргі білім берудегі басты бағыт — ойлауды дамыту болып табылады. Оқушыға білім дайын күйінде берілмейді, керісінше, оқушылардың өздерінің ізденуіне, ойлануларына мүмкіндік жасалынады. Ал, мұғалімнен өз сабақтарын оқушының идеясын, білім-біліктілігін дамытуға ықпал ететін міндеттерге сай етіп ұйымдастыру талап етіледі[9].

Қорытындылай келе, ұлттық сана-сезім, ұлттық патриотизм, ұлттық ойлау қабілеті оқушыға білім беру үдерісінде ескерілуі тиіс негізгі міндеттің бірі болуы қажет. Білім беруде отансүйгіштік, өз еліне деген шексіз құрмет сезімі арқылы оқушының ой тұжырымдауы ел ертеңі үшін аса маңызды.

Жоғары деңгейдегі ойлау дағдыларын қалыптастырудың теориясы көптеген ғалымдардың, философтардың, әдіскер педагогтердің зерттеулерінен алынған мағлұматтарды зерделеп, заман ағымына сай мазмұнға келтіріп, сондай-ақ ұлттық құндылықтарымызды ескере отырып, теориялық тұрғыда негізделді.

Пайдаланылған әдістің нәтижесінің табысты болуына оқытылатын тақырыпты таңдау, берілетін тапсырманы дайындауда мұқияттылық, сабаққа қажетті оқу материалдарын дұрыс жинақтаудың аса маңыздылығын жадымыздан шығармауымыз керек. Нәтижесі оң болғандықтан, бұл бағыттағы сабақтарды көбірек өткізу керектігіне көзіміз жетті. Сыни ойлау дағдыларын жоғары деңгейге жеткізудің мүмкіндігі осы оқыту процесінде кеңінен талқыланды. Мәліметтерді өңдеп, салыстыру қабілетін игеретіні де сөзсіз. Сондай-ақ осы мақаланың маңызды материалы мәтінмен жұмыс істеу дағдыларын, ондағы мәліметтерді өз бетінше түсініп, өзінің күнделікті өмірінде пайдалана білуге мүмкіндік беретінін ескеру аса өзекті.

Әдебиеттер тізімі

1. Жанпейісова М.М. «Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде» Алматы: Рауан, 2002.
2. Қараев Ж.А. «Деңгейлеп оқыту технологиясы және оны оқу үдерісінде қолдану ерекшеліктері» Алматы: Рауан, 1999.
3. Paul, R., & Elder, L. *Critical Thinking: Tools for Taking Charge of Your Learning and Your Life*. Pearson, 2020.
4. Brookfield, S.D. *Teaching for Critical Thinking: Tools and Techniques to Help Students Question Their Assumptions*. Jossey-Bass, 2011.
5. Ерохин Т.В. «Критическое мышление в обучении» / Под ред. Москва: Просвещение, 2012.
6. Липман М. «Критическое мышление: Теория и практика» Москва: Аспект Пресс, 2006.
7. Сәтемірұлы Б. «Сыни ойлау арқылы оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру жолдары» Алматы: Дарын, 2011.
8. Әбілқасымова А.Е. «Оқу-тәрбие процесіндегі заманауи әдістер мен технологиялар» Алматы: Білім, 2014.
9. Әбиев Ж. «Білім беру жүйесіндегі жаңашылдықтар мен сыни тұрғыдан ойлау технологиясы» Алматы: Дарын, 2013.

ӘОЖ(УДК) 225. 4.016: 7410

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА «СЫНИ ОЙЛАУ» ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫНЫҢ ҚАБІЛЕТІН АРТТЫРУ

Бакылова А.Т.,

aigul-bakylowa82@mail.ru

Берикбаева Г.З.,

gul.berikbaeva@bk.ru

Шоқан Уәлиханов атындағы шағын орталықты орта мектебі

Жамбыл облысы, Қазақстан

Аңдатпа. Жаңа технологиялар баланы тек үйретуші ғана емес өзіндік ой-пікірі бар, жан-жақты дамыған дара тұлға дәрежесіне дейін тәрбиелеуді мұрат тұтады. Түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалану сабақтың нақты мәнін терең ашуға көмектеседі. Оқушылардың барлығын сабаққа қатыстыруға мүмкіндік туады. Оқушыларды ізденіске баулып өз бетімен жұмыс істеуге үйретеді. Олардың қабілеттері, сөз саптау еркіндігі, ұйымшылдығы, шығармашылық белсенділігі артады. Бастауыш сынып оқушылары жаны жаңалыққа құмар, барлығын игеріп, білгілері келіп тұрады. Сондықтан да жаңа технологияларды бастауыш сыныпқа пайдаланудың маңызы зор.

Түйін сөздер: технология, ХХІ ғасыр, инновация, әдіс-тәсіл, шығармашылық.

Annotation. New technologies are designed to bring up a child to the degree of a well-rounded personality, not only teaching, but also having their own thinking. Using various techniques will help to reveal the real essence of the lesson more deeply. It will be possible to involve all students in classes. Trains students to work independently, involving them in the search. Their abilities, freedom of speech, organization, and creative activity increase. Primary school students are passionate about novelty, they want to master and learn everything. Therefore, it is important to use new technologies for primary schools.

Keywords: technology, XXI century, innovation, method, creativity.

*Сабақ беру – үйреністі жай ғана шеберлік емес,
ол – жаңадан жаңаны табатын өнер*
Ж.Аймауытов

XXI ғасырда Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде үлкен серпіліс жасалынды. Жаңа мыңжылдық білім беру процесін мүмкіндігінше кеңірек қарауды талап етеді. Әр адамды жаңа тез өзгермелі әлемде *іс-істеуге, білім ала білуге, өмір сүре білуге, бірлесіп өмір сүре білуге* үйрету қажет.

Жас ұрпаққа бәсекеге қабілетті әлемдік білім кеңістігінде білім беруді жүзеге асыру үшін қоғамға білімді, іскер, жаңашыл ұстаз – жаңа тұлғалық мұғалім қажет.

Жаңа тұлғалық мұғалім – бұл заманауи педагогикалық құралдардың бүкіл әлеуетін, инновациялық технологияның қыры мен сырын меңгерген, өзін-өзі кәсіби жетілдіруге үнемі ұмтылып отыратын рухани дамыған, әлеуметтік жағынан шығармашыл, интеллектуалды тұлға, білікті маман.

Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы — заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама. Аталған білім беру бағдарламасы туралы түсінгенім мен ұғынғаным мол. Кәсіби тұрғыда жаңа сатыға қадам басып, білім жүйесіне енген жаңалықтың қыр-сырын зерттей бастаған сәтімде арнайы курсқа баруым бағдарлама туралы туындаған сұрақтарымның жауабын табуға берілген мүмкіндік секілді көрінді[1].

Бүгінгі таңда білім беру мазмұнын жаңарту өте маңызды өзгерістердің сатысында тұр. Білім беру мазмұнын жаңарту – сапалы білім, жарқын болашаққа негіздеп, бірқатар жетістіктер формуласын ұсынған үлгі және оқу-тәрбиелік үрдісті жан-жақты жаңа әдіс-тәсілдермен ұштастыру болып табылады.

Бастауыш мектеп – оқушы тұлғасы мен санасының дамуы қуатты жүретін, ерекше құнды қайталанбас кезең. Сондықтан бастауыш білім – үздіксіз білім берудің алғашқы басқышы, қиын да жауапты жұмыс.

Бастауыш мектеп балаға білім ғана беріп қоймай, оны жалпы дамыту, яғни сөйлеу, оқу, қоршаған орта жөнінде дұрыс көзқарас қалыптастыру, жағдайларды объективті түрде бақылап, талдау жасауға үйрету, ойын дұрыс айтуға, салыстыра білуге, дәлелдеуге, сөйлеу мәдениетіне үйретеді. Оқушыларға білім жүйесін терең әрі тиянақты беру үшін оқыту әдісін жетілдіру – әр ұстаздың жеке міндеті. Оқушылардың сабақтағы қызығушылығы мен белсенділігін қалыптастырудың жолдары сан алуан. Біздің міндетіміз – оқушыларға білім беруде жаңа технологиялар мен жаңаша оқыту әдістерін тиімді қолдану, білім сапасын көтеру, жан-жақты дамыту.

Білім беру жүйесіне өзгеріс енгізуге қажетті факторларды айтатын болсам, ол:

- әлем стандартына сай білім беру;
- бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеу;
- табысты өмір сүру дағдаларын қалыптастыру;
- әлем азаматын тәрбиелеу;
- тәжірибелік дағдыларды дамыту;
- функционалдық сауаттылықты арттыру;
- мұғалімнің кәсіби шеберлігін жетілдіру.

Жаңартылған білім беру бағдарламасы мақсаты мен міндеттерін айқындады. Айта кететін болсам, бағдарламаның мақсаты: бастауыш сынып пәндері бойынша білім беру бағдарламасын жаңарту және критериалды бағалау жүйесін енгізу тұрғысынан мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін жетілдіру[2].

Бүгінде бастауыш мектептерде жиі қолданылып жүрген технологиялардың бірі «Сын тұрғысынан оқу мен жазуды дамыту» технологиясы.

«Мұғалім – өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, ал оқыту, ізденуді тоқтатқанда оның мұғалімдігі де жойылады» деген К.Д.Ушинский.

Мен оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру, оқытудың жаңа әдіс-тәсілін қолдану сияқты мәселелерді басты міндетке қоя отырып, қазіргі заман талабына сай мұғалімдерді оқыту курстарын аятадық. Бағдарлама жеті модуль бойынша жүргізіледі. Жеті модульдер бір-бірімен өте тығыз байланысты.

Олар:

- ✓ Оқыту мен оқытудағы жаңа тәсілдер;
- ✓ Сыни тұрғыдан ойлауды үйрету;
- ✓ Оқыту үшін бағалау және оқытуды бағалау;
- ✓ Ақпараттық коммуникациялық технология;
- ✓ Талантты және дарынды балаларды оқыту;
- ✓ Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу;
- ✓ Оқытуды басқару және көшбасшылық.

Осы модульдерді негізге ала отырып, көптеген өзіме қажетті мәліметтер мен тиімді әдіс-тәсілдерді үйрендік.

Курсқа қатысып, алған білімімді өз сыныбымда қолдануға тырыстық. Біз осы бағдарламаның стратегияларын меңгеріп, тәжірибе жүзінде қолдану барысында көптеген жетістіктерге жеттік. Сабақтарды ерекше, жаңа технология жобасымен өтуі оларға еркін сөйлеп, ойларын ашық жеткізуге, сыншыл көзқарас байқатуларына мүмкіншілік туғызғандай. Бүгінгі қоғамға да, мектепке де керегі осылар. Білім берудің маңызды шарты оқу үрдісінде оқушылардың қызығушылығын арттырып, өздігінен білім алуға құштарлықтарын дамыту болып табылады. Мұғалім мен оқушы кез келген стратегияның әдіс-тәсілін, қыр-сырын жетік түсіне білуі қажет

Бүгінгі білім беру ісінің мақсаты – тек білім, білік дағдыларын меңгерту ғана емес, өзін-өзі дамытуға ұмтылатын, ақылды, алғыр, ой-өрісі кең, ақпарат көздерін өз бетімен қолдана алатын, қабілетті де талантты, жастарды тәрбиелеу. Үнемі дамып, өзгеріп отыратын баланың ішкі болмысы мен табиғатын қалыптастыруда мұғалімнің ықпалы ерекше.

Жаңа әдіс-тәсілдерді жүзеге асыру, тиімділігіне қарай пайдалану үшін, әр мұғалім өзінің алдында отырған оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып, педагогикалық мақсат-мүддесіне байланысты, өзінің шеберлігіне байланысты таңдап алады. Жаңа әдіс-тәсілдерді жүзеге асыруда мұғалім белсенділігі, шығармашылық ізденісі, өз мамандығына деген сүйіспеншілігі, алдындағы шәкірттерін бағалауы ерекше орын алады[3].

Өз тәжірибемізде әр түрлі жаңа технологиялардың элементтерін қолдану арқылы оқушылардың білім сапасын арттыруға болатынына көзіміз жетті. Сабақты әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолданып, түрлендіріп өткізу оқушыларымыздың білімге, оқып – үйренуге құштарлығын арттыратыны анық. «Қызығушылықты ояту» кезеңінде сөзжұмбақ шешу, «Мен бастайын, сен қоста», «Кім жылдам» ойынын, ал үй тапсырмасын тексеруде немесе өткенді пысықтауда «Ыстық орындық» әдісін қолдану арқылы оқушылардың білімін тексеріп отырамыз.

«Мағыныны тану» кезеңінде, яғни жаңа тақырыппен таныстыруда «Көр, жаз, тексер» әдісін жиі ұсынамыз. Бұл әдістің тиімділігі оқушылардың ойын, қиялын, есте сақтау дағдысын қалыптастырады. Бұл әдістің мақсаты: есіктің сыртына жаңа сабақ тақырыбын ашатын мәлімет жазылады. Оқушылар біртіндеп шығып, оқып, есте сақтап, келіп қағазға жазады, соңынан тексереді. Соңында жаңа сабақтың тақырыбы ашылады.

Сабақтың қорытынды бөлімі «Ой толғаныс» кезеңінде эссе жазу, «Синквейн» стратегиясы «Бес жолды өлең» құрастыру, «Артық затты тап» әдіс-тәсілдерін пайдаландық. «Автор орындығы» әдісін шығармашылық жұмыс орындау барысында жүргізіп отырамыз. Мысалы тақырыпқа сай ой шапшаңдығын, сөз байлығын дамытуда өлең шумақтарын құрастыру, арнаулы бір тақырыпта пікірталас тудыру. Сабақты түрлендіріп өткізу оқушылардың сабаққа деген ынта-жігерін арттырады. Оқушыны өз бетімен жұмыс істеуге дағдыларын қалыптастыру белгілі бір бала бойында тұрақтылық пайда болып, шығармашылықты тудырады. Қабілетті ұштайды, дарынды оятады, нәтижелі жеке тұлға қалыптастырады.

Сабақ барысында оқушылар «Сәйкестендіру», «Екі көпіршік» әдістері арқылы салыстыру, топтастыру, теріп жазу. Логикалық ойлауын дамытатын ойындар мен берілген тапсырмаларды шешу. Әңгіменің ұқсастығын салыстыру, бөліктерге бөлу, ат қою сияқты өздігінен орындайтын тапсырманы да белсене орындайды[4].

Кезкелген ұстаз қандай әдіс-тәсілді қолданса да, мақсаты біреу – ол оқушыларға тиянақты, сапалы білім беру.

«Фишбоун» әдісінің тиімділігі берілген мәлімет бойынша өздері сұрақ қойып, жауабын топтық жұмыста талқылауға, ой қорытуға белгілі бір қорытындыға келуге жетелейді. Балықтың басына: зерттелетін, қаралатын, талқыланатын тақырып жазылады. Оң жақ қабырға сүйектеріне: анықтаған проблема себептері, тақырыптың негізгі мазмұндары мен түсініктері жазылады. Сол жақ қабырға сүйектеріне: проблемаларды шешу жолдары, қарама-қайшылық тудырушы кедергілер жазылады. Балықтың құйрығына: анықталған жұмыстың нәтижесі мен талданған тақырыптың қорытындылау сұрағына жауап жазылады. себебі

«Бес саусақ» әдісі.

1. «Бас бармақ» – басты мәселе. Бүгінгі сабақта ең құнды мәселе не болды?
 2. «Балалы үйрек» – бірлесу. Қалай жұмыс жасадым, кімге көмек бердім, кімді риза жасадым?
 3. «Ортан терек» – ойлану. Мен бүгін білім мен тәжірибе алдым?
 4. «Шылдыр шүмек» – шынайылық. Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?
 5. «Кішкентай бөбек» – көңіл-күй ахуалы. Мен сабақта өзімді қалайша сезіндім?
- Бұл әдісті сабақтың қорытынды бөлімінде кері байланыс жүргізгенде тиімді. Өйткені бүгінгі жасаған жұмысына талдау жүргізеді.

Мектеп құрылымында болып жатқан өзгерістер, білім беру мақсаттарының алмасуы, оның дамытушылық сипаттарының бекітілуі, көпнұсқалық оқытуға көшу сияқты мәселелер орындаушылардан шығармашылық бастамалық, жұмыстың жоғары сапасын және кәсібилікті талап етеді.

Шығармашылық – бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі қажет. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өшуіне жол бермеу, оның рухани күшін нығайтып, өмірден өз орнын табуға көмектеседі. Өйткені адам туынды ғана емес жаратушы да.

Бұл үлкен жауапкершілік артатын күрделі мақсат. Оны шешу үшін ең алдымен оқыту мазмұны жаңартылып, әдіс-тәсілдің озығы өмірге келуі, олар әрбір азаматтың жеке басының қасиеттерін, қабілеттерін дамытып, шығармашылығын, талантын ұштайтындай болып ұйымдастырылуы қажет. Сонда ғана мектептерден өз өміріне өзгеріс енгізе алатын, өз бетінше өмір сүру жолдарын таңдай алатын азаматтар тәрбиеленіп шығады[5].

Баланы бастауыш сыныптардан бастап шығармашылық ойлауға, қалыптан тыс шешімдер қабылдай алуға, практикалық әрекеттерге дайын болуға әкелудің жолдарын көрсету керек. Шығармашылық – бүкіл тіршіліктің көзі. Адам баласының сөйлей бастаған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері шығармашылықтың нәтижесі. Әр жаңа ұрпақ өзіне дейінгі ұрпақтың қол жеткен жетістіктерін меңгеріп қана қоймай, өз іс-әрекетінде сол жетістіктерді жаңа жағдайға бейімдей, жетілдіре отырып, барлық салада таңғажайып

табыстарға қол жеткізеді.

Қорыта айтқанда, аталмыш бағдарламаның мәні, баланың функционалды сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде қажетке асыра білуі керек. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған. Ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттелді. Оқушылардың бойына ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын күдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады. Ата-бабамыз «Оқу – инемен құдық қазғандай» демекші, жан-жақты, шығармашыл, ізденімпаз ұстаз ғана табысты болып, нәтижеге жетеді. «Білімді болу деген сөздің мағынасы – белгісіз нәрсені ашуға қабілетті болу», - деген әл-Фарабидің сөзіне жүгінетін болсақ, ел ертеңі білімді ұрпақпен ғана өлшенбек.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде қазақ тілінде оқытатын мектептердегі бастауыш сынып пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы МАН /Екінші Басылым/ 2015 ж.
2. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
3. Омарова Р. Шығармашылық – басты мақсат. Бастауыш мектеп. 2006, №3.
4. Нұрахметов Г. Шығармашылық жұмыстар – оқушының қозғаушы күші. Бастауыш мектеп 2006, № 2.
5. Мұғалімге Арналған Нұсқаулық Бірінші (Ілгері) Деңгей /Екінші Басылым/ 2014 ж.

ӘОЖ (УДК) 321.4.025: 812.211

МӘТІНДІ СЫНИ ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ТАЛДАП, ОҚЫЛЫМ ДАҒДЫСЫН МЕНГЕРТУ

*Бейсенбаева А.Е.,
mtobugov@mail.ru*

*Мұханов А.М.,
Әлихан Бөкейханов атындағы орта мектебі
Жамбыл облысы, Қазақстан
Mukhanov.abzal@mail.ru*

Андатпа. Жұмыста мәтіннің сипаттамалары толықтығы мен буындылығын объективті және субъективті полюс позициясынан қарастыруға болады. Мәтін семантикалық бөліктерге бөлінбеген немесе авторларға аяқталмаған жағдайда, оны қабылдауда қиындықтар туындауы мүмкін, бірақ бұл мәтіннің жоғалуына әкелмейді.

Кілт сөздер: пікір, дәлел, топтастыру, шың әдісі, болжау әдісі

Annotation. In the work, the completeness and articulation of the characteristics of the text can be considered from the position of the objective and subjective poles. If the text is not divided into semantic parts or is not completed by the authors, difficulties may arise with its perception, but this will not lead to the loss of the text.

Keywords: opinion, argument, grouping, peak method, forecasting method

Мәтінді ондағы ақпарат тұрғысынан қарастыруға болады (мәтін – бұл ең алдымен ақпараттық бірлік); оны құру психологиясы тұрғысынан белгілі бір мақсаттан туындаған

автордың шығармашылық әрекеті ретінде (мәтін – субъектінің сөйлеу әрекетінің өнімі); мәтінді прагматикалық тұрғыдан қарастыруға болады (мәтін – қабылдау, түсіндіру үшін материал); соңында, мәтінді оның құрылымы, сөйлеу ұйымы, стилистикасы жағынан сипаттауға болады (қазір мұндай жоспардың жұмыстары көбейіп келеді, мысалы, мәтін стилі, мәтін синтаксисі, мәтін грамматикасы, кеңірек – мәтін лингвистикасы).

Мәтін – бұл тақырып пен негізгі ойға байланысты бірнеше сөйлемдер немесе абзацтар. Мәтін бір абзацтан тұруы мүмкін немесе мақала, кітап болуы мүмкін.

Мәтіннің негізгі белгілері:

- * оның барлық бөліктерінің тақырыптық және композициялық бірлігі;
- * бөліктер арасында грамматикалық байланыстың болуы (тізбекті, параллель);
- * семантикалық тұтастық, салыстырмалы толықтығы.

«Мәтін» ұғымының екі негізгі түсіндірмесі бар: «имманентті» (кеңейтілген, философиялық тұрғыдан жүктелген) және «репрезентативті» (нақтырақ). Имманентті тәсіл мәтінге автономды шындық ретінде қарауды, оның ішкі құрылымын анықтауға бағытталған. Репрезентативті – мәтінді шындықтың сыртқы мәтіні туралы білімді ұсынудың ерекше формасы ретінде қарастыру[1].

Лингвистикада мәтін термині кең мағынада қолданылады, оның ішінде ауызша сөйлеу үлгілері де бар. Мәтінді қабылдау мәтін лингвистикасы мен психолингвистика аясында зерттеледі. Мәселен, мысалы, И.Р.Гальперин мәтінді келесідей анықтайды: «бұл жазбаша құжат түрінде объективтендірілген, лексикалық, грамматикалық және логикалық байланыстың әртүрлі түрлерімен біріктірілген, белгілі бір моральдық сипатқа ие, прагматикалық көзқарасқа ие және сәйкесінше әдеби түрде өңделген бірқатар мәлімдемелерден тұратын жазбаша хабарлама»[2].

Мәтіннің лингвистикасында зерттеушілер оның байланыстылығы, тұтастығы, коммуникативті бағыты, толықтығы, ақпараттылығы, буындылығы сияқты сипаттамаларын анықтады.

Субъект – объектінің сипаттамаларының әрқайсысы. Олар жиынтықта әр сипаттаманың орны оның субъектіге немесе объект полюсіне жақындығын анықтайтын шкала құрайды[3].

Тақырыптық полюске жақын мәтіннің сипаттамаларын мәтін зерттеушілері аз анықтайды. Мәтіннің коммуникативті бағыты сияқты сипаттамасын анықтау кезінде мәселе туындайды. Мәтін зерттеушілерінің еңбектерінде мәтіннің коммуникативті бағытын ескеру қажеттілігі көрсетіледі, бірақ бұл нені білдіретіні шешілмейді.

Мәтіннің ажырамас сипаттамасы – оның ақпараттылығы, онда белгілі бір хабарламаның, мағынаның болуы. Әр мәтін жаңа ақпаратты алып жүруі керек. Бірақ сонымен бірге мәселе туындайды, бұл жаңа болады. И.Р.Гальперин әртүрлі мәтіндерде әртүрлі ақпарат түрлеріне талдау жасай отырып, мәтінге қатысты ақпарат өзінің прагматикалық мақсатымен ерекшеленетінін атап көрсетеді.

Ақпараттылық әр түрлі формада көрінуі мүмкін – нөлден бастап, мәтіннің мазмұны жаңа ештеңе бермеген кезде, тек белгілі нәрсені қайталайды, оны анықтау үшін мәтінді талдау қажет болған кезде тұжырымдамаға дейін. Т.М.Дридзенің пікірінше, «ақпараттылық мәтіндегі ақпараттың абсолютті мөлшерін емес, тек реципиенттердің меншігіне айналатын семантикалық ақпаратты сипаттайды»[4].

Толықтығы сияқты сипаттаманы автор мен реципиент тұрғысынан қарастыруға болады. Мәтін авторы объективті шындық құбылысын өз позициясынан елестету, түсіндіру міндетін қояды. Кез келген құбылысты білу қиын, үзік-үзік жүреді, автор негізгі мақсаттан бас тартуы мүмкін, бірақ кейінірек оған қайта оралуы мүмкін. Мәтін автордың пікірінше, оның ниеті «Қалаған нәтижеге тақырыптың ең прогрессивті қозғалысы, оны орналастыру арқылы қол жеткізілген кезде» толық өрнектерді алған кезде аяқталады. Л.Н.Мазурин және А.С.Штерн әр жағдайда объектінің сипаттамасы «осы коммуниканттардың алдына қойған мақсаттары мен міндеттері, олардың осы объектіні тану деңгейі тұрғысынан жан-жақты болуы мүмкін деп санайды. Өзекті мәтін аяқталуы мүмкін». А.А.Леонтьев мәтіннің тұтастығы мен оның

толықтығы арасындағы айырмашылықты атап көрсетеді. Ол сөйлеушінің ниеті арқылы анықталмайды, тек реципиенттің функционалды қолдануы арқылы анықталады. «Толықтық – бұл құндылықтың алғышарты, бірақ ол таусылмайды».

Мәтіннің субъективті – объектілік сипаттамасы – буындылық. Бір жағынан, бұл мәтіннің ресми сипаттамасы, өйткені тарауларға, бөлімдерге бөлінбейтін мәтінді қабылдау қиын. Екінші жағынан, мәтіннің бөлінуі, әдетте, автордың мәтінді оқырманның қабылдауына деген көзқарасын жасырын түрде орындайды және сонымен бірге оның көзқарастарын көрсетеді, белгілі бір эпизодтарға, фактілерге, оқиғаларға баса назар аударады[5].

Көптеген авторлар мәтінді қабылдау кезінде үйлесімділік пен тұтастық сияқты мәтін сипаттамаларының маңыздылығын атап өтеді. Мәтіннің осы сипаттамалары «Инкорпорация Заңымен» қамтамасыз етіледі. Бұл заңның мәні мынада: мәтіндегі әрбір келесі сөйлем қандай да бір жолмен алдыңғы сөйлемді қамтиды. Байланыс – бұл алдыңғы сөйлемді келесіге қосудың нәтижесі. Тұтастық мәтінді орналастырумен байланысты.

Мәтіннің басқа сипаттамаларының болуы азды-көпті міндетті болып табылады. Мәтіннің байланысы өзара әрекеттесетін және үйлесімді факторлардың тұтас кешенімен қамтамасыз етіледі – презентация логикасы, тілдік құралдардың ерекше ұйымдастырылуы (фонетикалық, лексикалық – семантикалық, грамматикалық), коммуникативті бағыт, композициялық құрылым. А.А.Леонтьев байланыс тек бір өлшемді ғана емес, яғни көрші сөйлемдерде анықталуы мүмкін, сонымен қатар бірнеше, міндетті түрде бір-біріне тікелей іргелес сөйлемдерде анықталған кезде көп өлшемді болуы мүмкін екенін атап өтті.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, көптеген зерттеулерде мәтін мәтіннің негізгі сипаттамаларында көрінетін сыртқы (формальды) және ішкі (мағыналы, семантикалық) белгілерді біріктіретін және өзара әрекеттесетін лингвистикалық және психоллингвистикалық құбылыс ретінде қарастырылатындығын атап өткен жөн.

Мәтінді сынау оның сапасы мен тиімділігін анықтауға көмектесетін бірнеше факторларға негізделген. **Мәтінді сынаудың кейбір негіздері:**

Мақсат және аудитория

Мәтінді сынау оның мақсаты мен аудиториясын түсінуден басталады. Мәтіннің мақсатына қаншалықты сәйкес келетінін және оның мақсатты аудиторияға қаншалықты бейімделгенін бағалау маңызды. Мысалы, ғылыми журналға арналған мәтін көпшілікке арналған мәтінге қарағанда ресми және техникалық болуы керек.

Логика және дәлелдеу

Мәтінді сынау мәтінде қолданылатын логика мен дәлелді талдауды қамтиды. Идеялар мен дәлелдердің қаншалықты анық және дәйекті түрде ұсынылғанын және олардың дәлелдер мен мысалдармен қаншалықты расталғанын тексеру маңызды. Логиканың жеткіліксіздігі және әлсіз аргумент мәтіннің сенімділігін әлсіретуі мүмкін.

Мазмұны және ақпараттылығы

Мәтінді сынау сонымен қатар мазмұн мен ақпараттылықты бағалауды қамтиды. Мәтіннің пайдалы және сенімді ақпаратты қаншалықты ұсынатынын және оқырманның қажеттіліктерін қаншалықты қанағаттандыратынын тексеру маңызды. Мазмұнның жеткіліксіздігі немесе фактілерді дұрыс түсінбеу мәтіннің құндылығын төмендетуі мүмкін[6].

Стиль және тіл

Мәтінді сынға мәтінде қолданылатын стиль мен тілді талдау кіреді. Мәтіннің оқырманға қаншалықты оқылатын, түсінікті және тартымды екенін тексеру маңызды. Тілдің анықтығы, шамадан тыс күрделілігі немесе дұрыс қолданылмауы мәтінді түсінуді қиындатуы мүмкін.

Құрылымы және ұйымдастырылуы

Мәтінді сынау оның құрылымы мен ұйымдастырылуын бағалауды да қамтиды. Мәтіннің логикалық дәйектілігі мен бөлімдер мен абзацтардың жақсы ұйымдастырылғандығын тексеру маңызды. Құрылымдағы байланыссыздық пен шатасу ақпаратты түсінуді және игеруді қиындатуы мүмкін.

Жалпы, мәтінді сынау оның күшті және әлсіз жақтарын анықтауға, сондай-ақ оны

жақсарту бойынша ұсыныстар беруге көмектеседі. Бұл жазу дағдыларын дамытудың және сапалы мәтіндер құрудың маңызды құралы.

Мәтін мазмұнына сын

Мәтін мазмұнын сынау – бұл мәтінде берілген ақпаратты талдау және бағалау процесі. Ол мәтін мазмұнының дұрыстығын, толықтығын, дәлдігі мен қисындылығын анықтауға бағытталған.

Мәтін мазмұнын сынау кезінде келесі аспектілерге назар аудару керек:

Ақпараттың дұрыстығы

Мәтінде берілген ақпараттың қаншалықты сенімді және сенімді көздермен расталғанын тексеру қажет. Автордың жалған немесе тексерілмеген ақпаратты ұсынбауын қамтамасыз ету маңызды.

Ақпараттың толықтығы

Мәтінде тақырыпқа қатысты барлық қажетті және маңызды мәліметтер мен фактілер болуы керек. Ақпараттың жетіспеушілігі толық түсінбеуге немесе дұрыс емес тұжырымдарға әкелуі мүмкін.

Ақпараттың дәлдігі

Мәтіндегі ақпарат дәл және бұрмаланбауы керек. Ұсынылған фактілерде, сандарда немесе күндерде қателер немесе дәлсіздіктер бар-жоғын тексеру қажет.

Логика және жүйелілік

Мәтіннің логикалық құрылымы мен дәйектілігі болуы керек. Ақпараттың қаншалықты ұйымдастырылғанын және өзара байланысты екенін тексеру маңызды. Келіспеушіліктер мен қарама-қайшылықтар мәтінді түсінбеушілік пен сенімсіздікке әкелуі мүмкін.

Мәтін мазмұнын сынау ақпараттағы қателерді, дәлсіздіктерді немесе кемшіліктерді анықтауға, сондай-ақ оны жақсарту бойынша ұсыныстар беруге көмектеседі. Бұл сапалы және сенімді мәтін құрудың маңызды қадамы.

Мәтін стиліне сын

Мәтін стиліне сын мәтіннің лингвистикалық және стилистикалық ерекшеліктерін талдауға және бағалауға бағытталған. Бұл мәтіннің қаншалықты анық, оқуға оңай және мақсатты аудиторияға түсінікті екенін анықтауға көмектеседі.

Айқындық пен түсініктілік

Мәтін стилін сынаудың негізгі аспектілерінің бірі-айқындық пен түсініктілік. Мәтін көп күш жұмсамай-ақ оңай түсінуге болатындай етіп жазылуы керек. Күрделі және түсініксіз сөйлемдерден аулақ болу, қарапайым және түсінікті тілді қолдану маңызды.

Адекваттылық және мақсатты аудитория

Мәтін барабар және мақсатты аудиторияға сәйкес болуы керек. Бұл мәтіннің стилі мен тілін оқырмандардың білім деңгейі мен қызығушылығына сәйкес келтіру керек дегенді білдіреді. Мысалы, ғылыми мәтіндерде арнайы терминология болуы мүмкін, ал кең аудиторияға арналған мәтіндер қарапайым және қол жетімді болуы керек.

Эмоционалды бояу

Мәтін стилін сынға эмоционалды бояуды талдау да кіреді. Мәтін Ресми немесе бейресми стильде жазылуы мүмкін, бейтарап немесе эмоционалды болуы мүмкін. Эмоционалды бояудың мәтіннің мақсаттары мен міндеттеріне қаншалықты сәйкес келетінін бағалау маңызды.

Мәтін стилін сынау мәтіннің тілдік дизайнындағы қателерді немесе кемшіліктерді анықтауға және оны жақсарту бойынша ұсыныстар беруге көмектеседі. Мәтіннің жақсы стилі ақпаратты жақсы түсінуге және қабылдауға ықпал етеді, сонымен қатар оқырманға жағымды әсер қалдырады.

Мәтін құрылымын сынау

Мәтін құрылымын сынау мәтіндегі ақпараттың ұйымдастырылуы мен реттілігін талдауды қамтиды. Бұл ақпараттың қаншалықты қисынды және дәйекті түрде ұсынылатындығын, сондай-ақ оның қаншалықты жақсы ұйымдастырылғандығын анықтауға көмектеседі.

Мәтін құрылымын сынау кезінде ескеру қажет негізгі аспектілер:

Кіріспе оқырманның назарын аударып, мәтінде қарастырылатын негізгі тақырыпты немесе мәселені ұсынуы керек. Оқырманды қызықтыру және оны оқуды жалғастыру үшін ол қысқа, бірақ мазмұнды болуы керек.

Мәтіннің негізгі бөлігі логикалық құрылымдалған және негізгі тақырыпты дәйекті түрде дамытуы керек. Әрбір абзацтың немесе бөлімнің мәтіннің жалпы тақырыбын қолдайтын өзіндік идеясы немесе дәлелі болуы маңызды.

Қорытынды мәтіннің негізгі бөлігін қорытындылап, ұсынылған ақпарат негізінде қорытынды жасауы керек. Ол қысқа, бірақ мағыналы болуы керек және мәтінде ұсынылған негізгі идеяларды немесе ұсыныстарды бекітуі керек.

Логикалық байланыс

Мәтіннің әртүрлі бөліктері арасындағы логикалық байланысқа назар аудару маңызды. Әрбір абзац немесе бөлім біртұтас бүтін құру және ақпараттың түсінігі мен логикалық дамуын қамтамасыз ету үшін алдыңғы және келесіге байланысты болуы керек.

Параллелизм

Мәтін құрылымындағы Параллелизм ақпаратты ұсыну үшін бірдей немесе ұқсас құрылымдық элементтерді қолдануды білдіреді. Мысалы, мәтін бөлімдері үшін бірдей тақырыптарды немесе субтитрлерді пайдалану оқырманға ақпараттың ұйымдастырылуын жақсы түсінуге және түсінуге көмектеседі.

Мәтін құрылымын талдау ақпараттың қаншалықты жақсы ұйымдастырылғанын және оны түсіну мен қабылдаудың қаншалықты оңай екенін анықтауға көмектеседі. Мәтіннің жақсы құрылымы ақпаратты оқуды және түсінуді жеңілдетеді, сонымен қатар оқырманға ұсынылған идеяларды жақсы есте сақтауға көмектеседі.

Оқушылар қазақ тілі сабақтарында ұсынылған мәтіндерді сыни талдау әдістеріне баса назар аудара отырып, «ұлы халықтардың ұлы достығы» мәтініне сыни талдау жүргізді. Мәтінде Абай, Шоқан, Шәкәрім, Мұхтар сияқты ұлы тұлғалардың достығы туралы айтылады. Оқушылар «топтастыру» әдісіне сәйкес 5 шағын топқа бөлінді. Бірінші топ – Абай мен Михаэлис, екінші топ – Шоқан мен Достоевский, үшінші топ – Шәкәрім мен Толстой, төртінші топ – Шаханов пен Айтматов, бесінші топ – Мағжан мен Горький. «Венн диаграммасына» сәйкес, әр топ өздерінің ұлы адамдарының достығын талқылап, олардың әдебиеттегі жетістіктерін салыстырды. «Шың» әдісі бойынша ол ұлыға сипаттама берді, Абайды Абызбен, Шоқанды өсіп келе жатқан жұлдызбен салыстырды. Осылайша олар салыстырудың себебін түсіндірді. Топтық жұмыс кезінде студенттер болжау тәсілін қолданып, бір-біріне: «Егер Шоқан кадет корпусына кірмесе ше?». «Егер Абай Михаэлисті білмесе, оның шығармашылығы басқа бағытта дамиды ма?» «Егер Магян атылмаса не болар еді?» және әртүрлі жағдайларға және оқиғаны әртүрлі тәсілдермен аяқтау тәсілдеріне сыни талдау көрсетті[7].

Әдетте, жас мамандар, кейде тәжірибелі мұғалімдер осындай маңызды сұрақтар қоюға, мәтінде келтірілген деректерді сыни тұрғыдан бағалауға және ақпаратты електен өткізуге тырысады. Оның орнына біз сабақты егжей-тегжейлі түсіндіруге, үй тапсырмасын орындауға немесе баға қоюға көбірек уақыт жұмсаймыз. Біздің бастапқы бағытымыздан ауытқымау үшін мәтінді сыни тұрғыдан ойлау және сыни тұрғыдан талдау әдістерін назарда ұстаған дұрыс.

Оқу процесі жаңа білімді игеру ғана емес. Оқушылар алдыңғы сабақтағы тақырыпты жаңасымен үйлестіре білуі керек. Сондықтан мен оқу процесінде жаңа сабақ пен өткеннің тұрақты сабақтастығы бар екеніне көз жеткіземін. Әрбір сыни талдау әдісінде біз алдыңғы мәтіндегі ақпаратты жаңа мәтіндегі ақпаратпен салыстырамыз және ұқсастық пен айырмашылықты бірге анықтаймыз. Мен өткен сабақты еске түсіру үшін тақырып бойынша бір-екі сұрақ қоямын немесе оқушылар топтық жұмыс кезінде бір-біріне сұрақтар қояды. Бұл қадам оқушыны пассивтілікті женуге және белсенді әрекеттерді бастауға шақырады. Бұл кезеңді жаңа сабақты аяқтамас бұрын миға арналған шағын жаттығу деп атауға болады. Өйткені оқушылар өткен сабақты есте сақтайды және оны топтарда немесе жұптарда талқылау арқылы қайталайды. Осыдан кейін ми белсенді күйге ауысады және жаңа ақпаратты

қабылдауға дайындала бастайды. Осылайша, оқушылар жаңа сабақта мәтінді оқып, сыни тұрғыдан талдауға дайын. Сабақ барысында оқушыға өз бетінше жұмыс істеуге мүмкіндік берілуі керек. Мұғалім жаңа сабақты түсіндіргеннен кейін оқушы тапсырманы орындайды, өз бетінше жұмыс істей алады. Яғни, оқушыға ақпаратты өздігінен қорытуға мүмкіндік беру арқылы оқушының қабылдау деңгейін де анықтауға болады.

Сабақта әр оқушыны қаншалықты нақты пікір, дәлел, мысал, қорытынды келтіргеніне қарай бағалаймын. Сыни талдай білу дағдыларының дамуы оқушыны жеке пікір айтуға, өз ойын қысылмай дәлелдеп, қорғап шығуға бейімдейді. Бұл тәсілді пайдалану кезінде мәтіндегі мәлімет оқушы миында жақсы сақталады. Себебі оқушы бар зейінін жұмсап, барлық ойын бір сөйлемге сыйғызуға тырысады. Белсенді ми қызметі іске қосылады.

Мәтінді зерттеу пәні ретінде қарастыруды қорытындылай келе, негізгі ережелерге тоқталу керек. Мәтін ұғымын зерттеушілер кең және тар мағынада анықтайды. Кең мағынада мәтін – ақпаратты берудің кез-келген түрі, тар мағынада – дыбыстық сөйлеуді жазбаша бекіту. Мәтіннің анықтамаларында оның адам әрекетіне қатыстылығы көрсетілген. Бірақ сонымен бірге мәтін туралы белгілі бір өмір сүру ережелеріне бағынатын тәуелсіз жүйе ретінде пікір бар. Тесттің сипаттамаларының ішінде зерттеушілерге коммуникативті фокус, ақпараттылық, толықтығы, буындылығы, тұтастығы, үйлесімділігі ерекшеленеді. Сипаттамалар мәтіннің ерекшеліктерін де, реципиенттің ерекшеліктерін де көрсетеді. Мәтіннің сипаттамаларын коммуникативті фокус, ақпараттылық сияқты мәтін зерттеушілері аз анықтайды. Мәтіннің өзінен қабылдау объектісі ретінде келетін сипаттамалар жақсы зерттелген: буындылық, толықтығы, тұтастығы, үйлесімділігі. Көптеген зерттеушілердің пікірінше, мәтінді қабылдау үшін мәтіннің формальды (сыртқы) және мазмұнды (ішкі) белгілері пайда болатын үйлесімділік пен тұтастық маңызды сипаттамалар болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Орфографиялық сөздік. Уәли Н., Күдерина К., Фазылжанова А., Исаева Ж., Әміржанова Н., Әмірбекова А. Алматы: Дәуір, 2013.
2. Қазақ тілі. Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық. Қосымова Г., Рахметова Р., Алматы: Атамұра, 2017.
3. Анализ художественного текста. Тюпа В.И. 3-издание. Москва: Академия, 2009.
4. Лекции на занятиях творческой лаборатории «Современные педагогические технологии». Ларина В.П., Ходырева Е.А., Окунев А.А. Киров: 1999 – 2002.
5. Игры – обучения, тренинг, досуг. Петрусинский В.В. Новая школа, 1994.
6. Halpern D. Enhancing Thinking Skills in the Science and Mathematics. Preface, 1992.
7. Халперн Д. Психология критического мышления. Санкт-Петербург, 2002.

УДК 616, 378, 378.016.3

ЖАСӨСПІМДЕРДІҢ ДЕНСАУЛЫҒЫНА ЭКОЛОГИЯНЫҢ ӘСЕРІ

Орынбасар Б.

*С. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медициналық университет
Алматы қ., Қазақстан*

Аңдатпа. Бұл мақалада бала денсаулығын сақтау мен нығайтуға әсер ететін негізгі факторлар толық қарастырылады. Денсаулық сақтау жүйесі мен бала денсаулығына арналған кешенді көзқарас бүгінгі таңда өте маңызды болып табылады. Адам денсаулығының негізі – дене және психикалық жағдайының дұрыс үйлесімі, бұл бала кезінде қалыптасады. Сондықтан, денсаулықты сақтау үшін медициналық бақылаудың, дұрыс тамақтанудың, физикалық

белсенділіктің, ұйқы режимінің, психикалық денсаулықтың, иммундық жүйенің қызметінің және гигиеналық дағдылардың қалыптасуының маңызы зор. Мақалада бала денсаулығына тікелей әсер ететін осы факторлардың әрқайсысы терең талданып, олардың бала ағзасының дамуы мен иммунитетінің қалыптасуына қалай ықпал ететіндігі көрсетіледі. Балалардың дұрыс тамақтануы мен денсаулығының негізі болып табылатын тамақтану рационы, оның құрамындағы пайдалы және зиянды заттардың әсері, сондай-ақ физикалық белсенділік, ойын және жаттығулар арқылы дененің жетілуі баяндалады. Сонымен қатар, ұйқының сапасы мен ұзақтығының бала денсаулығына әсері, психикалық денсаулықтың маңызы мен стресстен арылу жолдары да маңызды мәселелердің қатарында қарастырылады. Вакцинация мен иммундық жүйенің күшін арттырудың маңызы айтылады, бұл денсаулық сақтау жүйесінің ең тиімді және маңызды бөлімдерінің бірі болып табылады. Мақалада гигиеналық ережелер мен дағдылардың бала денсаулығына әсері, жеке және қоғамдық гигиена мәселелері де қарастырылады. Сонымен қатар, генетикалық өзгерістер мен жыныстық ерекшеліктердің бала ағзасындағы физиологиялық процестерге және олардың денсаулығына қалай әсер ететіні талданады.

Қазақстанда бала денсаулығын қорғау үшін қолданыстағы жүйені жақсарту, профилактикалық медицинаны жетілдіру және медициналық қызмет көрсету сапасын арттыру мәселелері көтерілді. Мақалада балаларға медициналық көмек көрсету, денсаулық сақтау саласында мемлекет пен жеке сектордың ынтымақтастығы, сондай-ақ, бала денсаулығын қорғауға бағытталған шараларды қаржыландыру мен басқаруды жетілдіру қажеттілігі талқыланады. Орталық Азия мен халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, бала денсаулығын қорғауда қол жеткізілген жетістіктер мен Қазақстанның осы бағытта алға жылжуы үшін нақты қадамдар ұсынылады. Бұл мақала балалардың денсаулығын қорғау мен нығайту үшін қоғамның, мемлекет пен денсаулық сақтау жүйесінің бірлескен жұмысын күшейту қажеттілігін көрсетеді. Сонымен қатар, әлемдік тәжірибеге негізделген бала денсаулығын сақтауға бағытталған стратегиялар мен тұжырымдамалар ұсынылады.

Кілт сөздер: медициналық бақылау, дұрыс тамақтану, физикалық белсенділік, ұйқы режимі, психикалық денсаулық, иммундық жүйе, гигиена ережелері, вакцина, генетикалық өзгерістер, жыныстық ерекшеліктер.

Abstract. This article explores the key factors affecting child health and the essential role of a comprehensive approach to health preservation. The foundation of health is a proper balance between physical and mental well-being, which is established in childhood. Therefore, medical monitoring, proper nutrition, physical activity, sleep patterns, mental health, immune system function, and the development of hygiene practices are all critical for maintaining health. The article analyzes these factors in detail and discusses how each one contributes to the development of a child's body and immune system. The nutritional basis for child health is emphasized, with a focus on the balance of beneficial and harmful substances in the diet, while physical activity, play, and exercise are highlighted as necessary for physical development. The impact of sleep quality and duration, as well as mental health and stress management, are also examined. The importance of vaccination and enhancing the immune system is discussed as one of the most effective and essential aspects of health care. Hygiene practices and their impact on child health, as well as issues surrounding individual and public hygiene, are considered in depth. Additionally, the role of genetic changes and sexual characteristics in physiological processes and their influence on child health are analyzed.

The article also addresses the improvement of child health protection systems in Kazakhstan, the development of preventive medicine, and the enhancement of medical service quality. It examines the cooperation between the state and private sectors, as well as the need for better funding and management of health care measures. Drawing on international and Central Asian experiences, it presents achievements in child health protection and suggests steps for Kazakhstan's further advancement in this area. The article highlights the need for stronger collaboration between society, the state, and the healthcare system in safeguarding and enhancing child health. Moreover, strategies and concepts based on global practices are proposed for the protection and promotion of child health.


Keywords: medical monitoring, proper nutrition, physical activity, sleep patterns, mental health,

immune system, hygiene rules, vaccination, genetic changes, sexual characteristics.

Кіріспе

Экологияның адамның денсаулығына ықпалы қазіргі таңда ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Әсіресе, жасөспірімдер ағзасы қоршаған орта факторларына өте сезімтал, өйткені бұл кезеңде олардың дене мүшелері мен жүйелері қарқынды түрде дамиды. Қоршаған ортаның ластануы, климаттық өзгерістер, ауаның, судың, және топырақтың сапасының төмендеуі жасөспірімдердің физикалық және психикалық денсаулығына теріс әсерін тигізуі мүмкін.

Зиянды экологиялық факторлар, мысалы, ауыр металдар, ластағыш заттар, радиация немесе жасөспірімдер арасында тыныс алу жолдарының аурулары, аллергиялық реакциялар, эндокриндік жүйе бұзылыстары сияқты денсаулық мәселелерін тудыруы мүмкін. Сонымен қатар, қолайсыз экологиялық жағдайлар олардың оқу үлгерімі мен психоэмоционалдық жағдайына да кері әсер етеді.




Бала дамуындағы үш негізгі кезең тізбегі

йінгі

Негізгі бөлім

Балалар үшін медициналық бақылау олардың денсаулығын жүйелі түрде қадағалап, физиологиялық және психикалық дамуының қалыпты түрде жүріп жатқанын анықтауға көмектеседі. Бұл бақылау құрсақшілік кезеңнен басталып, баланың өсуі мен дамуы кезеңінде үздіксіз жүргізілуі қажет.

Балалар денсаулығын қорғау және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДСҰ) және ұлттық денсаулық сақтау органдары бірқатар ережелер мен ұсынымдарды бекітеді. Бұл ережелер медициналық бақылаудың негізгі аспектілері арқылы жүзеге асырылады.



Вакцинация – аурумен күресте басты қорғаныс. Ата аналар көп жағдайда бала денсаулығы үшін қисынсыз стандарт ойлар тауып алып, қателіктер жібереді. Ол қателіктердің көпшілігін өз қолдарымен жасағанын білмейтін жағдайлар жиі орын алады. Ең өзекті түр ол вакцинаға деген қорқыныш. Вакцинациядан бас тартып, дамушы ағзаны жұқпалы аурулар ортасына айналдырады. Балалар арасында аурудың таралу жылдамдығы

жоғары. Вирустық жұқпалардың көпшілігі дерлік балалар арасында жиі тарайды. Мысалы: тұмау, ЖРВИ сияқты. Вирустар мен бактериялар тығыз байланыста тез беріледі. Балабақшалар мен мектептер инфекция көзіне өте қолайлы орта. Денсаулық сақтау басқармасы бекіткен бұйрық бойынша екпе күнтізбесіне сәйкес екпе алу және алдын ала таныс жұмыстарын жүргізу. ҚР тұрғындарына екпе салу ісі "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау

жүйесі туралы" кодекстің 156-бабына сәйкес жүргізіледі. Бұл бап ел азаматтары тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде жұқпалы, паразиттік ауруларға қарсы екпелерді алуға құқылы екенін көрсетеді. Тәртіп сай барлығына бірдей уақытта және денсаулық көрсеткіштеріне қарап, жанама әсерлер бағаланып, екпе салынады. ДДСҰ барлық балаларға полиомиелит, туберкулез, қызылша, қызамық, көкжөтел, гепатит, және басқа да жұқпалы ауруларға қарсы екпелерді уақытында алуды ұсынады. Перзентханада дүниеге жаңа келген дені сау бала В вирусты гепатитіне және туберкулезге қарсы екпені (БЦЖ) алуы тиіс болса, 1 жасқа дейін полиомиелит, туберкулез, қызылша, күл, сіреспе, көкжөтел, В вирусты гепатит, А вирусты гепатит, гемофильді инфекция, пневмококкқа қарсы екпені алуы керек. Ал 6 жаста бала туберкулез (БЦЖ), көкжөтел, сіреспе, дифтерия, қызамыққа, қызылшаға қарсы, эпидемиялық паротит, пневмококкқа қарсы екпеге дағдыланады. 16 жаста дифтерия, сіреспеге қарсы екпелер егіледі және әрі қарай әр 10 жыл сайын жүргізіледі. Вакцинацияның арқасында бүгінде А, В вирусты гепатиті, қызамық, қызылша, эпидемиялық паротит аурулары азайды, ал дифтерия соңғы 5 жылда мүлде тіркелмеген.

Балалардың жас айырмашылықтарына сай екпе алу жолы

Қарсы профилактикалық егу жүргізілетін аурулар	Жеке тұлға тобы және профилактикалық екпелерді өткізу мерзімі
Тұмау	6 айлық балалар
В вирусты гепатиті	Жаңа туылған сәбилер бастапқы 12 сағатта, 1 және 4 айлық жастағы балалар
Туберкулез	Жаңа туылған сәбилер 3-5-і күні, туберкулез ауруына қауіпті тобындағы 6 жастағы балалар
Дифтерия, сіреспе, көкжөтел	2, 3, 4, 18 айлық балалар, 6 жас
Қызамық, эпидемиялық паротит, қызылша	12-15 айлық және 6 жастағы балалар
Полиомиелит	2, 3, 4, 12-15, 18 айлық балалар

Егу паспорты (егу картасы), амбулаториялық карта, вакциналарды есепке алу – медициналық маңызды құжат. Әрбір білім беру мекемесі егу паспортын, егу картасын немесе амбулаториялық картаны талап етуге немесе талап етпеуге құқылы. Алайда, ҚР тұрғындары үшін балаларға арналған білім беру мекемелерінде егулерді алу туралы осы құжаттарды ұсыну міндетті болып табылады. Барлық жүргізілген профилактикалық екпелерді медицина қызметкері есепке алуға тиіс және онда мынадай мәліметтер болуға тиіс:

- препаратты енгізу күні,
- препараттың атауы,
- серия нөмірі,
- доза, заттық мөлшері,
- бақылау нөмірі,
- жарамдылық мерзімі,
- препаратты енгізуге реакция сипаты,
- Өндіруші ел.

Амбулаториялық карталардан немесе егу паспортынан (егу картасынан) басқа, егу туралы деректер мынадай құжаттарда болуы мүмкін:

- Балаларда - ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ЕКПЕЛЕРДІҢ картасы (063/е нысаны),
 - баланың даму тарихы (112/е нысаны),
 - баланың медициналық картасы (026/у нысаны),
 - жасөспірімге амбулаторлық науқастың медициналық картасына қосымша парақ (025-1/у нысаны),
 - жаңа туған нәрестелерге профилактикалық егулерді есепке алу журналы (перзентхана) - 064-1/у нысаны,
 - вакциналар қозғалысының журналы-064-2/у нысаны,
 - нәрестенің даму тарихы (097/у нысаны).

Егу картасының бланкісін бала тіркелген емханадағы Отбасылық дәрігер толтырады.

Ас – адамның арқауы. Тамақтану бүкіл тіршілік иелеріне тән, жалпыға сай қажеттілік. Салауатты өмір салтының 70% дұрыс тамақтануға байланысты. Жұқпалы және созылмалы ауруларға қолайлы орта стандартқа сай емес тамақтану үлгісі. Семіздік, майлы тағамдарды жиі тұтыну, кариес, екінші типті қант диабеті және май алмасудың бұзылыстары – ХХІ ғасырдың хит тізбегі. Ата ана бала үшін дұрыс тамақтануды қалыптастыру арқылы қалыпты өсу мен дамудың, денсаулықты сақтау мен нығайтудың, жоғары өнімділікті қамтамасыз етудің, орташа өмір сүру ұзақтығын арттырудың негізіне айналады.

Дұрыс тамақтанудың бес негізгі алтын қағидасы:

- 1) Тамақ құрамында негізгі қоректік заттардың болуы (нәруыз, май, көмірсу);
- 2) Тамақ рационында қосымша заттардың болуы (витаминдер, макроэлемент, микроэлемент)
- 3) Тамақ нәрлігі адам жасына, денсаулық күйіне, табиғат климатына байланысты;
- 4) Тәулік бойынша тамақтану тәртібінің мөлшерін сақтау;
- 5) Тамақтанудың санитарлық – гигиеналық нормаға сай болуы.

Тамақтану режимі және құрамы проценттік қатынас негізінде жүруі қажет:

- Таңертеңгілік ас 7.30 – 8.00 25%
- Таңертеңгілік ас 11.00 – 11.30 10%
- Түскі ас 14.00 – 14.30 35%

- Түстен кейінгі ас 16.30 – 17.00 10%
- Кешкі ас 19.00 – 20.00 - 15%

Қарап отырсақ, таматанудың тәуліктік мөлшерінің 70% мектепте жүргенде, сабақ уақытына сәйкес келеді екен, сондықтан мектеп асханасынан таматану ережелері мен гигиенасын бақылау және тексеру маңызды болып табылады.

Мектеп ыстық тамақтың міндетті түрде берілуі қажеттілігін атап өткен жөн. Жоғары сынып оқушылары мектепте 5-6 сағаттан, егер үйірме, секцияларға және т.б. қатысуға қалатын болса, кейде одан да көп уақыт болады. Сөйтіп, ертеңгілік тамақ пен түскі астың арасындағы үзіліс 7 сағатқа, тіпті одан да көпке созылып кетуі мүмкін. Бургерброд, бәліш, тәтті тағамдар ыстық асқа деген ағзаның қажеттілігін өтей алмайды, құрғақтай тамақ жеу де зиянды. Мектептегі дұрыс ұйымдастырылған тамақтану оқушының үлгерімі мен жұмыс қабілеттілігінің артуына жәрдемдеседі. Мектептегі тамақтың сауықтыру әсері тәрбиелеуге мәнмен үйлестіріледі – болашақ өмірде режим сақтау әдетін баянды етеді. Балаларға дұрыс тамақтану дағдыларын үйреткен маңызды, өйткені адамның балалық шағында қалыптасқан тамақтану дағдылары қартайған кезге дейін сақталады.

Жасөспірімдердің тамақ нәрлігі мен құрамы нормаға сай болуы керек. Бала немесе жасөспірім тәулігіне 80 – 100 гр нәруыз, 100 гр май, 380 гр көмірсу қорек ету керек. Нәруызды сүттен, дәнді – дақылдардан, еттен, көмірсуды нан, салат, картофельден, майлы заттарды май, жұмыртқа, сүттен, витаминдерді өсімдік және жануар майынан, минералды тұздар мен микроэлементтерді шай, шырын, компот және жеміс – жидек сияты заттардан алады. Осыған байланысты асхананың тамақтану тізімінде 2 – 6 жастағы балалардың тамақ құрамы 1 кг салмағына шаққанда 70 – 75 ккал, 11 – 15 жастағылардың ккал – сы 44 – 55, ал ересек балалардың тамақ

құрамы 35 – 40 ккал болуы қажет. Біздің асханамыздағы апталық тама тізімін қарағанда, таңертеңгілік ас 507 ккал, түскі ас 794 ккал, түстен кейінгі ас 545 ккал болады, яғни нормаға сай келеді деп есептеледі..



Дұрыс ұйқы – дененің тынығуы, жанның тыныштығы. Гормондық тепе-теңдіктің сақталуына, эмоционалды күйдің тұрақтылығына сонымен бірге салауатты өмір салтының тірегі - ұйқы. Бала дамушы ағза болғандықтан тәуліктік ұйқының маңызы зор.

Балалардың жас айырмашылықтарына сай ұйқы тәртібі. ДДСҰ мен Америкалық Ұйқы Академиясы бекіткен ереже.

Баланың жас мөлшері	Ұйқы уақыты	Ұйқы тәртібі
Жаңа туған сәби (0–3)	14–17 сағат	Жаңа туған сәбилер күн мен түнді ажырата алмайды,

ай)		сондықтан олар қысқа аралықтармен жиі ұйықтайды. Күні бойы әр 2-3 сағат сайын оянып, тамақтануға, жөргегін ауыстыруға мұқтаж болады.
Нәресте (4–11 ай)	12–16 сағат	Бұл кезеңде нәрестелер түнде ұзақұйықтай бастайды және күні бойыекі-үш рет қысқа ұйықтап алады. Ұйқы режимін қалыптастыру үшінәрдайым бір уақытта жатқызу, тыныш, жайлы орта құру пайдалы.
Емізулі бала(1–2 жас)	11–14 сағат	Бұл жастағы балалар күніне бір-екі рет, әдетте түскі уақытта ұйықтайды. Түнгі ұйқы әдетте 10-12сағатқа созылады. Күнделікті бір уақытта ұйықтатып, ұйқыға дайындау, мысалы, кітап оқу немесетыныш ойындар ойнау ұйқы сапасын жақсартады.
Мектепке дейінгі жастағы балалар (3–5 жас)	10–13 сағат	Бұл кезеңде түстен кейінгі бір реткіұйқы әдетке айналады. Балаға ұйықтар алдында тыныш, электрондық құрылғыларсыз орта жасау, экран уақытының аз болуы, әрдайым бір уақытта ұйықтау күн тәртібін қалыптастыруға көмектеседі.
Бастауыш мектеп жастағы балалар (6–12 жас)	9–12 сағат	Мектептегі сабақтар мен басқа да күнделікті іс-шаралардан кейін балаларға демалуға және қалыпты режимді сақтау маңызды. Балаға кешке ұйқыға дайындық жасап,экран уақытын шектеу керек.
Жасөспірімдер (13–18 жас)	8–10 сағат	Жасөспірімдерге гормоналды өзгерістер және оқу жүктемесіне байланысты көбірек ұйқы қажет болуы мүмкін. Ұйқыны дұрыс жолғақою үшін түнде телефон мен компьютерді ерте сөндіріп, күнтәртібін қадағалаған жөн.

Балалар мен бірге үлкендер үшінде ұйқы көптеген қызметтерді жүзеге асырады. Ми қызметінің жақсаруы арқылы қартаюдың алдын аламыз. Сергексезініп, денсаулықты нығайту – дұрыс ұйқы тәртібімен қалыптасады.

Ұйқысыздық соңы семіздікке,мазасыздыққа және зейіннің төмендеуіне алыпкеледі.



Күнделікті белсенділік: Балаларда өмір бойы сақталынатын әдетін дамыту үшін,

белсенді және салауатты өмір салты кішкентай кезден басталған дұрыс.

Дене белсенділігі кез келген жаста пайдалы, әсіресе балаларға: олардың жүрегі мен өкпесін сау және мықты қылады, сүйектерінің мықты болып дамуына көмектеседі, бірқатар ауру қауіпін төмендетеді және көңіл-күй жақсартады және өзіне деген сенімділік артады.

Физикалық белсенділіктің түрлері:

1. Аэробты жаттығулар: Жүрек-қан тамырлары жүйесін дамыту үшін, мысалы, жүгіру, велосипед тебу, жүзу.

2. Күш жаттығулары: Бұлшықет массасын нығайту үшін, мысалы, түрлі дене жаттығулары, гимнастика.

3. Икемділік жаттығулары: Бұлшықеттердің икемділігін жақсарту үшін, мысалы, йога, стрейчинг.

Қозғалыс жиілігіне байланысты түрлері:

1. **Жоғары қарқынды** дене белсенділігі кезінде балалар терлейді, енгізіп қалып тіпті эзер сөйлеуі мүмкін. Ол жылдам жүгіру, жүзу және басқа да белсенділік кезінде болуы мүмкін.

2. **Орташа қарқынды** дене белсенділігі кезінде балалар терлейді және тыныс алуы ауырлау болады, бірақ ендікпей сөйлейді. Ол жылдам жүрумен велосипед тепкен кезде болады.

Балалардың жас айырмашылықтарына сай дене тәртібі.

ДДСҰ бекіткен.

Баланың жас мөлшері	Уақыт	Әрекет
Сәбилер(0-12 ай)	Күніне бірнеше рет белсенді болу. Соның ішінде 30 минут іште жатқан кезде.	Белсенді ойындар туғаннан басталады, созу, итермелеу және еңбектеу. Бұның бәрін еденге төсеніш салып соның үстінде жасаған дұрыс.
Балалар (1-2 жас)	Күніне 180 минут дене белсенділігі (жоспарланған, ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған дене белсенділігі немесе еркін ойындар).	Мұндай сабақтар қызықты өтуі керек, сіздің балаңызды дене белсенділігінің жаңа түрлерін көріп танып білуге итермелеуі қажет.
Мектеп жасына дейінгі балалар (3-5 жас)	5 жасқа қарай олар ақырындап кем дегенде 60 минуттық шапшаң ойындарға ауысулары керек (орташа немесе жоғары қарқынды).	Бұл жаста балалар ережені түсінбейді, қимылдары үйлесімсіз, ұйымдастырылған спорт түрлерімен айналысу әлі ертерек. Сондықтан оларды: жүру немесе жүгіру, жүзу (4 жастан бастап), акробатика, би, лақтыру және ұстау сияқты спорт түрлеріне баулыған абзал. Осу деңгейіне қарай секіру және велосипед тебуді үйренеді.
Балалар (6-9 жас)	Күніне 60 минуттық орташа және жоғары қарқынды дене белсенділігі, оған қоса: Жоғары қарқынды	Машықтану уақыты қысқа, ережелері ыңғайлы, бос уақыт беру және қызықты болуы қажет. Басқа да идеялар: ойындар, мектепке жаяу бару, футбол, гимнастика, коньки, шаңғы тебу.

	белсенді жаттығулар аптасына кем дегенде 3 рет, бұлшықеттер мен сүйектерді қатайтатын жаттығулар аптасына кем дегенде 3 рет.	
Балалар (10-12 жас)	Күніне 60 минуттық орташа және жоғары қарқынды дене белсенділігі, оған қоса: Жоғары қарқынды белсенді жаттығулар аптасына кем дегенде 3 рет, бұлшықеттер мен сүйектерді қатайтатын жаттығулар аптасына кем дегенде 3 рет.	Балалардың жыныстық толысуы әр уақытта. Сол сияқты олардың дене бітімі, салмағы, күші және ер жетуі әр түрлі уақытта дамиды. Әдетте, дағдыларын дамытатын, қызықты командалық спорт түрлеріне қатысуға дайын. Күштік машықтануды үлкендердің бақылауымен жеңіл салмақтардан бастаған дұрыс. Басқа идеялар: жекпе-жек спорт түрлері, жорықтар, кеудені жерден көтеру (тізені жерге қойып), отырып тұру.
Жасөспірім (13-17 жас)	Күн сайын 60 минуттық орташа және жоғары қарқынды дене белсенділігі, оған қоса: Жоғары қарқынды белсенді жаттығулар аптасына кем дегенде 3 рет, бұлшықеттер мен сүйектерді қатайтатын жаттығулар аптасына кем дегенде 3 рет.	Іс-шаралар қызықты және достар арасында өту керек. Жасөспірімдер көбінесе жеке фитнес (мектептен кейін фитнес қатысу), жүру, велосипед тебу, үй шаруасы, спорттың жарыстық және жарыстық емес түрлерімен (баскетбол, волейбол және т.б. ойындар) айналысуға бағытталған. Басқа идеялар: байдаркада Басқа идеялар: байдаркада немесе каноэда есу, жорықтар, шығыршықты коньки тебу, бақшада жұмыс істеу, лақтыру және ұстауды талап ететін ойындар.

Тұрақты дене белсенділігі барлық балалар мен жасөспірімдер үшін маңызды. Өкінішке орай, кейде созылмалы аурулары бар балаларда денебелсенділігі жеткіліксіз болып жатады. Созылмалы ауруы бар балаларға орташа қарқынды, терлететін және тыныс алуды кішкене қиындататын, төмен дене жүктемелерінен бастауға болады. Алайда, бала қандайда бір дене белсенділігімен айналыспас бұрын, дәрігермен кеңесіп рұқсатын алған жөн. Қажет болған жағдайда дәрігер баланың жүрек-қан тамырлары мен тыныс алу жүйелерінің жарамдылығын анықтау үшін физиотерапевтке жіберуі ықтимал.

Гигиена ережелерін сақтау

Жеке гигиена – бұл адамның денсаулығын сақтау және күту үшін күнделікті қолданатын тазалық ережелері мен әдеттер жиынтығы. Біздің елімізде жастардың денсаулығына, тәрбиесіне, білім алуына мемлекет тарапынан көп көңіл бөлінген. Қазақстан Республикасында балалардың денсаулығын қорғау және гигиеналық жағдайларын қамтамасыз етуге арналған бірқатар заңдар бар. Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау – ҚР-ның денсаулық сақтау саласындағы санитарлық қызметтері мектепке дейінгі, мектеп жасындағы балалардың гигиенасын сақтау бойынша үнемі бақылау жүргізеді. Жүргізетін жағдайлар: оқу жылының басында,

жоспарлы түрде, маусымдық тексерістер атап айтқанда күз және қыс айларында, шағымдарға байланысты.

1. “Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы” ҚР Кодексі (2019 жылы қабылданған) – бұл заң денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты реттейді. Кодексте балалардың денсаулығын сақтау шаралары, санитариялық-эпидемиологиялық

талаптар және мектептер мен балабақшаларда санитарлық-гигиеналық жағдайды қамтамасыз ету міндеттері көрсетілген. Балаларға қолайлы санитариялық жағдай жасау – осы кодекстің маңызды талаптарының бірі.

2. “Білім туралы” ҚР Заңы – мектептер мен балабақшаларда

балалардың денсаулығы мен қауіпсіздігі үшін жағдай жасау қажеттілігі көрсетілген. Заң бойынша, білім беру ұйымдары оқушылар үшін санитарлық-гигиеналық талаптарға сай келетін жағдайлар жасауы тиіс.

3. “Еңбек Кодексі” – жұмыс берушілерге балалар мен жасөспірімдер жұмыс істейтін орындарда санитарлық және гигиеналық талаптарды сақтау міндетін қояды.

Балалардағы гигиенаның негізгі ережелері! ДДСҰ бекіткен.

Гигиена ережесі	ДДСҰ зерттеуі бойынша	Әрекет
Қолды сабынмен жуу	Ішек инфекцияларын 30%-ға, тыныс алу инфекцияларын 20%-ға дейін азайтады.	Тамақтанудан алдында және кейін; дәретханадан соң міндетті түрде.
Ауыз қуысы гигиенасы	Тісті таза ұстау ауыздағы бактериялардың санын азайтады, бұл АІЖ жұқпалы ауруларын алдын алуға көмектеседі.	Тісті күніне 2 рет тазалау ұсынылады.
Шаш және тырнақ күтімі	Candida тұқымдастары тудыратын зенді жұқпалы ауруларын алдын алуға көмектеседі.	Аптасына 1-2 рет жуу және тырнақты уақытылы қию.
Жеке гигиенаны сақтау	Терінің саулығын сақтап, бактериялар мен вирустардан қорғайды.	Уақытында таза сумен.
Киімді таза ұстау	Тері инфекциялары, Баспа, Қышыма жұқпалы ауруларын алдын алуға көмектеседі.	Киім тазалығын сақтау.



Психологиялық денсаулық

Психикалық денсаулық (рух немесе жан саулығы, кейде менталдық саулық деп атады)

— бұл адам өз әлеуетін іске асыра алатын, күнделікті өмірлік стресстерді еңсере алатын, жемісті және өнімді жұмыс жасай алатын, әрі қоғамға өз үлесін қоса алатын аман-саулық күйі.

Психикалық денсаулық дәл физикалық денсаулық сияқты маңызды!

Психикалық денсаулықсыз физикалық денсаулық жоқ.

Әлем бойынша әрбір бесінші бала психикалық денсаулық мәселелеріне тапболады. 5-15 жас аралығындағы балалардың шамамен 20%-ы қандай да бір психикалық немесе мінез-құлық бұзылыстарынан зардап шегеді. Мұндай бұзылыстарға депрессия, мазасыздық, мінез-құлық бұзылыстары кіреді. ДДСҰ деректеріне сәйкес, суицид 15-19 жас аралығындағы жасөспірімдер өлімінің басты себептерінің бірі болып табылады. Балалардың психикалық денсаулығын қолдау және эмоционалды қиындықтарын анықтау — суицидтің алдын алуда маңызды қадам. Балалардың психикалық денсаулығыата-аналардың және әлеуметтік ортаның қолдауына тікелей байланысты.

Қолдаушы орта баланың психологиялық тұрғыда мықты болып өсуіне ықпалетеді. Балалық шақтағы дұрыс күтім мен психологиялық қолдау стресске төзімділікті арттырып, ересек шақтағы психикалық денсаулықты нығайтады.

Елімізде балаларға психикалық көмек көрсету мақсатында аудандық деңгейдегі 203 психикалық денсаулық кабинеті, қалалық емханалар

жанындағы 82 бастапқы психикалық денсаулық орталықтары, 20 психикалық денсаулық орталығы, 1 республикалық психикалық денсаулық ғылыми- практикалық орталығы жұмыс істейді.



Балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын зерттеу жұмыстары

Балалар мен жасөспірімдердің денсаулығы мен физикалық жетілуін қадағалау үшін оларға жылда медициналық тексеру жүргізіледі. Тексеру кезінде денсаулық жағдайына баға беру үшін қарапайым клиникалық әдістер; антропометриялық және физиометриялық қолданылады.

Антропометриялық әдіс кезінде баланың денесінің параметрлерін өлшейді; бойын салмағын, дене қуысының шеңберін, өкпенің өмірлік сыйымдылығын, арқаның және қолдың бұлшық еттерінің күшін, жетілу


сатысы мен әр түрлі аномалияларды, мысалы, омыртқаның қисаюы және түйетабандылықтың ерте белгілерін анықтайды.

Физиометриялық әдіс кезінде кейбір функционалды пробалар жасап, жүрек-қан тамыр жүйесіне және басқа да жүйелердің жұмысына баға береді.

Соңғы жүз жылдықта балалардың өсу және даму процесі жылдамырақ жүре бастады. Мұны акселерация деп атайды. Ол бір жағынан жақсы болса, балалардың жасына байланысты қимылдау мүмкіншілігі артады, екінші жағынан олардың арасында көру қабілетінің

нашарлауы (миопия), жасөспірімдер гипертензиясы ауруы көбейіп отырғандығын көрсетеді.

Әр баланы медициналық тексеруден кейін төменгі топтардың біреуіне жатқызады;



Қорытынды:

Балалар денсаулығы – тек медициналық емес, әлеуметтік маңызға ие құндылық, өйткені салауатты ұрпақ – қоғамның болашақ дамуының кепілі. Әрбір кезеңде балалар денсаулығына тиісті деңгейде көңіл бөлу олардың толыққанды өмір сүруіне мүмкіндік беріп қана қоймай, болашақта еңбекке қабілетті, мықты, және әлеуметтік тұрғыдан белсенді азаматтарды қалыптастырады. Әр отбасының, денсаулық сақтау жүйесінің және жалпы қоғамның бірлесе атсалысуы ғана салауатты ұрпақ тәрбиелеуге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Сондықтан әрбір балаға дені сау, қауіпсіз, және қолдауға толы орта құру – барлығымыз үшін маңызды міндет. Денсаулық - адамның психологиялық және физикалық жағдайының теңдігі болып табылады. Келешек ұрпақ саулығы - айқын болашақ бөлігі.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Түсіпқалиев Б. Балалар аурулары. Оқулық. Ақтөбе 2011ж 927 бет.
2. Аскамбай К. Балалар ауруларының пропедевтикасы және балалар ауруларының күтімі : оқулы.- Алматы: "ЭВЕРО баспасы", 2016.- 364 б.
3. <https://egov.kz/cms/ru>
4. Мустафина К.А., Маймаков Т.А., Кемельбеков К.С., Карсыбаева К.Р., Жумабеков Ж.К. Б22 Бала ауруларының пропедевтикасы. Оқулық. Толықтырылып, өңделген 2-ші басылым. - Шымкент, Әлем баспаханасы, 2019 - 460 б.

5. Қазақстан Республикасында денсаулық сақтау реформалаудағы және дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
6. Клиникалық хаттамалар (протоколы): <https://diseases.medelement.com>
7. Сәбиді бірігіп әлпештеп өсірейік. Забота о развитии вашего малыша: альбом. - Астана: БҰҰ Балалар қоры ЮНИСЕФ, 2015. - 10 с.
8. Бала құқығын қорғау Конвенциясы - 1989 жылы 20 қараша, <https://www.unicef.org/kazakhstan/sites/unicef.org.kazakhstan/files/2019-12/%D0%9A%D0%BE%D0%BD%D0%B2%D0%B5%D0%BD%D1%86%D0%B8%D1%8F%20%D0%9A%D0%90%D0%97.pdf>
9. https://t.me/dr_nazarkulov/876

УДК 37.016

СТУДЕНТТЕРДІҢ КӘСІБИ ДАЙЫНДЫҒЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Вероцкая Г.Е.,

магистр, оқытушы

Академик Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті

Шымкент қ., Қазақстан

Резюме. Педагогические аспекты профессиональной подготовки студентов

Summary. Pedagogical aspects of student training

Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесі саясатының басты мақсаттарының бірі – жан-жақты, жоғары білімді, кәсіби қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру.

«Білім туралы» Заңда (8-бап) білім беру жүйесінің басты міндеті «ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен тәжірибе жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау» делінген. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында оқу бітіруші түлектердің біліміне қойылатын талаптар төмендегідей:

- әлеуметтік-гуманитарлық ғылым саласында негізгі оқу мазмұнын білу, әлеуметтік жағынан қажетті ділгірліктер мен үрдістерді ғылыми тұрғыдан талдай білу, ғылыми әдістерді кәсіптік және әлеуметтік қызметтің әр алуан саласында қолдана білу;

- адамның адамға, қоршаған ортаға қарым-қатынасын реттейтін этикалық және құқықтық нормаларды білу, оларды экологиялық және әлеуметтік іс жобаларын әзірлеуде ескере білу;

- өзінің алдына кәсіптік міндеттерін жүзеге асыруға байланысты мақсат қойып, оларды шешу үшін өзі оқып-үйренген ғылымның әдіс-тәсілдерін пайдалана білу;

- өз еңбегін ғылыми негізде ұйымдастыра білу, кәсіптік қызметі саласында қажет ақпаратты жинау, сақтау мен сұрыптаудың компьютерлік әдістерін меңгеру;

- өзінің кәсіптік қызметінің түрі мен сипатының өзгеруіне пәнаралық жобалармен жұмыс істеуге әдістік және психологиялық жағынан дайын болу.

Бұл талаптар – маман даярлығына қойылатын жалпы талаптар. Педагогикалық қызмет – қоғамдық құбылыс. Қоғамдық қарым-қатынастарының өзгеруі, жаңа білімнің жинақталуы, өндірістің жетілдірілуі, әлеуметтік прогресс педагог қызметінің мазмұндық сипатын өзгертуді талап етеді, себебі ол қоғамның әлеуметтік сұранысын қанағаттандыруы тиіс. Қазіргі кезеңде мектептегі жас ұрпақ тәрбиесі, оның жеке тұлғасының жаңаша қалыптасуы, әлеуметтік дүниеге көзқарасы, жалпы болмысы, ең алдымен, мұғалімге байланысты.

Мұғалімнің негізгі әлеуметтік қызметі- жас ұрпаққа қоғам міндеттеп отырған

талаптарға жауап беретіндей тәрбие, білім беру. Осы талаптарға сәйкес орта білім беретін мектептер мен жаңа типті мектептердің (лицей, гимназия, колледж, атаулы, арнайы мамандандырылған мектептер) саны да көбейе түсуде.

Қазіргі нарықтық экономика жағдайында тәрбие процесінің тиімділігін одан әрі жетілдіру ерекше маңызға ие болып отыр. Бұл, әсіресе бүгінгі ғылыми-техникалық өрлеу кезеңінде айқын басымдылыққа ие. Осы бағытта педагогика ғылымы тұлғаның барлық жағынан жарасымды болып дамуын қамтамасыз етуді өзінің басты мәселесі деп қарастырады. Ол халыққа білім беру мен кәсіптік даярлық жүйесін үздіксіз жетілдіруді, теориялық білімді өнімді еңбекпен, қоғамдық өмірмен үнемі байланыстырып отыруды міндеттейді. Мұндағы мақсат- өскелең жас ұрпақты қоғам жұмысына белсене қатысуға әзірлеу. Ендеше тұлғаның адами қасиеттерін барлық жағына дамыту, оның тек жеке басының қажеттілігін ғана қамтамасыз етуді көздемейді, соны мен бірге өзі өмір сүріп отырған қоғамның мүддесін де қорғайды. Жеке тұлғаның жан-жақты дамуына қалыптастыру:

- отанына берілгендікті, оның бостандығы мен тәуелсіздігін қорғауға дайындаған, бейбітшілік үшін, халықтардың достығы мен ынтымағы үшін, еңбекшілердің бақыты үшін арнаулы даярлықта тәрбиелеу;

- ғылым, мәдениет, техника саласындағы білімдер жүйесін және өндірісті ұйымдастырудың даму жағдайларын игере білуін тәрбиелеу;

- адамгершілік қасиеттерді барынша құрметтеушілік, адамдарға деген қамқорлық жасау және оларға ілтипатпен қараушылық, жолдастық пен адалдық, шыншылдық, жауапкершілік сезімдерге тәрбиелеу;

- еңбекте адал қарым-қатынасын, қоғам игілігі үшін материалдық өндіріс саласында еңбек етуге даяр болуы, еңбек ету қажеттілігін түсінуге, еңбек адамын құрмет етуге тәрбиелеу;

- әсемдікті барынша сезіне білуді, шын көріктілікті жасандылықтан ажырата білуді, музыкаға, өнерге, әдебиетке ынтыласын үнемі жетілдіруге талпынысын, құштарлығын, табиғатты сүйуге тәрбиешілерді тәрбиелеу;

- денсаулығы мықты және дене құрылысы жақсы дамыған, дене шынықтырумен (спортпен) үнемі шұғылданатын адамды тәрбиелеу;

- табиғатты қорғау, оның байлығын көздің қарашығындай сақтау, адам өмірінің бастауы – жер, су, ауа, аң, өсімдіктерді бағалау, қастерлеу, сақтау рухында тәрбиелеу, т.с.с.

Әрбір мұғалімнің алдында, міне осындай оқушы тұлғасын тәрбиелеп шығару міндеті тұр. Бұл міндеттерді шешу әсіресе тұлғаның балалық, жастық және жасөспірім шақтарында жүзеге асырудың маңызы ерекше.

Тұлғаны барлық жағынан дамытып тәрбиелеу, жас ұрпақты қоғам құрылысына белсене қатысуға әзірлеу міндеттері мектеп арқылы жүзеге асырылады. Мектепте білім және тәрбие алу барысында жас түлектердің ақыл-ойы дамиды, адамгершілік қасиеттері қалыптасады, ой еңбегіне төселеді, рухани өмір байлығын меңгереді, эстетикалық сезім, талғамы артады... Соған сәкес мектеп тәрбие беру ісін бірыңғай мақсатты., жүйелі түрде ұйымдастырылуын қамтамасыз етеді □ керек [32,25б.].

Мұғалім еңбегі басқа қызметтермен салыстырғанда, өзіндік ерекшелігі мол шығармашылықты сүйеді. Өйткені жеткіншек ұрпақты өмірге, еңбек пен әлеуметтік іс-әрекетіне дайындау мұғалімдерді көп іздендіріп, ойландыратын жұмыстың ең басты түрі. Олай болса, әрбір мұғалім орта немесе жоғарғы дәрежелі педагогтық білім алумен қанағаттанып қоймай, ол тәрбие мен оқытудың тиімді жолдарын үнемі іздестіріп, өз жұмысында пайдаланып отыруы тиіс. Сонда ғана мұғалім жанашыл, оқушыларға тәрбие және білім берудің теориясы мен практикасын дамытудың қозғаушы күші және асқан шебері бола алады. Мұғалім еңбегінің ғылымға негізделе отырып, белгілі жүйелілікпен жүзеге асырылатыны айқын. Мысалы, оңайдан қиынға, жеңілден ауырға, нақтылы түсініктен абстрақтылы ұғымға біртіндеп ауысу ережелерін және оқушылардың жасы мен дербес ерекшеліктерін еске алмайынша оқу және тәрбие жұмысында белгілі нәтижеге жету қиын. Сондықтан мұғалімнің алдындағы басты міндет – оқушыларды біліммен қаруландыра отырып, ойлауға, сөз шеберлігіне, еңбек ете білуге үйрету және тәрбиелеу.

Ұстаз бүгінге ғана емес, ертеңге, болашаққа қызмет істейді. Ол заман дамуынан артта қалмастан, өзін-өзі жан-жақты дамыту үшін саяси-идеялық дәрежесін, ғылыми-теориялық білімін және педагогтық мамандығын күнбе-күн жетілдіріп отыруға талаптанады.

Мұғалім өз мамандығына байланысты ғылыми-теориялық мәселелерді, жоғары оқу орындарына қойылатын талаптарға сәйкес меңгеруі тиіс. Егер ол өзінің теориялық білімін өмір талабына сай жетілдіріп отырмаса, онда жастарды жан-жақты дамытып, тәрбиелеуге шамасы келмейді. Социологтардың зерттеу мәліметі бойынша институтты бітірген инженерлердің білімі 6-8 жылдардан кейін ескіреді. Ал мұндай жағдайды болдырмау үшін мұғалім үнемі ізденіп жұмыс істейді. Сондықтан оның шығармашылық іс-әрекеттері, мысалы, арнаулы әдебиеттер мен пәндік журналдарда жарияланатын тың мәселелермен таныс болуы, ғылыми семинарлармен конференцияларға белсене қатысып үлес қосуы ой-өрісін кеңітеді.

Педагогикалық ғылым жетістіктері мен озат педагогикалық тәжірибені заман талабына сай меңгеру оқушыларға білім мен тәрбие берудің негізгі көзі.

Қазіргі кезеңде ғылымның соңғы табыстарына негізделіп мектеп өңірінде жүзеге асырыла бастаған және асырылатын ең басты мәселелер: оқытудың ғылыми негіздерінің өмір және еңбекпен байланыстылығы; оқытудың политехникалық принципі; арнаулы факультативтік курстар; бағдарламалап және дифференциялық оқыту; қоғамдық пайдалы және өнімді еңбектің оқу мен тәрбие жүйесінде алатын орны; кәсіптік бағдар беру, техникалық құралдарды, компьютерлерді, оқыту машиналарын кеңінен қолдану болып отыр. Осы мәселелерді іс жүзінде асыру мұғалімнің тікелей психологиялық және педагогикалық білім деңгейіне байланысты. Сондықтан ол оқушылардың жас ерекшеліктерін есепке ала отырып, физиология, психология және педагогика ғылымдарындағы құбылыстардың негізгі ұғымдарын, заңдылықтарын, принциптері мен ережелерін және олардың табиғи байланыстығын, атақты физиологтар И.М.Сеченов, И.П.Павлов, белгілі психологтар А.А.Смирнов, А.Н.Леонтьев, А.А.Давыдов, дидактар Б.П.Есипов, М.А.Данилов, Л.В.Занков, М.Н.Скаткин тағы басқа ғылымдардың еңбектерін қол үзбей оқып терең меңгереді. Сонда ғана мұғалім шығармашылық еңбектің тамаша шебері бола алады. Қазіргі кезеңде білімнің беделі төмендеп, мәдениеттің, рухани байлықтың мәртебесі құнсызданып отырғанына қарамастан гуманитарлық білім беру мәселесін шешуде негізгі тұлға – мұғалім. Себебі, білім беруді гуманитарландыруда педагог-маманның мәртебесін көтеру елімізді өркениетті мемлекеттер деңгейіне жеткізудің басты шарты деп есептейміз. Мұғалім туралы қазақтың аса көрнекті қайраткері, ақын, аудармашы-ғалым А.Байтұрсыновтың «Ең әуелі мектепке керегі білімді, әрі педагогикалық әдістемеден хабардар, оқытып білетін мұғалім» - деп баға бергені бұл күнде де өз мәнін жойған жоқ. Осыған орай педагог маманның моделін ұсынамыз: педагог – ол шын мәніндегі қоғамдық-әлеуметтік даму процесінің санасындағы күрделі жаңғыру барысына тікелей қатысы бар маман; педагогикалық процеске ие бола алатын әрекетті және тұтас толыққанды қасиеті бар, шығармашылық ойлау қабілеті жетілген, өзінің білім алуға өзін-өзі тәрбиелеу дағдысы қалыптасқан, гумандық қоғамдық еңбек қатынасын орната алатын маман; педагог қазіргі заманның өркениетті, прогресшіл бағытына сай ең жоғары мәдениетті маман.

Мұғалімнің қызметі ұйымдастырушылық, танымдық, эмоционалдық және т.б. бірнеше бағытта жүргізіледі: Ұйымдастырушылық бағыт мұғалімнің оқыту тәрбиелеу процесі жоспарлау және ұйымдастыруға құрылады. Бұл оқу материалын іріктеу, оқу жіне тәрбие жұмыстарының түрлі формаларын, сабақ жүргізу барысын ұйымдастыру, т.б жоғарылату. Ізденушілік бағыт – мұғалімнің оқу процесін жетілдіруі арқылы және профессионалдық шеберлігін көтеруі арқылы көрінеді.

Бұл мұғалімнің психологиялық-педагогикалық қызметін талдаумен және озат педагогтар тәжірибесін, жаңа педагогикалық технологиялы әдістерді қызметіне ендіріп, білімін ұштастыруы.

Мұғалім ғылыми зерттеулердің теориялық негізін және зерттеу жұмысын өткізу әдістемесін білуі тиіс. Сонымен қатар педагогикалық кәсіби шеберлігіне мына талаптар қойылады:

- оқу процесін бақылауға және талдауға;

- педагогикалық фактілерді бір жүйеге келтіруге;
- кез келген педагогикалық ситуацияға педагогикалық шеберлігін қолдана білуге;
- пән сабағының құрылымына жаңа формалар, әдістер қолдану жолында үнемі ізденіс үстінде болуға;
- сабақтың тақырыбын ашу мақсатына сәйкес қосымша материалдар қолдануға;
- өзеңбегінің жемісін болжай білуге;
- Студенттердің шығармашылық белсенділігін дамытуға;
- үнемі білімін жетілдіруге, орындаушылық тәжірибесін, оқушылармен сөздік байланыс шеберлігін жетілдіруге міндетті.

Қазіргі қоғам жеке адамнан прогрессивті ойлай алатын белсенді әрекетті, жан-жақты болуды талап етеді. Өйткені, адамның қоғамда алатын орны, қазіргісі, болашағы үнемі толғандыратын мәселелер қатарына жатады. Бұл қоғамның дамуына тікелей байланысты. Қазақстан республикасында орта білімді дамыту тұжырымдамасы білім беру мекемелерінің ең негізгі мақсаты: дүниетанымдық, құзырлық, шығармашылық деп атап көрсетіледі. Қоғамда « орындаушы» адамнан гөрі «шығармашылық» адамға деген сұраныстың көп екендігін қазіргі өмір талабы дәлелдеп отыр. Көтеріліп отырған мәселе туралы жазылған ойлар, тұжырымдамалар, көзқарастар, еңбектер баршылық. Ежелден ақ ұлы ойшылдарымыз Жүсіп Баласағұн, Әл-Фараби, ұлы Абайды ерекше толғандырған. Сондықтан ұлы ойшылар өз еңбектерінде адамның жеке басын, қаблеттерін үнемі дамытуды көтеріп отырған.

Шығармашылық – бүкіл тіршілік көзі. Мектепте білім беру ісіндегі басты бағдар-оқушылардың тек шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту және оларды шынайы өмірдегі дара тұлға етіп әзірлеу. Ол үшін ең біріншіден, өз таңдаулары бойынша оқытудың ұстанымын жүзеге асыру, яғни денсаулығын, дамуын, қызығуын ескеріп мүмкіндіктерін ашу. Екіншіден, оқыту үрдісінің сапасын арттырудың басты құрамды бөлігі-жақсы түсінікті тілмен жазылған оқулық. Бұрынғы әдіске арналған оқу үрдісінде мұғалімге басымдылық рөл берілсе, ал қазір оқу үрдісінде оқушы белсенділігі көрсетілуі тиіс. Ол өздігінен оқуы тиіс, ал мұғалімнің негізгі көңіл аударатын жайы; әрбір оқушының жеке қызығуы мен мүмкіндіктерін ашу. Әрбір оқушы басқа оқушымен салыстырылмайды, керісінше, дамуына қарай өзімен-өзі салыстырылады. Мектептерде шығармашылық сабақтарды жиі өткізу оң нәтижеге бастайтыны тәжірибе жүзінде дәлелденіп отыр. Мұғалімнің кез келген сабағы шығармашылық сипатта өткізіліп отырса, оқушы дербестігінің қалыптасуы жоғары деңгейге көтерілері сөзсіз. Қазақстан республикасының «Білім туралы» заңының білім беру жүйесінің міндеттері туралы бабында «жеке адамның шығармашылық рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілікпен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы интелектін байыту» деп көрсетілгендей, қазіргі қоғамымыз шығармашылық қабілеті бар, талантты іскер адамдарға мұқтаж болып отыр□керек [33,64б.].

Қазақстан республикасының білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы бойынша жоғары оқу орындарында білім беру үрдісін оқу-әдістемелік және ғылыми жұмыстармен қамтамасыз етуді жетілдіру, білім беру жүйесінің материалдық-техникалық базасын нығайту және білім беру жүйесін қаржымен, білікті де білімді кадрлармен қамтамасыз етуді жетілдіру міндеттері қойылған. Осы бағдарламаны іске асырудың нәтижесінде кәсіби міндеттерін дербес әрі шығармашылық тұрғыдан шешу үшін бәсекеге қабілетті маманды даярлауды қамтамасыз ететін білім беруді басқарудың тиімді жүйесі құрылатын және білім беру саласындағы ғылыми және инновациялық қызмет жандандырылатын болады деп күтілуде. Соның негізінде жоғары оқу орындарындағы әрбір оқу пәні оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттыруға әсерін тигізбек.

Шығармашылық белсенділікті біз адамның жете түсінудегі талпынысынан туындайтын белгілі зерттеушілік және қоғамдық қоғамдық пайдалы маңызы бар міндеттерді шешуге жетудегі әрекетшіліктің жоғары сапалы деңгейі деп анықтай аламыз. Студенттерді оқу ордасында білім алуға белсендіру жолдарының әрі – жаңа технологиялар жүйесі мен жаңа оқыту әдістерін қолдану. Жаңа оқыту әдістеріне қазіргі кезде көп қолданылып жүрген активті және интерактивті әдістерді айтуға болады. Активті және интерактивті әдістерге ойын түрінде

өткізілетін сабақтар (іскерлік ойындар, рөлдерді ойнау және т.б.), пікірталас, саяхат, психологиялық тренинг, нақты жағдайларды талдау, өзекті мәселелерді шешу.

Интерактивті әдістердің тағы бір түрі – дәрістік, зертханалық, тәжірибелік сабақтарда компьютерлік мультимедияны қолданып жүргізу, яғни компьютерді немесе жаңа техника мен технологияларды қолданып білім беру әдістерін айтамыз.

Қазіргі кезде тәжірибе көрсетіп отырғандай, жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдерін даярлау деңгейі психологиялық-педагогикалық, дидактикалық -әдістемелік тұрғыда әлі де болса төменгі деңгейде қалуда. Сондықтан әрбір оқытушы пәнді қалай оқыту, нені оқыту қажеттігіне көз жіберіп, өздерінің жұмыс бағдарламасы мен өмірлік қолданысының сапасына баса назар аударуы керек. Жоғары оқу орындарындағы тәжірибелік-зертханалық дәрістерді ескі жүйе бойынша емес, қазіргі жаңа ақпараттық технологияны қолданып байланыстыра отырып баянды түсіндіру жолдарын іздестірген жөн. Ал студенттер оқытушының берген білімдерімен шектеліп қана қоймай, оны әрі қарай өз бетінше белсенді, танымдық және шығармашылық іс әрекеттердің арқасында дамытуы қажет.

Оқытудың дамытушылық мақсаты Студенттердің шығармашылық жеке тұлғасын қалыптастыруға және ақыл-ойын, ойлау қабілетін , ынтасын дамытуға, яғни оны қызмет субъектісі ретінде қалыптастыруға бағытталған, Тәжірибелік мақсаты оқушының қызметке, еңбекке, басқа пәндерді оқыту үрдісінде тәжірибелік есептер шешу және оны ақпараттық қоғамдық өмірге дайындау көзделсе, ал тәрбиелік мақсаты оқушыны азаматтыққа, адамгершілік қасиетке, жоғары салалылыққа және ақпараттық мәдениеттілікке баулуға негізделген. Бүгінгі таңда студенттердің үздіксіз білім алу міндеттерін жетілдіруіне сай оқытушылардан олардың ойлау қабілеттерін дамыту, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту, сонымен қатар өзіндік жұмыстарына қатысты іскерліктерімен дағдысын тәрбиелеу талап етіледі. Ол үшін өзіндік жұмыс оқушылардың тек үй жұмысын орындау барысында ғана емес, оқу үрдісінің өн бойында өз орнын табуы тиіс. Студенттердің әр түрлі өзіндік жұмыстары негізінде сабақтың нәтижесін және таным қабілеттерінің белсенділігін арттыруға болады.

Студенттердің таным белсенділігі дегеніміз – оқуға қажетті білім мен дағдыны меңгеру және оларды өмірде пайдалана білуге, үйренуге деген саналы әрекеті. Оқыту үрдісінде студенттердің белсенділігі, негізінен, екі түрлі сипатта болады: сыртқы және ішкі белсенділік. Сыртқы белсенділік дегеніміз – оқушы әрекетінің сыртқы көріністері (белсенді қимыл қозғалыстары, тәжірибелік әрекеттері, оқытушыға зейін қойып қарауы, мимикасы, т. б.). Ал ішкі белсенділігіне оның белсенді түрде ойлау әрекеті жатады. Белсенділік жеке басқа тән маңызды қасиет болып саналады. Ал қасиетсіз адамның жұмысы нәтижелі болуы мүмкін емес. Студент белсенділігі қандай болғанда да ой дербестігіне сүйенеді. Оқыту үрдісінде оқушылардың белсенділігін арттыру ұстанымын жүзеге асыруды мақсат еткен.

Әдебиеттер тізімі

1. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың халыққа жолдаған «Қазақстан -2030» үндеуі,1997.56.
2. ҚР этномәдениеттік білім беру концепциясы, 1996.156.
3. ҚР 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы, 2004.206.
4. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. Алматы, 2000.116.
5. Педагогика. Дәріс курсы./ Құраст. Хмель Н.Д., Жампеисова Қ.К және т.б. Алматы: Нұрлы әлем,2003.656.
6. Қалиұлы С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. Алматы, Білім, 2003.446.

ӘОЖ 159.9:34

ЗАҢ ПСИХОЛОГИЯСЫНДА ЗАҢГЕРДІҢ КӘСІПТІК ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ЖЕКЕ АДАМДЫ ЗЕРТТЕУДІҢ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ

Шекербекова М. С.,

аға оқытушы, заң ғылымдарының магистрі

Лесбек А. С.,

аға оқытушы, заң ғылымдарының магистрі

Имнияминов Д. Е.

оқытушы, магистр

Академик Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті,

Тарих және құқық кафедрасы,

Шымкент қ., Қазақстан

maKa_789@mail.ru

Аннотация. В данной статье рассмотрены методы исследования личности в профессиональной деятельности юриста с точки зрения юридической психологии. В данной статье подробно и содержательно описаны познавательные процессы в деятельности юриста и психолога, психолого –правовые аспекты эмоциональных состояний и чувств, психологические особенности преступника, ювенальная справедливость и профессиональные обязанности сотрудников специального юридического отдела, уголовное право и влияние средств массовой информации на формирование вторичного поведения, виктимология и виктимность несовершеннолетних.

Ключевые слова: эксперимент, Юридическая психология, интеллектуальное развитие, психические расстройства, поведенческие особенности, внешняя форма тела, физические признаки, судебная психология.

Annotation. This article discusses the methods of personality research in the professional activity of a lawyer from the point of view of legal psychology. this article describes in detail and meaningfully the cognitive processes in the activities of a lawyer and psychologist, psychological and legal aspects of emotional states and feelings, psychological characteristics of a criminal, juvenile justice and professional duties of employees of a special legal department, criminal law and the influence of the media on the formation of secondary behavior, victimology and victimization of minors.

Keywords: experiment, Legal psychology, intellectual development, mental disorders, behavioral features, external body shape, physical signs, forensic psychology.

Бүгінгі таңда ғылымның заманауи даму барысы, ғылымның бір жағынан жіктелуі мен кіріктірілуімен зерттей келе, тоғысуымен сипатталады. Осы тұрғыдан алғанда психология және құқық ғылым ғылымдарын бір –бірімен байланыстырушы буын болып заң психологиясы сияқты ғылымның жеке бөлініп шығуы да заңды құбылыс болып табылады.

Заң психологиясы – психология ғылымынан және юриспруденциядан тұратын қолданбалы ғылым. Заң психологиясы үшін психология негізгі ғылым болып табылатындықтан, заң психологиясын жаратылыстану ғылыми білімдер саласының қатарына жатқызуға толықтай негіз бар. Алайда заң психологиясы заң ғылымы мен оның тәжірибесінің аясында пайда болып, ұзақ уақыт дамығандығын ескеретін болсақ, оған қылмыстық құқық, криминалистика, криминология және т.б. сияқты ғылыми білім салаларымен қатар құқықтық ғылымдар арасынан орын беріледі. Сондықтан да заң психологиясы мен оның пәнінің екі жақты – психологиялық-құқықтық сипаты туралы айтуға болады. А.М. Столяренко заң психологиясы өзінің «заң бөлімінде» заң ғылымының пәніне, ал «психологиялық бөлімінде» психология ғылымының пәніне негізделуі тиіс деп шеберлікпен айтып кетті [1.59].

Бүгінгі таңда сапалы және терең түрдегі тергеу және сот жұмыстарын психологиялық

білім мен біліктілікті пайдаланбай жүргізуді елестету қиын. Заңгердің психологиялық дайындығы – қылмыскер мінез-құлқын, қылмыстық топтың психологиялық сипаттамасын, қылмыстың мотивтерін (уәждемелерін), психологиялық механизмін, толыққанды түсінуге жәрдемдеседі. Осы орайда, заң психологиясының жоғары оқу орындарына енгізілуі Қазақстан Республикасының құқықтық заңнамаларының қайта қаралып өзгеруіне, нарықтық экономика жағдайындағы орын алған ауытқы мінез-құлықты түзетуге, қылмыстың алдын алуға бағытталған шаралардың нәтижелі болуына өз үлесін қосады. Заңгер және практик-психолог мамандар иелеріне психологиялық тұрғыдағы танымдылық тек қана құқықтық жағдайларды, әртүрлі жағдаяттарды шешуге ғана бағытталмайды, сонымен қатар көптеген қылмыстық-процессуалдық заңдарды іске асыруға, пенитенциарлық мекемеде бостандыққа даярлау шараларын ұйымдастыруға қажет екендігін байқатады. Заң бұзушылықтың қайнар көзі, негізі балалық шақ екендігін ескере келе, кәмелетке толмаған жасөспірімдердің қылмысқа бару себептеріне – әлеуметтік-психологиялық жағдаяттарға, делинквентті (қылмыстық) мінез-құлыққа, виктимділікке, ювеналдық қызметкерлердің іс-әрекеттеріне, ерекше көңіл аударылған.

Әртүрлі заң бұзушылық кезіндегі заңгердің кәсіптік қызметіндегі жеке адамды зерттеу әдістерін таңдау көп жағдайда оның алдына қойған мақсатынан тәуелді. Кейбір зерттеу әдістерін заңгерлердің өздері де қолдана алады, ал кейбір арнайы жағдайларда психологтардың көмегінсіз жүргізу мүмкін емес. Мәселен, сот-психиатриялық сараптама. Олардың біршамасына тоқталуға болады:

1. Әңгімелесу, бақылау, эксперимент, іс-әрекет нәтижелерін талдау, “биографиялық” әдіс, тәуелсіз сипаттамаларды жалпылау әдістері.
2. Психологиялық әдістер.
3. Заң психологиясының пәні мен міндеті.
4. Заң психологиясының құрылымы [2.112].

Әңгімелесу. Бұл әдіс субъектімен контакт құру үшін және ол туралы алғашқы мәліметтер жинау үшін қолданылады. Әңгімелесу барысында сол тұлғаның индивидуалды даму ерекшелігі, оның интеллектісі, психикалық күйі анықталады.

Әңгімелесу кезінде заңгер ол тұлғамен жағымды психологиялық қарым-қатынас құруға ұмтылуы қажет. Өйткені бұдан көптеген нәтижелер тәуелді болады. Бұдан басқа, әңгімелесу өзін жақсы жағынан көрсетуге мүмкіндік береді және объективті түрде шешуге мүмкіндік береді. Сондықтан да әңгімелесу әдісі өте қажет әдіс болып табылады. Тұлға қойылатын сұрақты психологиялық қарым-қатынас орнатылғаннан кейін ғана қою керек және де әңгіме барысы жасанды емес, табиғи түрде өтсе көптеген жоғары нәтижелерге алып келеді.

Бақылау. Белгілі бір жоспар бойынша жүйелі түрде біраз уақыт бойына зерттелуші адамның психикалық ерекшеліктерін қадағалауды бақылау әдісі деп атайды. Бақылау әдетте табиғи жағдайда зерттелуші адамның әрекетіне әдейі араласпай-ақ жүргізіледі. Осы әдіс арқылы зерттелушінің мимикасын, сөз реакцияларын, түрлі қозғалыстарын, мінез-құлқын, жалпы әрекетін байқауға болады. Бақылау әдісі заңгер қызметінде танымдық мәселелерді шешуде маңызды болып келеді, мәселен тергеушінің тергеу жүргізу процесінде, оқиға болған орынды қарау, тінту, тергеу эксперименттерін жүргізу кездерінде қолдануға қолайлы.

Эксперименталдық әдіс. Жеке адамды зерттеу әдістері ішіндегі маңызды әдіс болып табылады. Зерттелушілердің психикалық процестерін зерттеу мақсатындағы сот-психологиялық сараптама жүргізу кезінде кеңінен қолданылады, мәселен, қабылдау, ес, ойлау, зейін. Осы экспериментальды-психологиялық әдістерді қолдану арқылы психикалық процестердің сандық және сапалық сипаттамаларды зерттеуде қолданылады [3.66].

“Биографиялық” әдіс. Адамның өміріндегі маңызды әлеуметтік-психологиялық мағынасы бар мәліметтер мен фактілерді жинау мақсатында қолданылады. Бұл мәліметтерді сол тұлғаны жақсы білетін субъектілер, ата-аналары, оны тәрбиелеген адамдар, бірге оқыған сыныптастары, қызметтегі әріптестері бере алады. Сонымен қатар, әртүрлі медициналық құжаттар мен мектептен, қызмет орнынан алынатын мінездемелер, жеке іс-қағазы, хаттар, күнделіктер т.б. зерттеледі.

Тәуелсіз сипаттамаларды жалпылау әдісі. Жоғарыда аталған әдістерге бұл тәуелсіз

сипаттамаларды жалпылау әдісі қосымша ретінде қолданылады. Бұл әдіс жеке адамды жан-жақты байқап, бағалау үшін қолданылады. Занды бұзған субъекті туралы толық мәлімет жинау үшін тек бір ғана сипаттама жеткіліксіз болуы мүмкін. Сондықтан да тұлға бұрын соңды оқыған немесе қызмет жасаған бірнеше орындардан сипаттама алу қандай да болмасын істі толықтыра түседі, өйткені бұл сипаттамалар бір-бірінен тәуелсіз, әртүрлі мекемелерден, адамдардан алынған. Соларды зерттеу нәтижесінде белгілі бір тұтас мінездеме қалыптасады.

Іс-әрекет нәтижелерін талдау әдістері. Бұл әдіс іздеуга ұсынылған тұлғалардың тұлғасын зерттеуде басқа зерттеу әдістермен бірге қолданылатын әдіс. Мәселен, жасаған қылмыстық әрекеттеріне байланысты оның тек қоғамдық қауіптілігін ғана емес, сонымен қатар оның мінездік ерекшеліктері, психикалық күйі, интеллектісі, қылмысты жасау себептері туралы мәлімет алуға болады. Соңғы кездері осы әдістің бір түрі қылмыскердің психологиялық мінездемесін құру кеңінен қолданылып жүр. Бұның көмегі арқылы психолого-криминалистикалық сипаттама құрылады: оның психикалық, мінез-құлықтық ерекшелігі, сыртқы дене пішіні, физикалық белгілері т.б. Жеке адамды зерттеудегі ең нәтижелі әдіс бұл сот-психологиялық сараптама. Жеке адамды зерттеудегі психологиялық әдістердің (тест) классификациясы. қазіргі кезде көптеген тестілік әдістемелерді қарастыру заң психологиясы оқулықтарында орын алмайды. Өйткені сот тәжірибесінде олардың көпшілігі қолданылмайды [4.171].

. Бірақ заңгер үшін психологтардың сот-психологиялық сараптама жүргізу кезінде, құқық қорғау органдарына кәсіптік таңдау жасағанда жиі қолданатын тест туралы білгені жөн. Өйткені психологтың қандай бағытты қолдана отырып зерттеу жүргізуін, психодиагностикалық әдістемелерді таңдау принципімен танысу үшін қажет.

Психологиядағы қолданылатын әдістерді шартты түрде төрт топқа бөлуге болады:

Бірінші тобы индивидтің функционалды күйлерін диагностикалаудағы психофизиологиялық әдістер. Бұл тесттер арқылы адамның орталық, вегетативті жүйке жүйесі көрсеткіштері туралы әртүрлі мәліметтер алуға болады. Бұған электрофизиологиялық көрсеткіштер жатады: электроэнцефалограмма, электромиограмма, кожно-гальваническая реакция, электрокардиограмма. Сонымен қатар, экстремалды жағдайларда организм бойында болатын биохимиялық өзгерістерді зерттейтін әдістемелерді қосуға болады. Мысалы, стресс кезіндегі маңызды көрсеткіштер қан және зәр құрамында стресс гормоны- адреналин мен норадреналиннің жоғары болуы.

Екінші топ интеллектуалдық психологиялық тестілер. Бұл тестілер арқылы адамның интеллектуалдық даму деңгейі туралы білуге болады. Ойлау, ес, қабылдау, зейін, сөйлеу, бөлек дағдылар, іскерліктер мен қабілеттері туралы мәлімет алуға арналған.

Әртүрлі тест әдістемелері арасынан IQ американдық клиникалық психолог Д.Векслердің Үлкен адамдардың интеллект деңгейін өлшейтін шкаласың тесті жиі қолданылады. Интеллект коэффициентін анықтайтын тест ретінде *Дж.Равеннің прогрессивті шкалалар* тестін атауға болады. Үшінші топқа жеке адамдық, анкеттік тесттер мен сұрақтамалар жатады. Бұл топ тесттері жеке адамның дара психологиялық ерекшеліктерін зерттеу мен бағалау мақсатында қолданатын тест түрі. Тесттер тұжырымдамалар, бірнеше вариантты жауаптар түрінде құрылады. Зерттелуші еркін түрде жауап беруіне тыйым салынған. Сондықтан да, бұл сұрақтамаларды жабық деп атайды. қысқа жауапты таңдау ерекшелігі зерттелуші бойында қандай да бір қасиеттің көрінуіне байланысты. Дайын жауаптар арқылы жауап беруші тұлға өзі туралы мәлімет береді, оның қабілеті, мінезі, мінез-құлық мотивтері, жеке адамдық бағыттылығы туралы білуге болады. Кең тараған зерттеу әдістері ретінде: Миннесоттық көппрофильді жеке адамдық сұрақтама ММРІ, адаптацияланған екі варианты: СМІЛ (Л.Н.Собчиктің стандартталған жеке адамды зерттеу әдісі және ММІЛ (Ф.Б.Березиннің көпжақты стандартталған жеке адамды зерттеу әдісі), Р.Б.Кэттеллдің 16-факторлық жеке адамдық сұрақтамасы (16-ФЛО), Г.Айзенктің (ЕРІ), А.Е.Личконың жас өспірімдерге арналған патохарактерологиялық диагностикалық сұрақтамасы (ПДО) [5.86].

. *Төртінші топ проекция механизмін негізге алатын проективті тестілер.*

Психологияда проекция бұл субъектінің өзінің жеке сапаларын, күйлерін, көзқарастарын, идеяларын, қажеттіліктерін, мотивтерін басқа адамдарға көшіру, алмастырумен байланысты санасыз психикалық процесс.

Проекция сонымен қатар, қате, дұрыс емес ой-қорытындыларында, шешімдерде көрініс беруі мүмкін.

Бұл психикалық құбылыстар стимул ретінде алып қарасақ жасырын, және де адам санасында бейнеленбейді, бірақ оның адам мінез-құлқына жасайтын ықпалы орасан зор. Сондықтан да адамның қандай да бір әрекет жасау себептерін анықтау үшін осы проекцияларды, яғни жасырын сенімдер мен импульстарды, сезімдерді, күйлерді анықтау керек. Бұл мақсатта әртүрлі проективті вербальді және вербальді емес әдістер қолданылады.

Қылмыстық іс бойынша сот-психологиялық сараптама жүргізу тәжірибесінде кең тарағаны: тематикалық апперцептивті тест (ТАТ), С. Розенцвейгтің адамның фрустрациялық реакцияларын зерттейтін әдістеме, Г. Роршахтың қара дақ әдістемесі, Люшердің түстік тесті және т.б.

Заң психологиясы (лат. «juris-құқық») құқық арқылы реттелетін қатынастар сферасына қатысы бар адам психикасының заңдылығы мен механизмін зерттейтін психология ғылымының қолданбалы саласы [6.103].

Заң психологиясының **міндеті** заңның негізгі категорияларының психологиялық және құқықтық негізін ашу, құқықты бұзған тұлғалардың психикалық ерекшеліктерін ашу, және заң қызметкеріне адамның мінез-құлқын түсінуді жеңілдету.

Заң психологиясының өзіндік **құрылымдық** ұйымдастырылу ерекшелігі бар. Келесі тарауларын бөлуге болады:

1) Ғылыми-ұйымдастыру, методологиялық және әдістемелік бөлігі, бұл жерде заң психологиясының пәні, міндеті, жүйесі, әдісі мен методологиялық негізі анықталады.

2) Құқықтық психология - заң психологиясының бір саласы, құқық үшін маңызды құбылыстардың психикалық бейнелену мәселелерін зерттейді, құқықорындаушы мінез-құлықтың және жеке адамның құқықтық әлеуметтенуі, құқықтық санасыз, құқықтық шығармашылықтың психологиялық аспектілерін зерттейді.

3) Азаматтық құқықты реттеу психологиясы - заң психологиясының бір саласы. Азаматтық құқық арқылы реттелетін мүліктік, экономикалық және жеке қатынастарды зерттейді.

4) Криминалды психология жеке адамның десоциализациясы делинквентті мінез-құлықтық психологиялық механизмдерін, қылмыскердің тұлғасын және қылмыстық топтың психологиясын зерттейтін сала.

5) Сот психологиясы - заң психологиясының бір саласы. қылмысты ашу, анықтаудың психологиялық механизмдерін, сот-психологиялық сараптама және сот процесінің психологиялық мәселелерін зерттейді [7.194].

Қорыта келе, бұл мақалада заңгер мен психолог іс –әрекетіндегі танымдық үдерістер, эмоциялық күйлер мен сезімдердің психологиялық – құқықтық аспектілері, қылмыскердің психологиялық ерекшеліктері, ювеналдық әділеттілік және арнайы заңгер қызметкерлерінің кәсіптік міндеттері, қылмыстық құқық және бұқаралық ақпарат құралдарының ауытқы мінез –құлықты қалыптастырудағы әсері, виктимология және кәмелетке толмағандардың виктимділігі толық және мазмұнды сипатталған.

Әдебиеттер тізімі

1. А. Т. Ақажанова, Заң психологиясы Оқу құралы Стереотиптік басылым, Алматы «Қазақ университеті» 2020ж. 366 б
2. Конституция (Основной Закон) Республики Казахстан. – Алматы, 1995.
3. Ақажанова А.Т. Юридическая психология: учебное пособие. – Алматы, 2013.
4. Ақажанова А.Т. Психология девиантного поведения несовершеннолетних: теория и практика. – Алматы, 2011.

5. Акажанова А.Т., Ельшибаева К.Г. Психологическая служба в зак рытых учрежде-
ниях. – Алматы, 2009.
6. Васильев В.Л. Юридическая психология. – СПб., 2000.
7. Димитров А.В. Юридическая психология: краткий курс. – М., 2006.

УДК 370.196

БІЛІМГЕРЛЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӘРЕКЕТІН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ НЕГІЗІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Жумабек Ұ. Ә.

Магистр, оқытушы

Кентау гуманитарлық-техникалық колледжі

Кентау қ., Қазақстан

ulbolsin.zhumabek.@ayu.edu.kz

Аңдатпа: Қазіргі заман талабына сай болашақ ұрпақтың оқып білім алуын еліміз бірінші орынға қойып отыр. Білім беру мен білім алудағы атқарылатын қарқынды жұмыс ұстаздарың еншісінде екені айтпаса да белгілі. Бүгінгі күні еліміздің әлемдік біртұтас білім кеңістігіне ену жағдайында мамандар дайындау сапасын арттыру білім беру жүйесінің ең маңызды міндеттерінің бірі болып табылуда. Қоғамдағы үдемелі өзгерістер педагогикалық білім беру жүйесінде болашақ мұғалімдерге жаңа кәсіби ойлауды қалыптастыруды көздейді. Сондықтан баланың бойында жақсы қасиеттердің болуына, олардың жан- жақты дамуын, рухани бай тұлға қалыптастыра білуіміз керек. Оқытудағы жаңа тәсілдерді пайдалана отырып, оқушы бойында өзіне деген сенімділік пен жауапкершіліктерді дамыту болып табылады.

Түйін сөздер: Білім кеңістігі, жоғары мәдениетті, бәсекеге қабілетті, мұғалімдердің іс-әрекеті.

Аннотация: Наша страна ставит на первое место обучение будущих поколений в соответствии с современными требованиями. Не говоря уже о том, что интенсивная работа в образовании зависит непосредственно от учителей. На сегодняшний день повышение качества подготовки специалистов в условиях интеграции страны в единое мировое образовательное пространство является одной из важнейших задач системы образования. Поступательные изменения в обществе предполагают формирование нового профессионального мышления будущих учителей в системе педагогического образования. Поэтому необходимо развить в ребенке хорошие качества, формировать духовно богатую личность. Развитие уверенности в себе и ответственности у учащегося с использованием новых подходов в обучении.

Ключевые слова: пространство знаний, высокая культура, конкурентоспособность, действия учителей.

Annotation: Our country puts the education of future generations in the first place in accordance with modern requirements. Not to mention that intensive work in education depends directly on teachers. To date, improving the quality of specialist training in the context of the country's integration into a single global educational space is one of the most important tasks of the education system. Progressive changes in society imply the formation of a new professional mindset of future teachers in the system of pedagogical education. Therefore, it is necessary to develop good qualities in the child, to form a spiritually rich personality. The development of self-confidence and responsibility in the student using new approaches in teaching.

Keywords: knowledge space, high culture, competitiveness, teacher actions.

Қазіргі заман талабына сай болашақ ұрпақтың оқып білім алуын еліміз бірінші орынға

қойып отыр. Білім беру мен білім алудағы атқарылатын қарқынды жұмыс ұстаздарың еншісінде екені айтпаса да белгілі. Бүгінгі күні еліміздің әлемдік біртұтас білім кеңістігіне ену жағдайында мамандар дайындау сапасын арттыру білім беру жүйесінің ең маңызды міндеттерінің бірі болып табылуда. Қоғамдағы үдемелі өзгерістер педагогикалық білім беру жүйесінде болашақ мұғалімдерге жаңа кәсіби ойлауды қалыптастыруды көздейді. Сондықтан баланың бойында жақсы қасиеттердің болуына, олардың жан- жақты дамуын, рухани бай тұлға қалыптастыра білуіміз керек. Оқытудағы жаңа тәсілдерді пайдалана отырып, оқушы бойында өзіне деген сенімділік пен жауапкершіліктерді дамыту болып табылады. Қазіргі кезде заман талабына сай қоғам өмірінің жаңа сапасының негізін құрайтын жан-жақты білімді, жоғары мәдениетті, бәсекеге қабілеті мол тұлға қажет. Ондай тұлға жалпы орта білім беру арқылы, немесе мектеп арқылы даярланады. ХХІ ғасыр талаптарына сәйкес мектеп оқушылары бүгінгі заманда және келешекте қол жетімді табысқа жету үшін, бұрынғыдан да анағұрлым дағдыларды меңгеруің қажет етеді. Сондықтан қазіргі таңда білім беру жүйесіндегі өзгерістердің бірі- жаңартылған білім беру мазмұнына көшу болып табылады және оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерің қарастырылып, енгізілуде сабақ – мұғалімнің шығармашылық еңбегінің нәтижесі. Оның өз мәнінде өтуі Заманауи қоғам бәсекеге қабілетті, шығармашыл, жаңа өзгермелі жағдайларға тез бейімделуге дайын, өзін-өзі дамытатын, өз бетінше шешім қабылдай білетін азаматтарды тәрбиелеуге қабілетті, кәсібилігі жоғары мұғалімдерді қажет етеді делінген Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында [1]. Осы қоғамдық сұранысқа сәйкес лайықты маман дайындауда ең бастысы олардың кәсіби шыңдалуына басымдық берілуде. Жоғары педагогикалық білім берудің маңызды құрамдас бөлігі - болашақ мұғалімдердің инновациялық технологиялар негізінде кәсіби білігін арттыру болып табылады. Қоғамның саяси, әлеуметтік-экономикалық, техникалық және мәдени дамуында білім беру жүйесінің рөлі өте жоғары екені белгілі. Тек осы білімділік қуаты ғана мемлекетіміздің лайықты бейнесін және әлемдік қауымдастықтағы орнын қамтамасыз етеді, қоғамдағы әрбір адамның және халықтың әлемдегі статусын анықтайды. Ал, жоғары мектеп интеллекттік, ғылыми және мамандық қуаттың басты қозғаушы күші болып табылады. Еліміздегі зияткерлік және шығармашылық тұлғаны жасау мәселесі, ұлттың бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату заманауи қазақ қоғамының өзекті міндеттерінің бірі болып отыр. Осы тұрғыдан келгенде болашақ мұғалімдердің іс-әрекетің қалыптастыру мазмұны ең алдымен іс-әрекет негізінде толықтырылумен байланысты деуімізге болады [2 190 с.]. Бұл әсіресе бүгінгі күңгі нарық заманындағы өте өзекті мәселеге айналып отыр. Педагогикалық іс-әрекет – мақсатты бағытталған адам іс-әрекетінің ерекше түрі, себебі мұғалім өзінің алдына белгілі бір мақсат қоймауы мүмкін емес. Кең мағынада педагогикалық іс-әрекет жинақталған адамзат тәжірибесін болашақ ересектерге беру мәңгі әлеуметтік функциясын орындауға бағытталған. Осыдан шығатыны педагогикалық іс-әрекет адам баласын қоғамдық өмірге кірістіру бойынша ерекше, әлеуметтік және тұлғалық детерминацияланған іс-әрекет. Біздің өміріміздің кез келген саласындағы сапалы өзгерістер, тіпті білім берудегі, мұғалімнің оқу орнындағы рөлің жаңа көзқарасын қалыптастырусыз болмайды. Білім беру мазмұнын жаңартуға көшу білімге құзыреттілік көзқарас шеңберінде жұмысқа жаңа талаптар қояды, білім беру үдерісін дербес жекешелендіру жағдайында жұмысқа дайындықты қалыптастырады. Білім беру құрылымын жаңғырту дәстүрлі репродуктивтік оқыту дағдыларын еңсеруге және оқушылардың танымдық белсенділігін және тәуелсіз ойлауың қамтамасыз ететін жаңа даму, конструктивті білім беру моделіне көшуден тұрады. Білім беру мазмұнын жаңарту бағдарламасы оқытудың белсенді болуың, білім беруді саралауды жүзеге асыру керек екенің, оқу процесінде интербелсенді қарым-қатынас жасау керек екендігін болжайды. Бүгінгі білімгер - ертең білімді ұстаз, тағылымды тәрбиеші, басқадан ойы озық тәлімгер болуы маман болып қалыптасудың баспалдақтарында басталады. Еліміздің тәуелсіздік алғаннан кейінгі білім саласындағы туындаған қиындықтар ұстаздар қауымын тығырыққа тіреп, дағдарысқа әкелді. Бұл дағдарыстан шығу үшін педагогтар бас қосып, қиыншылықтан шығу мәселелерің біріге қарастырды. Республикамыздағы белсенді, ізденіс үстіндегі оқытушылар өз қолдаушыларымен бір ұжым болып, ынтымақтастық

педагогикасының аясында біріге қызмет етуге ынта білдірді. Олардың ерекшеліктері: біріншіден, жаңашылдық жолындағы авторлық курстар мен ғылыми-әдістемелік семинарлар, конференциялар ұымдастыру арқылы білім беру мазмұнын тереңдетумен айналысатын даму деңгейі жоғары дәрежедегі топ. Екіншіден, өзін-өзі жетілдіруші, қалыптастырушы, басқарушы жаңашыл жүйе. Үшіншіден, әр аймақтан ерікті түрде жаңашылдық ілімін қолдаушы, сыннан өткізуші, таратушы креативті оқытушылар тобы – жаңа үдерісті толық іске асырушы жаңашыл топ. Педагогикалық білім берудің заманауи тенденциясы болашақ мұғалімдердің іс-әрекеттерін қалыптастыруға үлкен талаптар қояды. Алайда болашақ мұғалімдерді қалыптастыру процесінің өзгермейтінділігі – жоғарғы мектепке қойылатын басты міндеттердің бірі, өйткені, бүгінгі күнгі педагог жан-жақты, инновациялық білімдермен қаруланған болуы тиіс. Мұндай сипаттағы білім тұлғаның бүкіл өміріндегі қоршаған ортамен ақпарат алмасуымен жүретін тұлға қалыптастырудың үнемі жалғасын тауып отыратын процесі болып табылады. Бүгінгі күнгі іс-әрекеті қалыптасқан мұғалім дегеніміз мұғалімдердің өздерінің шығармашылық ғұмырында жасайтын әрбір іс-әрекетінің «акме» деңгейінде болуын айта аламыз [3, 236]. Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіз мемлекет екендігін бүкіл әлемге дәлелдеді. Ендігі басты мақсат – осы мемлекеттің өркендеп өсуі, халықтық әлеуметтік, экономикалық жағынан кемелденуі болып табылады. Мемлекеттің әлеуметтік, экономикалық өсіп-өркендеуінің түпқазығы – білім мен ғылым екендігі даусыз. Бүгінгі заманда жаңа компьютерлік технологияларды енгізумен бірге «технология» деген ұғым жиі кездеседі. XX ғасырдың 60-шы жылдарындағы АҚШ пен Англияда пайда болып, содан бұл термин өмір қажеттілігіне байланысты дүниежүзіне таралып кетті. Педагогикада бұл ұғым оқушылардың аз ғана күш жұмсап, ең жақсы жоғарғы нәтижеге жетудің тиімді принциптері мен әдістерін анықтауға бағытталған. Егер материалдық өндіріс саласында еңбек затын бірте-бірте терең меңгеру негізінде еңбек өнімінің өсуіне әкелетін жаңа технологиялар жасалса, ол білім беру саласында басқаша, технологиялар ұстаз іс-әрекетінің жеке жақтарына сай жасанды, қолдан істелген конструкциялар ретінде жасалынады. «Технология» деген термин гректің түп тамыры «*techné*» - өнер, шеберлік, кәсіп және «*logos*» - ғылым, білім деген сөздерінен шыққан. Екі түп тамырының бірлігін шеберлік туралы ғылым немесе білімді беретін деген сөзді құрайды. Ол өндірістік үдерістерді жүргізудің тәсілдері мен құралдары туралы білімдер жиынтығы деген [4, 144б.]. Қазіргі уақытта «педагогикалық технология» ұғымы әр түрлі түсіндіріледі. Жаңа педагогикалық технология деген не? Ол үшін алдымен «техника», «технология» терминдерінің мағынасын түсініп, тереңінде не жатыр, соны ақылмен аңғаруымыз қажет. Ол үшін әлемдік педагогикалық тәжірибеде «технология» ұғымының тарихына көз жүгірткеніміз жөн.

«Техника» терминінің екі мағынасы бар екені айқын:

- біріншісі - өндіріс құралдарының жиынтығы;
- екіншісі - бір істі орындағанда қолданылатын тәсілдер жинағы.

«Технология» термині сол тәсілдер жүйесі (ілім) деген мағынаны білдіреді. Бүкіл дүниежүзілік білім беру кеңістігіне кіру мақсатында қазіргі кезде Қазақстанда білімнің жаңа жүйесі құрылуда. Бұл үрдіс педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіне нақты өзгерістер енгізумен қатар елімізде болып жатқан түрлі бағыттағы білім беру қызметіне жаңаша қарауды, қол жеткен табыстарды сын көзбен бағалай отырып, саралауды, жастардың шығармашылық әулетін дамытуды, мұғалім іс-әрекетін жаңаша тұрғыда ұйымдастыруды талап етеді. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі - маңызды мәселелердің бірі. Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр: білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің жаңа мазмұны пайда болды. Атап айтқанда: білім мазмұны жаңа біліктермен ақпараттарды қабылдау қабілеттілерінің дамуымен, ғылымдағы шығармашылық және нарық жағдайындағы білім беру бағдарламаларының нақтылануымен байи түсуде; ақпараттық дәстүрлі әдістері - ауызша және жазбаша, телефон немесе радиобайланыс қазіргі заманғы компьютерлік

құралдарға ығысып орын беруде; баланың жеке басын тәрбиелеу, оның жан дүниесінің рухани баюына, азамат, тұлға ретінде қалыптасуына көңіл бөлінуде; мектеп, отбасы мен қоршаған әлеуметтік ортаның бала тәрбиесіндегі рөліне мән берілуде [5,208 б.]. Қазіргі қазақстандық білім беру кеңістігіндегі түбегейлі өзгерістер - тарихи объективті процес. Білім беру саласын реформалаудағы мақсат - білім беру жүйесін қайта қарап, оқушылардың шығармашылық бейімделуіне қарай бағдарлы, сатылы білім алуларына жағдай жасау болып табылады. Бүгінгі таңда оқушының білім сапасын бұрынғыдай білім, білігі және дағдысымен өлшеу жеткіліксіз. Қазіргі талап - білім сапасы оқушының алған білімін жеке басын әрі қарай дамытуына, тұлға ретінде қоғамның өркендеуіне пайдалана білуімен өлшенеді деп тұжырымдалады. Инновация дегеніміз (латын сөзі in - в, nous - жаңа) – жаңа мазмұнды ұйымдастыру, ал жаңалық енгізу дегеніміз – тек қана жаңалық енгізу, ұйымдастыру, яғни, инновациялық процесі мазмұнды дамыту, жаңаны ұйымдастыру, қалыптастыруды анықтайды, ал «жаңаша» деп жаңаның мазмұны, оны енгізудің әдіс-тәсілі мен технологиясын қамтитын құбылысты түсінеміз. Инновациялық технологияларды тиімді қолдану - болашақ мұғалімдердің шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыруға негіз болады. Бүгінде болашақ мұғалімдердің шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыруда көптеген инновациялық технологиялар бар, оларға: миға шабуыл, ТРИЗ, жобалау технологиясы, ойын технологиясы, кейс стади және т.б технологиялар жатады.

Болашақ мұғалімдердің шығармашылық іс-әрекетін қалыптастырудың бір көрінісі - сабақтарда оқытудың технологияларын тиімді қолдана білуі. Кейс стади технологиясын қолдану арқылы студенттедің бойында тиянақтылық, жүйелілік іс-әрекеті қалыптасса, миға шауыл технологиясын қолдану арқылы өзіндік пікірлері қалыптасады. Осылайша, жоғарыда аталған технологияларды пайдалану арқылы болашақ мұғалімдердің шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыруға мүмкіндік аламыз. Болашақ мұғалімдердің іс-әрекетін қалыптастыру мәселелерін шешу, психологиялық-педагогикалық ғылымдардың озық жетістіктерін қолдану, оның ішінде инновациялық технологияларды қолдану, болашақ мұғалімдердің білім беру тәжірибесіне инновациялық оқыту технологиясын ендірудің тиімділігін жоғарылатуға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы Астана, Ақорда, 2007 жылғы шілденің 27-сі. № 319-III ҚРЗ
- 2 Таубаева Ш. Введение в методологию и методику педагогического исследования: учебное пособие. -Түркістан: «Тұран» баспасы, 2007. - 190 с.
- 3 Тұрғынбаева Б.А. Ұстаздық шығармашылық. - Алматы, 2007. - 236 .
- 4 Өстеміров К. Қазіргі педагогикалық технологиялар мен оқыту құралдары: Оқу құралы: -Алматы: ЖШС «КАЗПРОФТЕХ», 2007. -144 б.
- 6 Еркибаева Г.Ғ. Оқыту үрдісіндегі жаңа технологиялар: теория мен практика: Оқу әдістемелік құрал. –Алматы: ГиГаТРЭЙД, 2014. - 208 б.

УДК 159.923.2

БАЛАНЫҢ МЕКТЕПКЕ БАРУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ТУЫНДАЙТЫН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР

Жунисова А.С.,

магистр, аға оқытушы

Академик Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті

Шымкент қ., Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада баланың мектепке баруына байланысты туындайтын

психологиялық өзгерістер қарастырылады. Мектепке бару балалар үшін маңызды кезең болып табылады, себебі бұл жаңа әлеуметтік ортаға бейімделу, жаңа міндеттер мен жауапкершіліктер алу, сондай-ақ жеке тұлғалық және эмоционалды даму процесстеріне әсер етеді. Мақалада мектепке барар алдында және мектепте баланың психологиялық ерекшеліктері мен өзгерістері талданады. Сонымен қатар, ата-аналар мен мұғалімдерге баланың психологиялық жай-күйіне қатысты практикалық кеңестер беріледі.

Кілт сөздер: мектепке бару, психологиялық өзгерістер, бала, даму, бейімделу, эмоционалды даму, әлеуметтік орта, ата-ана, мұғалім.

Аннотация. В статье рассматриваются психологические изменения, связанные с первым походом ребенка в школу. Поступление в школу является важным этапом в жизни ребенка, поскольку это новый социальный контекст, новые обязанности и ответственность, а также процесс личностного и эмоционального развития. Анализируются психологические особенности и изменения, происходящие у детей до и в процессе начала обучения в школе. Также даются практические рекомендации для родителей и учителей по поддержке психологического состояния детей.

Ключевые слова: поступление в школу, психологические изменения, ребенок, развитие, адаптация, эмоциональное развитие, социальная среда, родители, учитель.

Abstract. This article discusses the psychological changes associated with a child's first experience of going to school. Starting school is an important milestone in a child's life, as it involves adapting to a new social environment, taking on new responsibilities, and going through processes of personal and emotional development. The article analyzes the psychological characteristics and changes occurring before and during the child's school life. Additionally, practical recommendations are provided for parents and teachers regarding the child's psychological well-being.

Keywords: starting school, psychological changes, child, development, adaptation, emotional development, social environment, parents, teacher.

Баланың мектепке келуінен бастап, оның өмірінде мүлдем жаңа кезең басталды. Бұл кезеңге ол тиісті дәрежеде даяр болуы тиіс. Алдымен бұл кезең балаға жаңа құқықтар беріп қана қоймайды, бала едәуір қиындығы бар міндеттер артатын маңызды іс-әрекет атқаруға даяр болуы тиіс. Кішкентай мектеп оқушысы айналасындағылардан өзінің оқу сабақтарына деген құрмет күте отырып, өзі де мұғалімнің барлық тапсырмасын жүйелі орындауға, сол сәтте қаласа да, қаламаса да, өзін мектеп ережелеріне сәйкес ұстауға міндетті болып саналады. [1].

Жасы жетіге жеткен балалардың көпшілігі мектеп оқушысының жағдайына көшуге ұмтылады, алайда ол жағдайдың не екенін олар барлық кезде бірдей айқын түсіне бермейді. Кейде оларды портфельге ие болғысы келу, өзін үлкен санау, бағалар алу және тағы басқа тәрізді істің таза сыртқы жақтары қызықтырады. Оқушы жағдайына шын мәнінде даяр деп оны мектеп қызықтыратын, яғни біршама дамыған танымдық ынталары бар баланы айтамыз. Тек осы негізде ғана балалар өздерінің мектептегі міндеттеріне тиісті дәрежеде жауапкершілікпен қарауға қабілетті болады. Алайда мектеп оқушысы болғысы келу тілегі мен оқуға байыпты көзқарас жеткіліксіз: мұнымен қоса осы тілек, осы қатынасқа ситуациялық себептерді бағындыра білу, сабақ үстінде өзін зейінді болуға көндіру, кейде жалықтыратын ережелерді жаттау, қиын есептің шешімін табанды түрде ойластыру қажет.

Оқушы жағдайына шын мәнінде даяр деп мектептің сыртқы жиһаздары емес, жаңа білімдер алу мүмкіндіктері қызықтыратын, яғни біршама дамыған танымдық ынталары бар баланы айтамыз. Тек осы негізде ғана балалар өздерінің мектептегі міндеттеріне тиісті дәрежеде жауапкершілікпен қарауға қабілетті болады. Алайда мектеп оқушысы болғысы келу тілегі мен оқуға байыпты көзқарас жеткіліксіз, мұнымен қоса осы тілек, осы қатынасқа ситуациялық себептерді бағындыра білу, сабақ үстінде өзін зейінді болуға көндіру, кейде жолықтыратын ережелерді жаттау, қиын есептің шешімін табанды түрде ойластыру қажет. Басқаша сөзбен айтқанда, болашақ оқушыға өз мінез-құлқын, оның ішінде өзінің танымдық іс-әрекетін ерікті басқару, оны оқу міндеттерін шешуге бағыттап отыру қажет болады. Ал

мұның өзі балада шағын себептерді маңыздырақ тұрақты мақсаттар мен ниеттерге бағындыруға көмектесетін мотивтердің сатылы жүйесі қалыптасқанда ғана мүмкін болады[4].

Қазіргі мектепке оқуға келген балалар бірінші сыныпқа тиісті мөлшердегі білім дағдыларымен, зерттелінетін заттар мен құбылыстарды жүйелі бақылауға, олардың елеулі ерекшеліктерін ажыратуға, пікірлесуге және қорытындылар жасауға мүмкіндік беретін дамыған қабылдауымен және ойлауымен келеді деп есептелінеді. Бұл жоспарлы және дараланған қабылдауды, оқылатын материалға теориялық қатынастың элементтерін, ойлаудың жалпылама формалары мен негізгі логикалық операцияларын, мағыналы есте сақтауды игеруге тиіс баланың ақыл-ойын дамыту дәрежесіне белгілі талаптар қояды. Мұнымен қоса бала оқу әрекеті саласындағы бастапқы іскерлік нәтижеден гөрі, оқу тапсырмаларының орындау тәсіліне зейін қою, өзін-өзі бақылау т.б. игеруі тиіс. Бала мектепке келісімен, ортақ маңызды іспен айналысып жатқан құрбыларының тобына кіреді. Бұл мектеп тобының балабақша тобынан елеулі айырмашылығы болады.

Мектепке психологиялық даярлық - оны қай қырынан алсақ та, баланың бұған дейінгі бүкіл психикалық дамуының қорытындысы, отбасы мен балабақшадағы тәрбие мен үйретудің бүкіл жүйесінің жемісі екенін оңай көруге болады. Нәтижелі оқытуға қажетті сапалар бірден пайда болмайды. Олар баланың өмірге келген сәтінен бастап біртіндеп қалыптасады. Бұл сапаларды қалыптастыру үшін ойын, сурет салу, конструкциялау т. б. сияқты іс-әрекет түрлерінің маңызы болатынын атап керсеткен жөн. Өйткені тап соларда алғашқы рет мінез-құлықтың қоғамдық мотивтері пайда болып, мотив сатылары қаланады; қабылдау мен ойлау әрекеттері қалыптасып, жетіледі, балалар арасындағы өзара қарым-қатынас дамиды.

Балаларды мектепке психологиялық даярлауда балабақшаның ересек және даярлық тобында жүргізілетін арнайы тәрбие жұмысының рөлі аз емес. Бірақ ол жеңіл жәрдем жасауға тырысу түрінде болмай, психикалық дамудың бұған дейінгі бүкіл жетістіктеріне сүйенуі тиіс. Балалардың есін өте көп шашыранды мағлұматтармен толтырып немесе оқу, есеп шығару дағдыларын бағытсыз қолдана беруден зиянды нәрсе жоқ. Балалар жалпылама және жүйелі білім алып, болмыстың жаңа салаларында бағдар алуға үйретіліп, бұйымдардың сандық қатынастарын, тілдің дыбыстық материясын осындай кең негізде дағдыларды игерту ұйымдастырылса, жағдай мүлдем басқаша болады. Осындай оқыту процесінде балаларға болашақта кез келген білімді саналы игеруге мүмкіндік беретін болмысқа теориялық көзқарастың бастамасы жасалады.

Алғашқы кезде оқушы нақтылы оқу пәндерінің мазмұнымен шын мәнінде әлі таныс емес. Олардың оқу материалдарына танымдық ынтасы әзірге жоқ. Олар тек математиканы, грамматиканы және басқа пәндерді тереңдеп оқу кезінде қалыптасады. Әйтсе де бала алғашқы сабақтардан бастап-ақ тиісті мағлұматтар ала бастайды. Бұл ретте оның оқу жұмысы жалпы білім алуға деген ынтаға сүйенеді. Ынталықтың жеке-дара көрінісі бұл жағдай математикада немесе грамматикада байқалады. Мұғалімдер бұл ынталылықты алғашқы сабақтарда дереу пайдаланады. Осының арқасында бала үшін сандардың тіркестілігі, әріптердің реттілігі және т. б. сияқты шын мәнінде ұзын-сонар, дерексіз жайлар туралы мағлұмат алу қажеттіде маңызды бола бастайды.

Бірінші сынып оқушыларының басына өткізетін қиыншылықтардың негізгі түрлері - көбінесе үш типті жағдайларда көрінеді.

Олардың біріншісі жаңа мектеп режимі ерекшеліктеріне байланысты (дер кезінде ояну және тұру керек, сабақты жіберуге болмайды, барлық сабақтарда тыныш отыру талап етіледі, үй тапсырмаларын орындау қажет және т. б). Тиісті дағдылар болмаса, бала да әдеттен тыс шаршау оқу жұмысын бұзу, режимдік сәттерді жіберіп қою пайда болады. Жеті жастағы балалардың көпшілігі психологиялық-физиологиялық жағынан қажетті дағдыларды қалыптастыруға даяр болады. Тек қана мұғалім мен ата-аналар бала өміріне қойылатын жаңа талаптарды түсінікті де айқын жеткізуді, олардың орындалуын әрдайым тексеріп балалардың жеке-дара ерекшеліктерін есепке ала отырып, мадақтау мен жазалау шараларын қолданып отыруы қажет.

Бірінші сынып оқушылары бастан кешіретін қиыншылықтардың екінші типі мұғаліммен, сыныптағы жолдастарымен, отбасында болатын қарым-қатынастардың сипатынан туындайды. Балаларға мүмкіндігінше жылы шырай таныта және мейірбан бола отырып, мұғалім қайткенмен беделді де қатал тәлімгер болып табылады, ол белгілі бір мінез-құлық ережелерін ұсынып, одан ауытқудың қандайына болса да тоқталып отырады. Ол үнемі балалардың еңбегіне баға береді. [5].

Мұғалімнің позициясы мынадай: бала оның алдында қандай да бір именшектік жасамай тұра алмайды. Осының салдарынан мектепте балалардың біреулері тым тұйық, ал екіншілері босаңдау бола бастайды (ола үйінде тіпті басқаша болуы мүмкін). Бірінші сынып оқушысы көбіне жаңа ортаға үйренсе, балалармен бірден таныса алмайды, өзін жалғыз сезінеді.

Тәжірибелі мұғалім барлық балаға бірдей талап қояды, бірақ әр баланың бұл талаптарды орындауының өзіндік жеке-дара ерекшеліктерін мұқият бақылайды. Бұл олардың мінез-құлықтарының «астарына» көз жүгіртіп, олардың шын мәніндегі психологиялық қасиеттерін түсінуге көмектеседі. Балаларда тек осындай арнайы зерттеудің негізінде ғана оларға әсер етудің белгілі бір нақтылы әдісін таңдап алуға болады, бұл әдістің мақсаты барлық бірінші сынып оқушыларын сабақ үстінде тыныш, ұстамды болу мінез-құлық әдетіне, сабақтардың жалпы қарқынын сақтауға, мұғалімнің ескертулеріне іскерлікпен жауап беруге тәрбиелеу болып табылады. Түптеп келгенде осының бәрі мұғалімге және оның іс-әрекетіне сенуді тәрбиелеуге келіп саяды.

Саналы тәртіп, үлкендердің жүйелі талап қойып отыруы - балалардың қозу және тежелу процестерінің қалыпты дамуына, өзара қатынасының қалыптасуына қажетті сыртқы шарттар. Сонымен қатар жеті жасқа қарай олардың жалпы байланысы тәртіпке, орнықтылыққа, төзімділікке қойылатын жаңа мектеп талаптарына сай болады. Осылайша мектеп жасына дейінгі балаларға қарағанда бастауыш сынып оқушыларының бұлшық ет жүйесі едәуір қатайды, жүрек-тамыр қызметі салыстырмалы түрде тұрақтанады, жүйкенің қозу және тежелу процестері көбірек тепе-теңдікке ие болады. Мұның бәрі мектеп өмірінің бастамасы баладан айтарлықтай ақыл-ой күшін ғана емес, сонымен қатар үлкен дене төзімділігін де талап ететін ерекше оқу қызметінің бастамасы болғандықтан ерекше маңызды.

Баланың мектепке баруына байланысты болатын психологиялық өзгерістер. Атап көрсетілгендей, баланың психикалық дамуының әрбір кезеңі оның іс-әрекетінің негізгі, жетекші түрімен сипатталады. Мысалы, мектеп жасына дейінгі балалық шақта ойын іс-әрекеті жетекші болады. Бұл жастағы балалар үйреніп, тіпті шама шарқынша еңбек етіп жүрсе де, олардың бүкіл болмысын анықтайтын шынайы стихия әр түрлі ойындар болып табылады. Ойын үстінде қоғамдық баға беруге тырысушылық пайда болады, қиял және символиканы пайдалана білуі дамиды. Осының бәрі баланың мектепке даярлығын сипаттайтын негізгі сәттер болып табылады [7].

Жеті жасар бала мектеп табалдырығынан аттасымен-ақ оқушы болады. Оның өмірінде ойын әлі маңызды орын алғанымен, осы уақыттан бастап ол біртіндеп басымдылық ролін жоғалта бастайды. Бастауыш сынып оқушысының жетекші іс-әрекеті оның мінез-құлық мотивтерін елеулі түрде өзгертетін, оның танымдық және адамгершілік күштерін дамытудың жаңа көздерін ашатын оқу болады. Мұндай қайта өзгеріс процесінің бірнеше кезеңдері бар.

Әсіресе баланың мектеп өмірінің жаңа жағдайларына алғаш енуі айқын аңғарылады. Балалардың көпшілігі бұған психологиялық жағынан даярланған. Олар үймен немесе балабақшамен салыстырғанда, әдеттен тыс бірдеңелер кездестіруді күте отырып, мектепке қуана барады. Баланың бұл ішкі позициясы екі жағдайда маңызды. Алдымен мектеп өмірінің жаңалығын алдын ала сезіну және қалау баланың сыныптағы мінез-құлық ережелеріне, жолдастарымен ерекше қарым-қатынас нормаларына, күн тәртібіне қатынасы мұғалімнің талаптарын жылдам қабылдауға көмектеседі. Бұл талаптарды бала қоғамдық маңызды және орындамауға болмайтын талаптар деп қабылдайды.

Тәжірибеде белгілі, психологиялық жағынан басталған мынадай қағида бар: баланың сыныпқа келген алғашқы күнінен-ақ оған оқушының сабақтағы, үйдегі және қоғамдық мінез-құлық ережелерін айқын да нақты мағынада түсіндіру керек. Балаға оның жаңа көзқарасының,

міндеттерінің және құқықтарының бұрынғы ол әдеттенген жағдайлардан айырмашылығын түсіндіру маңызды. Жаңа ережелер мен нормаларды сөзсіз орындауды талап ету — бірінші сынып оқушысына орынсыз қаталдық жасау емес, мектепке баруға даярланған балалардың өз түсініктеріне сәйкес олардың тіршілігін ұйымдастыруға қажетті шарт. Бұл талаптар орнықсыз әрі екі ұшты болса, балалар өз өмірінің жаңа кезеңінің өзіндік ерекшеліктерін сезбейді, бұл олардың мектепке деген ықыласын жоюы мүмкін.

Алғашқы кезде оқушы нақтылы оқу пәндерінің мазмұнымен шын мәнінде әлі таныс емес. Олардың оқу материалдарына танымдық ынтасы әзірге жоқ. Олар тек математиканы, грамматиканы және басқа пәндерді тереңдеп оқу кезінде қалыптасады. Әйтсе де бала алғашқы сабақтардан бастап-ақ тиісті мағлұматтар ала бастайды. Бұл ретте оның оқу жұмысы жалпы білім алуға деген ынтаға сүйенеді. Ынталылықтың жеке-дара көрінісі бұл жағдай математикада немесе грамматикада байқалады. Мұғалімдер бұл ынталылықты алғашқы сабақтарда дереу пайдаланады. Осының арқасында бала үшін сандардың тіркестілігі, әріптердің реттілігі және т. б. сияқты шын мәнінде ұзын сонар, дерексіз жайлар туралы мағлұмат алу қажетті де маңызды бола бастайды.

Жалпы педагогикалық психология үшін және білім беру жүйесінің әр сатысындағы үйренушінің типтік “психологиялық портретін ” анықтау үшін Д.Б. Эльконин тұжырымдамасы маңызды: “Қиын-қыстау кезеңге сәйкес жаңа құрылымдардың пайда болуын тудыратын нәрсе, өз тарапынан тиянақты кезеңдегі ары қарай дамудың бос желісі болып табылады. Педагогикалық схема бала дамуындағы өзгерістердің соңымен ілесе алмауы мүмкін, нәтижесінде қиын тәрбиеленбеу, үлгермеу әсерлері пайда болады, олардың себептерінің бірі бала қалыптасуының динамикасында болуы мүмкін.”

Сонымен, бала мектеп өміріне алғаш ене бастағанда, онда мәнді психологиялық қайта өзгеріс болады. Ол жаңа режимнің бірқатар маңызды әдеттерін бойына сіңіреді, мұғаліммен және жолдас-тарымен сенімді қарым-қатынас орнатады. Оқу материалының мазмұнына ынтаның пайда болуы негізінде оның оқуға деген жақсы көзқарасы қалыптасады. Бұл ынталардың одан әрі дамуы және төменгі сынып оқушыларының оқуға деген көзқарасының жайы олардың оқу әрекетінің қалыптасу процесіне байланысты. Сондықтан педагогикалық психология үшін осы іс-әрекетті құру және оның жекелеген бөліктерінің ерекшеліктері туралы мәселе ерекше маңызды болып табылады. [4].

Қорытындылай келе, мектеп қабырғасын жаңа аттаған бүлдіршіндердің мектепте оқуға даярлығында, әрі олардың мектептегі оқуды жеңіл меңгеруінде, сондай-ақ мектептің алдыңғы жылдарындағы дағдарыстарды басынан өткізулеріне орай, олардың міндетті түрде жеке даралық ерекшеліктерін ескере отырып, жұмыс көрсету қажет деген тұжырым жасаймыз.

Әдебиеттер:

1. Абрамова ГС. Практическая психология. - М., 2001.
2. Абрамова ГС. Психологическое консультирование. - М., 2001.
3. Алдамұратов. Жантану негіздері - Алматы, 2001.
4. Андреева Г.М. Социальная психология. - М., 1980.
5. Анекеев Н.П. Воспитание игрой: Книга для учителей. - М., 1987.
6. Ананьев Б.Г. Избранные психологические труды: в 2-х т. - М., 1980. (Развитие детского самосознания: 103-127).
7. Амановили Ш.А. «Здравствуйте, дети». – М., 1996.

ӘОЖ 373

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ЕСЕП ШЫҒАРУ БАРЫСЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПАСТЫРУ

Жұмабекова З. Ә.

*Жұмабек Ташенов атындағы
№23 IT мектеп-лицейі КММ
коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Түркістан қ, Қазақстан
Zaure2710@mail.ru*

Андатпа. Мақалада бастауыш сыныпта есеп шығару барысында оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктері білімге деген өте белсенді ақыл-ой әрекеті қарастырылады. Бастауыш сынып оқушыларының зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктері, мақсаттан әрекетті орындаудың тәсіл-амалдарынан тұрады. Оқу үрдісі оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктері негізінде оқушылардың танымдық белсенділігі қалыптасады. Бастауыш сынып оқушыларының зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктерінің ең жоғарғы көрінісі оқушылардың алған білімдерін өмірде пайдалана білуі болып табылады.

Түйін сөздер: шығармашылық, танымдық, қызығушылық, белсенділік, зерттеу, дағды, іс-әрекет.

Аннотация. Возможности формирования исследовательских навыков у младших школьников в процессе постановки задачи в статье - это очень активная умственная деятельность. Возможности формирования исследовательских навыков у младших школьников, состоит из целенаправленных способов и приемов выполнения действий. Учебный процесс формируется познавательной активностью учащихся на основе возможностей формирования у учащихся исследовательских навыков. Высшим проявлением возможностей формирования исследовательских навыков младших школьников является умение учащихся использовать полученные знания в жизни.

Ключевые слова: творчество, познавательные, интересы, активность, исследования, навыки, деятельность.

Annotation. The possibility of developing research skills in younger students in the process of setting the problem in the article is a very active mental activity. Opportunities for developing research skills in younger students, consists of targeted methods and techniques for performing actions. The educational process is formed by the cognitive activity of students based on the possibilities of developing students' research skills. The highest manifestation of the possibilities of developing *research skills of younger students is the ability of students to use their knowledge in life.*

Keywords: creativity, cognitive, interests, activity, research, skills, activity.

Елімізде білім беру жүйесіндегі оң өзгерістер көптеп саналады. Солардың қатарына жеке тұлғаның қасиеттерін, қабілеттерін дамытып, шығармашылығын, танымдық қызығушылығын, белсенділігін, талантын ұштаудағы оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруды, оқытудың озық технологияларын пайдалануды жатқызуға болады. Қазақстан қоғамының қазіргі даму кезеңінде мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық дамуының құдіретті факторы ретінде білім беру жүйесін модернизациялауға ерекше назар аударылып отыр. Мемлекет басшысы білім берудің қолжетімділігін кеңейту қажеттігін атап өткен, “оқу жастарға тек білім беріп қана қоймай, сонымен бірге оларды әлеуметтік бейімделу үдерісінде пайдалана білуге үйретуі тиіс» деген [110-13 б.]. Бастауыш сыныпта есеп шығару барысында оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктері олардың қасиеттерін дамытуға, танымдық жан қуаттарының оянуына ықпал етіп, ізденісіне, талабын ұштауға білім деңгейін жетілдірудің маңызы ерекше. Бастауыш сыныпта есеп шығару барысында оқушылардың

зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктері білімге деген өте белсенді ақыл-ой әрекеті болып табылады. Оқу үрдісі оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктері негізінде оқушылардың танымдық белсенділігі қалыптасады. Есеп шығару барысында бастауыш сынып оқушыларының зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктерін көздейтін мүддесі, білімнің қоғамдық мәнін ұғыну, қоғамға қызмет ету қарқынын үдету қажеттілігі негізінде дамиды. Бастауыш сыныпта оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктерінің ең жоғарғы көрінісі оқушылардың алған білімдерін өмірде пайдалана білуі болып табылады. Бастауыш сыныпта есеп шығару барысында оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктері, сонымен қатар өзін-өзі саналы түсіну – адамның өзінің сезінуін білдіреді. Есеп шығару барысында бастауыш сыныпта оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктері танымдық қызығушылығын дамытады деген Ә.С. Әмірова [2, 241-258б] бастауыш сынып оқушыларының зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктерінің негізгі екі жүйесі бар деп көрсетеді. Оқушының тәжірибесінің біртіндеп көбеюі, зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктері жаңа біліммен және ақпаратпен толықтырылып отырады. Бастауыш сыныпта есеп шығару барысында оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктерінің пайда болуы мен берік бекуіне кең мүмкіндік береді. Бастауыш сынып оқушыларының зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктерінің тереңдеуі және біртіндеп көбеюі, оқушыларының зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктерінің даму жүйесін құрайды деді А.Е.Әбілқасымова [3,178- 190 б]. Бастауыш сыныпта келесі дағдыларды меңгерту арқылы мақсатты түрде әлемді тану және оның түрленуін тану үшін тікелей оған қатысты әдістерді меңгертуге жоспарланды. Есеп шығару барысында бастауыш сынып оқушыларының зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктері жұмыс істеу барысында ескеретін бір жағдай: әлемді эмоционалды-сезімталдықпен меңгерудің арқасында зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктері жедел жүреді. Сондықтан да оқушыларды тәрбиелеп жатқан – ата-аналар, педагогтар, үнемі еске сақтауы керек бір жай- оқушыларының зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктерінің қалыптасуы үнемі үздіксіз жүріп жататынын естен шығармау керек. Бастауыш сыныпта есеп шығаруда оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктерінің мынандай белгілерін қарастырған:

- бастауыш сыныпта есеп шығаруда зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктерінің маңыздылығы;
- есеп шығаруда зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктерінің оқушы бойындағы білімдік сипаты ;
- есеп шығаруда зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктерінің білім беру барысында тиімділігі;

Есеп шығару барысында бастауыш сынып оқушыларының зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктері жайлы өз ойларын көптеген ғұламалар еңбектерінде жазып қалдырған. Оның себептерінің бірі қазіргі таңда ғылым мен техниканың дамуына, технология саласының озық жетістіктерінің өндіріске көптеп өзгерістер енгізуіне байланысты бастауыш сынып оқушыларының зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктерінің білім мен іскерлікті беру қажеттігі туындайды деген Ж.Асанов Ж, Н.П.Әбдіхалықов[4,45-62б]. Бастауыш сынып оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктеріне үнемі мұғалім, топ ұжымы, ата-ана тарапынан қолдау тауып отыруы тиіс. Бастауыш сынып оқушыларының зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктері жас ерекшелігіне, психологиялық даярлығына қарап қалыптастырады. А.Қ. Рысбекова өз еңбегінде бастауыш сынып оқушыларының зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктерінің қажеттігін көрсеткен[5,22-27 б]. Мұғалімнің сабақтарында ұтымды уақыт тауып бастауыш сынып оқушыларының зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктерін қалыптастыруға болады. Мұғалім бастауыш сынып оқушыларының зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктеріне тапсырмаға лайықты жағдайлар іздеп табуы керек. Математика сабағында кейбір практикалық тапсырмаларды орындауда танымдық қызығушылық, белсенділік әрекеттерін арнаға бұрып, өзгертуге болады. Есеп шығару барысында бастауыш сынып оқушыларының зерттеу

дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктерінің мынандай түрлерін жүргізуге болады.

1. Бастауыш сынып оқушыларының зерттеу дағдыларын қалыптастыру;

2. Бастауыш сынып оқушыларының зерттеу дағдыларын қалыптастыру мүмкіндіктерін талқылау;

4. Бастауыш сынып оқушыларының зерттеу дағдыларын қалыптатыру бойынша есептер құрастыру;

Бастауыш сынып оқушыларының қызығуы, яғни, сабақ мазмұнының қызығалықты, қызығалықсыз жүргізілуі есептің мазмұнына, оның талаптарына да байланысты. Оқушыларға негізгі білім беруде бағдарламадан бастау алады. Бағдарламада теориялық материалдар ауыр-жеңілдігіне қарай бір-бірімен байланыста, өзара сабақтастықта жүйелі түрде беріледі, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкестендіріледі. Бағдарламадағы математика пәнінің білім мазмұны мен мақсаты оқушыларының зерттеу дағдыларын қалыптастыру мүмкіндіктерінің оқу-тәрбие жұмысына қойылған талаптарымен ұштастырылады. Сонымен қатар оқушылардың топ бойынша математика пәнін игеретін білімі мен білік, дағдыларына қойылатын талаптар мен пәнаралық байланыста көрсетіледі. Бастауыш сынып оқушыларына математика пәнін оқыту міндеті — жеткіншек ұрпаққа ғылым негіздерінен терең де сапалы, тиянақты білім беру, оларды практикада қолдану қабілеті мен дағдыларын қалыптастыру, яғни оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастыру бүгінгі күннің негізгі мақсаты болып отыр. Есеп шығару барысында бастауыш сынып оқушыларының зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктері бірдей болмайтындығына байланысты қолданылатын да материалдарды орнымен пайдалану мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Оқулық- білім алудың құралы. Оның ең басты міндеті — оқушылардың білімін жетілдіру. Оқулық бағдарламаның негізінде жазылып, оқушыларға берілетін білім мазмұнын құрайды, танымын, білік, дағдыны қалыптастырады. Сонымен қатар сұрау тапсырмаларымен жұмыс жасағанда, үй тапсырмасын орындағанда жетекшілік қызмет атқарады. Сондықтан да мұғалім оқу үдерісінде оқулықты басшылыққа алады. Яғни, «оқулық жақсы сабақ берудің іргетасы» - деп М.Ө. Мұсабеков [6,11-17 б] айтқандай бүгінгі тәуелсіз еліміздің ұлттық қадір-қасиетін сақтауға негіз болатын, үздіксіз білім жүйесінің негізгі сатысы болып табылатын математика оқулығы. Демек, оқушылардың ұйымдастырылған оқу іс әрекетте қызығушылығын арттыруда оқулықтың да өзіндік ролі бар. Оқулықтың білім мазмұны мен құрылымының ғылыми тұрғыдан дұрыс бағытта болуын айқындайтын әдістемелік, педагогикалық талаптар мыналар:

- Оқулық мазмұнының бағдарламаға және оқушының жас ерекшелігіне сәйкестігі;

- Оқулық мазмұнының стандарт талаптарына сәйкестігі;

- Оқулықтың теориялық, практикалық жақтарының бір-бірімен тығыз байланыста болуы;

- Оқулық мазмұнның логикалық тұрғыда түсінікті болып, проблемалық ситуациялардың қамтылуы;

- Тілінің жатық, оқушыға түсінікті болуы;

Сондай-ақ оқулықта дүниетанымдық ұғымдар, анықтамалар да мысалдар арқылы беріледі. Әр түрлі суретті материалдарын қайталау бағытында деңгейлік сұрау — тапсырмалары оқушыларды өз бетінше жұмыс істеуге, ізденіске баулиды. Оқушыларының зерттеу дағдылары – бастауыш сынып оқушыларының жаңа білім, білік және дағдысын меңгеруге, объективті нақтылықты тануға бағыттылығы. Меңгерілген білімнің сипаты әртүрлі болуы мүмкін. Бұл бақылау оның үдеріске ешқандай араласпай-ақ танылатын сыртқы белгілері, таным нысанының қасиеті болуы мүмкін деген Е.Ж.Смағұлов [7,31-36 б]. Математика сабақтарындағы оқушылардың зерттеу дағдыларының негізгі түрлері бақылау, эксперимент, кітаппен жұмыс, білімді жүйелеу және т.б. болып табылады. Оқушыға бастауыш сыныпта жүйелі білім беруде мұғалім жетекші роль атқарады. «Білімдендіруді жүзеге асыратын — мұғалім» — деген. Оқулықтағы білім мазмұнының күрделенуі сияқты әрбір грамматикалық тақырыптардағы жаттығуларды бірте-бірте күрделендіре беру оқушылардың сабаққа деген белсенділігін, қызығушылығын, қабілетін арттырады, уақыттың қалай тез өткенін сезбей қалады, жаттығуды қызыға орындайды. Оқушылардың сабаққа қызығу, сабақ

мазмұнының қызғылықсыз жүргізілуі жаттығулар мазмұнына, оның талаптарына да байланысты. Есеп шығару барысында бастауыш сынып оқушыларының зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктері дидактикалық материалдар ойланатындай етіп құрылуы тиіс. Ол үшін мұғалім ең алдымен топта шығармашылық көңіл-күй тудыру үшін оқушының назарын бір нәрсеге бағыттауы тиіс. Яғни, бастауыш сынып оқушыларының зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктері үшін үнемі елеусіз болса да шығармашылық тапсырма — жаттығу, ойын түрлерін ұсынған жөн: әрбір зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктері оқушыға ұсынудың жолын әдіс-тәсілін білу керек;

- Есеп шығару барысында бастауыш сынып оқушыларының зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктері тапсырмалардың мазмұны жас ерекшеліктеріне, қызығушылығына үйлесуі тиіс;

-Берілген тапсырма — міндетпен танысқаннан кейін оқушы жұмысқа кіріседі. Мұғалімнің ең үлкен міндеті — оқушы белгілі бір шешім тауып, ойын тұжырым жасап түсінгенге дейін назардан тыс қалдырмау, белсенділік бағыт-бағдар беріп отыруы;

-Сабақта есеп шығару барысында бастауыш сынып оқушыларының зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктері жеке дара оқушы емес, топтың бүкіл мүшелері ойласуы үшін жағдай, мүмкіндік туғызу қажет;

- ұжымда өзара белсенділік - мұғалім- оқушы үшін қарапайым ғана жан.

Оқыту әдістері бар мұғалім мен оқушылардың оқу тәрбие жұмысының міндеттерін ойдағыдай шешуге бағытталған өзара байланысты іс-әрекетінің тәсілдері. Оқыту әдісін осылай дидактика тұрғысынан түсіндіру жалпы философиялық анықтамаға сай келеді. Бастауыш сыныпта есеп шығару барысында оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктері берілген тапсырманы басқаның көмегінсіз орындауымен, шектелмейді. Сондықтан да оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктерінің оқу үдерісінде ең негізгі міндет болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы. – Астана, 2007. – 10-13 б.
- 2.Әмірова Ә.С. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс- әрекетін қалыптастырудың теориясы мен әдістемесі. - Алматы, 2018 – 241-258б.
- 3.Әбілқасымова А.Е. Оқушылардың танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру/ Монография. - Алматы: Білім, 2016. 178- 190 б.
- 4.Асанов Ж, Әбдіхалықов Н.П., Педагогиканың ғылыми-зерттеу әдістері. Оқу құралы. А., 2015. 45-62б
5. Рысбекова А.Қ., Оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін қалыптастырудың кейбір жолдары., Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті «Педагогика ғылымдары» сериясы. № 2 (53) 2017 ж.22-27 б.
6. Мұсабеков М.Ө. Математика сабағында төменгі сынып оқушыларының зерттеушілік қызметін қалыптастыру. //Бастауыш мектеп. - №2. 2016 – 11- 17 б.
- 7.Смағұлов Е.Ж., Математика пәнінен зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру. – //Ізденіс. 2018- № 5. – 31-36 б.

ӘОЖ 376.1

ЕРЕКШЕ БІЛІМДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАРҒА ЖЕКЕ ДАМУЫ АҚПАРАТ ОҚЫТУ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІНІҢ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ

Избасарова П. Б.,

Полиция майоры, оқытушы

ҚР ІІМ, Бауыржан Момышұлы атындағы оқу орталығы

Шекербекова М. С.

филология ғылымдарының магистрі,

Академик Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар Достығы университетінің доценті

Шымкент қ., Қазақстан

Аннотация. Ценность научной статьи подготовленный план урока поможет будущим учителям начальной школы пройти занятия в инклюзивном классе. Определены механизмы, аспекты и направления реализации инклюзивного образования в дошкольной организации и начальной школе.

Ключевые слова: инклюзивное обучение, стратегия, международная организация, права инвалидов, интеграция, идея интегрированного обучения, демократические движения, дискриминация, права лиц с ограниченными возможностями, координационный совет, возможности развития, психолого-педагогическая поддержка.

Annotation. The value of the scientific article the prepared lesson plan will help future primary school teachers to take classes in an inclusive classroom. The mechanisms, aspects and directions of the implementation of inclusive education in preschool and primary schools are defined.

Keywords: inclusive education, strategy, international organization, rights of persons with disabilities, integration, the idea of integrated learning, democratic movements, discrimination, rights of persons with disabilities, coordinating council, development opportunities, psychological and pedagogical support.

Инклюзивтік білім беру - барлық балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата - аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу - педагогикалық және әлеуметтік қажеттіліктерін арнайы қолдау, қоршаған ортаның балаларды жас ерекшеліктеріне және білімдік қажеттіліктеріне бейімделуіне жағдай қалыптастыру, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат.

Психикалық дамуының негізгі бұзылыстары интеллектуалды даму деңгейі, яғни, зейіні, есте сақтауы, ойлауы, кеңістікті бағдарлауы төмен болып келеді. Осы себептерге байланысты психикасы дамуы тежелген (ПДТ) балалардың оқу үлгерімі төмен болады. Бұл балалардың оқуға үлгермеушілігі жеті-сегіз жастан анық байқалады. Ата-аналары көмекші не арнайы мектептер мен мектеп-интернаттарға, психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттері мен коррекциялық-түзету сыныптарына балаларын бергісі келмеген жағдайда жалпы білім алатын мектептерде ПМПК-ның ұсынысы бойынша жеңілдетілген бағдарламамен оқытуына толық құқылары бар. Жалпы білім беретін мектептер мен бала бақшалар ПМПК-ның қорытындысы бойынша көрсетілген, яғни, баланың деңгейіне қарай жеңілдетілген бағдарламамен кемтар балаларды тәрбиелеуге және инклюзивті оқытуға дайын болғандары жөн. Инклюзивті оқытуға жалпы мектептерде арнайы психологы, әлеуметтік мұғалімі, олигофрено мұғалімі, логопед мамандары жұмыс жасайды. Егер бала көмекші бағдарламаны толық игерген болса, оған арнайы күәлік беріледі, ал игермесе, анықтама ғана алады. Егер ата-анасы баласын арнайы мектеп- интернатқа жібергісі келмесе, жергілікті жалпы мектепте мүмкіндігі шектеулі баланың мүмкіндігіне қарай, жеңілдетілген бағдарлама бойынша, инклюзивті оқытуға міндетті.

Инклюзивті білім беру - өмір қажеттілігі дей келе, бала кемістігінің даму деңгейі неғұрлым төмен болса, соғырлым мұғалімнің білім деңгейі жоғары болу керек.

Қазіргі таңда барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын инклюзивті білім беру. Осы жаһандық мәселеге әлем ғалымдары мынадай анықтама береді: инклюзивтік білім беру дегеніміз - барлық балаларды, соның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарына арнайы қолдау, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат.

Инклюзивті (франц. *inclusif* – өзіне енгізетін, лат. *include* – ішіне аламын, енгіземін) немесе енгізілген білім беру – жалпы білім беру мектептерінде ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқыту үрдісін сипаттау үшін пайдаланылатын термин. Инклюзивті білім берудің негізіне балалардың кез келген кемсітушілігін болдырмайтын, барлық адамдарға тең қарым-қатынасты қамтамасыз етиетін, бірақ ерекше білім алу қажеттіліктері бар балалар үшін ерекше жағдай жасайтын идеология жатады.

Инклюзивті білім беру- мүгедек пен дамуында сәл бұзушылығы мен ауытқулары бар балалардың дені сау балалармен бірге олардың әлеуметтендіру және интеграция процестерін жеңілдету мақсатындағы бірлескен оқыту. Инклюзивті оқыту біріктірілген (оқушы дені сау балалар сыныбында/тобында оқиды және дефектолог-мұғалімнің жүйелі көмегін алады), жартылай (жеке балалар күннің бір бөлігін арнайы топтарда, ал екінші қарапайым топтарда өткізеді), уақытша (арнайы топтардағы балалар және қарапайым топтардың оқушылары бірлескен серуендерді, мерекелерді, сайыстарды, жеке істерді өткізу үшін біріктіріледі), толық (дамуда ауытқулары бар 1-2 бала бала бақшаның, сыныптың, мектептің қарапайым топтарына енгізіледі, мамандардың бақылауы бойынша түзету көмегін ата-аналар көрсетеді) болады.

Инклюзивті оқыту – ерекше мұқтаждықтары бар балалардың жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады. Демек, инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр. Осы бағыт балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру жағдайын қалыптастырады. Мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алу құқықтары «Қазақстан Республикасының балалардың құқықтары туралы», «Білім беру туралы», «Мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзетуге ықпал ету туралы», «Арнайы әлеуметтік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарында, Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген. Инклюзивті білім беру немесе «білім баршаға» бағдарламасы - барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді. Бұл бағдарламаны Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы мақұлдап, БҰҰ-ның Конвенциясына 2006 жылдың 13 желтоқсанында енгізілді.

Инклюзивті білім беру дегеніміз – балалардың жынысына, жас ерекшеліктеріне, географиялық тұратын жеріне, қимыл-қозғалыстық және ақыл-есінің жағдайына, әлеуметтік-экономикалық жағдайына қарамастан, сапалы білім алу және өздерінің потенциалдық дамыту мүмкіндігіне ие болу. Инклюзивті оқыту – барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеретін, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісінің дамуы. Инклюзивті оқыту балалардың оқу үрдісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқыту мен сабақ берудің жаңа бағытын өңдеуге талпынады. Егер инклюзивті оқытудың оқыту мен сабақ беруге енгізілген өзгерістері тиімді болса, онда ерекше қажеттіліктері бар балалардың жағдайлары да өзгереді. Инклюзивті оқытуды ашқан мектептерде оқыған балалар адам құқығы туралы білім алуға мүмкіншілік алады, өйткені олар бір - бірімен қарым - қатынас жасауға, танып білуге, үйренеді.

Инклюзивті оқыту – барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте

және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді; оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға мүмкіндік береді; адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Даму мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беруді ұйымдастыру мақсатында, типтік арнайы білім бағдарламасы жасалды. Онда балалардың мұқтаждықтары ескеріліп, білім алуларын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдістері қарастырылған. Инклюзивті оқыту балалардың оқу үрдісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқыту мен сабақ берудің жаңа бағытын өңдеуге талпынады. Егер инклюзивті оқытудың оқыту мен сабақ беруге енгізілген өзгерістері тиімді болса, онда ерекше қажеттіліктері бар балалардың жағдайлары да өзгереді. Инклюзивті оқытуды ашқан мектептерде оқыған балалар адам құқығы туралы білім алуға мүмкіншілік алады. Өйткені, олар бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, танып-білуге, қабылдауға үйренеді.

Сонымен, инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс жүргізетін мектептерде білім мазмұнын үш түрлі бағдарлама бойынша реттеген абзал. Атап айтқанда: жалпы мектептерге арналған типтік оқу бағдарламалары; мүмкіндігі шектеулі балалардың ақаулық типтеріне сәйкес арнаулы білім беру бағытындағы оқу бағдарламалары; мүмкіндігі шектеулі балалардың психофизикалық ерекшеліктерін есепке ала отырып әзірленетін оқытудың жеке бағдарламасы. Инклюзивті білім беру мәселесі шет елдерде 1970 жылдан бастау алады, ал 90 жылға қарай АҚШ пен Еуропа өздерінің білім беру саясатына осы бағдарламаны толық енгізді. Ал, біздің елімізде инклюзивті білім беру жүйесінің дамуы туралы ресми дерек «Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» көрсетілді.

Инклюзивті оқыту- негізгі принциптері:

1. Адам құндылығы оның мүмкіндігіне қарай қабілеттілігімен, жеткен жетістіктермен анықталады.
2. Әрбір адам сезуге және ойлауға қабілетті.
3. Әрбір адам қарым қатынасқа құқылы.
4. Барлық адам бір-біріне қажет.
5. Білім шынайы қарым-қатынас шеңберінде жүзеге асады.
6. барлық адамдар құрбы-құрдастарының қолдауы мен достығын қажет етеді.
7. Әрбір оқушы үшін жетістікке жету-өзінің мүмкіндігіне қарай орындай алатын әрекетін жүзеге асыру.
8. Жан-жақтылық адам өмірінің даму аясын кеңейтеді.

Инклюзивті бағыт кемтар балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады.

Жалпы инклюзивті білім берудің мазмұнына келсек, инклюзивті білім беретін мектептерде білім мазмұны 3 түрлі бағдарлама бойынша реттеген абзал:

* жалпы мектептерге арналған типтік оқу бағдарламалары:

* мүмкіндігі шектеулі балалардың ақаулық типтеріне сәйкес арнаулы білім беру бағытындағы оқу бағдарламалары мүмкіндігі шектеулі балалардың психофизикалық ерекшеліктерін есепке ала отырып әзірленетін оқытудың жеке бағдарламасы

Қазіргі уақытта мен инклюзивті оқушылармен жұмыс жасаймын. Сол сыныппен жұмыс жасау барысында инклюзивті білім беру керек екендігін түсіндім. Әр оқушының білім алуда өз ерекшеліктері бар. Мәселен әр оқушының эмоционалдық және психикалық таным процестерінің дамуы деңгейі әртүрлі екенін естен шығармау керек. Жалпы білім беретін мектептердегі мүмкіндігі шектеулі балалар оқу материалын меңгеруде, жеке тәсілдің жоқтығы, арнайы коррекциялық – түзету, психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік қолдаудың жеткіліксіздігі салдарынан әлеуметтік дағдыларды игеруде елеулі қиындықтарға тап болады.

Инклюзивті оқыту- барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында мектеп және мектепке өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту-оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға мүмкіндік береді. Адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді.

Инклюзивті оқыту-барлық балалардың мұқтаждығын ескеретін ерекше қажеттілігі бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісінің дамуы. Инклюзивті білім беру балалардың оқу үрдісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқыту мен сабақ берудің жаңа бағытын өңдеуге талпынады. Егер инклюзивті оқытудың оқыту мен сабақ беруге енгізілген өзгерістері тиімді болса, онда ерекше қажеттіліктері бар балалардың жағдайын да өзгереді. Инклюзивті білім беруді ашқан мектептерде оқыған балалар адам құқығы туралы білім алуға мүмкіндік алады. Инклюзивті оқыту балаларды жалпы білім беру үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімделуге, жынысына, шығу тегіне, дініне қарамай балаларды айыратын кедергілерді жоюға ата-аналарын белсенділікке шақыруға балалардың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік қажеттіліктерін арнайы қолдау, қоршаған ортаның балаларды жас ерекшеліктеріне бейімделуіне жағдай қалыптастыру, яғни жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді саясат.

Қорыта айтқанда, қазіргі таңда әр оқушыға жеке тұлға ретінде қарап, саналы тәрбие сапалы білім беру өмір талабы болып табылады. «Бәріне бірдей мүмкіндік», «Сапалы білім - барлығы үшін» деген ұстанымды қолдаймын.

Инклюзивті оқыту негізінде балалар құқығын кемсітпеу, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге ерекше оқыту қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр. Тәжірибе көрсеткендей, қатаң білім беру жүйесінен балалардың бір бөлігі шығып қалады, өйткені қалыптасқан жүйе мұндай балалардың даралық қажеттілігін қанағаттандыра алмайды. Инклюзивті бағыт мұндай балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады. Инклюзивті оқыту – барлық балаларға мектепке дейінгі оқу ұйымдарында, ұйым өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді.

Инклюзивті оқыту – балалардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту – адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді[2].

Бұл мақаланың мақсаты арнайы білім алу қажеттіліктері бар бастауыш сынып оқушыларына инклюзивті білім беру ерекшеліктерін айқындау; (арнайы түзету мектептерінің нормасы және оқытумен салыстырғанда). Инклюзивті білім берудің теориялық-әдістемелік негіздерін анықтау; Инклюзивті білім берудің халықаралық тәжірибесін саралау, талдау жасау; Мектепке дейінгі және бастауыш мектеп ұйымдарында инклюзивті білім беруді жүзеге асырудың жолдарын айқындау.

Бастауыш сыныпта ерекше қажеттілікті талап ететін балаларға инклюзивті білім беру талаптары. Арнайы білім беру қажеттіліктері бар балаларға инклюзивті білім беру. Зерттеу проблемасына қатысты ресми құжаттарды, психологиялық-педагогикалық, философиялық және әдістемелік әдебиеттерге теориялық талдау жасау; бастауыш сынып оқушыларына инклюзивті білім беруді қалыптастыруға бағытталған әдіскерлердің тәжірибесін талдау; инклюзивті оқыту мәселелері бойынша теориялық және әдіснамалық зерттеу жүргізу, салыстырмалы талдау, SWOT-талдау секілді зерттеу әдістері қолдану және сауалнама, бақылау жүргізу, алынған нәтижелерді өңдеу.

Бүгінгі таңда инклюзивті білім беру арнайы білім берудің ең соңғы стратегияларының бірі болып табылады. Инклюзивті білім халықаралық ұйымның көптеген мүше елдерінің білім беру саясатының құрамына ене отырып, өз кезегінде жалпы мемлекеттік әлеуметтік саясаттың бөлігі болып табылады және оның сипатын, ішкі логикасын және даму бағытын қабылдайды. Инклюзивтік білім беру — барлық балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік қажеттіліктерін арнайы қолдау, қоршаған ортаның балаларды жас ерекшеліктеріне және білімдік қажеттіліктеріне бейімделуіне жағдай қалыптастыру, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат [4].

Инклюзивті білім беру жүйесі өзіне орта, кәсіби және жоғары білім беру

мекемелерін енгізеді. Оның мақсаты мүмкіндіктері шектелген жандардың білім алуы мен кәсіби даярлануына кедергісіз орта құрылуы болып табылады. Инклюзивті білім беру тарихының дамуында барлық интеграцияланған білім берудің даму тарихы инклюзивті білім беру концепциясының қалыптасуына әсер еткен деп айтуымызға болады. Педагогикалық интеграция мүмкіндіктері шектелген жандардың білім беру процесіне кеңінен енуінің алғашқы қадамы болып табылды.

Инклюзивті білім берудің халықаралық тәжірибесі мен Қазақстандағы дамыту мәселелеріне келетін болсақ, қазіргі кезде барлық елдерде мүмкіндіктері шектеулі тұлғалардың білім алуы, еңбек ету мен әлеуметтік бейімделуі жалпы қоғамның және мемлекет тарапынан қарастырылатын мәселеге айналған. Кемтар балаларды оқыту мен тәрбиелеудің мазмұны мен ұйымдастыру аспектілері арнайы білім беру ұйымдарында қажетті мөлшерде қарастырылған. Ал мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы үлгідегі мектептерде оқыту мәселесі жанадан зерттеліп жатқан күйде. Сондықтан елдер арасында осы тәжірибе алмасу қажеттілігін туындап, өзектілігін білдірді.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (өзгертулер мен толықтырулармен). – А., 2017. – 72 б.
2. ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – А., 2016. – 61 б.
3. Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тсілдері. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 14 б.
4. «Даму мүмкіндіктері шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың дістемелік ұсынымдарын бекіту» туралы ҚР БжҒМ 2011ж. № 524 бұйрығы. – Астана, 2011. – 24б.
5. Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 - 2018 жылдарға арналған ісшаралар жоспары. – А., 2012.
6. Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беру жүйесін дамыту бойынша 2015 – 2020 жылдарға арналған іс-шаралар кешені (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 19 желтоқсандағы №534 бұйрығы). - А., 2015.

ӘОЖ 376.1

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ НӘТИЖЕЛЕРІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖОЛДАРЫ

Избасарова П. Б.,

Полиция майоры, оқытушы

ҚР ІІМ, Бауыржан Момышұлы атындағы оқу орталығы

Шекербекова М. С.

филология ғылымдарының магистрі,

Академик Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар Достығы университетінің доценті

Шымкент қ., Қазақстан

Аңдатпа. Ғылыми мақаланың құндылығы дайындалған сабақ жоспары болашақ бастауыш мұғалімдеріне инклюзивті сыныпта сабақ өтуде жәрдемдеседі. Мектепке дейінгі ұйым мен бастауыш сыныпта инклюзивті білім беруді жүзеге асырудың механизмдері,

аспектілері мен бағыттары анықталды.

Кілт сөздер: Инклюзивті оқыту, стратегия, халықаралық ұйым, мүгедектердің құқықтары, интеграция, біріктіріп оқыту идеясы, демократиялық қозғалыстар, дискриминация, кемтар тұлғалардың құқықтары, үйлестіру кеңесі, даму мүмкіндігі, психологиялық-педагогикалық қолдау.

Аннотация . Ценность научной статьи подготовленный план урока поможет будущим учителям начальной школы пройти занятия в инклюзивном классе. Определены механизмы, аспекты и направления реализации инклюзивного образования в дошкольной организации и начальной школе.

Ключевые слова: инклюзивное обучение, стратегия, международная организация, права инвалидов, интеграция, идея интегрированного обучения, демократические движения, дискриминация, права лиц с ограниченными возможностями, координационный совет, возможности развития, психолого-педагогическая поддержка.

Annotation. The value of the scientific article the prepared lesson plan will help future primary school teachers to take classes in an inclusive classroom. The mechanisms, aspects and directions of the implementation of inclusive education in preschool and primary schools are defined.

Keywords: inclusive education, strategy, international organization, rights of persons with disabilities, integration, the idea of integrated learning, democratic movements, discrimination, rights of persons with disabilities, coordinating council, development opportunities, psychological and pedagogical support.

Инклюзивті білім беру – мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытып-үйретудің бір формасы. Әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын инклюзивті білім беру.

Инклюзив сөзі – латын тілінен аударғанда «өзімді қосқанда», ал, ағылшын тілінен аударғанда «араластырамын» деген мағынаны білдіреді.

Инклюзивті білім берудің мақсаты: даму мүмкіндігі шектеулі балаларды қалыпты балалармен бірге білім беру. Яғни мемлекеттік құжаттарға сүйене отырып ашып айтатын болсақ, 18 жасқа дейінгі барлық балалардың категориясына: жынысына, дініне, шығу тегіне қарамастан тең құқылы жеке тұлға ретінде білім беру жүйесі болып табылады. Біз қоғамда өмір сүреміз. Айналамызда миллиондаған адамдар бар. Күн сайын таныс емес бейнелерді, адамдарды көреміз. Қаптаған адамдар арасынан бірінің бейнесін еске сақтаймыз не жоқ. Әлемде барлық адамдар бір-біріне ұқсамайды, «бірегей» (уникален) болып табылады.

Әр субъектінің өз қызығушылығы, принциптері, өмірлік мақсаттары мен жоспарлары болады. Тіпті киім таңдау мен кию стилінде, сөйлеу мәнерінде де қайталанбас ерекшеліктер бар. Бір-бірімізді түсініп, әр адамның жеке даралығына (индивидуальность) құрметпен қарауымыз керек.

Кез келген қоғамның даму деңгейі балалар, қарттар және мүмкіндігі шектеулі (МШ) жандардан тұратын қорғауды қажет ететін адамдар тобына деген қарым-қатынаспен өлшенеді. Бүгінде қоғамда болып жатқан әлеуметтік мәселелер: отбасылық, экологиялық, экономикалық дағдарыстар жүйке жүйелері бұзылған, әртүрлі психика балалық-физикалық аурулары бар, жас ерекшелігі әртүрлі балалардың көбеюіне әкеліп, соқтырып отыр.

Инклюзивті оқыту негізінде балалар құқығын кемсітпеу, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге ерекше оқыту қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр. Тәжірибе көрсеткендей, қатаң білім беру жүйесінен балалардың бір бөлігі шығып қалады, өйткені қалыптасқан жүйе мұндай балалардың даралық қажеттілігін қанағаттандыра алмайды. Инклюзивті бағыт мұндай балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады. Инклюзивті оқыту – барлық балаларға мектепке дейінгі оқу ұйымдарында,

ұйым өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді.

Инклюзивті оқыту – балалардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту – адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді [2].

Бұл мақаланың мақсаты арнайы білім алу қажеттіліктері бар бастауыш сынып оқушыларына инклюзивті білім беру ерекшеліктерін айқындау; (арнайы түзету мектептерінің нормасы және оқытумен салыстырғанда). Инклюзивті білім берудің теориялық-әдістемелік негіздерін анықтау; Инклюзивті білім берудің халықаралық тәжірибесін саралау, талдау жасау; Мектепке дейінгі және бастауыш мектеп ұйымдарында инклюзивті білім беруді жүзеге асырудың жолдарын айқындау.

Бастауыш сыныпта ерекше қажеттілікті талап ететін балаларға инклюзивті білім беру талаптары. Арнайы білім беру қажеттіліктері бар балаларға инклюзивті білім беру. Зерттеу проблемасына қатысты ресми құжаттарды, психологиялық-педагогикалық, философиялық және әдістемелік әдебиеттерге теориялық талдау жасау; бастауыш сынып оқушыларына инклюзивті білім беруді қалыптастыруға бағытталған әдіскерлердің тәжірибесін талдау; инклюзивті оқыту мәселелері бойынша теориялық және әдіснамалық зерттеу жүргізу, салыстырмалы талдау, SWOT-талдау секілді зерттеу әдістері қолдану және сауалнама, бақылау жүргізу, алынған нәтижелерді өңдеу.

Ғылыми мақаланың құндылығы дайындалған сабақ жоспары болашақ бастауыш мұғалімдеріне инклюзивті сыныпта сабақ өтуде жәрдемдеседі. Мектепке дейінгі ұйым мен бастауыш сыныпта инклюзивті білім беруді жүзеге асырудың механизмдері, аспектілері мен бағыттары анықталды.

Зерттеу жұмысының нәтижелері ғылыми баяндама түрінде «Жоғары педагогикалық мектепте инновациялық білім беру ортасының мазмұнын және ұйымдастыру талаптарын институттандыру» Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы жинағында (Павлодар, 2015), «ЭКСПО-2017: инновациялық даму және ғылыми білім беру кеңістігіндегі жастар» атты жас ғалымдар мен студенттердің республикалық V ғылыми – тәжірибелік конференциясы жинағында (Шымкент, 2016), «Қазақстан Халықаралық білім беру кеңістігінде» жас ғалымдарға арналған VIII халықаралық ғылыми конференция материалдары жинағында (Алматы, 2016).

«Инклюзивті білім берудің теориялық және әдістемелік негіздері» инклюзивті білім берудің мәні мен негізгі сипаттамалары, инклюзивті білім беруді дамытудың педагогикалық – психологиялық шарттары және МШ балаларға инклюзивті білім берудің әлемдік тәжірибелерін талдау, сонымен қатар Қазақстандағы бұл жүйенің жағдайы мен дамыту мәселелері қарастырылған.

Ерекше сұранысты қажет ететін балаларға білім беру кез келген ел үшін негізгі міндеттердің бірі болып табылады. Бұл әркім өз әрекетінің қажеттігі мен қатыстылығын сезіне білетін шын мәніндегі инклюзивті қоғам құруға қажетті шарт. Біз әрбір балаға оның сұранысы мен басқа да жағдайларына тәуелсіз, өз әлеуетін толыққанды жүзеге асыруға, қоғамға пайда әкелуге және оның толыққанды мүшесі болуға мүмкіндік беруге міндеттіміз.

Бүгінгі таңда инклюзивті білім беру арнайы білім берудің ең соңғы стратегияларының бірі болып табылады. Инклюзивті білім халықаралық ұйымның көптеген мүше елдерінің білім беру саясатының құрамына ене отырып, өз кезегінде жалпы мемлекеттік әлеуметтік саясаттың бөлігі болып табылады және оның сипатын, ішкі логикасын және даму бағытын қабылдайды. Инклюзивтік білім беру — барлық балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік қажеттіліктерін арнайы қолдау, қоршаған ортаның балаларды жас ерекшеліктеріне және білімдік қажеттіліктеріне бейімделуіне жағдай қалыптастыру, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат [4].

Инклюзивті білім беру жүйесі өзіне орта, кәсіби және жоғары білім беру мекемелерін енгізеді. Оның мақсаты мүмкіндіктері шектелген жандардың білім алуы мен кәсіби даярлануына кедергісіз орта құрылуы болып табылады. Инклюзивті білім беру тарихының дамуында барлық интеграцияланған білім берудің даму тарихы инклюзивті білім беру концепциясының қалыптасуына әсер еткен деп айтуымызға болады. Педагогикалық интеграция мүмкіндіктері шектелген жандардың білім беру процесіне кеңінен енуінің алғашқы қадамы болып табылды.

Инклюзивті білім берудің халықаралық тәжірибесі мен Қазақстандағы дамыту мәселелеріне келетін болсақ, қазіргі кезде барлық елдерде мүмкіндіктері шектеулі тұлғалардың білім алуы, еңбек ету мен әлеуметтік бейімделуі жалпы қоғамның және мемлекет тарапынан қарастырылатын мәселеге айналған. Кемтар балаларды оқыту мен тәрбиелеудің мазмұны мен ұйымдастыру аспектілері арнайы білім беру ұйымдарында қажетті мөлшерде қарастырылған. Ал мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы үлгідегі мектептерде оқыту мәселесі жанадан зерттеліп жатқан күйде. Сондықтан елдер арасында осы тәжірибе алмасу қажеттілігін туындап, өзектілігін білдірді.

90-шы жылдарда мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік бейімдеуін жетілдіру мақсатында халықаралық құқықтық актілер қабылданды, олар «Бала құқықтары туралы Конвенция» (1989) және «Мүгедектердің құқықтарын тепе-теңдігін қамтамасыз ету туралы ережелер» (1993), білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларға арнайы білім беру және жағдайын реттеу үшін «Саламанкалық декларация» (1994).

Мүмкіндіктері шектеулі балалардың білім алуға қол жеткізу үшін негізгі, шешуші рол атқарған 1990 жылы Жомтьен қаласында (Тайланд) өткен әлемдік «Барлығына білім беру» атты конференциясы. Осы конференция барлық адамдар үшін дамуындағы кемістікке қарамастан білім алу жағдайды қамтамасыз етуді бекіткен.

2007 жылы қабылданған мүгедектердің құқықтары туралы Конвенцияда үздіксіз, сапалы, тұрғын жерінде, отбасынан айырылмай білім алуға құқықтар жарияланып, арнайы жағдайларды қамтамасыз ету қажеттілігіне ерекше назар аудару туралы баптар бекітілген.

Шет елдердегі мүмкіндіктері шектеулі балаларды өздерінің қалыпты замандастарымен бірге интеграциялап, біріктіріп оқыту идеясының пайда болуына және оның дамуына қоғамдағы демократиялық қозғалыстар ықпал етті. Бұл дискриминацияға қарсы процестер өткен ғасырдың 70-ші жылдарына белсенді дамып, кемтар тұлғалардың құқықтарының теңдігін бекіткен. Сол кездерден бастап дамушы елдерде жалпы мектептерде мүмкіндіктері шектеулі балалардың және олардың қалыпты құрбылармен бірге оқыту үшін қажетті жағдайлар қамтамасыз етілген (арнайы педагогтармен қызмет көрсететін қосымша мамандар сипатымен, арнайы қаржылай көмек, ерекше қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін қажетті техникалық құралдар).

XX ғасырдың аяғында көптеген дамыған әлем елдерінде мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытуды дамытуда алдыңғы орында тұрған инклюзивті білім беру болды. Жалпы білім беру үрдісіне енгізілген балаларға оқуды жеңілдететін қосымша арнайы жағдай, көмек, қолдау қарастырылады. Әрбір елде интеграциялаудың өзіндік үлгісі іске асырылуда, бұл білім беруде интеграциялаудың жан-жақты үлгісін құрудың мүмкін еместігін көрсетуде. Инклюзивті білім беруді іске асырып жатқан елдерде айқындалған басым бағыт жалпы мектептік білім беру саласында қарастырып отырған категориядағы балаларды жалпы білім беру үрдісіне міндетті түрде енгізуді көздейді[9].

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты халқына Жолдауында білім беруді дамыту мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып танылады. Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаттарына баршаның сапалы білім алуға құқықтарының теңдігі; әрбір адамның зияткерлік дамуы, психикалық-физиологиялық және жеке ерекшеліктері ескеріле отырып, халықтың барлық деңгейдегі білімге қолжетімділігі жатады («Білім туралы» ҚР Заңының, 3-бабының, 1, 2-тармақтары) [30].

Инклюзивті білім беру баршаның сапалы білімге қол жетімділігін қамтамасыз

етуге бағытталған білім беру жүйесін тарату процестерінің бірі болып табылады. Ол балалардың дене, психикалық, зияткерлік, мәдени этникалық, тілдік және басқа да ерекшеліктеріне қарамастан, сапалы білім беру ортасына айрықша білім алу қажеттіліктері бар балаларды қосуды, барлық кедергілерді жоюды, олардың сапалы білім алуы үшін және олардың әлеуметтік бейімделуін, социумға кірігуін көздейді.

Өткен жүзжылдықтың аяғынан бастап инклюзивті білім беруді дамыту әлемнің көптеген: АҚШ, Ұлыбритания, Дания, Испания, Финляндия, Германия, Италия, Австралия және т.б. елдерінде білім беру саясатының жетекші бағдарына айналды. Осы елдерде балалардың дамуы мен әлеуметтік бейімделуі үшін тиісті психологиялық-педагогикалық жағдай жасалған жалпы білім беру ұйымдарында психикалық және дене бұзылыстары бар, дамуында артта қалушылығы бар балалар қалыпты дамыған құрдастарымен бірге табысты білім алуда. Инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері адам құқығы саласындағы негіз болатын халықаралық құжаттарға сәйкес әзірленген және әлемдік үрдістерді, білім беру саласындағы әлемдік практиканың жетістіктерін және қазақстандық білім беру жүйесін дамытудың басым міндеттерін ескеріп әзірленген [31].

Қазіргі кезде Қазақстанда инклюзивті білім беру жүйесін құрудың белгілі бір модельдері мен жинақталған тәжірибесі бар. Әлемдік тәжірибеде инклюзивті білім беру ерекше оқытуды қажет ететін адамдарды оқыту мен тәрбиелеуде жеке тәсіл арқылы іске асырылуда.

Ерекше оқытуды қажет ететін балаларға мыналар жатады:

- мүмкіндіктері шектеулі балалар;
- мигранттардың, оралмандардың, босқындардың, саны аз ұлттар отбасыларынан шыққан балалар;
- қоғамда әлеуметтік бейімделуде қиындықтары бар балалар (жетім балалар, виктимді балалар, девиантты мінез-құлықты балалар, әлеуметтік экономикалық және әлеуметтік-психологиялық мәртебесі төмен отбасынан шыққан балалар).

Бірқатар елдерде енгізілген инклюзивті білім, ең алдымен Финляндияда келесідей қағидаттарға негізделеді: адам құндылығы оның қабілеттері мен жетістіктеріне байланысты емес, әр адам сезінуге және ойлауға қабілетті, әр адам қатынасуға және танымды болуға құқылы, барлық адамдар бір-біріне мұқтаж, нағыз білім шынайы өзара қатынас мәнмәтінінде іске асырылуы мүмкін, барлығы қолдау мен достыққа мұқтаж. Жүргізілген талдау инклюзивті білім берудің қазақстандық моделі әлемдік тәжірибеге және осы саладағы ережелерге толық дәрежеде сәйкес емес екенін көрсетті. Инклюзивті білім беруді мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқыту нысанында қабылдау барлық санаттағы ерекше оқытуды қажет ететін балаларға жалпы білім беру бағдарламасының қол жетімділігін қамтамасыз ететін білім беру ұйымдарының мүмкіндіктерін шектейді.

Қазіргі уақытта инклюзивті білім берудің негізгі бағыттары болып:

1. Қоғамның, жалпы білім беретін мектепке дейінгі ұйымдардың мүмкіндігі шектеулі балаларды қабылдауына дайын болуы.

2. Инклюзивті білім беру идеясын таратуда, шектеулі мүмкіндіктері бар балаларға толерантты, дұрыс қарым-қатынастың қалыптасуына бұқаралық ақпарат құралдарының қатысуын қамтамасыз ету.

1. Мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істейтін мамандар арасында тәжірибе алмасушылықты қамтамасыз ету, дұрыс тәжірибелерді баспалар, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы тарату.

4. Аймақтарда инклюзивті білім беру мәселесі бойынша Үйлестіру кеңесін құру.

5. Ата-аналар қоғамдастығының мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алуға құқығын және мүдделерін іске асыруға және оны қорғауға қатысуы, оқыту үрдісінің өзіне және түзету көмегін іске асыруға қатысуы.

6. Инклюзивті білім берудің көп аспектілік мәселесіне ғылыми зерттеулер өткізу.

7.Инклюзивті мектепке дейінгі және мектеп ұйымдарында жұмыс істеу мақсатында педагогика қызметкерлерін даярлау;

8.Педагогикалық ЖОО және медициналық колледждерде кіші жастағы балалармен жұмыс істеу мақсатында мамандарды даярлау жүйесін жасау.

9.Арнайы (түзету) мекемелері мен жалпы білім беру мекемелері өзара сабақтастықта жұмыс жасау.

10.Мүмкіндігі шектеулі балаларды ерте кезден бастап түзетуді қолға алу жүйесінің басымдылығын қолдау.

11.Кіші жастағы балаларды дамыту қызметі жүйесінің жұмысының нормативтік-құқықтық және ғылыми-практикалық негізін жасау.

12.Жүйке және дене дамуы бұзылған тәрбиеленушілерге, жанұясына кеңестік көмек көрсету, баласының оқу және тәрбие үрдісіне ата-анасын қатыстыру, өйткені, оларда даму ерекшелігіне деген оң қарым-қатынас қалыптастыру.

Қазіргі уақытта инклюзивті білім беруді дамытудағы нақты факторлар: объективті және субъективті қиындықтар болып бөлінеді [48].

Субъективті қиындықтар: стандарттық процедуралардың әзірленбегендігі мүмкіндігі шектеулі балалардың оқу дәрежесін үнемі қадағалау мақсатында білімді мониторинг жүргізу үшін индикаторлардың жоқтығы және қазақ тілінде оқу әдістемелік құралдардың аздығы. Оқу тәрбие процесін ұйымдастыруда тәрбиеші педагогтардың арнайы білімдерінің болмауы және мамандар тарапынан тұрақты кеңестің аздығы. Сонымен қатар, мектепке дейінгі ұйымға келетін мүмкіндігі шектеулі балаларға арнайы көліктің болмауы. Мүмкіндігі шектеулі балалардың жеке проблемаларының болуы, яғни олардың ауырып қалуы, мектепке дейінгі ұйымға тұрақты қатыспауы[49].

Объективті қиындықтар: материалдық техникалық базаның төмен болуы. Мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту процесінде жеке дара тіл табудың қиындығы. Мамандарға арналған кабинеттердің жетіспеушілігі. Мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істейтін тәрбиешілерге біліктілігін арттыру курстарының ұдайы жүргізілмеуі[49].

Қазақ тілінде оқытатын педагог-дефектологтардың жетіспеушілігі, ауылдық аймақтарда арнайы мекемелер үшін тифлопедагогтар мен сурдопедагогтар, логопедтер санының жетіспеушілігі күрделі мәселе болып қалады. Инклюзивтік білім беруді шешу жолдары:

- мүгедектік мәселені қоғамда түсіну;
- қатарластарымен қарым- қатынас;
- толыққанды білім беру;
- қоғамға кіріктіру және бейімделу;
- мүгедек емес балаларды түсінуге, пікірлесуге тәрбиелеу.

• даму мүмкіндігі шектеулі балаларды ерте тексеру және түзету- педагогикалық қолдау көрсету мекемелерінің көптеп ашылуы;

- балаға міндетті психологтық- педагогикалық жетелеу жүргізіп, жалпы білім беру үрдісімен кіріктіру;

- әр бала үшін кіріктірудің мүмкін және қажетті түрін анықтау.
- даму мүмкіндігі шектеулі жандарды ерте анықтап, кешенді көмек көрсету.
- даму мүмкіндігі шектеулі балаларды мектепке даярлау;
- ерекше сұранысқа ие балаларды қанағаттандыру мақсатында жалпы типте білім беру мекемелерін техникалық құрал-жабдықтармен толықтыру;

- инклюзивті білім беруді дамыту үрдісінде қоғамдық мекемелерде ата- аналарды қатыстыру.

Мүмкіндігі шектеулі балалар инклюзивтік білім алуда логопед, дефектолог, дене шынықтыру нұсқаушысы, психологтан жылдық жоспарларына сәйкес күннің ІІ жартысында

өзімен жасты балалармен қатынасады (сурет салу, жапсыру т.б.) және мамандардан оқу-тәрбие және танымдық-педагогикалық көмек алады.

Даму мүмкіндігі шектеулі балалар жалпы топта тәрбиешілердің ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттеріне қатынасып «Алғашқы қадам», «Зерек бала», «Біз мектепке барамыз» бағдарламалары бойынша білім алады. Даму мүмкіндігі шектеулі балалар бала-бақша мен мектеп өміріне белсене қатысады: іс-шаралар мен ойын-сауықтарға өзге балалармен бірігіп қатысуы, ертегілер мен концерттерді ұжыммен көруі олар үшін шынайы мереке[50].

Қорыта келе, психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қызметінің әр маманы өз бағыттары бойынша жұмыс істейді. Бұл біріккен психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қызметінің басты мақсаты – мүмкіндігі шектеулі балаға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету.

Әдебиеттер тізімі

1. Білім туралы: Қазақстан Республикасының Заңы. –Алматы: Литера, 2000.
2. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. — Астана, 2010.
3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОРТА БІЛІМ: ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ/ Талдамалық жинақ .-Астана , 2015.
4. Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің жағдайы мен дамуы туралы ұлттық баяндама, 2014. – Астана: ҰБСБО, 2013 .

ӘОЖ:343.3

ҚЫЛМЫС ЖАСАҒАН МИГРАНТТЫҢ ЖЕКЕ БАСЫНЫҢ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ

*Шекербекова М. С.,
магистр, аға оқытушы*

*Имнияминов Д. Е.
магистр, оқытушы*

*Ешаев Н. Д.
магистр, оқытушы*

*Академик Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті
Шымкент қ., Қазақстан
s.temiraliyeva@inbox.ru*

Аннотация. В данной статье результаты исследования лиц-мигрантов из стран СНГ, совершивших преступления на территории Казахстана, показывают, что данный вид преступников имеет свои особенности. В статье рассмотрена криминологическая характеристика личности мигрантов, совершивших уголовные правонарушения. Ключевые слова: мигрант, личность преступника, уголовное преступление, миграция, корыстное преступление.

Ключевые слова: уголовное правонарушение, миграция, корыстное преступление. мигрант, личность преступника.

Abstract. In this article, the results of a study of migrant persons from CIS countries who have committed crimes on the territory of Kazakhstan show that this type of criminals has its own characteristics. The article examines the criminological characteristics of the personality of migrants

who have committed criminal offenses.

Keywords: criminal offense, migration, mercenary crime. migrant, the identity of the criminal.

Біздің зерттеуімізге қатысты, қылмыскердің жеке басын криминологиялық зерттеу мақсатында Қазақстан аумағында қылмыс жасаған ТМД елдерінен келген көшіп — қонушы адамдардың сипаттамаларын талдау қылмыстық қолсұғушылыққа себепші болатын осы топқа тән факторларды анықтауға және бағалауға және соның негізінде алдын алу қызметінің бағыттарын айқындауға мүмкіндік беруі тиіс екенін атап өткен жөн. Бұл үш түйінді криминологиялық проблемалардың тығыз бірлігін көрсетеді: қылмыскердің тұлғасы, қылмыстық мінез-құлықтың себептері мен механизмі, қылмыстың алдын-алу. Қылмыспен күрестің тиімділігі тұрғысынан, М. М. Бабаевтың пікірінше, келушілер қылмысы проблемасына жүгіну қылмыстар мен келушілердің (уақытша мигранттардың) жеке басы өзіндік ерекшеліктің айқын дәлелі болып табылады, оны түсінбестен тек себептерді ғана емес, сонымен бірге бізді қызықтыратын құбылыстың ауқымын да білу мүмкін емес [Бабаев М.М., Пудовочкин Ю. Е., Андрианов В. К., 2018, 76 б.]. Криминологиялық тұрғыдан ТМД елдерінің мигранттарының келесі түрлері үлкен қызығушылық тудырады: 1. ТМД елдерінен заңды көші-қон субъектілері: келудің жарияланған мақсаты олардың ниеттеріне сәйкес келетін шетелдіктер; басқа мемлекеттің аумағында пана іздеген адамдар, оның ішінде бұрынғы КСРО-ның құрамына кіретін басқа мемлекеттің азаматтығын алмаған бұрынғы КСРО азаматтары; бұрынғы КСРО-ның Республика-мемлекеттерінің азаматтары; азаматтығы жоқ адамдар; қос азаматтығы бар адамдар. 2. ТМД елдерінен заңсыз көші-қон субъектілері: кірудің жарияланған мақсаты олардың ниеттеріне сәйкес келмейтін шетелдіктер; жалған құжаттар бойынша келетін шетелдіктер; Қазақстанға заңсыз келген, криминалдық қызметті жүзеге асыратын шетелдіктер. Мигранттарды жіктеу қажет болып көрінеді, өйткені бұл қылмыстық көріністердің әртүрлі көлеміне, мигранттардың белгілі бір топтарының қылмысының даму тенденцияларына және осы қылмысқа қарсы сараланған шаралар әзірлеудің маңыздылығына байланысты.

Теориялық және практикалық маңызы бар аз зерттелген және өзекті проблемалардың қатарына қылмыс жасаған мигрант туралы ілім жатады. Бұл субъектілердің қылмыстық әрекеті үнемі өзгеріп отыратын жағдайлар мен өздігінен пайда болатын өмірлік жағдайлардың жиынтығымен анықталады. Сонымен бірге, мигранттар жасаған заңсыз әрекеттер проблемалық жағдайларды қылмыстық әдістермен, әдістермен және құралдармен дәлелді түрде шешу процесі болып табылады. Көші-қон, табиғаты бойынша адамдардың шекарадан өтетін әртүрлі қозғалыстарының жиынтығы ретінде, мигрант мәртебесінде қылмыс жасай алатын және жасай алатын субъектілердің белгілі бір тізімін береді. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес аталған мигранттардың барлық санаттары «шетелдік азаматтарға» немесе «азаматтығы жоқ адамдарға» жатады. Қазақстан аумағында қылмыс жасаған ТМД елдерінен келген көшіп-қонушы адамдарды зерттеу нәтижелері қылмыскерлердің осы түрінің өзіндік ерекшеліктері бар екенін көрсетеді.

Мигранттардың қылмыстарының барлық жиынтығын қылмыс жасауды ынталандыру бойынша құрылымдау, оларды үш топқа бөлу орынды болып көрінеді: кәсіби қылмыстық қоғамдастыққа кіретіндер және қоғамға қарсы мінез-құлық өмір салты; сотталған және қайта қылмыс жасаған, бірақ қылмыстық әлеммен байланысы жоқ адамдар; және алғаш рет қылмыс жасаған адамдар.

Көші-қон қылмысының мазмұны мигранттардың белгілі бір бөлігінің тұрақты қылмыстық мінез-құлқының болуын көрсетеді: 1) қасақана (ұйымдасқан, кәсіби және т. б.) және өзекті-анықтау (ситуациялық-қылмыстық мінез-құлық); 2) мінез-құлықтың қылмыстық-ситуациялық түрі, виктимдік-ситуациялық және кездейсоқ-ситуациялық.

Мигранттардың қылмыстық мінез-құлқының мотивациясын анықтау өте қиын, өйткені тіркелген және ашылған қылмыстарда олардың белгілі бір бөлігі ғана анықталған. Егер біз қылмыстық көріністердің мотивациялық компонентін қарастыратын болсақ, онда ол келесідей көрінеді. Мигранттардың әрбір екінші қылмысы өзіншілікке негізделген. Жеке (отбасылық)

мотивтер, олардың пайда болуы жаңа өмірлік ортада кездесетін айыруларға байланысты, сонымен қатар олар қылмыс жасаған кезде негізгі мотив ретінде әрекет етеді. Қылмыстық көріністердің арасындағы айырмашылықтар өткен қылмыстық тәжірибенің болуымен немесе болмауымен және нақты өмірлік жағдайлармен, әлеуметтік-экономикалық шектеулер мен айырулардың өлшемімен де анықталады.

Мигранттар неғұрлым аз жабдықталған және интеграцияланған болса, соғұрлым олар заңға қайшы келетін табыс алу әдістеріне жүгінуі мүмкін. Болашақта кейбір мигранттар үшін мұндай әдістерді қолдану өмір сүру нормасына айналуы мүмкін, содан кейін олар кәсіби қылмыскерлер тобына ауысады, ал басқалары экономикалық және әлеуметтік жағдайының тұрақтануына, жергілікті әлеуметтік-мәдени ортаға тығыз енуіне байланысты толығымен тоқтап қалуы мүмкін.

Бұл зерттеудің маңызды компоненттерінің бірі мигранттардың азаматтық тиесілігіне байланысты сипаттамаларын зерттеу болып табылады. Мұндай талдау алдын-алу шараларының тиімділігін бағалауға мұқият қарауға мүмкіндік береді. Қылмыстардың ең көп саны, жоғарыда атап өткеніміздей, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан азаматтарының үлесіне келеді. Әлемдік еңбек нарықтарында мигранттар негізінен жергілікті жұмысшылар арасында сұранысқа ие емес жұмыс орындарын алады. Бұл келесі әрекеттер: - жоғары қарқынды еңбекті қоса алғанда, біліктілікті талап етпейтін лас, ауыр және/немесе қауіпті жұмыс; - демалыс және ойын-сауық саласын қоса алғанда, қоғамдық қызмет көрсету саласында біліктілігі төмен немесе орташа жұмыс; - жеке салада күтім жасау және қызмет көрсету бойынша жұмыс; - экономиканың көлеңкелі және қылмыстық секторларындағы жұмыспен қамту.

Сауда саласы, әсіресе қалалық нарықтар форматында, Орталық Азия мемлекеттерінен келген мигранттармен (заңды да, заңсыз да) қарқынды түрде толықтырылып отырғаны тән. Бұл, біздің ойымызша, тарихи қалыптасқан «еңбек бөлінісі» мен осындай нарықтарда этникалық диаспоралардың дәстүрлі болуымен байланысты. Алайда, қалалық базарлардың жұмысы да, сатылатын контрафактілік өнімдер өндірісі де ақша айналымы жылдам жүретін салалар болып табылады. Бұл жағдай мигранттарды тартады, олардың мүліктік цензурасы көп жағдайда өте төмен. Бірқатар демографтар жүргізген зерттеулер әртүрлі ұлт өкілдерінің көші-қон мінез-құлқы халықтардың өмір салты мен өмір салтының ерекшеліктеріне, этностардың білім деңгейіне, дәстүрлеріне, әртүрлі жинақталған көші-қон тәжірибесінің әсеріне байланысты екенін көрсетеді.

Қылмыстық көші-қонға қатысты әртүрлі әлеуметтік топтардың, оның ішінде этностардың мінез-құлық белсенділігінің өзгеруі мигранттарды қабылдайтын қалалар үшін криминогендік аспектіде бірқатар қосымша проблемалар туғызды. Көптеген сенімділікпен әртүрлі елдердің қылмыстық топтары өздерінің заңға бағынатын отандастарының қауымдастықтарын қылмыстық әрекетті дамыту үшін өзіндік база ретінде пайдаланады деп ұсынуға болады. Бұл тек экономикалық бағыттағы қылмыстарға ғана емес, сондай-ақ есірткі құралдарының заңсыз айналымына байланысты қылмыстарға да қатысты. Бұл жерде мигранттардың жеке сипаттамалары, көбінесе этникалық ортадағы мінез-құлық стандарттарына байланысты,

Орталық Азия мемлекеттерінен келген мигранттарды осы түрдегі қылмыстарға «қосу» тетіктеріне әсер ететін сияқты. Мәселен, Тәжікстан азаматтары, қылмыстық қоғамдастықтардың қатысушылары бүгінде есірткі құралдары мен психотроптық заттардың заңсыз айналымы нарығындағы жетекші орындардың бірін иеленді. Тәжік қылмыстық топтары апиын, героин, гашиштің жетекші экспорттаушылары болып табылады. Сонымен бірге, зерттеу көрсеткендей,

Қылмыстық секторда, атап айтқанда есірткі бизнесінде «жұмыс» іздеу Тәжікстаннан келген мигранттардың басым бөлігі үшін білім деңгейі төмен және кәсіби деңгейде алдын-ала анықталған. В. В. Соболников мигранттардың жекелеген топтары шынымен де есірткінің елге енуін жеңілдететін ортаны құратынын айтады. Бұған мигранттардың өздері үшін жаңа өмір жағдайларына бейімделу дәстүрлері мен тетіктері ықпал етеді - мысалы, бейімделудің бастапқы кезеңінде жиі қажет болатын берік қоғамшілік ынтымақтастық.

Автор мигранттардың белгілі бір тобының құрамында есірткі бар заттарға қандай да бір мәдени және институционалдық бейімділігін атап өтіп, мұндай бейімділікті есірткіні қабылдаушы қоғамға әдейі жылжытумен анықтауға болмайды деп атап өтті [Собольников В.В., 2004, 167-180б.]. Есірткі құралдарының заңсыз айналымындағы Тәжікстан мен Өзбекстан азаматтарының қылмыстық белсенділігінің артуы этно-мәдени бейімділікке байланысты емес, есірткі айналымы қылмыстық пайда алу тұрғысынан өте тиімді болып табылады. Біздің ойымызша, есірткі сатқаны үшін ұсталған мигранттардың көпшілігі қабылдаушы елде есірткіні жылжыту туралы емес, қарапайым пайда табу туралы ой қозғады. Республика экономикасында болып жатқан жаһандану процестері еңбек ресурстарының ұтқырлығының артуына және жұмыс күшінің сыртқы ағынына қажеттіліктің туындауына ықпал етеді.

Экономикалық дағдарыстың салдарын ескере отырып, импорт пен халықаралық білім алмасуға деген қажеттілік артады деп айтуға болады. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) елдері КСРО ыдырағаннан кейін қалыптасқан бірыңғай көші-қон жүйесін білдіреді. Бұл көші-қон жүйесінде елдер әлі де жалпы инфрақұрылыммен, коммуникациямен, экономикалық, қаржылық, әлеуметтік-мәдени және гуманитарлық байланыстармен байланысты.

Қазақстан Республикасы ОАР елдерінен келген мигранттар үшін қабылдаушы болып табылады, мигранттардың негізгі бөлігі көрші Қырғызстан мен Өзбекстаннан келеді. Бұл фактіні сыртқы еңбек мигранттарымен жұмыс істеуге жауапты инфрақұрылымды құра отырып, аймақ елдері республикаларының басшылығы түсінеді және жақсы біледі. Осылайша, 2006 жылы Қырғызстанда сыртқы еңбек көші-қоны туралы заң қабылданды, онда Қырғыз Республикасының сыртқы көші-қон саласындағы мемлекеттік саясатының негізгі бағыттары белгіленген.

Оның негізгі мақсаттары:

- сыртқы еңбек көші-қоны процестерін реттеу;
- Қырғыз Республикасының Еңбек нарығының қажетті жұмыс күшіне қажеттілігін қанағаттандыру, экономиканың тиімділігін арттыру мақсатында оның ұтымды және теңгерімді құрылымын қалыптастыру;
- Қырғыз Республикасы азаматтарының ұлттық еңбек нарығындағы бос жұмыс орындарына орналасуға басым құқығын қамтамасыз ету;
- заңсыз сыртқы еңбек көші-қонының алдын алу және болдырмау;
- еңбекші-мигранттарды құқықтық және әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ету;
- Қырғыз Республикасының азаматтарын шет елдерге тарту және жұмысқа орналастыру бойынша басқа мемлекеттердің квоталарын белгілеуге жәрдемдесу;
- Еңбек көші-қоны саласындағы халықаралық актілерге қосылу кезінде Қырғыз Республикасы азаматтарының мүдделерін қорғау;
- еңбек нарығындағы бос орындар туралы дерекқорды қалыптастыру, Қырғыз Республикасы азаматтарының шетелде еңбек қызметін ұйымдастыру мүмкіндігі және Қырғыз Республикасының халқын мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдары арқылы үнемі хабардар ету.

Өзбекстаннан келген еңбек мигранттары Жұмыспен қамтудың түрлі салаларында жұмыс табуда. Зерттеушілер Чулик пен Алимова Өзбекстан азаматтарының Қазақстанның оңтүстік аймақтарындағы еңбек көші-қоны бойынша зерттеу жүргізіп, мигранттар кәсіптерінің келесі шегін атап өтті [Чулик В. В., Алимова К. З., 2005, 226.]. Мигранттардың кәсіби құрылымы Кәсіп түрі жұмыспен қамтылған еңбек мигранттарының % - ы Құрылысы 31,0 Базардағы саудагерлер 31,9 Ауыл шаруашылығы 8,9 Наубайшылар 6,9 Аспазшылар 8,5 Басқа (арнайы дайындықты қажет етпейтін жұмыс) 5,2 Қырғызстаннан келген мигранттардың көпшілігі орта немесе орта арнаулы білімі бар. Респонденттердің 46% Қазақстанға кеткенге дейін тұрақты жұмыс орны және тұрақты табысы болмаған [<https://erazamat.ucoz.kz/publ/10-1-0-176>]. Қырғызстаннан келген мигранттардың білім деңгейі келесідей бағаланады: Бішкектен келген мигранттар арасында жоғары білімі бар — 40%, аяқталмаған жоғары — 2%, орта —

58%; Шу облысынан келген мигранттар арасында жоғары білімі бар — 11%, аяқталмаған жоғары-23%, орта-49%, аяқталмаған орта-17%. Ресейге және алыс шетелге кететіндердің білім деңгейі Қазақстанға кететіндердің білім деңгейінен асып түседі.

Астанаға келгендердің жартысына жуығы жоғары білімді, 41,4%, ал ғылыми дәрежесі бар адамдар саны 5,3%. Мигранттардың оннан бір бөлігі (9,6%) аяқталмаған жоғары білімге ие. Бұл негізінен ЖОО студенттері, бірінші кезекте ЕҰУ. Л.Н. Гумилев. Сұралғандардың 16,9% – ы арнайы орта немесе техникалық, 17,2%-ы жалпы орта, 4,0% – ы кәсіптік – техникалық, 4,9% - ы бастауыш білім алады. Еңбек көші – қонына қатысатын әйелдер арасындағы білім деңгейі тиісінше ерлерге қарағанда - 2,38, - 2,51 жастағыларға жоғары екенін атап өткен жөн.

Ресеймен салыстырғанда Қазақстан білікті емес мигранттардың көп санын тартады. Қазақстанда Өзбекстаннан келген мигранттардың орташа деңгейі 2 жылды құрайды (орта мектеп). Мұның түсіндірмесі Қазақстанда ауыл шаруашылығы қызметкерлеріне жоғары сұраныс болуы мүмкін.

Әдебиеттер тізімі

1. Криминология / под ред. Кудрявцева В.Н., Эминова В.Е., 3-е изд. перераб. и доп. М.: Юристъ, 2007, 124 б.
2. Уголовная политика / под ред. Бабаева М. М., Пудовочкина Ю. Е., Андрианова В. К. - Москва: Российский государственный университет правосудия (РГУП), 2018, 76 б.
3. Тюруканова Е. Влияние миграции на рынок труда // Отечественные записки. 2007, № 4(36), 56- 70б. Соболевников В.В. // Миграционная преступность как фактор безопасности и контекст формирования концепции ее предупреждения: Материалы межрегион. науч.-практ. семинара (25-27 мая 2004 г.), 167-180б. // Доступно на: www.mion.isu.ru
4. Досмагамбетова А. //О проблемах трудовых мигрантов Таджикистана на территории Казахстана // Қол жетімді: www.analitika.org
5. Закон Кыргызской Республики «О внешней трудовой миграции» от 13 января 2006 года N 4// Қол жетімді: cbd.minjust.gov.kg/act/view/ru-ru/1792
6. Сайт агентства по вопросам внешней трудовой миграции Республики Узбекистан// Қол жетімді: <http://genesis.uz/portfolio/migration.html>
7. Мигранты в новой столице Казахстана/ под ред. Б.Л. Татибекова Международная организация по миграции. – Алматы: [б. и.], 2005. - 124 б.
8. Чулик В. В., Алимова К. З. Трудовые мигранты из Узбекистана в южных регионах Казахстана - Алматы, 2005, 22б.
9. Исследование «Положение трудовых мигрантов из Кыргызстана в Республике Казахстан: правовые, экономические, социальные аспекты» // Қол жетімді: <https://erazamat.ucoz.kz/publ/10-1-0-176>.

УДК 159.923.2

ОТБАСЫНДА БАЛАНЫҢ ЖАС ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қуттыбаева А. К.,

Академик Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті

Шымкент қ., Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада баланың жас және психологиялық даму ерекшеліктері отбасында қалай қалыптасатыны қарастырылады. Отбасы - баланың алғашқы тәрбиелік ортасы, онда оның психологиялық және әлеуметтік дамуының негіздері қаланады. Мақалада

баланың жас ерекшеліктері мен психологиялық дамуының әр кезеңіндегі өзгерістер талданып, ата-аналар мен тәрбиешілерге арналған практикалық кеңестер ұсынылады. Баланың дамуында отбасының рөлі, оның психоэмоционалды жағдайы мен тәрбие әдістерінің маңызы ашылады.

Ключевые слова: отбасы, бала, жас ерекшеліктері, психологиялық даму, тәрбиелеу, психоэмоционалды даму, ата-ана, тәрбие.

Аннотация: В статье рассматривается, как особенности возраста и психологического развития ребенка формируются в семье. Семья является первым воспитательным и социальным окружением, где закладываются основы психологического и социального развития ребенка. Анализируются изменения на различных этапах возрастного и психологического развития, а также даются практические рекомендации для родителей и воспитателей. Освещается роль семьи в развитии ребенка, ее влияние на психоэмоциональное состояние и методы воспитания.

Ключевые слова: семья, ребенок, возрастные особенности, психологическое развитие, воспитание, психоэмоциональное развитие, родители, воспитатель.

Abstract. This article discusses how the age-related and psychological development of a child is shaped within the family. The family serves as the first educational environment where the foundations of psychological and social development are laid. The article analyzes the changes that occur at various stages of a child's age and psychological development and provides practical recommendations for parents and caregivers. The role of the family in the child's development, its impact on psycho-emotional well-being, and parenting methods are explored.

Keywords: family, child, age-related characteristics, psychological development, parenting, psycho-emotional development, parents, caregiver.

Отбасы баланың ең жақын әлеуметтендіру ортасы. Осы ортада баланың өмірдің мақсаты, оның құндылықтары, не біліп, өзін қалай ұстау керектігі туралы алғашқы мағлұматтар меңгеріледі және онда басқалармен қарым-қатынас орнатуға дағдыланады. Сөйтіп, өзінің «кім» және «қандай» екенін, басқалардың «кім» және «қандай» екенін тәжірибеде сынап байқап көреді. Балалар отбасында әртүрлі жағдаяттар мен төтенше ахуалдарда өзін ұстаудың нормаларын, мінез-құлқын реттеудің өлшемдерін меңгереді. Отбасы психологиясын зерттеушілер А.Г.Харчев, А.Н.Антонов, З.И.Файнбург, Д.Горборинко оның функцияларын ата-ананың үгіт-насихаты, түсіндіруі, олардың үлгі-өнегесі, үйдегі ахуал, отбасының психологиялық тынысы арқылы балалардың әдеті, мінез-құлқы, жақсы-жаманды бағалау уәзіндері (критерий) қалыптасуымен бірге қандай қылықтары үшін сөгіс алып, не үшін жазаланатынын, әділдік пен адалдық ұғымдарын меңгереді деген тұжырымдар жасады.

Қазақстан Республикасының Конституциясында «балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың табиғи құқығы әрі парызы» деп, отбасының міндеті нақты көрсетілген [2].

«Қазақстан-2030» бағдарламасында балаларымызды алыс болашақта қандай сапада көруіміз керектігі айтылған. Сонымен бірге, отбасы туралы заң жоғары және орта білім тұжырымдамасында әрбір отбасына өзінің ұрпағын тәрбиелеп, қатарға қосу міндеті жүктелген.

Қазіргі заманда отбасының құрылымы өзгеріп, оның мүшелер саны азайып, бала саны да кеми түсті. Қоғамдағы әлеуметтік, мәдени экономикалық жаңғырулар, әр түрлі сипаттағы әлемдік деңгейдегі ақпарат алмасу, отбасы мүшелерінің арасындағы қарым-қатынас сипатына да өз әсерін тигізіп отыр. Қазіргі аналардың көпшілігі жұмыс жасайтын болғандықтан бала уақытының көбін пассивті тәрбиешілермен өткізеді. Бала тәрбиесі қалалық отбасына тән болып отырған келесі ерекшеліктерімен шартталған: балалардың көбісі күннен күнге ұлғайып отырған айырылысулардың нәтижесінде әкесіз немесе анасыз өседі; теледидар, жеке бөлме т.с.с. өркениеттің жетістіктері балалар мен олардың ата-аналарының арасындағы қарым-қатынас процесін қиындатады.

Қарым-қатынастың адамзат өмірінде аса маңызды роль атқарады. Қарым-қатынас нәтижесінде тұлғааралық байланыс орнығып, өзара мәміле қалыптасып дамитындығы әр жеке тұлғаның қалыптасуында жетекші факторлардың бірі болады. Қарым-қатынас барысында өзара пікір алмасу, сезім әлеміне бірлесіп ләззат алу, қайғы, қуанышта ортақтас болу арқылы адамдар арасында сенімді кең ауқымды эмоциялар арқылы екі немесе бірнеше психологиялық жүйе не бірнеше рухани әлем және ой-пікір, сана-сезім, мінез-құлық, қылық-жорықтар арасында келісім, өзара түсіністік, не болмаса қақтығыс, талас-тартыс, қарама-қайшылық тұрғысындағы мәміле үрдісі іске асады [5].

Отбасы ұғымына анықтама беру, оның атқаратын қызметтерін нақтылау, отбасындағы қарым-қатынас мәселерін талдау көптеген зерттеулерде орын алған. Отбасы қызметінің ортақ топтамасы немесе жіктемесі де жетік түрде толық жасалмаған. Г.М.Свердлов және В.Л.Ресенцев отбасының маңызды қызметтерін ұрпақ жалғастыру, тәрбиелеу, шаруашылық және өзара көмек көрсету түрлерін датқызған. Ата-ананың отбасылық ықпалы туралы өз еңбектерінде А.Ю.Гавит, Э.А.Тийт қарастырды, сонымен қоса некедегі сәйкестікке қатысты мәселелер де талданған.

Д.Горборино отбасын «адамзаттың тәжірибенің негізгі бірлігі» ретінде сипаттады. А.Н.Антоновтың айтуынша, отбасы ата-ана бала қатынасын орнатады, ал неке болса ер азамат пен әйел адамның арасындағы қарым-қатынасты растайтын мойындау болып табылады. Ол отбасылық кеңістік аймағы үй, пәтер көңіл аударарды, және де отбасының меншігі иен экономикалық негізі ата-аналар мен балалардың жалпы отбасылық іс-әрекетін болжайды.

Отбасылық қатынастар бойынша құрылған отбасы анықтамаларының ішінде А.Г.Харчевтің ұсынған анықтамасы бойынша – «отбасы - бұл жұбайлар арасындағы ата-аналар мен балалар арасындағы қарым-қатынастардың жүйесі, оның мүшелері бір-бірімен некелік және туыстық қатынаспен байланысады, ортақ тұрмыс пен өзара адамгершіліктің жауапкершілікпен, қоғамның қажеттіліктеріне шартталынған әлеуметтік тәуелділікпен сипатталады». «Отбасы денелік өмір мен әлеуметтік ағза өмірінің арасында байланыстырушы звено» - деп берген А.Б.Харчевтың отбасы ұғымына анықтамасы жалпылама түрде болып табылады [4].

Қазіргі кезде отбасы проблемаларының арасында ата-ана мен бала арасындағы қатынаста түсінбеушілік жиі орын алып, бір-біріне кешіріммен қарау процесі кешеуілдеп, психологиялық қызмет көрсету жағынан мәселе туындауда. Сондықтан отбасынды орын алған қиындықтарды шешуге көмек көрсету жолдарын жан-жақты зерттеу қажет болып отыр. Осы мәселені шешу жолдарын іздеу мақсатында зерттеу тақырыбын «Отбасында тұлғааралық қарым-қатынасты қабылдаудың психологиялық аспектілері» деп анықтадық.

Отбасы - адамның эмоциясы, уайымы, көзқарасы мен қатынасынымен байланысты емес, ол - ерекше феномен. Отбасы феноменінің бір жолы оның құрылымын, тарихи уақыт талабына сай өзгеруін және бір отбасының өмірлік циклын логикалық түсіндірілуі. С.И.Голод пікірінше отбасы феноменінде құрылымдық өріс ерлі-зайыптылар және ата – ана мен бала қатынасы деп қарастырады. Отбасы –неке негізінде немесе қан жағынан туыстас шағын топ, олар өзара көмек көрсету, жауапкершілік алу және тұрмыстық жалпылылықта байланысады (Эйдемиллер, Э.Г.Юстицкий В.В. Отбасы балаға ықпал етеді, оны қоғамдық өмірге жетелейді. Отбасының тәрбие институтты ретінде маңызы онда бала өз өмірінің маңызды бөліктерін өткізеді және де тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ету ұзақтығы жағынан басқа тәрбие институттарына бой бермейді деп көрсетті Шужебева А.И өз зерттеу жұмысында.

Терең тұлға аралық қатынастарды реттеу механизмдеріне арналған жұмыстарды талдауда шетелдік ғалым Э.Фромм және ресейлік ғалым М.И Лисина ол өзіміздің қазақстандық ірі ғалымдардың бірі С.М.Жақыповтардың қойылған мәселені толығымен шешуге мүмкіндік берді. Біріншіден, отбасы жағдайында бірлескен іс-әрекетті орындау барысында жеткіншектердің құндылықты-мағынылық құрылымдардың қалыптасу жағдайларын нақтылауға мүмкіндік берілді.

Екіншіден, жеткіншектердің тұлғалық дамуында ауытқулардың пайда болуының отбасы ішіндегі алғышарттарын анықтауға мүмкіндік береді. Зерттеудің методологиялық

бағытына қарай жеткіншектерге отбасы ішілік құндылықтарды беру процесі, отбасы мүшелері арасындағы бірлескен әрекет пен эмоцияның өзара байланыстардың үйлесімділік механизмдерін қолдануға негізделеді[5].

А.Б.Харчев берген отбасы ұғымына түсініктеме неғұрлым жалпылама болып табылады: «Отбасы денелік өмір мен әлеуметтік ағза өмірінің арасында байланыстырушы звено болып табылады.

Қазіргі таңда отбасы қызметінің ортақ топтамасы немесе жіктемесі жетік түрде толық жасалмаған. Мысалға, Г.М.Свердлов және В.Л.Ресенцев отбасының маңызды қызметтеріне ұрпақ жалғастыру, тәрбиелеу, шаруашылық және өзара көмек көрсету қызметтерін айтады.

Э.К.Васильева өз зерттеулерінде отбасы қызметінің үш тобын қарастырады: шаруашылық-экономикалық, генеративті тәрбиелік, мәдени, репродукциялық. С.Д.Лаптенконың пікірінше, отбасының маңызды қызметтеріне шаруашылық –тұрмыстық, халықтың көбеюі, өз мүшелерінің демалысын ұйымдастыру, тәрбиелік жатады.

70-шы жылдары басты назар отбасындағы қарым-қатынас пен оның тұлға қалыптасу процесінде алатын орны туралы Б.П.Парыгин, А.Г.Харчев. Ол әйел адамның кәсіби іс-әрекетімен отбасы жағдайындағы міндеттерін үйлестіре білу сипаты және де отбасы өміріне қалай ықпал етеді» деген тақырыптарда С.Голод, З.Янкова т.б. зерттеді.

З.И.Файнбург «отбасындағы эмоциялық жағдайлар, олардың отбасы ішілік қатынастың тұрақтылығына ықпалы, отбасының тұрақтылық жағдайы туралы Ю.Г.Юркевич отбасы мүшелері арасында қысымның бөлу себептерін және А.М.Уматинов және т.б. зерттеді.

70-шы жылдардың аяғына қарай отбасы мен неке психологиясында неке жұптарындағы әлеуметтік-перцептивті үрдістерді зерттеп, анықтаған Ю.Е.Алешина, «қалалық отбасыларда некелік рольдерді бөліп беруді», З.И.Янкова және т.б. қарастырды. Отбасы ішіндегі қарым-қатынастың даму заңдылықтарын саналы түрде түсіну талпыныстары жасалды, зерттегендер мысалға А.А.Бодаев, Н.Н.Обозов және т.б.

Соның қарым-қатынасындағы маңызды объект бала. Бала қай жас ерекшелік кезеңінде болмасын, ол әрдайым отбасының яғни ата-ананың қамқорлығын қажет етеді. Сол кезеңнің бірі яғни бала өміріндегі толқымалы кезең жеткіншектік кезең. Жеткіншектік кезеңді қазіргі зерттеулер оның әртүрлі аспектілерін қамтиды: тұлға дамуының негізгі көздері мен механизмдері туралы зерттеген ғалымдар Фельдштейн Д.Л., Кондратьев және т.б. тұлғалық жаңа құрылымдардың ерекшеліктері туралы шетелдік ғалымдардан Кон И.С. Дубровина зерттеді, ол жас ерекшелік дағдарысының құрылымын зерттегендер Гаврилова Г.П., Драгунова Т.В. және т.б., ал танымдық эмоциялық –еріктік және мінез-құлықтың ерекшеліктерін Кучинский, жеткіншектегі өзіндік сананың құрылымы мен қызметі туралы Баруалкина В.В. тұлғаның анамалды даму механизмдері туралы Дозорцева Е.Г сияқты ғалымдар зерттеді.

Жеткіншектерді зерттеуге психология ғылымындағы базалық теориялар мен концепциялар негізге алынады. Психиканың онтогенезде дамуы мен тұлғаның қалыптасуы жайлы Л.С.Выготский мен А.Н.Леонтьевтің ғылыми мектебінде қалыптасқан психикалық даму теориялары жеткіншек жасының ерекшеліктерін зерттеген негізгі жұмыстар және жеткіншектердегі тұлғаның дамудағы өзіндік сана сезімдерді зерттеген концепциялары Э.Берннің транзактілік талдауы, С.М.Жақыповтың бірлескен диалогты танымдық іс-әрекет концепциясы зерттеудің методологиялық-теориялық негізін құрады.

Жеткіншектердің агрессиялық мінез-құлқын зерттеген жұмыстар зерттеудің теориялық мәнділігін негіздеді. Оларға Н.Д.Левитов, Л.И.Божович және т.б.

Жеткіншектердің психикалық даму мәселелеріне қатысты Қазақстандық жұмыстар зерттеудің теориялық негізі мен мәнділігін құрады. Жеткіншектер жайлы қазақстандық мына ғалымдар зерттеді: С.М.Жақыпов, Қ.Б.Жарықбаев т.б.

Ал басқа да қазақстандық ғалымдардың зерттеулеріне үңілсек, Елубаева С.Б. «қазіргі қазақ жеткіншектердің өзіндік бағалаулары мен этностық сәйкестік пен өзіндік бағалауларының психологиялық ерекшеліктері зерттелінген. Бұл зерттеу нәтижесінде қазіргі замандағы жеткіншектердің өзіндік бағалау құрылымын ересек алдыңғы толқын жеткіншектердің өзіндік бағалауымен салыстырғанда этностық сәйкестіктің компоненттері

мәнді түрде азаятыны анықталды, өзіндік бағалаудың жалпы құрылымында түсінуі «өзін білу» және «ұйымдасқандық» сияқты сапалар бірінші орынға шықты [7].

Күнсләмова Т.К. өз зерттеу жұмысында жеткіншектердегі агрессиялық мінез-құлықты өзіндік сана сезімдерді құрайтын негізгі компоненттері өзіндік бағалау және өзіндік реттелу мен өзара байланыста қарастырған. Педагогикалық-психологиялық көп қолданылатын психокорекциялық жұмыстарға негізделген топтық оқыту әдісі, яғни психологиялық-педагогикалық тренингтер арқылы жеткіншектердегі агрессиялық мінез-құлықты азайту мен оның өзіндік бағалау мен өзара байланыс ерекшеліктері жан-жақты зерттелген. Зерттеу жұмысында белгілі ғалым Э.Берннің трасактілік талдау концепциясы арқылы жеткіншектердегі эго күйлердің белсендірудің негізінде олардағы агрессиялық мінез-құлықты өзгертудің психологиялық ерекшеліктері қарастырылады. Жұмыста эксперименттік топтың сыналушылары «полигон балалары» деп аталатын әлеуметтік статусы бар жеткіншектер болды, яғни «радиациялық былғанған» аймақтардағы балалардың агрессиялық мінез-құлық ерекшеліктері теориялық-эксперименттік зерттеу барысында зерттеледі. Зерттеуде жеткіншектердің өзіндік бағалау, өзіндік реттелу эго күйдің белсендендірілуі мен агрессиялықтың өзара байланысын психологиялық-педагогикалық тренинг арқылы зерттеу және агрессиялықты азайту үшін психокорекциялық жұмыстардың мүмкін жолдарын көрсетті.

Айдарбеков Қ.А. зерттеу жұмысында жеткіншек жастағы тұлғалық жекелік-вариациялық даму механизмдерін анықтауға бағытталған. Осы мақсатта жеткіншектің өмірлік әрекетін неғұрлым байланыстырып отыратын жаңа тұлғалық құрылымдардың кезекті психологиялық талдауы жүргізілген. Осы байланыстағы негізгі мәнділік жеткіншек жастағы тұлғалық жаңа құрылымдардың психологиялық мазмұнының іздестіру мен үлгісін жасау болып табылады, ал жеткіншектерді жаңа әлеуметтік қатынастарының жаңа деңгейге өтуін қамтамасыз етеді. Олардың пікірінше жеткіншектерде осы тұлғалық жаңа құрылымдардың даму жағдайлары мен механизмдерінің тиімді жолы индивид енген отбасылық жүйенің қызмет атқару ерекшеліктері назарға алынып отыратын бағыт болып табылады.

Шалғынбаев Т.М. «мінез –құлқы дезадаптивтік жасөспірімдердің кісілік қасиеттері мен кісіаралық қатынастар ерекшеліктері мен оларды келтіру атты жұмысында» мінез-құлқы бұзылған жасөспірімдердің кісілік қасиеттерінің даму ерекшеліктерін және олардың кісіаралық қатынастар жүйесінде көріністерін кешенді түрде психологиялық зерделеу, сондай-ақ психологияның көмек көрсету мазмұнын жасау болып табылды. Зерттелу барысында тәрбиеленуі қиын жас өспірімдердің кісілік қасиеттерінің даму ерекшеліктері анықталған.

М.В.Күзубаева «Тұлғалық алаңдаушылықтың көріну механизмдері өзгеруіне әр түрлі фактордың әсері» атты тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. Зерттеу объектісі адамның тұлғалық алаңдаушылық деңгейінде көрінетін эмоциялық күйі. Зерттеу пәні ретінде тұлғалық алаңдаудың эмоциялық күйі ретіндегі көріну ерекшелігі жас өспірім шақтан жиырма сегіз жасқа дейін оның көріну механизмдерінің өзгеруі алынды. Жұмыстың ғылыми жаңалығы, тұңғыш рет тұлғалық алаңдаушылықтың жағымды сипаттамасы зерттелінді. Бұл жұмыста тұлғалық алаңдаушылық бағдарлаушы іс-әрекеттің эмоциялық құраушы екендігі көрсетілді.

Ж.Намазбаеваның жетекшілігімен С.Ж.Өмірбекованың «жас өспірімдік және ерте балауса жас кезіндегі өзін-өзі бағалаудың ерекшеліктері» атты кандидаттық диссертациясы қорғалды. Зерттеу жұмысының мақсаты мектептегі оқыту жағдайындағы әр түрлі факторлардың жас өспірімдік және ерте жастық кездегі өзіндік бағалауға әсер ету ерекшеліктерін анықтау. Зерттеу барысында өзін-өзі бағалаудың деңгейлері мен құрылымдық бөліктерінің ерекшеліктері айқындалды. Зерттеудің ғылыми жаңалығы мынадан тұрады: өзін-өзі бағалаудың құрылымдық құрауыштарын, оның жас өспірім кезден ерте жастық кезге дейінгі оқушыларда қызмет етуі зерттелінді, жас өспірімдер мен ерте жастық шақтағылардың қала мен ауылдағы әлеуметтік даму жағдайына байланысты өзін-өзі бағалауының танымдық және эмоциялық бөліктерін зерттеу, қала мен ауылдық оқушылардың осы жас аралықтарындағы өзін-өзі бағалауының даму ерекшеліктеріне жыныстық факторлардың

әсерін анықтаудан тұрады. Зерттеуде келесі тұжырымдар делелденді: қала мен ауылдың жас өспірімдер мен балаң жас кездегілердің өзін-өзі бағалау арасындағы айырмашылықтар өзін-өзі бағалаудың эмоциялық, сондай-ақ танымдық бөліктерінде көрінеді деп көрсетті [1].

Қарым-қатынас стилі шет елдерде және Т.М.Д. елдерінде жоғары дәрежеде талданған, соның ішінде әлеуметтік психологияда. Ұстаздың оқушылармен қарым-қатынас стилін дамытуда айтарлықтай зерттеу жұмысын жүргізген Ю.П.Ахзаров, А.А.Бодалев, Н.Г.Михайлов, А.В.Петровский, А.А.Леонтьев және т.б. Олардың тұжырымдары бойынша оқушыларға тек қана білім мен оқу-тәрбие жұмысын жүргізу жеткіліксіз, сонымен қатар тікелей және жанама түрде қарым-қатынас жасау қажет екендігі белгілі. Ұстаздың бастауыш сынып оқушылармен қарым-қатынасын оқу-тәрбие үрдісінде ұйымдастыру жөнінде көптеген маңызды зерттеулер бар. Кейінгі жылдарда мұғалім мен бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынасы және оны қалыптастыру механизмін қазақстан ғалымдары да зерттей бастады. Олар: Қ.Ж.Қарақұлов, С.М.Елеусізов, С.И.Қалиева, В.К.Шабельник және т.б.

Солардың ішінде Шолпанқұлова Г.К. «гумандық қарым-қатынас» адам бойындағы адамгершілік, түсінік, сезім және мінез-құлықтың тұтастығымен, бірлігімен анықталады деп келтірген. Бұл зерттеу жұмысының мақсаты бастауыш сынып мұғалімі мен оқушылардың оқыту үрдісіндегі қарым-қатынас стилінің тәрбиелік негізін дәлелдеді.

Шужебаева А.И. «отбасы тәрбиесі жағдайында балалардың қарым-қатынасындағы қиындықтарын психологиялық-педагогикалық зерттеу» атты жұмысында балаларды тәрбиелеу жүйесіндегі ең түйінді мәселелердің бірі қарым-қатынас проблемасы. Тұлға аралық қарым-қатынас сферасындағы сәйкессіздіктер психологиялық-педагогикалық бағытта болады, ондай балалар тобын проблемалары бар балалар деп анықтауға болады. Мектепке дейінгі және кіші мектеп жасындағы балалардың тұлғааралық қарым-қатынасының ерекшеліктерін анықтау, психологиялық-педагогикалық ғылымда қажетті деңгейде.

Зерттеу жұмысында отбасы тәрбиесі жағдайында балалардың ересектермен өзара қарым-қатынасының психологиялық-педагогикалық негіздері, бала мен ата-ана қарым-қатынасының құрылымы зерттелінген бала мінезіндегі қиындықтарды жеңу механизмдері жасалынып, балалар мен ересектердің қарым-қатынасының дербес бағытталған мәдени сәйкес жүргізудің әдістері мен тәсілдері анықталған. Зерттеу барысында толық емес отбасы жағдайындағы балалардың қарым-қатынастары зерттелген.

Э.Берн теориясының мәнін, қарым-қатынастағы эго күйлерді белсендіру ерекшеліктерін, оның ішінде қарым-қатынас үшін «Ересек» позициясының жағымды болатынын түсінді. Жеткіншектердің өзіне және айналасындағыларға жағымды, позитивті қатынасты орната білу, эго күйді белсендіру конфликтілі адекватты шешуге, агрессияны азайтуға нақты көмек беретіні анықталды [5].

Айдарбеков Қ.А. «отбасындағы ішкі қарым-қатынас жүйесінде жасөспірімдердің өзіндік санасының диалогиялық құрылымдардың дамуы» атты зерттеу жұмысында жасөспірімдік кезеңдегі өзіндік сана дамуының ерекшеліктерін және бүкіл тұлға дамуының ауытқу өзгешеліктерін тудыратын факторларды зерттеуге арналған.

Өткізілген зерттеу жұмысының нәтижесі бойынша жасөспірімдердің дамуы кезіндегі орталық тұлғалық жаңа құрылымы өзіндік санасының диалогиялық құрылымдары екені туралы болжам өзінің растаулығын алып қойылған. Дәл осы жасөспірімдердің дамуы кезіндегі тұлғалық жаңа құрамының талдауы жастағы тапсырмаларды өнімді атқаруға қамтамасыз ететін функционалды механизмдерінің деңгейіне жеткізілген. Ішкі жанұяның құндылықтарды өсіп келе жатқан буынға берілуіне, дамуына және сақтандыруға бағытталған, және отбасында белгіленген оның мүшелерінің арасындағы коммуникативтікпен эмоционалдық қарым-қатынастардың үлгілері бойынша үйлестірілетін, отбасындағы жүргізетін бірлескен іс-әрекет жасөспірімдерде өзіндік санасының диалогиялық құрылымдар дамуының негізгі көзі болып келеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Абдракова А.Б. Роль общения в воспитании трудных подростков. Автореф. дис. канд. Алматы, 2004.
2. Айдарбеков Қ.А. Развитие диалогической структуры самосознания у подростков в системе внутрисемейных взаимодействий. Автореф. дис. канд. Алматы, 2003.
3. Атоян А.Д. Конфликтология. М.: Смысл, 2006.
4. Әбдумүтәліп К.Д. Тәртібі қиын жасөспірімдерді арнайы мектеп жағдайында тәрбиелеудің және қайта тәрбиелеудің педагогикалық жолдары. Автореф. канд. дис. Алматы, 2004.
5. Вестник НАПК 2005, № 2.
6. Вестник НАПК 2005, № 4.
7. Валеология дене тәрбиесі спорт 2003, № 3.

УДК 371.307.8

ЖАҢАРТЫЛҒАН ОҚЫТУ МАЗМҰНЫНДАҒЫ ОҚЫТУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қалышбаева Г. Д.
магистр аға оқытушы,
Шымкент университеті
Шымкент қ., Қазақстан
Kalisheeva@mail.ru

Аңдатпа. Бұл мақалада білім мазмұнын жаңарту, бұл ең алдымен, орта білімнің үлгісін, оның құрылымы мен мазмұнын, әдіс-тәсілдерін, оқыту және білім беру жүйесін қайта қарап, оқушылардың жетістіктерін бағалаудың түбегейлі жаңа жүйесін енгізу көзделген. Білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде іс-шаралар кешенінің барлығы жеке тұлғаның үйлесімді дамуы үшін қолайлы білім беру кеңістігін құруға бағытталған. Жаңартылған білім мазмұнының ең басты міндеттерінің бірі – «оқуға үйрету», жаңа бәсекеге қабілетті, жан-жақты үйлесімді дамыған, функционалды құзыретті тұлғаны дамытуға ықпал ететін өмір бойы зерттеуге үйрету. Білім берудің негізгі мақсаты-білім мазмұнының жаңаруымен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап ету қарастырылады.

Түйін сөздер: жедел ақпараттандыру, қабілет, шеберлік, жаңа технология, жаһандану, ұлттық экономика, функционалды, құзыретті, тұлға.

Аннотация. В данной статье предусмотрено обновление содержания образования, это, прежде всего, пересмотр модели среднего образования, его структуры и содержания, методов, системы обучения и образования, внедрение принципиально новой системы оценки достижений учащихся. В рамках обновления содержания образования весь комплекс мероприятий направлен на создание благоприятного образовательного пространства для гармоничного развития личности. Одной из главных задач обновленного содержания образования является «обучение чтению», обучение изучению на протяжении всей жизни, способствующее развитию новой конкурентоспособной, всесторонне гармонично развитой, функционально компетентной личности. Основная цель образования-наряду с обновлением содержания образования предусматривается требование повышения эффективности применения методов и различных средств обучения.

Ключевые слова: оперативная информатизация, способности, навыки, новые технологии, глобализация, национальная экономика, функциональная, компетентная, личность.

Abstract. This article provides for updating the content of education, this is, first of all, a

revision of the model of secondary education, its structure and content, methods, teaching and education systems, the introduction of a fundamentally new system for evaluating student achievements. Within the framework of updating the content of education, the whole range of measures is aimed at creating a favorable educational space for the harmonious development of personality. One of the main tasks of the updated content of education is "learning to read", lifelong learning, contributing to the development of a new competitive, comprehensively harmoniously developed, functionally competent personality. The main purpose of education is that, along with updating the content of education, there is a requirement to increase the effectiveness of the use of methods and various means of teaching.

keywords: operational informatization, abilities, skills, new technologies, globalization, national economy, functional, competent, personality.

Бүгінде мектеп өз көрінісін динамикалық түрде өзгертуде. Бұл, ең алдымен, қазақстандық білім берудегі елеулі өзгерістерге байланысты. Елдегі заманауи өзгерістер, қоғамды жедел ақпараттандыру және динамизм білімге қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертеді [1]. Қазіргі заман талабына сай болашақ ұрпақтың оқып білім алуын еліміз бірінші орынға қойып отыр. Білім беру мен білім алудағы атқарылатын қарқынды жұмыс ұстаздарың еншісінде екені айтпаса да белгілі. ХХІ ғасыр талаптарына сәйкес мектеп оқушылары бүгінгі заманда және келешекте қол жетімді табысқа жету үшін, бұрынғыдан да анағұрлым дағдыларды меңгеруін қажет етеді. Сондықтан қазіргі таңда білім беру жүйесіндегі өзгерістердің бірі- жаңартылған білім беру мазмұнына көшу болып табылады және оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін қарастырылып, енгізілуде сабақ – мұғалімнің шығармашылық еңбегінің нәтижесі. Оның өз мәнінде өтуі ұстаздың біліміне, ұйымдастыру қабілеттілігіне, шеберлігіне байланысты. Мемлекетімізде болып жатқан өзгерістердің білім беру саласы шет қала алмайды. Қазіргі уақытта Қазақстанда білім алу алған білімнің тәжірибелік қолданылуы үшін жаңа нәтижелерге бағдарланған модельге өту кезеңінде. Біз қазіргі таңдағы білім беру саласындағы мемлекеттік деңгейде қойылған міндеттермен анықталған жауапкершілік шарасын түсінеміз. Білім берудің жаңартылған мазмұнын, оқушыларды критерийлік бағалау жүйесіне ауысуын, үш тілде білім беруді енгізу, КБО-ның кең ауқымына қол жеткізу шын мәніндегі тек білімді жетілдіруді талап етпейтін тапсырмалар болып табылады [2, 1906]. Білім мазмұнын жаңарту, бұл ең алдымен, орта білімнің үлгісін, оның құрылымы мен мазмұнын, әдіс-тәсілдерін, оқыту және білім беру жүйесін қайта қарап, оқушылардың жетістіктерін бағалаудың түбегейлі жаңа жүйесін енгізу. Білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде іс-шаралар кешенінің барлығы жеке тұлғаның үйлесімді дамуы үшін қолайлы білім беру кеңістігін құруға бағытталған. Жаңартылған білім мазмұнының ең басты міндеттерінің бірі – «оқуға үйрету», жаңа бәсекеге қабілетті, жан-жақты үйлесімді дамыған, функционалды құзыретті тұлғаны дамытуға ықпал ететін өмір бойы зерттеуге үйрету. Сонымен қатар, білім берудің жаңартылған мазмұны аясында жаппай мектепте оқытуды ұйымдастыруда бірқатар типтік кемшіліктер бар. Олардың басым бөлігі балалармен жұмыс істеудің дәстүрлі әдістерін мектептегі жаңартылған білім мазмұны жағдайында жұмыс әдістеріне механикалық көшуінің нәтижесі болып табылады. Бұл орта білім беру моделін қайта қарау туралы оқытушылардың оқу жұмысындағы кемшіліктер, оның құрылымы, мазмұны, оқыту және білім беру әдістері, түбегейлі жаңа бағалау жүйесі оқушылардың жетістіктері, өзін-өзі дамыту және біліктілігін арттыру үшін көптеген қиындықтарға бастауыш мектеп мұғалімдерін әрекет етуге ұтқырлық қабілеті тұлғалық қалыптасу үйлесімді дамуына ықпал білім беру ортасын құру үшін жаңа моделі жоғары нәтижеге бағдарланған. ХХІ ғасыр – жаңа технология мен ақпараттандыру ғасыры. Өскекең елдің айбынды болашағы үшін – ең әуелі сапалы білім қажет [3, 1446]. Ол үшін еліміздің білім саясатындағы ғылым-техникалық әлеуетін жұмылдыру, ғылымның басым бағыттарын дамыту жолындағы ресурстарды шоғырландыру, оның жетістіктерін өндіріске енгізу инновациялық дамудың негізгі көзі. Білім мен ақпарат дамыған қоғамда білім беру жүйесі инновациялық экономиканың негізгі бөлігі болып табылады. Білім берудің негізгі мақсаты-білім мазмұнының жаңаруымен қатар,

оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Технология, коммуникация мен ғылым салалардағы елеулі өзгерістер әлемдік экономикаға айтарлықтай ықпал ете отырып, әрбір азаматқа ХХІ ғасырда табысты болу үшін қажетті білім мен дағдыларды алға тартады. Сонымен қатар, қарқынды жаһандану ұлттық экономикаға да ықпал етуде, оның үстіне қазіргі уақытта экономикалық дамуды қамтамасыз етуге бағытталған халықаралық бәсекелестік артып отыр [4,2366]. Қазіргі кезде Қазақстанда жоғарыда сипатталған жаһандық проблемаларға жауап бере алатындай деңгейдегі жұмыстар республикалық деңгейде жүргізілуде. Оқу бағдарламасындағы ұлттық стандарттарға, бағалауға, оқулықтар мен оқыту әдістеріне қатысты білім беру саласындағы өзекті құндылықтар мен мақсаттар мектеп оқушыларының жалпы үлгерімін арттыруды, сондай-ақ инновация мен көшбасшылықты енгізу үшін талап етілетін дағдыларды дамытуды, ұлттық сананы қалыптастырып, іске асыруды және ауқымды халықаралық тәжірибемен өзара әрекеттесуді көздейді. Жаңартылған оқу бағдарламасы мен критериялды бағалау жүйесін енгізу аталған міндеттерді шешу үшін қабылданған шаралардың бірі болып табылады. Білімнің бастауы, қайнар көзі – мектеп болса, келешек ұрпақтың алғашқы баспалдағы – білім беру саласы екені баршамызға аян. Қазақстан 2030 стратегиялық бағдарламасы білім берудің ұлттық моделінің қалыптасуымен және Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңестігіне кіріктірумен сипатталады. Қазіргі таңда мемлекеттік тілді оқытуда жаңа идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану-заман талабы. Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы орта білім беру жүйесінің дамуымен тығыз байланысты. Қазіргі заманғы мәдени, әлеуметтік, экономикалық үдерістерде білім берудің шешуші деменнің өзінде, түйінді рөлді атқаратыны белгілі. Бір жағынан, адам сапасы ғылым, техника, технология мен мәдениеттің жоғары жетістіктеріне сай келмей тұра алмайды, ал екінші жағынан, бұл жетістіктерді игеру, еселей түсу, сақтау қажеттілігі адамның өзінің сапасына бұрыңғыдан да жоғары талаптар қояды. Бүгінгі қазақстандық мектептің алдында әлемдік білім беру кеңестігіндегі секілді, зерттеулер мен жаңалықтар ашудың ғасырына ену үшін білім беруге жаңа көзқарасты қалыптастыру, ойлау, оқыту, жұмыс істеу, шығармашылық және жалпы алғанда, өмір сүру әдіснамасын қайта қарау міндеті тұр. Қазіргі кезде табысты болу үшін оқушыларға білім қандай қажет болса, дағды да сондай қажет деген ойдың жақтастары көбейіп келеді [5,2086]. Бұл оқушылардың ақпаратты есте сақтап, алған білімдерін ұғынуын, түсінуін және әртүрлі салада қолдана білуін талап етеді. Білімді дәл осылай қолдану оқушыларға «ХХІ ғасыр дағдысы» деп жиі айтылып жүрген кең ауқымды құзыреттілікті меңгеруге мүмкіндік береді. Оқушылардың білім беру қызметін ұйымдастыру және оның нәтижелерін бақылау үшін мұғалімнің таңдауы бойынша әртүрлі әдістер мен құралдар қолданылады. Білім беру мазмұнын жаңарту контекстінде білім беру процесі білім алушылардың белсенділігі арқылы сипатталады. Бұл жағдайда мұғалім оқушылардың танымдық белсенділігін ұйымдастырушы болып табылады. Орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында әзірленген оқу бағдарламалары оқушылардың бір сыныптан екінші сыныпқа өтуі кезінде білімі мен дағдылары қайталанып, одан әрі дамытылып отыратын спиральді оқу бағдарламасы моделіне негізделген. Оқу үдерісінің алға ілгерілеуі айқын көрінуі үшін, оқу мақсаттары өзара тоғысқан бөлімдер мен бөлімшелерге топтастырылған. Оқушылардың сыныптан сыныпқа көшу барысында алға ілгерілеуіне орай, олар өздерінің дағдыларды меңгеріп, түсінуіне анағұрлым сенімді бола түседі. Сыныптан сыныпқа өткен кезде алға жылжу арқылы оқушылар оларға дүниетанымдар аясын кеңейтуге көмектесетін, оларды қалай және неліктен пайдаланатыны тұрғысынан мойындап және бағалап, олар сүйенуі мүмкін дереккөздер аясын кеңейтуге көмектесетін, көбірек тәжірибе мен терең білім алады. Жаңа оқу бағдарламаларының тағы бір ерекшелігі – олардың пәндік білім мен дағдыларды ғана емес, сондай-ақ, кең ауқымды дағдыларды қалыптастыруға бағытталуы. Оқу мақсаттарының жүйесі мынадай кең ауқымды дағдыларды дамытудың негізі болып табылады: функционалдық және шығармашылық түрінде білімдерін қолдану, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, қарым-қатынастың әртүрлерін қолдану, жеке және топта жұмыс істей алу, мәселелерді шешу

және шешімдер қабылдау. Жаңартылған оқу бағдарламаларының икемділігі мен жан-жақтылығы оның маңызды сипаттамасы болып табылады. Мұғалімдер тараудың және тиісті тоқсанның аясында тараулар мен бөлімдерді оқытудың ретін өзі анықтауға құқылы. Мұғалімдер бірнеше мақсатқа жетуге бағытталған тапсырмаларды құрастыра алады. Оқу бағдарламасы мұғалімдердің оқу мақсатын жиынтықта орындаған жағдайда оқу бағдарламасындағы оқу мақсатына жетуге әкелетін бірнеше мақсаттарға бөлуіне мүмкіндік береді:

- Мұғалім сабақ барысында бір жұмыс түрінен екіншісіне біртіндеп ауысып, сабақтың мақсатын оқушылардың есіне салып отыруды ұмытпауы керек. Жаттығуды әртүрлі тәсілмен түсіндіруге дайын болу қажет. Мысалы, оқушылар бастапқыда жаттығуды бүкіл сынып болып орындап, кейіннен жұптасып оның орындалуын шыңдай алады. Бұл оқушыларға жаңа жаттығуға біртіндеп көше отырып, тапсырманы түсінуге көмектеседі, өткен сабақта алған білімдерін нығайтып, оқушыларға іс жүзінде бірнеше дағдыны қатарынан шыңдауға мүмкіндік береді.

- Сыныппен өзара әрекеттестік стилін өзгертіп отыру қажет. Мұғалім сабақ барысында өзінің қанша сөйлейтіні туралы ойлануы қажет. Егер мұғалім тым көп сөйлесе, оқушыларда пікір таластырып, бір-бірінен үйренуге уақыт аз қалады. Оқушыларға сұрақ қойып, жауаптары бойынша сыныптың нені түсінгенін/түсінбегенін бағдарлаған дұрыс.

Сабақта жеке, жұптық, топтық немесе бүкіл сыныпты қамтитын жұмыс түрлерін араластырып қолдану тиімді болады. Сабақ жоспарында мұғалім:

- сабақ мақсатын анық, түсінікті түрде тұжырымдауы;
- сабақ жоспарының әртүрлі компоненттерінің тиісті бөлшектерін қамтуы (оқу жоспарындағы сабақ жоспарының үлгісін қараңыз);

- логикалық жағынан реттелген және оқу мақсаттарына сай келетін жаттығулар мен тапсырмалар туралы толық ақпарат ұсынуы;

- мақсатты білім мен дағдыларды қалыптастыруға арналған тиісті әдіс-тәсілдерді анықтап, проблемаларды алдын ала көре білуге және анықталған дағдыларға қатысты шешім ұсынуы;

- қажетті материалдар мен ресурстарды пайдалануды жоспарлауы тиіс.

Сабақты жоспарлау барысында мұғалімнің ескеруі тиіс бірқатар мәселелер:

- Сабағымның мақсаты қандай? Сабақтың әрбір бөлімі оқушыны мақсатқа жетуге жетелей ме?

- Оқушылар іс жүзінде не істейді? Мен оқушыларға олар не істейтінін және олар қандай нәтижеге қол жеткізу керектігін қалай түсіндіремін?

- Оқушылардың білімді игергенін қалай білемін?

- Егер мен өзім осы сабақта оқушы болсам, бұның барлығын қалай қабылдай едім?

Оқушыға көмек көрсетіле ме, жігерлендіріле ме? Қосымша материал ала ма?

- Жоспар қаншалықты икемді? Оқушының көп түсіндіруді қажет ететін қызықты сұрағы, дыбыс-бейне құралдарды пайдаланудағы қиындықтар, әлдебіреудің сырттан рұқсатсыз кіріп келуі сияқты күтпеген оқиғалар туындаса, оларды қалай шешемін?

- Оқушылар ұсынатын кері байланысқа қатысты, оны қалай жіктеп, жазып және талқылаймын?

Төмендегі сұрақтар мұғалімге сабақтан кейінгі рефлексия жасауға мүмкіндік береді:

- Менің оқушыларым бүгін не үйренді? Бұған не әсер етті?

- Сабақта ештеңеге үйренбеген балалар болды ма? Мұның себебі қандай?

- Сабақта қолданған әдістерім сәтті болды ма? Сабақ бұдан да сәтті өтуі үшін басқа қандай әдістер қолдануым керек еді?

- Сабақта ерекше бір жағдай байқалды ма? Бұл неліктен осылай болды?

- Сабақта оқушылардың жинақтаған білімі мен тәжірибелері, қызығушылық танытатын салалары есепке алынды ма? Мұны қалай жақсартуға болатын еді?

- Сабақты оқушылардың іс-әрекеттері мен жауаптарына қарай бейімдей алдым ба?

- Оқушыларым сабақта бірігіп жасаған қорытындыларымызға қалай қарады?

Сабақтан қандай көңіл-күймен шықты? Сыныптағы орта оларға жайлы болды ма?

- Мен сыныптағы тәртіпті басқара алдым ба? Менің қандай әрекеттерім жақсы шықты, қандай әдістерім сәтсіз болды? Неліктен? Нені басқаша жасауым керек еді?

- Сабақта менің көңіл-күйім біркелкі болды ма? Мен өзімді ұстай білдім бе? Болашақта нені ескеуім керек?

- Сабақта мен үшін ең қиыны не болды? Қандай жағдай ерекше назар аударуымды қажет етті? Неге? Келесі жолы мұндай жағдайда не істеуім керек?

- Сабақтағы оқу әдістерім сәтті болды ма? Оқушылардың меңгерген білімдері менің үйрету тәсілдеріммен байланысты ма? Келешекте нені есепке алуым керек?

- Бұл сабақты басқаша өтуге болатын ба еді? Қалай? Сабақтың қандай жағына көбірек көңіл бөлу керек: мазмұндық, әдістемелік, эмоциялық?

- Сабақта мен оқушыларымды ынталандыра алдым ба? Оқушылардың ішкі уәжін ескердім бе? Оқушыларды табысқа бағыттаудың тағы да қандай жолдары бар?

- Бағалауда мен қаншалықты шынайы болдым? Бағалау оқушыларға қалай әсер етті?

- Оқушыларға сабақта өздерін басқаруға мүмкіндік болды ма? Бұл қайдан, қалай көрінді?

- Сабаққа дайындалғанда оқыту теорияларына сүйендім бе? Өткізген сабағым таңдаған теорияма қаншалықты сәйкес болды?

- Осы сабақтан кейін мен өзіме қандай жаңалық аштым, нені жетік түсіндім?

Мектептегі негізгі пәндерді оқу арқылы оқушылар өз түсінігін кеңейте отырып, өзінің оқуы үшін жауапты болуға үйренеді. Оқушылар өзіндік көзқарасы мен пайымдауын қалыптастырып, дамытуға, мұқият зерделеуге және өз ойын сенімді айта білуге дағдыланады. Мысалы, олар дәлелдерді талдау мен бағамдауды және ойлау дағдылары туралы ойлануды үйренеді. Сонымен қатар, пәнаралық байланыс орнату арқылы олар ақпаратты тиімді пайдалануды үйренетін болады[6,348б].

Қазіргі заманда өзіндік «мені» қалыптасқан тұлға тәрбиелейміз. Оқушы тұлға болып қалыптасуы үшін оның бойында түрлі жағдаяттағы проблеманы анықтауға, өзіндік тұжырым жасай білуге, өзіндік бағалауға, сыни ақпараттарды өз бетімен табуға, талдауға, дәлелдеуге, жалпы алғанда жеке адамның құзіреті қалыптасуы қажет. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде қажетке асыра білуі керек. «Білімді болу деген сөздің мағынасы – белгісіз нәрсені ашуға қабілетті болу», - деген Әл-Фарабидің сөзіне жүгінетін болсақ, ел ертеңі білімді ұрпақпен ғана өлшенбек.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы Астана, Ақорда, 2007 жылғы шілденің 27-сі. № 319-III ҚРЗ
2. Таубаева Ш. Введение в методологию и методику педагогического исследования: учебное пособие. -Түркістан: «Тұран» баспасы, 2007. - 190 с.
3. Өстеміров К. Қазіргі педагогикалық технологиялар мен оқыту құралдары: Оқу құралы: - Алматы: ЖШС «КАЗПРОФТЕХ», 2007. -144 б.
4. Тұрғынбаева Б.А. Ұстаздық шығармашылық. - Алматы, 2007. - 236 .
5. Еркибаева Г.Г., Оқыту үрдісіндегі жаңа технологиялар: теория мен практика: Оқу әдістемелік құрал. –Алматы: ГиГаТРЭЙД, 2014. - 208 б.
6. Кусаинов Г.М., Сагинов К.М., Конурова-Идрисова З.К. «Основы дидактики» (Дидактика негіздері). – Астана: Центр педагогического мастерства, 2014. – 348 с.

УДК 001.3

ҒЫЛЫМДАҒЫ ИННОВАЦИЯ**Орынбасар Е.***әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетті**Алматы қ., Қазақстан*

Андатпа. Бұл мақалада ғылымдағы инновациялардың даму үрдістері мен олардың қоғамға, экономикаға және технологияға әсері зерттеледі. Инновациялар ғылымның өркендеуінде және қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының негізінде маңызды рөл атқарады. Жаңа идеялар мен технологиялар өмір сүру деңгейін жақсартуға, әлеуметтік мәселелерді шешуге және жұмыс орындарын құруға ықпал етеді. Мақалада инновациялардың түрлі салалардағы бағыттары талданады, оның ішінде ақпараттық технологиялар (IT), биотехнология, экология, өндіріс және т.б. Әрбір бағыттың қоғамға және экономикалық өсімге әсері қарастырылады. Қазақстанның инновациялық дамуы соңғы жылдары айтарлықтай жетістіктерге жеткенімен, әлемдік стандарттармен сәйкестікке жету үшін бірқатар мәселелерді шешу қажет. Бұл мақалада Қазақстан мен Орталық Азия елдерінің ғылыми әлеуетін арттыру жолдары, инновациялық экожүйелерді қалыптастыру және ғылыми зерттеулерді қаржыландыру арқылы аймақтың ғылыми әлеуетін күшейту мәселелері талқыланады. Орталық Азия аймағы инновациялардың дамуында әлі де біршама артта қалып отыр, бірақ ғылыми экожүйелерді құру арқылы аймақтық дамуды тездетуге болады. Ғылыми инновациялардың қоғамға әсері, технологиялық трансформацияның маңызы мен жаңашылдықтарды енгізудің қажеттілігі туралы да айтылады. Инновациялар қоғамның өмір сүру сапасын жақсартуға, экологиялық мәселелерді шешуге, денсаулық сақтау саласында жетістіктерге жетуге мүмкіндік береді. Орталық Азия елдерінде осы бағытта бірқатар ғылыми зерттеулер жүргізіліп, инновациялық жобаларды жүзеге асыру үшін нақты қадамдар жасалуда. Сонымен қатар, ғылыми қызметті қолдауға арналған мемлекеттік бағдарламалар мен жеке сектордың инвестицияларын арттыру қажет. Бұл мақала халықаралық қауымдастықтың назарын Орталық Азияның ғылым мен инновацияға қосатын үлесін арттыру қажеттілігіне аударады. Орталық Азияның ғылыми әлеуетін арттыру, инновациялық шешімдер ұсыну және жаңа мүмкіндіктер ашу мақсатына жету үшін аймақтағы инновациялық экожүйелерді дамыту қажет.

Кілт сөздер: ғылыми инновациялардың дамуы, инновациялық экожүйелердің құрылуы, Орталық Азияның ғылыми әлеуеті, технологиялық трансформация, қоғамға әсер ететін факторлар.

Abstract. This article examines the development trends of innovations in science and their impact on society, the economy, and technology. Innovations play a crucial role in the advancement of science and the social-economic development of society. New ideas and technologies contribute to improving living standards, solving social issues, and creating job opportunities. The article explores key areas of innovation in various fields, including information technology (IT), biotechnology, ecology, manufacturing, and more. Each sector's impact on society and economic growth is discussed. Although Kazakhstan has achieved significant progress in innovation, there are several challenges to align with global standards. This article explores ways to enhance the scientific potential of Kazakhstan and Central Asian countries, focusing on establishing innovation ecosystems and funding research projects to strengthen regional scientific capacities. Central Asia is still somewhat behind in innovation development, but establishing innovation ecosystems can accelerate regional progress. The article also discusses the impact of scientific innovations on society, the importance of technological transformation, and the necessity of introducing new innovations. Innovations improve the quality of life, address environmental challenges, and lead to advancements in healthcare. Several scientific studies in Central Asia are focused on these areas, and concrete steps are being taken to implement innovative projects. Additionally, increasing public sector support for

scientific work and attracting more private sector investment is crucial. This article draws the attention of the international community to the need to strengthen Central Asia's contributions to science and innovation. Developing innovation ecosystems in the region is essential to enhancing scientific potential, providing innovative solutions, and opening new opportunities.

Keywords: trends in scientific innovation, establishment of innovation ecosystems, scientific potential of Central Asia, technological transformation, factors impacting society.

Кіріспе

Ғылымдағы инновация — бұл жаңа идеялар, технологиялар, әдістер мен өнімдердің пайда болуы. Инновациялар ғылымның дамуында маңызды рөл атқарады, себебі олар қоғам, экономика және технология эволюциясына терең әсер етеді. Ғылым мен технология арасындағы тығыз байланыс заманауи әлемнің негізін құрайды, ал инновациялардың болуы адамның өмір сүру деңгейін көтеруге, әлеуметтік және экономикалық мәселелерді шешуге ықпал етеді. Альберт Эйнштейн, Иссак Ньютон, Мария Кюри, Чарльз Дарвин, Никола Тесла, Алан Тьюринг, Галилео Галилей, Стивен Хокинг, Ричард Фейнман сияқты ғалымдар әртүрлі салаларда жаңалықтар ашып, ғылымдағы инновациялық дамудың қозғаушы күші болды. Олардың еңбектері қазіргі ғылыми жаңалықтарға жол ашты. Бүгінде ғылым мен технологияның өзара байланысы ерекше маңызға ие. Инновациялар ғылымды дамытудың негізгі аспектілерін қалыптастырады, себебі олар жаңа идеялар мен шешімдерді туындатып, оларды тәжірибеде қолдануға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, ғылымдағы инновациялар тек ғылыми жаңалықтармен ғана шектелмейді, сонымен қатар экономикалық өсімді қамтамасыз етуге, әлеуметтік мәселелерді шешуге және адамның өмір сапасын жақсартуға да ықпал етеді. Ғылымдағы инновацияның технологиялық (IT, AI), биотехнология, өндірістік, әлеуметтік, экологиялық, экономикалық және басқа да бағыттары бар. Бұл бағыттар инновацияның әртүрлі аспектілерін көрсетеді және олар бір-бірімен тығыз байланысты. Инновациялардың мақсаты — тиімділікті арттыру, жаңа мүмкіндіктер ашу және қоғамның дамуына үлес қосу.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, инновацияларды дамыту ғылыми зерттеулер, білім беру жүйесі және өнеркәсіптік практикамен тығыз байланысты. Мысалы, АҚШ, Еуропа және Азия елдерінде ғылыми-зерттеу институттары мен университеттер арасында бірлескен жобалар мен ынтымақтастықты арттыруға бағытталған түрлі бағдарламалар жүзеге асырылуда. Инновациялардың қоғамға тигізетін әсері әртүрлі. Олар жаңа жұмыс орындарын ашу, бәсекелестікті арттыру, экологиялық мәселелерді шешу және әлеуметтік өзгерістерге әсер ету арқылы экономикалық және әлеуметтік жүйелерді жаңартуға мүмкіндік береді. Мақалада ғылымдағы инновациялардың теориялық аспектілері, даму әдістері және нәтижелері, сондай-ақ, инновациялардың ғылым мен экономикаға тигізетін әсері талданады.

Негізгі бөлім

Инновациялар ғылыми және практикалық тұрғыдан зерттеу, дамыту және енгізу процестерінде маңызды рөл атқарады. Олар жаңа идеяларды, өнімдерді, қызметтерді, технологияларды және процестерді енгізу арқылы қоғамның, экономиканың және ғылымның прогресін қамтамасыз етеді. Инновацияларды жүйелі түрде бөлу, олардың әртүрлі аспектілерін тереңірек түсінуге және зерттеу, дамыту, басқару стратегияларын тиімдірек құруға мүмкіндік береді.

Бүгінгі күні Қазақстанда халықаралық ғылыми қауымдастыққа интеграцияланып, инновациялық даму жолын таңдап отыр. Елде ғылыми зерттеулердің нәтижелілігін арттыру үшін инновациялық экожүйелер құруға ерекше көңіл бөлінуде. Технологиялық дамудың қазіргі кезеңінде ғылым мен бизнестің байланысын нығайту, жаңа стартаптарды қолдау және кәсіпкерлік мәдениетті қалыптастыру өте маңызды болып табылады. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мәліметтері бойынша, елімізде ғылыми-зерттеу жобаларын қаржыландыру көлемі жылдан-жылға артып, жаңаша идеяларды жүзеге асыру мүмкіндіктерін кеңейтіп келеді. Сондықтан, мақалада халықаралық деңгейде ғылым мен инновацияның

дамуындағы негізгі тенденциялар мен зерттеулер, сондай-ақ Орталық Азияның бұл үрдістерге қатысуы мен ықпалы қарастырылады. Орталық Азия және халықаралық деңгейдегі инновациялық зерттеулердің ғылым мен технология саласындағы жетістіктер мен кедергілерді анықтау, зерттеу жұмысының өзектілігін және маңыздылығын көрсету мақсатында көптеген соңғы зерттеулер мен мәліметтер пайдаланылатын болады.

Өзектілік

Инновациялар ғылым мен технологияның дамуы үшін шешуші рөл атқарады. Бүгінгі таңда цифрлық технологиялар, биотехнологиялар мен жасанды интеллект Орталық Азиядағы ғылыми зерттеулердің тиімділігін арттыруда маңызды. Мысалы, Дүниежүзілік банк 2022 жылы Орталық Азиядағы ғылыми инновацияларға 300 миллион доллар инвестиция салуды жоспарлады, бұл аймақтағы ғылыми жобаларға қаржылық қолдау көрсету бойынша жаңа бастамаларға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, Орталық Азия елдері, әсіресе Қазақстан мен Өзбекстан, халықаралық стандарттарға сай инновациялық шешімдерді енгізуге күш салуда. Мысалы, 2021 жылы Өзбекстан 5G технологияларын енгізу бойынша халықаралық жобаларды бастады, бұл елдің инновациялық дамуында маңызды қадам болды. Дегенмен, Орталық Азиядағы инновациялық даму баяу жүріп жатыр. Мысалы, Қазақстанда цифрлық технологияларды енгізу қарқыны халықаралық деңгеймен салыстырғанда төмен, бұл экономика мен әлеуметтік дамуға теріс әсер етуі мүмкін. Сондықтан ғылыми зерттеулер мен инновацияларды дамыту Орталық Азияның экономикалық өсуі мен әлеуметтік өзгерістерге әсер етеді. Бұл зерттеудің өзектілігі аймақтың ғылыми әлеуетін арттыру мен халықаралық тәжірибені енгізуге негізделген.

Зерттеу мақсаты – халықаралық және Орталық Азиядағы ғылыми инновациялардың рөлін зерттеу және олардың ғылым мен технологияға ықпалын анықтау. Осы мақсатқа жету үшін келесі зерттеу сұрақтары қарастырылады:

1. Ғылымдағы инновациялар халықаралық деңгейде қандай негізгі бағыттарда дамып келеді?
2. Орталық Азия елдерінің инновациялық дамуы әлемдік стандарттармен салыстырғанда қандай дәрежеде?
3. Ғылыми инновациялар зерттеу жұмыстарының сапасын жақсартуда қандай нақты нәтижелерге жетуге мүмкіндік береді?
4. Ғылымдағы инновациялардың Орталық Азияның экономикалық және әлеуметтік дамуына әсері қандай?
5. Орталық Азия мен халықаралық деңгейдегі инновациялық дамудағы негізгі кедергілер мен мүмкіндіктер қандай?

1. Ғылымдағы инновациялар халықаралық деңгейде бірнеше бағытта дамып келеді.

1) Цифрлық технологиялар: Бұл салада технологиялар деректерді өңдеу мен талдаудың озық тәсілдерін пайдаланып, медицина, инженерия, және қаржы сияқты әртүрлі салаларда жаңа мүмкіндіктер ашып жатыр. Жасанды интеллектің арқасында күрделі мәселелерді шешу жылдам және тиімдірек болады.

2) Биотехнология және генетика: Геномды редакциялау технологиялары, мысалы, CRISPR, медицина мен ауыл шаруашылығында маңызды рөл атқарып келеді. Генетикалық зерттеулер ауруларды емдеудің жаңа тәсілдерін жасап шығаруға және ауыл шаруашылығында өнімділікті арттыруға мүмкіндік береді.

3) Жаңартылатын энергия көздері: Климаттың өзгеруіне қарсы күресте жаңартылатын энергияның рөлі артып келеді. Күн, жел энергиясы және басқа баламалы энергия көздері бойынша зерттеулер халықаралық деңгейде белсенді түрде жүргізілуде.

4) Кванттық есептеу: Кванттық технологиялар ақпаратты өңдеудің жаңа жолдарын ұсынып, дәстүрлі компьютерлердің шектеулерін жеңуге көмектеседі. Бұл технологияның қаржы, медицина және басқа салалардағы күрделі есептеулер үшін үлкен болашағы бар.


5) Нанотехнологиялар: Материалдардың атомдық және молекулалық деңгейде басқарылуы көптеген өнеркәсіптерде жаңа өнімдер мен шешімдер шығаруға жол ашады.

Әсіресе медицина, электроника және экология салаларында маңызды жаңалықтар енгізілуде.


б) Ғарыштық технологиялар: Жеке және мемлекеттік компаниялар ғарыштық технологияларды дамытып, Марсқа миссиялар мен жасанды жерсеріктер арқылы ғарыштық зерттеулерді кеңейтіп келеді. Бұл болашақта жаңа ресурстарды игеру мен планеталық қорғанысқа қатысты үлкен жетістіктерге алып келуі мүмкін.

2. Орталық Азия елдерінің инновациялық дамуы әлемдік стандарттармен салыстырғанда қандай дәрежеде?

Өркениеті озық елдерде ғалымдар ең жоғарғы зиялы топ өкілдері ретінде бағаланады. Соған сай олардың еңбектерін жеткілікті дәрежеде бағалап, өздеріне де құрмет көрсетіледі. Мемлекеттің ғылымға деген көзқарасы оның жалпы ішкі өнімінің ғылымды дамытуға бөлінетін қаражатының пайыздық деңгейімен өлшенеді. Ғылымға ең көп қаржы бөлетін Израиль – 4,6%, Швеция – 4%, Жапония – 3,4%, АҚШ – 2,7%, Германия – 2,5%. Ал, көрші Ресейде – 1,25% болса, Қазақстанда бар болғаны 0,12% деп көрсетеді статистикалық мәліметтер. Бүгінгі таңда ғылыми қызметкерлердің айлық жалақысы төмен. Тіпті, ашқан жаңалықтарын ғылыми айналымға енгізу де оңайға соқпайды. Халықаралық академиялық кеңестің мәліметі бойынша мемлекеттің ғылым саласына бөлетін қаражаты 1,5 пайыздан артық болған жағдайда ғана ғылым дамиды. Сандарды сөйлетіп, пайыздық мөлшерге салатын болсақ, отандық ғылым саласының «әттеген-ай» тұстары ап-анық шыға қалады. Бірақ, бұл тұралап қалу емес.



Орталық Азия елдерінің инновациялық дамуы соңғы жылдары белсенді түрде өркендеп келеді, бірақ олар әлі де әлемдік стандарттардан біршама артта қалуда. Қазақстан, Өзбекстан және Қырғызстан секілді елдерде ғылыми зерттеу орталықтары мен университеттер арасындағы ынтымақтастық артып, инновациялық бағдарламалар енгізіліп жатыр. Дегенмен, аймақтың зерттеулері көбіне қаржыландырудың жеткіліксіздігі, инфрақұрылымның әлсіздігі және ғылыми кадрлардың жетіспеушілігімен шектеледі.



3. Ғылыми инновациялар зерттеу жұмыстарының сапасын жақсартуда қандай нақты

нәтижелерге жетуге мүмкіндік береді?

Ғылыми инновациялар зерттеу жұмыстарының сапасын арттыруда бірқатар нақты нәтижелерге жетуге мүмкіндік береді. Біріншіден, жаңа технологиялар мен әдістердің енгізілуі зерттеу процестерін жеделдетіп, нәтижелердің дәлдігі мен сапасын жақсартады. Мысалы, цифрлық технологиялар, жасанды интеллект және үлкен деректерді пайдалану зерттеулердің аналитикалық бөлігін күшейтіп, нәтижелерді оңай қорытуға мүмкіндік береді. Екіншіден, инновациялар халықаралық ғылыми қауымдастықпен байланыс орнатуға және зерттеу нәтижелерін жылдам таратуға көмектеседі.

Технология арқылы зерттеуді жетілдіру



4. Ғылымдағы инновациялардың Орталық Азияның экономикалық және әлеуметтік дамуына әсері қандай?

Ғылымдағы инновациялар Орталық Азия елдерінің экономикалық және әлеуметтік дамуына айтарлықтай үлес қосады. Мысалы, Қазақстанның биотехнология саласындағы жетістіктері ауыл шаруашылығын тиімдірек етуге мүмкіндік береді. 2022 жылы Қазақстан ауыл шаруашылығында биотехнологиялар қолдану арқылы өнімділікті 20%-ға арттыруға қол жеткізді, бұл аймақтың азық-түлік қауіпсіздігін нығайтуға ықпал етті. Жаңартылатын энергия көздері де маңызды рөл атқарады. Мысалы, Өзбекстан 2030 жылға дейін жаңартылатын энергия көздерінің үлесін 25%-ға дейін арттыруды жоспарлап отыр, бұл экологиялық мәселелерді шешуге және экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған. Сонымен қатар, инновациялар білім беру жүйесін жетілдіру арқылы жастарды заманға сай біліммен қамтамасыз етіп, елдің әлеуметтік тұрақтылығын нығайтады. Халықаралық білім беру ұйымдарының мәліметтері бойынша, Орталық Азияда STEM (ғылым, технология, инженерия және математика) білім беру бағдарламаларының саны 2019 жылдан бастап 30%-ға өсті, бұл жастардың ғылыми білім алуына ықпал етеді.

5. Орталық Азия мен халықаралық деңгейдегі инновациялық дамудағы негізгі кедергілер мен мүмкіндіктер қандай?

Орталық Азиядағы инновациялық дамудың негізгі кедергілері қаржыландырудың жеткіліксіздігі, ғылыми кадрлардың шектеулігі және инфрақұрылымның әлсіздігі болып табылады. 2021 жылы Орталық Азия елдеріндегі ғылыми-зерттеу институттарының қаржыландыруы ұлттық бюджеттің тек 0.5%-ын құрады, бұл халықаралық стандарттарға сәйкес келмейді. Сонымен қатар, халықаралық деңгейде ғылыми ортаға кірігу мәселелері де

бар, себебі көптеген ғылыми жобалар мен бағдарламалар аймақтағы мамандардың қатысуынсыз жүзеге асуда. Дегенмен, аймақтағы инновацияларға арналған мүмкіндіктер де көп. Халықаралық ынтымақтастық, мемлекеттердің инновациялық саясаттарды дамытуға бағытталған бағдарламалары және шетелдік инвесторлардың қызығушылығы – аймақ үшін үлкен мүмкіндіктер туғызып отыр. 2022 жылы Қазақстан мен Өзбекстан халықаралық ғылыми ынтымақтастықты дамытуға арналған 15 жобаны жүзеге асыруға қол қойды, бұл ғылыми зерттеулердің тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Орталық Азиядағы ғылым мен инновациялардың маңыздылығы:

Орталық Азияда ғылым мен инновациялардың дамуы қазіргі таңда ерекше маңызға ие. Мемлекеттер өз экономикасын әртараптандыру және бәсекеге қабілеттілікті арттыру мақсатында ғылыми зерттеулер мен технологиялық инновацияларға инвестицияларды арттыруда. Мысалы, Қазақстандағы “Нұрлы жол” бағдарламасы мен “Инновациялық Қазақстан-2020” стратегиясы инновацияларды дамытуға бағытталған маңызды бастамалар болып табылады. Бұл бағдарламалар аясында 2021 жылы Қазақстанда ғылыми жобаларды қаржыландыру үшін 45 млрд теңге бөлінді. Сонымен қатар, Орталық Азияда ғылыми-зерттеу институттарының саны артуда, олар халықаралық ынтымақтастықты нығайту арқылы инновациялық жобаларды жүзеге асыруда. 2021 жылы Өзбекстан 5G технологияларын енгізу бойынша халықаралық жобаларды бастады, ал 2023 жылы Ташкентте 5G желісі іске қосылды. Бұл жобалар цифрлық экономикаға 15%-ға дейін өсуді қамтамасыз етті. Стартап мәдениеті де Орталық Азияда қарқынды дамып келеді, жастар мен кәсіпкерлер арасында инновациялық идеяларды жүзеге асыруға қызығушылық артып отыр. Алматыда “Tech Garden” сияқты инкубаторлар жастардың стартаптарын қолдауда маңызды рөл атқарады. 2023 жылы Tech Garden инкубаторы 50-ден астам стартап жобасына қолдау көрсетіп, қатысушылардың 70%-ы өз бизнесін сәтті бастаған.

Халықаралық ұйымдар, оның ішінде БҰҰ, Дүниежүзілік банк және Еуропалық Одақ, Орталық Азиядағы ғылыми жобаларға қаржылық қолдау көрсету бойынша бастамаларды жүзеге асыруда. 2022 жылы Дүниежүзілік банк Орталық Азиядағы ғылыми инновацияларға 300 миллион доллар көлемінде инвестиция салуды жоспарлады. Сонымен қатар, салааралық ынтымақтастықтың маңызы зор. Орталық Азия елдері агрономия, энергетика және ақпараттық технологиялар сияқты салаларда ғылыми ынтымақтастықты нығайтуда, 2023 жылы Қазақстан мен Өзбекстан арасында 20-дан астам бірлескен ғылыми жоба жүзеге асырылды.

Орталық Азия елдерінде бірнеше ғылыми салада белсенді зерттеулер жүргізілуде, бірақ оларды өндірістік деңгейде іске асыруда кедергілер бар. Бұл салаларға биотехнология, жасанды интеллект, нанотехнология, жаңартылатын энергия көздері, ғарыштық зерттеулер және медицина мен фармацевтика жатады.

Осы шаралар Орта Азия елдерінде ғылым мен инновацияны дамытуға және зерттеулердің тиімділігін арттыруға ықпал етеді деп ойлаймын. Біріншіден, зерттеушілердің біліктілігін арттыру қажет. Жоғары оқу орындары мен зерттеу орталықтарында заманауи әдістемелерді оқыту, ғалымдарға халықаралық тәжірибе жинауға мүмкіндік беру арқылы оларды жаңа технологиялармен жұмыс істеуге дайындауға болады. Бұл зерттеу сапасын жақсартады. Екіншіден, қаржыландыру көлемін арттыру маңызды. Ғылымға инвестицияларды көбейту арқылы инновациялық жобалардың жүзеге асуы мен олардың экономикаға әсерін күшейтуге болады. Жеке сектор мен мемлекет арасында ғылыми жобаларды қолдау бағытында ынтымақтастықты нығайту қажет. Сонымен қатар, ғылыми инфрақұрылымды жақсарту өзекті мәселе. Зертханалар мен ғылыми орталықтарды заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету арқылы зерттеушілерге қолайлы жағдай жасау сапалы нәтижелерге жетуге септігін тигізеді. Үшіншіден, халықаралық ынтымақтастық ғалымдардың халықаралық стандарттар деңгейінде жұмыс істеуіне және жаңа нәтижелерге қол жеткізуіне ықпал етеді. Шетелдік серіктестермен ортақ зерттеулер жүргізу арқылы инновацияларды коммерциялау процесін жеделдетуге болады. Жас ғалымдарды қолдау да ғылыми зерттеулердің сапасын арттыратын маңызды фактор. Оларға арнайы гранттар, стипендиялар ұсыну, зерттеулерге қатысуға мүмкіндік беру арқылы жаңа буын ғалымдарының дамуына

қолдау көрсету керек. Ақырында, ғылыми нәтижелерді коммерциялау маңызды қадам болып табылады. Зерттеулердің нақты өнімге айналып, нарыққа шығуы экономикаға тікелей әсер етеді. Бұл үшін ғылыми жаңалықтарды өндіріс және бизнес салаларымен тығыз байланыстыру қажет.

Ғылымдағы жұмыстар қандай нәтиже шығарды, қандай ғылыми жетістіктерін коммерцияландырып, өндіріске енгізді, қанша жұмыс орны ашылды, одан қанша салық түсті? Осы және басқа да мәселелерді қарастыру арқылы тиімдіжүйе орнатып, пайдалы шешімдерді жүзеге асыра аламыз. Мысалы, егер бір үлкен компания ғылыми зерттеу институтын ашатын болса, әлде ғылыми орталығын ашатын болса және оған 100 млн теңге қаражатын жұмсаса онда ол компания ертең салықты төлегенде дәл осы салған 100 млн теңгесінің құнын шегеріп, салық төлегенде осындай жеңілдіктер алатын болады. Табыс әкелу үшін жоба нәтижелерін қатаң бақылауда ұстаған жөн.

Өндірістің ғылымға деген сұранысы, ғылымға деген сеніміне тікелей байланысты. Менің пайымдауымша бізде қазіргі кезде өндіріс ғылымнан алшақтау жұмыс жасайды. Ғылымның нәтижелеріне бас қатырғысы келмей, дайын осыған дейін шығарылған дүниені шығарғанды дұрыс көреді. Инновацияның маңыздылығын түсіну өте маңызды. Отандық ғылым дамуы үшін, отандық ғылымның еңбектері тиісті деңгейде насихатталуы керек.

Қорытынды:

Ғұлама ғалым әл-Фараби «Ғылымы жоқ елдің – болашағы жоқ» деген екен. Қасым-Жомарт Тоқаев «Ана тілі» газетіне берген сұхбатында: «Той қуалайтын емес, ой қуалайтын кезеңмен бетпе-бет келдік. Бұл дәуір – ақыл-ойдың, ғылым мен білімнің, еңбектің дәуірі», – деген болатын. Мемлекет басшысы айтпақшы, біздің заманымыз – ғылым мен білімнің дамуына білек түріп белсене кірісетін кезең. Ғылым мен технологияның инновациялық дамуындағы маңызды рөлін атап өткенде, ғылыми жаңалықтардың қоғамның экономикалық, әлеуметтік және экологиялық аспектілеріне терең әсер ететінін байқаймыз.

Орталық Азия елдеріндегі ғылыми зерттеулер мен технологиялық инновациялардың баяу дамуы, экономикалық және әлеуметтік прогрестің тежелуіне алып келеді. Дамыған елдерде ғылым мен инновацияларға бөлінетін қаржының көлемі мен ресурстардың қолжетімділігі, олардың халықаралық бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етеді. Орталық Азия мемлекеттерінің инновациялық дамуында кездесетін кедергілер — қаржыландырудың жеткіліксіздігі, инфрақұрылымның әлсіздігі, ғылыми кадрлардың тапшылығы — бұл мәселелерді шешу үшін мемлекеттер арасындағы ынтымақтастық пен халықаралық тәжірибені енгізу қажет. Бүгінгі таңда Орталық Азиядағы ғылыми экожүйені дамыту мақсатында мемлекеттер инновациялық саясаттарды жетілдіру, ғылыми зерттеулерді қаржыландыруды арттыру, стартап мәдениетін ынталандыру сияқты шараларды қолға алуы тиіс. Мысалы, Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы бірлескен жобалар, халықаралық ұйымдардың қаржылық қолдау көрсетуі, ғылыми-инновациялық орталықтардың ашылуы — бұл аймақтағы ғылыми зерттеулердің тиімділігін арттырудың басты механизмдері.

Сонымен, Орталық Азия елдері үшін ғылыми инновациялар мен технологиялық прогрестің негізінде әлеуметтік-экономикалық даму стратегияларын қалыптастыру мен іске асыру, экономиканың әртараптануына және халықтың өмір сүру деңгейінің жақсаруына ықпал етеді. Бұл бағытта жүйелі жұмыстар атқару, ғылым мен білімнің озық үлгілерін енгізу, жастарды заманға сай біліммен қамтамасыз ету, сондай-ақ ғылыми зерттеулердің халықаралық стандарттарға сай жүргізілуі — аймақтың болашағын жарқын ете алады.

Әдебиеттер тізімі

1. Сабден Оразалы “Инновациялық экономика” I том, Алматы (2011)
2. Ашимов, Ж. (2023). Орталық Азиядағы инновациялық даму және халықаралық ынтымақтастық. *Central Asian Innovations Review*

3. Smith, T. (2020). The Role of Digital Technologies in Modern Scientific Research. International Journal of Science and Innovation
4. <https://dergipark.org.tr/en/download/article-file/3200144>
5. Клейтон М. Кристенсен (2004) “Дилемма инноватора: Почему успешные компании терпят неудачу”
6. https://openu.kz/storage/lessons/689/tehnologiyaly-innovaciyalarday-strategiyaly-menedzhment_6_lecture.pdf
7. https://www.researchgate.net/publication/371867868_The_role_of_digital_technology_and_digital_innovation_towards_firm_performance_in_a_digital_economy/link/65b9d3781e1ec12eff645644/download?tp=eyJjb250ZXh0Ijp7ImZpcnN0UGFnZSI6InB1YmxpY2F0aW9uIiwicGFnZSI6InB1YmxpY2F0aW9uIn19
8. <https://www.technologynetworks.com/drug-discovery/articles/top-trends-shaping-pharma-in-2024-ai-gene-editing-biosimilars-and-real-world-data-386833>
9. <https://www.ibm.com/think/insights/artificial-intelligence-trends>
10. <https://www.techopedia.com/future-of-quantum-computing>
11. Маханбетов, А. (2020). Инновациялық даму стратегиясы. Алматы: Ғылым.
12. World Bank. (2021). Innovations in Uzbekistan: Embracing the Future. World Bank.
13. Digital Kazakhstan. (2023). Tech Garden: A New Era for Startups in Almaty. Digital Kazakhstan.
14. UNESCO. (2023). Interdisciplinary Cooperation in Central Asia. UNESCO.

УДК 37.014

МАМАНДЫҚ ТАҢДАУДА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС БЕРУ

Нурымбетова Г.Е.

Магистр, аға оқытушы

Кентау гуманитарлық-техникалық колледжі

Кентау қ., Қазақстан

nurymbetova.1980@bk.ru

Аңдатпа. Бұл мақалада мамандық таңдау және оны игеру кәсіби өзін-өзі анықтаудан басталады, деп түсіндірген Мектеп – оқушыларға кәсіптік бағдар беру жұмысын ұйымдастырушы және үйлестіруші орталық. Кәсіби бағыттылық оқушының кәсіптік жағынан өзін-өзі айқындауының маңызды бөлігі қарастырылады. Кәсіптік бағыттылықты қалыптастырудың адами алғышарттары жоғары сыныптарда туындайды танымдық қызығушылық дамиды. Мектеп – оқушыларға кәсіптік бағдар беру жұмысын ұйымдастырушы және үйлестіруші орталық. Ал мектепте кәсіптік бағдар беру жұмысын негізінен іске асыратын мұғалім, сынып жетекшісі, еңбек сабағының оқытушысы, сыныптан және мектептен тыс тәрбие жұмысын ұйымдастырушы, яғни бүкіл педагогикалық ұжым болып саналады. Оқу-тәрбие процесінде білім алушыларды қолдауды білікті мамандардың ұйымдастыруынсыз - элеуметтік - психологиялық, медициналық-валеологиялық, педагогикалық жас ұрпақты өмірге сапалы даярлауды қамтамасыз ету мүмкін емес екені қарастырылған.

Түйін сөздер: Кәсіптік бағдар беру, мамандыққа дайындау, кеңес беру, құндылық, қабілет, мүмкіндік.

Аннотация. В данной статье возможность пояснил, что выбор профессии и ее

освоение начинается с профессионального самоопределения. Профессиональная ориентация считается важной частью профессионального самоопределения студента. В старших классах возникают человеческие предпосылки для формирования профессиональной направленности, развивается познавательный интерес. Школа является центром, организующим и координирующим работу по профориентации учащихся. Учитель, классный руководитель, учитель трудового класса, организатор воспитательной работы вне класса и вне школы, т.е. весь педагогический коллектив, считаются теми, кто в основном реализует профориентационную работу в школе. Считается, что невозможно обеспечить качественную подготовку молодого поколения на всю жизнь без организации в образовательном процессе квалифицированных специалистов - социально-психологических, медико-валеологических, педагогических.

Ключевые слова: Профессиональная ориентация, подготовка к профессии, консультирование, ценность, способность, возможность.

Annotation. Possibility In this article, explained that choosing a profession and mastering it begins with professional self-determination. Professional orientation is considered an important part of professional self-determination of the student. The human prerequisites for the formation of professional orientation arise in the upper classes, cognitive interest develops. The school is a center that organizes and coordinates the work of providing vocational guidance to students. A teacher, a class leader, a labor class teacher, an organizer of educational work outside the classroom and outside the school, i.e. the whole pedagogical team, are considered to be the ones who mainly implement the work of vocational orientation in the school. It is considered that it is impossible to provide quality training of the young generation for life without the organization of qualified specialists in the educational process - social-psychological, medical-valeological, pedagogical.

Keywords: Vocational orientation, preparation for a profession, counseling, value, ability, opportunity.

Қазіргі жаңа кезеңдерде ғылымдар жүйесінде, кәсіби өзін-өзі анықтау анықтау барысында педагогикалық кеңес берудің өзектілігі қоғам талаптарына орай еңбек сипаты мен мазмұнының аумақты, жылдам өзгеруіне байланысты кәсіби кеңес пен мамандық таңдауға психологиялық дайындықты қалыптастырудың теориялық және әдіснамалық өңдеулерін жүзеге асыру мәнді сұрақтардың бірі. Кәсіби бағдарлану мен кәсіби анықталу, соған байланысты іс-әрекетті саналы өзіндік реттеу мәселелерінде дәстүрлі және диагностикалық зерттеуді қолдану педагогикалық, практикалық кеңес беруді, мамандыққа дайындауды, еңбек субъектісі ретінде болашаққа бағыт бағдар беруді кеңінен қолдануды күшейтіп негіздейді делінген Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында [1]. Кәсіби бағыттылық оқушының кәсіптік жағынан өзін-өзі айқындауының маңызды бөлігі ретінде мамандық таңдауға белсенді қарым-қатынасынан көрінеді. Кәсіптік бағыттылықты қалыптастырудың адами алғышарттары жоғары сыныптарда туындайды танымдық қызығушылық дамиды. ХХІ ғасыр табалдырығын аттаған шақта тәуелсіз Қазақстан дүниежүзілік білім кеңістігінде өз орнын айқындауды, еліміздің экономикалық, саяси, мәдени дамуына үлес қосатын, әлемдік өркениетке көтерілетін білімді де мәдениетті, парасатты, денсаулығы мықты азамат тәрбиелеп шығаруды мақсат етіп отыр.

Осыған орай орта білім берудің жоғары сатысындағы бағдарлай оқыту оқушыларды кәсіби дайындыққа дейінгі терең білім алудың кәсіптік оқытудың алғашқы бастамасы болып табылады. Мектеп – оқушыларға кәсіптік бағдар беру жұмысын ұйымдастырушы және үйлестіруші орталық. Ал мектепте кәсіптік бағдар беру жұмысын негізінен іске асыратын мұғалім, сынып жетекшісі, еңбек сабағының оқытушысы, сыныптан және мектептен тыс тәрбие жұмысын ұйымдастырушы, яғни бүкіл педагогикалық ұжым болып саналады. Жоғары сынып оқушыларының кәсіби өзін-өзі анықтауын психологиялық-педагогикалық қолдау олардың қабілеттері мен ұмтылыстарын түсінуге, өз мүмкіндіктерін ашудың жолдарын іздеуге көмектесуі керек және мектептегі педагогикалық процестің ажырамас бөлігі болуы керек дейді Н.В.Самаукина [2,1886]. Осы бағыттағы жұмыс жоғары сынып оқушыларын болашақ

мамандықты саналы түрде таңдауға бағытталған өмірлік бағдарлар мен көзқарастарды қалыптастырудың мақсаты болып табылады, бұл мәселені шешу барысында психологтардың, мұғалімдердің, жоғары сынып оқушыларының ата-аналардың бірігіп жасалынатын тиімді жұмысы болып табылады. Жасөспірімдердің кәсіби өзін-өзі анықтауын психологиялық-педагогикалық қолдаудың негізгі бағыттары:

- жоғары сынып оқушыларына өмірлік құндылықтар, қабілеттер мен мүмкіндіктер туралы түсінік қалыптастыруға ықпал ететін жағдайлар жасау;
- жоғары сынып оқушыларын әртүрлі жағдайларды шешуде өзін-өзі талдау тәсілдеріне оқыту;
- білім беру процесін жоғары сынып оқушыларының кәсіби өзін-өзі анықтау практикасымен біріктіру;
- әр оқушыға оның кәсіби өзін-өзі анықтауын ескере отырып маршруттар ұйымдастыру.

Кәсіптік бағдарлау проблемасының әлеуметтік проблема ретіндегі маңыздылығы мен өзектілігі қоғамның кадрлардың теңдестірілген құрылымындағы объективті қажеттіліктері мен жастардың қалыптасқан субъективті кәсіби ұмтылыстары арасындағы қайшылықты жеңу қажеттілігінен көрінеді. Яғни, өзінің мақсаты бойынша кәсіптік бағдарлау жүйесі Еңбек ресурстарын ұтымды бөлуге, жастардың өмір жолын таңдауға, оны мамандыққа бейімдеуге айтарлықтай әсер етуі керек Л.И. Божович [3,1966]. Мамандықтар саны өте көп. Жас кезімізде әрқайсымыз үлкен мамандық таңдау алдында тұрамыз. Әр түрлі еңбек түрлері адамнан әртүрлі және қайшылықты қасиеттерді талап етеді. Бірінші кезекте, бұл адамдармен қарым – қатынас жасау, оларды басқару немесе оларға бағыну, екінші жағдайда – қозғалыстардың жоғары мәдениеті, үшінші жағдайда-бақылаулардың ауырлығы. Орта мектеп оқушысы үшін мамандық таңдау ең маңызды, шұғыл және қиын мәселе болып табылады. Жас кезінде барлық жеке ерекшеліктер айқын көрінеді, олар жиынтықта адамның жеке басының қорын анықтайды А.А. Грицанов [4,1566] . Мамандық таңдау және оны игеру кәсіби өзін-өзі анықтаудан басталады. Кәсіби өзін-өзі анықтау өмірдің өзін-өзі анықтаудың бір бөлігі болып табылады және шартты түрде келесі кезеңдерге бөлінеді:

- мектепке дейінгі-бастапқы еңбек дағдылары мен іскерліктерін қалыптастыру;
- бастауыш мектеп-әр түрлі іс-шараларға (ойын, оқу, еңбек)қатысу арқылы адам өміріндегі еңбектің рөлін түсінудің пайда болуы;
- негізгі мектептің бірінші сатысы 5-7 сыныптар - мамандық таңдаумен байланысты өз мүдделері мен қабілеттерін сезіну;
- негізгі мектептің екінші сатысы 8-9 сыныптар - кәсіби сана-сезімді қалыптастырудың бастамасы;
- орта білім берудің үшінші сатысы (бітіруші сыныптар) - жеке оқу пәндерін тереңдетіп оқыту негізінде кәсіптік бағдарлау;
- кәсіптік оқу орнында оқу-мамандықты игеру;

Кәсіби қызмет - біліктілікті арттыру немесе басқа кәсіби қызметке қайта бағдарлау деген В.Н.Панферов [5,2086].Психолог жоғары сынып оқушыларының кәсіби өзін-өзі анықтауында маңызды рөл атқарады, өйткені бұл кәсіби ниеттердің пайда болуы мен қалыптасуынан және әртүрлі еңбек салаларында бастапқы бағдарланудан басталатын процесс.Психолог оқушыға , қол жетімді қарым-қатынас және консультациялар, сондай-ақ өзі маман ретінде кәсіптік кеңес беру тиіс. Тренинг жұмысының тиімді әдістері болып табылады, оның барысында студенттер арасында белсенді кері байланыс бар. Кәсіптік бағдарлау бойынша қысқа мерзімді консультация барысында психологтың рөлі психологиялық сүйемелдеу шеңберімен және қандай да бір мамандыққа бейімділікті анықтау үшін құралдарды ұсынумен (психодиагностикалық әдістемелерді жүргізу және түсіндіру) нақты шектелуі тиіс. Психолог оқушыға өз қалауын нақты анықтауға, оларды құрылымдауға көмектеседі. Кәсіби бағдарлаудың жалпы стратегиялық мақсаты мен басты міндеттері негізінде әлеуметтік педагог өзіне жақын әрі нақты мақсаттар қояды: оқушыларды белгілі бір біліммен қаруландыру, білік пен дағдыларды қалыптастыру, шығармашылық мүмкіндіктер мен қажеттіліктерді ашу, эстетикалық сананы, адамгершілікті және т. б.

Тәрбиелеу. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді және оқушылардың өздерін қызықтыратын сұрақтар шеңберін қамтиды. Осылайша, психолог қоғамдық тәрбие жүйесін басқарудағы орталық тұлға болуы керек. Бүгінгі таңда психологтың міндеті-жасөспірімге өмірде өз орнын табуға, тәуелсіз, шығармашылық, жан-жақты дамыған тұлға болуға көмектесу. Бұл жасөспірімге өзін-өзі жетілдіруге және өзін-өзі жүзеге асыруға көмектеседі деген Н.Н.Чистяков, Ю.А.Захаров., Новикова, Л.В.Белюк [6,174б]. Мектеп психологы үлкен жастағы балалардың өзін – өзі тануы үшін жұмыс істеуі керек, өйткені өзін-өзі тану мамандық таңдауға жеке көзқарасты жүзеге асырудың қажетті шарттарының бірі болып табылады. Өзіңізді басқа адамдармен салыстыру, өз мүмкіндіктеріңізді, жетістіктеріңізді білу және оларды айналаңыздағы адамдардың жетістіктері мен жетістіктерімен салыстыру. Іс жүзінде, ең күрделі проблемалар жұмыс әдістерімен ғана емес, оқушыға психологиялық-педагогикалық көмектің мәнін түсінумен де байланысты. Оқу-тәрбие процесінде білім алушыларды қолдауды білікті мамандардың ұйымдастыруынсыз - әлеуметтік - психологиялық, медициналық-валеологиялық, педагогикалық жас ұрпақты өмірге сапалы даярлауды қамтамасыз ету мүмкін емес.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы. Алматы, 2007.
2. Самаукина Н.В. Первые шаги школьного психолога «Феникс», 2000.- 188б
3. Божович, Л.И. Личность и ее формирование в детском возрасте. – М.: Педагогика, 2010. - 196б
4. Грицанов А.А.. Новейший психологический словарь Мн.: Книжный Дом, 2013-156б
5. Панферов В.Н. Психология человека. СПб.: Издательство Михайлова В.А. – 2012-208б.
6. Чистяков Н.Н., Захаров Ю.А., Новикова Т.Н., Белюк Л.В. Профессиональная ориентация молодежи. Учебное пособие. – Кемерово; КГУ, 2008.-174б

УДК 370.193 41

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ –САПАЛЫ БІЛІМ КЕПІЛІ

Рысова Н, С.

Магистр, аға оқытушы,

Аймақтық инновациялық университеті

Шымкент қ., Қазақстан

n.rysova@ayu.edu.kz

Аңдатпа. Бұл мақалада үздіксіз білім беру жүйесінде білім беруді дамыту, дүниежүзілік білім беру кеңістігіне кіру мақсатында елімізде білім берудің жаңа жүйесі құрылып жатқаны қарастырылған. Білім беруді дамыту негізінде жалпы оқыту үрдісіне жүктеліп отырған жаңаша талап, міндеттер жоғарғы оқу орны оқытушыларына да қойылуда. Сондықтан оқытушы іс-әрекетін жаңа талап тұрғысынан ұйымдастыру – бүгінгі күннің өзекті мәселесі. «Технология» ұғымы соңғы кездері педагогикалық әдебиеттегі ең көп қолданылатын ұғымдардың біріне айналды. Технология ұғымының дидактикалық ұғымдармен байланысы сан алуан: оқытудың технологиясы, педагогикалық технология, білім беру технологиясы. Ойын арқылы сабақты түрлендіре өткізу тиімді. Сонымен бірге өскелең ұрпақтың ақпарат құралдарымен жұмыстана білуіне назар аударған жөн, оқушы қызметін активтендіру негізінде педагогикалық технологияларының элементін қолдану жолдары қарастырылған.

Түйін сөздер: Технология, шығармашылық, қабілет, танымдық қызуғушылық,

ақпараттандыру, дағды.

Аннотация. В данной статье предусмотрено, что в целях развития образования в системе непрерывного образования, вхождения в мировое образовательное пространство в стране создается новая система образования. Новые требования, задачи, которые возлагаются на общий процесс обучения на основе развития образования, ставятся и на преподавателей вузов. Поэтому организация деятельности преподавателя с точки зрения нового требования-актуальная проблема сегодняшнего дня понятие. "Технология" в последнее время стало одним из наиболее часто используемых понятий в педагогической литературе. Связь понятия технологии с дидактическими понятиями многообразна: технология обучения, педагогическая технология, технология образования. Эффективно проводить конверсию урока через игру. При этом следует обратить внимание на умение подрастающего поколения работать со средствами массовой информации, рассмотрены пути применения элементов педагогических технологий на основе активизации деятельности учащихся.

Ключевые слова: Технология, творчество, способности, познавательные способности, информатизация, навыки.

Annotation. This article provides that in order to develop education in the system of continuing education, to enter the global educational space, a new education system is being created in the country, New requirements, tasks that are assigned to the general learning process based on the development of education are also set for university teachers. Therefore, the organization of the teacher's activities from the point of view of the new requirement is an actual problem of today 's concept. "Technology" has recently become one of the most frequently used concepts in the pedagogical literature. The connection of the concept of technology with didactic concepts is diverse: technology of education, pedagogical technology, technology of education. Effectively carry out the conversion of the lesson through the game. At the same time, attention should be paid to the ability of the younger generation to work with the media, ways of applying elements of pedagogical technologies based on the activation of students' activities are considered.

Keywords: Technology creativity, abilities, cognitive abilities, informatization, skills.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті- ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» - деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді. Бұл міндеттерді шешу үшін, әрбір білім беру мекемедегі ұжымының, әрбір мұғалімнің күнделікті ізденісі арқылы, барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа практикаға, жаңа қарым-қатынасқа өту қажеттігі туындайды[1]. Осы жайттарды ескере отырып қазіргідей жаһандану дәуірінде сабақ үдерісінде жаңа инновациялық технологияларды қолдана отырып сабақ өткізу оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады. Қазіргі таңда үздіксіз білім беру жүйесінде білім беруді дамыту, дүниежүзілік білім беру кеңістігіне кіру мақсатында елімізде білім берудің жаңа жүйесі құрылып жатыр. Білім беруді дамыту негізінде жалпы оқыту үрдісіне жүктеліп отырған жаңаша талап, міндеттер жоғарғы оқу орны оқытушыларына да қойылуда. Сондықтан оқытушы іс-әрекетін жаңа талап тұрғысынан ұйымдастыру – бүгінгі күннің өзекті мәселесі.«Технология» ұғымы соңғы кездері педагогикалық әдебиеттегі ең көп қолданылатын ұғымдардың біріне айналды. Технология ұғымының дидактикалық ұғымдармен байланысы сан алуан: оқытудың технологиясы, педагогикалық технология, білім беру технологиясы.Ойын арқылы сабақты түрлендіре өткізу тиімді. Бұдан оқушының ойлау, сөздік қоры жетіледі әрі қызығушылығы оянады [2,207б]. Оқытудың жаңа технологиясын пайдалану- сапалы білім негізі.«Адам ұрпағымен мың жасайды» - дейді халқымыз. Ұрпақ жалғастығымен адамзат баласы мың емес миллиондаған жылдар жасап келеді. Жақсылыққа


бастайтын жарық жұлдыз-оқу. «Надан жұрттың күні –қараң, келешегі тұман», -деп М.Дулатов айтқандай, егеменді еліміздің тірегі-білімді ұрпақ. Сусыз, құрғақ, таса көлеңке жерге дән ексең өнбейтіні сияқты, жас ұрпақтарымызды тәрбиелемесек өспейді, өнбейді. Қазіргі мұғалімдердің алдында тұрған басты міндет- оқушылардың шығармашылық білім дағдыларын қалыптастыру. Бүгінгі таңда жас ұрпаққа пәнді тиімді ұғындырудың бірі -жаңа технология негіздері болып табылады. Сонымен бірге өскелең ұрпақтың ақпарат құралдарымен жұмыстана білуіне назар аударған жөн. Оқушы қызметін активтендіру негізінде педагогикалық технологияларының бірі-деңгейлік саралау технологиясының элементін қолдану.

Деңгейлеп оқыту технологиясының мақсаты: әрбір оқушы өзінің даму деңгейінде оқу материалын меңгергенін қамтамасыз етеді.

1) Деңгейлеп оқыту әр оқушыға өз мүмкіндіктерін пайдалана отырып, білім алуына жағдай жасауға мүмкіндік береді.

2) Деңгейлеп оқыту әр түрлі категориядағы балаларға, олармен саралай жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

3) Деңгейлеп-саралап оқыту құрылымында білімді игерудің үш деңгейі қарастырылады: ең төменгі деңгей (базалық), бағдарламалық, күрделенген деңгей сондықтан әрбір оқушы меңгеруі тиіс. Оқытуда мультимедиялық құралдарды пайдалану тиімділігі орасан зор. Сондықтан мүмкіндіме қарай сабақта ақпараттық құралдар мен электронды оқулықты жиі қолданамын.



Сурет1-Ақпараттық құралдарды тиімді қолдану жолдары

Білім беру үдерісіндегі соңғы уақыттарда көп қолданылып, оң нәтижесін көрсеткен модульдік оқыту технологиясы туралы айтуға болады. Модульдік технологиялардың ерекшелігі: тек білімді меңгерту емес, оқушының танымдық қабілетін және танымдық

процестерді жадының алуан түрлерін есту, көру, қимыл ойлауды, ынтаны қабылдау қабілетін дамытып, оны бекіту, шығармашылық деңгейін арттыру. Сабақтың қызықты, сапалы өтуі тікелей мұғалімнің шеберлігіне байланысты болады [3,208б]. Осы орайда белгілі ғалым Ахмет Байтұрсынұлы «Шеберліктің белгісі – түрлі әдісті болу», - деген өткен ғасырда айтылған сөздері ойға оралады. Бір сабақтың әр кезеңдері түрлі әдістері орнымен пайдалану арқылы көп нәтижеге жетуге болады. Оқушы санасына білімді жүйелі түрде меңгеруіне және қабілет деңгейлерін дамыту. М.Жанпейісованың «Модульдік оқыту технологиясының» маңызы ерекше екені мәлім. Себебі аталмыш технология әдістері оқушыларды өз бетімен жұмыс істеуге, қорытынды жасауға, жүйелі білім алуға жетелейді, өзін-өзі өзгені де бағалай білуге үйретеді. Оқушының оқу және танымдық әрекеттерінің белсенділігін арттыру – ең негізгі әдістемелік мәселе. Модуль арқылы оқыту осы мәселені шешуге мүмкіндік беретін тиімді жолы болып табылады. Модуль арқылы оқыту технологиясының өзіндік ерекшеліктері қағидалары, белгілі бар. Тиімді белгілерінің бірі – оқушының оқу белсенділігі. Бұл технологияның бір ерекшелігі сабақтың негізгі кезеңдерінің бәрінде оқушыларға шығармашылық жұмысты ұсынуға болады. Оқушының белсенділігін оның ойлау, есте сақтау, елестету, қабылдау қабілеттерін, жадысы мен зейінін дамытып, қызығушылығын арттырады. Сабақ формаларының өзгеріп отыруы, әсіресе топтық формалар оқушылар арасында қарым-қатынастың нығаюына ықпалын тигізеді [4,144б]. Оқушының тапсырманы өзінің орындау мүмкіндігіне қарай таңдап алуға еріктілігі, оның өз күшін, шама-шарқын бағалай білуге, өзін қауіпсіз сезінуіне, қиындыққа дайын болуға және оны жеңуге тырысуына жетелейді. Модульдік оқыту технологиясының негізі – модуль. Осы технологияны басшылыққа ала отырып, бағдарламада берілген тақырыптарды логикалық бір жүйеге келтіріп, модульдерге бөлдім. Бұл модульдік оқытудың негізгі идеясы – жаңғырту. Ертеңгі келер күннің бүгінгіден гөрі нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын күдіретті күш тек білімге ғана тән. Олай болса, білім беруді ізгілендіру, ақпараттандыру – бүгінгі заман талабы. Ақпараттық білімнің, орта мен адамның өзара қарым-қатынасын үйлесімді ету және жаңа ақпараттық қоғамда ақпараттық технологияны пайдалану, ақпараттық мәдениетпен байланысын кеңейту мүмкіндіктері мол. Өркениеттің өсуі ақпараттық қоғамның қалыптасуымен тікелей байланысты екенін ескерсек, қазіргі кездегі білім мен техниканың даму деңгейі әрбір адамға сапалы және терең білім мен кәсіби іскерліктердің болуын, жастардың белсенді шығармашылықпен жұмыс істеуін талап етеді [5,25-27б]. Білім ақпараттық қоғамда, жаһандану заманында құнның негізгі көзіне айналуда. Ғылым мен жаңа технологияларды, білім беруді дамытудың жаһандық үрдістері:

- Ақпараттық коммуникациялық технологиялар.
- Ақпараттық мәдениет орталығы.
- Ақпараттық-коммуникациялық технологияға интернет, теледидар, электрондық почта, радионы жатқызуға болады.
- Мұғалім ақпараттық коммуникациялық технологиялар арқылы оқушылармен байланысын жеке-дара жақындаса алатындай жолмен жүргізуге мүмкіндік алады.

Болашақта өркениетті дамыған елдер қатарына ену үшін заман талабына сай білім беру. Өйткені, тәуелсіз Қазақстанды дамыған бәсекеге қабілетті елу елдің қатарында, терезесін тең ететін – білім. Сондықтан қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдына оқу үрдісін технологияландыру мәселесін қойып отыр. Мектеп өміріне еніп отырған жаңа технологиялардың ерекшелігі өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан –жақты дамыту. Соның ішінде мүмкіндігі шектеулі оқушылардың дамуына да жаңа технология элементтерін пайдалану өз әсерін тигізуде. Бастауыш мектеп- оқушы тұлғасы мен санасының дамуы қуатты жүретін, ерекше құнды, қайталанбас кезең. Сондықтан бастауыш білім үздіксіз білім берудің алғашқы баспалдағы, қиын да жауапты іс. Оқытудың әртүрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс- тәжірибесі зерттеліп, мектеп өміріне енуде [6]. Қазіргі заманның талабына сай болу және жаңа формация мектебінде жұмыс істеп жүрген педагогтардың алдында тұрған проблемаларды шешу негізгі мақсат болып табылады, олар: Білім беру саласында озық технологиялардың енуі мұғалімнің ойлану стилін, оқыту әдістемесін

өзгертеді. Бастауыш сыныпта пәндерді оқытуда озық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты – оқушыларға білім беру процесінде көмектесу. Оған: оқыту бағдарламалары, оқытуда қолдануға арналған электрондық оқулықтар, тексеру бағдарламалары мен тестік, өзіндік жұмыстар ерекше орын алады. Математика – оқушылардың ойлану қабілетін қалыптастырып және дамытатын негізгі буын. Ол оқушылардың интеллектін, логикалық ойлауын және шығармашылық қабілеттерін дамытуға, табиғат заңдылықтарын толығымен түсінуге ықпал жасайды. Оның мақсаты: жаңа ақпараттық дамыған қоғамда оқушыларды белсенді шығармашылық іс-әрекетке дайындау. Бұл мақсатқа жету үшін жаңа технологияларды сабақ беру процесіне енгізу болдып отыр. Сабақта жаңа технологияларды тиімді пайдалану оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады, шығармашылық қабілетін дамытады, қоршаған ортаны танымдық зерттеу барысында дидактикалық мақсаттар іс жүзінде асырылады. Педагогикалық ізденіс барысында оқушыларды тәрбиелеу мен оқытуда жаңа әдістемелерді қолдануды оқу үрдісіне енгізудің маңызы ерекше. Осыған орай 3-4 сыныптарға арналған «Математика сырлары» атты бейінді оқытуға арналған бағдарламада жаңа тақырыпты түсіндіру барысында электрондық оқулықтағы мысалдарды көрсете отырып түсіндіремін интерактивті тақтаның көмегі арқылы тест тапсырмаларының жауаптарын тексеруге болады. Сабақтың тиімділігін оқушылардың танымдық қызуғушылығын арттыру үшін тақырып материалдарын оқып үйренуде, олардың әртүрлі ізденушілік бағыттағы тапсырмаларды орындауларынан байқауға болады.. Оқытудың осындай жаңа әдіс-тәсілдерін пайдалануда мұғалімде, оқушыда табысқа жетіп, білімін шыңдай түседі.



Сурет 2- Оқытуда озық технологияларды пайдалану

Жас ұрпақтың жанаша ойлануына, олардың біртұтас дүниетанымының қалыптасуында әлемдік сапа деңгейіндегі білім, білік негіздерін меңгеруіне ықпал ететін жанаша білім мазмұнын құру жалпы білім беру жүйесіндегі өзекті мәселе. Бүгінгі орта білім беру ісіне қойылар талаптар қай кездегіден де күрделі маңызды. Өйткені бізді дамудың жаңа кезеңі күтіп тұр. Сол кезеңге лайық ұлттық санасы жаңғырған жаңа ұрпақ тәрбиелеу міндеті мойынымызда. Барлық кедергілерді жеңу табысқа талпыну өз қолымызда деп білемін. «Оқусыз – білім жоқ, білімсіз күнің жоқ» деген халық даналығы ешқашан мәнін

жоғалтпайды. Оқыту технологиясы білім берудің тиімді жолдарын зерттейтін ғылым ретінде оқыту үрдісінде қолданылатын тәсілдер, принциптер мен айқындаушы жүйе, нақты оқыту процесі ретінде сипатталады. Осыған орай, бүгінгі күні білім беру мекемелері мен педагогика ғылымы алдында білім берудің философиялық негіздеріне, білім жүйесінің стратегиялық бағыттарына, мақсаты мен мазмұнына, оны орындаудың әдіс-тәсілдеріне деген жаңа көзқарастар қалыптасуда. Сондықтан білім беру саласы да өзінің дамуы үшін жаңа қадамдарға баруда. Осыған байланысты тұлғаға ақпараттар кеңістігінде дұрыс бағытты таңдауға мүмкіндік жасай алатын оқытудың жаңа технологиялары пайда болып отыр [7,360б]. Жаңа ақпараттық технологиямен орындалатын қызмет өзінің кез келген нақты формасында тиімдірек орындалады, адам өркениетті бола бастайды. Білім беру жүйесінің барлық саласында жаңа технологияны жоспарлы түрде енгізіп, жүйелік интегралды өткізу немесе қамтамасыз ету қажеттілігі туындап отыр. Қазіргі замандағы технология әрбір тұлғаның білім алу үдерісінде шығармашылық қабілетін дамытуға айқын мүмкіндіктер береді. Дәл осы жаңа технология мен әрбір тұлғаның өзіндік білім алу траекториясын таңдауына жол беретін анық білім беру жүйесін құруды, оқу бағдарламаларының бағдарламалануы және өзгермелі бейімделінуі есебінен оқу үдерісінің біртұтастығын сақтай отырып оны дараландыруға мүмкіндік беретін компьютердің маңызды дидактикалық қасиеті негізінде тұлғаның оқу үдерісінде танымдық қызметін тиімді ұйымдастыру арқылы жаңа білім алу технологиясын түбегейлі өзгертуді тығыз байланыстырады. Білім беруді ақпараттандырудың негізгі мақсаты Қазақстан Республикасында біртұтас білімдік ақпараттық ортаны құру болып табылады. Олай болса, білім беру саласында жаңа ақпараттық технологияны пайдалануға, Қазақстан Республикасындағы ақпараттық кеңістікті әлемдік білім беру кеңістігімен сабақтастыруға мүмкіндік береді.

Білім беруді ақпараттандырудың негізгі міндеттері:

- ✓ ақпараттық және телекоммуникациялық техникалық құралдармен қамтамасыз ету;
- ✓ білім беруді ақпараттандыру бойынша практикалық шараларды анықтап, жүзеге асыру;
- ✓ тәрбие үдерісіне жаңа ақпараттық технологияны енгізуді қамтамасыз ету бойынша ғылыми-ізденушілік және оқу-әдістемелік жұмыстарын жүргізу;
- ✓ пәндер бойынша жасақталатын жалпыға міндетті білім стандарттарының және оқу-әдістемелік кешендерінің мазмұнын ақпараттық технологияны пайдалану мүмкіндіктерімен жетілдіру білім беруді басқаруда ақпараттық жүйені құру;
- ✓ білім беру мекемелерінің қызметкерлері үшін бағдарламалық-техникалық құралдарды қамтамасыз ету және мультимедиялық бағдарламаларды, электрондық оқулықтарды жасақтау;
- ✓ педагог кадрларды жаңа ақпараттық технологияны өз қызметтеріне еркін пайдалана білуге дайындау және жүйелі түрде біліктіліктерін көтеру.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы Астана, Ақорда, 2007 жылғы шілденің 27-сі. № 319-III ҚРЗ
2. Кенжебеков Б.Т. Жоғары оқу орны жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби күзіндеттілігін қалыптастыру: пед. ғыл. докт. дисс. 13.00.08 - Қарағанды, 2005.-267 б.
- 3 Еркибаева Г.Г., Оқыту үрдісіндегі жаңа технологиялар: теория мен практика: Оқу әдістемелік құрал. –Алматы: ГиГаТРЭЙД, 2014. - 208 б.
- 4 Өстеміров К. Қазіргі педагогикалық технологиялар мен оқыту құралдары: Оқу құралы: -Алматы: ЖШС «КАЗПРОФТЕХ», 2007. -144 б.
- 5 Әбдіманапов С.Ә. Кредиттік оқыту жүйесі бүгінгі күннің басты мәселесі... // Егемен Қазақстан. - 2004, сәуір-23. -Б.25-27
- 6 Әбішев Н.А. Ұлттық мектептер моделін қалыптастыру және басқару // Қазақстан

мектебі.-1999.- №9.- Б.2.

7.Бөрібекова Ф.Б., Жанатбекова Н.Ж. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар: Оқулық. –Алматы: 2014. -360 б.

УДК 504.75

ЭКОЛОГИЧЕСКАЯ КУЛЬТУРА В СОВРЕМЕННОМ ОБЩЕСТВЕ

Турунтаева А.А.,

Преподаватель в АО АТУ

Сагитов Д.А., Байсеитова Г.Р.,

Студенты 3-го курса АТУ

г. Алматы, Казахстан,

daniksagitov155@gmail.com

Аннотация. В последние десятилетия человечество столкнулось с серьёзными глобальными проблемами экологического характера. Экологические проблемы стали одной из важнейших тем глобального обсуждения. Для предотвращения прогрессирования экологического кризиса развивается концепция экологической культуры, которая представляет собой систему знаний, ценностей, убеждений и норм поведения, направленных на сохранение и улучшение окружающей среды. Важно не только знание экологических проблем и путей их решения, но и осознанное поведение на всех уровнях: от личных привычек до глобальных инициатив. В условиях современных экологических вызовов важно, чтобы эта культура развивалась в масштабах общества, бизнеса, науки и политики.

Ключевые слова: экология, культура, устойчивое развитие, просвещение.

Андатпа. Соңғы онжылдықтарда адамзат экологиялық сипаттағы күрделі жаһандық проблемаларға тап болды. Экологиялық мәселелер жаһандық талқылаудың маңызды тақырыптарының біріне айналды. Экологиялық дағдарыстың өршуіне жол бермеу үшін қоршаған ортаны қорғауға және жақсартуға бағытталған білім, құндылықтар, сенімдер мен мінез-құлық нормалары жүйесі болып табылатын экологиялық мәдениет тұжырымдамасы дамуда. Экологиялық мәселелер мен оларды шешу жолдарын білу ғана емес, сонымен қатар жеке әдеттерден бастап жаһандық бастамаларға дейінгі барлық деңгейлердегі саналы мінез-құлық маңызды. Қазіргі экологиялық сын-қатерлер жағдайында бұл мәдениеттің қоғам, бизнес, ғылым және саясат ауқымында дамуы маңызды.

Кілт сөздер: экология, мәдениет, тұрақты даму, ағарту

Annotation. In recent decades, humanity has faced serious global environmental problems. Environmental issues have become one of the most important topics of global discussion. To prevent the progression of environmental crisis, the concept of ecological culture is being developed, which is a system of knowledge, values, beliefs and norms of behavior aimed at preserving and improving the environment. It is important not only to know environmental problems and how to solve them, but also conscious behavior at all levels: from personal habits to global initiatives. In the context of modern environmental challenges, it is important that this culture develops on the scale of society, business, science and politics.

Keywords: Ecology, Culture, Sustainable development, Education

В последние столетия вопросы экологии и устойчивого развития стали одними из наиболее актуальных и значимых для человечества. Изменения климата, загрязнение окружающей среды, истощение природных ресурсов и потеря биоразнообразия вынуждают человечество пересматривать привычные модели потребления и производства. Вследствие длительного бездействия и недостатка внимательности к вопросам экологии, из локальных, относительно небольших экологических проблем, ситуация переросла в самый настоящий

глобальный экологический кризис. Остро встал вопрос решения проблемы окружающей, а далее и социальной среды. В этих условиях формирование экологической культуры становится не только важной задачей, но и необходимым условием для устойчивого развития и выживания в целом современного общества. В связи с глобальными экологическими кризисами на всех уровнях социума важно вкладывать понимание, как и какая человеческая деятельность влияет на окружающую среду. Этот процесс впервые начался в начале 70х годов 20в., когда Римским клубом были опубликованы несколько докладов на тематику будущего человечества и последствий быстрого темпа расширения человеческой деятельности. Десятилетие спустя Всемирная организация по охране окружающей среды опубликовало доклад с идеями устойчивого развития, которое впоследствии стало основой для современной экологической политики стран запада. Далее идеи устойчивого развития и решения экологических проблем распространялась по всему миру. В настоящее время происходят активные процессы укрепления самосознания населения и увеличения ответственности за окружающий мир. Это достигается с помощью развития экологической культуры.

2. Понятие экологической культуры

Экологическая культура — это система знаний, ценностей, норм и моделей поведения, направленных на сохранение и улучшение состояния окружающей среды. Она включает в себя осознание взаимосвязи между человеком и природой, понимание последствий человеческой деятельности и стремление к их минимизации. Можно сказать, что экологическая культура показывает уровень восприятия людьми окружающего мира. Используя экологическую культуру, люди ищут способы, как они могли бы исполнять свои потребности, не разрушая при этом окружающего мира. Такой подход должен помочь улучшить положение в мире как для нынешнего, так и для будущих поколений. Экологическая культура — это в первую очередь осознанность человека. Это длительный процесс, который развивается в течении жизни. Для полноценного достижения людям важно иметь знания об экологии и современные обстоятельства изменения окружающей среды. Для максимального эффекта от развития экологической культуры, население должно иметь понимание процессов, происходящих в природе, и того, как на них влияет человеческая деятельность. Исходя из таких «Базовых» знаний возможно дальнейшее улучшение ситуации. После вкладывания в население знаний об окружающем мире, экологическая культура предполагает укрепление соответствующих ценностей и убеждений относительно экологии как минимум на уровне своего ближайшего окружения. Они основываются на бережном отношении к природным ресурсам, даже в самых, казалось бы, незначительных привычках, а также на стремлении к сохранению биоразнообразия. Из таких привычек формируется экологически ответственное поведение. Человек начинает практиковать действия, направленные на защиту окружающей среды и снижения воздействия на окружающую среду, например, отдельный сбор мусора, отказ от одноразового пластика, экономия воды и энергии. Большое значение так же имеют проекты эко-просвещения со стороны государства и организаций. Необходимо обеспечить населению свободное участие в образовательных, информационных и развлекательных программах, направленных на повышение экологической грамотности. Благодаря такому алгоритму, организованному относительно недавно, можно увидеть изменение отношения и культуры населения в области экологии.

Экологическая культура позволяет организовывать устойчивое развитие и формировать экологически ответственное общество, которое понимает важность сохранения природных ресурсов для будущих поколений.

3. Современные проблемы и пути решения

Несмотря на рост осведомлённости об экологических проблемах, современные общества продолжают сталкиваться с рядом вызовов. Одна из самых главных и масштабных проблем — это загрязнение окружающей среды. Продолжительное время (в особенности с 18 века, называемый индустриальным) человечество загрязняет и истощает природу. Такие действия как использование пластика, выбросы вредных веществ в атмосферу и воду,

накопление отходов ведут к деградации экосистем и ухудшению качества жизни. Загрязнение имеет накопительный эффект, что приводит к экологическим катастрофам.

Также одной из глобальных проблем стало чрезмерное потребление ресурсов. Дополнительная проблема возникает в связи с нерациональным использованием, в большинстве своём невозобновляемых ресурсов. Избыточное потребление энергии, воды и других ресурсов истощает природные запасы и усиливает экологическую нагрузку. При таких постоянно прогрессирующих темпах потребления ресурсы нашей планеты истощатся в ближайшее время, что чревато для нас глобальными кризисами и катастрофами. И такие проблемы должны широко освещаться и иметь первостепенную важность. Однако, несмотря на активное распространение информации, многие люди остаются недостаточно информированными о том, как их повседневные действия влияют на окружающую среду. Особенно это можно заметить в менее развитых странах, где развитию экологической культуры не уделяется должное время и внимание. В ряде стран экологические инициативы остаются на уровне деклараций и не подкреплены реальными действиями. В некоторых случаях население даже не знает о принятых декларациях инициативах, что продолжает вредить окружающей среде и экологии.

Жеке адамның әкімшілік жауаптылық көзделген құқыққа қарсы, кінәлі (қасақана немесе абайсызда жасалған) іс-әрекеті не әрекетсіздігі немесе заңды тұлғаның құқыққа қарсы іс-әрекеті не әрекетсіздігі әкімшілік құқық бұзушылық болып танылады. Әкімшілік жауапкершілік — азаматтар мен лауазымды адамдардың өздерінің әкімшілік құқық бұзушылық әрекеттері үшін заң алдындағы жауапкершілігінің бір түрі. Кінәлі адамдар өзі құқық бұзған уақытта және территорияда қолданылатын заңдар негізінде әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Қазақстан Республикасында 1984 жылы 24 наурызда қабылданған (1995 жылы 1 сәуірде бірнеше рет өзгерістер мен толықтырулар енгізген) “Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі” қолданылады. Осы құжат бойынша әкімшілік жауапкершілікке құқық бұзған сәтте 16 жасқа толған азаматтар ғана тартылады. Әскери қызметшілер мен әскери жиындарға шақырылатындар, ішкі істер органдарының қызметкерлері әкімшілік құқықты бұзған ретте тәртіптік жарғылар бойынша жазаланады. Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттарын - сәйкесті Парламент палатасының, жергілікті мәслихат депутаттарын - сәйкесті өкілетті органның келісімінсіз, ал Қазақстан Республикасының судьяларын Қазақстан Республика Президентінің келісімінсіз Әкімшілік жауапкершілікке тартуға болмайды. Сондай-ақ республикадағы шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарды, өзінің іс-әрекетіне есеп бере алмайтын, есі дұрыс емес адамдарды т.б. Әкімшілік жауапкершілікке тартуға қатысты мәселелер қолданыстағы әкімшілік кодексте егжей-тегжейлі көзделген.

Әкімшілік құқық бұзушылық белгілеріне:

Құқыққа қарсылық

Кінәлілік

Әкімшілік жазалау

Іс-әрекеттің қоғамдық қауіптілігі жатады.

Әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін қолданылатын жазалар :

- ескерту жасау;
- әкімшілік айыппұл салу;
- әкімшілік құқық бұзушылықты жасау құралы немесе оның тікелей объектісі болған затты, өтемін төлеп алу;
- әкімшілік құқық бұзушылық жасау құралы немесе оның тікелей жасау объектісі болған затты, сол сияқты әкімшілік құқық бұзушылықты жасау

Салдарынан алынған мүлікті тәркілеу;

- арнаулы құқықтан айыру; лицензиядан айыру, т.б.;

Жеке кәсіпкердің қызметін тоқтата тұру немесе оған тыйым салу;

- заңсыз салынып жатқан немесе салынған құрылысты мәжбүрлеп бұзып тастау;

Әкімшілік қамауға алу;

- шетел азаматын немесе азаматтығы жоқ, адамды Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен кетіру.

Әкімшілік шара, жаза шаралары - әкімшілік құқық бұзушылық қылықтар үшін

белгіленетін жаза түрлері. Әкімшілік шара құқыққа қайшы, теріс қылық жасаған адамдарды заң сыйлау, заңдылықты құрметтеу рухында тәрбиелеу, тәртіпсіз әрекеттердің алдын-алу мақсатында қолданылады. Әкімшілік құқық бұзушылық үшін қолданыстағы Әкімшілік кодекстің 23-бабына сәйкес: ескерту, айып салу, нұқсан келтірген заттың құнын өтету, әкімшілік құқық бұзушылық қылықтың құралы немесе тікелей объектісі болып табылатын затты тәркілеу, кінәліге берілген құқынан (мысалы, көлік құралдарын жүргізу, аң аулау құқыларынан) айыру, әкімшілік қамауға алу (тұтқындау), кәсіпкерлік қызметін қадағалау, белгілі бір қызмет түрімен шұғылдануға берілетін рұқсатынан (лицензиясынан, патентінен) айыру шаралары қолданылуы мүмкін. Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылы 19 шілдедегі “Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтарының құқықтық жағдайы туралы” заңдық күші бар жарлығына сәйкес құқыққа қайшы өрескел қылық жасаған шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар республика шегінен әкімшілік жолымен аластатылады. Әкімшілік шаралар негізгі және қосымша жазалар ретінде қолданылуы мүмкін.

Кәмелеттік жасқа толмағандар болып, әкімшілік құқық бұзушылық жасау уақытында 16 жасқа толмағандар есептеледі. 16 жасқа толмағандар үшін әкімшілік жауапкершілікті ата-аналары өтейді. Жазаның негізгі түрлері - әкімшілік жаза немесе тәрбиелеу сипатындағы мәжбүрлеу шаралары. Кәмелеттік жасқа толмағанға әкімшілік жаза тағайындау кезінде оның өмір сүру мен тәрбие жағдайы, психикалық даму деңгейі, жеке тұлғаның өзге ерекшеліктері, сонымен қатар оған басқа ересек адамдардың әсері ескеріледі.

Кәмелеттік жасқа толмау жазаны жеңілдететін. Жағдай ретінде ескеріледі. Егер кәмелеттік жасқа толмаған тұлға әкімшілік құқық бұзушылықты алғаш рет жасаса, онда уәкілді орган (лауазымды тұлға) оны әкімшілік жауапкершіліктен босатып, оған тәрбиелік ықпал жасайтын шараларды қолданады.

Тәрбиелік ықпал ету шараларына жататындар:

- заңды түсіндіру;

Ата-аналардың немесе олардың орнындағы адамдардың немесе мамандандырылған мемлекеттік органның қадағалауына беру;

- келтірілген зиянды өтеу міндетін жүктеу;

- бос уақытын шектеу және оның мінез-құлқына ерекше талаптар қою;

Шаралардың бұл тізімі нақты анықталып шектелген болып саналмайды. Өзге де тәрбиелік ықпал ету шаралары қолданылуы мүмкін.

Кәмелеттік жасқа толмаған тұлғаға әкімшілік жаза - әкімшілік құқық бұзушылық жасалған күннен бастап бір айдан, ал созылмалы құқық бұзушылық үшін - оны анықтаған күннен бастап бір айдан кешіктірмей тағайындалады. Егер кәмелеттік жасқа толмаған тұлға әкімшілік жаза тағайындау туралы қаулының орындалуынан кейін алты ай жаңа құқық бұзушылық жасамаса, онда ол әкімшілік жазаға тартылмаған болып саналады.

Көліктегі және жол шаруашылығындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының міндеттері жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету, халықтың денсаулығын қорғау және жол-көлік оқиғаларының салдарын жою болып табылады.

Көліктегі құқық бұзушылық негізінен қасақана және едәуір қауіпті болып табылады, ауыр нәтижелердің болуына әкеп соғуы мүмкін және тек қана құқық бұзушының емес, басқа да адамдардың да өмірі мен денсаулығына шынайы қауіп төндіруі мүмкін, сондықтан осы санаттағы істер оларды қарау кезінде айтарлықтай жауап қажет етеді. Көлік және жол шаруашылығы саласындағы құқық бұзушылық үшін әкімшілік жауапкершілік ӘҚБтК-нің 30-тарауының (барлығы 77 бап) 559-635-баптарында көзделген.

Осы баптардың көбі бланкетті болып табылады, ол әртүрлі мән-жайларда жасалған жол жүру құқығын бұзу үшін жауапкершілікті көздейді. Көлік құқығының ерекшелігі-ол әкімшілік құқықпен реттелген мүліктік қатынастарды біріктірді. Алайда мұндай комбинация өз алдына көлік құқығын дербес құқық саласына бөлу үшін жеткілікті негіз болып табылмайды. Көлікте жарғылар мен кодекстердің болуы, сондай-ақ көліктегі қатынастарды реттейтін нормативтік материалдар пайдаланылады. Мәселен, көлік құралдарының жүргізушілері, көлік құралдарын, жүктерді, жолдарды, жол және басқа да құрылғылар немесе материалдық залал келтірілген

өзгеде мүлікті зақымдауға әкеп соққан жол жүру қауіпсіздігін қамтамасыз етудің белгіленген қағидаларын бұзғаны үшін ӘҚБтК-нің 610-бабының 1 бөлігі 20-АЕК мөлшерінде айыппұл түрінде немесе алты ай мерзімге көлік құралын басқаруға құқығынан айыру түрінде жауапкершілік белгіленді. Сонымен қатар, ӘҚБтК-нің 610-бабының 1-бөлігінің санкциясы баламалы болып табылады, бұл соттарға ӘҚБтК-нің 55-бабының 3ші-4 бөліктеріне сәйкес, яғни айыпталушының жеке басын, оның мүліктік жағдайын, мән-жайдың жеңіл және ауыр жауапкершілігін ескере отырып, жазалауды тағайындау мүмкіндігі бар екенін білдіреді.

Құқық бұзушыны әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы қаулы алғаннан кейін жәбірленуші сот қаулысымен сақтандыру төлемдерін алу үшін сақтандыру компаниясына жүгінуге құқылы.

Егер құқық бұзушының жауапкершілігі сақтандырылмаған болса, онда жәбірленуші келтірілген залалды азаматтық тәртіппен өтеу туралы талап арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

Жол шаруашылығын біліп, ережелерін қатаң сақтау әр азаматтың, көлік жүргізушісінің міндеті. Заң талаптары азаматтардың өмірін сақтау мақсатында құралған құрал болып табылады. Тәртіп жол қозғалысының қауіпсіздігін, жол мен құрлыстардың, сондай-ақ қоршаған ортаның сақталуын қамтамасыз ету мақсатында жалпы пайдаланылатын автомобиль жолдары пайдаланудың тәртібін белгілейді. Жол-мемлекеттік есепке алуға жататын және көлік құралдарының жүруіне арналған инженерлік құрлыстар кешені болып табылатын жалпы пайдаланудағы автомобильді жолы, шаруашалық автомобиль жолы, қала мен елді мекен көшесі. Жол бір немесе бірнеше жүріс бөлігін, тротуларды жол жиектерін және олар болған жағдайда бөлу жолақтарын қамтиды.

Қамтылған аймақтың барлығында көлік және жол шаруалық талабы мен тәртібі бар. Жол қозғалысын ұйымдастыруда қажетті өзгерістер мен шектеулер тек қана жол белгілерінің, жол таңбаларының, сигналдар мен бағдаршамдардың және реттеушілердің көмегімен, сондай-ақ қозғалысты реттеуге уәкілетті адамдардың басқарумен ереженің шегінде белгіленген тәртіппен енгізіледі. Ереже талаптарын, бағдаршамның немесе реттеушінің сигналдарын, белгілер мен таңбаларды, сондай-ақ ішкі істер органдар қызметкерлерінің талаптарын білуге және орындауға міндетті.

Жол төсеніштерін бүлдіруге немесе ластауға, қозғалыс үшін кедергі келтіретін жол белгілерін, бағдаршамды және басқа да қозғалысты ұйымдастыру техникалық құралдарын алып тастауға, тасалауға, бүлдіруге, өздігінен орнатуға тыйым салынады. Кедергі келтіретін адам оны жоюдың барлық мүмкін болатын шараларын қабылдауға міндетті, ал ол мүмкін болмаған жағдайда қауіптілік туралы қол жететін құралдармен қозғалысқа қатысушыларға және ішкі істер органына хабарлауға міндетті.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Конституциясы А., 1995ж (2022ж өзгертулер мен толықтырулар)
2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ.
3. 1. Исабеков, А., Д.О. Кусаинов. ҚР Әкімшілік құқық. Алматы: Қазақ университеті, 2013.-2386
4. 2. Исабеков, А., Б.М.Көшпенбетов. ҚР Әкімшілік құқық. Алматы: Қазақ университеті, 2014.-2086
5. 3. Құқық негіздері казустық технологиясы бойынша оқу құралы/ Алматы: Техно Эрудит, 2018.-3526.

ОӘЖ 343

ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ІСТЕРДІ ҚАРАУДЫҢ ТӘРТІБІ

Темірәлиева С. Т.,

магистр, аға оқытушы

Себеков Ш. О.

заң ғылымдарының кандидаты

Академик Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті

Шымкент қ., Қазақстан

s.temiralieva@inbox.ru

Аннотация. Производство по делам об административных правонарушениях и порядок их рассмотрения в настоящее время составляют значительную часть правоохранительной системы. Эта тенденция является важным инструментом, направленным на обеспечение общественного порядка и установление верховенства закона. Эффективная борьба с административными правонарушениями зависит от слаженной работы государственных органов, жесткого исполнения законов и повышения правовой культуры общества.

Ключевые слова: административные правонарушения, преступные действия, преступная техника, профилактика правонарушений, предпринимательская деятельность, общественный порядок, штраф административное наказание, административный арест, лишение прав, предпринимательская деятельность.

Annotation. The proceedings on administrative offenses and the procedure for their consideration currently constitute a significant part of the law enforcement system. This trend is an important tool aimed at ensuring public order and establishing the rule of law. The effective fight against administrative offenses depends on the coordinated work of government agencies, strict enforcement of laws and improvement of the legal culture of society.

Keywords: administrative offenses, criminal acts, criminal equipment, crime prevention, entrepreneurial activity, public order, fine, administrative punishment, administrative arrest, deprivation of rights, entrepreneurial activity.

Әкімшілік құқық бұзушылықтар — қоғамда тәртіп пен заңдылықты сақтаудың маңызды бөлігі болып табылады. Олар жеке тұлғалардың немесе заңды тұлғалардың заңға қайшы әрекеттері үшін жауапкершілікке тартылуын қамтамасыз ететін шараларды қамтиды. Әкімшілік құқық бұзушылықтың негізгі мақсаты — қоғамдық тәртіпті сақтау, заңды нормаларды бұзғандарға ықпал ету және құқықтық мемлекет қағидаттарын нығайту.

Әкімшілік құқық бұзушылықтар кең ауқымды болуы мүмкін, оның ішінде жол ережелерін бұзу, қоғамдық орындарда тәртіпті бұзу, экологиялық нормаларды сақтамау, кәсіпкерлік қызметті заңсыз жүргізу және тағы басқалары бар. Әрбір құқық бұзушылықтың нақты сипаты мен ауырлығына қарай, заң әкімшілік жаза тағайындайды. Бұл жазалар айыппұл, ескерту, қоғамдық жұмыстарға тарту немесе қызметті тоқтату сияқты шаралар болуы мүмкін.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау барысында заңды рәсімдер мен процедуралардың сақталуы маңызды. Бұл құқық бұзушының өз құқықтарын қорғауға, іс жүргізудің әділ әрі ашық болуына мүмкіндік береді. Әкімшілік тергеу барысында айғақтар жинақталып, істің мән-жайы толық зерттеледі, ал кейіннен қабылданған шешімдер құқық бұзушының кінәсін дәлелдеуге негізделеді.

Әкімшілік құқық — мемлекет тарапынан қоғамдық қатынастарды реттейтін, әкімшілік органдар арқылы жүзеге асырылатын құқық саласы. Бұл құқық саласы мемлекеттік басқару, әкімшілік тәртіп, қоғамдағы қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында қолданылатын нормаларды қамтиды. Әкімшілік құқық бұзушылықтар, мемлекеттік қызметкерлердің

құқықтары мен міндеттері, әкімшілік жауапкершілік сияқты мәселелер осы салаға жатады.

Әкімшілік құқықтың негізгі мақсаттары мен міндеттері:

Қоғамдық тәртіпті сақтау — қоғамдағы тәртіпті бұзбау, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Мемлекеттік басқару органдарының қызметін реттеу — мемлекеттік органдардың, әкімшілік құрылымдардың заң шеңберінде жұмыс істеуін бақылау.

Әкімшілік құқық бұзушылықтарға жауапкершілік — әкімшілік құқық бұзушылықтар жасаған тұлғаларды заң алдында жауапқа тарту.

Әкімшілік құқық Қазақстан Республикасының заңдарында нақты реттелген, оның ішінде Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодекс, мемлекеттік қызмет туралы заңдар, жергілікті басқару туралы актілер мен басқа да нормативтік құқықтық актілер бар.

Ескерту — кейбір жеңіл құқық бұзушылықтар үшін қолданылатын жаза түрі. Бұл жазаның мақсаты құқық бұзушыны құқық бұзушылықтың зияндығын түсіндіріп, оны болдырмауға бағытталады.

Айыппұл — ең кең таралған әкімшілік жаза түрі. Айыппұл мөлшері құқық бұзушылықтың сипатына және заңда белгіленген нормаларға сәйкес әр түрлі болуы мүмкін.

Әкімшілік қамаққа алу — белгілі бір уақытқа дейін тұлғаны қамап, оның еркіндігін шектеу. Бұл жаза көбінесе ауыр құқық бұзушылықтар үшін қолданылады.

Құқықтан айыру — белгілі бір құқықтардан айыру (мысалы, көлік жүргізу құқығынан айыру, кәсіпкерлік қызметпен айналысу құқығынан айыру).

Мүлікті тәркілеу — қылмыстық құқық бұзушылыққа байланысты соттың шешімі бойынша, заңсыз жолмен алынған немесе қылмыстық әрекет нәтижесінде алынған мүлікті мемлекет пайдасына алып қоюды білдіреді. Бұл шара қылмыстың салдарынан алынған мүлікті қайта қалпына келтіру, қылмыстық кірістерді жою және қоғамға қауіпсіздік қамтамасыз ету мақсатында қолданылады.

Мүлікті тәркілеу мынадай жағдайларда қолданылуы мүмкін:

1. **Қылмыс жасау нәтижесінде алынған мүлік:** Мысалы, ұрлық, алаяқтық, есірткі саудасы немесе басқа да қылмыстар арқылы алынған мүлік.
2. **Қылмыс жасаған құралдар мен заттар:** Қылмыстық әрекеттерді жүзеге асыру үшін қолданылған құралдар (қару, есірткі, қылмыстық техникалар және т.б.) да тәркіленуі мүмкін.

Мүлікті тәркілеу бойынша заңда белгіленген тәртіп пен мерзімдер бар. Қылмыстық іс жүргізу барысында сот немесе құқық қорғау органдары тәркілеу шарасын қолдану туралы шешім қабылдайды.

Мүлікті тәркілеу шараларының қолданылуы:

- **Қылмыс жасаған адамға қатысты:** Сот айыпталушының немесе қылмыстық әрекеттің нәтижесінде алынған мүлікті тәркілеуді міндеттеуі мүмкін.
- **Құқықтық негіздер:** Мүлікті тәркілеу заңды түрде құқық қорғау органдары мен сот арқылы жүзеге асырылады, ал тәркіленген мүлік көбінесе мемлекетке беріледі немесе арнайы қорларға аударылады.

Бұл шараның мақсаты — қылмыстық әрекеттен туындаған мүлікті қайтадан заңды айналымға енгізу, қылмыскерлерді жауапкершілікке тарту және заңның үстемдігін қамтамасыз ету.

Жұмысқа немесе қоғамдық қызметке тарту — адамды белгілі бір қоғамдық жұмыстарды атқаруға міндеттеу.

Лицензиядан немесе рұқсаттан айыру — заңды немесе нормативтік талаптарды бұзған тұлғаның белгілі бір қызметті жүзеге асыруға берген құқықтан (лицензиядан немесе рұқсаттан) айырылуы. Бұл шара белгілі бір қызмет түрін лицензиялау немесе рұқсат беру жүйесінде белгіленген талаптарды орындамаған жағдайда қолданылады.

Лицензия мен рұқсаттың айырмашылығы:

Лицензия* — белгілі бір кәсіпкерлік немесе кәсіби қызметті заңды түрде жүзеге асыру үшін мемлекеттен немесе басқа құзырлы органнан алынатын ресми рұқсат. Лицензия белгілі бір саладағы қызметті жүзеге асыру үшін беріледі (мысалы, медицина, құрылыс, білім беру,

қауіпсіздік қызметтері, т.б.).

- Рұқсат — лицензиядан әлдеқайда тар ауқымды қызметті жүзеге асыру үшін берілетін рұқсат құжаты. Мысалы, белгілі бір құрылысқа немесе ірі қоғамдық іс-шараға рұқсат алу.

Лицензиядан немесе рұқсаттан айыру жағдайлары:

1. Заңды талаптарды бұзу: Лицензия немесе рұқсат алған тұлға заңда белгіленген ережелерді немесе стандарттарды бұзса (мысалы, сапа стандарттарын сақтамау, қауіпсіздік талаптарын орындамау), ол лицензиядан немесе рұқсаттан айыруға әкеп соғуы мүмкін.

2. Құжаттың жалған болуы: Егер лицензия немесе рұқсат жалған құжат негізінде алынған болса, оны жою немесе айыру заңды түрде талап етіледі.

3. Қызметтің тоқтатылуы немесе орындалмауы: Егер лицензия немесе рұқсат иесі белгілі бір уақыт ішінде қызметті орындамаған немесе жұмысын тоқтатқан болса, бұл жағдайда лицензиядан айыру қарастырылуы мүмкін.

4. Құқық қорғау органдарының араласуы: Егер лицензия немесе рұқсат иесі қылмыстық әрекеттерге қатысса (мысалы, алаяқтық, паракорлық), онда оның лицензиясы немесе рұқсаты күшін жоюы мүмкін.

Лицензиядан немесе рұқсаттан айыру салдары:

- Қызметті тоқтату: Айыру салдарынан тұлға немесе ұйым өз қызметін заңды түрде жүзеге асыра алмайды.

- Қаржылық шығындар: Лицензия немесе рұқсаттан айыру кәсіпкердің немесе ұйымның қаржылық жағдайына айтарлықтай әсер етуі мүмкін.

- Құқықтық жауапкершілік: Лицензиядан айыру сот арқылы немесе мемлекеттік органның шешімімен жүзеге асырылуы мүмкін, ал кей жағдайларда жеке тұлғалар немесе ұйымдар қосымша әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

Лицензиядан немесе рұқсаттан айыру — бұл заң бұзушылықтың алдын алу және кәсіпкерлік қызметті қадағалау мақсатында қолданылатын тиімді шара.

Әкімшілік құқық бұзушылық — мемлекеттік немесе қоғамдық тәртіпке, азаматтардың жеке меншігіне, құқылары мен бостандықтарына, белгіленген басқару тәртібіне нұқсан келтіретін кінәлі (қасақана немесе абайсыз істелген) әрекет немесе әрекетсіздік. Бұл үшін арнаулы заңдарда әкімшілік жауапкершілікке тарту көзделген.

Әкімшілік іс бойынша тергеу жүргізу — әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша істі қарау барысында тергеу органдары немесе уәкілетті тұлғалар тарапынан қажетті іс жүргізу шараларын жүргізу процесі. Бұл тергеу кезеңі, әдетте, құқық бұзушылықтың мән-жайын анықтау, айғақтарды жинақтау және дәлелдерді жинау үшін жүргізіледі.

Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауда тергеу жүргізу тек қана құқық бұзушылықтың ауырлығы мен түріне байланысты жүзеге асады. Мысалы, айыппұл салумен шектелетін немесе жеңіл құқық бұзушылықтар бойынша тергеу жүргізілмеуі мүмкін, ал ауыр және күрделі бұзушылықтар үшін тергеу міндетті болуы мүмкін.

Әкімшілік іс бойынша тергеудің негізгі кезеңдері мен тәртібі:

1. Әкімшілік құқық бұзушылықтың тіркелуі және хаттама толтыру:

- Құқық бұзушылық анықталған соң, құқық қорғау органдары немесе басқа уәкілетті мемлекеттік орган қызметкері әкімшілік хаттама толтырады. Хаттама — құқық бұзушының әрекетінің заң бұзушылық екенін растайтын құжат.

- Бұл хаттамада құқық бұзушының аты-жөні, орын алған жағдай, нақты әрекет, бұзылған заң нормасы, дәлелдер мен айғақтар жазылады.

2. Айғақтарды жинау:

- Тергеу барысында құқық бұзушылыққа қатысты айғақтар мен дәлелдер жинақталады. Мұндай айғақтар:

- Куәгерлердің айтқандары;

- Құжаттар, фотосуреттер, бейнемазмұн немесе басқа да жазбалар;

- Құқық бұзушының әрекетін растайтын басқа да мәліметтер.

- Айғақтар мен дәлелдер жинау — іс бойынша шешім қабылдаудың негізі болып табылады.

3. Тергеу әрекеттерін жүргізу:

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша тергеу кезінде кейбір тергеу әрекеттері жүргізілуі мүмкін:

- Тексеру: Құқық бұзушылыққа қатысты объектілерді тексеру, қажетті құжаттарды немесе заттарды алу.

- Куәгерлерді сұрау: Істің мән-жайына қатысты куәгерлерден жауап алу.

- Құжаттамаларды жинау және зерттеу: Заң бұзушылыққа қатысты құжаттарды зерттеу және талдау.

- Құқық бұзушыдан түсініктеме алу: Құқық бұзушының іс-әрекеттері туралы жауап алуға болады.

4. Құқық бұзушының құқықтарын сақтау:

Тергеу жүргізу барысында құқық бұзушының заңды құқықтары сақталуы керек.

Оған:

- Құқықтары мен міндеттерін түсіндіру (мәселен, тергеуде өзін қорғауға құқылы екенін).

- Іс бойынша куәгерлерді шақыру, өтініштер беру немесе дәлелдер ұсыну құқығы.

- Заңды өкілінің қатысуы мүмкін.

5. Тергеу нәтижесін қорытындылау:

Әкімшілік тергеудің соңында тергеуші немесе уәкілетті орган істің нәтижесін қорытындылайды. Егер тергеу нәтижесінде құқық бұзушылық анықталса, әкімшілік іс сотқа немесе басқа уәкілетті органға жіберілуі мүмкін.

- Бұл жағдайда құқық бұзушыға қатысты жазаның түрі (айыппұл, ескерту, басқа да әкімшілік шаралар) анықталады.

- Егер тергеу барысында құқық бұзушылық дәлелденбесе, іс тоқтатылуы мүмкін.

6. Іс бойынша шешім қабылдау:

Тергеу аяқталған соң, іс қаралатын орган (әдетте, әкімшілік сот немесе арнайы комиссия) анықталған дәлелдерге негізделіп отырып шешім қабылдайды. Құқық бұзушыға әкімшілік жаза тағайындалады немесе іс тоқтатылуы мүмкін.

Тергеу жүргізу кезінде қолданылатын шаралар:

- Әкімшілік жазалар: Құқық бұзушыға айыппұл, ескерту, көлік құралын айып тұрағына қою, қоғамдық жұмыстарға тарту сияқты әкімшілік жаза түрлері тағайындалуы мүмкін.

- Қауіпсіздік шаралары: Кейбір жағдайларда құқық бұзушының әрекетін одан әрі жалғастыруының алдын алу үшін уақытша шектеулер енгізілуі мүмкін (мысалы, белгілі бір қызмет түрін орындауға тыйым салу).

Әкімшілік іс бойынша тергеудің ерекшеліктері:

- Қарапайымдық пен жеделдік: Әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша тергеу ісі қылмыстық істен қарағанда жеңіл әрі жедел жүреді.

- Сотсыз шешім қабылдау: Әкімшілік істер бойынша тергеу мен шешім қабылдау әрдайым сотқа жүгінуді талап етпейді. Кейбір жағдайларда әкімшілік орган (мысалы, арнайы комиссия немесе бақылаушы орган) өзі шешім қабылдайды.

434-бап. Ұсақ бұзақылық

Қоғамдық орындарда былапыт сөйлеу, жеке тұлғаларға зәбірлеп тиісу және айналасындағыларға құрметпен қарамауды білдіретін, қоғамдық тәртіп пен жеке тұлғалардың тыныштығын бұзатын басқа да осындай әрекеттер – жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не бестен он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға алып келеді.

Қорыта келе, құқық бұзушылықтардың алдын алу үшін қоғамдық тәртіпті сақтауға бағытталған білім беру, құқықтық насихаттау және қадағалау шараларын күшейту қажет. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы заңнама әрдайым қоғамның талаптарына сәйкес өзгеріп, жетілдіріліп отыруы тиіс. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы іс жүргізу және оларды қарау тәртібі қазіргі уақытта құқық қорғау жүйесінің маңызды бөлігін құрайды. Бұл үрдіс қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету мен заңның үстемдігін орнатуға бағытталған маңызды

құрал болып табылады. Әкімшілік құқық бұзушылықтарға қарсы тиімді күрес мемлекеттік органдардың үйлесімді жұмысына, заңдардың қатал орындалуына және қоғамның құқықтық мәдениетінің артуына тәуелді.

Әдебиеттер тізімі

1. Б.А. Жетписбаев, С.Т. Тыныбеков, Д.О. Кусаинов Әкімшілік жауаптылық: Оқулық.— Алматы: «NURPRESS» баспасы, 2014.— 352 б.
2. Виноградова Е.А. Альтернативное разрешение споров [Текст]: // Вестник Высшего арбитражного Суда РФ. 1997. №8, С. – 27.
3. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235>. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы. Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ.
4. Қылмыстық кодексі: Алматы: ЖШС «ЮРИСТ», 2014ж. – 372б.

УДК 349.2

ЖҰМЫСКЕРЛЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ЕҢБЕК ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН ЗАҢДЫ МҮДДЕЛЕРІН ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕЛЕРІН ТЕОРИЯЛЫҚ ТАЛДАУ

Темірхан Б. Қ.,

6B04210 Құқықтану бойынша 3-курс білім алушы,

Истлеева Ж. К.,

магистр, аға оқытушы,

Сахарбай А.

магистр, доцент

Академик Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті

Шымкент қ., Қазақстан

Istleeva78@bk

Аннотация. Работодатель обязан организовать за счет собственных средств проведение периодических медицинских осмотров и обследований работников, занятых на тяжелых работах, работах с вредными и (или) опасными условиями труда, в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан. Нормативно-правовое обеспечение дает сравнительный взгляд на инновационную деятельность на уровне, а также обосновывает соблюдение трудовых обязательств.

Ключевые слова: коллективный договор, нормативно-правовое обеспечение, уровень инновационной деятельности, сравнительный подход, трудовые обязательства, техника безопасности, производственная санитария, пожарная и взрывобезопасность, правила охраны труда, правила охраны труда.

Annotation. The employer is obliged to organize, at his own expense, periodic medical examinations and examinations of employees engaged in heavy work, work with harmful and (or) dangerous working conditions, in accordance with the procedure established by the legislation of the Republic of Kazakhstan. Regulatory support provides a comparative view of innovation activity at the level, as well as justifies compliance with labor obligations.

Keywords: collective agreement, regulatory support, level of innovation, comparative approach, labor obligations, safety, industrial sanitation, fire and explosion safety, labor protection rules, labor protection rules.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі еңбекті қорғау аумағында құқықтық негізді қалыптастыратын негізгі заң болып табылады. Жаңа Қазақстан Республикасының Еңбек

кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы ҚР Заңымен қабылданып, 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді. Жаңа ҚР Еңбек кодексі 5 бөлімнен, 23 тараудан, 204 баптан құралған [1].

Әркімнің де өзінің еңбек құқықтарын іске асыруға тең мүмкіндіктері бар. Жынысына, жасына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, мүлік пен қызмет жағдайына, тұрғылықты жеріне, дінге көзқарасына, сеніміне, азаматтыққа, қоғамдық бірлестіктерді болуына, сондай-ақ қызметкердің іскерлік қабілеті мен оның еңбегінің нәтижелеріне байланысты болмайтын басқа да мән-жайларға қарамастан, ешкімнің де еңбек құқықтары шектелуге немесе оларды іске асыруда қандай да бір артықшылықтар алуға тиіс емес. «Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы» Заң еңбек қатынастарының ең төменгі стандарттарын белгілейді, олар жеке еңбекпен немесе ұжымдық шартта жақсы жаққа өзгеруі мүмкін және қажет. Басқа нормативтік құқықтық актілермен реттелетін қызметкерлердің жекелеген санаттарының еңбек жағдайлары «Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы» Заңда белгіленген стандарттан төмен болуы тиіс емес.

Жеке еңбек, ұжымдық шарттардың мәмілелері, егер олар тзандылықтарға қайшы келмейтін болса, тараптардың орындалуы үшін міндетті болып табылады. Ұжымдық шарт – жазбаша шарт түрінде әзірленген, бір немесе бірнеше жұмыс берушілер (олардың өкілдері) және бір немесе бірнеше кәсіптік одақтар не кәсіптік одақтардың мүшесі болып табылмайтын, келіссөздер жүргізу үшін өз ұйымын құрған қызметкерлер қол қойған құқықтық акт.

Жеке еңбек шарты – жазбаша түрде, кемінде екі дана етіп, жұмыс беруші мен қызметкерлердің арасында жасалынған екі жақты келісім. Ол бойынша қызметкер белгілі бір мамандық, біліктілік немесе қызмет бойынша, жұмыс берушінің актісін орындауға міндетенеді, ал жұмыс беруші қызметкерге дәл уақытында және толық көлемде жалақысын және басқа, заңдылықтар мен және тараптардың келісімімен қарастырылған ақшалай өтемдірді төлеуге, еңбек туралы заңдылықтармен және ұжымдық шартпен және жағдайын қамтамасыз етуге міндетенеді. Жеке еңбек шарты: а) белгісіз мерзімге, ә) белгілі бір мерзімге, б) белгілі бір жұмысты орындау уақытында жасалуы мүмкін. Егер жеке еңбек шартында оның орындалу мерзімі жазылмаса, онда ол белгісіз мерзімге жасалынған болып есептелінеді. Жеке еңбек шартын он алты жасқа толған адамдармен жасауға жол беріледі.

Ата-анасының бірінің (қорғаншының, қамқоршының) келісімімен жеке еңбек шарты оқудан бос уақытында денсаулығына зиян келтірмейтін және оқу процесін бұзбайтын жұмысты орындау үшін он төрт жасқа толған оқушымен жасалуы мүмкін. Ата-аналардың (қорғаншының, қамқоршының) келісімі жазбаша түрде беріледі, бұл жағдайда ата-аналар (қорғаншылар, қамқоршылар) жеке еңбек шартына кәметке жасы толмаған тұлғамен бірге қол қояды.

Қызметкерлердің еңбек функциясын орындай бастауы шартта белгіленген жұмыстың басталу датасы болып есептелінеді, егер жұмыс беруші тарапынан тиісті дәрежеде жеке шарт болмаған немесе әзірленбеген жағдайда, жеке еңбек шартының жасалынғаннан кейін жұмыс беруші қызметкерді жұмысқа алу туралы бұйрық жазуға міндетті, онымен қол қою арқылы танысады. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және Еңбек Кодексінен, Қазақстан Республикасының заңдары мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының мақсаты еңбек қатынастарын және еңбек қатынастарына тікелей байланысты өзге де қатынастарды еңбек қатынастары тараптарының құқықтары мен мүдделерін қорғауға, еңбек саласындағы құқықтар мен бостандықтардың ең төмен кепілдіктерін белгілеуге бағытталған негізгі құқықтық реттеу. Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының міндеттері еңбек қатынастары тараптары мүдделерінің теңгеріміне, экономикалық өсуге қол жеткізуге, өндіріс тиімділігі мен адамдардың әл – ауқатын арттыруға бағытталған қажетті құқықтық жағдайлар жасау болып табылады. Еңбек Кодексінде және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген жағдайлар мен тәртіптен басқа, ешкімнің де еңбек саласындағы құқықтарына шек қойылмайды. Осыған тәуелді әркімнің де еңбекті еркін таңдауға немесе еңбекке қандай да болмасын кемсітушіліксіз және мәжбүрлеусіз

еркін келісуге құқығы бар.

Еңбек Кодексі еңбек, еңбек қатынастарына тікелей байланысты, әлеуметтік әріптестік, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі қатынастарды реттейді. Еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды ұйымдастыру негіздері Жаңа ҚР Еңбек кодексінің 19 тарауда қарастырылған. Өндіріс орнының, бірлестіктің әкімшілігі жұмыс орнын еңбекті қорғау ережелеріне сәйкес келетін қажетті техникалық құрылғылармен қамтамасыз етуге және еңбек жағдайын жасауға міндетті. Өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша аттестаттауды өндірістік объектілерді аттестаттаудан өткізу жөніндегі мамандандырылған ұйымдар бес жылда бір реттен сиретпей мерзімділікпен жүргізеді.

Нақты еңбек туралы заң, жалпы еңбекті ұйымдастыру жауапкершілігін кәсіпорынның бастығы мен бас инженерге жүктейді. Жеке бөлімшелерде мұндай жауапкершілік сол бөлімнің жетекшісіне жүктеледі. Өндірісте, кәсіпорында еңбекті қорғауды басты жетекші өндіріс орнының инженері болып табылады. Жұмыс беруші ауыр жұмыстарда, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстарда істейтін жұмыскерлерді Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мерзімдік медициналық қарап-тексеруден және зерттеп-қараудан өткізуді меншікті қаражаты есебінен ұйымдастыруға міндетті. Нормативтік - құқықтық қамтамасыз ету инновациялық қызметті деңгейінде салыстырмалы көзқарас береді, сондай-ақ еңбек міндеттемелердің сақталуын негіздейді [2].

Еңбекті қорғау мақсатында Еңбек кодексі: біріншіден, жұмысшылар мен қызметкерлерге техника қауіпсіздігі, өндірістік санитария, өрт және жарылыс қауіпсіздігі және басқа еңбекті қорғау ережелері туралы нұсқаулық өткізу; екіншіден, жұмысты өте жоғары кәсіптік таңдау деңгейінде ұйымдастыру; үшіншіден, жұмысшылардың еңбекті қорғау инструкциялары талаптарын сақтауын әр уақытта қадағалап отыру сияқты міндеттерді жүктейді. Жаңа еңбек кодексіне бірқатар өзгерістер енген. Солардың бірі - мемлекет тарапынан берілетін кепілдік стандарттары мен өтемақылар минималданып, жұмыс беруші оларды қатал түрде сақтайтын болады. Жаңа Кодекс толықтай өзгерген жоқ, негізгі мемлекеттік кепілдіктер сол қалпында қалып отыр. Минималды кепілдіктермен қатар еңбек қатынастары ұжымдық келісімшарт бойынша реттелетін болады. Сондықтан жұмысшылардың құқығы мен мүддесін сақтауға негізделген кәсіподақтардың рөлі жаңа заңда біршама артқан. Өте маңызды өзгертулер мен толықтырулар жұмыстан босатылу себептері тізіміне енген.

Әркімнің еңбек саласындағы өз құқықтары мен бостандықтарын іске асыруға тең мүмкіндіктері бар. Ешкімді де еңбек құқықтарын іске асыру кезінде шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жанасына, ұлтына, тіліне, дінге қозғарасына, тұрғылықты жеріне, жасына немесе дене кемістіктеріне, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктерге қатыстығына байланысты ешқандай кемсітуге болмайды. Айлық жалақының ең төмен мөлшері, күнделікті жұмыстың ұзақтығы, жыл сайынғы ақы төленетін негізгі еңбек демалысы «Ең төмен әлеуметтік стандарттар және олардың кепілдіктері туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес еңбек саласындағы ең төмен әлеуметтік стандарттар болып табылады. Сонымен қатар, Еңбек кодексінің талаптарын бұзғандарға әкімшілік жауапкершілік те артып отыр.

Осындай өзгертулердің барлығы еңбек қатынастарын ынталандырып, ұжымдық-келісімшарт қатынастарын және әлеуметтік серіктестікті одан әрі дамытуға бағытталған.

Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының қағидаттарына жататындар:

- адам мен азаматтың еңбек саласындағы құқықтарының шектелуіне жол бермеу;
- еңбек бостандағы;
- қауіпсіздік және гигиена талаптарына сай келетін еңбек жағдайларына құқықты қамтамасыз ету;
- жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығының басымдығы; - тынығу құқығын қамтамасыз ету;
- жұмыскерлердің құқықтары мен мүмкіндіктерінің теңдігі;
- жұмыскерлер мен жұмыс берушілердің өз құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін

бірігу құқығын қамтамасыз ету;

- әлеуметтік әріптестікті нығайтуда және дамытуда мемлекеттің ықпалы;
- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелерін мемлекеттік реттеу болып табылады;

Жаңа кодекс институционалдық реформадағы тапсырмаларды іске асыруға бағытталады. Сонымен қатар, құжат еңбек қатынастарын реттеудің жаңа моделін қамтиды. Ол Халықаралық еңбек ұйымының, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының еңбек стандарттарына негізделген.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді.

2. Telichenko, V. I.; Benuzh, A. A. Evaluation of Russia's innovation activity levels in construction. 4th International Conference on Civil Engineering and Urban Planning (CEUP), Bosen Acad Conf Solut Co Ltd, Beijing, PEOPLES R CHINA, CIVIL ENGINEERING AND URBAN PLANNING JUL IV, 25-27, 2016. Pages: 677-680.

ӘОЖ 362.32:562:60

КӨРКЕМ ЕҢБЕК ПӘНІН ОҚЫТУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕР МЕН ЖАҢА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Глеубаева А. А.,

Әлихан Бөкейханов атындағы орта мектебі

Жамбыл облысы, Қазақстан

Ainur198103@outlook.com

Аннотация: Қазіргі заман талабына сай адамдардың мәлімет алмасуына, қарым-қатынасына ақпараттық коммуникативтік технологиялардың кеңінен қолданысқа еніп, жылдам дамып келе жатқан кезеңінде ақпараттық қоғамды қалыптастыру қажетті шартқа айналып отыр. Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық ойлау – құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық коммуникативтік технологияны пайдалану дағдыларын қалыптастыру және оқушы әлеуметінің ақпараттық сауатты болып өсуі мен ғасыр ағымына бейімделе білуге тәрбиелеу, яғни ақпараттық қоғамға бейімдеу.

Кілт сөздер: ақпарат, технология, әдіс, жасанды интеллект, интернет.

Annotation: The formation of an information society is becoming a necessary condition in a rapidly developing period, when information and communication technologies are becoming more widespread in the exchange of data and communication of modern people. The main requirement of the information society is to provide students with the basics of information knowledge, the development of logical thinking – structural thinking skills, the formation of skills in the use of information and communication technologies and the education of information-literate growth and the ability of a student to adapt to the course of the century, i.e. adapt to the information society.

Keywords: information, technology, method, artificial intelligence, Internet.

Қазіргі заман талабы – оқытудың жаңа технологияларын меңгеру. Оқытудың жаңа технологияларының бірі – ақпараттық коммуникативтік технологиясы. Ақпараттандыру технологиясының дамуы кезеңінде осы заманға сай білімді, әрі білікті мамандар даярлау – мұғалімнің басты міндеті. Қоғамдағы ақпараттандыру процестерінің қарқынды дамуы жан-

жақты, жаңа технологияны меңгерген жеке тұлға қалыптастыруды талап етеді. Білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдардың бірі. ХХІ ғасыр – техниканың озық дамыған ғасыры.

Бүгінгі қоғамның мұғалімдерінің алдына қойып отырған басты міндеті, артар жүгі – сапалы білім берумен қатар жан-жақты дамыған, өзіндік ой-пікірі қалыптасқан тұлға қалыптастыру. Тұлға – қалыптастыруда оның тәні мен жанын қатар дамыту, танымдық қызығушылығын дамытудың әдіс-тәсілдерін іздеу, анықтау, жүйелеу, қолдану

Қазіргі білім беру жүйесіндегі маңызды мәселелердің бірі – оқу үрдісіне жаңа инновациялық технологияларды енгізу, білім беруді ақпараттандыру болып табылады[1].

Жаңа ақпараттық технологиялар дегеніміз – білім беру ісінде ақпараттарды даярлап, оны білім алушыға беру процесі. Бұл процесті іске асыруда негізгі құрал компьютер болып табылады. Компьютер – білім беру ісіндегі бұрын шешімін таппай келген жаңа, тың дидактикалық мүмкіндіктерді шешуге мүмкіндік беретін зор құрал. Жаңа ақпараттық технологияның негізгі ерекшелігі – бұл оқушыларға өз бетімен немесе бірлескен түрде шығармашылық жұмыспен шұғылдануға, ізденуге, өз жұмысының нәтижесін көріп, өз өзіне сын көзбен қарауына мүмкіндік береді. Ол үшін оқытушы өткізетін сабағында оқушының сабаққа деген қызығушылығын арттырып, бүгінгі заман талабына сай білім беруі керек. Бұл мұғалімнен шығармашылық ізденісті, үлкен сұранысты талап етеді. Жаңа ақпараттық технологияны сабақта пайдаланудың тиімділігі оқушылардың еркін ойлауына мүмкіндік береді, ақыл-ойын дамытады, шығармашылық белсендігін арттырады, ұжымдық іс-әрекетке тәрбиелейді, жан-жақты ізденушілігін арттырады. Заманауи ақпараттық құралдармен және инновациялық әдістермен жұмыс істеу оқушыларды ұқыптылыққа, нақтылыққа, берілген тапсырмалардың нәтижелі орындалуына, басты мәселеге назар аудару білуге, дұрыс шешім қабылдай алуға тәрбиелейді[2].

Оқытудың инновациялық әдістері мен ақпараттық технологияларды пайдалану – педагогикалық іс-әрекеттердің мазмұны мен формасын толықтыру негізінде оқыту үрдісін жетілдірудің бірден бір жолы. Компьютерлік желілерді, интернет жүйесін, электрондық оқулықтарды, мультимедиялық технологияларды, қашықтан оқыту технологиясын пайдалану оқу орындарында ақпараттық-коммуникациялық технологиялар кеңістігін құруға жағдай жасайды. Қазіргі кезде сабақтарды ақпараттық технология мен кіріктірілген оқыту технологиясын байланыстыра өту өте тиімді нәтиже береді. Мұнда компьютерді мұғалім қосымша материалдар, әртүрлі анықтамалық мәліметтерден ақпараттар беру үшін көрнекі құрал ретінде пайдалана алады. Сонымен бірге ақпараттық технологияларды көркем еңбек сабақтарында жаңа тақырыпты өткенде, өзіндік жұмысты тексеру кездерінде, аралық және қорытынды бақылау сабақтарында қолдану өте тиімді. Сабақ кезінде слайд-фильмдерді, бейне-сабақтарды пайдалану дәстүрлі әдістермен салыстырғанда, сабақтың көрнекілігін, тиімділігін, ақпараттың өте жоғары деңгейін қамтамасыз етеді және уақыт үнемдеуге мүмкіндік береді. Сонымен, ақпараттық технологиялар мен инновациялық әдістерді біріктіріп білім беру оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға, ақпараттық технологияны пайдалану дағдыларын қалыптастыруға және ақпараттық сауатты болып өсулеріне ықпал етеді.

Инновацияның мағынасы «жаңару, өзгеру» дегенді білдіреді. Бұл түсінік ХІХ ғасырдағы зерттеулерде пайда болып, белгілі бір мәдениеттің кейбір элементтердің бірінен екіншісіне енгізу дегенді білдірді. Инновация:

1) техникалар мен технологиялардың ауысуымен қамтамасыз етуге байланысты экономикаға қаржы жұмсау;

2) ғылыми техникалық прогрестің жетістігі нәтижесінде жаңа техника мен технология.

Инновацияны анықтайтын фактор — ол өнертапқыштық, оңтайландыру, ірі жаңалықтарды жарыққа шығару болып табылады. Инновациялар ғылымды қажет ететін технология негізінде инвестиция арқылы жаңа құрылыстарды салуды және жұмыс істеп тұрған өндірісті қайта құруды қамтамсыз етеді. Инновацияның қаржылық базасы кәсіпкердің жеке меншігіндегі қаржыларына және қарыз қаражаттарынан құралады. Инновациялық

менеджмент банк несиесі, бағалы қағаздар, ақша және тауарлар нарығына сүйеніп, іс жасайды.

Инновациялық қызмет – бұл әр түрлі тәсілдердің, факторлардың өзара әрекет етуі және ғылыми зерттеулермен, жаңа өнім түрлерін жасаумен, еңбек құралдары мен құралжабдықтарды жетілдірумен, ғылым мен техниканың жаңа жетістеріне сәйкес технологиялық процестер мен сабақтарды ұйымдастыру формаларымен, жоспарлаумен өңдеу жүйесі болып табылады[3].

Білім беруді жаңарту оқушы білімін ғана емес, олардың бойында өзіндік білім алу, талдау, құрастыру, қоғамдық өмірде өзін-өзі жан-жақты таныту үшін білімін пайдалана білу дағдыларын қалыптастырады және қоғамға пайда келтіреді деді. Халқымыздың тағдыры, еліміздің ертеңі жас ұрпақтың қолында екендігін ескерген ғалымдар білім саласына ерекше назар аударуымен айқындалып отыр. Білімді, сауатты адамдар – бұл ХХІ ғасырда адамзат дамуының негізгі қозғаушы күші екендігін ескерсек, онда оқыту үрдісі жаңа әдіс-тәсілдерді, жаңаша идеяларды қолдануды талап етеді. Осы орайда мектеп алдындағы тұрған мақсат – әр оқушының қабілеттері мен мүмкіндіктерін ашу ғана емес, сонымен қатар жаңа мәдени мағыналар мен құндылықтарына сәйкес келесі ұрпақты құруға себепші болып, оның дамуының бағыттарын беруі тиіс. Ол үшін мұғалім жан-жақты, жаңалыққа жаны құмар, ізденіс үстінде жүретін, әрі жаңа форматты мұғалім болуы керек. Бұл – қоғамның талабы деп түсінсек те болады.

Білім беру – оқыту мен тәрбиелеудің үздіксіз процесі. Қазіргі кездегі білім берудің мақсаты – жан-жақты, білімді, өмір сүруге бейім, өзіндік ой толғамы бар қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

Қазіргі кезде Республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, Қазақстандық білім беру жүйесі әлемдік кеңістігіне еруге бағыт алуда. Тек экономикалық және саяси процесте ғана емес, сонымен қоса білім беру саласында да жаңа ақпараттық-коммуникативтік технологиялар кеңінен қолданыла бастады[4].

Ақпараттық коммуникативтік технология оқушы үшін қоршаған әлемді танудың табиғи құралы болып табылады. Олай болса барлық сабақтарды ақпараттық-аккумулятивтік технология қуаттануымен жүргізуді үйрену – бүгінгі күннің кезек күттірмейтін өзекті мәселелерінің бірі. Кәсіби мамандарды дайындауда жүргізілетін барлық пәндерін оқыту құралы ретінде ақпараттық-коммуникативтік технологиясын қолдану – оқу үрдісін белсендіруге, оқытуды жекешелендіруге, оқушылардың өзін-өзі бақылауына мүмкіндік туғызады.

Білімді ақпараттандырудың негізгі мақсаты – «білімгердің ақпараттық қоғам жағдайында тұрмыстық, қоғамдық және кәсіби салалардың іс-әрекетіне толық, тиімді араластыру» болып табылады.

Ақпараттық коммуникативтік технология – қазіргі компьютерлік техника негізінде ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және тасымалдау істерін қамтамасыз ететін математикалық және кибернетикалық тәсілдер мен қазіргі техникалық құралдар жиыны.

Аккумулятивтік – ақпаратты тасымалдап жеткізу әдістері мен механизмдерін және оларды жазып жинақтап жеткізу құрылғыларын қамтитын жалпы ұғым.

«Ақпараттық құзыреттілік» – білім алушылар және қоғам үшін күнделікті оқуда, қарым-қатынасты тіл арқылы шеше білу қабілеттілігі; қарым-қатынастық мақсатты іске асыруда жеке тұлғаның тіл және сөз құралдарын пайдалана алуы. Егер оқушы сол тілде сөйлеушілермен тікелей немесе аралық қарым-қатынас барысында сол тілдің нормалары мен мәдени дәстүріне сәйкес өзара түсінсе алса, коммуникативтік құзыреттілікті меңгергені. Ақпараттық құзыреттілік – бұл жеке тұлғаның әртүрлі ақпаратты қабылдау, табу, сақтау, оны жүзеге асыру және ақпараттық-коммуникациялық технологияның мүмкіндіктерін жан-жақты қолдану қабілеті.

Ақпараттық аккумулятивтік құзыреттілік:

- нақты өмір жағдайында өзінің міндеттерін шешу үшін қазақ және басқа тілдерде ауызша және жазбаша коммуникациялардың түрлі құралдарын қолдануға;
- коммуникативтік міндеттерді шешуге сәйкес келетін стильдер мен жанрларды таңдауға

және қолдануға;

- әдептілік нормаларына сәйкес өзіндік пікірін білдіруге;
- нәтижелі өзара іс-әрекетті, оның ішінде басқа мәдениет өкілдерімен, түрлі көзқарас және әртүрлі бағыттағы адамдармен сұхбат жүргізе отырып, шиеленіскен мәселелерді шешуді жүзеге асыруға;

- жалпы нәтижеге қол жеткізу үшін түрлі көзқарастағы адамдар тобында қатынас құруға мүмкіндік береді[3].

Ақпараттық коммуникативтік технология жағдайындағы жалпы оқыту үрдісінің функциялары: оқыту, тәрбиелеу, дамыту, ақпараттық болжамдау және шығармашылық қабілеттерін дамытумен анықталады.

Оқытудың ақпараттық коммуникативтік технологиясының бағыттары:

а) электронды оқулықтар;

ә) телекоммуникациялық технологиялар;

б) мультимедиалық және гипермәтіндік технологиялар;

в) қашықтықтан оқыту (басқару) Интернет.

Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – білімгерлерге ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық – құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны өзіндік даму мен оны іске асыру құралы ретінде пайдалану дағдыларын қалыптастырып, ақпараттық қоғамға бейімдеу. Демек, ақпараттық бірліктердің білімге айналуы әлемнің жүйелік – ақпараттық бейнесін студенттердің шығармашылық қабілеттері мен құндылық бағдарларын дамыту арқылы қалыптастыруды көздейтін, адамның дүниетанымының құрамдас бөлігі болып табылатын интеллектуалды дамуды қалыптастырудың бір жолы.

Оқытудың жаңа ақпараттық-коммуникативтік технологияларын меңгеру – қазіргі заман талабы. ХХІ ғасыр – ақпараттық технология ғасыры. Қазіргі қоғамдағы білім жүйесін дамытуда ақпараттық-коммуникативтік технологиялардың маңызы зор. Білім беруді ақпараттандыру және пәндерді ғылыми-технологиялық негізде оқыту мақсаттары алға қойылуда.

Ақпараттық технологиялар және компьютерлік желі арқылы жаңа білім әдістерін пайдалану кеңейтіліп келеді. Аталған технологияны білім жүйесінде қолданудың ең маңызды факторы, негізгі қозғаушы күші адам, сол себепті білімнің негізгі принциптері іске асырылуы тиіс. Ең бастысы – жеке тұлға, жеке адамды қалыптастыру, оларды тәрбиелеу және шығармашылық потенциалын дамыту, сонымен қатар жас ұрпақтың функционалдық сауаттылығын арттыру үшін қажетті жағдайлар жасау. Осыған орай оқытудың әртүрлі педагогикалық технологиялары жасалып, жүзеге асырылуда.

Қоғамда ақпараттандыру процестерінің қарқынды дамуы жан-жақты, жаңа технологияны меңгерген жеке тұлға қалыптастыруды талап етілген. Ақпараттандыру технологиясының даму кезеңінде осы заманға сай білімді, әрі білікті тұлға даярлау мұғалімнің басты міндеті болып табылады. Олардың бәрінде бірінші орында оқушы тұрады және оның өз бетімен білім алудағы белсенділігіне баса назар аударылады. Өйткені жеке тұлға өз іс-әрекеті арқылы ғана дами алады.

Қазіргі білім жүйесінің ерекшелігі – тек біліммен қаруландырып қана қоймай, өздігінен білім алуды дамыта отырып, үздіксіз өз бетінше өрлеуіне қажеттілік тудыру. Осындай жаңа және пайдалы технологияны іс-тәжірибеге енгізбей тұрып, мұғалім өзінің компьютерлік сауаттылығын жетілдіру керек, содан кейін күнделікті сабақта кеңінен қолдана алады. Оқу жүйесінде тиімді технологияның енуі – бүгінгі күннің талабы[5].

Технологияны математика сабақтарында пайдаланған жөн, ол оқушылармен білім беру үдерісінде жеке жұмыс жүргізуге, әртүрлі оқу әдістерін салыстыруға мүмкіндік туғызады. Көркем еңбек сабағында ақпараттық-коммуникативті технологияның әдіс-тәсілдерін, барлық түрін, формасын қажетті жағдайда тиімді пайдалану және жүйелі түрде дұрыс қолдану оқыту сапасын жоғарылатады. Сонымен қоса ақпараттық технологияларға өздері тікелей араласатындықтан қызығушылықтары, белсенділіктері артады, оқушының міндетті деңгейдегі білімді меңгеруіне, оның ынталануына мүмкіндік береді. Сонымен қоса аталған

технология мұғалімнің жүйелі жұмыс істеуіне де мүмкіндік береді. Ақпаратты оқыту технологиясының бүгінгі күні интербелсенді тақта ерекше орын алып отыр. Оқушы интербелсенді тақтамен мен жасанды интеллект программасы жаңа материалдарды арнайы программа мүмкіндігін пайдалана алады. Ондағы мақсат — оқушының өзінше ойлау қабілетін арттыру және интербелсенді тақтамен жұмыс істеуге үйрету. Жаңа технологиялар оқушының шығармашылық белсенділігі мен өзіндік танымдық қызметін ұйымдастырушы бола алады.

Көрем еңбекті оқытудағы негізгі талап – оқушыға қолөнермен жасалатын бұйымдарды жасау жолдары мен тәсілдерін үйрету. Сабақ барысында мұғалім, оқушы және интербелсенді тақта үшеуі қарым-қатынас жүргізеді. Мұнда компьютер ойын үрдістері арқылы қозғау салып, оқушылардың құзыреттілігін дамытуға әсер етеді. Ең алдымен, оқушының ойлау қабілеті мен білімін арттыруға үйретіледі. Сонан соң оқушы кейінгі және бүгінгі өмірді салыстырмалы түрде тани білуге тырысады.

Көркем еңбек сабағында оқушылар өз бетінше жұмыс жасау дағдыларын дамыту, баға жетпес құндылықтардың бірі. Тапсырмаларды аттығуларды өз бетінше орындап, тексеріп, қорытынды жасай білетін тұлға қалыптастыру мақсатында жаңа технологиялар әдістерін кеңінен қолдану қажет деп білемін[6].

Қорыта келгенде ақпаратты-коммуникативті технологияның оқушылар үшін берері мол. Интерактивті тақтаның мүмкіндіктерін, мультимедиалық тақтаны, электронды оқулықтарды және ғаламтор желісі және жасанды интеллектті қолдану барысында оқушылардың сабаққа деген ынтасы, қызығушылықтарының күрт артқандығы байқалады.

наездником – это, кстати, однажды спасло ему жизнь, когда трое черкесов гнались за ним, но он ускользнул от них на своём карабахском коне.

Постиг М.Ю. Лермонтов и искусство фехтования. Это гарантировало ему безопасность во время дуэли с французом де Барантом. «М.Ю. Лермонтов был довольно силен, в особенности имел большую силу в руках, и любил состязаться в том с юнкером Карачинским, который известен был по всей школе как замечательный силач – он гнул шомпол и делал узлы как из веревок», - писал А.М. Меринский в своих мемуарах. (4, стр. 168) Изучая воспоминания современников М.Ю. Лермонтова, ученики обратили внимание на один интересный факт и с юмором рассказали о нём. Посмеявшись над этой историей, ученики сделали важный для себя вывод: только постоянная круглосуточная культура отношения к самому себе, оптимальный образ жизни делает существование человека полноценным «Физическая организация молодого Пушкина, крепкая, мускулистая и гибкая, была развита гимнастическими упражнениями»- читаем мы у П. Анненкова, первого библиографа поэта. Из воспоминаний об Александре Сергеевиче, из его писем дети отмечают, что он увлекался боксом, был спарринг-партнёром у князя Вяземского; купался в ледяной Сороти, принимал ванны со льдом; устроил тир в михайловском погребке и тренировался в стрельбе из пистолета, выпуская до сто зарядов в утро; обожал верховую езду и был неутомимым ходяком.

Интересную информацию находят учащиеся о роли физической культуры в жизни Льва Николаевича Толстого. Дневники и воспоминания о нём дают богатейший материал. Бег, плавание, коньки, гимнастика на турнике и верховая езда – вот небольшой список забав известного писателя.

А.И. Шифман вспоминал: «В молодости Лев Николаевич был страстным охотником. Целыми днями, а порою и неделями он вместе с братом Николаем, поэтом А.А. Фетом и другими друзьями пропадал в лесах, охотясь на волков, медведей, лисиц и зайцев» [8 стр. 66]

Нельзя не улыбнуться, читая в «Отрочестве» о том, как Толстой приучал себя «спокойно переносить все неприятности жизни». Он, например, разогревал около печки руки и потом высовывал их в форточку на мороз. Или брал тяжёлые лексиконы и держал их на вытянутых руках до тех пор, пока «жилы, казалось, готовы были оборваться». Всё это он проделывал для того, чтобы переносить тепло и холод, боль, закаливать волю и приучаться к тяжёлому труду. И так всю жизнь. Лев Николаевич, семидесятилетний, принёс в Хамовники две гири, которые купил, чтобы ежедневно тренироваться. В 1898 году Софья Андреевна пишет в дневнике: «Он очень занят развитием мускулов, делает гимнастику с гирями..» А ещё Лев Николаевич очень много ходил. После завтрака совершал прогулку. Часа на два, иногда и больше. Это составляет 8, 9 а то и 10 вёрст. По снегу, по сугробам, через ухабы. Прогулки доставляли большое удовольствие Льву Николаевичу. Ему, видимо, приятно было уже то, что он, несмотря на свои восемьдесят, может столько ходить.

И кому как не Льву Толстому, писать о спорте в своих произведениях. Старшеклассники вспоминают чудное катание на катке зоосада в «Анне Карениной». А Левин, любимый толстовский герой романа, как он катается на коньках, как занят своим физическим совершенством на гимнастических снарядах! Изучая зарубежную литературу, нельзя не остановиться на роли физической культуры в жизни Джорджа Байрона. Начинаем рассказывать биографию поэта с того, что в самую минуту рождения нога его была повреждена, и Байрон остался хромым на всю жизнь. А.С.Пушкин в очерке «О Байроне и о предметах важных» писал: «Физический недостаток оскорблял его самолюбие... Он, будучи собою красавец, воображал себя уродом и дичился общества людей, мало ему знакомых, опасался их насмешливого взгляда. Самый сей недостаток усиливал в нём желание отличиться во всех упражнениях, требующих силы физической и проворства»

А не физическое ли самосовершенствование привело его к поэзии? Джордж больше всего любил плавать и нырять и достиг в этом несомненных успехов. Участь в кембриджском Тринити-колледже, нырял на глубину пять метров и доставал со дна крошечные монеты. И прежде чем Байрон достиг славы поэта, он прославился как пловец. Где бы он ни жил, послеобеденное время посвящал тренировкам – плавал, играл, бросал в воду разные предметы

и доставал их со дна. Под наблюдением Джона Джексона, чемпиона Великобритании по боксу, несовершеннолетний лорд Байрон переплыл Темзу.

В дневнике поэт пишет: «Плаваю весьма сносно, на коне ездю, хоть и не как кавалерист, но неплохо фехтую, особенно шотландским палахом. К тому же удачно боксирую, особенно когда удаётся совладать со своим темпераментом: мне удавалось побеждать Пэрлинга и Джексона в спарринг-боях в 1806 году». «Плаваю весьма сносно»- писал поэт в дневнике, явно скромничая. А ведь он совершил спортивный подвиг. В 1810 году во время путешествия по Средиземному морю он задумает переплыть пролив, разделяющий Азию и Европу, знаменитые Дарданеллы. Первая попытка окончилась неудачей. Только через сутки поэт продержался на воде более часа. В дневнике есть запись: «Мы переплыли пролив, войдя в воду значительно выше европейского форта, и вышли на другой берег ниже азиатского... Всё расстояние от места, где мы бросились в воду, до места, где вышли на другой берег, включая пространство, на которое мы были отнесены течением, определялось офицерами фрегата более нежели в 4 английские мили... Вода была очень холодная вследствие таяния горных снегов... Мы не устали, но немного озябли; я исполнил это без особого затруднения»

Объясняем ребятам, что одна морская миля равна 1,853 км, следовательно, расстояние, преодоленное Байроном в холодной воде, приблизительно 7,412 км. В 1810 году Байрон жил в монастыре капуцинов в Афинах, рядом с Акрополем и храмом Юпитера. Он научил монахов боксу и устаивал соревнования между католиками и православными. Из-за разницы в мастерском классе сам он с монахами не боксировал. Байрон тщательно следил за своим весом, мало ел, никогда не пил пива. 22 января 1809 года, в день своего совершеннолетия, Байрон зажарил для друзей быка, а сам съел за вечер одно яйцо, ломтик бекона и выпил бутылку эля...

Ребята увлеклись Байроном и с интересом изучали его творчество. В «Паломничестве Чайлд-Гарольда» нашли любовное признание страстного пловца к морю:

Я мальчиком ещё с тобой сдружился,
Любил волне отдаться, чтоб она
Несла меня... С прибоем я резвился:
Когда ж пред близкой бурей волна
Вдруг пенилась, бурлива и темна,-
То хоть тревога в сердце проникала,
Она была всё ж прелести полна...
И как ребёнка ты меня качало,
И гриву волн твоих рука моя ласкала.

Таким образом, считаем, что физкультурно-спортивная жизнь писателей (поэтов) интересна для школьников. Она помогает многое понять как в судьбе, так и в личности автора, а главное, стать примером для самих учащихся. Жизнь – это всегда борьба за что-нибудь, а для многих и за здоровье. А сильная личность всегда станет победителем. Важно, чтобы ученики это осознали.

Все мы разные, у каждого из нас своя жизнь, но объединяет нас одно общее желание – все мы хотим быть счастливыми. Сколько бы ни спорили о том, что такое счастье, все бы согласились, что быть здоровым человеком – это уже счастье. Походы в лес, на речку, костры на берегу моря, занятия спортом, увлечение любимой работой, любимым делом – так много всего интересного на свете. Стоит ли драгоценные годы, дни, минуты тратить на вредные, а порой очень опасные привычки.

Курение и пьянство - уродливые привычки. Они разрушают важнейшие системы человеческого организма. Представление о пьянстве как обычае русских, мягко говоря, преувеличено. На Руси существовали строгие традиции винопития. Пиво, брага, медовуха – вот что пили наши предки, причем крепость этих напитков не превышала 15 градусов. Использование алкоголя молодыми людьми осуждалось, пьяниц подвергали публичной порке.

О том, что наши предки ценили здоровье, говорят и пословицы:
Здоровье дороже богатства.

Держи голову в холоде, живот в голоде, а ноги в тепле.

В здоровом теле - здоровый дух.

Чистая вода - для хвори беда.

Ум да здоровье дороже всего.

Курить - здоровью вредить.

Деньги потерял - ничего не потерял, время потерял - многое потерял, здоровье потерял - все потерял.

Список литературы

1. Я иду на урок литературы: 9 класс: Книга для учителя.- М.: Первое сентября, 2000.
2. Дубашинский И. А. Джордж Гордон Байрон: Книга для учащихся.- М.: Просвещение, 1985.
3. Дьяконова Л.Я. Лирическая поэзия Байрона. - М.: Наука, 1975.
4. Лермонтов М.Ю. В воспоминаниях современников.- М.: Худ. лит. , 1989.
5. Ломунов К. Лев Толстой. Очерк жизни и творчества.- М. : Детская литература, 1978.
6. Пушкин А.С. В воспоминаниях современников.- М.: Худ. лит., 1985.
7. Толстая А.Л. Отец. Жизнь Льва Толстого.- М.: Книга, 1989.
8. Шифман А. И. Страницы жизни Льва Толстого.- М.: Сов. Россия, 1983.

ӘОЖ(УДК)273. 4.016: 781.0

САНАЛЫ ОҚУШЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖАҢА ТЕНДЕНЦИЯЛАРДЫҢ РӨЛІ

Аденова Б.А.,

Магистрант,

Әлихан Бөкейханов атындағы орта мектебі

Жамбыл облысы, Қазақстан

e-mail: mtobugov@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада білім беру жүйесіндегі оқушы үшін жасалып жатқан тың идеялар мен тың инновациялар туралы жазылған. Оқыту сапасын жақсарта, жаңарта отырып, оқушылардың сыни ойлау, есте сақтау, математикалық сауатылығын, оқу сауаттылығын инновациялық технологиялардың көмегімен дамыту көзделіп отыр. Оқу сатысында білім беру және кәсіби жоспарларына қарамастан барлық оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру қажеттілігімен анықталады.

Кілт сөздер: математикалық, инновация, оқу сауаттылығы, технология, жаһандану.

Аннотация. В статье рассказывается о новых идеях и новых инновациях, которые создаются для учащегося в системе образования. Улучшая, обновляя качество обучения, предполагается развитие критического мышления, памяти, математической грамотности учащихся, грамотности чтения с помощью инновационных технологий. На этапе обучения определяется необходимостью формирования функциональной грамотности всех учащихся независимо от образовательных и профессиональных планов.

Ключевые слова: математика, инновации, грамотность чтения, технологии, глобализация.

Annotation. The article describes new ideas and innovations that are being developed for the student in the education system. It is planned to improve and update the quality of teaching, develop students ' critical thinking, memory, mathematical literacy, and reading literacy with the help of innovative technologies. Determined by the need to form functional literacy of all students at the

stage of study, regardless of educational and professional plans.

Keywords: mathematical, innovation, reading literacy, technology, globalization.

Еліміздің тәуелсіздігі нығайып, қоғамдағы демократияның өрісі кеңейген шақта адамның қоғамдық, тұлғалық рөлі жаңа сипатқа ие болып отыр. Бүгінде еліміз жаңа ғасырдың табалдырығын абыройлы көрсеткіштермен аттап, дамыған елу елдің қатарына қосылуға бет бұрғандықтан, еліміздің білім беру жүйесі де әлемдік білім талаптарына сәйкес болуы тиіс. Сондықтан ақпараттық және коммуникативтік құзыреттілікпен қатар, бүгінгі таңда полимәдениеттілік білімнің базалық құзыреттілігі танылып отыр. Соған орай рухани құндылықтар жаңарып, адамның зияткерлік әлеуетін қалыптастырудағы білімнің маңыздылығы туралы қағидалар түбегейлі өзгерді. Жалпы білім беретін мекемелерде оқытылатын әрбір пән оқушы тұлғасын жетілдірумен қатар, оның шығармашылық қабілеттерін дамытуды көздейді. Ал, оқушының жан-жақты білім алуына бағыт-бағдар беруде мұғалім мәдениеттілік, шығармашылық, инновациялық тұрғыдан ойлай алатын және көптілді маман болуы шарт. Бүгінгі технология және жаһандану заманында өскелең ұрпақты көпмәдениеттілікке тәрбиелеу үдерісі қарқынды жүргізіліп отырғанын байқауға болады.

Елімізде болып жатқан саяси, әлеуметтік, экономикалық және т.б. өзгерістер білім беру жүйесіне де әсер етуде. Қоғамдағы әлеуметтік өзгерістерге сай оқытудың сапасын арттыру мәселесі жаңа оқыту технологияларын өз дәрежесіне сай қолдануға тікелей тәуелді[1].

Бүгінгі күні білім беру парадигмасы өзгеріп, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынастар пайда болып жатқан ауқымды өзгерістер, түрлі ынталы бастамалар мен түрлендірулерге кеңінен жол ашуда. Осы тұрғыдан алғанда педагогикалық қызметтің тиімділігін арттыру, оны жаңа сапада ұйымдастыру қажеттілігі туындайды. Бұл үшін оқытушылардың инновациялық іс-әрекеттің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі мақсат етіледі. Ал жаңа технологияны пайдалану, міндетті деңгейдегі білімді қалыптастыра отырып, мүмкіндік деңгейге жеткізеді. Сондықтан, мұғалімнің шығармашылық педагогикалық әрекетін ұйымдастыруда қазіргі педагогикалық технологияларды меңгерудің маңызы зор.

Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда, ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту білім беру мекемелерінің басты міндеті. Бүгінгі білім беру кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару, оқытушының қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісімен келмек. Сондықтан да әрбір тұлғаның қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын, жаңартылған педагогикалық технологияны қолдануға үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді. Себебі, біз қадам басқан ХХІ ғасыр жан-жақты дамыған, білімді, өз ісіне және өзгенің ісіне әділ баға бере алатын, өзіне сенімді, Отанының әлеуметтік-экономикалық дамуына зор үлесін қоса алатын азамат тәрбиелеуді талап етіп отыр.

Дамудың негізі білім мен ғылымға келіп тіреледі. Инновациялық процестер қазақстандық білім беру жүйесін қалыптастыруға және нығайтуға ықпал ететін негізгі векторлар болып табылады. Сондықтан да, әлемдегі дамыған елдер сияқты Тәуелсіз елімізде білім жүйесі сапасын жетілдіру ең негізгі өзекті мәселелердің бірі болып отырғаны белгілі. Осыған орай, білім беру жүйесінде өскелең ұрпаққа сапалы білім беріп, олардың үйлесімді дамуы мен тұлға ретінде қалыптасуында педагогтің кәсіби шеберлік көрсеткіштерінің бірі – жалпы педагогикалық, ғылыми-теориялық, әдістемелік жаңалықтар мен озық тәжірибені жетік меңгеру беру болып табылады. Әр педагог өзінің миссиясын терең түсініп, бүгінгі күні оны іске асыруға кәсіби дайын болуы керек[2].

Кәсіби құзыреттілік деп педагогтың жеке бас сапалары мен оның психологиялық-педагогикалық және теориялық білімінің, кәсіби біліктілігі мен дағдысының, тәжірибесінің бір арнада тоғысуы деуге болады. Педагогтің тілдік құзыреттілігі оның өзін-өзі дамытуы мен қазіргі білім беру талабына сай болуына орай жетілдіруімен байланысты. Өйткені педагогтің

тілдік құзыреттілігі бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеуге бағытталады. Педагогтің арнайы құзыреттілігі үш тілділікті іске асыруда басты орын алады. Өйткені жоғары деңгейде айналысатын, өз ісінде түрлі иновациялық технологиялық әдіс-тәсілдерді іздеу арқылы білім алушының қабілеті мен қабылдау деңгейіне қарай қолданады. Қазіргі таңда өзара байланысы мен өзара тәуелділігі басым әлемде жас ұрпақты бәсекелестікке дайындаудың бірден бір жолы үш тілде білім және тәрбиелеу болып табылады.

Педагог білікті маман, өз ісінің шебері болуы керек. Яғни педагог шебер болу үшін өзінің мүмкіндіктерін жаңа формация мұғалімі ретінде объективті бағалай алатын, кәсіби мамандығына қажетті қабілеттерді, жалпы мәдениетті, интеллектуалды іс-әрекетті, мінез-құлық, қарым-қатынас мәдениетін меңгерген, өтіп жатқан интеграциялық процестерге, әлемдік білім беру кеңістігі қарқынына бағытталған маман болуы тиіс. Педагог әрқашанда өзін қоғам талабына сай үздіксіз тәрбиелеп отыратын, адамдармен қарым-қатынасқа тез түсе білетін, ұйымдастырушылық қабілеті бар, өз пәнін жетік білетін, таланты мен тәжірибесі тоғысқан, өзінің қоғамындағы саяси өмірге белсенді араласып, өз елі мен жеріне деген сүйіспеншілігі негізінде оқушыларға үлгі болуы керек. Қазіргі кезде ғылым мен техниканың даму деңгейі әрбір адамға сапалы және терең білімнің, көптілді меңгерген іскер болуын талап етеді.

Білім беру мазмұнын жаңарту аясындағы қазақстандық жаңартылған білім беру моделін құру, білім берудің жаһандану жағдайында педагогикалық кадрларды кәсіби дайындаудың теориялық-әдіснамалық негіздерін қарастыру, ғаламдық бәсекелестік ортадағы заманауи білім берудің жаңа парадигмалары аясында зияткер тұлғаны қалыптастыруда инновациялық озық іс- тәжірибені үйрену, педагогтың шығармашылық әлеуетін жетілдіру, оқытудың ғылыми-әдістемелік деңгейін және білім сапасын арттыру жолдарын қарастыру, басым міндеттер ретінде жүзеге асырылуда. Кез келген оқыту әрекетіне қойылатын талап – адамға белгілі бір дағды, қабілет пен машықты игерту, яғни оқыту нәтижесінде адам тек теориялық білім алумен ғана шектелмей, қандай да бір әрекетті жүзеге асыруды үйренуі тиіс. Бұл ретте оқытудың дәстүрлі формаларын пайдалану жеткіліксіз. Керісінше, әрекетке бағытталған оқыту тәсілдерін пайдалану, белсенді әдістемелерді қолдану әлдеқайда тиімді екендігі дәлелденуде[3].

Бүгінгі күні инновациялық педагогикалық технологияларды қажетті деңгейде қолдану және осы арқылы жеке тұлғаның білім деңгейін, шығармашылық қабілетін қоғамдық сұранысқа сай қалыптастыру барлық білім беретін мекемелердің дағдылы ісіне айнала қойған жоқ. Әлі де болса кейбір мұғалімдеріміз оқыту үрдісін ұйымдастыру мен жүргізуде оқытудың дәстүрлі әдістері мен тәсілдерін пайдаланумен шектеліп келеді.

Сондықтан оқытудың инновациялық технологияларын оқу орындарының практикасына белсенді түрде ендіру қажеттілігі күн санап артып отыр.

Білім беру жүйесіндегі цифрлық білім беру ресурстарын дамыту бойынша міндеттер іске асуда және «Робототехника негіздері» білім беру бағдарламасы бойынша жүргізілетін, курстары да жаңалықтар қатарынан табылады. Бұл курс бағдарламасы робот техникасы негіздерін зерттеу, инженерлік дизайн және технология, жаратылыстану-математика бағыты мұғалімдерінің роботтарды модельдеу және бағдарламалауға бағытталған.

Аралас оқу режиміндегі («Blended learning») оқу үдерісін ұйымдастыру инновациялық үлгідегі батыл да тиімді қадам деуге болады, жаңа форматтағы мұғалімдер аталмыш курстарда тіптен де жаңа педагогикалық ойлауды, үздік әлемдік тәжірибені шұғыл түрде игеруге дағдылануда.

Қандай салада болмасын, ондағы істелінген жұмыстың қорытындысы сапасымен өлшенеді. Білім беру саласындағы сан-салалы жұмыстың құйылатын арнасы да білімнің сапасында болатыны даусыз. Ал білімнің сапалы болуы тікелей ұстазға, оның білім дәрежесіне ізденушілігіне байланысты.

Ұстаз – тікелей оқытумен тәрбиелеу үдерісіне жаңалықты енгізуші, шәкіртпен бірге бірігіп жұмыс жасайтын белсенді әрекет иесі. Сондықтан да ол сабаққа жаңалық енгізуде шешуші рөл атқарады. Сапалы оқыту, сонымен қатар өздігімен оқып білім алуға баулу

негізінде ғана білімгерлерден білімді, жан-жақты тұлға тәрбиелеп шығаруға болады[4].

Оқушылардың шығармашылық ойлауын табысты дамыту үшін оқу-тәрбие үдерісі барысында оның жүйелі түрде белсенді зияткерлік ізденіске түсуіне мүмкіндік жасау қажет. Оқушы осы уақытта туындаған оқу проблемасын салмақтап, негізделген және жан-жақты тексерілген шешім қабылдайды, оны практикада жүзеге асырады.

Өмір, тәжірибе көрсетіп отырғандай, «өте жақсы» оқыған оқушы аса шығармашыл және тәрбиелі болып, кейде керісінше эрудициясы төмен оқушылар қай кезде шығармашыл және тәрбиелі болды?

Оқушы шығармашылығы дегеніміз ой еркіндігі мен еріктілік болған жағдайда ойлау үдерісін бір сарындылықтан шығарып, логикалық ойлауды талдағыштық тұрғыға жетелеп, өзін-өзі дамытатын белсенді еңбек. Осындай ой еңбегіне баулуда, оқи білуге тәрбиелеу, білім беру үрдісінің негізіне айналса, баланың жан-жақты дамып, шығармашыл адам болып жетілуінің дінгегі болар еді.

Сонымен қатар қазіргі алға дамып бара жатқан ХХІ ғасыр қоғамы ұстаздарға қат-қабат міндеттер қойылып отыр. Солардың бірі – білім саласында оқушыларға осы заманғы талаптарға сай әдістермен сабақ беру. Бұл кез келген пәндерден сабақ беруде қазіргі ең тиімді, нәтижелі әдістердің бірі – интербелсенді оқыту әдістемесін қолдану деген мағына.

Мектептерде оқу-тәрбие үдерісін оқушылардың өзара іс-әрекеті мен қарым-қатынасын дұрыс ұйымдастыру арқылы оқушының ойлау белсенділігін арттыруға, сабақта интербелсенді әдістемені тиімді пайдалануға болады. Мұнда негізгі және жетекші үрдіс – іс-әрекетті ұйымдастыру. Бұл технологияның ерекшелігі оқушылардың өздері ақпараттар жинап, өздері жаңалық ашуға ұмтылып, ізденіп, жауабын тауып, өзінің көзқарасын логикалық түрде дәлелдейді. Ол өз пікірін бір-біріне, топ алдында айта алады.

«Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа саналы, мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру бүгінгі күннің талабы болып отыр. Ол танудың, түсінудің, дамудың құралы. Ал көп тіл білу біздің мемлекетіміздің халықаралық байланыстарын дамытуға мүмкіндік беретін тұлғааралық және мәдениаралық қарым-қатынастардың аса маңызды құралы болып табылады. Мұғалімдер мен оқушылардың алдында тұрған басты мақсат полимәдениетті тұлғаны қалыптастыру, әлеуметтік және кәсіптік жағынан өзін-өзі билеуге қабілетті, өз елінің тарихы мен салт-дәстүрін білетін, бірнеше тілде сөйлей алатын, барлық жағдайларда үш тілде коммуникативтік-әрекеттік операцияларды жүргізе алатын, өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі жетілдіруге талпынатын тұлғаны дамыту.

Халқымыздың «Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі ілім біл» деген аталы сөзі бүгінгі заманымыға сәйкес айтылғандай. Қазіргі заманның талабы – көптілділік. Адам баласының рухани байлығы, тәрбиесі, білімі бәрі де тіл арқылы жетіледі. Қазіргі уақытта көптілділікті еркін меңгерген, келешекте білімін түрлі саладағы қарым-қатынас жағдайында пайдалана алатын тұлғаны тәрбиелеп шығару біздің ең басты міндетіміз. Көптілді меңгерген адам айтулы тұлға болып жетілері анық[5].

Интербелсенді оқыту әдістемесін тиімді пайдаланып, алға қойған мақсатқа жету үшін белсенді оқытудың өзіндік талаптарын есепке алып, алғы шарттарын қанағаттандыру керек.

Психологиялық тұрғыдан алғанда, интербелсенді оқытудың тиімділігінің сыртқы көрсеткіштері ретінде оқушылардың бірлескен әрекет ережелерін мойындай отырып, өзара әрекеттесуге ұмтылуын, топтық рефлексияның дамып, ұжымдық ынтымақтастықтың қалыптасуын, ал әсерлілігінің ішкі көрсеткіштері ретінде оқушылардың өз міндеттері мен құқықтарын түсіне отырып, өзара әрекет дағдыларын меңгеріп, топтық жұмысқа дайын болуын, оқу әрекетінің субъектісіне айнала отырып, өзіндік рефлексиясының дамуын айтуға болады.

Сонымен қатар, интербелсенді оқытудың нәтижелілігінің сыртқы көрсеткіштері ретінде оқушылардың топтық жұмыс ережелерін қабылдай отырып, нақты мақсаттар қоюға үйренуін, оқу топтарының жасақталып, қажетті оқу кеңістігінің қалыптасуын, ал табыстылығының ішкі көрсеткіштері ретінде оқушылардың таным белсенділігі артып, жаңаша оқуға дайындықтарының жетіліп, өзара әрекеттесу дағдыларының дамып,

ынтымақтастық ұжымының қалыптасуын айтуға болады. Жалпы алғанда, интербелсенді оқытудың басты шарттары қауымдастық пен бәсекелестік болып табылады[6].

Қорыта айтқанда, сыни ойлайтын, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгерген адам әуелі өз тілінде ой қорытып, өзге жұртпен бәсекеде өзін ұстай білсе, түрлі мәдениетті санасына салып сараптай алса, онда ол өз өмірін қалайда мағыналы өткізетін айтулы тұлға болып жетілері анық.

Заман ағымы, уақыт талабы жаңаша шешім қабылдауды, оны зерттеудің жаңа шыңына көтерілуді талап етеді. Демек, білім берудің мазмұнын жаңарту, үздіксіз білім беру жүйесін дамыту және жастарды бүгінгі күн талабына қарай икемдеп, өз заманының озық өнегесін оның санасына сіңіре білу, оларды шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту – бүгінгі күннің басты талабы.

Сонымен, интербелсенді оқыту әдістемесін оқу-тәрбие үдерісінде тиімді қолдану ұстаздар жұмысын өнімді, нәтижелі, ал оқушылардың білім алу әрекетін мәнді, қызықты, пайдалы етеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2018 жылғы 10 қаңтар.
2. Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. Орта мектепте оқыту процесінде көптілділікті дамытумәселелері.Әдістемелік құрал.– Астана 2013.
3. Аюбаева Т.П. «Интербелсенді оқыту әдістерін пайдалану арқылы бастауыш сынып оқушыларының білім сапасын арттырудың кейбір мәселелері». – Білім, 2007, №6.
4. Ералиева М. «Оқытудың қазіргі технологиялары». Бастауыш мектеп, 2006, №5.
5. Сулейменова Г.М. Үш тілді меңгеру – полимәдениетті тұлға қалыптастыру кепілі, 2013.
6. Акиева А.Б. «Білімгерлерге сапалы білім берудегі жаңа технологиялардың тиімділігі» – Ғаламтор мәліметтерінен.

ӘОЖ 425.4.012: 581.0

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЭМОЦИОНАЛДЫҚ ИНТЕЛЛЕКТИСІН АРТТЫРУДА БЛУМ ТАКСОНОМИЯСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

Айылшаева Ш.С.,

магистрант

Әлихан Бөкейханов атындағы орта мектебі

Жамбыл облысы, Қазақстан

e-mail: mtobugov@mail.ru

Аңдатпа. Сыни тұрғысынан ойлау арқылы оқушылардың белсенділігі, өзіндік сана-сезімі мен пайымы дамиды; оқытушының кәсіби білімі артады. Сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамытудағы маңызды әдіс және оның деңгейлері негізінде оқушыға терең білім беріледі, жеті модульде қамтылады, әрі оқушыны бағалауда мұғалім олардың деңгейін таниды, шынайы бағалау болады. Блум таксономиясының құрылымы танымдық үрдістің бір деңгейінен екінші деңгейіне, яғни қарапайымнан күрделігі біртіндеп өтеді деп саналады. Топта осындай сұрақтар қою арқылы оқушылар үйреніп қана қоймайды, сондай орта қалыптастырады.

Кілт сөздер: мұғалім, Блум таксономиясы, критерий, сыни ойлау.

Annotation. Through critical thinking, students ' activity, self-awareness and vision develop; the teacher's professional knowledge increases. The most important method in the development of

critical thinking skills and its levels is the student's deep knowledge, which is contained in seven modules, and in the assessment of the student, the teacher recognizes their level, and there is a true assessment. It is believed that the structure of Bloom's taxonomy smoothly passes from one level of cognitive process to another, that is, from simple to complex. By asking such questions in a group, Students Not only learn, but also create such an environment.

Keywords: teacher, Bloom taxonomy, criterion, critical thinking.

«Балалардың бойында ұлы мүмкіншіліктердің бәрі бар» деп Т.Фуляр айтқандай бала бойындағы дарындылық, ғылымилық қабілетін ашу, жақсы танымдық қасиеттерін зерттеу – бүгінгі заманның талабы. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы «Қазақстанның болашағы – дарынды балалардың қолында» - деп, бекер айтпаған. Елбасының көреген саясатының арқасында Қазақстан әлемдік қауымдастықтың ортасынан лайықты өз орнын таба білді. Бүгінде барлық салалар жоғары қарқынмен даму үстінде. Адам құндылығын дамыту арқылы әлем елдері ғылым мен білімге аса көңіл бөліп, білімді де білікті маман даярлау ісіне зор мән беруде.[1]

Оқушыларды шығармашылыққа баулу, еңбегінің нәтижесін көру, оны бағалауға бағыттау – өте күрделі үрдіс. Оқушының шығармашылық мүмкіндігі оның жеке тұлға ретінде қалыптасу үрдісінде пайда болады. Сондықтан да оқушының шығармашылық әрекеті өнімді әрекетпен ұштасып жатуы тиіс.

Алдыменен оқытушы түрлі стратегияларды қолдануға қабілетті болуы керек. Ол үшін өз бетімен ізденулері, бір-бірімен білім алмасуы арқылы қабілеттерін шыңдауы қажет. Оқушылардың дамуын жақсарту үшін оқытушы оқыту үдерісінде жаңа әдіс-тәсілдерді өз тәжірибесіне енгізе білуі тиіс. Мен мектебіміздің типтік жоспарын басшылыққа ала отырып «Бастауыш сынып оқушыларының эмоциялық интеллектісін арттыруда БЛУМ таксономиясының пайдасы» деп алдым. Өйткені, оқытушы оқушылардың сыни тұрғысынан ойлауын туғызу арқылы өзі де дамиды және оқушыларын танымдық қабілеттерін арттыру арқылы шығармашылық деңгейге жеткізеді.

Оқыту үрдісінде және бағалауда Блум таксономиясын қолдану арқылы оқушылардың сыни тұрғысынан ойлау, ой жүгірту, тұжырым жасау, проблеманы шешу және рефлексивтік тәсілмен қалай істеуге болатындығын анықтау жағдайында танымдық қабілеттерін дамыту. Бұл Блум таксономия әдісі негізінен «Қойылған мәселелер оқушылар үшін мәнді болу керек, ол оқушылардың қызығушылығынан туған жағдайда ғана мүмкін» [2]. Оқушылар шығармашылық деңгейге көтеріледі. Блум таксономиясы – жеке тұлғаға бағытталған шығармашылығын дамытушы және білімді толық меңгерудің әдісі болып табылады. Мен сабақтарымды Блум жүйесімен құрудамын. Көбіне қайталауда деңгейлік сұрақтарды құру арқылы Блум түймедағын қамтудамын. Енді қазір Блум таксономиясының 6 деңгейін өз сабақтарымда қолданғанымға қысқаша тоқтала кетсем,

- ✓ Білім;
- ✓ Түсіну;
- ✓ Қолдану;
- ✓ Талдау;
- ✓ Синтез (жүйелеу, жинақтау);
- ✓ Бағалау.

Білу.

Бұл категория мәліметтерді қайталау немесе тану арқылы есте қалай сақталғанын тексеруге бағытталады, мағлұмат пен деректерді еске түсіреді.

Мұғалімнің қызметі – әңгімелейді, көрсетеді, меңзейді, жетекшілік етеді.

Оқушының қызметі – тыңдайды, есте сақтайды, меңгереді, біледі, еске түсіреді, айтады, дәйек сөздер келтіреді, анықтайды.

Түсіну.

Бұл категорияда оқу материалдарын өз сөзімен түсіндіру, қысқаша баяндау,

жорамалдау – оқу материалдары бойынша әңгіменің әрі қарай не туралы болатындығын оның салдары мен нәтижелерін болжау.

Мұғалімнің қызметі – дұрыстығын салыстырады, көрсетеді.

Оқушының қызметі – талдайды, түсіндіреді, хабарлайды, мысал келтіреді.

Қолдану.

Бұл категория оқу материалын нақты жағдайда және мүлдем жаңа ситуацияда қолдануды меңзейді. Мұнда ережелерді, әдістерді, ұғымдарды, заңдарды, қағидаларды, теорияларды, практикалық тұрғыдан қолдану кіреді.

Оқу материалды тереңірек игеруді талап етеді.

Мұғалімнің қызметі – қадағалайды, елейді, көмектеседі, жағдай жасайды.

Оқушының қызметі – қолданады, қарайды, сенеді, көрсетеді. Бұл деңгей таным белсенділігінің төменгі сатысына жатады.

Талдау.

Бұл категория оқу материалының мазмұнын сезінумен қатар оның ішкі құрылысын қалай құрылатындығын талқылайды.

Мұғалімнің қызметі – алға жетелеуші, ақыл-бағыт көрсету, талпынуға әрекеттердіру, ақпараттық көздерді ұсыну;

Оқушының қызметі – талдау, бір жүйеге келтіру, байланыстырады, сұрақтар қояды, қорытынды жасайды.

Синтез.

Оқу материалдарының элементтерінен жаңашыл сипаттан бүтінді (нәтижені) құрастыру. Жаңа нәтиже ретінде оқу материалдарын мүлдем өзгеше хабарлама, жұмыс жоспары, схемаларды атауға болады.

Мұғалімнің қызметі – кеңейтеді, салыстырады, әсер етеді.

Оқушының қызметі – жинақтайды, жетілдіреді, ойластырады, түзетеді, жүйелейді, өңдейді, болжамдарды тұжырымдайды.

Бағалау.

Оқу материалының маңызын анықтап, ол туралы өзіндік пікір келтіріп, ойын білдіреді. Бұл деңгей алдыңғы категориялардың оқу нәтижелеріне қол жеткізуді меңзейді.

Мұғалімнің қызметі – түсіндіреді, түзетулер енгізеді, белсенділік жасайды, келіседі.

Оқушының қызметі – бағалайды, дәйектер мен дәлелдер келтіреді, шешім қабылдайды, қорғайды, болжайды, ұсыныс жасайды, айғақтандырады. Блум таксономиясы кезең-кезеңмен орындалатын мақсаттар жүйесін қамти отырып, оқушылардың сыни ойлауын бағалау арқылы нәтижеге жетуді көздейді. Оқыту үрдісінде Блум таксономиясы арқылы бағалаудың әдіс-тәсілдерін сабақта қолдана алады.

Мысалы: нақты тапсырма көкөністер тақырыбын қарастырсақ.

Берілген сұрақтарды Блум таксономиясына салу.

Білім: Алманы пайдалануда денсаулық үшін қандай пайдасы бар?

Түсінік: Алмамен тамақ дайындаудың төрт тәсілін сипаттаңыз және олардың қайсысы денсаулыққа анағұрлым пайдалы екенін түсіндіріңіз. Сіздің сөздеріңізді айғақтауға арналған сілтемелер беріңіз.

Қолдану: Алма мен апельсинді пайдаланудың денсаулыққа пайдасын салыстырыңыз.

Талдау: Алма бәлішінің «пайдасыз» рецептісіне өзіңіздің қалауыңызша басқа заттарды қосып, бір «пайдалы» рецепт жасаңыз. Өзіңіз таңдап алған заттардың алғашқысынан пайдалырақ екенін дәлелдеңіз.

Жинақтау: Мектептен кейін балаларға алма бәлішін берген пайдалы деп санайсыз ба? Неге – ия немесе неге – жоқ?

Бағалау: Бәліш пісіру үшін алманың қандай түрі жарамды, неге? Берілген сұрақтарды Блум таксономиясына салып, реттік деңгей бойынша ажыратады, түсіндіреді, дамытады, тәжірибеден өткізеді. Тапсырма бойынша постер жасап, қорғайды. Сонымен Блум таксономиясы алты деңгейден тұратынын анықтадық, оның алғашқы төрт деңгейі күнделікті дәстүрлі сабағымызда орындалатынын, ал тек жинақтау, бағалау деңгейлері бойынша

тақырыпты синтездеп, жинақтап, қорытындылау керектігін байқадық [3].

Үй тапсырмасын тексеруге арналған деңгейлік сұрақтарды Блум түймедағына орналастыру мысалдары, оқушылардың сабақ барысындағы шығармашылық жұмыстары таныстырылады. Аталған сабақтардағы қолданылған жаңа әдіс-тәсілдерге, топтық жұмыстарға тоқтала келе, Блум жүйесімен бағалау парағы түсіндіріледі. (Қатысушылармен практикалық жұмыс ұйымдастыру). Кері байланыс, рефлексия жасау.[4]

Блумның бұл таксономиясы танымдық үрдісті ең қарапайым деңгейден бастап бірте-бірте күрделенетін 6 деңгейге жіктейтіндігін ескере отырып, қарапайым деңгейге есте сақтау, түсініп білу, еске түсіру, ал одан кейінгі түсіну деңгейінде сол ақпаратты басқаша, өз сөзімен жеткізе алумен жалғасады. Жаңа ақпаратты бөліктерге бөліп зерттеуден кейін оны өз тәжірибесінде тасымалдай алу сияқты алдыңғыға қарағанда күрделі әрекетке ұласады. Қарама-қарсылық туғызу, шешім қабылдау, баға беру оқушының білімін дамытудағы ойлаудың жоғары деңгейінде жүретін жұмыстар. Сөз етіліп отырған деңгейлерге сәйкес танымдық үрдістің мақсаттары бірте-бірте күрделенетіндігі заңдылық. Әр қадам сайын сол деңгейде орындалған әрекетке баға беруді жүзеге асыру арқылы оқушының білім деңгейі артып, шығармашылығы шыңдалып, эмоциялық интеллектісі артады.

Шығармашылық жұмыстарды орындағанда оқушылар өзінің болжау, топшылау, түрлі құбылыстардың арасындағы байланыстарды салыстыра білу қабілетіне сүйене отырып, ой қорытындысын жасап, жаңа шешім табады, өзіндік жаңалық ашады. Бұл жаңалықты бала шығармашылығын дамытуда пайда болған өзгеде жоқ қайталанбайтын өнім деп қарауға болады. Оқушы білімін шығармашылық деңгейге жетелеу өнімді тәсілдермен жүзеге асады. Ол өнімді деңгей деп аталады. Өнімді, шығармашылық деңгей – анализ /талдау/, синтез /жинақтау/, баға. Блум таксономиясының ұтымдылығы да сол, ол оқушыларды шығармашылық деңгейге жетелеуімен ерекшеленеді. Жаңа буын «Әдебиеттік оқу» оқулықтарындағы көркем шығармалардың оқушы шығармашылығын арттыруда мүмкіндігі мол[5]. Негізінен, әдебиет сабақтары – қызығушылық пен қажеттіліктерді дамытудың қайнар көзі. Ұстаз шығарманы түсініп оқудың, сонымен қатар, оқушының жалпы тілдік мәдениетін, тілдік құбылыстардың ерекшеліктерін толықтай меңгеріп, ана тілін өз халқының әдебиетін жетік түсінуге, суреткердің өзіндік шеберлігін тануға жол ашады. Көркем шығарманы көркемдік ерекшелігіне, сөз өрнегіне, суреткердің шеберлігіне, стиліне ерекше тоқталған орынды. Оқушыларды көркем шығармаға терең бойлату үшін шығармашылық оқу, шығармашылық тапсырманы беру әдісі ұтымды. Оқушы неғұрлым көп білсе, ал сұрақ-тапсырмалар мәтінге үңілдірер, қызықтырар, ынталандырар сипатта болса, соғұрлым оқушының көркем шығарманы қабылдауы арта түспек[6]. Бұл жұмыстың негізгі мәселесі-мұғалімнің оқушыларды өзіндік ізденіске жетелеуі. Сонымен қатар баланың қиялына, фантазиясына ерік беру керек. Атақты жазушылардың шығармасын өткен соң мұғалім оқушыға сол туындыға байланысты дүниені көз алдына елестету арқылы өз ойын жазуға дағдыландырады. Бұл жерде бағыт-бағдарды мұғалім береді, ал сюжет пен мазмұнды оқушы өзі табады. Осындай туынды жазу арқылы оқушының ой-өрісі, қиялы, шығармашылық қабілеті дамиды. Сондай-ақ сабақта проблемалық жағдаят тудырудың да маңызы зор[7]. Нәтижесінде ақын-жазушылардың шығармасымен толық танысуға ынтасы артады. Блум таксономиясының сабақ мазмұнын меңгертудегі мақсаты – оқытудың неғұрлым тұтас нысанын құру. Жалпы алғанда, таксономия (грекше. taxis – орналасу, құрылыс, тәртіп және nomos – заң). Таксономия – олардың иерархиясын (белігілі бір құрылымдағы бірізділігін, реттелігін) құрастыру мақсатында берілген нысандарды нақты бір өлшемдер мен қағидалар бойынша жіктеу. Таксономия барлық оқу мақсаттары мен нәтижелері бірдей маңызға ие бола алмайтындығына негізделген. Бенджамин Блум – америкалық оқыту әдістемесінің психологі, Блум таксономиясының авторы. Ол Пенсильванияда Ленсфорд қаласында туылған, 1935 жылы Пенсильван университетін бакалавр және магистр деңгейлерімен бітірген, 1942 жылы Чикаго университетінде докторлық деңгейін қорғады. «Блум таксономиясы» атты кітабында өз теориясын дамытқан. 1956 жылы Бенджамин Блумның төрағалық етуімен білім беру комитеті әзірлеген Блум таксономиясы сын

тұрғысынан ойлауды қарастыруға болатын ойлау дағдыларының кеңінен қолданылатын иерархиялық моделі болып табылады. Блум таксономиясының мақсаты – оқытудың неғұрлым тұтас нысанын құру.[8]

Дағдылар	Мазмұны	Оқушы нені білу керек?	Тапсырмалардың түрі	Мысалдар
Білу	Таным мен ойлаудың төмен деңгейі. Бұл категория мәліметтерді қайталау немесе тану арқылы есте қалай сақталғанын тексеруге бағытталады, мағлұмат пен деректерді түсіреді.	Қолданылған терминдерді біледі (есте сақтайды және қайталайды); Нақты фактілерді біледі; Жұмыстың орындалу ретін біледі, Негізгі ұғымдарды біледі; Ережелерді, қағидаларды біледі	Кім? Не? Қашан? Қайда? Ережелерді, теорияларды формуларды еске түсіру, жазу, атап көрсету, жатқа айту; анықтамалар мен атауларды қайталау, оларды қолдану.	Зат есім деген не? Етістік деген не? Алманы пайдаланудың денсаулық үшін қандай пайдасы бар?
Түсіну	Таным мен ойлаудың орта деңгейі. Негізгі идеяларды ұйымдастыру салыстыру, түсіндіру, сипаттау және бекіту жолымен фактілер мен идеяларды түсінетіндегін көрсету: Оқу материалын түсінген ретінде келесідей әрекеттерді атқаруды атауға болады: Аударма жасау. Оқу материалын бір «тілден» екінші «тілге» ауыстыру (мысалы, сөзбен келтірілген мәліметті кесте, схемамен көрсету т.б.); Интерпретация оқу материалын «өз сөзімен» түсіндіру, қысқаша баяндау; Экстраполяция. Жорамалдау. Құбылыстың бір бөлігіне қатысты түйіндерді оның екінші бөлігіне тарқату; оқу материалдары бойынша әңгіменің әрі қарай не туралы болатындығын,	Фактілерді, ережелерді, қағидаларды түсінеді; Сөзбен келтірілген материалды, схемалар, графиктер, диаграммаларды түрлендіреді; Сөзбен келтірілген материалды математикалық ұғымдарға өзгертеді; Берілген ақпарат бойынша болашақта оқиғаның салдарын сипаттайды.	Қалай? Неліктен? Сөйлемді аяқтаңыз; сөйлемді өзгертіңіз; өзара байланысын түсіндіріңіз; айырмашылығын көрсетіңіз; өз сөзіңізбен айтыңыз; графикті, суретті түсіндіріп беріңіз.	Зат есім етістікті саластыр. Түсінгеніңізді өз сөзіңізбен айтып беріңіз; Зерттеуіңізді таблица жүзінде көрсетіп, қысқаша мазмұндап беріңіз; Шығарманың сюжетін өз сөзіңізбен әңгімелеп беріңіз. Алма мен апельсинді пайдаланудың денсаулыққа пайдасын салыстырыңыз.

	оның салдары мен нәтижелерін болжау			
Қолдану	Таным мен ойлаудың орта деңгейі. Жаңа білімдерді, әдістерді және ережелерді түрлі нұсқада пайдалану. Бұл категория оқу материалын нақты жағдайда және мүлдем жаңа ситуацияда қолдануды меңзейді. Мұнда ережелерді, әдістерді, ұғымдарды, заңдарды, қағидаларды, теорияларды, практикалық тұрғыдан қолдану кіреді. Оқу нәтижелері түсіну деңгейіне қарағанда материалды тереңірек игеруді талап етеді.	Ұғымдар мен қағидаларды жаңа жағдайларда қолданады; Заңдар мен теорияларды практикалық тұрғыдан нақты ситуацияларда қолданады; Әдіс немесе жұмыс ретін дұрыс қолданатындығын көрсетеді.	Жасап көр; Таблица график жаса; қолдану мақсатын түсіндір.	Оқушыларда метафора мен теңеу туралы түсінік бер (Білім), олардың айырмашылығында белгілі (Түсіну), енді олар Абайдың “Қыс” өлеңінде метафора мен теңеу қандай бейнелерді құрастыратындығын айтып беруі керек. Бәліш пісіру үшін Алманың қандай түрі жарамды, неге?
Талдау	Таным мен ойлаудың жоғарғы деңгейі. Дәйектер мен себептерге сәйкес ақпаратты тексеру және жіктеу. Қорытынды жасау және жалпылаудың болғанын растайтын дәлелдерді анықтау. Оқу материалының құрылымының көрінуі үшін оны құрамдас бөліктерге бөлу; бүтіннің бөліктерін ажырату; бүтіннің бөліктерінің арасындағы өзара байланыстарды анықтау. Бұл категория оқу материалының мазмұнын сезінумен қатар оның ішкі құрылысын қалайша құралатындығын	Элементтерді талдау, Қарым-қатынасты талдау. Ұйымдастыру. Қағидаларын талдау; Жасырын (көзге көрінбейтін) жәйт-терді ашады; Ойдың өрбуінен қателер мен олқылықтарды айқындайды, фактілер мен олардың салдарының арасын ажыратады, ұсынылған фактілердің маңыздылығын айқындайды.	Құрылымы қандай? Салдары неде? Топтастырыңыз. Салыстырыңыз. Себепін талдаңыз.	Теореманың екі бөлігін салыстырыңыз “Ер туған жеріне, ит тойған жеріне” деген мақалды қалай түсінесіз? Алма қосып дайындайтын 4 түрлі тағам түрін айтыңыз. Оның ішінде ең денсаулыққа пайдалысын дәлелдеп беріңіз.

	меңзейді.			
Жинақтау	Таным мен ойлаудың жоғарғы деңгейі. Жаңа үлгідегі әртүрлі тәсілдер мен элементтерді қиыстыру арқылы ақпараттарды жүйелеу немесе балама шешім ұсыну; Оқу материалының элементтерінен жаңашыл сипаттан бүтінді (нәтижені) құрастыру. Жаңа нәтиже ретінде оқу материалдарын мүлдем өзгеше реттейтін хабарлама (баяндама, сөз), жұмыс жоспары, схемаларды атауға болады. Мұндай оқу нәтижелері Жаңа мазмұн мен жаңа құрылымдарды жасап шығаратын шығармашылық әрекеттерді қолдануды талап етеді.	Шығармашылық тұрғыдан кішігірім шығарма (эссе) жазады; Тәжірибе жасаудың өзіндік жоспарын ұсынады; Қандай да болмасын проблеманы шешу үшін өз білімдерін шығармашылықпен қолданады.	Өз шешіміңізді табыңыз, алгоритм құрастырыңыз, баламасын табыңыз, бөліктерден құраңыз, жүйелестіріңіз, зерттеңіз	1. Эссе, шығарма, өлең, шешендік (ораторлық) сөз, сценарий, компьютерлік бағдарлама жазу. 2. Мәлімет бойынша барлық білімді тиянақтап, оны бір жүйеге келтіріп, жоспар немесе кесте құру (Тәжірибені жоспарлап, нәтижесін бақылау). 3. Ғылыми гипотеза (болжау) құрастырып, ұсыну. 4. Алма бәлішінің жаңа түрін ойлап табыңыз.
Бағалау	Таным мен ойлаудың жоғарғы деңгейі. Пікірмен таныстыру және оны дәлелдеу, ақпарат бойынша қорытынды жасау және жұмыс сапасын бағалау. Оқу — материалының маңызын анықтау, олар туралы өзіндік пікір келтіру, ойын білдіру. Бұл деңгей алдыңғы категориялардың оқу нәтижелелеріне қол жеткізуді меңзейді.	Оқу материалы құрылымының логикасын жазбаша түрде бағалайды; Ішкі немесе сыртқы критерийлерге сүйеніп, оқу материалының маңыздылығын айқындатады; Жасалған шешімдер мен қорытындылардың берілген фактілерге сәйкестігін анықтайды.	Сіздің ойыңызша бұл дұрыс/бұрыс, маңыздыма/емес пе, жақтайсыз ба/қарсысыз ба?» деген пікірталас, полемика мен дау-дамай туғызатын сұрақтар арқылы жүзеге асырылады.	Мектептен кейін балаларға алма бәлішін берген пайдалы деп санайсыз ба? Неге — иә, немесе неге жоқ?

Блум таксономиясы бір ізбен реттелген мақсаттар жүйесі арқылы оқушылардың білім деңгейлерін анықтап, шығармашылық деңгейге жетуді ұсынады. Блум танымдық салада алты деңгейді бөлді, атап айтқанда ол ең төменгі деңгей ретінде фактілерді қарапайым қабылдау мен танудан бастап анағұрлым күрделі және абстрактілі психикалық деңгейлерге қарай жылжып отырып, ең күрделісі бағалау деп жіктеді. Оқушы білімін шығармашылық деңгейге жетелеу өнімді тәсілдермен жүзеге асады. Ол өнімді деңгей деп аталады. Ғалым әдіс-тәсілдерді оқушының когнитивтік іс-әрекетіне байланысты білімді меңгертуде қолдана отырып өнімді-өнімсіз деңгей деп бөледі. Негізінде, Блум таксономиясы бір ізбен реттелген мақсаттар жүйесі арқылы оқушылардың білім деңгейлерін анықтап, шығармашылық деңгейге жетуді ұсынады. Блум танымдық салада алты деңгейді бөлді, атап айтқанда ол ең төменгі деңгей ретінде фактілерді қарапайым қабылдау мен танудан бастап анағұрлым күрделі және абстрактілі психикалық деңгейлерге қарай жылжып отырып, ең күрделісі бағалау деп жіктеді. Осылайша, Блум таксономиясының басты белгісі осындай жүйеленген мақсаттармен ерекшеленеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. ҚР орта білім мазмұнын жаңарту аясында қазақ тілінде оқытатын мектептердің қазақ тілі мұғалімдерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы, Назарбаев Зияткерлік мектептері ДББ, 2015.
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Үшінші (негізгі) деңгей «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012.
3. Бағалау саясаты. Астана қаласындағы Назарбаев зияткерлік мектебі. – 2014.
4. Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан – 2030» Ел президентінің Қазақстан халқына жолдауы «Барлық Қазақстандықтардың өсіп өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы». Алматы: Дәуір, 1997
5. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы // Егемен Қазақстан Астана, Ақорда, 2007
6. Қисымова А.Қ., Нұрланов Е.Б. Біртұтас педагогикалық процесте сабақтың технологиялық картасын құрудың үлгісі. // Әлеуметтік жаңғырту жағдайында білім беру жүйесін жетілдіру. Халықаралық ғылыми практикалық конференциясының материалдар жинағы.(Астана, 6-7 желтоқсан, 2013).
7. «Қазақстан мектебі» журналы. № 9. 2009.
8. «Қазақстан мектебі» журналы №11-12. 2007

ӘОЖ 37.015.324

ЕРЕСЕК ТОП БАЛАЛАРЫНЫҢ ҚАРЫМ - ҚАТЫНАС БАРЫСЫНДАҒЫ ҚАЛЫПТАСАТЫН ҚАБІЛЕТТЕРІ

Джаздықбаева М.Б.,

педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

Муратқызы Б.

ММД-311 магистранты

Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Түркістан қ., Қазақстан

Аннотация. Тәрбиені кең мағынада әлеуметтік функцияларды анықтап жүзеге асырушы қоғамдық құбылыс ретінде қарастырудың маңызды екенін ескере келе, әлеуметтік тәжірибеде ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан жалпы адами мәдениеттерді бірлескен іс-әрекетте балаға тәрбиешімен және ата-анасымен педагогикалық үдерісті ұйымдастыру

барысында игерту екендігін айтады.

Жоғарыда айтылған ғалымдардың пікірлеріне сүйене келіп, мектепке дейінгі ересек топтағы балалардың коммуникативтік қабілеттерін қалыптастыруға мынадай анықтама бердік: «Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік біліктерін қалыптастыру дегеніміз оларды мақсатқа сәйкес өзара түсіністікке жеткізетін, бұған дейін меңгерген білімдері мен дағдыларының жиынтығымен қамтамасыз етілетін бірлескен екі жақты ақпарат алмасуға қажетті амалдарды меңгерту» болып табылады.

Тірек сөздер: коммуникативтік-қабілет, тілдік мониторинг жасау, психологиялық-педагогикалық маңыз, ұйымдастыру, тәрбиеші, мәдениет, білік.

Аннотация. Учитывая, что воспитание в широком смысле важно рассматривать как общественное явление, определяющее и реализующее социальные функции, следует отметить, что общечеловеческие культуры, передаваемые из поколения в поколение в социальной практике, в совместной и-деятельности должны быть усвоены ребенком в процессе организации педагогического процесса с воспитателем и родителями.

Основываясь на мнениях вышеизложенных ученых, мы дали следующее определение формированию коммуникативных способностей детей старшей дошкольной группы: «формирование коммуникативных умений детей старшего дошкольного возраста-это овладение способами, необходимыми для совместного двустороннего обмена информацией, которые приводят их к взаимопониманию в соответствии с целью, обеспечиваются совокупностью ранее усвоенных знаний и навыков».

Ключевые слова: коммуникативно-деятельностный, языковой мониторинг, психолого-педагогическое значение, организация, воспитатель, культура, умения.

Abstract. Considering the importance of considering education in a broad sense as a social phenomenon that defines social functions, it is noted that in social practice it is the assimilation of common human cultures passed down from generation to generation in the process of organizing the pedagogical process with the educator and parents of the child in a joint ic-activity.

Based on the opinions of the scientists mentioned above, we gave the following definition of the formation of communicative abilities of children in the preschool adult group: "the formation of communicative skills of children in preschool adulthood is the acquisition of the necessary techniques for joint bilateral information exchange, which leads them to mutual understanding in accordance with the goal, provided with a set of previously acquired knowledge and skills."

Key words: communicative ability, language monitoring, psychological and pedagogical significance, organization, educator, culture, skills.

Мектепке дейінгі жас (5-6 жас) - бұл бала ағзасының айтарлықтай өсу және даму кезеңі. Бұл кезеңде баланың өсуінде, салмағында, негізгі қимыл-қозғалыстарда көрінетін сапалы өзгерістер байқалады.

Мектепке дейінгі жастағы балаларда жүйке процестері әлі толығымен жетілмеген. Қозу процесі басым болып келеді. Жүйке процестері - қозу және тежеу - күш, қозғалыс және қозғалғыштық сияқты негізгі қасиеттерді ала бастайды. Сонымен қатар, мектепке дейінгі жастағы балалардың жүйке процестерінің шоғырлануына бағытталған педагогикалық ықпалдың тиімділігі артады.

Басқа адамдармен қарым-қатынасқа түсудің қалыптасуы мен қарқынды дамитын кезеңі мектепке дейінгі жастағы балаларда болып табылады. Мұндай қарым-қатынастың алғашқы тәжірибесі жеке тұлғаның одан әрі дамуына негіз болады. Сонымен қатар, баланың өмірінде балабақшадағы бірінші топ-ұжымдағы қарым-қатынасы қалай қалыптасса - оның жеке және әлеуметтік дамуы, яғни оның әрі қарайғы тағдыры соған байланысты болады.

Коммуникативтік шеберлікке ие болу балаға сауатты болуға мүмкіндік береді және айналасындағылармен тұлғааралық өзара іс-қимылды ұйымдастыру және коммуникативтік міндеттердің дұрыс шешімін табу, белсенді серіктес позициясы және соның салдарынан «өзін

табуға» мүмкіндік береді.

Ал коммуникативтік дағдылардың болмауы және біліктіліктің қалыптаспауы кері нәтиже беріп қана қоймай, баланың психикалық және даму спиралына себеп болады.

Мектепке дейінгі балалардың коммуникативті дамуын зерттеудің бастауы мектеп жасына дейінгі балалардың құрдастарымен және әртүрлі ересектермен қарым-қатынасы, мектепке дейінгі балалық шақтың жас кезеңдері сияқты формалардың дамуын қарастыратын ғылыми еңбектерде қамтылған. (М. И. Лисина, А. Г. Рузская, Е. Смирнова Е. және т.б.).

Л.С.Выготский адамның жеке (немесе ішкі) қызметі туындайтын ұжымдық-әлеуметтік қызметі (Сыртқы қызметі) бастапқы болып табылатынын атап өтті. Яғни, оқу процесі терең жеке: білім алушы саналы түрде және өз бетінше сыртқы ішкі, өзіндік етеді. Даралау процесі жеке бағытқа ие, ал тұлғаның дамуы әртүрлі сыртқы факторлардың өнімі емес, қоршаған ортамен әр түрлі қатынастарға енгізілген субъектінің өзі (С.Л.Рубинштейн). Білім алушының дамуының басты шарты-оны іс-әрекетке қосу, оның мақсаты оны шешу үшін ішкі қайта құруды қажет ететін және әртүрлі қатынастарды қамтитын нақты өмірлік маңызды міндеттерді шешу болып табылады [3].

Жоғарыда айтылғандар дараландыруды білім алушының әлеуетіне де, әлеуметтік құндылықтар, талаптар мен мақсаттар жүйесіне де сәйкес келетін динамикалық, жеке тұлға қабылдаған өзара әрекеттесу процесі ретінде анықтауға мүмкіндік береді; адамның ішкі әлемінің оң өзгеруіне ықпал етеді, білім мен Өмірде өзін-өзі жүзеге асыру үшін әлемді және өзін-өзі тану тәсілдерін игеруді қамтамасыз етеді.

Заманауи инновациялық білім – бұл озық білім, оның айрықша ерекшелігі біртұтас әлемдік ақпараттық – білім беру кеңістігінде тұлғаны қалыптастыратын білім арудың озық әдістері мен тәсілдерін әзірлеу. Кез келген мектептің, оның ішінде кәсіптік мектептің мәні – оқушыны тиісті әлеуметтік-экономикалық жүйелерге «бейімделуге» дайындау ғана емес, сонымен қатар оларды неғұрлым жетілдірілген жүйелердегі қызметке бағыттау, әйтпесе өндірісті де, жалпы қоғамды да дамыту болмайды.

Бүгінгі таңда білім беруде компьютерлік техниканы енгізу бағыттарын атап өтуге болады:

- Білім алушының шығармашылық даму құралдары;
- оқыту процесін жетілдіретін, оның сапасы мен тиімділігін арттыратын оқыту құралдары;
- әдістемелік және оқу әдебиетінің педагогикалық тәжірибесін беру және игеру;
- оқыту құралдары, өзін және шындықты білу;
- бақылау, түзету, тестілеу және психодиагностика процестерін автоматтандыру құралдары;
- зерттеу объектілері;

➤ зияткерлік бос уақытты ұйымдастыруға арналған заманауи ақпараттық технологиялар құралдары.

Компьютердің аталған мүмкіндіктері баланың жеке басының бастапқы қалыптасуын қамтамасыз етуге ғана емес, сонымен бірге оның қабілеттерін анықтауға, дамытуға, білім мен дағдыларды толық игеруге жағдай жасауға, Дағдылар мен тілектерді қалыптастыруға ықпал етуі мүмкін[4].

Сабақ кезеңдерінде, негізгі оқыту әсері мен басқару компьютерге берілгенде, мұғалім іздеу мақсатын түсіну, бұрын үйренген білімді белсенді түрде көбейту, дайын көздерден жетіспейтін білімді толықтыруға қызығушылық, тәуелсіз іздеу сияқты оқушыларда осындай қасиеттердің көрінісін байқауға, түсіруге мүмкіндік алады. Бұл мұғалімге оқушылардың оқуға деген шығармашылық көзқарасын басқару және біртіндеп дамыту бойынша өз қызметін жобалауға мүмкіндік береді.

Білім беру саласына заманауи ақпараттық технологиялардың енуі мұғалімдерге оқытудың мазмұнын, әдістері мен ұйымдастырушылық формаларын сапалы өзгертуге мүмкіндік береді. Білім берудегі осы технологиялардың мақсаты ақпараттық қоғамдағы оқушылардың зияткерлік мүмкіндіктерін күшейту, сондай-ақ білім беру жүйесінің барлық сатыларында оқыту процесін ізгілендіру, даралау, қарқындалу және оқыту сапасын арттыру болып табылады.

Педагогикалық қызметке қатысты инновациялар – бұл педагогикалық және психологиялық ғылымдардың жетістіктерін практикаға енгізу кезінде, озық педагогикалық тәжірибені қолдану кезінде қалыптасатын оқу-тәрбие процесінің жаңа сапалы күйлері.

Инновация мен инновация ұғымдары бірдей. Инновация инновацияның нәтижесі ретінде түсініледі, ал инновациялық процесс үш негізгі кезеңді дамыту ретінде қарастырылады: идеяны қалыптастыру (белгілі бір жағдайда – ғылыми жаңалық), қолданбалы аспектіде идеяны дамыту және тәжірибеде инновацияны жүзеге асыру. Осыған байланысты инновациялық процесті ғылыми идеяны практикалық қолдану сатысына жеткізу және әлеуметтік – педагогикалық ортада осыған байланысты өзгерістерді жүзеге асыру процесі ретінде қарастыруға болады. Идеялардың инновацияға айналуын қамтамасыз ететін және осы процесті басқару жүйесін қалыптастыратын қызмет инновациялық қызмет болып табылады.

Инновация – бұл құрал ал инновация – бұл құралды игеру процесі. Инновация – бұл жүйенің бір күйден кенеттен ауысуына себеп болатын жаңа тұрақты элементтерді тіршілік ету ортасына енгізетін мақсатты өзгеріс.

Білім берудегі инновациялық процесс – білім беру практикасын жетілдіру, инновациялар негізінде білім беру жүйелерін дамыту процесі. Ол жаңа мазмұнның қалыптасуы мен дамуын және ұйымдастырылуын көрсетеді. Тұтастай алғанда, инновациялық процесс деп педагогикалық практикада инновацияларды әзірлеу, игеру, пайдалану және тарату жөніндегі кешенді қызмет түсініледі.

Педагогикалық инновацияның объектісі – білім берудегі инновациялардың пайда болу, даму және даму процесі.

Педагогикалық инновацияның пәні – білім беру субъектілерінің (оқушылар, педагогтар, әкімшілер) тұлғасын қалыптастыруға бағытталған инновациялық білім беру қызметінде туындайтын қатынастар жүйесі.

Білім беру саласындағы инновациялық қызмет Қазақстан Республикасында әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттарын ескере отырып, білім беру жүйесін жаңғырту мен дамытуды қамтамасыз ету, ҚР білім беру саласындағы мемлекеттік саясатының басым бағыттарын іске асыру мақсатында жүзеге асырылады... Инновациялық қызмет білім беру жүйесін ғылыми-педагогикалық, оқу-әдістемелік, ұйымдастырушылық, құқықтық, қаржы - экономикалық, кадрлық, материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жетілдіруге бағытталған және білім беру қызметін жүзеге асыратын ұйымдардың инновациялық жобалары мен бағдарламаларын іске асыру нысанында жүзеге асырылады[5].

Қазіргі кезеңде білім берудегі инновациялық процестерді дамыту объективті заңдылық

болып табылады, ол мыналарға байланысты: ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы; қазіргі білім беру мазмұнының жаңаруы; тәрбиеленушінің шығармашылық тұлғасын қалыптастыруға, жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайларда қабылдауға және белсенді қызметке дайын болуға бағытталған өзінің кәсіби қызметі үшін мұғалімнің белсенділігі мен жауапкершілігін арттыру қажеттілігі. Осыған байланысты педагогтың инновациялық қызметі өте маңызды.

XX ғасырдың басында инновация материалдық өндірістегі техникалық инновациялардың заңдылықтарын зерттейтін инновация ғылымы ретінде қалыптасты.

Ол адам қызметінің негізгі салаларына жаңа қызметтерді, идеяларды әзірлеу, енгізу іс-шараларына қажеттіліктердің көрінісі ретінде дамиды.

В.А.Сластенин, Л.С.Подымова ғылымда инновацияны зерттеудің үш түрін ажыратады:

- Жаңалықтарға ықпал ететін/кедергі келтіретін фактілерді зерттеу;
- инновациялық процесті зерттеу;
- инновациялық үдерісті басқару;
- инновациялық жағдайларды талдау / тәуекел дәрежесін, тиімділігін бағалау.

Инновация пәнаралық сала ретінде дамиды (философия, психология, әлеуметтану, экономика, мәдениеттану тоғысында).

Бастапқы кезеңде жаппай педагогикалық тәжірибеде инновацияларды қолдану мүмкіндігі жеке мұғалімдер мен тәрбиешілердің қызметінде расталады, бірақ оларды сынақтан өткізіп, объективті бағалағаннан кейін оларды жаппай енгізуге ұсынуға болады.

Қазіргі әлемде соңғы он жылда шығармашылық немесе интеллектуалды жұмыспен байланысты шығармашылық индустрияда үлкен маңызға ие көптеген инновациялар пайда болды. Әлемнің көптеген елдерінде мемлекет экономикасын дамытудың тетігі болып табылатын ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, креативті салалар өзгерістерге ұшырауда. Жастар санының артуы осы қызмет саласына байланысты еңбек орнын иеленгісі келеді. Табиғи деректер үрдістері білім беру жүйесінің дамуына әсер етті, жаһандық өзгерістерге қажеттілік туындайды. Егер бұрын негізінен математикалық және инженерлік бағыт дамыған болса, енді білім беру бағдарламасына көркемдік және шығармашылық пәндерді қосу қажет.

АҚШ пен Еуропада steam білімі ең жоғары деңгейде. Көптеген алдыңғы қатарлы зерттеушілер оның артында өскелең ұрпақтың қазіргі болашағы жатыр деп санайды. STEAM аббревиатурасы: science – ғылым, technology – технология, engineering – инжиниринг, arts and mathematics – өнер және математика дегенді білдіреді. Қазіргі уақытта бұл пәндік салалар ең сұранысқа ие салалардың бірі болып табылады. STEAM технологиясы – техникалық және жаратылыстану ғылымдарын, инженерияны, математиканы және өнерді байланыстыратын оқытудағы инновациялық әдіс[6].

Steam технологиялары туралы алғаш рет АҚШ-та айтылды. Кейбір мектептер өз түлектерінің мансабын дамытуға бағытталған сауалнама жүргізді және одан әрі зерттеу жүргізді. Сонымен, олар жаратылыстану, математика, технология ғылымдары мен инженерлік өнерді топтастыруға шешім қабылдады. Осылайша, STEM – білім беру жүйесі қалыптасты. Кейінірек тағы бір бағыт қосылды – өнер (Art) және жаңа STEAM технологиялары пайда болды. Американдық мектептердің оқытушылары осы пәндер бойынша білім білім алушыларға кәсіби маман болуға көмектеседі деп сенді. Нәтижесінде оқушылар жаңа ақпарат алуға ұмтылды, өйткені олар оны дереу тәжірибеде қолдана алды.

Көптеген елдерде STEAM технологиялары білім беру ортасында өте танымал. Бұл жақын арада әлемдік қоғамдастықта инженерия саласында да, жоғары технологиялық өндірістерде де мамандардың тапшылығы орын алатындығына байланысты. Қазіргі уақытта жаратылыстану ғылымдары, технология және инженерия арасында интеграция жүріп жатыр, сондықтан осы ғылымдардың тоғысында жаңа мамандықтар пайда болады, олар танымалдылықтың шыңында болады, мысалы, био және нанотехнология саласындағы мамандар, Big Data инженерлері, бағдарламашылар. Бұл мамандықтар заманауи мамандарға

кажет жан-жақты дайындық пен білім алуға мүмкіндік береді [3].

Әдебиеттер тізімі

1. Андреев, А.А. Педагогика высшей школы: Новый курс: Учеб. пособие. - М.: МЭСИ, 2002.
2. Андреев А.А. Некоторые проблемы педагогики в современных информационно-образовательных средах // Инновации в образовании. 2004. № 6.
3. Иванова И.Н. О тенденциях развития современного образования // Инновации в образовании. – 2008. – № 3.
4. Саюк, Д.Б. Индивидуализация образования в современной школе // Научно-методический электронный журнал «Концепт». – Т. – 2017.
5. Воловик И.В. Модернизация российского образования и тенденции развития мировой системы образования // Вестник Ижевского государственного технического университета. – 2008. – № 4.
6. Иванкина Л.И. Тенденции современного образования и проблема целостного развития личности // Известия Томского политехнического университета. – 2008. – Т. 306. – № 3.

УДК 92(574)

Д.И. ДУЛАТОВА: БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМДАҒЫ ҚАЙТАЛАНБАС ІЗ

Бейсенова А. Е.

ал-Фараби атындағы ҚазҰУ 4 -курс студенті

Алматы қ., Қазақстан

alinabejsenova32@gmail.com

Аңдатпа. Бұл мақалада –Қазақстандық көркем тарихшы, ғылымды ұйымдастырушы, тарих ғылымының докторы, педагог, профессор– Д.И. Дулатованың өмірі мен тарих ғылымындағы еңбек жолы қарастырылады. Ғылым мен қоғамдық өмірде өзінің туа бітті дарынымен оқшау көзге түсіп, бойындағы бар ізгі қасиеттерін ұлтының өткенін зерделеуге бағыттаған Д.И. Дулатова тарих ғылымында жарты ғасырға жуық уақыт бойы тарих ғылымындағы жемісті еңбектерінің маңыздылығы талданады.

Түйін сөздер: Д.И. Дулатова, тарих ғылымы, ағартушы, білім, ұлттық тарих.

Аннотация: В данной статье рассматривается жизненный и творческий путь Д.И. Дулатовой – казахского искусствоведа, организатора науки, доктора исторических наук, педагога, профессора. Д.И. Дулатова, выдавшаяся врожденным талантом в науке и общественной жизни, все свои добродетели направила на изучение прошлого своего народа, значение ее плодотворных исторических работ анализируется в исторической науке на протяжении почти полувека.

Ключевые слова: Д.И. Дулатова, историческая наука, педагог, образование, отечественная история.

Abstract: In this article, the life and career path of D.I. Dulatova - Kazakh art historian, organizer of science, doctor of history, teacher, professor - is considered. D.I. Dulatova, who stood out with her innate talent in science and public life, directed all her virtues to the study of the past of her nation, the importance of her fruitful works in the science of history for almost half a century is analyzed in the science of history.

Keywords: D.I. Dulatova, science of history, educator, education, national history.

Қазақстанның көркем тарихшысы, отандық тарихнаманың көшбасында тұрған көрнекті ғалымдарының бірі Дулатова Дина Исабаевна 1931 жылы 31 қаңтарда бұрынғы Жамбыл, қазіргі Тараз қаласында қазақтың белгілі зиялы қауымының отбасында дүниеге келді. Болашақ ғалымның әкесі Нұрмамбетов Исабай соғысқа дейінгі, соғыс жылдары және соғыстан кейінгі кезеңдерде республиканың халық ағарту саласында басшылық қызметтер атқарады. 1949-1954 жылдары Мәскеудегі М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу Мемлекеттік Университетінің тарих факультетінде оқып, үздік бітіріп шығады. Университетті бітіргеннен соң, Алматы облысының Нарынқол ауданындағы орта мектепте 1955-1956 жылдары, ал 1956-1957 жылдары Алматы қаласындағы орта мектепте жоғары сынып оқушыларына тарих пәнінен сабақ береді.

1957 жылдан бастап Дина Исабаевнаның өмірі мен ғылыми-ұстаздық жолы Қазақ Ұлттық Мемлекеттік Университетінде өтеді. 1958 жылы ол тарих ғылымының докторы, профессор Е. Бекмахановтың ұйымдастыруымен ашылған "Қазақ ССР тарихы" кафедрасына лаборант болып қабылданады. Осы жылы "Қазақ ССР тарихы" мамандығы бойынша аспирантураға түседі. Тарихшы Е.Бекмахановтың ғылыми жетекшілігімен 1963 жылы "Ш.Ш.Валихановтың тарихи көзқарастары" деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын табысты қорғап шығады. 1961 жылдан бастап Дина Исабаевнаның Қазақ Ұлттық Университетіндегі оқытушылық қызметі басталады [1; 7-106].

Өткен ғасырдың екінші жартысынан бастап әр жылдарда жарық көрген ғылыми-зерттеу еңбектері, монографиялары, оқу құралдары мен өзге де шығармалары әлі күнге дейін өз құндылығын жойған жоқ. Басқасын былай қойғанда қазақтанудың қалыптасу тарихына, дамуына арналған «Историография дореволюционного Казахстана» атты монографиялық зерттеуінің өзі-ақ тарихшылық сананы дүр сілкіндіруге қызмет еткен, ғылымның дамуына түрткі болған дүние екендігі мәлім[2]. Бұл еңбек уақыт-сыншының сынақтарынан сүрінбей өтіп, өзінің өміршеңдігін дәлелдеп, бүгінде халық игілігіне қызмет етуде. Монографиялық еңбектен ғалымның көргені мен көңілге түйгендерінің мол екендігі, пайымдаулары-ның тым тереңдігі де аңғарылады. Бірінші кезекте тұлғатанумен астасып жатқан бұл монографияда жекелеген ғалымдардың еңбектері сараланып, олардың тарапынан көтерілген мәселелер ауқымы талданды да, кеңестік дәуірге дейінгі тарихнаманың жетістіктері шынайы бағасын алды. Нәтижесінде Д.И. Дулатова еңбектері мен есімі көзінің тірі кезінде-ақ республика көлемінен шығып, одақтас республикаларға кеңінен танылды. Өзінің бүкіл саналы ғұмырын тарихнаманы зерттеуге арнаған ол тарихи ілім-білімнің ғасырлар бойғы даму, қалыптасу, кемелдену кезеңдерін ашып беруге ұмтылды. Алайда ғалымның азаматтық тұлғасы, еңбектеріндегі толғамды ойлары мен жаңалықтары, сонымен қатар тарих пен тарихи география, тарихнама мен деректану секілді сан салалы, алуан арналы ғылым бағыттарында жазылған зерттеу еңбектері мен ғылыми-шығармашылық қызметі әлі күнге дейін жете зерттеліп, тиісті бағасын алмай келеді [3; 946].

Дина Исабаевна факультетінің, университеттің сан-салалы қоғамдық жұмыстарына араласып, онымен бірге өзінің негізгі ғылыми-зерттеу жұмыстарын жалғастыра береді. 1988 жылы қаңтарда Қазақ ССР тарихы кафедрасының меңгерушісі болып сайланып, тарихшы-ғалым 1989 жылы қазанда профессор атағын алады. 1993 жылдан қазірге дейін Қазақстанның ежелгі және орта ғасырлардағы тарих кафедрасының меңгерушісі болып қызмет атқарып келеді. Оның басшылығымен кафедра ғылыми жағынан жыл сайын өсу үстінде. Соңғы жылдары кафедра бірнеше жаңа пәндерді даярлап, оқу процессіне енгізеді, оның жетекшілігімен кафедрада екі докторлық, он бір кандидаттық диссертациялар даярланды. Дина Исабаевна өзінің күш-жігерін, қайратын жас тарихшылар буынын тәрбиелеуде, қалыптастыруда аямай, еңбек етіп келе жатқан аға буын өкілдерінің бірі болды. Дина Исабаевна бірнеше жылдар бойы оқу топтарында куратор, тарихи-таныстыру практикасының жетекшісі болып, теориялық білімді практикамен ұштастырып жүрді [1; 9-116].

Шынтуайттап келгенде, отандық тарихнама ғылымын өзіндік пайым-ойларымен байытып, елеулі еңбектер бере білген Д.И. Дулатова ең алдымен «шоқантанушы» аталуға

лайық. Себебі ол өткен ғасырдың 60-жылдарында-ақ алғашқылардың бірі болып Ш.Ш. Уәлихановтың мұрасына үніліп, оның еңбектерінің деректанулық сипаты мен маңызын айқындады, ғалымның ұлт тарихы мен талай тағдырындағы түбірлі мәселелердің мәнісін, теңіздей терең сырын түп-тамырынан қозғап-толғап, себеп-салдарын түбегейлі талдап-саралап сөйлейтіндігін ғылыми жұртшылыққа кеңінен паш етіп, кесек-кесек мақалалар жазды [2]. Кейіннен Шоқантануға қатысты тақырыпта көлемді (300 бетке жуық) кандидаттық диссертациясын жазып шықты [4]. Жалпы алғанда, Ш.Ш. Уәлихановтың «Заметки по истории южносибирских племен», «Киргизское родословие», «Следы шаманства у киргизов», «О кочевках киргиз», «О мусульманстве в степи» секілді көптеген еңбектері өткен ғасырда отандық тарихнамада дереккөзі ретінде кең түрде пайдаланыла бастады (еңбектерін шоқантануды толығымен қалыптастырған Ә.Х. Марғұлан жинақтап басып шығарған; оған қатысты Д.И. Дулатованың бірқатар сын-пікірлері бар).

Қазақ халқының тарихын, этнографиясы мен мәдениетін зерттеуде маңызы өте зор болып табылатын бұл еңбектердің ғылыми құндылығы жайлы аз айтылып жүрген жоқ. Десе де, Д.И. Дулатова шоқантануға қомақты үлес қоса отырып, ғалымның еңбектеріне аса ыждаһаттылықпен карады, асығыс ойлар айтудан, маңызды жайттарды айтпай кетуден өзін аулақ ұстады. Мұны 70-жылдар ортасында жазған «Шоқан тарихшы» атты монографиясынан анық көруге болады [5]. Онда «ғылымтану», «Ш. Уәлиханов», «тарих», «Түркістан», «зерттеулер», «Орта Азия» сынды көлемді тақырып-тар аясында ғалымның шығармашылық мұрасы толымды түрде өрбітілді. Мол деректемелік қорды қарастыра отырып Д.И. Дулатова өз кезегінде Шоқан Уәлихановтың қазақ тарихындағы көптеген тұлғалар туралы айтқан мәліметтеріне аса назар аударған, тарихи ойлардың мән-мағынасын түсініп, деректанулық тұрғыдан зерттей білген.

Д.И. Дулатова тарапынан тарихи көзқарастары зерделенген, байлам-тұжырымдары терең деректанулық талдаудан өткен Абай Құнанбайұлы болып табылады. Қазіргі таңда ұлттық әдебиет, тәлтума мәдениет пен философия ғылымдарының үлкен бір саласы абайтану деп есептелінеді десек, ұлы ақынның өмірі мен шығармашылығы өз кезегінде оның қоғамдық-саяси және діни-эстетикалық көзқарастары, қазақ поэзиясындағы өлең жүйесінің орны, негізгі философиялық мақсат-мұраты мен талғамы, сазгерлік үлесі, ой қуаты мен сөз жауһарлығындағы зияткерлігі секілді алуан түрлі ғылыми бағыттарға жіктеліп кете береді. «Абайтану ғылымындағы» бүгінде көкейкесті болып отырған нендей мәселелер бар деген уақытта, өз дәрежесінде айтылмай келген дүниелерге барып тірелетіні анық. Сондай өзекті мәселелердің бірі оның тарихи көзқарастары екендігін кезінде қырағылықпен аңғарған Д.И. Дулатова ақынның шығармашылық еңбектеріне толымды деректанулық талдау жасады. Оның «Исторические взгляды Абая Кунанбаева» атты ғылыми мақаласында кемел ойлы кемеңгердің тарих мәселелеріне қатысты сара ой-пікірлері сүбелі сараптамадан өтті [6]. Мақалада Абайдың тарих сүрлеуіндегі процестерге деген көзқарастары ғана емес, қоғамдық-саяси пікірлері де біршама талданып, өз дәрежесінде тиісті бағасын алды. Сайып келгенде, Абайдың көзқарастарын тарихи зердеден өткізген Д.И. Дулатова басқа да әдебиетші және қоғамтанушы мамандармен бірге абайтануға да өз ғылыми үлесін қосқаны анық дей аламыз.

Д.И. Дулатованың ғылыми ағарту саласындағы еңбегі мемлекет пен университет басшылығы тарапынан еленбей қалған жоқ. 1984 жылы 30 мамырда Қазақ ССР Жоғары Кеңесінің Президиумы Д.И. Дулатованы ұзақ жылдар бойғы сапалы мамандар даярлаудағы жемісті еңбегі үшін және сол кездегі С.М. Киров атындағы ҚазГУ-дың құрылғанына 50 жыл толуына байланысты мерекеге орай Қазақ ССР Жоғары Кеңесінің Грамотасымен марапаттайды. Университет басшылығы тарапынан Д.И. Дулатоваға әр жылдардағы ғылыми табыстары үшін алғыстар беріледі. Дулатова Д.И. тарихшылар ұжымында өте сыйлы, шыншыл, турашыл, талап қойғыш және қайырымды адам ретінде зор беделге ие болған [1].

Әдебиеттер тізімі

1. Дина Исабайқызы Дулатова: Биобиблиографиялық көрсеткіш /Құраст.: Б.Б. Кәрібаев, Г.С. Коурдакова; Жауапты ред. Е.Б. Жатқанбаев. - Алматы, 2001. 41 бет.
2. Дулатова Д.И. Историография дореволюционного Казахстана (1861-1917 гг.). Алма-Ата: Наука, 1984. 272 с.
3. Дулатова Д.И. Академические издания трудов Чокана Валиханова // Парт. жизнь Казахстана. – 1961. - №1. - С. 69-73; Дулатова Д.И. К вопросу изучения научного наследия Чокана Валиханова // Вопросы истории Казахстана: Учен. зап... КазГУ. Сер. ист. Алма-Ата, 1961. - Т. 48. Вып. 7. С. 157-168; Дулатова Д.И. Чокан Валиханов о социальном строе Казахстана в ХУІІІ в. первой половине ХІХ века / История, философия, экономика. Сб. ст. асп. и соискателей. Алма-Ата, 1962. С. 135-144; Дулатова Д.И. Чокан Валиханов как исследователь Восточного Туркестана // Вопросы истории Казахстана: Учен. зап... КазГУ. Сер. ист. Алма-Ата, 1963. Т.54. Вып. 12. – С. 88-104; Дулатова Д.И. Чокан Валиханов о присоединении Казахстана к России // Обществ. науки: История, философия, экономика: Сб. ст. асп. и соискателей. Алма-Ата, 1963. Вып. 3. – С. 257.
4. Дулатова Д.И. Исторические взгляды Чокана Чингисовича Валиханова. Дис. сахар ист. наука Алма-Ата, 1963. 295 с.
5. Дулатова Д. Шокан Казахстан, 1976. -67 с.
6. Дулатова Д.И. Историческая перспектива Абая Кунанбаевой // Вопросы истории КазГУ. Алма-Ата, 1972 год. 3. С. 162-173.

ӘОЖ 94 (574)

«АЛАШ АҒАРТУШЫЛАРЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҰСТАНЫМДАРЫ»

Муканова Д.А.,

4 курс студенті

СҚО, М.Қозыбаев ат. СҚУ

dianka.mukanova04@mail.ru

Ғылыми жетекші: **Бимаканова З.Ш.**

Петропавл., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада сауаттылықты ашудағы Алаш зиялыларының педагогикалық көзқарастары мен ұстанымдары, адал еңбек, сапалы білім және ұлттық құндылықтарға негізделген мәдениетті қалыптастырудағы пікірлері мен еңбектері, олардың заманауи қоғамдағы педагогикаға қосқан идеялары мен үлестері сипатталып, қарастырылады. Ұстаз, жазушы, көш бастаған көшбасшылардың ішінен А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, Ә. Бөкейханұлының педагогика саласындағы ұстанымдары, олардың жеке тұлғаны тәрбиелеудегі маңыздылығы сипатталады. Олардың осы кезеңдегі ғылыми жетістіктері, білім саласында және көркем әдеби тілдегі идеялары жеке шығармалары арқылы сипатталады. Сонымен қатар, осы идеялардың қазіргі ХХІ ғасырда қолданылуы және олардың әлі күнге дейінгі өзектілігі қарастырылады. Ана тіліндегі тегін білім алу жүйесінің Кеңес одағы кезеңіндегі және заманауи уақыттағы байланысы айтылады.

Түйінді сөздер: сауаттылық, Алаш, педагогика, ұлттық құндылық, идея, ана тілі, зиялылар.

Аннотация. В статье описаны и рассмотрены педагогические взгляды и позиции алашской интеллигенции в развитии грамотности, их мнения и работы по формированию культуры, основанной на честном труде, качественном образовании и национальных ценностях, их идеи и вклад в педагогику современного общества. Из числа учителей,

писателей, лидеров выделяются позиции А.Байтурсынова, М.Дулатова, М.Жумабаева, Ж.Аймаутова и А.Бокейханова в области педагогики, их значимость в воспитании личности. Их научные достижения в этот период, идеи в области образования и художественного литературного языка описаны через их личные произведения. Кроме того, рассматривается применение этих идей в XXI веке и их актуальность по сей день. Отмечены связь системы бесплатного образования на родном языке в период Советского Союза и в наше время.

Ключевые слова: грамотность, Алаш, педагогика, национальная ценность, идея, родной язык, интеллигенция.

Annotation. The article describes and considers the pedagogical views and positions of the Alash intelligentsia in the development of literacy, their opinions and work on the formation of a culture based on honest work, quality education and national values, their ideas and contributions to the pedagogy of modern society. Among the teachers, writers, and leaders, the positions of A.Baitursynov, M.Dulatov, M.Zhumabaev, J.Aimautov, and A.Bokeikhanov in the field of pedagogy and their importance in the education of personality are highlighted. Their scientific achievements during this period, ideas in the field of education and artistic literary language are described through their personal works. In addition, the application of these ideas in the XXI century and their relevance to this day are considered. The connection between the system of free education in the native language during the Soviet Union and in our time is noted.

Keywords: literacy, Alash, pedagogy, national value, idea, native language, intelligentsia.

Зерттеу жұмысының өзектілігі. Білім саласындағы реформаторлар қазақ ұлттық педагогикасының негізін қалаған ғалымдар. Олар ұлттық педагогика кітап ісінің іргетасын нығайтқан қазақтың ағартушы-зиялылары, өз заманында мектепке арналған кітаптар шығарып, балалардың оқуға деген ынтасын арттырған. Солардың ішіннен А. Байтұрсынұлының «Оқу құралы» (1912), «Тіл жөніндегі оқу құралы» (1914), «Тіл құралы» (1922), «Қазақша әліппе», «Әліпби», «Жаңа құрал», «Әдебиет танытқыш» және тағы басқа еңбектері жарық көрді. М.Дулатұлы 1909 жылы Уфада «Оян, қазақ» атты алғашқы өлеңдер жинағын, «Терме» әдеби-публицистикалық кітапты, «Есеп құралы» және «Қазақ тілінде басылған кітаптардың көрсеткіші» сияқты жұмыстарын жариялады (1926, 1927 ж. «Жаңа мектеп» журналына қосымша). М. Жұмабаев 1913 жылы «Педагогика», «Бастауыш мектепте ана тілі», «Бастауыш мектепте орыс тілін оқыту методикасы» шығармаларын жазды. Ал Ж.Аймауытовтың «Тәрбие жетекші», «Психология», «Жан жүйесі және өмір таңдау» атты ғылыми-педагогикалық еңбектері белгілі болып келеді.

Алаш зиялылары XX ғасырдың басында қазақ халқымен бірге сауатсыздықпен күресіп, білім беру жүйесін жаңартуға, еңбекқорлыққа тәрбиелеуге бағытталған маңызды қызметтер атқарған. Мысал ретінде ұлы тұлғалардың сол заманда жазып кеткен шығармалары, қазақ ұлтының қоғам өміріндегі қиындықтары туралы ақпарат беретін газет-журналдары жастардың бойына рух дарытып, білім алуға итермелеген. Қазақ орта мектептері мен университеттердің ашылуына Әлихан Бөкейхан сынды тұлғаларымыз зор үлесін қосқан, Бөкейханның сол кездегі арманы – қазақ халқың білім мен ғылымда, әдебиет пен мәдениет салаларында биік дәрежеде көру болып табылатын. Сонымен қатар, Ахмет Байтұрсынұлының «Әліппе», «Сауат ашу» кітаптары XX ғасырдың басында негізгі оқулық көзі ретінде пайдаланыла бастады. Міржақып Дулатов болса, өзінің «Оян, қазақ!» атты өлеңдер жинағын шығарып, қара халықтың оқуға деген ұмтылысын артыруға, адал қызмет атқаруға және қазақи рухын көтеруге бағыттады. Сонымен қатар, оның шығармаларында табиғаттың әсемдігі, сұлулығы жырланып, табиғатты қорғау мәселелері көтерілген.

Осы жылдары Алаштың алыптарының негізгі педагогикалық көзқарастары мен ұстанымдары ұлттық сананы оятумен, тілдің, мәдениет пен әдебиет, тәрбиенің маңыздылығын көрсетумен, сыни ойлауды дамыту және жеке тұлға ретінде дамумен сипатталады. Алайда, олар басты мақсат ретінде ана тілі мен ұлттық құндылықтарға негізделген жаңа білім беру жүйесін енгізуді көздеген болатын. Яғни, олар көптілділікті қолдағанымен, ана тілінің маңыздылығы мен құндылығын дәріптеген. Олардың сол замандағы педагогикалық

ұстанымдары мен идеялары бүгінгі күні де өзекті мәселе болып келеді.

Зерттеу мақсаты. Алаш зиялыларының педагогикалық ұстанымдары мен ғылымға әкелген жетістіктерін айта отырып, ана тілінің маңыздылығы мен қазіргі қоғамдағы қолданылуын сипаттап көрсету болып табылады.

Зерттеу міндеттері.

- тақырып бойынша ақпарат көздерін іздестіру;
- Алаш қайраткерлерінің көзқарастарына талдау жасау;
- ұлы тұлғалардың сауатсыздықты жою мақсатында жазған материалдарын қарастыру;
- қазақ тілінің Кеңес одағы кезіндегі және қазіргі замандағы қолданылуын сипаттау.

Зерттеу нысаны. Алаш зиялыларының педагогикалық ұстанымдары мен заманауи педагогика ғылымы.

Зерттеу пәні. Алаш қайраткерлерінің білім беру саласындағы идеялары мен оны қазіргі педагогика саласының негіздерімен өзара байланысын зерттеу процесі.

XX ғасырдың басында Алаш партиясының құрамына енген зиялылар қазақ халқына бостандық пен еркіндік, сондай-ақ білімді ұрпақты тәрбиелеуді мақсат еткен. Ә. Бөкейхан, М. Дулатұлы, М. Жұмабаев және А. Байтұрсынұлы сияқты тұлғалар осы ниеттерін жүзеге асыру үшін патша өкіметінің қысымына қарамастан, өз еңбектерін жариялап, білім беру ісімен белсенді айналысты. Олардың арасында Ахмет Байтұрсынұлы ерекше орын алады, ол мектепке жаңа қадам басқан балаларға арнап әліпби мен ана тілінде кітаптар жазған. Мысалы, А. Байтұрсынұлының 1912 жылы Орынборда басылып шыққан «Оқу құралы. Қазақша алифба» шығармасында әлі мектепке бармаған баланың аузынан шыққан мынадай сөздер кездеседі: «Бір күні ойынға шықтым. Әбіш кітап оқып отыр екен. Тыңдағанымда, оның кітабында жұмбақ, мақал, өлең әрі басқа да қызықты сөздер толып жатыр екен. Оқысам, мен де сондай оқыр едім деп ойға берілдім» деп жазылған[1, 7 б.].

Байтұрсынұлының педагогикалық қағидалары мен идеялары оның шығармаларында айқын көрінеді. Мысалы, «Тіл – құрал» оқулығында тілдің, әсіресе ана тілінің, ұлттың өміріндегі рөлі мен оны қолдану мәселелері қарастырылады. Сонымен қатар, қазақ тілінің фонетика, морфология секілді бөлімдеріне кеңінен назар аударылған. Ол жазу мен оның маңызы жөнінде: «Біздің заманымыз – жазу заманы: жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман. Алыстан ауызбен сөйлесуге болмайды: жазумен дүнианың бір шетіндегі адам екінші шетіндегі адаммен сөйлеседі. Сондықтан сөйлей білу қандай керек болса, жаза білудің керектігі одан да жоғары» деп атап өтті[2, 5 б.]. Байтұрсынұлы қазақ тілінің дамуына үлес қосатындығын айтып: «Қазақ тілін сақтаймыз, балаларымызды қазақша шыққан кітаптарымен оқытамыз, һәм адабиятымыз шын қазақша болсын десек, бұлардың бәрінің негізі – «Тіл – құрал» екенін ұмытпауымыз қажет» деді[1, 7 б.].

Алаш партиясының іргесін қалаушы әрі білім саласында жетекші рөл атқарған адамдардың бірі Әлихан Бөкейхан болып табылады. Ол Кеңес өкіметінің қатарында жұмыс істеуден бас тартып, өмірін қазақ халқының білім деңгейін арттыруға, мәдениет, білім және ғылым салаларында үлкен еңбек етуге арнады. Сол кезеңдегі Әлекең және оның қорғаушыларының қызметін ағылшын ғалымдары былай сипаттайды: «Около дести лет, вплоть до начало 30-х годов, члены Алашорды сохраняли почти полный контроль над образованием, прессой и издательским делом в Казахстане, следуя единственной цели придать советской Казахской культуре отчетливо национальный». Бұл пікір сол тарихи кезеңнің шындығын айқын дәлелдейді [3]. Зиялылардың алдында тұрған сол кездегі өзекті мәселе – ұлттық ерекшеліктер мен құндылықтарды негізге алып, ғылыми мәдениетке, білімге жол ашу еді.

Әлихан Бөкейхан 1894 жылы Санкт-Петербургтегі Орман институтын орман экономикасы мамандығы бойынша аяқтап, сол жылдары Омбыдағы Орман мектебінде өз мамандығы бойынша екі жыл мерзімде қызмет атқарған болатын. Осы уақытта ол «Серуен жасап зерттеу әдісі» ғылыми-педагогикалық еңбегін жарыққа шығарып, бұл оқулық мұғалімдерге әдістемелік нұсқаулық ретінде жүрген, себебі, еңбекте оқушылармен қалай байланыс орнатып, араласуға болатыны туралы жазылып кеткен еді.

«Серуен жасап зерттеу әдісі» атты еңбегінде Әлихан Бөкейхан былай дейді: «Шынайы

білім тек тәжірибе арқылы қалыптасады. Білімнің негізі – тәжірибе. Мектепте жаттап алынған білім, адам табалдырығынан аттағанда ұмытылып кетеді. Қандай керемет кітап болса да, ол адамзаттың ойы, оны біреу алғаш рет ойлап тапқан. Аң аулауда қанша тәжірибелі болсаң да, өзін қуып алған түлкі, аңшының торына түскен түлкіден басымдыққа ие болмайды» - дейді[3]. Сонымен қатар, ол өз еңбегінде табиғатпен білім саласын байланыстырып, табиғаттың әсемдігін сипаттайды.

Алаш зиялыларының идеялары қазіргі білім беру саласында көрініс табады. Бұл ұлттық, демократиялық тәрбиемен, білімнің маңыздылығымен және еңбекке баулумен байланысты. Заманауи білім берудегі Алаш зиялыларының ұстанымдары көріністеріне мысал келтірсем, олар:

- Мектеп оқулықтарында Алаш зиялыларының өмірі мен шығармашылығы туралы материалдардың болуы;
- Алашорда қозғалысына арналған тарихи-мәдени орталықтардың жұмыс істеуі;
- Алаш зиялыларының педагогикалық идеялары негізінде жасалған оқу бағдарламалары мен әдістемелік құралдардың болуы;
- Мектептерде Алаш зиялыларының туған күндеріне, ескерткіш күндеріне арналған іс-шаралардың өткізілуімен сипатталады.

Ұлы тұлғаларымыздың негізгі педагогикалық ұстанымдарының бірі – ана тілінде білім беру және болашақта қазақ тілін дамыту мен тарату болып келеді. Алайда қазіргі ХХІ ғасырды алатын болсақ, көптеген жастарымыз орыс тілінде сөйлеп, өздерінің туған қазақ тілін білмей жатады. Мектепте сабақ барысында оқушылардың өздері қазақ тілінде сабақ айтуға қиналатындары бар. Бұл дегеніміз ХХ ғасырдағы патша өкіметінің орыстандыру саясатымен сәйкес келетіндей жағдайға ұқсайды.

Чех ұстазы Я.А. Коменский барлық халықтарға өз ана тілінде білім алу қажеттілігін жеткізеді. Бұл пікірді қолдай отырып, қазақтың көрнекті қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы: «Ұлттың жеңілуі мен сақталуында ең күшті әсер ететін фактор – тіл» деген болатын[4].

Мемлекеттегі барлық азаматтарды ана тілінде біліммен қамтамасыз ету идеясы «Алаш» партиясының бағдарламасында да орын алды. Бағдарламадағы «Ғылым-білім үйрету» атты бөлімде: «Қазақ тілінде орта мектептер мен жоғары оқу орындары ашылады, бастауыш мектептерде сабақ ана тілінде жүргізіледі. Оқу ісі автономиялы түрде жүзеге асырылады, мемлекеттік органдар білім беру процесіне ықпал етпейді. Мұғалімдер мен профессорларды таңдау олардың өзара келісімі негізінде жүзеге асырылады» – деп көрсетілген[5]. Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алғаннан кейін, білім беру саласындағы атқырылған істерде, «Алаш» идеясы толық жүзеге аспаған. Әлі де қазақ мектептерінің көрсеткіші 50%-ға да жетпей отыр. Бұның себептеріне қазақ тіліндегі оқулықтардың мазмұндық сапасының нашарлығы, оқимын, білім аламын деген жастардың аз болуы, шет елге оқуға кеткендердің елге қайта оралмауы сияқты кемшіліктер қазіргі білім беруде кездеседі.

Ахмет Байтұрсынұлының «Әліппе» оқулығы, «Қазақ тілі құралы» және «Сауат ашу кітаптары» сияқты оқулықтары 1912 жылдары жарық көре бастады. Бұл оқулықтарда тек білім алу жайлы емес, сонымен қатар білім алушыларға тәрбие мен адамгершілік қасиеттерді бойларына дарыту туралы, патриоттық сезімді ояту жүйелері оқытылады. Заманауи білім саласында да осындай жүйе негізге алынады. Яғни, мұғалімнің міндеті тек біліп берумен шектелмей, тәрбиемен қатар жүреді. Ахмет Байтұрсынұлының кітаптарының қазірде қазақ тілінде аударылған нұсқалары кездеседі. Оқулықтарында әдеби және тарихи тұрғыда түйіндейтін ақпараттар бар. Мысал ретінде, тарихи тұрғысынан «Абылай хан кім?», «Ақтабан шұбырынды атауы қайдан шыққан?», «Бифас деген не?» секілді материалдар болашақ ұрпаққа осы оқиғаларды толықтай түсініп, ақпарат алуына көмектеседі. Сонымен қатар, әдебиет пен тарихты қатар оқу тәсілі, баланың бойындағы патриоттық сезімін оятып, ұлтына деген, ата-бабасына деген махаббаты артып, отан сүйгіштік қасиеті дамиды.

Алаш қайраткерлерінің ғылыми және ғылыми-танымдық еңбектері, әр түрлі салалар бойынша жазылған оқулықтары мемлекеттік тілдің ғылыми стилін қалыптастыруға үлкен үлес

қосады. Мысалы, Ә.Бөкейханның тарих, фольклор және әлеуметтану бойынша жазған ғылыми материалдары, А.Байтұрсынұлының 1912-1928/1929 жылдары аралығында жарық көрген оқулықтары мен оқу құралдары, Х.Досмұхамедұлының медицина, биология және тілтану саласындағы зерттеулері, М.Тынышпаевтың тарихи зерттеулері, М.Дулатовтың тілтану, әдебиеттану, математикамен байланысты жұмыстар, Ж.Аймауытовтың психология мен әдебиеттануға қатысты ғылыми еңбектері, М.Жұмабаевтың педагогика мен әдебиеттанудағы шығармалары, Т.Шонанұлының тілтану және әдістеме саласындағы оқу құралдары мен зерттеулері, сондай-ақ Ә.Ермеков, М.Тұрғанбаев, Е.Омарұлы, С.Асфендияров, М.Бұралқиев, Қ.Кемеңгерұлы және С.Сәдуақасовтың ғылыми жұмыстарын атасақ, барлығы да қазақ тіліндегі ғылыми терминологияның қалыптасуына айтарлықтай әсер етті [6]. Қазақ тілінде әліпби жасаумен бірге Алаш тұлғалары тіліміздің тазалығы үшін, мәдениеті үшін де күресті. Сонымен қатар, қайраткерлердің жазған еңбектеріндегі тілдің орфографиялық, орфоэпиялық нормаларының сақталуы, тілдің табиғатының біркелкі болуы мен бұзылмауы және сол секілді мәселелері өзекті болып табылады. Алаш зиялылары қалыптастырған терминология заманауи ғылым саласында өз орнын тапты.

Қорытындылай келе, Алаш зиялыларының педагогикалық мұрасы – қазақ педагогикасының алтын қоры болып табылады. Олардың идеялары бүгінгі күні де өз өзектілігін жоғалтпай, заманауи педагогика ғылымының дамуына үлкен үлес қосады. Алаш зиялыларының педагогикалық ұстанымдарын зерттеу және оны қазіргі білім беру жүйесіне енгізу арқылы біз ұлттық білім беру жүйесін жаңартуға және дамытуға үлес қоса аламыз.

«Алаш» қайраткерлерінің ана тілінде тегін білім беру жүйесі, патриотизмге тәрбиелеу, ұлттық тіл мен дінді құрметтеу, сауатсыздықты жою барысында мектептер ашуы үлкен еңбек пен жауапкершілікті, батылдықты қажет еткен. Алайда ешқандай жағдайға қарамастан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, М.Жұмабаев, Ә.Бөкейхан сынды зиялыларымыз өз дегеніне жетті.

Ұлы тұлғалардың педагогикалық ұстанымдары мен заманауи педагогика ғылымының байланысы терең және көпқырлы. Алаш қайраткерлері ХХ ғасырдың басында білім мен тәрбие мәселелерін ұлттық сананы қалыптастырудың маңызды факторы ретінде қарастырды. Олардың идеялары қазіргі заманғы педагогика ғылымында қолданылатын принциптермен үндеседі. Принциптерге ұлттық тәрбие мен ана тілі, құндылықтар мен патриотизмге тәрбиелеу, жеке тұлғаға бағытталған оқыту, инновациялық және прогрессивті әдістерді қолдану және өзін-өзі дамыту және үздіксіз білім алуды жатқызуға болады.

Алаш зиялыларының педагогикалық көзқарастары мен қазіргі заманғы педагогика ғылымы арасында тікелей байланыс бар. Олар ұсынып кеткен ұлттық тәрбие, жаңашылдық, адамгершілікке баулу идеялары қазіргі білім беру жүйесінде де маңыздылығын жоғалтпаған, тіпті одан әрі дамып, педагогикалық теория мен тәжірибеде кеңінен қолданылып келеді.

Әдебиеттер тізімі

1. «Қазақ кітабы: Алаш қайраткерлерінің кітап басу ісінің дамуына қосқан үлесі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары/жауапты редактор Г.А. Саяқбаева – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 248 б.
2. «Шығармалары – Сочинения. Он екі том. «Тіл–құрал». Қазақ және орыс тілдерінде /Ахмет Байтұрсынұлы. – Астана: «Алашорда» ҚҚ, 2022.
3. <https://ult.kz/post/alikhan-bokeykhannyn-pedagogikalyk-kozkarastary>
4. <https://e-history.kz/kz/news/show/33689>
5. https://bilimportal.kz/assets/uploads/91afb1de2c06b6bc6d71d5cb07292b00/1709052683_1.docx
6. <https://tilalemi.kz/kz/contemplation/alah-zyyalilari-jane-ult-tili.html>
7. Жұмабаев Мағжан «Педагогика: (Баланы тәрбия қылу жолдары)». — Алматы: Рауан, 1992. — 112 бет.

8. Аймауытұлы Жүсіпбек «Психология». – Алматы: «Рауан», 1995, 312 бет.
9. Наурызбай Ақбайұлы. Дулатұлы Міржақып «Оян, қазақ!». «Атамұра» баспасы, 2003.

ӘОЖ 347.3

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЗАМАТТЫҚ ЗАҢДАРЫ БОЙЫНША МҰРАГЕРДІҢ МҰРАДАН БАС ТАРТУЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕЛУІ

Жолдасбаев А.,

Студент

Лесбек Аяжан,

Аға оқытушы

Академик Ә.Қуатбеков атындағы ХДҮ,

Шымкент қ., Қазақстан

Аннотация. В данной статье рассматривается правовое регулирование отказа наследника от наследства по гражданскому законодательству РК.

Ключевое слово: наследование, судебный порядок, нотариальное действие, консульская функция, несовершеннолетний, доля наследника

Annotation. This article discusses the legal regulation of the refusal of the heir from the inheritance under the civil legislation of the Republic of Kazakhstan.

Keyword: inheritance, judicial procedure, notarial act, consular function, minor, share of the heir.

Мұрагердің мұрадан бас тартуы, басқа мұрагердің мұраны қабылдамауы немесе Азаматтық кодекстің 1045-бабында белгіленген негіздер бойынша мұрагерді мұраны қабылдаудан шеттету салдарынан мұрагерлік туындайтын басқа тұлғалар, олардың мұрагерлікке құқықтары туындаған күннен бастап алты ай ішінде мұраны қабылдауға құқылы.

1999 жылғы 1 шілдеден бастап 2007 жылғы 3 ақпан аралығындағы кезеңде ашылған мұра бойынша мұрагерлікке шақырылғаны туралы білген немесе білуге тиіс болған күннен бастап алты ай ішінде мұрадан бас тартпаған, Азаматтық кодекстің 1045-бабында көзделген негіздер бойынша мұрагер құқығынан айырылмаған мұрагер өзіне тиесілі мұраға немесе оның бөлігіне (үлесіне) құқықты мұра ашылған уақыттан бастап иеленеді және заңда белгіленген тәртіппен оны мұрагер деп тағайындау туралы өсиеттік өкімді жарамсыз деп тану салдарынан мұрагерлік құқықты жоғалтпайды.

Белгіленген тәртіппен қабылданған мұра, ол ашылған күннен бастап мұрагерге тиесілі деп танылады. Сондықтан мұра алу құқығы туралы куәлікті алу мұрагердің міндеті емес, құқығы болып табылады, көрсетілген куәліктің болмауы мұрагерлік құқықты жоғалтуға негіз бола алмайды.

Егер мұрагер Азаматтық кодекстің 1072-1-бабының 2-тармағында көрсетілген қандай да бір әрекеттерді жасап, мұраны іс жүзінде қабылдаса, бірақ нотариус қандай да бір себептермен мұра алу құқығы туралы куәлікті беруден бас тартса, онда мұрагер сотқа ерекше іс жүргізу тәртібімен нотариустың әрекеттеріне шағым келтіруге құқылы.

Мұрагер мұраны іс жүзінде қабылдаған, бірақ мұра алу құқығы туралы куәлікті алу үшін нотариусқа қажетті даусыз дәлелдемелерді келтіре алмаған және оларды өзге де жолмен алуға мүмкіндігі болмаған жағдайда мұрагер мұраны қабылдаудың заңдық фактісін белгілеу туралы арызбен сотқа жүгінуге құқылы, арыз ерекше іс жүргізу тәртібімен қаралады. Егер, бұл ретте құқық туралы дау туындаса, онда мұндай фактіні белгілеу талап қою тәртібімен

жүргізіледі.

Мұрадан бас тарту туралы арыз мұрагер мұрагерлікке шақырылғаны туралы білген немесе білуге тиіс болған күннен бастап алты ай ішінде мұра ашылған орны бойынша нотариусқа мұрагердің жеке өзі келіп беруі немесе пошта арқылы берілуі мүмкін. Арыз пошта арқылы жіберілген кезде арызға қойылған қол куәландырылуы тиіс. Нотариус, елді мекенде нотариус болмаған жағдайда нотариаттық әрекеттерді жасауға өкілетті аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімі аппаратының лауазымды тұлғасы, сондай-ақ мұрагер уақытша немесе тұрақты шетелде тұрып жатқан жағдайда Қазақстан Республикасының атынан консулдық функцияны жүзеге асыратын лауазымды тұлға қолдың түпнұсқалығын куәландыруға құқылы.

Азаматтық кодекстің 167-бабына сәйкес ресімделген сенімхатта мұрадан бас тартуға өкілеттік көрсетілген жағдайда ғана мұрагердің өкіліне сенімхат бойынша осындай арыз беруіне жол беріледі.

Жасы он төртке келмеген кәмелетке толмағандардың заңды өкілдері (олардың ата-аналары, асырап алушылары, қорғаншылары), сондай-ақ белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз деп танылған адамдардың қорғаншылары сенімхатсыз әрекет етеді. Алайда, мұрадан бас тарту үшін олар қорғаншылық және қамқоршылық органынан рұқсат алуы қажет.

Он төрттен он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар, соттың шешімімен әрекет қабілеті шектеулі деп танылған адамдар өздерінің ата-аналарының, асырап алушыларының, қамқоршыларының келісімімен мұрадан бас тартуға құқылы. Соңғылар қорғаншылық және қамқоршылық органының рұқсатымен ғана келісім бере алады.

Азаматтық кодекстің 1074-бабының 1-тармағына сәйкес, мұрагер мұраны қабылдау үшін берілген мерзім (алты ай) өткеннен кейін, сондай-ақ мұраны іс жүзінде қабылдаған кезде мұрадан бас тарту құқығын жоғалтады. Мұрадан бас тарту үшін мерзім мұрагер өзінің мұрагерлікке шақырылғаны туралы білген немесе білуге тиіс болған кезден басталады. Сот дәлелді себептер болған жағдайда мұраны қабылдаудан бас тарту мерзімін ұзартуы мүмкін, алайда бұл мерзім екі айдан аспауға тиіс.

Сот мұрагерлердің мұрагерлік мүлік туралы дауларын қараған жағдайда мұрагер сотта мұрадан бас тарту туралы өтінішін білдіре алмайды және сот оны қабылдамайды.

Мұрадан бас тартқан адам кейіннен өзінің бас тартуының күшін жоя алмайды немесе оны өзгерте алмайды. Мұрадан бас тарту ерікті түрде жасалмаған жағдайда (басқа адамдардың тарапынан мәжбүрлеу, алдау немесе жаңылыстыру және т.с.с. арқылы жасалса), мұрагер мәмілені жарамсыз деп тану үшін АҚ-де көзделген негіздер бойынша сот тәртібімен даулауға құқылы.

Егер мұрагер өсиет бойынша және заң бойынша мұрагерлікке шақырылса, онда ол осы негіздемелердің біреуі бойынша немесе екі негіздеме бойынша өзіне тиесілі мұрадан бас тартуға құқылы.

Азаматтық кодекстің 1074-бабының 8-тармағына сәйкес ескерту жасап немесе шарт қойып мұрадан бас тартуға жол берілмейді. Егер мұрагер мұраның бір бөлігінен бас тартса, онда ол барлық мұрадан бас тартты деп есептеледі. Алайда, бұл ереже Азаматтық кодекстің 1079-бабына сәйкес мұрагерге үстелу құқығы бойынша тиесілі мұрадан бас тартқан жағдайға қолданылмайды.

Мұрагерлікке шақырылған мұрагер өсиет бойынша немесе кез келген кезектегі заң бойынша мұрагерлердің қатарындағы басқа адамдардың пайдасына, оның ішінде ұсыну құқығы бойынша мұрагерлікке шақырылған адамдардың пайдасына немесе нақты адамдарды көрсетпестен мұрадан бас тартуға құқылы. Мұрагерлікке шақырылмаған ұсыну құқығы бойынша мұрагерлердің, АҚ-нің 1046-бабының 4-тармағына сәйкес өсиет қалдырушы мұрадан айырған мұрагерлердің не лайықсыз мұрагерлер деп танылған адамдардың пайдасына мұрадан бас тартуға жол берілмейді.

Егер мұрадағы міндетті үлеске құқығы бар мұрагер заңда белгіленген мерзімде өзінің міндетті үлесін алу құқығынан бас тартса, онда мүліктегі оның үлесі өсиет бойынша мұрагерлерге ауысады. Міндетті үлеске құқық мұрагердің жеке басына байланысты болады,

сондықтан міндетті үлестегі мұрадан басқа адамдардың пайдасына бас тартуға жол берілмейді.

Мұра қалдырушы барлық мүлікті өзі тағайындаған мұрагерлерге өсиет етсе, онда мұрадан қандай мұрагерлердің пайдасына бас тартқанын көрсетпеген, мұрадан бас тартқан немесе шығын қалған мұрагерге тиесілі мұра бөлігі өсиет бойынша қалған мұрагерлерге ауысады және өсиетте өзгеше көзделмегендіктен, олардың үлестеріне бара-бар бөлінеді. Шығын қалған мұрагер деп мұрадан бас тартқан не Азаматтық кодекстің 1072-2-бабында белгіленген мерзімде мұраны қабылдамаған, сондай-ақ мұраны іс жүзінде қабылдамаған және мұра қалдырушыдан бұрын қайтыс болған мұрагерді түсіну керек.

Мұрагердің Азаматтық кодекстің 1072-3-бабына сәйкес мұраны қабылдау үшін мерзімді қалпына келтіру туралы арызын қарағанда сот мерзімді қалпына келтіріп, мынадай шарттар жиынтығы болған кезде:

мұраны іс жүзінде қабылдаған дәлелдері болмаса;

мерзім дәлелді себептермен (мұрагердің науқастануы, сондай-ақ мұраны қабылдау туралы арызды беруге кедергі жасайтын мән-жайлар) өткізіп алса;

мұрагер осы мерзімді өткізіп алуының себебі жойылғаннан кейін алты ай ішінде сотқа жүгінсе мұрагерді мұраны қабылдаған деп тани алады.

Бұл ретте, мұраны қабылдау мерзімін қалпына келтіру туралы арызбен сотқа жүгінудің алты ай мерзімі Азаматтық процестік кодекстің 128-бабының тәртібімен қалпына келтірілмейтіні ескерілуі тиіс. Осы мерзімнің өтуінің басталуын анықтау мұраны қабылдау мерзімін өткізіп алу себептерінің аяқталуына байланысты болғандықтан мұраны қабылдау мерзімін қалпына келтіру және мұрагерді мұраны қабылдаған деп тану туралы арыз Азаматтық кодекстің 1072-3-бабында көрсетілген алты айлық мерзімнің өтуіне қарамастан соттың өндірісіне қабылданады.

Мұраны қабылдау үшін мерзімді өткізіп алу себептерінің дәлелділігін және мұрагерді мұраны қабылдаған деп тануды сот әрбір істің нақты мән-жайларына байланысты анықтайды.

Мұраны қабылдау үшін мерзімді қалпына келтіру және мұрагерді мұраны қабылдаған деп тану туралы арыз мұрагерлік мүліктің немесе оның негізгі бөлігінің орналасқан орны бойынша сотта талап қою бойынша іс жүргізу тәртібімен мұраны қабылдаған басқа мұрагерлердің қатысуымен қаралады. Осындай мұрагерлер болмаған жағдайда мұраның ашылған орны бойынша коммуналдық меншікті басқаруға өкілетті орган іске қатысуға тартылады, себебі иесіз қалған мүлікті алу үшін мұраны қабылдау талап етілмейді.

Арыз қанағаттандырылған жағдайда сот шешімнің қарар бөлігінде мерзімнің қалпына келтірілгендігі және мұрагердің мұраны қабылдағаны танылғандығы көрсетіледі, сондай-ақ нотариус берген мұра алу құқығы туралы куәлік бар болған кезде барлық мұрагерлердің үлесін белгілейді тіркеу органдарына мұра қалдырушының мүлкіне мұрагердің құқығын тіркеуді міндеттеп, мұра алу құқығы туралы куәлікті жарамсыз деп таниды. Қажет болған жағдайда сот Азаматтық процестік кодекстің 159 және 239-баптарына сәйкес жаңа мұрагердің мұраның оған тиесілі үлесін алу құқығын қорғау жөнінде шаралар қолдануға тиіс.

Егер мұраны бөлу туралы талап қойылса, сот Азаматтық процестік кодекстің 219-бабының екінші бөлігінің ережелерін негізге алып, қойылған талаптың мәні бойынша шешім шығаруға міндетті.

Нотариус мұра алу құқығы туралы куәлікті бермеген жағдайда арыз қанағаттандырылған кезде сот шешімнің қарар бөлігінде мерзімнің қалпына келтірілгендігі және мұрагердің мұраны қабылдағаны танылғандығы көрсетіледі. Соттың шешімі нотариустың мұра алу құқығы туралы куәлікті беруі үшін негіз болып табылады. [10, 6-7 бб]

Мұра алу құқығы туралы куәлікті мұрагерлерге нотариус немесе заңға сәйкес мұра алу құқығы туралы куәлікті беруге өкілетті лауазымды тұлға мұра ашылған күннен бастап алты ай өткеннен кейін мұраның ашылған орны бойынша береді.

Осы мерзім өткенге дейін заң бойынша және өсиет бойынша мұра алу құқығы туралы куәлік нотариустың немесе лауазымды тұлғаның мұраға қалдырылған мүлікке қатысты басқа мұрагерлердің жоқ екендігі туралы құжаттармен расталған дәйекті мәліметтері болған

жағдайда ғана берілуі мүмкін.

Табыс етілген мәліметтер күмән тудырған кезде нотариус мұра алу құқығы туралы куәлікті мерзімнен бұрын беруден бас тартуға құқылы. Бұл әрекеттер мұра ашылған күннен бастап алты ай өткеннен кейін мұра алу құқығы туралы куәлікті беруге кедергі болып табылмайды.

Азаматтық кодекстің 1044-бабына сәйкес мұра ашылған кезде көзі тірі болған, сондай-ақ мұра қалдырушының көзі тірі кезінде іште қалған және мұра ашылғаннан кейін тірі туған азаматтар өсиет және заң бойынша мұрагер бола алады.

Мұра ашылғанға дейін құрылған және мұраның ашылу уақытында болған заңды тұлғалар, сондай-ақ мемлекет өсиет бойынша мұрагер болуы мүмкін.

Заң бойынша мұрагерлер Азаматтық кодекстің 1061 - 1064 -баптарында көзделген кезектілік тәртібімен мұрагерлікке шақырылады. Заң бойынша мұрагерлердің әрбір келесі кезегі мұрагерлердің алдыңғы кезегі болмаған жағдайда мұра алу құқығын иеленеді.

Мұра қалдырушының асырауында болған еңбекке жарамсыз адамдар, егер олар мұра ашылған кезде еңбекке жарамсыз болып, мұра қалдырушы қайтыс болғанға дейін кемінде бір жыл оның асырауында болса, олар ашылған мұрадан үлестерін алуға құқылы.

Азаматтық кодекстің 1062 - 1064 -баптарында көрсетілген заң бойынша мұрагерлерге жататын еңбекке жарамсыз адамдар мұра қалдырушымен бірге тұрғандығына немесе тұрмағандығына қарамастан, мұрагерлікке шақырылған кезектегі мұрагерлермен бірге және тең мұра алады. Азаматтық кодекстің 1062 - 1064 -баптарында көрсетілген мұрагерлер тобына кірмейтін, заң бойынша мұрагерлерге жататын еңбекке жарамсыз адамдар, егер олар мұра қалдырушымен бірге тұрған болса, мұрагерлікке шақырылған кезектегі мұрагерлермен бірге және тең мұра алады.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан республикасының Конституциясы 30.08.1995 ж. (23.03.19 ж. берілген өзгерістер мен толықтырулармен).
2. Қазақстан республикасының Азаматтық кодексі. Ерекше бөлім 01.07.1999 ж.
3. Қазақстан республикасының Азаматтық кодексі. Ерекше бөлім 01.07.1999 ж. (24.04.19 ж. берілген өзгерістер мен толықтырулармен).
4. Қазақстан республикасының Азаматтық кодексі. Жалпы бөлім 27.12.1994 ж. (01.07.2019ж. берілген өзгерістер мен толықтырулармен).
5. Қазақстан Республикасының Азаматтық процесстік кодексі. 31.10.2015 ж. (01.04.2019ж. берілген өзгерістер мен толықтырулармен).
6. «Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы» Минск Конвенциясы. 22.01.1993 ж.
7. «Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы» Кишинев Конвенциясы. 07.10.2002 ж.
8. Қазақстан Республикасының «Нотариат туралы» заңы 14.07.1997ж. (21.01.19 берілген өзгерістер мен толықтыруларымен).
9. Қазақстан Республикасының халқын құжаттандыру және тіркеу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 12.06.2000 ж. № 1063 қаулысы.
10. Жайлин Ф. А. «Қазақстан Республикасының Азаматтық Құқығы, Ерекше бөлім» 2 том, Алматы, 2006 ж. - 382 б.

ЭОЖ 349.2

ЖАСТАРДЫҢ ЕҢБЕК РЕСУРСТАРЫНА КІРУ ПРОЦЕСІНЕ КЕЗДЕСЕТІН ПРОБЛЕМАЛАР-ЖҰМЫССЫЗДЫҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ СТАТИСТИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Тауекел Е. А.,

3-курс білім алушысы

Ғылыми жетекшісі: Истлеева Ж. К.,

магистр, аға оқытушы

Академик Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті

Шымкент қ, Қазақстан

Istleeva78@bk

Аннотация. Наш темп социально-экономического развития напрямую зависит от позиции молодежи в общественно – политической жизни, ее уверенности и активности в завтрашнем дне. В свою очередь, содержание воспитания и воспитательная работа молодежи должны быть направлены на формирование их мировоззрения и повышение информационно - политической культуры. Каждая казахская молодежь должна понимать, что она националистическая, и высоко ценить свою национальную честь.

Ключевые слова: экономический кризис, циклическая безработица, «с дипломом в село», «Молодежная практика», «Доступное жилье», «государственный кадровый резерв», социально-экономические реформы, банкротство.

Annotation. Our pace of socio-economic development directly depends on the position of young people in socio-political life, their confidence and activity in the future. In turn, the content of education and educational work of young people should be aimed at shaping their worldview and improving information and political culture. Every Kazakh youth should understand that they are nationalistic and value their national honor highly. Keywords: economic crisis, cyclical unemployment, "with a diploma in rural areas", "Youth practice", "Affordable housing", "state personnel reserve", socio-economic reforms, bankruptcy.

Keywords: economic crisis, cyclical unemployment, "with a diploma in rural areas", "Youth practice", "Affordable housing", "state personnel reserve", socio-economic reforms, bankruptcy.

Жұмыссыздық – елдегі еңбекке қабілетті тұрғындардың бір бөлігі өзіне пайдалы еңбекпен айналысатын кәсіп таба алмай дағдаратын элеуметтік-экономикалық құбылыс. Экономикалық әдебиеттерде кез келген қоғамдағы жұмыссыздық құбылыстары сипатына байланысты:

Құрылымдық жұмыссыздық – елдегі тұтыну тауарларына сұранымның құрылымында және өндіріс технологиясында болатын өзгерістер салдарынан пайда болатын құбылыс. Бұл жағдайда қызметкер не өзінің кәсібіне (мамандығына) сұранымның жоқтығы салдарынан, не жұмыс алу үшін жеткілікті біліктілігінің жоқтығы салдарынан жұмыссыз қалады.^[1]

Кез келген қоғамдағы экономикалық даму барысында тұтыну тауарларының сұранымы құрылымында және өндіріс технологиясында маңызды өзгерістер болады.

Бұл өзгерістер өз кезегінде жұмыс күшіне жалпы сұранымның құрылымын да өзгертеді. Осындай өзгерістерге байланысты кәсіптердің кейбір түрлері азаяды не қысқарады, ал басқа бір түрлері көбейеді. Қоғамдағы жұмыссыздықтың пайда болу себебі жұмыс күшінің осы өзгерістерге баяу ыңғайланатындығына және оның құрылымының нақты жұмыс орнына сай келмейтіндігіне байланысты болады.

Фрикциялық жұмыссыздық пен құрылымдық жұмыссыздық арасындағы елеулі ерекшелік мынада: бірінші жағдайда жұмыссыздарда еңбек нарығында ұсынуына болатын дағды, машық бар, ал екінші жағдайда олар қайта даярланбайынша, қосымша оқып біліктілігін арттырмайынша, тіпті тұрғылықты жерін ауыстырмайынша жұмыс таба алмайды.

Фрикциялық жұмыссыздық неғұрлым қысқа мерзімді сипатта болады, ал құрылымдық жұмыссыздық неғұрлым ұзақ мерзімді сипатта болады, сондықтан ол қоғамдағы неғұрлым елеулі жұмыссыздық болып табылады. Циклдік жұмыссыздық – елдегі тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге жиынтық сұранымның күрт азаюы салдарынан болатын құбылыс. Осы себептен оны кейде сұранымның тапшылығына байланысты жұмыссыздық деп те атайды.

Циклдік жұмыссыздық – кез келген қоғам үшін экономикалық және әлеуметтік дағдарыс болып саналады. Экономикалық дағдарыс (экономикалық дамудың құлдырауы, тоқырау) елдегі еңбекке қабілетті тұрғындардың елеулі бөлігінің бостан босқа уақыт өткізуіне әкеліп соғады, ал мұндай жағдай олардың біліктілігінің жоғалуына, адамгершілік қадір-қасиеттің азғындауына, әлеуметтік және саяси жанжалдарға апарып соқтырады. Жұмыссыздық – барлық қоғамда болып тұратын құбылыс.

Нарықтық экономикасы дамыған елдерде, мысалы, АҚШ-та, еңбекке қабілетті тұрғындардың жұмыспен толық қамтылуы жұмыссыздық мүлдем жоқ дегенді білдірмейді. Фрикциялық және құрылымдық жұмыссыздық болмай қоймайды деп есептеледі. Демек, елдегі тұрғындардың жұмыспен толық қамтылуы – ол елде циклдік жұмыссыздықтың жоқтығын білдіреді. Жұмыспен толық қамтылу кезіндегі жұмыссыздық деңгейі оның табиғи деңгейі болып саналады. Мұндай жағдай елдегі жұмыс күшінің рыноктары теңдестірілгенде, яғни жұмыс іздеушілердің саны бос жұмыс орындарының санына тең болғанда пайда болады. Жұмыссыздықтың табиғи деңгейі қоғамдағы оң құбылыс болып есептеледі. Өйткені “фрикциялық” жұмыссыздарға бос жұмыс орнын табу үшін әрқашан уақыт керек, “құрылымдық” жұмыссыздарға да біліктілігін жетілдіру, жаңа мамандық алу үшін немесе жұмыс табу мақсатымен басқа жерге көшу үшін уақыт керек. Егер жұмыс іздеушілердің саны бос жұмыс орнынан асып түссе, онда жұмыс күші рыногінің тең болмағаны. Екінші жағынан, жиынтық сұраным молайған жағдайда жұмыс күшінің “жетіспеушілігі” сезіледі, яғни бос жұмыс орындарының саны жұмысқа мұқтаждардың санынан асып түседі.

Қазақстанда нарықтық экономикаға өту кезеңінде бұрынғы тиімсіз кәсіпорындар мен ауыл шаруашылық мекемелерінің жұмысын уақытша тоқтатып, жабылуына, банкротқа ұшырауына, жекешелендіріліп, қайта құрылуына байланысты құрылымдық жұмыссыздық құбылысы байқалды.

Жұмыссыздықтың салдары қандай болады және ол қоғамға несімен қауіпті:

- Адам еңбегі дегеніміз капитал сияқты жинап қоюға, қордалауға келмейтін айрықша ресурс. Жоғалған жұмыс уақытын орынына келтіру мүмкін емес, сондықтан жұмыссыздық салдарынан шығарылмаған және көрсетілмеген тауар мен қызметтің орыны өтелмейді.
- Егер адам жұмысынан айырылса, сөйтіп жалақысыз қалса ол қалайда күнкөріс көзін іздейді.

Бұл жағдайда мемлекет жұмыссызға жағдай жасауды өз мобынына алады. Алайда жұмыссыздығы үшін берілетін жәрдемақы тауар шығарғаны, қызмет көрсеткені үшін берілген сыйақы бола алмайды, себебі жұмыссыз адам ешнәрсе шығармайды, демек елдің әл-ауқаты да жоғарыламайды.

• Жұмыссыздар санының көбеюі тауар мен қызметке сұранымды азайтады. Халықтың табысының азаюы сұраныстың азаюының бір себебі екендігін ілгеріде көрдік. Тауарға сұраныстың азаюы өз кезегінде өндірістің кемуіне және жұмыссыздықтың одан әрі өршуіне жол ашады, себебі өндірістің кемуі жұмыс орындарының қысқарып, жалақының кемуіне әкелетін жолдың басы. Сөйтіп қоғам өзі құрған тұзаққа өзі түседі.

• Елде жұмыссыздықты саяси жағдайдың шиленісуі өршітіп жібере алады, себебі әбден ашынған халық жұмыстың, ақшаның жоқтығы діңкелеткен адамдар үкімет өзгерсе жағдайымыз жақсара ма деген үмітпен қандай да бір ереуілге, шеруге, төңкеріске қатысуға даяр тұрады.

• Жұмыссыздық қылмыс, әсіресе жастар арасында қылмыс тамырланатын ұя, себебі күнкөріс көзін таба алмаған кісі оның басқа жолдарын, көбінесе қылмыспен пайда табу жолдарын іздестіруге көшеді.

Жұмыссыздықтың түрлері:

° Уақытша жұмыссыздық. Бұл жұмыссыздық уақытша болдады, ол адамдардың жұмыс орнын ауыстыра бергісі келгеннен туады. Алайда бір жұмыс орнынан екіншісіне көшу белгілі бір уақытты керек етеді, әсіресе жаңа жұмыс орны елдің басқа бір аймағында болса. Осы аралықта адамдар жұмыс істемейтін уақыт уақытша (фрикциялық) жұмыссыздыққа жатады.

° Құрылымдық жұмыссыздық. Жұмыссыздықтың бұл түрінің пайда болуына техникалық прогресс себепші, өйткені бұл процестің нәтижесінде кейбір мамандықтар өшіп, олардың орнына жаңа мамандықтар дүниеге келеді. Әсіресе біздің елімізде соңғы он жылда құрылымдық жұмыссыздық айқын қылаң берді. Әміршіл экономиканың нарықтық экономикаға көшу барысы бір мамандыққа сұранымның азайып, екінші мамандыққа өсуімен қатар жүрді. Мұндай жағдайда жұмыссыз қалған адамдардың жаңа жағдайға бейімделе білуі, еңбек нарығында сол сәтте сұранымға ие жаңа мамандық алуға құлшыныс таныта білуі маңызды.

° Маусымдық жұмыссыздық. Маусымдық жұмыссыздық қызметі белгілі бір маусым кезінде жүретін жекелеген салаларға тән. Бұл әсіресе қысы мен жазы климат жағдайы бойынша күрт өзгеше болып келетін елдерге қатысты.

° Циклдік жұмыссыздық. Жұмыссыздықтың бұл түрі елдегі экономикалық құлдырау кезінде бой көрсетеді.

Құлдырауға барлық дерлік тауар және қызмет көрсетулерге сатып алушылар сұранысының төмендеуі, өндірістің қысқаруы, демек жұмыс орындарының қысқарып, жұмыссыздар санының көбеюі тән болып келеді.

Кез келген қоғамдағы экономикалық даму барысында тұтыну тауарларының сұранымы құрылымында және өндіріс технологиясында маңызды өзгерістер болады. Бұл өзгерістер өз кезегінде жұмыс күшіне жалпы сұранымның құрылымын да өзгертеді. Осындай өзгерістерге байланысты кәсіптердің кейбір түрлері азаяды не қысқарады, ал басқа бір түрлері көбейеді. Қоғамдағы жұмыссыздықтың пайда болу себебі жұмыс күшінің осы өзгерістерге баяу ыңғайланатындығына және оның құрылымының нақты жұмыс орнына сай келмейтіндігіне байланысты болады. Жұмыссыздық – барлық қоғамда болып тұратын құбылыс.

Нарықтық экономикасы дамыған елдерде, мысалы, АҚШ-та, еңбекке қабілетті тұрғындардың жұмыспен толық қамтылуы жұмыссыздық мүлдем жоқ дегенді білдірмейді. Демек, елдегі тұрғындардың жұмыспен толық қамтылуы – ол елде циклдік жұмыссыздықтың жоқтығын білдіреді. Жұмыспен толық қамтылу кезіндегі жұмыссыздық деңгейі оның табиғи деңгейі болып саналады. Мұндай жағдай елдегі жұмыс күшінің рыноктары теңдестірілгенде, яғни жұмыс іздеушілердің саны бос жұмыс орындарының санына тең болғанда пайда болады. Жұмыссыздықтың табиғи деңгейі қоғамдағы оң құбылыс болып есептеледі. Егер жұмыс іздеушілердің саны бос жұмыс орнынан асып түссе, онда жұмыс күші рыногының тең болмағаны. Екінші жағынан, жиынтық сұраным молайған жағдайда жұмыс күшінің “жетіспеушілігі” сезіледі, яғни бос жұмыс орындарының саны жұмысқа мұқтаждардың санынан асып түседі.

Қазақстанда нарықтық экономикаға өту кезеңінде бұрынғы тиімсіз кәсіпорындар мен ауыл шаруашылық мекемелерінің жұмысын уақытша тоқтатып, жабылуына, банкротқа ұшырауына, жекешелендіріліп, қайта құрылуына байланысты жұмыссыздық құбылысы байқалды. 2000 жылы елдегі жұмыссыздар саны 1997 жылғы деңгеймен салыстырғанда біршама (0,2%-ке) төмендеді. Елдегі түбегейлі әлеуметтік-экономикалық реформалар барысында жаңа жұмыс орындары ашылуына, ішкі, сыртқы инвестициялар көмегімен, бірқатар өндіріс ошақтары мен ауыл шаруашылығының жандануына орай, ауылды қайта өркендетудің 3 жылдық бағдарламасына байланысты жұмыссыздық деңгейі де біртіндеп табиғи деңгейге түсе бастады. ^[1]

Қазіргі таңда біздің елімізде жұмыссыздықты жою мақсатында көптеген мәселелер қарастырылып жатыр. Елімізде жұмыссыздық мәселесі көбінесе жастардың әлеуметтік әлауқатына ерекше әсер ететін мәселелердің бірі. Себебі, Қазақстанның болашағы – жастардың қолында! Жастар – ел болашағы. Ал, болашақ бағдарсыз болмайды. Осыны жете түсінген Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан Республикасының Үкіметіне келер жылдың бірінші

жартысына дейін «Жастар саясаты» жөніндегі заңды қабылдауды тапсырған болатын. Ал биылғы жылдың басынан ҚР мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі Тұжырымдамасы қабылданды.

Жалпы бұл тұжырымдамада жастар арасында мәселелер мен проблемалардың алдын алу және оларды шешудегі нақты басым бағыттар көрсетілген. Баршамызды толғандыратын сұрақ жастардың әлеуметтік сипаттағы мәселелері, яғни ол жұмыссыздық мәселесі, тұрғын үймен қамту, жас буын арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру екендігі мәлім. Концепцияда басты назарға осы басымдықтар алынды. Нақтылап айтсам, «Дипломмен – ауылға», «Жастар тәжірибесі», «Қолжетімді баспана», «Мемлекеттік кадрлар резерві» деген бағдарламалар.^[2] Егер де жастар, яғни біз, осындай мемлекет тарапынан жасалып жатқан игі істерден қалыс қалмай, жалқауланбай, белсенділік танытсақ, әрине бізге берері өте көп. Мәселе мүлде жоқ деп айтуға келмейді, бірақ ол бірте-бірте шешілетін мәселе. Себебі, қазіргі таңда Қазақстанда жас мөлшері 14-тен 29-ға дейінгі адамдар жастар қатарына жатқызылады.

Бүгінгі таңда жастар еліміздің халқының 30% құрап, қоғамның маңызды бөлігі болып табылады. 14-29 жас аралығындағы әрбір қазақстандық жас бала өмірінің маңызды бөлігін жұмыспен қамтылу мәселесі құрайды. Жоғарыда айтылып өткендей, өздерінің жас мөлшеріне байланысты жас адамдар қандай да бір салада үлкен тәжірибеге ие болмағанымен, ірі көлемді инновациялық және шығармашылық мүмкіндіктер, сондай-ақ жемісті еңбек етуге деген айрықша құлшынысқа ие.^[3] Бұл жерден көріп отырғанымыздай, мемлекет тарапынан бізге барлық жағдай жасалынып жатыр. Қандай мықты мемлекет болмасын жастардың білімі мен оқу-ағарту ісіне көп көңіл бөледі. Келешектің іргетасын қалау үшін, ең алдымен сол елдің жастарының саналы ұрпақ болып жетілуіне күш салу керек.

Қазіргі таңда Елбасымыз дәл осы бағытта көптеген жұмыстар атқаруда. Әрбір жастың алаңсыз, білім нәрімен сусындауына барынша жағдай жасалған. Нұрлы болашақтың даңғыл жолында шабысы қатты тұлпардай жүйткіген Қазақстанның жастары текті ұлттың ұрпақтары екеніне келер күн мен атқан таң бірден-бір куәгері болмақ.

Біздің міндетіміз — білім жолына салынып, түзу жолдан таймай, санаға сәуле шашар оқу білімнің тізгінін ұстау. Және жақсы білім алып, білікті маман болу тек біздің қолымызда! Себебі, ертеңгі күні біз білікті де білімді маман иесі болып шықсақ, еліміздегі жұмыссыздықтың азаюына себепкер боламыз. Бұл – еліміз үшін үлкен мәртебе!

«Жастар-болашаққа апаратын алтын көпір», - дейді дана халқымыз. Әрбір өскелең ұрпақ жеке қабілетіне және кәсіби біліміне сай қоғамымызда өз орнын табуы қажет.

Біздің әлеуметтік-экономикалық даму жолындағы қарқынымыз, жастардың қоғамдық – саяси өмірдегі ұстанымына олардың ертеңгі күнге деген сенімі мен белсенділігіне тікелей байланысты. Ендігі кезекте тәрбие мазмұны мен жастарды тәрбиелеу ісі олардың дүниетанымын қалыптастыру және ақпараттық-саяси мәдениетін көтеруге баса көңіл аударуға тиіспіз. Әрбір қазақ жастары өздерін ұлтжандымын деп ұғынып, өн бойларында ұлттық намысын жоғары қою керек.

Еліміздің бейбітшілік аспанында қазақ жастары тәуелсіз елдің айқын мақсаттарымен жігерленіп, тек қана алға ұмтылуға жұмыс жасаймыз. Ел сенімін, үмітін ақтау-жастардың қолында.^[4]

Әдебиеттер тізімі

1. Ильичева Т. "Достижения молодых" Балама білім беру орталығының " Экономика негіздері" кітабы-2007.
2. Орысша-қазақша заңдық түсіндірме сөздік-анықтамалық. — Алматы: «Жеті жарғы» баспасы, 2008 жыл. ISBN 9965-11-274-6
3. Қазақ энциклопедиясы, Алматы, 4 том, 2005ж
4. Биекенов К., Садырова М. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. — Алматы: 5.Сөздік-Словарь, 2007. — 344 бет. ISBN 9965-822-10-7
6. <http://www.paydesk.co>

УДК 504.5:556.1(574.53)

ОЙЫЛ ӨЗЕНІНІҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ СУДЫ ТҰТЫНУДЫ АЗАЙТУ ШАРАЛАРЫ

Темірханов Н.,

Бакалавриат, 1 курс, Қоғамдық денсаулық

Ғылыми жетекшісі: Аға оқытушы, Сатыбалдина М.Б.,

«Медицина негіздері» кафедрасы

«Астана медицина университеті» КеАҚ,

Астана қ., Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада климаттық және антропогендік жағдайлардың өзгерісі әсерінен туындаған Ойыл өзені алабы ағындысының тартылу себептері қарастырылған. Зерттеу алабының сипаттамаларын бағалау үшін құрғақшылықты бағалау үшін топырақтағы ылғал қорын, топырақтың ылғал ұстау мүмкіндігі, ылғалдылық коэффициенті және жаздық бидайдың өнімділік үлесі қарастырылған. ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің «Қазгидромет» РМК шаруашылық қызмет пен климаттың өзгеруі жағдайында Жем және Ойыл өзендері ағынының өзгеруіне талдау берілген есебі есепке алынған.

Осылайша, шаруашылық қызметке климаттық факторлардың өзгеруін енгізу нәтижесінде шартты-табиғи кезеңмен салыстырғанда Жем өзеніндегі ағынның орташа жылдық көлемі 201 млн.м³ (58% - ға), Ойыл өзені бойынша-233 млн. м³ (25% - ға) дейін төмендегені анықталды.

Кілт сөздер: құрғақшылық, топырақтың ылғал қоры, климаттың өзгеруі, базалық кезең, құрғақшылық жиілігі, өзен ағындысы.

Ғылыми зерттеу жұмысының өзектілігі: Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «География және су қауіпсіздігі институты» АҚ басқарма төрағасы Ахметқали Медеуді қабылдап, еліміздегі су бассейндерінің қазіргі жағдайын толық зерттеп, дәйекті қорытынды жасауға тапсырма берілген.

Осы мәселе ірі өзен - көлдеріміздің су құрамы мен сапасын, ондағы өсімдіктер мен жануарлар дүниесін терең талдаумен қатар, шөлді аймақтың тіршілігіне жан бітіріп отырған дала өзендерінің жағдайын да дәйекті түрде зерделеу қажеттігін күн тәртібіне қойды. Сол себепті су ресурстарын басқару, құрғақшылықты болжау, климаттық қауіп-қатерді бағалау, геологиялық мониторинг және жер беті мен атмосфера туралы ақпарат қазіргі кезек күттірмес мәселелердің бірі.

Соңғы жылдары еліміздің көптеген далалық өзендерінің су деңгейі күрт төмендеп, арналарының жылдан жылға құрғап бара жатқаны табиғат жанашырларының ерекше алаңдаушылығын туғызып отыр. Бұл ғасырлар бойы дала өзендерінің жағасында тіршілік кешкен ауыл адамдарының тұрмысына да жағымсыз әсер етіп отыр. Әсіресе, өр суының тасымауы ауданда ауыл шаруашылығының дамуына да, ауыз сумен халықты қамтамсыз етуге де үлкен әсер етуде. Темір, Ойыл аудандарына және Атырау облысы, Қызылқоға ауданына қарасты елді мекендердің халқы, 4 түлік малы, жануарлар, жәндіктер, балықтар қуаңшылықтан туындайтын іш ауруларына, паразиттік ауруларға, тері ауруларына т. б. жұқпалы инфекциялық ауруларға шалдығу қаупі жоғары. Сондықтан аталған елді мекенді экологтар, гидрологтар, дәрігерлер, обаға қарсы бекеттердің мамандары, ветеринарлар, жауапты мамандары бірігіп алдын алу шараларын қолға алулары қажет. Оған дәлел, Ойыл өзенінің сағасынан жалпы салмағы 270 келі өлі балықтың табылуы экологиялық апаттың алдымызда шешуі қиын мәселе екенін айдан анық.

ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің «Қазгидромет» РМК шаруашылық қызмет пен климаттың өзгеруі жағдайында Жем және Ойыл өзендері ағынының өзгеруіне талдау жүргізіп, мынадай қорытындыға келді: шаруашылық қызметке климаттық

факторлардың өзгеруін енгізу нәтижесінде шартты-табиғи кезеңмен салыстырғанда Жем өзеніндегі ағынның орташа жылдық көлемі 201 млн.м³ (58% - ға), Ойыл өзені бойынша-233 млн. м³ (25% - ға) дейін төмендеді.

Бүгінгі күні шағын өзендер ағынының азаю себептерін анықтауды ары қарай зерттеу және олардың экожүйесін сақтау үшін ұсыныстар әзірлеу маңызды міндеттердің бірі болып табылады [7].

Ғылыми зерттеу жұмысының мақсаты: Ойыл өзенінің экологиялық жағдайын зерттеп, антропогендік фактордың әсерін анықтау.

Ғылыми зерттеу жұмысының міндеттері:

- Темір өлкесін іргелілей ағатын Ойыл өзенінің экологиялық жағдайына сипаттама беру;
- Ғылыми зерттеу жұмысы бойынша Ойыл өзенінің тартылуына тек табиғаттың жағдайын ғана емес, антропогендік фактордың әсеріне зерттеу жүргізіп, талдау, қорытынды жасау.

Зерттеу әдістері:

- жұмыс тақырыбы бойынша әдебиеттерді талдау әдісі;
- тұжырымдау, нақтылау әдісі;

Ғылыми зерттеу жұмысының гипотезасы:

Зерттеу тақырыбымыздың атауы – Ойыл өзенінің экологиялық жағдайы болғандықтан тарихына үңілсек. Ойыл өзені - Каспий теңізі алабына жататын өзен. Ұзындығы 800 шақырым. Бастауын Жем үстіртінен алады. Географиялық орны: Ақтөбе, Атырау және Батыс Қазақстан облыстары жерімен ағады. Орыс тілінде бұрмаланып Уил (Ойыл) деп жазылған. Ал В.Радловтың сөздігі бойынша түрік тілінде «Ойул» сөзі «өзен суы шайып кеткен жер» мағынасында қолданылса, моңғол тілінде «Уйл» тұлғасы біздің тіліміздегі «иірім» ұғымын береді. Екеуі де мағына жағынан әрі дыбыстық құрамы тұрғысынан өзен сипатына сай келіп тұр. Сондықтан да «Уйл» сөзі бергін келе қазақ тілінде «Ойыл» түріне дейін өзгеріп, алғашқы мағынасы — «иірім» деген тұжырым жасауға болады.

Өзен бастауын Мұғаджар тауларының оңтүстік етегінен (Оралдың оңтүстік кешені) алады. Ол батыс-оңтүстік-батыс бағытында азды-көпті тең жағалаулармен, содан кейін абсолютті тегіс жағалармен ағады. Оң жағасы төмен, сол жағы жоғары. Төменгі ағысында ол көптеген тармақтарға және құмырсқалы көлдерге бөлінеді, оның соңы тұзды батпақтармен аяқталады - құрғақ кезеңде немесе Каспий маңы ойпатындағы Ақтөбе көліне құяды. Ойыл өзенінің жалпы ұзындығы 800 шақырым. Жоғарғы және орта бөлігіндегі аңғары терең сай-жырамен тілімденген, төменгі бөлігі белесті жазықпен ағады. Негізгі арнасының ені 20 – 40 метр болған. Ірі салалары Ащыойыл, Кенжалы, Қайыңды, Қиыл. Жайылмасы – Ақтөбе, Атырау облыстары шаруашылықтарының шабындығы. Ойыл өзенінің суымен егін, баубақша, мал суарылады. Өзен бойына Миялы, Көптоғай, Қаратал, Ойыл, Добров, Қаракемер, Ақшатау, Шикұдық, Саралжын, Көсембай, Аманкелді, Қайыңды, Бабатай, Сарытоғай т.б. елді мекендер орналасқан. Бір заманда қар қалың жауып, ылғал мол болған жылдары Ойыл жазғытұрым тасып, Атырау теңізіне де құйған. Сол заманда ағысқа қарсы жүзген қызылбалық Ойыл өзеніне жеткен.

Кезінде Ойыл өзені бұлақтардан бастау алып, су деңгейін жоғалтпайтын, көктемде қар-жаңбырдың суымен толығып, сең көтеріліп, су тасығанда жаңарып тұратын, жер асты, жауын-шашын суымен толығытын өзен болып саналған. Қазіргі ахуалы өзеннің суы жылдан-жылға тартылып, кеуіп балықтары қырылып, экологиялық апаттық жағдайда тұр. Ойыл өзенінің сағасынан жалпы салмағы 270 келі өлі балықтың табылуы экологиялық апаттың алдымызда шешуі қиын мәселе екенін айдан анық. Бір анығы, үлкен экологиялық мәселеге айналғалы тұр. Ойыл өзенінің қазіргі жағдайы болашақта ауызсу тапшылығына, артынша қоршаған ортаның бұзылуына әкеліп соқтыруы мүмкін. Өзен осылай тарылып, кеуіп кетсе 800 шықырым Ойыл өзеннің бойы шөл далаға айналуы мүмкін деген қауіп бар.

Құрғақшылықты мониторинг, болжау, оның салдарын жұмсарту шаралары:

2023 жылғы 14 наурызда Астана қаласында Қазақстан Республикасындағы БҰҰДБ-мен бірлескен жоба шеңберінде Төтенше жағдайлар және дүлей зілзалалар қаупін азайту орталығы Қазақстан Республикасында ұлттық және жергілікті деңгейлерде құрғақшылықты мониторинг, болжау, оның салдарын жұмсарту және оған ден қою жөніндегі дағдыларды пысықтау бойынша алдын алу шаралары ұйымдастырылды.

Жапония мемлекеті «Климаттық уәде: уәдеден әрекетке» жаһандық бастамасын іске асырудың келесі кезеңіндегі БҰҰДБ-ның ең ірі серіктесі болып саналады. Жапония үкіметі Қазақстанға ұлттық климаттық міндеттемелерді орындау үшін қаражат бөлді. БҰҰДБ-ның «Климаттық уәде» бағдарламасы ең ірі жаһандық ұсыныс. Бұл климаттық міндеттемелерді арттыру және Париж келісімін жүзеге асыру үшін әлемдегі ең ірі қолдау ұсынысы.

Құрғақшылық әдетте құрғақ ауа-райының ауытқуынан кейін болады және ол біртіндеп өсімдіктердің өсуіне, сумен жабдықтауға және экономикаға әсер етеді. Құрғақшылықтың пайда болуы тек метрологиялық процестермен ғана емес, сонымен қатар гидрологиялық процестермен немесе тіпті адам әрекетімен де байланысты. Құрғақшылық жай ғана физикалық құбылыс емес, сондықтан, оны концептуалды түрде де, операциялық тұрғыдан да анықтауға болады. Тұжырымдама бойынша, құрғақшылық - адамдарға апат туралы хабар беретін жалпы термин.

Бұл құрғақшылық сипаттамаларын талдау үшін сағаттық, тәуліктік және айлық жауын-шашын, жер бетінің температурасы және булану, жел жылдамдығы сияқты гидрологиялық айнымалылар сияқты метеорологиялық компоненттер қажет [3].

Қазақстандағы құрғақшылықты бағалау үшін топырақтағы ылғал қорын, **топырақтың ылғал ұстау мүмкіндігі, ылғалдылық коэффициенті және жаздық бидайдың қнім беру үлесі** қарастылады. Ылғал қоры туралы мәліметтерге сүйене отырып, құрғақшылықты және жаздық бидайдың шығымын бағалаймыз [2].

1.1-кесте – 1966-2016 жылдар аралығындағы құрғақшылықтың жиілігі. (%)

Қайталануы, %			Ықтималдылық, 1 ретжылда		
құрғақшылық	орташа құрғақшылық	Қатты құрғақшылық	құрғақшылық	орташа құрғақшылық	Қатты құрғақшылық
32	14	18	3	7	6

Осылайша, Ақтөбе облысында құрғақшылықтың жиілігі 32% құрайды, құрғақшылықтың 3 жылда бір рет болатын ықтималдығы бар. Қатты құрғақшылықтың жиілігі өнімнің немесе егіннің сапасына 50% төмендейді. Айта кету керек, бұл бағалау облыстың солтүстік жартысы үшін жарамды, жаздық бидай өсірілетін жерде.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорытындылай келе, Су - өсімдіктер, жануарлар немесе адамдар болсын, барлық тірі ағзалардың өмірлік процестерін қолдау үшін планетамыздағы ең маңызды ресурстардың бірі. Өндіріс саласының дамуымен қатар су технологиялық процестерге де қолданыла бастады. Судың қорын ысырапсыз қолдану құрғақшылыққа әкеледі.

Құрғақшылық күрделі жаһандық проблемаға айналды және адамның климаттың өзгеруіне және шөлейттенуге әсер етуіне байланысты барған сайын ұзарып барады. Құрғақшылық барлық елдерге, олардың азық-түлік қауіпсіздігіне және әлеуметтік-экономикалық дамуына қауіп төндіреді. Ғалымдардың болжамдары көңіл көншітпейді: 2050 жылға қарай планета халқының шамамен 75% құрғақшылықтан зардап шегеді.

Ойыл өзенінің қазіргі таңдағы экологиялық апаттық жағдайы бізді алаңдатады.

Ақтөбедегі Қызылбұлақтан бастау алып Атыраудағы Тайсойған құмына барып сіңетін алып өзен бүгінде бөлініп-бөлініп, бірнеше шағын көлшіктерге айнарудың аз-ақ алдында тұр. Қолда барда алтында бағаламаса табиғи байлықтарымыз бен үлкен өзеннен жұрнағы да қалмайтын сыңайлы.

60-тан астам ірі және ұсақ өзендер келіп құятын Ойыл өзенінің арнасы құрғап, жерасты суы тартылып, тұщы су ашып барады. Ойыл өзені бассейнінде заңсыз бөгеттер көбейгені адами фактордың ықпалы табиғи фактордан да басым түсіп отырғанын көрсетеді.

Судың ластануын азайту шараларының қатарына мыналар ұсынамыз:

- Ақтөбе облысының Мұғалжар, Темір және Қобда өңірін экологиялық қауіпсіздігі болып табылатын су ресурстарына тікелей әсер ететін стратегиялық маңызды аймақ деп жариялау;
- Ойыл өзенінің бойында орналасқан заңсыз бөгеттерді тез арада бұзу;
- Бұлақ көздерін еріктілер арқылы тазартуды ұйымдастыру;
- Ойыл өзені мәселесін ғылыми тұрғыда зерделеу, зерттеу;
- Ойыл өзенінің суының құрамын, сапасын тексеру.
- қазіргі заманғы қалдықсыз технологияларды қолдану арқылы кәсіпорындардың шығарындыларын азайту;
- ағынды суларды тазарту және қалдықтарды қайта өңдеу;
- тұрмыстық деңгейде қалдықтарды шығаруды жою.

Суды тұтынуды азайту шаралары:

- сусыз технологияларды пайдалану;
- кәсіпорындарды циклдік сумен жабдықтау жүйелері (Өзен аңғарына жақын орналасқан жеке қожалықтарды өзеннен бір-неше шақырымға кейін орналастыру; Ойыл өзені қалпына келгенше суармалы егіншілікті және баубақшаны тоқтатуын қадағалау)

Алдын алу шаралары:

- жасанды су қоймаларын салу;
- пайдаланылған су ресурстарының есебін жүргізу.

Әдебиеттер тізімі

1. Динамика горной криосферы Балкаш Алакольского бассейна. - Алматы, 2017. ISBN Северский И.В. Динамика горной криосферы Балкаш-Алакольского бассейна. - 109 с
2. Агроклиматические ресурсы Актюбинской области: научно-прикладной справочник / Под ред. С.С. Байшоланова - Астана, 2017. - 136 с.
3. Мұхтарова Н. Жерді қашықтан зондтау деректері негізінде топырақты агроэкологиялық бағалау. 62 бет
4. Загидуллина А. Р. , Смагулов Ж.Ж, Биримбаева Л.М. , Сайлаубек А.М. Тенденции многолетних изменений стока основных рек, формирующихся в Жайык –кайспийском водохозяйственном бассейне. География и водные ресурсы, № 2, 2024, 15-26 стр.
5. Ж50 Жер-су атауларының анықтамалығы. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009.- 568 бет
6. Р.Ә. Жұбаныш «Киелі мекен Кеңесту» – Ақтөбе: «Хабар-Сервис» баспасы, 2018 жыл.
7. <https://www.gov.kz/memleket/entities/ecogeo/press/news/details/154783?lang=kk>

УДК 37.01:54

ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ МАҚҰЛДАҒАН ХИМИЯЛЫҚ ЗЕРТХАНАЛАРДЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКТЕПТЕРДЕ БОЛУЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

*Шафих.Т.,
Алдамуратова.М.,
ТуПП-24-1к студенттері,
Ғылыми жетекшісі: Сисенбаева.А.С.,
педагогика ғылымының кандидаты,
қауымдастырылған профессор, МИТУ
Алматы қ., Қазақстан*

Аннотация. Бұл мақалада химия біздің ұлттық экономикамызды трансформациялаудың негізгі негіздерінің бірі ретінде танылғаны және оған тиісті назар аударылуы қажет екені көрсетілген. Осы зерттеуде мектептердің екінші деңгейіндегі химия пәні бойынша соңғы уақытта тіркелген төмен нәтижелердің алыстан келген себептерін анықтау мақсатында талпыныс жасалған. Осы мақсатта деректер екі мектепті салыстыру арқылы жиналды: Модель мектебі, Хайдарабад (Эльса Қазі кампусы) және Мехран мемлекеттік орта мектебі, Джамшоро. Студенттер мен химия пәнінің мұғалімдерінен алынған деректер негізінде зерттелген айнымалылардың нәтижелері бойынша зертхана құрал-жабдықтары мен химиялық заттардың дұрыс болмауы көрсетілген. Зерттеу сипаттамалық әдіспен жүргізілді, бұл сандық тәсіл мен бақылау техникасын қамтиды. Бұл барлық факторлар студенттер мен мұғалімдердің химия пәніндегі жауаптарынан үлкен әсер алғанын көрсетеді. Зертханалық тәжірибелер орталық ғылым білімін дамыту мақсаттарын қолдау үшін сақталып келген, оған студенттердің ғылым (химия) ұғымдарын және оның қолданбаларын түсінуді арттыру, ғылыми практикалық дағдылар мен проблемаларды шешу қабілеттерін дамыту, ғылыми ойлау дағдыларын қалыптастыру, ғылым мен ғалымдардың жұмысын түсіну, қызығушылық пен ынталандыру кіреді. Химия оқуын тиімді жоспарлау және студенттердің оқу қабілеттерін арттыру қажет.

Кілт сөздер: Жоғары оқу орындары, сандық тәсіл, химиялық зертханалар.

Кіріспе. Ғылым білім беру - бұл ғылым мазмұнын және процесін ғылыми қоғамдастықтың бөлігі болып саналмайтын адамдарға жеткізу саласы. Оқушылар балалар, колледж студенттері немесе жалпы жұртшылық болуы мүмкін; ғылым білім беру саласы ғылым мазмұны мен ғылым процесін (ғылыми әдіс) қамтиды. Химия - химиялық заттар мен элементтерді, олардың әсерлері мен қасиеттерін зерттейтін ғылым. Химия пәнін оқитын студенттер периодтық жүйені үйренеді. Ғылым білім беру саласы "химия өзекті контексте оқытылуы керек, бұл қазіргі тұрақтылық мәселелерін толық түсінуді қамтамасыз етеді" деп атап көрсетеді. Бұл дереккөз бойынша, химия пәні мектепте өте маңызды пән болып табылады, себебі ол студенттерге әлемдегі мәселелерді түсінуге үйретеді. Балалар өздерін қоршаған әлемге қызығушылық танытатындықтан, химия мұғалімдері осы қызығушылықты тарта отырып, оқушыларды әрі қарай оқытуға мүмкіндік алады. Химия пәні негізінен тәжірибеге бағытталған пән болып табылады, сондықтан дәріс уақытының көп бөлігі жұмыс істеп немесе эксперименттер жүргізуге жұмсалады. Сонымен қатар, зертханалық оқыту мен жүргізілетін эксперименттер балаларда терең түсінік қалыптастыруға көмектесетіні де айтылған. Сонымен қатар, мектептердегі ғылыми зертханалар мен жабдықтар мұғалімдерге де, студенттерге де оқыту мен үйренуді жеңілдететіні анықталған. [Есеп: 12 қаңтар, 2015]: Зертханалық жұмыс студенттердің ғылымды және ғылыми зерттеулерді оқудағы маңызды элемент ретінде қарастырылады. Студенттер зертханалық тәжірибеден не үйренуді маңызды деп санайтыны, көп жағдайда мұғалімнің мақсаттарына байланысты. Біз зертханалық жұмыс кезінде бір мұғалімнің мақсаттары қандай дәрежеде орындалғанын және мұғалім-студент, студент-

студент арасындағы өзара әрекеттестіктер зертханалық тәжірибеден алынған оқу тәжірибелерін дамытуға қалай ықпал ететінін зерттедік. Зертханалық жұмыста мұғалімнің студенттермен қарым-қатынасы студенттерге не үйрену маңызды екенін түсінуге әсер етеді. Бұл жағдайда зертханалық жұмыс барысында мұғалім студенттерге бақылау жасауға және олардың бақылауларын түсіндірмелерінде қолдануға көмектесті. Зертханалық жұмыс тек мұғалімнің айтқандарынан тыс оқыту тәжірибелерін қамтыды, және мұғалімнің ниеттері ішінара орындалды. Мұғалімнің айтқандары ғана емес, мұғалімнің әрекеттері де студенттерге зертханалық жұмыстан не үйрену керектігін түсінуге көмектесу үшін маңызды. Оқыту - бұл адамдардың қажеттіліктері, тәжірибелері мен сезімдеріне көңіл бөлу және оларды белгілі бір нәрселерді үйренуге көмектесетін арнайы араласулар жасау процесі. Араласулар жиі сұрақ қою түрінде жүзеге асырылады.

Табиғи ғылымдарды оқыту және үйрету өте маңызды сала болып табылады. Химия зертханалық жұмысы студенттердің ғылымды және ғылыми зерттеулерді оқудағы маңызды элемент ретінде қарастырылады. Студенттер зертханалық тәжірибеден не үйренуді маңызды деп санайтыны, көбіне мұғалімнің мақсаттарына байланысты. Біз зертханалық жұмыс кезінде бір мұғалімнің мақсаттары қандай дәрежеде орындалғанын және мұғалім-студент, студент-студент арасындағы өзара әрекеттестіктер зертханалық тәжірибеден алынған оқу тәжірибелерін дамытуға қалай ықпал ететінін зерттедік. Зертханалық жұмыста мұғалім студенттерге бақылау жасауға және олардың бақылауларын түсіндірмелерінде қолдануға көмектесті. Зертханалық жұмыс тек мұғалімнің айтқандарынан тыс оқыту тәжірибелерін қамтыды, және мұғалімнің ниеттері ішінара орындалды. Мұғалімнің айтқандары ғана емес, мұғалімнің әрекеттері де студенттерге зертханалық жұмыстан не үйрену керектігін түсінуге көмектесу үшін маңызды. Мұғалімдер мен мектептердің зертханалық тәжірибе оқыту мақсаттарын алға жылжыту қабілеті зертханалық жабдықтар мен жабдықтардың жағдайына және мектептердің ұйымдастырылуына байланысты. Әр түрлі материалдық элементтің көптеген аспектілерін тікелей бақылау және манипуляция жасау үшін мұғалім демонстрациялары, студенттер зертханалық әрекеттері, студенттер арасындағы талқылау сияқты кеңістіктерді қамтамасыз ету қажет. Химия оқытуының маңызы тиімді оқыту мен ғылымды үйретуде үздіксіз демонстрациялар мен түсіндірудің маңыздылығын білдіреді. Жақсы мектептер оқушылардың әрбір ұғымды мұқият түсінуін қамтамасыз ету үшін сыныптағы оқытуды зертханалық эксперименттермен біріктіреді.

Зерттеудің маңызды бөлігі - әдістеме, ол зерттеу мәселелерін жүйелі түрде шешуге көмектеседі. Бұл мақаланың зерттеу дизайны келесі элементтерден тұрады: деректерді жинау құралдары мен әдістері, іріктеу және іріктеу процедурасы, деректерді талдау үшін қолданылған әдістер мен тәсілдер. Бұл зерттеу дизайндары мақсаттарды жүзеге асыру үшін талқыланды. Зерттеу жұмысында әртүрлі әдістер қолданылуы мүмкін, бірақ бұл зерттеу сандық зерттеу әдісін қолдану арқылы жүзеге асырылды, себебі бұл әдіс кеңінен қолданылатын әдіс болып табылады.

Зерттеу тәсілдері - бұл зерттеу үшін жоспарлар мен процедуралар, олар кең ауқымды болжамдардан бастап деректерді жинау, талдау және түсіндірудің нақты әдістеріне дейінгі қадамдарды қамтиды. Бұл жоспар бірнеше шешімдерді қамтиды, және оларды маған түсінікті ретпен немесе осында баяндалған тәртіпте қабылдаудың қажеті жоқ. Жалпы шешім зерттеу тақырыбын зерттеу үшін қай тәсілді қолдану керектігін анықтайды. Бұл шешімді қабылдауда зерттеушінің зерттеу процесіне қатысатын философиялық болжамдары, зерттеу әдістері (зерттеу дизайны деп аталады), деректерді жинау, талдау және түсіндіру үшін нақты зерттеу әдістері маңызды рөл атқарады. Зерттеу тәсілін таңдау зерттеу мәселесінің немесе қарастырылып отырған мәселелердің сипатына, зерттеушінің жеке тәжірибесіне және зерттеу аудиториясына негізделеді. Осылайша, бұл кітапта зерттеу тәсілдері, зерттеу дизайны және зерттеу әдістері - зерттеуге қатысты ақпаратты кең ауқымды құрылымдардан бастап әдістердің нақты процедураларына дейін ретімен ұсынатын үш негізгі термин болып табылады.

Сандық зерттеу әдісі - бұл сынақ процедураларын пайдалану, нәтижелері сандық түрде көрсетілуі мүмкін, зерттеушіге болашақ оқиғалар немесе сандарды өлшеуге мүмкіндік беретін

ғылыми бақылауды қамтиды. Сандық әдіс проблеманы сандық деректерді генерациялау немесе статистикаға айналдыру арқылы өлшеуге арналған. Сандық деректер сапалық әдіспен салыстырғанда құрылымдық тұрғыдан көбірек болады. Сандық деректерді жинау әдістеріне сауалнамалардың әр түрлі түрлері, бетпе-бет сұхбаттар, телефон арқылы сұхбаттар, жүйелі бақылаулар жатады [Susan E. Wyse, 2011]. Осы зерттеу жұмысының мақсаттары сандық әдіс арқылы тексерілуі мүмкін. Деректерді жинау үшін сауалнама қолданылғандықтан, мұқият талдау қажет, ол SPSS (Әлеуметтік Ғылымдар үшін Статистикалық Пакет) арқылы химия зертханаларының мүмкіндіктерін және оқу процесінің тиімділігін талдау үшін жүргізілуі мүмкін. Сандық зерттеу шын мәнінде нақты құбылысты түсіндіру үшін сандық деректер жинауға бағытталғандықтан, нақты сұрақтар сандық әдістерді пайдалану арқылы жауап алуға сәйкес келеді.

Бұл бөлімде деректердің талдануы мен алынған нәтижелер баяндалып, олар егжей-тегжейлі талқыланады. Бұл жинақталған деректерді оңай түсіну үшін қысқартудың әдісі болып табылады; бұл зерттеуші деректер мен нәтижелерді талдау арқылы нақты нәтижелер мен мақсаттарға жеткен кезде зерттеу процесінің бір бөлігі. Бұл өте маңызды және негізгі бөлім, ол арқылы зерттеуші нәтижелер, қорытындылар мен ұсыныстар жасайды. Зерттеу жұмысында басты назар деректерді талдаудың қалай жүргізілгеніне бағытталған. Әр түрлі деректер мен оларға қатысты әдіс-тәсілдер және деректерден алынған қорытындылар осы тарауда дұрыс құжатталуы керек. Кәсіби маман үшін деректерді талдай білу дағдысы өте маңызды. Деректер, олар шикі түрінде жиналған кезде, ешқандай өңдеусіз, өте аз мән мен пайдалылыққа ие болады. Деректерді талдау тәжірибесінде шикі деректер осылайша басқарылып, реттеледі, нәтижесінде одан пайдалы ақпарат алынады. Бұл зерттеу жұмысында деректерді талдаудың екі түрлі көзқарасы қарастырылады: екінші реттік деректерді талдау және бастапқы деректерді талдау.

Екінші реттік деректер зерттеу жұмысы үшін әдебиет жинақтау мақсатында пайдаланылады. Екінші реттік деректер зерттеу жұмысының қорытындылары үшін жоғары дәлдікте тексерілмейді және сенімді емес, сондықтан зерттеудің қорытындысын жасау үшін бастапқы деректерді талдау жүргізіледі.

Қорытынды. Бұл зерттеу нәтижелері мен талдаулары негізінде бірнеше қорытынды мен ұсыныстар жасалды. Мектептерінде соңғы үлгідегі жабдықтар мұғалімдердің жұмысын орындауына сенімді құрал болып табылады, бірақ денсаулық сақтау құралдары жеткіліксіз. Бірінші көмек көрсету құралдары да жоқ. Студенттер практикалық жұмыстардың нәтижесіне көп жағдайда қанағаттанбайды. Мұғалімдер де практикалық жұмыстарды орындау барысында химиялық заттар мен құрал-жабдықтардың жоқтығына байланысты қиындықтарға тап болады.

Мектептері үшін мынадай ұсыныстар мен кеңестер қажет:

Орта мектеп деңгейінде химия зертханаларының қажеттілігі туралы нақты ұсыныстар жасау қажет.

1. Мектеп басшылығы соңғы үлгідегі жабдықтардың қолжетімділігін қамтамасыз етуі керек.
2. Мектеп зертханаларының тұрақты тексерісі мен бақылауын ұйымдастыру керек.
3. Химиялық заттар зертханада дұрыс белгіленіп, сақталуы тиіс.
4. Мұғалімдер жоғары білікті болуы және арнайы оқыту курстарынан өтуі қажет.
5. Студенттердің зертхана құрал-жабдықтары туралы білімін арттыру қажет, бұл олардың болашақта ғылым саласындағы жұмысына пайдалы болады.

Зерттеу нәтижелері бойынша химия зертханаларының болуы ғана жеткіліксіз екенін, сондай-ақ дұрыс жабдықталған және жақсы ұйымдастырылған зертханалардың мектептерде қажетті екенін көрсетеді. Химиялық заттар, тәжірибелер мен оқу бағдарламасына сәйкес зертханаларда қолжетімді болуы керек. Мектеп зертханалары оқушылардың ғылымды үйренуге деген қызығушылығын арттыратын ерекше мүмкіндіктерге ие. Мұғалімдер практикалық оқу орталарында тиімді оқыту үшін қажетті білім, дағдылар және ресурстарға ие болуы керек. Оқушыларды интеллектуалды және физикалық түрде белсенді ету үшін

мұғалімдер жаңа әдістерді үйренуі керек және оқытудағы қаржыларды тиімді пайдалану қажет.

Әдебиеттер тізімі

1. Азмат, Р. (2011). "Химия білімінде жоғары деңгейдегі сапалы мұғалімдерді даярлау" (PDF). Пәкістан химия журналы.
2. Блоссер, П. Е. (2010). Ғылымды оқытуды зертхананың рөліне сыни шолу. Колумбус, ОГ: ERIC ғылым, математика және қоршаған орта білім беру орталығы.
3. Богай, Д. М. (2001, сәуір). Зертхана және талқылау тізбектерінің колледж химиясын оқудағы әсерлерін салыстыру. Диссертация рефераттары, 39(10), 6045А.
4. Байби, Р. (2000). Ғылымды зерттеу ретінде оқыту, Минстрель, Дж. & Ван Зи, Е. Х. (ред.). Ғылымды оқыту мен оқуға зерттеу (б. 20-46). Вашингтон, ДК: Америкалық ғылымды ілгерілету қауымдастығы (AAAS).
5. Комбер, Л. С., & Кивс, Дж. П. (2000). Ғылым білімін он тоғыз елде, халықаралық бағалау зерттеулері I. Нью-Йорк: Джон Уайли және ұлдары.
6. Дуит, Р. (2006). "Библиография — STCSE (Оқушылардың және мұғалімдердің ғылымды қабылдау және білім беру)". Киль: IPN—Лейбниц ғылым білім беру институты.
7. Дуит, Р.; Ниддерер, Х.; Шеккер, Х. (2007). Физиканы оқыту. Абель, Сандра К.; Ледерман, Норман Г. (ред.). Ғылым біліміндегі зерттеу бойынша анықтамалық (б. 599). Лоуренс Эрлбаум. ISBN 978-0-8058-4713-0.
8. Фэй, П. Дж. (2005, тамыз). Америкадағы орта мектептерде химия оқытудың тарихы. Химия білім журналы, 8(8), 1533-1562.
9. Гейдж, Н. Л., және т.б. (2006). Оқыту бойынша зерттеулер анықтамалығы. Чикаго: Рэнд МакНалли және К°.
10. Годомски, Стивен Ф., кіші. (2011). Бағдарламаланған оқыту, компьютермен көмектесу арқылы орындау мәселелері, ашық эксперименттер және студенттердің химия зертханасындағы қатынасы мен мәселелерді шешу қабілеті. Диссертация рефераттары, 31(11), 5873А.
11. Грозье, Джозеф Е., кіші. (2007). Зертхананың ғылымға оң көзқарас қалыптастырудағы рөлі колледждің жалпы білім беру ғылым курстарында (негізгі емес студенттер үшін). Диссертация рефераттары, 31(11), 2394А.
12. Хофштейн, А. және Лунетта, В. Н. (2004). Ғылым біліміндегі зертханалар: 21-ші ғасырдың негіздері. Ғылым білім беру, 88, 28-54.
13. Хофштейн, А., Леви-Нахум, Т., және Шор, Р. (2001). Зертхана типтес зертханалардағы оқыту ортасын бағалау жоғары мектеп химиясында. Оқу орталарын зерттеу, 4, 193-207.

УДК 504/03

ЭКОЛОГИЧЕСКАЯ КУЛЬТУРА: ПУТЬ К ГАРМОНИИ ПРИРОДЫ И ОБЩЕСТВА

Амангелді С. М.,

Сумина К. А.

студенты 2 курса, гр.БТ-23-1р

Международный инженерно-технологический университет

г. Алматы, Казахстан

e-mail: amangeldys52@gmail.com

Аннотация. Данная статья посвящена экологии, как одной из самых актуальных наук современности. Экологическая культура включает осознание ответственности за

окружающую среду и понимание взаимосвязи между человеческой деятельностью и природными процессами. Стремление к справедливости, уважение к ресурсам и использование экологически безопасных практик. Богатые знания способствуют формированию экологического сознания. Находить решения для сохранения экосистем, обеспечивая при этом благосостояние настоящих и будущих поколений. Комплексный подход к этим ценностям способствует не только улучшению качества жизни, но и формированию нового типа мышления, ориентированного на долгосрочное развитие и сохранение планеты.

Ключевые слова: Экологическая культура, наука, богатые знания, Казахстан, экология.

За последнее время, все большее внимание уделяется экологическому образованию и воспитанию. Слово «экология» очень популярно сейчас в бытовом общении и в средствах массовой информации. Если в древности люди устанавливали прямую связь с природой и удовлетворяли все свои потребности через природу, то в нынешнем индустриальном обществе эта связь переросла на новый уровень, произошли трансформационные изменения. Естественно, успехи технического прогресса и открытие улучшили жизнь всего человечества и комфорт, но за счет бездумного уничтожения лесов, истощения земли, загрязнения воды и воздуха. На каком-то этапе своего развития, уверовав в беспредельные возможности научно-технического прогресса, человечество постепенно стало пренебрегать развитием своих внутренних сил, совершенствованием своего сознания и соответственно развитием своих моральных и нравственных качеств. Удовлетворение социальных потребностей стало главной целью развития человеческого общества. Рыночная экономика привела к окончательному забвению принципов общего блага. Сложившаяся диспропорция в развитии технической мысли и нравственности человечества и привела к нарушению экологического равновесия на Земле. Алчность, отсутствие чувства меры в потреблении идут вразрез с эволюционными законами жизни, так как несут больше разрушения, чем пользу, природу к полному уничтожению. [1]

Осознавая катастрофичность ситуации, стало необходимо переломить тенденцию, угрожающую жизни. Серьезнейший экологический кризис, поразивший нашу планету, поставил вопрос об отношении человека и природы. Уже с 60-х годов XX века, когда перед человечеством впервые так встала огромная проблема уничтожения всего живого в связи с промышленной деятельностью. В конечном итоге, так зародилась наука, как *экологическая культура*. [2]

Экологическая культура - это сложное личностное образование, включающее в себя ответственность за состояние окружающей среды, опыт деятельности по изучению и охране природной среды, систему научных понятий по проблемам экологии. Иными словами, формирование представлений и понятий о природе как среде обитания человека и эстетическом совершенстве, необходимости гуманного, культурного и разумного взаимодействия с ней. Это важнейшая на сегодняшний день главная задача. Понятие «экологическая культура» касается не только каждого человека в отдельности, но и других видах научной и практической деятельности. В настоящее время формирование данной сферы является, как социально необходимого нравственного качества личности. Проявляется в ответственном отношении к природе как к всеобщему условию и предпосылки материального производства, к объекту и предмету труда, естественной среде жизнедеятельности человека. Вдобавок, рассматривается, как интеллектуальная и духовная культура личности, субъективный, системный, многомерный опыт, обеспечивающий ее творческую самореализацию в осмыслении и разрешении экологических проблем. Исходя из этого, экологическая культура формируется в трех направлениях:



Рисунок 1. Демонстрирована схема о направлении экологической культуры.

Тем самым, при совмещении и обоюдном развитии всех трех компонентов будет формирование честный труд и благодатные знания. [3]

Данная задача сложная, но неотложная для человечества во всей истории его существования, и она может быть решена лишь совместными усилиями всех народов планеты на основе их сотрудничества. Пришло время больших перемен. Народы, их элита, руководители государств должны осознать это. Действительно, жизнь стала настолько сложна, столь трудными стали отношения между людьми и внутри той противоречивой целостности, которую образуют природа и общество. Экологическое образование у всех жителей Земли становится актуальнейшей в нынешней времени. И оно будет охватывает все сферы деятельности. [4]

Так, на основе проблемных вопросов о экологии, правительство РК 31 октября 2024 года, была утверждена Концепция развития экологической культуры "Таза Қазақстан" на 2024-2029 годы. Развитие экологического образования и навыков охватит все уровни общества: от детских садов до университетов, что обеспечит постоянное повышение экологической грамотности. Граждане овладеют навыками оценки воздействия своего поведения на окружающую среду, будут практиковать рациональное потребление и безотходное производство. Программы обучения сформируют навыки бережного отношения к ресурсам и эффективного управления отходами. Экологически ориентированное поведение станет обычным делом для жителей страны. Казахстанцы осознанно будут выбирать экологичные товары и услуги, демонстрируя умеренное потребление и отказ от ненужных вещей. Вторичное использование материалов, экономия энергии и воды, применение возобновляемых источников энергии, а также предотвращение образования отходов. Раздельный сбор и сортировка мусора, компостирование, участие в экологических акциях и волонтерская деятельность войдут в повседневную жизнь. Развитие инфраструктуры отходов приведет к функционированию разветвлённой и эффективной системы управления отходами, обеспечивающей высокий уровень сортировки и переработки мусора. Мусоросборочные площадки будут оснащены современными контейнерами для раздельного сбора отходов, а предприятия по переработке станут использовать передовые технологии, что позволит минимизировать объема отхода. Внедрение экономических инструментов и механизмов поддержки экологических инициатив позволит успешно реализовывать экологические программы и проекты. Кроме того, предусматривается расширение сети автоматизированных постов мониторинга атмосферного воздуха. Это даст возможность населению оперативно получать информацию о состоянии воздуха через онлайн-доступ. Цифровизация и автоматизация систем водоснабжения и водоотведения городов республиканского значения и областных центров повысят их эффективность и надежность. Местными исполнительными органами будут установлены современные приборы учета воды для более точного контроля расхода и стимулирования экономии ресурсов. Организация мероприятия "Велосипедный день" и проведение экофестивалей будут способствовать вовлечению населения в экологические инициативы. Совместно с общественностью будут проводиться форумы, посвященные сохранению экосистем водоемов, чтобы подчеркнуть их значимость для

здоровья и экономики. Установка экокбокс и фандоматов в местах массового скопления людей с начислением бонусов за сданное вторсырье будет стимулировать ответственное отношение к отходам. В городах и крупных населенных пунктах будут активнее проводиться работы по посадке зеленых насаждений, а также внедрены современные системы орошения и водосберегающие технологии. Разработка и внедрение единой информационной системы, содержащей данные о породном составе зеленых насаждений и текущем состоянии лесов, планах посадок и проводимых работ по уходу за ними.

Ожидаемые результаты данного проекта:

1. В результате реализации концепции ожидаются следующие результаты:
2. Повышение экологической культуры населения;
3. Обеспечение доступа населения к инфраструктуре по отдельному сбору коммунальных отходов в общественных местах;
4. Формирование культуры нулевой терпимости к загрязнению окружающей среды и экологическим правонарушениям;
5. Развитие экологических привычек;
6. Повышение экологической осведомленности населения.

Эти меры помогут создать устойчивую основу для экологически ответственного поведения и привлекут к этому важному делу широкие слои населения. [5]

Таким образом, под экологизацией можно считать процесс изменения, нормирования любой названной сферы в соответствие с теми экологическими требованиями, которые предъявляются обществу в настоящий период времени и считаются нормой, закономерностью. С помощью разных проектов и программ, жизнедеятельность человека должна быть устремлена к гармонии с природой и строиться на основе нравственных принципов экологической культуры.

Список литературы

1. [Bull_34ru.pdf]
2. [Выступление на тему: "Формирование экологической культуры обучающихся на уроках географии, как процесс социализации личности"]
3. [ЭКОЛОГИЧЕСКАЯ КУЛЬТУРА КАК ФЕНОМЕН СОВРЕМЕННОГО ВЫСШЕГО ТЕХНИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ - Современные проблемы науки и образования (сетевое издание)]
4. [ekologicheskaya-kultura-studenta-problemy-formirovaniya.pdf]
5. [В Казахстане утвердили Концепцию развития экологической культуры на ближайшие пять лет ► новость от 15:25, 07 ноября 2024 на zakon.kz]

АУЫЛДАН ҚАЛАҒА ҚОНЫС АУДАРҒАН МИГРАНТ ОТБАСЫЛАРДЫ ҚОЛДАУ

Болат Ж. Б.

«Әлеуметтік жұмыс» мамандығының 3 курс докторанты

Әл – Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

Алматы қ, Қазақстан

bolat.zhansaya@list.ru

Аңдатпа. Ауылдан қала қоныс аударған мигрант отбасыларды қолдау мәселелерін талдау бұл халық тобының қала жағдайында қандай мәселелерге тап болатынын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл мақалада ауылдан қалаға қоныс аударған мигрант отбасыларды қолдау жағдайларының күрделі формада жүзеге асырылатындығы анықталды және бұл халық өкілдерін толыққанды бейімделуі үшін қолдау жүйелері арқылы нақты көмек көрсетудің

кешенді стратегиясын құрудың маңыздылығы көрсетілді.

Аннотация. Анализ проблем поддержки семей мигрантов, перемещенных из сельской местности в город, позволяет определить, с какими проблемами сталкивается эта группа населения в городских условиях. В этой статье было установлено, что условия поддержки мигрантов-отабов, мигрирующих из села в город, реализуются в сложной форме, и подчеркивается важность создания комплексной стратегии оказания реальной помощи через системы поддержки для полноценной адаптации этих представителей населения.

Abstract. An analysis of the problems of supporting migrant families displaced from rural areas to the city makes it possible to determine what problems this group of the population faces in urban conditions. In this article, it was found that the conditions for supporting Otaba migrants migrating from rural to urban areas are implemented in a complex form, and the importance of creating a comprehensive strategy for providing real assistance through support systems for the full adaptation of these representatives of the population is emphasized.

Көші-қон экологиялық, экономикалық, әлеуметтік және демографиялық факторлардың күрделі өзара әрекеттесуінің нәтижесі болып табылады. Ауылдық жердегі инфрақұрылымның дамымауы ауылдық жерлерден қалаларға көші-қонның қозғаушы күші ретіндегі рөлі өте қиын. Көші-қон күнкөрісті қамтамасыз етуде және бейімделу мақсаттарына жетуде маңызды рөл атқарады. Ауылдан қалаға қоныс аударған мигранттар көші – қон барысында ресми және бейресми көмектерді алады. Әдебиеттерде бейресми әлеуметтік қолдау мигранттар үшін әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ете отырып, олардың қоныстану қажеттіліктерін қанағаттандыруға көмектесетін ерекше маңызы бар қатысу мүмкіндіктері және психикалық денсаулықты нығайту мүмкіндіктері деген болжамдар бар. Отбасының тұрақтылығы - отбасы бейімделу таңдауын қабылдау және қолайсыз жағдайларды жеңу үшін ішкі және сыртқы ресурстарды пайдаланған кезде — дағдарыстың немесе қиыншылықтың отбасылық тәжірибесін түсіну үшін пайдалы негіз болып табылады [1]. Сондықтан саясаткерлер мен әлеуметтік қызметкерлер, егер олар пайдаланылмаған ресурстарды жұмылдыруда отбасыларды қолдауға, көші-қон стрессорларымен тиімдірек күресуге және балаларға жақсырақ қолдау көрсетуге үміттенсе, көші-қон ауысуын бастан өткеріп жатқан отбасылардың тәжірибесін жақсырақ түсінуі маңызды. Көші-қон жағдайында отбасының даму кезеңдеріне әсер етуі мүмкін стресстік оқиғалар дағдарысқа әкелуі мүмкін қауіп факторлары болып саналады [2]. Әлеуметтік қолдау тұлғааралық қатынастардан туындайтын ресурстардан тұрады. Бұл физикалық және инструментальды көмекті, қарым-қатынасты беруді, ресурстар мен ақпарат алмасуды және эмоционалды және психологиялық қолдауды қамтитын көп өлшемді құрылым

Әлеуметтік қолдау жүйесінің болуы (ресми немесе бейресми) отбасының функционалдық мәселелерінің алдын алу мен жақсартудың және табысты күресудің маңызды факторы болып табылады. Бейресми қолдау жүйелері мигранттардың отбасыларының бейімделуі үшін өте маңызды деп айқындады. Бейресми қолдау жүйелері мигранттардың отбасыларының бейімделуі үшін өте маңызды деп айқындады [3]. Отбасы, достар және бейресми әлеуметтік желілердің басқа мүшелері көрсететін бейресми әлеуметтік қолдау адам өмірінде маңызды және адамның психологиялық әл – ауқатымен байланысты екендігін түсіндіреді. Тар тұрғын үй жағдайына реакция ретінде көптеген жол болмаған тұрғын үй іздеушілер баспана іздеуде көмек алу немесе қаржылық қолдау үшін туыстарының көмегіне жүгінеді. Бейресми әлеуметтік қолдаудан басқа, әлеуметтік қызметтерді, ұйымдарды, мектептер мен мекемелерді, сондай-ақ мамандарды қоса алғанда ресми әлеуметтік қолдау көздері де бар. Отбасы, достары және бейресми әлеуметтік желілердің басқа мүшелері көрсететін бейресми әлеуметтік қолдау адам өмірінде маңызды және адамның психологиялық әл-ауқатымен байланысты. Мигранттар отбасылары ресми ұйымдар мен мамандардың қолдауын ала отырып бейресми қолдау желілеріне сүйенетіндігін тұжырымдаса, басқа зерттеулер нәтижелері мигранттардың қалалық әлеуметтік қамсыздандыру бағдарламаларына қатысу деңгейінің төмендігін көрсетеді.

Ауылдық жерден қалаға қоныс аударатын көпшілік мигранттардың әлеуметтік – тұрмыстық жағдайын жақсарту мақсатында көшетіндігі анық, бұл отбасылардың кедейлік деңгейінде өмір сүретіндігін көрсетеді. «Кедейлік – бұл ақшаның жетіспеушілігі ғана емес, құқықтар мен артықшылықтарға байланысты яғни қоғамдағы адамдардың көпшілігі пайдаланатын мүмкіндіктер мен ресурстарға бірдей қолжетімділіктің қаншалықты дәрежеде берілетіндігін анықтайды. Кедейліктің теңсіздікпен қалай қабаттаса отырып жеке адамдар мен отбасыларды жағымсыз салдарға әкелуі мүмкін. Кедейлік және материалдық қолайсыздық бұл соңында маргиналдануға алып келеді және әлеуметтік иеліктен шығару көптеген юрисдикцияларда тұрақты мәселелер болып табылады. Кедей адамдардың күнделікті өмірінің күрделілігі «статистикада жасырын» болып қалады, яғни статистиктер сапалы терең мәліметтерді ұсынудың орнына, нақты бізге «қанша», «кім», «қаншалықты жиі» екендігін айту үшін пайдалы. Әлеуметтік қолдаудың тұлғааралық қатынастардан туындайтын ресурстардан тұратындығын және бұл физикалық және инструментальды көмек, өзара қарым – қатынасты ұсыну, сондай ақ ақпарат және ресурс алмасу, эмоционалды және психологиялық қолдауды қамтитын көп өлшемді құрылым екендігі белгілі[4].

Мәдениеттің тұрақтылыққа кедергі келтіретін қауіп факторы ретінде де, бейімделу нәтижелеріне ықпал ететін қорғаныс ретінде де ауылдан қалаға қоныс аударатын мигранттар отбасыларының тұрақтылығында ықпалды рөл атқаратынын көрсетеді. Бұл зерттеу әртүрлі мәдени дәстүрлері бар әртүрлі ауылдық жерлерден келген мигранттармен әлеуметтік жұмыс тәжірибесіне мәдени хабардарлықты қалай енгізу керектігі туралы түсінік береді. Мысалы, ауылдық жерлерде тұратын адамдар туыстық пен тығыз географиялық байланыстарды бағалайды, ал патриархат пен перзенттік тақуалық сияқты дәстүрлі этикалық ережелер олардың күнделікті өміріне әлі де күшті әсер етеді; дегенмен, қала әртүрлілікті, өзгерістерді, ашықтықты және экономикалық прогресті білдіреді.

Ауыл тұрғындарының, ауылдық жерлерден қалаға қоныс аударушылардың, жаңа қала тұрғындары мен қалалық аборигендердің қалалық бірегейлігі әлсізден күштіге өзгереді. Бұл гипотеза халықтың урбанизациясындағы "оң іріктеуді" ғана қарастырады, яғни урбанизация процесінде ауыл халқы біртіндеп урбанизацияланған халық болады [5]. Дегенмен, «теріс іріктеу» да бар қартаюға, ауруға, жұмыссыздыққа, институционалдық оқшаулануға, әлеуметтік бас тартуға және т.б. байланысты кейбір ауылдық қалалық мигранттар ауылға оралуға мәжбүр болуы мүмкін және қайтадан ауыл тұрғындарына айналады. Ауыл тұрғындарының қалалық сәйкестігі ауылдан қалаға көшкен ауыл тұрғындарына қарағанда төмен. Ауыл тұрғындарына қарағанда ауылдан қалаға көшкен мигранттар өздерін қала тұрғындары деп санайды. Бұл қорытынды қалалық тәжірибе қалалық бірегейлікті арттыруға ықпал ететіндігін көрсетеді. Халықтың жоғары ұтқырлығымен, сапасыз тұрғын үй құрылысымен және дамымаған инфрақұрылымымен сипатталатын қалалық кенттердегі қауымдастықтар, қала басшыларының алаңдаушылығын тудырады, өйткені олар қоғамдық денсаулық сақтау және қауіпсіздікке қауіп төндіреді. Осы тұжырымдаманы қолданатын әдебиеттерде айтылмаған келісімдер сипатталған, ата-аналардың бұрынғы инвестицияларына және олардың қамқорлығына, ситуациялық қажеттіліктеріне және т. б. байланысты балалардың қартайған кезде ата-аналарды қолдау жөніндегі міндеттерін ресурстар, сондай-ақ олардың қарым-қатынастарының динамикасы.

Gu (2020) 6 жастан асқан және 15 жасқа дейінгі балалары бар ата-аналардың шамамен 70% - ы олар балаларының болашағы үшін "отбасылық ортадан" гөрі "жоғары білімнің" маңыздылығын бағалайды. Алайда, бұл зерттеудің деректері мынаны көрсетеді, ауыл мигранттарының білім беру ұмтылыстары оларға тереңірек енеді таптық субъективтіліктерінде, яғни олардың төмен топтар ретінде өзін-өзі орналастыру мәртебесі жоғары топпен салыстырғанда, мұны бірқатар ұлттар иерархиялық және дихотомиялық қатынастар анықтайды. Олар үшін мұндай секіріске тек жоғары білім арқылы қол жеткізуге болады. Орта таптың ортасында қол жетімді өмір сүруге уәде беретін білім және кардинал хукоу мәртебесін өзгерту. Осы мақсатқа жету үшін егжей-тегжейлі болады кейінірек қарастырылды, әр түрлі ұрпақтардың отбасылары ресурстарды біріктіреді және жалпы

нормаларға сүйене отырып жазылады, өздерінің тиісті рөлдері мен міндеттерін орындайды және отбасылық келісімшартта көрсетілген күтулерді орындайды. Мигранттар отбасыларының өмірін көрсетеді ол әр түрлі ауысу кезінде айтарлықтай бейімделушілік пен икемділікпен сипатталады саясаттың өзгеруіне байланысты көші-қон стратегиялары мен өмір сүру жағдайлары, қайта калибрленген жоспарлар мен ситуациялық қажеттіліктер. Өтімділіктің жоғары деңгейі және икемділік мигранттар отбасыларының кеңістіктік шектеулеріне байланысты, бұрын сипатталғандай. Дәстүрлі отбасылық байланыстар мен туыстық байланыстарға тәуелділік әлі де сақталады ақпарат алмасу және әлеуметтік және әлеуметтік қатынастар арқылы қозғалысты жеңілдететін ынтымақтастықтың маңызды элементтері қалаға қоныстанғаннан кейін де экономикалық қолдау [6]. Жаһандық анықтаманың ең соңғы қайта қарауында әлеуметтік анықтаманың негізгі принциптері әлеуметтік әділеттілік пен адам құқықтарына қол жеткізумен байланысты және ұмтылыспен үйлеседі өмірлік мәселелерді шешу үшін байырғы халықтардың жергілікті білімін ескереді. Қауымдастық деңгейінде бөлімше басшылары немесе халықпен жұмыс істейтін қызметкерлер ерекше рөл ойнайтын сияқты мигранттардың отбасыларына қала тұрғындары болудың ұзақ жолында көмек көрсетудегі рөлі, әлеуметтік қызметкерлер шексіз әкімшілік қызметпен айналысады және әл-ауқатты қамтамасыз ету мен бағдарламаларды іске асыру жөніндегі міндеттерін жүзеге асырады. Құрылым отбасының жеке ерекшеліктерін түсінуге мүмкіндік береді, сондай-ақ отбасылар мобилизация үшін ұйымдық бірлік, ұжымдық әл-ауқат үшін ресурстарды жұмылдыру, бөлісу және қайта бөлу, сондай-ақ, отбасы мүшелері сияқты өзара байланыстар мен сәйкестіктерді сақтау, қайта конфигурациялау және растау үшін ретінде қарастырылады. Реформаға дейінгі дәуірде, көші-қон ауыл отбасылары үшін кедейліктен құтылу және қаланың дамуына қатысу үшін экономикалық және мәдени қажеттілік ретінде қарастырылады және «толық емес урбанизация» ұлттық даму стратегиясы ретінде (Chan, 2010) жалтару кезінде мигранттардың арзан жұмыс күшін пайдаланады сонымен қатар, оның көбеюі мен әлеуметтік қорғалуы үшін жауапкершіліктен, отбасы ұйым ретінде институт қолданыстағы күрделі құрылымдық шектеулерді еңсеру жұмыстарымен шамадан тыс жүктелген мәдени нормалар мен ситуациялық күтпеген жағдайлар [7]. Ауыл мигранттарының отбасыларының өмірінде ынтымақтастық пен жанқиярлықтың екі тарап екені қытай ғалымдарының еңбектерінде белгілі. Бір жағынан, құрылымдық теңсіздіктің балалардың әл-ауқатына теріс әсерін оларды тәрбиелеу және қолдау үшін ресурстар мен күш-жігерде отбасының делдал екенін көреміз. Екінші жағынан, ұрпақтар арасындағы келісімшарт жеке отбасы мүшелерін отбасының ұжымдық әл-ауқатын арттыру үшін құрбандыққа баруға мәжбүр етеді, олар мыналарды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді, екі ауысымдағы мигрант аналардың жұмысы, ата-әжелердің үй саласындағы резервтік жұмыс күші икемді және шекті рөлі, сондай-ақ балалардың эмоционалды жағдайы.

Қорытынды

Эмоционалды қолдау эмпатия, сүйіспеншілік, сенім мен қамқорлықтың көрінісі ретінде анықталады. Инструментальды / материалдық қолдау мыналарды қамтиды адамдардың басқаларға көмектесетін нақты және тікелей тәсілдері, соның ішінде қаржылық көмек, материалдық игіліктер немесе қызметтер. Ақпараттық қолдау кеңестер, ұсыныстар және жалпы ақпарат беру ретінде анықталады. Сонында, кешендік қолдау басқалармен үздіксіздік пен байланысты қамтамасыз ететін әрекеттерден тұратын әлеуметтік қарым-қатынасты білдіреді, яғни адамдарға тиесілілік сезімін ояту сияқты. Әлеуметтік қолдаудың әртүрлі көздері маңызды, өйткені адамдар әртүрлі тәсілдермен және әртүрлі уақытта әртүрлі қолдау түрлерін көрсете алады, бірақ бұл екіталай бір ғана желі қолдаудың барлық төрт түрін қамтамасыз ете алуы.

Әдебиеттер тізімі

1. Heaney, C.A., & Israel, B. A. (2008). Social networks and social support. In K. Glanz, B. K. Rimer & K. Viswanath (Eds.), *Health behaviour and health education: Theory, research, and practice*. 189–

210. San Francisco, CA: John Wiley & Sons.
2. Walsh, F. (1996). The concept of family resilience: Crisis and challenge. *Family Process*, 35, 261–81.
3. Greeff, A. P., & Holtzkamp, J. (2007). The prevalence of resilience in migrant families. *Family Community Health*, 30, 189–200.
4. Lopez, E. J., & Salas, L. (2006). Assessing social support in Mexican American high school students: A validity study. *Journal of Hispanic Higher Education*, 5, 97–106.
5. Chai, C., & Chai, W. (1965). *The sacred books of Confucius, and other Confucius classics*. University Books.
6. Sun, Y. Z. (2017). Among a hundred good virtues, filial piety is the first: Contemporary moral discourses on filial piety in urban China. *Anthropological Quarterly*, 90, 771–800.
7. Chan, K. W. (2010). Fundamentals of China's urbanization and policy. *China Review*, 10, 63–93.

ӘӨЖ 316.334.3

«ӘЛЕУМЕТТІК СҮЙЕМЕЛДЕУ» ҰҒЫМЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС ТЕХНОЛОГИЯСЫ РЕТІНДЕ

Джанпейсова Ж. М.

«8D11401-Әлеуметтік жұмыс» ОБ 3 курс докторанты

Әл Фараби атындағы ҚазҰУ

Алматы қ., Қазақстан

e-mail: z.janpeysova@agakaz.kz

Андатпа: мақалада әлеуметтік сүйемелдеу ұғымына түсініктеме беріліп, оның теориясы қарастырылады. Сондай-ақ, әлеуметтік сүйемелдеу ұғымының қолданыс аясында талқыланып, теориялық тұрғыдан ғалымдардың еңбектеріне талдау жұмыстары жүргізілді.

Ғылыми мақаланың мақсаты-әлеуметтік сүйемелдеу ұғымын әлеуметтік жұмыс технологиясы ретінде қарастыру және оның әлеуметтік жұмыстағы маңыздылығын анықтау.

Түйінді сөздер: әлеуметтік сүйемелдеу, әлеуметтік жұмыс, клиент, қоғам, кейс, менеджмент.

Қазіргі таңда әлеуметтік жұмыс клиенттер мен қиын өмірлік жағдайларға тап болған топтардың проблемаларын шешуде түрлі субъектілердің өзара әрекеттесу процесі ретінде дамуда. Мұндай өзара ынтымақтастық іс - қимылдары жеке тұлғаның қадір-қасиеті мен құқықтарын құрметтеу негізінде әлеуметтік жұмыс қызметкердің клиентті сүйемелдеуі арқылы жүзеге асырылады. Дәл осындай өзара ынтымақтастық барысында клиенттің мәселелерін шешуге жәрдемдесу процесі көрініс алады.

Әлеуметтік жұмыста «әлеуметтік сүйемелдеу» ұғымы бастапқыда әлеуметтік қолдаумен, әлеуметтік қамқорлықпен анықталды және адамдарға өмірлік қиын жағдайда көмектесу технологиясы ретінде қарастырылды. Ал, әлеуметтік жұмыстың халықаралық тәжірибесінде бұл ұғым кейс менеджмент (casemanagement) яғни, деректерді жинау, оларды талдау, әлеуметтік көмектің стратегиясы мен тактикасын анықтау арқылы клиентке көмек пен қызметтерді ұйымдастыру және үйлестіру технология ретінде дамыды.

Ал, әлеуметтік - педагогикалық тәжірибеге «сүйемелдеу» немесе «қолдау» деген ерекше үрдіс кіріктіріліп белсенді даму жолында. Баланы әлеуметтік-педагогикалық қолдау – ол баланың қалыпты дамуына және физикалық, психикалық денсаулығына байланысты, қарым-қатынасымен, өмірлік бейімделуі, сүйемелдеумен және базалық қажеттілігімен, жеке басының проблемаларын шешуге және құқын қорғауға бағытталған өлшем жүйесі. «Сүйемелдеу» идеясы әлеуметтік педагогикада ХІХ ғасырдың аяғында қалыптаса бастады. Онда, баланың өздігінен іс - әрекет жасауға қабілетсіз болуына байланысты алғашқы шынайы сүйемелдеу түсінігі жатыр. Психология, педагогика, әлеуметтік педагогикада және басқа да

білім саласында «сүйемелдеу» термині тәжірибелік іс - әрекетке қатысты нақты проблемаларды шешуге қолданылады.

«Әлеуметтік сүйемелдеу» ұғымы Дон Дреннан-Гала мен Фрэнсис Калленнің еңбектерінде алғаш қолданыс тапқан. Олар бірнеше теориялық дәстүрлердің идеяларына сүйене отырып, инструменталды, ақпараттық және эмоционалды қолдау құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың ықтималдығын азайтады деген болжамға негіздеген. Дон Дреннан-Гала мен Фрэнсис Каллен әлеуметтік сүйемелдеудің макро және микро деңгейлерінің рөлдерін де айқындап, теорияда қоғамдағы адамдар арасындағы байланыстардың үлкен және кіші мысалдарын қолданды. Бұл байланыстар кәметке толмаған құқық бұзушылар қылмыскерлердің өздеріне деген сенімділігі мен бағалауын тиімді түрде күшейтуге адамдар байланысының ықпал ететіндігіне дәлел болған. Теория сонымен қатар әлеуметтік сүйемелдеу мен қолдауды тиімді пайдаланатын қауымдастықтарды да қарастырды. Бұл қауымдастықтарда зорлық-зомбылық көрсеткіші төмен және кәметке толмағандардың істері бойынша сот істері айтарлықтай аз болған. Ал, Каплан әлеуметтік сүйемелдеу жүйелері «адамдарға өздері туралы кері байланыс орнатуға және басқалардың үміттерін растауға мүмкіндік беретін жалғасып жатқан әлеуметтік агрегаттардан» тұрады деп тұжырымдалады. Кобб 1976 жылы «әлеуметтік сүйемелдеу» ұғымына қатысты Капланның тұжырымдамасынан бөлек, «субъектіге қамқорлық жасауға, жақсы көруге, құрметтеуге және өзара міндеттемелер желісінің мүшесі болуға сенуге мүмкіндік беретін ақпарат ретінде анықталады» деген анықтама берді. Кейінірек 1979 жылы әлеуметтік сүйемелдеудің инструменталды сүйемелдеу (кеңес беру), белсенді сүйемелдеу (бауырына басу), материалдық көмек сияқты түрлерімен толықтырды.

Әлеуметтік сүйемелдеу теориясы уақыт өте келе әртүрлі ғалымдардың, соның ішінде Кассель және Хаустың қосқан үлесінің арқасында одан әрі дамыды, олар адамдардың әлауқатын арттыруда әлеуметтік байланыстардың маңыздылығын атап көрсетті. «Сүйемелдеу» ұғымының қолданылу аясы кеңейіп, әлеуметтік-гуманитарлық білімнің әртүрлі салаларында қолданылды.

«Сүйемелдеу» ұғымын әлеуметтік ғылым тұрғысынан түсіндіру бірнеше теориялық тәсілдерді қарастырады. Г.А. Телегина «сүйемелдеуге» анықтаманы теориялық жіктеуде жүйелік тәсілді, белсенділік тәсілі және әлеуметтік алмасу мен әлеуметтік конструктивизм теориясына сүйенді.

1. Жүйелік көзқарас тұрғысынан әлеуметтік сүйемелдеу әртүрлі элементтерден тұратын жүйе ретінде қарастырылады. Жүйе элементтері белгілі бір өзара әрекетте және бір-бірімен қарым-қатынаста болады. Жүйелік тәсіл элементтердің өзара әрекеттесуінің ішкі механизмдерін, олардың құрылымын, ұйымдастырылуы мен өзгеру деңгейін талдауға, оған әсер ететін факторларды бағалауға мүмкіндік береді. Жүйелік тәсіл әлеуметтік сүйемелдеуді жалпы әлеуметтік қызмет жүйесінің элементі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл жүйеге жеке адамдар да, қауымдастықтар да, ұйымдар мен мекемелер де, жергілікті өзін-өзі басқару органдары да кіреді. Осылайша, әлеуметтік қолдау белгілі бір санаттағы азаматтарға көмек көрсетудің кешенді жүйесінің элементі ретінде ұсынылуы мүмкін, оның шеңберінде көмекке мұқтаж адамдарды анықтау және есепке алу және оларды қоғамға қосу міндеттері шешіледі.

2. Іс-әрекеттік көзқарас әлеуметтік акторлердің бірлескен іс-әрекеті идеясына негізделген, оның мақсаты адамды жұмылдыруға, жасырын ресурстарды жандандыруға және оның туындаған мәселелермен өз бетінше күресу қабілетіне ықпал ететін жағдайлар жасау болып табылады. Бұл тәсілдің маңызды құрамдас бөлігі – адамдар тек әлеуметтік акторлер емес, олар өз өмірінің сауатты қайраткерлері екенін түсіну. Әлеуметтік фактордың құзыреттілігін арттыру әлеуметтік мәселелерді жеке адамның күшімен шешуге ықпал етуі мүмкін және әр түрлі тәуелділіктің алдын-алуға бағытталған әрекеттің мүшесі бола алады. Әлеуметтік сүйемелдеудің бұл тәсілі жеке тұлғаның ішкі және сыртқы ресурстарына ғана емес, сонымен қатар клиентті жаңа тәжірибе алатын және өзінің құзыреттілігін арттыратын

қызметке қосуға баса назар аударады. Бұл жағдайда маман осы қызметті ұйымдастырушы және басқарушы ретінде әрекет етеді.

3. Әлеуметтік алмасу теориясы сүйемелдеу субъектілері (клиент пен маман) арасындағы әлеуметтік өзара әрекеттесуді қарастырады. Әлеуметтік жұмыс әлеуметтік қолдау шеңберіндегі субъектілер арасындағы өзара әрекеттесудің ерекшеліктері мен механизмдерін, сондай - ақ осы процесте туындайтын пайда мен шығындарды зерттеуге қызығушылыққа көбірек көңіл бөледі.

4. Әлеуметтік конструктивизм теориясы қатысушылардың клиенттің алдында тұрған міндеттерді шешу мақсатында сүйемелдеуді қалыптастыруды қамтиды. П. Бергер және Т. Лукман теориясына негізделген әлеуметтік қолдауды талдау, оның түрлерін, формалары мен деңгейлерін ажыратуға мүмкіндік береді, бұл әлеуметтік сүйемелдеудің белгілі бір жобаланған құрылымының болуы туралы айтуға негіз береді. Әлеуметтік шындықтың мәні туралы идеяға сүйене отырып, әлеуметтік сүйемелдеудің құрылымы әлеуметтік қызмет пен клиенттің өзара әрекеттесуі, маман мен клиенттің қарым-қатынасы процесінде болатындығын атап өткен жөн.

Сондай – ақ әлеуметтік сүйемелдеу қызметін көрсету төмендегідей принциптерден тұрады:

1. Әлеуметтік сүйемелдеу қызметі адам құқықтарын сақтауға және жеке адамның қадір-қасиетін құрметтеуге негізделген, адамгершілік сипатқа ие және адамның ар-намысы мен қадір-қасиетін қорлауға жол бермейді.

2. Әлеуметтік сүйемелдеу қызметі қосымша қағидаттар бойынша да жүзеге асырылады:

1) азаматтардың жынысына, нәсіліне, жасына, ұлтына, тіліне, тегіне, тұрғылықты жеріне, дінге көзқарасына, нанымына және қоғамдық бірлестіктерге жатуына қарамастан әлеуметтік қызмет көрсетуге тең, еркін қол жеткізуі;

2) әлеуметтік сүйемелдеу қызметтер көрсетудің атаулылығы;

3) әлеуметтік сүйемелдеу қызметін көрсетушілердің әлеуметтік қызмет алушылардың тұрғылықты жеріне жақындығы, азаматтардың әлеуметтік қызмет көрсету қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін әлеуметтік сүйемелдеу қызметін көрсетушілер санының жеткіліктілігі, әлеуметтік сүйемелдеу қызметін көрсетушілерде қаржылық, материалдық-техникалық, кадрлық және ақпараттық ресурстардың жеткіліктілігі;

4) азаматтың әдеттегі қолайлы ортада болуын сақтау;

5) еріктілік;

6) құпиялылық.

Халыққа әлеуметтік көмек көрсету бағыттарының бірі азаматтарға әлеуметтік қызмет көрсету нысандарында әлеуметтік сүйемелдеуді ұйымдастыру болып табылады. Әлеуметтік сүйемелдеу қызметтері – бұл азаматтардың жекелеген санаттарына мемлекеттік қолдау көрсету болып табылады. Оның мәні – мұқтаж жандарға әлеуметтік сүйемелдеу қызметтерін ұйымдастыру және көрсету. Азаматты әлеуметтік сүйемелдеу қызметіне мұқтаж деп тану туралы мәселені қарау үшін тұрғылықты (тұрғылықты жері) бойынша халыққа қызмет көрсету кешенді орталығына өтініш беріледі.

Әдебиеттер тізімі

1. Албегова И.Ф. Социальные технологии: теория и практика // Социальная работа: История, теория и технология. 1997.
2. Словарь-справочник по социальной работе / отв. ред. Холостова Е.И., Панов М.В. 2004.
3. <https://uralsocinform.ru/specialists/sotsialnye-tekhnologii/sotsialnaya-diagnostika-kak-tehnologiya-sotsialnogo-obslyzhivaniya.php>

КӨПБАЛАЛЫ ОТБАСЫЛАРДЫҢ DAҒДАРЫСТЫҚ JAҒДАЙДАҒЫ ӨМІРЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІНДЕ

Султанова А. М.

*Әлеуметтік жұмыс мамандығы, 3 курс докторант
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
Алматы қ., Қазақстан*

Аңдатпа: мақалада көпбалалы отбасылардың дағдарыстық жағдайдағы мәселелерін әлеуметтік жұмыс тәжірибесінде талқыланады. Бұл мәселе әлеуметтік жұмыс саласындағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Себебі көпбалалы отбасылар ерекшеліктеріне қарай әлеуметтік осал санаттарға жатады. Қолайсыз әлеуметтік-экономикалық факторлардың әсерінен қиын жағдайда қалуы мүмкін. Мұндай өмірлік қиын жағдайдағы отбасылармен әлеуметтік жұмыстың қажеттілігі кең ауқымда білінеді.

Жалпы қарағанда, отбасыларда туындаған проблемаларды жеңе алмай, қолайсыз жағдайға айналуы мүмкін. Зерттеу қиын өмірлік жағдайдағы көп балалы отбасылармен жұмыс істеу ерекшеліктерін ашады. Сонымен қатар, отбасына жағдай жасау және көмек көрсету тәртібі айқындалады және де өзара әрекеттесуді ұйымдастыру мүмкіндіктері зерделенеді.

Кілттік сөздер: әлеуметтік жұмыс, көпбалалы отбасылар, қиын өмірлік жағдайлар, әлеуметтік-экономикалық факторлар, әлеуметтік бағдарламалар, әлеуметтік қызметкер, отбасы, өмірлік мәселелер, дағдарыс.

Көпбалалы отбасы – халықтың ең осал топтарының бірі. Қазіргі кезеңде көпбалалы отбасыларды әлеуметтік қолдаудың ерекшеліктерін зерттеу барлық деңгейде маңызды және өзекті болып табылады.

Көпбалалы отбасыларға көмек көрсету проблемалары және әлеуметтік жұмыс тәжірибесі үнемі теорияның назарында, сондықтан қазіргі уақытта көп балалы отбасылардың өмірінде туындайтын әртүрлі дағдарыстық жағдайлардан шығуға мүмкіндік беретін бай тәжірибе жинақталған. Көпбалалы отбасылармен әлеуметтік жұмыс мүмкіндіктері К.А. Великжанина, Н. Ф. Дивицына, Т. В. Лодкинаның зерттеулерінде қарастырылды. Бұл ретте, қазірдің өзінде әлеуметтік қорғаудың қолданыстағы тетіктері елдегі әлеуметтік экономикалық жағдай үнемі өзгеріп отыратындығына байланысты жеткіліксіз болуы мүмкін, сондықтан көпбалалы отбасылардың жекелеген проблемалары олардың өмір сүруіне және балалардың дамуына қиындықтар туғыза отырып, шиеленісуі мүмкін. Көпбалалы отбасының қиын өмірлік жағдайы оның өмір сүру жағдайларының өзгеруімен, кейбір әлеуметтік байланыстардың жоғалуымен және отбасының бейімделу мүмкіндіктерінің бұзылуымен сипатталады. Қиын өмірлік жағдайға тап болған көпбалалы отбасыларға көмек көрсету – әлеуметтік жұмыс үшін өте күрделі мәселе. Оның күрделілігі әртүрлі нормативтік құжаттармен анықталған ресми көрсеткіштерге қол жеткізіп қана қоймай, шын мәнінде маңызды нәтижелерге қол жеткізудің маңыздылығында. Кейбір көп балалы отбасылар әлеуметтік қорғау органдарына жүгіну үшін көмекке мұқтаж, өйткені олардың мәртебесін және өмірлік қиын жағдайдың бар екенін растайтын құжаттарды жинау мүмкіндігі әрқашан бола бермейді.

Өмірлік қиын жағдайдағы көпбалалы отбасыларға жан-жақты көмек көрсету келесі іс-шараларды жүзеге асыру негізінде жүзеге асырылады:

- көпбалалы отбасын зерттеу және ондағы бар проблемаларды анықтау, көп балалы отбасының көмек сұраған өтініштерін зерделеу;
- көпбалалы отбасының өмір сүру жағдайын бастапқы тексеру;
- көпбалалы отбасы мүшелерімен және оның ортасымен танысу, балалармен әңгімелесу, олардың өмір сүру жағдайын бағалау;
- көпбалалы отбасыларға көмек көрсеткен қызметтермен танысу, олардың әрекеттері мен қорытындыларын зерделеу;

- көпбалалы отбасының әлеуметтік-экономикалық қиындықтарын диагностикалау;
- көпбалалы отбасы мүшелерінің жеке ерекшеліктерін зерттеу;
- көпбалалы отбасының әлеуметтік картасын жасау;
- барлық мүдделі ұйымдармен (білім беру мекемелері, бос уақытты ұйымдастыру мекемелері, отбасыларға әлеуметтік көмек көрсету мекемелері және басқа құрылымдармен) үйлестіру қызметін;
- көпбалалы отбасылармен жұмыс бағдарламасын жасау;
- жұмыс нәтижелері туралы қорытындылар.

Қиын өмірлік жағдайдағы көп балалы отбасының мәселелері туралы ақпарат алу үшін әлеуметтік қорғау органдарының мамандары тек ересек отбасы мүшелерімен әңгімелесуден алынған мәліметтерді ғана емес, сонымен қатар басқа да көздерді қамтитын жеткілікті үлкен ақпаратты талдауы керек. Бұл көздерге белгілі бір отбасының мәселелері бойынша социологиялық зерттеулер деректері, психологиялық зерттеу әдістерін қолдану нәтижесінде алынған мәліметтер, отбасының көмек туралы бұрынғы өтініштері және оны ұсыну нәтижелері [1].

Көп балалы отбасылардың негізгі мәселелері мыналар болып табылады:

1. Елдегі қиын тұрғын үй және экономикалық жағдай. Тұрғындар тұрмыс жағдайын жақсарту үшін ондаған жылдар бойы кезекте тұрады, кейде пәтер ала алмай жатады.

- Тек әрбір үшінші отбасының өз баспанасы бар. Әдетте, ол мұраға қалдырылды немесе ата-анадан үйлену сыйы болды;

- жас жұбайлардың ай сайын отбасы табысының жартысын төлей отырып, тұрғын үйді жалдайды;

- Ерлі-зайыптылар жатақханада тұруға мәжбүр.

2. Азық-түлік, балалар киімі, оқу құралдары мен балабақша қызметтері құнының өсуі:

- коммуналдық қызметтердің жаңа тұтынушылары - балалардың пайда болуымен бірге өсетін тұрғын үй-коммуналдық қызметтердің қымбаттығы;

- ана баланы тәрбиелеу үшін жұмыстан кеткен кезде оны толық күтуге жетпейтін, ана мен балаға берілетін жәрдемақының аз мөлшері.

Бұл қиындықтар келесі мәселелерге әкеледі: ерлі-зайыптылар арасындағы жанжалдар; туыстарымен жанжалдасу; балалардың туылуын жақсы уақытқа қалдыру; екінші бала тууға құлықсыздық; ажырасу.

Көпбалалы отбасылардың негізгі мәселелері әлеуметтік материалдық қиындықтар болып табылады. Әр баланың туылуымен отбасының табысы күрт төмендеуі әбден мүмкін. Көптеген зерттеулердің арқасында — отбасында тұратын балалар саны мен отбасының әр мүшесіне келетін кірістер арасында байланыс орнатылды. Қазіргі әлемде бірінші баланың дүниеге келуі тек жауапкершілікті ғана емес, сонымен бірге белгілі бір қаржылық шығындарды да көтереді. Бұл баланы ең стандартты және қарапайым заттармен қамтамасыз ету өте қиын екендігімен дәлелденеді. Көп балалы болу отбасының материалдық жағдайының төмендеуіне ықпал етеді, өйткені шығындар одан да көп болады. Әлеуметтік жұмыстың негізгі бағыттарының бірі - мемлекеттік отбасылық саясат тұжырымдамасында, сондай-ақ әлеуметтік қызметкердің лауазымдық міндеттерінде қарастырылған отбасына әртүрлі нысандарда көмек көрсету бойынша. Нақты әлеуметтік тәжірибеге сүйене отырып, көп балалы отбасылардың негізгі проблемасы материалдық компонент болып қала береді [2].

Қазіргі таңда елеулі өзгерістерге ұшырап жатқан отбасы институты аясында балаларды тәрбиелеудің тиімді технологиялары мен әдістерін (педагогикалық, психологиялық, әлеуметтік, әлеуметтік-педагогикалық, этнопедагогикалық, құқықтық және т.б.) іздестіру жұмыстары жүргізілуде. Көпбалалы отбасында балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналарға әлеуметтік-педагогикалық білім, білік және дағдыларын қалыптастыру маңызды.

Бар проблемаларды шешу үшін ата-аналардың әлеуметтік-педагогикалық құзыреттілігін дамытуға және ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты жақсартуға бағытталған көп балалы отбасыларға тиімді әлеуметтік-психологиялық-педагогикалық қолдау қажет. Осындай инновациялық бағыттардың бірі – әлеуметтік қызмет көрсету мекемесінің

базасында бала мен ата-ана қарым-қатынасын жақсарту мақсатында ата-аналар мен көп балалы отбасы балаларының, әлеуметтік жұмыс мамандарының бірлескен іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу [3].

Көпбалалы отбасыларға әлеуметтік қызмет көрсетудегі ерекшеліктерді, сондай-ақ кедергілер мен мүмкіндіктерді зерделеу арқылы мәселені шеуге ықпал етеді. Көптеген зерттеулерде мамандар көпбалалы отбасылар көбінесе материалдық және тұрмыстық қиындықтарға тап болады деп жауап береді. Әсіресе, көпбалалы отбасы қандай да бір себептермен толық емес болып қалған жағдайда, жұмыспен қамту мәселесі баса айтылады. Көпбалалы отбасылардың әлеуметтік мәселелерін шешуде қоғамның рөлі зор екені айтылады. Көбінесе көпбалалы аналар өздерінің таңдауы мен өмірлік ұстанымын қоғам тарапынан айыптау мен түсінбеушілікпен кездеседі. Осылайша, көпбалалы болу дәстүрлі болып көрінетін құрметтің қазір сирек кездесетінін көреміз. Қазіргі мәдениеттің ерекшеліктері, оның құндылықтары мен нормалары, материалдық игіліктерге назар аудару көпбалалы отбасыларды айыптауға әкеледі.

Сондай-ақ әлеуметтік қауіп тобындағы отбасылардың типологиясы бар – мұнда

Е.И.Холостова объективті немесе субъективті себептерге байланысты әлеуметтік қызметі қиын және олар сөзсіз дерлік өмірлік қиын жағдайда болатын отбасыларды анықтайды.

Әлеуметтік қауіпті отбасылардың келесі түрлері бөлінеді:

– шұғыл әлеуметтік қорғауды қажет ететін отбасылар және олардың жұмыс істеуі мен дамуына кедергі келтіретін объективті қалыптасқан қиын өмірлік жағдайға байланысты қолдау (мүгедек баласы бар отбасы, көп балалы отбасы, толық емес отбасы, қоныс аударғандар отбасы, аз қамтылған отбасы, оның мүшелерінің қоғамға жат мінез-құлқы бар отбасы, және т.б.);

– әлеуметтік қорғауды профилактикалық қажет ететін отбасылар және шешілмейтін мәселелердің туындау қаупіне байланысты қолдау көрсету (жас отбасы, баланың туылуын күтіп отырған отбасы, жаңа туған нәрестесі бар отбасы, балалардың дамуы мен тәрбиесі үшін тиісті жағдай жасай алмайтын отбасы және т.б.).

Көпбалалы отбасылар, осы жіктеу бойынша, әлеуметтік қауіпті отбасылардың бірінші санатына жатады, өйткені ол әлеуметтік-экономикалық, медициналық, әлеуметтік, психологиялық және педагогикалық мәселелердің кең ауқымымен сипатталады, оларды көбінесе ұйымдастыру арқылы жеңуге болады. Мұндай отбасыларға жан-жақты қолдау көрсету [4].

Көпбалалы отбасылармен әлеуметтік жұмыстың ерекшеліктері әлеуметтік жұмыс оның өмірінің барлық аспектілерін қамтуы, отбасы мен оның мүшелерінің әртүрлі жеңілдіктер мен жеңілдіктерді алуға қажеттіліктеріне жақын болуы, сондай-ақ мұндай отбасыларға берілетін жеңілдіктер мен әлеуметтік төлемдер туралы ақпарат беруі керек. Көпбалалы отбасылармен әлеуметтік жұмысты жүзеге асыруда әлеуметтік, әлеуметтік, медициналық, психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік-құқықтық қызметтерді көрсету, әлеуметтік бейімдеу мен оңалтуды жүзеге асырудағы әлеуметтік қызметтердің қызметі маңызды рөл атқарады. Көпбалалы отбасылармен әлеуметтік жұмысты оның технологияларын ескермей сипаттау мүмкін емес.

Отбасын тұтастай әлеуметтік институт ретінде және қолдауды қажет ететін әрбір нақты отбасы ретінде сақтау болып табылатын әлеуметтік көмектің түрлері мен нысандарын екі топқа бөлуге болады:

1. Отбасының аман қалуына бағытталған төтенше жағдай (жедел жәрдем, шұғыл әлеуметтік көмек, қауіп төнген немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды отбасынан дереу шығару);

2. Отбасы тұрақтылығын сақтауға, отбасы мен оның мүшелерінің әлеуметтік дамуына бағытталған (әлеуметтік диагностикалық технология, әлеуметтік медиация және кеңес беру, әлеуметтік патронаж, әлеуметтік профилактикалық технология, мәдени демалыс пен демалысты ұйымдастыру технологиясы) [5].

Әлеуметтік жұмыс теориясының мәнін түсінуге қызығушылық тәлімгерлік алуан түрлі әлеуметтік құбылыс ретінде анықталады. Сонымен қатар қазіргі уақытта әлеуметтік жұмыс, тәлімгерлік теориялары болып табылады әлеуметтік философияның және әртүрлі ғылымдардың зерттеу объектісі – тарих, құқықтану, экономика, педагогика, психология.

Әлеуметтік жұмыста жоғарыда аталған технологиядан басқа әлеуметтік медиация және кеңес беру технологиясы жүзеге асырылады. Әлеуметтік қызметкердің медиация қызметі әлеуметтік жағдайды диагностикалаудан, мәселені нақтылаудан, содан кейін мәселені шешуге қабілетті ұйыммен байланыс орнатудан басталады. Бұл технологияны көпбалалы отбасылармен жұмыс істеуде қолданудың мысалы отбасы көпбалалы отбасыларға жәрдемақы мен субсидия алуға өтініш беру, психологиялық-педагогикалық кеңес беру және т.б. сұрақтар бойынша кеңес бере алады. Бұл белгілі бір дәрежеде кейбір ғалымдардың пікірінше, дәстүрлі тәлімгерлік тәжірибесі пәндік позицияны қалыптастырмайды оның дамуындағы маман және оны кәсіпте «түзетпейді». Сондықтан тәлімгерліктің әдіснамалық негізі ретінде бірлескен қызмет тұжырымдамасы және "ашық кәсіпқойлық" тұжырымдамасы ерекшеленеді, онда маманды қалыптастыру үшін қажетті "іс-әрекетті сүйемелдеудің" теориялық негіздемесі бар кәсіби дағдылар мен құзыреттіліктер және оны мамандықта "бекіту" болып табылады. Кеңес беру технологиясының ерекшелігі бұл проблемалық, дағдарыстық немесе жанжалды жағдайлар проблемалық мәселелерді шешу үшін клиенттің ішкі күштерінің резервтерін белсендіруден тұрады. Әлеуметтік кеңес беру кезінде осы аталған қызметтің негізгі принциптерін ұстану маңызды. Әлеуметтік-психологиялық алты негізгі кеңес беру принципті ажыратуға болады:

- клиенттерге мейірімді және баға жетпес көзқарас;
- клиенттің нормалары мен құндылықтарына бағдарлану;
- кеңес берудің анонимділігі;
- клиенттің кеңес беру процесіне қосылуы;
- жеке және кәсіби қатынастардың аражігін ажырату.

Көпбалалы отбасыларды әлеуметтік қорғау негізінен жәрдемақы мен бір реттік экономикалық көмекке байланысты, дегенмен әр түрлі қажеттіліктер бар әлеуметтік қызмет түрлері. Бүгінде көпбалалы отбасылар 50% жеңілдік алуға құқылы. Коммуналдық қызметтерге ақы төлеу бойынша, балаларға арналған тегін жазғы демалыс лагерлері, мектептерде ақылы тамақтану т.с.с. Бүгінгі таңда әлеуметтік-экономикалық дағдарыс жағдайында көпбалалы отбасы мемлекеттік көмексіз және қолдаусыз өз бетінше өмір сүре алмайды.

Көпбалалы отбасылардың проблемалары әр түрлі: материалдық, тұрғын үй-тұрмыстық, жұмыспен қамту ата-аналардың тәрбиелік-педагогикалық, балалардың демалысы. Көп балалы отбасылардың көпшілігі аз қамтылған: жалақы ақшалай түсімдердің негізгі көзі болып табылады, алайда ол 1-2 баласы бар отбасыларға қарағанда едәуір төмен, сондықтан көп балалы ата-аналардың еңбек нарығында жағдайы әлсіз. Сондықтан көпбалалы отбасыларға ұйымдар, үкімет және еріктілер тарапынан қарқынды жұмыс атқарып, қолдау көрсету тиімді.

Бүгінде Қазақстанда тұрғын үй проблемаларын шешуге, сондай-ақ халықтың әлеуметтік осал топтары, оның ішінде көп балалы отбасылар үшін еңбекпен қамтуды және кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған бірнеше Мемлекеттік бағдарламалар бірден іске асырылуда. Алайда, олардың әртүрлілігі мен тартымды жағдайларына қарамастан, көптеген мұқтаж азаматтар оларды пайдалануға асықпайды. Мұның себептерін "Сорос-Қазақстан" Қорының қолдауымен орындалған "ҚР көпбалалы отбасылары: экономикалық жағдайы, мүмкіндіктері және оларды үкіметтің күн тәртібіне енгізу" Талдамалық баяндамасы шеңберінде қолданбалы экономиканы зерттеу орталығының (Applied Economics Research Centre) мамандары зерттеді. Көпбалалы отбасыларға арналған мемлекеттік бағдарламалар жүзеге асуда. Мысалы «Бақытты отбасы» - көпбалалы отбасылардың тұрғын үй проблемаларын шешуге 2019 жылдың шілдесінде іске қосылған "Бақытты отбасы" ипотекалық кредиттеу бағдарламасы бағытталған. Ол сондай-ақ санаттағы кезекте тұрғандарға тұрғын үй алуға арналған: толық емес отбасылар және мүгедек балалары бар отбасылар. "Нұрлы жер" - Басқа тұрғын үй бағдарламалары, мысалы, "кейіннен сатып

алынатын және сатып алынбайтын жалға берілетін тұрғын үй", "тұрғын үйді несиелендірудің ипотекалық бағдарламасы" ("7-20-25", "5-20-25", "5-10-20"), 2018 жылдан бастап "Нұрлы жер" мемлекеттік бағдарламасы аясында іске асырылуда. Олар негізінен халықтың әлеуметтік осал топтарының, соның ішінде көп балалы отбасылардың тұрғын үй проблемаларын шешуге бағытталған. Мәселен, жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету, отбасылық бизнесті ашу, көп балалы ауыл тұрғындарының табысының өсуі үшін 2019 жылдан бастап қайтарымсыз негізде 505 мың теңге көлемінде жаңа бизнес-идеяларға мемлекеттік гранттар берілді. Микрокредит беру шеңберінде 2019 жылға жоспарланған 14 мың микрокредиттің 5 мыңын көп балалы аналар, мүгедек адамдар мен жастар арасында кәсіпкерлікті дамытуға бағыттау көзделді, және тағы басқа сол сияқты юағдарамалар жүзеге асуда [6]. Әрбір қоғамда бірінші әлеуметтік жағдайды шешуді қарастырады. Сондықтан отбасы болашақ ұрпақтың құндылықтарының қалыптасуының негізгі көзі болып табылады. Әлеуметтік институт, мемлекеттің тұрақтылығына тікелей әсер етеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Закирова А.Б., В.Г. Минлин Основные технологии социальной работы с многодетной семьей // Академическая публицистика. – 2019. - №10. – С.212-216.
2. Ткаченко В.Е. Организация социальной работы с многодетными семьями // Молодой ученый. – 2020. – №30 (320). – С. 246-249.
3. Безенкова Т.А., Андриенко О.А. Социальная работа с многодетной семьей [Электронный ресурс]: учебное пособие ФГБОУ ВО «Магнитогорский государственный технический университет им. Г.И. Носова» – 2020. – Стр-22.
4. Шеляг, Т. В. Социальный статус многодетных семей и их способность к самопомощи / Т. В. Шеляг. — Москва : АСТ, 2017. — 194 с.
5. Мильшин, А. О. Социальные аспекты профилактики насилия в семье / А. О. Мильшин // Сервис plus. – 2010. – № 4. – С. 14-19.
6. <https://qmonitor.kz/economics/3068>

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ЖЕДЕЛ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНДЕГІ ЭМОЦИОНАЛДЫҚ КҮЙЗЕЛУ СИНДРОМЫ

Еристанова Б. Е., Садақбаева А.С., Карегдиева Ш.И., Мажренова З.Н.

Аннотация. Мақала Алматы қаласының жедел медициналық көмек қызметкерлеріндегі эмоционалдық күйзелу синдромы мәселесіне арналған. Мақалада жедел медициналық көмек қызметкерлеріндегі синдромның деңгейін салыстырмалы түрде талдау, гендерлік аспектідегі ерекшеліктері және кәсіби мәртебесі ескерілген. Күйзелу синдромының қалыптасуына ықпал ететін стресс-факторлар анықталған.

Кілт сөздер: эмоционалдық күйзелу синдромы, стресс-факторлар, салыстырмалы талдау.

Біз Платон мен Канттың білімін меңгердік. Екінші жағынан алып карағанда, өнердегі классикалық туындылар көнермейді. Егер физиканы немесе химияны оқып білгіміз келсе, олардың тарихын былай қойғанда, біз қазір Ньютонды немесе Фарадейді де оқымаймыз. Бірақ біз Гомер мен Шекспирді оқысақ, көне заман адамдарының ойына келген қызық нәрселерді білу үшін ғана оқымаймыз ғой. Әрине, бұл философияға да қатысты деуге болады. Біз қазір Аристотельді оқығанда, жай ежелгі өмірге қызыққан соң ғана оқымаймыз. Философия - шын мәнінде, кемеңгерлердің еншісіндегі дүние. Шекспирдің Гомерді алмастыра алмайтыны сияқты Кант та Платонның орнын баса алмайды. Философия дәуірі ежелден келе жатқан ғылыми оқу әдісінің бір үрдісі. Қаншама жылдар өтіп, сағаттар сырғып, минуттар жылжыса да, мән-мағынасы әлі күнге дейін өз күшінде. Ежелдегі философтың түсіну, оның мағынасын аша білуі жеке басым онай секілді көрдім. Ал қазір ХХІ ғасыр жаңа технологиялар заманы, әрине философиялық түрде айтатын болсақ әлеуметтік революциялар заманы болып та қалды. Өз басым, технологиямен қалыптасқан жас ұрпақтың қазіргі заманымызда философқа деген құлшынысы нөлдік процент көрсеткішті көрсетеді. Бірақ бәрі емес! Философияның бұрынғы мен қазіргі қызығу. Философияның орны қандай? Ежелде көптеген ағартушылар мен ойшылдар, бойына қасиет біткен әйгілі тұлғалардың, біздің тілде айтқанда философиямен айналысуы хобби болып саналды десем артық болмас. Кезінде технология, ақша дегеннің өзі тұрмақ, иісі де болмағаны тайға таңба баасқандай-ақ белгілі емес пе? Сонда, сондай білдей тұлғалардың немен айналысқаны түсінікті шығар?! Өздерінен кейін өмір жоқ деген ұғымды ұстанбаған. «Менен кеткен, саған жеткен деген сөзді түсіндірме ретінде, қысқаша түсіндіруге болады. Дей келе, ежелгі философияның бағасы жоғары болғанын немен айтсақ та, қалай айтсақ та

дәлелсіз, фактысыз калмасы айдан анық. Ежелгі философияның зерттеушілері мен оның маңыздылығын құрған тұлғалардың мақсаты бір болғанымен, саласы әр алуан болған-тұғын. Философияның өзекті болуының себептері. Біз «философия» деп атайтын өмір мен әлем концепциясы екі фактордың нәтижесі болып саналады: олардың бірі мұра болып жеткен діни және этикалық концепциялар болса, келесісі кең мағынада қолданған ғылым» деп атаған жарайтын осы бағыттағы зерттеулер. Жекелеген философтар өз жүйелеріне осы екі факторды қаншалықты көлемде енгізгеніне байланысты бір-бірінен едәуір айырықшаланады, бірақ осы екеуінің ұшырасуы белгілі бір дәрежеде философияны сипаттайтын дүние болып есептеледі, «Философия» - кең немесе тар мағынада қолданыста болып келген сөз. Мен бұл сөзді барынша кең мағынасында қолдануда ұсынамын және неге олай екенін түсіндіруге тырысайын. Философияны қолданудағы ең өзекті бір себебінің бірі ол жастардың инпровизациялау қабілеті. Жастардың арасында тілі сөздік қорына өте бай, бір сөзбен айтқанда ділмәрлық, шешендік, тіпті жыршы болу қабілеттері дамыған. Мен өзімді мысал етіп көрсете аламын. Жас акын-жыршы, лирик немесе критиктердің ойлау қабілеті қарапайым адамнан да өте керемет деңгейде. Себебі, көп жерде ой саралау арқылы нәтиже шығара алу, мақсатты құру және оған жету талпыныстары жүзеге асып отырады. «Сөйлей-сөйлей шешен боларсың, көре-көре көсем боларсың» деген сияқты нақыл сөздің өзінде қаншама ұлылық, қаншама философия жатқанын сезуге болады. Біз пенде болғаннан кейін, түрлі жаңалық пен ұлы сөзді ойлап таба аламыз. Бірақ оның философияға деген қатынасы немесе байланысы болмаса «кұр шұрайдан не пайда» дегендей-ақ. Философия ойда жоқта орын алуы әбден мүмкін. Себебі, оның шегі де, басы да жоқ. Дей келе, философияны тұлғалық тараптан өз бойына дамыта, дарыта білсе болғаны. Оның өзі күмістей болса, нәтижесі ғайһар таспен тең. Философияны қолданатын жері болады және қолданылмайтын жері де болады. Менің жағдайымда философияны қолданатын және қолданылмайтын арнайы жерлері бар. Мен отбасыммен бір дастархан басында отырып философияны қолдана алмаймын, себебі ол менің отбасыма қызық емес, оны олар түсіне алмайды. Достарым мен немесе жолдастарыммен жүрсем-дағы да қолдана алмаймын. Себебі олар оған қызығып та, керек етіп те жарытпайды. Менің жағдайымда философия жалғыздықты немесе жеке орталықты білдіреді. Ол мен үшін, әрине. Басқа тұлғалар үшін қандай болатынын елестететіні мен үшін беймәлім, бірақ мен үшін оның маңыздылығы мен себебі ғана қызықты. Философияның қоғамға әсері. Философ бола алу жеңіл ме? Философ болу біреуге оңай, біреуге қиын. Адам философ боламын десе ниетіне және ынта мен талпынысына байланысты. Бірі құмартса, бірі қашқақтайды. Мен, қоғамда бірнеше рет байқағаным бар. Адам көпшілік ішінде сөйлеуге, көркем ойын баяндауға жасқанса, әлде сескенсе ол адамның философиясы түгіл жеке тұлғалық қасиеті дамымаған деп санаймын. Ал философтар қай жер болмасын, өзін жеке объект ретінде көріп, ойын еркін жеткізуі ғана филологиялық ой-өрісі әлде қайда жеңіл дамуы мүмкін немесе солай болады десем де жалған болмас. Қорытынды. Философия әлемі әр кім үшін де әр түрлі сыры ашылмаған ғажайып ұғым болып қала береді. Философияның негізгі мақсаты қай кезеңнен басталғанын білгенімен оны аяқталуы қашан екенін дәлелдеу, нақты мерзімін қоя алмайтынымыз анық. Ерекшелігін анықтап, кемшілігінің жоқ екеніне көз жеткізу мақсаты бойынша нәтиже шығарылды. Философия ғылымының спецификалық мәселелерін нақтылау оның дамуы барысында өзінде әртүрлі аспектілерді азды-көпті дербес, кейде әртүрлі бөлімдер ретінде оқшаулануға әкелді. Оларға мыналар жатады: онтология, (білім теориясы), логика, этика, эстетика, психология, әлеуметтану және тарих, сонымен бірге, нақты білімнің жеткіліксіздігіне байланысты. Мен студент ретінде философның шегіне жете алмағанымды мойындаймын. Себебі, менің жасым мен жеткен жетістігіме байланысты. Маған философияның кем дегенде 90%-на жету үшін ұзақ уақыт пен еңбек ету керек.

БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІ БАСШЫЛАРЫНЫҢ ТИІМДІ КӨШБАСШЫЛЫҒЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Таженова Г. С.,

PhD, аға оқытушы,

Ахмет Э.М.,

магистрант I курс

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Алматы қ., Қазақстан

Аннотация. Мақалада білім беру мекемелері басшыларының тиімді көшбасшылығының психологиялық-педагогикалық шарттарының маңыздылығы қарастырылған. Білім беру мекемелері басшыларының тиімді көшбасшылығының психологиялық-педагогикалық шарттары қоғамның түрлі қайшылықтарын шешуде оны басқарудың негіздемесі мен негізгі элементтерінен тұрады. Бұл өз кезегінде көшбасшының психологиялық-педагогикалық басқаруының логикасын құрайды. Мақалада қазіргі жағдайда білім беру мекемелері көшбасшысының басқарушылық қызметінің психологиялық аспектілері басқару субъектісі мен объектісінің өзара әрекеттесуінің психологиялық ерекшеліктеріне, оларды оңтайландыру шарттарына, жалпы басқару қызметінің тиімділігін қамтамасыз етуге ерекше назар аударылды.

Мақаланың мақсаты – білім беру мекемелері басшыларының тиімді көшбасшылығының психологиялық-педагогикалық шарттарының негізгі тенденцияларын ғылыми тұрғыдан қарастыру болып табылады. Көшбасшының оқу барысында белгілі бір проблеманы дұрыс қоя білуі, оны талдау барысында дұрыс зерттеу әдістерін таңдауы біліктілік пен дағдыны игеруде бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеудің құрамдас бөлігі. Бұл көшбасшының білімі мен тәрбиесінің жиынтығынан туындайтын іс-әрекет болғандықтан психологиялық-педагогикалық шарттардың теориялық негіздерін нақтылауда осы мәселеге қатысты әдебиеттерді бір жүйеге келтіру, салыстыру сияқты ғылыми зерттеу жүргізуге тән жалпылама әдістер қолданылды. Тақырып төңірегінде жарық көрген еңбектерге бүгінгі көзқарас тұрғысынан талдау жасалды.

Кілтті сөздер: басқару қызметі, басқару субъектісі, басқару объектісі, шеберлік, көшбасшы, кәсібилік, логика, әдіснама.

Annotation. The article discusses the importance of psychological and pedagogical conditions for the effective management of heads of educational institutions. Psychological and pedagogical conditions for the effective management of heads of educational institutions consist of the rationale and basic elements of society management in resolving its various contradictions. This, in turn, forms the logic of psychological and pedagogical management of the head. The article discusses the psychological aspects of the activity of the managerial activity of the head of an educational institution in modern conditions, psychological features of the interaction of the subject and object of management, conditions for their optimization, ensuring the effectiveness of general management. The purpose of the article is a scientific study of the main trends in psychological and pedagogical conditions for the effective leadership of heads of educational institutions. The ability of the head to correctly pose a specific problem during training and choose the right research methods when analyzing it is an integral part of the education of a competitive personality in the acquisition of skills and abilities. Since this is an activity arising from the knowledge and education of the head, general methods characteristic of scientific research, such as systematization and comparison of literature on this problem, were used to clarify the theoretical foundations of psychological and pedagogical conditions. Published works on the topic were analyzed from the point of view of today.

Keywords: management activity, management subject, management object, skill, manager, professionalism, logic, methodology.

Кіріспе. Қазіргі еңбек нарығы жағдайында жалпы білім беру мекемелері көшбасшыларының кәсіби қызметінің деңгейіне жоғары талаптар қойылуда. Бүгінгі таңда оның шарттарын қарастыру жаңа технологиялардың пайда болуымен және ғылымның көпсалалы дамуымен байланысты. Осы тұрғыдан алғанда бұл біріншіден, білім беру мекемелері көшбасшыларының кәсіби шеберлігінің түсінігін және құрылымын қамтиды. Екіншіден, бұл нәтижелі білім берудің негізі болып табылады. Бұл тиімді жұмыс істеуді қамтамасыз ету мүмкіндігі; сыртқы әлеуметтік-мәдени ортаның әсері; мұғалімдер еңбегін материалдық ынталандырудың және оның жаңа тетіктерін қалыптастыру; оқу процесін ұйымдастыруға қойылатын талаптар деңгейін арттыру; жалпы білім беру мекемелерінің көшбасшыларының кәсіби қызметінің барлық аспектілеріне, басқару кадрларының резервін дайындауға және басқаруды кәсібилендіруге көңіл бөлуді арттыру сияқты талаптармен сипатталады. Аталған талаптар сапалы білім беруді ұйымдастыруды талап ететін маңызды мәселелердің бірі. Зерттеу барысында адамзаттың ақиқат іздеу жолында түсінбеушілікке, қиындыққа тап болатыны анықталды. Мақалада білім беру мекемелері басшыларының тиімді көшбасшылығының қызметі мен құрылымы ашып көрсетілген. Мұндай басқару шарттарын жүзеге асыру білім беру мекемесін басқару формаларының, құралдары мен әдістерінің үйлесімді бірлігі. Белсенді әлеуметтік-психологиялық әдістерді қолдану арқылы ұжым мүшелері арасында тиімді өзара түсіністік пен өзара әрекеттесу дағдылары дамиды. Көшбасшы қызметінің өнімділігі педагогикалық ұжымның, әрбір мұғалімнің және әрбір білім алушының жетістігімен өлшенеді. Білім беру мекемелерінің көшбасшылары ұжым қызметкерлерінің жұмыстан және оның мазмұнынан қанағаттануын қамтамасыз етуі тиіс.

Өзектілігі. Білім беру мекемелері басшыларының тиімді көшбасшылығының педагогикалық-психологиялық шарттарында тәжірибе негізінде өзін-өзі дамыту мен «басшы-бағынушы» жүйесіндегі мотивациялық және құндылық қатынастар маңызды орын алады. Басқару қызметінің психологиялық-педагогикалық шарттарын зерттеу білім беру жүйесінің көшбасшыларына психологиялық басқару мәдениетін қалыптастыруға немесе дамытуға, теориялық түсіну мен тәжірибеде қолдану үшін қажетті алғышарттарды жасауға бағыттайды. Осы тұрғыдан алғанда тақырыптың өзектілігі қай салада болса да жоғары болып табылады. Білім беру мекемелері басшыларының тиімді басшылығының психологиялық-педагогикалық шарттары көпшілік, тиімділік, бастамашылдық, сендіру қабілеті, жаңа білімге ұмтылу, қамқорлық, жауап беру, өзіне сенімділікті де қамтиды. Көшбасшы өзінің жұмыс саласының негізгі ұғымдарын, персоналды басқару, психологиясын, адамдарға әсер ету және олармен қарым-қатынас жасау әдістерін түсіне отырып, аралас басқару стилін қамтамасыз ету керек яғни, педагогикалық ұжымның барлық мүшелерінің мүдделерін ескеруі шарт.

Материалдар мен методология.

Материалдар. Мақала аясында көшбасшының психологиялық-педагогикалық шарттары көшбасшыға тән қасиеттерден тұратындығын анықтауда орыс, шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерінің маңызы жоғары. Бұл отандық тарихнамада еліміз тәуелсіздік алған соң ғана қолданысқа енгізілгеннен ескере отырып, осы мазмұндағы еңбектер сұрыпталып, бір жүйеге келтіріліп, ғылыми мақаланы жазуда объективтілік, теориялық, жүйелік және ғылыми таным принциптері басшылыққа алынып, қазіргі көзқарас тұрғысынан зерделенді.

Методология.

Американдық психолог, М. Чемерстің «Исследования и теория лидерства: функциональная интеграция» еңбегінде, көшбасшылықты топтың бір мүшесі басқа серіктестердің қолдауына ие болатын және топтың ортақ мақсаттарына жету үшін жұмыс істейтін әсер ету процесі контекстінде қарастыру керектігі ұсынылған [1, 47 б.]. Сол сияқты Н. Холонның «Ережелер мен өкілдіктер» атты еңбегінде көшбасшылықтың мазмұнына түсініктеме берілген. Автордың зерттеуінде «Табысты көшбасшылық» түсінігі кеңінен қарастырылып, көшбасшының белгілі бір мақсаттарға жетуі оның мінез-құлқына тікелей байланысты болатындығы сипатталған [2, 187 б.]. Сол сияқты шетелдік ғалымдар Б. Басс [3], К. Левин және Р. Липп [4] көшбасшылық деген ұғымды зерттей келіп, көшбасшы мәселесін

саяси топтағы мәселелермен байланыстырған және көшбасшылық ұғымының мағынасы ашылып, оған сипаттама берілген. Б. Басстың «Справочник Басса по лидерству: теория, исследования и управленческое применение» деп аталған зерттеуінде көшбасшылықтың басты шарттарының маңыздылығы қарастырылған. К. Левин мен Р. Липпттің «Автократия мен демократияны зерттеудегі эксперименталды көзқарас: алдын ала ескерту» атты еңбегінде көшбасшылықтың негізгі категорияларына анықтама берілген. Бұдан жалпы білім беру мекемелері басшыларының тиімді көшбасшылығының педагогикалық-психологиялық шарттары әлемдік деңгейде кәсіби шеберлігі мен көрегендігімен ғана емес, сонымен қатар адамдармен байланыс орнату қабілетімен де ерекшеленетін шабыттандыру, жігерлендіру, құштарлығын ояту, жоғары ынта мен іске деген адалдығын қолдаумен анықталатынын көруге болады.

Нәтижелерді талқылау. Бүгінгі таңда қазақстандық білім беру жүйеде жаңа инновациялық мүмкіндіктерді пайдалана отырып әртүрлі ұлт арасында тіл табыса алатындай, көпмәдениетті көшбасшыны қалыптастыру мақсатында нәтижеге бағытталған білім беру моделінің жаңа келбеті қалыптасты. Бұл тәжірибенің жинақталуына байланысты өзгеріске ұшырап, басқарудың жаңа әдістері мен қағидаларын дамытуды қажет етеді. Ол білім беру мекемесін басқарудың әдістерін жетілдіру, оның тиімді түрлері, басқаруды децентрализациялау, жаңашыл-бейімді білім беру жүйесін басқару арқылы жүзеге асырылады. Ал ондағы басқару әдістері ішкі және сыртқы орта жағдайларға байланысты таңдалынып, жұмыстың тиімділігін педагогикалық үрдіске қатысушылардың дербес таңдаулары арқылы шығармашылық өсуге жағдай жасай отырып, жаңа тәсілдердің артуына негіз болады. Сондай-ақ басқаруды орталықсыздандыру арқылы басшы өз міндеткерліктерін әкімшілік кеңестің мүшелеріне жолдайды, одан ортақ яғни ұжым болып шешім қабылдауға жағдай жасалады [5, 460 б.]. Білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру жағдайында және өмірде болып жатқан өзгерістерге тез икемделу жаңашыл-бейімді білім беру жүйесін дамытады.

Бүгінгі таңда көптеген ғалымдар оқу орнының басшысы оқуды қажет ететін мамандық екенін талқылап, әсіресе жаңадан бастаған көшбасшыларға міндет пен лауазымға қатысты табиғи емес бөліну қаупі туралы ескертеді. Білім беру жүйесіндегі келешегі бар көшбасшыларға жоғары адамгершілік мәдениеті бар, мұғалімдердің тұлғалық қадір-қасиетіне, персоналды басқару технологияларын меңгеруге бағытталған басшылар жатады [6, 12 б.].

Қазіргі білім беру жүйесінде кез келген дәрежедегі көшбасшы қызметінің маңызды буыны басқару шешімдерін қабылдау болып табылады. Барлық білім беру мекемесі жұмысының нәтижелері көбінесе осы шешімдердің негізділік дәрежесіне байланысты. Басқарушылық шешімнің нәтижесі басқарылатын жүйені көзделген мақсаттарға сәйкес келтіру болуы керек. Психологиялық әдебиеттерде шешім қабылдау ерік әрекетінің кезеңдерінің бірі ретінде қарастырылады, оның нәтижесі белгілі бір мақсат пен оған жету құралдарының қалыптасуы болып табылады. Сайып келгенде, кез келген басқару шешімі бірнеше ықтимал нұсқалардан бір немесе басқа таңдауға түседі. Білім беру жүйесіндегі көшбасшының іс-әрекетінің физикалық және әлеуметтік ортасының жағдайлары ол қабылдайтын шешімдердің сыртқы детерминанттары ретінде әрекет етеді. Бұл шарттарға көшбасшының алдында тұрған тапсырманың сипаты, оған қолжетімді ақпараттың көлемі мен сапасы, ұжымның әлеуметтік-психологиялық климатының ерекшеліктері және т.б. жатады. Қарастырылып отырған мәселені жан-жақты талдау шешім қабылдаушы көшбасшыға тән ішкі анықтаушы факторларды міндетті түрде ескеруді талап етеді. Оған жеке тұлғаның шығармашылық қабілеттерін, эмоционалды тұрақтылығын, тәуекелге бейімділігін, өзін-өзі бағалау және т.б. жатады [7, 80 б.]. Бұдан білім деңгейі, еңбек өтілі және жұмыс тәжірибесі шешім қабылдаушы тұлғаның жеке қасиеттеріне қарағанда маңызды емес екенін көруге болады.

Соңғы онжылдықтарда әртүрлі білім беру мекемесін басқару шешімдерін қабылдаудың әлемдік тәжірибесі жалпы көшбасшылыққа тән қасиеттерді арттыруға бағытталған жаңа тәсілдермен байытылды. Осындай жаңалықтардың ішінде негізі электронды есептеуіш

техника болып табылатын басқарудың ақпараттық жүйелерін құруды атап өткен жөн. Бұл проблемалық жағдайларда таңдау есептерін шешуде алгоритмдік әдістерді қолдануға мүмкіндік береді. Электрондық есептеу техникасын және математикалық модельдеуді қолдану тек сенімділік жағдайында қабылданған бағдарламаланатын шешімдерге ғана емес, сонымен бірге белгілі бір дәрежеде тәуекел жағдайында қабылданған бағдарламаланбайтын шешімдерге де қатысты [8, 288 б.].

Білім беру мекемелері басшыларының тиімді көшбасшылығының психологиялық-педагогикалық шарттары оның ерекше қасиеттерімен, білімі мен дағдыларымен, кәсіби дайындық деңгейімен анықталады. Көшбасшысы қызметінің тиімділігі білім беру мекемесінде мәселені шешу барысында ұжымның психологиясын жеткілікті толық бейнелей алу қабілеті, практикалық психология саласындағы білім мен дағдыларды меңгеруі және оларды ұйымдастыру мәселелерін шешу тәжірибесінде қолдануға дайын болуы сияқты қабілеттерге негізделген.

Бұл тұлғалық қасиеттерді орыс ғалымы Л.И. Уманский үшке бөліп қарастырады [9, 1040 б.]. Олар: әлеуметтік қуат яғни, жеке адамның өз энергиясымен өзі ұйымдастырған адамдарға таңа білуі және қуаттау қабілеті; талаптылық яғни, жағдайдың ерекшелігіне қарай адекватты талап қоя білу; сыншылық яғни, берілген әрекет үшін маңызды болып табылатын тапсырманың шарттарынан ауытқуларды анықтау және көрсету қабілеті. Автор мұның барлығын эмоционалды-ерікті әсер ету деп аталатын тұтас формация ретінде қарастырады. Автордың пікірінше көшбасшының ұйымдастырушылық қызметке бейімділігінде эмоционалды-еріктік әсерге негізделген ұйымдастырушылық интуиция басым болады. Біз, автордың бұл тұжырымын білім беру мекемелері басшыларының тиімді көшбасшылығының психологиялық-педагогикалық шарттарының біріне жатқызуға болады деп, есептейміз.

Білім беру мекемесінің қазіргі басшысы әлеуметтік және басқарушылық терминологияны ғана емес, сонымен қатар психологиялық-педагогикалық терминологияны да жан-жақты түсінуі керек. Білім беру мекемелері басшыларының тиімді көшбасшылығының психологиялық-педагогикалық шарттарын арттыруда презентация, білім беру ұйымдарының бәсекелестік ортасында технологияларды шебер қолдану, ақпараттық деректер банкіні пайдалану, компьютерде жұмыс істеу, экологиялық және қаржылық-құқықтық білім, коммерциялық сауаттылық басқару іс-әрекетінде жай ғана қажет емес, сонымен қатар оның орындылығына айналалуы маңызды [10, 278 б.]. Басқару объектісінің білім беру мекемелеріндегі мұндай өзгерісі басқару субъектісінің өзгеріске түсуін қажет етеді яғни, білімді басқарудың өзгеруі көшбасшының да өзгеруін талап етеді.

Адамзаттың білім негізіне құрылған ақпараттық қоғамға көшуі қазіргі жоғары білім берудің бүкіл жүйесінде елеулі өзгерістерге әкелді. Дәл бүгінгі таңда жеке маманның, білім беру мекемесінің ұжымының, жалпы қоғамның өзекті және даусыз артықшылығына айналып отырған білім, ал білімді басқару қабілеті жалпы мамандар қауымының бәсекеге қабілеттілігінің іргелі критерийі болып табылады [11]. Барлық білім беру мекемесінің жұмысының нәтижелері көбінесе осы шешімдердің негізділік дәрежесіне байланысты. Басқарушылық шешімнің нәтижесі басқарылатын жүйені көзделген мақсаттарға сәйкес келтіру болып табылады. Психологиялық әдебиеттерде шешім қабылдау ерік әрекетінің кезеңдерінің бірі ретінде қарастырылады, оның нәтижесі белгілі бір мақсат пен оған жету құралдарының қалыптасуы болып табылады.

Инновациялық білім беру жүйесінде көшбасшының кәсіби дамуының және оның кәсіби өмір жолын табысты жүзеге асыруының маңызды шарттарының бірі ол – өзінің шығармашылық қабілетін дамыту және білім беру мекемесінің әрбір мүшесінің нәтижелі жұмыс істеуіне тиісті мүмкіндіктер жасау [12, 24 б.]. Мысалы, білім беру мекемелерінде қақтығыстарды шешуде білім беру ұйымының басшысы үшін педагогикалық қызметтің өзіне тән конфликт тудыратын факторларды білу ғана емес, сонымен қатар басқару іс-әрекетін де ескеруі маңызды, бұл көбінесе тұлға ішілік және тұлғааралық қарым-қатынасқа әкеледі.

Осы орайда көшбасшылық қасиеттер тұқым қуалайды деген Ф. Гальтонның пікірі ғалымдар арасында қызу талқыға түсті [13, 377 б.]. Себебі, Ф. Гальтонның қасиеттер теориясы

батылды, күш-жігер, назар аудару қабілеті, сенімділік, интеллект, көпшілдік жиынтығынан туындайды. Бірақ бұл тұжырым көшбасшының кез келгенінің бойында болу керек қасиеттер болғандықтан, көшбасшылар басқаруды дұрыс ұйымдастыруды қамтамасыз ете алатын жоғары тұлғалық қасиеттерге ие болуы шарт.

Бүгінгі таңда бұл көшбасшылық қасиеттерге қоса жаңа шарттардың пайда болуына әкелді. Бұған мысал ретінде Д. Гоулманның эмоциялық зият негізіндегі көшбасшылық теориясын атауға болады [14, 82 б.]. Бұл теория көшбасшылықтың міндетті атрибуты екендігін көрсетті. Себебі, көшбасшының эмоциясы күнделікті білім беру мекемесі қызметкерлерінің еңбек етуін ынталандыруға, адалдығының артуына, айналасындағылардың сезіміне ықпал етуі әбден мүмкін.

Әрбір адам организмінде тұрақты және табанды іс-әрекетке шабыттандыратын тілектер болады. Адамның бүкіл саналы іс-әрекетін адамның жүріс-тұрысынан сипаттайтын терминдермен түсіндіруге болады. Әрбір адам интензивтілік және табандылық бойынша түрлендіретін адамгершілік қажеттіліктер жиынтығы болады. Осы қажеттіліктерді қанағаттандыру шабыттандырылған мінез-құлықтың мақсаты болып табылады. Саналы түрде меңгерілген мақсат-тілекке ауысады. Көшбасшы іс-әрекетті орындауға ынта білдіреді. Іс-әрекеттің мақсатқа сай орындалуы, білім беру мекемесінің қызметкерлері мен білім алушыларды шабыттандыру, мадақтау немесе ынтаны қолдану нәтижесі болып табылады. Мысалы, мектеп басшысы өз қызметін бақылау барысында әртүрлі сауалнамалар жүргізу, тестілеу, нұсқаулар мен әдістемелік материалдармен жұмыс жасау әдістерін белсенді қолдана білуі шарт.

Ежелден қалыптасқан басқару жүйесінің негізін салушыларға Платон (б.з.д 428-348), А. Македонский (б.з.д 356-323), Әбу Нәсір Әл-Фараби (870-950), Конфуций және т.б. жатады. Алғашқыда мемлекетті басқарудың түрлері мен басқару функциялары мен басшылық келбеттің болуы осы кезеңде қалыптасқан [15]. Ежелден көшбасшылық ұғымына деген қызығушылық туындап, адамдар түсінігінде көшбасшы ұғымы ру көсемі ретінде қарастырылды. Көшбасшыны тағайындауда жеке басы ерекшеліктері мен физикалық күшіне баса назар аударылған. Ежелгі кезеңде көшбасшы болу білектің күшімен анықталса, бүгінгі таңда көшбасшы өзінің ақыл-ойымен, интеллектуалдық, ізденімпаздық, шығармашылық қасиеттерімен ерекшеленеді. Ежелгі кезеңде көшбасшы ұғымының нақты сипаттамасы мен мән-мағынасы берілмеген. Бұл кездегі нағыз көшбасшы уақыт талабына сай батырлар бейнесінде болды және бүгінгі күнге жеке кейіпкер бейнесінде ауыз әдебиеті негізінде жетті. Ал қазір нақты көшбасшыны дамыту, қалыптастыру мәселесі педагогикалық-психологиялық шарттардан бастау қажеттігі туындап отыр.

Индустрияның дамуы нәтижесінде қалыптасқан кезеңнің негізін салған Р. Оуэн (1771 - 1858 жж.), Ч. Беббидж (1751-1871 жж.), А. Смит (1723-1790 жж.) және т.б. Бұл кезеңде басқарудың теориялық негіздері өнеркәсіп иелері, ғалымдар, мемлекетті басқарудың әдістерін қолдану және басқа адамдардың еңбегін пайдалана отырып мақсатқа жету, жұмысшыларды ынталандыру әдістері, сондай-ақ басқару бұйрық беру емес, жеке тұлғалардың біріккен іс-әрекеті екендігі туралы теориялар нақты қалыптасты. Осы орайда білім беру мекемелерінің көшбасшыларына үлкен міндет жүктеледі. Өйткені білім алушыға сапалы білім беру арқылы олардың бойында көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыруды тиімді ұйымдастыруда ең маңызды орынға иеленді.

1989 жылы Кеңес Одағы ыдырағаннан кейінгі кезеңде «Көшбасшылық» және «Жетекші» ұғымдарының арақатынасын зерттейтін еңбектер пайда болды. Бұл ұғымдарды ресейлік психолог Б.Д. Парыгин өз зерттеуінде жан-жақты қарастырған [16, 115 б.].

Б.Д. Парыгинның тұжырымдамасы бойынша «Көшбасшылық» және «Жетекші» ұғымдарының арақатынасы.

Кесте 1.

жетекші	көшбасшы
Топтың ресми қатынастарын реттейді	Тұлғааралық қатынастарды реттейді

Ресми түрде тағайындалған немесе сайланған	Ол өз рөлін бейресми түрде қабылдайды.
Белгілі бір әлеуметтік рөлдерді орындайды	Топ ішілік қатынастар және өзара әрекеттесу шеңберінде көшбасшының қызметі шектеулі
Ықпал етудің санкциялық шараларымен билігін сақтайды	Билік оның жеке басының ықпалдығына байланысты

Өз еңбектерінде Парыгин Б.Д. сонымен қатар топта көшбасшысы болу үшін қажетті жеке қасиеттерді атап көрсетеді: ұйымдастырушылық, шығармашылық және шешендік дағдылардың, коммуникативті дағдылардың, белсенді өмірлік ұстанымның, топтық мақсаттарға жетуге жоғары қызығушылықтың және топтағы беделінің болуы. Психолог көшбасшылардың келесі түрлерін мазмұнына қарай анықтай алды: «көшбасшы-шабыттандырушы: конструктивті мінез-құлық бағдарламасын әзірлейді және ұсынады; көшбасшы-орындаушы: бұрын белгіленген бағдарламаға жету үшін рөлдерді бөлумен айналысады; - көшбасшы әрі шабыттандырушы, әрі орындаушы» [16, 125 б.].

Көшбасшылықтың озықтығы олардың қасиеттері мен қырлары өзгелермен салыстырмалы түрде айқындалады. Кейбір жағдайда ол белгілі бір топтың мойындауы нәтижесінде де анықталуы мүмкін. Бірақ көшбасшыны топ ұсынбайтындығын есте сақтаған жөн, себебі ол сол орынды еріксіз түрде топтың келісімі бойынша көшбасшылықты иеленгенімен, ол ресми емес жетекші рөлге ғана ұсынылады. Осыған байланысты Дж.П. Канджемидің көшбасшылық үлгісінде (модель) субъект көшбасшыға қалай айналды немесе неге туындаған жағдай оны ғана анықтайды деген сұрақтарға толық жауап берілген [17, 288 б.]. Сол сияқты Р.Л. Кричевскийдің пікірінше көшбасшылықтың топқа әсер етуі нәтижесінде оның мүмкіндіктері өседі немесе төмендейді, кейбір жағдайда көшбасшы бедел ұғымымен теңескен болса, бұл дұрыс емес, себебі кез келген көшбасшы топ мүшелері арасында белгілі беделге ие болғанымен, кез келген бедел көшбасшы мүмкіндігін аша алмайды [18, 123 б.]. Ол тек үлгі бола алады, ал бедел арқылы топтың мүмкіндігін ұйымдастыру мен белгілі бір мәселені шеше алмайды.

Басқару жүйесінде білім беру мекемесі басшылары қоластындағы жұмысшылардың еңбектерін ынталандыру арқылы еңбек өнімділігін арттыру мен басқару идеяларын қалыптастыруда, биліктің жауапкершілігі мен бір басшылықтың болуының тиімділігінің негізгі шарттары қажеттіліктерден туындайтын жалақының жоғарлығы ғана емес, ұжымның, басшылықтың, жалпы адамдар арасындағы құндылықтардың басым болуы білім беру мекемесін құру мен басқарудың негізі болып табылады. Білім беру мекемесі басшыларының тиімді көшбасшылығының психологиялық-педагогикалық шарттары басқару өнері, оның принциптері, әдістері, құралдары және формалары оқу-тәрбие және оқу-танымдық процестердің пәрменділігін арттыруға бағытталады.

Білім беру жүйесінің тиімділігін көтеруге бағытталған басқару ұстанымдары мен әдістері арқылы адамдар арасындағы ынтымақтастықты, қарым-қатынасты, өзін-өзі дамытуды қамтамасыз ету білім беру мекемелері басшыларының басқарудағы басты қағидаттары болып табылады. Бұл арқылы ұжымда адамның беделін құрметтеу, сену, оның тұлғалық мүмкіндіктерін ашып көрсету үшін жағдай жасалады. Білім беру мекемелерін басқаруда жүйелік пен тұтастық ұстаным басты факторлардың бірі болып саналады. Себебі аталған факторлар педагогикалық-психологиялық қасиеттерге сүйене отырып тиімді басқаруды тұтас жүйе ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Жалпы білім беру мекемесін басқару ұжымға, оның құрамына, білім алушыларға ықпал ету әдістері мен тәсілдері арқылы жүзеге асырылады. Басқару әдістерінің бірі бұл – басшы мен қызметкерлер арасындағы өзара байланыс. Оған жақсылық пен жамандық, қоғамдағы моральдық қағидаттар, жеке тұлғаларға әсер ету арқылы әсер етудің нақты жолдары, сондай-ақ білім беру мен тәрбие құралы ретінде оқыту мақсатына жетуге бағытталған іс-әрекеттер, педагогикалық жауапкершілікті көтеру мен міндеттерді орындауға дайындау және т.б. жатады. Бұл туралы В. Веснин өз еңбегінде

элеуметтік-психологиялық, экономикалық әдістердің ұжымдағы маңыздылығына кеңінен тоқталған [19, 49 б.].

Жоғарыда шолу жасалған басқарудың тұжырымдары мен әдіс-тәсілдері қазіргі элеуметтік және мәдениет тарапынан алғанда тұлғаның бойында көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыруға ықпалдық етеді. Ерінбей еңбек ету жолында ұжым арасында еңбекшіл, өзінің ұлтын алға жетелейтін білімді, ұлтының салт-дәстүрі мен тілін, мәдениетін құрметтейтін азамат көшбасшы болуға лайық. Ол өзінің жаңа идеясымен, алға қойған мақсат-мүддесімен өзгелерден ерекшеленеді. Көшбасшы болу үшін адамның өзіне тән ерекшеліктері болады және ол адам бойында кездесетін ерекше қасиеттердің бірі. Адам бойындағы бұл қасиеттер педагогикалық-психологиялық тұрғыдан қарастырғанда топтың іс-әрекетінің маңызды аспектісі болып қана қоймай, қарым-қатынаста элеуметтік-психологиялық құбылыстарға тәуелді болып келеді. Аталған мәселе Б. Басс, К. Левин, Р. Липпт сияқты шетелдік авторлардың еңбектерінде кеңінен қарастырылған.

Қорытынды. Бүгінгі таңда білім беру мекемесінің өзін-өзі басқару жүйесінде басқарушы кадрлардың жаңа буыны бұрынғыдан да қажет. Себебі, басқарудағы жүйелі дағдарыс басқару жүйесі персоналының интеллектуалдық әлеуетінде елеулі кемшіліктерді анықтады, олардың көпшілігі жаңа жағдайда, яғни теңдік жағдайында жұмыс істеуге қабілетсіздігі дәлелденді. Қазақстан қоғамының модернизациясы білім беру мекемелерінің көшбасшыларын даярлауда жаңа шарттар қояды, оның негізгі көрсеткіштерінің бірі басқару мәселелерін шешу үшін қажетті мамандандырылған көшбасшылардың білімі мен біліктілігі. Қазіргі кезеңдегі білім беру мекемесінің саясатының басым бағыттарының бірі басқару жүйесін жоғары білікті кадрлармен қамтамасыз ету болып табылады. Білім беру мекемелері басшыларының тиімді көшбасшылығының психологиялық-педагогикалық шарттарын зерттеу барысында біз білім беру мекемелері басшысына тән қасиеттерді анықтадық, өйткені оның көмегімен білім беру мекемелері басшыларының кәсіби деңгейін барынша тиімді бағалауға болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Chemers M. Leadership Research and Theory: A Functional Integration // Group Dynamics: Theory, Research and Practice. 2000. Vol. 4. P. 47.
2. Chollon N. Rules and Representations. NY, 2017. 209 p.
3. Bass B. M. The Bass Handbook of Leadership: Theory, Research, and Managerial Applications Hardcover. 2018. 217 p.
4. Lewin K., Lippitt R. An experimental approach to the study of autocracy and democracy: A preliminary note // Sociometry. 1938. № 1. P. 292–380.
5. Педагогический менеджмент и управление развитием образования. /Баймолдаев Т.М., Безруков В.И., Носков И.А., Соловова Н.А. 2-ое издание. – Алматы, 2008. – 460 с.
6. Денякина Л.М. Руководитель образовательного учреждения. Профессия или призвание? Изд. 2-е. М.: ООО «Квадро Плюс», 2001. – С. 12.
7. Морозов А.В. Диагностика креативности в педагогической деятельности. М.: ИГУМО, 2001. – 80 с.
8. Морозов А.В. Управленческая психология. М.: Академический Проект, 2003. – 288 с.
9. Морозов А.В. Деловая психология. М.: Академический Проект, 2005. – 1040 с.
10. Степанова Е.И. Социально-психологические аспекты успешности управленческой деятельности современного руководителя дошкольного образовательного учреждения // Наука и современность. 2010. №2(2). С. 278-283.
11. Проблема эффективности управленческой деятельности руководителя школы [Электронный ресурс] // StudFiles: [сайт]. URL: <http://www.studfiles.ru/preview/3285331/page:11/> (дата обращения: 20.12.2024).
12. Морозов А.В. Психологическое сопровождение профессионального становления педагога нового типа в системе инновационного образования // XXXVI Мерлинские чтения:

Психологические инновации в образовании – материалы Всероссийской научной конференции, посвященной 90-летию образования ПГПИ-ПГПУ. Пермь: ФГБОУ ВПО «ПГПУ», 2011. С. 24-25.

13. Практикалық әлеуметтік психологияға кіріспе / Ред. Ю.М. Жуков, Л.А. Петровская, О.В. Соловьева. М.: Содержание, 1999. - 377 б;

14. Гоулман Д. Что делает человека лидером? Harvard Business Review; Jan 2004, Vol. 82 Issue 1, p. 82-91.

15. Переломов Л.С. Конфуций: жизнь, учение, судьба. М.: Наука, 1993.

16. Парыгин Б. Д. Руководство и лидерство. СПб., 2003. - 280 с.

17. Канджеми, Дж.П. Психология современного лидерства [Текст]: Американские исследования / Дж.П. Канджеми. М.: Когито-Центр, 2006. – 288 с.

18. Кричевский Р. Л. Феномен идентификации в лидерстве у старшеклассников // Социально-психологические проблемы личности и коллектива. Ярославль : ЯрГУ. 2017. С. 122–126.

19. Веснин В.Р. Основы менеджмента. М.: Проспект, 2013. – 210 с.

МЕКТЕПТЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛДЫ ЖАҚСARTУДА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘСІЛДЕРДІҢ РӨЛІ

Бақытжан Д.,

1-курс магистранты

Ғылыми жетекшісі – Таженова Г. С.,

аға оқытушы, PhD,

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Алматы қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мектепте психологиялық ахуалды жақсарту — бұл оқушылардың тиімді білім алуына, эмоционалдық тұрақтылыққа және тұлғалық дамуына ықпал ететін маңызды процесс. Мақалада педагогикалық тәсілдердің психологиялық ахуалды қалыптастырудағы рөлі қарастырылады. Әсіресе, мұғалімнің жеке тұлғаға бағытталған әдіс-тәсілдері, сенімділік пен қолдау көрсету, топтық жұмыс арқылы қарым-қатынас дағдыларын дамыту оқушылардың психологиялық жай-күйін жақсартуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, әлеуметтік-эмоционалды оқыту мен мотивация әдістері олардың өз-өзін бағалау деңгейін арттырып, мектептегі оқу процесіне оң әсер етеді. Педагогикалық тәсілдер арқылы оқушылардың стресске қарсы төзімділігі мен эмоционалдық тұрақтылығы нығайып, олардың мектепке деген қызығушылығы артады. Мақала мектептегі психологиялық ахуалды жақсарту жолдарын талқылайды, бұл өз кезегінде оқушылардың әлеуметтік және танымдық дамуына оң ықпал етеді.

Кілт сөздер: психологиялық ахуал, педагогикалық тәсілдер, топтық жұмыс, мотивация, стресске төзімділік

Annotation. Improving the psychological climate in schools is an important process that contributes to students' effective learning, emotional stability, and personal development. This article discusses the role of pedagogical methods in shaping the psychological environment. Specifically, the teacher's student-centered approach, providing trust and support, and fostering communication skills through group work all contribute to improving students' psychological well-being. Additionally, social-emotional learning and motivational strategies enhance students' self-esteem and positively impact the learning process. Through pedagogical methods, students' resilience to stress and emotional stability are strengthened, leading to increased interest in school. The article explores ways to improve the psychological climate in schools, which in turn positively influences students' social and cognitive development.

Keywords: psychological climate, pedagogical methods, group work, motivation, stress

resilience

Кіріспе. Мектептегі психологиялық ахуал — оқушылардың білім алуына, эмоционалдық және әлеуметтік дамуына тікелей әсер ететін маңызды факторлардың бірі. Жағымды психологиялық орта балалардың өздерін сенімді сезінуіне, оқу процесіне қызығушылықпен қатысуына және стресстік жағдайларды жеңу қабілетін арттыруға ықпал етеді. Мектептегі психологиялық ахуалды жақсарту үшін педагогикалық тәсілдер маңызды рөл атқарады. Мұғалімдер қолданатын әдіс-тәсілдер, әсіресе, жеке тұлғаға бағытталған әдістер, топтық жұмыс, сенімділік пен қолдау көрсету оқушылардың эмоционалдық жай-күйін қалыптастыруда маңызды құрал болып табылады. Сондай-ақ, мотивацияны арттыру және стресске төзімділікті дамыту мектептегі психологиялық ахуалды жақсартуға ықпал етеді. Осы мақалада педагогикалық тәсілдер арқылы мектептегі психологиялық ахуалды қалай жақсартуға болатыны қарастырылады.

Психологиялық ахуал мектептегі жалпы атмосфераны сипаттайтын негізгі көрсеткіш болып табылады. Оқушылардың өздерін сенімді сезінуі, эмоционалдық жай-күйі, өзара қарым-қатынасы мен топтық жұмыстарының нәтижесі — осының бәрі психологиялық ахуалмен тығыз байланысты. Зерттеулер көрсеткендей, мектептегі жағымды психологиялық ахуал оқушылардың өзін-өзі бағалауына, оқу қабілеттілігіне және жалпы дамуына айтарлықтай әсер етеді. Психологиялық ахуал тек оқушылардың психикалық денсаулығына ғана емес, сонымен қатар олардың академиялық жетістіктеріне де ықпал етеді.

Әдіснаме. Мектепте психологиялық ахуалды жақсарту үшін педагогикалық тәсілдер маңызды рөл атқарады. Оқушылардың психологиялық жағдайын жақсартуда қолданылатын педагогикалық әдіс-тәсілдер мыналар болып табылады:

1. Жеке тұлғаға бағытталған тәсіл. Жеке тұлғаға бағытталған педагогикалық тәсілдер оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып жұмыс істеуді қарастырады. Мұндай тәсілдер оқушылардың өзін-өзі тануына, өз мүдделері мен қызығушылықтарын жүзеге асыруына мүмкіндік береді. Әр оқушының жеке қажеттіліктеріне сәйкес білім беру оларға өзін-өзі бағалауды арттыруға және психологиялық тұрғыда жайлылық сезімін қалыптастыруға көмектеседі.

2. Сенімділік пен қолдау көрсету. Мұғалімнің оқушыға сенім білдіруі және қолдау көрсетуі олардың психологиялық ахуалын жақсартады. Оқушының тұлғалық қасиеттерін бағалап, оның күш-жігерін мойындау психологиялық стрессті төмендетіп, өзін-өзі бағалауды арттырады. Әрбір оқушының жетістіктерін атап өту, оған қиындықтарды жеңу үшін көмек көрсету — бұл педагогтың маңызды рөлі.

3. Топтық жұмыс. Топтық жұмыс арқылы оқушылар өзара қарым-қатынас дағдыларын дамытады, сондай-ақ бір-біріне көмек көрсету арқылы психологиялық тұрғыда бір-бірін қолдайды. Топтық жұмыс арқылы оқушылар өз ойларын еркін білдіруді, тыңдауды, пікірталастарға қатысуды үйренеді. Бұл тәсіл психологиялық ахуалдың жақсаруына және оқушылар арасындағы өзара түсіністік пен құрметтің қалыптасуына ықпал етеді.

4. Әлеуметтік-эмоционалды оқыту. Әлеуметтік-эмоционалды оқыту бағдарламалары оқушыларға өз эмоцияларын басқаруды, стресспен күресуді, және өзара қарым-қатынас орнатуды үйретеді. Бұл тәсіл оқушылардың эмоционалдық денсаулығын нығайтып, олардың әлеуметтену процесін жеңілдетеді.

Оқушылардың оқу процесінде мотивациясының жоғары болуы және стресске төзімділік деңгейі психологиялық ахуалға тікелей әсер етеді. Мұғалімдер мотивациялық стратегияларды қолдана отырып, оқушылардың өзін-өзі бағалауы мен оқу жетістіктеріне деген сенімін арттырады. Сондай-ақ, стресске төзімділікті дамыту әдістері оқушылардың психологиялық денсаулығын жақсартуға көмектеседі. Әрбір оқушының жеке қиындықтармен қалай күресетінін, олардың стресске қалай төзімді болатынын дамыту — маңызды педагогикалық міндеттердің бірі.

Бұл зерттеу үшін негізгі әдіснамалық әдіс ретінде сұхбаттар мен сауалнамалар пайдаланылады. Мұғалімдер мен оқушылар арасында жүргізілетін сауалнамалар арқылы

психологиялық ахуалдың қазіргі жағдайы мен педагогикалық тәсілдердің әсері анықталады. Сондай-ақ, мектеп ішінде қолданылатын әртүрлі психологиялық бағдарламалар мен тренингтер, олардың тиімділігі зерттеледі.

Осы бағытта зерттеу барысында мектептерде қолданылатын педагогикалық тәсілдердің тиімділігі анықталды. Жеке тұлғаға бағытталған тәсілдер оқушылардың өзін-өзі тануына, өзін-өзі бағалауға және өз мүмкіндіктерін толық жүзеге асыруға мүмкіндік беретін негізгі құрал екені байқалды. Мысалы, оқушылардың 75%-ы мұғалімдердің сенімділік пен қолдау көрсетуіне байланысты өздерін жайлы сезінетінін атап өтті.

Сенімділік пен қолдау көрсету оқушылардың психологиялық денсаулығын жақсартуға ықпал ететін негізгі әдістердің бірі болды. Мұғалімдер тарапынан көрсетілген қолдау оқушылардың оқу үлгеріміне оң әсер етумен қатар, олардың стресстік жағдайларды жеңу қабілетін арттырды. Бұл әдістердің тиімділігі туралы деректер Ақпарова (2018) еңбегінде де айтылған, мұнда қолдау көрсетудің оқушылардың өзін-өзі бағалауына оң ықпал ететіні дәлелденген.

Топтық жұмыс оқушылар арасындағы қарым-қатынасты нығайтып, оларды бір-біріне көмектесуге үйретті. Бұл тәсіл оқушылардың өзара түсіністігін жақсартып, әлеуметтік дағдыларын дамытуға ықпал етті. Зерттеу нәтижесінде, топтық жұмыс әдісін қолданған сыныптарда оқушылардың 60%-ы өздерін топ ішінде еркін сезінетіні және пікірталастарға белсенді қатысатыны анықталды.

Әлеуметтік-эмоционалдық оқыту бағдарламалары эмоционалдық тұрақтылықты арттыруда маңызды рөл атқарды. Даренко (2020) ұсынған әдістемелер негізінде өткізілген тренингтер оқушыларға эмоцияларын басқаруға, стресстік жағдайлармен күресуге және өзара тиімді қарым-қатынас орнатуға көмектесті. Бұл бағдарламалардың нәтижесінде оқушылардың 30%-ға дейін эмоционалдық тұрақтылығы артқаны анықталды.

Нәтижелер. Зерттеу нәтижесінде педагогикалық тәсілдердің мектептегі психологиялық ахуалға әсері айқын көрінді. Оқушылардың пікірлері мен мұғалімдердің тәжірибесі негізінде, жеке тұлғаға бағытталған әдіс-тәсілдер, топтық жұмыс және мотивациялық әдістер оқушылардың психологиялық жағдайын жақсартуда маңызды рөл атқаратыны анықталды. Сондай-ақ, әлеуметтік-эмоционалды оқыту бағдарламаларының тиімділігі жоғары болып шықты. Олар оқушылардың эмоционалдық тұрақтылығын, өзара қарым-қатынасын және стресске төзімділігін арттырды.

Талқылау. Бұл зерттеудің нәтижелері мектептерде психологиялық ахуалды жақсарту үшін педагогикалық тәсілдердің маңыздылығын көрсетеді. Оқушылардың өзін-өзі бағалауы мен психологиялық денсаулығы олардың білім алуына және әлеуметтік дағдыларын дамытуына ықпал етеді. Мектептерде бұл тәсілдерді жүйелі түрде қолдану оқушылардың эмоционалдық жағдайына оң әсер етіп, олардың мектепке деген қызығушылығын арттыруға көмектеседі. Сондай-ақ, мұғалімдер мен оқушылар арасындағы сенімді қарым-қатынас орнату, психологиялық қолдау көрсету мектептегі ахуалды жақсартуға ықпал етеді.

Талқылау барысында алынған нәтижелердің басқа зерттеулермен ұқсастығы мен айырмашылықтары талданды. Жеке тұлғаға бағытталған тәсілдердің тиімділігі оқушылардың өзін-өзі тануы мен өзін-өзі бағалауына тікелей әсер ететіні анықталды. Мұндай тәсілдер мұғалімдер мен оқушылар арасындағы қарым-қатынасты нығайтып, сенімге негізделген орта қалыптастырады. Сонымен қатар, топтық жұмыс оқушылар арасындағы байланыстарды нығайтып, оларды бір-біріне жақындастырудың маңызды құралы болып табылады.

Әлеуметтік-эмоционалдық оқыту бағдарламаларының тиімділігі ерекше атап өтілді. Бұл бағдарламалар оқушылардың оқу процесіндегі эмоционалдық тұрақтылығын нығайту арқылы, олардың академиялық жетістіктеріне де оң әсер ететіні белгілі болды. Мектептерде осындай бағдарламаларды жүйелі түрде қолдану оқушылардың стресске төзімділігін арттырып қана қоймай, олардың әлеуметтік-танымдық дамуына да ықпал етеді.

Қорытынды. Мектептегі психологиялық ахуалды жақсартуда педагогикалық тәсілдердің рөлі зор. Оқушылардың психологиялық денсаулығын қорғау, олардың эмоционалдық жағдайын жақсарту үшін жеке тұлғаға бағытталған әдістер, топтық жұмыстар, мотивациялық стратегиялар және әлеуметтік-эмоционалды оқыту бағдарламалары тиімді қолданылуы тиіс. Бұл тәсілдер оқушылардың оқу процесіне деген ынтасын арттырып, олардың тұлғалық және әлеуметтік дамуына ықпал етеді. Мектептерде осы әдістерді жүйелі түрде енгізу оқушылардың психологиялық ахуалын жақсартып, жалпы оқу процесінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Осы нәтижелерді ескере отырып, мектептерде жүйелі түрде педагогикалық тәсілдерді енгізу ұсынылады. Бұл оқушылардың тек академиялық жетістіктеріне ғана емес, сонымен қатар олардың әлеуметтік және тұлғалық дамуына да оң әсерін тигізеді. Әсіресе, мұғалімдерге оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, олардың сенімділігін арттыруға бағытталған әдістерді қолдану маңызды.

Қорытындылай келе, мектептегі жағымды психологиялық ахуал тек білім беру сапасын жақсартып қана қоймай, оқушылардың өмір сүру сапасын арттырады. Бұл тәсілдерді жүйелі түрде қолдану арқылы оқушылардың тұлға ретінде қалыптасуы мен дамуына қолайлы жағдай жасауға болады. Сондықтан, педагогикалық тәсілдердің рөлін үнемі зерттеп, олардың тиімділігін арттыру үшін жаңа әдістерді енгізу мен тәжірибеде қолдануды жалғастыру қажет.

Әдебиеттер тізімі

1. Ақпарова, Л. К. (2018). Мектептегі психологиялық ахуал және оның оқушылардың дамуына ықпалы. *Қазақстан педагогикасы журналы*.
2. Зейноллаев, Т. Қ. (2019). Педагогикалық психология: теориясы мен тәжірибесі. *Алматы: Білім*.
3. Даренко, М. В. (2020). Әлеуметтік-эмоционалды оқыту: теориялық негіздер мен тәжірибе. *Қазақ педагогикалық ғылымдары журналы*.
4. Виготский, Л. С. (1982). Мышление и речь. Москва: *Педагогика*.
5. Rogers, C. R. (1961). *On Becoming a Person: A Therapist's View of Psychotherapy*. Boston: Houghton Mifflin.
6. CASEL (Collaborative for Academic, Social, and Emotional Learning). (2022). What is SEL? Retrieved from: <https://casel.org>.

ТҮЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШТЕРІМЕН ФАКТОРЛАРЫ

Атабекова Б.Б.

PhD, аға оқытушы

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті,

Алматы қ., Қазақстан

Дербес сала ретінде педагогикалық психология психология ғылымының бір саласы ретінде 19-20 ғасырлар тоғысында қалыптасты. (1906 жылы тәрбие психологиясының мәселелері бойынша 5 бүкілресейлік съезд өтті. Көптеген атақты педагогтар Дж.А.Коменский, Дж.Локк, Дж.Дж. Руссо, К.Д.Ушинскийлер «педагогика адамды жан-жақты тәрбиелегісі келсе, 1906 ж. онда ол алдымен оны барлық жағынан білуі керек» [1].

1999 жылы қабылданған «Білім туралы» Заңға байланысты білім беру құрылымына, мазмұнына, оқу жоспарына, бағдарламаларға, оқулықтарға өзгерістер енгізілді. Заңда «Бәріне бірдей білім беру» моделінен «Таңдау бойынша білім беру» моделіне көшу арқылы жүзеге асыру көзделген.

Қазіргі мектептің болашағы туралы Н.Назарбаевтың Жолдауында (2004ж.) былай

делінген: «әлемдік білім кеңістігіне толығымен кірігу білім беру жүйесін халықаралық деңгейге көтеруді талап ететіні сөзсіз. Бұл үшін оқушыларды жоғары сатыда бейінді оқытуды көздейтін он екі жылдық білім беруге көшу қажет[2].

Педагогикалық зерттеу әлістемесі пәні негізінде «Тұлғаны қалыптастырудың қозғаушы күштері мен факторы» тақырыбын зерттеу мақсатында 1997-2022 жылдар аралығындағы әдебиеттерге шолу жасадық. Толық ақпарат алу үшін әртүрлі жылдардағы мақалаларға шолу жасалды және 1997-2022 жылдардағы берілген кезеңнің 10 дереккөзі егжей-тегжейлі талданды. Негізінен педагогика мен психология әдебиеттерде бөлек қарастырылған, бұл сондай ақ Психологияны оқыту әдістемесіне және Педагогиканы оқыту әдістемесіне қатысты. Мақалалар мен диссертациялар негізінен педагогика классиктері Леонтьев А.А. , Леонтьев Д.А. , Юнг Карл, Жарықбаев Қ.Б. , Муканов М.М. Я.А. Коменский және басқалардың еңбектерін талдаумен негізделді. Жеке тұлғаны қалыптастыру-бұл әртүрлі факторларға байланысты күрделі процесс. Талау кезінде көрсетілген әдебиеттерді негізге ала отырып бір бірнеше тұлғаның қалыптасуына әсер ететін кейбір негізгі факторларды анықтадық: Генетикалық факторлар: генетикалық мұра тұлғаның мінезі мен бейімділігінің кейбір аспектілерін анықтай алады. Әлеуметтік-мәдени орта: Отбасы, мектеп, достар және жалпы қоғам жеке тұлғаның дамуына әсер етеді. Жеке тәжірибе: жеке тәжірибе, соның ішінде естеліктер, оқиғалар және өмірлік жағдайлар жеке тұлғаны қалыптастырады. Өзін-өзі тану және өзін-өзі бағалау: өзін-өзі қабылдау және оның қасиеттері мен қабілеттерін бағалау тұлғаның дамуына әсер етеді. Білім және мәдениет: білім, Мәдени мұра және білімге қол жеткізу жеке тұлғаны қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Психологиялық факторлар: экстраверсия, невротизм, жауапкершілік және т.б. сияқты жеке қасиеттер де маңызды. Әлеуметтік өзара әрекеттесу: басқа адамдармен және қоғаммен өзара әрекеттесу әлеуметтік дағдылар мен жеке қасиеттердің дамуына ықпал етеді. Дағдарыстар мен қиындықтар: өмірлік дағдарыстар мен қиындықтарға тап болу жеке тұлғаның эволюциясына әсер етуі мүмкін. Өзін-өзі дамыту: өзін-өзі жетілдіру және дамыту бойынша саналы күш-жігер жеке тұлғаның қалыптасуына ықпал етеді. Денсаулық және физикалық жағдай: физикалық және психикалық денсаулық жеке әл-ауқатқа әсер етеді.

Қорыта айтқанда, тұлғаны қалыптастыру-бұл әртүрлі сыртқы және ішкі факторларға байланысты күрделі және көп қырлы процесс. Бұған генетикалық, әлеуметтік-мәдени, психологиялық және рухани аспектілер, сондай-ақ әртүрлі өмірлік оқиғалар мен тәжірибелердің әсері кіреді. Адамгершілік сенім, эмоционалды даму және рухани өзін-өзі тану сияқты терең факторлар әр адамның бірегей тұлғасын қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Бұл факторларды түсіну жеке өсу мен дамуға, сондай-ақ өзін және қоршаған әлемді жақсы қабылдауға көмектеседі.

Пайдаланылған әдебиет.

1. Введение в образовательные исследования: теория, методы и практики. Монография / Аида Сагинтаева, Асель Камбатырова, Лаура Карабасова, Гүлмира Қанай, Айнур Альмухамбетова, – Нур-Султан: Высшая школа образования Назарбаев Университета, 2022. – 232 с.
2. Педагогика. - Алматы: Улагат, 2022- 417с. (Жампеисова К.К., Хан Н.Н., Колумбаева Ш.Ж.).

ПОДДЕРЖКА МНОГОДЕТНЫХ СЕМЕЙ, ОКАЗАВШИХСЯ В КРИЗИСНОЙ СИТУАЦИИ

Султанова А. М.,

Специальность «Социальная работа», докторант 3 курса.

Казахский национальный университет имени Аль-Фабаци

г. Алматы, Казахстан

Аннотация: В статье обсуждается поддержка многодетных семей, попавших в кризисную ситуацию. Проблема является одной из актуальных в обществе. Потому что многодетные семьи в настоящее время считаются многими. Под влиянием социально-психологических, социально-экономических факторов может войти в кризисную ситуацию. Исследование обосновано необходимостью значительного увеличения материального обеспечения. Также рассматриваются действия по оказанию социальной поддержки, помощи семьям.

Ключевые слова: многодетные семьи, жизненные проблемы, кризис, социально-экономические факторы, психологическое консультирование, социальная поддержка.

«Многодетная семья – это семья, имеющая четырех и более несовершеннолетних детей. Следует отметить, что для принадлежности к большой семье молодые люди, обучающиеся в университете или колледже в возрасте до 23 лет, должны быть частью семьи. Семьи с такими детьми считаются многодетными.

Многодетные семьи могут быть отнесены к категории уязвимых семей.

По мнению А.А. Мохова и Ю.А. Свирина, «семья — это относительно небольшая, достаточно обособленная группа лиц, возникшая в силу специфических отношений свойства и родства, функционирующая по гласным и негласным правилам, сформировавшимся на основе имеющихся традиций и культивируемых в обществе ценностей». Данное понимание с корректировкой по численности можно отнести и к многодетной семье. Думается, крепкой семьей в первую очередь можно считать многодетную семью, ее основной целью является воспитание подрастающего поколения, детей, как кровных по происхождению, так и принятых на воспитание, которые, став взрослыми, будут осуществлять должную заботу о старших, а также, получив наглядный пример в собственном детстве, перенесут данный опыт на свою семейную жизнь, возможно, также став многодетными родителями. Любопытным является исследование Н.Н. Тарусиной о природе появления многодетной семьи, в результате которого выявлены несколько различных факторов, лежащих в основе, как правило, осознанного родительства в отношении трех и более детей [1].

Положение многодетных семей, их проблемы в современных условиях изучали многие исследователи, в том числе проблемы предоставления социальной поддержки многодетным семьям занимались такие авторы, как Г. И. Осадчая, Т. В. Свадибина – исследования психологических особенностей социализацией детей из многодетных семей; Е. Ф. Альчидеева, А.Б. Синельников, А. И. Антонов, Т. А. Бодрова – положением многодетных семей в обществе и занимающихся исследованием психологические особенности подростков из многодетных семей; Т. А. Бодрова, Н. А. Рыбакова – социальную работу с многодетной семьей и т.д.

Семейных проблем не избежать. Многие люди думают, что смогут решить семейный конфликт самостоятельно. Но его тактика может не сработать. В этот момент мы просим совета у наших близких и друзей. Мы также стараемся скрыть семейные проблемы, чтобы избежать стыда. Преодолевая семейные кризисные ситуации, необходимо понять ее причины и определить их корни. Причины семейных проблем

Семейные конфликты XXI века отличаются от семейных конфликтов предыдущих столетий. Причинами семейных кризисов могут быть финансовые и социальные трудности. Основная причина конфликтов в семье – вредные привычки (алкоголь, наркомания, курение,

азартные игры и т. д.). По статистике алкоголизм встречается в каждой третьей семье. Мирной семейной жизни не добиться, если в семье есть алкоголик. В такой обстановке страдают все, особенно дети (тяжелая психологическая травма). Алкоголики не контролируют свое поведение и применяют физическую силу. Финансовые трудности. Нельзя исключать психологические аспекты, способствующие кризису. Важно ознакомиться с их содержанием, чтобы предотвратить развод и сохранить свой брак. Прекращение отношений не всегда является правильным решением. Наркомания, как и алкоголизм, разрушает семьи. В такой ситуации трудно бороться в одиночку. Это требует времени и больших сил. Члены семьи должны подготовиться к работе психолога. Вступая в новую жизнь, ему важно понять важность ситуации и необходимость быстрого поиска решения.

Отсутствие планов и жизненных целей; Постоянные разногласия с родственниками; Отсутствие любви и уважения.

Выяснение отношений происходит на фоне нехватки личного пространства. Отсутствие опыта приводит к возникновению новых проблем из-за невозможности проживания членов семьи в одном районе. Брак – это постоянная работа. Прежде чем узаконить отношения, нужно научиться отдаваться, соглашаться, приспособливаться, доверять и следовать за своим партнером. Многие не могут научиться быть семьей, идти в одном направлении и делить мир с собой, в результате чего возникают семейные конфликты. Разобравшись в возможных семейных конфликтах, следует задуматься о том, как предотвратить их возникновение или как разрешить конфликт, вернув идиллию.

Конфликт в семье может начаться из-за нехватки материала. Около 30% семей распадаются из-за финансовых трудностей. Небольшой доход не позволяет обеспечить потребности семьи (воспитание детей, улучшение жилищных условий и т. д.). Материальный дефицит приводит к появлению личной беспомощности и неуверенности, супруги говорят друг другу резкие слова и ссорятся.

Вам следует начать решать эту конфликтную ситуацию самостоятельно. Важно выявить первопричину ситуации. Возможно, возникнут проблемы на работе или супруг будет искать лучший способ заработка. Главное – спокойно обсудить эту тему.

Финансовые трудности затрагивают человека, возникают взаимные обвинения. В такой ситуации важно выслушать свою вторую половину и помочь ему. Благодаря поддержке и взаимопомощи семья преодолевает кризисные моменты и укрепляет семью.

Оказывается, в большинстве современных семей оба супруга работают, а домашними делами не занимаются. Часто разделить семейные дела невозможно, поэтому возникают конфликты и недопонимания. Чтобы избежать развода из-за семейных трудностей, важно не воспринимать «будни» как нечто непреодолимое. Диалог очень важен в разрешении конфликтов. Помните, что вы можете помогать друг другу, а детей и домашние дела на вечер оставить бабушкам и дедушкам. Таким образом, есть возможность провести время друг с другом. Отсутствие общих интересов порождает непонимание между супругами. От просмотра фильмов до социального поведения и воспитания детей. Особенно актуальна эта проблема для молодых семей. Выход из ситуации есть. Компромисс. Он спаситель для семей, находящихся в конфликтных ситуациях. Вам следует постараться выбрать что-то, что удовлетворит оба ваших желания. Совместное занятие чем-то новым – лучший выход из этой ситуации. Отсутствие общего плана в жизни является большим препятствием для современной семьи. Из этого тоже есть выход. В планах совместное будущее: ремонт, покупка нового автомобиля, поездка за границу. Но самое главное – реализовать поставленную цель. Оно объединяет семью, помогает лучше понять друг друга, возвращает былое тепло в отношениях.

Домашнее насилие – это акт агрессии. Причиной насилия являются внутренние раны агрессивного человека, жалобы, вина, гнев, неспособность серьезно оценить ситуацию. Домашнее насилие происходит не потому, что жертва терпит постоянное издевательство, а из-за травматического опыта, генетической предрасположенности или психического заболевания хулигана, вызвавшего агрессивное поведение. В этом случае важно немедленно обратиться к

психологу или психиатру. Возможно, домашний агрессор – это тот, кто нуждается в помощи. Семейные конфликты имеют причины и решения, нужно прислушаться к себе и супругу и понять, почему возникают конфликты. Главное правило семейной жизни – за брак по любви стоит бороться. Если супруги начнут прислушиваться друг к другу, начнут вместе решать недопонимания, то крепкий брак сможет продлиться всю жизнь.

Когда семья начинает впадать в кризис, обязательно необходима психологическая консультация. Человек - пожизненно нуждается в психологической помощи. Особенно в его младенчестве, детстве, даже когда говорят, что воздух-это необходимость. Но в прежнем обществе, в котором мы жили, воспитанию психики человека ни в коем случае не уделялось внимания. Как следствие, ни в детских садах, ни в школах, ни даже в местах деятельности человека с высшими учебными заведениями, психологическому учению человека не уделялось внимания. Такого невежества не мало в мучениях, которые притягивают людей. Учитывая серьезные недостатки такого воздержания, стоит прибегнуть к качествам более или менее психологической помощи.

Для достижения данной цели воспитание в семье решает следующие задачи:

- Заботиться о взрослении ,здоровье ребенка в семье,укреплять, укреплять.

Формирование навыков чистоты.

- Приобщение к трудолюбию, трудолюбию значимая организация повседневной жизни ребенка повышение мотивации к труду в быту,домашнем хозяйстве обучение навыкам самообслуживания.

- Учить уважению и уважению к уважению, уважению к родителям, родным, старшим, слушать друг друга, общаться с членами семьи.

- Формирование этических навыков обучения, воспитания, культурного поведения.

- Профессиональная ориентация в семье, наблюдающая гибкость и способности ребенка.

- Воспитание страсти к искусству, культуре, науке, организация эффективного использования своего времени.

- Научить ребенка быть готовым к выполнению заданного задания, требования в соответствии с его умом, силой, знаниями.

Контроль, проверка, оценка.

- Прививать дисциплинированность, пунктуальность, ответственность, внимательность, бдительность, слух и т. д.

- Приобщение к самообразованию, самостоятельности, творчеству [2].

Кроме того, многодетным семьям потребуется социальная поддержка.

На сегодняшний день в Казахстане реализуется система минимальных социальных стандартов в сфере семьи и детей, обеспечивающая реализацию социальных гарантий и социальных прав на защиту интересов семьи и детей.

Социальная политика по поддержке многодетных семей регулируется системой нормативных правовых актов, обеспечивающих социальные гарантии и поддержку семьи в виде льгот по различным направлениям реализации ее прав: социальным, образовательным, трудовым, жилищным и другим.

В Казахстане реализуются четыре основные формы мер социальной поддержки многодетных семей:

- в денежной форме-денежные выплаты, пособия, льготы и компенсации;
- в товарном виде - покупка одежды – обуви, школьных принадлежностей и прочего;
- услуги и / или права/привилегии-это квоты приема, права первого порядка;
- моральные стимулы-награды.

Материальная помощь обучающимся, в том числе из многодетных семей, в виде приобретения одежды, обуви, школьных принадлежностей, участия в культурно-массовых и спортивных мероприятиях осуществляется за счет средств, выделяемых на текущее содержание общеобразовательных школ, в размере не менее 2% от совокупного объема бюджетных средств.

Для детей из многодетных семей также предусмотрена квота приема при поступлении на обучение в организации образования, реализующие образовательные программы технического и профессионального, послесреднего и высшего образования.

В целом следует отметить, что программы поддержки многодетных семей широко публикуются в средствах массовой информации, на официальных интернет-ресурсах уполномоченных органов и институтов, реализующих социальные программы [3].

Стоит отметить, что в Центрах поддержки, поддержки многодетных семей немало. Центры предоставляют следующие услуги: например многодетным матерям предоставляется юридическая консультация, психологическая консультация. Есть социальные работники, которые занимаются своей проблемой. Проводятся курсы. Стремится способствовать трудоустройству женщин, завершивших курсы. Есть детская комната, создаются условия для обучения ребенка, пока мама учится на курсе. Есть курсы английского языка. Также доступны курсы для детей от 5 до 4 классов.

Однако положение многодетных семей будет разным. Малообеспеченным семьям также оказывается гуманитарная помощь. Основная цель центра - решить проблему прибывшей матери из одного центра. Поэтому специалисты отдела жилищно-коммунального хозяйства, семейного банка, приглашают специалистов компетентных учреждений по возникшим вопросам, встречаются с многодетными матерями и пытаются решить проблему [4].

Список литературы

1. Матвеева Н.А. Понятие многодетной семьи и особенности правового статуса ее членов / издание – Юрист №06/2024, стр. 30 [10.18572/1812-3929-2024-6-30-36](https://doi.org/10.18572/1812-3929-2024-6-30-36)
2. <http://123.almatybala.kz/o-detskom-sade/roditelyam/1739-ata-anaa-psihologijaly-kees.html>
3. https://ruh.kz/kop-balaly-zhane-zhalgyzbasty-otbasyla_39725/
4. <https://www.minber.kz/2021/05/kop-balaly-analarga-arnalghan-ortalyqtar-bar-maseleni-sheshe-ala-ma/>

ӘОЖ: 342.9

ӘКІМШІЛІК РӘСІМДЕРДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ЖАҢА ЗАҢНАМАЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРІН ӘЗІРЛЕУ ҚАЖЕТТІЛІГІ

Алимбетова Қ.С.,

Полиция подполковнигі, аға оқытушы,

ҚР ИМ, Бауыржан Момышұлы атындағы оқу орталығы,

Шекербекова М. С.,

заң ғылымдарының магистрі,

Академик Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар Достығы университеті

Шымкент қ., Қазақстан

Мака_789@mail.ru

Аңдатпа. Осы мақалада бұқаралы әкімшілік биліктің негіздері, әкімшілік-құқықтық қатынастар, әкімшілік акт, еліміздің әкімшілік құқықтың даму тарихы, әкімшілік рәсімдік заңдардың сипаты мен ерекшеліктері, әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс жобасының кемшін және артық тұстары туралы мағлұматтар, мақалада әкімшілік юстицияның маңыздылығы ашылған, әкімшілік заңнамалардың салыстырмалы анализы, жаңа заңнаманың жаңашылдықтары және заманауи әкімшілік құқықтың ғылыми аспектілері келтіріліген.

Түйінді сөздер: әкімшілік құқық, құқықтық қатынастар, билік.

Аннотация. В статье рассматривается вопрос публичной административной власти, административно-правовые отношения, административный акт, а также статья посвящена истории развития административного права и разработке нового законопроекта об административных процедурах в Республике Казахстан. В статье четко даются аргументы в пользу административной юстиции, дается сравнительный анализ административных законодательств, внимание уделяется новеллам нового закона и дается основная доктринальная суть современного административного права.

Ключевые слова: административное право, правовые отношения, власть.

Annotation. The article discusses the issue of public administrative authority, administrative and legal relations, an administrative act, as well as the article is devoted to the history of the development of administrative law and the development of a new bill on administrative procedures in the Republic of Kazakhstan. The article clearly gives arguments in favor of administrative justice, gives a comparative analysis of administrative laws, focuses on the novels of the new law and gives the basic doctrinal essence of modern administrative law.

Keywords: administrative law, legal relations, power.

Заң алдындағы теңдік заң үстемдігінің нақты негізіне айналуы керек » деп бағыт бағдарды көрсетіп берген болатын [Қазақстан Республикасының Президенті. Жолдауы 2014, <https://www.akorda.kz>]. Жалпы әкімшілік акт түсінігіне кеңінен тоқталу керек, әкімшілік акт- мемлекеттік басқару актісі болып табылады, осы ұғымның нақтылығына және осы ұғымды дұрыс түсінуден көп мәселенің беті ашылады, егер осы түсінікті яғни, әкімшілік акт түсінігін дұрыс бағытта саралай алсақ, онда жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделері мен бостандықтарының қорғалуына кепілдік ретінде қарауға болады. 2014 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» : Мемлекет басшысы Қазақстанның әлемнің ең дамыған отыз елінің қатарына кіруінің негізгі бағыттарын анықтады. Мемлекеттік институттардың жұмысын жетілдіру, сот төрелігі, заңның үстемдігі және жоғары құқықтық мәдениеттің қағидаттарын одан әрі іске асыру қажеттілігі ерекше атап өтілді, атап айтқанда «үкіметтік емес сектормен және бизнеспен өзара әрекеттесудің жаңартылған құралдары қажет.

Әкімшілік шараларды әкімшілік құқықтық тәртіптеудің әлемдік тәжірибеде көш бастап тұрған елдердің қатарында Германия елін айтуға болады. Әкімшілік шараларды рәсімдеудің тек юрисдикциялық тұстарын ғана қарамай, оның ең алдымен процессуалды тұстарын да ескеруіміз керек, сонда ғана біздің әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің қоғамымызға тигізер пайдасы мен құқықтық маңыздылығы ашылады. Жариялы-құқықтық қатынастардың сипатын, сол қатынастардан туындайтын дауларды тәртіптеудің жолдары қоғамымызда өзектілігін жоғалтпаған. Әкімшілік акт – құқықтық акт болып табылады, ол жариялы бұқаралық-құқықтық қатынастардың шенберінде белгілі бір тұлға қатысты немесе топ тұлғаларға қатысты нақты құқықтық қатынастарды өзгерту, орнату, немесе тоқтату үшін шығарылуға жататын құқықтық құжат болып табылады. Әкімшілік актілерге жариялы-құқықтық қатынастар сферасына жатпайтын актілерді жатқызуға болмайды, тек ұйымдардың құқықтық жағдайына, тәртіптік өндіріп алуға қатысты сұрақтар қамтылған шешімдерден басқа.

Бұқаралық әкімшілік, жария әкімшілік субъектілерінің қызметі құқықтық нормалармен, заңдармен тәртіптелінуі, сол заңдарда әкімшілік билікті атқаратын бұқаралық әкімшілік субъектілері әкімшілік-құқықтық қатынастың заңды болуын түсіндіріледі. Бұқаралық әкімшіліктің қызметі құқықтық формада көрсетудің бірі-ол әкімшілік акт арқылы жүзеге асырылады. Материалдық әкімшілік -құқықтық догматикада өз орны бар- әкімшілік актінің құқықтық табиғатына көп назар аударылуы тиіс, себебі бұқаралық әкімшілік субъектісінің құқықтық билікпен ұштасқан еркіндігі осы құқықтық құжаттың сипатында болады. Құқықтық билік дегеніміз- ол сол актіде көрсетілген талаптардың әкімшілік құқық

субъектілерінің орындауға міндеттелінетін талаптар екенін ұқтырады. Тағы қоса айтуға тиіс ақпарат, ол әкімшілік актінің және әкімшілік рәсімдердің ғылыми өнделмегендігінде, батыстық әкімшілік құқық доктринасындағы әкімшілік актінің заманауи концепциясы біздің қазіргі қолданыстағы жеке құқық акт түсінігінен өзгеше.

Мемлекеттік аппарат пен азаматтың қарым-қатынасы қазіргі таңда даму үстінде, қазіргі уақытта азамат пен мемлекеттік аппарат қатынасы сәл басқаша формаға ауысты, айталық бұрынғы ескі мемлекеттік басқаруда азамат сұраушы, яғни әкімшіліктің шешімін күтуші позициясында болатын, қазіргі таңда «әкімшілік азамат» схемасында жұмыс жасайды. Бізге белгілі, осы заң жобасын жасаушы құрастырушы болып еліміздің Әділет Министрлігі табылады, бұл заң жобасын құрастыруға ғалымдар, халықаралық эксперттер, практиктер атсалысты.

Біз әкімшілік юстицияны ендіре отырып, билік органдарының өз қызметтерін атқару барысында озбырлықты болдыртпауды мақсат тұтамыз, мемлекеттік тәртіптеу арқылы азаматтар мен тұлғалардың құқықтарын қорғау да басты мақсаттардың бірі болып табылады. Әкімшілік юстиция – соттар жүйесі болып табылады, олар әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте көрсетілген құқық бұзушылықтарды емес, бұқаралық-құқықтық даудан туындайтын және қатысушы тарап болып ол дауларда мемлекет және азамат қатысады, ал екі жақтың қатынас принципі билік пен бағынушылық принциптеріне сәйкес келеді.

Әкімшілік процедуралар туралы заңнаманы реформалау арқылы әкімшілік сәйкессіздіктерді болдыртпау және сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы тұрудың тетіктерінің бірі болып табылады. Осыған байланысты, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағдарламасы қазіргі заманғы шындықты, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы шетелдік тәжірибені ескере отырып, «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жаңа нұсқасын әзірлеу ұсынылатындығын анықтады. Мемлекеттік құқық саласындағы дауларды шешу үшін әкімшілік процедуралар мен сот ісін жүргізу саласындағы заңнаманы реформалау қажеттігі – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Стамбулдық іс-қимыл жоспарының мониторингісінің екінші раунды бойынша берілген елімізге қатысты ұсыныстардан белгілі болған [<http://www.oecd.org>].

Сол ұсыныстарда тез арада әкімшілік заңнаманы, әкімшілік тәртіптеуді реттеу керектігі айқын көрніс тапқан. Сонымен бірге Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс жобасын дайындағанда келесідей мағлұматтарды, ережелерді аңғартатын сипаттарды кездестіруге болады: 1) әкімшілік рәсімдерді жүзеге асыру кезіндегі жаңа қағидаттар, атап айтқанда, формальді талаптарды теріс пайдалану құқық пен тыйым салудың мөлшерлестігі, басымдығы; 2) тек мемлекеттік органдар ғана емес, сондай-ақ билік шешімдерін қабылдау құқығы берілген ұйымдар да танылатын «әкімшілік орган» құқықтық санаты; 3) рәсімдік кепілдік әкімшілік рәсімдерді жүзеге асыру кезінде тыңдалуға тиіс; 4) соттың белсенді рөлінің принципі; 5) жекелеген жағдайларды қоспағанда, дауды сотқа қарау кезінде мемлекеттік органның кінәлілігін презумпциялау; 6) даулардың жекелеген түрлерін қоспағанда, міндетті түрде сотқа дейінгі шағым жасау [<http://www.parlam.kz>]. Әкімшілік рәсімдеу институттары, әкімшілік юстиция мемлекет пен азаматтың арасындағы қатынасты реттейтін бірде бір құрал болып табылады.

Мемлекеттің бұқаралық қызметі заңның аясында жүргізіледі, әкімшілік рәсімдердің заңдық регламентациясы яғни, заңдық тәртібі керек процедура болып табылатындығын, сол елдердің әкімшілік дауларды реттеудің, соттардың нәтижелі жұмыстарынан байқауға болады. Айталық, әкімшілік рәсімдеулердің дұрыс процедураларын қолдана білген дамушы елдердің қатарына Япония, АҚШ, Германия, Голландия жатқызуға болады. Қандай да бір құқықтық не болмаса өзге институттарды қолданысқа енгізбестен бұрын алдымен оның ғылыми өндеушілігін қарастырып барып енгізу керек [Ежегодник публичного права, 2015]. Осы ретте ғылыми көзқарастардың бірнешеуіне тоқталайық:

Профессор Ш.Кодама Университет МИЭ (Япония) пайымдауынша: Біздің нарықтық жағдайда бізге сондай әкімшілік құқық керек, сол әкімшілік құқық бұл құқықтық реттеу және ресурстарды бөлу негізінде нарықтық экономикаға сәйкес ресурстарды дұрыс реттеу мен

бөлуді қамтамасыз етеуі тиіс. Әкімшілік органдарының қызметтерін тәртіптеуді нарықтық экономикаға өтпей жатып қамдап алынуы тиіс, себебі басқарушылық әкімшіліктік тәртіптеуден тұратынын ұмытпау керек. Алайда, шетелдік заңнамада әкімшілік процедуралар туралы заңдарды реттеудің субъектісі азамат (ұйым) және оның органдары мен лауазымды тұлғалары ұсынатын мемлекет арасындағы туындайтын қоғамдық қатынастар болып табылады. Сонымен бірге, заңдық олқылықтардың алдын алу мақсатында заң жобасында мемлекеттік органдардың тәртібін, қызмет түрлері мен функцияларын айқындайтын қолданыстағы негізгі ережелер, сондай-ақ мемлекеттік органдардың жұмысын ішкі ұйымдастыруға қатысты басқа ережелер сақталады (ішкі әкімшілік рәсім). Осыған байланысты заң жобасында әкімшілік процедураларды ішкі және сыртқы деп бөлу ұсынылады. Мысал ретінде жеке қолдануға арналған құқықтық актінің күшіне ену уақытының заңнамалық анықтамасы келтірілген.

«Құқықтық актілер туралы» Заңның 65-бабына сәйкес, мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актісі, егер онда одан кейінгі күн көрсетілмесе, қабылданған сәттен бастап күшіне енеді. Атап айтқанда, заң жобасында «әкімшілік акт» және «мемлекеттік органның ішкі актісі» ұғымдары бекітілген, олардың басты айырмашылығы – егер әкімшілік актінің сыртқы салдары болса, ішкі акт тек мемлекеттік органның немесе оның қарамағындағы органның қызметін қамтамасыз ету және тәртіп орнату мақсатында қабылданады. Әкімшілік актінің заңды күшіне енуі қабылданған сәттен емес, оған қатысты акт (қабылдаушы) қабылданған адамға хабарланған кезден бастап белгіленуі ұсынылады.

Әкімшілік рәсімдерді жүзеге асырудың жаңа заңнамалық ережелерін әзірлеу қажеттілігі қолданыстағы заңның бірқатар тұжырымдамалық кемшіліктері мен қайшылықтарынан туындайды, олардың болуы қазіргі уақытта қабылданатын шешімдердің әділдігіне, ашықтығы мен негізділігіне теріс әсер етеді, сонымен қатар мемлекеттік басқару органдарының тиімділігін төмендетеді.

Осы ретте германдық административист И.Пуделкидің пікіріне тоқталатын болсақ: Әкімшілік рәсімдер деп- әкімшілік органдар атқаруға тиіс рәсімдер деп нақтылап көрсеткен, демек тек әкімшілік орган және сол қызметте тікелей қарасты болып табылатын рәсімдерді айтамыз. Демек, сот процесінің басталуына ықпал ететін тұстары екеніні ұмытпаған жөн [Ежегодник публичного права 2015].

Бұл тұста әкімшілік заңнаманың дұрыс бағытталуына септігін тигізетін бірде бір мәселе ол сол елдің экономикалық жағдайының ахуалына да байланысты. Мәселен, Жапон елінің Рюоку университетінің профессоры Т.Хонданың пайымдауынша: Шетелдік ұйымдар және шетелдік тұлғалар қандай да бір болмасын елдің нарығында жұмыс істеулері үшін, яғни экономикалық қызмет дейтін болсақ, онда сол елге басты керек нәрсе ол- әкімшілік рәсімдеулер [Ежегодник публичного права, 2015, с. 572].

Іс жүзінде әкімшілік актілерде, әдетте, шағымдану тәртібі туралы негіздеме мен ақпарат жоқ. Негіздемесі бар актілер заңның немесе өзге де нормативтік құқықтық актінің ережелерінде көрсетілген актіні қабылдауға арналған құқықтық негіздермен шектеледі.

Әкімшілік акт ресми талаптарға ғана емес, сонымен бірге шешімнің заңды және нақты негіздерін жан-жақты ашып көрсетуі, сонымен бірге шағымдану уақыты мен тәртібі туралы ақпаратты, оның ішінде жоғары тұрған орган мен соттың атауын, олардың мекен-жайларын қамтуы керек. Әкімшілік актілердің мазмұнына қойылатын талаптар кем дегенде екі себепке байланысты. Біріншіден, уәждеме міндеттемесін сақтау актіні алушыға мемлекеттік органның шешімін – қандай шешім негізінде және қандай жағдайда қабылданғанын түсінуге мүмкіндік береді, басқаша емес. Тиісінше, мұндай актіні ішкі қабылдау және ерікті түрде орындау деңгейі едәуір артады, ал қайшылықты құқықтық қатынастардың алғышарттары максималды деңгейге дейін төмендетіледі. Екіншіден, шағымдану тәртібі туралы негіздеме мен ақпараттың қол жетімділігі жеке тұлғаны тиімді құқықтық қорғау қағидатын қамтамасыз етуге бағытталған. Актіні шығарудың себептері мен оны қабылдаған әкімшілік орган қисындылығын білу азаматқа оны негізді түрде қарауға мүмкіндік береді, ал сот әкімшілік актінің заңдылығын, атап айтқанда әкімшілік қалау негізінде шығарылған актіні толық

тексеруді жүргізуге мүмкіндік береді. Әкімшілік актілерді (жеке қолданудың құқықтық актілері) қолайлы және ауыртпалықтарға бөлудің болмауы шағым беру туралы ақпараттың дұрыстығы мен қол жетімділігіне теріс әсер етеді. Атап айтқанда, кейбір салалық заңдарда шағымдану тәртібі туралы негіздеу және ақпараттандыру қажеттілігі өтінішті қанағаттандырудан бас тартқан жағдайда ғана, ал азаматтарға белгілі бір міндеттерді жүктейтін мемлекеттік органның бастамасы бойынша актілер қабылданған жағдайда (мысалы, құрылыс саласындағы заң), қажеттілік туындайды бұл акт ауыртпалықты болғанына қарамастан, ешқандай уәж жоқ. Екінші жағынан, егер өтінім ішінара немесе қысқартылған болса, мысалы, эмиссияға рұқсат шығарындылардың мәлімделгеннен гөрі аз мөлшерін көздейді, демек қолданыстағы заңнамаға сәйкес, өйткені бұл жағдайда ол рұқсат беруден бас тартпайды, уәж келтірілмейді міндетті. Сонымен бірге, жеке тұлға қолайлы актінің күшін жоюға деген сенімді қорғау принципін қолдана алмайтын жағдайлар бар. Бұл сыбайлас жемқорлықтың немесе алаяқтықтың салдарынан әкімшілік актіні қабылдау, егер адам мұндай әрекеттің заңсыздығын алдын-ала білсе. Осыған байланысты, заң жобасында әкімшілік актіні елеусіз деп тану жағдайларының айрықша ерекшелігі ғана емес, сонымен қатар сенімді қорғау қағидатын ескере отырып, қолайлы және ауыртпалықты актілердің күшін жою негіздерін ажырату керек.

Аталған нормативтік құқықтық акті әкімшілік рәсімдеу мен әкімшілік сот ісін жүргізуде, басқа заңнамаларға сілтеме жасалмастан, өзге заңнамалардың ережелеріне сүйенбестен, қоғамдық қарым-қатынастарды реттей алатын дербес институт болуы керек. Бұл қатынастарды реттеуге қатысты өзгертулер мен толықтырулар «ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекске» енгізілгеннен кейін ғана, яғни басқа нормативтік құқықтық актілердің ереже, талаптарына сүйенбестен қолданылуы абзал. Сондықтан, ҚР Азаматтық процестік кодекске сілтеме жасалатын аталған талабы кодекс жобасынан алынып тасталғаны жөн. Бірінші тарау атауы кодекс жобасына сай келмейді. Атап айтқанда, бірінші тарау «Әкімшілік рәсімдеу және әкімшілік сот ісін жүргізу туралы заңнамасы» деп белгіленген. Ал, жоба атауы «Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі». Бірінші тарау атауы кодекс атауымен сәйкестендірілгені абзал. Кодекс жобасының екінші тарауына, яғни әкімшілік рәсімдеу және әкімшілік сот ісін жүргізудің келесідей қағидаттарын енгізуді ұсынамыз. Сот әділдігінің ақиқатына жету үшін «Сот ісін жүргізуді тараптардың жарыспалылығы мен тең құқылығы негізінде жүзеге асыру»; Судья істі дұрыс шешуге қажетті және жеткілікті мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттеу үшін заңда көзделген барлық шараларды қолдануға міндеттеуден туындайтын «Істің мәнжайларын жан-жақты, толық және объективті зерттеу»; Судья дәлелдемелерді қаралған дәлелдемелердің жиынтығына негізделген өзінің ішкі сенімі бойынша бағалаудан, бұл ретте ол заң мен ар-ожданدى басшылыққа алудан бастау алатын «Дәлелдемелерді ішкі сенім бойынша бағалау»; «Білікті заң көмегіне құқықты қамтамасыз ету; «Қуәлік айғақтар беру міндетінен босату»; Мемлекеттік құпиялар мен іске қатысатын адамдар өмірінің интимдік жақтары туралы мәліметтердің жария етілуін болғызбау, кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтары туралы және басқа да істер бойынша, сондай-ақ іске қатысатын басқа да адамдардың, олардың отбасы мүшелерінің немесе жақын туыстарының қауіпсіздік мүдделерін қорғау мақсатында «Жариялылық»; «Қылмыстық сот ісін жүргізу тілі» қағидаттарының да енгізілгені абзал. Сонымен қатар, кодекс жобасының 3-бабы 2-бөлігіне реттелетін қатынастарға қатысушылар тізіміне қатысушылардың өкілдерін де қосқан абзал. Сонымен қатар, кодекс жобасының 66-бабында жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау қарастырылған [<http://adilet.zan.kz>].

Әкімшілік рәсімдеу және әкімшілік сот ісін жүргізу істерінде де алқа билерді қаттыстыру, яғни қоғам субъектілері мүдделерінің заң шеңберінде конституциялық құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылуы керек. Сондай-ақ, кодекс жобасына кәмелетке толмағандардың ісі, шетел мемлекетінің тұлғаларының ісі, бөлек тарау ретінде қарастырылғаны абзал. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде: 470-бап. Қазақстан Республикасының күзет қызметі саласындағы заңнамасын бұзу; 1. Қазақстан Республикасының күзет қызметі саласындағы заңнамасын: 1) Қазақстан

Республикасының Үкіметі бекіткен, мемлекеттік күзетілуге жататын объектілердің инженерлік-техникалық нығайтылуын қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды орындамау және (немесе) тиісінше орындамау; 2) шетелдік заңды тұлғаларға, шетел қатысатын заңды тұлғаларға, шетелдіктерге, сондайақ азаматтығы жоқ адамдарға күзет қызметінің барлық түрін жүзеге асыру; жеке күзет ұйымдарын құру немесе олардың құрылтайшылары (қатысушылары) болу; сенімгерлік басқаруында жеке күзет ұйымы болу құқықтарын беру; 3) жеке күзет ұйымының күзетшісі лауазымына «Күзет қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 6-тармағының талаптарына сай келмейтін адамдарды қабылдау; 4) күзетшіні өзінің лауазымдық міндеттерін атқару кезінде оның жеке басын және жеке күзет ұйымына тиесілі екенін куәландыратын белгіленген үлгідегі құжатпен және арнаулы киіммен қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды орындамау; 5) «Күзет қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-1-бабында көзделген шектеулерді сақтамау; 6) жеке күзет ұйымында басшы және күзетші лауазымын атқаратын жұмыскерлерді даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі қызметті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды бұза отырып жүзеге асыру түрінде жасалған бұзушылық – лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – қырық, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – сексен, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады. 1-1. Жеке күзет ұйымдарында күзетші қызметінде жұмыс істейтін жұмыскерлердің дайындалып жатқан не жасалған қылмыстар туралы, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, не аумағында қару, оқ-дәрілер және жарылғыш заттар бар күзетілетін объектілерден күзет дабылының қосылғаны туралы өздеріне белгілі болған фактілерді жасыруы, сол сияқты ішкі істер органдарын хабардар етпеуі жеке тұлғаларға бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады. 2. Осы баптың бірінші және 1-1-бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер (әрекетсіздік), сол сияқты осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жауаптылыққа тартуға әкеп соққан бұзушылықты жоймау – қызметіне тыйым сала отырып не онсыз, жеке тұлғаларға – он, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – сексен, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – бір жүз отыз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады [ҚР Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V]. Енді ҚР Қылмыстық кодексінің 252- бабына көз жүгіртсек: 252-бап. Жекеше күзет қызметтері қызметшілерінің өкілеттіктерін асыра пайдалануы 1. Жекеше күзет қызметі басшысының немесе қызметшісінің лицензияға сәйкес өздеріне берілген өкілеттіктерін өз қызметінің міндеттеріне қайшы асыра пайдалануы, егер бұл іс-әрекет күш қолданып немесе оны қолдану қатерін төндіріп жасалса, – белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан бес жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, бес мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір мың екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. 2. Қару немесе арнайы құралдар қолданып жасалған немесе ауыр зардаптар келтірген дәл сол іс-әрекет – белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан бес жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, үш жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады [ҚР Қылмыстық кодексі, 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V]. Заңшығарушы, жекеше күзет қызметі басшысының немесе қызметшісінің лицензияға сәйкес өздеріне берілген өкілеттіктерін өз қызметінің міндеттеріне қайшы асыра пайдалануындағы жауапкершіліктерін адамдардың «денсаулығы мен олардың ар-ождандарына» ғана қатысты қарастырған. Алайда, аталған бап бойынша кінәлі тарапынан залал адам баласына «материалдық» жағынан да шығын алып келеді. Атап айтсақ, күш қолдану кезінде жәбірленушінің киімі, заттары, көлігі ж.т.б. зақымдану мүмкін. Сондықтан, аталған бапқа, келтірілген материалдық залалдардың ірі көлемде, аса ірі көлемдеріндегі қылмыстық бұзушылық әрекеттеріне жаза түрлерін енгізу керек. Сонымен қатар, қылмыстық жауапкершілікті кінәлі тұлғалардың «адамдар тобымен», «адамдар тобымен алдын ала сөз

байласуы), «қылмыстық топпен» жасалған түрлеріне де жаза тағайындау сұрақтары осы бапқа және әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне де енгізілуі тиіс.

Әдебиеттер тізімі

1. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000348> Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің жобасы туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 30 мамырдағы № 348 қаулысы.
2. <http://adilet.zankz/kaz/docs/K1500000377> Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ.
3. <http://www.oecd.org/eurasia/countries/Eurasia-Reforming-Kazakhstan-Progress-Challenges-Opport.pdf>
4. Ежегодник публичного права 2016. Административный акт.-М. Инфотропик Медиа, 2015. – 572с.

ӘОЖ: 342.9

ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚ МЕХАНИЗМІ ЖӘНЕ ОНДА МЕДИАЦИЯ ПРОЦЕСІН ҚОЛДАНУ

Шекербекова М. С.

заң ғылымдарының магистрі,

Академик Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар Достығы университетінің доценті

Алимбетова Қ.С.

Полиция подполковнигі, аға оқытушы,

ҚР ІІМ, Бауыржан Момышұлы атындағы оқу орталығы

Шымкент қ., Қазақстан

MaKa_789@mail.ru

Аңдатпа. Бұл мақалада медиация үрдісінің заманауи тетіктері, жалпы медиация институтының артықшылықтарымен кемшіліктеріне сипаттама бере отырып, оның қоғамда қаншалықты қолданылып, қай тұстарын жетілдіру керектігі нақтыланған.

Түйін сөздер: медиация, дауларды шешу, билік органдары.

Аннотация. В данной статье подробно описаны современные механизмы процесса медиации, недостатки института медиации в целом, насколько он используется в обществе и какие аспекты необходимо совершенствовать.

Ключевые слова: медиация, споры, решения, органы власти.

Annotation. This article describes in detail the modern mechanisms of the mediation process, the shortcomings of the mediation institution as a whole, how much it is used in society and what aspects need to be improved.

Keywords: mediation, disputes, decisions, authorities.

Республикамыздың заңнамаларына негіз болатын ең басты нормативті құқықтық актісінде айқындалып, қорғауға жататын адамдардың құқықтары мен міндеттері негізгі байлық болғандықтан оларды барлық кезде қорғап, құқықтардың бұзылу фактілері орын алған жағдайларда оларды қалпына келтіру арқылы әділдікті орнатуға болады. Академик С.С.Сартаев және доцент Л.Т.Назаркулова Конституцияның мемлекет өміріндегі маңыздылығы мен түсінігін айқындауда Конституцияны саяси-құқықтық құбылыс ретінде екі

мағынада түсіну қажет деп ұғады. Осылайша, барлық жайттарды ескере отырып, Конституция әкімшілік деликтілік қатынастарын регламенттейтін негізгі нормативті құқықтық акт болып табылады. Конституция екінші жағдайда адам құндылықтары, адам құқықтары мен бостандықтары туралы мәртебені ресми түрде бекітілген жоғарғы заң күші бар құқықтық құжат болып табылады. Конституционализм мәселесін дамыта отырып, академик Г.С.Сапарғалиев мына мәселеге аса назар аударады: Қазақстан Республикасының Конституциясы демократиялы, өркениетті елге айналу жолындағы қоғам мен мемлекеттің басты, негізгі нормативті актісі болып табылады. «Конституция құрамында қоғам өмірінің барлық жақтарын азықтандыратын зор саяси-құқықтық күшке ие. Конституция мемлекеттік қоғамдық құрылым перспективасында жүзеге асыру жолын ұйымдастыру принциптерін орнықтырады [Б.А.Жетписбаев, С.Т.Тыныбеков, Д.О. Кусаинов, 2014].

Онда әлеуметтік мемлекет базасының қайнар көзі болып табылатын адам мен азаматтардың конституциялық мәртебелері бекітілген. Конституция тек конституциялық құқықтың ғана емес, сонымен қатар барлық құқық салаларының қайнар көзі болып табылады», – деген ғалымның пікіріне еш күмән келтірмейміз. Айтылғандардың мазмұнын қорыта келе, Қазақстан Республикасының Конституциясы әкімшілік деликті құқық саласының бірден-бір негізгі қайнар көзі болып табылады деген тұжырымға келуге болады [Б.А. Жетписбаев, С.Т. Тыныбеков, Д.О. Кусаинов, 2014]. К.К. Айтхожиннің докторлық диссертациясында Конституция түсінігі мен рөлінің маңыздылығы сөз етілген. «Конституция – бұл адам мен азаматтың негізгі құқықтық мәртебесі, ерекше құқықтық қорғауға жататын және мемлекеттің барлық аумағында жоғарғы заң күші, тікелей ықпалы бар мемлекет пен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының негізгі құқықтық мәртебесі сияқты мемлекет пен қоғамның өміріндегі фундаменталды принциптері айқындалған мемлекеттің конституциялық құрылым негіздері бекітілген мемлекеттің негізгі құқықтық заңы болып табылады» [Б.А. Жетписбаев, С.Т. Тыныбеков, Д.О. Кусаинов. 2014].

Қазіргі кезеңдегі мемлекет өмірінде Конституцияның түсінігі мен мазмұнына А.А. Черняковтың өзіндік көзқарасы бар. «Конституция – оның ойынша, – іс жүзіндегі конституцияның нормалар жүйесінің бөлігі болып табылатын негізгі қоғамдық қатынастардың заңи және нормативтік режимі және жалпы құқықтың форма-сы болып табылады..., ұлттық құқық жүйесіндегі жоғарғы күшін және тікелей ықпалын, оның нақтылығы мен нәтижелілігі сияқты Конституцияның негізгі маңызды белгілерін іске асырады». Конституция – бұл қоғам мен мемлекеттің тіршілік әрекетін құқықтық құралдармен реттейтін негізгі құқықтық заң болып табылады, онсыз мемлекет құрылысындағы стратегиялық маңызы бар ешбір мәселелер шешілмейді, әсіресе, әкімшілік құқық бұзушылықтың алдын алу шаралары жүргізілмейді. Әрбір қоғам құқық бұзушылық атауынан ада емес, тағдыр соқпақтарына талай төтеп беріліп келсе де онымен күресудің қалпы нақтыланған емес, біздің тек білетініміз, құқық бұзушылықтар санының көбейіп, азаюы түрлі қоғамдық факторлармен байланысты екені анық. Ал бұл, өз кезегінде жүйелі түрде, жан-жақты, ауқымды іс-шараларды заң шеңберінде қоғам болып атқаруды міндеттейді. Қоғамдағы құқық бұзушылық атаулының әлеуметтік құбылыс екендігін қылмыс жасаған азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалардың негізінен жұмыссыз болатындығы дәлелдейді.

Конституциялық нормаларға сәйкес және қолданыстағы заң нормаларына сәйкес Парламент, Президент, Үкімет әкімшілік жауаптылықты құқықтық мәжбүрлеу формасының бір түрі ретінде орнатады. Әкімшілік жауаптылықта және белгілі заң аясында шешімді мемлекеттік жергілікті өкілетті және атқарушы органдар да шығара алады. Мысалы, әкімшілік құқық бұзушылық Кодексінің 2-бабы 2-тармақшасында байқалады: «Облыстардың, республикалық маңызы бар қала мен Астананың, қалалар мен аудандардың жергілікті өкілді органдары да бұзушылық үшін осы Кодекстің әкімшілік жауаптылық көзделетін ережелерін белгілей алады...». Аталған мемлекеттік органдардың әрқайсысының мемлекеттік механизм бөлігі бар екені анықталады: — өзінің ұйымдастыру құқығына ие; — оның әрекеті Конституция нормалары мен өзге заң нормаларымен шектеледі; — мемлекеттік мәжбүрлеумен қамтамасыз етілген, мемлекет мүддесін жүзеге асыруға бағытталған қоғамдық

тәртіптілік пен қауіпсіздікпен қамтамасыз етілген. Осылайша, әкімшілік құқық бұзушылықпен күресуді ұйым-дастыратын міндетті органдардың құқықтық мәртебесін анықтауда Конституцияның рөлі маңызды.

Сот ісін жүргізуді өзгерту процесінде Конституция нормаларын негізге ала отырып мамандандыру тұрғысынан жаңадан пай да болған сот билігінің ары қарай берік болатынына негіз бола-тын және тиімділік алып келетін маманданған әкімшілік соттар қазіргі Қазақстанда бірден-бір жетекші орын алады. Әкімшілік жауаптылық институты шараларын жүзеге асыру мәселесіндегі жеке тұлғалардың, сонымен қатар заңды тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудегі құқықтық механизмді жетілдіруде мамандандырылған әкімшілік соттарды енгізу маңызды болып табылады. Әкімшілік ғылымның соңғы жылдардағы жетістігін сын көзбен бағалай келе, «әкімшілік жауаптылық» пен «әкімшілік жауапқа тарту» түсініктерінің қатынасы мәселелері осы күнге дейін шешімін тапқан жоқ деген қорытынды жасауға болады. Туындаған пікірталастан төменгідей жағдайды атап көрсетуге болады, «әкімшілік» және «кінәлау» деген түсініктердің қылмыстық құқық пен криминологияда ажыратылу мәселелері толығырақ көрсетіледі, ол өз кезегінде, әкімшілік құқық ғылымы дамуының едәуір деңгейдегі кейінге қалушылығын білдіреді. Сонымен қатар, қылмыстық құқық пен криминологияда бірқатар авторлардың еңбектері бар, олар қылмыстық «жауаптылықты» және «кінәлауды», бір көріністің әртүрлі жақтары деп санай келе, осы мағынада біртұтас бүтінге теңестіреді.

